

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
ТҮРКІ ДҮНИЕСІ БІЛІМДЕР АКАДЕМИЯСЫ
БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІ



Белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері,
профессор **Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына**
«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
4 желтоқсан 2020

Ünlü türkolog, «Parasat» ödülünün sahibi, profesör **Abjan Kuryshanoğlu'nun** doğumunun 90.yılı kutlaması nedeniyle «Türkoloji alanında beşeri bilimler: tarihsel süreklilik ve etkileşim» başlıklı on-line formatında uluslararası bilim konferansının
BİLDİRİLERİ KİTABI
4 Aralık 2020

MATERIALS OF

We invite you to take part in the international scientific and practical conference "Humanities in the Turkological space: historical continuity and interaction", devoted to the 90th anniversary of the famous scientist-Turkology, Professor **Abzhan Kuryshzhanuly**
December 4, 2020

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической on-line конференции «Гуманитарные науки в тюркологическом пространстве: историческая преемственность и взаимодействие», посвященной 90-летию известного ученого-тюрколога, кавалера ордена «Парасат», профессора **Абжана Курышжанова**
4 декабря 2020

Алматы, 2020

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020

УДК 001
ББК 72
Б 41

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Г.Т. Алдамбергенова (бас редактор), Г.Қ. Абдирасилова (жауапты редактор),
Т.Н. Ермакова, А.Тойшанұлы, Ж.К. Отарбекова, М.О. Миrows
ҚазҰҚПУ, 2020

Б 41


Белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына арналған «Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық»: халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция материалдар жинағы/-Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2020.- 500б.

Жинақта жалпы түркі әлеміне, түркітануға оның ішінде, тіл, әдебиет, әлеуметтану, тарих ғылымдары бойынша өзекті мәселелер зерделеленіп, талқыланып ұсынылды. Белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына арналған «Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференциясында ғалымның ғылыми мұрасына талдау жасаған ғалымдардың мақалалары, түркі дүниесінің құндылықтары мен маңызды мәселелері бойынша бас қосқан ғалымдар мен ізденушілердің, білімгерлердің өзекті тақырыптарды шешуге негіз болатын жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлері мен жаңаша көзқарас, тұжырымдары, сондай-ақ қазақ тілі теориясы мен практикасының өзекті мәселелері жайында әлемдік тәжірибе, заманауи әдістер туралы мақалалары конференция материалы ретінде топтастырылған.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-346-069-7

© «Қыздар университеті» баспасы, 2020



Одно из серьезных направлений в тюркологических исследованиях последних лет образует кипчакско-тюркский язык. Эта область, имеющая большое значение для изучения древнего и средневекового тюркского языка, все сильнее привлекает внимание исследователей в Турции, Советской России, Польши и всей Европы. Опубликованный казахским ученым уважаемым Абжаном Курышжановым «Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси» отнесется к числу произведений такой категории. Автор вложил много труда и с одобрения туркестанского ученого Э.Н.Наджиба издал словарь...

А. ДЖАФЕРОГЛУ

Новый импульс этой области исследования дало появление несколько десятилетий тому назад целого ряда тюркологов, принадлежащих к современным куманокипчакоязычным народам, наследникам языка *Кодекса Куманикуса*, т.е. средневекового кумано-кипчацкого языка. Наиболее известен среди них видный специалист по истории казахского языка А.К. Курышжанов, посвятивший две диссертации: кандидатскую на тему «Формы и значения падежей в языке «Кодекс Куманикус» (1956) и докторскую на тему «Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв.» (1973).

МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАН

Түркологиялық зерттеулерге түрен салған, ... белгілі түркітанушы ғалым, «Парасат» орденінің иегері, ұлағатты ұстаз Әбжан Құрышжанұлының еңбегін ерекше атауға тиіспіз... Көне жазба ескерткіштердің тарихын, ана тіліміздің тарихи мәселелерін зерттеудегі, қыпшақтану ғылымын дамытудағы, түркі халықтарының көрнекті ғалымдары мен ақындарының шығармаларын тәржімалаудағы ғалым Әбекеңнің ерен еңбектерін айрықша құрметтеп, есімін зор мақтанышпен айта аламыз.

Қоғам қайраткері Ш. БЕРКІМБАЕВА

Ә. Құрышжанұлы, бір жағынан, жалпы түркологияның, екінші жағынан, қазақ тіл білімінің «қыпшақтану» деген жаңа саласын қалыптастырып, «халық санатына қосу» үшін енді қыпшақ тілінің басқа да дереккөздерін қазақ филологиясының ғылым аясына тартты... Ә.Құрышжанұлы қазақ филологтары арасында көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, әлем түркітанушыларының назарына ілініп, көзге түскен зерттеуші бола білді.

Профессор Е. ЖАНПЕЙІСОВ

...Ә. Құрышжанов – бұл күндері қолданудан шығып, өмірі жазба ескерткіштер тілінде қалған бірсыпыра өлі тілдер (Орхон-Енисей жазбалары тілі, қыпшақ тілі, т.б.) мен қазіргі заманда түркітекті қауымдастыққа қызмет етіп келе жатқан отыздан аса тіл арасында ғылыми зерттеулерімен алтын көпір салған Қоңыраттан шыққан қазіргі заманғы қаламы қайратты жаралған бірегей тұлға.

Профессор Б. ХАСАНОВ



**Г.Т. Алдамбергенова, профессор,
Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университетінің ректоры
Қазақстан, Алматы**

ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ, КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОНАҚТАРЫ, ҰСТАЗДАР МЕН БІЛІМГЕРЛЕР!

Еліміз өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап түріктану ілімінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Елімізде түрік халқының әлеуметтік-экономикалық және ғылым мен білім саласындағы байланысын және ынтымақтастығын нығайтуға, жаһандану үдерісі заманында түркі этностарының материалдық және рухани мәдениетін дамытуға, оларды жан-жақты тереңдетуге байланысты біршама жұмыстар атқарылды. 2010 жылы ашылған халықаралық Түркі академиясы өз жұмысының нәтижесін бере бастады. Сондай-ақ, Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан мемлекеттерінде түркі ынтымақтастығы мен бірлігіне қызмет атқаратын «Түркі кеңесі», «Түрксой», «ТүркПА», «Ақсақалдар кеңесі», «Түркітілдес мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Кеңесі» секілді маңызды ұйымдар құрылды.

Профессор Әбжан Құрышжанұлы есімі берісі қазаққа, арысы әлем түркітанушыларына таныс есім. Саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалым-ұстаз зерттеушілік мол түйсігі мен қарымды қаламының, іздепаздығы мен табандылығының арқасында сыры сонау көне тарих тереңіне кеткен орта ғасыр ескерткіштерін, соның ішінде “Кодекс Куманикустан” бастап, бірқатар түркі жұртына ортақ мұраларды ғылым тезіне салып, зерттеді. Маңызды зерттеулерінің арқасында әлем түркітанушылары арасында қыпшақ жазба ескерткіштері бойынша ең білгір мамандар санатындағы ғалым еңбектеріне Англия, Түркия, Чехия, Венгрия, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан ғалымдары оң баға беріп, ғалым еңбектері АҚШ, Англия, Еуропа мемлекеттері кітапханаларынан орын алған. Бұл – қазақ ғалымының еңбегінің қаншалықты маңызды болғанын айқындайтын айшықты дәлел.

Түркология тарихында есімдері әлемдік деңгейде танымал болған профессорлар Әбжан Құрышжанұлы, Ғұбайдолла Айдаров, Алтай Аманжолов сияқты ірі ғалымдар дәріс оқыған Қыздар университеті түркологияға қатысты бірқатар шараларды жүзеге асырып келеді.

Әр жыл сайын студенттер арасында өткізілетін «Түбі бір түркіміз» фестивалі жоғары деңгейде өтіп келеді. Ғалымның қатар қызмет еткен әріптестері мен шәкірттері жыл сайын «Профессор Ә. Құрышжанұлы оқуларын» өткізіп, әр бес жыл сайын ғалымға арналған халықаралық түркологиялық конференция өткізуді дәстүрге

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020

айналдырды. Өзі қызмет етіп, дәріс оқыған аудиториялардың бірі «Профессор Әбжан Құрышжанұлы атындағы Тіл тарихы және түркология дәрісханасы» ретінде жабдықталды.

Белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына орай ««Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық онлайн конференцияны бірлесе ұйымдастыруға қолдау білдірген Халықаралық түркі академиясына, Түркі дүниесі білімдер академиясына және С.Бәйішев университетіне сондай-ақ конференция жұмысына қатысуға тілек білдірген барлық ғалымдарға зор ризашылығымызды білдіреміз.

Бұл басқосудың да әлемнің әр түкпіріндегі түркі этностарын бір тудың астына біріктіретін, ынтымағы күшейген, рухани дамыған, дүниежүзі мойындайтын, түркі халықтарының тарихы мен тілін, руханиятына қосар үлесі мол болар деген үмітпен конференция жұмысына сәттілік тілеймін!



**Дархан Қыдырәлі,
Халықаралық Түркі
академиясының Президенті**

Құрметті жиынға қатысушы ғалымдар, әріптестер, ректорлар!

Танымал түрколог, ғұлама ғалым Әбжан аға Құрышжанұлының 90 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған «Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ашылуымен баршаңызды құттықтаймын! Индетке қарамастан, сіздермен онлайн режимде жүздесіп отырғаныма қуаныштымын. Жиынды қолдап, осындай конференция өткізуге мүмкіндік тудырғандарының үшін баршаңызға алғыс айтамыз.

Абыз ағамыз, танымал түрколог, профессор Әбжан Құрышжанұлы ұзақ жылдар еңбек еткен қара шаңырақ ұжымы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде көрнекті ғалымға арналған халықаралық ғылыми конференциялар, атаулы шараларды өткізудің тұрақты дәстүрге айналуы түркологияға, әсіресе, Орта ғасыр мұрасын зерттеуші мамандарға серпін беретін табысты ғылыми ортаға айналды деуге болады. Бұл орайда ғылыми жиынды жоғары деңгейде ұйымдастырып отырған Қыздар университеті ұжымына, ЖОО басшысы – профессор Гаухар Төремұратқызы Алдамбергенова ханымға алғыс айтамын. Әлемдік түркологияда ескі қыпшақ мұрасы, Орта түркі жазба ескерткіштері, әсіресе, биыл 750 жылдығы жоғары деңгейде атап өтілген ұлық ұлыс – Алтын Орда дәуірінің әдеби мирасын кешенді түрде зерттеуде Әбжан Құрышжанұлы артына телегей теңіз ғылыми еңбектер қалдырып, біртуар

ғалым, түркі халықтарының өткен тарихының білгірі, мемлекетшіл азамат, ұлағатты ұстаз, парасатты ғалымның ғылыми мұрасын игеру, дәріптеу, оның еңбегін жалғастыру, есімсойын ардақтау бүгінгі ұрпаққа мәңгі өнеге, түркологтар үшін түгесілмес ғибрат.

Елбасының бастамасымен құрылған Халықаралық Түркі академиясында әлемге белгілі түркологтардың қатарында, Иштван Қоңыр Мандокки сынды ғалымның еңбегінің жанында Ә.Құрышжанұлының кітапханасы, Шайзада апай сыйлаған ағамыз тұтынған жеке мүліктерінің сақтаулы тұруы біздің ұжым үшін мәртебе, ал түркі халықтарының жас ғалымдары үшін ғылыми нысанға айналдыратын бағалы олжа. Бұл орайда көрнекті ғалымның ғылыми мұрасын бізге ұсынған абыз ағамыздың асыл жары – ортамызда отырған Шайзада апайға және отбасына алғысымыз зор. Бүгінгі туы биік, туырлығы тұтас бауырлас түркі халықтарын ғасырлар тереңінен нәр алған алып бәйтерек десек, соның алтын тамырындай ежелгі жазба ескерткіштеріміз – орта түркі тілдерінде жазылған әдеби мол мұра, тасқа бәдізделген шежіре – тарихымыз. Осы бағалы алтын сандығымыздың кілтін ұстап, көмбесін ашқан, мұрағаттарда түнекте жатқан мирастарымызға сәулесін түсірген, тарихи санамызды жаңғыртып, руханиятымызға олжа салған аса көрнекті ғалым, баба мұрамыздың білгірі, әлемдік түркологтардың алыптарының бірі – Әбжан Құрышжанұлының жолы ғылымда мәңгі жалғаса береді деп сенеміз. Ал алқалы жиынға қатысушы ғалымдар мен мамандар түркологияның көкжиегін кеңітіп, алтын арқауын ұзартатын пайымды толғамдарын, байсалды ғылыми ізденістерін ортаға салады деп сенеміз.

Академия бұрындары Әбжан Құрышжанұлының 85 жылдығын Қыздар университетімен ынтымақтастықта жоғары деңгейде өткізсе, бұл дәстүр тағы жалғасын тауып отыр. Біздің ұжым Әбжан ағамыздың 90 жылдығына тарту ретінде ғалымның бағалы кітаптарының тұрсаукесерін жасауды жоспарлап отыр. Бірінші, ғалымның бұрын жарияланбаған «Кодекс Куманикус тіліндегі септік жалғаулары» атты еңбегі. Оны ғалымның дарынды шәкірті Сержан Дүйсенұлы баспаға дайындаған еді. Орта ғасыр ескерткіштерінің білгірі болған марқұм Сержан Дүйсенұлының да жаны жай тауып, рухы пейіште шалқысын дегіміз келеді.

Ал екінші кітабы – 85 жылдығында жарық көрген Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» кітабының Наманган нұсқасы. Қазір түркологтар арасында Әбжан Құрышжанұлы аударып, түсінктемесін жазған осы Наманган нұсқасы қолдан түспейтін кітапқа айналып отыр. Бұл кітапты кезінде шығарып, Түркі академиясы басылым ретінде ұсынғанымен, тұсаукесер рәсімін өткізген жоқ едік. Сондықтан осы қос кітап түркі әлеміне қайырлы болсын дейміз. Шайзада апайға, отбасына, ғалымдарға құтты болсын айтамыз.

Конференция жұмысына сәттілік тілейміз!



ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫНЫҢ КІТАПТАРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

1. **Құрышжанов А.** Формы и значения падежей в языке Codex Cumanicus – Астана: «Ғылым» баспасы, 2020. – 176 с.

2. **Йүсүп Ұлық Хас-хажиб Баласағұн.** Құт әкелетін білім Құтадғу Білік // Аударған Ә.Құрышжанұлы. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 б.



**Бекежан Ахан,
философия ғылымдарының
докторы, профессор,
Түркі дүниесі білімдер
академиясының құрылтайшысы.
Баишев университеті
Қазақстан, Ақтөбе**

Құрметті конференцияға қатысушы ғалымдар, әріптестер!

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор **Әбжан Құрышжанұлының** 90 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Халықаралық түркі академиясы, Түркі дүниесі білімдер академиясы және Баишев университеті **«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

Ғалым туралы айтар болсақ, Әбжан Құрышжанұлы түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы (1973), профессор (1986). ҚазМУ-ді (1953), Қазақстан ұлттық Академиясының Тіл және әдебиет институтының аспирантурасын (1956) бітірген.

Зерттеген еңбектері негізінен тіл тарихы, көне түркі тілдері мен ежелгі қыпшақ жазба ескерткіштері мәселелеріне арналған. Ол 13 ғасырда жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішін, қыпшақ тілдерінің қазіргі түркі тілдерімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен арадағы байланысын зерттеп, 8-11 ғасырдағы көне түркі тілі мен тарихы жөнінде, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері туралы еңбектер жариялап, оқу құралдарын жазды. Түркі халықтарына ортақ тұлғалардың мұраларын зерттеді.


Түрік әлеміндегі өзіндік орны бар, танымал тарихи тұлғаға бағышталған бүгінгі конференция барысында талқыланатын мәселер өз шешімін тауып, ғалымның зеттеу мұрасы жастарға өнеге береді және түркі тілдес елдер жақындастығын арттыра түседі деп сенемін!

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР




ФЕЙЗИ ЭРСОЙ

«Ә.ҚҰРЫШЖАНОВ – ТҮРКОЛОГИЯДА ОРНЫ БӨЛЕК ЗАҒҒАР ТҮЛҒА»
(профессор, Түрік тіл қоғамының төрағасы орынбасары)



БОЛАТ КӨМЕКОВ

«ҚЫПШАҚТАНУДЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРГЕН ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ»
(ҚР ҰҒА академигі, қыпшақтанушы)



«Түркологиялык кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020


КАДЫРАЛИ КОНКОБАЕВ

**«ПРОФЕССОР АБЖАН КУРЫШЖАНОВДУН КЫПЧАК ТААНУУ ИЛИМИНЕ
КОШКОН САЛЫМЫ»
(Бишкек. Кыргызстан)**



ШАМИЛОГЛУ ЮЛАЙ


**«ӘЛЕМДІК ТҮРКОЛОГИЯДА АТАҚ-ДАҢҚЫ БЕЛГІЛІ АБЫЗ ЕДІ»
(Висконсин-Мэдисон (АҚШ) және Назарбаев университеттерінің профессоры)**




«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020

ШОМФАИ КАРА ДАВИД

**«ҚЫПШАҚТАРДЫҢ «КОДЕКС КУМАНИКУС» МҰРАСЫНЫҢ БІЛГІРІ,
МАЖАРЛАРДЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ ЕДІ»**
(Венгрия ғылым академиясы, Этнология институты, түрколог)



ӘЛИЯ ҚҰРЫШЖАН,
Ханкук университетінің профессоры, Корея



Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ОТЫРЫСЫ

ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ: ТІЛ, ТАРИХ, РУХАНИЯТ



ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК МҰРА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Т.Н. Еркемова

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: В ученом мире имя А. Курышжанулы популярно как знаток истории древнетюркских памятников кыпчакского периода. В статье рассмотрены научно-творческие работы профессора внесшего весомый вклад в решение актуальных проблем кыпчакovedения.

Abstract: V scholarly world, the name A. Kuryshzhanuly popular as a connoisseur of the history of the Ancient Monuments Kipchak period. The article deals with scientific and creative work professor who has made a significant contribution to solving the urgent problems kypchakovedeniya.

Әбжан Құрышжанұлы...

Берісі қазаққа, арысы әлем түркітанушыларына таныс есім. Саналы ғұмырын ғылымға, шәкірт тәрбиелеуге арнаған ғалым-ұстаз. Еңбек жолын А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті секілді іргелі оқу орындарына түркология мен тіл тарихынан дәріс оқып, шәкірт дайындаған ұлағатты ұстаз. Көрнекті ғалымдарға тағайындалатын стипендия иегері, “Парасат” орденімен марапатталу мәртебесіне ие болған санаулы тілші ғалымның бірі. “Кодекс Куманикустан” бастап, бірқатар түркі жұртына ортақ мұраларды түгендеуші, ғылым тезіне салып, зерттеуші, оларды қазақ тіліне аударушы... Осылайша санамалап айтсақ кете беретін үлкен ғалымның өмірдегі санаулы мұраттарының бастысы – түркология.

Тәңірлік дүниетанымы мен төл жазуы, өзіндік күнтізбесі мен әскери құрылымы болған, ғажайып сәулет өнері мен ауыз әдебиеті, дала демократиясы мен моралі бар түркілер өркениетін танытатын үлкен ғылыми сала түркологияны кеңестік жүйе тек тілдік дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл кезеңдегі түркология ілімінің жай-күйі туралы ғалым Ж. Түймебаев былай деп жазады: «Кеңестер Одағының саяси-идеологиялық ұстанымдарының аясында дамыған қоғамдық-гуманитарлық пәндер сияқты түркологияның да шеңбер ішіндегі шектелушілігі алдымен оның пәнаралық кешенді сипатының қанат жаймауында еді. Мұндай мәселеге жол ашар болса, онда түркі халықтарының әлемдік тарихи үрдістердің төрінен ойып орын алатын белгі-бедерлерін де қадап айтудың қажеттілігі туындайтын. Бірақ ежелгі дәуір мен орта ғасырларда әлем тарихының күре жолында болған түркілердің тарихы кеңестік идеологияның өктем үнімен үндесе қоймайтын. Сондықтан скифтер, сақтар, ғұндар, тіптен көк түріктер тарихы бір арнада, түркі халықтарының арғы тарихымен біртұтас сабақтастықта қарастырылмайтын еді. Қоғамның саяси ахуалы түркітану ғылымының методологиялық, әдістемелік бағыт-бағдарын шектеп отыратын. Бұл кезеңде түркологияның ғылыми нәтижелері тіл, тарих, әдебиет, өнер, философия сияқты

қоғамдық пәндердің бағдарламаларына енгізілмеді. Олар іс жүзінде түркітанушы ғалымдардың ғана қаперінде жүретін. Оның үстіне түркологияның терең тұжырымдалған іргелі теориялық ізденістері негізінен еуропалық ғалымдардың зерттеулерімен байланысты бой көрсетіп жатушы еді» [1]. Ал қай халықтың да асыл мұратының бағалысы саналатын тәуелсіздіктің салтанат құруы мұндай бағалы құндылықтарды жаңаша бағамдауға мүмкіндік ашты. Соңғы жылдары түркі тілдес мемлекеттер арасында мемлекеттік дәрежедегі басқосулармен бірге ортақ жазба мұраларымызды, тарихымыз бен этнографиямызды бірлесе зерттеуге арналған конгрестер мен конференциялар жиі өткізіле бастады. Ал мұндай жиындардың берері сол – тарихи тамырластықтың негізінде қазіргі қоғам сұранысына лайықты кешенді зерттеу ұсыну.

Қай кезеңде де ғылымның артықшылығы – оның ұлт, нәсіл, саясаттан гөрі нақты дерекке сүйенетіндігінде. Көне түркі жазба ескерткіштері мен жазба мұраларды зерттеуде өлшеусіз үлес қосқан еуропалық ғалымдар В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Н. Самойлович, С.Е.Малов, М.Насилов, К.К.Юдахин, т.б. еңбектері бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Бұл түркологиялық зерттеулер кейінгі толқын ғалымдар еңбектерімен толықтырылды. Өткен ғасырда негізінен еуропалық ғалымдар еншісінде болып келген түркітану ғылымында қаны да түркі, жаны да түркі ғалымдар шоғыры бой көтерді. Сол шоғырдың ішінде орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеуші белгілі түркітанушы ғалым Ә. Құрышжанұлының есімі ерекше аталады. Құнды зерттеулерінің арқасында әлем түркітанушылары арасында қыпшақ жазба ескерткіштері бойынша ең білгір мамандар санатындағы ғалым еңбектеріне Англия, Түркия, Чехия, Венгрия, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан ғалымдары оң баға беріп, ғалым еңбектерінің АҚШ-тың Индиана университеті кітапханасынан бастап бірқатар шетел кітапханаларынан орын алуы Ә. Құрышжанұлының ғылыми өресінің «оқшау» саясат ұстанған кеңестік жүйенің кемерінен асып, әлемдік ғылыми ортада ойып алар орны бар ғалым екендігін айғақтаса керек.

Ә. Құрышжанұлы ғылымда орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштерінің сүбелісі «Кодекс Куманикусты» зерттеумен таныла бастады. Осы жазба мұраның лексикалық құрылымы, грамматикалық түзілісі мен олардың семантикалық ерекшеліктеріне байыпты талдау жасау арқылы оның қазақ тіліне жақын келетін табиғатын бұлтартпас дәлелдермен дәйектеп, «Кодекс Куманикусты» қазақ тілінде ғана емес, түркологияда алғаш зерттеушілердің бірі ретінде ғылымда өз орнын алды. Бұл жөнінде профессор С. Омарбекұлы былай дейді: «Орта ғасырлық түркі ескерткіштерінің бәрі дерлік араб, армян әрпімен жазылған, олардың ішінде латын әліппесінде хатқа түскені – осы «Кодекс». Өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Парижде (1828), Будапештте (1880), Копенгагенде (1936, 1942) үш Еуропа тілінде, Иранда (1972) парсы тілінде жарық көрген қыпшақ тілінің осыншалық бай нұсқасының Әбжан қолға алғанға дейін ғалымдар назарынан тыс боп келгені – талассыз шындық. Бұл кісінің ескерткіш тілінің ішкі жүйесі, оның тарихы туралы 1957 жылдан бастап қазақ, орыс тілдерінде үзбестен жариялап келе жатқан кітаптары, ғылыми мақалалары тамаша ескерткіштің тілін зерттеуді шын мәнінде профессионал деңгейге көтерген бірден-бір еңбектер десек, асыра айтқандық болмайды» [2, 43 б.]. Расында да, түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдерінің шежіресі іспетті бұл еңбекті Кеңес Одағы тұсында алғаш орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға салушы да Әбжан Құрышжанұлы еді.

Ғалымның түркологияға қосқан тағы бір елеулі үлесі – XIII ғасырда Мысырда жазылған «Түркі-араб сөздігі» жөнінде жазылған еңбектері. Кеңестік ғылымға белгісіз жатқан бұл сөздікті де тұңғыш орысша тәржімалаған, қазіргі қазақ жазуына түсіріп, оған ғылыми талдау жасаған да өзі. Сол кезеңнің өзге де жазба нұсқаларымен, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеу нәтижесінде компаративистикалық

лингвистиканың қалыптасуына да көп еңбек сіңірді. Және орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тілі мен түркология тақырыбы оның өмірлік зерттеу тақырыбына айналды. Ғалымның 2003 жылы жазылған «К изучению языка старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв.» атты мақаласында ескі қыпшақ тілін зерттеудің бағыт-бағдары ғана көрсетілмейді, оның бүгінгі күн тұрғысынан қарастырудың қаншалықты маңызды екендігіне, сондай-ақ оның тек түркология үшін емес, жалпы шығыстану іліміне, жалпы ориенталистика мәселелері мен орыс тарихына қатысты тұстарының мол екендігіне ғылыми қауым назарын аударады.

Ғалымның орта ғасыр қыпшақтары тілінің халықаралық мәртебесі туралы жазған мақаласы да тіл тарихын зерттеушілер үшін ғана емес, қазіргі түркі тілдерін зерттеушілер, сол сияқты тілдің әлеуметтік мәселелерін зерттеушілер үшін де тосын жаңалық ретінде қабылданды. Нақты ғылыми дәйектемелер арқылы қыпшақ тілінің Батыс пен Шығысты, Таяу Шығыс пен Кіші Азияны, Монғолия мен Қытай жұртшылығын, Кавказ халықтары мен Қырым далаларын өзара байланыстырып тұратын «алтын көпір» болғандығын көрсетеді. Одан әрі «Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер» атты еңбегінде арабтардың да қыпшақ тілін меңгергендігі туралы былай деп жазады: «XII-XIV ғасырларда Сирия мен Египет аймақтарын мекендеген қыпшақтар – мамлюктер¹ мен оғыздардың жергілікті халықтарды барынша билеп-төстеуі де ол өңірдегі саяси әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік әркілі ағымдарға, әрине әсерін тигізбей қалған жоқ. Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді. Олар аз ана тілінде сөйлейтін. Басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін Түркі тілі туған тілге лайықты құрметте болатын.

Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйтқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлейтін. Қыпшақ тілі мамлюктер мемлекетінде түркі тайпаларының ауызекі сөйлеу тілі, жазба тілі – іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл болып тұрды. Ол әдеби тіл есебінде, әсіресе поэзия әлемінде шырқау биікке көтеріліп, кең шарықтады. Көптеген туындылар осы тілге аударылып та жатты.

Араб тіл білімпаздары өз жұртшылығының мақсаты үшін қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатымен алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкенді-кішілі анықтамалар (справочники) және талдаулар жазды. Бұл, әрине сол кездегі өмір талабымен қабысып жатқан қадірменді іс еді [3, 66 б.]. Мәселені одан әрі індетте зерттеу – бүгінгі түркітанушылар үшін абыройлы іс болары сөзсіз.

Ғалым бұндай зерттеулерінде қазіргі қазақ елінің түп тамыры болып табылатын қыпшақ халқының тек қана тілі туралы емес, өзіне дейінгі араб, орыс ғалымдарының келтірген мағлұматтарын пайдалана отырып, олардың тарих сахнасындағы алар орны, мәдениеті мен әдебиеті туралы да құнды мәліметтер келтіреді. Қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдерін сөз еткенде де өз тарапынан тың пікір білдіре отырып, әдеби тілімізді дәуірлеуде өзіндік көзқарас ұстанады. Жалпы қай бір мақаласын алып қарасаңыз да, ғалымның айтар ойы терең; бір ойы екіншісіне кереғар келмейді, керісінше бір-бірін толықтырып, бір ғана мақсатқа бағытталғаны байқалады. Ол мақсат – ғалымның қазіргі қазақ тілінің тарихи түп-тамырын танудан, соны ұлықтаудан, сондай-ақ қазіргі тілімізді мемлекеттік деңгей былай тұрсын, кезінде ата-бабаларымыз жеткізген халықаралық дәрежеге көтеруге ұмтылдырудан тұратын ұлы мұраты.

Ғалым мұраларының ішінде тек тілшілер қауымын емес, бүкіл қазақтілді оқырманға жасаған ең тамаша тартуы – орта ғасыр ғұламалары М.Қашқари, А. Йүгінеки, Ю. Баласағұни, А. Иассауи еңбектерін ғылыми-поэтикалық тұрғыда

¹ «Мамлюк» деген сөз – арабша «құл» (сатылып алынған). Бірақ бұл сөз қара түсті адамдарға /құлдарға/ емес, ақ түсті (зәңгілерден бөтен түсті) адамдарға айтылады.

тәржімалап ұсынуы. Бұл еңбектердің қазақ, орыс тіліндегі өзге авторлар аудармаларын да үзбей қадағалап, бұл аудармалардың сапасы жөнінде басылым беттерінде сын мақалалар да жазып жүрді. Аудармалардың ұтымды тұстары мен түпнұсқадан ауытқи аударылған тұстарын да көзі қарықты оқырманға нақты дәлелдемелермен ұсынады. Бұл еңбектердегі әр сөз қолданыс пен тіркесімге мемлекет шекарасын күзеткен сақшыдай қырағылықпен қарауы, бір жағынан, ғалымның сол кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді терең меңгеруіне байланысты болса, екінші жағынан, нағыз ғалымға тән дәлдік пен нақтылыққа, адалдық пен ақиқатқа құштар табиғатынан болса керек.

Ғалымның жоғарыда айтылған еңбектерінен басқа, Қарахан дәуірінің құнды мұралары, Орта Азия түріктерінің жазба ескерткіштері, көне қыпшақ тілінің грамматикасы, армян қыпшақтары мұраларының тілі, шағатай тілінде жазылған еңбектер т.б. көптеген көне ескерткіш мұралары туралы мағлұматтар беріліп, олардың тілі зерттеуге түскен. Махмуд Қашқаридың қыпшақ тілі туралы ғылыми-зерттеулері, Замахшаридің «Мухаддима ал-адаб» сөздігі, «Кодекс Куманикус», Абу-Хайианның қыпшақ тілі туралы жазған еңбектерін нысанға ала отырып, куман қыпшақтары тіліндегі араб-парсы сөздерін, кейбір мағынасы күңгірттенген қазақ сөздерінің сыры мен қырын жақсы танытқан.

Тіпті тілді синхронды тұрғыда зерттеушілер үшін де тіл тарихын білуді міндетті деп есептейтін. «Өзі зерттейін деп отырған тілдің тарихын білмейтін адамнан қандай ғалым шығуы мүмкін? Көтеріп отырған проблемасының түркологиядағы жай-күйін қарастырмаған зерттеуші толыққанды зерттеуші емес. Әлемдік кеңістікке жалғыз тілмен шығу мүмкін емес, түркологияның болашағы - алда», - деп санайтын ғалым ұлағатының растығын өмірдің өзі дәлеледеп отыр.

Өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғында ғалым қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде келіп, содан өмірінің соңына дейін аталған университетте қызмет етті. Ғалымның қатар қызмет еткен әріптестері мен шәкірттері жыл сайын «Профессор Ә. Құрышжанұлы оқуларын» өткізіп, әр бес жыл сайын ғалымға арналған халықаралық түркологиялық конференция өткізуді дәстүрге айналдырды. Соңғы 2011 жылы 17-18 мамырында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесе өткізген «Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері» атты халықаралық конференцияда «Қиматсыз пеша остасы» атты баяндама жасадым.

Тақырыптың осылай таңдалуына профессор Ә.Құрышжанұлының «Кодекс Куманикус» тіліне қатысты зерттеулері себеп болды. Ғалым «Кодекс» тіліндегі әрбір сөз бен тіркеске, олардың этимологиясына жан-жақты лингвистикалық, бірқатарына глотохронологиялық талдау жасайды. Тіл дамуы барысында түпнұсқа қалпын сақтаған сөздер мен әртүрлі тілдік, фонетикалық өзгеріске ұшыраған үш мыңнан астам сөзге мұқият жасалған талдауға қайран қалып, кезінде ата-бабаларымыздың қоданысында болған, бүгінгі ұрпақтың жадында жоқ, бірақ ата-бабасының жадында бар сол сөздерді жаңғыртайын деп осындай тақырып ұсындым. Алғаш тыңдағанда түсініксіздеу қабылданатын бұл тақырыптың мәнін профессор Ә.Құрышжанұлы еңбегінен іздеп табуға болады. Аудармасы: *қиматсыз* – қымбат, бағасы жоқ; *пеша* - тұрақты кәсіп, мамандық, іс; *оста* – мұғалім, ұстаз, маман, шебер. Сонда тақырыптың аудармасы – *Қымбат істің шебері* болып шықты.

Ғалымның Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Ғылыми кеңесінің ұйғарымымен сол конференция аясында жарық көрген «Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер» атты жинағына енген, кезінде жарияланбаған қолжазба күйінде қалдырған еңбектерінің ішінде «Көне қыпшақ тілінің грамматикасы» атты маңызды еңбегі бар. Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнін оқытуда таптырмас құрал болып саналатын бұл еңбек ғылыми қауымнан әлі өз

бағасын алады деп есептейміз. Сарабал ғалым бұл еңбегінде шетелдік көрнекті ғалымдар Анна-Мария Фон Габэн, Омельян Притцак пен В.В. Радлов еңбектеріндегі қыпшақ тіліндегі ескерткіштер тіліне қатысты тұжырымдарының маңызды тұстарын атай отырып, аталған тілді тікелей тұтынушы әрі зерттеуші ретінде өзіне дейінгі ғалымдар жасаған жаңсақ пікірлерге түзету енгізеді. Қыпшақ тілінің фонетикасы, фонологиялық құбылыстары, лексикасындағы ерекшеліктер, кірме сөздер мен кәсіби сөздер, морфологиялық құрылымы сияқты мәселелер жалаң баяндалмай, оның қыпшақ тілінде осылай болуының себебі, тілдің динамикалық сипаты тарихи-мәдени құбылыстармен байланыстырыла қарастырылады. Қазіргі зерттеулерде үрдіске айналған көпәспектiлi зерттеу дегенiмiздi

Ә. Құрышжанұлы бұрынырақта бастағаны анық аңғарылады. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: Ұлттық мәдениетіміздің ұлттық бітімін қалыптастыруда елеулі орны бар түркі жазба мұраларының ғасырлар бойғы даму барысында эпитафиялық (құлпытастық) сипаттан шын мәніндегі түрлі ғылым салаларына жеке-жеке сараланған (тіл білімі, әдебиет, эпистолярлық жазба, астрономия, математика, т.б.) классикалық мәдениет деңгейіне, сол кезеңдерде эталондық сапада барынша қарқынды дамыған көршілес шығыс халықтарымен мәдени байланысы арқылы қол жеткені талас тудырмайтын тарихи шындық. Мұндай диалектикалық бірлікте дамыған халықтардың мәдениетіндегі өзара әсер-ықпалдың түп-төркіні, сонау, көне дәуірлерде жатқандығын көненің көзі – ескі жазба жәдігерліктерден, жіті ден қойсақ, анық байқай аламыз[3].

Анатоль Франстың «Сөздік деген – алфавит бойынша рет-ретімен орналасқан дүниәуи әлем» деген сөзін басшылыққа алған ғалым ортағасырлық сөздіктер – түркі халықтарының, оның ішінде қазақ мәдениеті тарихының айнасы, сарқылмас бұлағы, қайнар көзі ретінде танылуы қажет деп есептейді. Төл тарихымыз бен қолтума мәдениетімізге қатысты жазба ескерткіштері, ондағы орта азиялық ғалымдардың туындылары айрықша орын алады десек, Әз-Замахшаридің «Мухаддимат ал-адаб» (Ғылымға (тіл біліміне) кіріспе) сөздігі дәл сондай туынды деп санаған ғалымның Орта Азияның ортағасырлық Қайта өрлеу кезеңінде дүниеге келген бұл сөздікті ескіден жеткен мұрағаттар әлемінде өзіндік орны, тума тіліміздің қалыптасу тарихына қатысы бар бірегей жазба ескерткіш екендігін, дәуір жағынан – орта (ескі) түркілік, жазылған жері жағынан – Орта Азиялық, уақыты жағынан – ортағасырлық (XI-XII ғ.ғ) екендігін дәлелдеп, еңбектің дүниеге келуіне түрткі болған тарихи себептер мен алғы шарттарды, отандық ғылымда бұрын-соңды кеңінен сөз болып талданбаған ғұлама ғалым Әз-Замахшаридің өмірі мен шығармашылығына, сөздіктің қолжазбасы мен көшірмелерінің жазылу, сақталу деңгейіне, зерттелу тарихына тоқталып, диалектілік жазылу ерекшелігі жағынан «Мукаддимат ал-адабтың» - өтпелі кезеңнің жемісі, яғни XII-XIV ғасырлардағы бәріне бірдей ортақ әдеби тілдің дәстүрлі ережесіне лайықталып жазылған, белгілі бір норманы мұқият сақтап отырған оғыз-қыпшақтық-хорезмдік кезеңдегі жазба ескерткіш мұра» деп анықтайды. Мұндай тұжырымды жай ғана айта салмай, Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-турк сөздігі мен әйгілі ақын Ф.Петрарка Әулие Марк кітапханасына тапсырған қыпшақ тіліндегі «Кодекс Куманикуспен» (Куманша)-қыпшақша сөздік), XV ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз «Кітаб аттуһфауз Закийа фил-луғат-ит туркийа» (Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық) жазба ескерткішімен де салыстыра-салғастыра зерттеу нәтижесінде ұсынады. Сөздіктегі сөздердің лексика-семантикалық топтары, грамматикалық құрылымына жан-жақты талдау жасалынған бұл еңбек, өкінішке орай, аяқталмай қалған. Бірақ ғылымда қалдырған мұрасын түркологиямен айналысатын ғалымдар іздеп жүріп оқитын түркі нәсілді жұрты барда, өзі тікелей тәрбиелеп, қалыптастырған мектебіндегі ізбасар шәкірттері барда ғалым еңбектерінің халқына әлі де ұзақ заманалар бойы қызмет ететініне кәміл сенеміз. Бұл сынды

зерттеулердің түркітану іліміне, оның ішінде қыпшақтану саласына қосар үлесі мол, түрколог мамандар мен осы салаға барар болашақ ғалымдар үшін таптырмас құнды мәліметтер екендігі даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Түймебаев Ж. Түркология және Қазақстан. http://www.edu.gov.kz/fileadmin/user_upload/images/files/Turkologiya_zhane_Kazakstan.doc
2. Омарбекұлы С. Дешті қыпшақтың өзіндей болмаса да, көзіндей // Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Алматы, 2001.42-46 бб.
3. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2011 ж.

ДАНАЛЫҚТЫ ТІРІЛТКЕН ДАНА ҒАЛЫМ

А.Б. Салқынбай

Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан
asalkbek@gmail.com

Әлемді танудағы өмірлік тәжірибелерді ерекше айқын көрсетіп, кейінгіге әрі ақпар беретін, әрі таным тереңдігін танытатын халықтық туындының бірі – мақал-мәтелдер. Қазақ халқының ұлы тарихындағы өмірлік тәжірибесінен сыр тартып, қорытылған ойларының тұжырымды тұнығы, атадан-балаға танымдық мирас болып келе жатқан мақалдары мен мәтелдері тілдік жүйедегі бай қабаттың бірі ретінде саналады. Мұнда әлем туралы, адам жайы, адам баласының этикалық және эстетикалық нормалары, әдет пен ғұрып, салт мен дәстүр, өмір сүрудің сан қилы нормалары мен мәні әдіптеліп, тұжырымдары жүйелі сараланған. Мақал мен мәтелдер халықтың өз тарихынан, шаруашылығынан, дәстүрінен, дүниетанымынан, адамдардың отбасындағы, микро-макро социумдағы өзара қарым-қатынасынан хабардар етеді. Мұндай ақпараттар желісі мақал-мәтелдерді лингвомәдени тұрғыдан зерделеудің қажеттілігін алға тартары рас. Жалпы ғылыми метатілде паремиология деген атауға ие болған мұндай тілдік бірліктерде танымның онтологиялық табиғаты ғана таңбаланып қоймайды, сонымен бірге ұлттық дүниетаным, халық психологиясы мен ділі де нақты көрініс табады.

Халықтық сипатқа ие мақалдар мен мәтелдер – халық ауыз әдебиетінің бір бөлігі, халық өмірінің әмбебап энциклопедиясы. Сондықтан да паремиологиялық тілдік бірліктерді құндылық-мәндік кеңістікте анықтап, қазақ тілінің әлемдік бейнесіндегі АДАМТАНУ ілімін таразылау лазым. Халық әдебиетінен өрістейтін бүгінгі әдебиет, өнер, педагогика мен психология, антропология, философия, т.б. эзотерикалық ілімдер адамтану ғылымы туралы деректерді зерделейді.

Ендігі мәселе мақалдар мен мәтелдердегі моральдық, этикалық, аксиологиялық құндылықтарға терең мән беріп, тілдік бірлік ретіндегі лингвомәдени ерекшеліктерін саралау, когнитивтік сырын тану. Мақал-мәтелдерді когнитивтік талдаудың мақсаты – олардың семантикалық құрылымындағы әмбебап және ұлттық әлеуметтік құндылықтарға мән бере талдау, моральдық және этикалық құндылық ретіндегі ерекшелігін ашу.

Әлемнің тілдік бейнесін жасауда мақалдардың орны айрықша екені рас. Мұнда ұлттың әлемді тануы жайындағы жинаған тәжірибесі мен қалыптастырған мәдени-рухани болмысы қатар өріледі. Ұлттық кілттің (ұлттық кодтың) басты көрінісі мақалдар мен мәтелдерде, өйткені ұлт тілінде сөйлеушілердің мәдени-тарихи қалыптасқан дәстүрі мен салты, олардың тәжірибесі, рухани болмысы – осы мақал-

мәтелдерден нақты танылады. Мақалдар мен мәтелдерде тұжырымдалған іргелі білім бар, нақты танылған тәжірибе бар, жүйеленген ілім бар. Сондықтан да олар әлем бейнесінің ұлттық-мәдени сипатын таңбалайды, мәдени-рухани кодты айқындайды, ұлттық ділді танытады, ұлттық мінездің сырын ашады. Сондықтан да олар мәдени концептердің жиынтық алаңы бола алады.

Ұлтымыздың рухани құндылығы саналатын мақал-мәтелдердің тарихы тым ертеден басталатыны анық. Олар ұлттың қалыптасу тарихында мәдени-рухани танымды бойына жинай отырып, паремиологиялық қор құраған. Бұл қордың бастауы көне сақ заманынан басталып, көне түркі жазбаларымен жалғасары анық. Әр кезеңдегі ұтымды ой мен нақтылы өмірлік тәжірибе ізін қанатты тіркестерде қанаттандырып ұшырып, желісін түзіп, арқауын келістіре тартып отырған. Бүгінгі қазақ мақал-мәтелдерінің қалыптасып, жасалуында озық ойлы бабалар сөзі тұрғаны ақиқат. Кешегі Әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағуни, Қожа Ахмет Йассауи, А. Югнеки, Рабғузи сынды ғұламалар еңбегіндегі ой асылы сөз қадірін келтіріп, бүгінгі қазақ мақалдарында жүргені рас.

Қазақ тілінің тарихында ескі түркі жазба мұраларына қалам тартып, халық тілінің інжу-маржандарын терген ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті ғалым - Әбжан Құрышжанұлы еді. Профессор Әбжан аға Құрышжанұлы «Ескі түркі жазба ескерткіштері» атты еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – халық творчествосының жемісі. Әуелі жеке адам ойлап шығарғанымен, жүре-жүре олардың авторы ұмытылып, кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына, - фольклор шығармасына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер, көбінесе, «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те атайды, яғни бұл – атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына деген сөз» дей келіп, орта ғасыр ғұламалар еңбегінен алынған даналық сөздерді мағыналық құрылымына қарай тізбелеп, үлкен еңбек жазған екен [2001. 27]. 500 бетке жуық кітапта ғалым Ю. Баласағуни, М. Қашқари, Рашид-әд-дин, Құтыб, А. Йүгінеки, С. Сарайи, Ә. Науаи, Қорқыт шығармаларында кездесетін даналық сөздерді сүзіп алып береді. Бұл ғажайып еңбек түркі дүниесіндегі мақал-мәтел, даналық сөздерді зерделеуге қосылған сүбелі дүние екенінде дау болмаса керек. Түркі данышпандарының еңбегінен даналық сөздерді танып, тауып, жариялаған профессор Әбжан аға Құрышжанұлының өзі де қазірде даналық биігінен асқақтайды.

Мақалға айналған сөйлемдер мен өлең жолдарын жүйелеуде профессор Ә. Құрышжанұлы өзі атап көрсеткендей, алфавиттік тәртіппен емес, беретін мағынасы мен мазмұнына қарай топтастыруды көздейді. Осылайша ғалым ең бірінші бөлімді «Адам туралы» деп атапты. Ал оның ішкі тараушалары «Адам мен адамгершілік», «Ар мен ұят», «Атақ пен абырой», «Қадір-қасиет пен заңдылық» деп ажыратылыпты. Ия, ғалым ойларымен толықтай келісеміз, әрі өз пікірімізбен сабақтас болғанына қуанамыз, ең басты құндылық та, басты мән мен мазмұн да – АДАМ-ға қатысты айқындалады.

Қазақта «аталы сөз айту» деген терең ұғым бар. Мәнісі терең, ой астары қалың! «Сөз атасы - мақал» деп таныған елдің танымдық болмысы. Сірә, мақалда белгілі оқиғаның желісі бар, оның айтылуы жай шыға қалған емес, белгілі іске, амалға байланысты себепті, негізді жасалған. Яки, әр мақалдың шығу мотиві, уәжі бар. Аталы сөз айту - көп сөйлемей, дөп сөйлеу; сөздің байыбын танып, байламды жеткізудегі шеберлік пен шешендіктің синкреттілігі. Аталы сөз айтудың нәтижесі - халық қабылдап, айта жүрер, лебізде жиі пайдаланып, бағаланып, болашақ игілігіне ұсынылған мақал шығару. Алғашында пәленше айтыпты, түгенше солай депті делінгенімен, келе-келе «пәленшенің» аты ұмытылып, «халық» игілігіне ұласады. Ел қабылдаған аталы сөз ел игілігіне айналады да, әуелгі уәжі де есте қалмай, сәйкес амал-

әрекетке қатысты айтылып, жиі қолданыс нәтижесінде мақалға айналады. Кейінгі жазу заманы келгенде данышпандар айтқан аталы сөздің кестесі бұзылмай, өз атымен аталуы тек мақалдың санына қосылмай, авторы бар нақыл сөз болып санатты көбейтіп, ұлттық дүниетанымның заңды жалғасын танытты.

Әбжан аға Құрышжанұлы терген, жинаған мақал-мәтел, қанатты сөздердің бәрі - ескі түркіден келе жатқан даналық. Түркі данышпандарының айтқан ойынан сүзіп алынған бұл құндылықтарды қазақ мақал-мәтелдерімен тұлғалық және мағыналық тұрғыдан салыстыра зерттеу келешек ісі болмақ. Мәніне терең ой сіңген мұндай құндылық бүкіл түркі әлемінің рухани қазынасы екені де даусыз. Бірнеше мысалға назар аударалық:

Ең артық жаратылған – адам.

Ең төмен жаратылған – ит, ол нан-тұздың қадірін біледі.

Ең жаман жаратылған – соны білмейтін адам (С. Сарайи).

Тұнық ойдың астары анық әрі нық. Адам баласы ең артық жаратылған. Бірақ осы артық жаратылғандық пенде таңдауында жақсылық пен жамандық атты қарама-қайшылыққа ажырайды. Ия, тірлік-ғұмырда ақ пен қараның оппозициялық жарысындай, жақсылық пен жамандық та қатар жүреді. Бұл да мәңгілік жарыс. Дүние болмысының құндылығының өзі осы жарыстың аяқталмауында болар, бәлкім. С. Сарайи толғамында адам жамандығы иттің төмен жаратылысынан да аласа, өйткені ит-мақұлдық адамнан төмен жаратылғанымен, нан мен тұздың қадірін біледі екен. Қазақта нан-тұздың қасиеті биік. Үйге келген кісіге «нан ауыз тигізу» салтының да танымдық тағылымы мол.

Тағы да С. Сарайдан «Азаматтық жасай алмаған адам – бұл өмірге келмеген адаммен бірдей». Ащы айтылған ақиқат. Азаматтық іс жасай алмай, ел бетіне тіке қарай алмай жүру – өлгеннен кем емес.

Ә. Құрышжанов теріп алып, ұсынып отырған кез келген даналық жеке тұлғаның бағыт-бағдар жасауына, оны өзінің өмірлік мақсаттарына қолдануына жол ашады. Әрине, тіл болмыспен тікелей қарым-қатынаста бола алмайды, ол алдымен ой арқылы адам санасында бейнеленіп, тіл арқылы көрініс табады. Сондықтан “болмыс – тілдегі ой” қатынасы маңызды болмақшы. Тілде қоғамдық сана таңбаланатындықтан, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер ойлау әрекетінің нәтижесі ретінде сананың ұғымдық қорын құрайды.

«Ақыл көркі – тіл, тіл көркі – сөз» дейді Ю. Баласағұни ғалым Әбжан Құрышжанұлы аудармасымен. Мұнда ақылдың алғашқылығы, ал тіл ақыл көрінісі, тілді безендіруші сөз екені айқын көрсетілген. Тіл мен сөйлеудің, тіл мен таңбаның арасындағы байланысты ақындауы қазіргі ғылыми саралаудың негізінде, философиялық терең байлам бар. Қазіргі кездегі тілдің философиялық мәселелері жөніндегі ілімде бұл түсініктердің арақатынасын зерттеу, олардың біріншілік рөлі мен сипатын айқындау негізгі теориялық мәселелердің бірі болып отыр. Киелі сөз өнерінің қадірі мен қасиетін айта келіп, Ю. Баласағұни сөзді оның мәнісін түсініп, тыңдар адамға арнау қажеттігін де қатты ескертеді. Автор тілді арыстанға балайды. “Тіл – арыстан, көрмейсіз бе, есігіңде жатыр. Ей, үйде отырмын деп алданушы болма, басыңды жейді”, “Мені тіл азапқа салды. Басым кесілмес үшін, тілімді кесейін” – деген уағыз сөз құдіретін, оның жөні мен жосығын, сөзді қолдануда оның мағыналық иірімдері мен мәнін білу қажеттігін көрсетсе, “сен өзіңе есендік қаласан, керегі жоқ сөзді тіліңнен шығарма” деп кесіп айтады. Бұл қазақтың “басқа бәле – тілден” деген мақалымен үндес.

«Көп сөйлеме. Аз сөйле бірер ғана, мың сөздің түйінін бір сөзбен шеш», – дейді Ж.Баласағұни. «Аз сөйлер де, көп тыңдар, хас асылдың баласы», – дейді Махамбет ақын. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айт», – дейді халық даналығы.

«Тауып сөйлеген сөз білгенге саналады,

Білімсіздің сөзі өзінің басын жейді», - дейді тағы да Хас Хаджип. Сөз қадірін ұғындырудың, сөз сарасын түсіндірудің үлгілері осындай. Ю.Баласағунидың сөз өрімі, ой йірімі мен қазақ тілінде жасалған толғамдардың, толымды ойларды тізбелейтін тізбектердің арасында ұқсастықтардың болуының терең мәні бар. Бұл, ең алдымен, қазақ дүниетанымы мен орта ғасырда жасаған ұлы ақынның ой бірлігі мен таным бірлігін, ортақ ділді танытса керек. Мәдени-танымдық сабақтастық, дәстүр жалғастығы деген де осы.

Дастанда сипатталатын мораль философиясы қазақ танымына етене жақын. *Әділет, бақыт, ақыл, қанағат* ұғымдарына балама образдардың сұрау жауабы, әңгімесі арқылы орта ғасырдағы түркілік дүниетаным айқындалып, адамдар арасында болатын мәңгілік қарым-қатынастың үлгісі сипатталады. Асылы, ақыл, әділет, бақыт, қанағат деген ұғымдар – адамзат танымы қалыптастырған, дүниенің көрінісін келтіретін, адам баласының адамшылық табиғатына тән қасиеттер болса керек. Осы дүниауи ұғымдар Әл-Фараби трактаттарында да таратыла баяндалатыны белгілі. Ғұламалар ойы бір жерден шығып жатады.

Ә. Құрышжанұлы құрастырған «Ескі түркі жазбаларындағы» көптеген ойлар қазақ халқының ұлттық менталитетін танытатын, дәстүрімен, дүниетанымымен өте үндес те мәнделес, сабақтас. Мұнда құрастырушының талғамы мен танымы аудармашы ретінде ұштасып жатқанын жоққа шығаруға болмас.

Ю. Баласағұни *«Адам байыса көрмейсің бе, халықтың төбесінен қарайды. Кедей болса, көңіліне кішіпейілдік кіреді. Алла тіленші құлын озық етейін десе, оған дүние бермейді, жолын тазартады»* – деп толғайды. Ал, қазақтың дана қарттарының балаға айтар өсиеті: «Алладан байлық сұрама, бақ сұра, байлық деген қолдың кірі» – деген сияқты болып келуі, ой тектестігін танытады.

Түркі халқының әділдік пен ақиқаты да, тәңірлік бірлік ретінде табынғаны да – Күн. Түркілік тәңірлік діндегі негізгі жебеушісі – Күн мен Ай екені тастағы таңбалардан белгілі. Ендеше, Айтолды – бақыт символы болуы да халықтың танымымен сабақтасады. Ұғдылымыш – ақыл бейнесі. Мұндағы түбір сөз – ұқ, ұғым. Ақыл – мида, санада, оны түйсініп, ақылды меңгеретін жүрек. Жүсіп Баласағұнидің өзі: *«Ақылды ұғады, білімді біледі, Білімді, ұғымды тілегіне жетеді. Білімсіздік – сор, білімділік – бақыт. Ақыл – мұрындық оны жетелеген ер тілегіне жетеді»* – деп жазады.

«Білімді – биік, ақылды – ұлық деп есепте» деген мақалдың мағынасы *«Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар»* деген мақалмен орайлас. *«Ақыл қайда болса ұлықтық сонда болар»* немесе *«Егер болсаң сен бек, халыққа ұлық, көңіл, тіліңді кішік тұт, өзінді жұмсақ ұста»* деген сияқты сөйлем түрінде келген мақалдар автор тілінде жиі кездеседі. Тура мағынасында айтылатын мақалдар анық өмір шындығының өзінен құралған. Адам өмірінде кездесетін барлық жақсылықты айтып, адамгершіліктің ең жоғарғы қасиеттерін иемденуге шақыра отырып, жамандықтан сақтандырады. Ақыл мен білім көрінісі әрқашан тілде таңбаланады. Тіл арқылы өріліп, өзінің негізгі материалдық сипатын табады.

Антропоцентристік парадигма тұрғысынан адам мен мәдениеттің арақатынасында тілдік тұлға тұр. Сондықтан да, Юсуф Баласағұни:

Жаратты адамды Алла керек етіп,

Ой, білім, ұғым берді зерек етіп – деп жазады.

Тілдік тұлғаның Мені жан-жақты.

Мен – белгілі бір ұлттық ділді бойына жинақтаушы; мен - әлеуметтік; мен - өзіндік психикалық ерекшелігі бар дара тұлға; мен - жеке ой иесі; т.б.

Далалық ділде, дүниетанымдық болмыста меннің негізгі ерекше даралығы – білімі мен білігінде, көргенділігі мен иманында.

Берді оған ақыл, ұят, өткір тілді,
Һәм қылық, таза пейіл бере білді.

Біліммен биіктейтін иін берді,
Берді ұғым шешетін түйіндерді.

Кімге Алла ұғым, ой, білік берер –
Ізгі іске соның қолын іліктірер.

Болсын да білім – биік, ұғым – терең,
“Адамды өсіретін – солар” дер ем.

Басында ұлылықтың ұғым тұрар,
Білікті биік өсіп, мығым тұрар.

Білікті білім алып, ұғымды ұғар,
Жүзеге осы екеуі алып шығар.

XI ғасыр ғұламасы жеке “адамның қадірі білімінен білінеді” деген сөзді негіз етіп ұстанады да, тілдің өзі білім дегенді айтады:

Тілге құдай білім берді тиесі,
Басыңды күт, осынау тіл иесі.

Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен,
Жарамайтын сөз шығарма тісіңнен.

Біліп айтса – дана дейміз озғасын,
Білімсіздің сөзі жейді өз басын.

(Ә. Құрышжанов аудармасынан алынды)

Тілдік білік сөйлеуде тіл бірліктерінің тіркесімі арқылы көрініс табады. Ю.Баласағуни бабамыздың айтып отырған *Тілге құдай білім берді тиесі, Басыңды күт, осынау тіл иесі* – деуінің мәнісі тереңде жатыр. Тілдік біліктің ерекшелігі мен қасиеті, киесі осы сөз астарынан анық аңғарылады. Тілде білім бар, ол білімді құдай берді, тіл иесі өзінің басыңды күт, яғни сақта дегені, тілдің киесі бар, сөзді қалай болса солай жұмсауға болмайды, оның киесі бар дегенде меңзейді.

Болсын да білім – биік, ұғым – терең,

«Адамды өсіретін – солар» дер ем, - дегендегі білімнің - биік, ұғымның - терең деген сөздермен анықталуының да үлкен танымдық, білімдік мәні бар.

Тілдік білікті тіл құрылымындағы кез келген бірліктің құрылымынан тануға болар еді. Фонема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін – қай-қайсысы да тілдік біліктен тұрады. Тіпті грамматикалық тұлғалар, сөздердің орын тәртібі де тілдік біліктен хабар бере алады. Тілдік білік сөздің танымдық болмысын тануда толық анықталады.

Қоршаған ортадағы әрбір заттың, әрбір қозғалыс әрекеттің, әрбір құбылыстың әр тілде өзіне сәйкес атауы бары рас. Сонымен бірге барлық зат пен құбылыстың әр түрлі тілдегі ұғымы ортақ екені де рас. Демек, кей өзгешеліктерді есепке алмағанда, негізгі ұғымдардың ортақтығы мақал-мәтелдердегі ортақ мағынаны, параллель түсініктерді де қалыптастырған. Барлық адам баласы өзінің ойлау жүйесінде, жетістіктері мен кемшіліктерінде, құндылықтарды бағалауында ортақ түсініктерді қалыптастырғаны да даусыз.

Қай елдің болса да паремиологиялық жүйесі мен олардың жалпы тақырыптық сипатын салыстырып, таразылар болсақ, ондағы семантикалық және тақырыптық топтардың жақындығын байқау қиын емес. Ортақ мәдени түпбейнеден туындайтын ортақ мәдени кодтар адами ойдың жемісі ретінде, ортақ рухани құндылықтарды негіздейді. Адами ойлаудың жалпылығы мен жақындығы әр алуан лингвомәдени құрылымдарда ортақ ұғымдардың сақталуына себеп болған да, басты адами құндылықтардың дәстүрлі ұлттық менталитет пен ұлттық тілдік әлем бейнесінде дамуын қалыптастырған. Сондықтан да, мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарында «адам», «еңбек», «отбасы», «достық», «денсаулық», «үй», «адамгершілік» болып бөлінуінде ұқсастық бар. Кез келген тақырыптық жүйелеу қазіргі идеографиялық сөздіктердің негізінде жасалады.

Қоғамдағы құндылықтарды анықтау бір күннің немесе бүгіннің ғана мәселесі емес. Құндылық – қасиетті ұғым. Құндылық - ерекше мәдени-танымдық категория. Сөз мәйегі саналатын мақал-мәтелдердегі дүниетанымдық ақпараттарды негізге алар болсақ, құндылықтың басы:

- 1) Адам. Бар болу;
- 2) адамға берілген – өмір, тіршілік;
- 3) адам құқығы, еркіндігі;
- 4) адам денінің саулығы;
- 5) отаны – атамекені;
- 6) еңбек етуі;
- 7) адами қасиеті: ізгілік, парызы, борышы, сенімі, дәстүрі.

Бұл құндылықтар – ұлттық код негізі санатында. Бұлар тілде таңбаланып, белгілі ұғымдардың нақтылы көрінісі ретінде ұлттық санада әбден нақтыланған, моралдық-этикалық норма ретінде танылған. Яғни мақал-мәтелдер – ұлттық құндылықтардың тілдегі вербалданған көрінісі.

Қазақ дүниетанымында «адам болу» ұғымының мәні терең. Адам болу – есею, жетілу, өз қолы өз аузына жету мәнінде жұмсалады. Үлкендер балаға не жасөспірімге бата бергенде, «Адам бол», «кісі бол» деуі де тегін болмасқа керек.

«Нағыз кісілік белгісі – кісілік» деп жазыпты Ю. Баласағуни (аударма Ә. Құрышжанұлынікі, 27-бет) мұндағы бірінші «кісілік» сөзі - субъектілік, екіншісі «адъективтік» яғни сын-сапалық мәнде жұмсалған. «Адамдық» пен «кісілік» сөздері бір-бірімен мағыналас десек те, екеуінің стильдік мәні бар екені анық.

Кісілік - парасаты мол, ойы терең, сөзі мен ісі сәйкес келетін, қолы жомарт, сөзі мығым, байсалды адами қасиет. Кісілік таныту, кісілік көрсету, кісілігі бар сөздерінің астары мол. Бұл атаулар тура мағынасында да, астарлы мағынасында да жұмсалуы ықтимал. Бір қасиетінің төмендігі білінсе, халық оны мысқылдап, «кісілік» көрсетті деп сынға алуы да мүмкін.

«Кісілік» ұғымы әр түрлі зат атауларының сипаты мен белгісіндегі адамға қатысына сәйкес, орнына, қызметіне байланысты синекдохалық даму нәтижесінде алмасып, жаңа мәнде де жұмсала береді. Атқа салатын ердің алдыңғы қасы мен артқы қасы арасындағы адам отыратын жеті – кісілік деп аталады. Яғни «кісі отыратын», «кісіге арналған орын» деген мағына арқылы дамыған. «Бір кісілік орын», «екі кісілік орын» деген мағыналар да осындай мән арқылы ажыратылып, қалыптасқан.

Қазақта адамға қатысты мақал-мәтелдер өте мол. Сондықтан мақал-мәтелдердегі Адам ұғымын концептік деңгейде қараудың мүмкіндігі бар. Адамға қатысты мақал-мәтелдердегі пікірлердің мазмұны мен мәні кез келген сөздікте адамға берілетін түсініктерден әлдеқайда бай.

Ұлттық дүниетанымның өзіндік моделі бар, бұл модельді сол ұлттың даналары, данышпандары негіздейді, халық дамыта түсіп, қолданады. Ұлттық дүниетанымдық

модель әр түрлі, жүйелі, күрделі құрылым. Қазақ халқының ұлттық болмысын, ұлттық санасын айқындайтын осындай модель қазақ мақалдарында нақты көрініс тапқан.

Пайдаланылған әдебиет:

Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. –Алматы: Қайнар. 2001. 469 б.

ҒАЛЫМ БІЛІМІМЕН КӨТЕРІЛЕДІ

А.А. Сатбекова

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан. satbekova@mail.ru

*Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?*

Абай

Түйіндеме: ХХІ ғасырда әлемнің жаңа құндылықтарын игеру-адамзат қоғамының дамуын жаңа биіктерге көтеріп, адамдарды бір-біріне жақындастыра түспек. Қазіргі таңда түркітану ғылымы барлық жағынан жаңа белестерге көтерілді. Мақалада ескі түркі жазба ескерткіштерін қазақ тіліне тәржімалап, қалың қауым үшін олардың барынша ұғымды болуын көздеп өткен ғалым, филология ғылымдарының докторы Әбжан Құрышжанұлы туралы сөз болады. Ескіліктен нәр алмай, жаңалыққа кенеле қою да қиын. Ата-бабаның айтып кеткенін оқымай өскен ұрпақтың ұшпаққа шыға қоюы оңай емес сияқты. Көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштерін ең алғаш зерттеген ғалым - профессор Әбжан Құрышжанұлы. Ғалымның: Қазақ тілінің кез келген мәселесін жалпы түркі тілдерінің не болмаса белгілі бір тілдердің, мысалы, қыпшақ тілдерінің ауқымына салып қарастырған мақұл. Қазақ тілінің ендігі мамандары ең әуелі түркітанушы болып алуға тиісті. Қазақ тілі туралы ғылымның сонда ғана бағы ашылып, маңдайы жарқырай түседі. Тегі мен түбірі тексерілмеген тілдің өресі биік болмайды. Ана тіліміздің арнаулы мамандары бүкіл түркі жазба ескерткіштері мен олардың тілдері туралы мағлұматтардан барынша хабардар болуға міндетті болуға тиісті. Тарихсыз ғылым тайғанақ келеді, тұғыры берік орнықпайды, тереңдік деңгейі торғайдың сирағынан да келмейді. Бұл мәселені жан-жақты қарастырып, ойластыра бергеніміз абзал,-деген сөзі өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Тірек сөздер: түрколог ғалым, түркітану, тіл тарихы, ескі түркі жазба ескерткіштері, ұлтжандылық.

Abstract: In the XXI century, the development of new values of the world will bring the development of human society to new heights and bring people closer together. Currently, the science of Turkology has reached new heights in all respects.

The article will tell about the scientist, Doctor of philology Abzhan Kuryshzhanovich, who translated ancient Turkic written monuments into the Kazakh language and aimed to make them more understandable to the general public. It is difficult not to feed on the old, but to focus on the new.

It seems that it is not easy for a generation that grew up without reading what their ancestors said. The first scientist to study written monuments of ancient Turkic languages was Professor Abzhan Kuryshzhanovich. Scientist: any problem of the Kazakh language is considered in the range of common Turkic languages or certain languages, for example, Kipchak languages. Now the specialists of the Kazakh language must first become turkologists. Only then will the science of the Kazakh language open up and shine. A language whose origin and Root are not checked will not have a high field. Special specialists

of our native language should be as aware as possible of all Turkic written monuments and their languages. Without history, science is slippery, unshakable, and the depth is not even a sparrow's hoof. It is necessary to consider and consider this issue in detail,-the statement did not lose its relevance.

Key words: turkologist, Turkology, history of language, ancient Turkic written monuments, patriotism.

Білімі мен ғылымы дамыған ел ғана әлемдік өркениет көшіне ілесе алады. Ерінбей еңбек етіп, еліміздің білім беру жүйесі мен ғылым саласын дамытуға өзіндік үлес қосқан саңлақтарымыздың бірі - белгілі түрколог, орта түркі және қыпшақ тілдерінің білгір маманы Әбжан Құрышжанұлы тірі болғанда бүгінде 90 жастың асқар биігін бағындырып отырар еді.

Қазақ тіл біліміне ұлан-ғайыр еңбек сіңірген ғалым, профессор-түркітанушы, тәржімашы, көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштерін, XI-XII ғасырлар мұраларын қазақша сөйлеткен ғұлама ұстаз, мемлекеттік «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы Әбжан Құрышжанұлы 1930 жылы тамыз айының 5-ші жұлдызында профессор Ербол Жанпейісовтың сөзімен айтқанда: «“Сыр елі - жыр елі” атанған сөз дүлдүлі - дүрлер мен шайырлар туған өңірде», яғни Қызылорда облысы, қазақы қаймағы бұзылмаған Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Мектеп қабырғасынан үздік суырылып шыққан бозбала-болашақ ғалым Әбжан Құрышжанұлы Алматы қаласына үлкен үмітін арқалап келіп, Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Ол білім жолын мұнымен тәмамдамай, үміт отын ары қарай жалғап, үздік белгімен берілген диплом алған соң, білімін Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының аспирантурасында жалғастырады. Әбжан Құрышжанұлының ғылым жолындағы алғашқы қадамы аспирантурадан басталады.

1958 жылдың мамыр айында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Ә. Құрышжанұлы «Кодекс куманикус» тіліндегі септіктердің тұлғалары мен мағыналары» тақырыбында диссертация қорғап, 1960 ж. аға ғылыми қызметкер болып тағайындалады. 1964-1968 ж. Тіл білімі институты директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары болып қызмет атқарады. 1973 ж. мамырда филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған “XII-XIV ғ. ескі қыпшақ жазба ескерткіштері” тақырыбындағы диссертациясын қорғап, 1986 ж. профессор ғылыми атағын иеленеді.

1989 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің (ол кезде институт) Қазақ тіл білімі кафедрасының (бүгінде Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы) профессоры ретінде дәріс оқыды.


Әбжан Құрышжанұлы туралы сөз қозғағанда оның бойындағы ең ізгі қасиеттер-қарапайымдылық, кішіпейілділік, ұлтжандылық, іскерлік, еңбекқорлық жайында айтпай өту мүмкін емес. Дана халқымыз «Қарапайымдылық - кеменгерліктің көркі» деген ұлы сөзді өзінің осындай ұлдарына арнап айтқан шығар, бәлкім.

Жалпы түркітану саласы бойынша көне жазба ескерткіштердің тарихын, ана тіліміздің тарихи мәселелерін зерттеудегі, қыпшақтану ғылымын дамытудағы, түркі халықтарының көрнекті ғалымдары мен ақындарының шығармаларын тәржімалаудағы ғалым Ә. Құрышжанұлының ерен еңбектерін айрықша құрметтеп, есімін зор мақтанышпен айта аламыз. Бойындағы туа біткен табиғи дарын, тынбай атқарар ізденіс, оның үстіне айрықша кісілік болмыс, біздің ойымызша, нағыз ғалымды көкке шығарар пырақ десе болғандай. Мұндай ғалымдардың есімдерін тарих ертең үлкен әріптермен жазары анық. Өйткені, өзінің саналы ғұмырында ғалымдық, ұстаздық өнегесін, барлық білім-тәжірибесін шәкірттеріне беріп, түркологиялық ғылыми зерттеулермен ғана шектеліп қалмай, ғылыми кадрлар дайындау ісімен де

шұғылданып, өзіндік мектебін қалыптастырған ғалым-ұстаз ретінде танылды. Қыздар университеті жанынан құрылған БД 14.50.17 Біріккен докторлық диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары болды.

Біздің көне тарихымыз-қазіргі рухани тіршілігіміздің қайнар көзі. Олай болатын себебі, біздің өмір тәжірибеміз, білім-ғылымымыз, ұлттық менталитетіміз ата-бабалар тарихымен үздіксіз жалғасып келе жатқан құбылыс. Ғалым Ә.Құрышжанұлы «Сөз атасы» атты кітабының алғы сөзінде: «V-XVII ғасырлар арасында көне түркі тілдерінде жазылып қалған ескерткіштер өте мол, көбісі көркем туындылар. Олардың ішінде қазақ халқының мәдени, әдеби өрісі мен тілінің тарихына тікелей қатысы бар қазыналар да аз емес» дейді. Бір айта кететін нәрсе-бұл жазба жәдігерліктер бұрын соңды қазақ тіліне аударылып көрген емес. Ғалымның қазақ тілінде алғаш рет түзіліп отырған 1987 жылы жарық көрген «Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ)» атты еңбегі. [1].

Әбжан ағай «Сөз атасы» атты кітабын маған сыйға тарта отырып, мынадай қолтаңба жазып берген еді:



Бұл қолтаңба мен үшін қимас та өте қымбат естелік ретінде сақтаулы тұр.

2004 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің 60 жылдық мерейтойына арнап «Ақтоты» республикалық басылымының қазан - қараша айларындағы № 10-11 санына Әбжан ағайдың «**Институттың 60 жылдығы құтты болсын!**» атты мынадай өлеңі жарияланған болатын:

Қыз бен ұлды қазақ ылғи тең көрген,
Ұл мен қызы ата-анаға дем берген.
Алыс кетсе-қызын аңсап ата-ана,
Аялаған, асылына теңгерген.

Не бар қымбат дүниеде баладан,
Ата-анасы шыбын жанға балаған.
Ұл-қызы өсіп, азамат боп кеткен соң,
Болар ол да, анасындай балажан.

“Бала” деген – бұл өмірдің желісі,
Ұл-қызымен көркейді ел іші.
Ел атағын шығарады ұрпағы,

Ұрпақ өссе-өз елінің жемісі.

Бүгін ҚызПИ-ару алпыс жастағы,
Қыз өсіру міндет еді бастағы:
Ғалымдар мен мұғалімдер ұшырып,
Жүз пайыздан оны асырып тастады.

Талай сұлу өсіп шықты ҚызПИ-ден,
Қандай жақсы ұл өсіріп, қыз сүйген.
ҚызПИ алар асу әлі көп екен...
Бір тұжырым - осы боп тұр біз түйген.

Әбжан Құрышжанұлының 2008 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген **«Өмір өрнектері. Өлеңдер, айтыс, дастандар, аудармалар, арнау-толғаулар, жеке шумақтар»** атты жинағы ғалымның жаңа бір қыры-ақындық қуатын айқын көрсеткендей. Ғалымның өлең-жырлар қолжазбаларын баспаға ұсынған жары Шайзада апай болатын. Аталған жинақтың алғы сөзінде филология ғылымдарының докторы, профессор Ербол Жанпейісов былай деп жазады: «Көзі тірісінде «қазақ» деп, «ғылым» деп, «тілім» деп көп толғанатын, өз ұлты, өз тілі, тіл білімі ғылымының болашағы үшін шарқ ұрып, күндіз-түні көз ілместен қызмет етті де. Бұл тақырыптар - Әбжан досымның жанды жарасындай еді. Ол ылғи: Мен-қаным сорғалап тұрған ұлтшылмын,- дейтін еді. Бірақ ол ұлтшыл емес, өзге ұлтты сыйлап, өз ұлтын қатты қадірлеп, қастерлейтін ұлтжанды азамат еді». [2].

Халқы үшін адал қызмет атқарған азамат есімін ардақтау-ұлтымыздың аса қастерлі мінезі. Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Әбжан Құрышжанұлы біз үшін, міне, дәл осындай қадірлі тұлғалардың бірі. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің тарихы осынау қайраткер азаматтың есімімен тығыз байланысты.

Ұлағатты ұстаз шәкірттерімен, жалпы студент қауымымен кездесу барысында олардың әрқайсысының сұрақ-сауалдарына, пікірлеріне ерекше ден қоюға тырысып, олардың бойында білімге, ғылымға деген қызығушылығын тудыруға, сол арқылы білім, ғылым деңгейін көтеруге үлкен мән беретін.

«Ұстаздық ету - уақыт ұту емес, өзгенің уақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау», - депті шығыстың бір ғұламасы. Бұл ұлағатты сөз Әбжан Құрышжанұлына арналып айтылғандай. Өйткені, ол өзінің қымбат та асыл уақытын шәкірттерінің бойындағы қасиеттерді дер кезінде танып, ашуға, дамытуға арнауда әр кез басқаларға үлгі - өнеге бола білді. Иә, ғасырлар жылжып өтсе де «Ұстаз» сөзінің мән-мағынасы өзгермек емес. Жалпы, ұлтжанды білімді жастар тәрбиелеу – аға буын өкілдерінің алдындағы борыш екендігін ғалым-ұстаз жақсы білген.

Бүгінде университетімізде профессор-түркітанушы Әбжан Құрышжанұлының есімі мен қызметін қастерлеп есте сақтау бағытында игі шаралар жүзеге асырылуда. Ғалымның өзі ұзақ жылдар қызмет атқарған филология факультеті (қазір Филология институты) Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасына қарасты №321 дәрісхана «Профессор Әбжан Құрышжанұлы атындағы Түркітану және тіл тарихы кабинеті» деп арнайы жабдықталып, оған ғалымның есімі берілген. Жыл сайын ғалымның туған күні қарсаңында «Құрышжанов оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция өткізіп тұру дәстүрі қалыптасып келеді.

Қыздар университетінің ұйымдастыруымен белгілі ғалым Ә.Құрышжанұлының 70 жылдығына орай 2001 жылы *«Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы»*, 2006 жылы 75 жылдық мерейтойына арналған *«Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары»*, 2011 жылы туғанына 80 жыл толуына орай *«Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері»* атты халықаралық ғылыми-практикалық

конференциялар өткізілсе, 2015 жылдың қараша айының 27 күні ғалымның 85 жылдығына орай Халықаралық түркі академиясы мен Халықаралық түркітану орталығымен бірлесіп «Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 2020 жылдың 4 желтоқсан күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Халықаралық түркі академиясы, Түркі дүниесі білімдер академиясы, С.Бәйішев университеті бірігіп белгілі түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына орай «Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция өткізу жоспарлануда. Аталған конференцияның мақсаты: түркітанудың жалпы мәселелері, қыпшақтану ілімі, түркітану, оның ішінде, тіл, әдебиет, тарих, руханият салалары, түркі терминологиясының мәселелері, түркі халықтарының тарихи-мәдени байланысы бойынша өзекті мәселелерді зерделеу, талқылау, даму болашағын бағымдау. Сонымен қатар руна жазулары және түркі тілдері мен әдебиеті тарихы, түркі тілдері мен әдебиетін оқыту ісіндегі ортақ мәселелер мен қазақ жазуын жаңғыртудағы жаңа ұлттық әліпби туралы кеңінен сөз болады. Түркі дүниесінің маңызды мәселелері бойынша бас қосқан ғалымдар мен зерттеушілердің өзекті тақырыптарды шешуге негіз болатын жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлер мен жаңаша көзқарас, тұжырымдар ұсыну, жалпытүркілік, түркітанудың өзекті мәселелерін зерттеп-зерделеу күтілуде.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми жиындардың Қыздар педагогикалық университетінде өткізілуінің де маңызы ерекше. Бұл – жалпы адамзатқа түркілік рухты дарытып, рухани серпіліс әкеледі деген ниетпен жасалған игі іс - шаралар.

Бұл – қазақ қыпшақтану ғалымдарының көшбасшысы, белгілі түрколог, «Парасат» орденінің және Мемлекеттік стипендияның иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының есіміне деген зор құрметтің бір белгісі болса керек.

Ә.Құрышжанұлы 2001 жылы жарық көрген «Ескі түркі жазба ескерткіштері» атты кітабының алғы сөзінде: «Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде, XI-XII ғасырларда жасаған ақыл-ой мен білімнің төрт алып тұлғасы бар: М. Қашқари, Ю.Баласағұни, А.Йүгінеки және А. Иассауи. Мен олардың туындыларын өзім үшін түгелдей қазақ тіліне аударып шыққан едім», - дейді.[3].

Түркі жұртының мәдени мұраларындағы ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет, кішіге ізет, адамгершілік қарым-қатынас, имандылық, азаматтық парыз, еңбексүйгіштік, Отанға және туған жерге деген махаббат, ел бірлігін сақтау, қыз балаға тән инабаттылық пен әдептілік, зерделі ақыл-ой мен сұлу сымбат болуы тәрізді тәлім-тәрбиелік ұстанымдар түркілік тәрбиенің ең басты негіздері болып табылады. Жас ұрпақты, міне, осындай өнеге қазыналары арқылы адами құндылықтарға баулу мәселесі түркі жұртының тарихындағы ғасырлар бойы жалғасып, байып, нығайып келе жатқан ұлы мұраттардың қатарында саналады. Түркілер әрбір ұлттың өзін-өзі ұлт ретінде сақтап қалуының негізі деп өз ұрпағының бойына осындай адамгершілік пен имандылық қасиеттерді дарытудан басталатынын жақсы түсінген. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде де бұл ұстанымның маңызы мен мәні жоғарылап кеткен жоқ.

Көптеген түркі тілдерінің жетік білгірі Әбжан Құрышжанұлының көп зерттеген негізгі саласы-ескі қыпшақ тілі. Ғалымның XIII ғ. ескерткіші «Кодекс Куманикуса» қатысты шыққан зерттеулері дүниежүзі түркологтары тарапынан жоғары бағаға ие болды.[4].

Әбжан Құрышжанұлының өмір жолы мен еңбектері «Қазақ Совет Энциклопедиясы» «Қазақ тілі» энциклопедиясы, «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы мен «Түркістан» энциклопедиясына енген.

Әбжан Құрышжанұлы жайлы естелік сөзді сабақтай отырып, ұлы Абайдың «Биік мансап, биік жартас. Оған өрмелеп жылан да шығады, қалықтап ұшып қыран да шығады», - деген сөздерін еріксіз ойға аласың. Иә, ол өз биігіне адал еңбегінің нәтижесінде қыран болып көтерілген азамат еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрышжанұлы Ә. Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. – А., «Жазушы», 1987.
2. Құрышжанұлы Ә. Өмір өрнектері. Өлеңдер, айтыс, дастандар, аудармалар, арнау-толғаулар, жеке шумақтар. – А., 2008.
3. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – А., 2001.
4. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы жайында ойлар. – А., 2008.

ӘБЖАН МІНГЕН АҚ БОЗ АТ

А.К. Алтаева

Филология ғылымдарының докторы, профессор
«Тұран» университеті
Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Бұл естелік түркология саласындағы көрнекті тұлға, белгілі қыпшақтанушы, филология ғылымдарының докторы, «Парасат» орденінің иегері, қазақ тіл білімі, қыпшақтану, түркітану ғылымдарының дамуына үлес қосып, ұстаздық өнегесін шәкірттеріне үйреткен, ғылым кадрларын даярлап, өзіндік мектебін қалыптастырған ғалым-ұстаз Әбжан Құрышжанұлына арналған.

Тірек сөздер: лектор, ғалым, «Парасат» ордені, ақын, тәржіма, ақ боз ат.

Abstract: This memory is dedicated to a prominent figure in the field of Turkology, a well-known Kipchak scholar, doctor of philology, holder of the order "Parasat", a scientist-teacher Abzhan Kuryshzhanovich, who contributed to the development of Kazakh linguistics, Kipchak studies, Turkology, taught his students the teaching style, trained scientific personnel and formed his own school.

Key words: lecturer, scientist, order of Parasat, the poet, the translation, the white horse.

ҚазМУ қабырғасында жүргенде «Тарихи грамматика» деген пәнді оқып едік. Лекторымыз – филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев. Ол уақытта өзге жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамымен тәжірибе алмасу дәстүрі бар еді. Кей күндері бізге таныс емес ғалымдар дәріс оқып кететін. Бір күні келбеті түрікке ұқсас, мұртты кісі дәріс залына кірді. Әзағамыз жазып кеткен «махаббат, қызық мол жылдардан» бері филфакта қыз көп. Аздап кешігіп жүретіндіктен, жігіттер артқы орындарға әуестеу келеді де, дәріс оқитын залдың алдыңғы қатары қыздан көрінбейді. Көз үйренбеген кісіге көп қыздың тосырқай қарағанын сезген болуы керек, жаңа лектор аздаған лирикалық шегініс жасады. «Осы күнгі статистика бойынша ер-азаматтар азайып кетті. Неге дейсіздер ғой? Өйткені баяғыда ауылда өскен қыз бала ет жеп, қымыз ішетін. Ет жеп өскен әйел ұл тапқыш келетін. Қазір қаладағы әйелдер кәртүшке мен капустаға құмар, содан кейін шеттерінен

қыз тапқыш». Аудиторияны бір күлдіріп алған ұстаз дәрісін әрі қарай жалғастырды. Бұл менің Әбжан ағайды алғаш көруім еді.

Қыздар институтында (ол жылдары «институт» болатын – А.А.) ағаймен бір кафедрада әріптес болдық.

«Мен енді сенің атыңды ұмытпаймын. Жарықтық шешемнің аты Алмагүл еді» деді.

Тағы бірде жекжаттығымыз болғандықтан, «құдаша» деп қалжындап, арасында:
- Осы қыздың аты кім еді, өзі? – дейтін.

«Әйелдер патшалығының» салтанатын алғаш ҚызПИ-ге келгенде байқадым. Әбжан Құрышжанұлы сол салтанатқа аса көп бағына бермейтін. Бір күні мен сияқты көп нәрседен бейхабар жас оқытушыға кафедрадағы кезекшілік міндетімді орындау үшін «Әбжан Құрышжанұлы мынандай құжатты уақытында өткізбепті. Соны бүгін қалайда есіне салу керек!» деген шұғыл тапсырма берілді. Сәлден кейін кафедраға кірген ағайдың қолын алып, хал-жағдайын сұрап, кіршіксіз көңілмен:

- Ағай, сіз мына міндетті құжатты тапсырып үлгермедісіз. Мүмкін болса, бүгін қалайда осы жұмысты аяқтауыңыз керек екен, - дедім.

- Ол не қылған қағаз? Осы институтта қызмет еткеніме талай жыл болды, кафедраның профессорымын. Бұл – профессордың міндеті емес. Жасым 70-тен асты. Сен нешедесің? Кімсің бұндай тапсырма беретін? Атың кім сенің? – деп зілдене қарады.

- Ағай, мен Алмагүлмін ғой. Жақында ғана танысып едік, - деймін. Іштей: «Қызық кісі екен. Атыңды ұмытпаймын деп еді. Бірақ үлкен кісі ғой, ұмытып қалды ма екен?» деп әрі-сәрі болдым да қалдым. Профессордың қабағын бағып, айнала үнсіз. Сәлден кейін маған қарай бұрылып, қарлығыңқы даусымен:

- Әй, Алмагүл-ау, қай күнгі әңгіме маған да «интересно» болып тұр. Жүр, мені шығарып сал, - дегенде дереу есімді жидым.

Қазақы ортаға келгенде, қалада өскен маған ауыл мінезінің астарлы тұстары түсініксіз болғаны рас. Ақпаратты айтылған қалпында қабылдамай, алдымен оның «саяси» жағын ойланып алуға сол әңгімеден кейін бейімделе бастадым.

Қыздар институтының 60 жылдық мерейтойы мен Қазақстандағы Ресей жылына арналған халықаралық конференция жүріп жатқан. 3-қабаттағы дәлізде демалып отырған Әбжан ағайға сәлемдесіп, қасына жайғастым. «Сәлем – сөздің анасы» деген. Жалпы ағай кейінгі буын әріптестері халін сұраса, қуанып қалатын. Әңгіменді мұқият тыңдап алып, іле бір әзілдің шетін ағыта жөнеледі. Амандық сұрағанға көңілің өсіп шыға келесің. Сондай бір шат көңілмен сұхбаттасып отырып:

- Мына конференция ғой, 60 жылдыққа орай өтіп отыр. Тақырыбы болса, «Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері», - деп бастады да:

- Философияда «форма» мен «мазмұн» деген ұғым бар. Білесің бе? – деп аяқтады. «Мен қаным сорғалап тұрған ұлтшылмын» дегені де осындайда ойға оралады...

Әбжан аға (ресмиліктен хабар беріп қоятын -й жұрнағын қоспай, «аға» дегім келіп тұрады – А.А.) жақтырмаған адамымен сөз таластырып жатпайтын. «Мынауың дұрыс емес» деп ешкімге ештеңені дәлелдеп жүрмейтін. Әбжан аға аударған жазба жәдігерліктер қатарында Сайф Сарайидің «Өзің жаман болып, жұрт «жақсы ғой!» дегенше, өзің жақсы бол – жұрт «жаман» деп айта берсін» деген жолдары бар екен. Ғалымның кей ұстанымы өзі зерттеген осындай дүниелер арқылы түйген қорытындысындай көрінетін.

Әлдебір ерсі сөзді қолданудың реті келгенде: «Мен – сендердің аталарыңмын, бұл сөзді айтуыма болмайды», - деп отыратын. Қылығы көңіліне қонбайтын бір

әріптесінің әйел затына ретсіз сөйлейтін әдетін жақтырмай «бейауыз» деп еді. «Би болмаған би болса, бұрыш сайын белгі салар» деген көненің мақалын ғалымның аузынан жиі еститінбіз.

2004 жылы Әбжан Құрышжанұлы тіл біліміне сіңірген ғылыми еңбегі үшін «Парасат» орденімен марапатталды. Бәлкім, ғалымның бұл құрметке лайық басқа да әріптестері болған шығар. Үздіктің қатарынан Әбжан Құрышжанұлына лайықты баға берген сол тұстағы ұйым басшысы Шәмша Көпбайқызының шешімі бәрімізге үлгі болды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ».

Әділ басшымыз кадр саясатына да өте ұқыпты болды. Бір сәтте нілдей бұзылып, қысқа күнде қырық құбылатын жайсыз бастықтың қол астында жұмыс істеудің қиын екенін өте жақсы түсінетін. Әділдіктің жеңімпаздығымен астасып жатқан жемісті жылдарды еске алғанда, Шәмша Көпбайқызының қайсарлығын, өрлігін, тектілігін айтпай өту мүмкін емес.

- Сен тырысқақтан бірдеңе шығады, - деді бірде Әбжан аға. Артынша мына сөзді таңданыспен қабылдағанымды сезе қойып:

- Менің «тырысқақ» дегеніме ренжіме. Бұл – орыстың «старательный (-ая) деген сөзін тәр-жі-ма-ла-ға-ным», - деп үзіп-үзіп түсіндірді (Өз интонациясымен айтқанда, «іс-тә-рә-тель-ний» - А.А.).

«Адамның алдына биік мақсат қойып, әлденені көксейтіні бар. Сол «көксеу» өзінің еркіне бағындырып, үлкен армандарға ұмтылдырады. Жеңіп шығуың да мүмкін. Алайда өмірдің күнделікті қажеттіліктері аяғыңнан тұсап, сені жеңгісі кеп тұрады. Құр «көксеу» аздық етеді, күресу керек. Осыны есіңе сақта! «Дарақ бір жерде тұрып көгереді». Бұны да ұмытпа!». Әбжан ағамен ең соңғы жүздесуім жадымда жаңғырып тұратын осы сөздермен еске түседі. Бұл 2007 жылғы сәуірдің 13-і еді.

Көңіліміз торыққан сәттерде Масанчи көшесіндегі үйді бетке аламыз. Ордені жарқырап, өзі жымысып тұрған ағамыздың портретін көріп, көңіл шіркін сабасына түскендей болады. «Сағынғанда ағаларыңның орнына бір аунап алыңдар, мен «шырақшысы» болып отырайын» дейді Шайзада апамыз.

«Сөз атасы» деген жинақтың беташарында (Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер. Түсініктерін жазған Ә. Құрышжанов. – Алматы: Жазушы, 1987.) Ахмед Йүгінекидің дидактикалық дастанынан мынандай ой айтылыпты:

*Бұ дүние – бір керуен сарай-ды,
Кететіндер түсіп, содан тарайды.
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,
Келіп түскен тізбек соған қарайды.*

Мен Әбжан ағадан не үйренгім келеді? Ұлтын сүюді; ғылымға ғашық көңілді; жазу үстелінен ажырамас еңбекқорлықты; өмірдің ұсақ-түйегінен аулақ ірілікті; кісінің ала жібін аттамас туралықты; сүйген жарға адалдықты; жастығының куәсі Ерболдай досын көкке көтеруді; уәдеге берік болуды; қыз баланың бетіне жел боп тимей, сыпайы сөйлеуді; астарлап әзілдеуді үйренгім келеді.

Жас шағында бала Әбжан Қазақ ССР-ның халық ақыны Манап Көкеновпен айтысқа шығыпты. Айтыс соңында атақты сазгер-ақын Нартай Бекежановтың өзі:

*«Әнһардың ағып жатқан тұнығысың,
Тұнықтың бойында өскен шыбығысың.
Тең түстің Манап, Әбжан қарақтарым
Халықтың ел билейтін құлынысың», -*

деп бір ақын мен бір ғалымның маңдайынан сүйген екен.

«Алмас қылыш қын түбінде жатпас». Кейіннен өзі тәржімалаған «Құт әкелетін білім» ақынжанды табиғаттың айғағы болды.

Әбжан аға өмірден озғаннан кейін ғалымның жары Шайзада Құрышжанованың баспаға ұсынуымен «Өмір өрнектері» атты өлеңдер жинағы оқырманға жол тартты. «Жетімнің зарында» автор балалық шағынан былай деп сыр шертіпті:

*Мен туылдым Қырғызалы ішінде,
Әкеміздің көре алмадым түсін де.
Он жасымда қалып қойып шешеден
Жетім болдым толықпастан күшім де.
Мен қарғадым дүниенің ажалын,
Жасырды ғой әке-шеше ажарын.
Желеп-жебеп жүрсе жарар аруақ
Баласының естіп мұндай хабарын.*

Мектеп бағдарламасында Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» деген хикаясы бар. Әке-шешеден ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүрген Тортай таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи береді. Оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы айтудан шаршамайды. Оралханның өз тілімен сөйлетсек:

«Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, - дейтін. – Әкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Өтген, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді» (О. Бөкей. Тортай мінер ақ боз ат.).

Жақында осы кітап тағы да қолыма түсті. Құнды жазылған әдеби шығарма оқыған сайын соны қырынан ашылатыны бар ғой. Тортай айтқан ертектің көбі «Баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталады. Тұрған жерінен тұп-тура Моңғолияға тартып кетіп, аппақ киіз үйде қонақ болып, ақ боз атқа мініп, ай мен күндей аруын алдына өңгеріп елге қайтуды қиялдаған Тортайдың арманы орындалмайды. Сондықтан да шығарманың аты «Тортай мінер ақ боз ат» екен. Тортай мінген ақ боз ат емес, Тортай мінуі керек, бірақ міне алмаған, әлдекімнің тақымында кеткен ақ боз ат. «Жетімнің зарынан» қиялымен тілдесе отырып өлеңмен сыр шерткен бала Әбжанды көрдім. Арманшыл Әбжан ауылдан астанаға аттанды, оқуға түсті, мамандық алды, ақ боз атқа мінді, ауылдағы аруын алдына өңгеріп Алматыға қайта аттанды. Ақ боз аты ешкімнің тақымында кеткен жоқ, Әбжан мінген ақ боз ат...

СОДРУЖЕСТВО КАЗАХСКИХ ФИЛОЛОГОВ: АБЖАН КУРЫШЖАНОВ И ШОРА САРЫБАЕВ

Сарыбай Майра Шорақызы

Научный консультант фонда «Женщины Казахстана»

Аннотация: В статье рассматривается сотрудничество двух казахстанских тюркологов – Абжана Курышжанова (1930–2007) и Шоры Сарыбаева (1925–2018), их общие научные интересы и биография. Анализ проводится по материалам библиографического указателя литературы по казахскому языкознанию, а также библиографических указателей ученых. Автору удалось показать важность сопоставления библиографических сведений для создания цельной интеллектуальной биографии каждого ученого как фрагмента становления тюркологической науки в Казахстане.

Ключевые слова: библиография, биография, Институт языкознания Академии Наук КазССР, соавтор, рецензия.

Academic Collaboration of Kazakh philologists: Abjan Kurysjanov and Shora Sarybaev

Abstract: The article explores the academic collaboration of two Kazakhstani scholars – Abzhan Kuryszhanov (1930–2007) and Shora Sarybaev (1925–2018), their common professional activities and biographical facts. The analysis is based on the contents of Kazakh Language Bibliographical Directory and biobibliographical directories of the two scholars. The author managed to demonstrate the importance of a comparative analysis of biobibliographical directories in order to create an integral intellectual biography of each scholar as a fragment in the history of Turkicology.

Key words: bibliography, biography, Institute of Linguistics of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, coauthor, review.

В истории развития тюркологии особое место занимает научное наследие доктора филологических наук, профессора Абжан Курышжанова. О его насыщенной трудовой деятельности и богатом научном наследии можно судить по информации в шести томах Библиографического указателя литературы по казахскому языкознанию [1], а также в Биобиблиографическом указателе А. Курышжанова [2]. Анализ данных работ показал не только фундаментальность поставленных проблем, но и выявил его окружение: учителя, коллеги, соавторы, рецензенты, ученики. Назовем лишь некоторых: Жумат *Досқараев* (1887–1972), Церен-Долджи Номинханов (1898–1961), Владимир Михайлович Насилов (1893–1970), Андрей Николаевич Кононов (1906–1986), Маулен Балакаев (1907–1995), Смет Кенесбаев (1907–1995), Ныгмет Тыналиевич Сауранбаев (1910–1958), Тлеужан Рақымжанулы Кордабаев (1915–2000), Жубаныш Аралбаев (1920–1990), Абдуали Кайдаров (1924–2019), Рабига Сыздыкова (1924–2020). Даже этот неполный перечень лиц из его окружения отражает уровень интеллектуальной и культурной среды, в котором формировалась неординарная личность Абжана Курышжанова.

Систематизацией работ Курышжанова занималась его супруга Шайзада Курышжанова, профессиональный библиограф, выпускница библиотечного факультета Казахского государственного женского педагогического института (ныне Казахский национальный женский педагогический университет). Она не только в полной мере способствовала реализации способностей ученого при жизни, но и внесла неоценимый вклад в сохранение его научного наследия.

Ярким примером плодотворной работы ученых-профессионалов в научном сообществе является сотрудничество с доктором филологических наук, профессором Шорой Шамгалиевичем Сарыбаевым (1925–2018) [3]. Российский ученый, специалист по науковедению, доктор философских наук Эдуард Михайлович Мирский (1935–2012) пишет: «Целью научного сообщества является увеличение массива достоверного научным сообществом научного знания. Действие механизмов научного сообщества жестко направлено на максимальную интенсификацию этого процесса. В рамках научного сообщества постоянно ведется работа по организации научного знания и по представлению знания в формах, позволяющих каждому профессионалу в любой момент судить об актуальном состоянии системы, а соответственно искать и выбирать шаги по ее развитию» [4].

Гармоничное взаимодействие А. Курышжанова и Ш. Сарыбаева в научном сообществе, способствовали их профессиональным достижениям и их дружбе. Блестяще выполнявшие фундаментальные, целевые и прикладные исследования, ученые достойно представляли отечественную лингвистику в мировом лингвистическом сообществе.

А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев: учеба и трудовая деятельность

Курышжанов родился в 1930 году, Сарыбаев – в 1925 году. Оба с отличием закончили филологический факультет КазГУ имени С. М. Кирова (ныне Казахский национальный университет имени аль-Фараби): А. Курышжанов в 1953 году, Ш. Сарыбаев в 1950 году. Интерес к научным изысканием проявился уже во время учебы. А. Курышжанов под руководством талантливого ученого- востоковеда Ц.Д. Номинханова, который работал в КазГУ с 1949 по 1960 год, написал уникальную дипломную работу по теме, которая определила его научные интересы в будущем – «Парадигмы склонения в языке памятников орхоно-енисейской и древнеуйгурской письменностей в сравнительно- историческом плане с современным казахским языком» [2: стр.17]. Ш. Сарыбаев также получил бесценный опыт в студенческие годы, принимая активное участие в научной жизни. Его конкурсные работы по грамматике казахского языка были удостоены грамотами Министерства просвещения СССР и Центрального комитета ВЛКСМ на конкурсах научных работ [3: стр. 6].

После окончания университета они продолжили учебу в аспирантуре: А. Курышжанов в Институте языка и литературы имени М. Ауэзова Академии наук КазССР (ныне Институт языкознания имени А. Байтурсунова Национальной Академии Республики Казахстан) (с 1953 по 1956 гг.), Ш. Сарыбаев в КазГУ им.С.М. Кирова (с 1950 по 1953 гг.). Путь в филологическую науку открыли им корифеи тюркской филологии. Научным руководителем кандидатской диссертации А. Курышжанова стал Ныгмет Тыналиевич Сауранбаев доктор филологических наук, первый академик-языковед, заслуженный деятель науки Казахстана, первый директор Института истории, языка и литературы Казахского филиала АН СССР (с 1941 по 1946 гг.), один из основателей казахского языкознания, автор работ по теории, истории и диалектологии казахского языка. В годы учебы А. Курышжанова в аспирантуре Н. Т. Сауранбаев работал вице-Президентом АН Каз ССР (с 1951 по 1956 гг.), затем еще два года до своей кончины он возглавлял отдел истории и диалектологии Института языка и литературы (с 1956 по 1958 гг.), где работали молодые научные сотрудники А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев.

Руководитель Ш.Сарыбаева – видный ученый Маулен Балакаевич Балакаев, доктор филологических наук (1951), профессор (1952), член-корреспондент АН Казахстана (1958), Заслуженный деятель науки Казахстана (1963). Он стоял у истоков создания КазГУ, вновь созданного Алма-Атинского института иностранных языков, 23 года заведовал кафедрой казахского языка в КазГУ (с1952 по 1975 гг.), 36 лет проработал в Институте языкознания АН КазССР (с1945 по 1981 гг.).

За многие годы совместной работы в Институте языкознания М. Балакаев оказал огромное влияние на становление своих младших коллег, в том числе на А. Курышжанова и Ш. Сарыбаева. Рано ушедший из жизни в 48 лет Н.Т. Сауранбаев и М. Балакаев прошли научную школу в Ленинграде и в равной степени оставили свой неизгладимый след в научно-педагогической деятельности А. Курышжанова и Ш. Сарыбаева, о чем свидетельствуют их научные труды и очерки.

Благодаря трудоспособности и целеустремленности, верности выбранному пути, а также влиянию наставников и научного окружения, А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев получили заслуженное признание в научном сообществе – степени кандидата, доктора филологических наук, звание профессора. За большой личный вклад в развитие и умножение духовного и интеллектуального потенциала Республики Казахстан они награждены орденом «Парасат».

Во время учебы А. Курышжанова в аспирантуре Института языка и литературы Академии наук КазССР на работу на должность старшего научного сотрудника отдела истории и диалектологии казахского языка этого Института кандидат был принят кандидат филологических наук Ш. Сарыбаев. Это был 1954 год. Этот год можно

считать началом их научного содружества. Возможно, что они встречались и в студенческие годы. С 1961 по 1967 гг. А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев работали под руководством Рабиги Галиевны Сыздыковой, затем до 1995 года отдел возглавлял Ш. Сарыбаев. А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев в разные годы занимали должность заместителя директора Института языкознания.

Во время работы в отделе истории и диалектологии казахского языка Института языкознания были написаны докторские диссертации: в 1973 году состоялась защита А. Курышжанова по истории казахского языка («Язык старокыпчакских письменных памятников 13-14 вв.»), в 1974 году – Ш. Сарыбаева по диалектологии казахского языка («Қазақтың аймақтық лексикографиясы»).

Их трудовая биография была неразрывно связана и с преподавательской деятельностью в вузах страны. Последние годы жизни А. Курышжанов работал в Женском педагогическом институте (1987–2007), Ш. Сарыбаев – в университете «Кайнар» (1997–2018).

Они охотно делились своими знаниями со студентами, аспирантами, соискателями, были руководителями и консультантами студенческих научных работ, кандидатских и докторских диссертаций, оппонировали и рецензировали, вели активную научно-организационную работу в диссертационных советах, привлекались к работе над выпуском коллективных научных изданий.

Прочность их взаимоотношений была основана прежде всего на высокой профессиональной культуре, которая «выступает как мерой и способом реализации личности в творческой профессиональной деятельности: овладевая ценностями этоса науки, личность ученого формирует и развивает профессиональное «Я». [5: с. 175]. Вместе с тем, согласно учению немецкого ученого Макс Вебера, «ученый, представляя новое знание, рассчитывает на определенную реакцию со стороны общества. Большое значение имеет не только ожидания ученого относительно реакции общества на его труд, но и смысл, который он вкладывает в него» (6: стр. 708-709).

Научное содружество Курышжанова и Сарыбаева

С 1959 по 1961 гг. в научных изданиях, журналах и газетах в соавторстве были опубликован ряд статей по проблемам диалектологии [7], этимологии [8] текстологии [9, 10], лингводидактике [11], которые неоднократно рассматривались и в их единолично написанных статьях.

Наряду с сугубо научными статьями, они совместно публиковали статьи, посвященные памятным событиям в научной жизни страны. В 1961 году в газете «Қазақ әдебиеті» была опубликована статья «Тұңғыш грамматикаға жүз жыл», посвященная 100-летию со дня публикации в Казани фундаментальной работы русского ученого-востоковеда, член-корреспондента Российской Академии наук Николая Ивановича Ильминского (1822–1892) "Материалы к изучению киргизского наречия" [12]. В статье дан подробный обзор данной работы. «Қазақ тілінің грамматикасын ХІХ ғасырдың ІІ жартысында орыс халқының көрнекті шығыс зерттеушілері Н.Ильминский, П.Мелиоранский, В. Катеринский т.б. ғылымдар бастырып шығарғаны мәлім. «Қазақ тілінің фонетикасы мен грамматика категориялары жөніде» баспа бетінде тұңғыш мәлімет берілуі, алғашқы сөздігінің жасалуы Н. И. Ильминскийдің есімімен тығыз байланысты. Н. И. Ильминский осыдан жүз жыл бұрын, 1861 жылы, Қазан қаласында «Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия» деген 200 беттік көлемді еңбек бастырып шығарды. Орыс алфавитінің негізінде басылып шыққан бұл еңбектің алғашқы 40 беті қазақ тілінің фонетика мен грамматика мәселелерін сөз етуге арналған да, қалған 160 беті қазақ тілінің лексикасына арналып, қазаша-орысша сөздік ретінде берілген».

Вышеприведенный отрывок из статьи А. Курышжанова и Ш. Сарыбаева, написанный на казахском языке, был переведен на русский язык и использован в статье Википедии / kk.wikipedia.org/wiki/Николай_Иванович_Ильминский/.

Две их совместные работы связаны с именем одного из основоположников казахской лингвистической науки члену-корреспонденту АН Каз ССР Маулену Балакаевичу Балакаеву. В 1962 году через год после издания книги М.Б. Балакаева «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» в соавторстве с его учениками Ерболом Несипбаевичем Жанпейсовым (1930–2012) Мархабат Томановым (1932–1988) была опубликована рецензия Ш. Сарыбаева и А. Курышжанова в газете «Қазақстан мұғалімі» [13].

А.Курышжанов и Ш. Сарыбаев в своих работах не раз отмечали заслуги Маулена Балакаева в развитии казахского языкознания и с большой теплотой отзывались о нем в своих воспоминаниях [2: стр. 69-79] В 1967 году в честь празднования 60-летнего юбилея М. Балакаева в журнале «Вестник Академии наук КазССР» вышла статья «М. Б. Балакаеву – 60 лет», написанная доктором филологических наук Жубанышем Аралбаевым (1920–1990) в соавторстве с А. Курышжановым и Ш. Сарыбаевым [14: стр. 142].

Оценка научной деятельности: Курышжанов и Сарыбаев

Ш. Ш. Сарыбаев высоко ценил труды своего коллеги. Вот что он писал в статье «Языкознание в Казахстане», опубликованной в 1958 году в журнале «Вопросы языкознания»: «Надо признать, что за указанный период очень слабо исследовались вопросы истории казахского языка. Лишь за последние 2 года стали изучаться языковые особенности древнетюркских памятников, а также язык фольклора. Недавно была защищена А. Курышжановым кандидатская диссертация на тему «Формы и значения падежей в языке «Codex Cumanicus» [15]. Выступая на координационном совещании по вопросам методов изучения тюркских языков, состоявшегося в Ашхабаде 19-22 октября в 1959 году, Ш. Ш. Сарыбаев отметил большой вклад А. Курышжанова в изучение языка письменного памятника XII-XIV вв. «Кодекса Куманикуса» [16: стр. 145].

А. Курышжанов написал несколько рецензий на работы Ш.Ш. Сарыбаева. Среди них две рецензии, написанные в 1956 году на первый том библиографического указателя литературы по казахскому языкознанию. Одна рецензия 26-летнего молодого ученого на казахском языке была опубликована в газете «Лениншіл жас» [17] вторая – на русском языке в журнале «Вопросы языкознания» [18].

В 1968 году в газете «Қазақ әдебиеті» вышла рецензия А. Курышжанова на учебное пособие для студентов филологических факультетов педагогических институтов по истории грамматики казахского языка, написанное Ш. Сарыбаевым в соавторстве с Аскатом Абилкаевым (1926–1990?) и Кулматом Омиралиевым (1930–1985) [19].

В 1960 году были опубликованы две рецензии на монографию Ш.Ш. Сарыбаева « Междометие в казахском языке»: одна на русском языке в газете «Учитель Казахстана» в соавторстве с А. Абилякаевым [20], другая – в газете «Лениншіл жас» на казахском языке в соавторстве с известным ученым, кандидатом филологических наук Айдарбеком Махмутовым (1922–1986) [21]. Айдарбек Махмутов был знаком с работами и отца шоры Шамгалевича-Шамгали Харесовичем Сарыбаевым. В 1957 году в газете «Лениншіл жас» вышла рецензия А. Махмутова «Пайдалы кітап» на монографию Шамғали Сарыбаева «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» [1, ч. 1: стр. 244].

В приложении «Биобиблиографический словарь», составленном Абилябеком Нурмагамбетовым (1927– ?), Бабашем Абилкасимовым (1931) и Шорой Сарыбаевым

к сборнику «Развитие казахского языкознания» под редакцией А. Кайдарова, Р. Сыздыковой и Ш.Сарыбаева, имеется библиографическая справка А. Курышжанова [22: стр.181-182].

Согласно вышеупомянутому Библиографическому словарю, изданному в 1980 году, в Казахстане насчитывалось 42 доктора наук, среди которых – А. Курышжанов и Ш. Сарыбаев. Два талантливых ученых, ставших живым воплощением не только преемственности в истории лингвистической науки в Казахстане, гордостью казахского языкознания, но и большой любви к языку. Их вдохновенный и созидательный труд обогатил и жизнь их семьи, ибо «страстная увлеченность, вдохновение, служение одному делу являются подлинными характеристиками личности в науке» [6: стр. 709].

Заклучение. В статье показано значение библиографических справочников и библиографических указателей для анализа научного сотрудничества двух ученых-лингвистов и реконструкции интеллектуальной биографии каждого, так как биография с точки зрения интеллектуальной истории, представляет собой «синтез биографического, текстуального и социокультурного анализа» [23: стр.313]. Сравнение биографических и библиографических сведений позволяют раскрыть наследие ученых, факты, события, окружение, эпоху всесторонне, во взаимосвязи, взаимообусловленности. При этом сравнение выступает не как мыслительный процесс или научный метод, а как «сравнительный кругозор». Данный термин был введен китайским ученым Жао Цуньмань в сравнительную педагогику и такое сравнение представляет более высокий уровень, когда исследователь может посмотреть на предмет своего исследования с разных сторон и улучшить его понимание. Так называемый «сравнительный кругозор» направлен не на «поиск взаимоотношений между явлениями и объектами, а выявление взаимоотношений между различными формами взаимоотношений» [24].

Степень изученности история развития казахстанской лингвистики зависит от результатов тщательной реконструкции биографии ученых. Только научно обоснованные биографические и библиографические исследования ученых-лингвистов, а не отдельные фрагменты из их жизни и творчества, позволят осмыслить историю лингвистической науки Казахстана во всей ее многогранности и многомерности.

Литература

1. Сарыбаев Ш. Ш. Библиографический указатель литератр по казахскому языкознанию. Ч. 1.– Алма-Ата, 1965; Ч. 2. – Алма-Ата, 1971; Ч. 3. – Алма-Ата, 1977; Ч. 4. – Алма-Ата, 1982; Ч. 5. – Алма-Ата, 1987; Ч. 6. – Алма-Ата, 1994.
2. Әбжан Құрышжанұлы: биобиографиялық көрсеткіш / құраст. Ермекова Т., Исабекова Ұ., Құрышжанова Ш. – Алматы, 2012. – 140 б.
3. Биобиблиорафия. Шора Шамғалиұлы Сарыбаев / құраст. О. Нақысбеков, Қ. Құрманалиев, Ғ. Әнес. – Алматы: Арыс баспасы, 2015. – 72 б.
4. Мирский Э. М. Научное сообщество // Новая философская энциклопедия. 2-е изд., испр. и допол. — М.: Мысль, 2010
<https://iphlib.ru/library/library/collection/newphilenc/document/HASH019bddfc061e82a099a2579b>
5. Ерохин А. М., Ерохин Д. А. Проблема «профессиональная культура ученого» в контексте социологического знания // Вестник Ставропольского государственного университета, 2011, № 76. С. 167-176.
<http://www.vestnik.stavsu.ru/76-2011/26.pdf>
6. Вебер М. О некоторых категориях понимающей социологии // Избранные произведения. – М., 1990.

7. Сарыбаев Ш.Ш., Құрышжанов А. Диалектологические экспедиции Института языкознания и литературы АН Каз ССР // Вестник АН КазССР, 1959, №12. – С.10.

8. Сарыбаев Ш.Ш., Құрышжанов Ә. Этимология деген не? // Білім және еңбек, 1961. №7. – Б. 10-14.

9. Сарыбаев Ш.Ш., Құрышжанов Ә. Халық жырларының текстологиясы // Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы. Алматы, 1959, № 9. – Б. 22-30.

10. Эпос шығармалараның текстологиясы туралы // Қазақ әдебиеті, 1959, 20 ақпан.

11. Сарыбаев Ш., Құрышжанов Ә. Қазақ әдебиет оқу кітаптарының тілі туралы // Социалистік Қазақстан, 1957, 5 март.

12. Құрышжанов Ә., Сарыбаев Ш. Тұңғыш грамматикаға жүз жыл [Н.И. Ильминскийдің 1960 жылы шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегі туралы] // Қазақ әдебиеті, 1961, 9 маусым.

13. Сарыбаев Ш., Құрышжанов Ә. Әдеби туралы елеулі еңбек // Қазақстан мұғалімі, 1962. 12 сәуір (Рецензия: Балақаев М., Жанпейсов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері атты еңбек туралы. Алматы, 1961).

14. Сарыбаев Ш. Ш. Языкознание в Казахстане // Вопросы языкознания, 1958, №5. – С. 140–144.

15. Аралбаев Ж., Құрышжанов Ә., Сарыбаев Ш. Балақаеву – 60 лет // Вестник Академии Наук. – Алма-Ата, 1967, №12. – С. 64.

16. Сарыбаев Ш. [Выступление на координационном совещании по вопросам методов изучения тюркских языков, состоявшегося в Ашхабаде 19-22 октября 1959 г.] // Вопросы методов изучения истории тюркских языков. – Ашхабад, 1961. – С. 145-149.

17. Құрышжанов Ә. Қазақ тілі туралы әдебиттердің тұңғыш көрсеткіші // Лениншіл жас, 1956. 29 шілде (Рецензия: Қазақ тіл білімінің библиографиялық көрсеткіші / жауапты редактор Кенесбаев І. –Алматы, 1956 – 97 б.

18. Құрышжанов А. (Рецензия: Ш. Ш. Сарыбаев. Библиографический указатель по казахскому языкознанию. Отв. ред. С.К. Кенесбаев. – Алма –Ата: Изд-во АН Казахск. ССР, 1956. – 98 с.) // Вопросы языкознания, 1957, №5. – С.152-153.

19. Құрышжанов Ә. Көне мұра // Қазақ әдебиет, 1970, 18 желтоқсан (Рецензия: Әбілқайыр Қ., Өмірәлиев Қ., Сарыбаев Ш. Қазақ тілі тарихи грамматикамы бойынша бақылау-пысықтау жинағы. – Алматы, 1968. – 80 б.).

20. Құрышжанов А., Абылқайыр А. Междоиметие в казахском языке // Учитель Казахстана, 1960, 4 февраля.

21. Махмұтов А. М., Құрышжанов Ә. Сөз сыры туралы // Лениншіл жас, 1961, 14 ақпан (Рецензия: Сарыбаев Ш. Қазақ тіліндгі електеуіш сөздер. – Алматы, 1960. – 44 б.).

22. Библиографический словарь // Развитие казахского советского языкознания. – Алма-Ата, 1980. – С. 170-246.

23. Репина Л.П. Историческая наука на рубеже XX–XXI вв.: социальные теории и историографическая практика. Москва, 2011. – С. 313

24. Ипатенкова Ю. А. Сущность понятия "сравнение" в сравнительной педагогике <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-ponyatiya-sravnenie-v-sravnitelnoy-pedagogike>

КЛАССИФИКАЦИЯ И СИСТЕМАТИЗАЦИЯ СТАРОТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ В ТРУДАХ А. КУРЫШЖАНУЛЫ

З.К. Картова

к.и.н., Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, Республика Казахстан

Ключевые слова: источниковедение, тюркоязычные источники, классификация, ханские ярлыки, старотюркские письменные памятники.

Тюркоязычные письменные источники продолжают оставаться слабо изученной областью исторической науки. Данные письменные памятники фрагментарно освещаются по различным периодам истории Казахстана, и этого явно недостаточно для полного и системного изучения всех имеющихся в научном обороте источников.

Основными источниками по истории средневекового периода являются письменные памятники и сочинения, написанные на персидском и тюркском языках в Средней Азии и сопредельных с нею странами. История Дашт-и Кипчака, Семиречья, Мавераннахра, Восточного Туркестана и других соседних регионов, тесно связанных между собой, - это история важных социальных явлений, обусловленных внутренними и внешними факторами экономического развития. В рукописохранилищах стран СНГ имеется немало персо-тюркоязычных нарративных сочинений, содержащих сведения по истории и культуре Казахстана и других стран Центральной Азии XI-XVIII веков.

В советской историографии достаточно распространенным являлось мнение об отсутствии в кочевой культуре письменных источников. Большинство исследователей разделяло формулу французских историков-позитивистов Ш. Ланглуа и Ш. Сеньбоса – «нет документов – нет истории» [1, с. 8].

На современном этапе развития источниковедческой науки появилась потребность пересмотреть отношение к письменной культуре номадной цивилизации. Методологические аспекты источниковедческого исследования должны быть рассмотрены с концептуально новых научно-теоретических позиций. Основой изучения средневековых источников должна быть системность, принципы этнокультурного и цивилизационного методов исследований исторического прошлого. Изучение актов источников должно осуществляться на уровне новых теоретико-методологических подходов, на основе глубокого системно-структурного анализа, предполагающего изучение событий и явлений в их взаимосвязи и взаимообусловленности, постоянной изменчивости и развитии. Необходимо существенное расширение источниковой базы исследования, привлечение новых источников, их систематизация, классификация, источниковедческий анализ.

Тюркологи и востоковеды республики связывают слабое изучение средневековых источников, прежде всего, с проблемами классификации. В плане теоретического источниковедения наиболее распространена классификация тюркских и персидских источников по истории народов Казахстана и Центральной Азии по территориальному признаку. Источники разделены на тимуридские, шайбанидские, чагатаидские, сефевидские и османские группы историографии [2, с. 14]. Как видим, при классификации огромного источниковедческого материала, в первую очередь, учитывается только географическая принадлежность или место написания источников. При этом, несомненно, следует учесть несовпадение границ средневековых государств

с современными государственными территориями, что, в свою очередь затрудняет их научное изучение.

Заслуживает особого внимания классификация и систематизация тюркоязычных источников XI–XV вв. предложенная ученым-тюркологом, доктором филологических наук Абжаном Курышжанулы. Автор систематизирует источники в исторической последовательности в соответствии с существующей периодизацией. В исторической хронологии средневековье делят на три периода: раннее средневековье (I-X вв.), среднее средневековье (XI-XV вв.) и позднее средневековье (XVI-XVIII вв.). Следовательно, источники написанные в период V-X вв. следует называть древнетюркские, старотюркские памятники написаны в XI-XVI вв., новотюркские памятники относятся к XVII-XVIII векам [3, с. 79].

Ученый подразделяет данный комплекс источников по времени происхождения, среде использования и языковому различию [4, с. 104]. Данный принцип в корне отличается от существующей классификации источников по лингвистическому признаку, т.е. по признаку языковой принадлежности, которая не всегда способствует их дальнейшему всестороннему изучению. На наш взгляд, предложенная автором комплексная классификация и систематизация источников по нескольким критериям значительно расширяет возможности дипломатического, археографического и палеографического анализа тюркоязычных документов. Таким образом, при их изучении автор предлагает необходимость учитывать следующие факторы:

А) *Хронологический фактор*. По первому фактору все средневековые источники можно разделить на древнетюркские памятники, написанные в период V-X вв., старотюркские памятники, написанные в XI-XVI вв., новотюркские памятники, принадлежащие XVII-XVIII векам [5, с. 9].

Б) *Географический фактор (регион написания, территориальная принадлежность)*. Согласно данного фактора письменные источники делятся на следующие группы:

1) документы Восточного Туркестана написаны большей частью в городах Баласагун и Кашгар;

2) документы Западного Туркестана условно делятся на три подгруппы:

а) источники, написанные в присырдарьинских городах Сайрам, Сыгнак, Отырар и Сауран;

б) источники, созданные в крупных культурно-торговых центрах Самарканд, Яссы, Испиджаб, Игунек и т.д.;

в) отдельно выделяются хорезмийские источники, созданные в городах Ургенч, Бухара и Фергана;

3) ханские ярлыки и письменные памятники Золотой Орды, изданные в основном городах Сарай-Бату, Сарай-Берке, в крупных средневековых городах Ак Орды и Кок Орды;

4) отдельную группу составляют источники, созданные в Египте и Персии, особенно в городах Багдаде и Каире;

5) крымские источники, были написаны большей частью в городах Судак, Солхат, Кафа и Тана;

6) письменные памятники городов Западной Украины были созданы в Галиции, Подолье, Львове, Каменце.

В) *Этногенетический фактор*. По этногенетическому признаку выделяются:

1) памятники, написанные на языке тюркских народов Караханидского государства представителями племен карлуков, шыгыл и ягма;

2) среднеазиатские источники, написанные выходцами огузских и кипчакских племен на тюркских языках. Хорезмийские источники; написанные на тюркском языке

в период XI-XIII вв. также можно отнести к данной группе;

3) золотоордынские источники, написанные большей частью на кыпчакском языке и тюркском языке в Каменец-Подольске, которая являлась армянской колонией;

4) источники, написанные на языке кочевых народов Средней Азии в XV-XVI вв., которые носят общее название - чагатайский язык [5, с. 16-17].

Предложенная автором классификация, несомненно, представляет интерес не только для специалистов-филологов, но и может быть привлечена широким кругом исследователей тюркологов, востоковедов, историков и правоведов. Таким образом, средневековые письменные памятники можно будет соотнести относительно данной классификации. В данном случае классификация ориентирует исследователей в многообразии персо-и тюркоязычных источников, проливающих свет на историко-культурное прошлое Казахстана и сопредельных стран и народов Центральной Азии в хронологических рамках V-XVIII веков.

Еще один аспект исследования профессора, ученого-тюрколога А. Курышжана поражает своей актуальностью. В конце 80-х г. XX века автор отмечает проблемы слабоизученности старотюркских источников и одной из причин называет выделение кыпчакведения как отдельной отрасли тюркологической науки. В своих исследованиях он предлагает при изучении большого комплекса источников, написанных в Восточном Туркестане, Персии и Египте, странах Центральной Азии соблюдение следующих методологических принципов:

- изучение и сравнительный анализ источников всех сопредельных регионов;
- научная классификация источников, выделение типов, видов и подвидов источников, а также их систематизация на новом методологическом уровне;
- определение места и значения тюркоязычных источников в большом комплексе нарративных источников;
- выявление в содержании текстов источников специфики социально-экономического развития кочевого общества.

Время показала актуальность и значимость научных гипотез, высказанных ученым-тюркологом А. Курышжанулы в многочисленных статьях и монографиях, посвященных изучению средневековых источников. С большей активностью следует разрабатывать проблемы изучения и источниковедческого исследования письменных памятников средневековья, имеющих непосредственное отношение к истории Казахстана. Становится актуальным изучение данных письменных источников с позиций нового исторического мышления. В таком случае ранее известные факты будут освещены в ином свете, повернутся к нам новыми гранями, выявятся такие аспекты, которые раньше не могли быть замечены, заново будут раскрыты новые явления и события. Выявление взаимодействия оседлого и кочевого компонентов, письменных и культурных традиций может значительно расширить наше представление об исторических событиях на территории средневекового Казахстана и сопредельных с ним стран Центральной Азии.

(Статья публикуется в рамках грантового проекта «Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан» на тему: «Выявление (эвристика) и классификация ханских ярлыков и жалованных грамот золотоордынских и послезолотоордынских государств». (ИРН гранта АРО8956286)

Список использованной литературы

1. Источниковедение отечественной истории. – Москва, 1979
2. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв. – Алматы, 2001
3. Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері жайында.
// Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1980

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция 4 желтоқсан, 2020

4. Құрышжанов А. Изучение старотюркских памятников в Казахстане. // Развитие казахского советского языкознания. – Алма-Ата, 1980
5. Құрышжанов Ә. «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (XI-XV ғғ.) курсының бағдарламасы. - Қарағанды, 1986

М.ТОМАНОВ ОТЫРЫСЫ

РУНА ЖАЗУЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ



BİRLEŞİK FİİLLERİN TASNİFİ ÜZERİNE

Dr. Öğr. Üyesi Ahmet BÜYÜKAKKAŞ*

Özet: Birleşik kelimelerden biri olan birleşik fiiller, bir isim ile bir yardımcı fiilin, iki ayrı fiil şeklinin yahut da isim soylu bir veya birden fazla kelime ile esas fiilin birleşmesinden oluşan ve tek bir kavrama karşılık olan fiil türleridir. Türkçenin ilk yazılı metinlerinden itibaren görülen birleşik fiil yapısı yeni kelime yapma yollarından biridir. Birleşik fiilde isim veya fiil unsuru önce, yardımcı fiil unsuru sonra gelir. Birleşik fiilde esas anlamı birinci unsur taşır. İsimlerle oluşturulan yapılarda yardımcı veya esas fiilin işlevi isimleri fiilleştirmek yani fiil durumuna getirmektir. Türkçede yabancı kökenli isimleri fiilleştirmede birleşik fiil kalıbından yaygın bir şekilde yararlanılmaktadır. Birleşik fiillerin oluşturulma şekilleri ne şekilde olursa olsun tek bir kavramı karşılarlar. Birleşik fiiller üzerine yapılmış tasnif çalışmalarından bir kısmının işlendiği bu çalışmada farklı görüşlere yer verilmeye çalışılmıştır.

Anahtar Kelimeler: *birleşik fiil, birleşik kelime, birleşik eylem*

Giriş

Günümüze kadar Türkçe üzerine yapılan gramer çalışmalarında birleşik fiillerin tanımı ve tasnifinde farklı görüş ve yaklaşımlar ele alınmıştır. Gramer terimleri sözlükleri, gramer, kelime grupları ve cümle bilgisi üzerine yazılmış kitaplar ve makalelerde konuyla ilgili tanım ve değerlendirmeler farklılık göstermektedir:

Türkçede yeni kelime yapma yollarından biri olan kelime birleştirme özelliği dilin zenginliğinin bir göstergesidir. Zeynep Korkmaz, birleşik kelimeyi, yeni bir kavramı veya yeni bir nesneyi karşılamak için iki veya daha çok kelimenin Türkçenin söz kalıplarına uygun belirli yollarla bir araya getirilmesi ile oluşturulan ve yeni bir anlam oluşturan söz birliği olarak tanımlar (Korkmaz, 2007: 137). Birleşik kelimelerden biri olan birleşik fiiller, bir isim ile bir yardımcı fiilin, iki ayrı fiil şeklinin yahut da isim soylu bir veya birden fazla kelime ile esas fiilin birleşmesinden oluşan ve tek bir kavrama karşılık olan fiil türleridir (Korkmaz, 2007: 150). Birleşik fiil yapısı, Türkçenin ilk yazılı metinlerinden itibaren görülmektedir.

Birleşik fiilde isim veya fiil unsuru önce, yardımcı fiil unsuru sonra gelir. Birleşik fiilde esas anlamı birinci unsur taşır. İsimlerle oluşturulan yapılarda yardımcı veya esas fiilin işlevi isimleri fiilleştirmek yani fiil durumuna getirmektir. Türkçede yabancı kökenli isimleri fiilleştirmede birleşik fiil kalıbından yaygın bir şekilde yararlanılmaktadır. Birleşik fiillerin oluşturulma şekilleri ne şekilde olursa olsun tek bir kavramı karşılarlar.

Birleşik fiiller, birleşik fiil konusuna yer veren kaynaklarda iki, üç veya daha fazla başlık altında işlenmiştir. Kaynaklarda iki başlık altında verilen birleşik fiiller genellikle “bir yanı isim bir yanı yardımcı fiil olan birleşik fiiller, bir yanı zarf-fiil bir yanı yardımcı fiil olan birleşik fiiller” şeklinde sınıflandırılmıştır. Kaynaklarda üç başlık altında verilen birleşik fiiller genellikle “ yardımcı fiillerle kurulmuş birleşik fiiller, zarf-fiil eki ile iki fiilin birleşmesiyle kurulmuş birleşik fiiller, anlamca kaynaşmış-deyimleşmiş birleşik fiiller” şeklinde sınıflandırılmıştır

Zeynep Korkmaz, “*Gramer Terimleri Sözlüğü*”nde birleşik fiil terimini “isim soylu bir kelimeyle, *etmek, eylemek, olmak* yardımcı fiillerinin birleşmesinden veya iki ayrı fiil şeklinin anlamca kaynaşmasından oluşmuş fiil türü” diye tanımlayarak şu örnekleri verir: *kabul etmek, yardım etmek, yarış etmek, hissetmek, emretmek, şükretmek, sağ olmak, yok olmak, alacak olmak, gitmiş olmak; açivermek, tutuverme, anlatabilmek, yapabilmek, olagelmek, süregelmek; bakakalmak, şaşakalmak, bekleyi görmek, gazedurmak, didinip durmak* (Korkmaz, 1992: 27).

Ahmet Topaloğlu, “*Karşılaştırmalı Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü*”nde birleşik fiil terimini “bir yardımcı fiilin bir isme veya zarf-fiil eki almış bir fiil şekline eklenmesiyle oluşan öbek” diye tanımlar ve şu örnekleri verir: *adam etmek, reddetmek, emreylemek, hesap eylemek, yok olmak, namaz kılmak, gele-bilmek, yapı-vermek, düşe-yazmak, süre-gelmek, gide-durmak, baka-kalmak* (Topaloğlu, 2019: 36-37).

Korkmaz isim soylu kelimelerle *etmek, eylemek* ve *olmak* yardımcı fiillerinin kullanıldığını belirtirken Topaloğlu *etmek, eylemek, olmak, kılmak* yardımcı fiillerle kullanılan örnekleri verir. Her iki tanımın sonunda iki ayrı fiil şeklinin anlamca kaynaşmasıyla oluşan birleşik fiil yapısı için “tasvir fiili”ne gönderme vardır. Bu gramer terimleri sözlüklerinde “Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiiller” konusuna değinilmemiştir.

Muharrem Ergin, “*Türk Dil Bilgisi*”nde birleşik fiili “bir yardımcı fiille bir ismin veya bir fiil şeklinin meydana getirdiği kelime grubudur. İsim veya fiil unsuru önce, yardımcı fiil sonra getirilir. Yardımcı fiilin başına getirilen unsurun isim veya fiil olmasına göre birleşik fiiller ikiye ayrılır. Bu iki çeşit birleşik fiilin yardımcı fiilleri de ayrı ayrıdır.” diye tanımladıktan sonra “*isimle birleşik fiil yapan yardımcı fiiller*”, “*fiille birleşik fiil yapan yardımcı fiiller*” ve “*İktidârî fiili*” başlıkları altında inceler (bk. Ergin, 1985: 386-388).

Ergin “*isimle birleşik fiil yapan yardımcı fiiller*” için *et-, ol, eyle-, bulun-, yap-* yardımcı fiillerini vermiş, isim unsurunun bir isim veya bir sıfat-fiil olduğunu, asıl anlamı isim unsurunun taşıdığını, yardımcı fiilin bir fiilleştirme ve çekim unsuru olarak görev yaptığını belirtmiştir. “*fiille birleşik fiil yapan yardımcı fiiller*” başlığı altında da fiillerin başına *ünlü ve nadir* olarak da *-ip, -ip* zarf-fiillerinin getirilerek *bil-, ver-, gel-, gör-, dur-, kal-, yaz-, koy- (ko-)* yardımcı fiilleriyle birleşik fiil yapıldığını, esas anlamın zarf-fiilli yapıda olduğunu belirtmiştir. “*İktidârî fiili*” başlığıyla Eski Türkçedeki *u-* yardımcı fiilinın Batı Türkçesinde yerini olumlu yeterlilik bildirmede *bil-* yardımcı fiiline bıraktığını, yeterlilik fiilinın olumsuzunun *-ama/-eme-* şeklinde kullanıldığını belirtmiştir. Ergin, bugün “Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiiller” olarak ayrı bir başlıkta değerlendirilen birleşik fiillerden bahsetmemiştir.

Zeynep Korkmaz, birleşik fiilleri “bir isim ile bir yardımcı fiilin, iki ayrı fiil şeklinin yahut da isim soylu bir veya birden fazla kelime ile esas fiilin birleşmesinden oluşan ve tek bir kavrama karşılık olan fiil türleridir” diye tanımlar (Korkmaz, 2007: 150). Korkmaz, birleşik fiili “bir ad veya ad soylu Türkçe veya yabancı kökenli bir kelime ile *etmek, edilmek, olmak, olunmak, eylemek, kılmak, kılınmak, yapmak*, yardımcı fiillerinin birleşmesinden ya da belirli kurallar içinde bir araya gelmiş iki ayrı fiilin anlamca kaynaşmasından oluşmuş birleşik yapıdaki fiil türleri” olduğunu belirterek *affet-, alt et-, hisset-, kabul et-, katet-, yardım et-; ilan edil-, kabul edil-, tercih edil-; iyi ol-, kaybol-, mecbur ol-, yok ol-, gitmiş ol-, bilmiş ol-, gelir ol-, gidecek ol-; affolun-; emreyle-, kabul eyle-; namaz kıl-; namaz kılın-; anlayabil-, yapabil-; açiver-, biçiver-; bakakal-, donakal-; çıkagel-, süregel-; bekleyigör-; bekleyedur-; düşeyaz-; didinip dur-; kırıp geçir-* örneklerini verir (Korkmaz, 2007: 530). Ayrıca birleşik fiillerin bir başka türü daha olduğunu, bu türe girenlerin, bir veya birden fazla ad ile fiilin birleşmesinden oluştuklarını ve yapı bakımından *ad+yardımcı fiil* kalıbında oldukları hâlde, işlev ve anlam bakımından yalnız kaynaşmakla kalmamış aynı zamanda bir kalıplaşmadan geçerek deyimleşmiş olduklarını ve bunların anlam kayma ve kalıplaşmasına

уғрамış ve deyimleşmiş birleşik fiiller olarak adlandırıldığını belirtmiştir (Korkmaz, 2007: 530).

Korkmaz, birleşik fiilleri şöyle tasnif etmiştir:

I. *Esas anlamını korumuş veya esas anlamını korumakla birlikte birtakım işlev incelikleri kazanmış olan birleşik fiiller.*

II. *Esas anlamını kaybederek deyimleşmiş olan birleşik fiiller.*

Korkmaz, “I. Esas anlamını korumuş veya esas anlamını korumakla birlikte işlev incelikleri kazanmış olan fiiller”i kendi içinde üçe ayırır:

1. *Bir yanı ad bir yanı yardımcı fiil olan birleşik fiiller:* Bir ad veya bir sıfat ile *et-*, *eyle-*, *yap-*, *kıl-*, *ol-*, ve *bulun-* yardımcı fiillerinin birleşmesinden oluşmuştur (Korkmaz, 2007: 792).

2. *Bir yanı sıfat-fiil bir yanı yardımcı fiil olan birleşik fiiller (Karmaşık fiiller):* Fiil kök ve gövdelerinden kurulan farklı zaman kalıbı içindeki sıfat-fiillerin *ol-* yardımcı fiili ile birleşmesinden oluşmuştur. Karmaşık fiiller, *ol-* yardımcı fiilinden önce gelen sıfat-fiillerin bağlı buldukları zaman kesimine ve yüklendikleri işlev ayrılıklarına göre üçe ayrılır:

A. *Öncelik fiilleri (-miş ol-)*

B. *Alışkanlık fiilleri (-Ir ol-, -mAz ol-)*

C. *Niyet fiilleri (-AcAk ol-, -IcI ol-, -AsI ol-, -(I)-msAr ol-).*

Korkmaz, bu tasnife ve örneklere yer verdikten sonra, “yukarıda üç türünü ele aldığımız *ol-* yardımcı fiili ile kurulan birleşik fiil kök ve gövdeleri, fiil çekimine girmeden, tıpkı basit fiiller gibi ad-fiil, sıfat-fiil ve zarf-fiil ekleri ile genişletilerek birer ad, sıfat ve zarf gibi de kullanılırlar. Mastar ve sıfat-fiil biçimiyle iyelik ve ad çekim ekleri de alırlar” diye açıklar (Korkmaz, 2007: 801-810).

3. *Bir yanı zarf-fiil bir yanı fiil olan birleşik fiiller:* Tasvir fiilleri: İki ayrı fiilin kaynaşmasından oluşmuş birleşiklerdir. Bu birleşikler içindeki birinci fiil, bir -A, -I veya -(y)-Ip zarf-fiil yapısındadır ve asıl anlam bu fiildedir. İkinci fiil ise, aslında bir esas fiil olduğu hâlde, anlam kayması yoluyla, yavaş yavaş hem sözlük anlamından farklı yeni bir anlam kazanmış hem de esas fiil olmaktan çıkıp, esas fiile bazı anlam incelikleri katan bir yardımcı fiil durumuna gelmiştir. Anlamca birbirine sıkı sıkıya bağlı bulunan ve tek bir oluş ve kılışı gösteren bu birleşiklerde, yardımcı fiilin görevi, esas fiildeki oluş ve kılışın biçimini, tarzını tasvir etmektir. Bu türlü birleşiklere tasvir fiilleri denmesinin sebebi de budur:

Tasvir fiilleri kendi içinde beş alt gruba ayrılır. Bunlar:

A. *Yeterlik fiilleri,*

B. *Tezlik fiilleri,*

C. *Süreklilik fiilleri,*

Ç. *Yaklaşma fiilleri,*

D. *Uzaklaşma fiilleri*’dir. Ayrıca belirleyici nitelikteki ve ikili yapıdaki birleşik fiilleri de bir dereceye kadar bu gruba sokmak mümkündür (Korkmaz, 2007: 811-812).

Korkmaz, ikinci gruba giren birleşik fiilleri “II. *Esas Anlamını Kaybederek Deyimleşmiş Olan Birleşik Fiiller*”i: “Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiiller, şekilce, bir ad ve bir yardımcı fiille kurulan birleşik fiillere benzerler. Ancak, onlardan ayrılan yanları, fiilden önceki ad ögesinin sabit kalmaması, yalnız olarak kullanılabildiği gibi bir ad grubu hâlinde de bulunabilmesi ve işletme ekleriyle genişletilebilmesidir. Bu özelliği dolayısıyla, fiilden önce gelen ad ögesi, fiile bir özne, bir nesne, bir yer tamlayıcısı veya zarf görevi ile bağlanabilmektedir. Ayrıca fiilden önceki ad ögesi birden fazla da olabilmektedir. İşte böyle bir birleşme şeklinin verdiği esneklik, birleşigi benzetmeler, mecazlı kullanışlar veya somutlaştırma yolu ile anlam kaymasına elverişli duruma getirmiştir” şeklinde açıklar (Korkmaz, 2003: 838). Anlam kayması yoluyla oluşmuş bulunan birleşik fiilleri, fiilden önce gelen ad ögelerinin sayısına göre

I. Tek Ögeli Kalıplaşmış Birleşik Fiiller

II. İki Ögeli Kalıplaşmış Birleşik Fiiller

III. Üç Ögeli Kalıplaşmış Birleşik Fiiller olarak üç gruba ayırır.

Zeynep Korkmaz tasnifi *anlam* esası üzerine kurulmuştur. Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiiller konusu işlenmiştir.

Haydar Ediskun, “*Bileşik Fiiller*” başlığı altında “İki ya da daha çok kelimenin birleşip kaynaşmasından oluşan yeni anlamdaki fiillerdir” diyerek birleşik fiilleri dörde ayırır (Ediskun, 1999: 228).

Birinci Öbek:

a) *Yeterlik fiilleri*, b) *Tezlik fiilleri* c) *Sürerlik fiilleri*, ç) *Yaklaşma fiilleri*, d) *Beklenmezlik fiilleri*, e) *Gerekseme fiilleri*, f) *Yapmacık fiilleri*.

İkinci Öbek: Bir ortaç ile ol- yardımcı fiilinden oluşmuş birleşik fiiller:

a) *Başlama fiilleri*, b) *Bitirme fiilleri*, c) *Davranma fiilleri*.

Üçüncü Öbek: İsim kök ya da gövdesinden bir kelime ile *et-*, *eyle-*, *kıl-*, *buyur-*, *ol-* yardımcı fiillerinden biriyle oluşan bileşik fiiller.

Dördüncü Öbek: *Anlamca kaynaşmış bileşik fiiller*”.

Ediskun, Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiiller konusunu işlemiştir.

Tahsin Banguoğlu, *Türkçenin Grameri*'nde “*Birleşik Fiil Tabanları*” kısmında birleşik fiil tabanlarının sözdizimindeki belirtme öbeklerinden geldiğini belirterek 1. *Zarf öbeği*, 2. *Çekim öbeği*, 3. *Bağlam öbeği* kalıplarında ele alır. Anlam kaymasına ve kalıplaşmaya uğramış birleşik fiillere *Çekim öbeği* kısmında değinmiştir (Banguoğlu, 1986: 310-318).

Banguoğlu, “*Karmaşık Fiiller*” adı altında, *ol-* yardımcı fiilinin sıfat-fiiller ile kurduğu yapıları anlatır ve bunlara “*Öncelik Fiilleri*”, “*Başlama Fiilleri*” ve “*Niyet Fiilleri*” adlarını verir (Banguoğlu, 1986: 482-488).

Banguoğlu, “*Tasvir Fiilleri*” başlığıyla, “*yeterlik, ivedilik, süreklilik, yaklaşık ve yarı tasvir fiilleri*”nden bahseder. *Yarı tasvir fiilleri* olarak adlandırılan fiillere, “*çıkagelmek, alakoymak, yapıp durmak, sürüp gitmek*” örneklerini verir. (Banguoğlu, 1986: 488-494).

Leyla Karahan, “*Türkçede Söz Dizimi -Cümle Tahlilleri-*” adlı kitabının 3. baskısında “*birleşik fiil*”i: “bir hareketi karşılamak üzere bir arada bulunan kelimeler topluluğu” olarak tanımlar ve birleşik fiilleri üç kısımda ele alır (Karahan, 1995: 36):

1. *Bir isim unsuru ile bir yardımcı fiilden kurulan birleşik fiiller:* Bu birleşik fiillerde isim unsuru başta, yardımcı fiil sonda bulunur. Yardımcı fiil, anlamı üzerinde bulunduran isim unsurunu fiilleştirir. Bu tip birleşik fiillerin kuruluşuna, “*et-*, *eyle-*, *kıl-*, *yap-*, *bulun-*, *başla-*”fiilleri yardımcı fiil olarak katılır. Bu birleşik fiillerin isim unsuru, bir sıfat fiil olabilir. Sıfat-fiil, *ol-* ve *bulun-* yardımcı fiilleriyle birleşir. “*Ocaklar yakılmaz oldu*”.

2. *Bir fiil unsuru ile bir yardımcı fiilden kurulan birleşik fiiller:* Bu birleşik fiillerde, ana fiil unsuru başta bulunur. Anlamı üzerinde bulunduran bu unsur, *-a/-e*, *-i/-i*, *-u/-ü*, *-ip/-ip*, *-up/-üp* zarf fiil eklerinden birini taşır. *bil-*, *ver-*, *dur-*, *gel-*, *git-*, *kal-*, *koy-*, *gör-*, *yaz-* yardımcı fiilleri asıl fiile yeterlik, ihtimal, tezlik, devamlılık, yaklaşma vb. anlamlar kazandırır. Bazı birleşik fiillerin birinci unsuru, kip eki taşır. Bu kip eki zarf-fiil ekinin yerini tutar.

3. *Anlamca Kaynaşmış Birleşik Fiiller:* Bu birleşik fiiller, bir isim ve bir fiil unsurundan meydana gelir. İsim başta fiil sonda bulunur. Unsurların biri veya hepsi, kendi sözlük anlamları dışında kullanılır. Bunların bir kısmı deyimleşmiştir. “*para ye-*, *boş ver-*, *baş kaldır-*, *yol ver-*, *şehit düş-*, *kan kustur-*, *türkü tuttur-*, *el koy-*, *diş bile-*, *yatağa düş-*” (Karahan, 1995: 36-39).

Karahan, “*Türkçede Söz Dizimi*” adlı kitabının 13. baskısında ise: “Bir hareketi karşılamak veya bir hareketi tasvir etmek üzere yan yana gelen kelimeler topluluğudur. Bu

işlevlerinden dolayı birleşik fiiller, “*bir hareketi karşılayan birleşik fiiller*” ve “*bir hareketi tasvir eden birleşik fiiller*” olmak üzere iki grupta incelenebilir” diye açıklar (Karahan, 2008: 73).

Karahan, *bir hareketi karşılayan birleşik fiilleri*:

1. *Ana yardımcı fiillerle kurulan birleşik fiiller* (*et-, ol-, yap-, eyle-, kıl-, bulun-*)

2. *Diğer fiillerle kurulan birleşik fiiller* adıyla ikiye ayırır (Karahan, 2008: 73-75).

Karahan, daha önce “*Bir isim unsuru ile bir yardımcı fiilden kurulan birleşik fiiller*” adıyla verdiği birleşik fiilleri bu defa “*Ana yardımcı fiillerle kurulan birleşik fiiller*” adıyla verir.

“*Diğer fiillerle kurulan birleşik fiiller*” başlığı altında şu açıklama yer alır: “Bazı birleşik fiillerde, “*ol-, et-, kıl-, yap-, bulun-, başla-*” yardımcı fiilleri yerine asıl fiiller kullanılır.

“*yol al-, para ye-, boş ver-, baş kaldır-, yol ver-, şehit düş-, kan kustur-, türkü tuttur-, el koy-, diş bile-, yatağa düş-*” örneklerinde olduğu gibi bu yapıda yer alan kelimelerden biri veya hepsi, ya sözlük anlamlarını kaybetmiş, ya da deyimleşmiştir.” (Karahan, 2008: 75).

Karahan, bu fiiller için önceden “*Anlamca Kaynaşmış Birleşik Fiiller*” adını kullanmıştır.

Karahan, daha önce “*Bir fiil unsuru ile bir yardımcı fiilden kurulan birleşik fiiller*” adını kullandığı birleşik fiilleri, kitabının 13. baskısında “*Bir hareketi tasvir eden birleşik fiiller*” adıyla verir (Karahan, 2008: 77).

Halil Açıkgöz ve Muhammet Yelten’in hazırlamış olduğu *Kelime Grupları* kitabında birleşik fiiller iki grupta incelenir: 1. *İsimler üzerine yardımcı fiil eklenerek yapılan birleşik fiiller*, 2. *Fiiller üzerine zarf-fiil eki ve yardımcı fiil eklenerek yapılan birleşik fiiller* (Açıkgöz, vd. 2005: 17-29). Bu iki gurup birleşik fiillerin işlenişinde farklı görüşlerinin olması yanında yarı yardımcı fiil gibi bir tabirin kullanılmasının doğru olmadığı, yardımcı fiil sayılabilecek bir kelimenin esas anlamını yitirmiş olması gerektiği vurgulanmış ve *yyip iç-, asıp kes-, yazıp çiz-* gibi örneklerin gramer dışı çeşitli kalıcılaştırma kullanışlarının rol oynadığı deyimleşmeler semantik alanına ait olduğu belirtilmiştir.

Günay Karaağaç “*Türkçenin Söz Dizimi*” kitabında birleşik fiilleri *a. İsimlerle yapılan birleşik fiiller*, *b. Fiillerle yapılan birleşik fiiller* olarak iki başlık halinde inceler (bk. Karaağaç, 2009: 156-160). *a. İsimlerle yapılan birleşik fiiller*’i: bir isim ögesi ve bir yardımcı fiilden oluştuğunu, yardımcı fiilin isimden fiil yapma ekleri gibi çalıştığını, bu yüzden ismi fiilleştirme dışında belirgin bir işlevinin olmadığını belirtir. *b. Fiillerle yapılan birleşik fiiller*’i: bir fiilden sonra *bil-, ver-, gel-, gör-, dur-, kal-, yaz-, koy-* yardımcı fiillerinin getirilerek oluşturulan söz öbeği olarak tanımlar. Karaağaç “*Türkçenin zengin yineleme yolları içinde yer alan bazı yapıları birleşik fiil saymak mümkün değildir. Bir sözün yardımcı fiil sayılabilmesi için esas anlamını yitirmiş olduğu daima göz önünde tutulmalıdır. Bir fiilin yardımcı fiil olarak kullanımı, yani söz dizimlik kullanımı, onun sözlük kullanımından tamamen farklıdır. Yineleme öbeklerinden ve diğer söz öbekleri ve cümlelerden kalıplaşmış sözlük birimi haline gelmiş şu tür yapıları fiil öbeği saymak mümkün değildir*” diyerek *allayıp pulla-, asıp kes-, yazıp çiz-* örneklerini verir.

Sonuç olarak, bazı çalışmalardan verdiğimiz birleşik fiiller, Türkçenin tartışmalı meseleleri arasında en başta gelen konulardandır. Bu konuda bir hüküm vermek, sonuca varmak için yapı, görev ve anlam bakımından birleşik fiilleri değerlendirmek gerekmektedir.

Kaynakça:

Açıkgöz, Halil-Yelten, Muhammet (2005), *Kelime Grupları*, Doğu Kütüphanesi, İstanbul
Aktan, Bilal (2016), *Türkiye Türkçesinin Söz Dizimi*, Eğitim Kitabevi, Konya
Banguoğlu, Tahsin (1986), *Türkçenin Grameri*, TDK Yayınları, Ankara
Bilgegil, M. Kaya (1982), *Türkçe Dilbilgisi*, Dergâh Yayınları, İstanbul
Böler, Tuncay (2019), *Türkiye Türkçesi Söz Dizimi*, Kesit Yayınları, İstanbul

- Cemiloğlu, İsmet (2000), *14. Yüzyula Ait Bir Kısas-ı Enbiya Nüshası Üzerinde Sentaks İncelemesi*, TDK Yayınları, Ankara
- Deny, Jean (1941), *Türk Dili Grameri (Osmanlı Lehçesi)*, (Tercüme eden: Ali Ulvi Elöve), Maarif Matbaası, İstanbul
- Ediskun, Haydar (1999), *Türk Dilbilgisi*, Remzi Kitabevi, İstanbul
- Eker, Süer (2010), *Çağdaş Türk Dili*, Grafiker Yayınları, Ankara
- Ergin, Muharrem (1985), *Türk Dil Bilgisi*, Boğaziçi Yayınları, İstanbul
- Gabain, A. von (1953), “Türkçede Fiil Birleşmeleri”, *TDAY-Belleten* 1953, Ankara, s. 16-28
- Hacıeminoğlu, Necmettin (1991), *Türk Dilinde Yapı Bakımından Fiiller*, Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara,
- Karaağaç, Günay (2009), *Türkçenin Söz Dizimi*, Kesit Yayınları, İstanbul
- _____ (2012), *Türkçenin Dil Bilgisi*, Akçağ Yayınları, Ankara,
- Karahan, Leyla (1995), *Türkçede Söz Dizimi-Cümle Tahlilleri-*, Akçağ Yayınları, Ankara
- _____ (2008), *Türkçede Söz Dizimi*, Akçağ Yayınları, Ankara
- Korkmaz, Zeynep (1992), *Grammer Terimleri Sözlüğü*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.
- _____ (2007), *Türkiye Türkçesi Grameri (Şekil Bilgisi)*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.
- Özkan, A., Toker, M., Aşçı, U. D. (2016), *Türkiye Türkçesi Söz Dizimi*, Palet Yayınları, 2. Baskı, Konya
- Özkan, Mustafa - Sevinçli, Veysi (2011), *Türkiye Türkçesi Söz Dizimi*, Akademik Kitaplar, İstanbul
- Topaloğlu, Ahmet (2019), *Karşılaştırmalı Dil Bilgisi Terimleri Sözlüğü*, Dergâh Yayınları, İstanbul.

ҚАРАХАНИДТЕР ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Б.А.Алтаев

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Аннотация: В статье рассматривается история происхождения Караханидов с использованием раннесредневековых китайских и тюркских письменных источников. С помощью легенд сохранившейся в казахском фольклоре рассказывается о вожде племени Жалайыр. Считается, что жалаиры участвовали в этногенезе Караханидов. Известно, что в историческом контексте значение имени жалаир связано с гривой коня. Предполагается, что племя яглакар участвовало в истории Караханидов.

Abstract: The article examines the history of the origin of the Karakhanids using the early medieval Chinese Turkic surviving in the Zhalayyr tribe. It is believed that the Jalair participated in the ethnogenesis of the Karakhanids. It is known that in the historical context the meaning of the name Zhalair. With the help of legends in Kazakh folklore, the leader of written sources is told. associated with the horse's mane. It is assumed that the Yaglakar tribe participated in the history of the Karakhanids.

Тірек сөздер: шора, сегіз оғыз, тоғыз оғыз, яғлакар, мойын, яғма.

Түркі тарихының ең елеулі кезеңдерінің бірі «Қараханидтер дәуірі» деп аталады. Бұл дәуір ІХ-ХІІ ғасырлардың арасын қамтиды. Дәлрек айтсақ 840-2012 жылдар аралығында билік құрған әулеттің аты. «Қараханидтер әулеті» деген атауды ХІХ ғасырда шығыстанушы В.Григорьев енгізді. «Қараханид әулеті» деген ат «қара» яғни «ұлы хан» атақ-лауазымын білдірген. Бұл хандықтың алғашқы билеушісінің лақап аты Қарахан. Осыған қарап, шығыстанушылар қараханидтер деп атап кетті. Бұлардың

арғы тегі белгісіз болса да, алғашқы әкімі – сатұқ Богра хан Қарахан. [1.стр.388] Қараханидтердің тегі кім деген сұрақ екі ғасырдан бері ғылыми ортада айтыс болып келеді. Қараханидтер династиясын құрушылар қарлұқтар ма, ұйғырлар ма, әлде қожалар ма деген сұрақ төңірегінде ғылыми зерттеулер өз жалғасын табуда. Біз осы мақаламызда қараханидтердің тегі кім деген сұраққа жауап іздедік.

Б.д.д. 208 ж. Хунну шаньюйі Модэ шығыстағы көршілері дунхуға кенеттен шабуыл жасап, күйрете жеңді. Күйрей жеңілген дунху – татарлардың хундардан қашып құтылып кеткен бір бөлігі Шығыс Монғолиядағы Сяньби тауларына жасырынып Сяньби аталған. Б.д. 93 жылы күшейіп, III ғасырдың ортасына таман күйрей бастаған Сяньби хандығының орнына, Муюн және Тоба аталған екі күшті тармағы пайда болды. Алғашқыда Муюн тайпасы Монғолияның оңтүстік-шығысын мекендейді. Кейіннен сяньби бегі Мохоба өз жұртымен алғашқы болып Ляо – сиге, яғни Ордостың шығысындағы жерлерге қоныс аударып келген. [2.стр. 162]

Ауып келген мойын тайпасының Мохобо ұрпағы Мойын Хуан 337ж. өзін Янь-Ван деген атақпен патша жариялап, Ерте Янь патшалығын орнатады. Мойын Хуанның ұлы Муюн Цзюнь 352 ж. Кіші Чжао мемлекетінің соңғы патшасы Жань Миньді өлтірген соң император аталып кейінгі Янь патшалығын орнатқан. Ал, 397 жылы Солтүстік Қытайдағы Вэй империясының императоры Тоба Гуй, кейінгі Янь мемлекетінің соңғы патшасы Мойын Бао-ны жеңіп бұл патшалықты жояды. Жеңілген мойындардың бір бөлігі, Ордосты мекендейтін чиди немесе телелерге қосылып 398 жылы Гобидің солтүстігіне қоныс аударған. Бұған дәлел – қытай жылнамасы Вэйшу – да кездесетін гаоюйлік динлиндердің он екі тайпасының бірі мойын еді. Солтүстік Қытайда дили, чиди аталған тайпалар Гобидің солтүстігіне өткеннен кейін, гаогюйлік динлин болып аталған.[2.стр.218-220]

Осы гаогюйлік динлиндерге жататын он екі тайпаның бірі мойын, телелерге шеттен келіп қосылған кірме еді. 397 жылы Ляо-сиде Тобалардан жеңілген мойындардың негізгі қара халқы жеңімпаздарға бағынып Солтүстік Қытайда қалып қояды. Ал, бағынғысы келмеген мойындардың билеуші ақсүйек қауымы 398 жылы Гобидің солтүстігіне қоныс аударған чиди – телелерге қосылып кеткен. Қытай жылнамасы Вэйшу – да кездесетін мойындықтар өздерін мойын чур деп атаған. Бұлардың өздерін бұлай атауының себебі, олар – тұтас мойын халқы емес, тек сол халықтың билеуші ақсүйек қауымы еді. Бұл пікірге дәлел – мойын этнониміне тіркесіп жүретін чур атауы. Чур – қытай жылнамаларында чжо күйінде берілген, мағынасы – бек, бекзада. Бұл пікірге дәлел Екінші Түркі қағанатының Қапаған қағанының қытайлық атауы мочжо – мо өлкесінің бегі деген түсінік. «Китайские династийный хроники так и называют этого кагана- Мочжо, т.е. Бег-чор».

Қытай жылнамасы “Синьтаншу” – дағы мочжо – түркіше мочур болып айтылатыны бар. Лауазым Мочур атауының бірінші компоненті мо – VII ғасырда түркілер мекендеген қытайлық мо –бэй, мо –нань өлкелерінің жиынтық атауы ал, екінші компоненті чур – қазақ тіліндегі шора. Ал, Шора атауының мағынасы – шонжар, ақсүйек. Сондай-ақ шора-бек, би атауларының эквивалентті баламасы. Сонда мочур –мо өлкесінің шорасы бегі, бекзадасы дейтін мағынаны білдіретін лауазым атау болып шығады. Мысалы: “jar,ma пёги – беги- кажется родъ титула... очень хорошо говорит этот Ягма – беги, его знание и ум простирается на все дела”. [3.стр.55]. Демек, осы тексттегі “Jar,ma пёги”, яғма тайпасының бегі деген мағынаны білдірген. Өйткені текстте ягма атауынан кейін сызықша қойылғандықтан, бұл атаудың мағынасы, бек яғни ягма бегі атақ – дәреже. Бір қызығы ескі қытай жазбаларында бес тайпалы дулаттан құралған сол қанат тайпаларының билеушілері «шор» деп аталады. Мысалы: түркеш-алаш-чор ұлысы; чимойын-луй-чор ұлысы; ысты-тон-чор ұлысы; жаныс-шопан-чор ұлысы; қойлау-күлүг-чор ұлысы. Шохан Уалиханов өз еңбегінбе былай

жазады «Для власти рожденный Бук-Мурун, мой тюре!»... Густочупринный Яш Айдар, мой Чора!» (4.стр 240) Сондай-ақ жаныс тайпасының мойын тармағынан шығатын бөгежіл руы кездеседі.

Сондай-ақ қазақта айтылатын аңыз-әңгіменің бірінде Шор атауы кездеседі: «Баяғыда бір қыран үнемі бұлтқа қонып, айға қонақтайды екен. Көк қаршыға аспанда жолығып, түз қыранына: «Сіз қалай шаршайсыз?», -деп сұрапты.

-«Мен неге шаршаймын. Талпына-талпына тау шыңына жеттім. Талаптана-талаптана ай бетінен де мекен таптым. Бұрын ұша берсем қанатым талады, жерге түссем Жалайыр Шор алады»-деп қорқушы едім депті. Міне, сол Жалайыр Шор деген Адам аспандағы құстың тілін біледі екен. Кейінгі құсбегі аңшылардың арғы атасы сол Жалайыр Шор екен деген бір әңгіме осы». [5.87 бет]

Мойын чур атау тіркесі уақыт өте иаглақарға трансформацияланған. Мойын чур атауының иаглақар болып өзгеруінің себебі, муон чурлар – қара жалды, яғни қарашашты болған. Жылқы төтемді адамдар шаштарын жылқының желкесіндегі жалына, маңдайындағы кекіліне, құйрық жалына ұқсатып өсіретін болған. Осыдан барып дунху татарлардың ұрпақтары Мойын мен Тоба тайпаларында шаштарын кекіл, айдар, бұрым етіп өсіру әдет-ғұрпы қалыптасқан. Кейіннен кекіл, айдар қоюды ортағасыр қыпшақтары мен орыс казактары және қазақ халқы жалғастырды. Ал, шаштарын желкесінің екі қапталына бұрым етіп өріп қоюды ортағасыр монғолдары сақтаған. Шаштарын кекіл, айдар, бұрым етіп өсіру салт-дәстүрінің нәтижесінде жылқыға байланысты пайда болған жал сөзін, түркілер көне дәуірде шаш атауының баламасы ретінде қолданған. Бұл пікірді – түркі тілдерінде кездесетін жал, ұзын шаш мағынасын білдіретін жасә = жал атауы дәлелдейді. [3.стр.347]

Демек, мойын чур немесе яглақар тайпасы қарашашты болған. VIII-IX ғасырлардағы хойху- ұйғыр қағанатын Иолог, Худугэ, Кюйлоу, Мокэсыгие, Аучжай, Гэса, Хувьньсо, Иовугэ, Хасиеву дейтін тоғыз тайпа құраған.[2. Стр. 315] Осы тоғыз тайпа Тонькөк, Күлтегін, Моюн чур ескерткіштеріндегі тоғыз оғуздар. Бұған дәлел – Моюн чур ескерткішіндегі мынадай жолдар:“...тоғыз оғуз уза іуз ыыл олуруп – тоғыз оғыз жүз жыл отырды” [6. Стр. 34] Хойху – ұйғыр қағанатының негізін құраған аталмыш тоғыз тайпа 743-840 жылдар аралығында жүз жылдай Селенга, Орхон, Тола өзендерінің бойын мекендеген. Бұдан шығар қорытынды: ұйғыр хандығының ядрасы болған тоғыз тайпа – тоғыз оғыздар.

Қытай тілінде “оғуз - қызылсақалдылар” деген мағынаны білдіретінін кезінде шығыс тарихын жақсы білген Қ. Халидов атап көрсеткен болатын. Демек, Ұйғыр қағанатында жирен шашты, қызыл сақалды теле бірлестігіне кіретін аталмыш тоғыз тайпаның иологэ – яглақардан басқалары жирен шашты, қызыл сақалды адамдар еді. Ендеше мойын чурлар, телелердің құрамына шеттен келіп қосылған кірме, басқаша айтқанда бұлар – екі нәсілдің өкілдері. Бұл кірмелер өздерінің жаугерлігі арқасында телелердің сегіз тайпасын бағындырып билеуші, жетекші мәртебесіне ие болған. Екінші Түркі қағанатының басында тұрған Ашина мен Ашидэ, бағынышты қара халық – будун болған тоғыз оғыздарды муон чурлар арқылы басқарған. Тоғыз оғыз бірлестігінің сегіз тайпасы муон чурларға бағынған, осы себепті түркілер әуелгіде муон чурларды бағындырып, кейін солар арқылы бүкіл бірлестікті басқарған.

Тоғыз оғыз бірлестігінің муон чур – яглақардан басқа сегіз оғуз аталған сегіз тайпасының болғандығына мынадай дәлел келтіреміз: “Буркуда іатдім. Төртүнч ай токуз іаңыка сүнүсдім, санчдым.”ылкысын барымын кызың кудузын кәІүртім. Бісінч ат уду кәІті, сәкіз оғуз токуз татар кәІматы кәІті. СәІәнә кідін јылун кол бірдін сыңар Шып башыңа тәгі чәріч ітдім.

Төртінші айдың тоғыз күні Бурку деген жерде мен оларды қуып жетіп соғыстым, жеңдім. Олардың жылқысын, малын, қыз- келіншегін өзіммен бірге ала

келдім. Бесінші айда олар менің соңымнан келді. Сегіз оғыз тоғыз татар бірі қалмай келді. Селенгі өзенінің солтүстік – батысы, Иулук гол-дың оңтүстігі мен сып Башы-ға дейін мен әскерімді орналастырдым.

(17) Таї білге тутук јаблакын үчүн, бір әкі атлық јаблакын үчүн қара будуным өІтің јәтдің, јана ічік, өІмәчі сән, - тідім.

Тай білге тұтықтың жетесіздігі үшін, бір – екі атқамінердің жетесіздігі үшін қара халқын өлетін болдың, қайтадан мемлекетке қосыл, өлмеші, қиналмашы сен, - дедім”. [6.стр.35] Мойын чур ескерткішінен келтірілген осы үзіндідегі секіз оғуз – тоғыз оғыз бірлестігінің сегіз тайпасы ал, тоқуз татар – тоғыз оғыздардың Орталық Монғолияны VIII – IX ғасырларда бірлесіп мекендеген саяси одақтасы. Осы одақтастар 747 жылы өздерінің басшы тайпасы иаглақарға қарсы көтеріліске шыққан, яғни Ұйғыр қағанатының ішінде азамат соғысы болған. Демек иаглақар тайпасынан шыққан хан Муюн чур мен оған бағынғысы келмеген секіз оғуз, тоқуз татарларды басқарған Тай білге тутуктің арасында билік үшін соғыс – бір мемлекет ішінде болған азамат соғысы еді. Осы соғыс географиясына қарап, бұл оқиғалардың Орталық Монғолияда болғандығын аңғару онша қиын емес. Түріктанушылар күні бүгінге дейін оғуз тайпалар бірлестігі мағынасын білдіретін жинақтаушы атау – политоним деп келді. Сондай-ақ, Оғуз атауының мағынасын осылай түсінген Л. Гумилев Моюн чур ескерткішіндегі секіз оғуз – қидандар дейтін, пікір айтқан. [7. 373 бет]

Қидандар сол кезеңде сегіз тайпалы халық болғанымен жирен шашты, қызыл сақалды болмаған, осы себепті Л. Гумилевтің секіз оғуз – қидандар дейтін пікірі даулы. Ұйғыр қағанатының негізін құрған бірлестік дейтін Иологэ, Худугэ, Кюйлоу, Мокэсыги, Аучжай, Гэса, Хувынсо, Иовуге, Хасиеву – тоғуз оғуздар, қытай жылнамаларындағы хойху, яғни ұйғырлар. Өйткені, Таншу-да хойху ұйғырлардың билеуші тайпасы Иологэ деп көрсетілген. [2. Стр.308,315]

Ал, Иологэ- түркіше Иаглақар болып дыбысталады. Билеуші тайпа Иаглақардан, тоғуз оғуз бірлестігінің қалған сегіз тайпасы бөлініп, билеушілерге қарсы шыққан кезде, билеушілер оларды сегіз оғуз деп атай бастаған. Егерде Иаглақар ұйғыр болса, онда қалған сегіз ұйғыр тайпасы оған қарсы 747 жылы көтеріліске, шығып соғыспайды. Себебі, ру – тайпалық сана – сезімі берік қалыптасқан, қандас, тегі бір адамдардың ерте орта ғасырларда бір-бірімен жауласып соғысуы мүмкін емес еді. Ендеше тоғуз оғуз бірлестігінің барлық тайпасы бірдей ұйғыр болмаған. Тоғуз оғуз бірлестігінің сегіз тайпасы Селенгі өзенінің Харатал, Буксуй, Эдер, Цилуту – гол, Уркатай – гол, Ацзирга – гол деген алты бастауы мен Хасуй, Эке дейтін екі саласының бойын, кең мағынадағы түркітерге жататын басымыл, сары қыпшақтар Ханғай тауының оңтүстігі мен Тола өзені бойын мекендеген. Тек билеуші тайпа Иаглақар ғана ашиналар мен ашидәлердің қонысы болған Отукен жынысын, Орхон өзені бойын иемденген. Басқаша айтқанда 750 жылға дейін Монғолиядан батысқа қарлықтардан басқа ешқандай тайпа қоныс аудармаған.

Тоғыз және сегіз атаулары қашан, қандай жағдайда пайда болған? Тоғуз атауы алғаш рет Тонькөк ескерткішінде телелердің тоғыз тайпасының атауы ретінде тоқуз оғуз түрінде берілген. Тоғуз оғуз бірлестігінің билеуші тайпасы Иаглақар, қытайша Иологэ, қытайлық хойху дейтін атаумен бір бөлек ал, қалған сегізінің ұйғыр деген атаумен екінші бөлек болып бөлінуі 705-706 жылдары болған. Хойху, Киби, Сыгие, Хунь дейтін төрт тайпа Мочжо – Қапаған қағанның тықсыруынан Гоби шөлін басып өтіп, Ордостың солтүстік – шығысына қоныс аударады. Бұл қоныс аударушыларды 688-689 жылдары Тола өзені бойында өлтірілген қытайша Били – Баз қағанның ұлы Дугляйчжи басқарған. [7. 294 бет]

Төрт тайпаны қытайлықтар Хэси өлкесіне қоныстандырған. Дугляйчжи өлгеннен кейін, бұларды оның ұлы Фудифу ал, ол өлген кезде оның ұлы Ченцзун

басқарған. Лянчжу облысының бас басқарушысы Ван Гюнь –чо Ченцзунға “қытайдан бөлініп кетпекші” деген жала жауып, Ченцзун мен бірнеше адамды қытайдың оңтүстігіне жер аудартады. Осыған кектенген Ченцзунның ұлы Хошу, Ван Гюньчо-ны тибеттіктермен соғысуға бара жатқан жолында, тосқауыл қойып өлтіреді. Осыдан кейін көп ұзамай Хошу, халқымен бірге солтүстіктегі түркілерге қашып келеді. Хошу өлген кезде, оның орнына ұлы Гули Пэйло басшы болып тағайындалады. Ал, Пэйло Иағлақар тайпасынан шыққан, Ұйғыр қағанатының негізін құрған хан. Егерде Пэйло Иағлақар тайпасынан шыққан болса, онда оның Дутяйчжи, Фудифу, Ченцзун дейтін ата-бабалары да Иағлақардан еді. Пэйлоның әкесі Хошу аталмыш төрт тайпаны Хэсиден, Халхадағы түркілерге VIII ғасырдың отызыншы жылдары Білге хан Могилянның кезінде соғыссыз өткен жиырма жылдық тыныштық кезеңде бастап келген болуы керек. Бұлай себебі, Хошу өлген кезде оның орнына басшы болған Пэйло 742 ж. шад атағын алған.

Егерде 705-06 жылдары Қапаған қағанның кезінде Қытайға ауып кеткен аталмыш төрт тайпа Халхаға тек 730 жылдары қайтып келген болса, онда 715-16 және 723-24 жылдары Селенгі өзенінің бойында Күлтегін мен Білге қаған Могилянға қарсы соғысатын оғуз, яғни ұйғырлар кімдер? VIII ғасырдың бірінші жартысында ширек ғасыр Қытайда өмір сүрген Хойхуудан басқа, Селенгінің бойын мекендеген ұйғырлар болды. Демек, тоғуз оғуздар Қапаған қағанның кезінде екіге бөлінген.[7. 315-316 бет] Ал Л. Гумилевтің Хэсиді мекендеген аталмыш төрт тайпа мен оларға келіп қосылған Тунло – Тонгра және Байси – Тоғуз оғуз, яғни ұйғырлар деген пікірі даулы. Өйткені, тоғуз оғуз бірлестігіне кіретін тоғыз тайпаның атауы: Иологэ, Худугэ, Хюйлоу, Мокэсыгие, Аучжай, Гэса, Хувынсо, Иовугэ, Хасиеву еді және бұларға Пугу, Хунь, Байегу, Тунло, Сыгие, Киби дейтін алты тайпаның кірмейтіндігі бар. [2.стр.3150]. Көрініп тұрғанындай Қытайға қоныс аударған аталмыш алты тайпаның Хунь, Киби, Сыгие, Тунло, Байси дейтін бесеуі тоғыз оғуз бірлестігіне кірмеген. Демек, 705-706 жылдары Ордостың солтүстік – шығысына, одан кейін Хэсиге қоныс аударған аталмыш төрт тайпаның тек Хойху, яғни Иологэ – Яғлақар дейтін біреуі ғана тоғуз оғуз бірлестігіне кірген. Егерде VIII ғасырдың бірінші жартысында Қытайға ауған аталмыш алты тайпаның тек Хойху – Иағлақар дейтін біреуі ғана тоғыз оғуз бірлестігіне кірсе, онда бұл бірлестіктің қалған сегіз тайпасы осы мерзімде қайда болған?

Түркілердің Күлтегін мен Могилян ханға арналған руна ескерткіштерінде 715-716 ж.ж. Күлтегін мен Могилян ханның Селенгінің бойын мекендеген оғуздарды, өзеннің төменгі ағысына қарай тықсыра ығыстырып жеңгендігі, ұйғыр эльтеберінің жүз адамымен шығысқа қашқандығы жазылған. Осы соғыс тұсында Хойху – Иағлақар бастаған аталмыш төрт тайпа Хэсиде өмір сүрген. Бұдан шығар қорытынды: тоғуз оғуз бірлестігі 705-706 жылдары билеуші тайпа Иологэ- Иағлақар бір бөлек Худугэ – утуркар, Кюйлоу – курабир, Мокэсыгие- боқа сығыр, Аучжай – авучаг, Гэса-Касар, Хувынсо- кугурсов, Иовугэ- ябуткар, Хасиеву – эймувар дейтін сегіз тайпа екінші бөлек болып, екіге бөлінген. Билеуші тайпа Иағлақар Қапаған қағанның тегеурініне шыдамай Қытайға ойысқанда қалған сегізі “оғуз будун” атанып Селенгі өзенінің бойын мекендеген. Хойху хандығының билеуші тайпасы Иологэ болғандықтан, қытай жылнамалары кейде Иологэ-ні Хойху деп иероглифтеген, яғни олардың түсінігінде Иологэ-Хойху атауының эквивалентті баламасы болған. Осы себепті 705-06 жылы Қытайға ауған Иологэні Таншуда Хойху деп көрсеткен.

Могилян хан ескерткішінде 715-716 жылдары және 723-724 жылдары түркілермен соғысқан Селенгі бойының ұйғырларын бұрынғыдай тоғуз оғуз деп көрсетпей, тек жалаң оғуз түрінде берген. Аталмыш ескерткіште 724 жылдың көктемінде “үш оғуз” бен болған соғыс туралы жазылған. Л. Гумилев осы “үш оғуз”-

ды, үш тайпалы қарлықтар деп, түсінген. Оңтүстік – батыстағы Жоңғарияны мекендеген қарлықтар, Халхадағы түркілердің малы 723-24 жылдың қысында көп қырылғанын қалайша біліп, шабуыл жасаған. Алыста жатқан қарлықтардың Халхада не болғанын біле қою мүмкін емес, сондықтан “үш оғуз” дегеніміз, қарлықтар емес, Селенгінің бойындағы оғуздардың үш тайпасы. Іргеде жатқан осылар ғана түркілердің малы қыста көп қырылғанын біліп, көктемде шабуыл жасаған.

Осы ескерткіште, ұйғыр эльтеберінің жүз адамымен шығысқа қашқандығы жазылған. Ал, шығыс – Шығыс Монғолия, бұл өлкелерде қытай жылнамаларында шивэй, түркше отты татар аталған дунхулардың ұрпағы өмір сүрген. Әзірге дәл қай уақытта болғаны белгісіз, әйтеуір Селенгіні мекендеген оғуздардың сегіз тайпасы мен Шығыс Монғолияны мекендеген татарлардың тоғыз руының арасында саяси одақ қалыптасқан. Алғаш рет бұл одақ өзін Селенгінің бойындағы оғуздар мен Могилян хан бастаған түркілердің арасында Агу-де болған екі шайқас кезінде көрсетті. Екінші рет бұл одақ өзін, 747 жылы Селенгі бойындағы оғуздардың сегіз тайпасы мен Иағлақардан шыққан хан Моюн чур-дың арасында болған азамат соғысы кезінде көрсетті. Моюн “чур ескерткішінде мынадай жолдар бар: ” “сакіз оқуз тоқуз татар қалматы кәлті – сегіз оғуз тоғыз татар бірі қалмай келді”. [6. Стр.35] Келтірілген үзіндіден көрініп тұрғанындай, сөз болып отырған одақ –сегіз оғуздармен тоғыз татарлардың одағы.

Хиуа ханы Әбілғазының түрк шежіресі атты еңбегінде, Монғол тайпасының Монғол дейтін ханының төрт ұлы болғандығы жазылған. Монғол ханның үлкен ұлының есімі Қара хан, Қара ханнан Оғуз дейтін бала туылады. Оғуз мұсылман болып туылып, ержеткенде әкесі үйлендірген алдыңғы екі әйелмен өмір сүрмей, мұсылман болған, соңғы кіші әйелімен бірге тұрады. Мұны естіген әкесі Қара хан, бектерін жиып ақылдаса келіп, өзге дінді қабылдаған баласы оғузды, аңда жүргенде өлтірмекші болады. Бұл сөзді естіген Оғуздың кіші әйелі, бір кісі арқылы оған хабар береді. Хабарды естіген Оғуз, өзінің жақтастарын қасына жиып оларға ұйғыр деген ат береді. Оғузды жақтаушылар, оның етегінен қос қолдарымен жабысып ұстайды, Оғуз оларды, “ұйғырлар”, яғни "бірігушілер", "жабысушылар" деп атайды. Қарахан мен Оғуз әскерлерін сапқа тұрғызып бір-бірімен соғысады. Оғуз жеңіп, Қара хан қашады. Кімнің атқаны белгісіз әйтеуір Қара ханға оқ тиіп, содан ол өледі. Оғуз оның орнына хан болады. [7. 17-18 бет] Әбілғазы шежіресіндегі Қара хан – Қытай жылнамалары “Шицзы” мен “ЦяньХаньшу”- дағы “Хунну”- лардың бегі Туман ал, Оғуз – Туманның ұлы Моде шаньюй деген пікірді ғұлама Н. Я. Бичурин кезінде айтқан. [2. Стр.57-58]

Оғуз туралы аңыз – б.д.д. 209 жылдан, б.д. XIV ғасырының аяғына дейінгі аралықтағы уақыттың ішінде өмір сүрген түркі хандарының жүргізген саясатын баяндайтын және этностардың тегін тарихын бойына жинақтаған синтезді фольклорлық шығарма. Әбілғазы шежіресінде Қара хан мен оның ұлы Оғуз арасындағы соғысқа ұйғырлардың қатысуы жақсы суреттеледі. Бір ескеретін нәрсе Туман – Қарахан мен Модә - Оғуз әскерлерін сапқа тізіп қойып, бір-бірімен соғыспаған. Ал, Туман – Қара хан мен Модә – Оғуз екеуі бір-бірімен өштесіп аңға шығатын б.д.д. 209 жылы Монғолияда ұйғырлар болмаған. Солтүстік Қытайдан б.д. IV ғасырының соңына таман Монғолияға ауып келген ұйғырлар қалайша б.д.д. 209 жылы Монғолиядағы Оғуздың жақтастарына айналып, оларға ұйғыр деген атауды Оғуз қалай берді – деген заңды сұрақ туады.

Парсы тарихшысы Хондемир еңбегі мен Әбілғазы шежіресіндегі Қара хан мен оның ұлы Оғуз арасындағы соғыс және осы соғыс қарсаңындағы дүниеге келген ұйғыр атауы – басқа бір дәуірде болған тарихи оқиға. Бұл Иағлақардан шыққан хан Моюн Чур мен Селенгені мекендеген оғуздардың сегіз тайпасының арасында 747 жылы болған азамат соғысы еді. Шамасы Қара хан мен Оғуз арасындағы соғыс Оғуз туралы

эпосқа кіргізілген эпизодтық көрініс болса керек. Моюн Чур ханды Таншу-да Гэлэхан Мояньчжо деп берген. Мояньчжо Моюн чур деп транскрипцияланғанымен, бұл атаудың Гэлэ дейтін бөлігінің түрікше дыбысталуы анықталмаған қалды. Қытай тіліндегі Гэлэ сөзінің түрікше дыбысталуы - қара.

Сонымен Таншу-да Гэлэ ван Мояньчжо деп берілген атаудың түрікше дыбысталуы- Қарахан Мойын чур екен. Міне осы Қара хан Моюн чур, 747 жылы Селенгені мекендеген оғуздардың сегіз тайпасымен, яғни ұйғырлармен соғысқан. Селенгені мекендеген оғуздардың сегіз тайпасы, 840 ж. Ұйғыр қағанаты құлаған кезде, билеуші тайпа Иағлақлардың бір бөлігімен батыстағы Турфан ойпаты мен Қашғар өлкесіне қоныс аударған. Билеуші тайпаның Иағлақлар атауы, 840 жылы болған саяси өзгерістерге байланысты, иағма және қара дейтін екі атауға өзгерген, яғни трансформацияланған. Дәлірек айтқанда бұл трансформация 756 жылы басталып, 840 жылы жалғасын тапқан. Қара хан Моюн Чурдың екінші бір лақап аты Элетмиш Білге қаған болған. Осы Элетмиш Білге қағанның екі қолбасшысының 756 жылы батысқа қарай жерлерді жаулап алғандығы Монғолиядағы Терх ескерткішінен белгілі. «...buny jaratuyra Bilge Quttuy targan senun bunca bodunuy anyn jolun jaima lun cusy /bar cisi/ eki jarytty Qutluy Bilge senun Urusu gutluy targan senun eki jor /15/ jarlygady».

«Тот, кто соорудил этот (памятник), Бильге Кутлуг таркан-сенгун, столь много народы со славой (победил): [против] ягма и лум чышы двоих послал. Кутлуг Бильге-сенгуну, тем двоим-«Идите!-он повелил».

Тоғыз оғуздардың батысқа жасаған осы жорығында Тарым өзені бассейні мен Қашғарияда яғма дейтін тайпаның пайда болғандығы туралы дерек алғаш рет парсылардың X ғасырдағы авторы белгісіз географиялық шығармасы, “Худуд ал – алам” мен XI ғасырдағы парсы тарихшысы Гардизидің, Заин алахбар атты еңбегінде берілген. Гардизи яғмаларды Қытайдың сол жағын мекендейтін жылқыға бай, ана шетімен мына шеті бір айлық жолды қамтитын ұланғайыр мемлекетте өмір сүрген, тайпа деп көрсетеді. Қашқар өлкесінің ана шеті мен мына шетін атпен бір жетіде өтуге болатындығы белгілі. Олай болса, Гардизидің, яғмалар өмір сүрген мемлекеттің шығыс шеті бір айлық жолды қамтитын қашықтықта дейтін дерегі, Қашқар өлкесі туралы емес. Дәлірек айтқанда Шығыстағы ана шеті мен батыстағы мына шеті бір айлық жолды қамтитын қашықтық – тек қана Қашқария мен Монғолияның арасы. Ендеше яғмалар VIII – IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанатында өмір сүрген. Дәлірек айтқанда яғма – билеуші тайпа Иағлақлардың батыс бөлігі болған. Осы себепті де 840ж. Ұйғыр қағанаты құлаған кезде, Пантэцинь, түрікше Пан тегін бастаған он бес аймақтың адамдары ешбір соғыссыз Қашқарияны басып алған.

Егерде Қашқарияны 840 ж. қарлықтар билеп тұрған болса, онда Пан тегін бастаған ұйғыр, тоғыз татар мен қарлықтардың арасында міндетті түрде соғыс болып, тарих анналына тіркелген болар еді. Қытай жылнамаларында да, мұсылман тарихшыларының еңбектерінде де 840 ж. батысқа ауған ұйғыр, тоғыз татар мен қарлықтардың арасында болған соғыс туралы дерек жоқ. Демек, Пан тегін бастаған қоныс аударушылар Тарым өзені бойы мен Қашқарияны соғыссыз-ақ билей бастаған. Мұның себебі, бұл өлкелер де олардың яғма дейтін батыс бөлігі мекендеп тұрған. Осы пікірді – Бартольд еңбегіндегі мынадай жолдар дәлелдейді: «Южная часть Семиречья было занята народом ягма передовой ветвью тогуз огуз), которому принадлежал также Кашгар...» [8.стр.528] VIII ғасыр аяғында жасалған Тан дәуіріндегі Қытай картасында Сүлэнің ескі атымен бізге жаңа аты-Қашқар пайда болды. Әсілі, Батыс түрік қағанаты күйреп жатқан дәуірде Тянь-Шаньнан түскейге қарай тараған түрікше сөйлейтін көшпелі тайпалар Қашқарияның бойына барып қоныстана бастаса керек. Келген тайпалар алқапта отырған азғантай отырықшы халықпен араласып, X ғасырдың басында жаңа тайпа яғманы туғызса керек.

Қазақ Совет энциклопедиясында Яғмалар көне оғыздарға билік жүргізген және Солтүстік Монғолияны мекендеген деген дерек бар.[9. 521,525 бет]. Осы деректегі Солтүстік Монғолиядағы көне оғыздар Селенгіні мекендеген сегіз оғуздар. Ал, осыларға билік жүргізген – Селенгінің бір саласы Орхон мен Өтікен қойнауын мекендеп, Ұйғыр қағанатының басында тұрған Иағлақар тайпасы. Бұл пікірді –“Кейбір деректерге қарағанда 745-840 жылдардың арасында Селенге мен Орхон бойын мекендеген Ұйғыр қағандығының хан әулеті Яғма аталған” дейтін жолдар дәлелдейді. Монғолиядағы Ұйғыр қағанатының басында тұрған Иағлақар тайпасы, батыста Жетісу мен Қашғарияда иағма болып кейіннен атала бастайды.

Демек, Монғолияда иағлақар аталғандардың батыстағы атауы не себепті Иағма болып өзгерді дейтін заңды сұрақ туады. 398 жылы Ордостың батысынан Гоби шөлі арқылы Орталық Монғолияға чиди- телелердің он бес тайпасының құрамында Мойын тайпасы қоныс аударып келеді.Сондай-ақ осы Мойындардың XIII ғасырдағы ұрпағы Иағлақарлықтардың Хойху дейтін атаумен 705-706 жылдары Қапаған ханның тегеурініне шыдамай Қытайға ығысатыны белгілі. Ал, 730 жылдары Білге қағанның кезінде қайтадан Халхаға көшіп келеді. Бұдан басқа ұйғыр хандарының Қытай императорына жолдаған сәлемін жеткізіп кері қайтатын шабарман, елшілері Гобиден жылына бірнеше рет өткен. Гоби шөлінен аттан гөрі, түйемен өткен әлдеқайда жеңіл. Осы себепті тоғуз оғуздардың билеушілері Иағлақарлықтар Гобиден ары-бері өту үшін түйе малын пайдаланған. Гобиде ішетін су, жейтін шөп болмайтындықтан, Иағлақарлықтар түйенің аузын майлап отырған. Аузы майланған түйе әрі шөлдемеген,әрі ашықпаған. Түйенің бабын тауып, аузын майлаудың шебері болғандықтан Иағлақарлықтар атауының түбірі иағла-жал және жақ мағынасына айналған. Айталық, сары ұйғырларда май жағу және маймен жағу мағыналарын білдіретін иақ (май) және иақығла сөздері бар екенін түркітанушы С.Малов айтқан болатын. [11. Стр. 34-35]

688-689 жылдары Тола өзені бойында өлтірілген Баз қағанның ұлы Дугляйчжи бастаған Хоиху, Киби, Сыгие, Хунь атты тайпалары Қытайдың Лянчжоу, Ганьчжоу округтеріне қоныс аударды. Сондай-ақ осы тайпалардың Хошу бастаған бір бөлігі 727-30 жылдары Халхадағы түркілерге ауған. Қытай жерінде қалған Хоиху-Иологэ-Иағлақардың екінші бөлігі, XIII ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістандағы Кочо дейтін шағын мемлекеттің басында тұрған. Бұл пікірді “Созданию Уйгурского государства в Восточном Туркестане предшествовал длительный период тесных связей между уйгурами, переселившимися после 689 г. в Лянчжоу и Ганьчжоу (Ганьсу), и городами – оазисами на трассе Великого шелкового пути. Во главе ганьсуских уйгуров была та самая яглакарская династия, которая в 744 г. установила свою власть в Отюкенской черни”, дейтін үзінді дәлелдеп тұр. [12. Стр. 146]

Элетмиш Білге қағанның Кутлуг Білге сенгун, Урушу Кутлуг Тархан сенгун дейтін екі қолбасшысы 753-56 жылдары Шығыс Тянь-Шань, Тарым өзені бассейніне жасаған жорығы кезінде Байырқу, Яғма тайпалары мен Қытай және соғдыларды бағындырды. Яғма-тоғуз оғуздардың билеуші тайпасы Иағлақарлықтардың батысқа кеткен бір бөлігі болатын. Шығыс Тянь-шань, Тарым өзені бойына Қашқар өлкесіне қоныс аудара келген Иағлақарлықтардың бір бөлігі, бұрынғыдай түйенің аузын майламайтын болған. Мұның себебі, бұл өлкелерде Гоби секілді шөл жоқ еді. Гоби секілді шөл болмағандықтан, түйенің аузын майлаудың да керегі болмай қалды. Осы себепті Иағлақар этнонимінің бірінші компоненті иағла, иағма болып өзгерген. Шығыста, Гобидің солтүстігі мен оңтүстігін мекендеген кезде, иағла, яғни майла мағынасын білдірген атау, батыста түйенің аузына май жағудың керегі болмай қалған кезде, иағма, яғни жақпа мағынасын білдіретін атауға өзгерген. Сонымен қорыта

келгенде: яғма- Иағлақар тайпасының VIII ғасырдың бірінші жартысында батысқа Тарым өзені бойына, Қашқар өлкесіне қоныс аударған бір тармағы.

Ал, Хошу бастаған екінші тармағы 727-30 жылдары Хэсиден Халхадағы түркілерге қашып барып, 745 ж. Селенгінің бойындағы сегіз оғуздардың күшімен түркілердің Баймей дейтін соңғы ханын өлтіріп, Ұйғыр қағанатын орнатты. 795 ж. Ұйғыр қағанатының басында тұрған Иағлақар тайпасының билігі тоқтап, хан тағы Эдізден шыққан Алп Құлтуғқа өтті. Ал, 839 ж. Иағлақар тайпасының Кулуг бегі түрк шатолардың көмегімен Қарақорымға шабуыл жасап, Эдізден шыққан хан Құттегінді өзін-өзі өлтіруге мәжбүр етіп, хан тағын жас Кэси тегінге алып береді. Эдіздердің көсемі Күлүг баға 840 жылы қырғыздарды (хахас) көмекке шақырып, Ұйғыр қағанатының құлауына жол ашты. Күлүг баға бастаған эдіздер, қырғыздардың күшімен Қарақорымға шабуыл жасап, жас хан мен Күлүгбекті өлтірді, сөйтіп Ұйғыр хандығы өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Г.Е. Грум-Гржимайло История Монголии и Урянхайский край том 2. Л.1928
2. 25. Н.Я. Бичурин. «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена»... Алматы 1998 г.
3. (В.В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. Том III часть 1. С- Петербург. 1905.)
4. Ч.Валиханов.Избранные произведения. Москва. Наука. 1987 г
5. Б. Уахатов. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы 1971ж.
6. С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. Москва – Ленинград 1959 г.
7. Л. Н. Гумилев Көне түріктер. Алматы 1994 ж.
8. Әбілғазы. Түрік шешіресі. Алматы 1992 ж.
9. В.Бартольд. Том V Москва 1973 г.
10. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы. Том 12. 1978.ж
11. С.Е. Малов Язык желтых Уйгуров. Алма-ата 1957г.
12. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. Москва. Наука. 1992.

ҚАРАХАН ДӘУІРІ ЖӘНЕ ОҒУЗ ҚАҒАН ЖЫРЫ

Б.А.Алтаев тарих ғылымдарының кандидаты
К.А.Мусаева гуманитарлық ғылым магистры

Аннотация: В данной статье история Караханидов изучается в связи с этнопонимами, встречающимися на казахской земле. Исторические стихи об Огузском кагане изучаются в связи с эпохой Караханидов. Обсуждается, что на название Яглакар повлиял географический фактор, «ягма» позже стало словом «жакпа». Говорят, что Караханиды и Ягмы населяли западное Семиречье в X веке и смешивались с местными тюркскими племенами. Происхождение Караханидов из племени Мойюн дополняется сведениями, найденными в киргизской песне «Манас».

Abstract: This article, the history of the Karakhanids, examines the relationship between ethnotoponyms found on the Kazakh land. Historical verses about the Oguz Kagan are studied in connection with the era of the Karakhanids. It is discussed that the name Yaglakar was influenced by the geographical factor, "yagma" later became the word "zhakpa". It is said that the Karakhanids and Yagmas inhabited the western Semirechye in the 10th century and mixed with the local Turkic tribes. The origin of the Karakhanids from the Moyun tribe is supplemented by information found in the Kyrgyz song "Manas".

Тірек сөздер: иағлақар, ұйғыр, бура, оғыз, яғма, кара, жетісу.

Қарахандар әулетінің шығу тегі жөніндегі мәселе – француз тарихшысы Жозеф Дегиньнің екі ғасыр бұрын жариялаған Орталық Азия тарихы туралы еңбегі әртүрлі пікірталас тудырды. Неміс тарихшысы О.Прицактың 1953 жылы жариялаған «Қарахан әулеті» деген еңбегі жарық көрді. Ол әулеттің шығу тегі жөніндегі әртүрлі пікірлерді: ұйғырдан (Ж.Дегинь, 1756ж.), түркменнен (Х.Пургстал, 1835 ж.), яғмадан (В.Бартольд, 1898 ж.), қарлықтан (Ф.Гренард, 1900 ж.), қарлық-яғмадан (М.Копрюлю, 1929 ж.) т.б. ғалымдардың еңбегін осы мақалада топтастырды.

XII ғасырдың басында бір парсы тарихшысының «Тарих және қиссалар жинағында» Орталық Азияның әр түрлі ел билеушілерінің аттарын атай отырып, «Яғма патшасын» «Бура хан» деп атайды. Қарахан әулетінің билеушісі де осылай аталғандықтан, бұл әулет қағандарының тегі яғма тайпасына жатады деп болжам жасауға болады.

840 жылы Ұйғұр қағанатын қырғыздар басып алады. Сөйтіп халха жерінен жан-жаққа қаша бастаған ұйғырлардың Пан тегін бастаған 15 рудан тұратын үлкен бір бөлігі батысқа қарай жылжыған. Батысқа жылжыған ұйғырлардың Пан тегін бастаған бір бөлігі Қарашар мен Кучаны қоныстап қалды да, ал екінші бөлігі жапон ғалымы Т. Мориясудың пікірінше Қашқария мен Жетісуды мекендейтін қарлықтараға қарай бет алды. [1. Стр.124]

840 ж. қарлықтарға қарай бет алған тоғуз оғуздардың осы бөлігі туралы ешқандай ғылыми зерттеу жоқ, осы себепті күні бүгінге дейін, Қараханидтердің тегі анықталмай келді. Жоғарыда Ұйғыр қағанатының екінші ханы, Қара хан Мойын чур деп аталғандығы айтылды. Қағанаттың басында тұрған Иағлақар тайпасы түсті білдіретін қара терминін жиі қолданған. Қара хан аталған Моюн чур, өзі салдырған қаланың да атуын Қарабалғасун, Қара қала деп атаған. Міне осы екі факті, қараханидтердің тегі – 840 ж. Қашқарияға ауып келген Иағлақар тайпасының бір бөлігі дейтін тұжырым жасауға негіз береді. Қашқар өлкесі VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қарлықтардың мекені болған. 840 ж. осы өлкеге баса- көктеп кірген тоғуз оғуздардың бір бөлігімен болған соғыста жеңілген қарлықтар амалсыз Жетісуға ығысқан. Біздің бұл пікірімізді мына бір үзінді дәлелдеп тұр: “...”, олар түріктердің мемлекетінен Қарлықтардың қорғана отырып неге 840 жылы кенеттен шабуылға шығып, өздері әлдеқашан тастап кеткен Испиджабты қайта басып алды? Тек Қарлық елінде болып жатқан бүліншілік қана Саманидтерді осылай қимыл жасауға итермелеуі мүмкін еді. Ия, солай болды да. Дәл осы кезде Пантэцинь бастаған көп тайпа Қарлыққа келіп кірді. Біздің бұдан бұрын айтқанымыздай, Хуйху мен Қарлық соғысып жеті өзен үшін таласып жатқанын Саманидтер ұтымды пайдаланып, Испиджабты басып алған болады. Келтірілген үзіндідегі Пантэцинь, жоғарыда аталып өткен Пан тегін ал, жеті өзен – Қашқариямен шектесіп жатқан Жетісу. Демек 840 ж. Қарлық жеріне, яғни Қашқариямен Жетісуға келіп кірген Хойхудың бір бөлігімен соғысып жатқан Қарлықтардан Саманидтер Испиджабты тартып алған.

Екі жақты қыспаққа түскен Қарлықтар оңтүстік-шығыста Қашқариядан ал, оңтүстік – батыста Испиджабтан айрылған. Жеті өзен үшін Қарлықтармен соғысқан Пан тегін бастаған ұйғырлар емес, олардан бөлініп Қашқарияға келген Иағлақар тайпасының бір бөлігі болашақ Қараханидтер еді. Ал, Қараханидтердің Қашқарияда жеңіске жетуіне Іле, Нарын өзендерінің бойын мекендейтін Яғмалар үлкен үлес қосты. Осылардың көмегімен ғана болашақ Қараханидтер, Қарлықтарды Қашқариядан Жетісуға ығыстыра алды. Осы тұста А. Г. Маляквиннің: Пан тегін бастаған ұйғырлар, өздерімен жауласып жүрген, Жонғарияны мекендейтін Эдиздер мен басқа да теле тайпаларынан қаймығып, жанамалай Тұрфан ойпатының оңтүстігін ала жылжи отырып Қарашар мен Кучаға қоныс аударып келді, дейтін пікірі бар. [1.стр.206-209] Ал, Г.

Малявкин, Пан тегін бастаған ұйғырлардың батысқа жылжығаны туралы Қытай жазбасы “Цзютаншу” мен “Син Таншу”- да берілген деректерді бір жүйеге келтіріп қорытынды жасаған Т. Мориясудың пікіріне сын көзбен қарап, - бұл ұйғырлар батыстағы Қарлық жеріне жете алмаған, дейді. 840 ж. Ұйғыр қағанаты құлаған кезде Иағлақар тайпасы екіге бөлініп, бір бөлігі Пан Тегінмен бірге 15 руды бастап батысқа жылжыса, екінші бөлігі Уцзе тегінді қаған сайлап, қырғыздарға қарсы соғысты жалғастыра берген. 846 ж. Уцзе қаған өлгеннен кейін, оның орнын басқан Энянь тегін бес мың адаммен Лоха муреньді мекендейтін Кумосидің қоластына кіреді.

847 ж. ұйғырлар түгелдей қырылды, тек 500 атакты бектер мен билер ғана аман қалып, олардың жалғыз үміті шивей – оғыз татарлар болып қалды, дейтін қысқа дерек “Син Таншу”- да сақталған. Осы жылы Кумоси мен олардың қоластына кірген ұйғырлар Қидандардан жеңіліп, соларға бағынады. Осы кезден бастап Қытай жылнамаларында Шығыс Монғолия мен Маньчжуриядағы ұйғырлар туралы дерек кездеспейді, тек олар Ляониндегі нючжи, яғни чжурчэньдермен көрші өмір сүрді дейтін қысқа хабар бар. Ғалым Ю.А. Зуевтің пікірінше әуелі Кумоси, одан кейін Қидандардың қол астына кірген ұйғырлардың қалдығынан Жалайыр тайпасы өсіп - өнген.[2.стр.180]. Зуевтің мұндай пікірге келуіне Рашид эд диннің “Жамиат тауарих” атты еңбегіндегі Жалайырдың тегіне қатысты деректер себепші болған. “Жамиат тауарих”-та берілген дерек бойынша Жалайырлардың мекені Қарақорымдағы Кима дейтін жер. Жалайырларда, өздерінің билеушісі болған Қидан гурханының бурасына май жалату әдет-ғұрпы болған. Осы себепті жалайырларды бұрынғы кезде белагэ деп атаған. “Жамиат тауарих” –та берілген осы деректер, Қытайдың “Цзю Таншу” мен “СиньТаншу” атты жылнамаларындағы ұйғырларға, жалайырларға қатысты деректерге сәйкес келеді.

Қытай жылнамалары Удай шицзи (УДШЦ), Цзюуданши ши (ЦУДШ) және Цэфу юаньгуи (ЦФЮГ) дейтін энциклопедия мен Удаи хуэйяо деген жинақта Иағлақар этнонимі, Елогэ түрінде берілген. Сегіз оғуздар, Иағлақарлық қытайлық Елогэ атауын, Белагэ деп айтқан. Себебі олар, өгіз тотемді боғандықтан дауысты дыбыстарды б немесе м дыбыстармен дыбыстаған, осыдан барып Елогэ атауы, Белагэ болып өзгерген. Қытайлық Елогэ атауының түркіше дыбысталуы Иағлақар этнонимінің бірінші компоненті иағла – түркіше жала, май жалату, яғни майла, майлау мағынасын білдірсе, оның Елогэ дейтін қытайлық транскрипциясы да осындай мағынаны білдірген. Сөйтіп, қытайлық Елогэ атауы-майла, майлау мағынасын білдірген болса, онда оның сегіз оғуздар тіліндегі Белагэ нұсқасы да осындай мағынаны білдірген.

Біздің бұл пікірімізді – Рашид эд дин еңбегіндегі: “Жалайырларда, өздерінің билеушісі болған Қидан гурханының бурасына май жалату әдет-ғұрпы болған, осы себепті оларды бұрынғы кезде Белагэ деп атаған”, дейтін дерек дәлелдеп тұр. Осы деректен жалайырларда еркек түйенің аузына май жалату, май жағу әдет-ғұрпының болғандығын аңғаруға болады. Егерде жалайырларда еркек түйенің аузына май жалату, май жағу әдет-ғұрпы болған болса, онда мұндай әдет-ғұрып олардың ата-бабалары – Иағлақар тайпасында да болған. Сонымен қатар бұл факті, еркек түйенің аузын майлау әдет-ғұрпы жалпы ұйғырларға тән емес, тек олардың билеуші Иағлақар тайпасына ғана тән екендігін де дәлелдеп тұр.

Еркек түйенің аузын майлау әдет-ғұрпынан басқа Иағлақар тайпасында Инанчу (Терх ескерткішіндегі ішкі бұйрық бектердің басшысы Инанчу баға тарқан), Инан (Уцзе қағанның інісі Энянь), Наир Чур секілді кісі есімдері болған. Инан есімі кейде Инган немесе Инген болып айтыла береді. Ал, Инген – қос өркешті ұрғашы түйе. Наир Чур тіркесіндегі Наир- кісі есімі де ал, чур- мансаптың дәрежесі. Наир – тілдік құбылысқа ұшыраған нар ал, нар- атан түйе деген мағынаны білдіреді. Жасалған талдаулардан көрініп тұрғанындай иағлақар тайпасының жылқыдан басқа екінші бір

тотемі – түйе болған. Жылқы және түйе тотемді Иағлақар тайпасынан шыққан Моюн чур өзін, Қара хан деп атап, өзі салдырған астана қаласының атауын Қарабалғасун деп қояды.

Ал, IX ғасырдың екінші жартысында Қашғария мен Жетісуда өздерін Боғра немесе Буғра Қара қаған, Ілік Қара қаған деп атайтын хандар пайда болды. Кейіннен осылар негізін салған Қараханидтер әулеті бүкіл Орта Азияны жаулап алып Қарахандар мемлекетін орнатты. Қараханидтер тіліндегі буғра атауының қазақ тіліндегі эквивалентті баламасы бура ал, бура – қос өркешті түйенің еркегі. Өз кезегінде Ілік немесе Үлік нар түйенің таза тұқымды бурасы. Көрініп тұрғанындай Қарахан әулеті өздерін қос өркешті түйенің еркегі атауымен атаған. Егерде Қараханидтер өздерін бура және үлек деп атаған болса, онда олардың тотемі = түйе болғаны. Шығыстағы Иағлақар тайпасының, олардың Монғолияда қалған ұрпағы жалайырлардың да екінші тотемі- түйе болған. Демек шығыстағы Иағлақарлықтар мен батыстағы Қараханидтердің тегі бір болғандықтан, бұлардың екеуінің де тотемі түйе болған, және екеуінің де қағандары өздерін Қарахан деп атаған. Не себепті, Иағлақар тайпасы мен Қарахан әулетінің қағандары өздерін Қарахан деп атаған?

Атауы теле болып өзгергенімен, чилэ аталған этнос адамдарының антрополиялық типі өзгермеген, яғни жирен шашты болып қала берген. Көрініп тұрғанындай теле аталған тайпалар адамдарының шаштары жирен болған. Ал, 397 жылы Солтүсік Қытайда чиди телелерге келіп қосылған муюн тайпасы адамдарының шаштары қара болған. Осы себепті Моюн чур, қара шашты тайпаның өкілі екендігін білдіріп өзін Қара хан деп атаған. 747 ж. Моюн чур өзін Қара хан деп жариялаған кезде, Селенгіні мекендейтін жирен шашты сегіз оғуздар, оның бұл қылығына наразы болып көтеріліске шыққан. Көтерілісті басқаннан кейін, Иағлақардан шыққан бірде-бір қаған өзін Қара хан деп атамаған. Тек 840 ж. Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін, Тарым өзені бойына қоныс аудара келген Пан тегін бастаған ұйғырлардан бөлініп, Қашғарияны мекендей бастаған Иағлақар тайпасының бір бөлігінің қағандары ғана өздерін Қара хан деп атайтын болған. Қашқариядағы Иағлақардан шыққан қағандардың өздерін бұлай атай бастауының себебі, олар жирен шашты ұйғырлардан бөлініп, өздерімен тегі бір қара шашты Иағмалардың арасына келген еді.

840 ж. Ұйғыр қағанаты құлаған кезде Иағлақар тайпасы төртке бөлініп: бір бөлігі Шығыс Монғолия мен Маньчжурияға қашты, екінші бөлігі Ганьчжоу- Ганьсуға кетті, Пан тегін бастаған үшінші бөлігі Тарым бассейнінде тұрақтап қалды. Қашғарияға ауып келген төртінші бөлік Қарахан әулетінің негізін қалады. Төртке бөлінген Иағлақар тайпасының төртінші бөлігінің аз санды болғандығы айтпаса да түсінікті. Осы аз санда төртінші бөліктің алғашқыда Қашғария мен Жетісуды, одан кейін Орта Азияны жаулап алуы мүмкін бе? Әрине мүмкін емес. Ендеше саны аз Иағлақарлықтар бір тайпаның көмегіне сүйенген. Олардың күшімен, қолдауымен Қарахан әулеті әуелі Жетісуды, одан кейін бүкіл Орта Азияны жаулап алды. Иағлақар тайпасының VIII ғасырдың бірінші жартысында батысқа кеткен бір бөлігі – Иағма екендігіне дәлелдер келтірейік: Бірінші дәлел – көне дәуірдегі Оңтүстік Жетісу, қазіргі Қырғызстан жеріндегі Нарын өзенінің атауы. Нарын атауының түбірі нар – жоғарыда аталып өткен қос өркешті түйенің іңгені мен сыңар өркешті түйенің бурасы арасынан шыққан бірінші буданның еркегі. Иағма тайпасының қағандары өздерін, “Буғра қаған” деп атаған дейтін дерек XII ғасырдың басындағы парсының “Тарих және қиссалар жинағы” деген еңбегінде берілген. Осы дерекке сүйенген Бартольд: Қарахан әулеті Иағма тайпасынан шыққан болуы керек дейтін болжам айтқан. Иағма тайпасының қағандары өздерін “Буғра Қаған” деп атаған болса, онда бұлардың тотемі= түйе болған. Себебі, тек түйе + тотемді адамдар ғана өздерін түйе атауымен атаған. Осы түйе тотемді Иағмалар өздері мекендеген өзенді, нар түйе атауымен атаған, осыдан барып

Нарын атауы пайда болған. Бұған дәлел – мынадай жолдар: “... границей между владениями карлуков и ягма считался Нарын”. Келтірілген үзіндіден көрініп тұрғанындай Иағмалар, Нарын бойын мекендеген. Ал, Шығыс Қазақстан облысындағы Нарын атты өзен атауын осы өлкені VIII ғасырдың ортасынан 1206 жылға дейін мекендеген наймандар берген. Бұған дәлел – Найман тайпасынан Бура немесе Ақ – бура руының атауы. Көрініп тұрғанындай көне дәуірде Наймандардың бір тотемі – түйе болған. Наймандардың, VIII ғасырдың ортасынан 1206 жылға дейін Монғолиядағы Орхон өзені мен Қара Ертіс аралығын мекендегені белгілі.[3.стр.87]. Наймандардың түйе тотемді бөлігі өздері мекендеген өзендерді Нарын атауымен атаған. Осыдан барып Шығыс Қазақстан облысындағы аталмыш өзен атаулары пайда болған. Сондай-ақ, Еділ мен Жайық арасындағы Нарын құмы бар. Қазақтың Кіші жүзіндегі Байұлы бірлестігінің Алаша тайпасының Қара бура, Әлім ұлы бірлестігіндегі Әлімнің Көк бура, Жақайымның Ақ бура, Көк бура, Жеті тайпаның бірі Таманың Қара бура рулары Нарын атауын өздерімен бірге Жетісу жерінен әкелген.

Демек Қараханидтер мен Иағмалар X ғасырда батыс Жетісуды мекендеген. Жаулап алушылар жергілікті түркі тайпаларымен араласа қоныстаған. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың басында Шығыс Монғолия, Ертіс бойынан батысқа жылжыған кимақ –қыпшақтардың тегеурінді қалың нөпірі жолындағы Жетісу тайпаларының бір бөлігін өздерімен ығыстыра ілестіріп Сыр бойына, Арал теңізі жағалауына, Жайық пен Еділ арасына дейін апарған. Жетісудан ығысқан осы тайпалардың арасында түйе тотемді Иағмалардың Ақ бура, Қара бура, Көк бура секілді рулары бірге кеткен. Міне осы Буралар Жайық пен Еділ арасына Нарын атауын ала келген.

Екінші дәлел – Жетісу жеріндегі Мойынқұм атаулары. Мойынқұм атты шөл, шөлейттің үлкені Батыс Жетісу, яғни қазіргі Жамбыл облысында. Академик В.Бартольд бұл жерлерді 940ж. Қарахандар әулеті жаулап алған дейді. Демек Иағмалардың көмегімен Қарахандар Жетісудың оңтүстігі мен батысын жаулап ала алды. Иағмалардың, Қарахан әулетінің негізгі тірегі, күші болуының себебі, бұл екеуінің де тегі – он бес тайпалы телелердің құрамындағы Моюн еді. Бұлар Иағлақар, Иағма, Қарахандар деп әртүрлі аталғанымен, өздерінің тегі – Моюн, қазақша Мойын екендігін әсте ұмытпаған. Олар, өздері мекендеген жерлерді өздерінің Мойын, Нарын, Қара Бура, Иағма атауларымен атаған. Бұған дәлел – Иағмалар мен Қарахандар мекендеген Қырғызстандағы Нарын өзені, Қара Бура тауы, Жамбыл облысындағы Мойынқұм, ортағасырлық Тараз қаласы маңындағы Иағма елді мекені. [4. 49 бет]

Үшінші дәлел – Бартольд еңбегіндегі мынадай жолдар: “После этого часть тугузов убежала и отделилась от своего племени; они пришли к Халлухам...” Үзіндідегі тоғызғуз дегеніміз – тоғыз оғуз политоонимінің араб тілінде дыбысталған нұсқасы. Тоғыз оғуздар ешқашанда қарлықтармен бірге Жетісуды мекендеген емес. Олай болса тоғыз оғуздардан бөлінген бөлік, Қашғария мен Жетісудағы қарлықтарға басқа жақтан келген. Сонда қай жақтан? Әрине шығыстағы солтүстік –батыс Қытай мен Орталық Монғолиядан ауып келген. Осы ауып келгендерді В.В. Бартольд Гардизидің “Зайын ал -акбар” атты еңбегіндегі Иағмалар деп көрсетеді.

Енді , Қараханидтердің тегі – Сяньбилердің бір тармағы Моюн екендігіне дәлел келтірейік “Манас жыры бойынша бұл шежіре былай суреттеледі:” Бойын хан, Дойым алып, Қара хан, Жақып хан, Алып Манас. [5. 63 бет] .

Б мен М дыбыстары алмаса беретіндіктен Бойын хан-ды, Мойын хан деп те айта беруге болады. Келтірілген үзіндіден көрініп тұрғанындай Қарахан әулетінің тегі-Мойынхан, дәлірек айтқанда Мойын тайпасы. Бұлай деуімнің себебі, XIII ғасыр тарихшысы Жамал Қаршидың көрсетуі бойынша Қара хан әулетінің алғашқы ханы Білге Күл Қадыр қаған болған. Осы себепті Манас жырында берілген шежіредегі Мойынды кісі есімі деп емес, тайпа атауы деп түсіну керек. Манас жырындағы шежіре

бойынша Қара хан әулетінің тегі – Мойын тайпасы. Иағмалар мен Қарахан әулетінің тегі бір екендігіне тағы бір дәлел, ол – М. Қашқари еңбегіндегі “Оларды, Қара Иағма деп те атайды”-дейтін дерек.

Иағма этнонимінің алдына қара деген сөзді қосарлап айтқан кезде, иағма ең жоғарғы ұлы этнос деген мағынада емес, қара шашты халық деген мағынада айтқан. Қарақалпақ, қарақыпшақ, қаракерей, қарамойын, қарақас, қарашай этнонимдері де дәл осындай мағынада пайда болған. Иағлақар, Иағма, Қараханидтердің, жирен шашты протоевропеоидтық нәсілдегі сегіз оғуз немесе ұйғырлардан айырмашылығы - бұлар, қара шашты монғол нәсілді болған. Бұған дәлел мынадай жолдар: “4 января 1008 года тюрки с широкими лицами, малюткими глазами, плоскими носами, малым количеством волос (на бороде) с железными мечами, в черной одежде, как их описывает Утби, потерпели полное поражение...” Келтірілген үзіндідегі кең бетті, қысық көзді, басыңқы мұрын, селдір сақалды түріктер – Мауреннахрды жаулап алушы Насыр ілектің әскерлері, яғни Қараханидтер мен иағмалар еді. Осылар 1008 жылы Балх қаласы түбінде ғазнауилар сұлтаны Махмуд әскерінен жеңілген. Ұйғыр қағанатында 747 ж. болған азамат соғысы, 840 жылы осы қағанаттың құлауы – екі нәсілдегі тайпалардың бір-бірін бөтенсіп бір этносқа, бір ұлтқа біріге алмауында еді.

Ұйғыр қағанатының құлауының себебі, бұл хандықты екі нәсілдегі екі этнос құрады. Араб саяхатшысы Әбу-Дулеф: «Яғмалар ұзын бойлы, көгілдір көзді, сақалды халық болатын»-деп жазады. Шамасы Әбу-Дулеф Қашқар шаһарында европа кескіндес жирен шашты оғуздардың ұрпақтарын көрген. Ал, екі нәсілдегі екі этностың бір ұлт болып қалыптаса қоюы екі талай нәрсе. 940 ж. Қараханидтер Батыс Жетісудағы Баласағун қаласын жаулап алады. 992 ж. Харун Боғра Қарахан Самани әулетінің астанасы Бұхараны басып алды, бірақ ол науқастануы себепті жеңісін баянды ете алмай, кері Баласағұнға қайтып кетті. Оның бастаған ісін Насыр ілек жалғастырып, 999 ж. ешбір қарсылықсыз Бұхараны басып алды. Осы кезден бастап Орта Азияның Амударияға дейінгі бөлігінде Қараханидтер үстемдігі орнады. Сырдарияның орта және төменгі ағысын мекендеген оғыздар да Қараханидтерге бағынды. Қазақ шежіресінде айтылатын Бөгежіл руында Қарамойын, Шимойын және Қыпшақта Шимойын аталары бар. Сондай-ақ Керейттің жеті ұлының өңкей қара түсті болуы соның ішінде Қойлау атасының ескі қытай жазбасындағы Қойлау-күлүг-чормен байланысты болса керек. Қытай жазбасында дулаттың Ботбай тайпасы 648 жылдар шамасында Шимойын, Ысты тайпаларымен бірге Таң патшалығына бағынған деген дерек кездеседі. Демек қараханидтердің арғы тегі саналатын Мойын тайпасының қазіргі қазақ халқының құрамында жүруі заңды құбылыс. Бір қызығы қариялардың айтуынша Бөгежілді Жаныстың ішінде ата-баласы деп аталады. Бөгежіл аты Оғуз қағанның баласы Жұлдыздың, бір баласы ретінде Рашидадин еңбегінде кездеседі.

Оғыздардың, Оғуз қаған туралы аңызы Қарахан әулетінің назарына ілікті. Бұл аңыздың Қара хандар назарына ілігуінің себебі, бір кездері бұларда тоғуз оғуз аталған. Ғазнауи сұлтаны Махмудтың кезінде Фирдоусидің “Шах-намэ” дастаны жарық көрді. Дастандағы Афрасияб әулеті, Мауреннахрдың XI ғасырдағы билеушілері Қара хан әулетіне телінді. Қара хан әулеті бұл телуді қабыл алып, өздерін Афрасияб әулетінің мұрагері деп санады ал, аңызға айналған Афрасияб, түркілердің Алып Ер Тоңасымен шендестірілді. Ал В.Бартольд бұл шендестіруді қисынсыз деп атап көрсеткен. Афрасияб әулетінің мұрагері ретінде Қарахан әулеті, Оғуз қаған туралы аңызға Қара хан Моюн чур мен сегіз оғуздар арасында болған 747 жылғы азамат соғысын эпизодтық көрініс ретінде кіргізсе, ал А.Бернштам Оғуз қаған туралы аңыз XI-XII ғасырларда Қараханидтер дәуірі тұсында хатқа түскен дейді.[6.стр. 235]

М.Ф.Гренардтың пікіріне сүйене отырып Бернштам былай дейді: Мұсылман болып туылып анасының түсіне кірген Оғуз – X ғасырда мұсылман дінін қабылдаған

Сатук Боғра ханның аңыздық бейнесі. Себебі, Модэ –Оғұздың ислам дінін қабылдамағаны, яғни мұсылман болмағандығы белгілі. Сондай-ақ Сатук Боғра ханның түс көріп, түсінде әулиелердің оған мұсылман бол деп аян беруі, содан оның ислам дінін қабылдап, 955-56 жылдары қарамағындағы 200 мың түркілерді де мұсылман еткендігі тағы белгілі.

Оғұз туралы аңызды, өздерінің тегін, тарихын баяндайтын шежіре деп түсінген Қараханидтер, өздерінің өміріндегі елеулі оқиға- мұсылман бояуларын, аңызға, шежіреге енгізген. Осыдан барып аңызда мұсылман болып туылған Оғұз бейнесі пайда болған. Осындай пікірді Бернштам да айтқан:“... окончательное оформление эпоса об Огуз кагане следует отнести к домонгольскому времени и датировать наиболее вероятно XII в ... исламизированный Сатук свидетельствуют о том, что эпос редактируются по крайней мере, с VI по XII в. ” [б.стр.235] Оғұз қағанда «жабысушылар» мағынасын беретін ұйғыр атауының пайда болуына себепші Қара хан Моюн чур мен оған қарсы 747 ж. соғысқан Селенгі бойындағы сегіз оғұздар болды.

Себебі Селенгіні мекендеген оғұздардың сегіз тайпасының бірі Иабуткар – "жабысқыр мағынасын білдірген. Сөйтіп 747 ж. тоғыз оғұздар билеуші тайпа Иағлақар бір бөлек, қалған сегізі екінші бөлек болып екіге бөлінген кезде, бұлардың бірі ұйғыр, екіншісі ұйғыр болмаған. Ұйғыр атауының 747 ж. пайда болған жаңа мағынасы бойынша бұл атаумен тек тайпалар одағы ғана аталған. Ал, Ұйғыр қағанатында мұндай одақ – оғұздардың сегіз тайпасының одағы, яғни сегіз оғұз ғана болған. Оғұз қаған эпосындағы мұсылман Оғұз, яғни Сатук Боғра ханның тегі – Қара хан Моюн чур болған. Демек Қара хан мен оның ұлы Оғұзды, бір адам – Қара хан Моюн чур деп түсіну керек. Ал әкесі Қара ханмен соғыспақшы болған. Оғұзды қолдап, соның жағына шыққан ұйғырларды- сегіз оғұздар деп түсіну керек.

Қараханидтердің тектік шежіресі Қара хан Моюн чур-дан басталатындықтан, осы хан мен сегіз оғұздардың, яғни ұйғырлардың арасында 747 ж. болған соғысты, аңыздың алғашқы көне нұсқасындағы Қара хан мен оның ұлы Оғұз арасында болған соғыс етіп көрсеткен. Осылайша Қараханидтер өздерінің тектік шежіресінің бастауын “Огуз намэ”-ге енгізген. Жалғыз өздерін ғана емес, сондай-ақ жаугершілікте туылып, жетім болып өскен Қыпшақ деген баланың, ержетіп жігіт болған кезіндегі тарихын, тағы басқа да түркі тайпаларының орта ғасырдағы тарихын аңызға енгізген. Қараханидтер, аңыздың алғашқы көне нұсқасындағы Қара хан мен оның ұлы Оғұз арасында болған жауласу эпизодын өзгертіп, өздерінің тарихында болған жабысу, бірігу мағыналарын білдіретін ұйғыр атауы дүниеге келетін соғыс эпизодын енгізген. Ұйғырлар, яғни бірігушілер дейтін- аңыз XII-XIV ғасырларда өңделіп, толықтырылып хатқа түскен кезде ойдан шығарылып қосылған қоспа, яғни халықтық этимология.

Ұйғыр атауы Модэ – Оғұз бен Қара хан Моюн чурдың өмір сүрген кездерінде пайда болмаған. Қытайдың әулеттік, “Вэйшу” деген жылнамасында: чиди немесе телелер IV ғасырдың соңында Солтүстік Қытайдан Гоби арқылы Монғолияға қоныс аударғаннан кейін гаогюй деп атала бастады. Осы дерек бойынша қытайлық гаогюй атауы IV ғасырдың соңы мен V ғасырда пайда болған. Ал, Бернштам осы гаогюй атауын, гаогур деп оқиды: “... подсказывают возможное чтение гаогюй, как гаогир – гаогур...” Бернштам жасаған транскрипциядағы га- көмейлік һ дыбысының ойгур немесе уйгур атауының о бастығы алғашқы нұсқасы. Көрініп тұрғанындай X ғасырда уйгур атауы болмаған, оның тек угур немесе огур деген алғашқы нұсқасы, прототипі ғана болған. Бұл пікірді мына дерек дәлелдей түседі: “Юаньге, т.е. хойху, еще называлось Уху, Угэ...” Келтірілген үзіндідегі Уху – ухур немесе угур атауының қытайлық транскрипциясы ал, Угэ – угур немесе угер атауының қытайша дыбысталуы. Угур немесе огур атауы тек VI ғасырда ғана уйгур болып өзгерген. Бұған дәлел – мынадай жолдар: “при династии Суй называлось Вэйге”

Вэйге қытайлық атау, осы атаудың бірінші бөлігі Вэй- түркілік ой және уй сөздерінің қытайша дыбысталған нұсқасы ал, гэ –гур сөзінің қытайша дыбысталған нұсқасы. Сонда Вэйге дегеніміз – ойгур немесе уйгур болып шығады. Суй әулеті VI-VII ғасырларда өмір сүрген. Бұдан шығар қорытынды: уйгур атауы, Модэ – Оғуз бен Қара хан Моюн чурдың өмір сүрген кездерінде пайда болмаған. Оғуз эпосында әкесі Қара ханға қарсы соғыспақшы болған Оғуздың етегіне қос қолдап жабысудан ұйғыр атауы пайда болған дейтін тұсы - ойдан шығарылған қоспа деуге толық негіз бар. Қазақта жаңа туған сиырдың сүтінен жасалған тағамды уыз дейді. Осы уыз көжеге ауылдың қариялары шақырылып, келелі сөздер айтылып, «сүті майлы болсын, береке келсін деп» бата береді. Демек осы жоралғыда Оғыз қағанға сиыну көрініс бар. Селенгіні мекендейтін оғуздардың сегіз тайпасының бір тұтасы одаққа бірігеді. Сөйтіп Тай Білге тұтықты хан сайлап, 747ж. Қара хан Моюн чурға қарсы соғысады. Міне осы соғыс оқиғасында уйгур ұю жабысу, тұтасу бірігу мағыналарын білдіретін атауға айналған. Ал, ешкімге жабысып бірікпеген, сыңар санды билеуші тайпа Иағлақар, ұйғыр атауымен аталмаған, яғни уйгур болмаған. Көрініп тұрғанындай алғашқыда уйгур – оғуздардың сегіз тайпасының саяси одағының жинақтауыш атауы, яғни политоним болған. Әлбетте осы мақалада қараханидтер мәселесі біржолата шешілмеседе, тың жаңа ойлар айтылды деп ойлаймыз.

С.Г. Кляшторний өз еңбегінде 840 жылы Ұйғыр қағанатының құлауы Шығыс Азиядағы жаңа саяси жағдайды қалыптастырды деп жазды. Демек, IX ғасырдың аяғынан бастап Тянь-Шанның таулы алқабында бір кездегі жауынгер көшпелілерге мүлдем ұқсамайтын көпестерден, қолөнершілер мен бағбандардан құралған отырықшы халық қалыптасып, ұйғыр деген атқа ие болды. Қашқар қаласы қараханидтердің орталығы ретінде қарахан хандарының кесенелері осы күнге дейін сақталған. Кейбір батыстық ғалымдардың қараханидтерді ұйғұрдан шығаруын дәлелсіз деп кезінде Г.Е. Грум-Гржимайло қатал сынаған болатын. [7. Стр.389-391]. Қараханидтердің түркі тайпасы дәлел ретінде, олардың ұлы қағаны Құсайын Хасанның құлпытасында жазылған аты арапша аталуынан басқа түрк тіліндеде аталып тасқа қашалған: Alp kilig Tinga Bilgi Turk Togrul kaga han. Бұл қарахандар әулетінің түркі тайпасынан шыққанын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Г. Малявкин. Уйгурские государства в IX – XII вв. Наука. Новосибирск. 1983.г
2. Ю.А. Зуев. “Джами ат – Таварих” Рашид ад – дина как источник по ранней истории Джалаиридов. (Письменные памятники Востока. Ежегодник. Москва. Наука 1972.г)
3. Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей С. Петербург. 1897г
4. Махмуд Қашқари Түрік сөздігі. 3 том Алматы. Хант. 1998.жыл
5. Әлкей Марғұлан «Шоқан және Манас». Алматы. Жазушы. 1971 жыл
6. А. Н. Бернштам Очерки историй гуннов. Л.1956.г
7. Г.Е. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.П.Л. 1926г.

МРНТИ 21.21.25

ТАНЗИМАТ КЕЗЕҢІНДЕГІ «ЖАҢА ОСМАНДЫҚТАР»

Қортабаева Г.Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филол.ф.к.
Шығыстану факультеті, Түрксой кафедрасы

Смагулова Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Түркітану» мамандығының 2 курс магистранты

Аннотация: Основным фактором тесных связей между народами Туркестана и Анатолии является единая религия, культура, схожая система образования и традиции. Помимо этого, были установлены отношения в политической сфере. Наиболее важным является приход религиозных проповедников к Стамбульскому халифату из Центральной Азии и их глубокий интерес к распространению ислама, что является актуальностью исследования. Установлению культурных связей между османскими турками и народами Центральной Азии повлияли общие тюркские корни и единые принципы ислама. Интеллигенция, вышедшая из Центральной Азии представители казахского, узбекского, киргизского и туркменского народов в результате политических преследований получали образование в Стамбуле, возрождали общую тюркскую культуру и единства, а также продвигать идеи тюркизма. Сегодня в рамках культурных связей оно становится все более популярным в рамках Международной организации по развитию турецкой культуры и искусства.

В статье рассматривается развитие образования, религии, культуры и традиций между турками Османского государства и Туркестана в начале XIX века и их интеграция. Представлена деятельность образовательных центров и организаций данного периода. Дан сравнительный анализ уровня образования и культуры в Центральной Азии и в Турции.

Ключевые слова: Османская империя, Религия, Панисламизм, Центральная Азия.

Abstract: The main factor in the close connection between the peoples of Turkestan and Anadola is a single religion, culture, a similar educational system and traditions. In addition, friendly relations have been established in the political arena. One of the important factors is the participation of spiritual preachers from Central Asia in the spread of Islam in the Ottoman state.

The establishment of cultural ties between the peoples of Central Asia and the Ottoman state was promoted by the general rule of Islam and Turkic unity. Representatives of the intelligentsia from Central Asia representing Kazakh, Uzbek, Kyrgyz and Turkmen nationalities visited the city of Istanbul, where they took part in training to modernize common Turkic culture and unity, as well as to promote the idea of Turkism. In turn, they made a significant contribution to the formation of the Republic of Turkey. Today, the culture and art of the Turkic people are quite developed. The article discusses the development of education, religion, culture, traditions of the peoples of Turkestan and the Ottoman state, the relationship between them. Also, the development of educational centers and organizations, their activities during the XIX century. A comparative analysis of the level of education and culture between these countries was carried out.

Keywords: Ottoman Empire, Religion, Pan-Islam, Central Asia.

Түркістан мен Анадолы түрік халықтары арасындағы байланыстың негізі – дін, білім, мәдениет, дәстүрде көрініс алды. Сонымен қатар, саяси қарым-қатынас жағынан

да байланыстар орнықты. Ең негізгісі – Орта Азиядан дінді уағыздаушылар мен оны терең үйренушілердің Стамбул халифатына баруы және Исламның таралуы зерттеу жұмысының өзектілігі болып табылады.

Осман мемлекеті мен Орта Азиядағы түркі халықтары арасындағы мәдени байланыстардың жүзеге асырылуына түбі бір түркілік пен Ислам дінінің ортақ діни қағидаларының бір болуы ықпал етті. Орта Азиядан қазақ, өзбек, қырғыз және түркмен халықтарының өкілдерінен шыққан зиялы азаматтар саяси қудалаудың нәтижесінде Стамбул қаласына барып, ол жақтан білім алуға және ортақ түркілік мәдениет пен бірлікті жаңғыртуға және түрікшілдік идеясын дәріптеуге ат салысты. Сондай-ақ, Түркия Республикасының құрылуында сүбелі еңбек етті. Саяси ықпалдастықпен қатар білім мен мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың жедел өрбуіне тарихи және мәдени бірегейлік пен жалпы ортақ тіл ұқсастығының байланыстылығы өзіндік әсер етті. Халықтар арасында мұсылмандық білім алуда тәжірибе алмасу процестері жүзеге асты және ол мәдени байланыстардың да дамуына ерекше екіпін берді. Бүгінгі күні мәдени саладағы қатынас шеңберінде ең алдымен түріктік мәдениет пен өнерді бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық ұйым ауқымында кең етек алып отыр.

XIX ғасырда Осман империясы әлемдік держава қатарынан саналып, алайда, оның халықаралық қатынастардағы беделі төмендеді. Бұған еуропалық империялардың геосаяси ықпалы өте күшті болып, империя халықаралық саясатта «Еуропаның ауру адамы» деген атқа ие болды. Орта ғасырлардан бастау алып, ғасырлар бойына үш құрлықтың басын біріктірген Осман империясының XIX ғасырға келіп құлдырауының өзіндік себептері болды. Құлдыраудың басты себептері империяда ішкі алауыздықтың күшеюі, саяси тоқырау, заманауи білім мен ғылымның дамымауы, экономикада өндірістің артта қалуы, қазына қаржысын тонау, уақыт ағымына сай тиісті саяси реформалардың қабылданбауы сияқты факторлармен сипатталды.

Осман сұлтандары империяның саяси тығырықтан шығу жолдарын іздестіріп, өзінің саяси тұғырын қайта тіктеуге ұмтылды Мұндай саясатты ұстанудың негізінде Осман империясы бүкіл әлем мұсылмандарына ұран тастады.

Жалпы, Осман империясы құрылғаннан бастап Ислам дінін мемлекеттік дін етіп қабылдаған болатын. Уақыт өте Ислам дінінің негізгі қағидалары мен Шариғат жолын берік ұстанған және одан бөлек басқа да мазхабтар мен діни ағымдарды терең меңгерген Осман мемлекетінің халқы үшін мұсылмандық дін қоғам мен әлеуметті басқарудың басты саяси идеологиялық құралына айналды. Дәлірек айтқанда, Ислам діні мемлекеттің қоғамдық саяси және әлеуметтік жағдайына ықпал етіп, мемлекеттік басқару құрылымдарына белсене араласты. Мемлекеттік билік институттарының біразы Ислам дінінің қағидаларымен жұмыс істеді. XIX ғасырда Еуропадағы саяси идеологиямен сусындаған әр түрлі саяси топтар, бұған қарсы шығып, енді мемлекетте Ислам дінін ұстануға қарама-қайшылықтар туындады. Бұл жағдай осман сұлтандарының Исламды берік ұстауды сақтап, оны керісінше әлем мұсылмандарымен бірге нық ұстауға тырысты [1].

Жаңарған Осман мемлекетінде мұсылмандықты «Жаңа османдар» дәріптеді. Мұсылмандық идеологияны дәріптеген "Жаңа османдар" ғана емес, сонымен қатар кейбір еуропалық елдер де мұсылман қоғамы өзінің құрылымы бойынша демократиялық деп санады. Олардың пайымдауынша, мұндай қоғамда әрбір мүше өз істерінің иесі әрі соған жауапты, ал ата-бабалардың еңбегі немесе сол әулетте өмірге келудің артықшылығы үлкен рөл атқармаған. Османдық мұсылман қоғамында әр адам Алланың өмірдегі жаратқан тіршілік иесі болып табылады. Бұл қоғамдық құрылыста ата-бабалардың еңбектеріне негізделген ақсүйектілік бола алмайды, ал бәрі Құдайдың еркі мен алдын-ала анықтаудың шегінде әрекет ететін жеке тұлға болып басталады және аяқталады [2].

Империя тарихында діни сауат ашып білім беретін арнаулы оқу орындары медреселер болып, олар Осман мемлекеті құрылғаннан бастап Ислам діні бойынша діни білім берумен шұғылданды. Медреселер мен діни сауат ашатын орындардың Осман мемлекетінің ұзақ өмір сүруінде және түрік халқының Ислам дінін бекем ұстануында өзіндік зор үлесі бар. Осман мемлекетінде әлеуметтік тұтастық анағұрлым шектеулі болды. Ислам негізінен демократиялық, дәлірек айтқанда, эталитарлық принциптерді қамтыса да, мұсылман қоғамдарының құрылымы XIX ғасырда өзгеріске ұшыраған Шығыс деспотияларының қалыптасқан нормаларымен анықталған.

Әрине, мұндай пайымдауларда ақиқат үлесі де болды. Бірақ жағдайды қайта бағалау орын алды. Ислам қоғамдары рулық ақсүйектік жүйені және осыған байланысты туудың артықшылықтарын шын мәнінде білмесе де, әлеуметтік қатыстылығы, бұл қоғамдарда үлкен маңызға ие болды, себебі бұл қоғамдар сыныптау болды.

Алайда, Исламшылдық жүйесіне қайта оралғанда, "Жаңа Османдар" оны Шығыс елдеріндегі еуропалық экспансияның мұсылман ынтымақтастығын қарсы қою үшін пайдаланғанын атап өткен жөн. 1872 жылы "Жаңа Османдар" басшыларының бірі Намық Кемаль "Ибрет" газетінде жаңа саяси идеология алдында мұсылмандарды біріктіру қажеттігі туралы жазған.

Осман империясында панисламизмнің таралуына алғаш 1869-1872 жылдары Стамбулда атақты Панисламизмнің идеологы, ұйымдастырушысы саналған Джамалад-Динәл-Афгани ілімінің таралуы ықпал етті. Айта кететін жайт, әл-Афгани Стамбулға панисламдыққа қатысы жоқ, Бас уәзір Али Пашаның шақыруымен мұсылман ғалым ретінде Ауғанстаннан дәріс оқу үшін келген еді. Осы жылдары Стамбулда Әл-Афгани түрік ғалымы Ниязи Беркес және американдық зерттеушісі Никки Кеддимен таныс болған[3]. Әл-Афганидің Стамбулға келуі Осман мемлекетінің белсенді реформаторлық қызметімен байланысты болды. Ол Танзимат реформасының соңғы кезеңіне сәйкес келді. осының негізінде Осман империясында 60-шы жылдардың соңында панисламистік идеялар кеңінен таралды. Бірақ олар тек 1871 жылы Али-пашаның өлімінен кейін ғана күш жинады.

Осман империясының құрамында христиан халықтарының елді мекендерін ұстап тұру әрекеттерімен қатар, 70-ші жылдары үкіметтік ортада осман билеушілерінің билігінің тірегі және негізі ретінде мұсылман ынтымақтастығы идеяларына үлкен мән берілді. Н.П. Игнатъев Александр II-ге: "Соңғы уақытта Осман мемлекеті Шығыстағы діндес елдерге ерекше қызығушылық танытып жүр. Халифаттың жарқын өткенін еске алып жүрген шығар... Стамбулдағы шағын мұсылман мемлекеттерінің өкілдері бұрынғы білім беру министрі Ахмед Вефикэфендинің жанына түрік-парсыдиалектілерінің сөздігін дайындау сылтауымен Орталық Азияға қатысы бар барлық исламшылдық қимылдармен айналысуда, - деп хабарлады.

Осы уақытта мұсылмандық бірлік идеялары көптеген Шығыс мұсылман елдерінде кеңінен таралған еді. XIX ғ. 70-ші жылдардың бірінші жартысында әр түрлі алыс-жақын мұсылман елдерінде ынтымақтастық туралы Осман мемлекетімен жаақсы байланыстар орнады. Стамбул соңғы уақытта, - деп жазды Н.П. Игнатъев кезекті мәлімдемесінде, - бұл миссияның жиілігі "Жас Түркияны" уағыздайтын мұсылман бірлігі идеясы алыс елдерде ұстанатын көрінеді. Бұл – сұлтанның барлық мұсылман мемлекеттеріне ықпалының артатындығына үміт береді. Менің ойымша, османдық министрлер халифті қастерлеудің осы манифестацияларының алдында өзін қиыншылықта сезінеді. Олар сұлтанның қадірқасиеті мен өзін-өзі сүйгіштігін мойындамайды".

Ресей елшісінің бұл куәлігі 70-ші жылдардың басында панисламизм идеяларын үкіметтік топтарда әлі алған жоқ немесе жалпыға бірдей танылмағанын, бастапқыда бұл идеяларды либералдық санаушылардан емес, оларды шын мәнінде қабылдаған

және тіпті осы жылдары уағыздауға тырысты, ал Осман империясына сырттан енгенін растайды. Шығыс елдеріндегі еуропалық экспансияның салдары мұсылман халықтарын өз мүдделерін біріктіруге және бірлесіп қорғауға итермелеген объективті фактор болды. Демек, мұсылман ынтымақтастығы идеялары әр түрлі елдерде бір мезгілде пайда болуы мүмкін. Ислам діні ілімінің пайда болуы Таяу және Орта Шығыс елдерінің тарихи даму ерекшелігінің салдары болды. Сондықтан, ол бұрын қайда пайда болғанын айту қиын[4].

XIX ғ. 60-70 жылдарында Осман империясы құлдырауға жақын болса да, көптеген мұсылман халқы бар анағұрлым күшті және салыстырмалы түрде тәуелсіз мұсылман мемлекет болды. Осман империясына сол кездері 14 млн. мұсылман түркі тектес халықтар, оның ішінде қазіргі түріктер, түркмендер, татарлар т.б. және 5 млн. жуық арабтар мен көпшілігінде мұсылман болған 1,2 млн. албандар,. Мемлекетте жалпы саны 38 млн. 493 мың тұрғынқұраса, оның 20,5 млн. Мұсылмандар болды. Бірнеше ғасырлар бойы мұсылман әлемінің орталығы болып табылатын бұл мемлекет мұсылман үшін XIX ғ. аяғында да осындай болды.

1873 жылы Стамбулға Орталық Азиядан Бұхара, Шыңжаң, сондай-ақ, Қашғар билеушісі Якуббектен уәкілдер келді. Ұлы уәзір Мехмет паша атақты мұсылман отбасыларының генеалогиялық шығу тегіне қызығушылық танытып, Қашғарда Йеттишар мемлекетінің билеушісі Сейид Якуббек өкілімен жеке байланыс орнатты. Сол кездегі түрік газеттеріне түрлі мұсылман мемлекеттерінің елшілері Стамбулдағы сапарлары жайлы үн қатқан. 1873 жылғы басылымдарда соңғы 3 жылда Осман империясының астанасына Бұхара, Қоқан, Жаркент, Шыңжаңдық өкілдері барғанын хабарлады. Басты мақсат, аймақта Ресей билігі мен Қытай экспансиясына әрі туыс, әрі діні бір мемлекет ретінде түріктерден көмек сұраған. Осман империясының исламдық саясатын жақсы түсіндірген Араб газеттерінің мұсылмандардың ақыл-ойына (әсіресе араб тілді елдерде) ықпалы және Сұлтанның күштілігі мен оның халыққа ықпалы туралы пікір білдірген ең батыл жарияланымдары туралы деректер келтірілген. "Мұндай баспасөздің ақылға әсері зор, өйткені Орталық Азияның көптеген елдерінде Құран тілін жетік меңгерген және бір-бірімен тұрақты қарым-қатынаста жүрген халықтың көп немесе аз білімді топтары бар... - деп атап өтті мақаланың авторы[4, 111-113 с.].

Барлық мұсылмандарды біріктіру және халифаттың құдіретін қайта жаңғырту идеясы егер басқа Азия елдерінде, әсіресе Әмударияның басқа жағына қарай орналасқан болса, автор пайымдауынша, Азия мен Шығыс Еуропада үлкен өзгерістерге алып келеді. Панисламизм жүйесінің таралуы және оны әдетте Сұлтан Абдулхамит II басқару дәуірімен байланысты практикалық саясатта қолдануға әрекет жасау әлдеқайда ерте басталды. Бұл жүйе Танзимат жылдары пайда болды. Үкімет османдық қағидаларын жүзеге асыруға және империяны қалпына келтіруге тырысты. Мақалада келтірілген үзінділерінен 70-ші жылдары бұл ілімнің кеңінен таралып, Осман азаматтығының аумақтық қағидаттарына негізделген бұрынғы негіздерін біртіндеп ығыстыра бастады.

Жаңа жүйе бұрынғыға қарағанда діни негізде болды және Осман империясының ғана емес, барлық мұсылмандардың санасына әсер етті. Онда еуропалық саясатқа қарамақайшылық пен ішінара қиындықтар болды. Алайда, ірі еуропалық отаршыл державалар мұны ескерді.

Дегенмен, осман үкіметі қанша қаласа да осман Халифаның өсіп келе жатқан рухани беделін толық пайдалана алмады. Бұған қоса Абдул-Азизбен ешқандай қатынас жасай алмады. Стамбулға келген мұсылман елдерінің елшілері нақты көмекке қарағанда символдық қолдауға ие болды. Қашқар өкілі сапарының соңында сұлтанның шақыртуын ала алған жоқ, оған Бас уәзірдің хаты ғана келіп түсті. Онда Бомбейдегі

Осман елшісіне мұсылмандар арасында халифті насихаттауды белсенді түрде жүргізу туралы ұсыныс жазылған. Шығу қарсаңында Сейид Якуббек елшісі сұлтанмен бірге көрерменді қабылдады. Оған Құран кітабымен бірнеше қорап табысталды. Қашғар қаласында әскери мектеп ашуға оқытушы офицерлерді жіберу туралы өтініш ішінара қабылданды. Осман мемлекеті екі офицеріне Сейид Якуббекке баруға бұйрық берілді, бірақ сұлтан құрылған әскери училищеге ешқандай қаржылай көмек көрсеткен жоқ. Екі жылдан кейін Қашғар елшісі [5.] қайтадан Стамбулға келді. Сұлтаннан сыйлық ретінде оған байрақ пен алтыннан өрілген шапан, 1000 қару-жарақ берілді. Қашғар билеушісінің бірінші ұлы үшін 2-дәрежелі, екінші ұлына 3-дәрежелі төс белгілері берілді. Н.П. Игнатъевтің айтуынша, Сұлтанмен қоштасу рәсімі қысқа болды. Ресми хаттамалардан кейін Абдул Азиз барлық көрші елдермен жақсы келісімде өмір сүруге ұсыныс жасады. Қашғар елшісінің бұған көңілі толмады. Осы қабылдауда оның бауырластарға деген немқұрайлыққа көзі жетті және осыған дейінгі барған сапарлары үшін өкінді [5, 241-243 с.].

Еуропалық тарихнамада немесе батыстық көзқарастағы түркиялық тарихшылар, шовинистік ұстанымдағы ресейлік ғалымдар Осман империясын бүкіл әлемде «Жиһад» соғыстарын ұйымдастырушы деп айыптайды. Мұндай ғылыми тұжырымдар өз кезегінде концептуалды мәселелер тудырып, түрлік көзқарастар қалыптастырды. Дегенмен, сол уақыттағы діни бірлік пен оның халықаралық саясатқа ықпалын тарихтың өзі көрсетіп берді. Себебі, мұндай процестер әлемнің әр нүктесінде орын алып жатты. Мысалы Ресей империясы өзін Православие әлемінің лидері санап, ол Балқандағы славян және православ халықтарын бір тудың астында ұстауға тырысқан. Батыс Еуропа империялары болса, Америка мен Африка құрлықтарында осындай діни саясат жүргізген.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Akif Aydın M. *Islam Hukuku'nun Osmanlı Devleti'nde Kanun Hukukuna Doğru Geçirdiği Evrim.* // *Türk Hukuk Tarihi Araştırmaları.* –2006. –№1– S.11-21
2. Kemal Beydilli. *Yeni Osmanlılar Cemiyeti // İslam Ansiklopedisi.* – İSLAM 2013. – №43. – P. 430-433.
3. Степанянц М.Т. *Мусульманские концепции в философии и политике XIX-XX вв.* – М.: Наука, 1982. – 248 с
4. Фадеева, И.Л. *Официальные доктрины в идеологии и политике Османской империи/османизм - панисламизм/: XIX - начало XX в.* – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1985. – 271 с.
5. Васильев А.Д. *Знамя и меч от падишаха. Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI - начало XX вв.)*

ЗМИЙ/ЗМЕЯ В ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ АЛТАЙЦЕВ

Сарбашева С.Б.

к.филол.н., доцент кафедры алтайской филологии и востоковедения
Горно-Алтайского государственного университета, Россия

В мифологическом представлении алтайского народа змий/змея – это и фантастическое существо, наделенное многообразной символикой и рептилия. Мифы и легенды об Улу ‘Змий-Дракон’, Кер-јутпа ‘Гнедое глотало’, Јеек-јылан ‘Змий пожиратель’, приметы и фантастические и реальные рассказы о них до сих пор будоражат ум современного человека: угощать заползшую в дом змею – обычай всех тюрко-монгольских народах.

В.Я.Пропш в мировом фольклоре не делал существенных различий между змеей и змием, но в текстах своих произведений он предпочитал использовать термин «змея» [1. С. 183–241]. А.В. Гура, признавая тождественность рассматриваемых образов и символики, он, тем не менее, их дифференцирует, иногда как обычная змея, у которой выросли крылья [2. С. 278]. Главное отличие, по его мнению, состоит в том, что в традиционной культуре змей – это, как правило, существо вымышленное и обладающее фантастическим обликом, не имеющим реального соответствия в природе. В то время как змея – это конкретный биологический вид рептилий, хотя и наделяемый демоническими признаками [Там же].

Анализ алтайских эпических произведений позволяет выделить 7 видов змиев/змей в тексте: 1) Улу ‘Змий-Дракон’ 2) Кер-жутпа ‘Гнедое глотало’, 3) Јеек-јылан ‘Змий пожиратель’; 4) Јылан ‘змея’, сары корон јылан ‘желтая ядовитая змея’; 5) змея – пища; 6) змея-оборотень; 7) змея – вещь, символ подземного мира. Все они выполняют функцию глотания и пожирания, но имеют некую внутреннюю иерархию, могут иметь и положительную и отрицательную коннотации.

В преданиях о сотворении земли говорится, что Улу ‘Драконоподобные чудовища, Змий’ держат землю, являясь балансом и равновесием земли, кроме того, они приносят в осознание человека такие понятия как «безопасность-опасность», «жизнь-смерть», «рождение после смерти (сюжет вспарывания живота дракона и выходящих на белый свет людей и скота)», занимает первую позицию в иерархии змиев. Дракон в скифской культуре является самой узнаваемой символикой: находясь в круге, он олицетворяет динамику, мощь, силу. Скифский дракон отличается от горизонтально расположенного китайского дракона.

Кер-жутпа ‘Гнедое глотало’, второй вид змиев, отражается в текстах как помощник шамана, имея крылья, помогает передвигаться ему по трём мирам в поисках души человека, выполняя роль коня. По внешнему описанию они имеют огромные пасти: верхняя губа хватает с неба облака, нижняя цепляет землю.

Третью позицию занимает Јеек-јылан ‘Змий пожиратель’, который больше представлен как отрицательный герой, служитель Эрлик-бия – владыки подземного мира, который только пожирает, имеющий несколько голов (от 2 и более).

Корон сары јеек јылан

Ком аразынан көрүнип келди.

Корон талай јарадына

Козурап, күзүреп чыгып келди.

Көкси болзо јерде јылат,

Куйругы болзо талайда јүзет.

Тогус бажы јергележип

Терек өрө эмди јылат.

Тогус катап терекке оролот,

Тогус баштын белтир бойы

Текши эмди көрүнип келет. [Солотой-Мерген].

Јылан ‘змея’, сары корон јылан ‘желтая ядовитая змея’ выполняет функцию убийцы-пожирателя, исполнителя приказов, но, как правило, остаются обманутыми, изображается как глупец. В содержании текста змей обычно бывает 2,7 и более.

1340 Жгучий мороз ударил,

Поверхность Алтая [от него] растрескалась,

Железный тополь с треском раскололся,

Два одинаковых прожорливых змея,

Свернувшись, заснули [Маадай-Кара].

Пятое место занимает вид «змея – пища»: для людей среднего мира является пищей из-за отсутствия или запрета другой, изображающее нетипичную еду, обычно по ней определяют опасность ситуации, встречу с представителями нижнего мира.

Его мать Алтын Тарга
Четырехухую бронзовую чашу
На огонь поставила.
3640 Мясо змей и лягушек
Подогрела и подала.
Суп из вшей и гнид
Подогрела и подала [Маадай-Кара].

Шестой вид «Змея-оборотень» несет мифологическую семантику оборотничества, как архаическое представление о возможном переходе из одного облика в другой, при состояниях на грани жизни и смерти:

5265 То, что Когюдей Мерген принял
За табун каурых лошадей, заполнивших лог,
Желто ядовитой саранчой оказалось,
То, что молодой богатырь принял
За табун [белых] лошадей, заполнивших равнину,
5270 Оказалось кузнечиками,
То, что он принял за табун иноходцев,
Желто ядовитыми змеями оказалось.

Семидесятиаршинного змея
В красивого иноходца превратив,
5275 На него, оказывается, посадила [Кара Таади]. [Маадай-Кара].

В данном сюжете семиаршинный змий опять, как и Кер-јутпа, выполняет функцию коня, на котором герой прибывает в подземный мир, такого рода примеры могут быть основой для предположения, что змий является парой коня при создании братьями Ульгеном и Эрликом всего живого на земле.

И на последнем седьмом месте – змея как вещь, как знак принадлежности к нижнему миру (плетка, повод из змеи).

3360 Коварные мысли имела
Кара Таади молодуха.
Любимая [дочь] Эрлик бия
[Держала] повод из мертвой змеи,
[Держала] плетку из живой змеи.

3365 Хихикая, смеялась,
Набок склоняясь, пела,
Игриво хохотала,
Визгливо, протяжно пела.

Многочисленный скот плетью погоняла,
3370 Колотушкой многочисленным народом правя,
Повод из мертвой змеи
Вверх и вниз трясет,
Плеть из живой змеи

На локоть наvertsела –
3375 Так она ездит. [Маадай-Кара]

Таким образом, образ змия/змея остается наиболее сложным для понимания героем в алтайском фольклоре и религиозно-мифологическом представлении. Общий анализ алтайских эпических произведений показывает, что имея двойственное значение, он может быть и положительным и отрицательным героем. В дуальном мире

архаичных эпосов, мифический змий вполне может быть двойником коня, как существо, преодолевающее большие расстояния между мирами, куда, по представлениям алтайцев, невозможно дойти пешком, доехать на богатырском коне: выполняя важную роль переносчика в пространстве и времени, он способен передвигаться по суше и морю, не чужды ему ни нижний мир, ни средний.

ЛИТЕРАТУРА

1. Пропп, В.Я. Исторические корни волшебной сказки. М. : Лабиринт, 2009. 332 с.
2. Гура, А.В. Символика животных в славянской народной традиции. М.: Изд-во «Индрик», 1997. 912 с.
3. Суразаков, С.С. Алтайский героический эпос / С.С. Суразаков ; Отв. ред. В.М. Гацак, М.: Изд-во «Наука», 1985. 255 с.
4. Маадай-Кара. Алтайский героический эпос. М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1973. – 474 с.

ҒҰН ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ЕСКІ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫНДАҒЫ ТАҢБАЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

Қайрат Ғабитханұлы
(ф.ғ.к., профессор Алматы к.)

Түйіндеме: Тіл білімінде ғұндарда жазу болған-болмағандығы, көне түркі жазуы қандай жазуға жатады, ол ғұн жазуының заңды жалғасы ма және ол қашан, қандай негізде пайда болған деген мәселе төңірегінде ғалымдар пікірлері әртүрлі. Зерттеуде қытай тарихнамаларындағы деректер негізінде осы мәселелер төңірегінде ой қорытылған.

Тірек сөздер: ғұн жазуы, көне түркі жазуы, қытай жылнамалары

Abstract: Scholars disagree about whether the Hunnish script was in linguistics, how ancient Turkic writing was, whether it was a legitimate continuation of the Hun script, and when and on what basis it appeared. The study summarizes these issues based on data from Chinese historiography.

Key words: Hunnish script, ancient Turkic script, Chinese annals

Кіріспе

Түркологиялық зерттеулерде ежелгі ғұндарда жазу болған ба деген мәселе – бірнеше ғасыр бойы ғалымдар назарын аударып келген күрделі тақырыптардың бірі. Оның басты себебі ғұндарға байланысты тарихнамалар мен бастау хаттардың көбісінің қытай тілінде жазылғандығында және жазу туралы деректердің тым аздығына байланысты болса керек.

Талқылау нәтижесі

Біздің пікірімізше, ғұндардың өз жазуы болған және ескі түркі жазуы - ғұн жазуының заңды жалғасы. Қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен кейбір деректер мен табылған таңбалар соның дәлелі.

Нәтижесі

Қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен ғұндарға тән деректерді зерттеу мәселесі - отандық ғылымда әлі толық қарастырылмаған тың тақырыптардың бірі. Мұндай зерттеулердің болашақта тіл ғылымы үшін де, тарих ғылымы үшін де берері зор деп білеміз.

Негізгі бөлім

«Ежелгі түркілердің арғы тегі - ғұндарда жазу болған ба? Көне түркі руна жазуы ғұн жазуының жалғасы ма? Ол қашан, қандай негізде пайда болған?» – деген мәселе

төңірегіндегі ғалымдар пікірлері әртүрлі. Кейбір зерттеушілер Қытайдың Ханнамасындағы: «Ғұндарда жазу жоқ, олар сөз байласып, уәдеде тұрады» [Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. 1998, 69 б] - деген деректі негізге алып, ғұндарда жазу болмаған деген пікір айтады. Сондай-ақ олар тарихи деректерде айтылған ғұндар мен хан патшасы арасындағы дипломатиялық қатынаста ғұндардың хан патшасына жазған хаттары мен сол тұста ғұндарға бағынышты болған «батыс өңірдегі» 36 елге жіберген жарлықтары түгелдей қытай тілінде жазылған, яғни оның бәрін ғұн еліне қашып барып, сонда паналап қалған қытай оқымыстылары жазып берген деп қарайды. Ал кейбір зерттеушілер болса Батыс хан патшалығы (б.з.д. 206-23 жылдар) тұсында өмір сүрген Хуан Куанның «Тұз, көмір жөнінде, қызмет көрсету мәселесі» деген кітабындағы (ғұндарда) жөн-жоралғы туралы ережелердің (заңдардың – Қ.Ғ) топтамасы болмағанымен, **сүйекке ойып, теріге ойын басқан жазумен** ел билеушілері өзара хат-хабар алысады, Тәңірқұт пен оның көмекшілері жан-жаққа елші жұмсайды» [УаңЖуңхан. 1994, 235 б] - деген деректерге сүйеніп ғұндарда жазу болған деген пікірді қолдайды. Біз де ғұндардың өз жазуы болған деген пікірді қолдаумен бірге, ескі түркі жазуы ғұн жазуының заңды жалғасы деген көзқарасымызды дәлелдеп көрмекпіз.

Кезінде ғұндар одағына салт-дәстүрі мен тілі бір-біріне жақын көптеген ұлыстардың біріккені белгілі. «Ханнамада» айтылатын б.з. 176 жылғы ғұн тәңірқұтының хан патшасына жазған хатында «Тәңір медет беріп қолбасшыларымыз бен жасақтарымыз сығай, қолбасыларымыз мықты болды да Нәтшелерді (ружы, юежы, иүз деп те оқылып жүр) күйреттік. Ғұруран, Үйсін, Хага (Хуже) ұлыстары ішінде олармен көршілес 36 ел ғұндарға бағынады. Садақ асынған көшпенділердің баршасы бір үйдің адамындай болды...» - десе [Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. 1998, 450 б], Бангу (б.з. 32-92 жылдарында өмір сүрген): «Үйсіндердің батысынан Парфияға (Парфия - тарихта орталық азиядағы Ферғананың батысындағы ел) дейін ғұндар көрші отырады. Ғұндардың соққысын көрген Нәтшелер батысқа қарай ауып, көп азап шеккен еді. Мұны көрген Дадуандықтар (Ферғаналықтар туралы айтылып отыр - Қ.Ғ.) ғұндардан өлердей қорқатын болды. Ғұн елшілері **тәңірқұттың хатын** алып келсе болғаны деп, оларды тарықтырмай, айтқанын екі етпей азық-түлікпен қамтамасыз етуге бұйырады. Ал Дадуанға барған хан елшілері ақша төлемесе, азық таба алмайды, ат-көлік ала-алмайды. Олар ғұндар мен хан адамдарына міне осылай екі түрлі мәміле жасайды...» - деп жазады [Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том, 1998, 609 б]. Осында айтылып отырған «Тәңірқұттың хаты» өзіне бағынышты сонау Ферғана еліне Қытай тілінде жазылды деу қисынға келмейді. Өзіне 36 елді бағынышты етіп отырған алып ғұн империясының «әдет-ғұрпы, тілі жақын, бір үйдің баласындай» халқын қытай тілінде жарлық жазып басқаруы, халқы мен мал-мүлкінің есебін қытай жазумен жазып реттеп отыруы, құпия хат-құжаттарды өзінің жауы болып отырған қытайлардың тілінде жазуы мүлде ақылға симайтын нәрсе. «Хан патшалығы тарихы. Юнди баянында 汉书.元帝纪» Хан қолбасшысы Чынтаң ғұндардың тәңірқұт қаласын талқандап, көптеген ғұндарды тұтқындаумен бірге, қолға түсірген суретті кітаптарды хан сарайындағы ханымдарға көрсеткені баяндалған [Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. 1998, 253 б].



Ғұндардың ежелгі атамекені Иншан(Шүлен тауы) өңіріне талылған таңбалар. [6 <https://kknews.cc/history/6gakz6m.html>]. (匈奴文字：早期北亚草原上的文明曙光)

Сонымен бірге қытай деректері Ғұндардың өздеріне тән төл атақ- лауазымдары болғанын, қас тасына ойылып жазылған жазуы бар мөр ұстайтындарын да растайды, Қазірге дейінгі археологиялық зерттеулер бойынша, қазылған ғұн молаларынан қыш, металл бұйымдарына ойылып жазылған таңбалары табылып отыр[Шиан Ииңже,1994, 61-62 бб].



Ғұндардың моласынан табылған мөр Қытай жылнамаларындағы «Қаңлылар шежіресінде»: «ғұндар 50 дана бал таяқшасын пайдаланып, жақсылық пен жамандықты алдын ала біліп алады» делінген [Дуан Лиянчин. 1996, 398 б]. Аталған бал таяқшаларға болашақты болжау мақсатында әртүрлі сан-цифрлар мен жазулар жазылған болуы мүмкін. Себебі, бал ашу ерте замандарда «есептеу ілімі» саналатын және ол арқылы жақсылық пен жамандық туралы болжаулар жасалатын. Жоғарыдағы деректердің бәрі ғұндарда жазу болғандығының бұлжымас дәлелі болса керек.

Отандық ғалымдардан белгілі түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы ғұн жазуына байланысты мынадай деректерді алға тартады: «1982 жылы Монғол археологтары Бұлғын аймағындағы Бабалы (Өвгөнт) бөктеріне жерленген Хунну моласынан қыруар олжа тапты. Олардың ішінде алтынмен аптап, күміспен күптеген ат әбзелдері, сом алтыннан құйылған 39 қапсырма сияқты мүліктерге қоса, дөңгелек үстіндегі алтыннан шеніп жасаған пеңгей (пеңгей-медальон, қаңғай-медаль) де бар еді. Дүние жүзі ғалымдарының зарыға күткені де осы пеңгей сияқты деректі айғақ болатын» - дей келіп, диаметрі 3,5 см болатын пеңгейдің ортасында қауметті қаба сақалы, қияқ мұрты бар адамның бейнесі шекілгенін, бейненің екі жағына көне руниканың 9 әрпінен тұратын 4 сөз жазылғанын айтады. Жазудың транскрипциясында «Ой – Сенгір» «Елші ынты» деген сөздер бар екен.

Қазақша аудармасы:

1.«Ой - Сеңгір». 2. «Елшінің найзасы» болып шыққан. Осы жазулардан ғалымдар мынадай тұжырымдама жасайды:

1. Хуннулар дыбыс бейнелейтін алфавиттік жазу қолданған.

2. Бұл жазулар хуннулардан бері ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып, X ғасырға дейін қолданылады.

3. Монғолия мен Тува, Қазақстан мен Қырғызстан жерлерінен ұшырасатын жүздеген руникалық айғақты бұдан былай тек VII–IX ғасырдағы түркілерге ғана тән деп емес, енді хунның, Тоба, Вей, Сяньби, Жуан-жуан қағанатына да қатысты мұра деп қарастыруға болады.

4. Хуннулар байырғы түркі (баба түркі) тілінде сөйлеген және мемлекеттік тілі түркі тілі болған.

5. Хуннулар тілінің бірден-бір мұрагері қазіргі түркі халықтары екені де дау тудырмақ емес». [Қаржаубай Сартқожаұлы. 1991, 455-456 бб]

Ә.Марғұлан былай деп жазады: «Қазақстанның байтақ өлкесінде төрт түрлі жазудың үлгісі сақталған. Ескі ғұн, үйсіндер пайдалаған руна жазуы. Шығыс Түркістанда ұйғырлар пайдаланған арамей жазуы (Жұбан ана, Батағай), араб жазулары болған» – дей келе, түркілерге тән бітік жазуға тоқталып былай дейді: «Бітік» (жазу) – ескі ғұн дәуірінен келе жатқан ескі сөз. Ол орхон жазуларында да айтылып отырады. Көп ғалымдардың зерттеуінше, «Бітік» сөзі хун заманында қытайлар айтатын «Піт» сөзінен шыққан, ол ашық бетке түсіретін қаламның ұшы. «Бітік» (жазылған сөз), бітмек(жазу) – тарихи дәуірлерде Орталық Азияда, Қазақстанда әкімшілік құрған орындардың барлығына белгілі сөз. Олардың жазуында айтылған сөз – «ол бітік бітті» – «ол жазу жазылды» [Марғұлан Ә. 1977] .

Демек, ғұндардың жазуы болғаны талас тудырмайды. Мәселе қандай жазу қолданған деген пікірде. Кейбір ғалымдардың «ғұндардың қолында ұстаған мөрдегі ойылған жазулардың пішіні Чин дәуіріндегі (б.з.д. 221- б.з.д 207ж.) қытайдың ежелгі көне жазуына ұқсайды, оны ғұндар қытайлардан үйренген» [Лин Ган. 1979, 50 б] деуінде ешқандай негіз жоқ. «Пішіні» сәйкес келеді деп мәселеге бір жақты қарау ежелгі жазулардан хабары бар адамдар үшін иландыратын пікір емес. Қытайдың сүйекке жазған сауыт-сүйек жазуы (jiaguwen) мен Жин жазуы (jinwen) тұсындағы таңбалардың кейбірі мағына, пішіні жағынан ежелгі Египет, Шумер жазуларына ұқсас пиктографиялық және идиограммалық жазу екенін, алғашқы адамдардың барлығы дерлік мағынаны нақты заттың сұлбасын сызу арқылы, бір-біріне ұқсайтын немесе жақын келетін бейнелі жазумен (пиктографиялық жазу) білдіргенін білеміз.

Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралған. Ол таңбалар тұтас хабарды, не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әр таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Адамзат тарихындағы ең ежелгі жазу ол - пиктографиялық жазу. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады. Суретін салуға болмайтын абстракт ұғымдарды беру үшін басқа заттардың суреті қолданылған. Мысалы, махаббаты – сызықшамен қосылған екі жүректің, достық –ұстасқан екі қолдың, соғыс – садақ оғының суретімен белгіленген. Ең ежелгі жазудың және бір түрі – идеографиялық жазу. Онда жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет арқылы немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Онда әр сөздің де тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады. Идеографиялық жазудың бір түрі – иероглиф жазуы. Қазіргі қытай жазуы буындық идеографиялық жазуға жатады.

Жалпы дүние болмысының пішіні мен мәні адамзат үшін ортақ болғандықтан адамдардың оны бейнелеп жазуында ұқсастықтар болуы сөзсіз. Ал жоғарыда сөз болып отырған қытайдың Чин дәуіріндегі және одан бұрынғы жазулары, негізінен

пішіні мен оқылуы әркелкі болған, тек хан дәуірінде (б.з.д 202 жылдан б.з 220 жылға дейін) ғана бірлікке келтірілген пиктографиялық және идиограммалық жазу болатын.


Hun	Chinese	Hun	Chinese	Hun	Chinese			
1	二	2	五	3	六	У	Р	√
4	七	5	八	6	九			
7	七	8	甲	9	乙	2	Θ	2
10	丙	11	王	12	丁	4	Π	6
13	己	14	卯	15	午	M	而	儿
16	化	17	公	18	朋			
19	大	20	行	21	工	У	人	ω
22	其	23	口	24	木	10	11	12
25	禾	26	羊	27	羊			
28	日	29	月	30	角	太	∩	山
31	牛	32	工	33	魚	13	14	15
34	刀	35	鳥	36	城	山	人	☆
37	丘	38	丘	39	丘	16	17	18

Қазірге дейін белгілі болған ғұн жазуының таңбалары [12. <https://kknews.cc/history/6qakz6m.html>] . (匈奴文字：早期北亚草原上的文明曙光)

Ескі түркі жазуы Ғұн жазуының заңды жалғасы ма? Бұл ғылымда дәлелдейтін тұстары көп күрделі тақырыптардың бірі.


Көне түркі жазуларындағы кейбір таңбалардың мағына білдіретіндігі туралы түркітанушылар бұрыннан айтып келеді. О.Сүлейменов орхон-енисей жазуларында біраз иероглиф әріп (буква-иероглиф) сақталған дейді [О.Сүлейменов. 1998, с.313].

Түркілердің жазуы туралы ең алғашқы дерек қытайдың «Жоу патшалығы тарихы. Түркілер шежіресі» мен «Солтүстік патшалықтар тарихы. Ху лүй Чиянжүйдың өмір баянында» айтылған. Алдыңғысында: «жазуы Хулардың (ху - деп түркілер айтылып отыр - Қ.Ғ.) жазуына ұқсайды» десе, соңғысында: «Дай жерінде туған (Дай - қазіргі ҚХР-дың Шанши өлкесіндегі ежелгі елді мекен аты - Қ.Ғ.) Ли Шычиң төрт тіл білетін танымал адам болған... Патша Ли Шычиңге будда номдарын түрік тіліне аудартып, түркі қағанына жібергізді. Орда хатшысы Ли Дилиңға алғы сөз жаздырды», - делінген. [14. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том. –2003, 86-89 бб] Бұл түркілердің Таспар қағаны тұсына (574-576 жылдарда) тура келеді.

Түркілердің көне руникалық жазулы ескерткіштері біз айтып отырған ғұндар заманынан 6-7 ғасыр кейін жазылған болса да, соған қарамастан, кейбір таңбалар оқылуы болмаса пішіні мен мағынасы жағынан 3000 жыл бұрын хатқа түскен ежелгі қытай жазуына сәйкес келеді. Мәселен: түркілердің көне руникалық жазуындағы «» таңбасы «оқ»(ок)деп оқылады, кәдімгі садақтың оғы (жебе) мағынасын береді, («оқ» деген сөздің ру, тайпа мағынасы кейін пайда болған) қытайдың ежелгі сауыт-сүйек жазуы (甲骨文 – б.з.д. 1300-1100 жылдардағы жазу) мен қола жазуындағы (金文) «оқ», «жебе» деген ұғым дәл осымен ұқсас ↑ түрінде таңбаланған. Қазіргі қытай тілінде жебені 矢 деп жазып, «shi» деп және 箭 деп жазып, «jian» деп те оқиды. Аталған иероглифтің қытай тілінде садақ оғы деген мағынасынан басқа ең қызығы «қасам беру,

серт беру, сөзінен қайтпау» мағыналары бары көңіл аудартады. Бұл ежелгі сақ, ғұн түркі тектес көшпелілердің садақ жебесін ақбоз аттың қанына малып серт беретін дәстүрін еске түсіреді. Қытайларда мұндай салт-дәстүр мүлде болмаған. Аталған иероглифтің сонымен бірге алдыңғы мағынадан туындайтын «тура әділін айту», «айтылған сөз – атылған оқ» дегендей мағыналары бар. Сонда бұл эроглифтің яғни таңбаның иесі кім?

Ескі түркі жазуындағы « / » таңбасы «он» (он) деп оқылып, кәдімгі «он» деген сандық мағынаны да білдіреді. Ал ежелгі қытай жазуында тік сызық « | » дәл сондай «он» деген мағынаны білдірсе, қазіргі қытай тілінде «он» деген сөз 十 деп жазылып «shi» деп оқылады. Көне түркі руника жазуындағы «М» таңбасы «lt, Alt» (лт, алт) деп оқылады, яғни сандық мәндегі «алты» дегенге жақын. Осыған жақын ежелгі қытай жазуындағы «𠂇» таңбасы кәдімгі «алты» ұғымын білдіреді; айырмашылығы сол, қытайша бұл таңбаның бұрыштары төмен қаратылған және қазіргі қытай тілінде «liu» деп оқылады.



(Ежелгі қытай жазуында сандардың жазылуы)

Сол сияқты руникадағы 𐰇 таңбасы «baś, bäs» деп оқылады, яғни түркі тілдеріндегі сандық мәнді білдіретін « бес, беш» дегенге жақын. Ежелгі қытай жазуында да «бес» деген сандық мәнді дәл осы пішінде таңбалаған, қазіргі қытай тілінде оны 五 деп жазып, «wu» деп оқиды т.с.с.

Бұған қарап қытай жазуы мен көне түркі жазуының шығу төркіні бір екен деген түсінік тумайды, себебі көне түркі жазуларындағы таңбалардың көбі қытайдың ежелгі жазуларына сәйкес келе бермейді. Сонымен бірге оқылуы да өзгеше. Десе де, көріп отырғанымыздай, ондағы кейбір таңбалардың пішіні мен мағынасы, дыбысталуы түркі тіліндегімен еш өзгеріссіз, дәл келіп отыр. Осыдан 3100 жыл бұрын жазылған қытай иероглифтерінің ғұн-түркі жазуларымен сәйкес келуі кездейсоқтық болмаса керек.

Түркілердің руникалық жазуының шығу тегі әлі күнге дейін зерттеушілер үшін жұмбақ болып келеді. Түркітанушылардың біразы осы жазуды алғаш оқыған В.Томсеннің көне түркі руникалық жазуы арамей

(Арамей-соғды) жазуының әсерінен шыққан деген пікірін жақтайды. Екінші біреулері бұл ешбір бөгде жазудың ықпалынсыз-ақ, өз алдына қалыптасқан жазу деп қарайды. Соңғы кездері оны көне грек (және финикий) жазуымен негіздес деген пікір де айтылып жүр. Десе де осылардың ішінде әйгілі түрколог Тала Текин бастаған ғалымдардың көне түркі жазуының өзіндік шығу төркіні бар [Т.Текин. 1968, pp. 25-29.] деген пікірін орынды деуге болатындай. Біз де көне түркі жазуы ең алғаш түркілердің пиктографиялық, идиографиялық жазулары негізінде әліппелік жазу болып өзінше қалыптасқан түркілердің төл жазуы деп қараймыз. Мұнда бір таңба – бір буын болып келетін жағдайлар да сақталған. Яғни буындық-мағыналық жазудың ерекшеліктері біршама анық көрінеді. Бұған төменде келтірілген фактілер дәлел бола алады.

Мәселен, Томсен: 𐰇 таңбасын дыбыстық ерекшелігі мен мәніне қарай (үй) яғни ай, 𐰇 таңбасын оқ (садақ оғы, жебе) деп оқыды. Осы бойынша кейбір таңбаларды,

дыбысталуы мен мағынасына қарай, төмендегідей оқып, мағынасын ашуға болатын сияқты:

ʏ – яғни «ау» (бұттың арасы);

ʒ – as, is, s, яғни «ыс» (түтін);

ʏ – aś, äś, ś, яғни «ас» (көтерілу, асу, биікке шығу) – ағаштың бұтағына, таудың басына шығу.

ʏ – uz, uz, az, az яғни «үз» (қисық ағашты, затты ортасынан үзу, кесу);

ʏ – är, or, r яғни «әр» еркек адам; Қытай тілінде ʏgen (рын) деп оқылып адам дегенді білдіреді.

ʏ – ad, da, d, яғни көне түркіше «ad» - айрылу. Мысалы: көне түркі тілінде adrił - айрылу, бөліну, adin - басқа, «езге, бөтен» (екі заттың не адамның бір бірінен бөлек тұруы).

ʏ – иś, aś, ic, c, яғни «ұш» таңба ұшып бара жатқан құстың қанатына ұқсайды. Көне түркі тілінде «ұш», «қанат» дегенмен бірге, «ұшу» деген мағынаны білдіреді.

ʏ – , яғни m, am, en – адамдардың жыныс мүшесі.

ʏ – yü, äy, u, яғни көне түркі тіліндегі yü, yüg, yük «қауырсын», «жүн» деген ұғымды білдіреді.

ʏ – al, l яғни іліп ал (қолыңмен іліп ал) деген бейнелік ұғымдардан келіп шыққан т.с.с. Демек ежелгі түркі жазуында буындық-мағыналық жазудың ерекшеліктері анық сақталған деуге негіз бар.

Кезінде сөз бен таңбаның бөлінбес бір тұлға болғаны анық. Бұл мәселеде О.Сүлейменовтің мына айтқаны аса маңызды: «жазу деген не? - деген сауалды менің өзіме өзім қойғым келеді. Жазу – сезім мен ақыл-ойды мезгіл мен кеңістік ішінде арқалап жүретін құрал. Ал тіл ше? Ауызша жазу. Өнер ше? Бейнелі жазу.

Қыш мен тасқа түскен суретті таңбалаған көне заман мүсіншілері дер едім. Қолдан жасалған әрбір зат – кәдеге асқан символ. Заттың атауы – таңбаның атауы.

Біз жазуды, тілді, өнерді жіктеп, бөлек-бөлек алып қараймыз да, оларды анықтай алмай қор болып жатамыз. Ақиқат солардың тұтастығында, оларды тұтас алғанда ғана ұғуға болады. Тіл маманы палеограф, білімдар тарихшы, өнертанушы болуы шарт. Сонда ғана сол сөзге шындап жақындай алады.

Сөз бен таңба жақында ғана ажырасты... Шумердің, Мысырдың, Аккадтың, Ассирияның және басқа елдердің ұмытылған тілдерін өлі таңбалардан қалпына келтірген ХІХ ғасыр палеографтарының ерлігі, осы заман өркениетінің тарихы үшін баға жеткісіз зор жетістігі. Тірі ауызекі сөздіктер бойынша ұмытылған суретті әліпбиді қалпына келтірудің маңызы әсте кем емес. Мен әзірге көз жеткізе қоймас алыс болашақта сөздің пайда болуын жазбаша таңбамен байланыстырылып түсіндіретін этимологиялық сөздіктердің жарық көретініне имандай сенемін», - дейді [О.Сүлейменов. 1998. с.313].

ХІХ ғасыр соңында Томсен көне түркі руника жазуын оқып, дыбыстық заңдылығын ашып берді. Ал жазу таңбасының шығу төркініне шын мәнінде қазірге дейін әлі ешкім жете қойған жоқ. Руника жазуына ұқсайтын күміс тостаған мен таяқшаға жазылған б.з.д. V ғасырда жазылған ежелгі сақ моласынан табылған жазулар туралы да соны айтуға болады. Бұл жазулар қазірге құпия күйінде қалып отыр. Жазудың шын мәні мен заңдылығы толықтай табылмағандықтан әркім әрқалай оқып жүр.

Қорыта айтқанда, түркі тілі – ғұн тілінің заңды жалғасы, ал ескі түркі жазуы – ғұн жазуының заңды жалғасы деуге негіз бар. Ғұн заманы мен түркі жазулы ескерткіштер арасы алты, жеті ғасыр болғанымен, ғұндардың пиктографиялық, идеографиялық жазуының кейбір таңбалық мағыналары мен пішіндері, үлгілері көне түркі жазуында сақталып, жеке сөздермен бірге бізге дейін жетті деуге болады. Десе де мәселені әлі де анықтап көз жеткізе түсу үшін, тарих, археология, тіл білімі т.б. салаларды ұштастырған ауқымды зерттеулер қажет.

Әдебиеттер:

1. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. – Пекин: «Ұлттар баспасы», 1998. – 69 б
2. УаңЖунхан. Қытайдағы ұлттардың тарихы. – Пекин: «Ұлттар баспасы» 1994. – 235 б.
3. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. – Пекин: «Ұлттар баспасы», 1998. – 450 б
4. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. – Пекин: «Ұлттар баспасы», 1998. – 609 бб
5. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1-том. – Пекин: «Ұлттар баспасы», 1998. – 253 б
6. <https://kknews.cc/history/6qakz6m.html>
7. Шиң Иңже (қатарлылар): Ортаазия көшпелілер мәдениеті. ҚХР, Жыжиң халық баспасы, 1994, 61-62-бб.
8. Дуан Лиянчин. Динлиндер, Қаңкылдар және Тұралар. Шыңжаң Халық баспасы, 1996, 1 том, 398 б.
9. Қаржаубай Сартқожаұлы. Хунну жазуы. // «Әлем». Альманах. 1. – А, 1991, – 455-456 бб.
10. Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазуы. Қазақ тарихынан. – Алматы, 1977.
11. Лин Ган. Ғұн тарихы. Ішкі монғол көкхот баспасы, 1979. –50 б.
12. <https://kknews.cc/history/6qakz6m.html>
13. О.Сүлейменов. Язык письма. – Алматы-Рим, 1998. – 313 с.
14. Жуңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том.–Пекин: «Ұлттар баспасы», 2003. – 86-89 бб
15. Т.Текін. А. Grammar of Orkhon Turkic, Indiana university, 1968, PP. –25-29.
16. О.Сүлейменов. Азия. – Алматы, 1992. – 284-285 бб.

МРНТИ 17.09.91

Ж.БАЛАСАҒҰННИҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫ МЕН Н.МАКИАВЕЛЛИДІҢ «ТАҚСЫР» ТРАКТАТЫНДАҒЫ БИЛЕУШІ ОБРАЗЫ

О.Т. Саржаев, П.Балғабайқызы

Түйіндеме: Мақалада XI ғасырда жазылған атақты түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны мен XV ғасырда Италияда жазылған Николло Макиавеллидің «Государь» шығармасындағы «билеуші», «билік» концептілері қарастырылып, екі шығарма негізінде ел билеу ісіне деген Батыс пен Шығыстың дүниетанымы ғылыми тұрғыда салыстырылды.

Тірек сөздер: Құтты білік, Н.Макиавелли, дүниетаным, дін, философия.

Abstract. This is article discusses such scientific concepts as «ruler» and «authority» in the works of J.Balasaguni «Kutta bilik» (XI century) and Italian philosopher N.Machiavelli «Sovereign» (XV century). Based on the thoughts of the authors about the authority in the works, we compare the worldview of the West and the East about rule.

Key words. Kutta bilik, N.Macchiavelli, worldview, religion, philosophy.

Жүсіп Баласағұн 1015-1016 жылдары Жетісу өңіріндегі Шу өзені бойындағы Баласағұн (Күзорда) қаласында туылған түркі жұртының кемеңгері. Ол түркі, парсы, тәжік, соғды бастауларынан білім алған терең ойшыл. Жүсіп Баласағұнның тарих қатпарларындағы ең ұлы шығармасы – «Құтты білік» дастаны. Түркияның белді ғалымы Рашид Рахмати Араттың мәліметіне сүйенсек, Ж.Баласағұн аталмыш еңбекті елу төрт жасында жазыпты. Ойшыл өз еңбегін екі ғасырлық тарихы бар Қарахан мемлекетінің билеушісі Сатұқ Боғра хан Жүсіп Баласағұнның осы еңбегін жоғары бағалап, оған «Хас Хажиб» деген атақ береді. Шығарманың өзектілігі сонша, басқа да мемлекеттердің билеушілері туындыны көшіріп алып, Фирдоусидің «Шахнама» кітабының қасына қойып, «Түркі Шахнамасы» деген атақ берді деген деректер де бар. Мәселен, профессор Ә.Нысанбаев «Құтты білік» сол заманда Қарахан мемлекетінің Ата заңының орнында жүрді» – дейді [1, 28 б.].

«Құтты білік» – халықты, елді басқаруға қажет, билеуші бойынан табылу керек қасиеттерді дөп басып айтқан туынды. Онымен қатар, ғалым, профессор Алма Қыраубаева: «Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастаны әділетті, құтты мемлекеттің үлгісін жасаған» – дейді [2]. Бүгінде бұл шығарманың үш нұсқасы бар: Веналық нұсқа (1439 ж.), Каирлық нұсқа (1895 ж.), Намаған нұсқасы (1939 ж.). Біз осылардың ішінде Намаған, яғни Ферғана нұсқасы бойынша оқиға желісіне қысқаша шолу жасайық. Күнтуды атты ел қорғаны бар мемлекет өзінің ырысты да ынтымақты тіршілігін жасайды. Дәл осылай елдің ынтымақтастықта өмір сүруі ел қорғанының бар екендігін көрсетеді. Күнтудыға ел басқаруға көмектескісі келген тағы бір азамат- Айтолды өз ақылының арқасында ханның сеніміне кіреді. Жалғанда ештеңенің мәңгілік еместігі бәрімізге аян. Күндердің күнінде Айтолдының көрер жарығы бітіп, өмірімен қошайтысады. Бірақ Айтолдының Өгдүлміш деген баласы әке жолымен өз еліне қамқор болуды ойлап, Күнтудының шақыруын қабыл етіп, ақыл-парасатының көмегімен елінің өркендеуіне өз үлесін қосады. Өгдүлміштің елмен бірге мұңын мұндап, ел қамын жеп жүрген немере ағасы бар еді. Дегенмен, Одғұрмыш ел басқарудан бас тартып, алпыс үш жасына келгенде жер астына (кылуетке) түседі де, жасы жетіп ол да қайтыс болады. Өгдүлміш ағасы Одғұрмыштың артында қалған құмыра мен асатаяқты алады. Құмыраны өзіне қалдырып, асатаяқты ханға береді. Аға өсиетіне сыза түсірмей, адал қызметін жалғастыра берді. Жүсіп Баласағұнның төрт кейіпкер (Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат) арқылы төрт тілекті көрсетіп тұр. Профессор Жақыпбек Алтаевтың пікірі бойынша: «Құтты білік» поэмасының басты идеясы төрт қағидаға негізделіп жазылған. Біріншісі – мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы, екіншісі – бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек, үшіншісі – ақыл-парасат, төртіншісі – қанағат, ынсап мәселесі» – деп көрсетеді. Ежелгі Шығыс ілімі бойынша әлемді төрт нәрсе ұстайды: жер, су, ауа, от. Осы төрт нәрседен тұрады. Олар төрт кейіпкердің атымен аталады: Күнтуды – Әділет бейнесі; Айтолды – әділ уәзір, Бақыт бейнесінде (құт); Өгдүлміш – уәзірдің баласы, Ақыл – сана бейнесінде; Одғұрмыш- уәзірдің баласы, Қанағат бейнесінде [3, 10 б.]. Осы бір көлемді дастанның сюжеттік желісінде баяндалатын пәлсапалық ойлар мен даналыққа толы пікірлер – мемлекетті басқару ісіне арналған. «Мемлекетті қалай дұрыс басқару керек? Адамдарды қалай бақытты етуге болады?» деген сауалдың жауабын іздеген ойшыл: «Бектер адал болса, ел өмірі оңалар еді» – дейді [3, 28 б.]. Ғасырлар бұрын айтылған бұл пікір әлі де өзекті.

«Құтты білік» дастаны – түркілік әдебиеттің қайнар бастауы. Дастанның композициясы шығыстық баяндау дәстүрін незіге ала отырып жазылған. Яғни, Алла тағаладан бастап, Пайғамбарды, сахабаларды, ізгі тақуа жандарды мадақтап басталады да, дүние мен әкірет әлемі салыстырыла суреттеледі. Бұл дастан көптеген тараулардан

құралып, әрбір тарауы жыр жолдары арқылы белгілі бір ақиқаттың мәнін ашады. «Дастан көне түркі өркениетінің тетігі болғанымен жалпы адамзаттық, адамгершілік, имандылық мұраттарды терең толғап, күллі адам баласына тән ізгі қасиеттерді ұлағат етіп ұсынады» [4, 18-21б.].

Айтып өткеніміздей, «Құтты білік» дастаны – халықты, елді басқаруға қажет, билеуші бойынан табылу керек қасиеттерді дөп басып айтқан туынды.

«Бірі оның шындық жолы — ӘДІЛЕТ,

Екіншісі — құт пен ырыс, ДӘУЛЕТ.

Үшіншісі — АҚЫЛ менен парасат,

Төртіншісі — ұстамдылық, ҚАНАҒАТ» [4, 60 б.]

Дастанның сюжеттік идеясына тірек болған төрт қасиетті таңдап алуында үлкен мән жатыр. Ел билеуші тұлға үшін бәрінен басым қасиет – әділет болуы керектігіне назар аудартады. Біз енді, көне жәдігерде автор (Жүсіп Баласағұни) тамсанып отырған («Назар салсаң, бұл түркінің бектері, Жаһанның өз бектері, асыл тектері» [3, 84 б.]), түркі бектерінің бойындағы қасиеттерді «Құтты біліктен» сөзбе-сөз теріп көрсеткіміз келеді:

«Қажет шексіз білім, ақыл, даналық,

Қолға алуға дүниені қаратып» [4, 85 б.],

«Жақсы айтыпты хас батыр, ер кешегі:

«Тас түйінді азулы ерлер шешеді!» [4, 85 б.],

«Пайда қылған болса қай іс оларға,

Соны жаса, дәмін тат, құр жоғалма.

(Неден рахат көрсе олар — соны істе,

Неден бейнет шексе — соған келіспе!)» [4, 424 б.],

«Келсе, бектік жөнін берік ұстағың,

Әділ болып, шындық жолын нұсқағың!

Ол дүниені қолға тұтсам десеңіз,

Шындықты ұстан, сөзді осымен кесемін!

«Бекпін» деуші кеуде керіп, күшінбе,

Опасыз бұл дүние түңіл, күтін де!» [4, 426 б.].

Дастанда жырланған билеуші образы – әділ, шыншыл, тақуа, мейірімді әрі сонымен қатар сөзінде берік тұратын өр мінезді бойына жиған тұлға сомдалады. Автор түркі бектерінің ішінде Афрасиабты (Алып Ер Тоңға) «идеалды» билеуші деген атқа лайық көріп, өнеге ретінде ұсынады. Онымен қатар «Білім, ақылдың қасиетін, пайдасын айтады», «Ізгілік қылмақтың жақсылығы, пайдалары айтылады» деген сияқты бөлімдерде ел билейтін адамның образын сипаттап береді. «Құтты білікте» Жүсіп Баласағұн: «Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен, Екі дүниені ұстауды көздедім мен» – дей келе, бұл дүниедегі «билігің – түс, өтер кетер бір күні», Ақіретті қолда еткің келсе, «шыншылдықты ұстан» деген идеяны ұсынады. Жоғарыдағы мәтіндерде көрсетілгеніндей бұл дүниеде адамдарға пайдалы іс жаса, «олар нені қаласа, соны істе» дейді. «Өзің мәңгі емессің, атың мәңгі», ал атың шығуы үшін әділ де шыншыл билік құр, сол кезде ғана «атың мәңгі болса, затың – мәңгі» болмақ. «Құтты білік» – ислами қайнар бұлақтан сусындаған түркілік сананың жемісі, ел билеу ісінде, билік мәселесінде «бұл дүние уақытша» деумен ғана шектелмей, ел билеушілерге халыққа мейірімді болуды, елді қалай басқарғаны турасында Құдай алдында жауапкершілік көтеретінін, «бекпін деп күшінбеуін» еске сап отырады.

«Құтты біліктен» кейін 5 ғасырдан соң, ел басқару, билік, билеушінің жеке қасиеттері, мемлекеттер мен әскер түрлері жеке-жеке талданып жазылған орта ғасырдағы таңдаулы еңбектердің бірі – 1513 жылы жазылған Никколо Макиавеллидің «Тақсыр» трактаты.

Никколо Макиавелли – италияндық философ, жазушы, саясаткер, флоренциялық дипломат, саяси теоритик, саяси биліктің жаңа тарихтағы алғашқы аналитигі. Италияның Флоренция қаласында заңгерлер отбасында дүниеге келген. Осы тарихи фактор кейін оның саясатпен айналысуына септігін тигізді. Орда бұзар отызға жақындаған сәтінде Флоренцияның екінші концепциясының хатшысы болып тағайындалады. Он төрт жыл бойы билікке араласқан жазушының ел басқарудың түрлі кезеңдерін басынан өткізіп, әр түрлі әдіс-тәсілдерін үйренеді. Флоренция құлағаннан кейін ол да жұмыстан босатылды. Ендігі кезекте, оның билікпен араласуына мүлдем тыйым салынады. Өмір ағымы оны жазушылық жолға түсіреді. Саясаткердің айтар уәжі де саясаттан бастау алады. Н.Макиавеллидің ел басқару, билік туралы ой-пікірлері мен дүниетанымы толығымен баяндалған еңбек – «Тақсыр» трактаты. Бұл еңбек «Мемлекеттің түрлері», «Елді немесе қаланы басқару», «Жауыздықпен келген билік туралы», «Мемлекеттің қуатын қалай өлшеуге болады?», «Әскер түрлері», «Ел билеушілерін қандай қасиеттері үшін мақтайды немесе даттайды?», «Жомарттық пен үнемділік жайлы», «Ел билеушілерінің берген уәдесін орындауы туралы», «Қамал қорғандардың пайдасы бар ма?», «Ел билеушісі құрметтелуі үшін не істеуі керек?», «Ел билеушілерінің кеңесшілері туралы», «Жағымпаздардан қалай құтылуға болады?» және т.б. тараулардан тұрады. Баяндалуы да қара сөз кейіпінде, кеңес бере отырып әр жағдайға пәлсапалық ой жүгіртіп отырады және оны алыс-жақын тарихи оқиғалардан мысал келтіре отырып дәлелдейді. «Тақсыр» еңбегі билеушіге ел басқару тәсілдерімен бөлісе отырып, түрлі амал-айлаларды үйретеді. Бұл шығармада жазылған ел билеушісіне және билікке қатысты кеңестерді шартты түрде төмендегідей жіктеп қарастыруға болады:

- 1) Ел билеушісі (Тақсыр) байындағы жақсы және жаман қасиеттер.
- 2) Билік жолындағы құйтыртқы айла-тәсілдер.
- 3) Мемлекеттердің түрлері. Әскер түрлері. Оларды басқарудың тиімді жолдары.
- 4) Италия жеріндегі саяси ахуалдар және Италияны азат етуге шақыру.

Жалпы алғанда, «Тақсыр» шығармасындағы Н.Макиавелли ұсынатын негізгі ой: *«билеуші билігін сақтап қалу үшін кез-келген нәрседен тайынбау керек»*. Әрине, бұл тұжырымдардың да белгілі бір себептері бар, елді тек қана жауыздықпен басқару керек деп шалақ қорыту дұрыс болады деп ойламаймыз. Өйткені, Никколо Макиавелли бір жерде: «елдің болашағы жарқын, жұрты бірлікте болу үшін ғана» – десе, енді бір жерінде: «билеуші өзінің жақсы атын елдің маңызды мәселелері жолында құрбан ете білуі керек» – дейді. Яғни, керек кезінде айлаға сал, өтірік айт, алда, арба, сөзңде тұрма, бірақ билікке қатысты мақсаттарыға жету үшін жаса дегенге саяды. «Тақсыр» трактатында келтірілген барлық адамгершілікке кереғар кеңестер тек халықтың қамы үшін деп те айта алмаймыз, өйткені, «билеуші жаңадан жаулап алынған елдердегі шалғай аймақтарда көбірек әскер ұстауы қажет. Бұл билеуші үшін арзанға түседі, әрі егістіктері мен жерлері тартып алынған, кедейленген бір топ бұқара халық билеушіге ештеңе істей алмайды. Ал халықтың қалған бөлігі осы жағдай олардың да бастарына келуден қорқып, көп ұзамай сабасына түседі» [5, 55 б.] – деген пікірлерге ұқсас саяси кеңестер жеткілікті. Бұл пікірлердегі ең негізгі қорғалуы керек мәселе ретінде билеушінің билігі мақсат етіледі. Оның жолында халық та құрбан.

Жалпы алып қарағанда, «Тақсыр» трактатында қарастырылған билеуші образы – билік жолында, жеке адамдардың емес, жалпы мемлекеттің құрылымын сақтау жолында кез-келген іске баруды үгіттейтін идеологиядан тұрады. Табиғаты жұмсақ, діни сауаты терең Н.Макиавелли ғылымда «макиавелизм» деп аталып, биліктегі қатігездікпен ассоциацияланатын мұндай ел басқару моделін неліктен ұсынған? Ғалымдар бұл мәселені жан-жақты қарастыра келе, бұл жағдайдың сол кездегі Италиядағы саяси ахуалдарға байланысты өзіндік себебі барын айтады. Николло

Макиавелли жат жұрттықтардың езгісіне ұшыраған Флоренция билеушісі Лоренцо Де Медичиге сол кездегі Италияны азат етуде ең керекті прагматикалық кеңес осы деп ұққанға саяды және соған қатысты нақты әрекеттерге көшуге үгіттеген.

Қорытындылай келе, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Н.Макиавеллидің «Тақсыр» шығармасы билікке қатысты пікірлерді төмендегі кестемен беруді жөн көрдік (1-кестеге қараңыз).

	Ж.Баласағұни - «Құтты білік» [4, 76-92б.]:	Н.Макиавелли – «Тақсыр» [5, 55-101б.]:
1	«Шарифатты тарат, ұқтыр, таны да, Ізгі атағың бірге тарар бағыңа»	«Билеуші сотқа бағынышты емес!»
2	Қатулан, әділдіктен таймасын жол, Қор қылмай, жігіттіктің пайдасын көр. Қадірін біл, жігіттік кетер тастап, Қанша қапсыр, бұл тірлік түбі қашпақ. Барында жігіттіктің күші бойда, Қор қылмай, ибадат ет, пейіл қой да!	«Саясат пен билікте өз мақсатына жету үшін ештеңеден тайынбау қажет»
3	«Кім білімді болса жаһан бегінен, Әділ заңды солар түзеп, теліген», «Жаудың бойын қылышымен бұқтырып, Түзесе елін әділ заңмен ұқтырып!»	«Күшті әскер жоқ жерде жақсы заң бола алмайды»
4	«Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп, Берді тәңір, рахымымен белгілеп. Бұл бектікті берді саған даралап, Ай, білікті, шүкірлік ет бағалап!»	«Жаулап алған жерлердегі халық біртүлді болса, оларды басқару оңай болады, тек бұрынғы билеушінің әулетін жойып жіберсе жеткілікті»
5	«Егер қолың ұзын болса — халыққа Ізгі қылық, ізгі сөзбен жарылқа! Жігітшілік өтер, өшер тірлігің, Дүние — түс, көшерсің тез бір күні», «Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба, Өзі өлді, қалды аты — ізі ғаламда», «Хаққа табын, сеніп адал құлқыңа, Бауырмал бол, түзу қара жұртыңа»	«Билеуші жаңадан жаулап алынған елдердегі шалғай аймақтарда көбірек әскер ұстауы қажет. Бұл билеуші үшін арзанға түседі, әрі егістіктері мен жерлері тартып алынған, кедейленген бір топ бұқара халық билеушіге ештеңе істей алмайды. Ал халықтың қалған бөлігі осы жағдай олардың да бастарына келуден қорқып, көп ұзамай сабасына түседі»
6	Кісі ұланы қара жерге қол салды, Барлық істе ол білімін қолданды. Ақылымен кісі асыл атанар, Бекке ел ісі білімімен жасалар.	«ел басқару ісінде кеменгер билеуші ұлғайып келе жатқан қиыншылықтың дер кезінде алдын алмаса, бәріне белгілі болған сәтте жөндеуге кірісуі – бос әурешілік»
7	«(Кісі міні ақылменен күзелер, Халық міні білімменен түзелер.) Бұл екеумен тындырмасаң жұмысты, Білімді қой, ал қолыңа қылышты! Ақылды бек — басшысы елдің, шырығы, Қылыш жұмсау — білімсіздің қылығы»	«соғыстан қаша алмайсың, ал кейінге қалдыруың – қарсыласыңа пайдалы болуы мүмкін»
	«Ақыл керек ерге жаһан бастауға,	«Жаулап алынған қаланы

8	Ақыл, жүрек керек елді ұстауға. Ақылымен тұтты, әлемді ұстаған, Білімімен биледі, елге нұсқаған!»	қолда ұстап қалудың ең сенімді амалы – оны қирату»
9	«Ізгілік пен жақсы қылық — амалы, Мұнымен ер екі дүниені алады. Сен ізгілік тілер болсаң, одан да, Кел, ізгілік жаса, сөзді доғар да»	«Егер билеуші билігін сақтап қалғысы келсе, керек кезде ізгіліктен бас тарту қасиетін дамыту керек»
10	«Қайырым күтсең ақылыңмен аңғар да, Қайырым жаса қайырымды жандарға!»	«Ел билеушісі мейірімді болғаннан гөрі, қатал болғаны билігі үшін жақсы»
11	«Қолына алған ісін біліп атқарар, Білімді істе тұтып, халқын басқарар. Қара халық байыды, елін түзеді, Ел баюын — қағидам деп жүреді»	«қара халық байыса, тойынғаннан бас көтереді. Әлсіздерге болыса отырып, олардың күшейіп кетуіне де жол бермеу керек»
12	«Өнер керек жапанды ұстап, ұғуға, Гүр арыстан керек құлан қууға. (Даңқ, қуат керек әлем жаулауға, Гүр арыстан керек құлан аулауға!) Жиһангерге қасиет керек мың, түмән, Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмән»	«Егер билеуші тек арыстанның қасиетімен шектелсе, мемлекет болашағы бұлыңғыр болмақ. Керек жағдайда түлкі секілді қулық жасаса, кейде арыстан секілді айбар көрсетуі керек»
13	«Әркез үстем тұтсын десең, қолдарың, Мақтап мәртін, әскеріңді қолдағын! Қошта әскерді, тілегіңді тілегін, Жау иіліп, болар күллі тілегің! Қалың әскер ұстап, сыйла, тарылма, Солар саған қияр шыбын жанын да»	«Жалданған немесе одақтастардың әскері басыңа бәле орнатады. Одан да өзіңнің жеке әскеріңе сен», «Жалданған әскермен жеңіске жеткенше, өз әскеріңмен жеңілген артық!»

1 – кесте. Ел басқару ісіне қатысты қағидалар.

Бұл екі шығармаға да ортақ билеуші образы мен билік концепциясының көрінісінде айырмашылық көп. «Құтты білік» мейірімділікті насихаттаса, «Тақсыр» қаталдықпен басқаруды жөн санайды. Бұл шығармалардың көтеріп отырған мәселесі – ел билеу ісі болғанымен, авторлардың да билікке деген кейбір көзқарастары ұқсағанымен, бұл шығармалардың қайнар көзі, дүниетанымы, ішкі рухы мүлдем бөлек. «Құтты білік» – ислами қайнардың бұлақтың жемісі, ел билеу ісінде тек бұл дүниедегі билікті сақтап қалу мақсат етілмейді. Дінді негізге ала отырып, мейірімді басқару жүйесін насихаттайды. Ал «Тақсыр» шығармасында керісінше, осы дүниедегі, яғни нақты қазіргі қолда бар билікті сақтап қалу мен оған жетудің тиімді, құйтыртқы амалдарын жасауға кеңес береді. Бұл шығармаларда Батыс пен Шығыстың ел билеу ісіне деген әртүрлі көзқарастары байқалады. Мәселен, Ислам ғұламасы Бәдиүззаман Саид Нұрси Азия мен Еуропаны бірдей критерийлермен салыстыруға болмайды деп айта келе, мынандай айырмашылықтарды ескертеді: «Біріншіден, Еуропа – дүкен, әскери казарма секілді, ал Азия – егістік, мешітке ұқсайды. Әскери казарма мен мешіттің ішкі жағдайы бірдей бола алмайды. Онымен қатар, барлық дерлік пайғамбарлардың Азияға келуі, ал философтардың Еуропадан шығуы тағдырдың бір ишараты сияқты, яғни Азия халықтарын дамытатын – дін мен жүрек, философия мен хикмет пәндері дінге жәрдем етуі керек, орындары ауысып кетпеуі керек. Екіншіден, Ислам діні мен Христиан дінін салыстыруға болмайды» – дейді [6, 325б.]. Біздіңше, бірінші себебі айқын әрі түсінікті, ал екіншісіне Н.Макиавеллидің «Шіркеулік мемлекет» деген тараудағы пікірлері дәйек бола алады: діни құзыретті орталықтың

заирлы билігі мен діни билігінің ажыратылуы (Рим папасы Александр VI тәжірибесі). Ал «Құтты білікте» қоғамның барлық аспектілері тұтас діни басқаруға негізделген. Әлбетте, бұл тақырып әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүсіп Баласағұн. «Аңыз адам» журналы. Алматы: – 2013.
2. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы: «Өнер» баспасы, 2008.
3. Даниярова Ә.Д. «Кәлилә мен Димнә» кітабының Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасымен үндестігі мен ерекшеліктері // «Тіл және әдебиет» журналы №6, 2008.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-том: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет.
5. Макиавелли Н. Тақсыр: Сочинения. – М.: Изд-во Эксмо; Харьков: Изд-во «Фолио», 2003. – 656 с. (Серия «Антология мысли»).
6. Bediüzzaman Said Nursi. Mektubat. İstanbul: «Envar» neşriyatı, 2018. – 524 sh.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

А.Қ.Дүйсенбаев, М.О.Миров

Түйіндеме: Аталған мақалада Жүсіп Баласағұнның тәрбиелік мұралары туралы ғылыми малұмат берілген. Ж.Баласағұнның этнопедагогикалық мұраларына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның жолын ашатын ұғым ретінде ізгілік, адагершілік құндылықтар алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ізгілік болып табылады. Адам бойындағы ізгілік сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын қанағатшыл құлқын асқақтатады.

Ізгілік – бұл адамның көркем мінезділігінің, тәрбиелігінің белгісі. Ізгілік дегеніміз адам бойындағы кісілік пен кішіліктің, арлылық пен сыпайылықтың негізі. Жаратушыдан қорыққан адам жамандыққа, арсыздыққа, рухсыздыққа, намыссыздыққа, көргенсіздікке алып баратын іс-әрекеттен сақтанып, тартынып жүреді. Қазақ халқының «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуі бекер емес. Ал дана халқымыздың «Жаным арымның, малым жанымның садағасы» деген өмір мәндік ұстанымы мен рухани құндылық тұғырының тамыры тереңде жатыр. Қазақы ділдің, рухтың әдеп пен ибаның, сыпайлық пен сыйластықтың қайнар көзі ислам ілімі мен мәдениетінен бастау алып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген. Қазақы мінез, қазақы діл, қазақы дүниетаным, қазақы өмірлік ұстанымның тұғыры ислам мәдениеті мен әдебінде жатыр деген ойдамыз. Әдепті адам адамдармен ізгі қарым-қатынаста болып, өзінің адами абыройын асқақтатады.

Тірек сөздер: Ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, парасаттылық.

EDUCATIONAL HERITAGE OF J.BALASAGUN

Abstract: This article provides scientific information about the educational heritage of J.Balasagun. The peculiarity of the ethnopedagogical heritage of J.Balasagun is that the essence of human nature and the notion that opens the way to man are taken as the values of goodness and decency.

Humanism is a sign of artistic character and upbringing of a person. Humanism is the basis of human personality and smallness, arrogance and politeness. He who fears the Creator avoids actions that lead to evil, vulgarity, depravity, dishonesty, and ignorance. It is not for nothing that the Kazakh people say, "Fear not God." And the deep-rooted principle of life and

spiritual values of our wise people - "The gift of my soul, the gift of my soul" - is deep. The Kazakh mentality, the source of morality and decency, politeness and respect for the soul, originated in Islamic teachings and culture and passed down from generation to generation. We believe that the Kazakh character, the Kazakh mentality, the Kazakh worldview, the Kazakh way of life are rooted in Islamic culture and literature. A virtuous person has a good relationship with people and glorifies his human dignity.

Key words: Humanism, moral, compassionate, kind, reasonable.

Ж.Баласағұн 1017 жылы Қыз-Орду атымен белгілі Баласағұн қаласында дүниеге келген. Бұл қаланың орналасқан жері жөнінде түрлі пікір бар. Біріншісі Жетісуда, Шу жағалауында, Тоқмақ қаласынан алыс емес жерде десе, екіншісі Жамбыл облысының аумағында, Ақтөбенің жоғарғы жағы дейді. Кейбір деректерде Баласағұн қаласы Қарахан мемлекетінің қолөнер сауда орталығы болғанын айтады. Қағанаттың әлеуметтік-экономикалық өмірін отырықшы да көшпенді аралас шаруашылық құрады. Жүсіп Отырар, Шаш (Ташкент), Тараз, Шу жазығы, Ыстықкөл, Ферғана, Қашғар шаһарларында өркен жайған мәдени ортадан шыққан еді.

Ж.Баласағұн Фараб (Отырар), Қашғар, Бұхара қалаларында білім алады. Араб, парсы тілдерінде еркін сөйлейді. Өзінің атақты философиялық-диалектологиялық «Құтты білік» дастанын Қарахан әулетінен шыққан Табғаш Қара Боғраханға арнаған. Бұл үшін ақынға Хас Хаджиб (сарай министрі) атағы берілді. Поэманы толық көлемінде неміс тіліне аударысымен және түпнұсқасымен 1891-1900 жылдары В.В.Радлов ғылым әлеміне паш етті. Бұл еңбекті 1896 ж. К.Керимов өзбек тіліне аударды, ал 1971 жылы Н.Гребнев «Бақытты болу ғылымы» деген атпен еркін аударма жасады. 1983 жылы С.Н.Иванов «Благодатное знание» деген атпен орыс тілі оқырмандарына ұсынды. Ал 1986 жылы бұл дастанды ақын А.Егеубаев қазақ тіліне аударды.

«Құтты білік» поэмасы түрік тіліндегі энциклопедиялық шығарма болып табылады. Оны жазуда автор саяси әуенді басшылыққа алғандығын аңғару қиын емес. Ол қарахандар әулетіне жоғары дамыған Мауараннахр, Шығыс Түркістан тәрізді аудандарды басқарудың жолдарын үйретуге тырысты. Әрине, шығарма тек саяси трактат көлемінде қалып қоймай, орта ғасыр дәуірінің ғылым, мәдениет салаларын да қамтиды. Адам тағдыры, өмірінің мәні, орны мен әлемдегі ролі жайындағы мәселелер де қаралады. Сонымен бірге, Баласағұн философиялық, имандық, этнопедагогикалық, исламдық дүниетанымда болғандығын білеміз. Философияны поэзия арқылы жеткізу орта ғасырлық шығыстық үрдіс еді. Бұл жайында А.Н.Романов пен С.Н.Иванов: «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы – ең алғаш, ең көне, әзірше жалғыз, имандылық тәрбие негізінде рухани-адамгершілік пен ізгілікті уағыздаушы ретінде түркі тілінде жазылған құнды тәрбиелік өнегелер», – деп баға береді.

Кітапқа көшпенділер тұрмысы мен аңшылық өнерін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мен өнегелік өсиеттер енген.

Ж.Баласағұнның өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Онда философия, математика, медицина, астрономия, астрология, педагогика, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан.

Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік өркениет пен мәдениет тарихында «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды «хандардың ханы» - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942-1210 жж.) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908-955 жж.) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұнға «хас хажиб» - «бас уәзір» немесе «кемеңгер кеңесші» деген лауазым берген.

Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген. Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа 12 ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, «Құтты білік» дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832-1913 жж.) «Құтты біліктің» бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, ғылымының мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В.Радлов (1837-1918 жж.) жиырма жыл бойы (1890-1910 жж.) айналысқан.

Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары «Құтты біліктің» үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күн туды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге күт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

Жүсіп Баласағұнның отансүйгіштік тәрбиеге арналған еңбектері өте бай және көркем жазылған. Оның «Құтадғу білік» («Құтты білік») атты дастанының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда жастарды ерлік, кісілік, сөз өнері секілді жақсы қасиеттерге тәрбиелеу туралы баяндалады. Мысалы: «Ер ажары – сабырыңды сақтай біл», - деп ерліктің қадір-қасиетін бағалау туралы тұжырымды ой-пікірлер айтады [1:118-б.]. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты еңбегінде: «Бұл кітап негізінен бірі – әділет, екіншісі – бақыт, үшіншісі – ақыл, төртіншісі – қанағат деп аталатын бөлімдерден тұрады. Оны түркілер төрт құндылық ретінде бағалайтын болған», - деп сипаттама береді [2:12-б.].

Негізінен дастан 85 тараудан, 6645 өлең жолынан тұрады. Оның мазмұнындағы оқиғаға қатысты төрт кейіпкер – төрт қасиет бар. Олар – әділет, дәулет, парасат, қанағат. Осы төртеуінің арасындағы бақыт туралы сөздің жартысы диалогқа құрылған. Дастан Қарахан мемлекетін нығайту, оның даңқын асқақтату мақсатында жазылған. Осы өлке кезінде шаруашылығы шарықтап өскен, жазу, сызу өнері дамыған, мәдениеті өркендеген, зиялы қауым көп шыққан ел болған. Баласағұн адам баласының қадір-қасиеті білім мен ақылда. Бұл – адамның жетіліп, кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу – мұсылманның бір парызы деп қарайды. Ол білім-ғылым тіл арқылы байиды дей келіп, білім мен тәрбие беруде тілдің пайдасы мен зиянын сөз етеді:

«Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін,

Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін», - деп ой қорытады.

Ол ізгілік – адамзат үшін ең қажетті қасиет басшы ізгі болса, халқы да ізгі болады дейді. Жүсіп Баласағұнның түркілік рух туралы идеяларының дені «біліммен, еңбекпен байлыққа қолың жетсе мақтанба, асып таспа, адамдық ардан аттама» дегенді өсиет етеді. Сондықтан болар ғұлама-ұстаздың өсиеттерінде: «Әділет жолын қу, шыншыл бол, сараңдық пен ашкөздіктен аулақ бол» дейді. Ол тектілік туралы сөз қозғап, ел билейтін әкімдердің тектілерден шығуын қуаттайды [3:116-б.].

«Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың

ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Кезінде «Құтты білік» дастаны Шығыстың әр елінде әр түрлі аталып кеткен. Бір елде – «Айнак ул-мамлакат» («Мемлекет тәртібі»), екіншісінде – «Панунаман мулук» («Әкімдерге насихат»), үшіншісінде – «Адаб ул-мулук» («Әкімдердің әдептілігі») деген атпен мәлім. Бұл атаулардың бәрі – «Құтты білік» дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма екенін растай түседі. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеум. рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлмiш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруiш Ордгүрмiш бейнесі арқылы әңгіме болады. Ортағасырлық Шығыс ойшылдарына тән үйлесім – танымды көркем және ғылыми әдістермен ұштастыра қолдану Жүсіп Баласағұни ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық, философиялық қасиеттердің үйлесім табуынан, ғылым даналығының біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығарм-ғында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік филос. мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұниның “Құтты білігінде” өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Жүсіп Баласағұни ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт күдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Осындай тағы бір төрттаған Жүсіп Баласағұниның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеум. философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, «Құтты біліктің» төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Ғалам мен микроғаламның тұтастығы, барабарлығы туралы ой Жүсіп Баласағұни дүниетанымының өне бойынан байқалады. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Жүсіп Баласағұни жалпыға ортақ парасаттың танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшуі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғұлама білімнің туа бітетіндігі жайлы пікірге қарсы шығып, оған парасатты іс-әрекеттің нәтижесінде қол жеткізуге болатынына сенеді. Білімге молынан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Жүсіп Баласағұнидің ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеум. тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаңа мұраттар мен ұрандар пайда болып, халық қолдауына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұни өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Танымдағы кемелдік – білік, оның іс жүзіндегі көрінісі – уқуш деп біледі ол. Жүсіп Баласағұни өз еңбегінде зердеге айрықша тоқталған. «Құтты білікте» ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. Ғұлама өз туындысын Шығыс перепатизмінің арнасында, сопылық ағымның қуатты ықпалымен жазып шыққан. Ойлау қызметі тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі ол. Егер сезім алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде әрқашан адамға

қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзіңді сақтау», «өзіңді ұмытпау» қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет.

Жүсіп Баласағұнның адамның дамуы, жеке адам басының жетілуі, өсуі тікелей тәрбиенің жетістігі, ол адам табиғатына байланысты бола отырып, оның тарихи дамуының үстінде үнемі өзгеріске ұшырайтынын анықтады. Бұл пікір ХІХ ғасырдағы 40 жылдарынан басталған және 60 жылдар үстінде дами түскен Еуропа педагогтары мен сол жылдардағы прогресшіл-орыс педагогтарының пікірімен үндес келеді. Баласағұн-философ ретінде және тәрбиелік тағылымға толы-педагог ретінде артына өшпес мұра, тәрбиелік дәстүр, өнеге қалдырған адам. Оның үйретуінше, адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі туралы- қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оң әсерімен тәрбие арқылы және адам табиғатын туысынан-дүниеге келуімен бірге болатын қасиеттер арқылы қалыптасады. Оның ішінде адамнан өсіп-жетілуінде, оның дүниеге келуі мен ілесе келетін қажетті кейбір сапалар мен қасиеттердің болатындығын мойындады. Өзінің «Құтты білік» деген еңбегінде бұл қасиеттер мен сапалар мен қасиеттер мен сапалар даяр күйінде бола салған адам ақылының мінез-құлқының дарындылықтары емес, ол туыстан ілесе жүретін ерекшеліктер сол дарындылықтардың дамуына себепкер ғана бола алады. Бұл нәсілдік ерекшеліктер адамның өзі өмір сүретін қоғамдық жағдайлар арқылы және сол адамның қабылдайтын тәрбиесі, тәрбиені жүзеге асыратын-еңбек арқылы сақталады, және жетіледі-деп үлкен философиялық тұжырым, педагогикалық мәнді тағлым жасаған адам.

Баласағұн орта, айнала, дүние, әлем, қоршаған ортамен өмір деген ұғымдарды жете қолданған. Баласағұнның ой тұжырымдарына қарағанда сол ұғымдардың барлығы қазіргі қоғам-деген мағынаға, ой жүйесіне, пікірге толық сай келеді. Ол еңбекті сол кездегі, өзі өмір сүрген ортадағы, қарым-қатынас құралы-деп пайдаланған.

Баласағұнның тәрбиелік тағлымының бастауы боларлықтай мына бір пікірін келтіруге болады: «Тәрбиенің барлық ыждағаттылығы, саласы мен түрі... Өзара ұйымдастырылған, ұйымшыл тату да тәтті адамдар құрамының, тобының-жетелі адамдар тобының, зерделі адамдар құрамын толықтыратындай биікке көтерілуі қажет. Тәрбие өз кезегінде, әсері мен ықпалында - мирасқорлы», пайдалы еңбектің көзі болуы шарт-деп ой түйеді Баласағұн. Бұл үлкен өсиет. Бүгінгі педагогикалық тұрғыдан қарағанда үлкен ұжым тәрбиелейтін, педагогиканың бала тәрбиесіндегі басты мақсаты мен міндеттерін айқындайтын әдіс, еңбек тәрбиесін ұйымдастырудың негізі десе де болады [4:98-б.].

Баласағұн рубайларының тәрбиелік тағлымы негізінен үш сатыға бөлінеді. Бірінші- әрбір жеке адамның білімді болуы. Екінші-барлық байлық, молшылық-ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық қажет. Үшінші-әлеуметтік, табиғи күштілік-ол үшін бірлік, достық, бостандық керек. «Құтты білік» дастанында үйленудің, ұл-қыз өсірудің қиыншылығын көркем суреттей білген. Автордың ойынша егер ұл-қыздың жаман болса төрдегі басыңды көрге сүйрейді.

Ал, өзіңе ұқсап туған жетелі бала сенің түрінді, бет бейнеңді жоғалтпаумен қатар, туған тілінді де болашаққа жоғалтпай апарарды:

«Егер, ұл-қыз жақсы болса, зерделі,
Айтқаныңнан айнымай дәл келгені.

Егер жаман болса, сені ұлытар,

Өзің өлсең-тәрк етер де ұмытар», - деп жырласа, Жүсіп Баласағұн дастанында әке тәрбиесіне де аса көңіл бөлген:

«Бейбастық қып өсіргің келсе дана жүректі,

Кінәлі әке, жазығы жоқ ұлының», - деп ақын ұл бала үшін әке тәрбиесіннің орнын ешкім толтыра алмайтындығын айтады [4:210-б.].

Әке әрқашанда балаға бағыт-бағдар, үлгі-өнеге болып, ұлға, ерлерге тән мінез-құлық қалыптастырады. Ақынның ойынша жақсы әке болу қиынның қиыны. Әке неғұрлым күшті, батыл, кішіпейілді, жұбайына адал, балаларына мейірімді болса, соғұрлым үй ішінде ауыл-аймағында беделді болады.

Жүсіп Баласағұн жетесіз ұлдан жетелі құл артық, пайдасыз ұл жаудан жаман дей келе, ата-аналарға мынандай өсиет қалдырған:

«Ұл-қызыңа үйрет білген білімді,

Қолыңа ұстат кеудеңдегі күніңді.

Сонда ұл-қызың адамдықтан таймайды,

Көңілі-таза, көзі шоқтай жайнайды».

Сонымен қатар тәрбиенің күшіне шүбәсіз сенген ақын:

«Балам білім жолын қусын десеңіз,

Бесігінде ақ ілім шоғын көсеңіз...

Білім үйрет сәбиіңе сарыла,

Уыздай ұйып, сүттей сіңір қанына!

Сәбиінде көкірекке түйгені

Өлгенінше санасында жүреді», - деп педагогикалық тұрғыдан ой түйеді. Оқу-тәрбие ісі-балғын жастық табиғатын түсінуге жетелейді. Баланың ақыл есінің, мінез-құлқының ерекшеліктерін еске алмайтын, олардың бәрін бір қалыпқа сиғызу тәжірибесінен аулақ болуға шақырады. Қорыта айтқанда ұлы ойшылдың саликалы педагогикалық пайымдаулары ұрпақ тәрбиелеуде әркез есте ұстайтын тағылымдар екендігі даусыз.

Қазақ халқының әріден бастау алатын этнопедагогикасынан өз орнын алатын Жүсіп Баласағұни бабамыздың тәлім-тәрбиелік ойлары, өсиет-өнегелері өз құндылығымен ұрпақтан-ұрпаққа тәлімдік қуатымен жетеді. Құтты білімді құрметтей қабылдап, оның асылдарын ала білетін ұрпағымыз Баласағұнидің бар дүниесін қастерлей беруі ләзім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – 1-т. – 320 б.
2. Шадинова Г.А. Жүсіп Баласағұнның философиялық өзқарастарындағы таным мәселесі: филос. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2009. – 28 б.
3. Дүйсенбаев А.Қ. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2015. – 320 б.
4. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 187 б.
5. Орынбеков М. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. – Алматы, 1996. – 250 б.

ОРТАҒАСЫРДАҒЫ ҚЫПШАҚ ТІЛДІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Ж.А.Исина, Аетова Г.Ж.

Филология ғылымдарының кандидаты, zhannur_8383@mail.ru

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранты,

Баишев университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Түйіндеме: Аталған мақалада ортағасыр жазба ескерткіштерінің лингвомәдени, тілдік тұрғыдан зерттелу тарихы қарастырылған. Бүгінгі таңда жазба ескерткіштер тілінің зерттелуі, қазақ тілінің тарихымен сабақтастығы туралы түрлі пікірлер айтылуда. Жазба ескерткіштердің тілі туралы пікірлердің басым бөлігі зерттеу ісінің кенжелеп қалғанын, сонымен қатар бүгінгі заман тұрғысынан, қазіргі тірі тілдермен салыстыра зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда жазба ескерткіштер тілінің зерттелуі, қазақ тілінің тарихымен сабақтастығы туралы түрлі пікірлер айтылуда. Қазақ тілінің түп-тамыры болып табылатын ортағасыр жазба жәдігерліктер тілін зерттеу мәселесі өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қолға алынған болатын.

Тірек сөздер: Көне қыпшақ тілі, кумулятивтік қызмет, лингвомәдениеттаным, фразеология, лексика, этимология, кірме сөздер, тұрақты сөз тіркестері.

HISTORY OF LINGUISTIC AND CULTURAL STUDIES OF KIPCHAK WRITTEN MONUMENTS IN THE MIDDLE AGES

ultural studies of medieval written monuments is considered. Today, different opinions are expressed about the study of the language of written monuments, the continuity of the Kazakh language with its history. Most of the opinions about the language of written monuments indicate the lack of research, as well as the need to study it in comparison with modern living languages.

Today, different opinions are expressed about the study of the language of written monuments, the continuity of the Kazakh language with its history. The problem of studying the language of medieval written relics, which are the roots of the Kazakh language, has been studied since the 60s of the last century.

Key words: Ancient Kipchak language, cumulative activity, linguoculturology, phraseology, vocabulary, etymology, introductory words, stable phrases.

XIV ғасырдағы Алтын Орда жазба ескерткіштерін *көне қыпшақ тілі* терминінің аясында қарастыру барысында жәдігерліктерде кездесетін тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің этномәдени сипатын анықтау, олардың кумулятивтік қасиетін сипаттау нәтижесінде көп мәселені анықтауға мүмкіндік туады.

Бүгінгі таңда жазба ескерткіштер тілінің зерттелуі, қазақ тілінің тарихымен сабақтастығы туралы түрлі пікірлер айтылуда. Қазақ тілінің түп-тамыры болып табылатын ортағасыр жазба жәдігерліктер тілін зерттеу мәселесі өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қолға алынған болатын.

1978 жылы «Советская тюркология» журналына Ә. Наджиптің «Изучение истории тюркских языков в Казахстане» деген мақаласы жарияланды. Мақалада осы келелі мәселеге үлес қосып жүрген А. Құрышжанов, Т. Қордабаев, М. Томанов, А. Аманжолов, А. Ибатов т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарына тоқтала келіп, «в 1973 году в Известия АН КАЗ. ССР опубликована статья молодого ученого Б. Сагиндикова

на тему «Лексические и грамматические особенности арабских и персидских элементов тюркоязычных памятников Золотой Орды и Египта XIV века». За анализ арабских и персидских элементов, за выяснение их роли в обогащении лексики, в словообразовательном процессе, в различных сочетаниях и т.д. впервые взялся Б. Сагиндыков», - деп атап көрсетті.

Орта ғасырларда біртұтас тіл қалыптасқандығымен, оларда қыпшақ элементтері мен оғыз элементтері аралас келіп отырды. Таза қыпшақ тілінде жазылған ескерткіш жоқтың қасы. Әйткенмен, ескерткіштердің бір тілдің ғана негізінде жазылатынын ескерсек, жәдігерліктер тілін түбегейлі зерттеуге мүмкіндік туады.

Халқымыздың қазіргі құрамындағы тайпалардың бас қосып, өз алдына жеке хандық болып құрылуын тарих ғылымы ХҮ ғасырдан бастайды. Бірақ бұдан қазақ халқының да, оның тілінің де тарихы тек ХҮ ғасырдан ғана басталады деген ұғым тумасқа керек. Қазақ халқының қазіргі құрамында бар көптеген ру-тайпалық атаулар біздің заманнан көп бұрын да қолданылғаны белгілі [1, 80]. Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Б. Сабыр: «Алтын Орда дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісі, біріншіден, қазіргі қазақ тіліне бұл жәдігерліктердің қатысы қаншалықты дәрежеде, қазақ тілінің орта түркі тілінен алар сыбағасы, үлесі қандай деген «патриоттық» мәселені анықтау үшін қажет», - деген өзекті пікір білдірді [2, 190].

Жазба ескерткіштердің тілі туралы ала-кұла пікірлер мұрағат зерттеу ісінің кенжелеп қалғанын, сонымен қатар бүгінгі заман тұрғысынан, қазіргі тірі тілдермен салыстыра зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған жазба ескерткіштер, атап айтқанда, Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сейф Сарайидің «Гүлистан бит-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин – Алидің «Нахдж эл – Фарадис» атты шығармалары - Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген ХІҮ ғасыр мұралары. Жазба ескерткіштер біраз зерттеліп, салыстырмалы сөздіктері, транскрипцияланған мәтіні басылды. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Алтын Орда жерінде пайда болған ескерткіштері екі түрлі аралас тілде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде немесе оғыз – қыпшақ аралас тілінде жазылған. Осыдан келіп толық қалыптасқан екі аралас әдеби тіл болғаны аңғарылады: бірі – Алтын Орда жерінде болған түркі тілдерінің *з тобының тілі* де, екіншісі – мәмлүктер билеп тұрған кездегі Мысыр мен Алтын Ордаға ортақ *й тобының тілі*. Ғалым Э.Н. Наджип бұлардың біріншісін алтынорда – хорезмдік тіл де, екіншісін алтынорда – мысырлық тіл деп те атайды. Сол ескерткіштің бірі - «Хұсрау мен Шырын» поэмасы. Бұл - поэтикалық роман. Аталмыш ескерткішке қазақ зерттеушілері аса назар аударды. А. Ибатов «Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігін жасау барысында поэмада кездесетін тұрақты тіркестерді екшеп көрсете білді. Ол «Құтыптың дастаны Алтын Орда аймағында пайда болған аралас тілдік сипаттағы әдеби үлгіде, қыпшақ тілінің негізінде жазылған, бірақ оғыз тілінің әсері мен қараханидтік әдеби тіл дәстүріне ұрынған» деген Ә.Нәжіптің тұжырымын қостайтындығы туралы айтқан [3, 14]. «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілі туралы ғалымдардың пікірі біржақты емес. Мысалы, Н.А. Баскаков оғыз-қыпшақтық тілде жазылған еңбек десе, А.Н. Самойлович оғыз-қыпшақ тілі деген пікір айтады. Ғылыми зерттеу еңбектерде бұл тілді түркі тектес тілдердің оғыз-қыпшақ әдеби тілі деп береді. Бірақ поляк ғалымы А. Зайончковскийдің «Хусрау уа Ширин» шығыс түркі тілінің қыпшақ элементімен жазылған, оның тілі қыпшақ диалектісіне жатады деген пікірін де ескерген жөн.

Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін зерттеуде ғалым Б.Сағындықұлы қазақ тілінің лексикалық дамуының этимологиялық сипатына баса назар аударды [4, 106]. Ғалым ескі әдеби жазба тілдің мазмұнына түсінік бере отырып, реконструкциялау әдісі арқылы қыпшақ тілінің кумулятивтік қасиетін ашып

көрсетеді. Ғалымның пікірі лексикалық бірліктер мен тілдік белгілерді анықтауда маңызды.

Хұсрау мен Шырын туралы аңыз ХХ ғасырға дейін өзгеріп, әр түрлі ақындардың қолданысында өңделіп айтылумен болды. Э.Н. Наджип «Хұсрау уа Шірін» поэмасының Низами жазған парсы тіліндегі нұсқасы мен Құтып жазған түркі тіліндегі нұсқасының өзегі бір екенін анықтады.

Поэма - Алтын Орда дәуіріндегі құнды, тарихи маңызы бар әдеби мұралардың бірі. Тарихи деректер бойынша жазба жәдігерліктің түпнұсқасы 1341-1342 жылдары Тыныбек шаһзаданың тұсында жазылған. Құтып ақын жазған нұсқа сақталмаған. Қазіргі кезеңге аталған поэманың бір ғана нұсқасы жеткен. Бұл көшірме Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Оны қыпшақ ақыны Берке Факих 1383 Мамлүк (Египет) мемлекетінде көшіріп алған. Берке Факихтың өзі былай дейді:

*Тарих йеті йыл сәксән бешіндә,
Сафар айының йігірмә бешіндә,
Йол үзрә не болса бітідім кітап.*

Көшірмені алғаш зерттеушілердің бірі А.Н. Самойлович оны Алтын Орда мемлекетінің ең көне ескерткіші деп бағалады. Бірақ мәтінін түпнұсқадан көшіргенде қателіктер жіберілген, нашар қолжазба деп таныған. Қазақ ғалымы А.Ибатов бұл мәселеге өз пікірін білдірді: «... Көшірме дұрыс жасалмады деп айту орынсыз сияқты. Бұлай айту үшін Құтыптың өз қолжазбасын салыстырып оқып, соны ғана сөзге тиек етіп алуға болар еді. Көшірменің түпнұсқадан қатесіз көшірілуіне Береке Факихтың үлкен мән бергенін өз сөзі дәлелдей түседі:

*Бітідім кітабыны қатасын бақыб,
Бу захмед чәккәнім білгәнсән оқыб.*

Белгілі түркітанушы Б.Э.Бертельс қолжазбамен Парижде танысып, Құтыптың поэмасын сәтсіз аударма деп бағалады. 1945 жылы қолжазбаның тілін зерттей келе, М.Ф. Копрюлюзада ХІҮ ғасырдағы оғыз-қыпшақтың аралас әдеби тілі деп таныды. өзбек ғалымы А.Т. Тагирджанов 1946 жылы ескерткішті әдеби тұрғыдан зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады. «Хұсрау мен Шырын» ескерткішін зерттеу ісіне көп еңбек сіңірген поляк ғалымы, түркітанушы А.Зайончковский болды. Ол поэманы ерекше көңіл бөлетін әдеби мұра деп бағалаған еді. Ғалым ескерткіш мәтінін парсы тіліндегі Низами нұсқасымен салыстырып, мұқият зерттеді. 1954 жылы үзінділер (факсимеле) келтіріп, бір кітап шығарды. 1961 жылы ескерткіштің сөздігін және оның стилі мен поэтикасына арналған зерттеу жұмысын жариялады.

1970 жылдардың басында Э.Н. Наджип аталмыш ескерткішті зерттеуді қолға алып, грамматикалық очерктер жазады. «Хұсрау мен Шырын» поэмасы лексикасының түркі қабатын негізге ала отырып жазған тарихи-салыстырмалы сөздігінің бірінші томын жариялады.

Қазақ тіл білімі де осы ескерткіштің зерттелуіне өз үлесін қосты. 1974 жылы А. Ибатов Құтыптың поэмасы материалының негізінде қазақ тілінде «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігін шығарды. Бұл осы ескерткіштің материалына негізделген Кеңес Одағындағы тұңғыш сөздік болды. Сөздікте 4410 сөз қамтылған. Б.Сағындықұлының 1977 жылы қорғалған «ХІҮ ғасыр түркі тілді ескерткіштері лексикасының салыстырмалы анализі» атты кандидаттық диссертациясында Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» және Сейф Сараидың «Гүлистан бит-түрки» шығармаларының лексикасы салыстырыла зерттелді. 1979 жылы А.Керимов «ХІҮ ғасырдағы түркі тілді әдебиет ескерткіштерінің тіліндегі сөз тудыратын аффикстерді жан-жақты қарастырды. 1983 жылы «Ғылым» баспасынан А. Ибатовтың «Сөздің морфологиялық құрылымы» деген еңбегі жарық көрді. Бұл монография Орта Азия мен Қазақстан халықтары мәдениетінің тарихынан ерекше орын алатын ХІҮ ғасырда

жазылған «Хұсрау мен Шырын», «Гүлістан бит-түрки», «Мұхаббат-наме», Нахдж әл-Фарадис» және «Хандар жарлығы» сияқты жазба әдеби мұраларының тілінде қолданылған сөздердің морфологиялық құрылымын зерделеуге арналған. «Хұсрау мен Шырын» поэмасын А. Қыраубаева, Н. Келімбетовтер ежелгі дәуірдің әдеби мұрасы ретінде зерттеп, оқулықтарға енгізді [5].

Белгілі кеңес түркітанушысы Э.Н.Наджип парсы тіліндегі «Хұсрау мен Шырын» шығармасымен түркі тіліндегі нұсқаның өзек арқауы бір екенін анықтай келіп, «жартылай оригиналды дербес роман» деп таныған [3, 21]. Біз Құтыптың «ХШ» поэмасы Низамидың парсы тілінде жазылған осы аттас поэмасының түркі тіліне сол күйі қотарылған, жолма-жол және сөзбе-сөз аудармасы емес, Низамидің композициясы мен сюжетін толық сақтай отырып, еркін және шығармашылық жолмен, өз елінің өмір жағдайына сәйкестеп, өз халқының түсінігі мен дағды дәстүріне лайықтап барып жасаған аударма деген А.Ибатовтың пікіріне қосыламыз [3, 11]. Ал осы жәдігерліктің қай жерде жазылған туралы әртүрлі жорамалдар бар: 1. А.Н. Самойловичтің пікірінше, «Хұсрау мен Шырын» поэмасы Алтын Орда ескерткіштерінің ішіндегі ең көнесі және Алтын Орда жерінде жазылған; 2. Наджиптің айтуынша, Алтын Орда жерінде жазылып, кейіннен Мысырда көшірілген [6, 36]. 3. Зайончковский бұл ескерткішті Мәмлүк мемлекетінде жазылған, авторы Хорезмнен шыққан ақын Құтып деген [7, 10]. 4. А. Ибатов тарихи деректерді, әлеуметтік қатынастарды зерттей келіп, «Хұсрау мен Шырын» жазба мұрасы Тыныбектің хан сайланған жері Ақ Ордада пайда болған деген тұжырым жасайды [3, 13].

Соңғы пікір шындыққа жанасымды секілді, өйткені, тарихта Ақ Орданың өз алдына жеке хандық құрап бөлініп шығуы ХІҮ ғасырдың басынан, Алтын Орданың ханы Тоқты (1290-1312) өлгеннен кейін басталды. Оның астанасы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болған. Құтып поэмасын Алтын Орданы билеп тұрған Жәнібекке арнамай, інісі Тыныбекке бағыштап жазған. Сол тұста Мысыр мен Алтын Орда астанасы Сарайдың арасында тығыз байланыстар болып тұрған еді. Тыныбек толық билікке ие бола алмады.

Тыныбек Ақ Орданы екі-ақ жыл билеп, бақталастарының қолынан қаза тапты. Ал Құтып осы тұста Тыныбекке өзі келіп, сарай ақыны болғанға ұқсайды. Оған мына жолдар дәлел:

*«Мұрадым әрди ким бу қапуғла,
Келип йол тапсәмән теп бу тапуғда,
Сафар ранжин коруп кач аййам,
Тапуғқа йеттим эмди ош саранжам».*

Аудармасы:

Мұратым елі сарайға жетпек,
Сенімге кіріп қызмет етпек.
Ауыр да ұзақ жолдардан өттім,
Соңында, міне, арманға жеттім.

«Хұсрау мен Шырын» поэмасы 280 беттен тұрады, әр бетте 42 өлең жолы бар. Мәтін 70 тарауға бөлінген. Э.Н.Наджиптің анықтауы бойынша, Низамидегі 7000 бәйіт орнына Құтыпта 4700 бәйіт болып шыққан. Айырмасы 2300 бәйіт. Орта ғасыр ескерткіштері, соның ішінде Алтын Орда дәуірінде пайда болған жазба мұрағаттар сол кездегі жалпы түркі әдеби мұралардың бәріне тән қараханидтік жазба әдеби тілдің дәстүрлік әсерімен оғыз бен қыпшақ әдеби тілдерінің негізінде аралас тілде жазылған. Осы себептен де ХІІІ-ХІҮ ғасырларды Алтын Орда аймағында пайда болған мұраларды түркітанушы ғалымдардың көбі аралас тілде жазылған ескерткіштер деп қарайды. Э.Наджиптің пікірінше, ХІҮ ғасырда Алтын Орда аумағы мен Орта Азияда,

Мысырда аралас тіл пайда болды да, осы аралас тілде әдебиет қарқынды дамыды. Осындай жазба тілдің қалыптасуы көлемді, кең тынысты әдеби мұралардың жазылуына игі әсер етті. XIII-XIV ғасырларда тұтас түркі әдеби немесе жазба тілі қалыптасты деген А.Зайончковскийдің пікірінің маңызы зор. Дегенмен де Алтын Орда дәуіріндегі мұралар тілі ерекше аралас болса да, не оғыз тілінің негізінде, не қыпшақ тілінің негізінде жазылып, қараханидтік әдеби дәстүр дағдыларын ығыстыра бастаған. Осыдан келіп толық қалыптасқан екі аралас әдеби тіл болғаны аңғарылады. Н.А. Баскаков бұл дәуір мұраларын: 1. Шығыс алтынордалық типті тіл 2. Батыс алтынордалық және мәмлүк египеттік типті тіл деп саралайды. А.Зайончковский «Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілі қыпшақ диалектінде жазылған деп тұжырымдаған [7, 187]. Ескерткіштің тілінде қыпшақ элементі өте айқын көрінеді деген пікірді А.М. Щербактан да кездестіреміз [8, 38].

Алайда, Алтын Орда жазба ескерткіштері тілінің аралас тілді болып келуіне қарамастан, бастапқыда не оғыз, не қыпшақ тілінде жазылғанын ескерсек, Э.Н.Наджиштің «О средневековых литературных традициях и смешанных письменных тюркских языках» еңбегінің маңызы зор екенін аңғарамыз.

Поэmanın мазмұны А. Ибатовтың зерттеу еңбегінде қарастырылған. «Хұсрау мен Шырын» поэмасын зерттеуде поляк ғалымы, түрколог А. Зайончковскийдің еңбегі ерекше. Ғалым ескерткіш тексін парсы тілінде жазылған Низами нұсқасымен салыстыра зерттеді. 1954 жылы поэма мазмұнына құрылған кітабын шығарды. Кейіннен ескерткіштің араб алфавитімен жазылған нұсқасы және латын алфавитіндегі нұсқасын кітап түрінде басып шығарды. 1961 жылы «Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігін жазып бітірді. А. Ибатовтың Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігі деп аталатын еңбегі осының негізінде жазылды. Ғалым А.Зайончковскийдің қолданған латын алфавитінің орнына орыс алфавитін пайдаланды. А. Ибатовтың еңбегінде жазба жәдігерлік тілінде кездесетін 4410-дай сөз қамтылған. Олардың құрамында кірме сөздер мен тұрақты сөз тіркестері де кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қордабаев Т.Р.Түркология және қазақ тіл білімі. – Қарағанды, 1992.- 136 б.
- 2 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 315 б.
- 3 Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы (XIV ғ-да Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштер тілі негізінде). – Алматы: Ғылым,1983. – 145б.
- 4 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258 б.
- 5 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986. – 248 б.
- 6 Наджиш Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма-Ата, 1975. – С. 30.
- 7 Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв). // Вопросы языкознания. – 1967. – №6. – С. 10-14.
- 8 Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Л., 1977. – С. 31.

ТАТАР ТЕЛЕН РУС ҺӘМ БАШКА МИЛЛӘТ ВӘКИЛЛӘРЕНӘ ӨЙРӘТҮ ТАРИХЫННАН

Р.Р. Галиуллин²

Аннотация: Төрле милләт вәкилләренә татар телен өйрәтүгә багышланган хезмәтләр һәм аларның авторлары, шул чорга кыскача гомуми характеристика бирелә. Татарлар арасында миссионерлык эшен алып бару өчен дә тел белү беренче шарт булып торган. Беренче русча-татарча кулъязма сүзлек (сөйләүнамә) рус сәүдәгәрләре тарафыннан XVII гасыр ахырларында төзелгән була. Татар телен башка милләт кешеләренә укыта башлауны оештыруда М.И.Веревкин эшчәнлегә зур. XIX гасырда татар телен укытуга багышланган дәреслекләр, кулланмалар, сөйләүнамәләр төзү эшен И.Гиганов, А.Троянский, А.Казембек, И.Березин, А.Архангельский, Г.Ваһапов, М.Салихов, К.Насыри һ.б. дәвам итә. 1921 елның 25 июнендә Татарстан Үзәк Башкарма Комитеты кабул иткән Декрет нигезендә татар һәм рус телләре Татарстан Республикасының дәүләт телләре дип игълан ителә. Татарстанда яшәүче барлык гражданныр өчен татар телен белү мәжбүри булуы әйтелә.

Ачкыч сүзләр: татар теле, тарихи чыганақлар, методик эшчәнлек, методика.

R.R. Galiullin

FROM THE HISTORY OF TEACHING THE TATAR LANGUAGE TO RUSSIAN AND OTHER PEOPLE

Abstract Works and their authors devoted to teaching the Tatar language to representatives of different nationalities, a brief overview of the period is given. Language was also a prerequisite for missionary work among the Tatars. The first Russian-Tatar manuscript dictionary was created by Russian merchants in the late seventeenth century. M.I. Verevkin was instrumental in organizing the start of teaching the Tatar language to people of other nationalities. I. Giganov, A. Troyansky, A. Kazembek, I. Berezin, A. Arkhangelsky, G. Vagapov, M. Salikhov, K. Nasyri and others continued to work on the compilation of textbooks, teaching aids and discourses on teaching the Tatar language in the 19th century. On June 25, 1921, by the Decree of the Central Executive Committee of the Republic of Tatarstan, the Tatar and Russian languages were declared the state languages of the Republic of Tatarstan. It is said that knowledge of the Tatar language is mandatory for all citizens living in Tatarstan.

Key words: Tatar language, historical sources, methodical activities, methodology.

Татар телен өйрәнү патша хөкүмәтенә рус дәүләтенә мәнфәгатьләрен яклы алырлык, татарча белүче рус түрәләре эзерләргә кирәк була. Татарлар арасында миссионерлык эшен алып бару өчен дә тел белү беренче шарт булып торган. Беренче русча-татарча кулъязма сүзлек (сөйләүнамә) рус сәүдәгәрләре тарафыннан XVII гасыр ахырларында төзелгән була. XVIII гасыр урталарында русларга татар телен укытуны оештыруда галим һәм дәүләт эшлеклесе В.Н.Татищев зур эш башкара. Беренче татар теле дәреслеге – Матвей Котельников сөйләүнамәсе (разговорник) 1740 төзелә. Ул 71 битлек кулъязма хезмәт. Китап татар телен берәз аңлаган кешеләр өчен төзелгән булырга тиеш. 1758 елда Казанда беренче гимназия ачыла. Татар класслары ачу кирәклеген дәлилләп, гимназия директоры М.И.Веревкин Екатерина II гә язган рапортында түбәндәг юллар бар: «Рассуждая, что здешний город есть главный целого государства, имеющего национальный диалект, не повелено ли будет завести при гимназии класс татарского языка, со временем на оном отыскиваемы быть могут

² ORCID: 0000-0002-5512-3548, PhD in Philology, Associate Professor, Naberezhnye Chelny State Pedagogical University, Naberezhnye Chelny, Russian Federation

многие манускрипты; правде подобно, что оные подадут некоторый, может быть, и не малый свет в русской истории» [2: стр 240].

Татар телен башка милләт кешеләренә укыта башлауны оештыруда М.И.Веревкин эшчәнлегә дә мөһим. 1769 елның 12 маенда Екатерина II указы түбәндәгечә була: «Учредить единожды навсегда при Казанской гимназии для охотников класс того языка и определить учителем одного старей и новой в Казани татарских слобод депутата и тамошней адмиралтейской конторы толмача Сагита Хальфина» [1: стр 23]. Патшабикә әмере белән гимназиядә татар теле укытуны башлап жибергән Сәгыйть Хәлфин эшен улы Исхак, ә аннан соң Исхакның улы Ибраһим Хәлфин дәвам итә. 1778 елда С.Хәлфиннең «Азбука татарского языка с обстоятельным описанием букв и складов...» дигән китабы Мәскәү университеты типографиясендә басылып чыга [9: 30 бит]. 1785 елда С.Хәлфин дәүләт аппаратында хезмәт итүче түрәләр өчен 20 меңгә якын сүзгә үз эченә алган 2 томлык русча-татарча кулъязма сүзлек төзи. («Татарский словарь и краткая татарская грамматика, обучающегося при Казанских гимназиях юношества татарскому языку, сочиненных при оных же гимназиях») [3: 226 б.]. XIX гасырда татар телен укытуга багышланган дәреслекләр, кулланмалар, сөйләүнамәләр төзү эшен И.Гиганов, А.Троянский, А.Казембек, И.Березин, А.Архангельский, Г.Ваһапов, М.Салихов, К.Насыйри һ.б. дәвам итә. Бу чорда С.Кукляшевның «Татар хрестоматиясенә сүзлек» исемле китабы (1859) басылып чыга. С.Кукляшевның Оренбург шәһәрәндәгә хәрби училищәдә татар һәм көнчыгыш (шәрыкъ) телләрен укытуы да билгеле. А.Казембек һәм Г.Мәхмүдовның русларга татар һәм гарәп теле укыту өлкәсендәгә хезмәтләренә И.Ю.Крачковский да югары бәя бирә. 1860 елда А.Троянскийның «Краткая татарская грамматика» дигән хезмәтә басылып чыга. 1893 елда Казан Император университеты типо-литографиясендә Владимирова В. «Историческая записка о первой Казанской гимназии. XVIII столетие», М.Салиховның «Самоучитель татарского языка, или руководство выучиться читать и говорить русским по-татарски и татарам по-русски, без посторонней помощи» (икенче басма) дигән китабы дөнья күрә. 1846 елда Г.Ваһаповның «Самоучитель для русских по-татарски и для татар по-русски» исемле китабы басылып чыга [8: стр. 13]. Бу китап халык тарафыннан яратып кабул ителә һәм берничә басмасы дөнья күрә. Күренекле татар мәгърифәтчәсе Каюм Насыйринның 1860 елда басылып чыккан беренче татарча китабы «Кыскача татар нәхүе» («Краткая татарская грамматика»), «Фәвакиһел желаса фил әдәбият» («Әдәбият турындагы мәдәният мәжлес жимешләре») хезмәтләре булып торалар [4: 8 бит]. 1890 елда Тифлис шәһәрәндә А.Петросиан «Самоучитель татарского языка» дигән хезмәтен бастыра. Габделгазиз Шиһабетдинның «Татар теленнән урысчага һәм урыс теленнән татарчага тәржемә-лөгәтә яки сүзлек» (1893) китабы дөнья күрдә. М.Х.Юнысовның 1904 елда басылган «Русско-татарский язык (для самостоятельного изучения)» китабы дөнья күрдә. Татар телен, әдәбиятын, мәдәниятен рус халкына житкерүдә һәм, киресенчә, татар халкын рус әдәбияты белән таныштыруга үзеннән шактый зур өлеш керткән Солтан Рахманколы хезмәтләре дә тирән хөрмәткә лаек. Унжиде яшендә үк ул А.С.Пушкинның «Дубровский» повестен татарчалаштыра. Л.Н.Толстой, И.С.Тургенев, А.М.Горький һ.б. язучыларның эсәрләрен тәржемә итә. 1912 елда «Мәгариф» нәшриятында С.Рахманколының «Руслар өчен татарча өйрәткеч. Укырга, язарга һәм сөйләргә» дигән дәреслегә дә басылып чыга [5: 10 б.].

Моннан тыш сүзлекләр дә чыгырыла. Мәсьәлән, К.Насыйринның «Татарско-русский словарь» (1878), «Полный русско - татарский словарь с дополнением из иностранных слов, употребляемых в русском языке как научные термины» (1892).

Санап кителгән хезмәтләрдән тыш, бу чорда В.Граммаковның «Практическое руководство к изучению татарского языка для русских». (Оренбург, 1902 ел); Чистай

шәһәр мәдрәсәсенә урыс теле укытучысы Юнысовның «Татарско – русский словарь наиболее употребляемых слов и выражений». (Казань, 1906); Исмағыйль Исхакның һәм Ш.Рәхмәтуллинның «Перевод русского языка на татарский и татарского языка на русский и самоучитель этих двух языков». (Казань, 1913); Шиһабетдин А. Рәхмәтуллинның «Самоучитель русского языка для татар и татарского языка для русских». (Казань, 1915) һәм «Самоучитель татарского языка русским и русского языка татарам». (Казань, 1916); шулай ук XX гасыр башында «Русско- татарский разговор. Практические уроки русского языка и татарского языка». (Тобольск, 1905); «Третья книга для чтения на татарском языке». (Казань, 1909) исемле хезмәтләре мәғлүм [7].

Ниһаять 1920 елда Татарстан Автономияле Совет Социалистик Республикасы төзелгәч, рус милли икетеллегенә нигез салына башлый. 1921 елның 25 июнендә Татарстан Үзәк Башкарма Комитеты кабул иткән Декрет нигезендә татар һәм рус телләре Татарстан Республикасының дәүләт телләре дип игълан ителә [6: 14 б.]. Татарстанда яшәүче барлык граждандар өчен татар телен белү мәжбүри булуы әйтелә. Дәрәсләкләрдә ихтияж арта бара. З.Бадамшин, З.Бәдыйгуллин, М.Галиев, М.Мостафина авторлыгында жиденче уку елы өчен (3 кисәк) «Татар теле дәрәсләге (Татарлардан башкалар өчен)» исемле дәрәсләк 1930 елда нәшер ителә. Башкарган эшләр шактый булуға да карамастан, татар телен татар булмаган милләт вәкилләренә укыту эше зур кыенлыктар белән бара. Татарстан Үзәк Башкарма Комитеты үзенә өченче сессиясендә (1927 ел) махсус төзелгән комиссиянең үз вазыйфаларын үти алмавын асызыкый һәм киләчәккә чаралар билгели. 60 нче еллардан руслаштыру сәясәте аеруча киң колач жәйдә. Нәтижәдә, милли мәдәниятебезне, телебезне, горел-гадәтләребезне бөтенләй югалту куркынычы килеп басты. Бу хәл мәғрифәтчеләк эшендә дә зур югалтуларга китерде. Хәтта татар авылларындагы мәктәпләрнең дә шактый өлеше русча укытуға күчте. Татар теленә, милләт теле буларак, кулланылыш офыклары нык тарайды. Еллар уза торды. Шулар арада үз телен аңламаучы, белмәүче, белергә дә теләмәүче, аны кирәксенмәүче һәм санга сукмаучы яңа буын үсеп житте. Бәхетебезгә, бу башбаштаклыкка 80 нче еллар ахырында чик куела. Милләтара мөнәсәбәтләрдә, заман таләп иткәнчә, уңай үзгәрешләр сизелерлек көчәйдә. Татарстан Республикасының Югары Советның 1992 елның 8 июлендә «Татарстан халыкларының телләре турында» закон кабул итүе һәм анда татар теленә яңадан дәүләт теле статусы бирелүе, аның рус теле белән беррәтән, дәүләт теле дәрәжәсендә Төп законда – Конституциядә беркетелүе аеруча зур әһәмияткә ия. Кызганычка каршы бу казанышлар сонгы елларда югалып бетте дисәк була.

Әдәбият

1. Ахметгалеева Я.С. Грамматика татарского языка Ибрагима Хальфина // Советская тюркология – 1979. – №6. – С. 23-30.
2. Библиографический словарь отечественных тюркологов. М.: Наука, 1974. – 342 с.
3. Нуриева Ф.Ш. Беренче татар профессоры Ибраһим Хәлфин // TATARICA: PERSONALIA. – 2014. – № 1. – Б. 223 – 229.
4. Сафиуллина Ф.С. Татар теленә лексикологиясе. Югары уку йорты студентлары өчен. – Казан: Татар.кит.нәшр, 1999. – 266 б.
5. Харисов Ф.Ф. Татар телен чит тел буларак өйрәтүнең фәнни- методик нигезләре. Монография. – Казан: Мәгариф, 2002. – 367 б.
6. Харисова Ч.М. Татар теле. Морфология: Югары уку йортлары өчен дәрәсләк. – Казан: Мәгариф, 2010. – 128 б.
7. Шәкүрова М.М. Татар телен укыту методикасының фәнни мирасы (XVIII гасыр ахыры – XX гасыр) / Научное наследие методики преподавания татарского языка (конец XVIII – нач. XX вв.). – Казан: “Ихлас”, 2012. – 144 б.

8. Юсупова А.Ш. Лексика самоучителей татарского языка для русских XIX века. – Казань, 2002. – С.12 – 20.

9. Яруллина Л. Хәлфиннар әлифбасына нигез салучылар // Фән һәм тел. 2008. – №2. – Б. 29-31 б.

ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ АРАСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ БІРІЗДІЛІК

Ж.А.Исина, Бахиева Н.А.

Филология ғылымдарының кандидаты, zhannur_8383@mail.ru

¹ Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранты, Байшев университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада екі дәуір тіліне ортақ лексикалық параллельдер қазақ тілінің тарихи лексикологиясының дерек көзі ретінде қарастырылған. Екі дәуірдің тілдік деректерін, лексика-семантикалық даму процесін салыстырмалы-тарихи зерттеудің нәтижесінде анықтаған.

Жазба мұрағаттар лексикасын зерделей қарасақ қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сайма-сай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз. Мұндай ортақ сөздер қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық құбылыстарының тамыры. Жазба жәдігерлік пен қазақ тіліне ортақ сөздер адам өмірінде жиі қолданылған ежелгі сөздер. Олар есте жоқ ерте замандардан, семантикалық өзгеріске түспей бүгінге жеткен тарихтың куәгері, байырғы және мәңгі жас лексикалық бірліктер.

Тірек сөздер: Жазба ескерткіштер тілі, тарихи лексикология, түркілік қабат, қыпшақтық қабат, лексика-семантикалық жүйе.

LEXICAL AND SEMANTIC SEQUENCE BETWEEN THE LANGUAGE OF MEDIEVAL WRITTEN MONUMENTS AND THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract: The article considers lexical parallels common to the languages of the two eras as a source of historical lexicology of the Kazakh language. As a result of a comparative-historical study of the linguistic data of two eras, the process of lexical and semantic development.

If we study the vocabulary of Written Archives, We can easily identify lexical parallels that are common to the languages of the modern Kipchak group, as well as to the Kazakh language, both in personality and meaning. Such common words are the roots of ethnogenetic, glottogenetic phenomena that formed the basis for the emergence of the Kazakh people, its language. Words common to the written relic and the Kazakh language are ancient words that were often used in human life. They are witnesses of History, Ancient and eternally young lexical units that have come down to the present day without any semantic changes, from the earliest times that have not been remembered.

Key words: Language of written monuments, historical lexicology, Turkic layer, Kipchak layer, lexical and semantic system.

Тарихи деректерге сүйенсек Қазақстан жерінің оңтүстік-шығыс бөлігінде үйсіндер, Сырдария өзенінің орта ағысында және оның солтүстік жағында қаңлылар, арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, кердері, дулат, алшын, керей т.б. ру-тайпалар көшіп

жүрген. Қазақ халқының негізін құраған осындай ру-тайпалармен бірге алып мемлекеттің халқының құрамында оғыз, қарлұқ-ұйғыр тайпаларының өкілдері де көп болатын. Сондықтан да Алтын Орда мемлекетінде жазылған әдеби шығармалардың дені аралас тілді болып келген. Ескерткіштердегі әрбір сөздің даму тарихына көз салсақ, олардың іздері кейде оғыз тобындағы тілдерге, кейде қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге барып соғады.

Ескерткіштер дүниеге келген дәуірде ұлт тілдері әлі ажырай қоймаған кез. Сондықтан да көптеген сөздерді қай диалектіге жататынын анықтау өте қиын. Э.Н.Наджиб бұл мәселе туралы былай дейді: «Для того, чтобы более точно определить диалектную принадлежность того или иного слова памятника необходимо изучать большое количество исторических памятников и современных языков с их диалектами и говорами, необходимо провести дополнительное и весьма кропотливое исследование по каждому слову»[1,92].

Тарихи лексикологияның басты объектісі жекелеген сөздер. Әр сөздің тарихында этнос өмірі бар. Б.А.Лариннің айтуынша: «Далекая цель исторической лексикологии – выяснение таких компонентов словарной системы языка, которые в истории его развития эволюционируют единым фронтом, т.е. обнаруживают прочные, устойчивые связи» [2, 12]. Егер әрбір сөз тарихи тілдік сабақтастықты білдіретін болса, біз зерттеп отырған төрт ескерткіштің 70-80 процентке жуық сөздері қазіргі қазақ тілінде кездесуі соған жарқын дәлел. Мұндай сөздерді былай төрт топқа жіктеуге болады: 1) мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздер; 2) мағынасы толық сәйкес келгенімен, тұлғасы ішінара фонетикалық өзгеріске түскен сөздер; 3) тұлғасы толық сәйкес келгенімен, мағынасы ішінара семантикалық өзгеріске түскен (кеңейген, тарылған т.б.) сөздер; 4) мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске түскен сөздер [3,97]. Сонымен қатар көнерген түркі сөздері де бар. Бұл сөздердің кейбіреулері түркі тілдерінде мүлде кездеспейді немесе қазақ тілінде кездеспесе де басқа түркі тілдерінде ұшырасып отырады. Мұндай сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөліп жіктеген кезімізде, кездескен тұсында этимологиялық талдаулар жасап отырамыз.

Мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін сөздер. Қазіргі таңда түркі лексикологиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жекелеген тілдерді синхрондық тұрғыдан да кешенді зерттеуге алу. Тарихи-салыстырмалы әдіске сүйенген зерттеу ғана бүгінгі тірі тілдің тарих қойнауында қалған жазба жәдігерлікке алыс-жақынын, туыс-жекжат екенін анықтай алады. Қандай да бір тілдің лексикасы басқа бір тілдік категориялардан қашанда бұрын сөйлейді, мол ақпарат бере алады. Көрнекті ғалым К.М.Мусаев: «Когда говорят, что язык представляет собой кладовую истории народа – его носителя, прежде всего имеется в виду его лексика, которая непосредственно реагирует на все изменения в жизни народа» деп тұжырымдайды [4,23]. Сондықтан да қазіргі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпы түркілік тарихпен сабақтаса қалыптасты. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық не ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті. Қазақ тілі лексикасы жалпы түркілік қабаттан өрістейді. Оның негізі, сөздік құрамы, фоно-морфологиялық құрылысы ежелгі түркі тілінен бастау алады.

Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы түркілік қабат түбір және тарихи сөздерден тұрады. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады [5, 24].

Келесі қабат – қыпшақтық қабат. Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен толық не жартылай ортақтығымен, ұқсастығымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар қазақ тілінің қыпшақтық лексикасының сілемдерін қыпшақ тіліне тікелей қатысты орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінен де іздеген жөн.

XI-XV ғасырлардағы жазба мұрағаттар аралас тілде жазылғаны ғылымда басы ашық мәселе. Бір қауымда өмір сүрген тайпалар тілдерінде өзіндік ерекшелік болғанмен бір-біріне өте жақын болған. Саяси-әлеуметтік жағдайлардың әсерінен тығыз қарым-қатынаста болған тайпалар өкілдері бір-бірін оңай түсінген. Бір саяси одаққа біріге қалған жағдайда үстем тайпаның тілі ықпалды орын алып, басқа тілдер сол тайпаның тіліне көшуге мәжбүр болған.

«Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» кітабы авторларының мына пікірі өте орынды айтылған: «Әрине, бүгінгі түрікмендер бір кездегі оғыздардың заңды жалғасы екендігі, немесе бүгінгі қазақтар тарихи тұрғыдан қыпшақтармен ұласатындығы, соның салдарынан бүгінгі түрікмен тілі бір заманғы оғыз тілінің, ал қазақ тілі бір уақыттағы қыпшақ тілінің негізгі заңдылықтарын бойларына сақтағандығы ешбір дау көтермейтін мәселе. Алайда мына нәрсені ескеру керек: замандар бойы бір-бірімен қанаттас, көршілес отырған, бір-бірімен араласып жатқан тайпалар қазіргі түркі халықтарының қайсысында болмасын өз іздерін қалдырды. Соның салдарынан бір кезгі оғыз тайпасы тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ұшырасса, ескі қыпшақ тілінің элементтері қазіргі оғыз тобындағы тілдер құрамынан кездесіп қалуы да ықтимал» [6, 184].

Әйтсе де, жазба мұрағаттар лексикасын зерделей қарасақ қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да саймасай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз. Мұндай ортақ сөздер қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық құбылыстарының тамыры.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ортақ сөздердің тізімін келтірейік.

Зат есім сөздердің қатары:

Азық – азық. [XIII] Пайғамбар Абубәкр бирлә ол гарда үч күн турдылар соң чықыб Мәдинә тарафынға азм қылдылар азықлары түгәнды – Пайғамбар Абубәкірмен сол үңгірде үш күн тұрды, сосын одан шығып Мәдинаға қарай кетті, оларыдың азықтары таусылған еді.

Ай – ай. Сафар айының йигирмә бешиндә - Сафар айының жиырма бесінде.

Алма – алма. Қызыл алма дөңәлму дур фәрән қызы – Қызыл алма дөңгелек пе, о сұлу.

Алмас – алмас. Алмаз от андын соң лалға урды алмас – бұдан соң лағылға алмас қосты.

Ана – ана. Пайғамбар алты йашқа йетмиш әрди қин анасы Аминә вафат болды – Анасы Әмина қайтыс болған кезде пайғамбар алты жаста еді.

Ант – ант. Фариштә қоймас айтур, антны сақла – Антыңа адал бол, дейді періште.

Арық - арық. Йа шайх бу арық сувларыдын нишә ичмәзсиз – О шейх, сіз бұл арықтың суын неге ішпейсіз.

Арпа – арпа. Әй тоқ көзүңгә арпа әтмәги көрүнмәс хуш, ликин мәним алтымда иззәтли мукаррамдур – Әй тоқ адам саған арпа наны ұнай ма, ал мен үшін (ол) құрметті де сүйікті.

Арқа – арқа. Йигит ол вақт уйанды ким күнәш ыссысы арқасына отты – Күн ыстығы арқасын қыздыра бастағанда жігіт оянды.

Ел – ел. Қылур Йусуфни Мисир елиндә султан – Ол Жүсіпті Мысыр еліне сұлтан қылып бекітті.

Балта – балта. Тақы мүбәрак еликингә бир улуг балта алды – және (пайғамбар) мүбәрәк қолына балта алды.

Жан – жан. Ким ош тән тәнгә жан жанқа улашты – міне тән тәнге, жан жанға қосылды.

Көз – көз. Башындан көзүндөн өпүб күчүб көп мал-у нимәт бериб азад қылды – Ол басынан, көзінен өбіп, көп байлық беріп және азат қылды.

Орман – орман. Карван түн қата йүрүб сахар вақтың келиб бир орман йанында қондылар – Керуен түн бойы жүріп, таң ата бір орманға келіп тоқтады.

Екі дәуір тіліне ортақ зат есімдер өте мол, ескерткіштер тілінде туынды, негізгі, деректі, дерексіз т.б. зат есімдер кең орын алған.

Сын есім сөздердің қатары:

Ала – ала. Бу түн күн ала ат-тек йүгрүр талмаз – бұл түн мен күн ала аттай талмай жүйткіді.

Ақсақ-ақсақ. Сабыр бирлә кечәр аз умр неткү, азақ ақсақ нетәк мәнзилә йәткү – Ұзақ өмірде үлкен сабыр керек, ақсақ адам үйіне жеткендей сабыр қажет.

Сары – сары. Қарарсыздықда болмыш меңзи сары – Тыныштықтың жоқтығынан жүзі сары болды.

Кең – кең. Умми – Муид пайғамбарны тарифләйүр әйәси кең турур көзи ашаққа үкүшрәк бақар йергә бақар – Умми-Муид пайғамбарды сипаттайды: оның алақаны кең, көзі көбіне төменге қарайды, ол жерге қарайды.

Тар – тар. Қачан ким болса тар ағзың шақар бир, саба гүл ғунчаның ағзыны йыртар – Сенің тар (кішкене) аузың шекер төккенде, роза гүл шоғынан таңғы самал жел соғады.

Қалың – қалың. Қалың өврәккә кирмши тек лачын – қалың жабайы үйрек тобына кірген лашындай.

Қара – қара. Йумақ билән кетәрми лавны қара көмүрдән – жуғанмен қара көмірдің түсі өзгерер ме.

Қызыл – қызыл. Йа хожа, йүк билән қызыл алтун алыб келүр, йа бахр ичиндә ғарк болуб қын билән өлүр – Қожа не жүкпен бірге қызыл алтын алып келер, не теңіз түбіне батып азаппен өлер.

Ұзақ – ұзақ. Аташ хафыдан тутты ұзақ йол – Атасынан қауіптеніп ұзақ жолға аттанды.

Бұдан басқа да негізгі немесе туынды сын есімдер көптеп кездеседі: астыңғы, аталық, бойлы, малсыз, ақ, бай, көк, сынық, тамашасыз т.б.

Сан есім сөздер ескерткіштер тілінде көп қолданылады. Дені ішінара дыбыстық өзгерістерге бой ұрған, ал тұлғасы да, мағынасы да қазақ тіліне дәл келетін төрт сан есім ғана бар. Олар:

Төрт – төрт. Бу китабны төрт баб үзә қылдық – Бұл кітапты төрт тараудан құрадық.

Алты – алты. Қачан ким алты йашқа йетти ол шах, қамуғ йөнләрни аңлаб болды агах – Шахқа алты жас толғанда, ол барлық жөн-жосықты түсініп, аңғарымпаз болды.

Он – он. Йәтиб он йашқа кеш бағланды белгә - Он жасқа келіп беліне қорамсақ байланды.

Тоқсан – тоқсан. Тақы пайғамбар аләйхи-с-сәлам тоқсан тевә нишан қылды – Пайғамбар алейхи-с-сәлам тоқсан түйені белгіледі.

Етістік сөздер қатары:

Айыр – айыр. Тутуб мискин кишиниң пәнжәсиңи, айырмық күч билән айны хатадур – Байғұс, кедей кісінің қолынан ұстап, күшпен айыру – үлкен әділетсіздік.

Ал – ал. Хидайат нұрыны көңлүмдин алма, йана мени қараңғулукқа салма – Жол көрсетуші нұрды көңілімнен алып, мені тағы қараңғылыққа тастама.

Ем – ем. Сүт әммәзмән бар ағызымда отуз тиш – Сүт ембеспін, аузымда отыз тісім бар.

Бар – бар. Бир ким әрсә барды тақы Фатимаға хабар берди – Бір адам барып Фатимаға хабар берді.

Басын – басын. Қонақмән теб басынмаңыз бизни – Қонақпын деп бізді басынбаңыз.

Кет – кет. Көңүлдин сабр көздин уйқу кетти – Жүректен сабыр, көзден ұйқы кетті.

Көм – көм. Бардылар бир чукур қаздылар ол этни анда көмдиләр – Барып бір шұңқыр қазып, етті соған көмді.

Күл – күл. Бұл латифа сұлтанға хуш келди дағы күлди – Бұл әңгіме сұлтанға ұнады, ол күлді.

Ойна – ойна. Кел әй сақи кетүргил, бада-и наб, күлә ойнайу ичсүнләр бу асхаб – О шарап құюшы, әжел мөлдір шарапты, мейлі достар күліп, ойнап ішсін.

Орна – орна. Тамуғнуң хайбаты көңлүмдә орнады – Тамұқтың қорқынышы көңілімде орнады.

Өл - өл. Ирақдан тирак келгинчә йылан захмлы ер өләр – Ирактан дәрі келгенше, жылан уымен уланған ер өлер.

Сайра – сайра. Чечәксән банда сайрар бұлбұл үндур – Сен гүлсің, ал сенің үстінде сайраған бұлбұл – сенің құлың.

Табыл – табыл. Табылғай мақсудум табқуңда – Сенің қызметінде менің мақсатым табылғай.

Қайна – қайна. Тақы от чибчук кувәч ичиндә қайнаса эт тақы харам турур – Егер сол шымшық қазан ішінде қайнаса, ол етті жеуге болмайды.

Қана – қана. Тақы йүзи қанады – оның беті қанады.

Ескерткіштер тілінде қазақ тілімен толық лексикалық параллель бола алатын етістіктер өте көп. Олар негізгі және туынды, көмекші, салт, сабақты, болымды, болымсыз тұлғаларында ұшырасады.

Үстеу сөздердің қатары:

Ең – ең. Ең әксүк – Ең кедей.

Аз – аз. Жүмлә сахабалар қондылар ол йәрдә сув аз әрди – Барлық сахабалар қонды, ол жерде су аз еді.

Былай – былай. Сәңә хукм етиб аймазмән былай қыл – Саған бұйрық бере алмаймын, былай қыл.

Көп – көп. Көңүл бахрында көп гәвхәрлариң бар – Сенің жүрегіңнің теңізінде көп гауһарлар бар.

Тағы – тағы. Қылур Ааййубны михнәт бәлә йар, тағы от ичрә Азар отдын асрар – Ол Айюбиді азаптың досы қылды, ол Азарды тағы оттан құтқарды.

Қайра – қайра. Тақы жумла қайра Мадинаға қайыттылар – Және бәрі Мәдинаға қайтты.

Бұл мәліметтерден байқағандай ескерткіштер тілінде күшейткіш, мөлшер, сын-бейне үстеулері орын алған.

Есімдіктер қатары:

Анда – анда. Үч күндин соң анда кәлгәйсән – Үш күннен соң анда келерсің.

Мұнда – мұнда. Мухаббат-нама сөзин мұнда биттим – Мұхаббат-наме поэмасын мұнда бітірдім.

Ол – ол. Ол йазуклы сөкти йарамас сөзләр сөзләди - Ол жазықты сөкті сұлтанды, жарамас сөздер сөйледі.

Мен – мен. Мен асру бенава – Мен өте бақытсызбын.

Сен – сен. Ичим күйди сениң чаксыз назыңдын – Сенің шексіз назыңнан ішім күйді.

Қайсы – қайсы. Бир залим хақим бир алим ергә сорды ким ибадатлардан фазилрәж қайсы турур – Бір залым хақим бір ғалымнан сұрады: құдайға құлшылық қылудың қайсы дұрыс.

Бұл деректерден байқағандай жәдігерліктер тілінде сілтеу, жіктеу, сұрау есімдіктері қолданылған.

Көмекші есімдер қатары:

Ара – ара. Тикәнләр арасында гүл төрәтті – Тікендер арасында гүл жаратты.

Арт – арт. Ол йигит бир карван артына түшүб кетти – Ол жігіт бір кеуен астына түсіп кетті.

Аст – аст. Сениң атақ ағыр таш астындан тәрбренгинчә кәрәк мәним атам жәннәткә кирмши болғай – Сениң әкең ауыр тастың астынан қозғалғанша, менің әкем жаннатқа кіріп болады.

Маң – маң. Йақын бу маңда бар бир йахшы бағым, бүтүн ол бағда тиккәйләр отағым – Осы жақын маңда менің жақсы бағым бар, шатырды сонда тігейік.

Орта – орта. Тәкмә бир ай ортасында үч күн руза тутғыл - Әр айдың ортасында ораза тұт.

Ескерткіш тілінде келтірілген сөз таптарынан басқа да одағайлар, қаратпа сөздер, бейтарап сөздер, шылаулар кездеседі.

Жоғарыда келтірілген екі дәуір тіліне ортақ лексикалық параллельдер қазақ тілінің тарихи лексикологиясының дерек көзі десе болады. Екі дәуірдің тілдік деректерін, лексика-семантикалық даму процесін салыстырмалы-тарихи зерттеудің нәтижесі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың қаншалықты екендігіне тәуелді. Ұқсастық, ортақтық лексика-семантикалық жүйенің тұрақтылығын көрсетсе, ал айырмашылық – тарихи үдере (кезекпен) жылжуды, тіл дамуының, қозғалысының кезеңдерін білдіреді.

Жазба жәдігерлік пен қазақ тіліне ортақ сөздер адам өмірінде жиі қолданылған ежелгі сөздер. Олар есте жоқ ерте замандардан, семантикалық өзгеріске түспей бүгінге жеткен тарихтың куәгері, байырғы және мәңгі жас лексикалық бірліктер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Наджип Э.Н. Кыпчакского – огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: Афтореф. дис. докт. – Москва, 1965, с. 92.
2. Ларин.Б.А. История русского языка и общее языкознание. – Москва: Просвещение, 1977, с. 222.
3. Федоров А.И. Русская фразеология и ее изучения по источникам: Афтореф. дис. докт. – Ленинград, 1973, с. 56.
4. Сағындықұлы Б. Алтын Орда ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1987, 34б.
Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – Москва: Наука, 1975, с. 386.
5. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997, 272б.

ТҮРІК ҒАЛЫМДАРЫ ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

А.Т. Абуова³

Түйіндеме: Қазақ әдебиетінің мол қазынасы саналатын ауыз әдебиеті үлгілері мен бүгінде әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің әдебиетімен иық теңестіріп қалған жазба әдебиеті жаппай түрік тіліне аударылып, түрік оқырмандары мен ғылыми ортаны біршама байытып тастады десек артық айтқанымыз емес. Түрік тіліндегі сол еңбектердің бәріне болмаса да біразына түрік ғалымдары өздерінің ғылыми пікірлерін білдіріп, мерзімді басылымдар мен жеке кітап түрінде жариялап, кейбіреулері туралы

³ PhD-докторы, доцент м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
akabuova@gmail.com

арнайы диссертациялар да қорғап жатыр. Сол түрік тілінде жазылған зерттеу еңбектер мен сын пікірлерді бүгінгі күні бір рет аралап, бағыт-бағдары мен ғылыми деңгейін анықтап алатын кез келді деп ойлаймыз. Қазақ әдебиетімен арнайы айналысып, сол салада жемісті еңбек етіп жүрген түрік ғалымдарының қатары бүгінде жүздеп саналады. Әрине олар қазақ әдебиетін бөліп алып, өз беттерімен жеке тарапта зерттеп жүрген жоқ. Түрік әдебиеттанушылары түркі тектес барлық ұлттардың әдебиеттерін бір-бірімен тығыз байланыста қарастырады. Түрік ғалымдарының қазақ әдебиеті туралы қандай зерттеу жұмыстары болмасын олардың бірінші назар аударып, сүйенетін және түпнұсқа ретінде ұстанатын дерек көздері қазақ ғалымдарының еңбектері болып саналады. Солай дей тұрғанмен де, қазақ әдебиетіне қатысты түрік ғалымдарының өзіндік жеке ғылыми пікірлерінің кездесіп отыратынын жоққа шығара алмаймыз.

Тірек сөздер: түрік ғалымдары, қазақ эпостары, түрік әдебиеті, қазақ әдебиеті, фольклористика.

Abstract: It is no exaggeration to say that the examples of oral literature, which is a great treasure of Kazakh literature, and written literature, which today is on a par with the literature of the world's leading countries, have been translated into Turkish and enriched Turkish readers and the scientific community. Although not all of those works in the Turkish language, some of them have been published by Turkish scholars in the form of periodicals and separate books, some of which have been defended. We believe that it is time to review the research works and reviews written in Turkish once and determine their direction and scientific level. Today there are hundreds of Turkish scholars who are engaged in Kazakh literature and work in this field. Of course, they did not isolate Kazakh literature and study it on their own. Turkish literary critics consider the literature of all nations of Turkic origin in close connection with each other. The first source of any research work of Turkish scholars on Kazakh literature is the works of Kazakh scholars. However, there is no denying that Turkish scholars have their own personal views on Kazakh literature.

Key words: Turkish scientists, Kazakh epics, Turkish literature, Kazakh literature, folklore.

Түріктер өз тарихы мен әдебиетімен тығыз байланысты Орталық Азия мен Еділ бойындағы және Кавказ бен Сібірді мекендеген бауырларының мол мұраларын игеруде бүгінде жетекші орында келе жатқаны рас. Соның бір айғағы ретінде түрік фольклористері мен әдебиеттанушыларының қазақ әдебиеті туралы, оның даму деңгейі мен бүгінгі жағдайы жайлы жазып жүрген қарымды еңбектерін атап өткеніміз орынды. Мәселен, түркиялық ғалымдар кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған 1965 жылдың өзінде қазақ әдебиеті туралы мәліметтер мен деректерді жинастырып жүрген және оны жинастырып қана қоймай Зеки Велиди Тоған сияқты түрік текті жанашырлар француз тіліне аудартып, сол Францияның өзінде «Қазақ әдебиеті» деген зерттеу мақала жариялаған. Ол мақала кейін 1996 жылы түрікшеге тәржімаланып «Түрік тілі мен әдебиеті мәселелері» журналының №5 санында жарияланды. Аталған еңбекте «Қазақ» сөзінің шығу тегінен бастап, қазақ хандығы туралы, қазақ ұлтының өзіндік ерекшеліктері, мәдениеті мен әдебиеті туралы да біршама құнды деректер кездеседі. Қазақтың көнеден келе жатқан эпикалық дастандары туралы түрік ғалымдары әр түрлі бағытта зерттеулер жүргізіп, түрік тіліне түпнұсқадан аударуға айтарлықтай үлес қосып жүр. Бұл тарапта 1996 жылы жарық көрген Бекир Шишманның «Қазақ халық әдебиетіндегі лирикалық, эпикалық дастан жанры және Қозы Көрпеш – Баян сұлу жыры» деген еңбегін атап өткеніміз орынды [1: 42 б.]. Түрік зерттеушілері мұнымен ғана шектеліп қалмай қазақтың аңыз-әңгімелерін, шешендік сөздерін де аударып күллі түрік дүниесіне таныстыруға жол ашты. Соңғы жылдары көп іздену мен ортақтаса

еңбектенудің арқасында жарық көрген «Түрік дүниесі әдебиеті» деген атпен 2 том болып жарық көрген [2] кітаптың жалпы туыстас түркі халықтарының рухани қазынасын байытып қана қоймай, олардың өзара бірін-бірі жақын тануына, тарихи негіздеріне ақиқат шындық тұрғысынан көз жіберуіне, келешек ұрпақты отаншылдық дәстүрде тәрбиелеуге қосар үлесі мол демекпіз. Онда қазақтың Ер Төстік ертегісі, Алпамыс батыр жыры, Асан қайғы, Бұқар жырау, Абай, Жамбыл сияқты ірі ақын-жыраулардың өмірбаяндары мен шығармалары берілген.

Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы түрік ғалымы Ферхат Тамир: «Қазақ ауыз әдебиеті өз дәстүрі бар, сыртқы әсерлерден ұзақта қалыптасқан, өте бай және дамыған әдебиет болып табылады. Кейбір ғалымдардың айтуынша түркі тектес халықтардың ішіндегі ең бай және ең дамығаны қазақ халық әдебиеті. Қазақ әдебиетінің бай ауыз әдебиеті, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс түркологтары Радлов, Поппанин және қазақ фольклористері Әбубәкір Диваев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ахмет Байтұрсынов тараптарынан жазып алынып, зерттеле бастаған» деп айрықша атап көрсетеді [3: 247 б.]. Одан әрі қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлерін былайша жіктеп көрсетеді: 1. Ертегілер; 2. Аңыз-әңгімелер; 3. Мақал-мәтелдер; 4. Жұмбақтар; 5. Шешендік сөздер; 6. Әдеп-ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар; 7. Жарапазан; 8. Наурыз жыры; 9. Бесік жыры; 10. Айтыстар; 11. Қазақ жырлары. Жыраулар мен ақындардың шығармалары [3: 247-256 бб.]. Әрине бұлайша жіктеу бұрын қазақ әдебиетімен таныс болмаған түрік жұрты үшін жаңалық болып көрінуі де мүмкін, бірақ қазақ әдебиетінен шамалы хабары бар көзі қарақты зерттеушілер ғалым Ф. Тамир жіктеуінің жоғарыдағы өзі атап көрсеткен орыс зерттеушілері пікірлерінен еш айырмасы жоқ екенін аңғармауы мүмкін емес. Он бірінші бөлімге «Қазақ жырлары» деп енгізген атауы да оншалықты көңілге қонымды емес. Әңгіме қазақ ауыз әдебиеті туралы болып отырғандықтан оны «Эпикалық жырлар» немесе тағы басқаша атап көрсетуге болар еді. Дегенмен де Ферхат Тамирдің бұл еңбегі қазақ ауыз әдебиеті туралы түрік оқырмандарына біршама ғылыми негізі бар түсінік бере алды деп айтуымызға болады.

Ертегілерге қарағанда қазақ ауыз әдебиетінде көлемді эпостық жырлардың әлдеқайда көп екендігін байқамау мүмкін емес. Бұл мүмкін халықтың көшпелі тұрмыс кешіп, ылғи да жаугершілікпен өткізген өмір салтына да байланысты болар. Әсіресе батырлық жырлар халық тарихының ажырамас бір шежіресі іспетті.

Эпос жанры өте ерте кезеңдерден бері халық санасында өмір сүріп келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінің бір түрі. Оның пайда болу кезеңдерін кейбір зерттеушілер алғашқы қауымдық құрылыстың соңғы дәуіріне апарып тірейді. Көне эпостарда әр халықтың күллі мәдени-әлеуметтік дәстүрлері мен тарихи болмысы нақты суреттелген. Біздің түсінігімізде кез келген халықтың өткені мен мәдениетін танығың келсе, оның бірінші ауыз әдебиетін, соның ішінде эпостарымен танысқан жөн.

Осы мақсатпен түріктер де өздерімен туыстас бауырларының өткен тарихы мен салт-дәстүрлерін меңгеру үшін, олардың мәдениетін тереңірек біле түсу үшін қазақ эпостарымен жан-жақты таныса бастады. Сондай талпыныстан туған қазақ эпосы жайлы еңбектің бірі Айше Южел Четиннің «Қазақстандағы халық жырларының дәстүрі» [4] деп аталатын кітабы. Онда зерттеуші қазақ жыршылық өнері мен жалпы жырлардың ерекшеліктеріне тоқтала келіп өз еңбегін бес тарауға бөліп қарастырады. Оның кіріспе бөлімінде Қазақстанда осы уақытқа дейін басылған, жарық көрген жыршылық өнер мен эпостарға қатысты еңбектерге шолу жасап кетеді. Кітаптың бірінші тарауы: «Қазақстан аймағындағы жыршылық дәстүр және жыраулар» деп аталады, бұл тарауда қазірге эпостардың зерттелу жайы мен терминдер төңірегінде біршама өзекті мәселелерге талдаулар жасайды, жырлардың жанрлық ерекшеліктері мен жыршылық өнер туралы да сындарлы ой-пікірлер айтылады. Екінші тарау: «Халық

жырларының қайнар көздері мен тақырыптары» деп алынып, жырлардың пайда болу және қалыптасу кезеңдері туралы, көтерген тақырыптары жайлы байлам-тұжырымдармен қорытындыланса, үшінші тарау: «Халық жырларының түрлері мен ерекшеліктері» деп аталып, бұнда негізінен жырдың өзіне тән стильдік сипатына, жырлану ерекшелігіне, жыраулардың шешендігі мен жырдағы уақыт пен кеңістік мәселелеріне тоқталады. Төртінші тарау: «Жырлардағы кейіпкерлер құрамы» деп аталғандықтан қазақ эпостарындағы әр алуан образдарға талдаулар жасалады, ал: «Жырлардың айтылу ерекшеліктері және жыраулар мен жыршылар» деп аталатын бесінші тарауда эпостардың қазақ арасында жырлану ерекшеліктері мен сол жырды халыққа жеткізуші жыршылар мен жыраулар туралы әр түрлі қызықты деректерден мысалдар келтіреді. Сонымен қоса осы тарауда қазақ жырауларының өмір деректері туралы да қысқаша мәліметтер берілген. Көріп отырғанымыздай ғалым жалпы қазақ эпостары туралы жан-жақты қарастырылған көлемді дүние жазып шыққан.

Қазақ эпосы Қазақстанда жан-жақты зерттелген жанрдың бірі. Түрік ғалымдарының қайсысы болса да ол еңбектерді аттап өтіп көлденеңнен пікір айта қоюы қиын. Жоғарыда біз сөз еткен Айше Южел Четин қазақ эпостарын талдай келіп, жанрлық, хронологиялық жағынан төмендегіше топтайды. Онда ғалым қазақ эпостарын зерттеген Ә.Марғұланның, Ә.Қоңратбаевтың классификациясына жүгінеді. Бірінші Ә.Қоңратбаевтың мына топтауына назар аударады: «1. Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құламерген», «Галасбай мерген», «Дотан», «Мұңлық-Зарлық»); 2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күлтегін» жайындағы жырлар); 3. Оғыз эпосы («Кітаби дадам Қорқыт» жырлары); 4. Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар»); 5. Ноғайлы эпосы («Ер Тарғын», Мұрын Сенгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры» т.б.); 6. Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы); 7. Лиро-эпос («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»); 8. Шығыстық дастандар («Рүстем-дастан», түрлі қиссалар); 9. Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Нарқыз»); 10. Совет эпосы (Амангелді, Мәлік, Төлеген жайындағы жырлар)» [5: 32 б.]. Екінші академик Ә. Марғұланның мына топтауын да салыстырмалы түрде қоса көрсетеді. Қолымызға ғалымның аталған еңбегі түспегендіктен түрікше нұсқасын ұсынып отырмыз. «A. Margulan, tarihi kronolojyi esas alarak, destanların teşekkül dönemlerini tespit etmeye çalışır ve üç ayrı şekilde tasnif eder:

1. Eski devirlerde doğan epos (V-XII tarihi devirlerinde doğan epos (XIII-XIV),
2. Tarihi devirde doğan epos (VIII-XIV. yüzyıllar),
3. Nogaylı eposu (XV-XVI. yüzyıllar),
4. Jongar savaşları ile ilgili doğan epos (XVIII yüzyıl),
5. İç hanlar ve hanlıklara karşı mücadele ile ilgili epos,
6. Sovyet döneminde doğan epos» деп жіктейді [4: 11 б.].

Бірақ үшінші бір қазақ ғалымы Р. Бердібаев бұл жіктеудің өзін әлі де болса жетілдіре түсу керек деген ой айтады. Әрине ғылым еш уақытта бір орында тоқырап қалуы мүмкін емес. Сондықтан уақыт өткен сайын әр алуан пікірлердің де өзгеріп, дамып отыруы заңдылық. Біздер қазақ әдебиетін зерттегенде көбінесе осындай карама қайшы пікірлердің арасын ашып алуды басты мақсат етіп қоюға тырысатынымыз да сондықтан.

Қазақтың эпикалық дастандарының тарихи негіздері мен көтерген тақырыптары жөнінде Түркияда 2002 жылы жарық көрген «Ислам энциклопедиясында» да біраз тың деректер қамтылған. Ондағы кейбір пікірлердің қазақ ғалымдары зерттеп жүрген пайымдаулармен кейде оншалықты сәйкесе бермейтінін де аңғарамыз. Онда: «XX ғасырға дейінгі қазақ әдебиеті негізінен өлең түрінде дамыған. Оның ішіндегі кең тараған түрі дастандар болды. Жалпы

алғанда ХІҮ-ХҮІ ғасырлар арасында белгілі бір деңгейге жеткен қазақ дастаны осы аралықта көптеген қайнар көздерден нәр алып, көркемдік биікке көтерілді. Дастан жанры сонымен қатар Орта Азия және Еділ аймағы көшпенді түркілері бастарынан кешкен тарихи оқиғаларды өлең түрінде жеткізу дәстүрінде болды. Мысалы, Қамбар батыр дастаны қалмақтарға қарсы жүргізілген күресті баяндаса, Алпамыс батыр Алтын Орданың ХҮ ғасырдағы құлдырауымен байланысты туған жыр болатын. Негізінен мұндай дастандардың нұсқалары Орта Азия түркі халықтарының әдеби қорының негіздерін қалайды. Ауызша айту дәстүрімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған бұл әдебиет ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жазба әдебиетке ауыса бастады» деген тұжырымдар бар [6: 133 б.]. Мұндағы кейбір ойлармен келісе қою да қиындау. Біріншіден қазақ дастандарын зерттеушілер Алпамыс батыр жыры он бесінші ғасырда пайда болды деген пікірмен келіспейді. Оған жырдың мың жылдық мерейтойының Өзбекстанда ХХ ғасырдың соңында тойланып кетуінің өзі дәлел бола алады. Екіншіден, «бұл дастандардың нұсқалары Орта Азия түркі халықтарының әдеби қорының негізін қалайды» деген тұжырым да асығыстау айтылған ұшқары пікір сияқты. Егер Орта Азия халықтарының әдебиетінің негізі ХҮ ғасырда қаланса, оған дейін оларда әдебиет болмаған болып шыға ма? Әрине зерттеу еңбек болған соң онда әр алуан қайшы пікірлердің көрініс беретіні де рас. Сондықтан бұл соңғы түйінді тұжырым емес екендігін ескертеміз. Бірақ болашақта осындай асығыс пікір айтушыларға сақ болған жөн.

Қазақ фольклористикасындағы қазақ эпостары ғана емес жалпы түркі халықтарына ортақ көлемді эпикалық дастандар туралы қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектері де түрік зерттеушілері тарапынан қағыс қалмайды. Қазақ ғалымы Қ. Алпысбаевтың «Қазақстанда Манас дастанының зерттелуі» (Kazakistan'da Manas Destanı Araştırmaları) деген зерттеу мақаласын түрік ғалымы Ахмет Гүнгөр түрікшеге тәржімалап *Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi* журналының 1995 жылғы №3 нөміріне жариялаған. Бұл еңбекте қырғыздың Манас жырының қазақ ғалымдары тарапынан бірінші болып қолға алынып, ғылыми айналымға түскені айтылады. Аталған мақалада Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Ә. Марғұлан еңбектерінің манастану саласындағы ғылыми мәні мен маңызы туралы қысқаша болса да талдаулар жасап, жүйелі ақпарат бере алған [7: 50 б.]

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең бір бай саласы - батырлар жыры болып табылады. Қазақтың батырлар жыры саны жағынан өте көп және кең көлемді болып келеді. Батырлық жырлардың тақырыбы ел қорғау, сондағы жеке батырлардың ерлік істері туралы. Ол мүмкін қазақтардың түркі тайпаларының ішіндегі көшпелі ғұрыпты ұстанған жауынгерлік рухымен де байланысты болса керек.

Қазақтың батырлар жыры тек ХІХ ғасырдан бастап қана жиналып, зерттеле бастады. Алғаш мұндай мол мұраға назар аударып, зерттей бастағандар орыс оқымыстылары болған. Олардың қатарында Радлов, Ильминский, Остраумов, Потанин т.б. атап айтуға болады. Ал ертеректе қазақ ғалымдарынан бұл салада елеулі еңбек қалдырғандар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев т.б. Қазақтың батырлық жырларының тақырыптары, идеялық мұраттары сырттай бірсарындас болып келгенімен, ондағы оқиғалардың алуан түрлі сюжеттерге құрылуы, басты кейіпкерлердің әрқайсысының даралана бейнеленуі, әр бір образдың өзіндік мінез бен портреттерінің болуы олардың өзіндік ерекшелігін танытады.

Қазақ батырлар жыры негізінен белгілі бір халық басынан өткен оқиғаларды баяндауға арналған тарихи негізі бар дастандар сияқты. Бұл туралы қазақтың белгілі фольклортанушы ғалымы Әлкей Марғұлан мынадай ой айтады: «...Қазақ эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, олар көп сәттерде жазу-сызуға

машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама, оларды, тіпті, тарихи әдебиеттер де дәлелдеп отыр» [8: 31 б.]. Өйткені көптеген батырлар жырларындағы жалпы түркі халықтарына белгілі ру-тайпалардың аттарының өзгермей айтылуы және жер аттары мен тарихта болған оқиғалардың тарихи құжаттармен сәйкес келуі шынында да бұл ойымызды растай түседі.

Қазақстан тәуелсіз ел болып, темір шымылдық сыпырылғалы бері түбі бір түркиялық ғалымдар да қазақ эпосын жан-жақты зерттей бастады. Солардың бірі белгілі ғалым Ферхат Тамир жалпы қазақ әдебиетіне шолу жасай келе эпостық жырлардың тарихи негіздерінің тереңде жатқанына да назар аударады: «Қазақ жырлары -қазақ ауыз әдебиетінің ең көп кездесетін түрі. Қазақ жырлары тақырыбына қарай екіге бөлінеді: а) батырлар жыры, б) лиро-эпостық жырлар.

Батырлар жырының ең бастылары: Қобыланды батыр жыры, Алпамыс батыр жыры, Қамбар батыр жыры, Ер Тарғын жыры, Ер Сайын жыры, Көрұғлы жыры.

Лиро-эпостық жырлар: Қыз Жібек, Қозы-Көрпеш Баян-сұлу, Айман-Шолпан жырлары.

Қазақ жырларының негізі, баяғы заманда Үйсін, Қаңлы, Керей және Қыпшақ тайпаларының ру-хандары түрінде өмір сүрген уақытта бұл тайпалардың соғыста ерлік көрсеткен батырларын жырға қосады. Қазақ батырлар жыры тек қана қазақтарға тән емес, сонымен бірге Қарақалпақтар, Ноғайлар, Қырғыздар мен Өзбектер арасында ортақ болып табылады. Қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов (1835-1865) бұл жырлардың алғашқы мәтіндерінің XIII ғасырдан бастап, XV-XVI ғасырларға дейін пайда болғанын айтады. Шоқан Уәлихановтың бұл анықтамалары бүгін бүкіл қазақ жырларының бәріне болмаса да кейбіреулері үшін дұрыс» [3: 254-б.].

Түрік әдебиеттері антологиясының 27-ші томында қазақшадан түрікшеге аударып бес батырлар жыры мен үш ғашықтық дастандардан үзінділер келтірілген. Атап айтар болсақ, олар: Қобыланды батыр дастаны, Алпамыс батыр дастаны, Қамбар батыр дастаны, Дотан батыр дастаны және Көрұғлы аңлатпалары. Ғашықтық жырлар: Қыз жібек, Баян сұлу (Қозы Көрпеш), Тахир-Зухра жырлары.

Батырлар жырына жазған алғы сөздерінде құрастырушылар бұл жырлардың Қазақ ССР Ғылым Академиясының антологиясынан алынғанын ескертеді. Мәселен Қобыланды батыр жырының әр түрлі нұсқалары бар екендігін айта келіп, кітапқа халық ақыны Мергенбайдың нұсқасын енгізгені туралы да деректерді орынды көрсеткен. «Қобыланды батыр» дастаны түрік тіліне Қобыландының Құртқаға кездесетін жерінен бастап тәржімаланған.

Қазақшасы

Арғы астында сол таудың
Бұрқыраған бу шықты,
Шуылдаған шу шықты.
«Бұл не қылған дауыс?» деп,
Естемістен сұрады.
Айтпасына қоймады
Сонда Естеміс сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Арғы астында бұл таудың
Қызылбастың елі бар,
Жасыл байтақ жері бар,
Айдынды шалқар көлі бар,
Көктім Аймақ ханы бар,
Неше мың сан жаны бар,

Түрікшесі

Öbür tarafından o dağın,
Göğe yükselen toz bulutları çıktı,
Yüksek sesli bir gürültü çıktı,
“Bu neyin sesi?” diyerek
Estemis’e sordu Kobılandı,
Israrla ona anlattırdı.
O zaman Estemis söyler,
Söylediğinde de böyle der:
“Öbür tarafında bu dağın,
Kızılbaş halkı var.
Yeşil, geniş toprağı var,
Parlak, engin gölü var,
Köktim Aymak adlı hanı var,
İdaresinde binlerce insanı var.

Қанша жиған халқына
Көрсетіп тұрған себі бар,
Құртқа деген қызы бар,
Жұртына жайған назы бар.

Topladıǵı sayısız halkına,
Gösterdiǵi parlak saltanatı var.
Kurtka adında kıızı var,
Onun halkına yayılmış nazı var [9: 255-

б.].

Көріп отырғанымыздай қазақ жырының көптеген сөздері түрік тіліне өзгеріссіз тәржімаланған. Сонымен бірге жырдың жеті, сегіз буынды ырғақ желісі де біршама қалыпты сақталған. Тек кейбір сөздер ғана өзгеріске түскенімен, олардың өзі қазақ тілінде мағыналары бар, синонимдес сөздер. Қазақшасындағы «Арғы астында сол таудың, Бұрқырыған бу шықты» деген өлең жолдары түрік тілінде «Сол тарапында сол таудың, көкке өрлеген бұлттар шықты» деген мағынада аударылған, ал он бірінші тармақтағы «Жасыл байтақ жері бар» деген тармақ «Жасыл кеніш топырағы бар» деп тәржімаланған. Яки қазақ тіліндегі «байтақ» сөзі «кеніш» болып аударылса, қазақша «топырақ» пен түрікше «топырақтың» мағыналары сәл өзгеше екендігі байқалады. Бірақ бір түбірден тараған сөз екенін кез келген адамның ажырата алатыны байқалып тұр. Дегенмен де, түсінуге жеңіл болғанымен аталған аудармада кейбір қазақ тіліндегі сөздердің орындарына түрік тіліндегі басқа мағыналас сөздерді қолдану жырдың өзіне тән ырғағы мен әуезділігіне біршама нұқсан келтірген. Мысалы, қазақшадағы «Көрсетіп тұрған себі бар», «Жұртына жайған назы бар» деген сегіз буынды жыр жолдары түрік тіліне «Гөстердийи парлак салтанати бар», «Онун халкина йаилмиш нази бар» деп он, он бір бунды өлең түрінде тәржімаланған. Осы соңғы жолдағы «онун» (қазақша «оның») деген сөздің неге қосарланып тұрғаны біз үшін түсініксіз болып тұр. Себебі оның үстіндегі жолдағы «Куртка адинда кизи бар» деген тармақтан кейін «Халкина йаилмиш нази бар» десе де түсінікті болар еді. Бұл ешқандай да түрік тілінің заңдылықтарына қайшы келмейді. Айтылып жатқан әңгіменің Құртқа туралы екені алдыңғы жолдан-ақ аңғарылып тұрған жоқ па?

Ал қалған өлең жолдары дәл қайталанбаса да өте жақын мағынада тәржімаланған. Кейбір сөздер қазақша қалпын толық сақтап, түрік тілінің құнарын арттыра түскен. Мұндай аудармалардың келешекте туыстас екі тілдің сөздік қорларын толықтырып, баюына себін тигізетін құбылыс ретінде қалыптасатынын тәжімаланған осы азғантай мәтіннің өз-ақ көрсетіп беріп отыр.

Түрік ғалымдары шығарған кітапқа енген екінші эпикалық жыр «Алпамыс батыр» дастаны. Бұл жырдың қазақшадан түрікшеге 730 жолы аударылып басылған. «Алпамыс батыр» дастаны қазақтарда ғана емес, басқа да түркі халықтары арасында кең тараған эпос болып саналады. Бұған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Өзбекстанда «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдық мерейтойының атап өтілуі дәлел бола алады. Егер ақиқатына келсек, тоқсаныншы жылдардан бері қарайғы уақыттың ішінде Қазақстан ғалымдарына қарағанда Өзбекстан ғалымдары бұл жырдың жан-жақты зерттелуі мен халық арасында насихатталуына көбірек назар аударып, біраз сүбелі еңбектер шығарып тастады. Қазақстандық ғалымдардың әзірше тәуелсіздік алғанға дейінгі зерттеулерді ғана қанағат тұтып жүргені жасырын емес. Кейбір ғалымдар бұл батырлық дастанның басты қаһарманы Алпамысты Қорқыт ата жырындағы Алып бамсы немесе Бамсы Бәйрекпен өзектес, сол образдың сәл өзгеріске түскен түрі деп те айтып жүр. Мүмкін екеуі бір тарихи тұлға шығар, бірақ оны ғылыми негізде дәлелдеп шыққан толымды ғылыми еңбектің жоқ екендігі рас. Ал «Түрік дүниесі әдебиеті» кітабында дастан туралы мынадай мағлұмат берілген: «Алпамыс-ескі батырлық дастандардың ішіндегі керемет туындылардың бірі. Бұл дастанның тууы туралы түрлі пікірлер бар. Алпамыс дастаны: өзбек, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, татар және алтай түркі халықтары

арасында аздаған ерекшеліктерімен кеңінен тараған. Әйтсе де дастанның басты мазмұны және негізгі кейіпкері барлық түркі халықтарында бірдей болып келеді. Дастанның соңғы түрі оныншы және он бірінші ғасырларда, кең далада көшпелі өмір сүрген Қоңырат тайпасында болған екен.

Бай ауыз әдебиеті сақталған қазақ халқы арасында Алпамыс дастаны «Алпамыс батыр» деген атпен кеңінен тараған. Алпамыс дастаны 19-шы ғасырдың соңы мен 20-шы ғасырдың басында жазылып алынып, басылған» [10: 108-б.].

«Алпамыс батыр» жырының қазақ халқы арасында ауызша тараған көптеген нұсқасы болған. 1986 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Батырлар жыры» деген көптомдықтың екінші томында дастанның қағазға түскен үш нұсқасы қатар басылған. Түрік әдебиеттері антологиясына енген, қазақшадан түрікшеге тәржімаланғаны осы үшеуінің арасындағы Майкөт Сұлтанқұл нұсқасы. Аудармашы жырдың басында келетін «Бисмиллә сөздің анасы, күллі сөздің данасы» деген тармақтан бастап 37 жол кіріспе секілді өлеңді тастап кетіп:

қазақша	түрікше
Бұрынғы өткен заманда, Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде, Байбөрі деген бай шықты. Тоқсан мың екен қорасы. Мұрындық, нокта тимеген, Түйешілер мінбеген, Сексен мың екен маясы.	Geçmiş zamanda, Jiydeli Baysın adlı yerde, Onu yurt edinen Konırat elinde, Bayböri adında zengin bir bey vardı. Doksan bin imiş hayvanları, Burunluk takılıp, yular bağlanmamış, Deveciler bile bir kez olsun binmemiş, Seksen bin imiş mayaları

деген жолдардан бастайды [2: 108-б.]. Осының ішінде «мая» деген сөз түрік тілінде дәл қазақ тіліндегідей мағынасында қолданылмайды. Бірақ аудармашы оны сол күйінде өзгеріссіз пайдаланып, соңына түсініктеме беріп отырған.

Жоғарыда біз сөз етіп кеткен «Түрік дүниесі әдебиеті» деген кітапта Алпамыс батыр жырының тақырыбы мен идеялық ерекшеліктері, оның көркемдік сипаты туралы қысқаша болса да біршама тұжырымды пайымдаулар бар. Онда түрік зерттеушілері: «Алпамыс дастаны екі үлкен оқиғаға негізделіп құрылған. Біріншісі; Алпамыстың атастырып қойған қалыңдығы Гүлбаршын сұлуды іздеп шығуы, екіншісі; Қалмақтардың Алпамыстың елде жоқ екендігін пайдаланып, елін шауып кетуі. Бұл дастанда адамның ішкі сезімі, психологиялық болмысы да айтарлықтай ашылады. Айрықша атап өтетін нәрсе, дастанның өн бойында түркі халықтарына тән тұрмыс-салт жырларының жар-жар, айтыс, жоқтау сияқтыда элементтері де шебер қиюласқан.

Дастанның негізгі тақырыбы – қалмақтарға қарсы әділетті күрес, басты идеясы – жігіттік, жомарттық, және отансүйгіштік қасиеттердің дәріптелуі» деген пікір айтады [10: 108-б.]. Осы еңбектің 110 бетінде Алпамыс батыр жырының өзбекше нұсқасы туралы да қысқаша мәлімет берілген. Онда дастанның өзбектер арасында он бесінші ғасырдан бері белгілі болып, халық арасында ауызша тарап келе жатқаны туралы айтылады. Тек 1927 жылы ғана өзбек ғалымы Махмут Зариповтың Алпамыс батыр дастанын қағазға түсіріп, жариялағаны сөз болады. Бірақ бұл жерде де басын ашып, айқындап алатын мәселелер баршылық. Көптеген деректерде қазақтардың көшпелі өзбектер деп аталып келгенінің де астарында әлі күнге дейін бізге мәлімсіз жайттардың бар екенін де ескергеніміз жөн сияқты. Оның үстіне Алпамыс жырындағы тұрмыс-салт пен дүниетаным мәселерінен де өзбектерден гөрі қазақтардың дәстүрлері көбірек байқалады. Қазақтың көшпелі мәдениетінің иісі шығып тұратынын да ешкім жоққа шығара алмайды.

«Түрік дүниесіндегі түрік әдебиеттерінің антологиясы» деген үлкен жинаққа жоғарыда біз сөз еткен көлемді екі дастаннан басқа «Қамбар батыр», «Дотан батыр», «Көрұғлы» дастандарының үзінділері де қазақ тілінен түрікшеге аударылып басылған. Бұлардың ішінде «Көрұғлы» қазақ пен түрікке ортақ жыр болып табылады. Бірақ түрікше нұсқасы мен қазақша нұсқаларының мазмұны мен сюжеттерінде көптеген айырмашылықтар бар. Қазақша нұсқасында әлқиссасынан басқасы түгелге жуық өлеңмен жырланатын дастан, түрікше нұсқасында кейде Көрұғлының атынан айтылатын бәйіттер болмаса негізінен қара сөзбен баяндалады. Сонымен қатар «Көрұғлы» жырының Стамбұлдық нұсқасында батырдың дүниеге келуі туралы, оның анасына қатысты ешқандай дерек кездеспейді және шығарма сюжетінен анадолы түріктерінің орта ғасырлық өмір – салттарын айқын байқауға болады. Бұл аңыз-әңгімедегі Көрұғлының әкесі атбегі - сейіс (ат сыншысы) ретінде көрінеді және сол үшін екі көзінен айрылады. Оның кейбір әрекеттері қазақтың «Аяз би» аңызындағы Аяз бидің тапқырлығымен сабақтасып жатқандай әсер қалдырады. Мысалы «Көрұғлының» Стамбұлдық нұсқасындағы мына үзіндіге назар аударып көрелік: «Паша бейтаныс атпазды шақыртып алады, «Атымды сынап көр» дейді. «Қандай жақсы ма жаман ба?» деп сұрайды. Атпаз қарап көріп: «Зияны жоқ жануар екен, бұның қанына есек қаны араласып кеткен екен», -дейді. Паша: «Атта есек қаны қалай болады?» - дейді. Атпаз: «Есек қаны болған ат су ішкен кезде суға алдыңғы аяғы тиер-тимес іше бастайды, сенбесеңіз сынап көруіңізге болады», - дейді. Паша атты суға алып барады, шынында да солай болып шығады. Паша атпаздың сөзіне ыза болады. Сарайына қайтып кетеді. Атпазды сарайға шақыр деп бұйырады. Атпаз келеді. Атпазға: «Атымның қандай екенін сынап таптың, ал менде қандай қан бар соны сынап көрші!» - дейді. Атпаз: «Қайдан білейін?» -дейді. Паша сұрап отырып алады. Атпаз құтыла алмайтынын біліп: «Сенде диірменші қаны бар екен» -дейді» [9: 91-б.]. Мәтіннен аңғарғанымыздай бауырлас екі халықтың фольклорлық шығармаларындағы кейбір сюжеттердің өзі бір-бірімен алмасып, қайталанып жататын секілді. Бұл жерде сюжетті қай халық қай халықтан алды деген мәселе туындағанымен де оның жауабын таба қою оңай емес.

Біз сөз еткелі отырған келесі бір үлкен жанр – бұл қазақтың түрік тіліне аударылып, әр алуан ғылыми пікірлерге негіз болып жүрген қазақтың лиро-эпостық жырлары. Қазақ дастандарын Түркия ғалымдары Қазақстан өз тәуелсіздігін алмай тұрған кездің өзінде түрік тіліне аударып, зерттей бастаған. Айше Акташ «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жетпісінші жылдардың ішінде түрікшеге аударып жариялаған болатын [11: 13-22 бб.]. Бүгінгі күні ғашықтық жырлардан қазақшадан түрікшеге «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бес жүз екі (502) жолы, «Қыз Жібек» жырының бес жүз жеті (507) жолы аударылған. Соның ішінде қазақтың ең ескі ғашықтық жырларының бірі болып саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры туралы жазылған материалдар түрік тілінде де көптеп кездеседі. Оған себеп жырдың 1500 жылдық мерейтойының Қазақстанда ғана емес күллі түркі дүниесінде аталып өтуі десек қателеспейміз. Аталған ғашықтық дастан туралы 1996 жылы жарық көрген «Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi» журналындағы Бекир Шишманның «Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі лиро-эпостық жанр және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры» деген көлемді мақаласында ғалым: «Қазақ халық әдебиетінде дастандарды және өлеңмен айтылатын әңгімелерді «жыр» дейді. Жырлар эпикалық, лирикалық және лиро-эпикалық болып үш жанрға бөлінеді.

Эпостық халық дастандарында ақын қаһармандық өлеңді баяндаса, лирикалық халық дастандарында ғашықтық, қайғылы оқиғалар мен келешектен үміт күту басым болып келеді. Ал лиро-эпикалық дастандарда қаһармандықпен қоса қайғы мен мұң, сезім шырғаландары басым болады. Онда адам басынан өткен түрлі

сезімдер, оның ішкі әлеміне үңілу, қуанышы мен қайғысына көп мән беріледі. Ғашықтық-сүйіспеншілік тақырыптарында айтылатын лиро-эпостық дастандардың кейіпкерлері батырлар емес, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым адамдар болып келеді. Мұндай жанрдағы дастандарда армандарына жете алмаған екі жастың махаббаттары, бір-біріне деген нәзік сезімдері жырланады. Лиро-эпостық дастандар көбінесе халық арасында ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен де кейін барып қағазға түскен. Батырлық эпостар секілді лиро-эпостық дастандардың да әр түрлі нұсқалары көп болады», - дейді [1: 42-б.]. Одан әрі түрік зерттеушісі «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын зерделей келіп, ол туралы пікір айтқан белгілі ғалымдардың да ой-тұжырымдарын назардан тыс қалдырмайды. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры қазақ лиро-эпостық жырларының ең көнесі. Бұл жыр композициялық құрылымы, мазмұны мен пішіні, тілі жағынан да басқа жырлардан ерекшеленіп тұрады. Дастанда ертегі элементтерінің болуы, ежелгі мал шаруашылығы туралы көшпелі тұрмыстың көріністері оның көнелігін аңғартады. Мал шаруашылығына байланысты кейбір сюжеттер бұл жырды Ер Төстік ертегісіне жақындата түседі. Ал екі дос адамдардың жаңа туған ұл мен қыздарын бесікте атастырып, кейін одан қыз әкесінің уәдесін тайып, қашып кетуі, жігіттің ер жеткен соң қалыңдығын іздеп сапарға шығуы Алпамыс батыр жырымен өзектес екендігін аңғартады. Әйтсе де, Алпамыс батыр дастанында кейіпкердің батырлығын көрсету басты мақсат болса, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырында ол екінші планға көшіп, махаббат пен сүйіспеншілік негізінен басым түсіп жатады» деген ғылыми мәні бар пікір айтады [1: 43-б.].

Мехмет Ача «Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры бойынша салыстырмалы зерттеу» деген докторлық диссертациясында қазақ ғашықтық дастанының түрік және басқа дүниежүзілік ғашықтық дастандармен өзектестігі мен айырмашылықтары туралы жан-жақты терең талдаулар жасаған [12: 43-б.]. Бекир Шишман «Бұл дастанның ғылыми және әдеби тұрғыдан қолға алынып зерттеле бастауына 150 жыл толды. Қолымыздағы жырдың сюжеті Бейсенбай ақынның жырлауынан жазылып алынған нұсқа» дегенді де қосып қоюды ұмытпаған [1: 44-б.]. Әрине жазып алған Бекир Шишман емес, ол бұл жерде бұрын жазылып алынып, қазақ әдебиетінде талай зерттелген жыр нұсқасының кімнен алынғанын пайдаланғаны туралы ғана дерек келтіріп отыр. Бұл бір қарағанда елеусіз нәрсе сияқты көрінгенімен ғылыми этика үшін маңызды мәселе болып табылады. Фахринисса Билежик «Қыз Жібек» жыры деген грамматикалық зерттеу еңбегінің кіріспесінде жалпы қазақ жыршылық дәстүрі мен Қыз Жібек жырының мотивтері туралы қысқаша да болса өз пікірін жазып қалдырған. Ол еңбекте де жырдың қазақша және түрікше мәтіндері қатар берілген [13].

Қыз жібек дастаны туралы көлемді зерттеу жасаған ғалымдардың бірі Айче Южел Четин. Онда ғалым қазақ ғашықтық жырларын түрік дастандарымен салыстыра зерттеуге де көп көңіл қойған. Мұның өзі Қыз Жібек жыры туралы бұрынғы зерттеулерден А.Ю. Четин еңбегін ерекшелеп тұрады. Онда ғалым Қыз Жібек жырының айтылу дәстүрі мен тілдік ерекшеліктеріне тоқталады: «Қыз Жібек жырының басқа бір нұсқасында жырды ауызша айту дәстүрінің басымдығы байқалады. Осы ауызша айтылатын дәстүрдегі жырда кейде жазба әдебиеті үлгілерінің де кездесіп жататынын ескертеміз. Төменде мысалға келтірілгелі отырған жыр жолдары бізге ауыз әдебиеті дәстүрімен жетсе де онда түрік жырларымен ұқсастықтардың мол екенін аңғарамыз:

A xalayıq, jaranlar!
Tındap kulak salınız,
Az anime qozgayın
Kelgenimse qalımız
Zeketsiz bolsa payda joq
Qasıqtap jiygan malınız.
Qız Jibekti tıdanız,
Zamandas, erkek urgası,
Aqsaqaldı salınız...
Qız Jibektin sozine
Endi abden qanımız
Al, tıdanız, jarandar!
Ozge sozdi qoyalıq,
Qız Jibekten soz qozgap,

деген мысал келтіреді [4: 77-б.]. Ғалым осы мәтіннің басталуындағы қаратпа сөздер мен жырдың басталуындағы (қалыптасқан) тұрақты жыр шумақтарының түркі халықтарында ұқсас болып келетінін салыстырмалы түрде дәлелдейді.

Көне эпостық дастандар халықтың рухани қазынасы. Түркі тектес халықтар арасындағы мұндай кең көлемді эпикалық дастандарды бір бірінің тілдеріне аударып басу дәстүрі олардың бір бірінің мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрі мен сөз мағыналарын жақын танып, түсінулеріне игі ықпал жасайтыны шындық.

Түрік ғалымдарының көбісі өздерінің ой-пікірлерінде бұрынғы зерттеулердегі тұжырымдарды қайталайтындай көрінуі де мүмкін. Оның да өзіндік себептері баршылық. Біріншіден, қазақ эпостарын зерттеуге түркиялық ғалымдар екі ғасыр кешігіп келді. Оған дейін әлемдік дәрежедегі атақ-даңқтары бар орыстың басқа да батыс Еуропалық елдердің ғалымдары бұл салада бірталай зерттеу еңбектер жазып қалдырғанын жоғарыда айтқанбыз. Екіншіден, Кеңес өкіметі тұсында қазақтың өз арасынан шыққан кәсіби фольклористер де қазақтың батырлық жырларын әр қырынан жан-жақты зерттеп, көлемді-көлемді еңбектер шығарды. Ал енді кейін келген түркиялық ғалымдар қазақ эпосын зерттеу барысында олардың зерттеу-еңбектерін аттап өте алмасы белгілі. Сонымен қатар, ол еңбектердің ішінде ғылыми сапасы жоғары жұмыстардың да көптеп кездесетінін атап айтуға тиіспіз. Әрине белгілі дәрежеде қасаң коммунистік идеологияға негізделген сапасы төмен зерттеулер де баршылық. Бүгінгі қазақ эпосын зерттеуші түрік ғалымының міндеті осы екі аралықтағы ғылыми ой-пікірлерді дұрыс танып, әділ бағасын беру болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін қазақ эпостары туралы бізге белгілі Түркияда мынадай еңбектер жарық көрді:

1. Mehmet Aça. Kazak Türklerinin Destanları ve Destancılık Geleneği. –Konya: Komen, 2002. (Қазақ халқының жырлары және жыр дәстүрі. – Кония: Көмен, 2002).

2. Mehmet Aça. Tufanın Kuşları ve Kozı Korpeş-Bayan Sulu Destanındaki Bazı Kuşlar // Milli Folklor. – Yaz, 1999. (Тұрфанның құстары және «Қозы-Көрпеш Баян сұлу» жырындағы құстар туралы).

3. Mehmet Aça. Kone Epos (Arkaik Destan) Kavramı ve Türk Halk Hikayelerindeki “Alplara Mahsus Evlilik” // Milli Folklor. 6 güz, 2000. (Архайкалық дастан ұғымы және түркі халықтары жырларындағы ғашықтарға тән үйлену тақырып аясындағы «Алыптарға тән үйлену» дәстүрі.) 4. Mehmet Aça. Kazak Türklerinin Destanlarında Çay // Türk Kültürü. – Kış, 2001 (Қазақ халқының дастандарындағы шай ішу дәстүрі).

5. Ertuğrul Yaman. Türk Dünyası Ortak Edebiyatı. Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları. – Ankara, 1998 (Ертуғрул Йаман. Түркі әдебиетіне ортақ әдебиет. – Анкара, 1998).

6. Бекир Шишман. Қазақ халық әдебиетінде лирикалық-эпикалық дастан жанры және Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры // Түрк лехчелері ве едебиеті дергиси, 1996, №7. 7. Aysu Şimşek Canpolat. Alpamış Destanı. – Ankara, 2000 (Айсу Шимшек Жанполат. Алпамыс дастаны. – Анкара, 2000).

8. Sakir İbraev. Destanın Yarısı. – Ankara, 1998 (Ыбыраев Ш. Дастанның эпостығы. – Анкара, 1998). 9. Дурсун Иылдырым. Көрұғлы жырының Орта Азиялық нұсқалары. – Анкара, 1983.

10. Шереф Байроз. Қозы көрпеш баян сұлу жырының үш нұсқасы бойынша салыстырмалы зерттеу. – Bilig, 1996.

Әрине мақалада тек негізгілерін ғана атап көрсетіп отыр және кейбір еңбектердің қолыма түспегендігін де ескерте кетуді өз борышым деп санаймын. Оның үстіне түрік тілінде бүгінгі күнге дейін жарық көрген қазақ дастандары туралы еңбектердің бәрін тізе берсек мақаламыз библиографиялық көрсеткішке айналып кетуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Şişman Bekir. Kazak Halk Edebiyatında “Lirik-Epik Destan” Türü ve Kozı Körpeş - Bayan Sulu Jırı // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi. – 1996. – №7(Haziran). – 42-45 s.

2. Türk Dünyası Edebiyatı. – Ankara: TİKA, 2002. – 208 s.

3. Tamir Ferhat. Kazak Edebiyatı // Güneşe Uçan Kartal. – Ankara: Tolkun, 2000. – 198-289 s.

4. Çetin Yücel Ayşe. Kazakistan Sahası Halk Hikayeciliği Geleneği. – Ankara: Gündüz Eğitim Yayıncılık, 2003. – 234 s.

5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 32 б.

6. İslam Ansiklopedisi. Türkiye Diyanet Vakfı. – Ankara, 2002. – 133-134 s.

7. Alpısbayev Kunapiya. Kazakistan’da Manas Destanı Araştırmaları // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi. – 1995. – №3(Ekim). – 50-53 s.

8. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 321 б.

9. Başlangıcından Günümüze Kadar Türkiye Dışındaki Türk Edebiyatları Antolojisi. Kazak Edebiyatı. – Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı, 2004. – 511 s.

10. Türkiye Türk Edebiyatı. – Ankara, 2002. – 440 s.

11. Aktaş Ayşe. Kuzukürpeç (drl.: Cafer Bekirov) // Emel. – 1979. – № 159(Mart-Nisan). – 13-22 s.

12. Aça Mehmet. Kozı Körpeş-Bayan Sulu Destanı Üzerinde Mukayeseli Bir Araştırma. – 148 s.

13. “Kız Jibek Destanı” (Metin-İnceleme-Sözlük). – İstanbul, 1998. – 329 s.

НОҒАЙЛЫ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ТАРИХЫ

Темурбаева С.С.

Қайнар академиясының 2-курс магистранты

Түйіндеме: Мақалада ноғайлы жырларының зерттелу тарихы туралы айтылады. Ноғайлы – халқымыздың тарихи бел-белестерінде жүріп өткен бір кезеңі. Ғұн дәуірі, түркі дәуірі сияқты, ол да тарихымыздың бір қатпары. Ноғайлы – түркіге қарағанда уақыт жағынан кейінгі ұрпақ бізге біртабан жақын. Ноғайлы дәуірін Ш.Уәлиханов қазақ халқының «Алтын ғасыры» деп атапты. Ол ұғымды ғалым аспаннан алмаған, сірә. Осыдан 150 жыл бұрынғы қазақ қауымының нақ байлам түсінігі осындай болған, дастан-толғаулар да осынау көкейлі ойды күйлеп, шерлейді.

Ноғайлы дәуірі Еуразиядағы кең далада ерекше роль атқарған көшпелі қоғамның саяси және құқықтың дамуында маңызды із қалдырған кезеңнің бірі болып табылады. Ноғайлы дәуіріндегі көшпелі қоғамының, қоғамдық ойының маңызды мұраларының бірі батырлар жыры екендігі белгілі. Батырлар жыры осы кезеңде айшықталып, негізін қалады десек артық айтқандық емес. Ежелгі дәуірлерден бері жырланып келе жатқан барлық түркі халықтарына ортақ батырлар жырының дәстүрі осы кезеңде айшықталды. Тәуелсіздігімізді алу барысында көнеден келе жатқан рухани құндылықтарымызды толық жариялап, оқырмандарға жеткізу жолға қойылып отырғандығы қуантады.

Тірек сөздер: батырлар жыры, ноғайлы жыры, фольклор, эпика, мотив.

HISTORY OF STUDY OF NOGAILY'S SONGS

Abstract:The article tells about the history of the study of Nogai songs. Nogai is a period in the history of our people. Like the Hun era and the Turkic era, it is a part of our history. The Nogai epoch is much closer to us than the Turks and Sh. Valikhanov called the Nogai epoch the "Golden Age" of the Kazakh people. Probably, the scientist did not take this concept out of the blue. Such was the notion of the Kazakh community 150 years ago, and the legends set the tone.

The Nogai epoch is one of the most significant periods in the political and legal development of nomadic society which played a special role in the vast steppes of Eurasia. It is known that one of the most important heritages of nomadic society and public opinion in the Nogai epoch was the song of heroes. It is no exaggeration to say that the song of the heroes became clear and laid the foundation at this stage. The tradition of heroic songs common to all Turkic peoples, which has been sung since ancient times, became clear during this period. It is gratifying that in the process of gaining our independence our ancient spiritual values have been fully revealed and conveyed to our readers.

Key words:Song of heroes, Nogai song, folklore, epic, motif.

Шынтуайтқа келгенде ғылыми ортаға да, көпішілікке беймәлім нұсқалары бар, ал жырдың даму, қалыптасу жолдарын оның барлық нұсқаларын салыстыру арқылы ғана көрсетуге болады. «Қамбар батыр» жыры – қазақ халқының эпикалық мұрасынан елеулі орын алатын, ел ішінде кең тараған батырлық жырлардың бірі. Жырдың Қызылорда, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент, Кереку, Омбы өңірлерінен жиналған нұсқалары бар. Бұл жыр ауызша да, қолжазба күйінде де, баспа арқылы да тарады. Ал Қазан басылымдары негізінде жаңа жазбалары (редакциялары) туды.

Жырдың алғаш қағазға түсіп, жариялануы «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты кітапта жырдың мазмұны қысқаша баяндалып, оқиғаны қазақтар Жеті Асар қамалының күйреуімен, қалмақтардың билігінен осы жерді азат етуімен байланыстыратындығы жайлы хабардан бастау алады [1,287]. В.Карлсон «Қырғыз (қазақ) халық ақындары архив комиссиясында» атты мақаласында Орынбор облысы, Орал уезі, Жиренқопа болысынан келген жыршылар Қазақпай мен Көшелектің басқа жырлармен қатар «Қамбар» жырын да орындағаны туралы мәліметтерді келтірді.

Жырдың жиналу, зерттелу тарихы жариялануымен қатар жүрген. Мысалы, У.Тухфатуллин деген татар азаматы Зайсан өңірінен жазып алған нұсқасы Қазан қаласындағы Университет баспаханасынан «Қисса Қамбар» деген атпен 1888 жылы жарияланса [2], 1903 жылы Қазанда ағайынды Кәримовтар баспаханасынан «Тоқсан үйлі тобыр» деген атпен жарық көрген (баспаға дайындаушы көрсетілмеген) [3]. Жырдың жарияланымдарының ішінде 1890 жылы Санкт-Петербург қаласында «Түрік хрестоматиясы» жинағының 3-том, 2-бөліміндегі «Қамбар баһадүрдің жыры» атты белгілі шығыстанушы И.Н.Березин жариялаған нұсқасы [4] мен 1922 жылы Тәшкенде

қазақ фольклорын насихаттаушы, этнограф ғалым Ә.Диваев баспаға дайындаған «Қамбар батыр» нұсқаларының мәні зор [5].

Қазақ ғалымдарының ішінде «Қамбар батыр» жөнінде алғаш ғалыми ой-тұжырымдар түйіндеген М.О.Әуезов жырдың өзге эпостық үлгілерден ерекшелігі, ондағы образдар жүйесі, оқиғалардағы көпқабаттылық (полистадиялық) туралы түйіндердің өз кезеңі үшін де, бүгінгі күні де құны жоғары. 1927 жылы Қызылордада басылған «Әдебиет тарихы» атты оқулығының «Батырлар әңгімесі» атты тарауында кіші батырлар санатында «Қамбар батыр» жырына тоқталады. Ғалым сол кездегі еуропалық ғылыми мектептерде қалыптасқан дағды бойынша қазақ қаһармандық эпосын «аға батырлар», «іні батырлар» деп жіктеген. Ұлы батырларға Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер сайын мен Нәрікұлы Шора батырды, ал кіші батырларға Қамбар мен Алпамыс батырды жатқызады. Ұлы батырлар көптің тілеуімен ерекше туылып, ру басшысы, ел қамқоры болса, кіші батырлар хандық билігі әлсіреген кезінде шыққан деген пікірін «Қамбар батырдың қысқаша әңгімесі» деген тараушадағы Ә.Диваев нұсқасының мазмұнына тоқталып, «Қамбар батыр әңгімесінің мәнісі» атты тараушадағы жырды талдау барысында түйіндейді.

М.О.Әуезов: «Біздің батырлардың бір алуаны аңшыдан шыққан батырлар» - деп, Қамбардың кәсіп иесі, аңшы батыр екендігіне ерекше көңіл бөледі. Зерттеушінің: «Бұл батыр да ертерек мезгілдің адамы болады. Тарихи кезіне қарағанда, Қамбар ұлы батыр. Бүгін Қамбар әңгімесі халық аузында бұрынғы Алтынорда бірлігінің кезінен алып шыққан жүлде, сыбағаларындай» - деген пікірі жырдың тарихылығы жөнінен мәлімет береді.

М.Әуезовтың жырдың негізгі тақырыбы жөніндегі ғылыми пікірлері екі тұрғыда көрініс табады. Жырдың түйінді жері – қалмақ ханының Назым қызды тартып алмақ болуы. Жаумен арадағы соғыс елі мен жері үшін емес оның басты себепкері қалыңдық үшін күрес екенін айтады. «Сондықтан бұл әңгіменің тізілуі берірек заманда болғандығын білдіреді», - деген тұжырым жасайды. Жырдың рулық-тайпалық дәуірде туа бастағанымен, онда бір кезеңнің емес, бірнеше дәуірдің көрінісі сақталғанына көңіл аударады. Кейінгі зерттеулерінде бір қыздың төңірегінде, Назым үшін жаумен соғысты деген пікірін қайта қарап, жер үшін, ел намысы жолында қалмақпен шайқасқандығына ерекше мән береді.

1939 жылы М.О.Әуезов Л.Соболовпен бірігіп жазған «Эпос и фольклор казахского народа» деп аталатын ғылыми еңбегінде батырлар жырының тарихи шындыққа қатысы жөнінде өзіндік ой қорытындыларын жасай келіп, «Қамбар батыр» жыр өзбек бірлігі негізінде туды» деп болжайды. Әлеуметтік мотивке ерекше көңіл бөліп, Қобыланды, Қамбар батырларды аға батырлар тобына, Сайын сияқты батырларды іні батырлар қатарына жатқызады. Бұл ғылымның зерттеген тақырыбына қайта оралып отырғанын көрсетеді. 1937 жылы орта және орталау мектептің алтыншы сыныбы үшін құрастырған «Әдебиет хрестоматиясында» М.Әуезов «Қамбар батыр» жырының Ә.Диваев нұсқасынан үзінді жариялап, жырдың мазмұнына, түр ерекшеліктеріне қысқаша түсінік берген. Хрестоматия келесі жылы толықтырылып, түзетіліп қайта басылды.

1937 жылғы хрестоматияда жыр Қамбардың аңға шығуынан басталса, 1938 жылы алғашқы басылымға еңбеген Назымның күйеу таңдау тойы, портреті, Келмембетті Алшыораздың жазалауы, Қамбардың жолбарыспен алысы, Қараманмен жекпе-жегі, Әзімбайдың қыз ұзату тойы қосылған, Қамбар мен Жәдігердің сөздері біршама қысқарған, ал Қамбардың «Әуелі Алла, екінші жұрт үшін белді буайын» деген сөздерінің кейінгі –

«Байларды шалқар көл қылған,
Кедейді құла шөл қылған

Жарлығы күшті Иенің», -

өлең жолдары екінші басылымында түсіп қалған.

М.Әуезов жырдың тарихилығы туралы мынандай пікір білдіреді: «Зерттеушілердің жоруынша, «Қарабек», «Ер Көкше», «Қобыланды», «Қамбар» сияқты ерлік дастандар Қараханидтер заманында және XII-XIV ғасырларда қыпшақтардың тұсында шыққан». Әрі қарай ғалым «Ер Сайын, Қамбар, Алпамыс, Ер Қосай, Төрехан, Телағыс, Құбығұл және басқалар жайындағы эпостық дастандар қыпшақ, ноғай рулары мен тайпаларының қалмақтарға қарсы бірлесе отырып жүргізген соғыстарын көрсетеді» - деп нақтылай түседі. Бұл кезеңдегі эпостың тарихқа қатысы жөніндегі пікірлерде тарихқа тікелей байланыстыру басымдық алды. Дегенмен эпостану ғылымын дамытуда олардың қай-қайсының бағалы тұстары да бар.

М.Әуезовтың қазақ эпосы, оның ішінде «Қамбар батыр» жыры жөніндегі зерттеулері оның басшылығымен жұмыс істеген әріптестерінің еңбектерінде ары қарай дамытылады.

Фольклордың өз заңдылығын ескермей, оған саяси тұрғыдан баға беру әсерінен сыңаржақ айтылған жыр жөніндегі пікірлердің жыр зеттелу тарихнамасында өзіндік орны бар. С.Сейфуллин жырдың мазмұнын баяндап, көркемдігіне мән беріп, үзінді келтіріп, жырдан саяси астар іздейді. «Ер Сайын мен Қамбар батырды салыстырғанда, ер Сайынды дарақы байдың ұлдарынан шыққан, бет зәрінен жұрт түршігетін батыр қылып көрсетсе, Қамбарды ағайынның аш-арығына қайырымшыл, құрбыға, үлкенге кішіпейіл, кедейден шыққан батыр қылып көрсеткен», - деп Қамбарды кедейден шыққан батыр екенін жоғары бағалап, дегенмен «Қамбар билер дәуіріндегі үстем таптың санасынан ақырында аса алмайды» [6, 209 б] деп, билерді «жөн айтарлық кісілер» деп атайды. С.Сейфуллин эпостың туу кезеңін ноғайлының қалмақ тайпаларымен қақтығысына апарса, эпостың қалыптасуын қазақ халқының жоңғарлармен XVII-XVIII ғасырларда тарихи соғысымен, «Ақтабан шұбырынды» оқиғаларымен байланыстырады. С.Сейфуллин «ұлы батырлар» және «кіші батырлар жыры деп жіктеуге қарсы өз тұжырымдарын білдіреді.

С.Сейфуллин жоғары оқу орнына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында «Қамбар батыр» жырын 1922 жылғы Диваев бастырған нұсқа негізінде талдайды және сол мәтінді «Батырлар жырларының жинағында» [7,268-316] жариялайды.

Б.Кенжебаев батырлық жырлардың тарихқа қатысы туралы айта келіп, «Алпамыс, Қамбар тағы басқалар туралы тарихта ешбір дерек жоқ. Оған қарағанда бұлардың ойдан шығарылуы да мүмкін», - деген пікір білдіреді Б.Кенжебаев қазақтың халық эпосын идеялық мазмұнына қарай екіге бөліп қарастырады. «Қамбардың негізгі идеясы – ғашықтардың бір-біріне қалайда қосылуы, адал болуы. Бірақ сонымен қатар онда алғашқы жікке жататын шығармалар негізгі идеясының – ел-отанды қорғаудың, ел қорғаны болатын ерлерге зарыққандықтан, соларды кәдірлеушіліктің сарқыны да бар», - дейді[8].

С.Мұқанов батырлық жырдың тәрбиелік мәні, композициялық ерекшелігі жөнінде пікір айтып, жырдың тарихи негізін шежірелерден іздейді, «Едіге, Қобыланды, Шора, Қамбар, Ер Көкшелер тарихта анық болған, біразының оқиғасы, күресі айқын адамдар боп табылып отыр... Ертедегі батырлар мен бертіндегі батырлардың арасындағы айырма: поэмалардың стилінде ғана. Ескі дәуірдің батырлары туралы шығарылған поэмалардың оқиғасы шындықтан асыра дәріптелетін оқиғаларды ертегілеу болып айтылған», - деп жазды. С.Мұқанов жырдың Диваев нұсқасын «Батырлар жырына» енгізді.

Отызыншы жылдардағы мақалаларда жырдың мазмұнын баяндау басым, тарихи принцип тұрғысынан бағалау орын алды. М.Әуезов құрастырған алғашқы

хрестоматияда жырға арнайы тарау берілді. С.Сейфуллин және С.Мұқанов құрастырған жинақтарда жырдың Ә.Диваев нұсқасы жарияланды.

Ә.Марғұлан батырлық жырлардың шығу төркіні мен тарихпен байланысына көңіл аударады, қазақ эпосын бес қаһармандық дәуірге бөліп, «Қамбар» жырын үшінші – «Ноғайлы» дәуіріне, Жошы ұлысының ыдырауы мен өзара қырқысқан соғыстарды бейнелейтін екінші кезеңге жатқызады.

Ноғайлы қазақ (қыпшақ) дәуірі (XIII-XVII) туралы: «Бұл кез ноғайлы-қазақ халқының басынан кешірген ең қиын бір герой дәуірі болғандықтан, бұл дәуір эпос жырларының қызықты монумент (асқаралы) түрлерін шығарып, ол халық поэзиясының ең күрделі мұрасынан болып шығады», - дейді.

Соғыс жылдарын Қазақстанда өткізген академик А.С.Орлов қазақ эпосы жөніндегі монографиялық зерттеуінде жырды орыстың былиналарымен салыстырып, «В отличие от других героев казахского эпоса Камбар-бедняк, представитель и кормилец нищего рода. Главной темой былины служит борьба, происходящая в душе героя, между долгом по отношению к опекаемому бедняку и любовью к богатой красавице Назым», - деп біледі [9, 115 б].

1945 жылы Қаз ССР ҒА Тіл мен әдебиет институты дайындап, 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» батырлар жыры жөніндегі тарауы мен «Қамбар батырға» арналған бөлімін Қ.Жұмалиев жазған, ол батырлық жырларын тарих деп қарамай, фольклортану тұрғысынан сараптайды. Мұнда Қамбардың аңшылығы жырдың ерекшелігі ретінде сипатталып, жырдың композициялық және тілдік ерекшеліктері сөз болады.

Кейін 1958 жылы «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты еңбегінде ғалым «Қамбар батыр» жырының қай дәуірге жататынын көрсетіп, жырдың көркемдік ерекшелігіне, символ мен бейнелеудің қызметіне тоқталады, Назымды кейбір зерттеушілердің «әдет-ғұрыпты бұзып, еріксіз қалың малға сатылуға көнбейтін қыз» деген пікірінің бұрыстығын, күйеу таңдаудың көне мотив екендігін дәлелдейді [10, 135-156].

Кеңестік әміршілдік жүйенің әдебиет пен мәдениетті өз құрсауында ұстап, белгілі бір жүйеде ұстауға тырысқан саясатының кесірі қазақ эпосына да кері әсерін тигізді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1947 жылдың 21 қаңтарында «ҚазССР ҒА-ның Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деген қаулысында М.Әуезов редакциясын басқарған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томының алғашқы редакциясы қатты сынға алынып, халқымыздың эпостық мұрасы сұрыпталудан өтті. Осы саяси науқанның жалғасы 1953 жылғы Қазақ ССР ҒА-ның Президиумы ұйымдастырған эпос жөніндегі дискуссия қорытындысынан соң «Қамбар батыр» мен «Ер Тарғын» жырынан басқа эпос үлгілері жоққа шығарылды. «Қамбар батыр» жыры «жарамды» деп танылғанымен, жырдың көркемдік қуаты мен жанрлық бітіміне, образдар жүйесіне ғылыми тұрғыдан талдау жасалмады, ондағы әлеуметтік астар мен таптық жік ғана негізге алынды. Осы тұстағы М.Ғабдуллиннің және Н.С.Смирнованың мақалалары басқа жырларды қарастырған зерттеушілердің кемшілігін көрстеуге, ал «Қамбар» жырын дәріптеуге арналды. М.Ғабдуллин жазған оқулықтар мен оқу құралдарында тек бір ғана жыр зерттеу объектісіне ілінді. М.Ғабдуллин алғашқы мақалаларында «жырдың барлық варианттарын тұтас қарастыру» туралы пікір айтқанымен, ол ойын іске асыру мүмкін болмады. Себебі Н.С.Смирнова басқа зерттеушілермен қатар, М.Ғабдуллиннің де жырдың Диваев нұсқасын халықтық деп тануын кемшілік деп бағалады.

Н.С.Смирнова варианттың халықтығы мен халыққа жат екендігін айқындайтын негізгі белгілер ретінде-образдар жүйесінің, ең алдымен жағымды кейіпкердің әлеуметтік тегіне қарауды ұстанды. Зерттеуші «М.Ғабдуллин, наприклад, объявляет

народным вариант Бектемира, в то время как этот вариант и сходный с ним Казанский (1888)»-не народны. В обоих вариантах идеализируются ханы и беки. «Благодетелем» и «кормильцем» народа выведен Азимбай, который не жалеет слитка золота величиной с конскую голову для пропитания народа. Два постоянных эпитета характеризуют в варианте Бектемира Камбар батыра: «бай» и «мырза», чем подчеркивается знатность батыра. В том же варианте пропагандируется «ногайлинская» этническая принадлежность Камбара, тогда как в обнаруженных автором этой статьи более ранних вариантах Камбар-казах происходит из рода Уак. Ногайлинское происхождение в бектемировом варианте придано батыру под воздействием национальных теорий «прапредка» тюрских народов и окрашивает вариант в панисламистские тона», - деп сыңаржақ мін тағады [11,40]. Осындай пікірлер ықпалынан Мейер (1865) оқиғасын орысша баяндаған жыр сюжетінен басқа бірде-бір нұсқа саяси іріктеуден өтпей қалды. Н.С.Смирнова қазақ эпосының ноғай-қыпшақ цикліне Қобланды, Ер Тарғын, Қамбар жырларын жатқызады.

Н.С.Смирнова Қазақстандағы орыс мектептерінің 8-сыныбына арнап жазған оқулық-хрестоматиясында «Қамбар батыр» жырын саяси-таптық тұрғыда талдап, жырдың 1903 жылғы Қазан басылымынан алынған үзіндіні В.Державин аудармасы бойынша береді.

1956 жылғы «Алпамыс» (өзбек версиясы) жөніндегі Тәшкенде өткен республикааралық кеңес және 1958 жылғы СССР халықтары эпосын жинау, бастырып шығару және оны тыңғылықты зерттеу мәселелеріне арналған Мәскеуде өткен Бүкілодақтық кеңес жұмысынан кейін эпостық мұраға деген көзқарас біршама жұмсарды.

Алайда өткен кезеңдердің өзінде де мәдени мұраға деген көзқарас әр түрлі тұрғыдан өзгеріп отырды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы қаулысындағы көне мұраларды жинау, зерттеп, әділ бағасын беру туралы нұсқауларының оң ықпалды жағы болды. Содан кейін қазақ эпостарын терең зерттеуге жол ашылды, фольклорлық шығармаларды жинау, іздестіру, жариялау, зерттеу жұмыстары қарқын алды. Сондай жұмыстардың нәтижесінде зерттеуші Мәлике Ғұмарова «Қисса Қамбар» жырының 1888 жылғы Қазан басылымының табылғанын хабарлап, нұсқаның мазмұнын береді, институт қорындағы осындай мазмұнды варианттардың негізі осы кітап екенін анықтайды. Осыдан соң «Қамбар батыр» жыры жайлы тың деректер мен мол мағлұматтар берген ғалымдардың ой-пікірлері жарық көрді.

1959 жылы жырдың ғылыми басылымы (Ред. басқ. М.О.Әуезов және Н.С.Смирнова. Басылымды дайындағандар: Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарова) жарық көрді. Жырдың төрт нұсқасы (Ә.Диваев, Б.Мұқамбаев, «Тоқсан үйлі тобыр» және Р.Мәзқожаев нұсқасы) мен ертегілік нұсқасы және олардың орыс тіліндегі аудармасы дайындалып, қосымшада жырдың негізгі нұсқалары туралы Н.С.Смирнованың көлемді мақаласы, түсініктер мен әр түрлі нұсқаларындағы өзгерістер (разночтения) және «Қамбар батыр» күйі, музыкалық мақамдары берілді.

1959 жылы 15-19 июньде «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда Т.Сыдықов «1951 жылдан бергі жерде «Қамбар» жырының 17 нұсқасы жазып алынды немесе архивтен көшіріліп алынды» деген мәлімет айтады. Осы конференцияда мәскеулік ғалым В.М.Сидельников: «Вся работа была сосредоточена вокруг семи богатырей, и особенно Камбара. Большею частью велась работа по подготовке текстов эпоса к публикации. Не было углубленного рассмотрения эпоса. Надо познакомить читателя со всем эпическим богатством казахского народа» деген сын пікіріне Н.Смирнова: «Работа над составлением академического и популярного издания «Камбара» не заслонила собой

работу над другими эпическими произведениями. Одна из составителей этих изданий «Камбара» М.Гумарова (по совету М.Ауэзова) написала обзор известных эпических произведений казахского народа», - деп жауап қайтарады.

50-жылдары «Қамбар батыр» жырына елеулі көңіл бөлінді. 40-жылдары С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин құрастырған хрестоматияға, Қ.Жұмалиев пен Ә.Марғұланның 8-класқа арналған оқулығына «Қамбар» жыры еңбей қалған болатын. Орта және жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары мен оқу құралдарында пед. училище мен жоғары мектеп программаларында «Қамбар батыр» жырының Диваев версиясы қарастырылып, хрестоматияларда жарияланды.

1960 жылы жарияланған «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» (1-том, 1-кітап) «Қамбар батыр» жыры туралы тарауды Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарова жазды. Онда жырдың негізгі нұсқалары аталып, ең жақсы варианттарының бірі ретінде Диваев нұсқасы талданады да, Қалқай нұсқасында жыр идеясы бұрмаланған деп көрсетіледі.

1961 жылы «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымына жазған түсінікте Н.С.Смирнова «Алпамыс» пен «Қамбар» жырын салыстырады.

М.Ғабдуллин 1958 жылы «Қазақ эпосы» жинағына [12], 1963 жылы «Батырлар жырының» 1-томына Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллиннің «Қазақ эпосы туралы» атты мақаласы жарияланды.

1968 жылы орыс тіліндегі қазақ фольклорына арналған ұжымдық монографиядағы жырға арналған М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов жазған тарауда жырдағы образдар сөз болады. Қалқай нұсқасы «бай-феодалға жағынған кейбір ақындар халыққа жат вариантын тудырды» деп сыналды.

1972 жылы М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов «Қобыланды» және «Алпамыс» жырларымен қатар «Қамбар» жырын талдап, жырдың баспа бетін көрмеген варианттары (қолжазбалары) бар екенін ескеріп, жырды зерттеудегі Н.С.Смирнова мен М.Ғұмарованың еңбегін ерекше атап көрсетеді.

Жырдың Диваев нұсқасы кеңестік кезеңде он бір мәрте жарияланса соның көпшілігін баспаға дайындауда М.Ғұмарова елеулі еңбек атқарды. Ол «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасында» (1-том) жырдың варианттарына сипаттама жазды және жырдың ғылыми басылымын баспаға әзірлеу тәжірибесінен туындаған ой-пікірлерін тұжырымдаған.

«Қамбар» жайында фольклортанушы ғалымдардың әр қилы аспектіде айтылған ой-пікірлері күні бүгінге дейін жалғасқан. Кезінде Ә.Қоңыратбаев жырда кездесетін кейіпкерлер есімінің этимологиясын қарастырып, жырдағы оқиға Сыр бойында болған деп шамаласа кейіннен Р.Бердібай жырдың полистадиялық белгілеріне, Назым тұлғасының ерекше болмысына көңіл аударған.

Ал С.А.Қасқабасов жырдың жиналуы, жариялануы туралы «Қазақ совет энциклопедиясының» 6-томында қысқаша ғана мәлімет берсе, фольклордағы тұтастану құбылысына арнаған ғылыми мақаласында «Қамбар батыр» жырын негізге ала отырып, ондағы бір циклге түскен үш сюжеттің сипатын айқындайды Ш.Ыбыраев жырды эпос поэтикасына тән заңдылықтар тарапынан тексерген [13, 29].

Сонымен қатар ұлттық өлең құрылысына, эпос тіліне арналған еңбектерде «Қамбар батыр» жыры (Диваев нұсқасы) мысал ретінде алынады. Әдебиеттану мәселесіне арналған зерттеу еңбектерінде де «Қамбар батыр» жыры айтылады. Тілтанушы ғалымдар тарапынан әскери лексика мен көнерген сөз мысалдарының жырдағы үлгілері тілге тиек етілген. Ақын, жыршылардың шығармашылығы қарастырылған еңбектерде, диссертацияларда белгілі бір ақынның (мысалы, Шашубайдың) репертуарындағы «Қамбар» жыр нұсқасы аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Киргизская степь Оренбургского ведомства» құрастырған Л.МейерСПб, - 1865
2. Тухфатуллин У. «Қисса-и Камбар». Қазан қаласы.«Университет» баспаханасы–1888
3. «Тоқсан үйлі тобыр» Қазан қаласы –1903.
4. Березин И.Н. «Түрік хрестоматиясы». 3-том. Санкт-Петербург. –1890
5. Әбубәкір Диваев.Ташкент.–1922 ж.
6. Сейфуллин С. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары». Алматы, 2009. 10-том. – 400 б.
7. Сейфуллин С. «Батырлар жыры» –1933
8. Кенжебаев Б.// «Социалистік Қазақстан» газеті1943 жыл
28. Орлов, А.С. Казахский героический эпос / Акад. А.С. Орлов ; АН СССР. - М. ; Л. : изд-во АН СССР, 1945. - 146, [2] с. - (Научно-популярная серия)
9. Смирнова Н.С. Основные версии “Камбара”: очерк. Алма-Ата, 1959.
10. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1958. – 201 б. 6 Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005
11. Ш.Ыбыраев. Қазақ эпосы. Оқу құралы. –Алматы 1987 ж.
12. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым,1984. – 93-б.
13. Тимофеев Л.И. Әдебиет теориясының негіздері, М, 1966, 343-бет.

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРДАҒЫ БӨРІ СИМВОЛИКАСЫ

Ақерке ТАЛҒАТ

магистрант, talgat@mail.ru

Болатхан САРБАСОВ

ф.ғ.к., қауым. профессор, sarbasov.bolathan@mail.ru

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Түйіндеме: Көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды.

Батырлық жырларда бөрі көбінесе қасиетті хайуан түрінде бейнеленеді. Бөрі бейнесінің поэтикалық астарына үңілген адам оның ұлттық бітімін аңғарып, ерлік рухымен астасып жатқан танымдық тұлға екеніне көз жеткізеді.

Типологиялық және генеологиялық салыстырулардың нәтижесінде «Оғыз-намедегі» бөрі бейнесі мифологиялық әңгімелердің архаикалық кейіпкерлері қатарына жататындығы, оның бір мезгілде әрі адами, әрі хайуандық реңк алып, зоантропоморфты кейіпте бейнеленгендігі сараланады.

Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді.

Тірек сөздер: Тәңірлік дін, анимистік, тотемдік наным-сенімдер.

Abstract: The cult of the wolf was spread in many nations as a figure of strong, freedom beast, which cannot be broken and tame. In the ancient Turks and Mongols the wolf was the main totem that was esteemed as the progenitor. Figure of the Heavenly Wolf runs through the ditch narrative of the ancient monument of writing "Oguz-name."

Image of the wolf in our literature has not previously been the subject of special study, but it is being addressed in general works, considering the traditional culture of the Kazakhs. Analysis of papers, devoted to the consideration of the symbolism of the wolf, suggests that the study of this question in the Kazakh literature is fragmented or highly specialized character. With the emergence of new scientific methods of research the rich folklore and myth epic materials of Kazakh traditional culture which concerned the symbol of wolf, needs a deeper consideration of this issue.

As a result of the typological and genealogical relation we have established that the wolf in "Oguz name" is endowed with a double zooantropomorphic nature to jut out at the same time as a form of a man and as a form of an animal. Comparative analysis allowed us to conclude that wolf as a holy animal very admired by Turks, and the echoes of admire have survived to this day in the legends and tales.

Key words: motive of searches, motive first feat etc; to define specificity of functioning them in the epos; Tengrianstva.

Әлем халықтарының фольклорына ортақ бейнелер қатарына көк бөрі, көкжал арлан қасқыр да жатады. Жалпы, ежелгі түркі әдеби-мәдени мұраларында фольклорлық мифология ұшқындары мол кездеседі. Түркі халықтары әдебиеттеріндегі «көк бөрі» хикаялары - мифологиялық наным-сенімнің айшығы. Академик С.Қасқабасов: «Миф ежелгі жанр ғана емес, оның үстіне аса күрделі жанр» [1], – деп жазады.

Әлем халықтарының фольклорына ортақ бейнелер қатарына көк бөрі, көкжал арлан қасқыр да жатады. Жалпы, ежелгі түркі әдеби-мәдени мұраларында фольклорлық мифология ұшқындары мол кездеседі. Түркі халықтары әдебиеттеріндегі «көк бөрі» хикаялары - мифологиялық наным-сенімнің айшығы. Академик С.Қасқабасов: «Миф ежелгі жанр ғана емес, оның үстіне аса күрделі жанр» [1], – деп жазады.

Мына мифтегі оқиға желісі де көңіл аударарлық: «Рум ертегілерінде Ромул мен Реманы қаншық қасқыр, Рүстемді жолбарыс емізіп, самұрық құс асырайды. Бұл аңыз түркі тайпаларында Ғұн (Мөде) заманынан бар. Мөде өзінің екі қызына даладан орда салып, олар қасқырмен будандасады. «Содан Шин (Ашина) түріктері тараған екен», – дейтін аңыз бар. Енді бірде суға тастаған баланы Бөрте шене (қасқыр) асырап, Ашина елі содан тарапты делінеді. Бомын қаған әскерінің туындағы белгі қасқыр суреті болған. «Оғызнамада» Оғыз қаған әскерін көк бөрі басқарып отыратын болған. Шене-бөрі, содан Шона, Шора, Гүлбаршын, Үйсін, Байсын, Үлекшин сөздері шығады. Мұндағы қасқыр – тотем [2,234б.]. Бұдан бөрі тотемінің әлемдік фольклордан өзіндік орын алып қана қоймай, типтік сюжетке айналғандығын аңғарамыз.

Ашинаға қатысты болып келетін мифтер мен аңыздар әртүрлі нұсқада көп айтылғандағына қарамастан, бұдан да көп, алайда, барлығының тарихи негізі бір арнаға тоғысады. Кезінде Шәкәрім қажы да өз шежіресінде Ергенекон, Бөртечине жөніндегі мифтер мен аңыздарға талдау жасап, өзінің көзқарасын білдіреді. Салыстырмалы дерек көздеріне сүйене отырып, түркі халықтары арасында айтылатын бөріге қатысты мифтердің көпшілігі Түркі қағанатына дейін туып қалыптасқан деген тұжырымға тиянақтаймыз. Жоғарыда анықталған Бөрте-чиноның өмір сүрген кезеңі мен мысалға алынған мифтердің оқиға желісі бір мезгілде сәйкес келуі тарихи шындықтың сол кезеңде түйісетіндігін көрсетеді.

Аталған мифтерді саралай келгенде, қасқыр (бөріге) қатысты мифтердің арғы дәуірлерде пайда болып, Түркі қағанатының құрылу қарсаңында түрлене түскендігін байқауға болады. Түркі халықтарының тотемі - Ашина – көк бөрі жайындағы мифтер ортақ сюжеттерден өрбіп, циклдық сипатта дамыған деген ойдамыз.

Осыған орай: «Рас, қазақ мифологиясының тарихында Греция мен Римдегідей жағдайға жақындау болған. Ол – Түркі қағанаты заманында Тәңірдің басқа Құдайлардан биіктеп, дара шығуы жағынан Зевс пен Юпитерді еске түсіретін жайы. Түркі қағанаты тұсындағы мифология бізге толық жетпегендіктен, ол қандай болғанын дәл айтып, сипаттап беру қиын. Дегенмен де, көне түркі жазбалары мен ғалымдар зерттеулеріне қарағанда, Түркі қағанаты кезінде мифтер біршама циклденген тәрізді, бірақ ол мемлекеттің тез ыдырауына байланысты айтарлықтай бір жүйеге түсіп үлгермеген» [1,82б.] – деген ғалым С.Қасқабасовтың пікірі бірден-бір дұрыс бағытқа жетелейді.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, қазақ, қырғыз, Алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, әсіресе, фольклорлық сюжеттер рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын дәлелдейді.

Кезінде қазақ, қырғыз халықтарының арасында таралған аңыздардың тарихи негізіне ден қойған Ш.Уәлиханов, түркі-қазақ мифтері мен аңыздарының түпкі бастауларының бір екендігін көрегендікпен ескерткен болатын. Ол: «Қазақ пен қырғыз халқының ертеден келе жатқан мифі, аңызы оның ішіндегі ескі дәуірдегі көшпелі түрік тайпаларының түбі көк бөрі, көк бұқа, Төбе көз, Жалғыз көзді дәу туралы айтылатын аңыздар» [3, 26б.] – деген тұжырым жасаған.

Адам баласының шығу тегін аң-құстармен байланыстыру, әсіресе, бөрі, марал, ит сияқты аңдарға қатысты тотемдерді кие тұту YI-YIII ғасырларда түркі қағанатының құрамында болған тайпалардың аңыз әңгімелерінде көбірек ұшырасады. Бұл құбылыс түркі халықтарының тарихи туыстығын, яғни тарихи-генетикалық байланысы барлығын айқындайды.

Осы салыстырулардан шығатын қорытынды: мифтің шығу төркіні ғұн дәуірімен сабақтас, бәлкім, одан да арғы кезеңдерден тамыр тартады. Мифтің түркі халықтары фольклорында кеңінен таралуы – дәстүрлі сюжетке арқау болған мифологиялық түсініктің осы топырақта қалыптасқандығының дәлелі дер едік.

Тотемдік хайуандарды қастерлеу Түркі қағанаты құрылған кезеңге дейін қанат жайса, кейінгі дәуірде ірі қағанаттың орнауына байланысты бұрынғы мифтік ұғымдар өзгеріске ұшырап, аңыздық прозаның басқа жанрларының тууына мүмкіндік жасады. Жалпы алғанда, осы аңыздық проза үлгілерінің басым бөлігі оғыздар заманындағы архаикалық таным-түсінікті аңғартып қана қоймайды, сонымен бірге ортақ арнадан бастау алған рухани кеңістік бірлігін де аңдатады.

Уақыт өте келе бөрі нағуалға, яғни, жеке адамдардың жебеуші рухына айналады. Ел аузында атақты Керей Жәнібек, Тата Есет батырлардың жебеуші көк бөрілері болған деген аңыздар бар [4,44б.]. Ал, «Оғызнамада» Оғыз қағанға ақыл айтушы, жол бастаушы болған Көк бөрі бейнеленді. Бұл жерде ықыласына бөленгеніне орай эпос туындысының бас қаһарманына айналған тұлғаның зор екенін аңғарту мақсатымен түркі халықтарына ортақ тотем - көк бөрімен байланыстырғанын байқаймыз. Ел наным бойынша, бұл батырлардың бойындағы ерен күш пен қайсарлық жоғарыдан - Тәңірінің өзінен бастау алып тұр. Бөрі – Тәңірінің ерекше ілтипатын жеткізуші.

Бөрі туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз бауыр еті – балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге дейін үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бөрібай, Байбөрі, Бөрікүл, Бөлітірік, Бөрілі сұлу тәрізді есімдер мысал бола алады. Түркі халықтарына ортақ мұра – «Алпамыс батыр» жырындағы бас кейіпкердің әкесі Байбөрі аталуы да осындай үрдістің бір көрінісі болып табылады.

Бөрі тотемі түркі халықтарының арасында қалай кең жайылса, Бөрікүл, Бөрібай, Бөлітірік, Бөрі деген есімдер өзбек, қырғыз, монғол, башқұрт елдерінде де солай тараған.

«Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып келгенде,
Бөлініп қалған жан емен», – [5,136.]

деп, Сүйінбай ақын жырлағандай бөрі бейнесі тереңге бойлай білген зерделі жанға түркі дүниесін кеңінен танытатын шын мәніндегі жарқын бағдаршам болмақ. Бөрі символикасының астары өте тереңде жатыр. Оны бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан бөрі түркі халықтарының фольклорында төмендегідей тұлға ретінде танылады:

- 1 Түркі халықтарының ілкі ата-бабасы болып табылады.
- 2 Тұтастай бір халыққа немесе бір батырға қысылған шақта көмекке келеді (қол бастайды, жол көрсетеді т.б.)
- 3 Дәрменсіз сәбилерді асырап өсіреді.
- 4 Жеке нагуалына айналады.

Осындай ерекшеліктеріне сәйкес ол батырлық пен қайсарлықтың, қайраттылық пен тапқырлықтың символы ретінде бейнеленеді.

Бөріге байланысты мынадай ғылыми қорытындылар жасадық:

- Бөріге қатысты туындаған есімдер қасқырдай жүректі, көк бөрідей айбатты, қайратты болсын деген наныммен байланыстырылады.
- Бөрінің түсіне қатысты шығармалардың халық түсініктерін білдіруде маңызы зор. Атап айтқанда, көк бөрі, ақ қасқыр, қара қасқыр тәрізді өң-түс символикалары арқылы халқымыз әлем және оның құрылысы туралы ойларын білдіреді.
- Бөрінің адам түсіне кіруі және оны жоруы туралы мәліметтерді қорыта келіп, көршілес халықтар бөріні түркі тайпаларының символы ретінде қабылдағанын байқадық.

Генеалогиялық мифтерге, тотемдерге, ел арасында кең ырымдар мен ғұрыптарға, эпостар мен шежірелерге талдау жасау барысында көк бөрінің түркі халықтарының фольклорында киелі жануарлардың қатарынан жоғарғы Тәңірлік құдіреттің деңгейіне дейін көтерілгенін көреміз. Ол халықтың діни наным-сенімінен де, дүниетанымынан да, әдет-ғұрыптары мен салт-санасынан да зор мағлұмат беріп, түбі бір түркі халықтарының рухани әлемін паш етеді.

Түркі халықтарының фольклорында бөрі бейнесі түрлі жанрларда: ғұрыптық поэзияда, эпостық жырларда, халықтық прозада кездеседі. Осы жанрлардың барлығында бөрі негізінен үш түрлі түсте, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Бөрі бейнесінің былайша өзгеріп отыруының символикалық мәні зор.

Жыршы өз шығармасын тартымды, әсерлі ету үшін көркем өрнектерді, әр түрлі романтикалық суреттемелерді қолданады. Батырлық жырлардағы көркем өрнектердің қатарында ұлттық санамызға терең сіңген бөрі бейнесінің жиі кездесуі заңды құбылыс болып табылады.

«Бөрі», «қасқыр» теңеулері бұл жанрда батырдың өзгешеліктерін аңдатуда, жауды қойша қыратын алыптығы мен әбжілдігін, ерлігін танытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, көріктеу құралдарының бірі – ауыстырулар түрінде жиі кездеседі.

«Тама батыр» атты жырдағы:

«Мен Ноғайлы деген ер едім,
Асылы туған төре едім,

Азулы туған бөрі едім,
«Біндыс пенен қалмақты
Талқандармын», – деп едім» [6,284б.], –

деген шумақта батыр өзін асыл төреге, азулы бөріге балайды. Бір кездері қараша халықпен қан араластырмай, асыл тұқымға баланған төрелердің бүгінгі ұрпақтарының өзі талай ғасыр өтсе де, үш жүздің құрамына кірмей, өздерінің шығу тегін нұрмен, түндіктен енген жарық сәулемен байланыстырады [39,16б.].

Батырлар образын сомдауға арналған поэзия үлгілерінде «қасқыр» сөзімен бірге «арлан», «бөрі», «көкжал» сөздерінің де жиі кездесетіндігін байқауға болады. Мәселен, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы өзінің даңққа бөленген сәттерін:

«Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
Қасарысқан дұшпанның
Екіталай болғанда
Азыққа етін жеп едім», – [7,225б.] –

деген өлең жолдарымен бейнелеген. Мұндай ұқсастық жыраулардың бір-бірінен дайын ой-оралымдары мен стереотипті айналымдарды алуы, трафареттік бейнелеу құралдарын қолдануы ауыз әдебиеті туындыларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып табылатындығына ғалым Б.Абылқасымов та жан-жақты тоқталып өтеді [8,84б.].

Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, бөрі ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады. Бөрінің ер адамның нағуалы болып табылуы, оны метафоралық, теңеулік қолданыстарда пайдалануға себепші болған. Бөрінің символ түрінде немесе эпитеттік, метафоралық, теңеулік қолданыстарда көрініс беруіне қарай қарай шығарманың да туындаған дәуірін анықтауға болады.

Жоғарыдағы келтірілген ойларымызға, пайымдауларымызға сүйене отырып, қазақ фольклорындағы бөрі бейнесіне мынадай анықтама бермекпіз: «Бөрі – халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, тотемдік тұлғада берілетін жан-жақты сомдалған күрделі бейне».

Қазақ эпостарындағы бөрі бейнесінің типологиялық және генеологиялық негіздеріне мейлінше кең тоқтала отырып, функциясы мен өзіндік орнын анықтауға ұмтылды. Осы мақсатқа сәйкес бөрі бейнесінің әр келкі көріністері туындап жатады. Мифтер мен тотемдерде бөрі – жоғарғы сана иесі, құдіретті күш, қиыншылық кездерде жол көрсететін Тәңірінің шапағаты ретінде сипатталады.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды.

Біздің ертедегі ата-бабаларымыз: «Көкте көк тәңірі, жерде көк бөрілі көк түрік бар, бұл екеуінен құдіретті дүниеде еш нәрсе жоқ», – деп кейінгі бізге үлгі-өнеге қалдырыпты.

Бөрі символикасы ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы дүниетанымынан бастау алып, ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық тәрізді қасиеттерді дәріптеуге мүмкіндік береді. Анығырақ айтқанда, бөрі ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады.

Жалпы алғанда, қазақ фольклорында бөрі мифтік әңгімелермен қатар көркем туындылардың да кейіпкері болып табылатын, халықтың ежелгі наным-сенімін танытатын, жан-жақты сомдалған күрделі тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1984. –128 б.
2. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. –320 б.
3. Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. – А: Жазушы, 1985.– 560 б.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. –368 б.
5. Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – А: Жазушы, 1975. – 140 б.
6. Батырлар жыры. Т.І. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. –Алматы: 1991. – 256 б.
8. Абылкасимов Б.Ш. Жанр толғау в казахской устной поэзии. –А: Наука, 1984.- 120с

КӨНЕ ЭПОСТАРДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВИ

Кдыралиева Жандай

1-курс докторанты

Болатхан САРБАСОВ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Мақалада мотивтердің шығу тегі халықтың ертедегі дүниетанымымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты қарастырылады. Мақалада Оғыз, Шыңғыс хан, Қорқыт кейіпкерлердің дүниеге келуі туралы мифтер мен аңыздарға талдау жасалынады. Аңыз әңгіме, шежіредегі ғажайып туу мотивін зерттеу үшін нысанаға оғыз, түркі-монғол тайпаларының шыққан тегі туралы шежірелер және Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы аңыздардағы ғажайып туу сарындары алынып отыр. Мақалада Оғыз, Қорқыт, Шыңғыс хан туралы шығармалардың түркі халықтарына ортақ нұсқаларына талдау жасалып, олардағы ғажайып туу мотивінің ерекшеліктері мен ұқсастықтары өзара салыстырдык. Қазақ фольклорындағы кейіпкердің ерекше жаратылу мотиві көбінесе дүниежүзі халықтарына кеңінен тараған дәстүрлі сарындарда баяндалады. Жекелеген халықтардың ғана емес, дүниежүзі фольклорының көптеген жанрларынан орын алған бұл мотив көне миф, аңыз-әңгімелерде кейіпкерді әсірелей бейнелеу мақсатын жүзеге асырады.

Тірек сөздер: Түс көру мотиві, ғажайып туу мотиві, Тәңірлік дін.

Abstract: This article almost all above mentioned scientists carry a legend to classical-turkic to the period and consider(examine) her as epic product constructed on mythological a plot. And we as a result of study and analysis calculating of the concept, determine it (him) as book epics a monument, general for turkic of the peoples. This article in process of formation epic of legends there is a wide experience of condensation and generalization of various subject lines and event of units. The author added in a legend the description only of those events, which witness he was by. The purpose of research is the consideration "Oguz-name" as book epicol of a monument, study folklor- typological of similarities. As "Oguz-name" was understood as a spiritual heritage perceived(recognized) from a primogenitor Oguz-Kagana, we took into account(discounted) the objective and subjective factors. Also we undertook attempt of study and analysis of folklore character of a monument.

Keywords: motive of searches, motive first feat etc, Tengrianstva.

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген

ұмтылысы, даналық ой – тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды.

Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп қоймай, көршілес шет елдерге ауысып отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә.Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне.

Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» [1,82], – деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіне дейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кеңінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

Ғалымдар Манастың жалпы эпикалық өмірбаянын бірнеше негізгі эпизодтарға бөліп қарастырады. Оның ішінде бас кейіпкердің жеке басына қатысты өмірбаяндық мотивтер тобында қаһарманның ғажайып туу эпизодтары да бар.

Ғалым А.Н.Веселовский бұл мотивтің татар мен қазақ халық ауыз әдебиетіне тән екенін анықтап, аталған халықтар фольклорында кейіпкердің күн нұрынан тууына байланысты көптеген аңыздарды, мифтерді келтіреді. Кейбір татар тайпаларының тегін Аланкуадан таратындығына тоқталады [2,535]. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Ғажайып туу мотивінің қыр-сырын толық тану дүниежүзі фольклорына ортақ үлгілерін типологиялық аспектіде тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу қажет. Себебі, Батыс Европа мен Орта Азия фольклорлық шығармаларында көптеген ұқсастықтар бар. Ол көбінесе жеке мотивтердің, сюжеттердің ұқсас түрде қайталануына байланысты. Фольклорда осындай құбылыстардың орын алуы адамзат тарихының біркелкі дәуірлерді басынан өткізуінің нәтижесі болып табылады. Мәселен, түркі халықтарының феодалдық дәуірде пайда болған эпикалық шығармаларындағы типологиялық сипатын В.М.Жирмунский «Тюркский геройский эпос» атты еңбегінде қарастырған.

Аңыз әңгімелердегі кейіпкерлердің дүниеге келу мотивін мынадай бағыттарда зерттеуді жөн көрдік. Біріншіден, түркі халықтарының фольклорлық мұраларындағы ортақ сарындарға типологиялық салыстыру жасалады.

Екіншіден, мотивтердің қазақ фольклорының эпикалық жанрларындағы даму ерекшеліктерін анықтауға күш салынады. Зерттеу осы мәселелерді зерттеген ғалымдардың түрлі халықтар фольклорындағы тарихи ұқсас құбылыстарға жасаған

салыстырмалы талдауларына сүйене отырып жүргізіледі. (А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, В.М.Жирмунский)

Ғажайып туу мотивінің мифтен бастап, кейінгі дәуірде туған фольклорлық жанрларға дейінгі даму жолы біркелкі емес. Осы мақсатта оның ертегі, эпос сюжеттерінен орын алуына орай иеленген ерекшеліктерін анықтаймыз. Зерттеу барысында шежіредегі немесе жеке қаһармандардың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелердегі ғажайып туу туралы мотивтің поэтикасы, оның сюжеттік құрылымы ашып көрсетіледі.

В.Я.Пропп «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырды. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді [3, 205-239].

Жыршы қаһарманды керемет етіп көрсету мақсатында ғажайып туу мотивін түрлі көркемдік тәсілдермен өрнектейді. Мәселен, болашақ батырдың қасиеттерін ерекше айқындайтын мотивтің бірі – анасының жүкті кезінде ең күшті жыртқыш аңдардың етіне жерік болуы. Сондықтан, бұл мотив әлі дүниеге келмеген кейіпкердің мінез-құлқын алдын ала таныту үшін өте маңызды рөл атқарады.

Батырлық эпоста кейіпкердің ғажайып туу мотивінің кеңінен тараған түрі – ата-бабалар аруағының жәрдемімен және әулие-әнбиелердің түсте аян беруі арқылы болашақ батырдың дүниеге келуі. Бұл мотивтер, әсіресе, шамандық және мұсылмандық культтердің үстемдігі тұсында қалыптасып, дамыған.

Бұл жөнінде С.А.Қасқабасов былай дейді: «Ислам діні енгеннен бастап Қазақстанда ескі шамандық пен ислам діні қатар өмір сүрді. Бұл жағдай көп уақытқа созылғаны белгілі. Бірақ жай созылған жоқ, екі идеология арасында үнемі күрес болып келді. Сөйтіп, бұрынғы шаманизмді исламның «қасиетті» күштері ығыстыра бастады, ал, кейбір шамандық кейіпкерлер мен әдет-рәсімдер исламдық сипат алады. Соның нәтижесінде ежелгі тотемге және ата-баба аруағына табынумен қатар, мұсылман дінінің әулие-әнбиелерін қасиеттеп, оларға сыйыну кең етек алды. Міне, бұл процесс қазақ фольклорында көрініс тапты. Мысалы, аңыз, ертегі, жырларда болашақ қаһарманның ата-анасы бала тілеп, Аллаға сыйынады, мұсылманның қасиетті орындарына зиярат етеді [4,252]. Осындай таным-түсініктердің өзгеруіне байланысты жырдағы кейіпкердің дүниеге келу жөніндегі сюжеттерінде әулие-әнбиенің жәрдемімен туу сарыны пайда болады. Әрине, бұл сюжет өзінің негізгі баяндалу тәртібін, қалпын сақтап қалады.

Батырдың ғажайыптан дүниеге келуіне болашақ қаһарманның шешесінің тотемнің етін жеу де себепші болатыны белгісі, әулие-әнбиелердің шапағатымен жүкті болған. Болашақ кейіпкердің шешесі әр түрлі жыртқыш аңдардың етіне жерік болуынан аңғарылады. Осындай құбылысты «Оғыз-наменің» кейбір нұсқаларында әсіре мұсылманшылдығы танытылған Оғыздың сыртқы кейпінің тотемдік жануарларға ұқсауынан байқаймыз.

Түркі халықтарының батырлық эпосында жиі кездесетін тотемдер – қасқыр, жолбарыс, аю, арыстан сияқты айбарлы да күшті хайуандар кейпінде. Аталған хайуандарға балау немесе теңеу батырларымыздың ерлік тұлғасын сипаттауда қолданылып ержүректіліктің, батырлықтың, күштіліктің символына айналғандығына толық көз жеткізуге болады.

Оғыз қаған келбеті: «Осы ұлдың өңі-шырайы көк еді, көздері қызғылт, шаштары, қастары қара еді. Нұрлы періштелерден көріктірек еді... Аяғы өгіздің

аяғындай, белі бөрінің беліндей, жауырыны бұлғынның жауырындай, кеудесі аюдың кеудесіндей еді. Тұла бойын қалың түк басқан еді», - деп сипатталады [5,30].

Дүниежүзі фольклорының эпикалық жанрларында елдің дүниетанымын, ежелден қалыптасып келе жатқан тарихын көрсететін әр түрлі көркем тәсілдерді кездестіруге болады. Қай халықтың эпикалық мұрасы болмасын, ол сол жерді мекендейтін адамдардың тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар береді. Соның ішінде бүкіл дүниежүзі халықтарын эпосында кеңінен тараған мотив – кейіпкердің ғажайып дүниеге келуі.

Ғажайып туу мотивін аналық ру заманында пайда болған түсініктермен байланысты қарастырған ғалым А.Н.Веселовский өзінің «Историческая поэтика» атты еңбегінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеген [2,538-539]. Бұл мотив – осы көрсетілген кезеңдегі адамдардың дүниеге келуі тотемнің әйел бойына қонуына байланысты жүзеге асатын құбылыс қарабайыр дүниетанымның жемісі деп білген. Бірақ кейбір халықтар өздерінің генеалогиялық мифтерінде өздерінің шығу тегін, әйелмен емес, керісінше ер адаммен байланыстырады. Кейіпкер белгілі бір қасиетті тотеммен некеге отырып, сол арқылы ұрпақ таратуға иеленеді.

«Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткішінде де ғажайып туу сарыны кездеседі. Солардың бірі – «Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» атты тарау. Кейіпкердің ғажайып туу мотивінің бір түрі – болашақ кейіпкердің күннің нұрынан пайда болуы. Бұл мотив бүкіл жер жүзі халықтарының ауызекі шығармаларында бар. Бұл мотивтің түркі-монғол халықтарының фольклорында пайда болу себептерде, оған әсер еткен, діни-наным сенімдер де анықталған. Кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің пайда болуына ерте замандағы шаман дінінің мол әсері болған. Шаман дінінің ең негізгі ұстанымдары күнге, айға, көк аспанға табыну болып табылады. Кейіннен Құдайдың есімі болып табылатын – «Көк Тәңірі» деген сөз пайда болған [5].

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы дүние жүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «Күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3, 207-208].

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады [5]. Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және жыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н.Потанин жинақтарынан кездестірсек,

оларды зерттеуге Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, С.Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-перілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, құдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, ру-тайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропогониялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Қорыта айтқанда, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б. – кітап
2. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л.: 1940. – 646с. – кітап
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 325с. – кітап
4. Қасқабасов.С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. –584 б. – кітап
5. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. Алматы: Ғылым, 1988. – 448б. – кітап

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КОЛОРАТИВТІ ЛЕКСИКА

**М.Ә. Жүнісова- ф.ғ.к., проф.,
Ә. Рүстем, 2-курс магистранты**

Түркі тілдеріндегі түсті білдіретін сын есімдер адамның дүниені тануындағы объектін өмірді субъективті түрде бейнелеуінен пайда болған. Түсті білдіретін сын есімдерде бұдан өзге мәдени, этникалық, яғни этнографиялық ақпараттар, сонымен қатар бұл тілдік бірліктерде ұлттық мазмұндағы түсті сипаттайтын тұстану тіл ғылымы, оның ұлттық ерекшеліктерін білдіретін ассоциациялық білімі де топтасады. Түс сын есімдері, тілдік білімнің барлық деңгейлерінде көрініс табады. Дегенмен, әсіресе лексикалық қабатта ерекше орынға ие болған.

Мақаламыздың мақсаты - ұлтымыздың мәдени құндылығын осы түсті білдіретін сын есімдер арқылы анықтауға, дүниені тануда басқа тілдерден ерекшеліктерін көрсететін көрсеткіш ретінде бағалау.

Белгілі түркітанушы В.В. Радловтың «Көне түркі сөздігінде» жылқының түсін білдіретін бірнеше түстер берілген: *ақ боз етім, қара боз етім* деген сөздер кездеседі [1, 1165].

Түркі тілдерінің ішінде қарашай-балқар тілінде қой мен жылқы түсін ажырату үшін, *қаралдым-ақсылдым ийнек* (қаралау-ақшылтым сиыр), яғни не қара емес, не ақ емес, сұр түсті; *кирсилдым-аксылдым қаиша* (кірлеу-ақшылтым қасқа) деген түстер кездеседі. Түркі тілдерінде *ақ* түстің *қара* түс сияқты ақпараттар легі өте кең. Олар тек түстің көрсеткіші емес, көзбен көретін дүниенің барлық аспектілерін қамтиды. Дегенмен, ақ сөзінің көпмағнанлылығын зерделей аламыз.

Түбі түркі қарашай-балқар халқының ғалымы Б.А. Мусуков өзінің түске байланысты мақаласында *ақ* сөзінің семантикалық өрісін талдау арқылы: *ақ* лексемасы: 1) қар, сүт, бордың түсін; 2) қардың, сүттің, бордың ашық түсін: ақшылтым, ақшыл (ақшылтым, ақшыл) дегенде түс сапасының аздау екендігін; 3) аппақ (аппақ), чымм ақ (шымқай ақ) *өте-мөте ақ* екенін білдіреді деп тұжырымдаған. Сондай-ақ ғалымның көзқарасында ақ географиялық нысанда (мұзды) деген мәнде, антропонимдерде шыншыл адамдардың атына қосып қолданылады деп көрсеткен. *Ақсақал* дегендегі *ақ* сөзі оған деген құрметті білдіретінін айтады [2, 325].

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына шешілмеген құпия, сыр жатады», - деп ұлы жазушы М. Әуезов [3].

Бұдан жүз жыл бұрынғы елді мекендердің атауы тізімі болып табылатын «Тарихи топонимикадан» қазақтардың «ақтан» басталатын бірнеше елді мекенін таптық. Бұлардың ішінде Ақбас, Ақбота, Ақжан, Ақпан, Аққусақ сияқты кісі есімдері мен, қазақ тұрмысын бейнелейтін: «Ақжан қонған ағаш», «Ақ ит өлген», «Ақбастың көлі», «Ақ оба», «Ақ мола», «Ақ шығанақ», «Ақ өгіз», «Ақтөбел», «Ақтөс», «Аққойлы», «Ақөгіз», т.б. этнографиялық атаулар баршылық. Топонимист мамандар қазақ тілінде «қара» сын есімінен басталатын, немесе осы сөз жалғанған атаулардың көптігіне назар аударып, осы құбылысты түсіндіруге тырысады. Басқа халықтардағыдай *қазақ халқы үшін де әлем екі түске – ақ пен қараға бөлінген*. Оның бірі *ақ түс* – күллі игі жақсы қасиеттер иесі болса, *қара түс* – жамандық біткеннің белгісіне ие. Бұл түсінік халық санасына терең ұялап, оның тілі мен ойлау жүйесінен орын алған. Сондықтан *ақ түс* күні бүгінге дейін жақсы бастама атаулының бәрінен де табылады. Өйткені ол сұлулық әлемінің, адамгершілік қасиеттерінің біртұтас жиынтығын құрайды. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында дүниені төрт бұрышты деп түсініп, әр тұсқа өзіндік таңбалық түс бергені белгілі. Сонда *қара түс* солтүстікті белгілейді. Зерттеулерге сүйенсек, «Авестада» солтүстік жақтағы қасиетті тауды «Хукариа» деп атайтындығы айтылады. «Хукариа» атауының иран тіліндегі бастапқы айтылу нұсқасының «Хух Хара» болғандығын ескерсек, мұндағы «хара» о баста дей-түркінің (арғықазақ) «қара» формасынан шыққандығын айтуға болады. Яғни «Хух Хара» сөзі бүгінгі түркі тіліне «Харатау» - «Қаратау» деп аударылады. Бұл жердегі «қара» сөзі түсті емес, «түпкі, бастапқы» деген мағынаға ие болып тұр. Түркі тілдерінің бірі өзбек тілінде «қара» сөзі «темір» деген мағынада қолданылады. Мұндай ұғым

буряттардың дүниетанымдық негіздегі фольклорында да болғандығы байқалады. «Қара» сөзі жер асты, төменгі әлем ұғымын білдірсе, «ақ» сөзі оған қарама-қарсы жоғарғы әлем, құдайлар мекені, аспанның символы болған. Сонда байқағанымыз «Қара» деген сөз нысанның түсін көрсетіп қана қоймайды, «қара» сөзі «үлкені, «көп» «көлемді» деген сөздерге синоним ретінде жұмсалып, атаулардың бейнелі, көрнекті, есте қаларлық болуына, айтқанда әсерлі естілуіне байланысты күшейткіш шырай түрінде қолданылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **қара** сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден *түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық* мағыналарын тануға болады. **Қара** түсті білдіретін атаудың «ақ» түсті білдіретін атау сияқты көп мағынаға ие болуы, біріншіден, оның табиғаттағы ең негізгі, көрнекті және басқа да көп түстердің құрамында кездесетін табиғаты күрделі түс болуына байланысты болса, екіншіден, қоғамдық өмірдегі көптеген құбылыстармен түр-түсіне байланысты сәйкестігі, ұқсастығы, мәндес-мағыналастығы негіз болған деп қарауға болады.

Қара сөзінің түркі тілдеріндегі ауыспалы мағыналары бұдан да көп деп көрсетіледі, ал қазақ тілінде, ғалымдардың беруінше, талдауымызға нысана болған отыз шақтысын ғана кездестірдік. Сонымен қазақ тіліндегі *қара сөзінің* ауыспалы мағынасы нақтылы бір сөздермен тіркесте қолданылғанда ғана көрініп, молая түсері белгілі.

Халқымыздың жанына жақын түстерінің бірі – **қоңыр түсі**. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *қоңыр* түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: *қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн*. *Қоңыр* – жер түсі, тірлік, өмір бейнесі. Қазақ нанымында бұл түс ерекше орын иеленеді. *Қоңыр*– алдымен қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. *Қоңыр* сөзі түстік мағынадан басқа мынадай: *қоңыр күй, қоңыр дауыс, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр әңгіме, қоңыр қабақ, қоңыр тірлік, қоңыр сөз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр салқын, қоңыр кеш, қойдай қоңыр, майда қоңыр* сияқты тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсем сәттерін, өмір, тіршіліктің жайбарақат, мамыражай, кейде тіпті жұпыны да сыпайы қалпын суреттейтін ерекшеліктері көзге түседі. Мысалы: *қоңыр кеш, қоңыр үн, қоңыр үй, қоңыр көлеңке, қоңыр төбе, қоңырқай көз, т.б.*

«Қоңыр» сын есімі+зат есім түрінде жасалған топонимдер де көңіл аударуға тұрады. Біздің қолымыздағы көне деректерде бұлардың саны аз – жетеу ғана: *екі Қоңыр, Қоңыр+ағаш, Қоңыр+бұзау, Қоңыр+қасқыр, Қоңыр+лан, Қоңыр+лы+шоқы, Қоңыр+шоқы*. Ал. Қазір ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде бұлардың өзі сиреп, Қоңыркөл, Қоңырсиыр және екі Қоңырсу түрінде ғана қалуы уақыт өткен сайын қазақы әлеуметтік лексикасының жүдеу тартқанын көрсететін сыңайлы.

Топонимжасамда қоңыр түсті, яғни қашықтықтан қоңырайып көрінетін бұта, қарағаны мол тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді. Шын мәнінде «Қоңыр» сын есіміне зат есім тірекжолымен жасалған жер атауларының саны аздығы табиғаттағы қоңыр түстің уақытша ғана, күз айларына тән екендігімен түсіндіруге болар. Іздей түсу керек шығар. Тарихи топонимдер қатарында едәуір орын алған «көк» сын есімі арқылы аналитикалық жолмен жасалған топонимдерге тоқталудың қажеті бар. *Көк* сапалық сын есімі көне түркі жазба ескерткіштерінен байқалатындай, ежелден түрік елінің сүйікті түсі болып есептеледі (көк тәңірі,көк түрік, көк

бөрі концептілері). *Көк* сөзінің *көкшіл*, *көгірек* деген *түстік* мағыналарына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстардың танымдық құрылымы арқылы берілетін бейненің ортақ сипатымен байланысты. Аспанды *көк* деп атап, *көк тәңірге табынған*, *көк бөрінің ұрпағы* саналған түркі тектес халықтардың танымында аспанның түсі барлық осы түстес белгілерге атау ретінде берілген. Неге аспан деп аталынбаған деген сұраққа «аспан» сөзінің өзі таза түркілік емес, әрі қолдану уақыты да кейін енген деуге болады. *Көк* сөзі – түркі тектес халықтарға ортақ сөз. Заттық мәндегі *көк* (аспан) пен түр-түс атауы *көкті* синкретикалық түбір деп қарастырып жүр. Аспан мағынасындағы *көк* сөзі мен онымен түстес нәрселердің салыстырмалы түрде *көк* аталуы әбден мүмкін. Көне түркі тілдерінде «*көк*» сөзінің бір мағынасы «тамыр», «көкяң» қазіргі түркі тілдерінде «тамырлас» ұғымын береді. Мұндай мағына «көгі жақсы», «көгі жаман» тіркестерінде сақталған. Бұлар көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. М.Қашқаридың еңбегіндегі «көгің кім» тіркесінің аудармасы «шыққан тегің қандай» дегенді білдіреді. Номадтар үшін *көк* сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: *көк* – аспан, *көк* – көктем, *көк-жаз*, өріс кеңейіп, мал тойынатын кез [4].

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі қызыл мен жасыл сөздерінің түбірі «*қыз*» бен «*жас*» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Сондағы ғалымдардың дәлелі: бұлардың екеуі де – *ыл*, - *іл* моделі негізінде бүгінде жеке-дара қолданылмаса да, бөліп алып қарауға болатындығы. Ал белгілі топонимист Е.Қойшыбаев *қызыл* сөзін тіліміздегі *қысыл* (тар, қысылу) етістігімен байланыстырады. Ғалымның мұндағы сүйенетін дерегі – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты – *Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Бірақ та көптеген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жоғарыдағыдай, *қызыл* сөзінің түбірі – *қыз*: бірде етістік («краснеть», «пламенеть»), бірде сын есім мағынасында («красный», «багровый») екіұдай қолданылған екен. Сын есім мағынасында қолданылғандығын дәлелдеу үшін *қызар* етістігін алып, *боз* - *бозар*, *көк* - *көгер*, *ақ* - *ағар* моделі бойынша талдаса да жеткілікті. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі *қызыл* сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «*қыз*» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек *қызыл* түстің ғана емес, тіпті алабұртып, қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «*қыз*» сөзінің шығуына да негіз болса керек. М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігінде бұл *қыз* түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұ ат қыз алдым – Бұл атты қымбат алдым*. Сонда *қыз* түбірінің мағынасы: 1) *қызыл*; 2) *қымбат*, соған тағы да -ыл жұрнағы қосылып, тарихи тұрғыдан қатыстық сын туғызса, біздің тілімізде сапа сыны болып қалыптасқан [5].

Қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де **сары** түс атауы сындық мағынада қолданылады. Жоғарыдағы талданған түр-түс атаулары сияқты бұл сөздің де шығу тегін, этимологиясын анықтау оңай емес. *Сары* сөзінің негізгі түстік мағынасымен қатар түрлі-түрлі ауыс мағыналары да аз емес. *Сары* сөзі – жиі қолданыста болатын, көп жағдайда түсті білдіретін лексема. Бірақ ол да кез келген қолданысында түсті білдіре бермейді. «*Сары*» сөзі жер-су атауларымен тіркескенде «*сар*» тұлғасында қолданылатынын байқау қиын емес.

Топонимист Е.Қойшыбаев «*сар*» сөзі топонимдік атаулармен тіркескенде көбінесе «*айқын*, *кең*, *негізгі*, *басты*» деген мағынада жұмсалатынын айтады.

Академик Р.Сыздықова «*сарыалтын*» тіркесіндегі *сары* сөзінің ағынасы *қоспасыз*, *таза*, *ал «сары уайым»* дегендегі «*сары*» сөзі парсы

тілінде *уайым*, *қайғы* екенін айта келіп, «*сары уайым*» тіркесі бір мағыналы екі сөздің қабаттаса айтылуынан пайда болып, бала-шаға, бекер-босқа сияқты бір сыңары парсыша – *уайым (сар)*, екіншісі – қазақша *уайым* сөзінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады», – дейді [6]

Е.Қойшыбаевтың «*сары*» туралы «*айқын*», «*анық көрінген*», «*басты*» деуі біздің мысалдарымызды көркейте түсетін қисынға жақын. Осыған орай «*сары уайым*» – «*негізгі, анық уайым*», ал «*сарыла күту*» – «*шыдаммен, нағыз күту*» дегенге саяды. «*Сары*» сөзінің «*нағыз, таза*» деген мағынасының барлығын тарихшы ғалым Х.Көктәнді де *сары* сөзіне берген талдамасында анықтайды. Ғалым *сары* сөзінің түбірін *sa/so* деп бөліп алып, «*са*» түбірі *дала* деген ұғымды білдіретінін айтады. Кейбір тарихшылар *сары ұйғыр* дегенді *көне ұйғыр* ұғымын береді деген пікір айтады [10, 148 б] (Көктәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы ұмытылған тарих. М.: Қасиет, 2001. – 462б.).

Ш.Уәлихановтың: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады»

Жер-су атаулары – ұлттық байлық, заттық емес мәдени мұра ретінде түсті білдіретін сын есімдер лексикамыздың түрлі қабаттарында кездесетін әрі әрқашан белгілі аумақты мекендеушілердің ой-өрісін, талғамын, қоршаған ортамен ажырағысыз байланысын бейнелеп көрсететін ерекше құбылыс екеніне көзіміз әбден жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Радлов В.В. опыт словаря тюркских наречий. –Т. I –Ч. II. –СПб.: Издательство Императорской Академии Наук, 1893. – 1914 с.
2. Мусуков Б.А. Профессор Н.К. Дмитриев и актуальные проблемы тюркологии. –Уфа, 2008. –С. 324-330.
3. Әуезов М. 50 томдық жинағы 12 т., 38 бет.
4. Қашқари М. Түркі тілдерінің сөздігі. III т. 115 б.
5. Лауланбекова Р.Т. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты. Астана, 2006.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Мектеп, 1980. – 125 б.

С.М. ИСАЕВ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІТАНУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ



TÜRK MİLLİ ALFABESİNİN KÖKENİ HAKKINDA BİR DENEME YAHUT SİR GERARD CLAUSON'A REDDİYE

Prof. Dr. Hikmet KORAŞ⁴

Özet: Türkistan'da yazılı taşların varlığı Messerschmidt ve Strahlenberg tarafından tespit edilmesinden sonra 1730 yılında Strahlenberg tarafından Avrupa bilim alemine duyurulmuştur. Bilim aleminin bu yazılı taşların varlığında haberdar olduğu günden beri yazının dili ve etnik kökeni konusunda tartışmalar devam etmektedir. 1893 yılında yazıların dili çözülmüş ve Türkçe olduğu V. Thomsen tarafından duyurulmuştur. Yazıların kökeni hakkındaki tartışmalar hala devam etmektedir. Yazıların etnik kökeni hakkında sağlıklı bir sonucun çıkmaması yapılan çalışmaların tamamına yakınının yazıların Türklere ait olmadığı çıkış noktasından kaynaklanmaktadır. Bunu Guzev ve Klyaştorıny, birlikte yazdıkları bir makalede de ifade etmişlerdir. Alfabelerin kökeni konusunda en çok ses getiren yazılardan birisi Sir Gerard Clauson'un 1970 yılında yayımlanan "Türk Runik Alfabesinin Kökeni" başlıklı makalesidir. Bu makale de alfabenin kökeninin Türklere ait olmadığı tezi üzerine kurgulanmıştır. Yazarın zaman zaman bilimsel üslubu aşan ifade ve değerlendirmeleri de vardır. Bu makalede adı verilmese de yazının ortağı olan E. Tryjarski 1995 yılında aynı bilgileri tekrar ederek aynı üslupla bir makale daha yazmıştır. Yazılardaki izah edilemeyen hususlar aslında yazının etnik kökeninin tespitinde önemli ipuçları barındırmaktadır. Bu hususlar, bulunan yazıların içeriği, bulunduğu ve yazının yayıldığı geniş coğrafya, Türklerin alfabeyle ilişkili görülen milletlerin Türklere belirtilen tarihteki ilişkileri ile Türkçenin kendi dinamiği ve sosyal hayatı ile bunun alfabe ile ilişkisidir.

Anahtar kelimeler: Köktürk alfabesi, Runik alfabe, İstemi Han, Türk yazısı

An Essence On the Origin of the Turkish National Alphabet or Refusal to Sir Gerard Clauson

Abstract: The existence of the inscribed stones in Turkistan was announced to the European science world by Strahlenberg in 1730 after Messerschmidt and Strahlenberg had determined it. Since the day the scientific community became aware of the existence of these written stones, discussions on the language of the article and its ethnic origin continue. In 1893, the language of the texts was deciphered and it was announced by V. Thomsen that they were Turkish. Discussions about the origin of the articles are still ongoing. The lack of a healthy conclusion about the ethnic origin of the articles stems from the starting point that almost all of the studies do not belong to Turks. Guzev and Klyaştorıny also stated this in an article they wrote together. One of the most influential articles on the origin of alphabets is Sir Gerard Clauson's article titled "The Origin of the Turkish Runic Alphabet" published in 1970. This article is based on the thesis that the origin of the alphabet does not belong to Turks. There are also expressions and evaluations of the author that sometimes exceed the scientific style. Although not mentioned in this article, E. Tryjarski, who is the co-owner of the article, wrote another article in 1995 with the same style by repeating the same

⁴ Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi ÇTLE Bölümü öğretim üyesi ve NÖHÜ Türk Dünyası Araştırmaları Uygulama ve Araştırma Merkezi Müdürü, hikmetkoras@gmail.com

information. The unexplained issues in the articles actually contain important clues in determining the ethnic origin of the article. These issues are the content of the found texts, the wide geography where it is found and its spread, the relations between the nations that are related to the alphabet with the Turks in the history, the dynamics and social life of Turkish and its relation with the alphabet.

Keywords: Köktürk alphabet, Runic alphabet, İstemi Han, Turkish script

1730 yıllarda Avrupalı bilim adamlarının varlığından haberdar oldukları Türk-Runik harfli metinler önce yazıların çözülmesi, ardından kime ait olduğu şeklindeki tartışmalar hala devam etmektedir. Daha sonra ortaya çıkan arkeolojik bulgular, bu bulgulardaki çözülen metinler, Sir Gerard Clauson başta olmak üzere, önceki kanaatleri değiştirecek mahiyette olup önceki bilgilerin de düzeltilmeye ihtiyaç duyduğunu göstermektedir.

Çok daha önce varlığından bahseden kaynaklar olmasına rağmen Göktürk harfleri ile yazılmış taşlar, 1719-1722 yılları arasında D. Gotlieb Messerschmidt'le İsveçli esir subay Johann Philipp Tabbert von Strahlenberg'in 1722 yılında yaptığı bilimsel araştırma gezisinde keşfettiklerinden Yenisey Bengü taşlarından Üçüncü Uybat ve ardından Yenisey Tes yazıtından 1730 yılında yayımladığı makalede taştaki yazıların kopyalarını da vererek varlığından bahsetmesi bütün Avrupa bilim adamlarının ilgisini çeker (Ercilasun, 2014: 147). Göktürk yazıtlarını çözen Thomsen, runik adlandırmasının yanlış anlamalara açık olduğunun (Thomsen'den naklen Şirin User, 2006: 27) üzerinde durmasına rağmen Messerschmidt ve Strahlenberg'in daha önceden tanıdıkları ve şeklen benzettikleri için verdikleri Runik isimlendirmesi Avrupalı ve Rus Türkologlar tarafından hala kullanılmaktadır (Şirin User, 2006: 27).

Batıda, çok farklı milletin bilim adamlarınca kendi köklerini arama gayreti ve taştaki yazıların kendi dilinin kaynakları olabileceği ümidiyle başlattıkları yazıların dilini çözme çalışmasının sonuca erdiğini Vilhelm Thomsen, 15 Aralık 1893 tarihinde Danimarka Kraliyet Bilimler Akademisinde yaptığı bir toplantı ile duyurur (Ercilasun, 2014: 151). Bu yarışı göğüsleyemeyen Radloff gibi pek çok bilim adamı da vardır, fakat yeni taşlar bulma ve okuma adeta bir yarış halinde devam eder. Bu çalışmalar yapılırken, önceleri yazıların dili hakkında yapılan tartışmalar yazının etnik kökenine, kime ait olduğu şekline evrilir. Caferoğlu, alfabelerin kökeni hakkında batılı bilim adamlarının tavrını “... *abidelerin iç yüzünü bize, dış yüzünü kendilerine bahişle eski Türk sanat kabiliyetini paylaşmışlardır.*” (Caferoğlu, 19894: 119) cümlesiyle ifade eder. Çünkü bu konuda fikir beyan eden kişilerin yazı uzmanı olup olmaması bir tarafa, ilişkilendirdikleri kavim veya topluluk bir yana Türk tarihi, hayat tarzı bile dikkate alınmadan yapılmış tahminlerdir, bilimsel hiçbir temelleri yoktur.

Caferoğlu, Köktürk alfabesi hakkındaki tartışmaları, daha çok yabancı kökenli olanların görüşlerini dikkate alarak yedi başlıkta değerlendirir. Çok ayrıntıya girmeden sadece görüşler ve ilk temsilcilerinin zikredildiği bölümde en çok taraftan bulan görüşün Arami kökenli veya Arami alfabesinden ortaya çıkan Pehlevi alfabesi olduğu belirtilir. Bu tasnifteki beşinci maddede Aristov ve Mallitskiy'nin Köktürk alfabesini Türk tamgalarına dayandırdığı görüşü bizim milli ruhumuza en yakın olduğu vurgulanırken altıncı sırada Sokolov'un Arami kökenli bir alfabeden alınarak millileştirildiği şeklindeki görüş vardır (Caferoğlu, 1984: 120-121).

Ercilasun, bu tartışmaları görüş sahiplerini de vererek 15 başlıkta vermiş geniş bir değerlendirme yaparken yaptığı değerlendirmede yaygın kanaatin Pehlevi, Soğdak, Part gibi İrani bir alfabeye ve onlar kanalıyla Arami alfabesi ya da doğrudan doruya eski bir Sami yazısına dayandırmak şeklinde olduğunu belirtmiştir (2014: 164-172)

Aristov (1896) ve Mallitskiy (1897)'nin Köktürk alfabesinin kökeninin eski Türk tamgalarına dayandığı görüşü (Şirin User 2006: 33; Ercilasun, 2014: 164) ile ideogramlardan oluşmuş ve Türkler tarafından icat edilmiştir görüşünde olan H. N. Orkun (1936), A.C. Emre

(1938), а. Caferoğlu (1938), A. Mahmutov (1969) yanında Clauson'un etkisinden kurtulamayıp Türkleri ait ideogramlardan çıkmış da olabilir eski bir Sami alfabesi veya bilinmeyen bir alfabeden çıkmış da olabilir diyerek dikkatleri üzerlerine çekmektedirler (Ercilasun, 2014: 165). Alfabenin Küçük Asya veya Sami kökenli olabileceği Altay Amanjalov (1976-1978), Soğdak-Grek kökenli olabileceği ise A. Caferoğlu (1958) ve Kafesoğlu (1996) nun görüşleridir (Ercilasun, 2014: 164-165).

Şirin User'in Köktürk alfabesinin kökeni hakkındaki tartışmaları verdiği bölüm dikkate alındığında konu ili ilgilenen ve görüş bildiren insanların çokluğu (2006: 32-37) zihinleri bulandırmaktadır. Ancak Aristov ve Mallitskiy'nin görüşleri bir tarafa bırakılacak olursa Köktürk alfabesinin kökeni hakkındaki görüşlerin Türklere ait olmadığı tezi üzerine kurulu olduğu dikkati çeker. Guzev-Klyaştorıny, V. Thomsen ve sonraki bilgilerin bu yazının bir yabancı aslını bulma arzusunda olduklarını vurgulayarak bu taraflı yaklaşımı itiraf eder (1995: 27-33).

Köktürk alfabesinin Eski Yunan, Sami ya da Part Pehlevi kökenli olduğu, onlardan alındığı şeklindeki iddiaların tamamında bu ilişkinin ne zaman, nasıl, hangi vasıta ile olduğu üzerinde durulmaz. Durum böyle olunca bu iddiaların tamamı dayanağı olmayan, ön yargılı ve kıskançlıktan kaynaklanan izahlar gibi görünmektedir. Bu tespitin en çok hissedildiği makalelerden birisi 1970'li yıllarda Clauson adıyla yayımlanan diğeri de 20 yüzyılın sonlarında Göktürk alfabesinin çözülmesinin yıldönümü münasebetiyle yayımlanan, aslında Clauson'un da makalesinin ortağı olan Tryjarski'ye aittir.

20. yüzyılın sonuna doğru konu ile ilgili yapılan önemli yayınlardan birisi 1970 yılında sir Gerard Clauson adıyla yayımlanan "*The Origin of the Turkish Runic Alphabet*" başlıklı makalenin ortağı E. Tryjarski tarafından yayımlanan makaledir⁵. Tryjarskiy bu çalışmada şimdiye kadar alfabenin menşeyi konusunda sağlıklı bir netice ortaya çıkmadığını vurgulayarak Clauson'la birlikte yazdığı makalede, alfabedeki harflerin çoğunun Soğd alfabesinden geldiği fikrinden vaz geçmiş gibi görünerek runik harflerin farklı zamanlarda ve farklı yerlerdeki beylerin, hanların arzularını ve kararlarını ifade eden ve tedricen oluşmuş bir yazı olduğunun kendisine en mantıklı gelen görüş olduğunu belirterek ardından pek çok Türk boyu sayarak belirtilen bey ve hanların her zaman Türkçe konuşan kimseler olmadığını Alan vs gibi İran kökenli beyler olduğunu belirtir (Tryjarski, 1995: 43-49). Tryjarski, makalenin devamında ödünç alınan runik harflerin uygulanacak dil veya şivenin fonetik gereklerine resme benzer karakterlerden oluşan işaretlerin *bilge, akıllı ve yüksek eğitilmiş kişiler* tarafından uyarlandığını vurgulayarak alfabedeki resme benzeyen karakterlerin Türkler tarafından alfabeyle ilave edildiğinin üzerini çizerek yine Türklere ait olmadığını, ödünç alındığını ve uyarlandığı üzerinde durur (1995: 43-49). Yazının devamı bence şizofrenik bir hezeyana dönüşmüş, Tryjarski, Gelb'in bütün kültür reformlarında olduğu gibi yazı tarihinde de dâhilerin önemli rol oynadığı fakat isimlerinin bilinmediği fikrini dikkate alarak Köktürk alfabesinin teşekkülü veya uyarlanmasını yapan dâhilerin adının belirtilmemesinin hükümdarın kıskançlığı veya diğer beyler veya hükümdarlar tarafından kandırılır düşüncesinden kaynaklanmış olabileceği vurgulanarak asıl sebebin bunu yapan dâhilerin yabancı etnik kökenli olmaları olduğunu belirtir (1995: 43-49). Makalenin devamı Clauson'a destek ve bu konuda daha önce yazılanlara mantıklı sebepler bulmakla devam eder ve sonlanır.

Bu iddialar arasında üzerinde en çok durulması gereken makalelerden birisi Sir Gerard Clauson'un "Türk Runik Alfabesinin Kökeni" ("*The Origin of the Turkish Runic Alphabet*" (A.O. XXXII s. 51-76) [E. Tryjarski ile birlikte] *Asta Orientale* 32, 1970, s. 51-76.) başlıklı

⁵ Makalenin 1970 yılında yayımlanan "Asta Oriantales xxxıı" sayısında makale yazarı sadece Sir Gerard Clauson olarak görülmekle birlikte, TDVİA'daki Woodhead'in yazdığı makalede çalışmaları verilirken ilgili çalışmanın künyesi ["Thi Origin of the Turkish 'Runik' Alphabet" (AO, XXXII, s. 51-76, E. Tryjarski ile birlikte)] şeklinde verilmiş olup, çalışmanın E. Tryjarski ile birlikte yazdığı belirtilmektedir (1993: 48-49).

makalesidir (Woodhead, 1993: 48-49). İngilizce yayımlanan bu makale, E. Tryjarsky ile birlikte yazıldığı belirtilmeden Dinçer Apaydın tarafından 42 yıl sonra Türkçeye çevrilerek yayımlanmıştır (Clauson, 2012: 163-183)⁶.

Clauson'un makalesi 1970 yılında yayımlanmasına rağmen 1969 yılında Kazakistan'ın Almatı şehri yakınında bulunan ve Esik Kurgan olarak adlandırılan bir prens mezarından çıkan iki satır yirmi altı harflik, Köktürk yazısı ile madeni (gümüş?) bir kâse üzerine yazılmış metinden hiç bahsetmemesi dikkat çeker. Sir Gerard Clauson'un Esik Kurgan'daki bu yazıdan haberinin olmaması mümkün değildir, ancak batılı bilim adamlarının çoğunun ön yargısı gibi onda da Köktürk yazısının Türk olmaması gibi bir ön yargı vardır. Hatta Esik Kurgan'daki Köktürk harfleri ile yazılmış iki satırlık yazıdan bahsetmemesinin sebebi yazının Türkçe çıkması endişesidir diyebiliriz. Nihayet, Clauson'un makaleyi birlikte yazdığı E. Tryjarsky'nin 1993 yılında aynı tavrı devam ettirmesi (1995: 43-49) bu tespiti doğruluğunu açıklar mahiyettedir. Yalnız E. Tryjarsky, Clauson'un itiraf etmekten çekindiği bir hususu dile getirir ki bu dile getirilen gerçek aslında yazının kökenini de, eskiliğini de, Clauson'un bir şekilde yayılmıştır diye geçiştirdiği yayılma vasıtasını da açıklar. Bu ise yazının han veya onun belirlediği yüksek rütbeli memurlar vasıtasıyla öğretildiği gerçeğidir (1995: 43-49). Clauson'un İstemi Hanın siparişi üzerine oluşturulan alfabenin çok geniş alana yayılmasını, “*O zamanlar Türkçe konuşan bütün milletlerde alfabenin hızlıca yayılmış olduğu gerçeği kesinlikle şaşırtıcı değildir.*” cümlesiyle izah ettiğini zanneder. Halbuki, bu alfabenin kullanıldığı alan Orta Avrupa'nın batısından Pasifik Okyanusu'na Orta Afganistan'dan Kuzey Sibirya'ya kadar yaklaşık 30 milyon kilometre kareyi bulmaktadır (Şirin User, 2006: 31). Bu günkü imkânlarla hiçbir ülkede okuma yazmanın hala yüzde yüze çıkarılamaması, bahsedilen çok geniş alanda 6. Yüzyılda oluşturulan bir alfabenin kısa sürede yayılmasının imkânsızlığını göstermesi yanında Clauson'un Köktürk alfabetesinin İstemi Kağan'ın siparişi üzerine 6. Yüzyılda oluşturulduğu tezini de çürütür.

Clauson'un, zaman zaman bilimsel çalışmada olmaması gereken amacını aşan ifadelerin olduğu yazısının başlarında sarf ettiği “*Yaygın kanaate göre, runik alfabenin diğer bazı alfabe ya da alfabelerin üzerine şekillendiği kabul edilmektedir*” cümlesi bu denemenin Tryjarsky hariç itibar edilmemesinin de sebebidir. Guzev ve Klyaştorny'nin “*Yukarıda gösterilen, runik Türk yazısının deşifre edildiği andan beri mevcut olan çelişki (yani, bunun ezelden beri piktografik olması, başka deyimle, otokton olmasına delillerin var olması ile uzmanların bunun bir yabancı kaynaktan doğmuş olduğu inancı arasındaki çelişki), çözülmemiş kalmaktadır.*” (1995: 27-33) tespiti çözümün de anahtarıdır.

Clauson'un Türklerin dindar olmadığı ve ticaretle uğraşmadığı gibi haddini aşan ifadeleri bir tarafa bırakacak olursak alfabenin ilk kullanılışı için din, ticaret ve idari sebepler tespit olarak doğru ve yerindedir ancak Clauson Köktürk alfabesi ile yazılmış metinlerin içeriğini hiç dikkate almaz. Çünkü bu taşlardaki yazıların içeriği ne dini, ne ticari ne de idari mahiyettedir. Bu taşların çoğu mezar taşıdır ve ölen kişi adına yazılmış duygu yüklü cümlelerdir. Bu durum yazının çok eskiden icat edilerek işlendiği, bahsedilen geniş alana yayıldığı ve sivilleştiğini (Dmitri D. Vasilyev'den naklen Şirin User, 2006: 40), artık halktan pek çok kişinin özel eşyalarının üzeri yanında duygularını ifade etmek için mezar taşlarında kullandığını gösteriyor ki Türkler alfabeyi icat etmekle kalmamış bu alfabeyi kullanan diğer milletlerden çok farklı amaçlarla da kullanmaya başlamışlardır.

Clauson, Türklerin alfabeyi icat etmediklerini ima ederek o zaman alıntı olduğunu vurgulayıp İstemi Hanın Bizans hükümdarına gönderdiği elçinin götürdüğünü Bizans kaynaklarının belirttiği İskit yazısı ile yazıldığı belirtilen mektubu, yazının ortaya çıkış (Türkçeye adapte edilişi) zamanı ve haberleşme amaçlı sipariş ile oluşturulduğunun kanıtı

⁶ Bk. (Sir Gerard Clauson, “Türk ‘Runik’ Alfabetesinin Kökeni”, çev. Dinçer Apaydın, *Dil Araştırmaları*, S. 11, Güz 2012, s. 163-183). Ancak bu çeviride makalenin özgün şeklinde belirtilmediği için olsa gerek E. Tryjarski ile birlikte yazıldığı belirtilmemiştir.

olarak sunmaya çalışır. Şaşırtıcı biçimde sadece Sasani ve Bizans hükümdarlarına elçi gönderen İstemi hanın bu diplomatik yazışmalarını gerçekleştirmek için yazıya ihtiyaç duyduğunu ve Türklerin böylece yazıya kavuştuğunu belirtmek bütün tarihçilerin devlet kavramına insanlığa türlerin kazandırdığı ortak kanaatini (Ercilasun, 2014: 40-41) de inkar etmektedir.

Clauson'un Bizans'a ipek ihraç etmek için Soğdak Maniak adında birisini elçi olarak gönderdiği ifadesi önceki belirttiği Türklerin ticaretle uğraşmadığı ifadesini çürütmektedir.

Clauson'un "6. Yüzyılın ortalarında Orta Asya'da kullanılan hiçbir alfabe Türkü'yü yazmak için uygun değildi." cümlesi alfabenin özgün olduğunun da ifadesidir ancak zaman zaman küstahlaşarak bilim adamı haddini aşan Clauson "Olsalardı bile Türkler bunu okuyabilecek mi?" diyecek kadar seviyesizleşir (2012: 163-183).

Nihayet Clauson'un göz ardı ettiği Esik Kurgan'daki buluntular üzerinde yapılan deneme çalışmaları Türk kökenli bilim adamları tarafından da yapılmış ve yazıların Türkçe olabileceği yüksek ihtimal olarak değerlendirilmiştir (Ercilasun, 2017: 7-14). Bu konuda yapılan arkeolojik kazılardan çıkanlar üzerinde uzmanların yaptığı değerlendirmeler de mezarın bir Türk mezarı olduğunu göstermektedir (Arık, 2008: 25-70). Bu yazının varlığı bu yazıdaki dilin en az 1500 veya 2000 yıldır yazıyı kullandığını ve böyle bir yazı dilinin oluştuğunu gösterir.

Clauson'un bu tavrı Hindistan'daki sömürge İngiliz valilerinin tavrıdır. Clauson'dan bilim adına daha fazlasını beklemek ahmaklık olurdu. Çünkü bir Türk atasözü "Bir iti iki sahibi olmaz." der. Clauson bu tavrıyla kendisini 18 veya 19. Yüzyıl sömürge valisi olarak görmektedir.

Clauson'un bu yazısındaki her ifade, her hüküm ispata muhtaç hükümler içerir. Hiçbir kaynak kullanmayan Clauson'un yazısının sonunda belirttiği Londra Üniversitesi Doğu ve Afrika Araştırmaları merkezindeki Dr. A. D. H. Bivar'ın fikirleri de verilen hükümlerin doğruluğunu göstermez.

1. Sir Gerard Clauson, konu üzerinde çalışan bütün bilim adamları gibi Köktürk yazısının Türklere ait olmadığı ön yargısından kurtulamaz, zaman zaman bilim adamı üslubunu aştığı yazı bu yüzden bilimsel olmaktan uzak ve ciddiye alınacak bir yazı değildir.

2. Verilen hiçbir hükümde alfabenin yayıldığı geniş alan ve bu geniş alanda alfabenin nasıl yayıldığı izah edilmemiştir. Sadece bu bile düşünülse kafalardaki pek çok soru işareti cevap bulabilirdi.

3. Yazının çok varyantlı olması tersinden ele alınarak değerlendirilmiş, bu birbirinden farklı işaretlerin Köktürk yazıtlarında standartlaştırıldığı ifade edilmiştir. Halbuki bu kadar geniş bir coğrafyada çok erken dönemlerde sivilleşen yazının farklı coğrafyalarda farklı şekiller alabileceği düşünülse idi daha mantıklı bir izah olurdu.

4. Köktürk harfleri kullanılarak yazılan yazıların Clauson'un yazının ortaya çıkışındaki temel sebeplerle hiçbir ilişkisinin olmadığı göz ardı edilmiştir. Çoğu mezar taşı olan bu malzemeler ve malzemelerin içeriği yazının Türkler tarafından çok eski devirlerden beri kullanıldığını ve emsallerinden çok erken dönemde sivilleştiğini ve halkın bu alfabeği kullandığını göstermektedir.

5. Clauson'un yazısı tarihi pek çok bilgiyle çelişmekte, İskitler gibi pek çok tartışmalı isim bilimsel olarak sonuçlanmış gibi Türklerin aleyhinde değerlendirmeler yapılmıştır.

6. Clauson, kendi görüşünün aksine olabilecek her türlü bilgi ve belgeyi göz ardı etmiştir. Türk tarihi, Çin tarihi, Pers tarihi ve bunlar arasındaki ilişkiler gibi.

7. Clauson, yazısının sonunda Köktürk yazısının eski Arami kökenli bir İran alfabesinden alındığını, bazı işaretlerin eski Yunan alfabesinden ödünçlendiğini söylemek yerine kendisinden çok nce alfabenin Türklere ait olabileceğini söyleyen bilim adamlarının görüşlerini değerlendirse, görüşlerini dikkate alsa belki gerçeği görebilirdi. Çünkü ok işareti k sesini, süngüye benzer bir düz çizgi s sesini, yaya benzeyen (basıları ay demektedir) işaret y

sesini, çadıra benzeyen işaret b sesini temsil etmektedir. Guzev-Klyaştorıny harfler tahrif olduđu için diđerlerinin tespit edilemediđini söylese de bu durum elimizdeki metinlerin yetersizliđinden kaynaklanmaktadır. Eski yazıtlardaki kelime sayısı 5 veya 10 bin olsaydı bu işaretlerin hangi kelimedен ortaya çıktıđı daha rahat tespit edilebilirdi. Ancak görmek istemeyen göz her zaman kördür.

КАУНАКÇA

Arık, Murat (2008). *Esik Kurganı, Buluntuları ve Kültür Tarihi Açısından Deđerlendirilmesi*, Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Tarih Anabilim Basılmamış yüksek Lisans Tezi, Ankara.

Caferođlu, Ahmet (1984). *Türk Dili Tarihi*, 3. Baskı, İstanbul: Enderun Kitabevi.

Clauson, Sir Gerard (2012). "Türk 'Runik' Alfabetesinin Kökeni", çev. Dinçer Apaydın, *Dil Araştırmaları*, S. 11, Güz 2012, s. 163-183.

Ercilasun, A. Bican (2014). *Başlangıcından Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi*, 14. Baskı, Ankara: Akçağ Yayınları.

Ercilasun, A. Bican (2017). "Bilinmeyen Metinlerin Çözülmesi Konusunda Teorik bir Yaklaşım ve Altın Elbiseli Adam Yazıtı için Yeni Bir Okuma Denemesi", *Dil Araştırmaları*, S. 20, Bahar 2017, s. 7-14.

Guzev, V. G.-Klyaştorıny, Sergey G. (1995). "Genel Yazı Nazariyesi Işığında Göktürk Yazısının Menşei Meselesi (Okunuşunun 100. Yıldönümü Dolayısıyla)", *TDAY Belleten 1993*, Ankara: TDK, s. 27-33.

Şirin User, Hatice (2006). *Başlangıcından Günümüze Türk Yazı Sistemleri*, Ankara: Akçağ.

Tryjarski, Edward (1995). "Asya ve Avrupa'daki Runik Yazıların Ananimliđi, Farklılıđı ve Yayılımı" çev. E. Gürsoy-Naskali, *TDAY Belleten 1993*, Ankara: TDK, s. 43-49.

Woodhead, Christine (1993). "Clauson, Sir Gerard (1891-1974)", *TDV İslâm Ansiklopedisi* 8. Cilt, İstanbul, s. 48-49

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТ АТАЛЫМДАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

Балқия ҚАСЫМ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры
филология ғылымдарының докторы
bkasym_gosyaz@mail.ru

Аннотация: Когнитивная лингвистика складывается как направление, позволяющее выявить закономерности языковой системы с позиций обусловленности их когнитивными способами осмысления онтологических ситуаций, увидеть внутреннее единство лексико-семантической системы языка, детерминированное мировоззренческими и культурными факторами. В качестве методологического основания анализа пословичной пропозиции выступает денотативный подход семантического структурирования моделей, в основе которого лежит соотнесенность семантической структуры. Основным методом анализа является интерпретационный, сущность которого состоит в выявлении концептуальных смыслов с помощью процедур интерпретации. Анализ пословичных высказываний, раскрывающих концептуальное содержание *труд /безделье – лень*, содержащие имена деятельности, а также имена, обозначающие состояния бездействия, показал, что онтологические процессы трудовой деятельности осмысляются с точки зрения мировоззренческих и культурных традиций русского народа. В свою очередь, данное осмысление находит отражение в когнитивных характеристиках трудовой деятельности.

Ключевые слова: имена деятельности, концептуальное содержание, денотативный подход, концепт, семантический анализ.

Abstract: Cognitive linguistics is emerging as a direction that makes it possible to identify the patterns of the language system from the standpoint of their conditioning by cognitive methods of comprehending ontological situations, to see the internal unity of the lexical-semantic system of the language, determined by worldview and cultural factors. The methodological basis for the analysis of proverbial propositions is the denotative approach of semantic structuring of models, which is based on the correlation of the semantic structure. The main method of analysis is interpretive, the essence of which is to identify conceptual meanings using interpretation procedures. Analysis of proverbial sayings that reveal the conceptual content of work / idleness - laziness, containing names of activity, as well as names denoting states of inaction, showed that the ontological processes of labor activity are interpreted from the point of view of the worldview and cultural traditions of the Russian people. In turn, this understanding is reflected in the cognitive characteristics of work.

Key words: names of activities, conceptual content, denotative approach, concept, semantic analysis.

Дәстүрлі лингвистиканың негізінде когнитивті лингвистика когнитивтік құрылымдар немесе когниция құрылымының тілмен өзара байланысын көрсетіп, түсіндіреді. Когнитивті лингвистиканың шеңберін кеңейтудің қажеттілігі тіл білімінде мойындалды, себебі адамның ойлауы мен түсінігінде жасырынып жатқан халықтық ерекшелікке тән ұлттық және тарихи тілдік жүйедегі өзіндік құбылыстарды түсіндіру мүмкін емес, яғни әлемнің ұлттық бейнесі болады да оның негізінде әлемнің ұлттық тілдік көрінісі жинақталады. Ұлттық тілдің дамуы, ұлттың дамуы тарихымен тікелей байланысты. Адам өмірінде өткен немесе болып жатқан өзгеріс, жаңалықтар тілге әсерін тигізеді, белгілі мөлшерде ізін, таңбасын қалдырады. В.А.Маслова:

«Когнитивтік лингвистика дегеніміз тілдегі когнитивтік механизм ретіндегі когнитивтік құрал, яғни ақпараттарды репрезентациялау, кодтау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастырылатын лингвистикалық бағыт» [1]. деп түсіндіреді. Тілші келесі пікірінде: «Когнитивтің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы зерттеп қоймай, менталді репрезентациясын (ішкі танымын) білімнің негізін қалыптастырған символдар мен адамның стратегиялық таңбаларын айқындау керек» [1] делінеді. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – тіл. Себебі тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

А.Н.Мороховский дерексіз лексиканы мәдени сөздерге, ғылыми терминдерге және идеологиялық сөздерге қарама-қарсы қояды. Себебі, олардың атқаратын қызметінің, пайда болу тәсілдерінің, беретін ұғымдарының әртүрлілігіне байланысты [2] деп тұжырымдайды. Ғылыми терминдерді жеке тұлғалар жасайды, олардың алға қоятын міндеті – тілдегі кейбір түсініктерді, ұғымдарды сол ортада бар концептілерді орнықтыру, олар рухани сананы, түсінікті қамтиды. Тілде дерексіз сөздердің өзі де концепт (мәдени сөздер) бола алады. Өйткені олардың мағынасы да қандай да бір рухани-мәдени ұғымды береді. Сондай-ақ сөздердің дерексіз категориялардың негізінде ғана емес, сонымен бірге әдет-ғұрыпты сипаттайтын, адамның жекелеген қасиеттерін білдіретін сөздердің (тұрмыс, мінез-құлық, т.б.) тіпті нақты іс-әрекеттердің (еңбек ету, жұмыс жасау, егін салу т.б.) негізінде де жүзеге асады. Жекелеген халық үшін бұл сөздер жалпы мәдени мағынаға ие бола алады.

Мәдени концепт сөздердің аясы нақты, жинақтаушы заттық лексиканың есебінен кеңейе алады. Мысалы, «өмір», «отбасы», «қуаныш», т.б. құбылыстардың атаулары жетелеген ұлттық өзіндік менталитетіне байланысты ерекше концептілік мән алуы ықтимал. Сөйтіп, заттар мен құбылыстарды таңбалаушы тілдік бірліктер мәдени

компоненттерімен ерекшеленеді [3]. Сөздердің мәдени концепті қатарына енуі олардың прагматикалық, семантикалық сипаттарына байланысты. Жалпы алғанда концепт сөздерді мәдениеттің екі жағы іспетті материалдық және рухани мәдениеттің өзара байланысы ретінде қарастыратын бағыт. Рухани мәдениетті жан-жақты әрі терең танымдық зерттеу – тілдегі бүкіл сөздерді концептіге жіктеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл ғылымында концепт терминнің қарастырылуы лингвистика мен философияның өзара қарым-қатынасының күшеюіне байланысты болып отыр. Логикада «концепт» термині «ұғым, түсінік» терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. Яғни, концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атауларды бар ғаламның тілдік бейнесі» ретінде тани отырып, адам дүниетанымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде таныған жөн [4].

Семантикалық талдау – сөздің семантикалық құрылымының айқындалуы, оны таңбалаушы, таңбаның ұғымдық мазмұны, қосымша мағынаға ие айырмашылықтарын анықтауды жүзеге асыру; *концептілік талдау* – бір ғана таңбаның аясына жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымдағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау [5]. Яғни семантикалық талдаудың мақсаты сөздердің мағынасын түсіндіру болса, концептілік талдаудың мақсаты ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру. Бұл көзқарас бойынша, концептілік талдау деп, тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын кез-келген тілдік талдау есептеледі.

Қазақ тіл білімінде тілдің танымдық тұрғыда зерттеле бастауы алдымен тілді белгілі бір ұлттың мәдениеті мен танымының көрінісі ретінде қарастыруды басты нысан етіп алған этнолингвистика, лингвомәдениеттаным салаларының қалыптасуымен байланысты дамуда. Тілді ұлттық болмыспен біртұтас құбылыс ретінде қазақ тіл білімінде Ә.Қайдардың [6], Ж.Манкееваның [7], зерттеу еңбектерінде зерделенді. Ж.Манкеева халықтың тұрмысы мен тіршілігіне қажетті құрал, зат атауларын жай ғана зат атаулар деңгейінде емес, ұлттық болмыс пен ұлттық менталитетті айқындайтын тілдік және мәдени құндылықтар жүйесі ретінде қарастыруды ұсынған еңбегінде «... әр халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, талғамы т.б. қазақ тілінде сақталып, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады... Яғни «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағиданы ұстанамыз [7]. Ә.Қайдар тілдегі «этнолингвистикалық арналар» ретінде баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді атап көрсетеді [6].

Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактілі ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады. Мысалы, ұжым не тұлға санасындағы адамзат құндылығын танытатын «еңбек» метафизикалық концептісінің қазақ халқы үшін халық болып қалыптасу кезеңінен бастап динамикалық қозғалысы ретінде танылуы басым көрінеді. Мақал-мәтел өмірден туады. Ол – тіршілік тартыстарының үздіксіз күрестердің, әлеуметтік қайшылықтардың тәжірибесі, философиялық мәні. Көркемдік тілдік бірлік мақал-мәтелдің бойына тартымдылық, әсерлілік көрініс табады. Мақал-мәтел өмір тәжірибесін өңделіп, оның ең құнды, нәрлі түйінін ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда әрбір мақалда өмірдің күрделі көрінісі байқалады. Мақалды тудырушы – халық. Қазақ мақалдарының тілі өте көркем, мейлінше қарапайым, сөз құрамы бай, халық тілінің бейнелеу мүмкіндіктері мақалда

жан-жақты мол көрініс табады. Халық тілін меңгеру үшін мақал-мәтелдерді жете білу керек. Мақалдың көркемдік ерекшеліктері біріншіден, идеялық-мағыналық мазмұнымен байланысты, екіншіден, сөз қолданудың көркем тәсілдерімен: сөздің ырғағымен, ұйқасымен, ауыстырумен, астарлап сөйлеумен байланысты.

Мақалдық мәтінді семантикалық талдау барысында оның пропозициялық құрамындағы жағдайдың денотативтік құрылымының бейнесін қарастырамыз.

Онтологиялық жағдайда бейнеленетін пропозициялық «еңбек» концептісі бар мақалдардың құрылымдарын салыстыруда мынадай мүмкіндіктер іске асады: а) мақалдардағы онтологиялық жағдайдың субъектілері қандай және олар қандай жағдайларда іске асады; ә) түрлі субъектімен берілген жағдайлар мағына беру процесінде қалайша әсерлеседі; б) әрекет аталымдарымен вербалданған субъектілер мақалдық айтылымдарда қандай орын алады; в) мақалдық пропозицияларда әрекет аталымдары қандай рөл атқарады. Талданатын мақалдарғы әлем моделдері туралы түсінікті көрсетеді: біріншіден, адам әлемі, екіншіден еңбек құралдары мен өнімдері кіретін адам тудырған әлем, үшіншіден, табиғат әлемі.

Мұндай талдау мақалдардың семантикалық құрылымында бейнеленген онтологиялық жағдайлардың көрінісін анықтауды көздейді. Жағдайларды жүйелеу үшін полипропозициялы мақалдық айтылымдарды жекелеп пропозициялы талдауға сүйенеміз. Ал мұндай жүйелеу пропозициялы мақал құрылымдардағы онтологиялық субъектілерге негізделеді.

«Адам әлемін» танытатын мақалдар бар, олар: а) адамның тіршілік етуі; ә) оның әрекеті; б) оның күй-жайы; в) адамның сыртқы белгілері; г) оның туыстық, тұлғалық, әлеуметтік қатынасқа түсе алу қабілетіне ие болуы сияқты. Адамның ішкі семантикалық субъектілерін екі негізде жүйелеуге болады: біріншісі жалпы адамдар мен олардың белгілерімен байланысты болса, екіншісі еңбек әрекетін жасаушы адам туралы мұндай белгілерден «еңбек» концептісі жасалады [8].

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «Адам әлеміне» тән іс-әрекет аталымдарының когнитивті-семантикалық құрылымын моделдеуге кіріспес бұрын «іс-әрекет аталымдары» туралы талдаудың басты аспектілерін сөз етейік. *Іс, жұмыс, еңбек* атауларының адам әрекетінің атауы екені, яғни (не? сұрауына жауап береді, дерексіз) зат есім екені анық. Бұл аталымдар *еңбек* әрекетіне қатысты ұғымдар, ал қазақ мақал-мәтелдеріндегі *еңбек* іс-әрекетін талдай отырып, адам әрекетінің жалпы мазмұны ашылатындығын көрінеді. Еңбек туралы қазақ мақал-мәтелдерінде *әрекетсіздік, қолы бостық, жалқаулық* сияқты қарама-қарсы мәнді «әрекетсіздік іс-әрекет» аталымдары да кездеседі. Мақалдардағы алғашқы және кейінгі топтардың семантикасын меңгеру арқылы ғана қарама-қарсы мәнді екені анықталады.

Мақал-мәтелдік айтылымдарды этнографиялық, фольклорлық және тарихи жақтан зерттеу нәтижесінде «еңбек» және «қолбостық» концептілерінің арақатынасында қазақ халқының дүниетанымдық және өмір тәжірибесінің қалыптасқан жүйесін көрінеді. *Концептуалды* ерекшеліктерге сәйкес *іс, еңбек, жұмыс* және *жұмыссыздық* атауларының айрықша процессуальды семантикасы болады, ал бұл тұста *қол бостық, жалқаулық* атаулары әрекет етуге іштей қарсы болу, яғни психикалық әрекет ретіндегі күрделі семантикалық іс-әрекет деп түсіндіріледі. «Еңбек» және «жұмыссыздық» – «жалқаулық» концептілерін әрбір мәдениетке тән концептілер ретінде немесе айрықша, яғни ұлттық тарихи, мәдени және белгілі-бір географиялық ерекшелігі бар концепті деп қарастыруға болады.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі *еңбек* тақырыбындағы іс-әрекет атауларын мазмұнына қарай екі тақырыпқа бөлуге болады, біріншісі – «адамның іс-әрекеті», яғни *еңбек, іс, жұмыс*, → *еңбекқұмарлық, іскерлік, ынталану* әрекетсіздік, *қолы бостық*; екіншісі – «адамның *еңбекке, жұмысқа деген қатынасы, мінез-құлық белгілері*», яғни

жалқаулық, жұмыссыздық, енжарлық, немқұрайлылық т.б. Әртүрлі әрекеттегі немесе кәсіптегі (дене еңбегі, әскери еңбек, егістік жұмыстары) еңбек әрекетінің жалпы мағынасында қолданылатын аталымдар (*еңбек, жұмыс, іс*) бар, сондай-ақ олар еңбек барысының, еңбек өнімінің және нәтижесінің нақты мәнін береді. Бұл тұста бір ғана *іс* атауы еңбек әрекетін атаумен қатар кең мағынада да қолданылады: *қызмет, іс-әрекет*, яғни *ой, сөз* дегендерге қарсы мәнді білдіріп, қолданылады, мысалыға: «*сөзіңмен емес, ісіңмен көрсет*», «*сөз бен істің арасы жер мен көктей*», «*сөзі көптің ісі аз*».

«Еңбек» концептісінің негізінде «еңбек әрекетінің» *менталды түсінігі* жатыр, және бұл концептінің «адам» және «адам әрекеті» концептілеріне тән екендігі белгілі. Қаза халқының тыныс-тіршілігінің негізінде пайда болып, қолданылып жүрген мақал-мәтелдеріміздің когнитивтік мәнін ашатын кез келді. Алдымен қазақ мақал-мәтелдеріндегі еңбек іс-әрекет аталымдарының тікелей адам арқылы көрінісін көре аламыз.

Еңбек туралы қазақ мақалдарының жиі қолданылатын нұсқалары мынадай қалыпта қолданылатындығын атап өтуге болады:

1. *Адам және оның жынысы мағынасына қарай:*

Ерте тұрған жігіттің
Ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің
Бір ісі артық (2, 11 б.).

Кедей болар жігіт еріншек болар. (3, 77 б.).

2. *Адам және оның жасы мағынасына қарай:*

Жас кезімде бейнет бер,
Қартайғанда дәулет бер (2, 12 б.).

Жас күнінде еңбек қылсаң,
Есейгенше жетілерсің (2, 14 б.).

3. *Адам және туыстық қатынас мағынасына қарай:*

Мал таппайтын еркек жоқ, құрарын айт,
Бала таппайтын әйел жоқ, тұрарын айт.

4. *Адам және оның дене мүшелері мағынасына қарай:*

Көз қорқақ,
Қол батыр (2, 11 б.).
Қолыма жұмыс бергенің,
Жаныма тыныс бергенің (3, 78 б.).

Қорыта келе, қазақ мақалдары осы уақытқа дейінгі түрлі қырынан зерттеліп келгенімен «еңбек» әрекетінің мінездемесін талдау әлі де жеткіліксіз. Бірінде адам жынысына қатысты еңбек түрінің белгісі, ал екіншісінде адамның жасына сәйкес еңбек әрекетінің түрі көрсетіледі. Енді бірінде халық түсінігінде еңбек әрекетінің өмір сүру көзі ретінде түсіндірілетіндігін байқаймыз. Сонымен қатар, өзіміз байқағандай бұл мақалдардың бірқатарында еңбек иесі ретінде адамға ат қою кездеседі, мысалыға *еріншектік, жалқаулық, ез, ер, еңбек ету* деген сияқты. Менталды және сөйлесімдік әрекеттерді, физиологиялық әрекеттер мен жағдайларды, эмоциялық және психологиялық жағдайларды еңбек етуші адамның көңіл-күйін, мақсатын, дене қозғалысын, әлеуметтік жайын еңбек барысындағы арақашықтықты және т.б. білдіретін мақалдарда *адам-еңбекші, адам-жалқау* жағдайлары суреттеледі. Мұның бәрі адамның еңбек әрекетіне қатысын бағалаудан туған танымдық түсініктер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб.пособие. 3-изд. – Минск: ТетраСистемс, 2008. – 272 с.

2. Мороховский, А.Н. Избранные труды. – Киев: КНЛУ, 2011. – 589 с.
3. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка//Известия РАН. Сер. :лит. и языка. – М., 1993. – №1. – С. 3-9.
4. Брутян Г.А. Очерки по анализу философского знания. – Ереван: Айастан, 1979. – 288 с.
5. Қасым Б. Метафоралы аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам. – Алматы: ЖК Волкова Е.В. 2015. – 300 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 301 б.
7. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным/Языкознание 2001. №4. – 39-44 б.
8. Дмитриева О.А. Культурно-языковые характеристики пословиц и афоризмов: (На материале фр. и рус. яз.): Авто реф. дис. . канд. филол. наук. – Волгоград, 1997. – 16 с.
9. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2007.

ЕТІСТІКТІ СИНОНИМДІК ҚАТАР: МАҒЫНАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Балқия ҚАСЫМ

Филология ғылымдарының докторы,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

e-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru

Әлібай Ш.

7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ 2 курс магистранты

e-mail: Nurmaxambetovna@mail.ru

Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада когнитивті семантика теориясының негізінде қазақ тіліндегі етістікті синонимдік қатардың құрылымдық, мағыналық табиғаты сараланады. Етістікті синонимдердің сөздіктегі мағынасы мен мәтіндегі қалыптасқан функционалды семантикасы арасындағы мағыналық байланыс талданып, синонимдік қатардың ерекшелік табиғатын талдау мәселесі айқындалады. Қазақ тілінде етістікті синонимдік қатардың когнитивті моделдері бар. Олардың қалыптасуы ұлттың мәдени-танымдық тәжірибесіне және тілдің қолданыс үстіндегі қызметімен семантикалық өріс дамып отырады. Сонымен байланысты мақалада етістікті синонимдік қатардың жүйесін синтагмалық байланыс, ішкі мағыналық құрылым үдерістерінің нәтижесі ретінде қарастыру оның семантикасындағы ерекшеліктердің табиғатын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: етістікті синонимдік қатар, ішкі мағыналық құрылымы, мағына, семантика, когнитивті модель.

Abstract: The article analyzes the structural, semantic nature of the synonymous series of verbs in the Kazakh language on the basis of the theory of cognitive semantics. The semantic relationship between the meaning of verb synonyms in the dictionary and the functional semantics formed in the text is analyzed, and the problem of analyzing the specific nature of the synonym series is identified. There are cognitive models of the synonymous series of verbs in the Kazakh language. Their formation is based on the cultural and cognitive experience of the nation and the development of the semantic field with the use of language. Thus, the consideration of the system of synonymous series of verbs in the article as a result of the processes of syntagmatic connection, internal semantic structure allows us to correctly assess the nature of the differences in its semantics.

Key words: synonymous series of verbs, internal semantic structure, meaning, semantics, cognitive mode.

Тіл білімінің даму барысында сөзжасам жүйесі туынды сөздердің жасалуы, дамуы, қалыптасуы жаңа бағытта белгілі деңгейге көтеріліп, теориялық тұрғыдан дәлелденіп келеді. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы лексикалық бірліктері ішінде әсіресе туынды сөздер сөзжасамының алатын орны ерекше. Жалпы тілде синоним мәселесіне көптеген зерттеулер арналды. Осындай мәселелердің біріне *зат, сын, етістік* аталымдарының когнитивті-семантикалық аспектіде саралау, зерделеу, соған қатысты сөзжасамдық мағынасының кеңеюі, дамуы т.б. жатады. Етістікті синонимдік қатардың қолданыстағы, семантикалық өрістегі мағыналық айырмашылықтарын саралау үшін әртүрлі аспекті тұрғысынан қарастыру бүгінгі күн сұранысынан туындайды. Осымен байланысты қазіргі лингвистиканың даму деңгейіндегі теориялық ұстанымдар негізінде тіл иесі, оның танымында болып жатқан когнитивті үдерістер жатқанын анықтауға болады. Соның бір көрінісі туынды сөздердің (*есім-етістік*) семантикалық қырларын тереңірек, жан-жақты ашу тіл байлығының бір көрінісі болып табылады.

Мағынасы жағынан жақын мәндес сөздердің мағынасын ашып, бір-бірінен айырып топтастыру да әрі күрделі, әрі қиын мәселе. Осымен байланысты ең алдымен *мәндес, мағыналас* сөз туралы лингвистикадағы анықтамасына ғалымдардың тұжырымдарына зер салайық. Бүгінгі таңда семантика мәселесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге көп көңіл бөлінді. Ғалымдар бұл мәселенің теориялық жағын жан-жақты қарастырып келді: В.В. Виноградов, А.И. Смирницкий [1], С.К. Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев, Ә. Болғанбаев, М. Оразов, Ф. Оразбаева, Б. Қасым, А. Салқынбай т.б. тілшілерді атауға болады [2].

Сөздің лексикалық мағынасы тіл жүйесіндегі барлық қатынастарды (синтагмалық, парадигмалық, деривациялық т.б.) қамтиды. Сөз біріншіден өзінің сыртқы тұлғасын құрайтын дыбыстардың жиынтық тіркесіміне тәуелді. Лексикалық қордағы сөздер алдымен заттардың атауын білдіруімен қатар, сонымен бірге олардың қасиеттері мен сапасын, құбылыс, оқиға, қимыл-әрекет, түрлі сипаттары да лексикалық мағынаға негіз болады. Демек, лексикалық мағына – заттың, сынның, қимыл-әрекеттің атын білдіруге негізделумен сипатталады. Қазіргі кезде синтагма ұғымы тіл білімінің барлық саласына қатысты қолданылып жүр. Мысалы, синтагманы сөз мағынасы тұрғысынан қарастыра отырып, ғалым М.Оразов: сөз мағынасының қалыптасуында парадигмалық мағынамен бірге, синтагмалық мағынаның да үлкен қызметі бар. Синтагмалық мағыналық элемент сөздердің сөйлеу не жазу кезінде бірінен кейін екіншісінің келіп байланысуы негізінде анықталады,- деп жазады. [3, 151].

Б.Қалиұлы парадигмалық, синтагматикалық қатынастарға «Тіл білімінде тілдік қатынастардың негізінен *екі түні* ажыратылып тұр. Олардың бірі – парадигмалық, екіншісі – синтагматикалық қатынас... Ал, синтагматикалық қатынас дегеніміз – тілдік бірліктер арасында сөйлеу кезінде болатын көлбеу бағыттағы қатынас. Бұл қатынастар біріне-бірі қарсы қойылатындықтан, олар бір-біріне перпендикуляр түсірілген екі түзу сызық арқылы белгіленеді де, *көлденең сызық* (→) – *синтагматика*, *тік сызық* (↓) – *парадигматика* деп ұғынылады» тоқталып сипаттама жасаған [4, 57, 58].

Синтагманың сөзжасам жүйесіндегі қызметіне байланысты ғалымдар еңбегіндегі айтылған пікір түрліше. Е.А.Земская, А.Н.Тихонов және т.б. бір топ ғалымдар сөзжасамдық ұядағы сөздердің *синтагмалық байланыстарының* болуын мойындай отырып, синтагматикалық байланыстар сөзжасамдық тізбекте жүзеге асатындығын айтады: «Совокупность производных... называется словообразовательной

цепью... Она демонстрирует синтагматические отношения между однокорневыми словами» [5, 334]. «В синтагматическом плане словообразовательное гнездо представляет собой совокупность слово образовательных цепочек», «словообразовательная цепь – важнейшая синтагматическая единица в структуре гнезда» [6, 44].

Ж.Манкеева «...для установления отношения словообразовательной производности однокорновыми единицами, проверяя также, повторяется ли она в других парах слов. Если сравнение корневой морфемы по гомогенному ряду производится вертикально, то анализ аффиксальной морфемы, как и ее дальнейшее развитие, горизонтально» - деген ой айтады [7, 75].

А.Салқынбай «Сөзжасамдық синтагматикалық байланыс дегеніміз – туынды сөз құрамындағы себепші негіз бен тудырушы тұлғалардың жүйелі байланысуы» - дей отырып, «Сөзжасамдық синтагматикалық байланысты зерттеудің маңызы, тілдік жүйедегі морфемалардың бір-бірімен байланысу қабілеті мен ерекшелігін айқындау болып табылады» - дейді [8, 262, 263].

Мағынасы жағынан синоним сөздер өзара қанша жақын, ұқсас болса да, қазақ тілі фактілерінің тұрғысынан қарағанда, олардың арасында абсолютті синоним жоқ деуге болады.

І. Кеңесбаев «Синонимдердің көпшілігі бір-біріне мағына жағынан абсолют түрде сай келе бермейді. Аздап болса да олардың арасында *семантикалық айырма* болады», - деген [9, 257]. Мәндес, яғни синоним туралы, ғалымның анықтамасы жайында айтылған ойлар мен пікірлерінің әрқайсына талдау жасамай, қазақ тіліндегі синонимдерді арнайы зерттеген, синонимның табиғатын, мәнін зерделеген Ә. Болғанбаевтың берген анықтамасын келтірейік: «синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер» [10].

Қазақ тіл білімінде етістіктерді семантикалық жағынан іштей топтап саралау бір ізге түспегендіктен біз синонимдес етістіктерді жіктеп бөлшектеуде көптеген қиындықтар бар. Дегенмен бұл тақырыпты арнайы зерттеу нысаны етіп болғандықтан, негізгі мақсат синонимдес етістіктердің мағынасын ашу, шартты түрде оларды іштей мағына жағынан топ-топқа бөліп саралау қажет. Осы мақсатпен тіл біліміндегі және түркітанудағы қабылданған тұжырымдар мен танылып жүрген жүйелерге сүйене отырып, қазақ тілінің деретеріне байланысты жақтарын негізге алып, қазақ тіл білімінің өзіндік ерекшелігінің негізінде, синонимдес етістіктерді мағына, семантикалық жағынан саралап, қолданылу ерекшелігіне, семантикалық белгілеріне қарай жіктей келе, оларды төмендегідей топқа бөлінеді:

- ойлауға, сөйлеуге қатысты синонимдес етістіктер: *түсіну – ұғыну – көкейге қондыру, ойлау – еске алу – еске түсіру, айту – сөйлеу – деу, сөйлесу – әңгімелесу – кеңесу, күңкілдеу – міңгірлеу.*

- козғалыс етістіктері: **шап-**, → *шабу, жосыту, ағызу, құйғыту, ызғыту, құйындату, жарысу*, т.б. **ақ-**, *ағылу, жөңкілу, жосу, босу, шұбыру, шұбау* т.б.

- сезімді, көңіл-күйді білдіретін синонимдес етістіктер: *көру – қарау – байқау – бағдарлау – барлау, нану – сену, сезу – білу, жылау – еңіреу – боздау – өкіру – өксу, сағыну – зарығу – аңсау – көксеу, шошу – үрку.*

- бейнені білдіретін синонимдес етістіктер: *сығыраю – сықсию – бітию, ыңқылдау – ыңырану – ыңырсу, дүрсілдеу – гүрсілдеу – тарсылдау – тырсылдау, көку – мылжыңдау – оттау, ұялту – қызарту, арсылдау – ырылдау.*

Осы сөздердің мағынасының кеңдігіне орай, контекстегі мағынасына қарай, қосымша мағыналарын, семантикалық ерекшеліктерін ескере, айқындай отырып, синонимдес етістіктерді қимылды білдірудегі қызметі ескеріліп, семантикасына

байланысты жіктеледі. Олар қозғалыс амалын, қимылдың шегіне жете аяқталу, аяқталмауын, оның жылдамдығын, тездігін немесе созылыңқылығын т.б. білдіреді. Қозғалыс амалын білдіретін синонимдес етістіктер мағынасы жағынан кеңістікте субъектінің қозғалыс амалын және өте қажетті ідерістерді білдіріп, жалпы мағынада жұмсалады.

Сөздің мағыналық құрылымында сема ең кішкентай бөлшегі, ары қарай майда бөлшектерге бөлінбейді. Мысалы, *шап-* етістігін компонентті талдау әдісі және семантикалық талдаумен сөз мағыналарын бір немесе бірнеше семаларға бөлуге болатындығына көз жеткізуге болады. М.Оразов амал-әрекеттің созылыңқылығын, қайталануы не толымсыздығын білдіретін мынадай қосымшаларды көрсетеді: *-а, -е* (Бұл қосымша қимылдың қайталануын санаулы сөздің құрамында қолданғанда ғана білдіреді [11, 65]. Мысалы, 1. *Шап-*, → *шабу, жосыту, ағызу, құйғыту, ызғыту, құйындату, жарысу*, т.б. 2. *ақ-, ағылу, жөңкілу, жосу, босу, шұбыру, шұбау* т.б.

Шап- етістігінің құрамында семалар бар: 1) *қозғалу қимылы бар*, 2) *қозғалыстың бір орыннан екінші орынға өту кезеңін білдіреді*, 3) *қозғалу жерде болады*, 4) *бағытсыз қозғалысты білдіреді*, 5) *қозғалыстың темпісінің қарқынды (қозғалу бағыты) болғандығын*, 6) *процестің ұзақтығы, созылыңқылығын* т.б. білдіреді.

Семаның табиғатын және олардың арақатынасын тілші ғалымдар әртүрлі түсіндіреді. Тіл білімінде қалыптасқан мағынаның берілуі мен көрінісінің екі түрлі жолы бар екені белгілі:

- ◆ парадигмалық мағына;
- ◆ синтагмалық мағына;

Туынды сөздің семантикалық күрделілігі, құрамындағы осы семалармен байланысты. Етістіктің көлемділігі мен күрделілігі оның лексика-грамматикалық категорияның молдығымен, лексика-семантикалық өрісінің кеңдігімен және функционалдық қызметінің жан-жақтылығымен де өлшене алады. Бір түп негізінен тараған, бірінен-бірі тікелей туындаған сөзжасамдық тізбек бойындағы туынды сөздер үнемі бір бағытта бірмен-бірі жұптасқан қалыпта дамиды. Туынды сөздің *ішкі мағыналық құрылымы* (ВФС) осы екі жол арқылы нақты көріне алады. Сөз мағыналарының ірі бөліктері, жеке кіші бөліктерден құралды [12]. Әр сөзжасамдық тізбектің құрамындағы жұп саны түрліше. Мәселен *шап-* түп негіз салт етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұяда мынадай сөзжасамдық тізбектер бар:

- 1) *шап-* → *шапқыла* → *шапқылас*
- 2) ↓ ↓ → *шапқылат*
- 3) ↓ → *шапқыш*
- 4) → *шаптыр* → *шаптырт* → *шаптыртқыз*
- 5) → *шаптыр* → *шаптырушы*
- 6) → *шаптыр* → *шартырт* → *шаптырыл*
- 7) → *шапшаң* → *шапшаңдат* → *шапшаңдатқыш*
- 8) → *шапшаң* → *шапшаңдат* → *шапшаңдатыл*
- 9) → *шапшаң* → *шапшаңдат* → *шапшаңдатыңқыра* → *шапшаңдатыңқырат*
- 10) → *шапшаң* → *шапшаңдау*
- 11) → *шапшаң* → *шапшаңдық*
- 12) → *шапшаң* → *шапшаңдылық*
- 13) → *шапшаң* → *шапшаңырақ*.

Көрсетілген сөзжасамдық ұядағы тізбектердің құрамындағы сөзжасамдық жұп санының бірдей еместігін көрсетінеді. Ұядағы он үш тізбектің әрқайсысының өзіне тән жұп саны бар. Осы ұядағы 1, 2, 5, 6, 10, 11, 12, 13 – сөзжасамдық тізбектердің құрамы екі жұптан құралған. Мәселен, *шап-шапқыла, шапқыла-шапқылат*.

Бір ұядағы түрлі тізбектегі түбірлес сөздерде *түпнегіз* сөзден шығатын жалпы мағыналық байланыс барын мойындай отырып, әр сөзжасамдық тізбек құрамының өзіндік мағыналық ерекшелігі барын да тану керек. Ол заңды құбылыс, себебі мағыналық ерекшелік *синонимдік қатар* мүшелерінде де болады. Ал, бір ұядағы түбірлес сөздер синонимдер емес, сондықтан әр тізбектің мағыналық құрамында ерекшелік болуы – орынды тілдік құбылыс.

Әр сөзжасамдық тізбектің мағыналық ерекшелігін анықтау қажет екені осыдан келіп туады. Саралау барысында әр сөзжасамдық тізбектің мағыналық ерекшелігі тізбектегі бірінші туынды түбір одан басқа туынды сөздердің қай бағытта дамуына әсер етеді де, тізбектің мағыналық құрамын белгілейді. Тізбекте оның алғашқы туынды сөзінен тараған туынды түбір сөздер болғандықтан, сөзжасамдық ұядағы әр тізбектің ішкі мағыналық құрамы әр түрлі болады, өйткені, бір ұядағы әр тізбектің 1-туынды сөзі әртүрлі. Бұл – тізбектерді бірінен-бірі ажырататын белгілердің бірі деп қаралуы керек. Сонымен, бір негізгі түбірден тараған, бірінен-бірі тікелей туындайтын, біріне-бірі негіз болатын туынды сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек болады.


Жалпы *модель* термині ғылымда түрлі мағынада қолданылады. Соның ішінде екі мағынаны бөліп көрсетуге болады:

- *модель* нысанды сипаттап негізгі тәсілі, әлемді танудың өзгеше құралы. Бұл жұмыста *модель* термині етістіктің *лексика-семантикалық тобын* (ЛСТ-ын) сипаттау тәсіл ретінде қолданылады. Іс-әрекетті білдіретін етістік ұлттық дүниетаныммен тікелей астасып жатады.

И.М.Кобозева семантикалық (лексикалық) өрістің негізгі белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: 1) өріс түзетін сөздердің арасында семантикалық қатынастардың (корреляция) болуы; 2) бұл қатынастардың жүйелілігі; 3) лексикалық бірліктердің өзара тәуелділігі мен өзара айқындалатындығы; 4) өрістің салыстырмалы түрде дербестігі; 5) өрістің мағыналық кеңістігінің үздіксіз көрінуі; 6) тұтас лексикалық жүйе шеңберінде семантикалық өрістердің өзара байланысы [13, 99]. Лексика-семантикалық өріс біртектес бірліктерден (лексема) тұрады да семантикалық жағынан топтасады.

Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктерді бірнеше лексика-семантикалық ортақ нұсқалар (варианттар) біріктіреді. Мысалы: адамның ерекше қасиетін білдіретін туынды сын есімдер *-шыл, -шіл* сөзжасамдық жұрнағы арқылы *өзімшіл, уайымшыл, ойшыл, ойыншыл т.б. -шаң,- шең* жұрнағы арқылы *ашушаң, сөзшең, тершең т.б. -тал* арқылы *сезімтал, ұғымтал, өсімтал т.б.* жасалады.

Интеллектуалды әрекетті білдіретін етістіктердің жүйелік құрылымы: Сурет, 1



Жорық. 1. *Шабуыл, аттаныс, шайқас.* 2. *Саяхат, серуен, сапар.* 3. Белгілі бір мақсат үшін жұмыла кіріскен іс. Бұл сөзде іс-әрекеттің мақсатын білдіретін ерекше сема қозғалысты білдіретін ортақ семаның дамуынан жасалған.

Жорт. 1. Жаугершілікке аттану. 2. *Жемтік іздеп кезу, шарқ ұру.* 3. Желуге дейінгі аттың тың жүрісі, желістен төмен. Мұнда белгілі бір мақсаттағы іс-әрекеттің өту жылдамдығын білдіретін сема негіз болып саналады. **Жор -т** (өзгелік етістің жұрнағы) морфемалардан құралған.

Жорға. 1. *Ырғала, теңселе, тайпала басатын жүріс, майда шабыс.* 2. Ауыс. *Бір нәрсеге жүйрік, жетік, майталман.* Бұл сөзге іс-әрекеттің өту жылдамдығына берілген атау. Құрамы **жор-ға** (мысалы: *ырға, қозға*) түрінде жіктелген.

Синонимдес етістіктерді семантикасына қарай топтағанда, сөздің мағынасы мен бірге сол сөздің қолдануға бейімділігін де ескерген орынды. Синонимдес етістіктер семантикалық сипаты жағынан қимылды, амалды, әрекетті, істі, күйді білдіріп, ойды толықтырады.

Қорыта келгенде сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлуде дәстүрлі ғылыми тұжырымдарға сүйенетін бірнеше шарттар бар. Мысалы, бір лексика-семантикалық топқа енетін сөздер: а) өзара белгілі бір мағыналық бірліктері (семалары) арқылы байланысып жатулары керек. ә) белгілі бір парадигмалық қатар жасай алатын бір текті, бір сөз табынан болуы керек; ЛСГ-нің (лексика семантикалық группа) бірлігі болып саналатын сөздер өздерінің дербестігін сақтай отырып, басқа сөздермен байланысуы керек; бірін-бірі мағына жағынан *толықтырып, ұштасып* жатулары керек, т.б.

Синонимдерді мағынасы жағынан топтастырғанда, ең негізгі есте болатын нәрсе – әрбір сөздің өзіндік ерекшелігі, белгілері, контекстегі мағынасы, қызметі, прагматикалық-стильдік қолданысы. Ал тілдегі синонимдердің негізгі белгілерін анықтауда шешуші белгі ретінде талдауда сөз мағынасын ғана алдық. Өйткені осындай ерекшеліктер сөздің семантикасында анық байқалады. Синонимдерді жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастыруда сөздің семантикасын білудің әрі теориялық, әрі практикалық маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Виноградов В.В.* Основные типы лексических значений слов // Вопросы языкознания. 1953. № 57.; *Смирницкий А.И.* Значение слова // Вопросы языкознания. 1955. № 3.
2. *Кенесбаев С.К.* Қазақ тіл білімінің мәселелері/Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.; *Қалиев Ф., Болғанбаев Ә.* Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.; *Болғанбаев Ә.* Сөз әлемі. – Алматы, 2018. – 536 б.; *Оразов М.* Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.; *Оразбаева Ф. Ш.* Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдері. – Алматы: Мектеп, 1998. – 128 б. *Қасым Б.Қ.* Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.; *Салқынбай А.* Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
3. *Оразов М.* Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
4. *Қалиев Б., Жылқыбаева А.* Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2002. – 110 б.; *Қалиев Б.* Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. / Мақалалар жинағы. – Алматы, 1997.
5. *Земская Е.А.* О комплексных единицах системы синхронного словообразования. //А.П.Р.С. – Ташкент, 1987.
6. *Тихонов А.Н.* Проблемы изучения комплексных единиц системы словообразования. // А.П.Р.С. – Ташкент, 1982.
7. *Манкеева Ж.А.* Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: Мем.тілді дамыту орталығы, 2010. – 212 б.
8. *Салқынбай А.* Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
9. *Кенесбаев С.К.* Фразеология және синонимия//Қазақ тіл білімінің мәселелері/Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
10. *Болғанбаев Ә.* Сөз әлемі. – Алматы, 2018. – 536 б.
11. *Оразов М.* Етістік. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Білім акад. Респ.баспа кабинеті, 2001. – 392 б.
12. *Қасым Б.* Ішкі мағыналық құрылым – күрделі сөздердің мағынасын құрастырушы бірліктер. // Абай атындағы АлМУ Хабаршы. Филол. ғылымдар сериясы. – Алматы, 2001. № 1 (3). – 19-22 б.
13. *Кобозева И.М.* Лингвистическая семантика. – М.: Эдиториал УРСС, 2004. – 352 с.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТУДЫРУШЫ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАСЫ МЕН ФУНКЦИЯСЫ ЖАЙЫНДА

Ж.К. Отарбекова,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Мақалада түркі тілдеріндегі қосымшалардың жіктелуі мәселесі, сөз тудырушы қосымшалардың семантикалық сипаты, оларды сөз түрлендіруші жұрнақтардан ажырату критерийлері қарастырылған. Қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақ ретінде қарастырылып жүрген күшейтпелі етістік жұрнақтарының функциялық сипаты мен сөзжасамға қатысын айқындаудың морфология үшін ғана емес, лексикография үшін маңызы сөз болады.

Тірек сөздер: сөзжасам, морфология, қосымша, семантика, функция, грамматикалық абстракция, сөз тудыру, форма тудыру, модификациялық жұрнақ.

Abstract.The article deals with the problem of classification of word-forming applications, the semantic nature of word-forming applications, the criteria for their difference from word-forming suffixes. The functional nature and determination of the involvement in word formation of the suffixes of the reinforcing verb, considered as a word-forming suffix in the Kazakh language, are important not only for morphology, but also for lexicography.

Keywords: word formation, morphology, complement, semantics, function, grammatical abstraction, word formation, form formation, modification suffix.

Түркі тілдерінің сөзжасам мәселелері әрдайым ғалымдар назарын аударып, диахронды тұрғыдан да, синхронды тұрғыдан да зерттеліп келе жатқанына қарамастан, арнайы зерттеуді қажет ететін тұстары жоқ емес. Солардың бірі – сөзжасам қосымшалары мен форма тудырушы қосымшалардың ара жігін ажырату, қосымшаларды жіктеудің ортақ ұстанымдарын айқындау қажеттігі. Тілімізде әрі сөзжасамның, әрі морфологияның зерттеу нысаны болып жүрген қосымшалардың ара жігін ажырату үшін көне түркі тілі деректерін, қазіргі түркі тілдерінің грамматикасын салыстыра зерттеу қажет.

Ең алдымен, қосымшалардың қалай топтастырылып жүргенін қарастырайық. Қарақалпақ тілінде аффикстер қызметіне қарай сөз жасаушы, форма өзгертуші, сөз түрлендіруші болып үшке бөлінеді [1,15]. Қырғыз тілінің грамматикасында да қосымшалар функциясына қарай сөз өзгертуші (жалғаулар), сөз жасаушы, форма жасаушы болып бөлінеді [2,15-18]. Татар тілінде қосымшаларды сөз тудырушы, грамматикалық (форма тудырушы) және стильдік деп бөлу қалыптасқан [3,47-48].

Ф.Ганиев грамматикалық қосымшаларды екі топқа бөліп қарастырады: сөз байланыстырушы (жалғаулар) және формативті суффикстер (шақ, рай, етіс, шырай, т.б.). Егер қосымша не жаңа сөз тудырмаса, не сөздің грамматикалық формасын тудырып, тек стилистикалық реңк беретін болса, ондай қосымшаларды стилистикалық деп атайды. Оған –кай/-кәй (кугәрченкәй), кәш (энекәш -іні), сеңелкәш (сіңлі), -чык/-чек (атчык) қосымшаларын жатқызады [3,48]. Сөзжасам қосымшаларын арнайы зерттеген қырғыз ғалымы Б.Орузбаева қосымшаларды грамматикалық ерекшеліктеріне қарай үлкен үш топқа бөледі: сөз өзгертуші (жалғаулар), форма тудырушылар және сөз тудырушылар. Бірінші топқа сөз байланыстыратын жалғауларды жатқызса, форма тудырушылар қатарына грамматикалық категория құрайтын есімше, көсемше, қимыл есімі, етіс, шырай, зат есімнің реңдік мәнді жұрнақтарын жатқызады. Әрбір топтың өзіне тән белгілерін көрсетеді [4,8].

Қазақ тіл білімінде алғашқы оқулық, оқу құралдарында қосымшалар жұрнақ пен жалғау болып бөлініп, жұрнақтар іштей мағынасы мен қызметіне қарай сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деп бөлініп келді [5,29], [6,10]. Соның негізінде ғылыми грамматикаларда қосымшалар сөз тудыратын, сөз түрлендіретін, сөз байланыстыратын [6,10] делініп те жіктеліп келді. Жалпы алғанда, қосымшаларды топтастыруды ұқсастық байқалады, дегенмен, әрқайсысына қандай қосымша жатады дегенде, пікір алшақтықтарын байқаймыз. Оның басты себебі, қосымшаларды жіктеуде негізге алатын бірыңғай ұстанымның қалыптаспағандығынан болса керек. Мәселен, қарақалпақ, қырғыз тілінде жалғаулар сөз өзгертушілер қатарында қарастырылса, татар тілінде грамматикалық (форма тудырушы) жұрнақ қатарында қарастырылған. Сондай-ақ форма тудырушылар тобындағы қосымшалар әр түрлі. Осыған орай Ы.Маманов «Қазақ тіліндегі қосымшаларды тілдік материалдарға сәйкес сөз тудырушы және форма тудырушы деп екі топқа бөліп қарау арқылы ғана сөздің морфологиялық құрылымын лингвистикалық тұрғыда дұрыс тануға болады» дейді

[7,48]. Оның себебі – сөз түрлендіруші жұрнақтар мен жалғаулардың ортақ қасиеті бар – сөздің әр түрлі грамматикалық формаларын тудыру. Ал сөз тудырушы қосымшалардың қасиеті бұлардан мүлдем басқаша. Демек, қосымшаларды сөз тудырушы және форма тудырушы деп жіктеуде қосымшалардың сөз мағынасын өзгерту-өзгертпеуі негізге алынып тұр. Бұл бір белгі болса, екінші бір белгісі ретінде Ы.Маманов оның грамматикалық абстракция жасау қабілетін көрсетеді [7,49]. Ал түрлендіретін жұрнақтар мен жалғаулар бір топта қаралғанымен, айырмашылықтары да жоқ емес, ең басты айырмашылығы – синтаксистік қызметінде, яғни сөз бен сөзді байланыстыра алу-алмау қасиетінде. Осы топтағы сөз түрлендіретін жұрнақтардың грамматикалық сипаты біркелкі емес. С.Исаев: «Олардың бір тобы өзі жалғанған түбірдің грамматикалық сипатын өзгертуі, сақтауы жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын да, бір тобы жалғауларға жақын. Сондықтан олардың бір түрін модификациялық немесе лексика-грамматикалық жұрнақтар, екінші түрін таза грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар деп бөліп қарауды ұсынған болатын [8,95].

Өзге түркі тілдерінде стилистикалық (татар), сөз түрлендіруші (қарақалпақ), форма жасаушы (қырғыз) қосымшалар тобында қарастырылып жүрген модификациялық жұрнақтарға қазақ тілінде зат есімнің рендік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етіс жұрнақтары жатқызылады [8,95]. Себебі, бұлар түбірдің лексикалық мағынасын бүтіндей өзгертпегенмен, түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына мағыналық реңк қосады. Осы қасиеттеріне қарап, аталған қосымшалардың бірқатары сөзжасам қосымшаларына жатқызылып жүргені де белгілі. Мәселен, Ф.Ганиев оларды стилистикалық жұрнақтар деп атап, олар не жаңа сөз тудырмайды, не сөздің грамматикалық формасын жасамайды, тек сөздің стилистикалық реңкін өзгертеді деп көрсетеді [3,48]. Бұл туралы көрнекті түркітанушы Э.В.Севортян былай деп жазды: «В тюркологии существует мнение, что границы между формами словообразования и формоизменения подвижны и что деление аффиксальных морфем на словообразовательные и словоизменительные до некоторой степени условно. Уместно выяснить, в какой мере такой взгляд отражает объективное положение вещей» [9,13]. Бұл мәселені шешу түркітанушылар үшін маңызды. Б.Орузбаева «форма тудырушылар» қатарындағы қосымшаларды сөз тудыру мен сөз түрлендіру арасында аралық сипатта деп көрсетеді. Біріншіден, дейді Б.Орузбаева, - бұл аффикстер сөз байланыстырушы қосымшалар секілді грамматикалық абстракция жасай алмайды; екіншіден, жекелеген қолданыстарда сөзжасамдық қызмет атқарады; үшіншіден, сөз байланыстырушы қосымшалар секілді есім мен етістік тобындағы барлық сөздермен бірдей тіркесе бермейді; төртіншіден, сөйлемде синтаксистік қатынастарды көрсете алмайды [4,9]. Б.Орузбаева кей форма тудырушы категорияларды (мысалы етіс, қимыл есімін) сөзжасамдық форманың функционалды дамуының нәтижесі деп бағалайды [4,9].

Грамматикалық категорияларға өте бай, күрделі сөз таптарының бірі – етістік болса, етістік категорияларының ішіндегі семантикалық сипаты жағынан қайшылыққа толы тұлғалардың бірі – етіс жұрнақтары. Оның себебі етіс тұлғаларының сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші қызметі туралы пікірлердің сан алуандығында. Қазақ тіл білімінде етіс тұлғасының қызметі мен мағынасы туралы екіұдай пікір бар. Зерттеушілердің бір тобы етіс тұлғаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына жатқызса, енді бір тобы оны етістіктің «лексика-грамматикалық категориясы» деп таниды. 1967 жылғы академиялық грамматикада етіске мынадай сипаттама берілген: «Етіс аффиксі қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына кіреді, сондықтан да бұл категория сөз тудырудың морфологиялық әдісіне

жатады [6.168]. Сөйтіп, етіс қосымшалары жалғанған етістік туынды түбір болып саналады да, етіс қосымшалары етістік негізден етістік тудыратын жұрнақ деп аталады. Осы пікірді А. Ысқақов та қолдайды: «Сөйтіп, етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты туынды етістік жасайтын қабілет барлығы және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады [5.228].

Етістікті арнайы зерттеген ғалым Ы. Маманов етісті «түбір етістіктердің лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейтін етістік формасын жасайтын модификациялық етістік тұлғалары» ретінде қарайды [7.33].

С.Исаев етіс тұлғаларын «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» ретінде қарастырып, етіс жұрнақтарын модификациялық жұрнақтарға жатқызған [10.177]. С.М. Исаев етіс жұрнақтарының семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақындығын жоққа шығармайды. Мысалы, *таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс, үйге кіріп жылынды, үйді жылытты, рұқсат беруді өтінді, бұған екеуі де келісті, екі дайға келгенде ол маған болысады, оқуға берілді, аурудан жазылды, олар бәрібір табысады*, т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған жаңа мағыналы сөздер болып табылады. ... Сондай-ақ қазіргі кезде түбір мен қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп танылатын *оян мен оят, үйрен мен үйрет, жұбан мен жұбат уан мен уат* сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. [10.174-175]. Бұл туралы А. Салқынбай: «Бұл сөздердің барлығы да еркін тіркесте тұрып-ақ жаңа мағынада жұмсалып тұрғанына назар аударсақ, етістердің туынды мағына жасап тұрғанын автор дәл анықтай алған деген қорытынды жасауға болады», - дейді [11,360]. Бірақ ғалымның олардың «жеке лексема болып, сөздік құрамнан бөлек орын алуы тек қана етіс қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да гөрі семантикалық процестің (сөзжасамның синтетикалық тәсілінен гөрі семантикалық тәсілінің) басым болуы» [10.176] дегеніне назар аудармағаны байқалады.

Біздіңше, сөз туынды сөз деп танылуы үшін, ең бастысы, негіз бен форманттың бірлігінен, жиынтығынан жаңа сөзжасамдық мағынаның, одан лексикалық мағынаның пайда болуы шарт. Етіс жұрнақтарының семантикасын, оның сөзжасамға қаншалықты қатысты екенін анықтау үшін олардың шығу төркінін қарастырған жөн. Түркітанушылардың көрсетуінше, өзгелік етістік ең байырғы тұлғасы **-т** болған да, оның **-тыр, -тір, -дыр, -дір** тұлғалары содан қалыптасқан, ал **-т** жұрнағы **ет** мәнін беретін көмекші етістіктен шыққан (ат-ет-т). Ал *ат - ет* көмекші етістіктері бір кезде толық мағыналы лексикалық сөз болған [12.144]. Демек, түбірден көмекші сөз, көмекші сөзден қосымша қалыптасқан. Яғни өзгелік етіс тұлғаларының сөзжасамдық мағына тудыруға жақындығының осындай тарихи негізі бар деген сөз. Дегенмен, қосымшаның дамуы тұрғысынан алсақ та, қазіргі тіл тұрғысынан алсақ та, олар сөзжасамдық семантикасынан айрылып, етістіктің грамматикалық тұлғасына ауысқан деуге болады.

Жалпы алғанда, етіс тұлғалары семантикалық жағынан, қолданысы жағынан, шығу тегі жағынан біркелкі емес. Сол себепті олардың әрқайсысының осындай ерекшеліктерін айқындау, тарихи төркінін табу арқылы ғана олардың сөз тудырушылық немесе сөзжасамдық сипатын нақты айқындауға болады. Аталған деректер етіс жұрнақтарының тарихи тұрғыдан сөзжасамдық сипатының болғандығын жоққа шығармайды. Етіс жұрнақтары көпмағыналы қосымшаларға айналған деуге де

негіз бар. Дегенмен, қазіргі тіл тұрғысынан етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипаты жоқ деп ойлаймыз.

Қазақ тілі грамматикасы оқулықтарында – **қимылдың қайталануын білдіретін қосымшалар** сөз тудырушы қосымшалар қатарында қаралады. Бірақ бұл қосымшалардың сөздерге жалғану өресі, жалғанған ұйтқы сөздердің мағынасын өзгерту дәрежесі сөз тудырушы қосымшаларға берілген анықтамаларға барлық жағынан толық сай келе бермейді. Көптеген түркологтардың осы аталған қосымшаларға арнайы көңіл бөліп, пікір білдірулері да бұлардың басқа сөз тудырушы жұрнақтардан өзгеше грамматикалық сипаттары бар екендігін білдіреді. Мәселен, **-ла,-ле** жұрнағының етістікке жалғануының өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, *жұлқы - жұлқыла, сілкі - сілкіле*. Мұнда түбірдің лексикалық мағынасы өзгеріп кеткен жоқ, сол қимыл қалды, оларға тек дүркіндік мағына қосылып, сөз семантикалық тұрғыдан ғана өзгерді.

Ал -қыла/-кіле, -ғыла/-гіле жұрнақтары сабақты етістіктерге жалғанып, қимылдың араға уақыт салмай еселеніп, дүркін-дүркін жасалуын білдіреді: *тарт - тартқыла, қақ - қаққыла, піс - піскіле, шап - шапқыла, тіл - тілгіле, мыж - мыжғыла, тұрт - тұрткіле, теп-тепкіле, жұл - жұлғыла, сұрт -сұрткіле, ыс - ысқыла, соқ - соққыла, ат - атқыла, қаз - қазғыла, түй -түйгіле, ұр - ұрғыла, кес - кескіле, тінт - тінткіле, т.б.* Бұнда да түбірдің бастапқы лексикалық мағынасы өзгеріп кеткен жоқ.

-мала,-меле (-бала, беле, пала, пеле) жұрнағы да қимылдың қайталана созылуын білдіреді: *қаз-қазбала, қақ-қақпала, тық-тықпала, сүйре-сүйремеле, бастыр-бастырмала, итер-итермеле, көтер-көтермеле, тіз-тізбеле, жұл-жұлмала, бұр-бұрмала, кес-кеспеле, үсте-үстемеле, т.б.*

-ғышта (-гіште, -қышта, -кіште) жұрнағы да қимылдың қайталануын білдіреді, бірақ қайталанудың сәл бәсеңдігі байқалады: *тық - тыққышта, бар - барғышта, қой - қойғышта, ез - езгіште, сыз - сызғышта, сеп - сепкіште, т.б.* Мұнда да түбір семантикасына грамматикалық реңк қосылғаны болмаса, сөздің лексикалық мағынасы өзгере қойған жоқ.

Күшейтпелі етістік өзіне ұйытқы болған етістіктердің лексикалық мағынасын өзгертпейді, тек соларға күшейту, дамыту түрінде грамматикалық мағына үстейді. Күшейтпелі етістіктер етіс формалары тәрізді етістіктерден ғана жасалады да, өздеріне негіз болған түбір етістіктермен қатар өмір сүреді. Мысалы, *кідір – кідіріңкіре, көтер – көтеріңкіре*. Мұндағы жұрнақ түбір етістіктің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға тек грамматикалық мағына үстеп тұр.

Ы. Маманов: «Күшейтпелі етістік формасы жағынан туынды түбір етістіктер сияқты болғанымен, өзінің грамматикалық қасиеті жағынан олардан бүтіндей басқа. Өйткені күшейтпелі етістік, біріншіден, өзіне ұйытқы болған етістікке тек грамматикалық мағына үстейді, екіншіден, бұл барлық түбір етістіктерге жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды да, сол түбір етістіктермен жарыса, қатар өмір сүреді. Ал туынды түбір етістіктерде мұндай қасиет жоқ» [13.50].

Н.К. Дмитриев бұл қосымшаны етістіктің вид категориясынан бөліп алып, күшейту және әлсірету формасы деп көрсетеді [14]. Жоғарыдағы зерттеулерде аталған қосымшаларды сөз тудырушы қосымшалар қатарына қосудағы басты критерий ретінде олардың сөздерге талдап-таңдап жалғануы, аз ғана сөздер жасауға қатысуы, яғни абстракция жасай алмауы алынады. Сөз тудырушы және форма тудырушы қосымшалардың белгі-қасиеттерін, ара-жігін айқындау – морфология мен сөзжасамның өзекті мәселесі. Жоғарыдағы талдауларға сүйене отырып, аталып отырған қосымшалардың Ы. Маманов көрсеткен үш белгіге бірдей жауап бере алмайтынын, *жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпеуін, сөздіктің реестрлік қатарын құрайтын лексема жасай алмауын; тілде даяр күйінде алынбай,*

сөйлеу процесінде пайда болуын ескере отырып, аталған қосымшалар сөзжасамдық емес, грамматикалық форма тудырушы қосымшалар деуге толық негіз бар. Жалпы, форма тудырушы (зат есімнің рең мәнді жұрнақтарын, етіс жұрнақтарын, шырай жұрнақтарын, күшейтпелі етістік жұрнақтарын, т.б.) қосымшаларды сөз тудырушы қосымшалардан ажыратуда белгілі бір критерийлер басшылыққа алынған жөн:

- жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын толық өзгерте алмауы, сөздіктің реестрлік қатарын құрайтын лексема жасай алмауы;
- жасалған сөзінің стильдік, эмоциональды-экспрессивтік сипатта болуы;
- белгілі бір топтағы сөздердің басым көпшілігіне жалғанып, грамматикалық абстракция жасай алуы.

Сонымен, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың белгі-қасиеттерін, ара-жігін айқындау - морфологияның өзекті мәселесі.

Сөз тудыратын қосымшалар мен форма тудыратын қосымшалардың ара жігін ажырату – грамматика үшін ғана емес, лексикографиялық жұмыстар үшін өте қажет. Сөздердің тілдік бірлік ретінде сөзтізбеде орын алуы мен сөздің грамматикалық формасы болып сөйлеу процесінде қолданылу ерекшеліктерін білмейінше, сөздіктерді ұтымды құрастыру мүмкін емес. Олай болса, қосымшалардың деривативтік және реляциялық мағыналарын айқындау лексикология, сөзжасам, морфология, лексикография ғылымдары үшін де маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хозирги қарақалпақ тили. 1-бөлім. Морфология. Нөкіс, 1-74.
2. Давлетов С. Құдайбергенов Ә. Азырқы қырғыз тили, морфология. Фрунзе, 1980.
3. Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. Казань, 1974.
4. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. АДД. Фрунзе, 1964.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы: Ғылым, 1967.
7. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Мектеп, 1973.
8. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы: Өнер, 2007.
9. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. А., 1962.
10. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А: Рауан, 1998.
11. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2008.
12. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А: 1994.
13. Маманов . Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 ж.
14. Дмитриев Н.К.. Грамматика башкирского языка. 184-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ МӘНДІ ТУДЫРАТЫН СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚТАР

Саменова Света Нуртаевна

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
sn.sveta@mail.ru

Аннотация: В современной лингвистике языковую единицу рассматривают с когнитивной, семантической, прагматической, функциональной с точки зрения. Хотя в лингвистических трудах предложены различные аспекты исследования оценивания, трудно сказать что в языковом единстве полностью исследована и раскрыта семантическая природа компонентов таких, как оценка, оценивание, оценочность. В ходе изучения и анализа трудов, посвященных коннотативным явлениям, структурные

части коннотации признаны по-разному и понятие «коннотация» рассматривается с различных позиций. Рассматривается взаимоотношение денотатного и сигнификатного значения в языковой единице. Основное внимание в анализе уделяется анализу аспектов значения, природы оценки денотатного значения (прямое значение), определению оценочного значения в семантическом направлении, рассмотрению природы, структуры и вида оценочного значения, предусматривает оттенок деятельности оценивания и определения соотношения среди языковых единиц. В связи тем, что слова находят применение в социальной среде, соответственно у них присутствуют экспрессивно-коннотативные окраски. С этой точки зрения определяются коннотативные значения в языковых единствах.

Ключевые слова. оценка, оценивание, оценочность, денотатного значения, сигнификатного значения.

Abstract: The modern linguistics considers the language unit from the cognitive, semantic, pragmatic and functional point of view. Although various aspects of the assessment study are proposed in linguistic studies, it is difficult to say that the semantic nature of components such as evaluation, evaluation, and evaluation has been fully explored and uncovered in linguistic unity. In the course of studying and analyzing the works devoted to connatural studies, the structural parts of connotation are recognized in different ways, and the concept of connotation is studied from different points of view. The relationship between denotative and significative meaning in linguistic unity is considered. There is an increased focus on the analysis of aspects of meaning, the nature of the valuation of the denotative value (direct value), the definition of the estimated value, provides a tinge of the activity of evaluation and the determination of the ratio among linguistic unities. This is due to the fact that words find application in the social environment, respectively, they have expressive-connatural stains. The connatational significance in linguistic unity is determined from this point of view.

Key words. evaluation, evaluation, evaluativeness, denotational value, significative value.

Қазіргі лингвистикада тілдік бірліктерді когнитивтік, семантикалық, прагматикалық, функционалдық тұрғыдан қарастыруда. Лингвистикалық еңбектерде бағалауды зерттеудің әр түрлі аспектілері ұсынылғанмен, тілдік бірліктердегі *баға, бағалау, бағалауыштық* компоненттері толық зерттелді және семантикалық табиғаты ашылды деп айту қиын. Коннотация құбылысына арналған еңбектерді зерделеу, саралау барысында коннотацияның құрылымдық бөліктері түрліше танылып, коннотация ұғымы әр түрлі қарастырылып жүр. Тілдік бірліктердегі **денотаттық мағына мен сигнификаттық мағынаны арақатынасы қарастырылады.** Талдаудағы негізгі назар *денотаттық* мағынадағы (тура мағына) бағаның табиғаты, мәні сияқты қырларын талдау семантикалық бағытта бағалауыштық мағынаны анықтау, бағалау мағынасының табиғатын, құрылымын, түрлерін қарастыру, бағалаудың коннотациялық реңк берудегі қызметі, тіл бірліктерінің арасындағы арақатысын анықтауды көздейді [1]. **Сөздер әлеуметтік ортада қолданыс табуына байланысты олардың экспрессивті-эмоционалды коннотаттық бояуы болады.** **Б.Жонкешев:** «Қазіргі дәстүрлі тіл білімінде сөздік құрам қабатындағы мұндай сөздердің жасалыну жолының 5 түрі көрсетіліп жүр. Олар *сөзжасамда* – қосымшалар арқылы, лексикада –сөздердің ауыс мағынада қолданылуы арқылы және де фразеологияда – тұрақты тіркестер арқылы, фонетикада – интонация, пауза арқылы синтаксисте – сөз тіркестері арқылы көрініс табады» дейді [2, 7]. (курсив -Саменова). Сөздің көмегімен сөйлеуші қандай да бір затқа,

құбылысқа өзінің бағасын береді [3, 62]. Осы тұрғыдан тілдік бірліктердегі коннотаттық мағыналар айқындалады.

Қазақ лексикасының біразына тән басты қасиет және негізгі ерекшеліктері бірі – *бағалауыштықты* мәнді танытатым аталымдар. Тілдік қолданыста жасы үлкен адамды құрметтеу, сыйлау, қадірлеу, кішіні кішірейтіп, жас балаларды жақсы көру, еркелету, я болмаса жақтыртпау, ұнатпау, қомсыну сияқты әр халықтың дәстүріне, әдет-ғұрып, салт-санасына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты субъектінің зат пен құбылысқа, іс-әрекетке беретін бағасы, көзқарасты білдіру мақсатымен қолданылатын аталымдар

Қазақ тіл білімінде бұл мәселені тілші А.Ысқақов зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтардың қолдануларымен бірге, үлкен тұтып құрметтеу я сыйлау, кіші тұтып еркелету, кем тұтып қомсыну тәрізді *эмоциялық әсер, экспрессивтік* реңк бере қолданылатын тұлғалары болатынын айтып, бұл тұлғалар арқылы жасалған сөздер зат есімнің ішінде ерекше семантикалық тобының бірі ретінде қаралуы тиіс, бұл топ зат есімнің эмоциялық және экспрессивтік реңктерді білдіретін ішкі категориясы есебінде есептелуі керек деген пікір білдіреді [4, 150]. Орыс тіл білімінде бұл семантикалық топқа жататын аталымдарды акад. А.А.Шахматовтың өз алдына жеке грамматикалық категорияға жатқызып, оны *субъективтік бағалау категориясы* «категория субъективной оценки» деген болатын [5, 61]. Қазіргі таңда бұл мәселе жеке зерттеу нысанына айналды, осы тақырып төңірегінде ғылыми еңбектерде: Б.Қасым, Б.Момынова, З.Ерназарова, З.Құрманәлиева, Б.Жонкешев т.б. зерделенгенін атауға болады. Дегенмен бұл мәселе жөнінде әлі де саралайтын, талдайтын, ғылыми айналымда қалыптастыратын терминдік атаулар, *когнитивтік семантика, ұлттық дүниетаным* тұрғысынан зерделейтін тілдік табиғаты, тұстары баршылық. Қазақ тілінде осы субъективтік көзқарасты білдіру тұлғалары берудің *лексикалық (жақсы, жаман), синтаксистік (былжырамай тез істе), интонациялық (жестер!)* және *синтетикалық (құлыным, ботам т.б.)* т.б. бірнеше жолдары бар. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған субъективтік көзқарасты білдірудің этнолингвистикалық ерекшеліктері осы жұрнақтар арқылы да байқалады.

Еркелету, жақсы көру, кішірейту мағыналарындағы субъективтік көзқарасты білдіретін арнайы көрсеткіштердің болуы – сөзжасамда өзіндік орны бар, жүйелі тілдік құбылыс. Қазақ тілінде жақсы көру, еркелету, кішірейту мағыналарын білдіретін арнайы қосымшалар бар, олар: *-а, -е, -ң, -ке, -еке, -кеш, -аш, -ыш, -иш, -жан, -тай, -қан, -шақ, -ш т.б.* Бұл қосымшалар кез келген сөзге жалғанбайды. Еркелету, кішірейту мағыналы қосымшалар адам аттарына, туыстық атауларға жалғанады. Мысалы, *ағатай, көкөтай, апатай, Ғабе, Сәбе, Мәке* т.б.

Адам аттарымен жақсы көру, кішірейту сияқты субъективтік көзқарасты білдіру үшін қолданылатын сөздер, негізінен, адамның дүниеге жаңа келген жас нәресте, сәби, балалық шақ сияқты кезеңдерінен басталады. Мысалға жас нәрестенің есімі көбінесе еркелету, кішірейту жұрнақтары арқылы жасалған (*Зауреш, Күләш, Айнаш*, т.б.) есімдердің қойылуын келтіруге болады. Ата-анасының өз сәбиін жақсы көріп, еркелетуін білдіру үшін нәресте есімнің міндетті түрде еркелету, кішірейту жұрнақтары арқылы жасалуы шарт емес. Халықтық дәстүр-салтқа, атап айтқанда, табиғат құбылыстарына, жануар, өсімдік, аптадағы күн аттарына, бағалы тастар, не нәрестенің дүниеге келген күнінде болған ерекше оқиға атануына т.б. байланысты да есімдер қойлатыны белгілі. Бірақ соның өзінде жас кезінде баланы еркелету үшін баланың есіміне еркелету, кішірейту жұрнақтарын қосып айту дәстүрі де тілімізге тән құбылыс. Мұндай жағдайда ол сөздердің еркелету мағынасы бұрынғысынан да айқындалып, күшейе түседі, бірақ мұндай еркелету қосымшаларының қабаттастыра плеоназм ретінде қолданылуы адамның бала кезінде көбірек кездеседі. Кішірейту, еркелеу жұрнақтары арқылы жасалған антропонимдердің этнолингвистикалық

ерекшелігін сөз еткенде, тоқтала кететін тағы бір жай бар. Көпбалалы отбасыларда нәрестеге бір-біріне ұйқастырып қою – ежелден келе жатқан дәстүр. Мұнда да кішірейткіш, еркелеткіш жұрнақтардың атқаратын қызметі зор. Адамның есейген шағына байланысты бала күніндегі есімін өзгертіп, мүлде жаңа есім беру қазақ халқының дәстүрінде жоқ. Айталық, сәби кезінде еркелету мәнінде берілген кішірейткіш жұрнақты *Жұматай, Мұсақай* сияқты есімдер бала есейіп үлкендер қатарына қосылған кезде құрметтеу, сыйлау мәнді (-қа, ке, -еке) жұрнақтары жалғанып (Жүмеке, Мүсеке түрінде) тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданылғанмен, ресми түрде өзгертілмей, негізгі есімі болып, бала күнінде берілген есімі сол кішірейткіш жұрнақты қалпын сақтайды. Осы антропонимдердегі еркелету қосымшалардың мағынасы адамдардың бала кезінде күштірек сезіледі де, жасы есейген сайын еркелету мағынасы күшін жоя береді де, үлкен жастағы адамдарға *Зәуреш, Айнаш, Балжан, Сәулеш* сияқты атауларда еркелету мәні бейтарап қалады.

Сыйлау, құрметтеу белгісін білдіретін жұрнақтың ол бастағы тұлғасы *аха*, көне түрі *ақа* бертін келе өзгеріп *-әке, -әкә, -еке, -ке* қосымшасына жеткен. Бұл жұрнақтар жасы үлкен кісілерді сыйлау, құрметтеу мағынасында айтқанда қолданылады. Оның *әке* түрі өзбек тілінде сақталса, *әке* деген түрі оңтүстік қазақтар тілінде сақталып, күні бүгінге дейін қолданылады. Ал, көне *-ақа* формасы Батыс Қазақстан облыстарында қазіргі кезде де қолданылады. Құрметтеу, сыйлау, қадірлеу жұрнақтары кез келген есімге қалай болса солай жалғана салмайды, белгілі тәртіппен қалыптасқан заңдылықтар бойынша жалғанады. Қазақ тілінде тек сыйлау, құрметтеу, қадірлеу мағыналарындағы субъективтік көзқарас туғызу үшін қолданылатын *-қа, -ке* жұрнағы кейбір еркелету мағынасын туғызу үшін де қолданылады. Бұл жағдай ұйғыр тілінде кездесетін Г.С.Садуақасовтың мына пікірінен көруге болады: «Жұрнақ *-қа* так же, как и жұрнақ *-ка*, следует рассматривать в качестве одной из форм, употребляющихся в говоре для образования слов со значением ласки. При прибавлении данного показателя в основе слова происходит сильная деформация. *Қақа (Қаһриман), Тоқа (Тоқтиғожа)*» [6].

Қазақ тілінде жасы үлкен адамды сыйлау, құрмет тұтуға байланысты субъективтік бағалау тек жоғарыда аталғандай жұрнақтық тәсіл арқылы ғана емес, сондай-ақ құрметтелуші адам есіміне *ағай, апай, шешей, әкей, атай, жеңгей* (құрметтеу мағынасын туғызатын *-й* жұрнағынсыз *апа, аға, шеше, әке, ата, жеңге түріне де*) сияқты туыстық терминдердің тіркесіп келуі арқылы да жасалады.

Сыйлау, үлкен тұту мағынасын бұл туыстық атаулар жеке тұрып та білдіре алады. Туыстық терминдердің қолданылуындағы бір ерекшелік: олар бірге туған, нағыз туыстық, жақындықты білдіру үшін қолданылумен қатар, еш туыстық, жақындығы болмаса да кез келген жасы үлкен адамды құрметтеп сыйлау үшін де қолданылады. Айталық, балалар өзінің туған шешесін *шеше, апа* деумен қатар, кез келген басқа да жасы үлкен әйел адамдарды да *шешей, апай* түрінде атап үлкен адамды қадірлеуді білдіре алады. Т.Жанұзақов: «Среди народно-традиционных форм экспрессивно-стилистических оттенков в казахской антропосистеме преобладают ласкательной и почтительно-уважительный оттенки», - деген [7, 39] пікір білдіреді. Сонымен, субъективтік *бағалау* мағынасын білдіретін аталымдар *кішірейту, еркелету, сыйлау, құрметтеу* сияқты тек адамға қатысты халықтық этнографиямен байланысты қарастырылды.

Қандай да болмасын тілдік мағынаның жасалу жолының тілде қалыптасуы, ол мағынаны жасайтын арнайы көрсеткіштерінің болуы – оның тілдің заңды құбылыстарының бірі деп танылуына мүмкіндік беретіні белгілі жағдай. Демек, тілде зат аталымының реңк мәні болуы, оның өзіндік жұрнақтар арқылы жасалуы – бұл тілдік құбылыстың тілде, оның ішінде сөзжасамда өзіндік орны бар, жүйелі тілдік

құбылыс екеніне дәлел. Осы тілдік құбылыстың тілде стильдік қызмет атқаратынын өзге тілдердің ғалымдары да айтып жүр. Сонымен бірге зат есімнің реңк мәнді жұрнақтарының құрамы әр еңбекте әр түрлі көрсетіліп жүргені де белгілі. Демек, бұл мәселенің толық шешілмегенін білдірді. *-шақ, -шек* жұрнағы етістікке қосылып, зат есім мен заттың қасиетін білдіретін қатыстық сын есім тудырады: *ұялшақ, ұрыншақ, мақтаншақ, еріншек, құлыншақ, тоқтышақ, бақайшақ, түйіншек, інішек, сұраншақ, ұмытшақ, жиреншек, тіленшек т.б.* Зат аталымдарын және сын аталымдарын жасауға ортақ омонимдес өнімді жұрнақтар: *-лық (-лік,-дық,-дік, тық,-тік), -дақ (-дек, тақ, тек), -қақ (-зақ, -гек, -кек), -ақ (-ек, -қ,-к), -ық (-ік, -к,-қ), -ғыш (-гіш, кіш), -ғы (-гі, -қы, -кі), -уық (-уік),-дас (-дес, -тас, -тес, лас,-лес), -ма (-ме,-ба,-бе,-па,-пе), -шақ(-шек), -ыл (-іл,-л).*

Зат есім мен сын есімге ортақ бағалауыш мән беретін жұрнақтар. Кейбір өнімсіз жұрнақтар тобы – етістікке де, зат есімге де бірдей қосылып, зат аталымын, сын аталымын тудырады.

-аң, -ең, -ң жұрнағы еліктеуіш сөзден жалпылық мәнді атауыш сөз жасаудың өнімді жолы: *шолтаң, селтең, тарпаң, қалтаң, жыртаң, балпаң, салпаң, кілтең, жалтаң, кертең т.б.*

-тал жұрнағы етістік пен зат есімге қосылып, зат, сын аталымдарын туғыза отырып жаңа мәнде бағалауыштық мәнге ие болатын жұрнақ: *бауыртал, сезімтал.* Туынды түбірлі (*өсім, өнім, сезім, ұғым*) сөзге **-тал** қосылса, заттың сынын, қасиетін білдіретін сын аталымы жасалады: *шығымтал, өсімтал, ашымтал, сезімтал т.б.*

-дар,-тар жұрнағы түбір сөзге жалғанып, түрлі сындық белгіні білдіреді: *кіріптар, діндар, білімдар, айыптар, борыштар т.б.*

-быр, -бір, -бырт жұрнағы жалғанған сөздер заттың сынын, белгісін білдіреді: *жебір, озбыр, албырт.* Атау мәнді *желбір* сөзімен бірге *жаңбыр* сөзі де бірдей, (*жаңбыр // жау+мыр*) [8].

-мыр жұрнағының семантикасын **-мар** морфемасы да береді, бірақ екеуінің фонетикалық варианты екі түрлі болғанымен, жасалу этимологиясы бір: Мұндай да *тілмар* адам болады (С.Мұқанов). Өзі антұрған *қазымыр*, өзі *қытымыр* ұрыстың бір кезі (А.Бек).

-уас жұрнағы зат есімге қосылып, заттың кемдік қасиетін білдіретін аталым жасайды: Бұл мені *есуас* қылғысы келеді (М.Горький).

-қос жұрнағымен сын аталымы жасалады: *Дымқос* қар, сазды жер, сұп-суық болып бауырын буып қалды (Ғ.Мүсірепов).

-ныш бұл жұрнақ өнімсіз жұрнақтар қатарына жатады. Мысалы, Маған да қыласын қылды ол *қақныш* (Ғ.Мүсірепов).

-паиш, -паң түбір сөзге жалғанып, зат аталымын да, сын аталымын да жасайды: Бірде *майпаң*, бірде *сыйпаң* (мәтел). Осы *ойпаңға* іргесін берік жайған. Ойпат жерлерде шөп ат бауырынан келетін (Ғ.Мүсірепов).

-қалақ, -ғалақ етістік түбірінің мәніне сәйкес, белгілі бір іс-әрекеттің сындық ұғымын жасайтын *ұшқалақ, сасқалақ, өткелек, тайғалақ, қозғалақ, күйгелек* сындарымен қатар, профессор А.Ысқақов **-алақ, -елек,-анақ** жұрнақтарын еліктеуіш сөздерге қосылып, *еңкелек, қаңғалақ, шыжсалақ, сұғанақ* сияқты сөздерді туынды сын аталымдары қатарына жатқызады.

-уыт жұрнағы. Бұл жер атауларына қатысты ертеден қолданылып келе жатқан жұрнақ. Ол аталымдарға жалғанып, оларға заттың белгісінің аздығын, шамалы екенін білдіретін реңк қосады. Мысалы, *Құмдауытта* туыпшын, құммен ойнап өсіппін (Ә.Нүрпейісов). Бұл өнімсіз жұрнақ жекелеген сөздерде ғана сақталған.

-сымақ формасының өзі төл жұрнақтардан айрықша бір ерекшелігі – сөздің я оның соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарамастан, үнемі жуан қалпын

сақтап отырады. Мысалы, Тым болмаса аяқ аттар *атсымақ* алар ма екенбіз деп ініміз екеуіміз Тайтабай байға жалға тұрдық. Бұл жұрнақ өзі жалғанған зат есімдерге қамсыну, пекету, олқы сонау тәрізді салыстыру ұғымын үстейді.

Қорыта келе, тілде бағалау мәнін беретін тәсілдер мол екенін көруге болады. Бағалау мәнді беретін тілдік бірліктер сөзжасамдық деңгейде түбір негізбен туынды негізде көрініс табады. Тарихи тұрғыдан олардың эмотивті, экспрессиялық реңктер адам эмоциясының негізінде шыққандығы болса, бұл белгілері, бірінші, тілде беретін мағынасынан, екінші, сөзжасамдық деңгейден, үшінші, тілде атқарар қызметінен, төртінші, тілдік құралдарынан байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасым Б. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бағалауыштық коннотациясы. // Традиционная культура тюркских народов в изменяющемся мире. /Материалы I Международной научно-практической конференции 12-15 апреля 2017. – Казань: Ак Буре, 2017. – 291-293 б.; 2. Бағалау мағынасының берілу тәсілдері мен мағыналық табиғаты.// //«Актуальные проблемы диалектологии языков народов России» Материалы XVII Всероссийской научной конференции. *Научное издание*. Уфа 1-2 июня, 2017. – Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2017. – 332 с. – 139-143 с.
2. Жонкешев Б. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика). – Алматы, 2006. – 26 б.
3. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. – А, 2001. – 215 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
5. Шахматов А.А. Учение о частях речи.// Трудов по современному русскому языку. – М., 1952.
6. Садвакасов Г.О средствах выражения субъективной оценки в семиреченском говоре уйгурского языка// Исследования по тюркологии. – Алма-Ата. 1963. – 194-196 с.
7. Жанузақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата, 1982.
8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰРЫСУ-ЖЕКІРУ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРІ

Абдирасилова Г.Қ.

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Түйіндеме: Өмір болған соң түрлі жайттарға тап болып, түрлі адамдармен қарым-қатынасқа түсесің. Бірі сіздің мінезіңізбен сай келіп жатса, ал енді бірі қарама-қарсы мінезді болып келеді. Өзіңмен-өзің «өзіңше дұрыс өмір сүріп жүрмін» дегенмен біреуге жағасың, біреуге жақпайсың. Осындай қарым-қатынаста адамдар арасында өкпе-реніш деген нәрсе жүреді. Үлкен өкпе-реніштің ашуы қатты болса кекке ұласып кетеді. Ал енді кейбірі ұмытылып та қалады. Әйткенмен, біреуге ренжу және өкпелеуден екі жаққа да пайда жоқ. Тек арада түсініксіз сезімдер мен жеккөрушілік қана қалып қояды. Сонымен реніштің зияны жайлы сөз болады.

Тірек сөздер: Қазақ тілі, ұрысу, жекіру, атаужасамдық, уәжділік, номинация теориясы, еліктеу теориясы, тіл парадигмалары.

Тілді, оның атаужасамдық, уәжділік сипатын қарастырумен қатар әлемнің тілдік бейнесін диахронды түрде зерделеуге тура келеді. Себебі тілдің тарихи сипаты адамның болмысымен, танымымен, санасымен, ойлауымен, практикалық тәжірибелерімен тығыз байланысты. Адамның қалыптасу тарихы әлемді практикалық игеру, танып-білу болып табылады. Ал танып-білу абстрактілі ойлауды туғызады.

Абстракттілі ойлау түрлі ерекшеліктер мен қасиеттерге бай заттар мен құбылыстардың жинақталған образы болып саналады. Онда әлемді қабылдаудың ұғымдық сипаттары жатыр. Әлемнің шындық болмысы тілмен осылай байланысқа түседі. Әлемнің тілдік бейнесі деген атауға ие болған санадағы шындық болмыс белгілі бір табиғи заңдылыққа негізделіп қалыптасады. Шындық болмыс пен субъективті ойлау осы даму заңдылықтарына сүйенеді. Адам әлем бейнесін сөзге айналдырғанда екі түрлі нәрсенің басын қосады: бірінші, адамзат баласына ортақ шындық болмыс, екінші өз ұлтына тән ұлттық болмыс. Бұл екеуі сөз тудыруға әсер етеді. Адам баласымен қарым-қатынасқа түспей тұрған әлем бейнесі ол нағыз әлемнің шындық болмысы, ал ол қарым-қатынасқа түскеннен кейін адамзат миымен, санасымен, танымымен байланысып, екіншілік сипатқа ие болады. Сөйтіп әлемнің тілдік бейнесін құрайды. Демек, әлем бейнесі, әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің ұлттық тілдік бейнесі деген ұғымдардың барлығы осымен айқындалады.

Әлемнің тілдік бейнесі – сөз тудырудағы ең алғашқы, сонымен бірге, феномендік құбылыс. Әлемнің тілдік бейнесі – кез келген атаудың уәжделуіндегі тілдік заңдылық.

Қазақ тіліндегі ұрысу, жекіру тілдік бірліктерінің номинация теориясымен, еліктеу теориясымен, сонымен қатар тіл парадигмаларының фонетика, лексика, морфология, сөзжасам қабаттарымен тығыз байланыстыра қарастыруға болады.

*Біреуге ренжіген адамның өмірге де өкпесі көп болады. Мұндай адамдардың санасында өмірге деген махаббат болмайды. Болған күнде де ол көнере бастайды. Өйткені әлдекімге өкпелеген адам өзге де адамдардан немесе сол типтес адамдардан күдерін үзе бастайды. Сол арқылы өмірді де жөк көре түседі.

*Адамдарға көп ренжитін жандардың достық құруда жолы бола бермейді. Дос табудың сәті түсіп тұрғанымен бұл қарым-қатынасты әріқарай алып кете алмайды. Өйткені титімдей нәрседен таудай реніш жасап алатын адамдар жаңа достан да кірбің тауып алатыны рас. Өкпешілдердің шын достықта жолы болмайтыны сондықтан.

*Болмашыға ренжи салатын адамдар бара-бара өз құнын да жоғалта бастайды. Қайта-қайта кешірім сұраудан да шаршайтындар бар. Кез келген нәрсеге өкпелей беретін адамдар көпке ұнай бермейді.

*Құр реніш – жүйке мен жүрекке ауыр салмақ. Адам ренжігенде ойланады, жүрекке алады және жүйкеге көп салмақ салады. Бір ғана реніш үшін адам іштей шаршай бастайды. Өкпелеуге тұрмайтын нәрсені көңілге алып, жүрегін ауыртатындардың өмірі өзгелерден күрделі болып келеді.

*Өкпе мен ренішке құмар адамдардың шекарасына адам жақындауы қауіпті. Өйткені олар көп нәрсеге өкпе артып, табан астында ренжи салуға әдеттенген. Олармен қарым-қатынас жасауда көбі шорқақ келеді.

*Ренжу – бос кеткен уақыт. Ренжуге кеткен бос уақытта сіз бірнеше игі іс жасап үлгересіз. Өзі онсыз да қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырды ренішпен өткізіп не керек? Реніш пен өкпенің адамдар мен олардың қарым-қатынасында бұдан да көп әсері бар. Адамдардың мінезі мен қылығына қынжылсаңыз, түсінікті жайт. Бірақ адам болмысын ренішпен түзете алмайсыз ғой?..

Жалпы, «он пәленің тоғызы – тілден» - демекші, адамдар қашанда бір-біріне орынды, ешкімнің көңіліне тимейтіндей сөйлеп, әзілдесе жөн-ақ. Сыни пікір артық айтылса, ал адамды соншалықты кемшілігін тергеп, қазбалай берудің қажеті жоқ. Адамның көңіліне қарап сөйлей білу де – аса тартымды қасиет. Расында да, адамзат баласы өш алып, кектенуші яки ешкімді жек көруші де емес. Өйткені, оның ойлары ғой, солай көрсететін!? Бала жек көруші, кекшіл емес, өйткені кішкентай бала кезінде бұзықтық жасаған жағдайда, ата-анасының қатал айтқан сөздерін, ұрысқанын немесе, тіпті ұрғанын дәл қазіргі күнге дейін еске сақтап, олардан өш алушы да емес. Ол кездегі болған жәйтты ұмыттық, кешірімдіміз, тіпті есімізде қалған емес. Сол кезде

ренжіп, өкпелегенмен, есейгенде олай ұрыссуы біз үшін дұрыс екенін бәрібір де ұғынамыз. Өйткені, мұның бәрі өткінші, өтіп кетеді, жарқын күндер алда болады. Айтылады, қойылады, уақыт өтеді сосын кетеді. Ең бастысы – өзіңізді қандай адам екеніңді біліп, кемшіліктеріңді біртіндеп, «мен өзгертуге, түзетуге тырысамын, жақсы адам болып кетемін!» - деген ойлармен құлазыған ойдан сейілтп, алға жігерленіп, ұмтылу керек. Жеке тұлға өзінің ойындағысын істейді, ешкімнің ойымен жүре бермейді. Өмір әркімнің өзінікі болғасын, өзгенің ақылын ой елегінен өткізгенімен, өз шешімін орындайды. Өйткені, өмір - мектеп. Ал адам – бұл өмірде бәрін өмір бойы үйренуші [1].

Өкпелеу – адамзат баласына тән болғандықтан, бұл тақырыпқа қатысты қазақтың мақал-мәтелдері де бар.

Жаман өкпелеймін деп

Сыбағасынан құр қалады.

Өкпелесең көшке берген

Тайыңды қайтып ал.

Өлгенге өкпе жүрмейді.

Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа! [2].

Кливленд университетінің психологы Скотт Бианың сөзінше, адамның ашуын басу үшін айтатын сөздеріміз кері әсер етеді екен. Енді осы сөздерді талдап көрейікші: «Болмашы нәрсеге бола уайымдама» Сіз болмашы нәрсе деп санайтын мәселе ашулы адам үшін өмірінің мәні болуы мүмкін. Көңіл көтеру үшін, бірақ ойланбай айтылған сөзіңіз сол мәселеге күйіп-піскен адамның маңызды деп тапқанын жоққа шығару болып шығады. Бұлай сөйлеуден бұрын оның жан-дүниесін сезіп көруге немесе оның орнында өзіңіз не істейтініңізді ұғып алу қажет. Оның орнына тіпті бұл жағдай бұған дейін болғанын, бірақ сол кезде қатты ашуланбағанын айтыңыз. Ашу шақырудың орнына осындай сөздер көмекші бола алады.

«Бір ашуыңды бер». Адам ашуға берілгенде оны басуға, оның айтқысы келгенін тыңдамауға болмайды. Адам сіздің «басыл» немесе «бір ашуыңды бер» дегеніңізге қуана келісе салар еді, бірақ адамда заңды түрде болатын ашу эффектісі мұрсат бермейді. Эмоционалдық жағдайды бақылау қиынның қиыны. Стэнфорд университетінің психиатры Кейт Хамприс адам ашуланғанда оған бірге белгілі бір іспен айналысуға ұсыныс жасау керек дегенді айтады. Мәселен, саябақта бірге серуендеу ең жақсы әдіс.

«Жаса!», «Істе!». Көпшілік жағдайда мұндай сөз адам әлденеден қорыққанда айтылады. Біреу биіктіктен қорқатын болса оның ашуына тиетін «жаса», «істе» деген жауыр сөзді айту қателік болып саналады. Себебі қысым көрсету арқылы немесе мазақтау (салыстыру) адамның қорқынышын үдетіп, жағдайды қиындатып жіберуі мүмкін. Хамприс бұл жағдайда адамға «мұндай жағдайға тап болғаның өкінішті» деп айту керек дейді. Бұл сөзді естіген адам өз эмоциясын бақылап, басқаруға дағдыланады екен.

«Бәрі де жақсы болады» Әбден жауыр болған осы сөзді айтсаңыз адамды ешқашан да тыныштандыра алмайсыз. Негізгі себебі бұл сөзіңізге серігіңіз сенбейді. Не үшін барлығы жақсы болады? Еш негізсіз айтылған тұжырым бастапқыда адам көңілін басуы мүмкін, бірақ жағдайды қайта бір ойлап алған соң оның ашуы екі еселенеді. Ал Бианың сөзінше, ашуланған я қорыққан адаммен бірге бар жағдайды бастан өткеру немесе түсіне білу пайдалы екен. Сондағысы – егер адам көңілі алаң болса, оның жағдайын барынша түсініп, қолғабыс ету дұрыс деген сөз.

«Менде де болған». Бұл әдіс те әбден ескіріп, ешкімнің де көңілін баса алмайды. Егер дәл сіздің басыңыздан бұрынырақта өткен оқиға досыңыздың басынан өтіп жатса оны сипаттап, ақыл айтудан аулақ болыңыз. Депрессияның адамдарға тез тарайтынын

білетін болсаңыз, ашуланған адамды тез түсініп, оның көңіл-күйін шын ұғынасыз. Бірақ онымен бірге қайғыға берілуге я ашулануға болмайды. Бұл жағдайда да көңіл көтеретін істермен бірге айналысу керек.

«Су іш». Бұл тіптен қатерлі сөз. Арақ ішіп алып, өткеннің барлығын ұмытып кету нағыз өтірік. Арақ – бұл жауапкершіліктен қашу, тіпті кейде мәселені ушықтыру болып саналады. «Мен не істеп қойдым?» Жақын адамының көңілі жоқ болса – адамға ең қиын жағдай осы. Егер серігіңіз ашуланып жатса бір айыпты бола қалудан аулақ болыңыз. Мәселенің мән-жайын білмей жатып «Мен бірдеңе бүлдірдім бе?», «Мен не істеп қойдым?» деп сөз бастау қателік. Қандай жағдай болмасын, бірінші айыптыны іздемей, мәселенің неден ушыққанын анықтау керек. Адамға ең керемет көмек арқасынан қағып жылы сөздер айту, қолдайтыныңызды жеткізу.

Соңғы уақытта адамның өмірлік маңызы бар аспектілерін – оның санасы мен ой-өрісін, ақиқат шындықты қабылдау және ұғыну ерекшеліктерін, сондай-ақ аталған процесс нәтижелерінің тілде белгіленуін кеңірек қарастыруға жол ашылды. Соған сәйкес қазіргі кезеңдегі лингвистикалық зерттеулерде басымдылыққа ие бола бастаған антропоцентристік бағыт адам қызметінің тұлғалық және әлеуметтік қырларына деген қызығушылықты арттыра түсті. Соның нәтижесінде тілдік болмысты таныммен байланыстыра, сол тілді тұтынушы адаммен, субъектімен сабақтастыра зерттеудің заңды құбылыс екенін осы саладағы зерттеулер дәлелдеп отыр. Дүниенің тілдік бейнесінде әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, т.б. ұлттық-мәдени құндылықтары, адамның күллі әлем, тұтас дүние туралы көзқарас, түсініктері, сондай-ақ адамның сол тұтас әлемнен өз орнын табуға деген ұмтылыс-талпынысы, түрлі қызметі, алуан әрекеті, адамдар арасындағы қым-қиғаш қарым-қатынас та көрініс табады. Ал дүниенің тілдік бейнесін жасауда тілдік амалдармен қоса бейвербалды компоненттер де қолданылады. Бейвербалды амалдар турасында зерттеуші Ж.Нұрсұлтанқызы өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін саралай келе, бейвербалды амалдарды вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі деп көрсетеді [3, 8 б]. Тілдік қатынас белгілі бір ортада жүзеге асады. Орта болғаннан соң ортаны құрайтын адамдардың эмоциясы, әр түрлі жағдайларға байланысты іс әрекеттері қоса жүреді. Ал сөйлеу әрекеті осы жағдайлардың бәрінен де хабардар етеді. Сөйлеп тұрған адамға тән түрлі эмоциялар мен әр түрлі жағдаяттарға жауап ретінде жасалатын қимыл-ишараттар, түрлі белгілер оның сөзінен көрініп тұрады. Сөйлеушінің эмоциясы, бағасы, қасындағы ия болмаса екінші тарапқа бағытталған хабарының мазмұны сөйленіске өзінше баяу қосады. Ым мен ишара арқылы жеткізілетін эмоциялар рационалдықты жеткізу құралдарының қатарына жатқызылмайды. Ым мен ишарат тек эмоцияны жеткізіп тұрмайды, кейде олар бейтарап сөйленістерде қолданылады [4, 81б]. Өмірде, көркем шығармаларда ым, ишара, емеурін, кескін ілімі, бір-біріне синоним ретінде бірінің орнына бірі ауысып қолданыла бергенімен, психологияда, әдебиеттануда, әсіресе, лингвистикада ғылыми талапқа сай, қалыптасқан тұрақты терминдерге айналған. Біз өз жұмысымызда З.Ахметованың «Шуақты күндер» естелік-эссесін негізге ала отырып, бейвербалды амалдарды ер адамдардың қарым-қатынасынан қарастырдық. Талдау жұмысының басты мақсаты, сөйлесу барысында ойдың тілмен қатар ым-ишарамен, қимыл қозғалыспен берілуін аталған шығармадан алынған мысалдар арқылы көрсету. Сонымен қатар, бейвербалды амалдардың тілдік қарым-қатынас барысында айтылатын ойдың толық жеткізілуіне сеп болатынын дәлелдеу. Іздену барысында бейвербалды амалдардың көркем шығармада бірнеше жолдармен берілетінін байқадық: 1) бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі. Мысалы, ыржию, тыржию, ажыраю, қыржию т.с.с. 2) бейвербалды амалдар

фразеологизмдер арқылы беріледі. Шығармада кездесетін тік тұру, зәресі зәр түбіне кету сияқты тұрақты тіркестер бұған дәлел бола алады. Фразеологизмдердің жасалуында көз, мұрын, бет, ауыз, тіл, тіс, қол, аяқ т.б. дене мүшелерінің қызметі айрықша. Қазақ тіл білімінде тілші Г. Смағұлова жалпы дене қимылына негізделіп жасалған тұрақты тіркестер түрін «кинетикалық» фразеологизмдер деп атап, оған табанынан тік тұру, қол қусыру, зыр жүгіру, елбек қағу, құрақ ұшу сияқты мысалдар келтіреді [5, 62-63 б]. 3) Бейвербалды амалдар еркін сөз тіркесімен беріледі. Мысалы, қабағын түйді, қолын көтерді, басынан сипады. 4) Белгілі бір мамандық, кәсіп аумағында қолданылатын бейвербалды амалдар да кездесіп отырады. Мысалы, әскери адамдардың алақанын қырынан қойып, шекесіне тигізіп сәлемдесуі, дирижер ишаралары, спорт ойындарының ишаралары. Мысалы, Сыртқы есіктен шығарда салют бергендей қолын көтерді де, бұрылмастан табалдырықтан әрі аттады [6,136]. Мұндай амалдар тіл білімінде кәсіби-бейвербалды амалдар деп аталады. - Жолдас Момышұлы үшінші, берілген тапсырманы ойдағыдай орындағаныңыз үшін сізге алғыс жариялаймын, - деді атасы қолын шекесіне апарып [6,51 б]. Бұл мысалды жоғарыда аталған кәсіби-бейвербалды амалдың түріне жатқызуға болады. Шығармадан жиналған көптеген мысалдар бейвербалды қатынастардың түрлеріне негізделіп, төмендегіше топтастырылды. 1.Ер адамдар мимикасына мынадай кескін-келбеттегі мысалдар көптеп кездестірілді: Көздің қозғалысы (көзін алақтату, көзін қысу, көзінің құйрығымен қарау, көзін қадау т.б.), көзін жұму (көзін шарт жұму, бір көзін қысу, көзін кірпіктерімен қамалап, сығырайту). Атамның жүзіне көз тоқтатып қарай алмаймыз, түтігіп, көздері от шашып тұр [6, 23 б]. -Балаға бар! – Мені ала көзімен бір атып гүр ете қалды [6, 50 б]. Бұл екішарат та ашуды, ызаны айқын көрсетіп тұр. Ал, мына төмендегі мысал, қуақылана қараған көзқарасты жеткізуге сеп болып тұр: «Ұрлығыңды қолыммен ұстадым, енді не дер екенсің» дегендей көзін сәл сығырайтып сынай қарап тұр [6, 31 б]. қабақтың қозғалысы (қабақтың түйілуі, жазылуы, қарс түйілуі, оң я солқабақтың көтерілуі) т.б. Атам бірақ қабағын керіп, маған салқын жүзбен тік қарап отыр [6, 32 б]. Атам қасын қайшылап бетіме тесірейе қарады да, үндемеді [6, 34 б]. Атам маған жалт қарап, қолын көтеріп, қабағын түйді [4, 85б]. Жоғарыда келтірілген үш мысалдан да көңіл-күй өзгерісін анық байқауға болады. Яғни адамның көңіл күйінің жоқтығы немесе ашу білдіріп отырғаны сезіледі. Егер осы сөйлемдердегі қабағын керіп, қасын қайшылап, қабағын түйді деген сөздерді алып тастап оқысақ, айтылмақ ой, көңіл-күйдегі өзгеріс әсерлі жетпеген болар еді. Бұл тұрғыда бейвербалды амалдардың қызметінің басым болып тұрғандығы. Ойды жеткізу барысында, бейвербалды амалдар үнемі басым қызмет атқарады деп те айтуға болмайды. Атамның қасының ортасы түйіліп, даусы кінәлі адамдай сәл күмілжіп шықты [6, 16 б]. Осы мысалда қасының ортасы түйіліп деген ишара кездеседі. Бірақ бұл алдыңғы үш мысалда келтірілгендей ашуды емес, адамның өкінуін білдіреді. Өкініш білдіріп тұрғанын бұл тұрғыда қимылы емес, дауысы аңғартады. Бұл ретте ым-ишараның сөйлеу барысында бірде басым қызмет көрсетіп, бірде сөйлесімді толықтырып, ойдың толық жеткізілуіне қызмет ететін көруімізге болады. Қасы жоғары көтеріліп, қолындағы екі-үш хатты үстел үстіне тастай салды [6, 91 б]. Бұл сөйлемдегі ишара таңғалу мәнін жеткізуге көмектесіп тұр. Шығармада ым мен ишарадан басқа, дене мүшелерінің қимылымен жасалған мысалдар көптеп кездеседі. Оларды төмендегіше топтастырдық: I. Бас, мойын, жағаның қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар II. Ерін мен тістің қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар III. Қол, саусақтың қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар I. Бас, мойынның қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар Бастың қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар сөйлемде мағынасына қарай әр түрлі реңк береді. Бірде ойдың дәл жеткізілуінде басты қызмет атқарса, бірде көмекші мәнде жұмсалып қолданылады.

-Айқаулаудың қажеті жоқ, өлеңді айқаулауға болмайды, - деп атасы басын шайқады [6, 59 б]. Тыйым салу мәнінде айтылып тұрған бұл сөйлемге, бас шайқады деген қимыл қосылу арқылы ой нақтыланып тұр. Атам таңдана басын шайқап, немересіне ұқтыруға кірісті [6, 91 б]. Мұндағы бас шайқау бөлек мағынада, айқындалып көрсетіліп тұрған сөз қимылдың қандай мәнде жұмсалғанын көрсетіп тұр. Басқа қатысты бейвербалды амалдардың көпшілігі еркелету мағынасында беріледі. Немересінің басынан сипап, бетіне бетіне тақап құшақтады [6, 60 б] Шығармада мұнан басқа шашынан иіскеді, мандайынан сүйді деген еркелету мәндегі мысалдарды кездестіруге болады. Ал келесі мысалда көрсетілген қимыл-қозғалыс ойды жеткізуде басты қызмет атқарып тұр. Атамның тіктене қараған көз қарасына төтеп беруге пәрмендері жетпей, бастары салбырап кетті [6, 81 б]. II. Ерін мен тістің қатысымен жасалған бейвербалды амалдар Ернін жабу – Адамның өз ернін сұқ саусағымен немесе қолымен жабуы. Мағынасы: сұқ саусағымен дыбыс шығара отырып жапса тыныштық орнатуды, ал толық қолымен жапса бір нәрсе орынсыз айтылды деп түсінеді. Мысалы, -Ата...- деді бір кезде мойыл көз, ақ құба бала. Сөйтті де саусағымен ернін жаба қойды [6, 70 б].

Тістену - үстіңгі және астыңғы қатардағы тістерді бір-біріне қатты үйкеу. Мағынасы: қатты ашуланып тұрғандықты және әлдебіреуге өшпенділікті білдіру, кіжіну. -Атам өшкен темекісіне қарап тістеніп сәл отырды [6, 93 б]. Ерні дүрдию – әлдебіреуге өкпені, ренжігенді білдіру. Мысалы, Иә саған, ойыңа түспей-ақ дәл қазір шығара салдың, - деп Бақытжанның ерні дүрдиіп шыға келді [6, 56 б].

III. Қол, саусақтың қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар **Саусағымен нұсқау, саусағын безеу – саусағымен** (көбінесе сұқ саусақпен (әлдебіреуді (әлденені) нұсқап көрсету. Мағынасы: бағыт сілтеу, нұсқау. Мысалы, Ал мынаған рақмет, - деп бір саусағыменкеудесін нұқыды [6, 39 б]. Саласын ұзын қолының сұқ саусағын тура көзіме безеп: - Ойыңнан ештеңе шығарма! –деді даусын көтеріп [6, 9 б].

Қол көтеру – көбінесе оң қолды, кейде екі қолды бірдей жоғары көтеру. Мағынасы: Бір істі тоқтатуды талап ету. Мысалы, Атам кіргенімді байқады да, қолын көтеріп сөзді бөлме деген белгі берді [6, 7 б]. Қол сілтеу, сермеу, сілкіу – қос қолды я болмаса бір қолдың алақанын сыртқа қарата ұстап, қолды көтере беріп төмен қарай күшпен сермеп қалу. Мағынасы: бір нәрсені қажет етпеу, қабылдамау. Мысалы, Ғылыми дәлелі жоқ бос сандырақ, - деді атам қолын сермеп [6, 54 б].

Қорыта айтқанда, бейвербалды амалдар қарым-қатынас кезінде тілдік амалдармен қатар қолданылып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңіл іске асырып, біреудің ойын екінші адамға түсінікті, жан-жақты жеткізуге ықпал етеді.

Бейвербалды амалдар ақпаратты қабылдау, өңдеу арқылы жаңа сапада жаңғырта отырып, таным мен мәдениет сабақтастығын дәлелдейді;

Бейвербалды амалдардың әлеуметтік, психологиялық, мәдени т.б. дәйегі, ұлттық сананың кілтін ашатын тілдік құралдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/audarma/23663/>.
- 2 Мыңжылдық мақал-мәтелдер. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2009 ж. – 216 б.
- 3 Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: Ф.ғ.к. ...авторефераты. – Алматы, 2006 – 29 б.
- 4 Мағжан С. Тілдегі көп мағынаны білдіретін бейвербалды амалдар туралы. ҚАЗҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4.2006 ж.
- 5 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.
- 6 Ахметова З. Шуақты күндер. Алматы «Жалын» 1987.
- 7 Кузнецов А.М. От компонентного анализа к компонентному синтезу. – М.: Наука, 1986. - 113 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰРЫСУ, ЖЕКІРУ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ, ВЕРБАЛДАНУЫ

Шойбекова Ғ.Б.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Адамның көңіл-күйі қалай пайда болады, оның тіл арқылы сыртқышығуы нендей жағдайларға байланысты болады деген сұрақ барлық уақытта тіл иелерін мазалап келді. Әдетте бұған философтар, психологтар, психофизиологтар қызығушылық танытса, соңғы кезде бұл қатарға лингвистер де қосылды. Философияда этикалық ұғымдардың анықтамасы адамгершілік қасиеттер мен адам жай-күйінің арақатынасы қарастырылса, психологияда моционалдық жай-күйдің нейрофизиологиялық негіздері, ішкі құрылымдары, сезімдердің байланысы, интеллектісі қарастырылады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, ұрысу, жекіру, тілдік бірліктері, вербалдану

Антропоэекті ғылыми концепция адамның сөйлеу әрекеті қызметін және тіл табиғатын жан-жақты және түрлі қырынан, көпаспект тұрғысынан қарастыруды көздейді. Бұл жерде адам тілдік тұлға ретінде зерттеуге қатысады. Оның ұлттық, әлеуметтік, білімдік, жас ерекшелігі де осы тілдік тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді [1]. Жаңа ғылыми парадигма қазіргі лингвистикада алдына өте үлкен міндет қояды: тілді тіл үшін емес, адамға қызмет ететін тіл үшін зерделеу; әлемді тану қызметінде лингвистика қазіргі адамтану ғылымының бір саласы болып қалады; ал адамтану ғылымы лингвистикамен бірге дәстүрлі түрде анатомия, физиология, психология, педагогика, социология, этнология т.б. салаларды қамтиды. Бірегей концепция бұл ғылымдар саласын бір арнаға тоғыстырады. Осы арнадан жаңа ғылыми лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, нейролингвистика, этнолингвистика сынды жаңа аралық, бірақ кешенді ғылымдар саласы пайда болады. Бұл процесс адамды қоршаған әлемді, сондай-ақ оның ішкі әлемін де жан-жақты саралауға көмектеседі. Аталған мәселелерді зерделеу негізінде тағы бір жаңа ғылым саласы пайда болды. Бұл ғылым саласы эмотиология деп аталады. Эмотиология эмоция мен адам сезімінің пайда болуы, оның сөйлеудегі және тілдегі көрінісін қарастырады. Бұл ғылым саласы ең бірінші психологиямен және философиямен тікелей байланысты.

Лингвистер негізгі эмоционалды-эстетикалық категорияларды анықтауға, мағынасын, вербалдануын айқындайды.

Адам эмоциясының өзі күрделі. Адамның эмоционалды сферасы түрлі аспектіде, сонымен қатар лингвистикалық теория тұрғысынан алғанда этимологиясы, семантикасы, қолданылу құралдары, грамматикасы, синтаксисі қарастырылады. А.М. Кузнецов жазғандай: «сама постановка вопроса, например, о том, можно ли охватить весь национальный язык в целом со всеми его подсистемами при создании идеографического словаря, представляется излишней, поскольку отрицательный ответ очевиден. Любое исследование лишь фрагментарно» [1].

Реніш – тілде және сөйлеуде әр түрлі сипатқа ие болатын күрделі эмоция: номинациядан бастап, айтуға және суреттеуге дейін. Қазіргі қазақ тіліндегі ренжу ұғымын репрезентациялаудың күрделі бір түрі – метафора. Ренжу, ұрысу, жекірудің жай-күйін сипаттаудың тәсілдері әртүрлі және күрделі.

Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарды бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым. Тіл ұлттық мәдениеттің құрамды бөлігінің бірі болып қана

қоймайды, бүкіл мәдениет пен танымның негізгі тұғыры саналады. Мәдениет тіл арқылы жүйеленіп, қалыптасып дамиды. Сөздің ұғымды белгілеп, мағына туғызу қасиеті болмыс пен ойлау қатынасын көрсететін құбылыс ретінде негізгі философиялық мәселеге айналған, сондықтан *мән, мағына* туралы түсінік тіл білімінде когнитивтік, дүниетанымдық сипатта зерттеліп келеді. Осы тұрғыдан алғанда сөздің мағынасы мен қалыптасу үдерісі тілдің танымдық-байланыс қызметі негізінде жасалады. Сөздердің жасалу сипатын анықтау үшін, семантикалық, когнитивтік, тарихи аспектілерді бағамдап, қарастыру қажеттігі туындайды.

Түркітануда лексика бірліктерін белгілі бір жүйеге келтіріп, семантикалық топтарға бөлу туралы алғаш пікір айтқан – Н.К.Дмитриев. Ғалымның бұл пікірін қолдап зерттеушілер әртүрлі тілдердегі етістіктерді семантикалық топтарға жіктеу жасады. Қазақ тіл білімінде А.Хасенова етістікті семантикалық топқа бөлді [1]. Әрине, М.Қашқари «Түрік сөздігінде» мағыналық етістіктерді лексика-семантикалық топтарға бөліп, қарастырмаған. Қазіргі қазақ тілі теориясы тұрғысынан «Сөздіктегі» етістіктер төмендегідей лексика-семантикалық топтарға:

- 1) Қозғалыс-сөйлеу етістігі;
- 2) Амал-әрекет етістігінің;
- 3) Қалып, сапа етістігі;
- 4) Дыбыс, сес, бейнелеу етістігі деп бөлінеді.

Себебі ұрысу, жекіру, ренжу эмоцияларының өзі қимыл, яғни етістіктер арқылы орындалады. Осы себептен де, бірінші кезекте етістік, оның ішінде сөйлеу етістіктерінің семантикалық топтарына тоқталып отырмыз.

ЖЕК [*ср.-пр. jakkha*] демон: *jekkä ta-rĩntĩmĩz ęrsär* если мы поклонялись демонам (*Chuast* Λ_{67}); *jek qarǵaldĩ* демон был проклят (*МК II* 236); *bu dũnja tũkäl jek tuzaqĩ turur / tuzaqqa ilänmã seui jek jejür* весь этот мир — сети демона, ты не попадайся в сеть, демон съест тебя (*QBN* 136_{1,2}).

▷ **jek ičkäk** парн. демоны и вампиры: *jekkä ičkäkkä . . . jũküntũmũz ęrsär* если мы поклонялись . . . демонам и вампирам (*Chuast* Λ_{61}); *jaĩ javlaq jek ičkäklär* враги и недруги, демоны и вампиры (*Suv* 325₂₂); *jekkä ičkäkkä qapqa tapĩčēi tĩnĩčlar ũkũs tãǵrĩm* о боже, много живых существ, поклоняющихся демонам, вампирам и шаманам (*ТТ VI*₀₁₇); **jek oǵžĩn** парн. демоны: *ũǵũrintäki jek oǵžĩnlar* находящиеся в пещерах демоические существа (*ТТ III*₀₁).

[3, 253 б.].

КЕК вражда, ненависть, злоба: *bodun iligi kegi boltuqınta* когда в народе стали появляться клевета (?) и вражда (КТБ₄₃); *neğü ter eşıtgil bilür kegi joq* послушай, что говорит знающий [человек], у которого нет злобы (QBN 96₂₃).

◇ **kek kör-** встречать трудности, сталкиваться с трудностями: *kek kördi er* мужчина встретил трудности (МК II 283); **kek sür-** питать ненависть: *boğuz övkäsi bolsa javlaq bolur / öcär kek sürär ölsä ötrü qalur* если будет обида из-за угощения (букв. из-за горла), плохо, / он будет враждовать и питать ненависть, и [это] останется после смерти (QVK 275₈); **öc kek см. öc; öcä-kek sür-** см. **öcä-**.

[3, 259 б.]. Көне түркі сөздігіндегі жек көру тіркесіндегі жек сөзінің мағынасы қазіргі кезде толық лексикалық мағынасы бар тілдік бірлік ретінде қолданылмайды. Ал көне түркі сөздігіндегі мағынасы жын, сайтан деп берілген. Ал қазіргі біздің тілімізде *жек көремін* деген тілдік бірлік сол *адамнан жынды, сайтанды көремін* дегенді білдіретін сияқты. Кейін келе, ренжіген, ұнатпайтын адамын жек көремін деп атау пайда болған.

Кею мен кекесіннің қынжылуды, аздап ренжіген, налыған, күйінген қалыпты білдірумен, сондай-ақ кекесінмен байланысты айтылатын кезі болады. Зілсіз қарапайым сөзді әзіл-қалжыңға ұқсата қолданып, оған қарама-қарсы мағына жүктеп, біреуді мінеп, шенеген пікірін ой желісінен, сөйлеу қалпынан, дауыс ырғағынан аңғартуды кекесін дейміз. Мағынасы тұрпайы сөзді сыпайылап аңғартуды кекесін дейміз. Мағынасы тұрпайы сөзді сыпайылап жеткізетін эвфемизм – тілдегі ауыспалы мағынаны толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш, құралдың бірі. Ұрысты, ренжісті, ауыр сөз айтты деген мағынада аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты, сөзге келді, тіл тигізді, жүз шайысты тіркестері айтылады.

Сөздерді осылайша астарлы мағынада қолдану олардың айтылу қалпынан, ой желісінен айқын сезіледі. Кекесін тәсіл қолданудың әсерлігі жағымды сөздермен сөз саптай отырып, жағымсыз мінез бен іс-әрекетті шенеп, мінеп, сықақтап көрсететін тапқырлық пен қарама-қайшы жай-жапсарды тартыстыру арқылы ойды жасырын түрде жеткізе білетін көркемдік шеберлікте. Қатты кейіс кей тұста ашумен ұласады. Бұл ыза, реніш, араздық түрінде көрініс беретін адам мінезі мен көңіл күйінің жағдайы «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген ұлағатты сөз бар. Ашу мен ызаға буыққан адам келеңсіз қылыққа ұрынбай, сезімін әр кезде ақылға, парасатқа, санаға билеткен жөн. Күйіну – адамның бір нәрсеге көңілі толмай қапаланғанда, орынсыз қиянат көріп торығуға, қиналысқа, қастыққа ұшырап, бойын қайғы, мұңға алдырғанда шарасыздықтан туындайтын сезім. Араздыққа, реніш пен кейіске қатысты айтылатын кңңіл-күй лексикасы мынадай:

Күнделікті тұрмыс-тіршілікте, адамдардың әрқилы қарым-қатынасында айтылып қалатын қарғыс, кейіс сөздеріне мән-мағына жағынан жақындау келетіні – боқтау мен балағат сөздер.

Ғайбаттау – жеке адамның, белгілі бір топтың жақсы қасиеттерін жағымсыз көрінісі. Балағаттауға адамның ар-намысы мен қадір қасиетін әдепсіздікпен, анайы түрде кемсіту жатады. Көңілге келербалағат, былапыт сөздер кісіні ашуландырады, ұрыс-жанжалға тап қылады, түрлі кеселге душар болуына және еңбек өнімділігін күрт төмендетуге әкеп соғары әбден мүмкін. Сондай-ақ осындай дөрекі сөздер айтушының өзі де қай жерде болсын, талай кедергілерге тап болып, қиыншылық көрері, жәбірленуі де даусыз. Мұндай ауыр сөздердің айтылуына сақ болсақ. Тіпті осындай анайы сөздерден мүлдем бас тартып, бір-бірімізге тексыпайы сөз сөйлеп, сол сөздерді күнделікті өмір сұранысында орынды, ұмды қолдана білгеніміз жөн. Дана бабаларымыз балағат пен ғайбат сөзді көп айтатын адамның ұрпағына сол сөздер қарғыс болып жазылып қалады деп сақтандырған. «Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар» деп кесірлі ауыздан естілер кесепатты сөзге тоқтау салып, тілін тыйып ұстауға үндеген.

Балағат, боғауыз, боқтық. *Біреудің ар-ұятына тиетін былапыт сөз.* Қамшы денесін жараласа, *балағат* сөз жанын жаралаған (М. Дүйсенов). Қайрақбайдың тағы бір ермегі – кішкене балаларды жинап алады да *боғауыздың* неше түрлісін үйретеді (С.Мұқанов). Біреуді қарғап-сілеуге *боқтық* сөзге Балсайбай бара бермейді(Ө. Қалмырзаев). (119) бет.

Балағаттау, тілдеу, былапыттау, сыбау, боқтау. *Біреудің түгін қалдырмай тіл тигізу, жер-жебіріне жетіп ұрысу* .Болмашы нәрсеге бола ашу шақырып,қармағындағы адамдарды *балағаттайсың* да жатасың,-деп ескерту айтты (М.Ғабдуллин) .-Неге тілдейді мені ол? –Тілдеп тұрған өзің ғой,-дейді Ғани (М.Иманжанов). Сатылғұл әйелдердің артынан жер тебініп, білгенінше *былапыттап* өтті (Ж. Жұмаханов). Қатпа қара кемпір әйгілі бейпіл ауыздығымен бәрімізді де сыпыра *сыбап* жатыр (З.Иманбаев). Құрман зәрін шашып, жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай *боқтай* бастады (М Әуезов). (119 б).

Бәлеқор, жалақор, бәлекұмар, пәлеқор, зэнталақ *Пәле іздегіш, бәле құғыш, жала жапқыш.* Осындай заңсыздықты айтқан адамдар бәлеқор, жалақор атанып, қуғынға ұшыраған (С. Адамбеков). Бұл жігіттің өзі тәртіп бұзғанымен қоймай, жалақор да екен (Р. Райымқұлов). Сөзқұмар, бәлекұмар, Баймұрындар аз ба (М. Әуезов). Арамызда әлі де кездесетін арызқой, пәлеқор жағымпаздарды ақын уытты күлкісімен буады («Қаз. әдеб.»). Өй, атаңа нәлет, зэнталақ, - деп Жексембай таяғын көтере бергенде, Берік зып беріп шығып кетті (Б Тоғысбаев). (132 б).

Бәтшағар, қызталақ. Біреуге онша риза болмағанда айтылатын сөз. Бірақ бәтшағар күріш жайында мардымды ештеңе білмей-ақ кетті деді ол (С. Алдабергенов). Бірақ сол қызталағың түгел бермеді ме, бес сомымды бойдақ салық деп ұстап қалды (О. Сәрсенбаев) (133 б).

Бетпақ, көкбет, бейапар, бейауыз, көкауыз. Ұрысқақ, долданғыш. Бетпақ болмасаң, мұндай сөзді айтуға қалай аузың барды (Ө. Әбішев). – Көкбет қатындай кенет баж ете қалды (Ө. Тарази). Бейапар, бейауыз, көкауыз деп, аузына келгенін айта беретін ұрысқақ әйелдерді айтып келген («Мәдениет және тұрмыс»). 139 б.).

Бұзық. Тәртібі нашар адамдарға қарата айтылатын сөз. Өй, бұзық! Неғылған баласың өзің?!

Даурыққыш, даурықпа, айқайшыл, ойбайшыл, дүрліккіш. *Жоқтан өзгеге даурыға беретін, көпірме бос сөзі көп.* Терікбай аңшыларға тисіп, шеттерінен өтірікші, босқа *даурыққыш* болатынын айтыпты(Ж. Молдағалиев). *Даурықпалар* күйшінің атцын дабырайтып қошеметтей жөнеледі (Д.Досжанов). *Айқайшыл* әңгі жігіт көрінесің,

қырындап жақтырмаймын қарауыңды («Айтыс»). Байбалам салып, атт-тонон ала қашатын *ойбайшылға* ұқсамайды («Түркістан»). Қорқып қалған ауыл адамдары *дүрліккіш болып қалған* («Жас Түркістан»).

Даушы, дауласушы, даугер, даукер. *Дау қуушы.* Күнібұрын ойлап, алдын ала дайындалып алатындықтан, *даушының* сөзі әдетте дәлелмен іс қараушылықтан кейбір реттерде «бидің билігіне төленетін» *әдет* пайда болған (Ш. Уәлиханов). Қалада Құнанбай жағының сөзін сөйлеген қуғыншы *даугерлер* тіпті көбейіп кетті (М.Әуезов). Адыма келген *даукерді* аударып қарап тергедім (Ғ.Шөреков).

Жекіру, жеку, жекіріну, зекіру, зеку. *Ұрысу, қатулану, дауыс көтеру.* Бастығы бұған жұрт көзінше *жекіріп* ұрса береді, бұл оны кек ұтпайды (Ә. Тарази). Сол екі арада әлдекімнің *жеке* сөйлеген үніуан, оған жауап бергендей, бір әйелдің қорғана шыққан даусы да естілді (А. Нұрманов). Бұл не деген әдепсіздік! - деп әлденеге риза болмай, балаларға *жекірініп* тұр екен [4].

Жекіру, ұрысу, ақыру да үлдем ұнатпай назалануды танытатын зеку жағымсыз қылыққа риза болмаудың түріне қарай, қарата айтылатын адамның жынысына, жас ерекшелігіне қарай әр жағдайда әртүрлі деңгейде көрініс табады. Онша дауыс көтермей, зілдене тыйым салудан бастап, адамның көңіл күйіне қарай қатты ақыруға дейін баратын зеку мұның тақтылы айғағындай. Мұндай жағдайда айтылатын сөз орамдары: Ұятты болу мәнін білдіретін фразеологизмдер тізбегі мынадай: Абыры шашылу (түсу) // Абыройы жойылу (кету), (түсу) // Абыройы айрандай төгілу // Абыройын аяққа басу // Абыройынан айрылу // Ел бетіне қарай алмау // Аяқ асты ету (болу) // Беделі төгілу // Бет моншағы төгілу // Аймандай болу // Беті (жүзі) ду ете түсу (қысылу, қызару) // Беті күйеу // Беті шыдамау // Бетін адам қарағысыз ету // Бетін шымшу // Бетіне басу // Бетінен басу // Бетіне күйе жағу // Бетіне шіркеу болу // Бетінен арын төгу // Бетінен оты шығу // Бетінің суы бес төгілу // Жер шүку // Жерге қарау // Жерге кіріп кете жаздау // Жерге кіргендей болу // Жерге көмілу // Жердің үстімен келіп, астымен қайту // Жүзі қара болу // Жүзін тайдырып әкету // **Иттей болу** // Кір келтіру // Кірірге тесік таппау // Ел бетіне қарай алмау // Қадірдің жүзі шашылу // Құлағының ұшына дейін қызару // **Қара жерге отырғызу*** (алдап кету) // Қысқа күнде қырық өлу // Орнынан тұрғысыз ету* (ұрысу, жеку) // Өлім болды // Өлген артық // Пышақсыз бауыздау // Мақтамен бауыздау // Сүйекке таңба салу // Тірідей жерге кіру // Тірідей масқара болу // Тірідей өлу [16].

Алжасу: 1) ұрысу, жанжалдасу, арыздасу, соғысу; 2) ақылынан адасу, жолдан шығып кетіп адасу.

Вербалдану амалдары қарым-қатынас кезінде тілдік амалдармен қатар қолданылып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңіл іске асырып, біреудің ойын екінші адамға түсінікті, жан-жақты жеткізуге ықпал етеді; Сондай-ақ, көркем шығармалардағы бейвербалды амалдарды қалыптастыру, сипаттау – тек тілдің ғана емес, әлеуметтік, психологиялық, мәдени, ұлттық ұлағат, ұлттық тәрбие, халықтық үлгі-өнегеге сүйенетін кешенді мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971.
2. Бессонова Ю.А. Семантика диалектных глаголов речи в орловских говорах и отражение в ней мировосприятия их носителей: дис. ... канд. филол. наук. – Орел, 2001. – 269 с.
3. <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/audarma/23663/>.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: АН СССР, Ин. языкознания, 1969. – 676 с.
5. Махмуд Кошғари. Девону луғотит турк. – Тошкент, 1960. – 265 б.

6. Кулиев, Г.К. Семантика глаголов в тюркских языках. Автореферат дисс. ...доктора филологических наук. – Баку, 1992.
7. Боровков А. К. Лексика среднеазиатского тевисира XII-XIII вв. – М., 1963. 139 с.
8. Синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 640 б.
9. Бизақов С. Көңіл-күй лебіздерін білдіретінсөз орамдары. А., 2016ү 384 б.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

«ӘЙЕЛ АДАМҒА» ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Ф.С. Мұхтарова

Түйіндеме: Тіл-ойды сыртқа шығару құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ұлттық болмысын, өзіне тән менталитетін танытатын мұрасы, қазынасы. Семантикасы әр түрлі болғанымен тілдік бірліктер бір мақсатты көздейді. Ол ұлт, этнос ерекшелігін таныту. Сондықтан оларды этнолингвистикалық тұрғыда талдау, қарастыру, басқа тілдермен салыстыру маңызды.

Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі – орталық ретінде алынатын адаммен байланысты антропоцентризм мәселесі. Антропоцентристік бағыт адамның қоршаған ортадағы шындықты қабылдай алу қабілеті арқылы көрінеді, сол халық тілінде көрініс табады.

Мақалада «әйел адамға» қатысты фразеологизмдердің ұлттық сипатын ашуда алдымен қазақ тілінде кездесетін «әйел-ана, әйел-үйдің берекесі, әйел –адал жар, әйел-үлгі, жаман әйел, әйелдің салақтығы, әйелдің ұрысқақтығы, жесір әйел, әйелдің сұлулығы» секілді бірнеше топтарға бөлінге фразеологизмдердің семантикасы қарастырылды. Антропологиялық бағытқа сәйкес лингвистикалық, мәдени және этнографиялық тәсілдерді қолдана зерттеу жүргізілді. Тіл, мәдениет, ұлттық менталитет, қарым-қатынас және сана сияқты іргелі жүйелердің өзара әрекеттесу механизмдерін анықтау үшін туыстас қазақ және түрік тілдерін өзара салыстыру арқылы олардың ортақ тілдік құрылымдарын анықтап қана қоймай, әр тілдің өзіне тән ұлттық болмыс, ерекшеліктері де танылды.

Тірек сөздер: фразеологизм, әйел, ұлт, қазақ, түрік.

NATIONAL CHARACTER OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN RELATION TO "WOMAN" (BASED ON KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES)

Abstract: Language is not only a means of expression, but also legacy, treasure, reflection of national identity and the mentality of the people. Although semantics are different, linguistic units have the same and the same purpose. It is a manifestation of national and ethnic identity. Therefore, it is important to analyse, consider and compare them with other languages in the ethnolinguistic plan.

The main feature of modern linguistics is the problem of anthropocentrism associated with man as a center. Anthropocentric direction is reflected in the ability of man to perceive the reality of the environment, which is reflected in space.

The article deals with the semantics of the phraseological units are divided into several groups: "The woman—mother, woman—well-being at home, the woman is the faithful spouse, the woman's bad woman, the negligence of women, femininity, the widow, the beauty of a woman" who first meet in the Kazakh language in the disclosure of national character idioms related to "woman". The study was conducted using linguistic, cultural and ethnographic approaches in accordance with the anthropological orientation. To determine the mechanisms of interaction of such fundamental systems as language, culture, national mentality, communication and consciousness, by comparing the related Kazakh and Turkish languages, not only common language structures were identified, but also the characteristic national features of each language were recognized.

Key words: phraseology, women, nationality, Kazakh, Turkish.

Антропоцентристік тұрғыда фразеологизмдерді қарастыру маңызды мәселелердің бірі. Тілдегі фразеологизмдердің басым көпшілігі адамға бағытталған. Яғни, сыртқы келбеті, өзіне тән қасиеттері, адамгершілігі, оған тікелей немесе жанама түрде әсер ететін факторлар. Адамның ойы, іс-әрекеті, қоршаған ортада болып жатқан дүниелер оның тілінен көрінеді. Сондықтан қоршаған ортада болып жатқан құбылыстардан «әлем бейнесі», одан «фразеологиялық бейне» қалыптасады. Фразеологиялық бейнені жасаушы адам, оған әсер ететін қоршаған орта.

Ғалым Ж.И. Исаева дүниенің бейнесіне қатысты «Адам: Қоғам: Табиғат» қатынасынан «Адам: Табиғат», «Адам: Адам», «Адам: Қоғам» қатынастарының бөлініп шығатынын атап көрсетеді. Бұл қатынастар екі жақты, үш жақты болып келеді [1, 32-б].

«Ана тілі» ғылымда «әйел тілі» ұғымымен мәнделес. Әйел тілі деп отырғанымыз тілдік және тілдік емес бірліктер, соның ішінде тек әйелдерге ғана тән тілдік қолданыстар. Ғалымның айтуынша жыныс – бұл айырым белгісі. Биологиялық жыныс ер мен әйелдің айырмасы болса, әлеуметтік жыныс әлеуметтік тіл білімі тұрғысынан қарағанда гендер. Жыныс ерекшелігі мен айырмашылығы ер мен әйелдің сөз саптау ерекшелігімен қарастырылады. Қандай қоғам болмасын әйел адамның сөз саптау ерекшелігі олардың қоғамдағы орнымен белгіленеді [2, 99-103-б].

Тіл адамның қоршаған ортадағы дүниелерді қабылдауын, пайымдауын жүзеге асырады. Оны дүниенің тілдік бейнесінен танымыз. Әлемнің тілдік бейнесіндегі пайымдаулар бойынша әйел адамның отбасындағы орны ер адамға қарағанда төмен, алайда қазақ халқы қыз баланы үнемі құрметтеген. Жалпы алғанда адам санасында әйел адам – нәзік, әлсіз, эмоцияға берілгіш, сұлулық белгісі, ер адам–мықты, қорған, асыраушы секілді ой қалыптасқан. Әйел адам бейнесін беретін фразеологизмдерде халықтың, ұлттық ерекшелігі, менталитеті көрінеді. Бұл туралы зерттеуші К. Жанатаев өзінің еңбегінде «Қыз-ана» жүйесін «Қыз-келін, әйел-ана, бәйбіше-тоқал» деп семантикалық топтарға бөліп, этнолингвистикалық талдау жасайды. Антропоэкеттік тұжырым бойынша қыз-келін тобына ару, сұлу, бойжеткен, келін, келіншек, әйел-ана тобына жар, қосақ, әйел, қатын, жұбай, ана, апа, әже, кейуана, бәйбіше-тоқал тобына тоқал, бәйбіше, жесір, ханым, бике, бибі, күң секілді атауларды қосады [3, 80-б].

Әйел адамға байланысты фразеологизмдердің кейбірі ошақ қасы, ошақ маңы, шаңырақ сөздерімен сипатталады. Оған мысал үйі сынық деген тілімізде қолданылып жүрген фразеологизм әйелі қайтып болған ер адамға байланысты айтылса, ал әйел адамға қатысты ошақ маңы, ошақ қасы деген фразеологизмдердің өзі бірде үй іші, балашаға мәнінде қолданылса, бірде әйел адамға байланысты айтылады. Себебі әйел ошақ қасында отырып, отбасы ұйытқысы болып отыратын адам.

Босағама артық байла. Қазақтарда шамандық белгілердің қалдықтарын алғаш Ш.Уәлиханов атап көрсетті: «Қазақтарда әртүрлі аурулар кездеседі, алайда әйелдерде

көп кездеседі. Әсіресе ырым, жоралғылармен байланысты жатыр аурулары. Бұл аурудың салдарынан әйел ұзақ уақыт бойы бала көтере алмайды, оларды зияндасты, яғни қара ниетті деп атайды. Әйел адамдар бала көтере алмаған жағдай құмырсқаның илеуіне дәрет сындырған [4, 100-б].

Осындай көне наным - сенімнен туындаған біршама фразеологизмдер бар. Мысалы: Босағама артық байла. Ескі ырым бойынша екі қабат әйел аруағын сыйлайтын үлкен үйлердің уығына шүберек байлап, ырым ретінде зат, мал әкелетін болған [5, 124-б]. Қара қазан бұрын пісе ме, қара қатын бұрын таба ма?. Толғатқан әйелге ырым ретінде айтылады [5, 324-б]. Ақ жол емі. Қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеде тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәрте аттататын әдет болған. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған [5, 24-б].

Қаралы қатын. Бұл фразеологизм күйеуінен айырылған жесір әйелге айтылады. Осы тіркестегі «қара» түс атауы ғана емес, қосымша мағына үстеуші сөз. Тілде түр, түс атауларының орны ерекше. Бірде белгілі бір заттың түрін, түсін сипаттаса, бірде ауыспалы мағынада басқа ұғымды білдіреді. Бұл туралы «Түр- түстің тілдегі көрінісі» атты еңбекте «әр халық, қоғам тіпті адам түр-түске әртүрлі көзқараспен қарайды», – дейді ғалымдар [6, 74-75-б].

Әсіресе, «қара» түс жайлы А.Н: Кононов оның он сегізге тарта мағынасының бар екендігін айтады. Атап айтсақ: «қара-түс, қара-қатал, қара-мұң, қара-мал, қара-халық, қара-әскер, қара-жер, қара-жартас, қара-көлеңке, қара-темір, қара-күш» [7, 47-б]. Бұл фразеологизмдегі қара түсі ауыспалы мағынада қара жамылып, қайғырып отырған әйелге қатысты.

Жесір қалды. Ғалым Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде жесір әйел – күйеуі, ері қайтыс болған әйел деп көрсетеді. Ал Ш.Уәлиханов «Қазақ қоғамында құлдарды екіге бөлінген, яғни соғыс, майданда қолға түскен құлдарды олжалы құл, жесір деп атасақ, екіншілерін жетім деп атаймыз», – дейді. Араб тілінде жесір-есир «тұтқын, тұтқынға түскен адам» деп аударылады. Сондықтан ертеде бұл сөзді соғыста тұтқынға түскен құлдарға айтылған. Алайда уақыт өте келе бұл сөздің ауқымы кеңейді. Әйелге қатысты бұл сөз екі мәнде қолданылады. Алдымен, ерінен айырылған әйелге қаратып айтылса, екіншіден, қалың малы төленбеген қызға қатысты да айтылады [8, 80-82-б].

Жесір әйел күйеуінен айырылған әйелге қатысты айтылады.

Жесір дауы, жер дауы. Жесірге байланысты ел арасында туған талас-тартыс [5, 202-б]. Мысалы: –Қаратай елі, баршанның үкімін айта ламай сарсаңға түскендерің жалғыз ит болса, жер дауын, жесір дауын қалай бітірісіп келген екен, қайранмын (О.Б. Т.4. 339-б).

Жесір қалды. Күйеусіз тұл қалды [5, 202-б]. Мысалы: Нұржанның шешесі – жастай жесір қалған адам (О.Б. Т.3. 116-б).

Шашын жайды. Әйелдің қаралы болуының белгісі [5, 563-б]. Мысалы: Қолынан келер дәрмені жоқ, әр затқа бір жабысып, шашын жайып, бетін тырнап қарғап-сілеп жүр (О.Б. Т.1. 148-б).

Тұл әйел. Жесір қалған әйел [5, 522-б]. Мысалы: Төркіні жоқ, тұл тоқал (Ө.Н. 407-б).

Әйдің сұлулығы.

Қас сұлу. Асқан әдемі әйел [5, 333-б]. Мысалы: Тек, айында-жылында бір рет қана үстіндегі шудаланған бұлтты сілкіп тастап, жарқ етіп дидарыңды көрсетіп, сонсоң ақ отауға кіріп кеткен қас сұлудай көзден ғайып боласың (О.Б. Т.5. 68-б).

Қарақат көзді. Аса сұлу жүзді әйел [5, 325-б]. Мысалы: Дегенмен, шалдың көңіліне ілінген бір шөкім бұлт та бар еді, оны ұлы да, анау қарақат көз келіні де білмейді (О.Б. Т.1. 280-б).

Мағынасы жағынан антоним болып келетін фразеологизмдер бар. Оған әйелдің берекелі, адал жар болуы мен жаман әйел, қайтып келген әйел, оның салақтығы мен ұрысқақтығы бір біріне қарама –қарсы қойылады.

Үй кісісі. Үй – жайға ие әйел [5, 546-б]. Мысалы: Мына үй кісісі аштан өлтірер (Ә.Н. 363-б).

Ұзын етек. Әйел, қатын-қалаш. Мысалы: Нұржан осынша құмартып соңынан қалмағанға мен сені ерге–ер, серіге –сері қатын екен десем, сен де ұзын етектің бірі екенсің ғой, тәйірі (С.М.) [5, 541-б].

Сарыкідір әйел (сары қарын). Орта жасқа келген кексе әйел [5, 455-б]. Мысалы: Қолдарында аяғы, топатайы бар. Үлкендердің үстіне басып енуден именетін жас та емес, сары қатын әйелдер (Ғ.Мұс.) [5, 455-б].

Ауыздыға сөз, аттыға жол бермейді. Көк бет, долы [5, 70-б].

От басы, ошақ қасы. Әйел, бала-шаға ортасы [5, 422-б]. Мысалы: От басына барады-ай (Б.С.Т.44. 303-б) Бір ошақтың қасында-ай (Б.С.Т.44. 420-б).

Көк айыл. Ашушаң, ұрысқақ әйел [5, 266-б]. Мысалы: Тағы да көк айылдығыңа бастың ба (О.Б. Т.6. 225-б).

Салпы етек. Салақ әйел [5, 451-б]. Мысалы: Қыз таңдап жүрген жігіт салпы етек салдақыны қайтсін (Ә.Н. 678-б)

Күндес қатын. Бір адамның бірнеше қатыны бір-біріне күндес [5, 291-б]. Шынында қара кемпір қайтыс болғалы күндес қатындар кішкентай нәрсеге де қағысып қала береді (Ә.Н. 514-б).

Марту басқыр (қарғыс). Әйелдерге айтылады [5, 388-б]. Мысалы: Өзі де құдды түсінде марту басқандай үні бітіп, дыбысы шықпай, бар бойымен іргеге қарай ығыса берді (Ә.Н. 326-б.).

Келтірілген мысалдардың ішіндегі сарыкідір әйел тұрақты тіркесі сары қарын деп те қолданылады, жасы елі мен алпыстың арасындағы әйел адамға қатысты жас ерекшелігін көрсететін фразеологизм болса, негізгі ұйытқы сөзі «көк» болатын көк айыл фразеологизмі ұрысқақ, дауға жақын әйелге қатысты айтылады. Айыл дегеніміз ат әбзелінің бір түрі. Айылға қатысты тілімізде ақ айыл, яғни көп мінілген ат, айылын жимау, яғни сескенбеу, қорықпау мағынасында қолданылады. Алайда көк айыл фразеологизмінің мағынасы бұл тіркестерден алшақ, көк сөзінің өзі табиғат құбылыстарын, жалпы қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды суреттеуде екпінділікті, қаттылық пен ызғарлықты білдіретін түр-түс атауы. Мысалы: көк дауыл, көк құйын, сондықтан көк долы, көк айыл тұрақты тіркестері әйел адамның ұрысқақтығына байланысты.

Қарғыс, алғыс мәнді бата-тілектермен қоса тілімізде фразеологизмдер де бар. Тілімізде, албасты басты, қара басты немесе басқыр секілді тіркестерді жиі кездестіреміз. Қара басу қара күшке байланысты болса, албасты деп отырғанымыз мифологиялық кейіпкер. Ғалымдардың айтуынша албасты сөзінің өзі ал және басты деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Албасты мифологиялық кейіпкер ретінде әйел бейнесінде немесе жын бейнесінде көрінетін бейне. Ш.Уәлиханов, С.Қасқабасов секілді ғалымдар албасты көп жағдайда аяғы ауыр әйелге немесе жаңа босанған әйелге қауіп көндіреді дейді. Ал марту деп отырғанымыз аяғы ауыр, ай-күні жақындап отырған әйелге тисетін жын, пері. Сондықтан марту басқыр қарғыс мәніндегі фразеологизм аяғы ауыр әйелге қатыс айтылады.

Тіліміздің мақал-мәтелдер қорында «Күндестің күні де күндес, күлі де күндес» деген мақал кездеседі. Осы ойға мағыналас күндес қатын, күндестің күлі де күндес

секілді фразеологизмдер бар. Қазақ қоғамында бәйбіше, тоқал, әмеңгерлік секілді этнолингвистикалық ұғымдар қалыптасқан. Ер адамның бірнеше әйел алуынан туындаған бұл фразеологизмдердің бастапқы мағынасы мүлде басқа. Соғыстан олжалаған әйелдерді күң деп атаған, кейде күндес деп атау кездеседі. Алайда бұл сөздің ауқымы кеңейді. Қазақ халқында күндес ұғысына байланысты мынандай тұжырымдар қалыптасқан: біріншісі, күл кіндес—бірнеше әйел адам арасындағы тартыс; жатын күндес—ағайын, туыс арасындағы тартыс; көрші күндес — көршілер арасындағы алауыздық; үзеңгі күндес—аттылардың бір-бірімен тату болмауы; ерікті күндес—күнделікті өмірде кездесетін дау, жанжал. Сонда күндес сөзі күндеу етістігімен байланысты, яғни күндеу дегеніміз біреуді жамандау, қызғану.

Аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше. Бұл жердегі бәйбіше деп отырғанымыз көп әйел алған алдамның алғашқы әйелін бейбіше деп атаған. Құрамы жағынан бәйбіше біріккен сөз. Бей сөзі якут тілінде «бии» тұлғасында «үлкен» деген мағынаны білдіреді. Ал «біше» татар тілінде «біцә», ноғайша «пише» болып келіп «әйел» мағынасында қолданылады. Яғни, бәйбіше «үлкен әйел» мағынасында жұмсалып тұр. Тілімізде басқа бәйшешек гүлі бар, оның да семантикасы «үлкен гүл» деп қаралады [53, 48-49-б].

Ал түркі тілінде әйел адамға қатысты мынандай тұрақты тіркестер қолданылады:

- At anası. İriyarı, erkeksi kadın [9, 485-б]— мықты, еркекшора қыз (әйел);
- Çarşamba karısı: saçı başı karmakarışık, kılıksız kadın [9, 572-б]— шашы, басы ретсіз, салақ әйел;
- Dağ anası: çok iri kadın [9, 584-б]— өте үлкен ірі әйел;
- Dev anası: çok iri yarı kadın [9, 596-б]— өте үлкен ірі әйел;
- Kadın kadıncık: evinin işini beğenilecek biçimde yaran, dikişini diken, temiz giyinip kuşanmasını bilen ev kadını [9, 756-б]— үй шаруасына пысық, тігісін тігіп, таза киінетін үй шаруасындағы әйел;
- Nayat arkadaşı: kadın için kocaşısı, koca için karısı, eş [9, 715-б]— өмірлік серігі, әйелі үшін ері, ері үшін әйелі;
- Namam anası: iri yarılı, güçlü kadın [9, 706-б]— үлкен, күшті әйел;
- Hanım hanımcık: 1) Evine, çocuklarına, işine gereği gibi bakan, horpalığı bulunmayan kadın 2) Böyle bir kadına yakışır halleri olan [9, 708-б]— А) үйіне, балаларына, жұмысына жақсы қарайтын жауапты әйел; Ә) әйелге тән жарасымды қасиеттер бар;
- Gözde olmak: 1) Önemli bir kimsenin en çok beğendiği, ilgilediği kadın olmak [9, 679-б]— маңызды біреудің ең сүйікті әйелі болу;
- Fındık kurdu: tombul, canlı (kadın) [9, 656-б]— еті тірі әйел;
- Ev kadını: 1) Dışarıda çalışmayıp evinin işleriyle uğraşan kadın. 2) Ev işlerini çok iyi başaran kadın [9, 649-б]— сыртта жұмыс істеп, үй шаруасына үлгеретін әйел; үй шаруасын жақсы істейтін пысық әйел;
- Eteği belinde: hamarat, çalışkan (kadın) [9, 646-б]— еңбекқор әйел;
- Eteğini göstermez: erkeklerden uzak durur, namusunu korumada çok titiz [54, 646]— еркек адамдардан алыс жүретін, намысын қойғай білетін әйел;
- Ere varmak: kadın evlenmek [9, 643-б]— әйелдің тұрмыс құруы;
- Ekmek düşmanı: erkeğin eşi, karısı [9, 623-б]— еркегінің әйелі, жұбайы;
- Eksik etek: kadın, her zaman güçsüz sayılan kadın [9, 624-б]— әйел, әркезде әлсіз көрінетін әйел;
- Düttürü leyla: daracık, kısacık giyinmiş kadın [9, 619-б]— қысқа, тар киінген әйел;
- Mahalle karısı: kavgacı çaçaron terbiyesi kıt kadın [9, 807-б]— ұрысқақ әйел, тәрбиесі аз;

➤ Sokak süpürgesi: evinde oturmayıp sokak sokak gezen, sürtük kadın [9, 877-б]– үйінде отырмай көп қыдыратын жеңілтек әйел;

➤ Üstüne varmak:bir şey yapmasını di renerek istemek kadın, evli bir kadının kocasıyle evlenmek [9, 923-б]– отбасы бар әйелдің тұрмысқа шығуы.

Қазақ және түрік тілінде кездесетін гендерлік фразеологизмдерді бір- бірімен салыстырып қарастырғанда көптеген ұқсастықтар мен айырмашылықтарды байқауымызға болады.

Қорыта келгенде, антропологиялық бағытқа сәйкес лингвистикалық, мәдени және этнографиялық тәсілдерді қолдана зерттеу жүргізілді. Тіл, мәдениет, ұлттық менталитет, қарым-қатынас және сана сияқты іргелі жүйелердің өзара әрекеттесу механизмдерін анықтау үшін лингвистикалық қозғалыс болды.

Қазақ тіліндегі әйел адамға қатысты фразеологизмдерді ана, адал жар, жаман әйел, әйелдің сұлулығы, әйелдің салақтығы, жесір әйел деп бірнеше топшаға бөлдік. Ал түрік тілінде кездесетін фразеологизмдер де әйел бейнесі әрі іскер, әрі үй шаруасына пысық жар ретінде бейнеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаева Ж.И. Пармиологиялық қордағы жан-жануарлар жүйесінің образдық-фондық жағдаяты // Абай ат. ҚазҰПУ-ның Хабаршысы, «Филология», сериясы, №1 (47), 2014 ж.–32-36 б.
2. Қазақ қызы: өткені, бүгінгі, ертеңі. Халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары 21-22 қараша 2003, 1 том. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2003, 344 б.
3. Жанатаев Қ. Адамның жас ерекшелігіне, жынысына қатысты атаулар: Филол. ғыл. канд. дис.–Алматы, 1998.–120 б.
4. Ш.Уәлиханов. Тәңірі: Таңдамалы.–Халықаралық Абай клубы, 2013.–392 бет.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. –712 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.–Алматы: Ана тілі, 1997.–220 б.
7. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках// Тюркологический сборник. М., 1975. 149 с.
8. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді, 2-басылуы.–Алматы, «Санат», 1994–274 б.
9. Ömer Asım Aksoy. Deyimlerin kapsamı ve siniri.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ АМАНАТ КОНЦЕПТІСІ

Э.Н. Дүнгенбай

Түйіндеме: Аманат – қазақ ұлтының ұлттық болмысының бір көрінісі. Рух жаңғыруы ұлттың жаңғыруының алғышарты болып табылады. Тамыры терең тарихымыздағы дәстүрлерді зерттеп, бүгінгі күнмен байланыстыру ол біздің, жас толқынның қолында.

Зерттеу мақсаты. Қазақ дәстүріндегі аманаттау жағдайларын зерттеп, бүгінгі күнмен сабақтастыру.

Зерттеу мазмұны. Мақала аманат сөзінің терең мағынасын зерттеп, қазіргі таңдағы ерекшеліктерін қамтыған.

Өзектілігі. Рухани жаңғыру үшін ұлтымыздың ерек ұстанымдарын әр заманда ұмытпауымыз керек. Аманат – қазақ халқының болмысында бар, ерекше ұстаным. Адамды адамшылдыққа, әділеттілікке тәрбиелейтін бұл ұстаным халық арасында ұмытылмауы керек-ақ.

Аманаттау қазақ халқының санасына сіңген басты моральдық норма ретінде ғасырлар бойы қазақ мәдениетінің қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Бұл мақалада «аманат» концептісінің қазақ тарихындағы алатын орны мен мәніне талдау жасалды. Аманаттау жағдайларының әр түрлі мәселелерді шешудегі орны талданды. Ұлт санасында «аманат» ұғымының алғаш қандай мағынада қолданылғандығы және қазіргі таңдағы қолданысын анықтауға тырыстық. Сонымен қоса, мақалада ұлттық салт-дәстүрдің тұрақты тіркестердегі де көрінісі қарастырылды. Яғни, «аманат» концептісін ашатын тұрақты тіркестер жинақталып, топтастырылды. «Аманат» концептісінің қазақ халқы санасындағы орын мен мағынасы бағытталған ассоциациялық эксперимент арқылы анықталды.

Тірек сөздер: Концепт, аманат, қиянат, ұлттық сана, болмыс.

THE CONCEPT OF AMANAT IN THE KAZAKH TRADITION

Abstract: Amanat is a manifestation of the national identity of the Kazakh nation. The revival of the spirit is a prerequisite for the revival of the nation. It is up to us, the young generation, to study the traditions of our deep-rooted history and connect them with the present.

The purpose of the study. To study the conditions of savings in the Kazakh tradition and connect them with today.

Research content. The article explores the deep meaning of the word savings and its modern features.

Relevance. For spiritual revival, we must not forget the unique principles of our nation in every age. Amanat is a special principle of the Kazakh people. This principle, which educates people to humanity and justice, should not be forgotten among the people.

Amanattau, as the main moral norm in the minds of the Kazakh people, has contributed to the formation of Kazakh culture for centuries.

This article analyzes the role and significance of the concept of "amanat" in Kazakh history. The role of deposit conditions in solving various problems was analyzed. We tried to find out in what sense the concept of "amanat" was first used in the minds of the nation and its current use. In addition, the article considers the expression of national traditions in regular expressions. That is, regular expressions that reveal the concept of "savings" were collected and grouped. The place and meaning of the concept of "Amanat" in the minds of the Kazakh people was determined through an focused experiment.

Key words: amanat, kyianat, national consciousness, existence

Әлемнің дамуы ғылымның қай саласына болсын өзгеріс әкелмей қоймайды. Қазақ тілі әлемдік тілдің бір бөлшегі. Тілдің байлығын жүйелеп, жинақтап көрсететін ұғым концептуалдық жүйе болып табылады. Өйткені түсінікті қажет ететін кей сөздердің энциклопедияда немесе аударма сөздіктердегі анықтамасының лексикалық мағынасы толық ашылмайды. Ашылған күнде де ықшамдалып беріледі. Осы ретте концептуалды жүйені әлемнің тілдік бейнесінің ментальды қаңқасы деп атай аламыз. Концептіде белгілі бір мәдениетке құнды болып табылатын ерекшеліктер бейнеленеді. Белгілі бір мәдениетке, ұғымға қатысты концептінің құрылымын түсіну оның толық білім қорын зерттеу арқылы ғана жүзеге асады. Осылайша тілдік қорды толықтырып, көнерген мәнін, мағынасын ашып, жинақтау арқылы біз ұлттық мәдениет, ұлттық менталитетті сақтай аламыз.

Қазақ халқының арасында кеңінен белгілі, әрі қазақ менталитеті анық көрініс табатын концептілердің бірі «Аманат» концептісі болып табылады.

Аталған концепт адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты дамиды.

Ауқымы кең аманат сөзіне Қазақ энциклопедиясында (энциклопедия) екі түрлі түсінік берілген. Біріншісі, «Сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат, нәрсе» дей келе, Ш.Мұртазаның «Интернат» атты шығармасынан үзінді келтірген: «Арзы апам жарықтықтың жаңа бір қолымен қоржынды жасқаса, бір қолымен омырауын басып, Айшаның **аманатын** қызғыштай қорғап жүргенін байқадым». Екіншісі, орындауға тапсырылған міндет, өсиет. Мысалы, Алмаймын әперсең де кісі хақын, Бар еді Ләйліге бір жазған хатым. Сенімді жолдасыңнан соны жеткіз, Сізге жоқ онан өзге **аманатым** [1; 15].

Профессор Әбдуәли Қайдар өзінің «Қазақтар ана тілі әлемінде» кітабында **аманат, аманатты орындау** мәселелерін қазақтардың жеке басының өмір-тіршілік етуіндегі қасиеттері мен ерекшеліктері, адамға тән психологиялық қасиеттер тұрғысынан талданған. Мысал келтірейік, «... Әдетте, **аманат** ақысыз-пұлсыз біреуге тапсырылады. Ол міндетті түрде орындалуға тиісті. Өйткені, аманаттың жолы – ауыр жол. Аманатты орындамау аманаттаушының алдында ғана емес, Құдай алдында да, ар-ұждан алдында да күнә болып есептеледі. Егер саған біреу аманат тапсырса, сен оны қабылдама. Ал қабылдаған екенсің, қайткен күнде де оны орындауға тиістісің. Ата-бабаларымыздың (халқымыздың) әуелден келе жатқан салт-дәстүрі, жоралғысы солай. **Аманатқа қиянат жасауға болмайды**» [2, 33].

Қазақ тарихында екі ел арасындағы саяси мәселелерді, ел ішіндегі мәселелерді шешуде аманаттауға жүгінген. Тарихқа үңілу үшін көпшілікке ұсынылған отандық фильмдерді талдауды жөн көрдік.

2011 жылы жарық көрген «Жаужүрек мың бала» (реж. А.Сатаев) фильмінде де аманаттау жағдайы кездеседі. Жалпы фильм қазақтар мен жоңғарлардың қарым-қатынасы төңірегінде өрбиді. Әкесі жау қолынан қаза тауып, өзі жауға қарсы аттанарда жалғыз қарындасын Сартай батырға аманаттап кетеді.

Қазақ халқының тұрмыс жағдайы, өмір сүру салтына байланысты орын алған аманаттау жағдайлары ұлттың менталитетін көрсетіп тұр. Тегінде аманат кез келген адамға берілмеген. Аманаттың жүгі ауыр деп, оған жауапкершілік аларда ойланып, қолынан келетіндігіне көзі жеткенде ғана алған. Аманатты есті адамға беруі де сондықтан болар.

2020 жылы жарық көрген «Балуан Шолақ» фильмінде аманатқа адам алу жағдайы кездеседі. Империалистік кезеңдегі патшаның қазақ жеріне өзге ұлттарды қоныстандыру саясатына барша жұрт қарсы болған. Ел арасына танылған Балуан Шолақ келімсектерді көшіруге тыйым салу шартын алға тартып, орыс офицерлеріне қарсы шығады. Кепіл ретінде шендінің қызын алады.

Қазақ халқының ортақ мұрасы болып табылатын М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші бөліміндегі Абайдың қарындасы Кәмшаттың мәселесін де аманат тұрғысынан қарастыруға негіз бар. Абайдың әкесі Құнанбай мен жігітек руының билеушісі Бөжей арасында түсініспеушілік болады. Екеуін табыстырмақ болған Абайдың қайын атасы Алшынбай екеуіне: «Ағайынсың, жақынсың. Ендеше сол жақындығың қайта жаңғырсын! Екеуің бала алысындар. Бөжей Құнанбайдан бала алып, бауырына салсын. Иістерің аралассын» дейді. Осы сөзден кейін көп ұзамай Бөжей Құнанбай ауылына келіп үш жасар Кәмшатты алып кетеді. Романның «Шытырман» бөлімінде Абай Бөжейдің ауылына барып хәл үстінде жатқан қарындасын көріп, жүрегі ауырып қайтады. Көп ұзамай Кәмшаттың қайтыс болғандығы туралы суық хабар естиді. Әрі Бөжей жұрты Құнанбайға хабар да айтпайды. Екі туыс жұртты табыстырушы дәнекер Кәмшат аманат ретінде барғандықтан, оның өміріне бей жай қарағандығы аманатқа қиянат жасаумен тең.

Көркем әдебиетте өзіндік орны бар жазушы З. Ахметованың «Бабалар аманаты» атты шығармасын айтпай кетуге болмас. Көпшілікке атақты батыр Б.Момышұлы келіні

ретінде танылған болатын. «Бабалар аманаты» атты кітабы біртуар батыр, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының айтқан өсиет сөздерін аманат көріп, халыққа жеткізуге тырысқан. Ол туралы өзі: «...Ата жарықтық маған ешқашан соғыс жайлы әңгіме айтқан емес. Есесіне, ұлттық үлгі-өнеге, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақи жөн-жобаларды ретін келтіріп құлағыма құя беретін. Бір жолы ата: «Балам, сен шолақ етекті шоқынды емессің. Сені сөз түсінеді деп сенгендіктен бабалардан қалған **аманатты** жиі айтамын. Мен саған айтсам сен балаңа айтасың, кейін немереңе жеткізесің. Сөйтіп бір шаңырақта ұлттық рух, ұлттық сана-сезім, дәстүр жалғастығы сақталады», - деп еді. Кеңес дәуірінде балаларына мұндай сөз арнап, оны іске асырғандар көп пе, аз ба – оны білмеймін...» [3, 40]. Қазақ халқының халық болып қалыптасқан кезеңінен бастап сақталған ұлттық тәрбиенің негізі болатын дүниелерді аманат етіп, ұрпақтан-ұрпаққа таратуы ұлтымыздың сақталуының, болмысын жоғалтпауының кепілі деп болжаймын. Осы тұста аманатты ұлттың сақтаушысы, тірегі деген баға беруге әбден болады.

Жазушының бұл кітабы «Сөз анасы – сәлем», «Атаның қысқа қайырымдары», «Атаның маған айтқан ақыл сөздері», «Жетілік ұғым», «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз», «Бір үзік сырлар» атты бөлімдерден тұрады. **Аманат** түсінігін жекелей бөліп алып қарастыруға болмайды. Өйткені, әр бөліміндегі Б.Момышұлының айтқан ақыл сөздері, сыни көзқарастары, әр әдет-ғұрып, салт-дәстүрге берген түсініктемелері келіні З.Ахметова мен кітап оқушы оқырманға, жүрегі қазақ деп соғатын әр азаматқа **аманат** болып табылады. Ендеше, Б.Момышұлы аманат етіп тапсырған дүниелерін тізбектейік:

- Амандасу, сәлем беру, сәлем алу аманаты;
- Қазақ халқы киелі деп санайтын жетілік ұғымының аманаты;
- Жыл басы – Наурыз мейрамы туралы өсиеттері;
- Тұрмыстағы әр түрлі тақырыптар.

Сонымен қазақ тарихында аманаттау жағдайы кездесіп отырғандығын және әр түрлі мәселелерді шешуде қолданылғандығын көріп отырмыз. Халық санасына берік бекігендігіне көз жеткізу үшін келесі тіркестерді талдап көрелік: «аманатқа қиянат жасама», «аманаттың жүгі таудан да ауыр», «Сүлеймендей күшің болса да, қылдай құмырсқаға қиянат жасама». Ұсынылған даналық сөздерден аманат сөзіне оппозициялық жұпты «қиянат» сөзі құрайтындығын білеміз. Аманатты орындау көптің қолынан келмейді. Аманатты алма, алсаң орындау үшін барын салу керек. Осы түсінік халық санасына берік бекігендігін байқаймыз.

«Орындалмаған аманат,

Ерге тағылған жаман ат». Қазақ халқының менталитетінде ер мен әйел ешқашан тең дәрежеде болмаған. Ер елдің қорғаны, отбасының басшысы. Ер адам мойнында үнемі үлкен жауапкершілік жатқан. Жауапкершілікті орындамау, аманатқа қиянат жасау ердің еліне де үлкен сын.

«Адамға адам аманат» [4; 125-б]. Аманат – рухани құндылық. Тегінде адам баласы жоғары рухани сана иесі болғандықтан бір-біріне, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға міндеттеледі. Яғни, бірін-бірі алдамау, қиын жағдайға қалдырмау, сыйласпау, жанашырлық танытпау аманатты орындамауды білдіреді. Аманат орындалмаған жағдайда жалпыадамзаттық, жалпыұлттық құндылықтар бұзылады.

«Аманат әлекке салады» [4;126-б]. Аманатты арқалаған адам орындамайынша жүрегі тыныш таппайды. Бұл аманат жүгінің ауырлығын білдіреді. Сондықтан да аманатты кез келген адамға емес, есті адамға табыстаған.

XXI ғасыр адамзат өмірінің әр саласына жаңашылдығын ала келді. Әр бағытта прогресс орын алғанымен, ұлттық құндылықтарды сақтау, ұрпақтан ұрпаққа өту мәселесі қиындау. Сондықтан да халықтың рухани жаңғыруы керек дүние. Рухтың жаңғыруы жаңа нәрсені меңгеру емес, ұлттың ғасырлар бойы қанына сіңген болмысты

қайтару. Кеңес дәуірінде жібi үзілген дәстүрлерді жаңарту. Сол дәстүрдің бірі аманат болып табылады. Аманаттау жоғарыда айтып өткеніміздей саяси мәселелерде де, халық арасында да кеңінен қолданылған. Қазіргі таңдағы сол халық арасындағы қолданыс әлі де жалғасын тапқан ба? Қаншалықты қолданысқа ие? Осы мәселелерді біз ашып жазу үшін әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Жас ерекшеліктеріне байланысты 18-20 жас, 20-25 жас, 25-30 жас аралығын жіктеп алдық. Сауалнамаға қатысушылардан мынадай сұрақтарға жауап алдық:

- 1) «аманат» сөзіне естігенде ойыңызға не түседі?
- 2) аманат сөзін ең алғаш қайдан естідіңіз?
- 3) аманатқа байланысты қандай дәстүрлерді білесіз?
- 4) аманаттау сіздің өміріңізде орын алды ма?

Сауалнамаға қатысқан адамдар саны: 18-20 жас -50, 20-25 жас -50, 25-30 жас – 50.

Жалпы қатысушылар саны 162. Қалған нәтиже төмендегі кестеде (кесте 1):

Сұрақтар	18-20	20-25	25-30
1)	Табысталған зат – 15 Ислам дініндегі шариғат – 15 Жауапкершілік – 5 Кино – 15	Табысталған зат – 20 Ислам дініндегі шариғат – 18 Жауапкершілік – 10 Кино – 2	Табысталған зат – 29 Ислам дініндегі шариғат – 10 Жауапкершілік – 10 Кино – 1
2)	Ата-анамнан – 9 Ата-әжемнен – 8 Достарымнан – 5 Кинодан – 19 Сабақтан – 9	Ата-анамнан – 10 Ата-әжемнен – 19 Достарымнан – 8 Кинодан – 5 Сабақтан - 8	Ата-анамнан – 12 Ата-әжемнен – 13 Достарымнан – 10 Кинодан – 3 Сабақтан – 2
3)	Аманатқа қиянат жасамау – 35 Білмеймін – 15	Аманатқа қиянат жасамау – 35 Білмеймін - 15	Аманатқа қиянат жасамау – 40 Білмеймін – 10
4)	Иә, әрқашан – 13 Жоқ – 15 Білмеймін – 22	Иә, әрқашан – 18 Жоқ – 12 Білмеймін - 10	Иә, әрқашан – 23 Жоқ – 5 Білмеймін - 22

Кесте 1

Сонымен, әлеуметтік сауалнаманың нәтижелеріне қарайтын болсақ, барлық жас азаматтар аманат ұғымын біледі деген қорытындыға келеміз. Енді аманатты қайдан біледі? Егер жас ерекшелігі емес, жалпы қатысушылар саны бойынша айтар болсақ, 20% қатысушылар ата-анасынан, 20% ата- әжесінен, достарынан 13%, кинодан 18%, сабақтан 12%-ы білгенін анықтадық. Егер жас ерекшелігі бойынша шақсақ 18-20 жастағы жастардың 18%-ы ғана кинодан білген. Айтатын тағы бір жайт, 18-30 жас аралығындағы азаматтар аманатқа байланысты дәстүрлерден бейхабар. Біз жоғарыда айтқан аманатқа байланысты дәстүрлер қазіргі ұрпақ санасында жоқ деген тұжырымға келдік. Дегенмен, аманатқа қиянат жасауға болмайтындығын түсінген жастар легі 73%-ды құрайды. Мұның өзі қуантарлық көрсеткіш. Өмірінде аманатта жағдайымен кездескен жастар 46%. Ал мүлдем кездеспедім, қолданбаймын деген жастар 21%.

Әлеуметтік сауалнама бізге нені дәлелдеді? Біріншіден, жастардың аманатқа көзқарасын анықтады. Сонымен қоса, аманаттау жағдайын БАҚ-нан білетіндігін білдік. Бұл жерден нені түйіндеуге болады? БАҚ адамды тәрбиелейді. Сондықтан да кинофильмдерде осы дәстүр көрсетіліп жатса, жастар санасына берік бекітіні сөзсіз. Біз кинодан білдік деген жастармен жеке сұхбат жүргізіп көрдік. Нақты қандай фильмнен көргендіктері туралы сұрадық. Ол қазақстандық режиссер Ақан Сатаевтың

«Жау жүрек мың бала» фильмі, «Құнанбай» фильмі, Кенесары Қасымұлы туралы зерттеу жүргізген Е.Бекмаханов туралы фильм «Аманат». Тарихты көрсететін бұл фильмдердің халыққа берері көп-ақ.

Экспериментіміздің келесі түрі бағытталған ассоциативті эксперимент. «Аманат» сөзі ұсынылып, осы зат есімге сын есім таңдау ұсынылған болатын (қосымша 1). Қатысушылардың көпшілігі «бағалы аманат», «күнәлі аманат», «қасиетті аманат», «үлкен аманат» тіркестерін таңдаған. Бұл аманат концептісінің халық санасында берік бекігендігін көрсетеді. Жауапкершілікті шаруа болғандықтан ол қасиетті, үлкен болуы мүмкін. Кез келген затты аманаттауға бермейтіндіктен аманат бағалы болады. Осы тұста ақын Жамбыл Жабаевқа соғыс майданынан Б.Момышұлы аманат беріп жібергендігі еске түседі. Оқиғаны өрбітіп жазайын. Б.Момышұлы сөзінен: «...Мен 1943 жылдың тамыз айында 504-госпитальда жатқанымда Қазақстаннан ақын Ғали Орманов бастаған делегация келді. Сонда полктің атынан Жамбыл атама сәлемдеме жібертіп едім. Ол нақышталған әсем өрнекті әрі қындап жасалған болат кездік болатын. «Самому старейшему мудрейшему казаху» деген сөздер ойылып жазылған еді. Полк жауынгерлері әр түрлі ұлттың өкілдері болғандықтан ортақ тілде жазылды. Сол сәлемдеме Жамбыл жарықтыққа жетпепті. Кейін Ғалидан сұрағанымда жоғалтып алғанын айтты. Мен қатты ренжідім. Қалай болғанда да соғысып жүрген, өлім мен өмірдің ортасында жүрген жауынгерлердің *сәлемін, аманатын* тапсырма алмай, бүкіл полкті Жәкеңнің батасынан құр қалдырғанына ренжідім...» [3, 121]. Аманатқа қиянат жасау ауыр күнә екендігін де экспериментке қатысушылар жақсы түсінген.

Сонымен, аманат концептісі қазақ тарихында ерекше орын алған. Концепт – өзіндік тілдік сипатқа ие құрылым деп қорытындыласақ, аманат концептісі – қазақ халқының болмысын, тіршілігін, саяси қарым-қатынастағы ұстанымын, халықтың түсінігін паш ететін кең ауқымдағы түсінік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. I том. Алматы, 1998 жыл
2. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Қайдар Әбдуәли – Алматы: Дайк-Пресс, 2009 жыл
3. З.Ахметова. Бабалар аманаты/-Алматы, 2017 ж
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. I том. Алматы, 2006 жыл

ҚАЗАҚ, БАШҚҰРТ, ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАР АТАУЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМЫ

А. Қ. Айтбенбетова

ф.ғ.к., доцент. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.,
aitbenbetova74@mail.ru

Түйіндеме: Тіл білімінде қандай да бір нақты тілдің сөздік қорын зерттеу әрқашан да өзекті болып қала бермек. Соның ішінде кейбір түркі тектес халықтардың тілдеріндегі адам өмірінің белгілі бір аумағына тән лексиканы қарастырудың ғылыми-теориялық, практикалық маңызы зор.

Бұл мақала қазақ, башқұрт, түрік тілдеріндегі еңбек құралдары атауларының сөзжасамы, әсіресе синтетикалық тәсіл арқылы жасалған атауларды салыстыра зерттеуге бағытталған. Еңбек құралдары атауының жеке тақырып ретінде қарастырылуы және сөзжасам тұрғысынан салыстырыла қарастырылуы тіл білімінде кемшін. Тіл білімінің лексикология саласында жеке тіл білімінде еңбек құралдары лексикасы зерттелуі өткен ғасырдың басынан басталады. Түсіндірме сөздіктерде

берілуі де жетік. Біз осы мәселені сөзжасамдық аспектіде салыстыра қарауды ұйғардық, оның өзі түркі тілдері корпусын жасауда қолданбалы мақсатта пайдалануда, сондай-ақ тілдерді зерттеудің теориялық мәселелерінде өзіндік қажеттілігімен маңызға ие.

Тірек сөздер: лексика, сөз, мағына, еңбек құралдары, синтетикалық тәсіл, сөзжасам

Abstract: In linguistics, the study of the vocabulary of a particular language is always relevant. In particular, the consideration of the vocabulary characteristic of a particular territory of human life in the languages of some Turkic peoples is of great scientific, theoretical, and practical significance.

This article is aimed at studying the word formation of the names of labor tools in the Kazakh, Bashkir, and Turkish languages, especially the comparison of names created in a synthetic way. The name of the means of labor can be considered as a separate topic and compared in terms of word formation. In the field of lexicology of linguistics, the lexicon of labor tools in individual linguistics is studied. Explanation should be made to perfection. We decided to compare this question in the word-formation aspect, which itself is relevant in the applied use when creating the corpus of Turkic languages, as well as in the theoretical issues of language learning.

Key words: vocabulary, word, meaning, means of labor, synthetic approach, word formation

Қыпшақ тобына кіретін тілде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы қыпшақ бірлестігі кезінде қалыптасса, енді біразы Алтын Орда дәуірінде қалыптасып, көне түркі дәуірінде-ақ өзіндік ерекшеліктері аңғарыла бастаған қыпшақтық белгілер тереңдей түсті. Қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының тарихи тамырластығына олардың этникалық құрамындағы ортақ ру-тайпалар, салт-дәстүріндегі, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, жалпы мәдениетіндегі ортақтықтар дәлел бола алады. Әуел баста қыпшақ тілінің диалектілерінде сөйлеген қазіргі қыпшақ-ноғай топшасына енетін тілдерді Алтын Орда, Ноғай ордасы кезіндегі лингво-этникалық процестер жақындата түсті. Ал қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец топшаларындағы тілдерде сөйлейтін халықтардың этногенездік тарихында біраз өзгешеліктер бар. Татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым татарлары өз тарихын негізінен Ғұн мемлекеті ыдырағаннан кейін қалыптасқан Бұлғар мемлекетімен байланыстырады. Кезінде Н.И. Ашмарин ұсынған «бұлғар-чуваш» теориясына қарсы М.З. Закиев көне бұлғар тілінің жазба мұралары тілінің деректері негізінде бұлғарлар о бастан-ақ қазіргі татар тілінің кейбір белгілері бар z тілінде сөйлеген, ешқандай ротацизм, ламдаизм белгілері болмаған деген қорытындыға келеді. Ғалым пікірі бұлғар тілі z тілді оғыз-қыпшақ тілінен жаңа z тілді қыпшақ-оғыз тіліне ауысып, кейіннен қыпшақтық сипат алған дегенге саяды. [1, 110]⁷. түркі тілдеріне қатысты барлық жіктемелерді салыстыра қарағанда, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының ұқсастығы сол тілде сөйлеуші этностардың генетикалық немесе тарихи жақындығы ғалымдар тарапынан принципті түрде ажыратылатын пікір қайшылығын тудырмайтынын байқауға болады. Жалпы бір негізден тараған тілдердің өзі де түрлі ішкі, сыртқы факторларға байланысты негіз тілдің белгілерін бірдей дәрежеде сақтай алмауы лингво-эволюцияның заңдылығы. Қазіргі қыпшақ тобына енетін тілдердің бір бөлігінің негізінде оғыздық сипаты бар көне бұлғар тілінің жатуы, қыпшақтану процессінен кейін де басқа туыстас тілдермен

⁷ Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. –Казань: ИНСАН, 1995. -464 с.

қатынаста болуы олардың лексикалық қорындағы қыпшақтық қабаттың өзгерістерге түсуіне алып келді. Мұндай өзгерістер негізінен сөз тұлғаларындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы айқындалады. Қазіргі қыпшақ тілдерінің ішінде қыпшақтық белгі қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде, татар диалектілерінде басым екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр (С.Е.Малов, Қ. Жұбанов, Н.Сауранбаев, т.б.).

Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұстас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалу ыңғайында қалыптасқанын байқаймыз. Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілердің сілемдері қолданыста болуы әрі олардың арасында дифференциациялық және интеграциялық процестердің кезең-кезеңімен бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін. Сондықтан көне түркі дәуірі мен орта ғасыр дәуіріндегі түркі жазба әдеби тілі арасындағы сабақтастық та аралас тілдік жүйе арқылы айқындалады.

Түркітану ғылымындағы түбір сөз проблемасының зерттелуі өзіндік дәстүрі мен қағидалары қалыптасқан, мақсат-мүддесі айқындалған классикалық сала болып табылады десек те, тілдің негізін құрайтын бір буынды сөздердің табиғаты толық ашылып болмағаны белгілі. Түбір проблемасының күн тәртібінен түспей отыруы алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын түркі түбірінің бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты. Түркі сөздері тұлғасының қарапайымнан күрделіге қарай дамуы басты ерекшелік болғанымен, фонетикалық заңдылықтарға орай кезең-кезеңімен кері процестерді де (ықшамдалу, редукция, элизия т.б.) басынан өткізуі, одан қайта күрделенуі тәрізді мәселелер де түбір табиғатын айқындауда қиындықтар туғызады.

Түркі тілдері өзара туыстас болғандықтан, олардың бір-бірімен жақындық-тары, ортақ қасиеттері мол. Қазақ тіліне ең жақындары — ноғай, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, татар, башқұрт, құмық тілдері. Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық құрамынан, фонетикалық (дыбыстық) жүйесінен, грамматикалық құрылысынан байқалады. Көптеген сөздер түркі тілдеріне ортақ болып келеді. Оны кестеден көруге болады. Сондай-ақ, сөздердің септелуінде, тәуелденуінде, көптелуінде, жіктелуінде де ұқсастықтар бар.

Қай тілде де сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жататыны белгілі. Нақтырақ айтатын болса, XIII-XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштерінен сөз тудырудың морфологиялық жолы (синтетикалық тәсіл), ал әр сөз табын тудыратын санаулы жұрнақтар болғаны байқалады. Жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы, сөздердің тіркесуі арқылы жасалады.

Жазба ескерткіштер тілінде сөзжасамның синтетикалық тәсілі бар, бірақ әр сөз табының сөз тудырушы жұрнақтары санаулы ғана. Ал қазір де синтетикалық тәсіл сөзжасамда үлкен қызмет атқарады, тіл сөз тудырушы жұрнаққа өте бай, сөзжасам жүйесі жұрнақтар арқылы толыққан, бірақ сөзжасамдық жұрнақтардың тілге қосылғанын жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі тілді салыстыру арқылы байқауға болады. Тілдің даму барысында грамматикалық категориялардың өзге түрлері сияқты жұрнақтар да тұлғалық жағынан – түрлі өзгерістерге ұшырап отырады, бұл – заңды құбылыс. Уақыт озған сайын қайсыбір жұрнақ сөз тудыру қызметін әлсіретіп, бірте-бірте кәдеге асудан қалып отырса, екінші біреулерінің қызметі артып орнығып жатады. Енді бір тобы белгілі бір сөздердің көбіне дерлік қосылып, жаңа сөз тудырады да,

кейбіреулері санаулы ғана сөзге қосылады. Ондай қосымшалардың мағынасы түбірмен тығыз байланысып соған бағынышты болады. Сөйтіп, жұрнақ та сөзге қосылатын тілдік дыбыстар комплексі болады да, сөз бен қосымша арасы мағыналық бірлікте келеді. Бұл екеуінің ара қатысы, жымдасуы – фонеморфологиялық және лексика-семантикалық. Жұрнақтық форма – тарихи құбылыс, ол тілдің грамматикалық құрылысы дамуынан, жетілуінен барып қалыптасады. Сөйтіп, сөздің екінші бір бөлшегіне айналып, оның сыртқы формасын өзгертеді.

А.Байтұрсыновтан бастап қазақ тіл білімінде сөзжасам тұлғаларын көптеген ғалымдар зерттеді. Олар: Қ.Жұбанов, Қ.Басымов, С.Аманжолов, Ә.Төлеуов, А.А.Есенқұлов, А.Хасенова, Ғ.Қалиев, А.Ысқақов, Н.Орхабаева, Ә.Керімов т.б. 1989 жылы жарияланған «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты авторлар тобының еңбегінде сөзжасам жүйесінің теориялық мәселелері кешенді түрде сөз болды. Ал 1999 жылы жарыққа шыққан А.Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам» атты монографиясында аталмыш мәселе семантикалық, лингвогенездік аспектіде сөз етіліп, жаңа, құнды тұжырымдар ғылыми айналымға қосылды.

Төмендегі мысалдарға назар аударайық:

Қазақ	түрік
Орақ	orak çekic
Балта	balta
Күрек	kürek
Балға	çekic
Тырма	tirman
Орғыш машина	orak makinesi
Ине	igne
Қайшы	makas
Арба	sedye
Сыпырғыш	meydan süpürgesi
Соқа	pulluk

Мысалдарға назар аударатын болсақ түркі тілдес халықтар тілінің өте ұқсастығы білінеді. Ондағы сөзжасамдық құрылымдары да бір-біріне ұқсас.

Сөзжасам өзіндік ерекшеліктерімен қатар қазақ тілінің тарихи грамматикасымен, қазақ әдеби тілі тарихымен, лексикологиясымен байланысты. Жеке лексикалық мағына беріп тұрған туынды сөз лексикологиясының үлесі. Ал осы туынды сөздің ішкі семантикасының құрылымын сөзжасам қарастырады.

Қазақ	башқұрт
Күрек	көрәк (күреу)
Кетпен	кәтмән
Тырма	салғы (сал, салу)
Айыр	һәнәк
Пышак	бысак (быса-кесу)
Балға	тапауыс (тапа-тапау, -уыс)

Мысалдардан көріп тұрғанымыздай башқұрт тілінің сөзжасамдық тұлғасында – қы, -ке, -кыс, -кес, -ғыс, -гес, -ғос, -гөз т.б., аффикстер көп қолданылады.

М. Томанов: «Түркі тілдеріндегі сын есімдер мен зат есімдердің ара жігін ашып, өз алдына саралануы V - VIII ғасырлардан бұрын болып өткен процесс» деп, жоғарыдағы пікірге қосылады. [3,176]⁸. Түркі тілдерінде кездесетін сын есімдер көп

⁸ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. –Алматы: Ғылым 2002. - 614 б.

болмаса да, олардың өз дербестігін сақтап сараланғанын жазба деректерден көруге болады. Сонымен бірге, түбір сын есімдермен қоса, туынды сын есімдер де сол кездерден бастап қалыптаса бастаған.

Түркі халықтарының тарихына қатысты ғылымда қыруар еңбектер жазылды. Кеңес дәуірінің өзінде де түркология ғылымына қызығып, өмірінің барлық күш-қуатын сарқа жұмсаған ғалымдар есімі жұлдыздай жарқырап тұрғаны мәлім. Бұл мәселеде түркі тектес халықтардың асыл қазыналарына қатысты айтарлықтай істер тындырған Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп есімдері ғылымда өз бағасын алған.

Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны баршаға аян.

Түркі халықтарының біздің заманымызға келіп жеткен жазба ескерткіштері зерттелгенде, көбіне, жәдігерліктің тіліне, фонетикасына, лексикасына немесе белгісі бір грамматикалық тұлғаларына, қазіргі қазақ тілімен қатысына назар аударылады. Ерте замандардағы авторлардың шығармалары ғасырдан ғасырға қолмен көшіріліп жеткізілген. Сол үшін билік ордасында, көбіне арнайы көшірмешілер болған. Оларды орта ғасыр дәуірінде бахшы деп атаған. Кей жағдайларда күнкөріс қамы үшін сарай ақындарының өздері де осындай істермен айналысқан. Соның нәтижесінде көне дәуірлерден келіп жеткен құнды мұраларымыздың көпшілігі ғылымға бірнеше қолжазбаларымен мәлім. Ал олардың бір-бірінен айырмашылығы болмай тұрмайды. Өйткені, шығарманы көшіруші әрбір бахшы оған жанынан өзгерту, түзетулер мен толықтырулар енгізіп отырған. Кейде сөйлемдер мен бәйіттерді қысқартып, көшірген материалын өзінше жаңартқан. Тіпті, олар өз творчествосын халыққа белгілі ақындардың лақап атымен де таратқан. Бұлар, көбіне, бахшының мәдени дәрежесіне, біліміне, ой-өрісіне, мақсатына тағы сол сияқтыларға байланысты болады.

Филологиялық іргетасы деп мойындалған көне түркі жазба мұралары мен әдеби шығармалар мәтінінің тарихын зерттеу (қажет болған жағдайда, қайта қалпына келтіру) ісіне теориялық тұрғыдан жіті қарайтын мезгіл туып, ол-бүгінгі таңның өзекті мәселесіне айналып отыр. Этностың тарихы мен мәдениетінен, мәдениеттің өркендеу дәуірлерінен көп мағлұмат беретін көне түркі жазба мұралары мәтіндерін әр дәуірдің тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық т.б. жағдайларынан тысқары қарастыру мүмкін емес. Бұл жағдайларды зерттеу жеке-жеке ғылым салалары болып табылатыны белгілі (тарих, әлеуметтану, экономика, тіл, әдебиет, саясат, мәдениеттану т.б.)

Түркі тілдері лексикалық қорының негізін қалайтын бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің белгілі бір дәрежеде тұрақтылығын сақтауымен қатар өзгеруге де бейімділігін зертелуші тілдердің моносиллабтар құрамындағы фоно-корреляттар айқындайды. Жалпы тұрпат пен жалпы мазмұнның тұрақтылық сапасы гомогенді моносиллаб-корреляттардың дербес лексемаға ыдырауы нәтижесінде өзгермелі, икемді сапаға айналады. Сыртқы тұлға мен ішкі тұлға онтологиялық және лингвистикалық тұрғыдан тілдің дамуына жағдай жасайды, жаңадан танылған құбылыстар мен заттарды таңбалайтын, бейнелейтін ұғымның денотаттық және сигнификаттық атауларын қалыптастырады. Сыртқы тұлғаның да, ішкі тұлғаның да шарттылық сипаты адамзат тілі дамуының кейінгі кезеңдерінің жемісі. Тілдің таңбалық сипаты да ішкі тұлға мен сыртқы тұлғаның шарттылық сипаттарына негізделді. Туыс тілдердің

мазмұндық, тұлғалық сәйкестіктер сол тіл иелерінің этностық санасындағы концептуалды жүйенің, табиғат пен қоғамды, бүкіл әлемді тануы мен қабылдауындағы ерекшеліктерін сақтайтын тілдік сананың ортақтығының нәтижесі. Сондықтан көне түркі тілі мен қазақ және башқұрт тіліндегі бір негізден өрбіген түбірлес сөздердің тұлғалық парадигмасы мен семантикалық таралу өрісіндегі сәйкестіктер де таным бірлігінің көрсеткіші бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Закиев М.З. Татары: проблемы истории и языка. –Казань: ИНСАН, 1995. -464 с.
2. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. –Алматы: Ғылым 2002. - 614 б.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы, 1989. – 102 б.
4. Ә.Құрышжанұлы. Ескі қазақ тілі// «Қазақ тілі» энциклопедиясы. А., 1998,

ORCID: 0000-0002-1381-2863

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР СӘЙКЕСТІГІ МЕН АЛМАСУЫНЫҢ ЖАСАЛЫМ НЕГІЗІ

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы

PhD. Орталық ұлттар университеті, Пекин, ҚХР., Сәтпаев университеті, Алматы, Қазақстан. s.akymbek@satbayev.university

Түйіндеме: Қазақ тіл білімінде дыбыстар сәйкестігі мен дыбыстар алмасуын екі түрлі құбылыс ретінде түрінде түсіндіру басым. Дауыссыз дыбыстардың бірін бірі игеруін көбіне көп ілгерінді және кейінді ықпал заңымен түсіндірілсе, ал дыбыс алмасуы тарихи қалыптасқан құбылыс ретінде қарастырылады. Түсіндірілуі қиын мәселелердің кейбіреулері морфонологиялық құбылысқа жатқызылады. Алайда тілде сыры беймәлім дыбыстық құбылыстар жүзеге аса бермейді. Құбылыстардың көпшілігін дыбыстардың ауыз қуысындағы жасалым ерекшеліктеріне негізделген жасалым үлгісімен түсіндіруге мүмкіндік бар. Мәселен, қазақ тіліндегі шығыс септігінің үнді, ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстарынан басталатын сингармониялық варианттары тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстардың парадигмасынан құралатынын байқауымызға болады. Дауыссыз дыбыстардың топтастырыла беттестірілген жасалым моделі бойынша алғанда осы дауыссыз дыбыстар ортақ түрде белгілі бір шеттен орын алатын болады. Жарыспалы сипатта сәйкестенетін «м~б» дыбыстарының бастапқы түпнегізі «п» дыбысында жатқандығын да дауыссыз дыбыстардың жасалым моделі арқылы анықтай аламыз. Қазіргі қазақ тіліндегі көмектес септігінің бастапқы дыбыстары осы пікірді дәлелдей түседі. Жалпы түркітануға қатысты еңбектерде мұндай пікірлер бар болғанмен жеке мәселе тұрғысынан қарастырылап жүр. Біз осы мақалада әр жақсыт айтылып жүрген пікірлердің басын біріктіріп ортақ шешім жасауды жөн көреміз.


Тірек сөздер: дауыссыз дыбыстардың жасалым моделі, парадигмалық түрленіс, диахронды тұрғыдан зерттеу, артикуляциялық мүмкіндік.

Abstract: Kazakh linguistics is dominated by the interpretation of sound correspondence and sound change as two different phenomena. The assimilation of one of the consonants is often explained by the law of progressive and subsequent influence, and sound change is considered as a historically established phenomenon. Some of the problems that are difficult to explain are attributed to morphonological phenomena. However, the language does not implement unknown sound phenomena. It is possible to explain most of the phenomena by a pattern of creation based on the features of sound creation in the oral cavity. For example, we can see that the syngarmonic variants of the eastern septum in the Kazakh language, which

begin with the consonant sounds of sonorant, vowel, and hard consonants, are formed from the paradigm of intersecting sounds of the tongue. According to the model of grouped consonant formation, these consonants will generally take place from a certain margin. We can also determine that the initial base of the sounds "m~b", which correspond to the competitive nature, lies in the sound "p" using the model of consonant sounds. This is evidenced by the original sounds of the help in the modern Kazakh language. In general, there are such opinions in the works on Turkology, but they are considered from the point of view of a separate issue. We want to unite the opinions expressed in this article and create a common solution.

Key words: model of creation of consonants, paradigm transformation, study from a diachronic point of view, articulation possibility.

Дауыссыз дыбыстардың сәйкестену жайын сөз еткенде қазақ тіл білімінде диалектологтар әдеби тіл мен жергілікті сөз арасындағы дыбыс сәйкестіктерін, ал диахронды аспектіде зерттеулер жүргізіп келген ғалымдар өзге туыстас тілдермен салыстырғанда қандай дыбыстардың сәйкестігі болатынын тілге тиек етіп келеді. Сөз басында кездесетін сәйкестіктерді қоспағанда сөз ортасындағы, сөз соңындағы алмасуларды синхронды түрде ілгерінді ықпал, кейінді ықпал заңына сай түсіндіру жағы басым. Шынында сөз басында алмасатын дауыссыздар жайын сөз еткенде себепсіз салдар жоқ дегенге сүйеніп, кей ғалымдар тайпа тілінің қалдықтарына сілтеме жасайды. Егер бәріне бірдей осылай себеп іздейтін болсақ, *тағам* сөзінің тілімізде жаппай қолданылуымен бірге ойын, ықшамдалған варианты дәмнің т дыбысынан басталмай д дыбысынан басталуын қалай түсіндіреміз? Немесе *тән* сөзі *дене* болып айтылуы және олардың тілімізде жарыса қолданылуы да түсіндіруге келе бермейді. Мұндай түсіндіру сәті келе бермейтін дыбыс алмасулардың тек сөз басында ғана емес сөз ортасында да, сөз аяғында да болатынын саралай отырып, фонетикалық жағдайдың ғана емес, морфонологиялық құбылыстардың да тіл дамуында нормаға айналатын тұстарын айта кету керек. Енді осы мәселелерге арнайы тоқталып өтейік [1:49-51-66].




1-сурет. Дауыссыз дыбыстардың алмасу пирамидасы

Қазіргі қазақ тілінің жасалым фонетикасында проф. Ә.Жүнісбектің дыбыстардың жасалым теориясы негізінде біршама зерттеу әдістері өрістеп дами бастады. Төменде назарларыңызға ұсынылып отырған дауыссыздардың дауыс қатынасына байланысты

топтарының моделі (1-сурет) бірнеше әдістемелік қасиетке ие [2:99-б]. Аталған модель бойынша дауыс немесе үн қатысына байланысты дауыссыз топтары мен дыбыс құрамы, жасалу орны, қандай дыбыстармен ортақ және алшақ белгілері бар екені жайлы мәліметтер ала аламыз. Мысалы, тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстар үш топта да бар: Т қатаң топта, Д ұяң топта, Н үнді топта.


Аталған кестенің дауыссыз дыбыстардың жасалым табиғатынан мәлімет беріп қана қоймайды. Дыбыстардың алмасуы мен дыбыстардың сәйкестігін зерттеуде белгілі бір дәрежеде негіз ретінде алуға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі көптік жалғаудың -лар/лер, -дар/дер, -тар/тер тұлғалары тіл ұшы дауыссыз дыбыстарына басталып тұр. Яғни бұл парадигмалық түрленіс аталған дыбыстардың жасалым сапасынан келіп шығады екен. Ілік септігінің -ның/нің, -дың/дың, -тың/тің тұлғалары тіл ұшы тоғысыңқы дыбыстардан тұратындығы аталған кестенің толық дәлел бола алады (2-сурет).



2-сурет. Н, Д, Т дыбыстарының парадигмасы

Ал дауыссыз дыбыстардың тарихи тұрғыдан сәйкестігі туралы зерттеулерде де осы кестедегі дыбыстардың ортақ немесе алшақ белгілері бойынша жұптасуын, топтасуын, ұқсастығын негізге алуға болады. Сөзіміз дәйекті болу үшін 3-сурет бойынша бірнеше мысалдар келтіре кеткенді жөн санаймыз. Қазақ тілін диахронды тұрғыдан зерттеген еңбектерде келтірілген дәлелдердің басым көпшілігін осы суретте келтірілген тұстас жолақтар арқылы өрнектеп шығуға болады.

С~Ш сәйкестігі С-Ш алмасуы. Фонетикалық жағынан *ш* дыбысы өзімен бірге келген *с* дыбысына айтылуда әсер етіп, өзіне ұқсатады. Мысалы: *ашша (ашса), қашша (қашса)* т.б. Алайда бұл дыбыстар қатар келмеген кезде де морфонологиялық тұрғыдан алмасады. Мысалы, *есек – ешек, жетпіс – жетпіш, самал – шамал, содыр – шодыр, мысық – мышық* деген сөздерде *с-ш* алмасуы олар жасалу жағынан бір-біріне әсер етпейді. Мұндай сөздерді А. Айғабылов «сөйлеушінің психикасына байланысты



3-сурет. Дауыссыз дыбыстардың алмасуы сәйкестену бағыттары

қалыптасқан құбылыс» ретінде морфонологияның объектісінде қарастырады [3:60-б].

Ғалымдар сөз басында *с* дыбысы мен *ш* дыбысының алмасуын түркі негіз тілінің соңғы дәуірлеріне қатысты құбылыс деген пікір айтады. Сондай-ақ тілімізде *сүйінші – шүйінші, содыр – шодыр, қоста – қошта, қыста – қышта* деген сөздер жарыса айтылады. Мұндай *с-ш* алмасуы негізінен жергілікті ерекшеліктерде кездесетіндігін байқаймыз. **Ш~с** дыбыс сәйкестігі дыбыс алмасуы түркі тілдерінде тіл аралық белгі ретінде қаралып, қазақ тілі **с-шыл** топ болып есептелетіні белгілі. Сондықтан да **мысық-мышық, есек-ешек, бес-беш** сияқты қолданыстардың соңғы сыңары диалектіге жатады. Бірақ *с-ш* алмасуы әрқашан дәл осылай жіктеле бермейді. Қазақ тілінде бұған қайшы келетін, **ш-мен** айтылса әдеби тіл болып, **с-мен** келген нұсқа диалектіге ауысатын сөздердің белгілі аймақтарда **мұрса, секер, келесек, дұспан** болып айтылатыны атап өтеді.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, *ш-с* дыбыстары сөздің әр позициясында тұрып алмаса береді. А. Айғабылұлы *жұмысшы – жұмышшы, басшы – башшы* деген сөздерінің дыбысталуында ешқандай ауытқу болмайтындығын, таза артикуляциялық мүмкіндікке байланысты, оларды басқаша дыбыстау мүмкін еместігін, сондықтан оның фонетикалық дыбыс алмасу екендігін атап өтеді. Ал *сүйінші – шүйінші, басқыш – башқыш* варианттарындағы дыбыс алмасуын морфонологиялық дейді. Себебі: «Мұнда тек сөйлеушінің санасындағы кейінгі дыбыстарды айтуға психологиялық дайындық кезінде соған ұқсас дыбысты алмастырып айту ғана» [4:33-б]. Дауыссыз дыбыстардың жасалым үлгісі бойынша бұл дыбыстар бір орыннан жасалатынын көреміз (3-сурет). Мұнан басқа бұл дыбыстардың басқалай *с/ш~з/ж~р/л* түрінде сәйкестене алатынын жоққа шығара алмаймыз.

Қ-ғ және к-г дыбыстарының алмасуы. *Қ, к, п* дыбыстарының морфемалар жігінде дауысты, үнді, ұяң дыбыстармен қатар келгенде ұяңданып кететіні белгілі: *ай қабақ – айғабақ, көп жер – көбжер, ақ нан – ағнан* т.б. Ал *шақ етті, сақ дегізді, құм*

emmi деген сияқты көптеген еліктеуіш сөздерде ұяңданбайды. Бірізділік жоқ болғандықтан, А. Айғабылұлы бұл құбылысты да морфонологиялық деуді ұсынады. Ғалым *қ~з, к~г* дыбыстарының алмасуын морфонологиялық алмасуға жатқызып, бұл жайындағы ойын былайша тұжырымдайды: «... алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесінің нәтижесінде *з, г* дыбыстары морфонологиялық құбылыс ретінде пайда болған деуге болады. Сондықтан *з, г* дыбыстарының жай-жапсары дауысты дыбысқа, үнді дыбыстарға қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда, артикуляциялық шеп, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін, сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек» [3:54-56-66]. Ғалым бұл дыбыс алмасудың себебін қатаң шұғыл *қ, к, п* дыбыстарын айтудан ұяң *з, г, б, у* дыбыстарын айтудың жеңілдігімен түсіндіреді.

Қазақ тілінде *қ~ғ, к~г* дыбыстарының сәйкестігі өте жиі жүзеге асатын құбылыс. Бұл екі жұптың жиі алмасатыны соншалықты, тіпті *қ* мен *ғ*-ның, *к* мен *г*-нің фонологиялық қызмет-жүгіне күмән келтіріп, бір фонеманың аллофоны ретінде танушылар да бар. Шынында, Ғабдікәрім-Қабдікәрім, Ғайша-Қайша, Гүлжан-Күлжан сияқты кісі аттары мен гүл-күл, гәп-кәп, гәусар-кәусар сияқты шеттен кірген сөздерде алма-кезек қолданыла беретіні бар. Бірақ бұл кісі аттары мен басқа да сөздердің баста *ғ, г* дыбыстарынан басталатын сөздер екенін, қазақ тіліне енгенде басқы дыбыстары *қ* және *к* дыбыстарына алмаса бастағанын сонымен бірге бұрынғы дыбыстық құрылымы да сақталып жарыса қолданылатын болғанын түсіну қиын емес. Өйткені *ғ, г* дыбыстары қазақ сөздерінің басында кездеспейтіні белгілі.

Қазіргі қазақ тіл білімінде *қ, к, з, г* дыбыстарына артикуляциялық-акустикалық сипаттама толық берілген деуге болады. Аталған дыбыстардың жұмсалымдық ерекшелігін аңғарған А. Байтұрсынұлы: «*Қ* һәм *з* дыбыстары һеш уақытта жіңішкермейді. *К* һәм *г* дыбыстары һеш уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады», – деген сипаттама береді [5:154-6]. Ғалым *қ, з, к, г* дыбыстарының басқа дыбыстарға қарағанда дыбыстарды тандап тіркесетіндігін ашып көрсетеді.

Сонымен *ғ-г, қ-к* дыбыстарының тілімізде алмасуы және сәйкестенуі жайлы қорыта айтқанда, алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесі нәтижесінде *ғ, г* дыбыстары қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айтқанда, артикуляциялық шек, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек. *Г-қ, г-к* дыбыстарының алмасу аналогиясы басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Бірақ бірінде жиі, бірінде сирек деңгейде. Әр тілде әр түрлі көрініс тапқан. Түркітануда *қ, к* дыбыстарынан *ғ, г* дыбыстарынан пайда болуы туралы мынадай жорамал бар: «Тіл арты *қ* дыбысының айтылуы қиынырақ. Сондықтан түркі тілдерінде сөйлеу барысында күшсізденуіне (ұяңдануына) тура келеді» дейтін де пікір бар [4:53-6].

Қ, ғ-у-й дыбыстарының алмасуы. Бұл дыбыстардың алмасуы сирек кездеседі, бірақ тіліміздің дыбыстық құрылымын айқындауда маңызы да жоқ емес. Мысалы, **бақ-бау, қыстақ-қыстау, санақ-санау** сияқты сөздер әдеби тілге жарыса қолданылса, **жамау, бояу** сөздерінің **бақ/дағ** сөздерінен *қ/ғ* дыбыстарының *у, й* дыбыстарымен алмасып жасалғаны дәлелденген жағдай.

Қ-ғ дыбыстарының **й** дыбысымен алмасуы **тоқ-той (тоғаяу-тойыну дегенде)соғым-сойым, жақ-жай** сияқты сөздерде кездеседі. Кей сөздердің құрамындағы алмасулардың ертеде жүзеге асып, көнелене бастауына байланысты мағыналары алшақтай бастаған. Мысалы, **жүгір** деген сөз бен **жүйрік-тің** түбір сөзден өрбігенін аңғара қою қиын. **Жүгір** сөзіне **ік** жұрнағы (сын-ық, жырық, түр-ік сияқты сын есім тудыратын) жалғанып **жүйірік-жүйі(і)рік** болып қалыптасқан.

Тіл арты қ, к, ғ, г дыбыстарының н дыбысымен алмасуы. Тілдің адам қолданысындағы «жанды» қасиетін есепке алар болсақ, онда қандай да бір өзгерістердің болмауы мүмкін еместігін аңғарамыз.

Тіліміздегі *бадырақ – бадыраң, мегзеу – меңзеу, шоғайна – шоңайна* сияқты біраз сөздермен қатар, *дедекте – дедекте, жортақта – жортаңда, кегжекте – кегжеңде, қайқалақта – қайқалаңда, өкіректе – өкіреңде, тайқақта – тайқаңда, тарбақта – тарбаңда, тепекте – тепеңде, жалтақта – жалтаңда, жалпақта – жалпаңда, талтақта – талтаңда, салпақта – салпаңда* деген бейнелеуіш сөздерден жасалған етістіктер құрамында *қ, к, ғ, г* дыбыстарының *н*-мен алмасуы кездеседі. А. Айғабылұлы мұндай құбылыс етістік тудырушы жұрнақтар жалғанғанда байқалатынын айтады [3:38-б]. Профессор Б. Сағындықұлының пікірінше, *н* дыбысынан *ң* дыбысы қалыптасқан. Ғалым *н* дыбысының *ң*-ға айналуының бірнеше себептерін дәлелдей отырып, «аса ежелгі дәуірде *н* фонемасына *қ, к* фонемаларының тигізген әсерінен *ң* аллофоны, *б, п* фонемаларының тигізген әсерінен *м* аллофоны пайда болған. Кейіннен бұл аллофондар фонологиялық жүк арқалаудың салдарынан тұрақтанып, белсенді фонемалардың қатарына қосылған» [6:50-б], – дейді. Б. Сағындықұлы *қ, к, ғ, г* дыбыстарына басталатын сөздердің түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде өте көп болуы екі сөз арасы және түбір мен қосымша жігінде *н* дыбысының *ң*-ға айналуында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Біздің жоғарыда келтіріп отырған мысалдарымыздағы *қ, к, ғ, г* дыбыстарының *н*-мен алмасуына да *н*-ның осы қасиеті әсер еткен тәрізді, себебі *талтақта – талтаңда, салпақта – салпаңда* т.б. мысалдарындағы бірінші нұсқаларынан гөрі *н*-мен айтылғанда қимылдың созылыңқы болып, экспрессивтік мәні күшейе түсетіндігін байқаймыз.

Г-г-ң дыбыстарының алмасуы. *Г-ң, ң-г дыбыстарының алмасуы.* Профессор С. Омарбеков қазақ ауызекі тілінде *ң-г* және *г-ң* дыбыс алмасуларына мынадай мысалдар келтіреді: *негізі – неңізі, негізінде – неңізінде; маңыз – мағыз, төңүрәк – төгүрәк* (Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақ говоруы) [109:120-б]. Ғалым кейбір жағдайларда кездесетін *н-у* дыбыс алмасуларына мынадай мысалдар келтіреді: *оңаша – ауаша* (Орынбор облысы), *көңіл – кеуіл*.

Ғ, г дыбыстарының н дыбысымен алмасуы әдеби тілдегі **мегзе-меңзе, шоғайна-шоңайна** сияқты бірлі-жарым сөздер ғана кездеседі. С. Омарбеков бұл дыбыстардың алмасуын жергілікті сөздерден тауып: «Қазақстанның шығысы мен солтүстігінің кей жерінде негіз, негізгі, негізінде деген бір түбірден өрбіген сөздердің бәрінде де *г* тіл арты мұрын дыбысы *н*-мен айтылады: неңіз, неңізгі, неңізінде. Дәл осының керісінше шығыс говоруының кей жерінде маңыз сөзі мағыз түрінде дыбысталады» дейді. С.Омарбеков **ғ, г** дыбыстарының **ң** дыбысымен алмасуының түркі тектес халықтар арасында да кездесетініне батыс говорындағы 2-жақ жіктік жалғауының **-сыңыз, -сіңіз** түрінде айтылуы башқұрт, татар тілдеріндегі **-сығыз** (барасығыз) жалғауымен салыстырылады. Бұған өзбек тіліндегі тоғарак, қарақалпақ тіліндегі тегорок сөздерінің қазақ тілінде төңірек болып айтылуын да жатқызуға болады [7:103-105-б]. Жасалым моделі бойынша бұл дыбыстар бір-бірімен жалғасып жатқан шеткері ілектес орындар бойынша үйлесіп тұрады (3-сурет).

Б-п дауыссыздарының сәйкесуі. Бұл шұғыл дауыссыздардан тұратын жұптардың алмасып қолданылуы қазақ тілінде өте жиі кездеседі. Мысалы: **бұт, бұтақ, балуан, бесін, бенде, бәкі, болат, бал, бақыр** сияқты сөздердің тілімізде **пұт, пұтақ, палуан, песін, пенде, пәкі, полат, пақыр** сияқты варианттары бар. Бұлардың қайсысы әдеби тілге жатады дегенде, әрине, **б** дыбысынан басталатындары ауызға әуелі ілінеді. Дегенмен, әдеби тілге қатысты сөздердің жазылу нормасын көрсететін емле сөздігіне жүгінсек, бұлардың ішінен **бұтақ бесін, бәкі, болат** сөздерінің әдеби тілден толық орын алып, **пұтақ, пәкі, полат, песін** сөздері диалект сөздер қатарында қалғанын

көреміз де, «балуан-палуан» сөзінің жарыса қолдануға құқы барын, ал «пенде» сөзі әдеби тілге еніп «бендесі» қатардан шыққанын көруге болады. Бұлайша салыстырудан әдеби тіл мен диалект деп бөлудің өзі **б-п** сәйкесуінің шартты түрде ғана қатысы бар екендігін көрсетеді. Сондықтан әлі де жігі ажырамай, бәле-пәле, байымдау-пайымдау сияқты сөздер әдеби тілде жарыса қолданылып келеді [7,98-102б]. Жасалым моделі бойынша бұл дыбыстардың жоғарыда көрсеткеніміздей белгілі бір ортақ негізі бар.

Профессор Б. Сағындықұлы *y~y(mau)~y(w)~n~b~v* сәйкестігінің көне түркі ескерткіштерінде кездесетінін, *y~v* сәйкестігінің орта ғасырлардағы қыпшақтар мен оғыздардың тілін бір-бірінен ажырататын фонетикалық белгілердің қатарына жатқызылатынын айтқан [6:35-б].

С. Мырзабеков сөз басында *б* мен *п* алмасуы жергілікті ерекшеліктерде ғана көрініп қоймай, тіпті орфографиялық сөздікте де «жарысып жүретіндігін» айтады, мысалы, *байым – пайым, балуан – палуан, барабар – парпар, бәле – пәле, пенде – бенде* т.б. Ғалым мұндай құбылысты көрші дыбыстардың әсерінен болмайтын «экстралингвистикалық (бөгде тілдік) жағдайдан туған сәйкестік» [8, 126 б.], – деп түсіндіреді.

П~м дыбыстарының сәйкестенуі. Мысалдар: *баишақ – баишақ*: Мақсұт бұрынғы киімін сонда қалдырып, жаңадан аяғына *баишақ*, үстіне шапан сияқты ұзын киім кигізді (Б. Шалабаев). Етік, кебіс, мәсіден басқа *баишақ*, былғарымен жұлықтаған киіз етіктер жасалады (С. Қасиманов). *Жанапайла – жанамайла*: Дәрігер әйел мұны *жанапайлап*, сөзді от алғандай лыпылдатып келеді (С. Шаймерденов). Шал мал қайырған адам боп *жанамайлап*, ақботаның қасынан өте берді де, құрықты сілтеп кеп қалды (З. Шашкин). *Пұрсат – мұрсат*: – *Пұрсат* берсеңіз бірер күннен кейін жауап берейін, – деді (С. Омаров). Келтірілген мысалдардан бұл сәйкестіктің тұрақты құбылыс екенін көреміз. Аталған дыбыстар жасалым моделі бойынша белгілі бір аймақтан орын алады (3-сурет).

П~б~у дыбыстарының сәйкестенуі. Еріндік **п** және **б** дыбыстарының еріндің *у* дыбысымен алмасу жайы қазақ тілінде сөз басында кездеспейді, тек сөз арасында морфемалар жігінде байқалады. Мысалы, **дыбыс-дауыс, қабақ-қауақ** (жемісінен ыдыс жасалатын есімдік) **қапсыр-қаусыр, кепсен-кеусен** т.б. сөздерден байқауға болады [9:104-б].

Бір қызықты жағдай, қазақ тілінде **қобыз** сөзі жеке тұрғанда ешқандай өзгеріссіз айтылады. Ал осы сөз **шаң** сөзімен бірігіп айтылғанда, **шаңғобыз** болып дыбысталуымен бірге **шаңғауыз** (оңтүстікте) түрінде де айтыла береді. Қобыз сөзіндегі **о** дыбысының **а**-ға алмасуы алдындағы, сөздің әсерімен іске асса, **б** дыбысының **у**-ға айналуына ондай себеп жоқ [10:154-б].

Ал морфемалар жігінде **п** дыбысының **у**-ға айналуы бір жағдайда ғана іске асады. Ол **п** дыбысына аяқталған түбір етістіктерге көсемшенің **ып, -іп** жұрнақтарының жалғануынан пайда болатын құбылыс. Мысалы: **жап-жауып, тап-тауып, теп-теуіп, қап-қауып, сеп-сеуіп**, т.б. Бұл мысалдардағы **п-у** дыбыстарының алмасуына алды*артындағы дыбыстардың әсерінің жоқтығын былай қойғанда, тек көсемшенің бір ғана жұрнағына қатысты іске асудың өзі морфологияға тікелей қатысты. Морфонологияның дыбыс алмасулардың бірыңғай келе бермей, тіл деректеріне қайшылығымен көзге түсіп отыратынын еске алсақ, бұл жерде де алмасудың барлық етістікті қамти алмайтынына көзіміз жетеді. Мысалы, **оп, өп** етістіктерге көсемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанған да түбір соңындағы **п** дыбысы **у**-ға айналмайды. **Оп-обып, өп-өбіп**, болып, тек ұяңдану процесі ғана пайда болады. Мысалы, **Обырдай обып, үнін шығармай жұтып тұр.** (М.Әуезов). [11:47-49-б]

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» қатаң *п*-ның ұяң *б*-мен алмаспай, үнді *у*-мен алмасуының себебі былай түсіндіріледі: «Бұл үшеуі (*п, б, у*) де

қос ерін дауыссыздар, ал *-ып, -іп* жұрнағындағы дауыстылар (*ы, і*) – езулік. Сонда әлгі сөзформалардың екінші буындары *-бып, -біп* болмай, *-уып, -уіп* (айтылуы *-уұп, -уүп*) болатыны қос еріндіктің (*б* және *п*) арасында езулік дауыстыны айту қиындыққа түседі де, ал *у* езулік қысаң дауыстыларды (*ы, і*) еріндікке айналдырады (жоғарыда айтылды), сөйтіп айтуды жеңілдетеді. Бұған мынадан да көз жеткізуге болады, етістік *оп, өп* көсемше формада *об-үп (оп-ып), өб-үп (өп-іп)* болады да *п* ұяң *б*-мен алмасады. Өйткені мұнда түбірдегі еріндіктер қосымшадағы қысандарды еріндік етеді, сондықтан *у*-дың қажеті жоқ» [12:88-6]. Жасалым моделінің үлгісі бойынша аталған дыбыстар жасалымы жағынан бір бірімен жалғасып жатқан тізбек құрайды (3-сурет).

Көрсетілген кескіндегі дыбыстарды дауыс немесе үннің қатысымы мен жасалымы тұрғысын жіктелуін кестелі түрде де көрсетуге болады (1-кесте).

	Ерін		Тіл ұшы		Тіл ортасы	Тілшік	
	тоғысыңқы	жуысыңқы	тоғысыңқы	Жуысыңқы	тоғысыңқы	тоғысыңқы	жуысыңқы
Қатаңдар	П	-	Т	Ш-С	К	Қ	-
Ұяңдар	Б	-	Д	Ж-З	Г	-	Ғ
Үнділер	М	У (w)	Н	Р-Л	-	Ң	Й

1-кесте. Дауыссыздардың жасалым жағынан жіктелуі

Ал дауыссыз дыбыстардың тарихи тұрғыдан сәйкестігі туралы зерттеулерде де осы кестедегі дыбыстардың ортақ немесе алшақ белгілері бойынша жұптасуын, топтасуын, ұқсастығын негізге алуға болады.

Жоғарыда баяндалған дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары жасалым сипатымен тікелей байланысты. Дыбыстар бір-біріне ықпалдасып, жымдасып бірін-бірі игереді немесе алмасады, сәйкестенеді. Сонда дыбыстар табиғаты, жасалымы бойынша ортақ белгілері ең жақын дыбыстар бірін-біріне алмасып сәйкестенуге бейім болады екен. Мұның өзі фонологиядағы зерттеу нәтижелерін, түркологиядағы шешімін күтіп тұрған мәселелерді шешуге болатынын көрсетеді.

1. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 49-56, 98-106б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 бет.
3. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы. (Диссертация) – Алматы. 1991ж. – 92б.
4. Қазақ тіліндегі диссимиляциялық құбылыстар. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – №2. – 82-87б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасының дамуының этимологиялық негіздері (монография). – Алматы, «Санат», 1994. – 168б.
7. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. — Алматы: Мектеп, 1985. — 208б.
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. — 200б.
9. Дыбыс алмасу. Қазақ тілі энцикл., 1998. – 104б.
10. Игерусіз өзгерістер. Қазақ тілі энцикл., 1998. – 154б.
11. Дыбыстар сәйкестігі. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1998. – №3. – 47-49б.
12. Қазақ грамматикасы, – Астана, 2002 ж.

ҮНДЕСІМ (СИНГАРМОНИЗМ) ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Кайдарова Г.К., ф.ғ.к., проф.м.а

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме:Мақалада зерттеушілердің қазақ тіліндегі сингармонизмінің үндесім варианттарының түрленімі жайында сөз етіледі. Қазақ тіліндегі дыбыс талданым сингармонизм тұрғысынан қолға алынып, фонетикалық құбылыстардың басын ашуға мүмкіндік беретіндігі дәлелденді.

Тірек сөздер:сингармонизм, фонетика, үндесім, артикуляция, фонология

Лингвист-мамандар түркі оның ішінде қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысына әрқашан көңіл бөліп отырған. Тілдік құбылыс ретінде оның фонетикалық (артикуляциясы) және фонологиялық (қызметі) сипатына қарай қарастырылған. Фонетикалық теориялардың даму деңгейіне лайық фонетикалық сипаттамасы беріліп, тілдегі қызметі жайлы пікірлер қорытылып жатты.

Көне түркі жазуынан қалған деректер - тілдің сол тұстағы айтылым қалпын жазудың айнытпай көрсететінінің айғағы. Сингармонизмге құрылған көне түркі жазуы түркі сөздерінің о бастағы үндесім айтылым үлгілерінің беріге дейін бұзылмай келе жатқандығын дәлелдейді.

Сингармонизм құбылысы тіл ерекшелігі ретінде сол кезде-ақ зерттеушілер назарына ілінген. Мысалы, Н.И. Ильминский «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен оған арнайы тоқталған және үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды: «Закон созвучия по которому и известном слове, сколько бы оно длинно ни были, все гласные и согласные должны быть либо толстые, либо тонкие, - закон общий всем языкам тюркского семейства, существует и в киргизском наречии» [1, 14 б.]. Бұл жерде сингармонизмнің түркі тілдерін топтаудың белгісі ретінде қабылданғанын көреміз. Үндесім құбылысын тілдік белгі ретінде алған ғалым қазақ тілін осы белгісіне сүйеніп түркі тілдерінің қатарына жатқызып отыр.

Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтай келіп, дауыстыларды екі топқа жұптап берген, өйткені олардың айтылымы жоғарыда көрсетілген үндесім заңына сәйкес екіге жіктелетінін көрсетуге тырысқан: «Гласные – а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Согласные - п, б, м, у[w], т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, й, қ, ғ, к, г, ң. Гласные расположены нами по-парно. Первую в каждой паре назовем толстою, вторую (и ә) тонкою. Толстые, в отношении степени толстоты, сходны с русскими, тонкие же все равномерно чужды остроты русских гласных, напр. *те* киргизское - русскому *тэ*» [1, 6 б.]. Автор қолданған «жуан жіңішке» атауларының да сол кезде қалыптаса бастағанын көреміз. Ең бастысы орыс тілінің ықпалымен «твердый/мягкий» атауларының тікелей аудармасын іздемей, «толыстый/тонкий» атауларын алғанын байқаймыз. Бұл атаулар қазақ тілінде орнығып, тұрақты және үйреншікті зерттеу құралына айналып отыр.

Ғалым еңбегінің аса бір құнды тұсы деп оның дауыссыздарға қатысты айтқан пікірін алуға болады. Н.И.Ильминский қазақ тілінде дауыссыздардың да жуан-жіңішке болып айтылатынын аңғарған: «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется *системою звуков* (ерекшелеген – біз), то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» [1, 8 б.]. Бұл жерде ғалым пікірінің екі жағын атауға болады. Бірінші, дауыссыздардың жуан/жіңішкелігін дауысты дыбыстарға таңып отыр. Өйткені ол кезде сингармонизм құбылысын «гармония гласных» деп ұғынған. Сондықтан дауыстылардың ықпалын

зерттеушілер басым деп бағалаған. Екіншіден, дауыссыздардың жуан/жіңішке белгісін тілдің ішкі жүйесінен тауып отыр. Бұл сол кездегі фонетикалық теория деңгейі үшін өте жоғары нәтиже деп қарау керек. Шындығында да, қазіргі зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік белгілері қазақ тілінің құрылымдық ерекшелігін көрсететін бірліктер болып табылады.

Белгілі ғалым В.В.Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген атақты еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын «произносятся при одинаковом положении губ и языка» [2, 2 б.] деп берген болса, оның тілдегі қызметін «...причина возникновения гармонии гласных лежит в морфологии и теснейшим образом связана с внутренней формой урало-алтайских языков» [2, 50-51 б.] деп түсіндіреді. Ғалымның фонетикалық қорытындысы түркі тілдеріндегі сөз тіл мен еріннің тұрақты бір қалпымен айтылады дегенді көрсетсе, ал сингармонизмді морфологиямен байланыстыруын оның құрылымдық қызмет атқаратынын көрсеткені деп түсінеміз.

В.В.Радлов түркі тілдеріндегі сингармонизмнің артикуляциясын талдай келіп, оның негізгі артикуляциялық көрінісі ретінде өзіндік белгілерді ұсынады, олар: ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін; ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін; ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни еріннен тіл алдына дейін; ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін. Ол туралы «В.В.Радлов, разделяя классическую для тюркских языков восьмерку гласных на две группы – лабиализованные и нелабиализованные, последние, на наш взгляд, вполне обоснованно назвал зубными гласными, так как по его описаниям при воспроизведении нелабиальных гласных именно зубы выступают в качестве передней границы рто-глоточного резонатора» [3, 73 б.] деп жазады проф. К.Хұсайынов.

В.В.Радлов ұсынған жіктелім ретінің артикуляциялық атауларында ғана айырмашылық байқалады, ал оның ішкі мазмұны осы күнгі жіктелім белгілермен толық сәйкес келеді. Сонымен, біз өз тарапымыздан ғалым ұсынған жіктелім түрлеріне лайық мысалдарды оның атақты «Сөздігінен» тауып, көрнекілеп шықтық.

-ауыз қуысының толық қалпы, яғни еріннен көмейге дейін:

ұйқу, ұмтұл, түйүк, түмүлдүрүк, жүктүр, жүлүк, жүлдүз, жүлдүздү, жүткүз, жүтүм, жұмүшшү, сүйүк, сулу (сүулү), шүкүр, бүйрүк, бұрүш, мұрүндүк, мұрүндүктү, ойлү, қондүрт, қобүз, тоқүм, тоғұт, тоғүз, тоғүзүншы, тойүмсүз, торұ, толүк, толтүр, тосүрқа, тоздүр, тобүк, дойүр, долү, достүк, жоқтаусүз т.б.;

-ауыз қуысының ықшамдалған қалпы, яғни тістен көмейге дейін:

айқай, ақша, алдау, қара, найза, нақак, тауа, тақта, тандай, дайра, даула, жайдак, сайра, айқыш, аңды, қайың, нақыш, намыс, тақыя, тақыр, таңырқа, дақыл, дауластыр, жақсы, жаңбыр, жамырат, сауқтыр, ыстық, қыйынды, қытық, тыйын, жыйын, жыртқыш, сыбыр, ыста, қыйықша, тырнак, дырау, жалауұқ, жыламсыра, сыйрақ, сықақ, сықақта т.б.;

-ауыз қуысының жартылай қалпы, яғни еріннен тіл алдына дейін:

күндүз, күртүк, түкүр, түкүрүк, түйүн, түтүк, түтүн, түстүк, түшкүр, түшкүрүк, жүгүрүс, жүгүрүстүр, жүрүстү, сүйүктү, шүйүншү, шүйүншүлө, шүйүншүлөт, шүкүр, шүйкө, бүйү, бүлүндүр, мүжүк, өңөш, өрлө, көйлөк, көк өлөң, көрөк, көлөңкө, көлөңкөлө, көлбөктө, көлдөнөң, көлдөнөңдө, көдө, көсөм, көбөй, көмкөр, нөкөр, төңөрөк, төңөрөктө, төңкөрмө, төрө, төлө, төлөт, төлдөт, төсөк, төсөн, төскөй, төбе, дөптө, жөнөл, жөндө, жөндөндүр, жөтел, сөйлө, сөйлөт, сөйлөс, бөгөт, бөрткөн, бөлө, бөлөк, бөтөн, бөшкө, бөжөктө, мөңрө т.б.;

-ауыз қуысының жартылай ықшамдалған қалпы, яғни тістен тілдің алдына дейін:
нәубәт, жәрийә, кәрі, тәрізді, дәрі, іңір, кіріс, кірлі, кірпік, жігіт, сіңір, кіре, кедей, тершең, егін, кекір, кекіл, кекшіл, келін, кесім, негіз, жетінші, семіз, семірт т.б.

«Сөздіктің» құрамындағы лексикалық материалды талдай отырып, үндесімге қатысты көптеген бірегей сөздер таптық, алайда оның бәрін тізіп көрсету мүмкін болмай

отыр. Оның үстіне «Сөздік» алпысыншы жылдардың басында қайта басылып шыққан, сондықтан ғылыми көпшілікке таныс. Біз тек қазақ сөзінің бірегей үндесім үлгілерін көрсететін сөздерден ғана мысалдар келтіріп отыруды жөн көрдік.

Сингармонизмнің тілдегі қызметі жайлы жалпы және түркі тіл білімінде әртүрлі пікірлер бар. Соған қарамай негізгі шешім «По мере роста внутренней консолидации слова как основной языковой единицы неизбежно увеличилась и потребность в средствах, которые могли бы противостоять центробежным силам, постоянно сопутствующим агглютинации. Этим централизующим и делимитативным средством и явилась гармония гласных» [3, 124 б.] болып табылады.

Енді сингармонизмнің негізгі тілдік қызметіне қатысты пікірлерге шолу жасап көрейік.

Түркі тілдерінің салыстырма грамматикасын [4] жазған білікті мамандардың пікірінше «Сингармонизм – особый вид согласования звуков. Агглютинирующий тип тюркских языков определяет характер этого согласования. Известно, что словообразование и словоизменение в тюркских языках происходят путем присоединения аффиксов к корневой морфеме. Они наращаются в определенной последовательности на основе структурно-семантических законов, действующих в конкретном языке. Очевидно, линейный характер наращения аффиксов обусловил и звуковой облик тюркского слова» [4, 433 б.] болып табылады. Сингармонизмнің пайда болуын түркі тілдерінің жалғамалық сипатынан деген болжам бұрында айтылып жүрген. Бұл жердегі негізгі ой түбір мен қосымшаның арасындағы үндестік байланыста болып отыр. Сондықтан да сөздің өзіне ғана тән әуез белгісі ескерілмей қалып отыр. Сөйтіп сөздің үндестік әуезі дербес сөздің емес, туынды сөз бөлшектерінің басын құрап тұратын лингвистикалық заңдылық ретінде танылады.

Жалпы түркологияда әбден қалыптасып қалған теория бойынша сингармонизмді «гармония гласных» деп қарастыру осы еңбекте де толық орын алған. Мысалы, монография авторлары «Сингармонизм – организующее средство тюркского слова, средство его цельнооформленности, установления границы слова в тюркском речевом потоке. Определяющим элементом в сингармоническом комплексе является гармония гласных, ибо слово состоит из слогов, а основную слогаобразовательную функцию несут гласные, которые в сочетании с согласными образуют различные типы слогов в тюркских языках» [4, 438 б.] деп жазады. Бұл жерде сингармонизмнің сөздің басын біріктіріп тұратын заңдылық ретінде қарастыруын әбден құптауға болады. Алайда сингармонизмді дауысты дыбысқа апарып телуіне күманмен қарауға тура келеді. Өйткені сингармонизм сегменттік бірлік емес, просодикалық бірлік болып табылады. Сондықтан оның негізін дауысты дыбыс қалайды дей қою қиын.

Сингармонизмнің тілдік табиғатын ашуға тырысқан еңбектер мол. Солардың бірінен «...явление, которое часто называют гармонией гласных и относят только к фонетике под рубрикой ассимиляции гласных, на самом деле гораздо интереснее и структурно содержательнее, чем это кажется на первый взгляд» [5, 191 б.] деген проф. Реформатскийдің пікірін табамыз. Сингармонизмді дауысты дыбыстардан бөліп алып, оған бағындырмай, өз алдына бірегей текті құбылыс екенін айтты. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, құрылымдық тұрғыдан күрделі тілдік құбылыс екенін анық мегзейді.

Ғалым өзінің ойын әрі қарай жалғастыра келіп, сингармонизмді фонетикалық құбылыс деп қарастыруға болмайтындығын, сондай-ақ оны дыбыс түрленімі деп қарауға да болмайтынын баса ескертеді: «Сингармонизм же в таких языках, как тюркские, - не просто фонетическое явление и тем более не только разновидность ассимиляции, а фундаментальное структурно-типологическое явление, затрагивающее не только все уровни фонетического яруса структуры языка, но и ярус морфологический» [5, 198 б.].

Проф. Реформатский сингармонизмді іргелі тіл заңдылықтарының қатарына жатқызған алғашқы ғалымдардың бірі болды. Сонымен қатар сингармонизмнің тілдердің жіктелім белгісі ретінде жүретінін де көрсетті.

Мұның өзі сингармонизм теориясының дамуына қосылған үлкен үлес болды..

Проф. Ж.Әбуов қазақ (түркі) фонетикасының зерттелу жайын талдай келіп, мынадай қорытынды жасайды: қазақ (түркі) фонетикасының бірінші даму кезеңіне ХІХ ғасырдағы зерттелімдерді жатқызады және ол кезде қазақ тілінің дыбыс жүйесін танып-білу қазақтардың сөзін тікелей бақылау (тындау) арқылы жүргізілген, соның нәтижесінде қазақ сөзі қалай айтылса, солай жазылып алынған; екінші кезеңге ХХ ғасырдың басындағы зерттелімдерді жатқызады, ол кезде қазақтың көкірек көзі ояу ғалымдары шығып, қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан шынайы талдап шықты; үшінші кезең 50-70 жылдар, ол кезде қазақ фонетикасында «европацентристік» бағыт басым болды; төртінші кезең 70-90 жылдар, ол кезде қазақ фонетикасында сингармониялық көзқарас толық қалыптасты [6,]. Қазақ фонетикасының даму барысын сөз еткенде осы бір жіктелімді ұстағанды жөн көрдік. Сингармонизмге деген жаңа және шын мәніндегі шынайы көзқарас қазақ тіл білімінде толық қалыптасып болды деуге болады.

Мысалы, проф. М.Жүсіпұлы «Тілдің дыбыс қорын сингармонизм фонологиясының бағытында зерттеу үшін, біріншіден, ізденушінің алдында тұрған мәселелерге функционалдық (динамикалық) көзқарасты қалыптастыру керек; екіншіден, қазақша сөйлеу процесінде дыбысталу дағдысының және қазақ артикуляциялық базасының (дыбыстау мүшелерінің) сингармонизм заңына нық бейімделгенін анықтау керек еді. Ал, бұлардың ұйтқысы – сингармонизм заңы екендігі, сондықтан ол сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдылары мен артикуляциялық базаларды салыстырып зерттегенде айқын байқалады» [7, 7 б.] деп, болашақ зерттеушілердің алдына күрделі мәселе қояды. Егер сингармонизм мәселесін толық шешу керек болса, онда оны жеке бөліп қарамай, басқа тілдердегі өзі тектес тілдік бірліктермен жарыстыра қарастыру керек екенін ұсынады. Сонымен қатар сингармонизмді оның тілдік қызметі тұрғысынан байыптағанда ғана оның табиғатын дұрыс түсінетін боламыз. Басқаша айтқанда «Сингармонизм – сөздің фонетикалық және фонологиялық бейнесінің просодиялық таңбасы, сөз құрамындағы барлық дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» [7, 107 б.]. Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Сөйтіп сингармонизм қазақ тіліндегі күрделі құбылыс ретінде сөздің просодикалық белгісі екен, ол сөздің құрамындағы дыбыстардың бәрін қамтиды, соның нәтижесінде дыбыстардың басы бірігіп, бүтін бір сөзге айналады. Ендеше қазақ сөзі тек сингармонизм арқылы ғана дұрыс айтылады, сингармонизм арқылы ғана дұрыс танылады.

Алайда қазіргі қазақ тіл білімінде, оқулықтар мен оқу-құралдарында үндестік заңын тек дауыстылармен байланыстыру басым, тіптен үндестік заңына қатысты дауыссыздар ескерілмей қалып жатады.

Сингармонизм теориясының өзіндік пән ретіндегі қалыптасқан дәуірі өткен ғасырдың соңы болды. Қазақ тілтанымында сингармонизм құбылысына арналған зерттеулердің көпшілігі осы кезде пайда болды. Сингармонизм құбылысы түркі, оның

ішінде қазақ, тілі үшін бірегей белгі ретінде танылып, оның басты лингвистикалық қызметі ретінде сөзқұрауыштық (просодикалық) рөлін ғалымдар жаппай мойындады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1860.
2. Радлов В.В. Фонетика северных тюркских языков. Лейпциг, 1882 (неміс тілінде).
3. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. –Алма-Ата: Наука, 1981. –171 с.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. –М.: Наука, 1984. –484 с.
5. А.А.Реформатский. Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма. // Исследования по фонологии. –М.: Наука, 1966. –С. 186-198.
6. Абуов Ж. Перцептивная фонетика. –Алматы: КазГЮА, 1999. –226 с.
7. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. «Ғылым», Алматы, 1998. 215 бет.

СӨЗ МАҒЫНАСЫ КЕҢЕЮІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

Қоңырбай Назерке

6B020500-Филология мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Абдирасилова Г.Қ.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Сөз мағынасының өзгеруінің себептерімен шұғылданып жүрген тілші ғалымдардың еңбегімен танысқанымызда, олардан сөз мағынасының өзгеруінің екі себебінің бар екенін аңғарамыз. Бірі – сыртқы себеп, екіншісі – ішкі себеп, яғни таза лингвистикалық процестерге байланысты себеп. Сөз мағынасының өзгеруі тек сыртқы себепке ғана байланысты деуші ғалымдар да, ал керісінше, сөз мағынасының өзгеруі тек тілдік ішкі процеске ғана байланысты деуші ғалымдар да бар. Екі жақты пікірге сүйене отырып қарастырылды.

Тірек сөздер: Сөз мағынасы, сөз мағынасының кеңеюі, жаңа мағына, тілдік амал, жаңа сөз.

Тілдің лексика құрамының, ондағы сөз мағыналарының өзгерісі – тілде үздіксіз болып отыратын процесс. Оған түрлі себептер әсер етеді. Бұл туралы соңғы жылдары шетел және советтік лингвистикалық әдебиеттерде мәселе жиі көтеріліп, сөз мағынасының даму заңдылықтарының жүйелік жақтарын табуға ұмтылуда.

Сөз мағынасының өзгеруіне талдау жасағанда екі нәрсеге назар аудару керек сияқты:

1) жаңа мағынаның пайда болу себебі, 2) жаңа мағынаның даму жолы.

Кейде сөз мағынасының өзгеруінің себебін тілдік амал, тәсілдерімен (метафора, метонимия, синекдоха, қызмет ұқсастығы) шатастыру да бар. Бұлар жаңа мағынаның тууының себебі емес, тек жаңадан пайда болған ұғымдарды түр-түс, қызмет т.б. қасиеттеріне қарай көрсетудің тілдік техникасы, тәсілі болып саналады.

Біздіңше сөз мағынасының өзгеруін бір себепке ғана байланысты қарау – тіл-тілдің фактілеріне қарағанда қолайлы көрінбейді. Өйткені сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс, қоғамдық жағдайға байланысты жағы да, тілдік процестерге, тілдік жүйеге байланысты жағы да бар көрінеді.

Жаңа сөз, жаңа мағына, жаңа тіркес тілді қоғамның, оның шаруашылығының, өндірісінің, мәдениетінің дамуына байланысты пайда болуы мүмкін. Өйткені қоғамдық

өмірдің дамуы, оның жүйелеріндегі шаруашылық, әлеуметтік және саяси өзгерістер тіл дамуына әсерін тигізбей қоймайды. Әдетте қоғамның дамуы, сөз жоқ, болмыс, орталық, зат, құбылыс жайында ұғымның жаңаруына, тереңдеуіне, өзгеруіне, ақыры кеңеюіне әкеледі. Сыртқы жағдайға байланысты ұғымдағы жаңа сөз мағына мұқтажы туғыза, ол өзгерістер тілдік материалдар арқылы тіркеліп отырады. Бұл – үш жол арқылы қанағаттандырылады: басқа тілден сөз алу, сөз жасау және сол тілдегі бар сөздің атағыштық қызметінің көлемін, мағынасын кеңейту арқылы, яғни тілде сөздің өзінің мағынасын кеңейту арқылы жаңа ұғымды тіркеу, көрсету деген сөз. Сөз мағынасының кеңеюінің, өзгеруінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану қажет. Осыдан сыртқы жағдайға байланысты сөз мағынасының кеңеюі келіп шығады. Бірақ, сөз мағынасының кеңеюіне сыртқы қоғамдық жағдай алғы шарт болып әсер еткенмен, "...тілдік дамудың бағытын, сипатын белгілейтін негізінде тілдің тұтас бірнеше замандарының жемісі ретінде құрылымына тән ішкі бағыттары мен заңдылықтары болып табылады". Бұл сыртқы себепке байланысты тілде сөз мағынасының өзгеруі, сол тілдердің өзінің ішкі системасына (жүйесіне) байланысты көрінеді деген сөз. Олай болса, бұл процесс түбір, туынды сөздердің, тіркестердің, кейбір жұрнақтардың да мағыналарының, қызметтерінің өзгеруінен, кеңеюінен көрінуі мүмкін. Мысалы: *Сәкен мұғалім, колхоздағы лекторлар тобының жетекшісі екен.*

Жас ұрпақтың білімін онан әрі әрі көтерудің және оған коммунистік тәрбие берудің негізі болып табылатын оқуды қоғамға пайдалы өнімді еңбекпен ұштастыру жөнінде қолданылған шаралардың дұрыстығын және дер кезінде жүзеге асырылғандығын өмірдің өзі толық дәлелдеді.

Жаңа талаптар тұрғысында боламыз. ("С.Қ."). Республикамыздың еңбекшілері де XXIII съезд құрметінде жарысты барған сайын кең өрістетіп, ... табыстармен қарсы алғалы отыр. Англия атом жарылысын жасады ("С.Қ."). Біздің колхозда балалар бақшасының алғаш ұйымдасуы бұл емес-ті ("Қаз әйелдері"). Өздігінен білім алу ісін ұйымдастыруда көрнекті қайраткердердің бірі болғандықтан Надежда Константиновна оның әдістемесін жасап шығаруда көп жұмыс істеді (халық мұғалімі)

... біз Мәскеуде Кремльдің үлкен сарайында, коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс озаттарының Бүкіл Одақтық кеңесіне жиналды.

Жас талапкерлердің ауыл мәдениетін көтеру жолындағы күресінде... шыққан... шамшырақтар қаншама.

Бұл сөйлемде курсивпен берілген сөздер, сөз тіркестері қоғамдық өміріміздегі жаңалық, өзгерістерді тіркеу нәтижесінде мағыналарын өзгертіп, жаңартып тұрғандығын аңғарамыз. Бұл сөздердің, тіркестердің мағынасындағы, қызметіндегі жаңалық сол, тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы беріліп отыр. Сөйтіп қоғамдық жағдайға байланысты жаңадан пайда болған ұғымдар тіліміздің түрлі ішкі бағыттары мен заңдылықтары арқылы көрініп тұр.

Бұл тіркестердің, сөздердің жаңа мағыналары қоғамдық дамудың түрлі кезеңдеріне байланысты пайда болған.

Мәселен, одақ ұлт республикалары құрылуына байланысты, балалар бақшасы – колхоз құрылысынан бері, коммунистік еңбек деген мағынадағы тіркес соңғы жылдар ішінде еңбекке шын мәнінде коммунистік көзқарастардың нәтижесінде пайда болып отыр. Тіліміздегі сөздердің мағыналарының өзгеруі, жаңаруы, кеңеюі – қоғамдық дамудың бір кезеңінің, дәуірінің жемісі емес, әр дәуірінің кезеңдерінің жемісі. Сыртқы себепке байланысты тілімізде сөз мағынасының өзгеруі, дамуы, кеңеюі фактісін жүздеп санауға болады.

Тілдік ішкі себепке байланысты сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы мәселесі қай тілде болмасын өте аз зерттелген.

Тілдік ішкі себепке, процеске байланысты сөз мағынасының өзгеру, жаңару фактісі тілімізде ертеден келе жатқан тарихи фактор деп қараймыз.

Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген: биыл, былтыр, бүрсігүні, бүгін, күндіз, күнбағар, қолғап, түрегел, жұнт, ұл, қатын, жұрағат, түнеу (түн анау), бала, таяқ, құз сияқты сөздер тіліміздің тарихи даму барысында мағынасын өзгертіп, жаңартып, кеңейткенін байқаймыз.

Бұл сөздерді өз ара екі топқа бөліп қараймыз. Бірінші топқа түрлі ішкі себептерге байланысты мағынасы өзгерген дара сөздер жатады да, екінші топқа сөздердің бірігу арқылы мағыналары өзгерген сөздер жатады.

Бірінші топқа: биыл (бұл-йыл), түнеу, (ту-анау), күндіз (күннің жүзі) бүгін, (бұл күн) сияқты екі түбірден бірігіп жаңа мағынада қолданылып тұрған сөздер жатады. Бұлар көптеген дәуірлердің барысында дыбыстық өзгерістерге ұшырап, қалыптасқан көрінеді. Ол дыбыстық өзгерістер тілдің ішкі заңдылықтарына, жүйесіне байланысты екені аңғарылады.

Бұл жерде фонетикалық заңдылықты айту керек. 1) л түркі тілдерінде түсіп қалғыш, 2) л түспеген күнде де к г-ге айналады да, бұлгүн болады. Л түсіп бұ таңда, бұ жазда деген сияқты, бұ гүн болып айтылып күн деген сөздің к-сі г-ге айналып кеткен. Сондықтан бір буынды сөздерде және көп буынды сөздердің бірінші буынында ғана жазылатын, әрі анық айтылатын қысаң у-і-ге ауысқан. Сөйтіп бұл күн деген сөз бүгін болып қалыптасқан.

Екінші топқа ұл, жұнт, жұрағат, қатын, бала, таяқ, құз, қырқын, бұрқан, ая, жұрнақ, үрім сияқты түбір сөздердің мағыналарының тілдік түрлі процестердің нәтижесінде өзгеріп, жаңарып, кеңейгені я тарылғаны жатады. Толық мәлімет кейініректе берлімек. Бірер ғана мысал келтірейік.

Ұл сөзі мағынасының өзгеруін қарастырайық. Бұл сөз барлық түркі тілдерінде бар. Түрлі фонетикалық варианттарда, бірақ бір мағынада кездеседі.

Бұл сөз ежелгі түрік халықтарының ескерткіш жазбаларында *оғлақ –қозы лақ* мағынасында қолданылғанын байқаймыз. Бұл мағынасы қазіргі кейбір түркі тілдерінде сақталған. Мәселен, азербайжан, түрікпен, түрік тілдерінде қазірде *оғлақ* формасында қолданылады. Ал кейбір фонетикалық өзгерістермен *улақ* формасында қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде де қолданылады. Ал кейбір солтүстік шығыс түркі тілдерінде *оғлақ* сөзі басқа мағына алып кетті, яғни бала мағынасында қолданылады. *Мысалы, хакаста оолах (мальчик), тувада оолак (сынышка) т.б.*

Бұл фактілерден мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты. Әуел баста ұл деген сөз адамның да, малдың да балаларын көрсететін жалпы термин болып, жүре келе түрлі тілдік ішкі процестердің нәтижесінде сараланып, сұрыпталып, ақыры *оғлақ-оғлан-оғул-ол-ұл* болып қалыптасқан, бір варианты (*оғлақ- улақ-лақ*) малға байланысты қолданылып, екінші варианты қысқара, тарыла келіп, өзгере келіп (*оғлан-оғул-ул*) барлық түркі тілдерде ұл мағынасында қолданылады.

Жұрағат. Бұл сөз қазақ тілінде ұрпақ, тұқым, өрен-жаран мағынасында қолданылады. Ал бұл сөз ежелгі түркі тілінде басқа мағынада қолданылыпты. Махмұд Қашқаридың сөздігінде "ұрағыт йіп ігiрдi (қатын жіп иiрдi)"¹ деген сөйлемді оқимыз. Бұған байланысты тағы бір айта кететін нәрсе қатын деген сөздің мағынасының өзі бірнеше құбылғаны байқалады.

Әуел баста қатын деген сөз хан, бек, төре қыздарының лауазым атауы ретінде қолданылған. Оған ұрағат қатыланды (қатын, қыз сипатына түсіп әсемденді) деген мағынада айтылу айғақ бола алады. Бұл кезде қыз сөзі де болған, бірақ бұл сөз (қыз) жалпы қара халық, бұқараның атауы ретінде қолданылған көрінеді. Оған қыз бұзиды (қыз билейді), қыз аялады (қыз алақанына салып әлпештеді) деген сөйлемдер дәлел бола алады. Бұл фактілер тіліміздегі жұрағат, қатын, қыз деген сөздердің мағыналары

негізінен тілдің ішкі даму процесіне байланысты бастарынан түрлі мағыналық өзгерістерді өткізген.

Кейбір басқа тілден енген сөздер де тіліміздің жүйесінің ішкі ерекшелігіне, заңдылықтарына, себептеріне, әсеріне байланысты мағыналарын өзгертіп, жаңа мағынада қолданылып кеткенін білеміз. Мысалға, самұрық (парсыша: шаһ мұрық – патша құс), ар, сахар (өте ерте) сөзімен қазақтың ас сөзі бірігіп сәресі деген сөздердің жасалғанын келтіруге болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі қарлығаш сөзі қара-ала құш деген үш сөзден қысқарып, кіріге формаларын өзгертіп, бір-ақ атау мағынасына ие болып кеткенін байқаймыз.

Бұл фактілерге байланысты А.Ысқақовтың мына сөзін келтіруді орынды деп білеміз. "Тіл-тілдегі айғақтарға қарағанда, көптеген сөздер, тек сыртқы пішіндерін зөгерткенімен ғана тынбай, мазмұндарын да біртін-біртін ауыстырып, бастапқы мағынадан басқа бір мағынаға көшіп отырған. Ондай мағына ауысу құбылысы бірде сөздің сыртқы дыбыстық жамылышының өзгеруіне байланысты болса, бірде сол дыбыстық жамылыштың бәлендей үлкен өгеріске ұшырауынсыз-ақ та болып отырған"– деп көрсетеді.

Міне, тілдік ішкі себепке байланысты сөз мағынасының өзгеруінің көне түрінің тіліміздегі көріністері ретінде осыларды айтпақпыз. Бұл жағдайда тілімізде қазір де кездеседі.

Тілімізде кейбір сөздердің тілдік ішкі себепке байланысты мағыналарының өзгеріп, сұрыпталуы қоғамдық дамуға сай ғылымның, мәдениеттің дамуына байланысты, орыс тілінің құнарлы ықпалына байланысты туып отырған процесс екені айқын. Бұл процесс те негізінен көне дәстүр ізімен жасалуда. Мәселен, бұрын бір мағынада қолданылып келген бірнеше сөздер, қазір мағыналық ерекшелігі бар әр түрлі ұғымдарды білдіру үшін сыртқы түрін өзгертіп қолданылып, қалыптасып та кетті. Мысалы: оқиға (событие), уақиға (происшествие) қазір (сейчас), әзір (готов), ілім (учение), ғылым (наука), мәлімет (сведение), мағлұмат (представление), өкіл (представитель), уәкіл (уполномоченный), өкімет (власть), үкімет (правительство), ауру (болезнь, больной), ауру (болеть). Бұл сөздерді айтқанда тыңдаушы бұлардың мағына ерекшеліктерін толық түсінетін жағдайға жетті.

Сөздердің бірігуі арқылы да сөз мағынасы өзгеріп, жаңарады. Бұндағы бір ерекшелік компоненттер тұлғасын толық сақтайды. Мысалы: еңбеккүн, көзқарас, шекара, жалақы т.т.

Кейде сөз мағынасының өзгеруі, дамуынан бұл екі себептің араласып келетін, аралас көріністерін де байқаймыз. Мәселен, еңбеккүн, өкімет, үкімет деген сөздердің мағыналарының сұрыпталуында, бір жағынан, сыртқы себеп әсерін тигізіп отырса (мемлекеттік екі органды айыру мұқтаждығын себеп болып отырса), екінші жағынан, бұлардың ішкі дыбыстық мағыналық жақтары да рөл атқарады. Бұнда орыс тілінің ықпалын айрықша атап өту жөн.

Міне, сөз мағынасының өзгеруінің, дамуының сыртқы, ішкі себептері дегенде осыларды айтпақпыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Қалыбаева. Қазақ тілі лексикасының даму жолдары. «Социалистік Қазақстан», 1951;
2. Н.Сауранбаев. Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері. «Халық мұғалімі» 1947.
3. М.Балақаев, Е.Жампейісов, М.Томанов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961.
4. Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің лексикасы (доктор. диссертация), 1960ж

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Шері Нұрай

6B020500-Филология мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Абдирасилова Г.Қ.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Жеке сөздерге тән эмоциональдық-экспрессивті бояу тұрақты сөз тіркестерінде де болады. Яғни бұрыннан қалыптасып тұрақталған айрықша экспрессивті бояулы сөз тіркестері болады. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесін сол дайын күйінде пайдаланып, сөйлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесі сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы: *үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан* деп жағымды образ туралы айтылса, *қоян жүрек, тас бауыр, жұмыртқадан жүн қырыққан* дегендер жағымсыз образ жайында айтылады. Мысалдарда экспрессивті тұрақты сөз тіркестері адамның бойында болатын жағымды және жағымсыз қылықтарды әсерлі бейнелейді. Мақалада фразеологизмдердің стилистикалық қызметі сөз болады.

Тірек сөздер: фразеологизм, стилистикалық қызметі, сөз тіркесі, фразеологиялық единица.

Тұрақты сөз тіркестері тілімізде екі түрлі қызмет атқарады. Бірінші, фразеологиялық единицалардың негізгі қызметі – заттың не құбылыстың атын білдіреді. Мысалы, *құрмет тақтасы, қырғи қабақ соғыс, қызыл алаң т.б.* Сонымен бірге сөйлем түрінде де келіп, пікір алысу құралы болатын тілдің элементі болады. Мысалы, *Көзім ашылды, Аузын ашып қалды, Жақсыдан жаман туған, т.б.* Екіншіден, фразеологиялық единицалар тілімізге образды; бейнелі және мәнерлі рең беруде, тіліміздің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыруда зор мәні бар. Тұрақты сөз тіркестерінің осы қызметі стилистика үшін үлкен маңыздылыққа ие. Сондықтан бұл мәселеге айрықша тоқталу керектігін ғалымдар: М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде айрықша атап көрсетеді. «Фразеологиялық единицалар тілімізді көркем, бейнелі етіп, оған айрықша өң береді. Ол сөйлеу, және жазу тілімізде ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерін және басқа да бейнелі сөз орамдарын орынын тауып, нақтылы дәл қолданумен байланысты», - деп көрсетеді. [1,83] Образдылық- тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиет. Мысалы, *алдану – тақырға отырып қалу; момын – аузынан шөп алмас; алыс- ит арқасы қиянда; жас- бесіктен белі кетпеген, т.б.* Бұл тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы компоненттерінің бәрі де ауыс мағыналы сөздер. Мұндай сөздер – айтылатын ойды бейнелі және әсерлі жеткізу үшін таптырмайтын тілдік құрал. Бірақ фразеологизмдер ылғи метафоралы болып келе бермейді: *аңдықан ауыл болмас; сақтықта қорлық жоқ; сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу; мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл; қыс азығын жаз жина; игіліктің ерте-кеші жоқ, т.б.* Бұлар – алуан түрлі ұғым, зат және табиғат, құбылыс жайындағы кіші-гірім көркем шығарма тәрізді. Ондай сөз орамдары, ақыл - кеңес ретінде жұмсалады. Мұндай қасиет көбінесе мақал-мәтелдерге, нақыл сөздерге және шешендік сөздерге тән болады. Ал ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерінің өзі де ылғи образды болып келмейді. Мысалы, *үйдің қабырғасы мен қабырғамен кеңес* деген сөз тіркестерін алайық. Бірінші, *үйдің қабырғасы* деген мағынада алынған метафоралы тіркес, бірақ образдылық қасиеті жоқ. Екінші, *қабырғамен кеңес* сөз тіркесін алсақ, бұл тек ауыс мағынадағы метафоралы сөз тіркесі ғана емес, сонымен бірге образды ойға құрылған және оның жеке сөз

түрінде жұмсалатын эквиваленті-сыңары бар. Яғни, *қабырғамен кеңес* деген **ақылдас** дегенді білдіреді. Фразеологизмдер өздерінің бейнелік құрылысы жағынан да әр алуан болып келеді. Онда тұрақты эпитет, тұрақты теңеу, тұрақты әсірелеу сияқты поэтикалық тіл үлгілерінің бәрі де бар: Тұрақты эпитет: *бұраң бел, қыпша бел, ай қабақ, сүмбіл шаш, алма мойын, ариын төс, жылқы мінезді, айыр тілді, т.б.*

Тұрақты теңеу: *атқан оқтай, иненің жасуындай, көздің қарашығындай, қордың қызындай, инемен құдық қазғандай, есектің миындай, торғайдың миындай, көзге біткен сүйелдей, тонның ішкі бауындай, сөзі түйеден түскендей, т.б.*

Тұрақты әсірелеу: *көл-көсір, телегей-теңіз, көп түкірсе көл болады, әлемде теңі жоқ, ай десе аузы, күн десе көзі, көзі шарасынан шығу, жаны мұрнының ұшына келу, көзді ашып-жұмғанша, қара қылды қақ жарған, қырық жамау, көзді ашып-жұмғанша, қырық күн ойын, қырық күн тойын, көзге біткен сүйелдей, сөзі түйеден түскендей, тонның ішкі бауындай, т.б.*

Тұрақты литота әсірелеуде белгілі бір затты немесе құбылысты өте кішірейтіп сипаттайды. Мысалы, *тізе бүкпеу, кірпік қақпау, бел жазбау, тірі жан жоқ, дүниені бір уыс қылу, бір тарының қауызына сыйғызу, иненің жасуындай, тіс шұқитын шөп таба алмау, темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей болу, т.б.*

Шендестіру (антитеза) жолымен құрылған тұрақты сөз тіркестері: *мың асуға бір тосу, бірде бие, бірде түйе, біресе көл, біресе шөл, түздегі май ішсе, үйдегі зәр ішеді, т.б.* Антонимге құрылған мақал-мәтелдер: *көп тыңда, аз сөйле, бетегеден биік, жусаннан аласа, еріншек егіншіден елгезек масақшы озады, сенің атың тұра тұрсын, менің атым жүре тұрсын, т.б.* Фразеологизмнің ішінде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы құрылған антонимдік құбылыстарда фразеологиялық антонимдер байқалады: *жүрек жұтқан, су жүрек, көк ми, маңдайы кере қарыс, ат ізін салмау, күн құрғатпау, көзі ашық, әліпті таяқ деп білмеу, жердің жеті түбі, осы тқрған жер, т.б.*

Оксюморон - мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өз ара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: *тірі өлік (тірі аруақ), тірі жетім, жаман жақсы көру, уәдеден шығу* (уәдесінде тұрды деген мағынада айтылады), *жіпсіз байлану, пышақсыз бауыздау*, сондай-ақ, *қайырсыз пайдадан қайырлы залал, тікеннен гүл, заһардан бал, қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер, қаппаған қашар сиырдың уызына жерік болу, ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жеткенде, т.б.* дегендердің әзіл-ойын аралас келетін сөйлеу тілі фразеологизмдердің оксюморонға ұқсастығы байқалады.

Дамыту: *оқу-білім бұлағы, білім – өмір шырағы, тай құнанға жеткенде, құнан атқа жеткенде, ат мұратқа жеткенде, т.б.*

Параллелизм: *киім кірі жуса кетер, көңіл кірі айтса кетер, гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі, сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес, т.б.* Бұл құбылыс мақал-мәтелдерде және афоризмдерде жиі кездеседі.

Анафора деп сөзді не сөйлемшені сөйлемнің басында бірыңғай қайталауды айтады. Мысалы, *бояушы, бояушы дегенге сақалын бояйды, көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады, т.б.*

Эпифорада қайталанатын сөз керісінше сөйлемнің аяғында келеді. Мысалы, *жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла, аласаны атқы санама, жақыныңды жатқа санама, аштық ас талғатпайды, ашықтық жас талғатпайды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ, т.б.*

Қайталаудың бұл түрлері **каламбурдың** жасалуына негіз болады. *Дүниеқор-дүниенің құлы, қаппаған қашар сиырдың уызы, бояушы-бояушы дегенге сақалын бояйды, жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ* деген мысалдар түбірлес сөздердің әр түрлі мағынада қолданылуы арқылы жасалған каламбурлар.

Фразеологизмдерге бейнелік, мәнерлік сипат беретін дыбыс үйлесімі – ырғақ

және ұйқас болады. Фразеологизмдердің бірқатары өлең сияқты үйлесімін сақтап, ырғаққа, ұйқасқа құрылған. Мысалы, *сабыр түбі- сары алтын, сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа, қысыла –қысыла қыз болдым, айтпа, айтқаныңнан қайтпа, аманат, аманатқа қылма қиянат, т.б.* Фразеологизмдердің өлең тәрізді осындай ырғаққа, ұйқасқа құрылуының өзі кездейсоқ емес. Тұрақты сөз тіркестерінің ұмытылмай ұзақ уақыт өмір сүруінің сыры осы ырғақ пен ұйқасқа құрылуында болып отыр. Өйткені, ырғақ, ұйқасқа құрылған мақал-мәтелдер мен шешендік нақыл сөздер белгілі бір қалыпта айтылып көңілге қонымды, жаттауға оңай келеді. Бұл жалпы фразеологизмдердің табиғатына тән қасиет. Осы айтылған фразеологиялық бейнелік мәнерлегіш тәсілдердің барлығы дерлік дайын тілдік единица ретінде жұмсалады.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әр түрлі көңіл күйіне байланысты жұмсалады. Мысалы: *көзімнің қарашығы! Іске сәт! Қара басқыр! Неткен сұмдық!* Тәрізді экспрессивті сөз тіркестері тілімізде әр түрлі жағдайда қолданылады.

Эмоционалды-экспрессивті сөздердің тіркесін ғалымдар мына төмендегідей бірнеше топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа *үріп ауызға салғандай, іші-бауыры елжіреген, емешесі құрып, сор маңдай, қу табан, тас бауыр, ит екеш иттен де бір сүйек қарыздар* сияқты жағымды және жағымсыз образды сипаттайтын эмоционалды-экспрессивті тұрақты тіркестерін жатқызуға болады. Екінші топқа адамның әр түрлі көңіл күйін білдіретін тұрақты тіркестер жатады. Бұл топқа жақсы көру, еркелетуге байланысты қолданылатын тіркестер: *көзімнің қарашығы, жан қалқам, т.б.* жатқызуға болады[1.87].

Тілек мәні бар тіркестер: *іске сәт, құтты болсын, оң сапар, қайырлы болсын, бақытты бол, мұратқа жет, үбірлі-шүбірлі бол, т.б.*

Қарғыс мәнді тіркестер: *тумасаң туа шөк, сеспей қат, қата қал, тілің қырқылсын, жер жастанғыр, жағыңа жылан жұмыртқалағыр, көзіңе көк шыбын үймелесін, қара бет, мойның үзілсін, көк соққан, жолың болмағыр, т.б.* Көптеген сөз тіркестері интонация, ырғақпен айтылады. Бұған саяси-әлеуметтік ұранда, сөйлеу тілінде жұмсалатын сұраулы және лепті сөйлемдерді жатқызуға болады. Мысалы: *Халықтар достығы жасасын! Бейбітшілік үшін! Неткен сұмдық! Өкінішті-ақ! т.б.*

Кейбір сөз тіркестері (әсіресе еліктеуішті қос сөздер) бейнелеу, көріктік сипат беру қызметін атқарады. Мәселен, *маң-маң басқан* тіркесі әдемі, маңғаз жүрісті көз алдына елестетсе, *бүрсең-бүрсең* қос сөзі суықтан қалтырап немесе кәріліктен еңкейіп, бүрсеңдеп бара жатқан адамның кейпін көрсетеді. *Қонаң-қонаң, сылаң-сылаң, маймаң-маймаң* сияқты еліктеуіш сөздердің де бейнелік сипаты күшті.

Көптеген фразеологизмдердің (әсіресе мақал-мәтелдердің) эмоционалды-экспрессивтік бояуы контексте анық сезіледі. Жоғарыдағы айтылған тұрақты сөз тіркестері құрамы жағынан бірыңғай, біркелкі болып келмейді. Фразеологизмдер де жеке сөздер тәрізді адамдардың бір-бірімен жасайтын қатынасының түріне қарай жұмсалып, олардың қолдану аясы не кеңейіп, не тарылып отырады. Мұның себебі тұрақты сөз тіркестерінің белгілі бір қатынас түрінде, көбірек қолданылып, сол стильге тән болуынан. Өйткені тілдің өзі бірнеше стильдердің жиынтығы болып келеді де, ол стильдердің әрқайсысының өзіне тән тілдік тәсілдері болады. Фразеологизмдердің осылайша белгілі бір стильге телінуі оның экспрессивті қасиетін түрлендіріп отырады. Сонымен бірге фразеологизмдердің қолданылу ерекшелігін де байқатады. Жоғарыда келтірілген *тайға таңба басқандай, атқан таңдай, соқырға таяқ ұстатқандай* сөз орамдарын алатын болсақ, олардың қолданылу аясы бірдей емес. Бұлардың алдыңғы екеуі көркем сөз бен публицистикаға бейім болса, *соқырға таяқ ұстатқандай* тек қарапайым сөйлеуде қолданылады. *Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді* мен *сыыр су ішсе, бұзау мұз жалайды* сөз тіркестері де осындай екі түрлі

жұмсалады. Жалпы сөйлеу тілі фразеологиясының көпшілігі жағымды және жағымсыз эмоцияны білдіруге негізделген. Сондықтан олардың бейнелегіштік қасиеті айрықша сезіледі. Мәселен, *үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан, жұмыртқадан жүн қырыққан, қу бастан қуырдақтық ет алған т.б.*

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде сөйлеу тілі ыңғайында көбірек пайдаланылатындары-идиомдар. Ал, мақал-мәтелдердің қолданылу аясы идиомдарға қарағанда кеңірек, өйткені мақал-мәтелдер бейтарап қолдануға бейім келеді. Сонымен қатар фразеологизмдердің ішінде кітаби-жазба стильдерде жұмсалып танылғандары аз емес. Оларға жазба тіл негізінде қалыптасқан, кітаби сипаттағы сөз тіркестерін жатқызуға болады. Міне, тіліміздегі ір алуан фразеологизмдерді бір текті, бірыңғай қолдануға болмайды. Сондықтан фразеологизмдерді экспрессивті-стильдік бояуына қарай бөліп топтастыру ыңғайлы. М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев «Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде былай топтастырады:

1. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер.

2. Сөйлеу тілі фразеологиясы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы Алматы, 1974 ж.
2. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері Алматы, 2002 ж. 664 б.
3. А.Қайдаров Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке Алматы, 1998ж.
4. Ғ.Қалиев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы А., 2003 ж, 242 б.
5. Смағұлова Фразеологизмнің варианттылығы Алматы, 1996ж
6. Н.Уәлиев Фразеология және норма Алматы, 1998ж.
7. І. Кеңесбаев Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 2001ж.
8. Г.Смағұлова Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. Алматы, Елтаным, 2010ж.

МРНТИ 712'583

ЭТНОФРАЗЕОЛОГИЗМ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРСЕТКІШІ

Қазанбаева А.З

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Түйіндемесі: Мақалада этнофразеологизмдердің қолданысы, берілу жолдары, этностың табиғатымен байланыстылығы, көркем мәтіндегі қызметі жан-жақты сөз етілген. Этнофразеологизмдерде ұлттық дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің көрініс беретіні жайында мәселелер қарастырылады. Этнофразеологизмдер ұлт пен мәдениетті байланыстыратын ұлт тіліндегі лексикалық қорымыздың байлығы болып табылатындығы айтылған. Көркем шығармадан алынған мысалдар негізінде этнофразеологизмдердің тілдік табиғаты анықталған. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс - тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні айтылған. Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жаңадан дамып келе жатқан саласы-этнолингвистика болып табылады. Этнолингвистиканың бір арнасы этнофразеологизмдер болып табылатындығы қарастырылған.

Тірек сөздер: этнолингвистика, этнофразеологизм, этномәдени лексика, материалдық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық колорит, рухани мәдениет.

ETHNOPHRAZEOLGY - AN INDICATOR OF NATIONAL CULTURE

Abstract: In article features of the use, ways of transfer, function of ethnophraseological units of Kazakh in the art text are considered. Ethnophraseological units are defined as special layer of the phraseological units which are directly connected with ethnos. The national outlook, customs and traditions of the people are reflected in them. Ethnophraseological units are rich layer of lexical fund of national language in which communication of language with culture is brightly traced. Authors of article on concrete examples from the art text define the language nature of ethnophraseological units. It is about the reflection of language in history, culture, literature, traditions and customs, in the worldview of the nation. Ethnolinguistics is a recently developing field of linguistics that studies the relationship between language and culture, as well as the interaction of linguistic, ethnocultural and ethnopsychological factors in the functioning, formation and development of language. It is considered that one of the channels of ethnolinguistics is ethnophraseology.

Key words: ethnolinguistics, ethnophraseology, ethnocultural vocabulary, material culture, national worldview, national color, spiritual culture.

Қазақ тілінде этнофразеологизмдердің тілдік табиғаты қолданыс аясында айқын көрініп, олардың этнографиялық көрінісі әртүрлі тілдік фактілермен ерекшеленіп, ұлт тілінде тарихи сипатқа ие болады. Этнофразеологизмдер этнос өмірінде туындап, өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды суреттеп, тіл әлемінде ерекше қолданылып, айрықша мағынаға ие сөзқолданыстардың бірі болып табылады.

Тіл, мәдениет, өркениет өзара бір-бірімен сабақтастықта әрі үйлесімділікте өмір сүретіні мәлім. Кез-келген тілдің бірліктері сол ұлттың дүниетанымы, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігіне байланысты рухани және материалдық мәдениеті жөнінде мол мағлұмат береді. Тіл этностың

бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылады, сонымен қатар ұлт тіліндегі этномәдени лексика ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, оның мәдени мұрасы ретінде мәңгі сақталады. Кез келген тілдің көрінісі халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс - тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні мәлім. Тілді мәдениетпен байланыстыра зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және қалыптасуындағы, дамуындағы лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жаңадан дамып келе жатқан саласы- этнолингвистика болып табылады. Этнолингвистиканың бір арнасы этнофразеологизмдер болып табылады.

Тіліміздегі этнофразеологизмдер – лексиканың ең бір негізгі саласы, тіл байлығының көрсеткіші болып табылады. Тұрақты тіркестер өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлік қасиетіне байланысты көркем шығармада молынан қолданылып, олар адамның тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді. Қазіргі тіл білімі тілді адам мен ойлаумен, сана- сезіммен байланыстыра үйретуге тырысумен қатар тілдік фактілерді де тілдік тұлғамен және ұжыммен тығыз ара-қатынаста зерттеумен де ерекшеленеді, бұндай жағдайда тілдің ұлттық – мәдени ерекшеліктеріне, сонымен қатар тілдік бірлікті зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді.

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт – санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясымен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін

ұлттық қолданыс болып табылады. Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл – рухани күш. Демек тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады.

Этнофразеологизмдер ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмыстағы ерекшеліктер, тарихи-мәдени болмыс, ұлттық дүниетаным және ұлт тіліндегі басқа да көріністер арқылы суреттеледі. Мысалы: «қол қусырып қой сою» – құрмет көрсету, қонақжайлылықты білдіреді, «құрсақ шашу», «бетке ұн жағу», «құда түсіп құйрық жеу» секілді этнофразеологизмдер келін немесе күйеу баланың келу құрметіне байланысты қолданылады. Бұл этнофразеологизмдер қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерінен көрініс береді.

Ұлттық танымның фразеологияда көріну себебі ол тілден тыс шындықты бейнелейді. Тілдің басқа да көптеген құрылымдық бірліктері сияқты, фразеологизмдер де кумулятивтік қызмет атқарады. Этнофразеологизмдердің кумулятивтік қызметі культтік – мифологиялық және ұлттық таныммен байланысты туған үлгілерден анық көрінеді.

Этнофразеологиялық қор негізінде мәдениет пен тілдің арасындағы байланысты көрсету – қазіргі тіл білімінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Кез – келген тілде ерте дамыған жазба мәдениет дәстүрі, халық тілінің даму динамикасы көрініс береді. Тілдің этнофразеологиялық қоры – сол тілде сөйлейтін жекелеген ұлттардың мәдениет танымның айнасы. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын этнофразеологизмдердің орны – әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау – адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистика туралы: «Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым»-деген анықтама бере отырып, тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың, байытудың көздері ретінде этнолингвистикалық арналарды ұсынады: 1. Баламалар. 2.Тұрақты теңеулер. 3.Фразеологизмдер. 4.Мақал-мәтелдер. 5.Жұмбақтар. 6.Ауыз әдебиеті үлгілері [1,8].

Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистиканың негізгі зерттеу нысаны этнолексика, олардың көпшілігі тілімізде көп қолданылатын фразеологизмдер және мақал-мәтелдер екендігін баса айтады. «Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [1,18]. Демек этнолингвистикалық арналардың бірі болып табылатын фразеологизмдер – халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі. Солардың бірі – тілімізде айрықша қолданылатын этнофразеологизмдер.

Тілдің этнофразеологиялық қорында тұтас бір мәдениеттің сарқылмайтын байлығы жататыны мәлім. Өйткені, тіл мен мәдениет өзара қарым-қатынаста өмір сүреді, сондықтан да тіліміздегі этнофразеологизмдер ұлт тілінде айрықша орын алады. Кез-келген тілдегі этнофразеологиялық қорды сан жағынан әрі мазмұн жағынан байытып тұратын фактор – сол тілде сөлейтін халықтың рухани және материалдық мәдениеті. Этнофразеологизмдер – халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет- ғұрпын, тарихи кезендерін, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал болып табылады. Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт – санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті және сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады.

Этнофразеологизм – белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер. Мәселен, азан шақырды, бас құда, қалың мал, дөнен қымыз, шаңырақ көтерді, ерулік берді, еншісін берді, тұсау кесті, қырқынан шықты, үйірімен үш тоғыз тағы басқалары секілді этнофразеологизмдер өзге ұлттарда кездесе қоймайды. Негізінде этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы белгісі, бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тіл арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен.

Сонымен, этнофразеологизм дегеніміз – этнос болмысына қатысты фразеологиялық бірліктердің жиынтығы, синтезі.

I. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» қазақ ұлтына мейлінше жақын фразалық тіркестер жинастырылды және көркем әдебиеттен мысалдар алынды [2]. Сөз таптарына қатыстылығына байланысты сөз етсек, олардың ішінде мол кездескендері зат есім, етістік тіркестер. Қазақ тілінде де, басқа түркі тілінде сияқты фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөледі.

Жалаң етістікті фразеологизмдер үлгісіне: аза күтті, айтұяқ шалды, бақан аттар, бата қылды, бәйге тікті, бата оқыр және тағы басқалары жатады.

Күрделі етістікті фразеологизмдердің вариант қатарларына мысалдар: аза күтті / аза қылды, жаназа оқыды / жаназасын шығарды; жолын қылды / жол алды және тағы басқа күрделі етістіктер – тұрақты тіркестер, яғни идиомаланған тіркестер.

Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге қарағанда күрделі, сонымен қатар, оның парадигмалық жіктелуі де бай. Бұл ретте компоненттер құрамындағы ауыстырылып отыратын мәнделс, мағыналас, синоним етістіктерінің алатын орны ерекше. Фразеологизмдердің варианттылығы жайында ғалым Г. Смағұлованың еңбегінде жан- жақты қарастырылып, нақты мысалдар негізінде түсіндірілген [3,128]. Фразеологизмдердің вариант қатарларының саны көп. Мысалы: *екі қатарлы*: қол ұстату / қол ұстатар, аужар айту / ; *үш қатарлы*: азан айтты / азан шақырды / азан салды; *төрт қатарлы*: ит әуреге салу / ит әуреге түсіру / ит әуресін шығару / итін шығару; *алты қатарлы*: есік көре келу / жыртыс сала келу / қол ұстау / күйеуге есік аштыру / есік аша келді / қоржынын апарды. Яғни, ескі салтта күйеу жағы қалыңдықтың жасау жабдығын үлкен тойдан көп бұрын, тіпті бір жыл бұрын апарып, күйеуді қалыңдық еліне көрсетіп, көп ырым-салттардан өтіп қайтатын болған. Сол барысты осылай атаған. Онан соң күйеуге есік аштырады. Мұның мағынасы күйеу бірнеше адам жолдас ертіп, қайынына келеді. Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстау деп те аталады. (М.Ә.) Қазақ тілінде де басқа түркі тіліндегі сияқты етістіктің аналитикалық түрлері өте көп [2, 55-60.]

Осыға орай, фразеологизмдердің вариант қатарларының біразы есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы көбейе беретіні жоғарыда көрсетілген мысалдардан айқын аңғарылады. Көмекші етістіктермен түрленуі арқылы компоненттер саны да өзгермелі болады. Мысалы: аза күтті, аза қылды. Өлген кісіні жоқтады; қаза тапқан кісінің басы қасында болды. Қырық күн азасын күткен қыршын жас ел қабырғасын қайыстырып кетті. (ауызекі тіл)

Ақ арулап жөнелтті, ақ арулап қойды. Өлікті мейлінше қадірлеп, бар кәдесіне жасап қойды, жерледі. Ең соңғы рет түнетеді үйіне, ақ арулап жөнелтеді және де тағы басқалары. (М.Әуезов)

Етістік мағыналы фразеологизмдерді құрамындағы компоненттердің сөз табына қатысын анықтауда қолымыздағы жинаған материалдарға жүгінсек, бірнеше конструкциясының бар екенін байқадық. Мысалы, зат есім + етістік.

Аза салды. Қаралы үйге жиын асына, асқа деп, үлес-сыбаға беру. Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарды. Және азаға салғаным деп, Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды. (М.Ә.)

Азасын өткерді. Қайтыс болған кісіні арулап жөнелтті. Әбіш сол (1919) жылғы көктемге қарай қайтыс болды. Ғабит екеуіміз оның азасын қолдан өткердік. (С.Мұқанов)

Айтұяқ шалды. Құрбандыққа мал сойды. (діни сенім бойынша «құдайға құлшылық» істеп, аяулы малын садақаға сою.) Айтұяқты бозқасқа салып, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты. (Т.Ахтанов)

Сонымен қатар, этнофразеологизмде салт-дәстүрге байланысты айтылатын тұрақты тіркестер сонау ерте заманнан келе жатқан салт болып табылады. Осыған орай салт-дәстүрде қыз ұзату тойына байланысты да этнофразалық тіркестер кездеседі.

Неке қияр; Неке оқу; Неке суы. Ескі салтта бұл бір-біріне жар болуға ризалық беру, жұптыққа адалдық, айнамастық серт ету, бұған көптің куәлігі.

Қол ұстату; Шаш сипату. Күйеу мен қалыңдықтың бір-біріне жар болуға ризалығы болған соң, күйеу тарапынан қалыңдыққа жасалатын ризалық көңіл білдіруі, құрмет көрсету ізеті. «Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы.» (М.Ә)

Қалыңдық ойнады. Ұрын келіп бетін ашқан күйеу қалыңдығына келіп, ойнап-күліп жүруге ерікті болған, қыз бен жігіт бір төсекте жата беретін болған. Осы салтты «қалыңдық ойнады» деп атаған. (М.Ә.)

Бәйге тікті. Озғанға берер жүлдесін атайды. Ал Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуанның қайсысы, бәйгенді тік! (М.Ә.)

Бата қылды. Өлген кісінің үйіне барып, дұға етіп, артына қалғандарына көңіл айтты, ас қайырды. Қолымда туған адам еді, Мұқаң марқұмға бата ғып қайтайын деп талпындым. (С.Мұқанов).

Қалжа жеді. Әйел босанғаннан кейін жас сорпа-шіп әлденеді деген мағынада. Тақсыр, Жиренше жаңа ғана жас босанып, қалжа жеп жатыр еді» («Хан мен Жиренше»).

Кәдесін алды. Жолын алды. Салтқа байланысты жолмен сыйлық, бұйым сияқты алымын алды. Кәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар кәделерін алуға тиісті. (С.Мұқанов)

Ерулік берді. Көрші кеп қонған үй иелерін шақырып, қонақ ету мағынасында айтылады. Алғашқы күндер-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалды (Ә.Нұрпейісов).

Абылайдың ақ туы. Бұл сөз бұрын күллі қазақ атынан айтылар ұранның баламасы ретінде жұмсалған болған. Олар ана жақта партия құрып, Абылайдың ақ туының астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді (Ә.Нұрпейісов).

Ақ жол емі. Қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеде тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәрте аттататын әдет еді. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақ жол емі» деп атаған. Ақ жол емі төре тұқымының әйел жынысын бозбалалықтан, ерлерінің көзіне шөп салушылықтан сақтау үшін Абылайдың өзі шығарған емі болатын. (І.Есенберлин)

Бақан аттар. Құда түскелі барғанда құдалардан алатын кәде. Кәкенді жеңгелері күйеуіне көрсетіп, күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар сияқты кәделерін алуға тиісті. (С.Мұқанов)

Ілу сый. Күйеу есік аша келгенде әкелетін қалың малдың басы, қыз әкесі берген китін сыйдың қарымтасы, қаруы. Қалың мал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек

күміс бесік жамбы. Бұл «ілу» деп аталып еді. Қаратын қарамалды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. (М.Ә.)

Жасау сый, жасау мата. Келіннің көрпе төсек, киім-кешегіне деп әкелетін мата. Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігінетін батсайы, шақбал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. (М.Ә.)

Күйеу жолы. Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет. Бұған тәжім ету де жатқан. Басқа үкі тағу – бар күйеудің әдеті. Қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын (М.Ә.).

Бас тоғыз. Ескілік кәде бойынша берілетін сыйлық. Алғашқы айтқан билігің екен, дәлдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң бас тоғыз болсын! (Шешендік сөздер)

Дөнен қымыз. Төрт күн тұрып ашыған қымыз. Той қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз. Тең-теңдегі қара нарға сабаны артқан (Н.Ахметбеков).

Қарғы бау. Қыз айттыра барғанда жаушы апаратын шапан.

Қыз қашар. Қыз «қашырған» кісілерге, оны табу тартысы өткен үйге берілетін сый. Күндізгі той өтіп, кешкілік үлкендер жатып қалып, қыз-келіншектер қалыңдықты көрші ауылға апарып, жасырып қояды. Ол ауылда бір үй арнайы дайындалады. Бұл топ жүргендер екі жақ (күйеу жақ, қалыңдық жақ) болып бөлінеді. Әлгі үйге қалыңдық жағы қызды жасырып отырады, күйеу жағы іздеп барып табады. Екі жақ тартыс ойын жасайды. Күйеу жақ жеңіп, қалыңдықты жеңгеннің қолына береді. Әлгі үй иесіне күйеу бір ат, я жақсы қымбат шапан береді. Оны қыз қашар деп атайды. (Б.А.)

Жоғарыда келтірілген құрамы екі компонентті фразеологизмдер сырт тұлғасы, яғни жасалуы жағынан күрделі сөздерге ұқсап тұр. Сондықтан да кейде сөздіктерде күрделі сөздер мен есімдер фразеологиялық тіркестердің ара қатынасы, айырмашылығы ескерілмей қалады. Мұнда басты назар аударатын нәрсе: фразеологиялық тұлғалар күрделі сөздердей номинативті атауға ие емес, ауыспалы мағынада, үнемі бейнелі эмоционалды-экспрессивті мағынада жұмсалады [4,207].

Аталған этнофразеологизмдер – ұлт тіліндегі фразеологиялық қордан орын алған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркестер. Тіліміздегі этнофразеологизмдер тіл мен мәдениет байланысын айқындайтын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

Сонымен, тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың өзгешеліктері тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Олай болса, этнофразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық-мәдени көздерімен байланыстыра қарастырудың мәні зор.

Қорыта келгенде, тілімізде ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігімен, әсерлілігімен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен және ұлттық сипатымен айрықша көзге түсетін этнофразеологизмдердің маңызы ерекше құнды. Тіліміздегі этнофразеологизмдер ұлт тілінің көрсеткіші. Этнофразеологизмдер ұлттық болмысымызды көрсететін этнолингвистикалық арналар болып табылады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, шығу тарихын зерттеу, зерделеу, ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек артық етпес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Алматы: Ғылым, 1988.-197 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.-Алматы: Ғылым, 1977.-797б.
3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы.- Алматы, 1996.-128 б.
4. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық- мәдени аспектілері. - Алматы, 1998.- 196 б.
5. Әуезов М. Абай жолы.- Алматы, 2002 -2004.-608 б.
6. Есенберлин І. Қаһар.- Алматы, 2003.-268 б
7. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы, 2005. -340 б.

КИІМ-КЕШЕКТИҢ АЛҒАШҚЫ АТАЛЫМДАРЫ

Л.С. Сатыбалдина, магистрант,
lyazzatserikovna89@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Ш.Мажитаева - ф,ғ,д., профессор,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада адамзат баласы үшін ең қажетті материалдық дүниенің бір саласы - киім-кешек атаулары туралы сөз болады. Осыған байланысты географиялық орналасуы шекаралас жатқандықтан, ғасырлар бойындағы халықтар мәдениетінің етене араласуының нәтижесінде дін, тарих, философия, логика т.б. ғылымдардың таралуына байланысты тілімізге араб, парсы, орыс т.б. тілдерден енген кірме сөздердің үлесі бар екендігі айтылып, тілімізге енген киім атауларына біршама толықтырулар жасалып, мысалдар келтірілді. Тілдік сөзжасам заңдылықтарына сәйкес киім-кешек атауларына да толықтырулар болатындығы мысалдар арқылы дәлелденді. Кейбір киім атауларына қысқаша этимологиялық этюдтер арқылы салыстырмалы – тарихи шолу да жасалды. Халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатындықтан, адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір түрі – киім-кешек атауларын танымдық тұрғыдан талдау арқылы оның этнолингвистикалық табиғатын ашып көрсетуге тырыстық.

Тірек сөздер: Киім атаулары, халық мәдениеті, фразеологиялық тіркестер, этнолингвистикалық, ұлттық дүниетаным

ORIGINAL CLOTHING NAMES

Abstract: The article discusses the names of clothing, one of the most important parts of the material world for humanity. In this regard, the article notes that due to the geographical position of the borders, as a result of the mixing of cultures of peoples over the centuries, due to the spread of religion, history, philosophy, logic and other sciences, our language borrowed the words of Arabic, Persian, Russian and other languages. Examples are given that there is a share of borrowed words from different languages, additions are made to the names of clothes in our language. It has been proven by examples that, in accordance with the rules of linguistic word formation, there are additions to the names of clothes. A comparative historical survey of some names of clothing was made using short etymological studies. Since the secrets of the life and culture of the people are a mirror of the national life, we tried to reveal its ethnolinguistic nature through the cognitive analysis of the name of one of the types of national culture of human civilization - clothing.

Key words: names of clothes, folk culture, phraseology, ethnolinguistics, national outlook.

Әлемдік өркениеттің көшінде жүру үшін алдымен ғылым мен білімді алға қойған жөн болар. Сол себепті де болар, қазақ зиялыларының да жан ұшырып, аянбай тер төгіп, табандылық танытуларының арқасында білім беру жүйесі қалыптасты. Ғылымға бет бұрылып, әр салада жақсы зерттеу жұмыстары қолға алынып, жоғарғы деңгейге де жетті. Тіл білімінің салаларының қалыптасып дамуына белгілі ғалымдарымыздың да еңбегі зор болды. Олардың ішінде І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, Қ.Жұбанов секілді ғалымдарымызды айтатын болсақ, Ә.Құрысжанов түркі тілінің тарихын, рухани мұралары мен қыпшақтанудың мәселелерін зерттеуде ұшан теңіз үлес қосып, қазақ тіл тарихының жазба мұраларына қалам тартқан, сөздің інжу-маржанын терген ғалымдардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор атағын да алды. Ғалым тек қыпшақ тілін зерттеумен шектелмеген, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің, тіл ғылымының да тарихын жазған. Сонымен қатар, жазба мұралардағы мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді теріп, жинақтап жазып, оларды тақырыптық-семантикалық топтарға да бөлген.

Сонымен қатар, сол өркениетті көште жүруде білім мен ғылыммен қатар мәдениет те қажет. Себебі мәдениет – әрбір халықтың тұрмыс-салтымен, дәстүрімен тікелей байланысты ұғым. Бір әрекеттің дәстүрге сосын мәдениетке айналуы үшін оның міндетті түрде қайталанып тұруы керек. Бір халықтың дәстүрі бір адамның әдет-дағдысы секілді. Адамның әдет-дағдысы оның мінезін қалыптастырса, дәстүр де сол секілді бір халықтың дүниетанымын, болмысы мен мәдениетін қалыптастырады.

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі еңбек-құралдары, ыдыс-аяқ, киім-кешек т.б. болатыны белгілі. Адамзат баласы үшін ең қажетті осындай материалдық дүниенің бір саласы - киім-кешек атаулары.

Бұл халықтың қоғамдық өмірінің ең алғашқы белгілерінің бірі ретінде пайда болып, дамып келе жатқан, ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақтаған эмпирикалық бай тәжірбиесінен нәр алып қалыптасқан, сан түрлі киім атаулары халықтың жадында сақталып, сұрыпталып, дамып, көбі соңғы кезге дейін жетіп, бүгінгі күннің де кәдесіне жарап жүр. Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени тілдік процестер туралы ақпарат беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың тірі қазынасы. Қазақ тіліндегі бұл мәселе адам санасында негізгі деп танылған ұғымға ат беруде тілдің танымдық, яғни когнитивтік қырлары – ұлттың өзіндік ой-танымымен байланысты сипатталуымен ерекшеленеді.

Адамның санасымен айқындалатын шындықтың барлық заттанушы элементтері тілдік таңбалау арқылы көрініс табады. Яғни этностың ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы аялық білімі танымдық қызметпен, яғни адамның ойлау жүйесімен байланысты болады. Осымен байланысты затқа атау бергенде, яғни таңбалану процесіне байланысты зерттеуші «зат біздің танымымыздан орын алғанда, атауға ие болғанда сол заттың барлық негізгі белгілері бірдей танылып, таңбаланбайды, тек негізгі бөліктер мен ерекшелігі ғана бейнеленеді. Заттың ең негізгі уәжін көрсетіп, ат таңдау арқылы түсінік қалыптасып, атау жасалады» [1: 13-б] - дейді. Мысалы, тон атауының «бір нәрсенің қабығы» деген белгісін оны жердің тоңы, мұздың тоңы, тоң май, тоңпақ т.б. сөздер мен сөз тіркестерімен салыстыруға болады.

Сонымен қатар, географиялық орналасуы шекаралас жатқандықтан, ғасырлар бойындағы халықтар мәдениетінің етене араласуының нәтижесінде дін, тарих, философия, логика т.б. ғылымдардың таралуына байланысты тілімізге араб, парсы, орыс т.б. тілдерден енген кірме сөздердің үлесі біршама екенін ескермеуге болмайды. Соның айғағы осындай рухани-мәдени байланыстар нәтижесінде тілімізге енген киім

атауларына байланысты кірме сөздердің қазақ тілінің лексикалық жүйесінде өзіндік орны бар. Сонымен, кез келген атау өзі шыққан тілінде ерекше бір уәжділік белгілер арқылы жасалады. Кірме атауларды зерттегенде олардың уәждерін анықтау үшін тарихи шығу тегі негізге алынса, қазақ тіліндегі киімнің төл атауларының уәжін анықтауда семантикалық принцип тірек болатыны байқалады. Осындай лексикамызға енген кірме сөздердің біршамасы киім атауларында да көрініс тапқан. Мысалы: байтаба, шабата, шарқат, шапан, шалбар, орамал, байпақ, дамбал, кебіс, мәсі, күләпара, сәлде, шарық, кеудеше /парсы тілінен/, ал, тақия, лыпа т.б. сөздері /араб тілінен/, бөкебай, шәлі т.б. /орыс тілінен/ енген кірме сөздер. Сонымен атаудың алғашқы таңбалануы, аталымның негізгі сүйенер тірегі уәждеме теориясымен байланыста қарастырылады.

Адамзат қоғамының үнемі өзгеруі мен дамуы, адам санасының жетілуі оның тіршілігін жаңа атаулармен толықтыру мәселесін туғызады. Ол өз кезегінде тілдік сөзжасам заңдылықтарына сәйкес жаңа атаулар жасап, жаңа номинативті белгілер түзеді. Осымен байланысты, тіл білімінде анықталған екіншілік мағына – сөзжасамдық процестер нәтижесінде жасалатын жаңа аталымның мағынасы.

Сөздің құрамы жағынан күрделі бірліктерді де аталым қағидаларына енгізу ономазиология аясына әр түрлі аналитикалық атауларды да, бірнеше сөзді терминдерді, фразеологиялық тіркестер мен оралымдар, сонымен қатар тұрақты сөз тіркестерін енгізді.

Осы тұрғыдан қарастырсақ, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған киім атауларына байланысты күрделі сөздердің ұлттық мәні ерекше. Мысалы: бүрме/лі көйлек, оқа/лы бөрік, қатыр/ғы тақия, сыр/ма байпақ т.б.

Сонымен бірге сөздердің бірігуі арқылы да қолғап, белбеу, құлынжарғақ, аяккиім, баскиім т.б. киімнің түрлерінде уәждеме айқын. Осындай күрделі атаулар қазақ тіл білімінде, көбінесе, сөзжасамдық тәсіл, орфографиясы, тіл мәдениетіне, жаңа сөз қолданылыстарына ғана қатысты қарастырылады. Сондықтан оның тілдегі тұлғанылуын семантикалық уәжділігі тұрғысынан қарастырылған соңғы кездегі зерттеулерді атап өту орынды. Мысалы, Қ.Күдеринаның «Бірге, бөлек таңбаланатын сөздердің орфограммасы және олардың кодификациялаудың негіздері» атты диссертациясындағы біркиер, өңіржиек т.б атаулар қазақ тіліндегі киім-кешек түрлерінің этнолингвистикалық сипаты, оның ұлттық бояуы ұлттық киім атаулары қалыптасуының сүбелі қабағын аналитикалық тәсіл арқылы жасалған тілдік бірліктерден киім атаулары анық байқалады.

Кейбір киім атауларына қысқаша этимологиялық этюдтер арқылы салыстырмалы – тарихи шолу да беруге болады. Мысалы кебіс. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ол: «Кебіс – мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген галош тәрізді қонышсыз аяқ киім» - деп түсіндірілген [2: 90-б]. Ә.Нұрмағанбетов кебіс сөзінің мағынасын парсы тілдегі: «кәф» - аяқтың табаны деген мағынасымен байланыстырып, қазақшыласақ «табандық киім» деп дәлелдейді.

Біздің ойымызша, кебістің түбірі түркілік «кеп» сөзі болуы да мүмкін. Сондықтан профессор Р.Сыздықтың «Кеп түбірінен жасалған «кебенек» сөзі «киім» дегенді білдіреді» дегендегі дәлелі: «көне түркі тілінде – кеп «қалып» қазіргі қырғыз тілінде де кеп сөзінің бір мағынасы – «қалып, киім, маска» – деген пікіріне сүйене отырып, кебіс сөзінің түбірі де кеп болуы ықтимал деп топшылаймыз.

Бөрік. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Бөрік – елтіріден, аң терісінен жасалған, жиек жүргізіп тігілген дөңгелек бас киім», - деп берілген [2, 110-б]. Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К.Дмитриев: бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атаудың уәжін бөрімен байланыстырады.

Э.В.Севортян өз сөзінде «бөрік атауларының түркі тілі диалектісінде нақты бас киім мағынасына ғана емес, басты жабатын, не басқа байлайтын матаны» т.б. білдіретінін көрсетеді. Сондықтан, бөрік сөзі бүр – бұру, бүркеу етістігімен де байланысты болуы мүмкін деп топшылаймыз. Себебі, монғол тілінде: «бүрээс – покрывка, покрывало; бүрхээк – покрывать, накрывать сверху». Сонымен, бөрік > бөр // бүр (бүрке-), бүркену. Дегенмен, бүгінде тілімізде қолданылып жүрген біршама киім-кешек атауларының дені көне жәдігерліктерде кездеседі.

Қазақ тіліндегі мәдени атаулардың табиғатына байланысты ғалым Ж.А.Манкееваның: «көне жазба нұсқаларындағы атаулардың қазіргі тілде өзгеріссіз сақталуы көрінеді. Осы мысалдар мағынасы қазіргі тілде де түсінікті, көбіне қолданылыста жүрген заттық мәдениетті бейнелейтін көптеген атаулардың ежелгі түркілік дәуірінде-ақ қалыптасқанын көрсеткен көне түркі жазба ескерткіштеріндегі және қазіргі қазақ тілінде қолданылатын киім, тон, башмақ, ішік, етік, бөрік, т.б. тәрізді атаулар арқылы дәлелдейді [3:19-6]. Ғалымның пікірінше, көне түркілік жазбалардағы қазірде қолданылмайтын кейбір зат атаулары да кездесіп зерттеушіні тарихи-лингвистикалық қызықты ойларға жетелейді. Мысалы, бүркеншек, сақсыр т.б.

Қазақ халқы бөрікті тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Жұрт бөрікті тек ерлердің бас киімі деп қараған. Негізінде, ертеде бөрікті қолы жеткен дәулетті адамдардың ғана қыздары киген. Бас киімге қатысты Кавказ халқында мынандай дана сөз бар: «Шапку носят не для тепла а для чести». «Бөрік» сөзіне қатысты тілімізде: Бөрік киген (ер адам туралы айтылады), бөркін аспанға лақтырды (қатты қуанды), бас жарылса бөрік ішінде (жария болмады), бөрікпен ұрып алатын (оп-оңай, жан қиналмай), алтай қызыл бөрік (түлкідей), бөркі қазандай болу тәрізді фразеологиялық тіркестер туған. Осындай көркем тіркестер адамға қатысты оның көңіл-күйін, іс-әрекетін бейнелеп, кейінгі ұрпаққа тілдің коммуникативтік қызметі арқылы жетіп отырған.

Ұлттық дүниетаным фразеологиялық тіркестермен үндес мақал-мәтелдерден де көрінеді. Мысалы, Жау жоқ деме жар астында, Бөрі жоқ деме бөрік астында; Бөрі соғар жігіттің бөрігінен белгілі, Балта соғар жігіттің көрігінен белгілі; Бөрік адамға көрік т.б. Осындағы «Бөрі соғар жігіттің бөрігінен белгілі» деген мақалдың астарына үңілсек, ұлттық таным мен психологияның астасып жатқанын байқауға болады. Шын мәнінде, ой «бөрікке», яғни, киімге қатысты айтылып тұрған жоқ, жігіттің біліміне, ісіне, намысына, ақылына т.б. қатысты айтылып отыр.

Ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі киім атауларының танымдық негіздері. Халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын тіл арқылы ашылады. Осымен байланысты, адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір түрі – киім-кешек атауларын танымдық тұрғыдан талдау оның этнолингвистикалық табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Тілімізде ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын атаулардың этнолингвистикалық табиғатын тануда тілдік құралдармен айшықталған күрделі құрылымын қазіргі қоғамдық сана мен мәдениетінің бүгінгі деңгейіне сабақтастырудың негізі олардың «тілдік әлемінде» жатыр. Тіліміздегі киім атауларына байланысты туған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы қалыптасқан әлем бейнесі, ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері оның баға жетпес тілінде ғана бейнеленген. Осыған байланысты, қазақ тіліндегі де киім атаулары арқылы жасалған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер-халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде пайда болған, бойына ғасырлар құпиясын сақтап келген танымдық табиғаты - оның «тілдік бейнесінде» айқын көрінеді. Мысалы, «Кеңесте ел азбас, Кеңінен пішкен тон тозбас»; «Көлеңкеге қарап, Көйлек пішпес болар», «Тігілмеген етігінді мақтама, Орылмаған тарынды мақтама», «Шақырусыз тойға

барғанша, Шарығыңды ки де қойға бар» және «Тонның ішкі бауындай»; «Шен алып, шекпен киді»; «Кебіні жоқ, көрі жоқ» т.б. да халықтың ментальді болмысын танытатын, яғни ұлттық философиялық ойының мазмұндылығын дәйектейтін, этносқа тән дүниенің тілдік бейнесін танытатын фразологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер көптеп саналады.

Қазақ халқы киім-кешек түрлерін жасауда асқан талғампаздық пен ұлттық мәнерді сақтай отырып, қай киім түрлері болмасын оны ықшамды да сәнді жүріс-тұрысқа қолайлы етіп шебер тіге білген. Киім атаулары қалыптасуының сыртқы экстралингвистикалық қағидаларының бірі – заттың жасалу технологиясына байланысты. Мысалы: кестелі орамал, оқалы бөрік, сырма қалпақ, оюлы шалбар т.б.

Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, қызыл бөрік, ноғай бөрік т.б. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді: қоңырат үлгісі, жетісу үлгісі, арқаның үлгісі т.б. Мұндай бөліп атау киімдердің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады. Мысалға, Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жендері ұзын, ашық жағалы келеді. Оңтүстік елі өзбек, тәжік, ұйғыр халықтарымен көршілес, көпшілік кәсібі бақ өсіріп, егін салу болғандықтан бұлардың киім үлгісімен тігілу мәнеріне осы жағдайлар ықпал еткен. Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жендері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді. Өйткені орта жүз қалаға жақын, орыс, татар халықтарымен аралас-құралас болған. Ал, кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жендері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың, қайырма жағалы болып келеді. Осындай ара-тұра айырмашылықтары бола тұра, солардың бәріне бірдей ортақ, ұлттық мәнер мен қазақша атаулары бар.

Қазақ киімдері қай дәуірде болмасын заман талабына сай халықтың эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сонымен қатар әлеуметтік, маусымдық ерекшеліктеріне қарай сәнді де әдемі, тиімді де ықшам, жылы да жеңіл етіліп тігіліп, әр түрлі қызмет атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбділбаева Ұ. Қазақ тіліндегі өсімдік атауының уәжділігі. – автореф, - А, 2001
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. - ф.ғ.д., автореф. – А, 1997.
4. Жәнібеков О. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996 – 192 б.
5. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнер тарихы. – Астана: Фолиант, 2008-157 б

ПРАГМАЛИНГВИСТИКАНЫҢ ҰҒЫМДЫҚ АППАРАТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРДЕГІ ТАЛДАНУЫ

Л.Ә. Ибраймова

Түйіндеме: Прагматикалық бағыттың тіл біліміндегі дамуын әртүрлі тұрғыдан анықтауға болады. Құрылымдық тіл білімінің жеткен деңгейі, оның негізі туралы мәселе мен тіл білімінде екінші гуманитарлық адами бағыттың даму ұласпалы толықтырушы сипатта, яғни тіл сыртқы дүниені бейнелеуші таңба ғана емес, сыртқы дүниенің өзі тілдік көптеген құбылыстың табиғатын ашуға көмектеседі.

Мақалада прагматикалық бағыттың ұғымдық аппараттары, сөйлеу актісіндегі иллюкутивті, перлокутивті актілер және олардың түрлері т.б. қарастырылады. Отандық

және шет елдік ғалымдардың еңбектеріндегі прагмалингвистиканы дербес тіл білімінің бір саласы ретінде көрсетуге негіз болатын ғылыми-терминдік аппараты сипатталады.

Тірек сөздер: прагматика, прагмалингвистика, иллокутив, сөйлеу актісі, директив.

Abstract: The development of the pragmatic direction in linguistics can be defined from different points of view. The question of the achieved level of structural linguistics, its basis and the development of the second humanitarian human direction in linguistics is complementary, i.e. language is not only a symbol that reflects the external world, but also the external world itself, which helps to reveal the nature of many linguistic phenomena.

The article deals with the conceptual apparatus of pragmalinguistics, illocutionary, perlocutionary acts in a speech act and their types, etc. The works of Russian and foreign scientists describe the scientific terminological apparatus underlying the reflection of pragmalinguistics as an independent branch of linguistics.

Key words: pragmatics, pragmalinguistics, illocutive, speech act, directive.

Прагматика ұғымы Сократқа дейінгі уақыттарда қалыптасқан. Бұл термин Аристотель, Локк пен Кант еңбектерінде пайда болды. Прагматика феноменологиялық бағытта XIX ғасырдың 30 жылдарында Пирс, Видгенштейн, Ч.Моррис еңбектерінде қолданылды. «Прагматика» мағынасы жағынан практика сөзіне жақын, грек тілінен аударғанда pragma – «іс» деген мағынаны білдіреді.

Прагматика термині таңба жалпы теориясы семиотика, семиотика негіздерін салушы Ч.Моррис енгізді. Моррис пікірі бойынша семиотиканың 3 аспектісі бар:

-синтактика – таңба мен таңба арасындағы;

-семантика – таңба мен сол арқылы берілетін зат арасындағы қатынасты;

-прагматика – таңба мен оны қолданушы адам арасындағы қатынасты зерттейді.

Прагматикаға жататын қарым-қатынастың сипаты бірнеше көрсеткіштердің түрі арқылы анықталады [1].

1950 жылдары құрылымдық лингвистика тіл үшін сыртқы құбылыс шынайы еместігі туралы пікірге сүйеніп, негізгі бағыт етіп алды. Тіл инвариантты бірлік жүйесі ретінде қарастырылып, прагматика пәні қарастырылмады.

Ол сөйлеуші таңбаны қарым-қатынас үстінде жай пайдалануын емес, психологиялық, биологиялық, әлеуметтік көрсеткіштер ықпалы, әсері негізінде қолдануын коммуникацияға енгізуін зерттейді.

Прагматиканың қарқынды дамуы Кембридж және Лондон мектептері логиктері мен философтары ынталандырумен 60-70 жылдары болды. Тіл бірліктері сараланды, жіктелді ұқсастыққа қарай топтастырылды, оның негізі құрылымдық грамматика, трансформациялық грамматика, стилистика сияқты бағыттар дамыды.

Прагматика – лингвистикалық зерттеу саласына айналуы Ч.С.Пирс идеясымен байланысты. Сөйлеу актілері жайындағы логика-философиялық жүйе прагматикалық теориялардың ықпалымен 60-70 жылдары басталды. Лингвистикалық прагматика қызметі нақты емес, оған сөйлеуші субъект пен адресаттың өзара қарым-қатынасынан туатын мәселелердің бәрі кіреді.

Прагмалингвистика тіл білімінің бір саласы болып есептеледі. Ол когнитивтік лингвистика, психолінгвистика салаларымен тығыз байланысты. Коммуникативтік лингвистикамен де байланысты. Осыған байланысты Н.Д. Арутюнова «прагматиканың негізгі мақсаты сөздер мен сөйленімдерді дұрыс айту және соған сәйкес дәл түсіндіру ережелерін қалыптастыру» дейді.

Прагматикалық бағыттың тіл біліміндегі дамуын әртүрлі тұрғыдан анықтауға болады. Құрылымдық тіл білімінің жеткен деңгейі, оның негізі туралы мәселе мен тіл білімінде екінші гуманитарлық адами бағыттың даму ұласпалы толықтырушы сипатта,

яғни тіл сыртқы дүниені бейнелеуші таңба ғана емес, сыртқы дүниенің өзі тілдік көптеген құбылыстың табиғатын ашуға көмектеседі. Бұл тілдің грамматикалық құрылысымен де, сөздің лексика-семантикалық аспектісімен де байланысты. Әсіресе, соңғысында сөз мағынасы мен контекстік мәнді анықтауда прагматиканың орны айқын көрінеді. «Прагматикалық бағыттың келесі сатысы тілдік қарым-қатынасты, әрекеттің бір түрі ретінде қарастырып, сөйлеудің ықпал күшін сипаттаумен байланысты. Батыс және орыс тіл біліміндегі прагматикалық бағыттың табиғи дамуы осындай, яғни прагматикалық бағыт тілдің коммуникативтік бағытын зерттеумен сөздің қолданыс үстінде жаңа мәнге ие болу табиғатын түсінумен қалыптасты. Оның себебін іздеу зерттеушілерді контекстіге сөйлеуші мен тыңдаушыға тілдің әсер етуші қызметіне әкеледі».

Отандық тіл білімінде прагматикалық бағытта жазылған еңбектер баршылық. Қ.Ө. Есенованың «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде)» (Алматы, 2007) тақырыбындағы докторлық диссертациясы, М.К.Акошеваның орыс тілінде жазылған «Прагматические и семантические факторы, влияющие на различия в интерпретации речевых актов коммуникантами» (Павлодар, 2006) атты кандидаттық диссертациясы қорғалған.

Қ.Ө.Есенова «соңғы жылдары тіл ғылымының дербес саласына айналған прагмалингвистиканың алғышарттары қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде бастау алғанын» айтады. Атап айтқанда, М.Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А.Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б.Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З.Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д.Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С.Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б.Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б.Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф.Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К.Ихсанғалиева тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш.Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеген. Ал Р.А.Омарова неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагмалингвистикалық талдау жүргізсе, С.Қ.Ережепова орыс және қазақ тілдеріндегі ресми-іскерлік стильдің прагмалингвистикалық аспектісін салыстыра зерттеген [2, 10 б.].

Г.П. Грайстың конверсация теориясының негізгі идеялар: кез келген әлеуметтік қарым-қатынас және сөйлеу әрекеті белгілі бір ережелермен реттеледі. Оның теориясындағы басты нәрсе – қатысымдық ынтымақтастық принципі. Ол мынандай 4 түрлі ұжымдық принципті айтады: сан, сапа, амал, релеванттылық.

Г.П.Грайс, Дж. Лич, С. Левинсон, Г.Газдар, Уоккер қатысым актісінің теориялық негіздерін жасап, соның негізінде моральді және этикалық жорамалдар жасады. Дж. Личтың концептісінде сыпайылық принципі бар. Оның жорамалдары әдеп, кеңпейілділік, қарапайымдылық, келісім, ұнату. П. Браун мен С. Левинсонның сыпайылық теориясындағы мақсатты таңдауды жүзеге асыратын 3 параметр: арақашықтық факторы, сыпайылық факторы, мәжбүрлеу деңгейі. Бұлар сыпайылықтарды 2 түрге ажыратады: жағымды және жағымсыз. Сыпайы сөйлеу қарым-қатынастың ережесін бұзу кезінде қосымша жасырын ойлар пайда болады. ИмPLICITТІ мәндегі сөйлеудің негізгі қызметтері: бағалау, ниеттену, эвфемизация, күлкілі әсер.

Сөйлеу актісі – белгілі қоғамдық ортада қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, арнайы мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті. Сөйлеу актісінің

негізгі белгілері: белгілі бір мақсат көзделетіндігі, қалыптасқан дәстүрге сай шарттылық сипат болатындығы.

Сөйлеу актілері теориясы – жеке тұлғалар арасында қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылатын сөйлеу актісінің қарапайым бірлігінің құрылысы, яғни сөйлемнің актуалдануы туралы ілім.

1955 жылы Гарвард университетінің философы Дж Остин лекция оқып, кейінірек 1962 жылы «Сөз әрекет сияқты» деген атаумен жарияланды. Сол кітапта сөйлесім актілері теориясының негізін қалаған. Онда былай делінген:

- тіл түрлі сөйлесім әрекеттері мен амалдарды орындау үшін құрал бола алады;
- мұндай құралдарға Дж Остин айтқандай перформативтер деп атаған сөйленім-әрекеттер жатады;
- перформативтер сөйлемдерге қарағанда шынайы да, жалған да болмайды;
- перформативтер сөйлемдер сияқты біздің әрекеттерімізді сипаттамайды; (Мен жазып отырмын), бірақ ол айтылғанда біздің әрекетімізді білдіреді (Мен өтінемін);

Перформативтер динамикалық сөйлесім жағдаяттарында жүзеге асады және құрамында бірінші жақта, жекеше түрдегі, нақ осы шақ, ашық райдағы етістіктер болады.

Осы айтылғандағыдай етістіктер әрекеттің өзімен бірдей. Ал осындай предикаттармен сөйлесім актілері перформативтердің қарапайым түріне жатады. Н.И.Формановская перформативті топқа перформативті жағдаяттарды көрсете алатын олардың кейбір функционалдық эквиваленттерін көрсетеді [28]:

а) стилистикалық бейтарап сөйленімдер ретіндегі семантикалық перформативтер; мұнда сөйлеу сәтіндегі «Мен»-сөйлеушінің «мұнда және қазірге» грамматикалануы болады: Рахмет («Алғысымды білдіреміннің» орнына);

б) орыс тіліндегі «бы» демеулігі мен + инфинитив етістік. Қазақ тілінде «еді» көмекші сөзі арқылы жүзеге асуы мүмкін;

в) сыпайы императивтің перформативті инвинуивтермен үйлесуі (Орысша – Разрешите вас попросить...);

г) интенцияның экспликациялануы (Менің сізге айтар өтінішім бар..);

д) перформативті предикаттың түсінікті жағдаятынан элиминация (*қараудан алып тастау; елеулі емес егжей-тегжейлерді алып тастау*): *Сәттілік (Сәттілік тілеймін).*

Перформативті сөйлесім актілерінің топтастырылуы бар. Олардың бірі Дж Серлдің 5 түрлі классификациясы:

- Вердиктивтер – белгілі бір шешім немесе кінә тағатын сөйлесім актілері;
- Бихабитивтер – біреудің әлеуметтік мінез-құлқына белгілі бір реакциясын білдіретін сөйлесім актілері;
- Уәде беру;
- Экзерситивтер – солар арқылы белгілі бір құқықты айтатын сөйлесім актілері;
- Экспозитивтер – жауап, келісім, қарсылықты білдіретін сөйлесім актілері;

Дж.Остинше тілдік қатысым тілдік және когнитивтік амалдар арқылы жүзеге асып, белгілі бір мазмұн мен референциясы (иллокуция) бар грамматикалық дұрыс құрылған сөйлемдер, сөйленімге белгілі бір қатысымдық бағыт-бағдар мәнін үстеп, адресаттың мінез-құлқы мен санасына әсер ету (перлокутивті әсер) іске асырылады. Дж.Остин сөйлеуші ақпаратының иллокутивті күшін, ділін, сана-сезімін ескере отырып, сөйлесім актілерін 5 түрге бөледі [29]. Олар:

- Репрезентативтер. Олардың мақсаты белгілі бір заттың жағдайы туралы пайымдау;
- Директивтер. Мақсаты – адресатқа қысым көрсету, оны белгілі бір әрекет жасауға бейімдеу;
- Комиссивтер. Мақсаты – адресаттың алдында міндетті етуді қалыптастыру;

- Экспрессивтер. Мақсаты – үгіт-насихатшының психологиялық жай-күйін жариялау;

- Декларативтер, мақсаты – адамдардың әлеуметтік қарым-қатынастарына ықпал ету.

Дж.Остин үшін сөйлесім актілері бұл – бір сәтте болатын сөйлесім әрекеттерінен тұратын сөйлесімнің біртұтас, ең кіші бірлігі.

Сонымен сөйлесім актілерінің топтастырылуын саралап шығар болсақ, бірінші топтастыру Дж Остиндікі болады. Ол перформативті қолданысқа икемді етістіктерді негізге алып жасап, беске бөлді: вердиктивтер, экзерситивтер, комиссивтер, бехабитивтер, экспозитивтер. Екінші топтастыру Дж Серлдікі. Ол сөздің шындыққа қатысын ескере отырып, иллокутивті актілердің түрлеріне негізделген болды: репрезентативтер немесе ассертивтер, директивтер, комиссивтер, экспрессивтер, декларациялар. Сонымен қатар ол 12 түрлі лингвистикалық параметрлерді анықтап, соған сүйене отырып сөйленімдерді сол немесе басқа сөйлесім актілерінің тобына жатқызуға болады деген. Кейінірек Д.Вандервекенмен бірге сөйлесім актілерін ажырататын негізгі белгілерін ажыратты. Олар:

- 1) иллокутивті мақсат;
- 2) иллокутивті мақсатқа жетудің амалдары (бұйрық беру, сұрану);
- 3) иллокутивтік мақсаттың қарқындылығы (өтіну және жалыну);
- 4) пайымдау мазмұнының шарттары (кінә тағу өткен уақытқа, болжау болашаққа қатысты.);

- 5) алдын ала қойылатын шарттар (ақпаратты сұрамас бұрын, адресаттың сол туралы білетіндігіне сенімді болу);

- 6) шынайылық шарттары (адам белгілі бір ақпарат туралы расымен де білмейтін болса сұрақ қояды);

- 7) шынайылықтың қарқынды деңгейі (уәде және ант беру).

Н.И. Формановская сөйлесім актілерінің жеті түрін көрсетеді [3]:

- 1) репрезентативтер – хабар;

- 2) комиссивтер – міндет;

- 3) директивтер – талап, тілек;

- 4) рогативтер – сұрақтар;

- 5) декларативтер – хабарландыру;

- 6) экспрессивтер – эмоцияны білдіру;

- 7) контактивтер – сөйлеу этикетін білдіру.

Директивті сөйлесім актілерінің жиі кездесетін түрлері

Директивті сөйлесім актілері өз ішінде мынандай түрлерге бөлінеді: а) прескриптивтер (бұйрық, билік жасау, нұсқаулық, тыйымдар, рұқсат, талап, тапсырыс); ә) реквистивтер – өтініш, ниет білдіру, шақыру; б) суггестивтер – кеңес, ұсыныс, ескерту, сақтандыру;

Прескриптивтер адресатқа әрдайым керек. Өйткені сөйлеуші үнемі басым тұрады. Реквистивтер үнемі сөйлеушінің қызығушылығымен айтылады да, адресат үшін міндетті емес. Мұнда ол басым орында болады. Суггестивтер міндетті емес, бірақ сөйлеуші басым позицияда болса да адресаттың қызығушылығындағы нәрсе.

Ақпар алмастырушылардың қатысымдық ниетінен түрлі сөйлесім актілері, иллокутивті, перлокутивті актілер туындайды. Сол себепті сөйлем семантикасын сипаттайтын прагмалингвистика мен сөйлеушінің танымдық әрекетінің мәнін ашатын когнитивті лингвистика сөйлесім әрекетін міндетті түрде зерттеу нысаны ретінде алып қарастырады. Е.В.Падучаева сөйленімнің иллокутивті қызметі туралы: «Сөйленімнің иллокутивті қызметі – сөйлесім актісінің түрі. Сөйлесім актілеріндегі сөйленімдерде

түрлі иллюкутивті түр қолданылады. Иллюкутивті қызмет – сөйлесім актісінде белгілі бір түрдің қолданылу мүмкіндіктерін алдын ала анықтайтын бөлшек.

Әйгілі екі философ П.Грайс пен Дж.Лич дұрыс қарым-қатынас орнатудың қағидаларын ойлап тапқан. П.Грайс бойынша қатысымның жақсы орнауы үшін кооперация принципін ұстану керек. Ол 4 болжамнан тұрады. Жекелеп алғанда:

- сапа қағидасы бойынша өтірік деп ойлайтын нәрсені және өзіңе күмәнді нәрсені айтпау;

- ақпаратты керек мөлшерімен ғана жеткізу;

- орынды сөйлеу;

- анық әрі бірізді сөйлеу, тиянақсыздықтан қашу керек.

Дж. Личтің сыпайылық принципі мен П.Грайстың кооперация принципі нағыз мінсіз қатысымда болуы керек екен. Егер сөйлеуші бір сөзді айтпақ болып, бірақ осы принциптердің біреуі бұзылатын болса, онда импликауралар пайда болады.

Герберт Пол Грайс – лингвист және философ, импликатура теориясының негізін салушы. Философиялық тіл алаңында әлемге әйгілі болған. Сонымен қатар классикалық философияға да өз үлесін қосқан ғалымдардың бірі (Аристотель мен Каитқа жауап қайтару арқылы). Оның көзі тірісінде шыққан ең атақты жазбасы «In defence of a dogma» («В защиту догмы») Куайнаның «Двух догм эмпиризма» деген еңбегіне жауап ретінде жазылған. Осы еңбекте жарияланған атақты идеялар, мәселен қатысымдық импликатура сияқты 1961 жылы «The Causal Theory of Perception» деген мақаласында жарияланып, одан әрі қарай гарвардтық Уильям Джеймстің 1967 жылғы дәрістерінде жалғасын табады. Витгенштейннің көзқарасына сүйенсек, сөздің мағынасын білген адам сөздің қолданылуын да біледі деген сөз. Грайс ойды білдіруді тілдің басқа аспектілерімен байланыстырады. Мысалы: «Ол әлі түрмеге отырған жоқ» классикалық мағынада болса, сөйлеушінің ойы әлі де кодекске байланысты жауапқа тартылмағаны дейді. Сонымен қатар, бұл фраза мынадай мағына да беруі мүмкін, ол кісі бір жаза жасағандығы немесе келешекте міндетті түрде жасайтындығынан хабар береді. Герберт Грайс қатысымдық импликатура дегенге былайша анықтама береді: «это то, что слушающий может понять, от того как что-то сказано, а не от того, что сказано». Адамзат баласы қатысымдық импликатураны үнемі қолданады, бірақ байқамайды деп тұжырымдайды. Мысалы: «Сіз есікті жауып жібере алмайсыз ба?» Бұл жерде тыңдаушы әдетте, «иә» немесе «жоқ» деп жауап бермей, оның орнына бірден тілдік емес актіні орындайды (яғни, есікті жабады). Алайда, сөйлеуші сұрақ қоя тұрса да, тыңдаушы бұны өтініш деп қабыл алып, оны орындады. Грайс бұны алғаш рет байқаған және феномен ретінде ғылымға енгізген.

Шартты импликауралар – ортақ контекстің болуынан және қатысымға түсушілердің ынтымақтастығының арқасында мағыналық қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Оның пресуппозициядан айырмашылығы мынау: пресуппозицияда қосымша мән таптаурын мәнде болып, ол сөйлеушіге белгілі болады. Ал импликатурада тыңдаушы сөйлеушінің әдейі немесе байқаусыз тастаған сөздің мағынасы туралы өзі қорытынды шығаруы керек. Мысалы, «Автөкөліктен абай бол» деген фильмде милиционер көлік жүргізушісіне «Сіз өзі таңертең беті-қолыңызды жуасыз ба?» деген сұрағының астары, яғни оның импликатурасы «көліктің кір екендігі» белгілі болып тұр.

Сөйленімдегі жасырын мағына анық, айқындылықтан (экспликатурадан) тым қатты ерекшеленеді. Тіпті қарама-қайшылық тудырады. Мысалы, егер адресат бұрынырақ ортақ құпияларын ашып қойған болса, «Сен – нағыз доссың» деген сөйленім мүлде басқа мәнді білдіруі мүмкін.

Э.Бенвенист «кез келген сөйленім актісі эксплицитті немесе имплицитті» болатындығын айтады [5, 35 б.]. Сөйлесім актісін эксплицитті түрде талдау болмыстың

екі түрін көрсетуге мүмкіндік береді [6]: 1) сөйленімнің иллокутивті қызметіне айналуы; 2) референцияның пайда болуы. Сөйленімнің жағдаятқа қатыстылығы референция теориясымен тығыз байланысты. Референция әрқашан жаңа объектілерге, жағдаятқа қатысты болып келеді. Референция мен ақиқаттылық – сөйленімнің қолданыстағы және құрылымындағы ерекшелігі болып табылады.

Тіл білімінде референция туралы сөз қозғаған ғалымдардың көпшілігі оны сөйлеушілердің ішкі жан дүниесін, болмысын көрсететін теория ретінде қарастырады. Енді біреулері сөйлесім актісіндегі сөйлеушілердің сөйленімінің ақиқат мәнде жеткізілуі үшін референцияның қолданылатындығы туралы көзқарастарды айтады.

Сөйленімге тән белгілердің бірі белгілі бір пікірді мақұлдау не теріске шығаруға негізделеді. Мысалы:

– *Кінә өзіңде дейсіз зой...*

– *Кінә жалғыз ғана сізде болмауы да мүмкін...*

– *Солай ма? – деді Бану күлімсіреп. – Несі бар, «жаман» деген сөзді өмірден жою үшін бұдан былай бәріміз де сізден үйренетін боламыз.*

– *Мұныңыз орынсыз шенеу, ал мен дұрыс түсінуіңізді сұрар едім: мен білгенім болса үйретуге де, білмегенімді үйренуге де әзір адаммын...*

(Иманжанов Мұқан. Алғашқы айлар).

Келтірілген мысалдан бірінші айтылған ойға екінші сөйлеушінің қарсы пікір көрсетуін байқауға болады.

Сөйленімнің пропозициялық байланысы заттар мен құбылыстардың арасындағы логика-семантикалық қатынасын, олардың уақыттық-кеңістіктік сипатын, модалдылығын, тема-ремаға мүшеленуін, сөйленімнің иллокутивті берілуін сипаттайды. Сөйленімнің логика-семантикалық байланысы субъектілі-предикаттық қатынастарға қатысты болады. Мәтін ішіндегі сөйленімдер үздіксіз сипатқа ие болмай, оларды прагматика-семантикалық сипатына қарай жеке-жеке алатын болсақ, сөйленімнің ақиқат немесе жалған берілуінің көрінісін байқауға болады. Себебі бір пікірлерде пропозиция мәтін ішіндегі қатысымның бір бөлігінде болады және тілдесушілердің қатысымдық міндетіне сәйкес хабардың бірлігі ретінде қалыптасады. Сондықтан да пропозиция кез келген грамматикалық формамен тығыз байланысты бола алмайды.

Кез келген сөйленімнің (пайымдаудың) ақиқат немесе жалғандығы пресуппозиция арқылы анықталады. Қазіргі уақытта психоллингвистика мен прагматикада бұл мәселеге ерекше назар аударылып келеді. «Пресуппозиция» латын тілінен аударғанда, «praes» – алдында, алда, «suppositio» – ойлаймын, болжаймын, яғни, алдын ала болжау деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым бастапқыда философиялық логикада пайда болып, кейін тіл біліміне ойысты [7, 396 б.]. Пресуппозиция сөйлемді семантикалық жағынан толықтырып, белгілі бір контексте дұрыс, орынды болуын қамтамасыз етеді. Ж.А.Жақыпов пресуппозицияның екі түрін, яғни, прагматикалық және логикалық пресуппозиция туралы былай дейді: «Прагматикалық пресуппозиция сөйлеушінің дара тезаурусының (сөйлеушінің өзіндік сөздік қорының) құрылымын білдірсе, логикалық пресуппозиция сөйлемдер арасындағы семантикалық қатынастарды білдіреді». Ол сонымен қатар өзбек тілінің маманы А.Нұрмановтың «пресуппозиция ашық түрде айтылған я жазылған немесе ойдағы сөйлем; олар бір-бірімен жуық және ассоциативті байланыста болатын ұғымдар, қарсы мүшелер (противочлены) арқылы айқындалады» деген пікірін тілге тиек ете отырып, сөйлемнің пресуппозициялық қызметін демеуліктер, септеуліктер, үстеулер атқаратынын айтады да, мынандай мысалдар келтіреді: «Сенен басқасы болды» – пресуппозициясы «Сен болмадың»; «Оқудан тысқары жұмыс істеді», пресуппозициясы – «Оқуды да оқыды» [7, 91 б.].

В.В.Красных танымдық тұрғыдан пресуппозицияны үшке бөледі:

а) макропресуппозиция, жүзеге асатын қатысым актісі үшін маңызды коммуникативтік негіздің үзіндісі болып табылады. Мұндағы танымдық қор өзгеруге бейім болады;

ә) социумды пресуппозиция, қатысымда маңызданатын (актуалданатын) ұжымдық танымдық кеңістіктің үзіндісі. Пресуппозицияның бұл түрі бір социумдағы адамдардың қарым-қатынасында болуы мүмкін;

б) микропресуппозиция, коммуниканттардың нақтылы жағдаят туралы жалпы білім қоры. Пресуппозицияның бұл түрі қарым-қатынастың кез келген жағдаятында да орын алуы мүмкін. Ол коммуниканттар үшін танымдық қор немесе ұжымдық танымдық кеңістіктің болу-болмауына тәуелді емес [8, 156 б.].

Сөйлесім әрекеті негізінен психолингвистиканың зерттеу нысаны болып қарастырылып келді. Сөйленім сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Сондықтан сөйлесім әрекеті сөйлесім синтаксисінің де қарастыратын нысаны болуы тиіс. Сөйлесім әрекеті адамның тіл арқылы «ішкі сырын» шығаруынан пайда болады. Сөйлесім синтаксисі әрекеттегі тілдің ішкі табиғатын қарастыратын болғандықтан, оның бірліктері сөйлесім әрекетінде нақты мәнге ие болады.

Адресат пен адресанттың ұстанымдары тек ауызекі тілде ғана айқындалмайтындығы анық. Адресат өз пайымдарын сөйлесім әрекетінің кез келген түрімен жүзеге асыра алады. Соның ішінде жазу арқылы ақпарат жеткізуде белгілі бір прагматикалық ұстанымдарды қолданады. Соңғы кездері ғалымдар БАҚ құралдарының ішінде газет мәтініндегі адресанттың прагматикалық ұстанымдары туралы сөз қылып жүр. Олар мәліметті іріктеп ұсынатын **ақпараттық** ұстаным, материалды оқырман назарын аударту үшін қолданатын **фатикалық** ұстаным, мәтін мазмұны арқылы оқырманға белгілі бір көзқарас қалыптастыратын **манипулятивтік** ұстаным [9]. Бұдан тілдің қолданыстағы қызметінің сан түрлі екенін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Моррис Ч. Основания теории знаков. – «Семиотика». – М., 1983. – С.63.
2. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Алматы, 2007, 236 бет
3. Формановская Н.И. Речевое общение: коммуникативно-прагматический аспект – М.: Русский язык, 2000.
4. Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.17. – М.: Прогресс, 1986. – С. 22 – 129.
5. Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М.: Прогресс, 1974. – 447 с.
6. Норман Б.Ю. Синтаксис речевой деятельности. – Минск: Вышэйшая школа, 1978. – С. 150
7. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі (контекст проблемасы): филол. ғылым. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1999. – 225 б.
8. Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: Курс лекций. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2001. – 270 с.
9. Новикова Э.Ю. Прагматические характеристики газетного политического текста// Вопросы лингвистики и транслятологии. -Волгоград, 2004, вып. 2 с.18-26

АБАЙ ОТЫРЫСЫ

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПАРЕМИЯЛАР

Н.Базарбаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Г.О. Сыздықова
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада Абай Құнанбаевтың шығармаларында кездесетін паремиялар негізгі нысан ретінде қарастырылды және талданды. Автордың шығармасындағы фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, авторлық афоризмдердің ерекшелігі нақтыланды.

Тірек сөздер: паремия, мақал-мәтел, фразеологизм, афоризм, инверсия.

Паремиология – паремия туралы филологиялық ғылым. Олай деу себебіміз: паремиялар фольклоршылардың да, тілтанушылардың зерттеу нысанына алынады.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерін ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге жинап, жеке жинақтар етіп шығаруда Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ф.Катанов, В.В.Катаринский, П.М.Мелиоранский, Н.Н.Пантусов, А.Е.Алекторов сияқты ағартушы-ғалымдардың қосқан үлесі ерекше.

А.Е.Карлинскийдің пікіріне сүйенсек, «мақал-мәтелдер, яғни паремиялар предикативтік типтегі кешенді сөйлесімдік құрылымдар ретінде фразеологияның шеңберінде емес, тілтанымдық дербес пән – паремиологияның зерттеу объектісі ретінде қарастырылуы қажет» [1, 143].

Паремиология – нақты бір этностың мәдениеті аясында типтенген жағдаяттарды бейнелейтін предикативтік сипаттағы тұрақты стереотиптер туралы ғылым. Паремия адамдар арасындағы қарым-қатынаста қажетті тіл бөлшегі мен бірліктері болып табылады.

Ғалым Г.Л.Пермяков мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді паремиология төңірегінде қарастырып, оларды жалпы «**паремия**» терминімен атаған [2, 22].

Ғалым Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде паремиология ұғымына мынадай анықтама береді: Паремиология – мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым. Грек тілінде паремия сөзі «нақыл», «тәмсіл» деген мағына береді [3, 196].

Қазіргі тіл білімінде мақалдың тілдік мәнін анықтауда шартты түрде екі түрлі көзқарасты атап көрсетуге болады: 1) Мақалдың тілдік мәні өзіне ұқсас тілдің басқа да құрылымдық бірліктерімен салыстыру арқылы анықталады (фразеологизмдер, мәтелдер, қанатты сөздер және т.б.) (В.П. Аникин, Н.С. Ашукин, М.Г. Ашукина, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, В.П. Жуков, М.А. Рыбникова және т.б.); 2) Мақалдың тілдік мәні тілдегі клишелер теориясы арқылы анықталады (Г.Л. Пермяков және оның ізбасарлары) [4, 14].

Мақалада ұлы Абай ақынның шығармаларындағы паремияларды талдауды мақсат тұттық.

Қай дәуірде болмасын Абай шығармаларындағы паремиялар өзінің өзектілігін жойған емес, қайта уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, өз заманымен қатар қазіргі дәуірде де қолданыс аясы кеңіп, халық ауыз әдебиеті мұралары іспеттес тілімізге сіңіп кеткен.

Абай тәрізді күні кешегі қаламгер тілінің грамматикалық құрылысын сөз еткенде, «ерекшелік принципін» ұстанамыз. Бұл дегеніміз – ерекшеліктерді тауып талдау, жазушының индивидуалдық талғамын, яғни паремиялардағы ақын стилін талдап таныту болып шығады.

Поэзия синтаксисі проза синтаксисінен ерекшеленіп келеді, өз алдына бір дүние. Өлеңмен берілген ойда өлеңнің тармақтарға бөлінуіне, ұйқасқа, әсіресе, шумақтарға бөліну-бөлінбеуіне қарай, ондағы сөйлемдер іштей жымдаса байланысып, синтаксистік күрделі тұтастықтар құрайды да, ол тұтастықтар прозамен аналогиялас категориялардан бөлекше болып келеді. Өлеңді сөзде сөйлемдердің бір-бірімен байланысу амалдары көзге түседі, яғни мұнда синтаксистік параллелизмдер мен синтаксистік қайталаулар – жарыспалы сөйлемдер дегендер болады. Сондай-ақ өлеңді сөйлемдердегі сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орналасу тәртібінде инверсия, өлеңдегі тасымал тәрізді поэзия синтаксисіне тән ерекшеліктер де болады [5, 290-291].

Мысалы: **авторлық афоризмдер:**

Біріңді, қазақ, бірің дос,

Көрмесен, істің бәрі –бос (Абай, Сегіз аяқ, 96-б.);

Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық

Аздырар адам баласын (Абай, Сегіз аяқ, 96-б.);

Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды,

Әдеті надан адамның(Абай, Сегіз аяқ, 94-б.);

Адал бол – бай тап,

Адам бол – мал тап (Абай, Сегіз аяқ, 96-б.);

Болмасын кекшіл,

Болсайшы көпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл (Абай, Сегіз аяқ, 95-б.);

Орынсыз ыржан,

Болымсыз қылжан

Бола ма дәулет, нәсіп бұл? (Абай, Сегіз аяқ, 95-б.);

«Сегіз аяқ» өлеңіндегі паремиялар фразеологиялық тіркестер арқылы да көрініс тапқан. Мысалы:

Қиудан шауып

Қисынын тауып (Абай, Сегіз аяқ, 94-б.);

Қайнайды қаның

Ашиды жаның (Абай, Сегіз аяқ, 95-б.);

Өткен соң базар

Қайтқан соң базар(Абай, Сегіз аяқ, 97-б.);

Болмысқа болып қара тер

Қорлықпен өткен қу өмір (Абай, Сегіз аяқ, 97-б.);

Қылт еткізбей бағып көр (Абай, Сегіз аяқ, 97-б.);

Ол қаны бұзық ұры-қары (Абай, Сегіз аяқ, 98-б.);

Іште **дерт қалың** (Абай, Сегіз аяқ, 99-б.);

Ауыздан жалын (Абай, Сегіз аяқ, 99-б.);

Берілген үзінділердегі фразеологиялық тіркестердің сөздіктегі мағынасына назар аударсақ, мәселен, «қайнайды қаның» фразеологиялық тіркесі «қаны қайнады» –

«ызаланды, қатты күйінді» деген мағынада жұмсалады [6,411]. Бұл тіркес ақынның қолданысында «қайнайды қаның» деп, яғни құрылымы жағынан өзгеріске түскен. Дәстүрлі қолданыстағы бірінші компонент пен екінші компоненттің орны ауысқан. Бірақ фразеологиялық тіркестің мағыналық реңкі сол қалпында, еш өзгеріске түспеген.

«Аяды, есіркеді, мүсіркеді» [6,238] мағынасындағы «*жаны ашу*» фразеологиялық тіркесі өлеңде «*ашиды жаның*» деп қолданылған.

Жалпы алғанда, «Сегіз аяқ» өлеңіндегі фразеологиялық тіркестер сөздікте берілген тіркестерден тек құрылымы жағынан ғана ерекшеленеді. Ғалым Р.Сыздықтың поэзия синтаксисіне байланысты жоғарыда келтірілген тұжырымын негізге ала отырып, «Өлеңді сөйлемдердегі сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орналасу тәртібінде инверсия құбылысының болатындығын және оның паремияларда көрініс тауып тұрғанын» байқап, мынадай сызба арқылы нақтылай түсеміз:

<i>Дәстүрлі қолданыстағы ФТ</i>		<i>Ақын қолданысындағы ФТ</i>
қаны қайнады	↔	қайнады қаның
жаны ашу	↔	ашиды жаның
базары өту	↔	өткен соң базар
базары қайту	↔	қайтқан соң базар
қалың дерт	↔	дерті қалың

«Сегіз аяқ» өлеңіндегі паремиялардың келесі бір тобын **мақал-мәтелдер** құрайды.

Мысалы:

Білгенге маржан,

Білмеске арзан (Абай, Сегіз аяқ, 94-б.);

Еңбек қылсаң ерінбей,

Тояды қарның тіленбей (Абай, Сегіз аяқ, 95-б.). Өлеңде кездескен мақал-мәтелдер өз дәуіріндегі адамдарға ашына отырып, бүгінгі күнге дейін әлі қазақ халқының бойында кездесетін жалқаулық, білім, ғылым үйренуге құлықсыз болуынынан туындаған. Мақал-мәтелдердің құрылымы бірінші компонентке екінші компоненттің мағынасы қарама-қарсы болып, сондай-ақ антоним сөздер арқылы жасалып тұр. Ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтелдердің құрылымдық өзгерісіне байланысты компоненттердің көркем шығармаларда қолданысқа түскенде өзгертіндігін айтып өткен.

Жоғарыда айтылғандардан мындай қорытынды жасауға болады: Абай шығармаларындағы мақал-мәтелдер мен авторлық афоризмдерде адамзат бойындағы жақсы-жаман қасиеттер, ұлт бірлігі сөз етіледі. Өсиет, өсиеттілік, қисынды пайымдар басты назарға алынады. Ақынның өзіндік стилі сөз етілгенде фразеологизмдердің дәстүрлі қолданыстағыдай емес, поэзия заңдылықтарына бағынып, инверсия құбылысы мен сөйлемдегі синтаксисінің өзгерісі анықталды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Карлинский А.Е. Место паремииологии в науке о языке // Избранные труды по теории языка и лингводидактике. – Алматы, 2007. – С.143-161.

2 Еремеева М., Мацук А. Трудности разграничения паремииологии и фразеологии // Лингвистика, лингводидактика, лингвокультурология: актуальные вопросы и перспективы развития. – Минск: Белорусский государственный университет, 2018. –С. 20-25.

3 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1997. – 256 б.

4 Алибекова К.Е., Баяндина С.Ж. Мақал мен фразеологизмдер тілдік құбылыс ретінде: ұқсастықтар мен айырмашылықтар // Ш.Уәлиханов атындағы КМУ Хабаршысы. – 2016. - №1. – Б. 14-18.

5 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексика мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 384 б.

6 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – А: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.

7 Өлең – сөздің патшасы. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық жинағы. – Жидебай, 2008. – 568 б.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ҒАҚЛИЯЛЫҚ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

Жансая Бәкберген

7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 1-курс

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Абдирасилова Г.Қ.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Ұлттық мәдениет белгілі бір этностар кеңістігінде қалыптасады. Этномәдени кеңістік тұйық, оқшау емес, сол әлеуметтік топтың тарихи ағынының өрісі саналады. Осы этномәдени кеңістіктің негізгі тірегі, тұтқасы – Адам. Еуроазиялық мәдениетте өз орны бар мәдениеттердің бірі – қазақ мәдениеті. Қазақ мәдениеті евроазиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Ұлы Дала көшпелілерінің бірегей тұлғалары Шоқан мен Абай жалпақ әлемге “Дала адамының” тұтас болмысын белгілі бір дәрежеде танытты. Мақалада Абайдың қара сөздерінің репрезенттілігі сөз болады.

Тірек сөздер: Абай Құнанбаев, Абай мұрасы, Адам болу, қара сөз, ғақлиялық дана сөздер.

Қазақ тарихындағы, әлемге әйгілі дара да дана есімдердің бірі – Абай есімі. Міржақып Дулатовтың: «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өткен күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер мен білімге ұмтылар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артар. Бірінші ақынымыз деп қабіріне зиярат етер, халықпенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар» деген сөзі соншама құдіреті мол болжау екен. Абай рухы, Абай мұрасы қазіргі ұрпаққа соншалықты жақындап, олармен қауыша түсті. Бұл – заңды. Өйткені, Абай – тұтас бір халықтың рухани әлемі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Абай тағылымы жайлы мына бір ойы еліміздің рухани дамуы, жас ұрпағын тәрбиелеудегі басты бағытындай: «...Абай – это явление мирового уровня. Подобно всем великим творениям человеческого духа, его духовное наследие наполняется более глубоким современным смыслом, служит и должно служить высоким идеалам цивилизованного мира». («Абай и наше время», Алматы, 1995 ж).

«Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол – қазақтың жан-дүниесінің тұңғығына бойлаған дара тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы. Абай жаңа әдебиетіміздің негізін қалаған ақын ретінде ел тарихында айрықша із қалдырды. Оның еңбектері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтқан емес. Әлі күнге дейін баршамызға рухани азық болып келеді. Ақынның ғибратты ғұмыры мен мол мұрасы – халқымыздың және жаһан жұртының асыл қазынасы. Абайдың өсиеті – өскелең ұрпақтың айнымас темірқазығы», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті?» - деген өлең жолдары - ақынның өмірлік ұстанымы. Ақынның мұраты - халқының іргелі ел қатарында болуы, өмірдің мәнін ұғынуы. Ол үшін Ұлы даланың

Семей өңіріндегі Шыңғыстау аталатын мекенде туып өскен Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі - надандық, екінші - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің. *Надандық* - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. *Еріншектік* - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады. Залымдық - адам баласының дұшпаны. *Залымдық* - Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» (Абай, 1986:152), -деп, «адам болумен» сыйыспайтын, керісінше, адамның қас-жауы, дұшпаны болып табылатын қылықтардың табиғатын ашып, жілікше шағып берді, одан арылуға бастайтын ой салды. Артына өлмейтін іс қалдыратын Адам аталған қылықтарды бойына дарытпайды. Есі бар адам Абайды оқыса, көңілі ағарады, жаны тазарады, жігерленеді.

Қазағы үшін жүрегі сыздайтын Ұлы ақынның бұлайша ойтолғап, тебірене, терең жазуының себебі белгілі еді және де осынша терең, өткір айту тек Абай сынды тұлғаның ғана қолынан келетіні анық. Мәдениеттанушылардың айтуынша, ортағасырлық озық мәдениетінен, қалалары мен төл жазуынан айырылған халықтың бар сенімі фольклоры болатын. Көшпелі мәдениетке қолайлы форма - *ауыз әдебиеті*, ал ел басқарудың ұтымды түрі *билер соты* болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ресей патшалығы Қазақ елін өзінің отарына айналдырып, жаңа әкімшілік тәртібін енгізді. Сөйтіп, қалыптасқан дәстүр шайқала бастады. Міне, осы кезде тығырыққа тірелген халыққа одан шығудың амалын ақылмен таразылап, жүрек көзімен қарап көрсететін тұлға қажет еді. Абай осындай тұлға болды. Абай шығармашылығында қазақ елінің бодандыққа түсіп, тұйыққа тірелген, одан қалай құтылудың ретін білмей дағдарған рухани, әлеуметтік жағдайы суреттеледі.

Абайдың рухани күрес жолы білім іздеуден басталады. Абай оны «*Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады*», -деп есептейді. Білімді медресе, мектептен, өмірден алуға болады. Алайда білімді болу мен нағыз адам болу бір нәрсе емес. Ұлы Абай бұған: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деп жауап береді. Мәдениеттанушылардың пайымдауынша, мәдени типтік белгілері бойынша Батыста - рационалды ғылым, Шығыста - жантану өрістесе, қазақ сахарасында «адам болу ұстанымы» алдыңғы қатарға шыққан. Абайдың қазақ ұлты үшін көкसेгені де осы - *Адам болу*. Ол үшін «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек», - дейді. Абайдың философиясы қазақ ұлтының болмысымен үндеседі.

Антропоцентризм - тілді адамның саналы әрекетінің көрінісі, таным нәтижесін қалыптастырушы құрал ретінде қарастырады, адамның қоғамдық қызметінің, өмір сүру ортасының барлық саласымен байланысты, тұтас жан-жақты зерттейді. Адамды тілінен тыс сипаттау, тілінен тыс түсіну мүмкін емес. Тілдің мәні мен ерекшеліктерін *Адам* және оның әлемге қатысы арқылы толық сипаттауға болады. Адам – тілімен адам. Антропоэлектік зерттеулерде Адам – сөйлеуші, тілді жаратушы, өзіндік әлемі, дүниетанымы бар саналы жан ретінде анықталады. Қазіргі антропоэлекті бағыттың мақсаты мен өзі өмір сүрген заманының мұң-мұқтажын зерделеп түсінген Ұлы Абайдың мақсаты өзектес. Әрбір қоғамдық ой өз дәуірінде ғана туады, ал тіл оны ғасырдан ғасырға жалғастырады. Бұл жалғастық *афоризм* тәрізді сөз мәйегі арқылы көрінеді.

Афоризм - ойдың материалдық көрінісі. Афоризм - адамзаттың әлем құбылыстары жөнінде жинақталған білімдерін түйіндеп, пікір білдірудің бір түрі ретінде дүниеге келген. Ұлы Абай афоризмдерін педагогика, мораль, әдебиет т.б. дидактикалық бағытта Қ. Өмірәлиев т.б., философиялық тұрғыда Ғ.Есім зерттеген.

Бұдан басқа да зерттеулер бары анық. Е. Шаймерденов «Қазақ афоризмдері» жинағына Абайдың 364 афоризмін берген.

Осыған орай, зерттеудің басты мақсат - осы өзектестік пен сабақтастықты саралап түсіну, болашаққа оның өміршеңдігін сезініп, сезіндіру; Абайды «Адамзат таныған - Абай» деңгейіне көтерген афоризмдерінің туу себептерін анықтау арқылы Ұлы Абайдың көкейкесті көзқарасын ашып түсінуге талаптану; Абай афоризмдерінің ағылшын тіліндегі аудармасын түпнұсқамен салыстыра отырып, туыс емес тілдердің ерекшеліктерін анықтау; Абай афоризмдерінің лексика-семантикалық парадигмасын жасау, лингвомәденитанымдық тұрғыда талдау, оның қазіргі мәдениетаралық коммуникация кезеңіндегі маңызын айқындау.

Даналық ой - адамзатқа ортақ. «Адамзат таныған Абай» әлемі де ізгі жүректі адам баласына ортақ екенін таныту жобалық зерттеудің мақсаты болып табылады.

Ұлы Абайды Ахмет Байтұрсынов: «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ», десе, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», - деп бағалаған.

Абай – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Ол Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абай XIX ғасырдың 90-жылдары өзінің ой-толғаныстарын қара сөздермен жазған. Өз шығармасын қара сөзбен жазудың публицистикалық түрінің негізін қалаушы Шоқан болса, көркем қара сөз қазақтың көркем жазба әдебиеті тарихында Ы.Алтынсариннен басталады. Одан әрі қарай дамытушы Абай болды.

Абайдың қара сөздері – көркем әңгіме емес, ғақлиялық даналық сөздер. Онда ғылыми философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай қара сөздерді жазуға зор дайындықпен келген. Ол бұл еңбектерін діни сопылық-теологиялық ғылымды да, жаратылыс заңдарын ашқан Галилей, Коперник, Спенсер, Ньютон, Пифагор, Дарвин еңбектерін де, ертедегі философ ғылымдар Сократ, Аристотель, Платон шығармаларын да, Шығыстың ойшылдары — Фирдоуси, Шамси, Қожа Хафиз, Бабыр, т.б. еңбектерін де оқып, ақыл-парасаты әбден толықсыған шағында жазуға кіріскен. Ол қара сөздердегі келтірілген терминдік атаулар мен сілтемелерден немесе ой-пікір үндестігінен байқалады.

Абайдың қара сөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең, оқушыға ой саларлық, ғибрат беруді көздей құрылған. Көпшілік қара сөздерінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады. Немесе өзімен-өзі кеңесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады.

Абай еңбектерінің аттары: «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші қара сөзі», «Он жетінші қара сөзі», «Он сегізінші қара сөзі», «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы», «10-шы қара сөзі», «19-шы қара сөзі», «25-ші қара сөзі», «30-шы қара сөзі», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «24-ші сөз», «38-ші сөз», «39 –ші сөз», «6-шы сөзі», «7-ші сөзі», «44-ші сөзі».

Осы еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз; Біліміден шыққан сөз, ақылдыға болар кез; Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл; Болмасанда ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз; Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ; Әкесінің баласы –

адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың; Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма; Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып адам болады; Түзу жолға мәдени прогрестік даму жолына шығу қажет; Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас; Әрбір ғалым, хакім емес, әрбір хакім-ғалым; Бас басыңа би болсаң, манар тауға симассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің; Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол; Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол.

Абайдың "Жетінші сөзінде" ұшырасатын "жанның тамағы" деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды.

Осы себептен де Абай: "... құмарланып, жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді",— деп қайыра түсінік беріп отыр. Абайдай ұстаз ақынның бұл "Жетінші сөзде" көздеген мақсаты - адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңдіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен "Ғылым таппай мақтанба" тағы басқа өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол "жанның тамағы туралы" ұғымды өз заманының тұрғысынан келіп, "адам болу" үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасын ұсынады. Онысы:

Адам болам десеңіз...

Бес нәрседен қашық бол...,—

Бес нәрсеге асық бол, - деген жолдарда жатыр.

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың "Он тоғызыншы сөзінде" де қайталанады. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Соңдықтан да Абай "Он тоғызыншы сөзінде":

"Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады",— деп жоғарыдағы өлең үзіндісендегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Белгілі ғалым Т.Қожакеев: «Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да» дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Менсінбеуші ем наданды», «Қайғы шығар ілімнен», «Қарашада өмір тұр», «Бойы бұлғаң» деген өлеңдерінде де ел ішінің бұзылуы, ондағы жікшілдік, баққұмарлық, алауыздық, өтірікшілік, өсекшілік, пайда іздеу ұрлық қылу, сұмдық-сұрқиялық істеу сияқты қасиетсіздіктерге қарғыс таңбасы басылған» дейді. Міне, бұлар қоғамға, оның мүшелеріне баға беретін, сын айтатын шығармалар. Бұл пікірді сәл өзгертіп ұлы Мұхтар да айтқан: «Абай өскенде, ортасынан асқанда осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып танып барып өседі... барлық ақыл ойын мынау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды».

Абай ұстанған оқу, тәрбиелік қағидалардың қазіргі қоғам талаптарымен үндестігін байқап, жастарға ұлттық тәрбие беруді имандылық, адамгершілік, еңбек,

эстетикалық тәрбиесін бүгінгі жас ұрпақ қажетіне жаратуды жүйелілікпен пайдалану қажет. Қазіргі қоғам жағдайында өзінің төл тарихын, мәдениетін терең білетін жеке тұлғаны жан –жақты қалыптастыруда тарихи білім мен тәрбие беру қажеттілігі айқындалады. Сөз соңында миллиардтан асып кеткен Қытай халқы өздерінің ұлы ғұламасы Конфуцийдің бір өсиетін жоғалтпай елінің ұлттық саясаты етіп, ұстап отырғанда егемендіктің көк байрағы желбіреген елімізде қазақ халқы әрі ғұлама ақын, философ, әрі психолог Абай тағылымдарын ұлттық идеология етіп ұстаса артық болмас демекпін. Себебі ақын мұрасындағы философиялық, педагогикалық, психологиялық ойлар бүгінгі күн талабымен сабақтасып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев шығармашылығының бір томдық жинағы. Өлең – сөздің патшасы. Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 568 бет.
2. М.Мырзахметұлы Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 бет.
3. Ғ.Есімов Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 бет.
4. Қ. Біләл. Хакім Абай дүниетанымы.// Қазақ әдебиеті. – 2006. – 24 қараша . 4бет
5. <https://bilim-all.kz/olen/519>
6. <https://egemen.kz/article/169773>
7. Қ.Тоқаев Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Сарыарқа самалы. – 2020. – 11 қаңтар. – 4 бет

М.ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Сманова Елмира

Қайнар Академиясының 2 курс магистранты

Түйіндеме: Мақалада қазақ прозасында құрылымдық және поэтикалық сипаты тұрғысында алар орны ерекше Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы пейзаж мәселесі көтерілген. Роман-эпопеядағы пейзаж және оның қызметі жайлы баяндалған. Қаламгер туындысының қамтыған уақыт пен кеңістік ауқымынан бөлек, ондағы көркем шеберлік, сипаттау және суреттеу тәсілдері, суретті сөздері, түрлі бояулар мен сөз иірімдері қазақ прозасында кездесетін сирек құбылыс. Роман-эпопеядағы пейзаж қызметі, пейзаж образдары арқылы кейіпкерлер мінездемесінің бейнеленуі жүйелі сараланып, нақты мысалдар негізінде талданған.

Тірек сөздер. Мұхтар Әуезов, «Абай жолы», пейзаж поэтикасы, психологизм.

Аннотация: В статье поднимается проблема пейзажа в романе Мухтара Ауэзова «Путь Абая», который занимает особое место в казахской прозе с точки зрения структурности и поэзии. Пейзаж и его функции описаны в эпическом романе. Помимо времени и пространства, охваченного творчеством писателя, его художественное мастерство, приемы описания и описания, живописные слова, разные цвета и фразы - редкое явление в казахской прозе. Систематически анализируются и анализируются на конкретных примерах роль пейзажа в романе-эпосе, изображение характеристик персонажей посредством пейзажных образов.

Ключевые слова. Мухтар Ауэзов, «Путь Абая», поэтика пейзажа, психологизм.

Abstract: The article raises the problem of landscape in the novel by Mukhtar Auezov "The Way of Abai", which occupies a special place in Kazakh prose in terms of structure and poetry. The landscape and its functions are described in the epic novel. In addition to the time and space covered by the writer's work, his artistic skill, methods of description and description, pictorial words, different colors and phrases are a rare

phenomenon in Kazakh prose. The role of the landscape in the epic novel, the depiction of the characteristics of the characters through landscape images are systematically analyzed and analyzed using specific examples.

Keyword. «The way of Abai», Mukhtar Aueзов, poetics of landscape, psysholoqism.

Қазақ әдебиеттану ғылымы көркем шығармаларындағы пейзаждың берілу шеберліктерін зерттеу барысында біршама нәтижелерге жетті. Алдыңғы қатарлы әдебиет зерттеушілер, ғалымдар сөз шеберлері мен өнер адамдарының өмірі мен шығармашылық ерекшеліктерін, соның ішінде пейзажды беру шеберлігінің жетістіктері төңірегінде бірнеше зерттеу еңбектер жарық көрді.

Соларды басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиетіндегі ең күрделі әрі ең ірі шығарманың бірі М.Әуезовтың «Абай жолы» романы. Аталған роман-эпопеясындағы пейзаж, жазушының назары, тұжырымдамасы, шеберлігі бүгінгі мақаламызға тұғыр болмақ.

«Абай жолы» эпопеясы бойындағы пейзаждық көріністерді топтастырып, оның шығармада атқарып отырған қызметінің мағынасына арнайы тоқталдық. Сонда жазушының сөз саптау ерекшелігі, өзге жазушылардан кездеспейтін сұлу суреттер мен сәтті сөз тіркестерінің сонылығымен, өзгені қайталамайтын ерекшелігімен, дараланатындығына көзіміз жетті. Әуезовтің шығармасындағы жанрлық табиғатын зерттеуде біз пейзажды қолдану шеберлігінің сонылығымен көрінген творчестволық ауқымын тануда ерекше маңызды орын алатын стильдік ерекшеліктерін зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық. Әдебиеттану ғылымында пейзаж – эстетикалық категория ретінде көркемдік ашылымдар мәнін ескере отырып пейзаж категориясының объектісі не? Ол қандай қызметтер атқарады? – деген мәселелерге тоқталып, ой тұжырымдадық. Бұның өзі методологиялық бағыт-бағдарлық мақсатта жасалған барлау – тұжырым болды.

Романда қазақ халқына тән этномәдени дәстүр рәсімдері де мызғымас алып табиғат аясында өтеді. *«Қоңыр күздің бүгінгі күні желсіз, тынық. Аспан да ашық. Соңғы аттылар Құнанбай қасына жеткенде, балқыған темірдей боп ұшқын атып жарқыраған үлкен күн алыстағы Арқат тауының ирек-ирек жотасына міне бастады»*. Көш үстіндегі аттылы сахаралықтардың дағдылы машығын көмкеретін – айнала түгелсілмей жатқан даланың сом денесі мен жұқалтаң терісі. Аспан әлеміндегі өте баяу үдеріс екі аяқты пенделер арасындағы қимыл-қыбырмен мезеттес суреттеледі. Алып Күнге байланысты предикативті қасиеті мол күрделі эпитет пен қыр тұрғындарына хас әрекетпен астарлас метафора зор көркемдік-эстетикалық қуатқа ие. Күннің тұтас планета екенін білгенмен, бізге шағын боп көрінетіні, ал жоғарыдағы сәтте оның мейлінше көлемді ауқым нысанына айналуы оптикалық әрі эмоциялық дәлдікпен бедерленеді.

М.Әуезовтың шығармашылығындағы ерекшеліктер айқын байқалады, әрі кейіпкерлердің әралуан мінез-құлықтары мен пейзажы, өзара үйлесімді болып келеді.

Пейзаж табиғатындағы теңеу, эпитет, метафора, салыстырулар психологиялық моменттерімен қатар қойып берілер болса, онда лирикалы көңіл-күй әсерінде келетін эмоциялық элементтер адам тағдырында болып жатқан оқиғалармен қабысып тұтас көркемдеуші құралға айналады. Осы тұрғыдан келсе табиғат мінезді қалыптастырады. Бұл жағынан қарағанда М.Әуезовтің орны ерекше. Оның шығармаларының қай-қайсысында да қазақ даласының көктемі мен жазы, боранды қысы, жауынды-шашынды күзі оның қай шығармаларында болсын мейлінше шешімін табады. Сөйтіп қандай кез, қандай жағдайда да оқиғаның өрлеу, шарықтау барысында ретіне қарай қиюын таба пайдаланып отырады. Оларды көбіне айналадағы өзге байқай бермейтін дүниелерден алады да, шығармасына тігісін білдірмей табиғи

түрде ендіре біледі. Оқырман М.Әуезов шығармасындағы әрбір көріністің тұтастығын, бірлігін сезінеді. Жазушы жаратылыс құбылыстарын кейіпкерлерінің басынан өткен күйініш-сүйінішін оқиға бірлігімен байланыстыра суреттегенде олардан құбылыстың тек сыртқы көрінісі ғана емес, ішкі мазмұны да ашылғандай әсерге бөлейді.

Кейіпкердің ішкі дүниесіне үңіліп, жан құбылыстарының қалтарыстарын адамның көңіл-күйімен сәйкес суреттеу, қатар өру Әуезовтің алғаш жазылған еңбектерінен көптеп кездеседі. Сол кездің өзінде табиғатқа жан бітіріп, оның түрлі көріністерін әр қырлы мазмұнды образдармен сипаттау шеберлігі кейіпкер жан дүниесіндегі болып жатқан арпалыс пен ызғырық боранды сұрапыл суретін қатар берумен-ақ оқырман назарын бірден баурай жөнеледі.

«Абай жолына» дейінгі ізденіс сатыларына тоқталып өтелік. Сондағы дарын қуатын мейлінше кең танытқан бұл эпопеясының дүниеге келуі бірер жылдың жемісі емес, ұзақ ізденіс, үлкен әзірлік нәтижесінің дүниесі. Соның ішінде табиғат ерекшеліктерін қолдануда толығы жеткен толғаныстың қиюын тауып қиюластыруы сол әзірлік нәтижелерінің жемісі саналады. Романға дейінгі қаншама жетілу, толысу, өсу жолдарынан өтті. Егер осы тұрғыдан келер болсақ, «Абай жолы» эпопеясындағы пейзаждың басқа шығармалардан табылуы сирек кездеседі. Әрине ол бұндай биікке, шеберлік биіктігіне бірден келе қойған жоқ дедік. Бұған дейін қаншама әңгіме, очерк, повесть, романдар жазғанын білеміз. Солардың барлығында да ол табиғат көріністеріне ерекше мән берді де, оны бірден-бірге жетілдіріп, дамытып отырды. «Абай жолындағы» пейзаждың соншалық шеберлікке көтерілуінің алдын осылардан іздеуіміз керек. Әсерлілік, шымырлық, дәлдік әбден төселген суреткерлікті, жетілу, қалыптасу жолдарынан өтуін осылар арқылы дәлелдеуіміз керек.

Шығармада адам образын ашу, портреттерін жасау оқиғаның шиеленістерге толы кезеңі, көңіл-күй толғаныс сезімі, контраст, психологиялық параллелизм, кейіпкердің әрекет алдындағы моральдық құбылыстары, оқиға болатын жердің фоны мен мезгіл-мекені, философиялық топшылаулары тағы басқа да толып жатқан қолдану ерекшелігін атап өтуге болады.

Әуезов мезгілді бере отырып, қара түн – қауіп-қатер, үрей сәттерін бейнелейтін ситуациялық кездерді ашуға қатыстырады. Қара түс – жаманат хабар, оқиға. Күз – көңілге күдік, мұң, өтіп бара жатқан өмір, өткінші уақыт, өкініш. Қыс – қатыгездік, қайырымсыздық. Көктем – тыныш тіршілік, жаңарған өмір, өмір жалғасы. Жаз – жанға жайлы, жайдары шақ, қызығы мол жастық кез, сал-серілікті меңзейтін тұстар сияқты болып келе береді.

М.Әуезов «Абай жолында» Қодар – Қамқа оқиғасын талқылайтын әйгілі мәжіліс барысын керемет шеберлікпен кестелейді. Осындағы көптеген дала көкжалдарының дара және топтық пішіндемелері жас шәкірт Абай көзімен әрі авторлық назардың қатысуымен өте дәл де әсерлі бедерленеді. Ғажап психологиялық интуиция құдіреті кейіпкерлердің сырт бәдені мен жан дүниесі, өмірге көзқарасы, мінез-құлқын, пиғылын, арғы тарихын шола екшеп, сұңғыла түйсікпен түйіндеп отырады. Осы эпизодта қаншалық антипатия, симпатия, күдік, үміт, сенім, нала, ыза, өкініш т.б. сезім күйлері теңіздегі толқындардай сапырылысады. Эстетикалық әсер тек жағымды тұрғыда емес, ұнамсыз, өрескел әуендер нобайымен де аралас-құралас келеді. Осы көрініске қарап отырып толып жатқан мінездемелік штрихтар, рефлексологиялық болжам, тебіреніс, эпитет, теңеу, метафоралар, лексикалық, синтаксистік ұтқыр оралымдар роман көркемдігін асырады. Сол көркемдік субъектілерге қатысты биік эмоцияналдық регистрлер арқылы эстетикалық қабылдау белсенділігін оятады. Авторлық көзқарас, қаһармандар көзқарасы бірігуі нәтижесінде эстетикалық бағалау өлшемдері мол қырлы қалыптан табылады.

Тысқары дүниенің эстетикалық қасиеті көркемдік амал-тәсілдер мен эстетикалық нысанға қатынасы бойынша жаңа эстетикалық шындық бейнесін жасайды. Осының барлығы шығарманың көркемдік әлемін құрайды. Автор назары, тұжырымдамасы, шеберлігі өмірдің эстетикалық моделін түзеді. көркемдік, эстетикалық ұғымдары мазмұн мен форманың өзара ауысып отыратындай күйде біртұтас, қатар жүретін мәдени-шығармашылық құбылысқа айналады. Роман көркемдігі бұл жағдайда эстетикалық назар, талғам, баға, сана аяларын түгел өз бойына жинақтайды. Аңғарып отырғанымыздай, көркемдік сәулеттілікті кеудеден итермейді, сәулеттілік өнер туындыларында көркемдіктің табиғи талант, шеберлік, суреткердің рухани мүмкіндіктері арқылы шынайы өмір сүру қабілеттілігіне көтеріледі. Көп ретте эстетикалық объектінің де, субъектінің де ажырамас тысқары қасиеті есебінде жүргенмен, көркемдікпен арада жазушы жаны, дүниетанымы ұғымдарының ортақтығы арқылы ішкі рухани құбылыстардың зор талғаммен шығуына аса зор үлес қосады.

М.Әуезов жас Абайдың адам келбетінен табиғаттағы құбылыстармен сабақтастық күйлерін ұққысы келіп, ұзақ сарылатынын атап өтеді. Демек, Абай айналадағы ландшафт және физиогномиялық көріністерді тек байқамайды, оларға эмоционалдық баға беруге тырысады, эстетикалық қабылдау сүзгісінен өткізеді, тиісті дәрежеде сол сезімдік ықпал толқынын бастан кешеді. Ал кейіпкерінің осы мінезін, нақты пішіндемелік суреттеулерге көшкен мезетте, осы шығармашылық үдеріс барысында автор бастапқы эмоционалдық жігер қуатын неғұрлым айқындап, жаңа эстетикалық сапаға көшіреді. Жалпы сипаты тым ауқымды болғанмен, сәулеттілік шығармашылық проецисте поэтикалық-стилистикалық, тілдік семантикалық, психологиялық, философиялық құрылымдар сәттілігіне сәйкес көркемдік ғимаратының құрамдас бөлігіне айналады. Көркемдік неғұрлым нақты да, эстетикалық эмоциялар барынша еркін. Ол субъектілердің эстетикалық қабылдау ерекшеліктерімен тамырлас. Көркемдік негізінде бір тұлға, суреткер қиялы мен қабілетінен өрістеп, шартты түрде нақты белгі танытса, сәулеттілік түрлі қаһармандар әрі оқырмандар талғам-талабына байланысты әр алуан реңк табады. Бұл ретте уақыт пен кеңістік аяларының мәні мол. Мәтін деңгейлері тарихи, әлеуметтік, жекелік себеп-салдарға қатысты мағыналық таңба кейпінде сан қилы зерделеу, пайымдау, яғни түсіну мен эстетикалық қабылдау талқысына түседі. Көркемдік атомы эстетикалық аядағы қабаттармен толығып, өзара әсерлесу нәтижесінде сезімдік – интеллектуалдық, мәдени-рухани құндылыққа ұласады.

«Абай жолында» қолданылатын, «саптыаяққа» қатысты метафоралық оралым да халықтық мақал, мәтел үлгілерімен бірге қорғану реңіндегі пікірді шегініс жасай отырып, шабуылға көшу тұстарында эмфатикалық, эмоционалдық тұрғыда әсем бояумен әшекейге бөлейді. Көбей билік айту өнерін әдеттегі дау-дамай мазмұнынан жоғары қояды. Мәселе айтыс үстіндегі қарсы жақтардың бірін-бірі қадірлеу, әдептен аспау, мінез мәдениетін сақтау туралы. Кішірейе тіл қатса да, Тобықты жағы талас-тартыс мағынасын ұзақ уақыттық меже аясында қарастыруға ыңғайлы. Дала ережесі сақталмағанмен, ғашықтардың адал махаббаты оларды қорғаушы жанға рухани дәрмен береді. М.Әуезов әдеттегідей пейзаждың кеңістік пен уақыт үйлесімін, психологиялық толымдылық әкелетін қызметін еркін де сүйсіне пайдаланады. Мәселен, «Барымтада», Кеңөзек «ұйқыға кеткен сұлуға» теңелсе, «ақ шұбар ауылда әр жерде, тарғақтың, үйрек-қаздың ұядағы жұмыртқасындай болып» [1] көрінеді. Бірінде әсемдік пен бейқамдық, тыныштық салалас алынса, екінші синтагма А.Чеховтың кең тарапты суретті нақты зат, мүлікпен салыстыратынындай, көрініс дәлдігі, әркелкілігі, геометриялық өлшем ұтымдылығымен дараланды. Соңғы теңеу мүлде тың, бұрын ұшыраса қоймаған.

Қорыта айтқанда, халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ халқының елу жылдық өмірін көркемдікпен бейнелеп берген, көлемді көркем шығармадағы идея мен образ бірлігінің үлгісін көрсеткен, қазіргі қазақ прозасының маңдай алды кесек туындысы болып табылады. М.Әуезов табиғат келбетін қай тақырып аясында суреттесе де өзіндік қолтанбасы бірден көзге түседі. Өйткені сол суретті табиғат бейнесінің астарында қоғамдық-әлеуметтік мәселе, адам еркіндігі, әйел теңдігі, отаршылдық, жемқорлық, парақорлық, кедейшілік т.б. мәселелер қозғалады да, қаламгердің идеялық-эстетикалық ерекшелігін ашуға қызмет етеді. стилін анықтау үшін сол өзгешеліктерді санамалап көрсетейік:

- қаламгер табиғат бейнесін жалаң суреттемейді (онда көркемдік детальдар – ауыл, төрт түлік, адам т.б. жанама қолданылады);

- пейзаж жазушы тарапынан көркемдеу фоны тәсілін де айналып отырған;

- табиғат сипатын беру арқылы сюжеттің байланысына, оқиғаның дамуына ықпал жасалған;

- пейзаж жасау арқылы жазушы табиғат бөлшектерінің образын сондап отырған;

- жазушы адам психикасымен табиғат құбылысын шебер ұштастыра алған;

- табиғат бейнесі көп ретте символды әдіспен келтіріліп отырған;

- қаламгер стильдік концепциясын лирикалық, романтикалық, реалистік салмақпен өлшеп алған;

- пейзаждық сурет арқылы қаламгер қоғамда белең алған түрлі мәселелерді көтерген;

- дәстүр үрдісі мен заман талабына сай жаңашылдық сарында табиғат сомдауда қаламгер жалғастырып отырған;

Сонымен зерттеудің негізгі объектісі болған пейзаждық көріністер және осы саланың қазақ әдебиетінде қолдану тәсілдерінің озық үлгісін әкелген М.О.Әуезов шығармашылығын тарата отырып талдадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.3. Алматы: Ғылым, 1998. 87-бет.

2. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. – А., 1965

3. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – А., 1968

4. Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі, – А., 1986

5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,

АБАЙ - ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРДІҢ ЖАҚТАУШЫСЫ

Сұлтанова Б.М.

Орынбаева Саида Искакбековна

Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кенті № 17 орта мектеп

Ұлы Абай дейміз, данышпан Абай дейміз, бүкіл қазақ мәдениетіне, қазақ танымына, қазақ түсінігіне жаңалық әкелген Абай дейміз. Абайдың әдебиетте өлең құрылымындағы жаңалығы белгілі. Мың жылдық, әлде одан да көп төрт тармақты қазақ өлеңінің тарихына жаңалық әкелді. Әдебиетімізге үш тармақты, бес тармақты алты тармақты, жеті тармақты шумақтар әкелді. Бұл - өлең құрылымындағы жаңалықтары. Абай әндері де қазақ даласындағы жаңалық еді. Шығыстың жан тербетер әуеніне батыс, оның ішінде опера ерте дамыған италия әуезін қосты. Екі мәдениет тоғысынан қандай өнер туындысы дүниеге келді десеңізші!? Ал енді ойлау,

таным, түсініктеріндегі жаңалықты басы А.Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, М.Әуезов болып, кейін М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім тереңдете зерттеді, оқырманға түсіндірді.

Абайдың шығармашылығын ізгілік, адамгершілік мәселелерінен бөліп алып қарай алмайсыз. Абай өлеңдері, қарасөздері, поэмалары, музыкасының тұпқазығы осы ізгілік, адамдық, имандылық, адамгершілікте. Ізгілік, имандылық, адамгершілік туралы Абай кеменгерлігі жан туралы шығармаларында терең көрінеді. Абайдың жан туралы ойлары терең зерттеуді, ойлануды қажет етеді. Кеңес кезіңінде белгілі себептермен хакім Абайдың жан туралы ойлары зерттелмеді. Себебі жанды білу әрі қарай құдайды танумен сабақтас. Әрине кеңестік идеологияның бұған жол бермесі беп-белгілі.

Абай 7 қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талшынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» - дейді Абай. Жас баланың әр нәрсені білмекке құмарлығын, тән құмарынан гөрі жан құмарының күшті екенін айтып отыр. Одан әрі ғұлама хакім жан туралы ойларын тереңдете түседі.

«Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?»- дейді. баланың бір нәрсе қызығына түскенде тамақ, ұйқыны да ұмытып кететінін айтады. Баланың қызығушылығы орасан күшті. Өкінішке орай баланың осы қызығушылығын ата-ана да, мектеп те дамыту орнына «тыныш», «тыныш», «болды», «оны не қыласың» немесе «оны қайтейін деп едің» деп басып тастаймыз.

«Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» - дейді хакім Абай жан туралы ойларын одан әрі өрбітіп. «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді» - дейді. біз керісінше «Жанды тәнге бас ұрғыздық» - дейді. Ерекше назар аударатын тұс та осында. Адам баласы «ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұратын тәннің құмарын күйттеумен жүр. Тәнді күшейтумен жүріп жан азығын ұмытамыз дейді. Міне адамшылықтан шығу осыдан басталады. Абай хакім жанға азық болар нәрсені айтып отыр. Тәнді жан билеген кезде адам ғана емес, оны қоршаған орта, әлеумет, қоғам бәрі де тазарады дегенді айтып отыр Абай. Хакім Абай өте дұрыс

айтады. Жас сәбиді жан басқарады. Ал есейгенде, ақыл тоқтатқанда адамды керісінше нәпсі билеп кетеді. Абайды шошытатын да осы. Нәпсіге ерік берген адамнан барлық жамандықты күтуге болады. Нәпсіге ерік берген адам қолына от ұстаған маймылмен тең. Кез келген сәтте кез келген нәрсені өртеп жіберуі мүмкін.

«Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз» - деген қорытындымен аяқтайды хакім Абай жетінші қара сөзін. Бар дүниені көкірек көзімен көрмей құр көзбенен көрген адамды малдан артық жері жоқ дейді данышпан хакім.

Абай жанның мекен-тұрағы - жүрек дейді. «Мен адамның денесінің патшасымын, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ...» (17 сөз). Жан адамның бүкіл іс - әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның ізетінде, иманында іс-әрекетінде кемшілік болады. Жан дүниесі таза, жетілген адамның ғана иманы берік, адамгершілігі жоғары болады. Адамзаттың бақыты оның жүрегінің тазалығына байланысты. «Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратуғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады...» (17 сөз) дейді ұлы Абай. Жас баланың жүрегіндей жүректі таза ұстасақ аспандағы айдың да қолымызға түсері хақ. Білім беру жүйесінің басты мұраты да Абай шығармаларының темірқазығы болған жан тану, яғни ізгілік, адамгершілік болу керек. Ал Абай шығармаларында жетілудің, жүректі кірлетпрудің барлық жолдары бар. Тек оны түсіну керек, бойға сіңіру керек.

Абай жанды оқу мен білімді меңгеру тұрғысынан қарап: «Талап әр балада бар, – дейді ақын, – оған талас қылуға болмайды. Егер талапты ескеріп, күтіп тәрбиелей білсе, ол дамып, өрістеп жетіледі. Ал оған мән бермесе, өз-өзінен жоғалып кеткенін адам байқамай қалады»-деп, оның қалай жоғалып кеткенін айналасындағы жұртшылық та байқамай қалатынын айтады. Абай не қажет, не залал – осының бәрін білімді адам толық біледі, өз өмірін жандандырады, өз халқына пайдасы тиеді деп ұғынды. Адамның ең басты міндеті ғылымға, білімге, білуге талпыну деп білді. Сонда ғана жан тәнен жоғары болады, жан тәнді бидейді деді. Абай отыз екінші қарасөзінде ғылым үйрену деп мынадай талаптар қойды: – Білім мен ғылымды үйренбекке талап керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: әуелі білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесі керек болады деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білімнің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады, – дейді.

Ақылды, білімді адамды құрмет тұтты хакім Абай. «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық»-деп жастардың білімді болып, ғылымды игеруі арқасында ел-жұртына, заманына көп пайда келтіре алатынына кәміл сенеді. Оның білім-ғылымға, өнер үйренуге бағытталған көзқарасы жалпы дүниетанымына, философиялық ойларына негізделеді, білім, ғылым ақын пікірі бойынша дүние, мал табудың көзі болуымен пайдалы.

Абай шығармаларындағы негізгі тұжырым: Адамның ішкі жан дүниесі – адамгершілігі мен ақылының, сабыры мен қайратының, мейірімі мен әділетінің рухани

қайнар көзі – білім мен ғылым. Білімі мен ғылымы жоқ немесе білім-ғылымы шала адам рухани дағдарысқа тез ұшырауы хақ. Оның арғы жағында – адами азғындық тұр. Себебі, хакім Абай адамның адамдығы ғақыл (ақыл) ғылым деген нәрсе бірлән (38 қара сөз), -деген. Абай ғылымды Алланың ғылымы және адамның ғылымы деп екіге бөле отырып: «Адамның ғылымы, білімі, хақиқатқа, растыққа құмарлық болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады», - дейді.

Абай әл-Фараби терең талдаған, Қ.А.Ясауи жетілдірген, дамытқан жан тану яғни ізгілік, адамгершілік ілімін қазақ топырағында қайта түлетті, тереңге түрен салдырды. Себебі Абай заманы өте қиын заман еді. Орыс біржолата ноқталап, қазақ бар «ерлік, елдік, бірлік, қайрат, ардың» бәрінен айрыла бастаған кезеңде ұлы Абай, хакім Абай, данышпан Абай ізгілік экологиясын, адамгершілік экологиясын, иман экологиясын қалыптастырды. Абай ілімі тек қазақ халқы үшін ғана емес, бар түрік баласының, одан арыда адамзаттың моральдық, этикалық кодексі болатын аса бағалы дүние.

Абайдың негізгі мақсаты – адам баласын жетілдіру болған, яғни кемел адамға, толық адамға жеткізу еді. Ыстық қайрат пен нұрлы ақыл, жылы жүрек арқылы сол адамдықтың шыңына шығуға болады деп есептеген. Ақынның толық адам туралы, жан туралы пікірлері, ойлары шығармашылығының өн бойында кең таратылған. 1902 жылы жазылған «Тоты құс түсті көбелек» атты мәні терең өлеңінде тағы да осы үш қасиеттің тұтастығын танығандай боламыз:

Адамзатқа не керек:

Сүймек, сезбек, кейімек.

Харекет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек.

«Оқырман екінші жолдан жүректі, үшінші жолдан қайратты, соңғы жолдан, өзі де айтып тұрғандай, ақылды оп-оңай аңғара алады. Адамзат үшін қажет үш қасиеттің осы шумақтағы бөлінбес бірлігін кездейсоқ құбылыс дей алмаймыз. Абай адам бойындағы барлық асыл қасиеттер мен қабілеттерді бір орталыққа біріктіріп, оларды өзі таныған үш қасиет арқылы толық адам бойына жинақтайды.

Ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің «бір кеудеден табылып, одан толық адам туатын танымы» – ұлы ақынның зор табысы. Осылай басталып, өмірінің соңына дейін жан-жақты талданған Абай дананың «Толық адам ілімінің» жетілу баспалдағын аттап көрелік. Толық адам атану үшін «Алла тағаланы танымақтық» -дейді Қ. Қабдыразақұлы «Абай педагогикасы – тәрбие ілімінің тұнығы» мақаласында,

Сондай-ақ жақсы адам дәрежесіне көтерілуге нақтылы жағдай қажет, олар: жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз. Міне, жақсы адам болу үшін қажетті шарттар. Адамшылық, адам табиғатына сай болу үш ғашықтықтан туады. Бірінші, дүниені, адамның өзін жаратқан Аллаға ғашықтық. Ғылым Алланың бір сипаты болғандықтан, ғылымға ғашықтық. Алланың жолы хақиқат жолы болғандықтан, хақиқатқа, растыққа ғашықтық. Ал егер мал, мақтан, қадір, сый, құрмет, Алланың рақымымен адамды өзі іздеп тапса, ол адамды бұзбайды, керісінше адамдыққа көрік береді. Бұл – жақсылықтың өлшемдері. Енді осы адамды жақсы кісі атандыратын үш мәселенің алғашқысына қысқаша тоқталайық. Алланы тану оған тек сену емес. Алланы тану оның кереметтерін тану, оны Жаратушы деп түсіну, мойындау

Осындай тоқсан түрлі толқынас жан тебірінісінде айтылған сөздің барлығына ортақ бір арқау бар. Ол - ақынның иманы мен ожданын қосып айтқан шыншылдығы, халқына жаны ашығандықтан батырып айтқан шыншылдығы және өз пейілі айтқан сыршылдығы.

Ақын мұрасы халқымыздың - сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігі мен, әмбебап

әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық билігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы сөзі мен жыры, көкірегіндегі иманы, санасындағы ұзданы болып қала береді.

Абай ақындығының тарихымызбен бірге жасайтын ұлы тығылымы да - осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев, Алматы 1967
2. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен, Астана 2002, 145 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі, Алматы, 1995, 234 б.
4. Абай, шығармалар, 2 том, Алматы, 2005,

АБАЙ АФОРИЗМДЕРІНІҢ БЕЙНЕЛІЛІК ӘЛЕМІ

Шойбекова Гүлжауһар Қантбекқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: Афористік шығармада әр ой өздігінше өзгеше өрнектеліп, бөлек бітімге ие болады. Афоризм әдеби жанрлардың ішінде мақал-мәтелге етене жақын болып келеді. Ат құйрығын кесіп, ажырасар жері – алғашқысында субъективтіліктің басымдығы, тарихи және өмірбаяндық астары ойлардың қалыңдығы. Мақал-мәтелге жалпылық тән болса, афоризмге жалқылық пен нақтылық жақын. Зерттеушілердің бірқатары бөлігі афористиканы сөз өнерінің дербес бір түріне жатқызып жүр. (Салыстырып көріңіз: Абай сөз өнерін: өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) деп салалап қарастырады.) Ол – өмір тәжірибесін мейілінше ықшам (түр) әрі өте жинақы (мағына) кескіндеу құралы. Мақалада образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салғастыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымдық көңіл бөліну процесін қарастырады.

Тірек сөздер: Абай афоризмдері, афоризм, бейнелілік әлем, афоризм жанрын зерттеу.

Ғылымда «афоризм» терминінің көптеген анықтамалары бар, олар дәуірге, елге және белгілі бір ғалымның көзқарастарына байланысты өзгеріп отырады. Афоризмнің жұмыс істеу өзгешеліктері мен оның түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу афоризмнің жанрлық шекараларының әлі де нақты, жалпы қабылданған анықтамасының жоқтығымен, оның әр түрлі түрлерінің жүйелі жіктелуімен байланысты емес. Осыған байланысты қайшы келетін ақпарат анықтамалық әдебиеттерде кездеседі. Афоризмді анықтаудағы ең үлкен сәйкессіздік оның келесі белгілерімен байланысты.

Зерттеушілер, мысалы, В.М. Кожевников, Г.А. Николаев афоризмдерді қысқа жалпылама тұжырымдардың барлық түрлері, соның ішінде мақал-мәтелдер, басқалары деп санайды (Т.Н. Федоренко, Л.И. Сокольская) тек авторлық сөздерді афоризмдерге жатқызады. Федоренко өзінің «Афоризм» атты еңбегінде - «Афоризмдер белгілі бір авторға тиесілі, мазмұнды және мазмұнды аяқталған пайымдаулар деп аталады және бейнелі, оңай есте сақталады» деген анықтама береді.

«Әдеби терминдердің қысқаша сөздігі» редакторы Л.И. Тимофеева келесі анықтаманы береді: «Афоризм - бұл автордың жалпыланған, терең ойлауы, нақтылықпен, айқын көрініспен, экспрессивтілік белгісімен сипатталады» деген анықтама береді.

Н.Т. Федоренко, Л.И. Сокольская «көркемдік форманың ғылымның логикалық дәлелімен үйлесімді үйлесуі - афоризмдердің ерекшелігі» дейді. «Егер сіз үнемі қолыңыздан ұстап тұрсаңыз, сізге демеу болар өзге қол жетіспейді».

Бірқатар зерттеушілер афоризмді «тәуелсіз ойлаудың катализаторы» дейді. «Афоризм әрқашан тікелей айтылғаннан көп нәрсені қамтиды. Оның шынайы мағынасы ойлаудың нәтижесінде ашылады».

Афоризмдердің қызметін ғалымдардың әртүрлі түсіндіруі афоризм жанрының дамыған анықтамасының болмауы. Бұл жағдайда, кем дегенде, зерттеушілер арасында алшақтық тудырмайтын белгілерді анықтау қажет. Жалпыға бірдей танылған афоризмнің келесідей қасиеттері:

- нақтылық
- жалпылау

Міне, афоризмнің тағы бірнеше анықтамалары.

Үлкен энциклопедиялық сөздік (БЕС):

Афоризм - бұл лаконикалық формада жалпыланған, толық ой білдіретін диктум.

С.И. Ожеговтың сөздігінде:

Афоризм - бұл қысқаша экспрессивті диктант, ол жалпылама тұжырымнан тұрады

В. Дальдың түсіндірме сөздігі:

Афоризм (грекше) - тәжірибе мен ойға негізделген қысқа да түсінікті жарнама; үзінді, бірақ толық позиция.

Академиялық сөздікте:

Афоризм - қысқаша есте қалған мәтін түрінде айтылған немесе жазылған, содан кейін басқа адамдар қайталап ойлап шығарған түпнұсқа ой. Афоризмде тікелей хабардың максималды концентрациясы және қоршаған тыңдаушылар немесе оқырмандар қабылдаған ойдың мазмұны. (*Weggeworfene Zeit läßt sich nicht rescueln*. Зигфрид Уаш-Жоғалған уақыт оралмайды).

Афоризмнің барлық анықтамалары оның басты ерекшелігімен, айтылған ойдың нақтылығы мен толықтығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, біздің ойымызша, автор мен мақал-мәтелдердің арасында нақты алшақтықты анықтау үшін автордың қатысуын ерекше атап өту қажет, стандартты емес, логикалық ойға құрылған афоризм ғана оқырманды өз бетінше ойлануға дағдылайды. Осылайша, біз афоризмнің келесі анықтамасын аламыз:

Афоризм - бұл қысқа, толығымен ойластырылған, авторы бар және философиялық мәтіннен тұрады. Логикалық ойға құрылып, адам өз бетінше шешім шығаруына ықпал етіп, адамгершілікке, мейірімге, достық пен бауырмалдылыққа шақырады. Афоризм интеллектілердің күйін, жүріс-тұрысын, мақал, қанатты сөздер арқылы эвристикалық модельдеп беретін ой мәйегі. Мысал ретінде: «Киімді жаңа кезінен, Намысты жас кезіңнен» сияқты мақалын алып қарайық. Ол өзіңді жас кезінде қалай ұстау сипатын белгілеп береді және жастарға өмірлік ұстаным ретінде қолданылады.

Мақал адамдардың белгілі бір жағдайда өзін қалай ұстауын қарастырмайды. Ол әрбір адамның жеке жағдайдағы ойлау құралы болып табылады. Бірақ ол адам жету үшін, өзі ұстауы үшін қажет болатын мақсатты анықтап береді. Сондықтан бұл мақал адамның өзін ұстауының эвристикалық моделі ретінде қаралады.

«Сақтанғанды құдай сақтайды». Бұл афоризм адамдарға әрқашан сақ және мұқият болуға кеңес береді. Өзіңді ұстаудың белгілі бір түрін белгілеп тұр.

Кез келген есептің шешімін табатын универсал және қатесі жоқ ережелер өмірде жоқ, болмайды да. Дегенмен, афоризм эвристикалық әдіс болып көп жағдайда өте пайдалы жағдайларда бақылайтын модель болып саналады.

Олардың нақты ережелерден өзгешеліктерін атап көрсетейік. Мысалы, математикада нақты әдістерді белгілі бір жағдайларда бірден қолдануға болатын болса, ол афоризмдер нақты бір әрекетті орындау үшін алдын ала ой еңбегін қажет етеді.

Барлық мәселелерді шешуге болатын ережелерді табу бұл арман, арман күйінше қалады. Сонымен афоризмдер адам баласында туындайтын көптеген жағдайларда пайдалы болатын ақыл-ой нұсқауы

Афоризмдердің кемшілігі – олар дұрыс және жүйелі ғылыми жүйесі болып табылмайды.

Мәселенің шешім табу кезеңдерін анықтайтын афоризмдер жүйесін қарастырайық:

1) «Дұрыс түсінбеген, дұрыс жауап бермейді». Мәселені шешпес бұрын оны түсініп, мақсаттыңды анықтап алу керектігін ұғындырады.

2) «Ақымақ істің басын ойласа,

Ақылды соңын ойлайды». Егер ақырғы мақсат анық болмаса, мәселені шешуде жаңылысып кетуің мүмкін.

3) «Ынта бар жерде жол табылады». Кез-келген мәселені шешу үшін ықылас, ынта керек.

4) «Ынта – сәттілік көзі». Кез-келген дүниенің пайдасын көру үшін, адам баласында алдымен ынта болуы керектігі айтылады.

5) «Ақылдылар шешімін өзгертеді, ал ақымақтар өзгертпейді». Яғни, қабылдаған шешімді өзгерту арқылы, жетістікке жетуге болады.

6) «Ақылды кездейсоқ жағдайды сәттілікке айналдырады». Ойлау қабілеті жақсы дамыған адамның, қандай болмасы кедергіден шығар жолды табатын табандылығы сөз болып отыр. Бұдан аңғаратынымыз афоризмнің басты атқаратын қызметі адамға бағыт бағдар беру, жол көрсету.

Афоризмнің ғылыми негізі – оның өзегінде қысқа әрі нұсқалық (лаконизм), логикалық қисындылық, ой қорыту тереңдігі, қандай да болсын бір қазыққа байланып қалмайтын абстрактілігі сияқты басты белгілерін анықтап берген фактор. Бұл бесіктен ол ғылыми анықтама мен ғылыми пікірге тән ғылыми заңдылыққа бағыну, белгілі бір қисынды логикалық шегіне жеткізіп, толық таратып – талдау, дамыту қасиеттерін бойына игере алмады. Бірақ бұл кемшілігі емес, ерекшелігіне айналды. Афоризм – ой тамызығы. Адамға ой салады және оның таным көкжиегін кеңейтеді. Ойланбай, көзсіз қабылдауға, алдымен зерделеп алмай, қолдануға арналмаған. Тұйықталған өлі шеңбер емес, перспективасы бар өміршең ашық жүйе болғандықтан, қашан да ақиқатты танудың объективті логикалық кеңістігі сақталып отыратын ой қорытындысы. Афоризмдердің өзара логикалық баланысқа құрылуы қажет. Мысалға Абай Құнанбаевтың: «Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар» деген афоризміндегі, «шошқа» дегеннің орына «қоян» деген сөзбен ауыстырып қолдана алмаймыз. Себебі, шошқа деген сөз арқылы, адамның пасықтығын аңғартып тұр, «ит» деген сөзді де «мысық» сөзімен ауыстыра алмаймыз. Себебі, қазақта «иттік жасау» деген тіркес бар, яғни адам баласына опасыздық жасау. Өзі адамгершіліктен жұрдай адам, өзгені де опасыз көреді деген ұғымды береді, түпкі ойын «шошқа» және «ит» сияқты астарлы сөздермен берген, логикалық байланысқа құрылған афоризм. Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтің: «Ел боламын десең, бесігіңде түзе» деген ақыл сөзіндегі логикалық байланысты бұзып «бесік» сөзінің орнына «үй», «орта» немесе «көрші» деген сөзді қолдана аламаймыз. Себебі, тәрбиенің қайнар көзі, балаға бесіктен бастап беріледі. «Тәрбие-тал бесіктен» деген мақалдың да түпкі мағынасы осы, баланы кікентайынан тәрбиелесең, ел болашағы жарқын болады деген ойды білдіріп тұр. Сонымен қатар Әбіш Кекілбаевтің «Ақын еңбегінің жалғыз өлшемі – оның адам жүрегіне қанша жақындай алғаны» деген ойындағы, «жүрек» сөзін «бүйрек», «бауыр» сөзімен аламстыруға келмейді. «Жүректің қылын шертіп» деген қазақ тіліндегі тіркеске сүйеніп жазылған бұл ойда, ақынның қызметі адам жүрегіне ой салу екендігін айтады. Тоқ етері, афоризмдердің логикалық және мағыналық байланысқа сүйеніп жазылуы басты фактор. Логикалық байланыс

болғанда ғана ой жүйелі болады, ал байланыс болмаса афоризмнің ойы шашыраңқы болады және беретін тәрбиелік мәні болуының өзі екіталай.

Афоризм – әдеби жанр болып табылады. Оның әсерлілігі әртүрлі стильдік және әдеби-көркемдік құралдарды тиімді қолданумен тікелей байланысты. Лексикалық, синтаксистік, метафоралық түрлендіру тәсілдерін (антитеза, гипербола, параллелизм, т. б.), шешендік өнер әдістерін шебер қолдану афоризмнің поэтикалық калоритін, көркемдік құнарын арттыра түседі. Афористік шығарманың бойында автордың өзіндік дүниетанымының, творчестволық қолтанбасының іздері сайрап жатады. Қорытып айтар болсақ, афоризм – адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін, шағын философиялық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, авторлық тұжырым түріндегі қысқа ғана әрі көркем туынды. Көркем оймен кестеленген нақыл сөз. Оның басты шарттары – өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне деген көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік, ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық.

Афористік шығармада әр ой өздігінше өзгеше өрнектеліп, бөлек бітімге ие болады. Афоризм әдеби жанрлардың ішінде мақал-мәтелге етене жақын болып келеді. Ат құйрығын кесіп, ажырасар жері – алғашқысында субъективтіліктің басымдығы, тарихи және өмірбаяндық астары ойлардың қалыңдығы. Мақал-мәтелге жалпылық тән болса, афоризмге жалқылық пен нақтылық жақын. Зерттеушілердің бірқатары бөлігі афористиканы сөз өнерінің дербес бір түріне жатқызып жүр. (Салыстырып көріңіз: Абай сөз өнерін: өлең сөз (поэзия), қара сөз (проза) және ғақлия сөз (афористика) деп салалап қарастырады.) Ол – өмір тәжірибесін мейілінше ықшам (түр) әрі өте жинақы (мағына) кескіндеу құралы. Бұл жүйеде, әдетте, образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салғастыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымырақ көңіл бөлініп отырады.

Логикалық силлогизм мен ғылыми тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі, ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу барысында ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенеді. Түрлі жағдаяттық 10 (ситуативтік) және ыңғайластық (контекстуальдік) тежеулерден ада, өзінің алдына дербес әрі орнықты, оның үстіне әлдебір эмпирикалық немесе көңіл күй ауандарынан жоғары мәнмағына салтанат құруға тиіс. Афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әрі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, реттеле қойған жоқ. Бұл оның негізгі жанры – афоризммен де (қазақ тілінде бірқатар авторлар бұл жанрдың «нақыл» баламасын ғылыми айналымға енгізуге бағдар ұстағанымен, ол орныға қойды деу қиын) байланысты. «Қолданбалық» мәніне көбірек назар аударылатын:

1) Өсиетнамалық (дидактикалық)

Іс айналып батылға

Ер қайраты қор болып,

Ақыл салды қатынға,

Түзелмес енді іс болып...(Дулат Бабатайұлы)

2) Өсиет

Баяғыда бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе, бір адам келіп: - Балам! Егер маған бір үйір жылқы берсең, мен саған үш ауыз насихат сөз айтайын, - депті. Бала тұрып: - Жақсы! Берейін, үйретіңіз, - дейді. Әлгі кісі: - Балам! Су ішкен құдығыңа түкірме, таңғы асты тастама, оң қолың төбелес бастаса, сол қолың арашашы болсын, - дейді.

3) Кеңес (совет)

4) Нақыл (назидание)

Халықтың қасиетін кетіретін үш нәрсе бар және ол үш нәрсені жоқ қылады:

1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламаушылық кісінің келешегін жояды.

2. Елді басқарған өкіметті сыйламау – ел ішінің бірлігін жояды.

3. Асты күтпей ысырап ету – берекені кетіріп ашығуға апарып соғады. деген айдарлар тағылып жүр. Сол сияқты афористиканы қанатты сөз (сентенция) және гном (екеуінің де авторы белгісіз болып келеді), апофегма (белгілі бір адамға теліп айтылған сөз), хрия және максима (автордың шығармаларынан теріп алынған немесе жеке айтылған авторлық көзқарас) деген жанрлары да кездеседі. Тілтану мен стилистика салаларында терминге айналған «қанатты сөз» тіркесі ең алғаш рет Гомердің «Иллиадасы» мен «Одиссеясында» пайдаланылған деп есептеледі. Қанатты құстай тез жеткен, аса жылдам тараған сөз ұғымын білдірген.

XIX ғасырда осындай тақырыптармен неміс ғалымы Георг Бюхман («Geflügelte Worte», 1864 жыл) мен орыс беллетрист-этнографы С.В. Максимов («Крылатые слова», 1891 жыл) өз халықтары афоризмдерінің осы түрін жеке жинақ етіп шығарған болатын. Мұндай тақырыпты қазақ ғалымдары да пайдаланып келеді. Мысалы, 1977 жылы Н. Төрешұлов «Қанатты сөздер» деген жинақ, ал 1987 жылы Ә. Құрышжанов «Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер (V – VII ғасырлар жазба ескерткіштері материалдары бойынша құрастырылған жинақ)» атты жинақ шығарды. Афоризмнің бұл түріне, әдетте, тілге әдеби қайнарлар арқылы енген қысқа цитаталар, көркем ой орамдары, тарихи тұлғалардың айтқан сөздері, ерекше бір ұғымдардың атауына айналған аңыз-эпсаналар мен көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері (Мысалы, Алдаркөсе, Қожанасыр, Шықбермес Шығайбай, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген, Геркулес, Тартюф, Хлестаков, Судыр Ахмет, т.б.), тарихи тұлғалардың қысқа да нұсқа бейнетенеулері (Мысалы, «Еңсегей бойлы ер Есім» (Есім хан), Асанқайғы (Асан Сәбитұлы), «Қаз дауысты Қазыбек» (Қазыбек би), Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия Баһрамұлы Шақшақов), «Дарабоз» (Қабанбай батыр), «Күй атасы» (Құрманғазы), «Елбасы» (Нұрсұлтан Назарбаев), «Орыс әдебиетінің жарық күні» (Пушкин), «Қазақ вальсінің королі» (Шәмші Қалдаяқов), «Орыс авиациясының әкесі» (Жуковский), т.б.) тәрізді терең қатпарлы тіркестер жатқызамыз. Бірақ оны кең мағынада – тек әдеби көздерден емес, жалпы қолданыстағы көркем ой образдарының (оның ішінде халық мақал-мәтелдері де бар) ортақ атауы ретінде – қолдану да біршама жиі кездесіп отырады. Бұл қазақ әдебиеттануына да тән құбылыс. Афористика жанрындағы туындылардың тағы бір түрі – пародиялық афористика. Оған орыс әдебиетіндегі көпке кең танымал Козьма Прутков сөздерін жатқыза аламыз.

Пародиялық афористика жанрында «беделді» толғам тавтология немесе алогизм әдістерін қолдану арқылы жасалады. Афористиканың өміршендігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Ол, белгілі бір рәміз, символ немесе нышандық белгі тәрізді, әлдебір уақыт желісіне көгенделіп қалмайтын еркіндігімен құнды. Афористика – өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой-қазынасын жоғалтып алмай, жаңғыртып, келер ұрпақ кәдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірден-бір тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің бірегейі. Орта ғасырларда ерекше дамыған және көп аударылған афористік туындылар ертедегі дәуірдің ой қазынасын, өмір даналығын үкілеп ұсынып, өзіне кең өріс ашты. Бұл кездейсоқ емес болатын.

Адамзат дамуының жаңа бір жұлдызды сәті тың ойлар мен идеяларға тегеуірінді тірек, жаңа рухани болмыс үшін мөлдір бастау мен берік баспалдаққа зәрулік танытты. Осы ынталылық XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында да жаппай сұраныс ретінде жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Бұл дамудың қазіргі кезеңіндегі информациялық технологиялар рөлінің артуының барлық өмірлік құбылыстарға, оның ішінде ойлау 11 жүйесіне де, жаңа өзгерістер, құндылықтар мен қажеттіліктер әкелуіне

қатысты болса керек. Адамзат тәжірибесінің жүйеленген, информациялық тұрғыдан қабылдап, өңдеуге жеңіл әрі қолайлы көркем қазынасының жаңа ұрпақтар ықыласына ие болуы – көне сөз өнері өміршеңдігінің тағы бір жарқын белгісі болып отыр.

Афористикалық сөз өнерінің негізгі жанрына жататын афоризмнің классикалық үлгілерін Б. Грасиан, М. Аврелий, Ф. Де Ларошфуко, М. Монтень, Л. де Вовенарг, Ж. де Лабрюйер, Ф. Ницше, Абай, Г. Лихтенберг, Л. Толстой, А. Шопенгауэр, Б. Паскаль, В. Ключевский және басқа ойшыл жазушылар шығармасынан кездестіре аламыз. Бұл ретте Шығыс философиясы мен әдебиетіндегі ежелгі дәуірлерден бастау алатын тамаша мектептің орны айрықша. Қазақ топырағында афоризм жанрында алғаш шығарма қалдырған қазір белгілі тұлғалардың бірі – Асанқайғы Сәбитұлы (XV ғасыр). Одан кейінгі ақындар мен жыраулар поэзиясында да афоризм түріндегі толғамдар молынан кездеседі. Әсіресе, би-шешендер сөздерінің табиғатында бұл жанрдың қасиеттері көбірек көрініс тапқан. Сондықтан да болар, өткен ғасырдың орта тұсында «Ауыз әдебиетінде нақыл сөздер – мақал-мәтелдерге жақын тұратын афоризмдер көп болады. Бұларды нақыл сөздер немесе шешендік сөздер дейді» («Қазақ ССР тарихы», Алматы, 1957 жыл, 226-бет) деген жартыкеш жаңсақ пікір ғылыми анықтама ретінде қарастырылып келген болатын. Жалпы, осыған дейінгі қазақ афоризміне қатысты деген ғылыми пікірлерді қарастырғанда, екі жағдаятты ескерген дұрысырақ. Бірінші – афористика арнайы талдау объектісіне айнала қоймағандығы. Ол туралы кейбір қисындар, негізінен, мақал-мәтелге, би-шешендер сөздеріне, нақылға қатысты зерттеулер жүргізген авторлардың (Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, А. Васильев, Ә. Диваев, М. Көпеев, Ы. Алтынсарин, С. Сейфуллин, А. Байтұрсынов, Е. Ысмаилов, М. Өуезов, С. Мұқанов, М. Ғабдуллин, Т. Кәкішев, С. Зиманов, М. Әлімбаев, Ә. Мәметова, Н. Төрекұлов, Ә. Құрысжанов, Б. Адамбаев, С. Негимов т.б.) ой орамдарында кездесіп отырады. Оның негізгі себебі жанрлық жіктеудің көмескілігінде жатқан болуы керек. Екінші бір жаңсақ көзқарас – афоризмге тек халық ауыз әдебиетінің бір түрі деп қарау. Афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар арасында Абай Құнанбайұлының шығармашылығының шоқтығы айрықша биік. Ол – афоризмнің классикалық талаптарын терең білген, меңгерген және сол үлгідегі ой жауһарларын жасап, қалдырған әлемдік ақылой алыптары қатарынан көрінетін ғұлама ойшыл. Шәкәрім афоризмдерінен де сондай тереңдік пен тектілік байқалады. Жиырмамыншы ғасырдағы афоризм авторлары арасында С. Торайғыров, Ғ. Мүсірепов пен Б. Момышұлының нақыл сөздері ойып тұрып орын алады. Олардың өресі жоғары, өрісі кең, көркем кестеленген қанатты ойлары ел ішінде кең танылып үлгерді. «Мүсіреповты мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деген қанатты сөз авторы – академик З. Қабдолов творчествосына да ұтымды өрілген ұшқыр ойлар жетерлік. Қанатты сөзге ерекше ден қойып, оның теориясы мен тәжірибесін бірдей өз творчествосының объектісіне айналдырған ойлы да шебер жазушы –

М. Әлімбаев. Афористік ойлау машығы Қ. Мырзалиев, Ә. Кекілбаев, А. Сүлейменов творчествосының да ерекшеліктері қатарына жатқызуымызға болады. Сонымен бірге, афоризмнің кейбір түрлерін (мысалы, саяси афоризмдер) қоғамда айырықша орны бар танымал тұлғалардың сөйлеген сөздерінен де кездестіре аламыз. Бұл дегеніміз афоризмдердің әлі жанрлық тұрғыда қалыптаса қоймағанымен, біртіндеп жаңа бағытта белең алып келе жатқандығының көрінісі десек артық емес.

Қорытындылай келгенде:

1 Екі жүзден аса Абай афоризмдері жинақталды.

2 Абай афоризмдерінің этикалық, психологиялық, дидактикалық, философиялық деген тақырыптарына жіктеліс жасалды.

3 Абай афоризмдері адамның бүкіл өміріне қатысты жағдайлардың бәрі тақырып ретінде көтерілгені көрсетілді. Сол себептен де Абай шығармалары адамның

ішкі жан дүниесімен астасып, бүкіл адамзат баласына ортақ мәміле табылады деп санаймыз.

4 Абай афоризмдері бүкіл әлемде қолданылатын афоризмдермен ойы жағынан тең тұрады, ал көркемдік жағынан олардан да биік тұрады деп есептейміз. Себебі Абай афоризмдері образға негізделген, образға құрылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан-бүгінге дейін). Құрастырушы: Е. Шаймерденұлы – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2012.
2. Ұлт рухы: қанатты сөздер /Е.Зәңгіров – Алматы: Аспа-ь, 2015.
3. Орыс совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1980.
4. Сопылық ғибратнама: хрестоматия-компендиум. /Құраст., алғы сөзі мен өмірбаяндық анықтамаларды жазғандар С.Сүтжан, Б.Құралха-нова. – Павлодар: ПМПИ, 2016.
5. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Құрастыр., М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
6. Максимович Д. Зеленый витязь. Москва «Детская литература», 1977.
7. Қазақ Совет энциклопедиясы. –Алматы., 1972. – 600 б.
8. Байтұрсынлы А. «Ақ жол»: өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /құраст. Р.Нұрғалиев. –Алматы: ЖАлын, 1991. – 422-424 б.б.
9. Өтемебтұлы А. Ақберген. XVIII-XX ғасырдағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құраст. баспаға әзірлеген алғы сөзін жазған Қ.Сыдықов. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1972. – 31 б.
10. Байғанин Н. Нарқыз. – Алматы., 1974. – 242 б.
11. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. –Алматы: «Қазақстан», 1993.

АБАЙ АФОРИЗМДЕРІНІҢ ӘЛЕМ АФОРИЗМДЕРІМЕН ҮНДЕСТІГІ

Шойбеков С.Б.

Шымкент қаласы, Ю. Гагарин мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: Абай афоризмдері әлемдік деңгейде айтылып, қолданылып жүрген афоризмдермен салыстырыла, салғастырыла зерделенді. Ақын афоризмдері тілдік тұлға – Абайдың, танымдық әлемімен астасқан, өз алдына образды поэтикалық көркемдігі күшті құнарлы ойға негізделген, әмбебаптық қолданысқа ие сөздер. Абай афоризмдері – даналықтың бір түрі, ұтқыр логикалық жүйеге негізделген, астарлы мағынаға құрылған поэтикалық ұтымды сөз ақынның танымдық әлемі мен тұлғалық болмысын көрсетеді.

Тірек сөздер: Абай, афоризм, әлем афоризмдері, үндесім, даналық.

Афоризмдердің өзіндік айқын қасиет, белгілері бар ма, басқа түрлерден айырмашылығы бар ма деген сұрақтарға жауап іздеу және табу өте өзекті. Әрбір жанрды оқшаулайтын қыры алдымен поэтикалық амал-тәсілдерді екшеп, талғап қолданудан көрінеді. Дегенмен, бұл пікір әр жанр басқа жанрда кездеспейтін тәсілдерді ғана қолданады дегенді аңғартпайды. Тіл образдылығын, жандылығын, шұрайлылығын арттыруда қолданылатын көріктеудің әртүрлі тәсілдері әдебиеттегі барлық жанрларға тиесілі. Алайда, әр жанр осы көркемдеу тәсілдерін өзінің мақсат, мүддесіне

орайластыра пайдаланады. Бұл мәселеге жауап табу үшін афоризмнің көркемдік кестесін жасайтын әр түрге жеке-жеке тоқталып, нақты тұжырым жасауға тура келеді. Афоризмнің жасалуында өзге жанрларға мүлде ұқсамайтын өзгешелік бар. Өйткені, оның жасалуындағы ерекшеліктер онымен тектес жанрларда да байқала береді. Мысалы, афоризмдердегі қара сөз түріндегі, өлең түріндегі жасалулары тектес жанр мақал-мәтел, жұмбақ, шешендік сөздерде де кездесіп отырады. Басты мәселе – афоризмнің олардан дара тұратын айқын ерекшелігін тани білуде болып отыр. Афоризм жанрына тән басты ерекшелік – ойды образға орап, барынша жұмыр да жинақы, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айтуға бейімділігі, икемділігі күшті болып келетіндігінде әрі онда басы артық сөз атымен болмауында. Сөзді алтынға балап барынша үнемдеп, қырып-жонып тазартып, дәл де орнымен қолданады. Мысалға, кейде «ретін, жөнін тапса, бітпейтін іс жоқ, бәрі де бітеді» деп айтайын деген ойымызды «қалауын тапса қар жанады» дей салсақ болғаны, алғашқы айтайын деген ойымызды әлдеқайда әсерлі әрі дәл бейнелеп береміз. Бұл афоризмнің өзіндік бір ерекшелігі болып табылады.

Өлемдік өркениетті адам баласының өмір сүру тәжірибесі сәулеленген ерекше қолтаңба десе де болады. Оның болмысы бөлек, өзеге ортақ екі қанаты бар: бірі – материалдық екіншісі – рухани мәдениет деп аталады. Ой – рухани мәдениет мәйегі болып табылады. Ол материалдық мәдениет жасаудың негізгі құралдарының бірі ретінде қандай маңызды болса, өз қисыны, өз шарттары бар және өз мақсат-мұраттарына сәйкес жаратылып, дамитын төлтума болмыс ретінде де сондай қастерлі дүние.

Афоризм – ойдың материалдық бейнесі. Бір үзік ой, оқыс пікір, оқшау сөз! Ол шағын көлемге кең мағына сыйғызып, ой білдірудің ең тиімді әрі әсерлі тәсілі. Бұл ретте афоризмнің өзегі – философия, яғни ғылым да, болмысы – көркем әдебиет. Ал адам жанын баурап, жүрегін жаулап алатын сиқыры – өнермен, эстетика табиғатымен қабаттас, бауырластығынан.

Афоризм (aphorismos) деген сөз көне грек тілінде шағын үзінді, «бүтіннің бөлшегі», «үзік», «фрагмент», «қысқаша анықтама» деген мағынаны береді. Бұл термин орыс тілінде XVIII ғасырдан бастап ғылыми айналысқа енді. Бес жыл түзілген «Ресей Академиясының сөздігі, еркін тәртіппен орналастырылған» («Словарь Академии Российской, производным порядком расположенный», 1789 – 1794) атты жинақтың 1789 жылы жарық көрген бірінші томының 63-ші бетінде «афорисм» деп көрсетілген. Бұл терминді қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданған Ш. Уәлиханов болуы бек мүмкін. Ол: «Қазақтардың ұшан-теңіз өлең-жырлары... әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар» деген ой жазған. Бұл жерде әйгілі ғалым терминнің мағыналық, құрылымдық және ұғымдық ерекшеліктерін дөп баса отырып, екі мәселеге ерекше маңыз беретіндігін байқау қиын емес.

Біріншісі – афоризмнің белгілі бір авторға телінулі және ақыл-кеңес беру сипатында болатындығы (бұл ой «ақылды бабалары шығарған» деген сөздерден анық аңғарылады), екіншісі – оның мақал-мәтелдердің бір түрі емес, солармен қатар қолданыстағы жеке жанр болып табылатындығы («мәтелдері мен афоризмдері» деген орамға қарай отырып байқауға болады).

Өз заманының жан-жақты терең интеллектуал тұлғасы болған Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл терминді «ұшқыр ой» деген мағынада түсіндірген. Ақын, жазушы әрі философ Шәкәрім Құдайбердіұлы афоризмдерді «мәнді сөздер» деп атаған болса, ғалым Ахмет Байтұрсынов атамыз «ділмәр сөз» деген атау беріп, бұрынғы би-шешен, даналардан қалған сөздер, европаша – афоризм деген анықтама берген. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде бірнеше мысалдар келтіре отырып, ділмәр сөздің

иесінен (авторынан) айырылса, тақпаққа не болмаса мақал-мәтелге айналып кететіндігі жөнінде айтқан.

Бұл ойға толық негіз бар, себебі афоризмдер, мақал мәтелдер мен фразеологизмдерге беретін мән-мағынасы жағынан көп жағдайда ұқсатып жатады. Ал афоризм жанрында қазақ әдебиетінде бірінші болып әдеби-философиялық күнделік жазған академик-жазушы Ғ.Мүсірепов: «Қазақ кейбір тіршілік заңдарын афоризмдер түрінде жазып, есте қалдырған», – деп тұжырымдаған. Бұл жерде афоризмнің мазмұндық-мағыналық мәнін тереңдете түсу және оның жанрлық мәртебесін (статусын) жоғары қою (қазақы қолданыстағы барлық, ішінде мақал-мәтелдер де бар, қысқа жанр үлгілерінің ортақ атауы ретінде қарау) анық байқалады.

Афоризм алғаш дүние құбылыстары жөнінде жинақталған білімдерін қорытындылап, пікір білдірудің бір түрі ретінде дүниеге келген. Гиппократтың «Афоризмдері» (б.з.д. III – IV ғ.ғ.) – соның бір мысалы. Ол әйгілі: «Өмір – қысқа, өнер – мәңгілік» деген нақыл сөзімен ашылады. Сонымен қатар ортағасырлық афоризмдердегі негізгі бағыт та – медицина мен жаратылыстануға қатысты шағын кеңестер беру, рецептер ұсыну, ойға ой қосу. Жалпы, афоризмдер бастауын сонау Заратуштра, Конфуций сияқты данышпандар мұрасынан іздеген жөн.

Қазақ афоризмдерінің асыл арнасы да сақ-скиф дәуіріндегі ойшылдар сөздерінен, көне түркі жазба-ескеткіштерінен бастау алады. Жиырма бес ғасыр сөзін кестелеген осы ақыл-ой антологияның беташарына айналған Анақарыс (Анахарсис) пен Тоқсары шығармашылығы соның бір жарқын дәлелі десек болады. Анақарыс: «Тән – жанның, жан – жаратқанның аманаты», «Жақсылық та – тілден, жамандық та – тілден», «Сый – жеңгендікі, сөз – тергендікі», «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай емін-еркін көшіп қонады» деп толғанса, Тоқсары: «Қызыл сөзге салыну – қызған отқа қарылу», «Достық туралы көп сөзден, дос пейілді бір іс артық», «Ерлік жасағанның атасын сұрап алаламас болар», «Скифтер үшін достыққа адал адамдарға құрмет көрсетуден асқан абырой жоқ», «Құдалық та – достықтың дәнекері», «Өліге құрмет – тіріге сауап», «Қызғанышта көз көп: біреуі – күдік», «Эллиндіктердің достығы, скифтердің достығына қарағанда, баланың ойынындай екен», – деген ой қалдырады. Сөз саптасынан да, сөз бен ой төркінінен де далалық мәдениеттің, далалық ойлау жүйесінің лебі есіп тұр. Алаш ақыл-ой үрдісінде айшықты сөзбен астарлы ой айтудың алғашқы үлгілері осылар болса керек деуге толық негіз бар. Ал түркі Тоныкөк: «Жершіл жігіт жол табар», «Аяқтан шалма, қапыда қалма», «Пәтуасыз ер – елге сор», «Ердің жеңілгені – елдің жеңілгені», «Қаған парызы – халқының қарнын тойғызып, мерейін өсіріп отыру», «Жауынды басындырма, халқыңды ашындырма», – деп адамзатты ақылға шақырса, Білге: «Бақ болмайды басқа бақ, есің барда елің тап», «Зират көрсең, зиярат ет», «Дарақылық үмітінді үзіп, қанатыңды қияды», «Әсіре даңқ пен асыра байлық ұятсыздық пен бұзақылық кұшағында тұншықтырады», «Түркіні бұзар – тәтті сөз», «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ», – деп адам баласын терең ойларға жетелейді. Күлтегін өз сөзінде: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп», «Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт», «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай», «Басиесіз ел тозар», «Жауынды жеңу – бір басқа, жауықпас ету – бір басқа», «Көлгірдің күні қараң», «Білмегенге – ермеген», «Елін сүйген ер бақытты», «Халқын жұтатпаған қаған бақытты», – деп сүйектен өтіп, жүрекке жетер қайратты сөздермен елдіктің туын жоғары ұстауға шақырады. Жалпы, қазақ афоризміне қатысты тілдік,және әдеби тұрғыдан жүйелі түрде зерттеу жүргізіп, қозғайтын тақырыптар жетерлік.

Афоризмдердің құрылымы өте алуан түрлі. Афоризмдердің көлеміне қатысты нақты өлшемдер жоқ. Алайда афоризмдердің көлемі жөнінде Ұлы Совет энциклопедиясында: « барлық афоризмдердің төрттен бір бөлігі үш-бес сөзден

тұрады», - деген анықтама берілген. Афоризмнің көлемі жөнінде орыс жазушысы Сергей Федин «Афоризм – сөз бен мағына арасындағы ең қысқа қашықтық» деген анықтама берсе, украин жазушысы Леонид Сухоруков «Афоризм - бір жолды роман» деген баға береді. Бұдан ұғатынымыз афоризмнің қысқа ғана сөйлемге сыйдырылған, тәлім-тәрбиеге толы шығарма екендігі.

Афоризмнің басты ерекшелігі - қысқалық.

Талдау көрсеткендей, афоризмдері екіге бөліп қарастыруға болады:

1) Бір сөйлемнен тұратын афоризмдер;

2) Екі немесе одан да көп сөйлемнен тұратын афоризмдер.

Бір сөйлемнен тұратын афоризмдерге мысал келтіретін болсақ:

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден (Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан)

Халқына бегі, бегіне халқы қалқы сенген адам сенген ел ұзақтау жасайды. (Күлтегін)

Сабыр — ақылдың серігі (Майлықожа Сұлтанқожаұлы)

Екі немесе одан да көп сөйлемнен тұратын афоризмдер:

Алдау - жаман нәрсе. Бірақ ең жаманы - өз-өзіңді алдау (Лев Николаевич Толстой).

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса - адамгершілік ұтады (Әбу Насыр әл-Фараби).

Он бес жасымда мен білімге бет бұрдым. Отыз жасымда бағынышсыз тұрмысқа қол жеткіздім. Қырық жасымда күмәннан арылдым. Елу жасымда көктің еркін таныдым. Алпыс жасымда шындық пен өтірікті ажырата бастадым. Жетпіс жасымда жүрегімнің қалауына ере бастадым (Конфуций)

Афоризмдердің құрылымы әртүрлі болып келеді бірде жай сөйлем арқылы келсе, бірде күрделі сөйлем, құрмалас сөйлем арқылы да келіп отырады

Бір жай сөйлемнен тұратын афоризмдер екі түрге бөлінеді:

1) жай сөйлемнен тұратын афоризмдер;

2) күрделендірілген жәй сөйлемнен тұратын афоризмдер.

Афоризмдердің бір бөлігі құрылымдық жағына күрделендірілген сөйлемдерден тұрады.

Барлық ұлы шындықтар Құдайға тіл тигізуден басталады. (Б. Шоу)

Тыныштық - бұл ең жақсы көрініс (Б. Шоу).

Дін - бұл сенімнің сәнді алмастырушысы (О. Уайлд).

Әдетте, осы типтегі афоризмдер анықтама беру үлгісінде жасалады.

Афоризм - сөз бен мағынаның арасындағы ең қысқа қашықтық

(С. Федин).

Жәй сөлемнен тұратын афоризмдер, көп жағдайда бірінғай сөйлем мүшелерімен қатар келеді:

Үй - бұл қыздардың түрмесі және әйелдің жұмыс орны (Б. Шоу)

Әйелдер түсіну үшін емес, сүю үшін жаралған (О. Уайлд).

Афоризмдер сонымен қатар күрделі болып келеді:

Ешбір адам өзінің өткенін сатып алуға жеткілікті бай емес (О. Уайлд)

Өмірге байыпты қарау өте маңызды (О. Уайлд)

Құрмалас сөйлем арқылы айтылатын афоризмдерге мысалдар:

Кішкентай шынайылық - қауіпті нәрсе, ал оның көп бөлігі

өлімге әкеледі (О. Уайлд).

Сонымен қатар афоризмдер екі немесе одан да көп сөйлемдерден құрылу мүмкін. Алайда ғалымдар екі немесе одан да көп сөзден тұратын афоризмдер, нақыл сөздердің тұтастығына кедергі екендігін айтады.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық (Абай Құнанбаев)

Афоризмдер түсінгендей, әдетте, екі бөліктен тұрады: нақты ой мен қорытынды тұжырым.

Қорытындылай келе, ойды бағалау, әдетте, автордың түсіндірмесі арқылы беріледі. Афоризмнің басты мақсаты қоғамдағы қарама-қайшылық пен қоғамдағы адами құндылықтарды сөз ету болып табылады.

Афоризмдердің атқаратын қызметі жөнінде нақты заңдылық әлі күнге қойылған жоқ және ғалымдардың осы тұрғыда пікірлері де екіұшты болып келеді. Дегенмен, атқаратын басты қызметі, адамға ой салып, шешім шығаруға көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, адам баласын тәрбиелеуде қажетті ой өрнегі деп алсақ та болады. Мысалы, Абай атамыздың: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң — Алланың сүйген құлының бірі боласың», -деген пікірінің атқаратын қызметі, адамды ізгілікке, адамгершілікке шақыру.

Афоризмдер – қысқа, мазмұны терең және белгілі бір авторға тиесілі бейнелі, оңай есте сақталатын сөз өрнегі. Мысалы:

Егер сіз ақымақтан шаршаған болсаңыз, ең алдымен, айнаны сындырыңыз;

Тыныштық - бұл ұлы өнер.

Ерте кезеңдерде айтылған афоризмдер әлем өркениетімен қатар өмір сүріп келеді, атқаратын қызметі де айтарлықтай. Афоризмдердің тақырыбы алуан түрлі тақырыпты қозғайды және жазылған дәуірдегі элементтер бойында сайрап жатады, ол болашақта туындайтын тарихи жағдайлардың табиғатын көрсетеді. Мысалы:

Махаббат соғыс сияқты - бастау оңай, бірақ тоқтату қиын;

Жақсы байланған галстук өмірдегі алғашқы маңызды қадам;

Кейде ол философиялық мәселелерді қамтиды, кейде өткір саяси мазмұнға ие, этикалық мәселелерді қозғай отырып, өмірлік қағида қалыптастырады. Афоризмдер адам өмірі мен қызметінің барлық салаларын қамтиды, оларға айтарлықтай әсер етеді және көбінесе тарихи оқиғаларға байланысты. Адамның ойына ықпал етуімен қатар, бір заманның нақты ережесіне айналуы мүмкін. Афоризмдердің күші таңдалған экспрессивті сөздерді жетілдіруде және өмірдің нақты жеке құбылыстарын жалпы қағидаттарға, үстемдік ететін идеяларға шебер құрастыруда.

Германиядағы афористика австриялық жазушы, публицист және филолог К.Краустың ықпалымен дамыды. Оның афоризмдер туралы кітаптары мазмұны жағынан өте құнды және Германиядан тыс жерлерде де танымал. Оның кеңінен қолданылуына қарамастан, афоризм феномені жеткілікті зерттелген жоқ. Афористиканы зерттеушілер үшін «афоризм» ұғымын анықтау, қазіргі мәтіндердегі афоризмдердің қызмет ету ерекшеліктерін түсіну сияқты сұрақтар өзекті болып қала береді. Афоризмге деген қызығушылық, оның әмбебаптығына байланысты афоризмдер дәуір рухына сәйкес келетіндіктен, олар ғылымға да, өнерге де жақын, ғылыми және көркемдік шығармашылық принциптері олармен өзара тығыз байланыста болғандықтан пайда болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

12. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан-бүгінге дейін). Құрастырушы: Е. Шаймерденұлы – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2012.

13. Ұлт рухы: қанатты сөздер /Е.Зәңгіров – Алматы: Аспа-ь, 2015.
14. Орыс совет поэзиясының антологиясы. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1980.
15. Сопылық ғибратнама: хрестоматия-компендиум. /Құраст., алғы сөзі мен өмірбаяндық анықтамаларды жазғандар С.Сүтжан, Б.Құралха-нова. – Павлодар: ПМПИ, 2016.
16. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. /Құрастыр., М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.
17. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер). Құраст. Қ.Жарықбаев. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2008.
18. Асыл мұра /Құраст., А.А.Темірәлиева. –Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2010.
19. Руставели Шота. Жолбарыс тонды жаһангез. –Алматы: «Жазушы» баспасы, 1974.
20. Мәтбек Н.Қ. Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) әдеби мұрасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2008.
21. Бөкейханов Ә. Шығармалары. –Алматы: «Қазақстан», 1994.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Сарбасов Б.С. - ф.ғ.к., профессор м.а. ҚазҰҚПУ
Ералиева Т.Е. - ф.ғ.к., Phd доктор, ҚазҰҚПУ

Алматы қаласы

Түйіндеме: Бұл мақалада ұлы гуманист Абай Құнанбаевтың адамгершілік тәрбие мәселесіне философиялық және педагогикалық көзқарастары қарастырылған. Әрбір адамның өмірінде адамгершілік қағидаттар мен рухани құндылықтарды қалыптастырудың жалпы адамзаттың негізін қалаушы жағдайларға назар аударады.

Әрбір халықтың рухани және адамгершілік тіректері бар. Қазақ халқының санасында осындай іргелі тіректердің бірі – көрнекті ағартушы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы. Оның шығармаларында халық шығармашылығының дәстүрлері мен қоғам ахуалының жалпы бейнесі толыққанды көрсетілген.

Қазақ қазынысының қайнар бұлағынан сусындап өскен, халқымыздың дара перзенті Абайдың әрбір шығармасы инабатылыққа, парасатылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейді. Ол адам баласының бойындағы рухани құндылықтарды басты орынға қоя білді. Абай шығармаларының құндылығы – ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол «толық адам» бейнесі.

Тірек сөздер: Педагогикалық көзқарас, философиялық көзқарас, гуманизм, толық адам, рухани құндылықтар.

Abstract: This article discusses the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abay Kunanbayev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental human problems of the formation of moral principles and moral values in the life of every person.

Every nation has spiritual and moral support. One of such fundamental pillars in the minds of the Kazakh people is the creative heritage of the outstanding enlightener Abay Kunanbaev. In his works, the traditions of folk art and understanding of the problems of society are reflected to the maximum.

Each of the works of Abay, taken from the origins of the Kazakh treasury, fosters morality, kindness and humanism. He managed to put in the forefront spiritual and moral qualities. The

values of the works are that he describes the main principles of an intelligent, tactical, comprehensively.

Keywords: Pedagogical views, philosophical views, humanism, a complete person, moral values.

Ұлы гуманист Абайдың нақыл сөздерінен адамгершіліктің жоғары қасиетіне үндейтін қағида тізбектерін молынан ұшыратасыз. Жалпы тәрбие мектебінің көп түрлері бар, солардың бәрінен де жоғары тұратын, оларға мұрындық болатын теңдессіз мектеп – адамгершілік тәрбиесі. Адам баласына берілер өмірдің әр алуан тәрбиесін бағалауға адамгершілік рухы, ішкі дүниесі бұлардан тәуелсіз, олармен өлшеуге келмейді. Адамгершілік – адам бойындағы рухани құндылықтардың қайнар көзі болып табылады.

Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей «толық адам» ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады [1,70].

«Адамгершіліктің алды – махаббат, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте. Бұлар бір жерге түйіскенде ғана өз дәрежесін табады, жеке-жеке күйінде бұлар жарамсыз. «Әділет - ізгіліктің анасы», «Кәһімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ». Ұят – адамгершіліктің кісі бойында барлығының сыртқа шыққан белгісі, адамгершіліктің үкім құдіреті. «Ұят – адамның өз бойындағы адамшылығы», - дейді Абай.

Адамгершіліктің бір сипаты – достық, бауырмал туыстық. Адамгершіліктің бұл сипаты адам баласы бола білуде, адам баласына дос болуда. «Адамның баласы – бауырың, әкеңнің баласы – дұшпаның», «Адам баласына дұшпандық, адам баласына айырады», «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені». «Адам баласына адам баласының бәрі дос», «Кімге достығың болса, достық достықты шақырады». Бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: «жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас». Бұл – бірінші іс, жоғарыда айтқан дәреже, мансап, дәулет, қызмет т.б. нәрселер мұнсыз жалған болмақ. «Пайда, мақтан бәрі тұл, доссыз ауыз тұшымас», «Махаббатсыз дүние бос – хайуанға оны қосыңдар», - дейді Абай [1,73].

Достық жалпы адам баласына ортақ мүддеге борыштылық. Осы борыштылықтың екінші жағы – жеке адамдардың достығына достық шақырудың парыздылығы. Бұл парыз екінші адамның өзіне жасаған достығына махаббат қылмағында. «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз», «Кім өзіңе махаббат қылса, сенің де оған махаббат қылмағың – қарыз». Міне, Абай нақыл сөздерінде адамгершіліктің бұзылмас қағидалары осыны айтады.

Адамгершіліктің екінші бір сипаты – сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліктің достықтан өзіндік ерекшелігі – достық сүйіспеншілікпен нығаяды. Сүйіспеншіліктің арнасы кең. Оның құшағында достықтың көп түрлері жатпақ. Соның бір түрі жар, махаббат сүйіспеншілігі. Жар сүю – мұның өзі адамгершіліктің жоғарғы актісінен туады.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады. «Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» өлең жолдарынан ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де

адалдықпен болғанын қалайды және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады.

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр. Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

Сүйіспеншілік адамгершіліктің бір сипаты болған себепті де, Абай адам баласының бұл жолда жаңылыс, жаңсақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жансақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жаңсақ басу адамгершілікке ақау ғана түсірмей, оны жойып та жіберетінін тереңнен түйген ұлы ақын шынайы махаббатты үлгі ете жырлай отырып, адам баласында кездесер тұтас трагедияға сабақ болар ой түйінін жасады. Мәселен,

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме.
Әйел сұлу болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме» [2,30].

Дәл осы сөзде махаббат ісінің бар кіріспесі және аяқталуы жатыр, іштей ақылмен өрбітіп, әрбір түйін ұшын ұстай білуге мүмкіндік жасар дәрежеде құрылған сөз кестесі.

Ақын осы бір нақыл сөзді әрі тереңнен аша түсіп, әрі дамытып:

«Ғашықтық құмарлықпен ол - екі жол
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол», - дейді.

Нәпсінің құлы – құмарлық. Бұл өмірде өзі тілеп, қолдан жасаған өз бақытсыздығын өзгеден көрген жеңіл сезім дертінің иелері.

В.Г. Белинский: «Көз тоқтатар көрікті кез болып, көңіл құмары ауса, жұрт сүйіспеншіліктің өзі деп ұғынады. Осы бағытта кездескен бөгет көңіл-күйінен құмарлық туғызады. Қанағат – көңіл-күйін құртады» деген болатын. Абай да осы пікірмен үндес. Яғни, құмарлық - тояттаудың құлы. Құмарлық тояттауға жетсе қанағат табады, қанағат құмарлықты жұтып қояды. Өйткені, бұл кезде «көп жүрмес жеңілқойлық әлі-ақ тозар, жаңғырар жеңсік құмар жақа қозар» деп Абай айтқан екінші бір драма басталып қалмақ. Ашқарақтана жұтынған тағы нәпсі «ойнап» шықпақ. Мұндай адамның бойынан адамгершіліктің рухын іздеудің өзі бекершілік болар еді. Абай нақыл сөздері жастарды осыдан сақтандырады. «Көрсе қыздар күнде ашық – диуаналық» деп «махаббат серілерінің» карикатуралық картинасын жасайды [3]. Бұл мектеп – үлкен мектеп екендігін, өмірдің бір кезеңі болып табылатынын ұғындырып, сыннан өтуді, сезімді ақылға жеңдіруді үндейді:

«Махаббат достық қылуға
Кім де болса тең емес,
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес», - деп ескерту жасайды [2,35].

Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді.

Абайтануға қатысты негізгі ойлардың жиынтығы Абайдың қарасөздерінде екендігі белгілі. Әлемдік әдебиеттен қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтің

орнын іздей бастаған, қазіргі қоғамдық өмір мен ғылымда өріс ала бастаған оң өзгерістер мен тарихи шындықты қалпына келтіруге ұмтылыс жасап жатқан жаңа ізденістер кезінде Абай қарасөздері кеңес өкіметі тұсында коммунистік партия берік ұстанған таптық көзқарас тұрғысынан зерделеніп жазылды. Ақын қарасөздеріне қатысты мәселелер біржақты, үстірт қарастырылып, ал кейбір айтулы ойларының мазмұны сол тұстағы саясат ыңғайымен қате, жаңсақ түсіндірілді.

Абай қазақтың қазіргі ұлттық әдебиетінің негізін салған классик екендігі ешқандай дау тудырмайтыны ақиқат. Абай қазақ халқының рухани мәдениетін әлемдік озық үлгілермен табыстырып, оған өз ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктерін, ой-пікір байлығын, сөз өнерінің үлгісін қосады.

Абайдың дарын қуаттылығы, жан-дүниесінің кеңдігі және поэтикалық қиялының шексіздігі мен тереңдігі кім-кімді де таңдандырады. Академик Серік Қирабаев «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында: «Жазу өнерінің қарапайымдылығы мен табиғилығын Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналдырды. Оның ұғымы, танымы, бейнелеу жүйесі түгелдей ұлттық шындықтан өрбіп, біртіндеп тереңдейді. Жаңа ой, жаңа сөзге лайық стильде жаңарып, өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. Ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әралуан түрлері, теңеулер мен метафора, күштесіз, төгіліп, ұйқасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемінің биігіне көтереді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды» деп бағалайды. Ғалымның бұл мақаласы «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» атты жинағына кіргендігі белгілі [4, 12].

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» [1, 75], -

деген өлең жолдарынан ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды.

Жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Абай нақыл сөздері – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі имамы, санасындағы ұжданы болып қала бермек.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасымыздың мына сөзіне назар аударайықшы: «Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс». Қаншама сыр, қаншама ой жатыр осы сөзде. «Болмасаң да ұқсап бақ», - деген Абай атамыздың асыл сөзін еске ала отырып, болашақ ұрпағымыздың бойына данышпан бабаларымыздың асыл қасиеттерін сіңіруді, Абайдай халық қамын ойлайтын саналы азамат тәрбиелеуді қазіргі өмір талабы біздерге, соның ішінде ұстаздар қауымына жүктеп отыр.

Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы адамгершілік мәселесі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы, жаһандануға жұтылып кетпеуі сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндеттіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абайды оқы, таңырқа... Алматы, 1993
2. Абай қара сөздері. Поэмалар. Алматы, 1993
3. Абайдың тәлімгерлік тағылымы. Алматы, 1996
4. Өмірәлиев Қ. «Абай афоризмдері». Алматы, 1993

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДӘСТҮР

Сұлтанова Б.М.,

ф.ғ.к., қауым. проф.

Сұлтанова Г.М.

Түрк обл., Шардара ауд., М.Горький ат. ЖОМ.

Қанатбекова Н., 2 курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,

Түйіндеме: Мақалада қазақтың белгілі батыры, шешен, Байбақты руының биі Сырым Датұлы ерлігін суреттеген тарихи драма талданған. Пьесада Сырым батырдың ерлігі арқылы қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күресі кең ауқымда суреттелген. Автор көркем шығармаға арқау болған тарихи шындықты барынша ұтымды пайдаланған. Тарихи дерек және көркем шындықты жанр ерекшелігіне орай пайдаланады драматург. Сонымен қатар мақалада шығарманың тарихи негіздері мен көркемдігі талдау нысаны болған. Мақалада драматургтің пьеса жазу шеберлігі шығарманы талдау арқылы ашылған.

Тірек сөздер: тарихи дерек, жанр, драмтизм, саясат, көріктеу тәсілдері, классикалық әдебиет, эмоция.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ В КАЗАХСКОЙ ДРАМЕ

Аннотация: В статье анализируется историческая драма, изображающая героизм известного казахского героя, оратора из рода Байбақты Сырыма Датұлы. В пьесе широко изображена борьба казахского народа за независимость через подвиги Сырыма батыра. Автор наиболее рационально использовал историческую правду, на которой основано произведение искусства. Кроме того, статья стала объектом анализа исторической основы и художественности произведения. В статье раскрывается умение драматурга написать пьесу на основе анализа произведения.

Ключевые слова: исторические факты, жанр, драма, политика, тропы,, классическая литература, эмоции.

HISTORICAL TRADITION IN THE KAZAKH DRAMA

Abstract: The article analyzes the historical drama about the famous Kazakh poet M. Zhumabaev. The play describes the history of the Kazakh intelligentsia through the life of the poet Magzhan Zhumabaev. The author made the most rational use of the historical truth on which the work of art is based. The playwright uses historical facts and artistic truth in connection with the specifics of the genre. In addition, the article became the object of analysis of the historical basis and artistry of the work. The article reveals the playwright's

ability to write a play based on the analysis of the work. In addition, the article became the object of analysis of the historical basis and artistic nature of the work. The article reveals the skill of the playwright to write a play on the basis of the analysis of the work.

Key words: historical facts, genre, drama, politics, tropes, classical literature, emotions.

Кіріспе

Ұлттық санасы қалыптасқан және өткен тарихынан тағылым ала білген халық қана өз дербестігін сақтай алады. Ұлттық рухты шындайтын да, ұлттық идеологияны қалыптастыратын да, тарихи сананы жаңғыртатын да өр, ержүрек, даңқты батырларымыз Осы орайда тарихқа деген көзқарас тарихшы ғалымдарымыздың тұжырымдарынан құралатындығын ескерсек, Отан тарихын жан-жақты зерттеу, зерделеу міндеті тұрғанын айқын түсінеміз. Қазақ тарихына қатысты мол деректердің бір шоғыры Сырым Датұлы(1753—1802 жж.) өмірбаянына қатысты жинақталған мәліметтер деуге болады. Мақалада қазақтың белгілі батыры, шешен, Байбақты руының биі Сырым Датұлы ерлігін суреттеген Ғ. Мүсіреповтің «Болашаққа аманат» атты төрт перделі тарихи драмасы талданған. Датұлы Сырым (1753—1802) – Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен белгілі батыр.

Әдістеме

Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Сырым Датұлының қоғамдық-саяси қызметі тақырыбына қалам тартқан Ғабит Мүсірепов(1902-1985) 1980 жылы «Болашаққа аманат» атты Сырым туралы төрт перделі тарихи драмасын жазды. Тарихи драма 1981 жылы «Жұлдыз» журналының №1 санында жарияланды (Мүсірепов, 1981: 16-40). Бұл тарихи драма халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде ашық та батыл көтерген шығарма. Ғ.Мүсіреповтің бұл тарихи драмасының негізгі идеясы ұлт азаттығы, халықтың өзін-өзі билеуі жөніндегі идеямен ұштасып жатады. Жазушы кейіпкеріне, яғни Сырымға: «Қай ел болса да өзінің қандай ел екенін өз тізгіні өз қолында тұрғанда ғана көрсете алады», - деген өте батыл сөз айтқызып, батырдың асқақ арманы мен аманаты халқының тәуелсіздігін жазушы асқан шеберлікпен қалың оқырманға жеткізе білді. Ғ.Мүсіреповтың қаламынан туған бұл шығармаға зерттеуші Х.Әдібаев пен Ж.Ысмағұлов: «Сырым Датұлының өмірі мен билік қызметі жайындағы бұл еңбек кезінде цензура бақылауынан қағаберісте өтіп кетсе де, әдеби-драматургиялық сын тарапынан да тиісті бағасын ала қоймаған туынды. Ал шындығында, ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде дәл осындай ашық та батыл көтерген басқа шығарманы біз онша көп біле бермейміз», -деп баға береді (Әдібаев, 2004: 230)

Орыс ғалымы Белинский «Тарихшының міндеті – ненің болғанын айту, ал ақынның міндеті – соның қалай болғанын көрсету. Тарихи драманың мазмұны тек қана мемлекет өмірінен алынуы керек» - деген болатын.

Ғабит Мүсірепов тарихта болған Сырымның бейнесі мен сол замандағы қазақ елінің жағдайын тарихта болған шындық тұрғысында суреттеген. Сырым батыр Нұралы ханға, сұлтандарға қарсы шығумен қатар, орыстың отарлық, езгісіне де да қарсылық білдіріп, олармен аянбай күрескен. Қазақ еліне қысым көрсеткен губернатор мен атамандардың әскери бекіністеріне жасағымен батыл шабуыл жасай білген. Сол кездегі орыс патшасы Екатерина Сырымның көтерілісінен қорқып, ақыры оның қойған талаптарына келісуге тура келген. Сырым батырлығымен қатар, ол шешен тілді,

ақылды, алғыр болғанының ел аузындағы аңыз-әңгімелерден де білуге болады. Тарихи шындық. Басы ноктаға сыймайтын біртуар, ардагер тұлға болды. Қазақ ерлерінің бойында болған сонау Шыңғыс хан заманынан бергі ержүректік, батырлық, қолбасшылық, көсемдік, шешендік, жыраулық Сырым батыр бойында бар еді. Одан кейінгі дәуірлерде бұл қасиеттер Махамбет бойында сақталды. Сондықтан да Махамбетті жазушы М. Мағауиннің «сахара бардтарының соңғы тұяғы» дейтіні сондықтан. Сырым батырды ел-жұрты қолдады. Драматург Ғ.Мүсірепов пьесада суреттеген би, ру басшылары, сұлтан, генерал-губернатор Игельстром, генерал-поручик Пеутлинг тарихта болған адамдар. Тарихи мағлұматтарға сүйенсек бұлар жоғарыда айтылған оқиғаларға қатысқан, басы қасында болған адамдар. Ғ.Мүсірепов пьесада Сырымның ерлік, батырлық, азаматтық тұлғасын көрсететін тұстарын сол заманның өмірінен алады. Сол заманғы халықтың жағдайы, Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі, ата баба жерінің айдың күннің аманында жат қолына кете бастауы қазақ елін одан әрі ашындыра түсті. Өйткені бұған дейін хандардың зорлығы дегеннен гөрі, сол тұста біліксіз басшы мен патша үкіметінің отаршыларының озбырлығына қарсы елдің наразылығы асқына түсті. Қазақ халқы өзара әр жерден көтерілістер ұйымдастыра бастайды. Қазақ жерінде өзін өзі басқаратын хандық дәуірінің орнына ресейлік билеу жүйесі енгізіле бастады. Ру басшылары, жалпы бұқара халық ел басқарудың жаңа талаптарын ұсынуға байланысты түрлі көзқарастар орын алды. Ел екі жаққа бөлінеді. Оның бірі хандық тағын құлатпау, хандық билікті құптаса, екінші жақ оған қарсы топ. Осы кезді күтіп отырғандай патша отаршылары ежелгі мақсаты қазақ даласын басып, бағындырып алуды ашкөздікпен жүзеге асыра бастады. Бірақ, олар ханға сүйенгісі келмейді, өйткені ол да құлдырап, халықтан қолдау көрмей отыр. Ал, патша үкіметі болса, біресе хандыққа қарсыларды жақтап, бірде хан, сұлтандарды жақтап екі түрлі саясат жүргізеді. Олардың бар мақсаты ел ішіндегі осындай алауыздықты тиімді пайдалану, қазақ елін өзін бағындырып, басып алу. Сол себепті де хан әулетін мен оларға қарсы топтың тартысын одан әрі шиеленістіре түсуге барын салады.

Ғ.Мүсірепов «Болашаққа аманат» тарихи драмасындағы оқиға желісі Сырым батыр өмірінен алынған. Пьесаның бірінші көрінісінде қазақ жерінде хан сайлау тойы өтіп жатқаны суреттеледі. Ол жай той емес, хан сайлау тойланып жатыр. Ханды дәстүр бойынша ақ киізге отырғызып, мақтап жатқан бір топ та, ол жаққа назар аудармай, өз қызықтары өздеріне отырған екінші топ. Бұл Сырым батыр бастаған, соның айналасына жиналған қарапайым халық. Сырым өнерлі жігіттерді қолдап-қолпаштап отыр. Мысалы:

Сырым: Суытпаңдар ойынды. Қалың қара тобыр ең болмағанда қызық көрсін.

Нияз: Сырым аға, біз де сол қара тобырдың біріміз зой. Бәріміздің сұрай алмай жүрген бір сұрағымыз бар еді.

Сырым: Сұраңдар.

Нияз: Осындай оңбаған ханды біз неге сайладық осы?

Сырым: Ханды біз сияқты қара қазақ сайламайды, жігіттер.

Жігіттер: Енді кім сайлайды? Қазақтың ханын да біреу сайлап бере ме?

Сырым: Ханды хандар, сұлтандар сайлайды, патша бекітеді.

Нияз: Әлгі бір қос нокта дейтінің осы болды зой онда?

Сырым: Сол, сол! Бір иығында хан, бір иығында патша! Не арманың бар!

Бүрсеңдеп жорта беруіңді біл! (Мүсірепов, 1981: 31).

Бұл кеудесін ашу, ыза кернеген адамның жан айғайы. Сырым бұл тойға ханды қолдап, құрметтеп келген жоқ. Қарапайым халықтың көңілін көтеру үшін, соларға демеу болу үшін келген және бір ойы ол қарапайым қалың жұрттың көзін ашу, қазақ елінің берекесін кетіріп отырғанның кім екенін түсіндіру, көрсету.

Сырым: Ол кезде хан болғысы келмеген адам ақылсыз болған болар еді. Олар қазақ деген елдің басын қосып, елдік туын көтерген адамдар.

Хан: Біз ше?

Сырым: Сенің туың тұр ғой, әне – тоғыз құйрық Шыңғыс ханның қыл туы.

Хан: Дүниеде бұдан құдіретті ту болып көрген жоқ. Осы біздің туымыз!

Сырым: Бұл әлдеқашан құлаған ту!

Хан: Сандалма! Қазақ елін ел қылған осы ту!

Сырым: Сандалмасаң, сандалма! Қазақ елін быт-шытын шығарып, өзіне-өзі ие болған елдігін құрт-мерзедей жалап келе жатқан осы ту! Сендер Тәукенің тұсындағы тұтас елді жсырымдап-жсырымдап бөліп алып Тәуке болмақсыңдар! Бір уыс Кіші жүзді екіге бөліп, жарым-жартысын Хиуаға қаратып алдыңдар. Тағы бір үш мың үйді Барақ бөліп әкетті. Енді қалғаныңа тоқсан сұлтан, бір хан таласын, ырылдасумен күндерің өтіп келеді. Сен қазақтың ханы болсаң, Ұлы жүзің қайда, Орта жүзің қайда? (Мүсірепов, 1981: 34).

Сырым қазақ елінің билігі өз қолында болсын деп тілейді. Елінің бірлігін, тыныштығын, көрші елдермен достық, татулықта болуды қалайды. Шыңғыс ханның ұрпағынан тараған хан, сұлтандар арасының алауыздығынан ел ішінің ыдырағанын Сырым монологы арқылы драматург дұрыс көсеткен. Қос бүйірден екі алып мемлекет қазақтың елін қуғындап, жақсы жерлерін тартып алып, тонап, елді аздырып жіберді. Көрші елдерге де шабуыл жасап, ары бері өткен керуендерді тонады. Осындай жасалған жауыздықтарының зардабын қарапайым халық тартып отыр. Сырым хан сайлауына, қазақ жерінде Шыңғыс ханның ұрпағының хан болуына қарсы болуының себебі де осы. Драматург Ғ.Мүсірепов Сырым батырдың арманы хандықты жойып, халық кеңесін құру деп көрсетуді мақсат еткен. Ол астыртын жасақ жинап, күрес ұйымдастыруды жоспарлады. Қарапайым халық Сырым батырды қолдап, қолпаштайды. Ғ.Мүсірепов Сырым батырдың бейнесін шынайы, мінез-құлқын жан-жақты ашуының нәтижесінде сол замандағы өмірді, қоғамдағы әлеуметтік жағдайын кең, ұғымда типтендіре білген.

Ғабит Мүсірепов Советтік идеология ықпалында Сырым батырдың тарихи тұрғыдан шынайы хандық билікті жою туралы көзқарасы тұрғысынан пьесаны жазған. Бір кездерде хандық биліктің орнына Хан Кеңесін құру туралы пікірде болғаны тарихи шындық.

Тарихи драмада бүкіл адамзаттық мәні бар адамгершілік мәселелердің шешімінде, жеке тұлға тағдырын, тарихи қақтығыстарды, коллизияларды ұғуда классиктердің тәжірибесіне қаламгердің иек артқанын аңғару қиын емес. Үлкен идеялар жолында халыққа қызмет еткен ұлылар тағдыры, әскери қолбасшы, батыр Сырым батырдай тұлғаның тағдыры драматург Ғ.Мүсіреповті белгілі роман, повестеріндегі белгілі, тарихи тұлғалардан кем толғандырмайды.

Орыстың ұлы жазушысы М.Горький бір затты әсірелеп көрсету туралы былай деген болатын: «Өнер жақсыны әсірелегенде оның онан да жақсы болуын көздейді, адамға зиян, оны кемітетін жаман нәрсені әсірелегенде адамның бойында оған деген жиркеніштің пайда болуын, өмірдің сорақы жақтарын құртуға ерікті бейімдеуін көздейді. Өзінің негізінде өнер – бір нәрсені не жақтап, не қостайды, не оған қарсы күреседі. Немқұрайды қарайтын өнер жоқ және болмайды да, адам фотографиялық аппарат емес, ол өмір шындығын белгілеп жазып қоймайды не оны жақтайды, не өзгертуді, құртады» (Горький, 1953: 445)

Драматург үшін драмалық шығармада іс-әрекет арқылы ғана емес, тіл арқылы да образ сипаты көрінетін кейіпкерді шығару оңай емес. Сахналық шығармаларда образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келеді. Кейіпкерлердің тілінен олардың бейнесі көрінеді. Кейіпкерлер тілінің мазмұны нақты, құрылымы қысқа болып

келетіні белгілі. Академик З.Қабдолов: «... драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс», дейді (Қабдолов, 2002: 98). Ал, мағыналы сөз – жүйелі ойдың нәтижесі екені белгілі. Сондықтан, кейіпкерлер тілінің эстетикалық қызметін көрсетуде тілдік-стильдік амал-тәсілдердің орны бөлек.

Бүгінгі күні драмалық шығармалардың тілінің айналасында зерттелуі тиіс маңызды мәселелердің көп екендігі даусыз. театр өнерінің ееркшелігі жылтыр, бос сөздердің тізбегінде емес, оның ғылыми астарының негізінде жатыр. Сахнадағы актер жалпы көрермен алдында сөз сөйлеу өнерінің міндеті мен жауапкершілігін қатаң сезінуі тиіс.

Пьеса тілі – әдебиеттану да ғана емес, лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Пьеса тілін талдауда диалог, монолог, полилогтердің, репликалардың қызметі айырықша. Әсіресе, диалогтың драмадағы қызметі ерекше. Диалог арқылы шығарманың идеясы ашылады, кейіпкер бейнесі дараланады. Пьеса тілі арқылы көркем шығармада кейіпкер бейнесі сомдалады. Оқырмынға, тыңдаушыға, көрерменге ықпал етеді. Драмалық шығармалар тіліндегі лексикалық элементтер: диалектизмдер, қаратпа және одағай сөздер, қарапайым және жаргон сөздер мен варваризмдердің қолданылуына талдау барысында үлкен мән беріледі.

Қорытынды

«Болашаққа аманат» қазақтың ұлт - азатық тарихындағы ірі қайраткерлердің бірі Сырым Датұлы бастаған халықтық қозғалыс туралы көркем шығарма. Патша отаршыларының, зорлық - зомбылығына ұшырап әбден титықтаған халықтың арасынан шығып, қалың қазақты әділет үшін күреске бастайды. Сырым Датұлының қазақ халқының елдігін, бірлігін сақтау жолындағы ұлы күресі кейінгі болашақ ұрпақтарға қалдырған аманаттай. Драмада Сырымдай тарихи ірі қайраткердің азаматтық тұлғасы келісті өріліп, көркемдік жарасым құрған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әдібаев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. - Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ, 2004. - 520 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2012. - 310.
3. Горький М. Собр. соч. т. 27, М., 1953 г.
4. Мүсірепов Ғ. Болашаққа аманат. Тарихи драма // Жұлдыз, №1, январь, 1981.
5. Нұрғали Р. Драма өнері - Алматы: Арда, 2009. - 592 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

М.РАЙЫМБЕКҰЛЫ ЛИРИКАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Дәулеткелді Назира

ҚазҰлтҚызПУ, 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Б.С. Бегманова

филология ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор м.а.,
Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада М.Райымбекұлы поэзиясының көркемдік, стильдік ерекшелігі қарастырылады. Ақын жырларының тақырыптық жүйесінің сан алуандығы, идея байлығы, лирикалық кейіпкердің поэзиядағы тұлғасы кеңінен зерттеледі.

Тірек сөздер: Поэзия, лирика, стиль, әдебиеттану, өлең құрылысы.

Аннотация: В статье рассматриваются художественно-стилистические особенности поэзии М. Райымбекулы. Изучается многообразие тематической системы стихотворений поэта, богатство идей, личность лирического персонажа в поэзии.

Ключевые слова: поэзия, лирика, стиль, литературоведение, структура поэзии.

Abstract:The article considers the artistic and stylistic features of the poetry of M. Raimbekuly. A multifaceted thematic system of the poet's poems is studied, the richness of ideas, the personality of the lyrical character in poetry.

Key words: poetry, lyrics, style, literary criticism, the structure of poetry.

Сөз өнері көне дәуірден бастап, қазақ халқының тарихының әр кезеңдерінен күні бүгінге дейін дәстүрлі жалғасын тауып келеді. Арғы тегін сонау сақтар мен ғұндардан, көк түріктің ұрпақтарынан тарататын қазақтар өздерінің төл әдебиетін толықтыруда да бүгінде сол ескі сүрлеуді жаңа мазмұнға сай түрлентіп, тілдік бояу-нақыштарын айшықтай, өзіндік ұлттық үрдіспен жыр әлеміндегі дәстүрді ұстанып, әрі қарай жалғасырып келеді. «Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихы, басынан кешкен кезеңдері, өсу, өрлеу сапары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Сол асыл өнердің таза меруерттері ғасырлар бойы ел өмірімен бірге жасап келеді» [1, 12 б.]. Қазақ халқымен бірге дамып, бірге жасасып келе жатқан лирика күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, жасаған сайын жаңарып, дамып, өз көркемдік ерекшелігі мен тақырыптық жаңашылдығын жетілдіре, түрлендіре түсуде.

Жалпы әдеби ғалымдар тарапынан стильге мынадай тұжырымдама жасаған. «Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы. Көркемдік стиль жазушының өмірлік тәжірибесі негізінде, оның суреткерлік талантының табиғатына сәйкес қалыптасып, дамиды» деп тұжырымдаған. [2. 305 б.]. Яғни, стильдік ерекшелік әр қаламгердің өзіндік болмысына, табиғатына сай қалыптасатындығы даусыз. Әрине, тілдік тұрғыдан стиль шарттылыққа бағынады. «Ал әдебиетте стильдің мағынасы әлдеқайда терең және кеңірек. Жазушының стилі дегенде, біз оның өмір шындығын өзінше тани білу, сезіну, тақырыпты өзінше игеру, өзінше ой толғап, бейнелеп айту – міне осындай маңызды сипаттар танытатын, басқаға ұқсамайтын суреткерлік шеберлігін, дара қолтаңбасын айтамыз». [2. 305 б.].

Поэзия әлемінде әр ақын стиль ерекшелігімен, ырғақ, ұйқас өрімімен, өзіндік соны соқпақтарымен ерекшеленеді. Әр ақынның өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Өйткені әр ақынға өзінің жүріп өткен өмір жолы, «тар жол, тайғақ кешуі», мұңы, сыры, туған топырағы әсер етеді. Туған жердің әрбір тасы, орман, су, тоғайлары, самал желі, жусанды белі, қатал табиғаты, бәрі-бәрі ақынның көкірек көзінен қағыс қалмайды. Шашасына шаң жұқпаған шынайы талант иелері сөзбен жеткізе алмайтын осындай асыл қасиеттер анасының құрсағынан бойларына дарып туады. Сонау балғын кездегі жіңішке ғана соқпақ бара-бара болашақтағы бірнеше мың ғасырларға ұласатын дара жолға айналады. Жайшылықта көзге көрінбейтін әлдебір құбылысты ақын тылсым бір құпия құдіреттің күшімен алыста отырып-ақ сезінеді. Ол халқы қуанса қуанады, қайғырса қайғырады. Кейде жұрты жұбанса да, әлденеге елі үшін көңілі алаңдаған ақын жұбанбауы мүмкін. Оның себеп-салдары да жетерлік. Мұндай ақындар алаш тарихында аз емес, бірақ көп деп айтуға да келе бермес. Міне, сондықтан да алаш жұрты өзінің шынайы шайырларын қадірлеп, қастерлеп отырған. Тарихымыздың сарғайған беттерін парактағанда біздің көзіміз жеткен ақиқаттың бірі осы.

Әр заман өз ақынын тудырады. Әр ақын өз заманының жаршысы. Заман жаршысы болуымен қатар өткенді жалғастырушы, жаңғыртушы, дамытушы өнер иесі. Қазақ

поэзиясының тарихында жыр әлемінде өз ерекшелігін танытып, тың жол салып, даралығын мойындатқан ақындар өте көп. Қазіргі қазақ лирикасында поэзияда қатарластарынан оза шауып, ерекше үнімен даралана көрінген ақындардың бірі Маралтай Райымбекұлы.

Қазақ поэзиясының жылдан жылға дамып, өсу барысында қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік оқиғалардың барлығы да қазақ жырларына өз әсерін тигізіп отырды. Маралтай Райымбекұлы лирикасын қарастырғанда ақынды бей-жай қалдырмайтын тақырыптардың бірі – қоғамның әлеуметтік ахуалы. Бүгінгі қоғамның ащы шындығы ақын шығармашылығында кең өріс алып отырады.

Қапияда күнің батса арайлы,
Талап жейді,
Талап жейді талайды!
Бір ақиық Алатаудың басынан
Адамдарға аянышпен қарайды.

Әділеттің төрешісі ар болар,
Арың таза, сені көрсе зар қағар –
Қолыңа су құя алмайтын кешегі
Билік айтты күйкентай мен қарғалар [3.116.]

Өлеңде қоғамның ащы шындығы бейнеленген. Жалпы өлеңдегі ой, автордың айтқысы келген негізгі идеясы, кейіпкер болмысы арқылы мінезбен байланыстыра суреттеледі. Өмір ағысында адам баласының басынан өткеретін сан түрлі қым қиғаш оқиғалар, тартысты жолдар, қуанышы мен өкініші қатар жүретін күресті сәттер, бәрі де ақын кейіпкер бейнесі арқылы танытады. Өлең жолдарындағы адам баласына тән мінез – ардың тазалығын, адамгершілікті биік ұстану. Әрине, ақын пендешілікке бой алдыратын, қиянатқа бой алдыратын пенденің мінез-құлқын танытып отыр. Өмірдің ақ пен қарасы секілді қатар жүретін жақсылық пен жамандықтың да адам бойынан табылатыны айдан анық.

«Ұлттық колорит – қайсы бір өнердің болсын келбетін мүсіндеп, көркін ашар, оған шытынамас берік ұстын, ұзақ ғұмыр сыйлар қасиет. Ол поэзияда ақынның мінезі мен тілдік қорынан, жырламақ объектісін таңдап-талғауы мен көру ерекшелігінен құрала келіп, айқын сипатқа ие болады. Туған халқының атынан сөйлеуге толық қақысы бар тұлғалы қаламгерді дүниеге әкелетін де, оның дара болмысын, өзге әдебиеттегі өз тұрғыластары арасындағы орнын сезіндіретін де осы» [4.139 б.]. Қазақ халқы ұлттық менталитетті жоғары ұстанған халық. Бір бойында ата-бабадан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрдің бәрін ұстана отырып, тарихи ұлттық болмысты сақтай білген. Ұлттық менталитеттің бір түрі – ұлттық мінез, ұлттық сипат. Өлең жолындағы ақынның айтпақ ойы қоғамдағы әр түрлі сипаттағы ұлттық характер. Әрине, әр адам алған тәрбиесіне қарай, өресінің жеткеніне қарай қалыптасады. «Әділеттің төрешісі ар болар» деп ар алдында адал болғанға ештеңе жетпейтіндігі әр пенде білері даусыз. Дегенмен де, «құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнар» дегенді ұстанатын жан қоғамның қай кезеңінде болса да кездесетіні даусыз. Сондықтан да «Қолыңа су құя алмайтын кешегі, Билік айтты күйкентай мен қарғалар» дейді ақын.

Ер еңбегін қиянатпен сыздырып,
Өлді қанша қанат жаймай ізгілік,
Көресіні сенен көріп біттік қой
Ей, екіжүзділік. [2. 305 б.]

Ақын қоғамдағы ащы шындықты, адамдар арасындағы тартысты, күреске толы тағдырды ашық суреттеп отыр. Өмірдің қатал заңы сол – әлділер күштілік көрсетсе, әлсіздер әлсіздік танытады. Өмір – күрес. Жақсылық пен ізгіліктің жанында

жамандықтың қатар жүретіні, көреалмаушылық пен екіжүзділіктің кез келген сәтте алдына тосқауыл болатын әлімсақтан келе жатқандығы белгілі. Ақын осы бір біріне қарама қарсылыққа жаны ауырады.

Алайда, күреске толы өмірдің күрессіз өтпейтіні де белгілі. Сондықтан да ақын кейіпкері күйзеліске емес, керісінше күреске ұмтылады.

Сая болып құзғынға да шың-құздар,
Ей, шың-құздар, көңілімді бұздыңдар.
Құс төресі – төре болып қалады,

Қанша жерден таласа да құзғындар. [2. 305 б.]
деп күрескер-кейіпкердің айқын болмысын танытады.

М.Райымбекұлының келесі бір өлеңінде де ақын арманы асқақ сезім мен өкініш, үмітсіздік, өкпе, реніш, налу, илану, сенім арту секілді адам бойындағы әр түрлі сезіммен астастырыла жырланған.

Шөккенде түн төсінен етбетімнен,
Күлкі жоқ, ұйқы қашар бет-бетімен.
Елбіреп есіл көңіл жоқ сұрайды

Қол жайып, дұға оқып, көктегі елден. [2. 305 б.]

Өлең жолдарындағы ақынның астарлы ойы әсем образбен бейнеленген. Көз алдыңызға қозғалыссыз «шөгін жатқан» белгісіздік болмысы келеді. Өлеңді толық оқығанда ақынның айтпақ ойын айқын тани түсесіз. Өлеңнің әр шумағы ақын айтқысы келген негізгі ойды толықтыра, мағынасын тереңдете түседі. Өлеңнің «Алаң» аталуы да өлең жолындағы негізгі ойды айқындай, мағынасын тереңдете түседі. Ақынның бүкіл басынан өткерген тартысты жолы ішкі түйсігіне «алаң» болып оралып, көңілін алаңдатып отырғаны айқын. Сонда да ақын алға, болашаққа үмітпен қарайды.

Белгілі әдебиет зерттеуші ғалым М.Дүйсенов: «Ақын міндеті – сөзге қанат бігіруінде, сөз бен сөзді жалғастырып, қару-қайратын қосып, ойды тербейтін, бойды билейтін поэтикалық образ жасауында. Ақын үніне зейін салмаса, бояу-суреттер тағдырына жіті үнілмесе, өлең өрімдей сұлу болып шықпайды. Халықтың ұшаң-теңіз бай тілін, рухани өмірі мен қазынасын, тұрмыс-тіршілігін, жан-жақты білуімен бірге, оларды ақыл-ой елегімен шебер екшеп алатындай көркемдік қабілеті мен эстетикалық талғамы болуы қажет» [5.102 б.], – деп атап көрсетеді. Белгілі ғалымның бұл тұжырымын жыр әлемінде қалам тербеген әрбір ақын өз тараптарынан қадағалауға, көркем поэтикалық образ жасауда осы міндетті қатаң ұстауға тырысқан.

Сұлу сөзді өлең жолында қолданғанда оның мағынасын эстетикалық талғаммен зерделеу, әр сөздің салмағын байыптау ақынның шеберлік талантын танытса керек. Академик З.Ахметов: «Поэзиядағы, өлең-жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлде қандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады. Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің тереңдігі мен көркемдігі. Өлең сөз кестесіндегі, поэзия тіліндегі көп ерекшеліктерді дұрыс түсіну үшін, ақындық ойдың көркем ойдың өзгешелігін, дүниені эстетикалық жағынан қабылдап-танудың өзгешелігін жақсы ұғу шарт» [6.7 б.], – деп өлең өрнегін түсінудегі шарттарды атап көрсетеді. Біз зерттеу-нысанамызға алып отырған М.Райымбекұлы бұл шарттарды жете меңгергендігін өлеңдерінен аңғаруға болады.

Қорыта айтқанда, поэзиядағы сөз табиғатының қыр-сырын терең меңгерген М.Райымбекұлы бүгінгі жыр әлемінде өзіндік дара қасиетімен өлең сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленіп жүрген ақындардың бірі. Ақынның өзіндік стильдік ерекшелігі, сөзбен сурет салудағы өзіндік қайталанбас қолтаңбасы қазақ поэзиясының дамуындағы үлкен жетістік деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.
2. Әдебиеттану. Терминдер Сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
3. Райымбекұлы М. Маралтай. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2016. - 192 б.
4. Әбдірашев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы: Жазушы, 1973. – 168 б.
5. Дүйсенов М. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. – 192 б.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 211 б.

ЖҮСІПБЕК ПРОЗАСЫНЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН ҚЫРЛАРЫ

Ермахан Акерке

ҚазұлтқызПУ 2-курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі: Әбдіқалық К.С.

ҚазұлтқызПУ профессоры

Шығармалары арқылы өз дәуірінің ащы шындықтарын жаза білген қаламгерлердің бірі Жүсіпбек Аймауытов болатын. Қазақтың ірілігін даралауға бар күшін аямаған, замананың желінен ықпай, сабыры үгілмеген тұлғалардың ішінде Жүсіпбектің де орны өзгеше. «Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі мен көптеген әңгімелер, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия-Шарбану», «Шернияз» атты пьесалар, өлеңдер мен «Нұр күйі» поэмасы, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар мен аудармалар мен көптеген аударма кітаптар, оқулықтар бар. Өз кезіндегі газет-журналдар бетінде Жүсіпбек жазған мақалалар да бірсыпыра» [1,263 б.].

Ұлтының жанашыры Жүсіпбектің әрбір жазған дүниесінің өзіндік салмағы жыл өткен сайын арта түсетініне көз жеткізудеміз. Жазушының прозасынан тақырыпқа адалдық, өмірге, көркемдік әлемге деген құштарлық, тілі, стилі жағынан айқындылықты аңғару қиын емес. Ж.Аймауытұлының әрбір прозасын оқығаннан кейін, оқырман есінде жазушы бедерлеген эстетикалық әсер мен танымдық сипат мейлінше сақталып қалады. Өз кезіндегі болып жатқан тарихи құбылыстар, идеологиялық түрлі өзгерістер, халықтың қоғамға деген көзқарасы жазушының шағын әңгімелерінде де көркем бейнеленгендігі соншалықты оқиғаны көз алдымызға елестетіп, жан-жүрегімізбен сезініп, түйсініп отырамыз.

Алайда, алаш рухты әдебиет өкілінің алапат заманда кейбір шығармаларын ашық түрде емес, тұспалдап жазуға мәжбүр болғанын тағы білеміз. Қандай жағдайда болмасын түйінді ой, дұрыс жол сілтеуі – кеңестік үкіметтің құрсауына ілінсе де, әлі күнге шығармалары зерттеліп, өшпес мұрасының арқасында өлмес тұлғаға айналуына себепкер.

Қаламгердің тұспалдап жазған туындыларының ішінде «Жапырақтар» әңгімесіне тоқталсақ, бірсыпыра зерттеулерде бұл әңгімені табиғат көрінісін суреттейтін шығарма ретінде қарастырылады. Бұл туындыда аллегория тәсілі қолданылып, яғни, жапырақтар тіршілігін суреттеу арқылы астарлап, ел тағдырынан сыр шертетін тәрізді. Әңгімедегі: «... Сыбырламайды-ау, сыбырлайды, ол сыбырда өзінше сыр барға ұқсайды» деген жолдарда-ақ тұспалды ойдың жатқаны анық.

«Ағаштың өре басындағы, желдің өтіндегі жапырақтар ұрандасып үн қосқандай, кейде зуылдап, судырлайды. Кейде жалпылдап, қалбалақтап, ішін тартқандай болады. Одан төменгі бұтақтар да жапырақтарын жалбаңдатып тұр: бірақ бұлардікі аналардың

қимылынан солғындау. Бұлардікі жалпы ағымға еріп, еліктеп, теңселген тәрізді. Жоғарыдағылардың дүрмегіне, дүбіріне қызғаны болмаса, бұларда күшті екпін көрінбейді. Ең төменгі бұтақтарға көз салсаң, жапырақтары арба астындағы шыбын қаққан бұзаудың құлағы тәрізденіп әрең-әрең, анда-санда бір селбедеп, қыбырлаған болады. Бұлардың сыбдыры да, сыры да жабайы қозғалыс, бұлар да күш те, күжіл де жоқ» [2,157 б.] дегендеріне зер салсақ, қазақтың отаршылдық кезіндегі еркіндікке жету жолындағы әр түрлі қимыл-әрекетін бедерлеп тұрғандай.

Азаттықты аңсаған, озбыр елдің отарынан кетуді мақсат етіп, сол жолда «Намыстан, қайраттан қатарға ен! Басқадан кем болған сенің нең?!» деп ұран тастаған (Ж.Аймауытов «Ұран»), оқыған, ұлтына жанашыр азаматтардың елі үшін жасаған еңбегі, ұйқыда жатқан халқының санасына сіңіруге тырысқан үні осы шығармада «ағаштың өре басындағы, желдің өтіндегі» жапыраққа балап тұрған тәрізді. Ал «одан төменгі бұтақтардың» жапырақтары да алдыңғы буын ағаларына ергенімен, дәл олар сияқты мықтылықты таныта алмайды. Жазушы осы көрініс арқылы бұл өкілдерде тек еліктеу басым екендігін көрсетеді. Ең төменгі бұтақ жапырақтары да қаламгер назарынан тыс қалмайды. Жазушы бұлар ақылы нені көрсеткісі келеді десек, олар не бірігіп күш құра алмайтын, не өз бетінше оқып алға ұмтылмайтын жандарды бедерлейді. Яғни, тек қарабайыр тіршілігін түзетуге ғана ұмтылған, кейде бірігіп жабайы қозғалыс қана көрсете алатын қара халықты меңзеген болуы керек.

Бұл ойын жазушы айқындау мақсатында былайша жалғастырады: «... Байқамаған адам жапырақтар суылдағанға, бәрі бірдей қозғалып тұр екен деп ойлап қалатын. Сығалап қарай бастасаң, ол ойың бекер болып шығады. Ағаштың ық жағындағы жапырақтар желге тұяғын да серіппейді, құлақтарын салпITYп, салбыратып, қалғып тұрған іспетті. Жел жақтағы жапырақтардың кейбір шоғы желге қасқайып, кеудесін төсеп тұрғанын көресіз. Мұнда не сыр бар десеңіз, қайыспайтын қажырлы бұтаққа жуантық сабағымен жабысады екен, бұлар желге қырын келмей, жонын беріп, біріне-бірі иін тіресіп, селбесіп берік қабысады екен. Сондықтан олар жеңіл-желпі майыспайды екен. Кейде ышқына соққан екпінді жел бұларды да теңселтеді бірақ өзге жапырақтарына, әткеншек теуіп кетпейді. Бастарын келте-келте қозғап, жел тынар-тынбаста әуелгі қалпына қайтып, буынын қатайтып ала қояды». Бұл жайлы жазушының «Артымда қыруар елім бар, өлсем де денем, мен өлмен» деген өз өлеңінде де өрнек тапқан.

Өзге елге бодан болған заианда қазақтың бағына туған азаматтары қаламын қару, намысын қозғаушы күшке айналдырып, өзінің емес, ертеңгі ұлтының амандығын аңсап өткен «желдің өтіне тұрып, бар екпініне шыдаған» қайсар мінезді, ойынан еш қайтпайтын азаматтардың болмысын көрсетеді. Тіпті, шын жанашыр, мақсаты ортақ адамдар туралы «жел қанша қатты соққанымен, жапырақтардың бір-біріне иін тіресіп тұрғандықтан, жеңіл-желпі майыспайтындығын, кейде ышқына соққан жел оларды теңселтсе де, жел тынар-тынбастан буынын қатайтып, әуелгі қалпына қайта келетіндігін» деп жазады. Осылайша, жазушы бұл әңгімесін табиғаттың бір ғана кішкене көрінісіне жан бітіру мақсатында ғана емес, ел өмірінен астарлы түрде сыр шертіп, оқырманын ойға салмай қоймайтын туынды ретінде ұсынды.

Сонымен, жазушы бар ойын шығарма соңында түйіндейді: «...Жапырақта жан жоқ деп ойлайсыз ба? Оларда да жан бар. Адам, айуан сықылды жәндіктер демді өкпесімен алса, ағаш жапырағымен алады. Жапырақ – ағаштың өкпесі. Өкпесі кетсе, адам да өлгені; жапырағы бітсе, ағаш та солғаны. ...Маған жапырақтар жылы көрінеді, жапырақтың жалбаңы тымақтың құлағын еске түсіреді. Мен жапырақтарды сүйемін. Жапырақсыз жаз бола ма? Жаз болмай, ел мәз бола ма? Бар үмітің – жапырақта. Өйткені жас балдырған, ағаштың көркі, олар – жасыл гүлдің, жазғы бұлбұлдың ұясы».

Міне, егеменді мемлекет құру ұлт болып атқарар ұлы іс екені бәрімізге мәлім. Ел болып бірігіп, ұйымдасып атқарған істе береке барын, тынбай талаптансақ, кедергілерді еңсеретінімізді, сөйтіп, алыстан қолын бұлғаған тәуелсіздікке де жететінімізді уағыздайды жазушы. Түсіне білген оқырманға осылайша тұспалды оймен дұрыс бағыт сілтей білгені анық.

Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығының ішіндегі «Күнікейдің жазығы» повесі туралы сөз қозғасақ, ең бірінші бізді ойландыратын мәселе шығарманың атауынан басталады. Повесть атауын не себепті «Күнікейдің жазығы» деп алды екен? Яғни, Сұлушаш, Фатима немесе басқа есімдерді таңдауға болады ғой. Бұл сұраққа жауап іздеген көптеген зерттеушілер де болды. Бұл мәселенің түйінін «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінен іздеу қажеттілігін сезіндіреді.

Жазушының бұл туындысы әлі күнге дейін толық зерттелмегені аңғарылады. Осы повесті қарастырған ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, бірі – Күнікейді жазықсыз, ескіліктің құрсауынан босап, өз теңдігін қорғаған қыз деп есептесе, енді бірі – сүйгенімен бірге кетіп ата дәстүрді бұзғаны үшін, басына теңдікті қалап талпынғаны үшін жазықты деп кінә тағады.

Повестің алғашқы беттерінен бастау алған қазақ тұрмысы, оның этнографиясы барынша әсерлі суреттелген. Шығарманың басты кейіпкері Күнікей – қарапайым кедей қызы. Ол «тағдыр салды мен көндім» деп отырған момын қызға мүлдем ұқсамайды, қазақтың қайсар қызы ретінде бейнеленеді. Қазақтың ежелден келе жатқан салтына қарсы шығып, қалың мал үшін сатылып кете барған қыздардың ішінен өзінің бостандығы үшін күрескен жан. Тіпті, сүйгенімен бірге қашқаны үшін жазықты болғаны ма? Жазушы осы арқылы «қазақ әйелі теңіне қосылды дегенмен, әлі де теңдікке жетіп болған жоқ. Оған деген көзқарас өзгермеген. Елдің ескілікті тұрмысы, ұғымы әлі де қолбайлау болып, аяқты шырмап жатыр» деген тұжырымдар келтіреді. Тағы бір ескерер жайт, шығарманы оқып отырғанда жағымды бір кейіпкердің кездеспеуі. Әйтеуір құлдар мен күндердің арасындағы оқиға, солардың тұрмысы қалтқысыз бедерленеді.

Повестіе қазақ халқының тұрмысы жиі сипатталуымен бірге, қолданыстағы мақал-мәтелдер де бірсыпыра кездеседі. Яғни, «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан», «Қолы ойнағанның, аузы ойнайды», «Ердің құны, нардың пұлы», «Жас-жастың тілеуі бір, жібектің түйіні бір...», «Аузында әзілі жоқтың, қолында тоқпағы бар» сынды ел аузында жүрген ұлттық танымдағы мақалдарды жиі кездестіруімізге болады.

Шығарманы оқып отырғанда жазушының кейіпкерінің отбасылық тәрбиесіне баса назар аударғаны байқалады. Өйткені ата-ана берген тәрбие арқылы адам қалыптасатыны белгілі. Күнікейдің әкесі Тұяқ – жиынтық образ. Шығарма бойында автор оның аузына бір-екі сөйлем ғана салған. Мұнда оны барынша жасқаншақ етіп суреттеген. Оқырманға әйелінің айтқанынан шыға алмайтын тоң мойын ез бейнесінде көрсетеді. Құдалары келерде жалғыз қойдың өзін табуды үлкен бір қиямет іс ретінде көрген Тұяқ бар болмысымен жағымсыз кейіпкерді сомдайды. Ал шешесі Шекер болса күң болса да өзінің сұлулығымен тамсандырады. Өзінің жағымсыз жақтары да жоқ емес. Десек те Шекер қыз тәрбиесінде өзін көрсете білді. Туындыдағы «бірақ Шекер шеше боламын деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне «құдай жұқтырмағанды» қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды. «бозбаламен неге ойнайды?» деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді» деген сипаттаулар оның қандай шеше болғандығынан хабардар етіп отыр. Осындағы «құдай жұқтырмағанды» дегені, біздің топшылауымыз бойынша, «ар, намыс, ұят» қасиеттері болса керек.

Шығармадағы «Әй, Күнікей-ай, сен бір жанып тұрған отсың ғой» деген автордың сүйсінісін әр оқырман өте жақсы түсінеді. Себебі Күнікейдің бойындағы асқақ рух мен өжеттілікке қарап «Күн менікі» дегеніне келіспеу тағы қиын. Осы ретте Мағжан Жұмабаевтың «От» өлеңін еске түсіреді. Сонымен қатар сол замандағы әр ақын, жазушыға қазақ үшін күн болып сәуле шашуы мен от болып лаулап жану парыз болғаны тағы белгілі. Алайда, өзіне ғана сенген Күнікейдің шығарма соңында сүйгеніне қосылғанмен бақыты ұзаққа созылмағаны қай оқырманды болса да ойландырады. Осы туралы повесте толық қамтылмаған және де ол жайлы әр түрлі топшылаулар да бар. Кейбір ғалымдар повесті аяқталмай қалған десе, кейбіреулері әлі де болсын сол жұмбақтың шешуін іздеумен келеді. Бәлкім, күнге талпынған қайсар Күнікей арқылы сол заманның сұлбасын бейнелеген болар, яғни, азаттыққа ұмтылса да толық жете алмаған оқыған азаматтардың алдын ала кешетін хәлін суреттеп беруі де ғажап емес.

Түйіп айтқанда, елі үшін еміренген алаш қайраткерлерінің бірі Жүсіпбек Аймауытовтың прозаларында заман шындығын тұспалдап жеткізуге ұмтылған ерекше сырды ұғуға болады. Жазушының өзіне тән шеберлігін де осыдан көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – А: Қазығұрт, 2007. – 424 б
2. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.3. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

ҰЛТТЫҚ МҰРАТТЫ МАҚСАТ ЕТКЕН ҚАЛАМҒЕР - МҰХТАР МАҒАУИН

Күзембаева А.Б.

7M01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., проф. Балтабаева Г.С.

Түйіндеме: ХХ ғасырдың ІІ жартысында ұлттық әдебиетке рухани қозғалыс әкелген, рухты шығармалары арқылы қазақтың ұлттық санасының серпілуіне себеп болған, шындықты астарлап айтқан, ұлт мүддесін емеурінмен жеткізуге талпынған қаламгерлер шоғырының алдыңғы қатарында Мұхтар Мағауин еді. Мағауиннің әр сөзі құнды, көкейкесті, көркем шығарманың адамзат өміріндегі ең басты мақсаты да осы болмақ. Сондықтан да біз М.Мағауин сияқты суреткерді – әңгімелері өзінің мақсатының үдесінен шығып, оқырманды жаңа бір рухани биіктерге жетелеп алып шығатын, өзіне дейінгі және кейінгі басқа прозашылардың шығармаларына ұқсай бермейтін өзіндік бір қайталанбас көркемдік әлем қалыптастыра алған талант иесі деп нық сеніммен айта аламыз. Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кең, толық мағынасында, әрине шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылыс бітімінен, идеялық көркемдік сипатынан танылады». Яғни, бұл М.Мағауиннің шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипат – өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсақ, ол әр жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық) болмаса, айқын көрініс таппайды. Әр жанрдағы шығармаларда автор бейнесі түрлі деңгейде көрінеді. Автор негізінен оқиғаны баяндаушы болады, оның үні қандай шығармада болса да сезіліп отырады.

Тірек сөздер: ұлттық таным, ұлт мүддесі, тәуелділік шырғауы, әсіресіз шындық, мемуарлық роман, автордың шығармашылық тұлғасы.

MUKHTAR MAGAUN A WRITER WHO SET A NATIONAL GOAL

Abstract: Mukhtar Magauin was at the forefront of the group of writers who brought a spiritual movement to the national literature in the second half of the twentieth century, inspired the Kazakh national consciousness through his spiritual works, told the truth and tried to convey the interests of the nation. Every word of Magauin is valuable, relevant, and this will be the main purpose of the work of art in human life. Therefore, we can say with confidence that an artist like M. Magauin is a talented artist whose stories go beyond his goals and lead the reader to new spiritual heights, creating a unique artistic world that is not like the works of other prose writers before and after him. The author's ideological orientation, views, concepts, beliefs, artistic principles, artistic skills are all recognized in a broad, full sense, of course, throughout the work, the completion of the whole construction, the ideological and artistic nature. The work is a creative personality of M. Magauin, a writer, an artist - a distinctive feature, and if we take his image not only as an artist, but also as an individual with his own destiny, his own character, it is clear that he is not in every genre (biography, memoir). is not reflected. In the works of different genres, the image of the author is reflected at different levels. The author is mainly the narrator of the story, his voice can be felt in any work.

Key words: national identity, national interests, dependence, truthlessness, memoir novel, creative personality of the author.

М. Мағауин дарындылық пен ұлтшылдық идеясын шығармаларына мақсат еткен ұлт қаламгерінің бірегейі. М. Мағауин шығармашылығына пікірлердің барлығы оның жазу нақышының болмысы бөлек, шығармаларындағы ой да айрықша дегенге келеді. Зияткерлігі мен мәдениеті, ойшылдығы мен ұлтының ұлылығын ұлықтауда озық мәнерді ұлттық нақышпен дәріптеген, рухының асқақтығы өзгеше жазу стилінің қалыптасуындағы маңызы зор.

Қазақтың зиялы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде былай дейді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек» - дейді [1:42-б.].

М. Мағауиннің «Мен» романында осы үш қасиет те орын алған. Кемеңгер жазушының дара дарыны мен оқыған жанды тәнті ететін талантына телегей-теңіз білімі қосылып, оның шығармашылық тұлғасының басқалардан озық тұрғандығын байқатады. Ұлт тарихын тайға таңба басқандай етіп жазған туындыларынан батыс пен шығыс классиктерінің жазу техникасын жете меңгеріп, оны ұлттық үлгімен ұштастыра білген шеберлігін аңғаруға болады. Әдебиетіміздің алыбы Әбіш Кекілбаевтың осы сөзі дәлелдей түседі: «Мұхтар Мағауин саяси озбырлық, рухани әрі-сәрілік, кәсіби балаңдық жабыла қинап, дағдарыс тығырығына қамалған әдебиетіміздің одан әрі дамуына жаңа қарқын бітіруге тырысқан алпысыншы жылдардағы серпілісте айрықша көзге түсіп, сол қарқынын әлі күнге үдет-песе, бәсеңдетпей, жанқиярлық танытып келе жатқан кесек тұлғамыз».

М. Мағауиннің тәуелсіздік жылдары жазылған өзгеше бағыттағы туындысы – «Мен» атты мемуарлық романы. Қазақ сөз өнерінде орны толмас өрнегімен ерекшеленген, озық шығармалары тарихи таным тынысын ала келген қаламгердің бұл шығармасын жазудағы басты мақсаты – өткенге зер салып, кешегі күннен сабақ ала отырып, бүгінгіні қалыптастыру.

Жазушының «Мен» атты мемуарлық романы «Шытырман» және «Қия жолдар» деп аталатын екі кітаптан тұрады. Мағауиннің бұл шығармасы ғұмырбаяндық өмір көріністерін толық қамтитын дүние емес, тек жазушының қалам тартқан жылдарындағы көрген-білгенін, жазған дүниелерін жарыққа шығара алмай қиналған, күйзелген кезеңін жинақтай келе, өзінің жүріп өткен жолы туралы оқырманымен ой бөлісу еді. Жазушының өзі: «... бұл – Оқырманмен де сырласу. Аңшы әңгіме айтпай ма, түлкіні

былай соқтым, қасқырды былай аттым деп. Алғаны, атқаны рас, тек аздап әсірелеуі мүмкін. Біздікі әсіресіз шындық. Тілектес Оқырман көрсін, білсін, ал ниеті түзу талапкер бұлыңғырда адаспай, құмартқан аңының ізіне бірден түссе дейміз...» дейді. [3:195-б]. М.Мағауиннің «әсіресіз шындық» деп бағалауы кеңестік қоғамның ақиқатын көрсетуі. Жазушы жастайынан елдің қамын ойлаған, бұл туындысында ұлттық мүддені басты ұстаным еткен. Өткен өмір жолына көз жіберіп, өзегіне өрт болып тиген қиын мәселелерді қозғайды. Қазақстанның тәуелсіздік алғанына шүкір етеді, бірақ тәуелділіктің шырмауынан шыға алмай, қиналған кездерін есіне түсіреді.

Мемуарлық романдар туралы зерттеп жүрген ғалым әрі жазушы Н.Ақыш: «Өзінің прозалық көркем туындыларына тән өзгешеліктер, стиль мен машық М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романында да үзіліп қалмай, ары қарай жалғасын тапқан. Содан жазушы шығармашылығымен жақсы таныс оқырман бірден-ақ Мұхтар Мағауин әлеміне енгенін байқайды. Одан арғы ой желісі, баяндау үрдісі қаламгердің өз стилін айқындайтын сөйлемдермен жалғасын табады» [4: 21- б.].

Н.Ақыштың сөзімен толық келісемін. Қаламгердің жазу стилін танытатын бұл туындыда сөз машығын туындатудан бөлек оның адами құндылығы, мінез ерекшелігі, шығармашылық тұлғасы айқындала түскен. Көп тыйым салынған кеңестік кезеңде еш тайсалмастан ұлтты ұлықтай білген. Бұл туындының жарыққа шығар-шықпасын білген, жарық көрерде неше түрлі «шырғалаңды» мәселелерге тап болған өткір шығармаларын қалай шығарғаны туралы толғаныс кітабын жазушы «Шытырман» деп атапты. Бұл еңбекте не туралы екендігі алғашқы сөйлемдерден айқындалады. «Бастан өткен ғұмырдың көңілдегі суреті. Қаламға ілінген жазудың жүректегі жүгі. Тұтас ғұмыр емес, бедерлі белестер ғана» [4:4- б.]. «Жазудың жүрекке түскен жүгін» мойымастан арқалауы оның ел болашағына деген сенімі еді. «Саған сол тар күндердің өзінде күш берген немене? Сенім болса керек. Өзіңді өте жақсы көретін едің. Мен жазбасам, қазақ әдебиеті тұралап қалады, мен күреспесем, ежелгі мұра біржола ұмытылады, атаның аруағын арқалап жүрген – жалғыз өзім, алаштың мұратын келер ұрпаққа жеткізетін – Мен, Мен ғана, Мен болмасам, ұлысымның ырысы ортаяды, ұрпағымның көкірек-көзі ашылмайды, Мен, Мен... деп ойладың. Аз ба, көп пе, бар жасаған еңбегің – осы сенімнің көрінісі» [4; 5-б.].

Бұл үзіндіден ұққанымыз – ел сенімін ақтауға талпынған қаламгердің өр рухы еді. «Мен,мен едім, мен едім» деп жаудың қабырғасын сөгіп, кеудесін соққан Махамбеттей батырдың ұрпағы екендігін сөздерімен ғана емес, батыл ісімен де дәлелдеген болатын. «Аласапырандай» тарихи танымы мол туындыны дүниеге әкеліп, Жыраулар поэзиясын, жырға толы асыл мұраны көп дүниенің арасынан таңдап алып, халқының алдына жайып салған М. Мағауиннің шығармашылық тұлғасы өршіл рухта танылып жатса, асып- тасығанның белгісі деп емес, ұлты үшін жасалған жан қиярлық ерлікпен теңдес! Мұхтар Мағауиннің «Мен» ғұмырбаяндық хамсасын алдыңғы қатарға қоюы күнделік тектес туындылардың біршамасында кездесетін жайт. Мысалы, мына орыс тіліндегі тұжырымда: «Социально-психологической основой дневника в литературе 19 века становится утверждения «я» как бы первостепенной духовной ценности и верховного судьи окружающих. Дневник генетически связан с развитием индивидуализма как мировоззрения» [3: 147-б].

Ғұмырбаяндық романдардағы шығармашылық тұлға мәселесін қарастырғанда, шығармашылық тұлғаның шынайы табиғаты мен шығармашылық үдеріс жайында нақтырақ білу қажет. Шығарма мазмұнында күрделі кейіпкерлер мінезі мен қайшылықты оқиғаларға қаламгердің өзі де белгілі бір дәрежеде қатысып отыратындығы белгілі. Себебі, шығармада түрлі деңгейде көрініс тауып жататын сан түрлі кейіпкерлердің бойынан жазушы тұлғасын, мінезінің көріністерін, өмір сүру

дағдысын байқап жатамыз. Шығарманы жазуға себеп болған жайттар, бастапқы идеяның көркем образдарға айналуы, көркем шығарманы туындату үдерісі, автордың елестету, сезіну, қиялдау сияқты психологиялық жай- күйі, оның дүниетанымы, авторлық ұстанымы т.б. — автордың шығармашылық тұлғасын айқындай түсуде маңызды рөл атқаратын мәселелер.

Жазушының шығармашылық тұлғасын туындысындағы көркем мәтіннен бөліп қарау дұрыс емес. Шығармадағы кейіпкер - бұл автордың өзі, әсіресе мемуарлық шығармалардан шығармалардан мұны айқын байқауға болады. Қаламгер шынайы өмірдің шындығын ашуда, жазушы өмірінің сан қырлы қалтарысын ашып көрсетуде күнделікке жүгінеді. Адамның ішкі жан дүниесін, көңіл- күйін, ішкі жан сырын, құпияларын жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін күнделікті мемуарлық шығарма туындатудағы басты тәсіл, негізгі құрал ретінде пайдалану — әлемдік әдебиетте кеңінен тараған дәстүр. Өткен өмірінде өз басынан кешкен оқиғаларды нақты сипаттап, дәл суреттей білуде күнделікке ертеректе жазылған жазбалардың міндеті ерекше екендігін М. Мағауин еңбектерінен байқаймыз.

М. Мағауин күн сайын күнделік жазып отырмаған, оның бар жазғанын күнделікке жиғанда бір дәптер де толмайды. Ол тек алдағы жазылар дүниесінің жобасын ғана айтып қысқа сөздермен тізіп отырған. Бұл тұрғыдан, ХІХ ғасырда өмір сүрген орыс жазушысы Д.Григоровичтің болашақ шығармасына қажетті штрихтар мен детальдарды қысқа ғана етіп қойын кітапшасына тізіп отыруы сияқты ұқсастықты байқауға болады.

Қаламгер шынайы өмірдің шындығын ашуда, жазушы өмірінің сан қырлы қалтарысын ашып көрсетуде күнделікке жүгінеді. Адамның ішкі жан дүниесін, көңіл- күйін, ішкі жан сырын, құпияларын жан-жақты ашуға мүмкіндік беретін күнделікті мемуарлық шығарма туындатудағы басты тәсіл, негізгі құрал ретінде пайдалану — әлемдік әдебиетте кеңінен тараған дәстүр. Өткен өмірінде өз басынан кешкен оқиғаларды нақты сипаттап, дәл суреттей білуде күнделікке ертеректе жазылған жазбалардың міндеті ерекше екендігін М. Мағауин еңбектерінен байқаймыз.

М. Мағауин күн сайын күнделік жазып отырмаған, оның бар жазғанын күнделікке жиғанда бір дәптер де толмайды. Ол тек алдағы жазылар дүниесінің жобасын ғана айтып қысқа сөздермен тізіп отырған. Бұл тұрғыдан, ХІХ ғасырда өмір сүрген орыс жазушысы Д.Григоровичтің болашақ шығармасына қажетті штрихтар мен детальдарды қысқа ғана етіп қойын кітапшасына тізіп отыруы сияқты ұқсастықты байқауға болады. Дәлел келтірсек, «Сондай - ақ қойын дәптер жүргізу жайын да қабыл көрмедік.Әлдеқалай естіген сөз үзгі,ойға оралған келте суреттер мен жекелеген толғамдарды тіркеп жазып отыруды да құнттамадық. Мұның бәрі бар нәрсе, бірталай қаламгер қажетіне жұмсап, пайдаға асырып жүрген нәрсе.Әлдебір өмірлік деректерді,әсіресе,бұрын-соңғы тарихқа қатысты оқиғалардың мезгілі мен мәнісін белгілеп қойған теріс емес.Мен бұл жағын да оншалық ескермедім, өйткені әуел бастан бай кітапханам болды,өзіме қажетті тарихи деректердің барлығы да қол созым жерде тұр,алам да пайлалана берем».[5;287-б].

«Мен» романында «Алтын дәптерге» түскен сызбалары, олардың қаншалықты орындалғаны, әр жылда жазылған есебі сөз болады.«Мен» романы жазушының балалық шағынан бастап айтатын ғұмырбаяндық дүние емес, қаламгер туындларының ғұмырына арналған, олардың дүниеге келуі, жария болуындағы кездескен қиындықтарды жазуға назар аударған. Жалпы, жазушының қай шығармасының қандай жағдайда өмірге келгендігін, оқырманға жол тартқанға дейінгі өткерген қуаныш-сүйініштерін дәйектейтін туынды. Әр шығармасына кіріспес бұрын, Жаратқан иесіне сиынып, сәтті қадам, толымды туынды тілейді.

Жазушының әр сөзінен терең мағына іздейміз. Әрбір әңгімесінен ел құлағын елең еткізетін жақсы жаңалық күтеміз. Мұхтар Мағауиннің қанатты жетіп артылады.

Жазушының сөз өнеріне деген адалдығы, жазушылықты ғана басты ұстаным еткендігі, күнделікті өмірдің күйбеңінен қаламының киесін жоғары қойып, төбесіне көтере қастер тұтқандығы өзге жазушыларды да таңдандырады.

Мәселен, осы романда «Көк мұнардың» эпилогын жазып жатқан күні өзі ардақ тұтып, сыйлап жүретін жалғыз қайын ағасы көлік апатынан қазаға ұшырағанда жазушының бір жарым айға үзілгенін, ал «Аласапыранның» екінші кітабын жазып жатқанда, қаламгерлік жұмысындағы ең қарқынды, ең жемісті жылдарында әлі алпыс жасқа да толмаған анасының тосыннан өмірден өтіп, әлі аяқталып үлгермеген романының қырық екі күнге тоқтап қалғандығын жазады. Оқыстан келген өлімге ғана емес, о дүниелік болған жанның артын күтіп, көңіл айта келген ағайынын, жұртын жайғауға жұмсаған асыл уақытына, жазудан амалсыз қол үзуге тура келген кезеңдеріне қынжылады.

Қорыта келе, «Мен» романы осымен аяқталды деп ойлайсыз ба? Жоқ! «Меннің» заңды жалғасы тарихи танымы жоғары, дәйекті және дәлелді жазылған «Ұлтсыздану ұраны», «Ғаламат апат шындығы», «Қазақсыз Қазақстан», «Қан төгілді!», «Жер қазактікі!», «Жармақ», тағы басқа туындылар. Осы шығармалардың барлығында да автордың мені «мен мұңдалап» тұр. Тіпті оның кезінде әр түрлі басылымдарда жарық көрген «Қол қоя салып едім» сияқты мақаласын немесе «Подонок», «Бесінші түлік» секілді әңгімелерін оқысаңыз да ойыңызға «Мен» келеді. Қаламгердің «Естеліктер» кітабында да барлық образдар «Мен» арқылы ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
2. Мағауин М. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. – Алматы:
3. Мағауин М. Мен. Ғұмырбаяндық хамса. – Алматы, 1998, - 590 б.
4. Ақыш Н.Б. Қазақ мемуарлық романы. Алматы, 2009, - 38 б.
5. Лермонтовская энциклопедия, М., 1981 г.
6. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы. – Алматы. ҚазМемҚызПУ, 2012

МАҚПАЛ МЫСА ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШЫ

Серікбек Нұрғұзар

БББ: «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауым.профессор Көшекова А.А.

Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университеті

Түйіндеме:Поэзияны әдетте заңғар Алатаудың сұлу сымбатына, арынды ақ бұлақтардың күміс сылдырына балап жатамыз. Бәлкім, оның табиғатпен туыстығынан, мәңгі мөлдір, мәңгі жас, қайратты мінезінен болар. Қазіргі кезде неге теңесек те лайық. Бірақ қанша желпіне айтқанмен қазіргі поэзияның қадірі – нақтылық, айқындылық, ашық дауыс емес пе?! Бұл орайда поэзиямыздың қазіргі тынысын мақтан ете аламыз. Поэзиямыз ақындарға да, өзіне лайықты боялауға да кенде қалып жатқан жоқ. Қазақ жырларындағы ең құнды, ең өзекті проблемала деп екі нәрсені атар едік. Олар – поэзиядағы халықтық рух пен азаматтық әуен, дауыс. Осы екі мәселе әр жылдарда проблема ретінде де әр қырынан қойылып, әрі негізгі күретамыр арнаға айналып отырған. Әсіресе, өнердегі халықтық дәстүр сипаты күшті. Қазіргі поэзиямызда өз үні бар, беделді ақындардың өлеңінде осы ерекшелік басым. Мақпал Мыса жырларындағы ұлттық нақыш туралы кішкене болса да өз ойымызды білдіруге талпынғандағы

мақсатымыз – тек поэзия ғана емес, жалпы өнер атаулының өміршең екенін тағы бір мәрте ойға салу. Ол бояу Мақпал Мыса өлеңдерінде шама-шарқынша өз реңкімен көрініп жүр.

Тірек сөздер: Мақпал, ұлттық, нақыш, шығарма, поэзия, Жетісу.

NATIONAL STYLE OF MAKPAL MYSA SONGS

Abstract: Poetry is usually associated with the beautiful splendor of the blue Alatau, the silvery murmur of white springs. Probably because of his kinship with nature, eternally transparent, eternally young and energetic character. Why do we deserve to be compared now? But no matter how much you say, the value of modern poetry is clarity, clarity, open voice, isn't it?! At the same time, we can be proud of the current spirit of our poetry. Our poetry is not limited to poets and painters. We would call two things the most valuable and topical problem in Kazakh songs. They are the folk spirit and civic melody, the voice in poetry. These two issues have been raised as a problem in different years and have become the main artery. The nature of folk traditions in art is especially strong. This feature prevails in the poems of authoritative poets, who have their own voice in modern poetry. When we try to express our opinion about the national style in Makpal Mysa's songs, our goal is to remind once again that not only poetry, but art in general is viable. This color is reflected in the poems of Makpal Mysa.

Key words: Makpal, national, pattern, composition, poetry, Zhetisu

«Поэзия, менімен егіз бе едің?» деп поэзияны мейлінше жырлаған қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев, талай қазақтың санасына нұр сеуіп, жүрегіне жол тартқан. Ақынның жүректен шыққан жырлары жүрекке жетіп, қазақ даласында қаншама ақындардың келуіне себепші болып отыр. Солардың бірі Хантәңірінің етегінде, жерлесі Мұқағали жырымен сусындап өскен ақын М.Мыса кішкентайынан өлеңге жақын болып өскен. Алдындағы ақ парағы мен қолындағы қаламын ұстап, көрген-білгенін көңіліне түйіп, жүрегінен өткізіп, жазып қалдыру басты ұстанымы деп білген. Ана сүті, әке қаны арқылы бойына дарыған сөз өнерін тиімді пайдалана отырып, ой-толғамдарын жинақтап, Абай жаққан сәулемен жазған өлеңдері қаншама. Осы орайда «Аспантаудың көктемі» атты өлеңінде:

Сайран кеткен көңілден, сауық кеткен,
Өткіншілеу бір жауын жауып кеткен,
Асқарымнан жүргенде арман сұрап,
Аспантаудан бір көктем ауып кеткен.

Шашақан шақта шашуын аспан қырдан,
Жанарымды жасыны жасқандырған,
Күзгі ырғақтың жүргенде жетегінде,
Біздің жақтың көктемі асқан қырдан.

Толқынында шалқыған шағала едік,
Жанарыңнан жас болып тамар едік,
Аспантаудың көктемі қайда тарттың.
Тірлік біткен барады саған еріп.

Соонау...

Көктің бұлғаған орамалы,
Көз ұшында сағым боп оралады.
Аспантаудан барады көктем ауып,

Арман ұшып барады одан әрі...- деп, туған жеріне деген сағынышын, кимастықты ағынан жарылып айтады.

Туған жерге, елге деген сағыныш әрине барлық ақындардың өлеңдерінен табылатыны хақ. Бірақ М.Мыса ақынның өлеңіндегі сағыныш мүлдем бөлек, өлеңдерін оқи отырып, ақынмен бірге жан дүниені тебіренеді, сағынады, көңілің бірге құлазиды да шаттанады да.

Сәулет өнері ескерткіштерінен таңдап алынған әлемнің жеті кереметі бар екені баршамызға мәлім. Осы әлемнің жеті кереметін Жетісудың жеті кереметімен салыстырып, оларды көкке жеткізе отырып, Жетісудың ештеңеге айырбастамас жерлерін көз алдымызға келтіреді.

Хантәңірінің, көкке шаншылап тұрған [1:76-б.], - деп өзінің туып өскен, Хантәңірінің баурайында өскен М.Мыса Жетісу жерлерінің керемет жерлерін асқақтата сөз етеді, мақтанады, жырына арқау етеді. Ия, ақын сияқты Жетісу жерін сөз етсек, таңға дейін баяндай беруге болады. Шынымен де ақын айтқандай, әлемнің жеті кереметін шет елден іздемей ақ, өзіміздің Жетісу өңірінің тамаша табиғаты, кереметі барын біріміз білсек, біріміз білмейміз.

Халықтың тарихы, тағдыры, көңіл-күйі, қуанышы мен қайғысы әр кезде осы өнерде бой көрсеткен. Ақын өлеңінде елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рухты дәріптеу көзделеді. Ұлттық болмысты жас ұрпаққа сезіндіру, үлгі ету мақсатын негізге алады. Достығы жарасқан, өнерді серік еткен, жауыздықпен алысқан, шапағатты шуағын шашқан, Тәңірі тектес ер елдің өнегелі ұрпағы күллі қазақ жұрты екенін ақын зор мақтанышпен жырлайды. Арғымағы ауыздықпен су ішкен, елін, жерін қорғауда қалғымаған батырларымыздың бейнесін, олардың мінезі, батырлығы, намысқойлығын тартымды, ойлы, орамды тілмен жырға қосады. Ақын сан ғасырлық тарихы бар, қасиетті батыр елдің ұрпағымын деп өзін өлеңге қосады. Тәуелсіздікті дәріптеп, жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу М.Мыса шығармаларының негізгі арқауы. Ақын тарих бетін парактап, сан қилы қиыншылық кезеңнен өткен қазағымыздың еркіндік алып, тәуелсіз ел атанғанын мақтан етеді. Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз орта ғасырлардың өзінде өлмес мұралар жасады. Сол мұралардан, халық ауыз әдебиетінің нәрімен сусындамаған бірде-бір ақын, бірде-бір жазушы жоқ.

М.Мыса – жылт еткен жақсылықты қалт жібермей, шығармасына арқау еткен ақындардың бірі. Қазіргі таңда, қоғамдағы қазақ қызы ұлттық болмысқа сай парасаттылығымен, білімділігімен, ақылдылығымен сыпайылығымен, инабаттылығымен ғана алда болуы керек. Бұл қоғам талабы.

Арманның да аңсауы болатынын, оның да «аз», «көп» - деген қалыпты өлшеммен өлшенетінін ақын сезген. Осындай нәзік те, шебер сезім арқылы өрілген өлең жолдарын оқи отырып, еріксіз аңсау мен арманның жетегіне жол тартасың. Мұңлы бола тұра мұңсыз, талайы – арман, сөйте тұра арманнан ада аңсауға қарай бет аласың. Ақынның өзіндік қолтаңбасы өзіндік дүние танымының ерекшелігі дегеніміз де осы болар.

Мақпал жырларын аялап жазатын ақын. Қазақ қызының бойындағы биязылық та, қайсарлық та, сезімталдық та «өлеңдерін бұрымындай өрген» қылықты қыздың өрнекті ой ұшқындары «Өлеңім өзіме тарт» деген поэтикалық қағиданың айғағындай. Шабытына шырай тұнып, мұңының өзі нұрға бөленеді. Махандардың сарқыты Мұхандардың шекпен жапқан қасиетті өнерін жаңғырта зерлеген, «Қара өлеңнен мойнына тұмар таққан» Мақпал этнотанымдық бейнелерді табиғи таза қалпында боямасыз ұсынады. Ауыз әдебиетінің қайнарынан құймақұлақ қарттардың тізесінде отырып сусындаған ақын қыздың қаламының ұшына қазақы түйсік, танымнан туған шабыттың «Шалқұйрығын таң асыруын», «Ақ түтегі түтілген

түбіттей» асу бермес «Қордай асуының» ашуын, «Найзағайға қамшы болып өрілуін», «Бал қаймағын бақыттың шайқауын», «Үркердің үркіп қашуын» бейнелегенде ақын тіліне образды сөздердің оңтайымен орала кетуі реминисценциялық құбылыс десек те, тың, ұлттық бояуы қанық соны поэтикалық кестелер. «Ақ самал», «мөлдір шық», «ақ сағым», «ақ дүние», «ерке күн», «ақ сезім», «аппақ өлең», «мақпал түн» сияқты тұрақты эпитет-айқындауларды, теңеу, баламаларды жаңа бір қырынан алып, жаңғырта, жарқырату - Мақпал қаламына тән сипат. Қыз сезімін, бұла қылығын, нәзіктігін, назын өзіне тән өзгеше реңкпен беретін - «гүл тұлымы», «кұса түні», «үміттің үр көйлегі», «үр сезімі» «нұрлы мұңы» - ілкі кездесер айшықтар. «Елік көңілінің сәт сайын елеңдеуі» де қыз ғұмырдың бойына қандай жарасымды. Әдебиеттегі «қыз-келіншектер шығармашылығы» деген құрғақтау тіркес теориялық анықтамаға айналып, ғылыми айналымға да түсіп үлгерді. «Бұрымымнан сипап өтіп бара жатқан, мамырдан соң мамырлаған маусымда» «Іленің гүл толқынын ілестіріп», «Қарашығы қара өлеңге толған қыздың» өмірді өлеңмен бейнелеудегі өзгеше өрнегін бұл тар ұғымның аясынан іздеу қиянат болар еді.

Мақпал туған жер киесімен, табиғатпен де риясыз сырласады. «Аспантаудың көктемі» - сәуір сәттердің, мамыркөңіл-көктемнің сағынышы. «Саздар ұшқан сағымнан қаздар ұшқан» күз - «жаныңның күй тартатын шерлі мұңы». Ақын жырларында пейзаждық суреттеуден гөрі ақжарма көңіл күй ауаны, психопоэтикалық лиризм басым. Бұл ақындық қиял мен сезімнің суреткерліктен гөрі сыршылдыққа бейімдігінен. Шынайы сезім мен ой-парасат үндестігі де көркемдік шеберлік өлшеміннің бірі. Хантәңірінің ақын қызы туған ел, туған жерге жыр арнаса Мұқандарша төкпелейді.

Шабытын сыйлар шақтар ма,
Ағарып атқан ақ таңда,
Айналып кеткен мақтанға,
О менің туған Мекенім,
Бақсызды бөлер бақтарға.
Мен саған ертең жетемін,
Ақ қар ма,
Әлде ақпан ба?
Жанымда лаулар от едің,
Тұманның суын татқанға.
Ойларға шомып кетемін,
Қайнарға бара жатқанда.

Мақпал қазіргі бәзбір тереңге бойлаймын деп талпынған бәзбір жас ақындардай ойды күнгіртетіп сөз ойнатуға әуес емес. Айтары айқын, таңғы шықтай таза, сөзбен салған суреті көркем, әсерлі. «Қуатты ойдан бас құрап, ...шыққан сөз» (Абай) көкейге қонымды. «Арай ғұмыр»-аң аруы ақбөкенмен сырласқан, психологиялық параллелизммен өрілген, динамикалы жыр.

Ағарған артымызда таңдар қалып,
Кеңдікті сен де,
Мен де армандадық.

Еркіндікті аңсаған жүйріктерді,
Қыспаққа алмаса екен жалған – жарық!

Кемпірбай ақынның «кеудесінен ұшқан көк ала үйректің» магиялық киесі Мақпал жырларында: «Кеудедегі көгілдір құс» болып қанат қаққан.

Поэзияны пір тұтқан ақын қызымыздың ұлылардың ұлағатты мектебінен мейірі қанып сусындағанын, үндестігін өлеңмен өрген өрнектерінен «Ілиястың Ақсуынан», «Жыр Құлагерінен» аңғармау мүмкін емес.

Жетісу жеті жаһұт жанымдағы,

Күні арай, түні тылсым, таңы керім!- деген жолдарды оқығанда «Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ» Құлагер қасыңа кеп қасынысып тұрғандай.

Жүрегімнің айнасын шаң басқанда,

Орамалым осы өлең бетін сүртер,- деп «Жанды сөз» арқылы поэзиядағы азаматтық үнін танытқан Ілиястың жырына:

Жанымның жанарының жасын сүртер,

Бұлттары шәйі орамал секілденген-деп аялы сезімін құндақтап, Жетісудың жыр дүлділіне «Жетісуда гүл тұлымы желбіреп, дүбірге дүбірлетіп қосылатын, Құлагердің бір құлыны!-екенін шабыттана толғайды.

«Менің мұңым түсінгенге нұрлы мұң»-дейді Мұқағали мұңын Хан Тәңірінің мұзарттарынан іздеген Аспантаудың ақын қызы.

Ағасы сені іздедік таң атқаннан,

Асқарлардан, апайтөс алаптардан,

Мұқағали дегенің-

Муза еліне

Қанат байлап самғаған қанатты арман,- болса, «Жырларының көзіне арай тұнған» Мақпалдың:

Жаз да келіп,

Осы елге күзде келіп,

Ізіңізден ізгілік іздеп едік.

Махаңдардың сарқыты сіз болғанда,

Мұқандардың сарқыты біз бе дедік-деуі де заңдылық. Мұқағалидың «жайрап жатқан» жапырақтары Мақпалдың алдында «Көздің жасын солқ-солқ етіп тия алмай» жылап жатыр. Дәстүр аясындағы жаңашылдық дегеніміздің өзі озық үлгіге жарқырата жаңаша мазмұн үстеу ғой.

Өзен суы, тау-тасы, тал-тоғайы, жас-кәрісі жарыса Мұқағали жырларын жатқа оқитын өлкенің өрені Мұқағали –Музадан, басын таудан алатын бұлақтардай, шабыт алса қуана қол соғу керек. Ақын ағасы Серік Ақсұңқарұлы «Мақпал- ақын. Мұқағалидың кіндігі түскен топырақтан тағы бір ақын келді»-деп, сүйінші сұраса сұрағандай, өйткені,- «Бір-біріне ұқсамайды. Бірінің айтқанын бірі айтпайтын ақындар!»

Шумағы мен ырғағының тамырына қан жүгірген жолдар ақынның жүрек соғысын, дем - тынысын танытып, оқырманмен ой бөлісіп сыр шертеседі. Асқақ арман, ұшқыр қиял, көңіл толқыны шабыт көрігінде шындалып, шұғылалы жыр туғызады.

Әсерлі, әдемі жолдарды оқығанда жан сарайың ашылып сала береді. Ондай өлең тәптіштеп түсіндіруді қажет етпейді де. Мақпалдың «қыз бұрымындай ғұмырлы жырларында» сыр мен сөздің үндесуі қос өрім бұрымның ұшындағы шолпының сылдырындай жүректі шым еткізеді. Ақындарды ойлы ақын, сезімнің ақыны деп те түстеп, жіктеп қарайтынымыз да бар ғой, дегенмен Мақпалдың «наурыздың ақша қарындай» лирикасындағы ой ұшқындары көктем көңіл ауанымен астасып жатады.

«Сапар саздары», «Түн ғазалдары» цикліді өлеңдерінде де жалаң дидактикаға бой алдырмайды, ақыл айтпайды, егіліп пессимизмге салынбайды, асқақтап оптимизмге құлаш сермемейді, табиғат пен болмыс құбылыстарынан сыр аңдап, жарастықты, үйлесімді, жасампаздықты, сиқыр сезімдерді тебіреніспен жырына

арқау етеді. Мақпалдың жұқана жинағы «Аспантаудың көктемнен» қай өлеңін алмаңыз дүние мен болмысты, сезім сырларын бейнелеуде ұлттық мінез бен ұлттық бояу қанықтығы поэтикалық пайымдауынан айқын аңдалады. Сондықтан, аққу арманды, талантты, қанатты, «шабысына шабылып бұлақ ерген», «құс біткеннің бәріне ғашық» ару ақын жырына «қанаттылардың бәрі ғашық».

Адамның адамгершілігі туралы және қоршаған орта жөнінде өзіндік көзқарастарын ақын осылай өзекті өрнектей білген.

Ана тілінің адам тәрбиелеудегі өлшеусіз құны мен бағасын ақындардың қай-қайсысы да суреттеуге тырысқан. Ана тілі – ұлттық тәрбиенің алтын дінгегі. Осы бір киелі ұғым ақын Ерғазы шығармаларынан да үлкен орын алады. Тілсіз тірліктің мәні жоқ. Жүсіп Баласағұндың мына бір сөзі әр адамды еріксіз толғандырады. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі-тіл, бірі-ділің жүректегі» - дейді. [2] Тіліміз туралы тебіренген ғұламалар мен ақын-жазушылар ізін басқан жас ақын М.Мыса шығармаларын бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп өссе, онда келешегіміздің көкжиегі одан сайын кеңі түсері сөзсіз. Өлеңді өмірлік нәсібіне айналдырған ақынның қай өлеңін алсақ, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміз туралы тебірене жырлайды.

Ақын шығармалары бірден оқырманға ой сала отырып, ары қарай оқуға жетелейді. Адамның жүрек түкпіріндегі терең ойды сөз өнерінің құдіретімен жеткізе білген нәзік жанды сыршыл ақынды қазақ поэзиясының ғана емес, халықтық тәрбие бастауының қайнар көзі деп білемін.

М.Мыса өлеңдерін шын ықыласпен оқысаңыз, ақынмен бірге күйзелесіз, күйінесіз, қуанасыз, тіпті жалғыздықты сезінесіз, сүйесіз, бар адамзатқа, болашаққа жарқын көзқараспен қарайсыз, әділдікті ұғынасыз. Ақын жанын түсіну үшін адамзатқа үлкен адамгершілік қажет.

Әрбір ақын өз заманының куәгері, оның өлеңдері жүрегінің сыртқы айнасы. Сондықтан да М.Мыса табиғатына тартып туған ақынның асқар таудай биіктігі, Хантәңіріндей асқақтығы, Қайнарлысындай қарапайымдылығы, тарихы тұнған қасирет қасиетті Қарқарадай кеңдігі, Шалкөдедей шалқыма көңілі сүйсінтпей қоймайды. М.Мыса – қасиетті қазақтың қара өлеңіне арымен, қанымен, жанымен берілген ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оспанұлы Ж. Жалғыз жүрек сан сауал. Алматы, Асаба, 2012, 76б
2. <http://aais.kz/?p=1308&lang=kk>

А.АЛТАЙДЫҢ ШАҒЫН ПРОЗАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ

П.Қ. Юсуп, А.Н. Юсуп

П.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
П.ғ.м., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Түйіндеме: Мақалада қазіргі қазақ прозасында өзіндік стилі, тақырып таңдауы мен ой еркіндігімен ерекшеленетін жазушы Асқар Алтайдың ауыл тақырыбына жазылған әңгімелеріндегі көтерілген қоғамдық мәселелер, адам тағдыры, жаратылыс құпиялары мен табиғат тылсымдары туралы саралау жасалған.

Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде қазақ прозасында өмір, өлім, махаббат т.б. сияқты мәңгілік тақырыптармен бірге қазақ дүниетанымы мен өмірлік қалыбының негізі саналатын «ауыл» тақырыбы да әр қырынан суреттеу нысанына айналды.

Кеңестік қоғамдағы социалистік реализм шеңберінен аспай, идеологиялық таным аясында ғана көтерілген ауыл мәселелері бүгінгі қаламгерлер шығармаларында ақиқат өмірдің шын бет-бейнесін көрсету арқылы айшықтала түсті.

Мақалада А.Алтайдың ауыл тақырыбына жазылған әңгімелеріндегі адам мен табиғат арасындағы байланыс, экология мәселелері мен оның қасіретті зардаптары, урбанизацияның қазақ қоғамына тигізген әсері жан-жақты талданып, бүгінгі қоғамдық ой-пікірлер туғызған авторлық идея мен шығармашылық концептілер айқындалады.

Қазіргі қазақ прозасындағы әдеби бағыт пен тақырып ауқымының кеңеюіне жан-жақты еңбек етіп жүрген А.Алтайдың шығармашылық лабораториясының ерекшелігі мен жазушының стильдік өзгешелігі қарастырылады. Мақалада жазушы әңгімелеріндегі мифтік сарын, символ-бейнелердің философиялық астары мен суреткер шешімінің ерекшеліктері талданады.

Тірек сөздер: әңгіме, ауыл тақырыбы, роман, повесть, ішкі монолог, урбанизация, стильдік қолданыстар, топонимдік атау, символдық образ, бөрі символы, архитип, жазушылық шеберлік.

VILLAGE THEME IN THE STORIES OF A.ALTAI

Abstract: In this article discern social and human problems in the inclement world, to search wonder secrets of earth in the stories of popular prosaic Askar Altai. He stand out with his unique style, unique themes and with spare thought in modern Kazakh literature.

Upon an our independent Kazakh prose refilled with the themes like a love, peace, death and odium. Altai's poetry poet freedom of the native people, the rebellious spirit of striving for freedom. And all of this themes discern in the village prose.

Village prose in the Kazakh literature written by many writers. They wrote about global problems of ordinary people and this prose more interesting than a prose witch applies for the social realism times.

The article analyzed connection among people and nature, problems of ecology, influence of urbanization to Kazakh social, determinate author's idea.

So this article discern features in Altai's works, which written by a writer who was industrious and donated for us very rich works.

Key words: speaker, storyteller, roman, village prose, figure, phoenix, epos, village theme, urbanization, poet-improviser, zhyr, zhoktau, crying, dedication.

Ұлы сөз өнері – өнер түрлерінің ішінде әрқашанда өзінің сезім еркіндігімен, жан тазалығы және рухани бостандығымен ерекшеленетін ерекше өнер түрі. Сол себепті әлеуметтік қоғам тудырған мәңгілік тақырыптар суреткерлердің эстетикалық ойлауы арқылы құдіретті сөз өнерінің күшімен оқырман жүрегінен жол табады. Өткен ғасырдың аяғы мен жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында қазақ прозасында асқақ ойымен, халқын сүйген ұлтжандылығымен, еркін кескін-келбетімен өзінің әңгімелерін дүниеге әкелген сондай талантты жазушыларымыздың бірі – А.Алтай. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері А.Алтай – прозаның кіші жанрларынан бастап, ірі романдарға («Алтайдың алқызыл модағайы», «Қайың сауған, Ел ауған») дейін түрен тартқан қаламгер. Оның кез келген шығармасы соңғы жылдары қазақ прозасына қосылған өзіндік бет-бейнесі бар іргелі шығарма ретінде танылып, жаңа заманға қосылған жаңа леп ретінде кеңінен таралуда. Осыған орай, жазушының әрбір әңгімесі, әрбір повесі мен романы

егеменді елдің өткені мен бүгінін, келешегін сипаттап, кең құлаш жая жазуы заңды құбылыс болып табылады.

Тәуелсіздік алғалы бері соңғы жылдарда қазақ прозасында көркем әңгіменің де тақырып ауқымы кеңейіп, еркін ойлы туындылар дүниеге келе бастады. Әдеби сыншы А.Нұрқатов сипаттағандай, «әңгіме өмір шындығын қамту жағынан роман мен повестен әлдеқайда тараң, тапшы екендігі әркімге де аян. Бірақ өмір шындығына суреткерлік қатынас, геройдың тағдыры мен талайын, іс-әрекетін, рухани келбетін реалистік тұрғыда суреттеу принципі және жалпы көркемдік әдіс жағынан алғанда романшыға да, әңгімеші-новеллашыға да қойылатын талап бірегей. Роман, повесть, тіпті эпопея сияқты, әңгіме де өмір шындығын, сезімдер мен идеялардың шындығын бейнелеуге тиіс. Роман немесе повесть жазушыдан өмір шындығын кең арналы, терең ағысты, күрделі күйінде бейнелеуді талап ететін болса, ал әңгіме де одан асқан ұсталық, творчестволық тапқырлық етеді. Бұл – жанр табиғатын түсіне білу, оның ерекшеліктерін баурай алу қажет деген сөз...» [1, 76 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, А.Алтайдың ауыл тақырыбына жазған әңгімелері тәуелсіздіктің айқын хабаршысындай заманының келелі мәселелерін қозғаумен ерекшеленеді.

А.Алтай – ұсақ әңгіме жанрының шебері. Бұған жазушының «Казино» жинағына (2008) енген әңгімелері толық дәлел бола алады. Жинаққа енген әрбір әңгіме тақырыптық аясы жағынан да, мән-мазмұны жағынан да, айтылған ой, идеясы жағынан да бір-біріне ұқсамайды. Оқыс оқиғалар. Күтпеген жағдайлар. Қиын тағдырлар. Аталған дүниелердің бәрі оқырман жанына қозғау салып, селт еткізеді. Қазіргі қалыптасқан әлеуметтік прозаның ірі өкілі ретінде жазушының кез келген әңгімесінен ұлт тағдыры көрініс беріп, қаламгер оның өткеніне қынжылып, болашағына алаңдайды. Мысалы, жазушы «Оба жылғы сауық» әңгімесінде Мұңлық ананың ауылдағы екі баласын (Сағыныш пен Қуаныш) қойға салып, үміт күткен үлкен ұлы Күнтуғанды бес жыл бойы қалада оқытып, қартайғанда осы баламның қызығын көремін деген ойының астаң-кестең болғандығын кейіпкердің жан тебіренісі, ішкі монологі арқылы тамаша суреттеп берген. Жастайынан жетімдік пен жесірліктің тақсыретін көрген ана құдайдан сұрап алған, өзінен кейінгі бауырлары мен қарындасына қамқор аға, сүйеніш болады деген тұңғышынан қартайған шағында қаталдық пен қатыгездікті, жатбауырлықты көрем деп ойламаса керек. Ауылдың қозы бағып, құлын ұстап өскен қара домалақ баласы бір заматта жұмыс пен өзінің амандық-саулығын ғана ойлайтын тас қаланың жатбауыр, елі мен жұртынан безген безбүйрек тұрғынына айналып шыға келеді. Ол үшін бір қаптан бір, саптан шыққан қандас бауырлары, шығарма тілімен айтар болсақ, «шұлғау-шұлыққа» айналған. Елінен, ағайын-туғанынан безген баласының тағдыры үшін алаңдаған сорлы ананың жан күйзелісі мына диалог арқылы беріледі:

- Тантыпсың! – деді Мұңлық түсіне түгі теуіп. – Тегің жаман ғой... жоңғар шатыс, тексіз! Біле білсең – ана ауылдағы үлкен інің Сағыныш пен мына інің Қуанышты қойға салып, сенің бес жылдық оқуыңның бодауына бердік. Елді ойлайды, елге пайдасы тиеді ғой дедік... Сондағы сыйқың осы болса, барыңнан жоғың... шіріген жұмыртқа.

- Шіріген жұмыртқа екенім рас... Сендер мені Алматыда-ақ шіріген жұмыртқа қатарына қойғансыңдар. Сондықтан да мен шірікпін, сасықпын... Елді ойламас есірік те мен... Менен аулақ жүріңдер. Аулақ!

- Аулақ болса – аулақ... Ағайын-туғаның емес, ел-жұртың да күні ертең сенен іргесін аулақ салады. Жалғыз қаласың әлі. Жалғыз. О, сорлы, бейшара!... – Мұңлық: «сорлы, ұлым!» деген сөзді айта алмады [2, 314б.]. Осы көріністен-ақ жазушы қазіргі урбанизацияның жастарға қалай әсер ете бастағанын, қазақы ұғымға тән

туыстық, бауырластық секілді түсініктердің асыл жібі үзіліп, қазіргі ақпараттану мен технология заманында жұтылып бара жатқандығынан хабар береді. Санасын байлық пен есепшілдік жайлаған кейбір жастардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарды сыйлау мен құрметтеудің ада болып, мәңгүрттене бастағандығына куә боламыз. «Ай, заман-ай! Өткінші жаңбырдай өлшемді өмір-ай!» деген Мұңлық ананың жан айқайы еріксіз өткен өмірін еске түсіріп, сол кезде көрген зорлық-зомбылықтары мен сұмдықтарына қайтып әкеледі. Ұлының осы сорлы күйін көргенше, отыз жетінші жылы репрессияға ұшыраған әкесімен бірге жоғалып не 45 жылғы жалғыз өзі тірі қалып, бүтіндей бір ауылды жайпаған обадан ажал құшпағанына өкінеді. Оған сол кездегі көрген сұмдықтары қазіргі жағдаймен салыстырғанда, ойыншық тәрізді болып көрінеді. Себебі өлімді де, өмірді де жеңген ана үшін ұлттық дүниетанымы астан-кестен болып, ұлттық құндылықтары аяққа тапталып, санасын жайлаған қу тіршілікті ғана ойлаған ұрпақ тағдыры қорқынышты болып көрінеді. Өткенін сараптаған Мұңлық ана үшін оба жайлаған бір ауылды қырған дәрігерлер мен әскерилерден гөрі тұла бойы тұңғышының жасаған мына іс-әрекеті сұмдық көрінді. Ананың осы ойы былай беріледі: «...күн көтеріле құммен ауылдың отандай орнын жым-жылас жапқан дәрігерлер мен әскерилер құм үстіне тағы да аппақ сұйық затты әлдеқандай нәрсемен бүркіп-бүркіп тайып отырады. Олар кетісімен алыстан аңысын аңдаған Мұңлық та оралады. Ауыл жоқ, адам да, мал да. Орнында тау-тау құм. Ауада ашқылтым келген ауыр иіс бар... Төңірек құлаққа ұрған танадай... Ол ауылға – Көкжидеге қарай бұрылды. Ауылға келсе ұлан-асыр той. Жеңіс тойы... Көкжидегі Қанымгүл шешесі бар жайға қанығып, шашын жұла қайғы көтерді. Қайран мұның нағашы атасы мен апасы құм ішінде аруланбай қалды. Соғыстың біткенін, жеңістің келгенін білмей дүниеден өтті. Бірақ Оба жылғы ол сауық пен Барыс жылғы бұл сауықтың арасы жер мен көктей... Иә, жер мен көктей...» [2, 318б.]. Бұл көріністерден біз бүкіл халық болып бес жыл бойы бел жазбай тынбай жұмыс істеп, ұлы Жеңіс үшін қуанған халық қуанышы мен тіршіліктің күйбің тіршілігі үшін жаны мен арын сатқан жандардың қуанышының арасының жер мен көктей екендігіне еш шүбә келтірмейміз. Өзінің мәпелеп, аялап өсірген ұлы «үмітті жалғар, сенімді бекітер Ер емес, ақ сүтін ақтар Ұл емес» екендігіне көзі жетеді. «Сыз қабақ, сұрғылт жүз, жылан көзді» баласы «емшектес езулісі ғана емес, жатырлас жандасы Қуанышты да» қайырылмас, суық сөзбен шығарып салады.

Күнтуған ұлының үзілді-кесілді үкімі іспеттес айтылған ызғарлы сөздерінен шошынған байғұс ана оба жылы отқа неге күйіп кетпедім екен деп өкінеді. Жазушының бұл әңгімесінен біз қазіргі әлеуметтік қоғамда орнаған жайттардың куәсі боламыз. Бұрынғы жайлауы кең, уыздай ұйып отырған қазақ ауылында тұрмыстың нашарлығы, ауыл жастары үшін жұмыстың жоқтығы, қазіргі қазақ ауылын жайлаған жайсыздық автордың үзік-үзік баяндаулары арқылы көрініс беріп отырады. Ал даладан қалаға қашқан жастардың кескін-келбеті жаңағыдай. Сондықтан жазушы өзінің әңгімесінде қазақ ауылының қазіргі сүреңсіз жағдайын ананың ішкі монологі арқылы тамаша береді: «сауық қуайын деді ме, Күнтуғандай ұлы «келіңіз» дегесін келмеді ме?! Қазіргі жастардай ауылды жерде екі қолын алдына салып, «жынды су» жұтып алса жерден шыққан жіктей ұрынарға қара таппай сандалып, көрші-қолаңның мал-мүлкін үптеумен айдалып, әйтпесе ашудан ақыл таппай атылып қалмасын деп, Сәнім сіңлісінен туған тете бөлелерін ерткен еді... Сауық құрайын деді ме? Қала мен қырды жайлаған жұмыссыздықтан шарасыз күй кешіп, мінез-құлқы да шамшылдана бұзылып, жастай үйленген жарының алдында именшектеп, анда-санда арақ іше күйректік танытып қап жүрген Қуанышы бір күні болмаса бір күні булығып барып буынып қалмасын деп, күштеп келтірген

еді. Ол да өзім деп келген еді...». Бұл көрініс – ХХ ғасыр басындағы қазақ аулының шынайы кескін-келбеті, тұрмыс-тіршілігі. Әңгімені оқып отырғанда, көз алдымызға «сары қымыз сапырып тамсандырған ауыл» емес, баяғыда азып-тозған, жұмыссыздық пен жайсыздық жайлаған реңсіз, күйсіз ауыл елестейді. Автор оны ұлттық трагедия ретінде суреттейді. Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесі де осы сарындас. Негізгі тақырыбы желтоқсан оқиғасын сипаттаумен байланысты болса да, тағы да урбанизация салдары, яғни ауылдан қалаға қуылған қазақ ұлтының наласы мен шері, мұңы мен зары толық беріледі. Ауылдан келген қазақ баласы үшін қалаға пропискаға отырудың өзі сор екен. Қала «шанышқы мен қасық ұстай алмайтын» ауыл қазағын қабылдағысы жоқ. Әңгіме жолға шыққан Арқат есімді жігіттің басынан кешкен жеке драмасына құрылғанымен, бүтіндей бір ұлттың басындағы әлеуметтік жағдайды суреттейді. Мұнда автор кейіпкер жан-дүниесін, психологиялық жай-күйін ішкі монолог арқылы тамаша көрсетеді: «сол бір желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да тыныш, құдағи да тыныш, алматыға іргелес ауылына паспортқа отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдай тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары армиядан «запастағы офицер» болып оралған мұны қарыды ғой. Ақыры астана түгілі, маңындағы өзі тұрған ауылға да тұрақтай алмады...» [2, 301 б].

Ауыл тақырыбына жазылған әңгімелер – бұл тек қазақы ауыл тақырыбына жазылған, қарапайым ауыл адамының күнделікті тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеті жөнінде жазылған шығармалар топтамасы ғана емес, сонымен бірге қазіргі әлеуметтік қоғамда қалыптасқан жағдайларды сипаттайтын, соған жазушының көзқарасын, ой-пікірін білдіретін шығармалар жинағы. Сол себепті әр жазушы аталған тақырыпты игеру барысында өзінің тың стильдік қолданыстарымен, өзіндік тұжырымдамасымен ерекшеленуге тырысады. Мұндай ұқсастықтар барлық ауыл тақырыбына әңгіме жазған қаламгерлердің шығармашылығында үрдіс тапқан. Олардың шығармаларында қозғалатын әлеуметтік-адамгершілік, психологиялық, философиялық мәселелер бір-бірімен өте ұқсас. Сондықтан олар өз шығармаларында түрлі жайттардың кесірінен адам психикасының өзгеруін, ұлттық құндылықтардың жоғалуын, кіндік қаны тамған туған жерінің топырағынан жырақтаудың мұң-зарын, кейіпкердің жалғыздық сарынын, қайғы-қасіретін, ауылды жайлаған экологиялық апат салдарын, яғни табиғаттан алыстаған адамзат баласының жай-күйін нанымды да нақты бейнелейді. Осы мәселелерді сипаттауда бар күш-жігерлерін жұмсап, шабыттарын қағаз бетіне төгеді.

Қазақ әдебиетіндегі ауыл тақырыбына жазылған әңгімелерде кеңінен қамтылған проблемалардың бірі – экология мәселесі, яғни адам мен табиғаттың арақатынасы. Қаламгерлер аталған тақырыпта жазылған әңгімелерінде қарапайым ауыл адамының тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісін ғана суреттеп қоймай, сонымен бірге адам мен табиғаттың рухани байланысын, олардың табиғат-анаға бұрыннан етене жақын екендігін, қиын жағдайда табиғат-ананың оларға пана болатындығын бейнелейді. Осыған орай кейбір жазушылардың көркемдік әлемі, рухани болмысы өзінің шыққан өңірімен байланысты болып келеді және де шығармада сол жайт көрініс береді. Мәселен, кезінде өз шығармаларында Х.Есенжанов Жайық өңірін, Ә.Нүрпейісов Арал маңы қазақтарын, О.Бөкеев Алтай ауылын тамаша бейнелеп берген. Мұндай әдемі үрдіс А.Алтай шығармашылығында да кездеседі. Бұл туралы Т.Тәшен былай дейді: «Асқардың балдәурен бала кезі Алтайдың көкорай ну орманының ішінде өтті. Жылқышының баласы болған соң, әрине, қалың жылқының ішінде өсті. Табиғатқа етене жақын болды. Кейін жазушы болып қалыптасқан кездегі «Даладағы құтпандар», «Қызыл бөлтірік» повестерінің тууы немесе көбіне

жылқы мен аю жайында жазатыны да сондықтан. Соның бәрі, негізінен, сол бала кезден құлағына сіңген, көзімен көріп, көңіліне тоқыған жайлары. Жалпы, кез келген толысқан немесе қолына жаңадан қалам алып жүрген жас жазушы болсын, бәрінің шығармасы балалық кезінен бастау алып отырады десек, қателесе қоймаспыз. Бала кездегі ерекше әсерлері ерте ме, кеш пе, кез келген жазушы шығармасында міндетті түрде көрініс табады. Адамға рухани жағынан дем беріп, үнемі сусындатып отыратын туған жердің тұмса табиғаты, ондағы аңғал ауыл адамдары екені дау туғызбаса керек». Балғын балалық шағы табиғаты келісті, ару Алтайдың аясында өткен қаламгер өз шығармаларында оның сұлулығын «Шың» әңгімесінде әсем пейзаждық суреттер арқылы былай береді: «Қырық күн шілдеде қары кететін Салқын Шоқы биігінің сарыкүйігі тілін үйіріп, тісін майлаған тарлан оскырынып қойды. Шекелей қараған жануар алыстағы Құзғындының қарлы шыңдарының тасасында нарттана толқыған күн табынан жанарын тайдырды. Өзі тұрған Салқын Шоқы биігінен бақан бойы төмен, бүйірдегі қызыл Қасқыр шыңына көзін төңкерді... Шың дауысы шығар күнмен алысқа кетті. Бөрі даусы бесік жырындай, сәби уіліндей бәсеңсімей-ақ қойды. Бар дүние бұлықси тербелді. Тарланның тұяқ жүрекшесі астында Алтай күреңшесі толқыды» [2, 200б].

Алтайдың таза, пәк сұлу табиғаты өзінің шынайы сұлулығымен, тылсым дүниесімен, құпия сырымен, әрбір топонимдік атауға арқау болған аңыз әңгімесімен оқырманын тамсандырады. Сонымен қатар бұл әңгімесінде автор қазаққа етене жақын, бүкіл түркі жұртына таныс, қасиетті тотем саналатын бөрі бейнесін арқау етіп алған. Бұдан біз қаламгердің басқа да жас прозаиктердің (Ә.Балқыбектің «Көкбөрісі») шығармаларында суреттелген мифологиялық ұғымдармен үндестігін байқаймыз. Ол аңыз әңгіме арқылы былай өріледі: «Ақиық Алтайда бөрі атаулыға бөрідей тиген заман болыпты. Көк бөрілердей Бас бөрілер де, Қызыл бөрілердей Жас бөрілер де төніп келген ажалдан аман құтыла алмапты. Хас бөрілер қарап болған... Сол шақта Қызыл Қасқыр күр-күр еткен Күршім өзенін кесіп өтіп, Салқын шоқының қапталындағы иықтас шың басына жетіп, дәл бүгінгі таң алдындағыдай ұзақ ұлуына басқан-ды. Көкте күн қорғалап, төменде ай сорғалап, қызыл бөрімен бірге бөрі атаулыны жоқтады-ай! Аң да болса, арлан бөрі азалы күй кешіп, өз қандастарын жоқтай-жоқтай шың басында тас боп қатқан...» [2, 200 б].

Жазушы бөрі символы арқылы бүкіл бір халқытың басындағы ауыр жағдайды баяндағандай. «Бағзы бөрінің бұла зары бүгінде үзілген емес» дей келе, Қызыл Қасқырдың - бабаларымыздың бөрі тотеміне табынған заманнан бері келе жатқан алтай өңіріндегі шың атауы болғандығын, алайда 30-жылдары қызыл белсенділердің ұр да жық саясатының арқасында «Қызыл Сораң» аталғандығын, алпысыншы жылдары С.Мұқановтың құрметіне «Сәбит шыңы» болып өзгертілгендігін айтады. Б.Қанарбаева өз зерттеуінде бөрі атауының «географиялық ландшафтыға байланысты Алтай өлкесіне кеңінен таралғандығын», «бөрі бейнесінің көшпенді түркі тайпаларының басын біріктірудің саяси идеологиялық сипаты болғандығын» айтады [3, 546]. Осындай өршілдік рух А.Алтай әңгімесінде айқын байқалады. А.Алтай қазақ халқының бөрідей біртұтас болуын, бірінің мұңын бірі түсініп, бірінің зарын бірі ұғып, бірінің қуанышымен бірі бөлісіп, бірлік пен берекеде өмір сүруін тілегендей.

Алтайдың әңгімелерінде адамзат баласының табиғатпен үндестігі аттың мифологиялық бейнесі арқылы да беріледі. «Кентавр» әңгімесінде құлын-сәби Басарыс бейнесі арқылы адам мен табиғаттың рухани байланысын керемет суреттеген. Жазушының бұл әңгімесі туралы Г.Балтабаева өз зерттеуінде былай деп ой қорытады: «...біздер үшін кентавр - Еуропаның көзіндегі номад, көшпенділер символы. Қазақтың архитипі. Тарпаң - жабайы жылқы, бағзыда Тұран

жолбарысымен қоса жоғалған. Тарпаңдар - Солтүстік Американың кең далаларында болған мустангтер. Автордың лирикалық кейіпкері ол таңғажайып болмыстағы кентаврға айналды. Асқар Алтайдың «Кентавр» атты әңгімесіндегі көркем антропологиялық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, атап айтарымыз құлын сәбидің дүниеге келуін шығармасына арқау еткен. Фантастикалық антропологияға жататын шағын әңгіменің ауқымына автор экологиялық, ата-аналық жауапкершілік, өмірге құштарлық т.б. бірнеше проблеманы сыйдыра білген [4]. А.Алтайдың әңгімесі құлын-сәбидің дүниеге келуімен басталады. «...Ол жылдам қимылдап, Моншақ іш көйлегінің қан мен шырышқа былғанған етегін түрді. Көкірегі мен белі кәдімгі жылқы тұрқылы құлынның кеудесімен тұтаса біткен нәрестеге қол салды. Сәби тәні түкті құлын мүшемен тұтасып кеткен жылбысқының алдыңғы сирақтарынан сескенбей ұстады. Ішінен «Бісміллә!» деп күбірлеп те жіберді... талқысып кеткен Моншақ болса бір бүлк етті де, қимылсыз қалды. «жарымды жұтты-ау..!» деген суық ой сумаң етіп өткен Аққазыны әлдебір салқын сезім кернеп, құлын тұрпатты сәбиді жұлқа тартты. Сол сәт жарғақ құлақты құлын-сәби жарқ ете қалды» [2,111 б.]. Дүниеге осылай келген құлын-сәби қазақ мифтеріндегідей тез өсіп, жетіледі. «Анасының суын тасысып, әкесінің отынын жарысып, ошақтың отын жағысады. Әкесі бөтенсімей бауырына басып, анасы жерінбей жанына алған, көкесі жатсынбай иығына шығарған». Осындай еркін де ерікті өсіп келе жатқан құлын-сәби бейнесі арқылы автор адамзат баласын алыстап кеткен табиғат-Анамен жақындастырады. Семей мен Өскеменнің қазақ-орысы аралас дәрігерлерінің «құрсағында сәби емес, аң мен құсқа ұқсас құбыжық жатыр» деген сөзіне мойымай, ерімен бірге Тарбағатай тауының түкпіріне барып босанады. Жазушының осы бейнені шығармасына арқау етіп алуы – бір жағынан адам үшін өз баласының қандай болсын артық екендігі, қымбат екендігі, екінші жағынан ауыл баласы үшін жылқы малы – қасиетті мал, әрі – ішер ас, әрі көлік. «Ер қанаты – ат» деп түсінген халқымыз қашан да жылқы малын қадір тұтқан. Осы бір ғана құлын-сәби бейнесі арқылы автор ата-ананың балаға деген махаббатын беріп қоймайды, сонымен бірге қазақ халқына апат әкелген Семей полигонының зардабын, оның бүтіндей бір ұлтқа әкелген залалын жұмбақтап жеткізеді. Бұдан біздің байқағанымыз, әңгіменің өзегі трагедияға құрылған. Адам баласының табиғаттың заңдылығына бағынбай, өз қолымен өзіне-өзі жасап алған қасіретті трагедиясы. Қаламгер осы қасіреттің зардабын, аталған экологиялық апаттың залалын әлі де тартып келе жатқандығымыз жайлы әңгімесі арқылы жеткізеді. Мұның өзі суреткердің өз әңгімесінде туған өңіріндегі бір эпизод арқылы ғана тарихи масштабтағы үдерісті тануға әкелгендігін байқаймыз. Автордың ауылға деген балалық махаббаты өз өлкесінің өткені мен бүгінін, қайғысы мен қуанышын, жеңілісі мен жетістігін әңгімесіне өзек етуге жетелеген. Осындай оның бойындағы адамгершілік парыз «құлын-сәбидің» символдық образын жасауға мәжбүр еткен. Әлемде болып жатқан бүгінгі небір құбылыстар мен жағдайларға, түрлі табиғи апаттар мен залалдарға кінәлі – тек адамзат баласы екендігін айтқысы келгендей. Оған адамға деген іңкәр сезімі жетелеген, ақыры адамдардың қолынан мерт болған құлын-сәби бейнесі куә.

Бұдан шығатын қорытынды – болашақ ұрпаққа табиғат әлемін сақтап қалғымыз келсе, ең алдымен, адамзат өзін-өзі өзгертуі қажет. Р.Муталиеваның сөзімен айтар болсақ, «Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады... Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік – шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. А.Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін

танытатындай тақырыпта жазады. Оның «Көзгендет» әңгімесінің өзі жазушылық шеберлік туралы көп мәлімет береді. Біреуге істеген қастандығың, тіпті аңға жасаған қатыгездігің өз алдыңнан шығады деген философиялық түйін жасайды. Әңгіме соңы адамға ой салады» [5]. Қосып-алары жоқ, әділ баға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрқатов А. Идея және образ. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. -322б.
2. Т.Тәшен. Табиғат туындыгері. «Адырна» ұлттық-этнографиялық порталы. 8 ақпан, 2013жыл.
3. Алтай А. Казино. – Алматы. Атамұра. 2008.-368 бет
4. Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Алматы: Жазушы, 2004.-288 бет.
5. Р.Муталиева. Алтай балладасы. «Ана тілі» газеті, 16-20мамыр, 2013 жыл.

А.ҚЫРАУБАЕВА ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ

Г.Асқарова - ф.ғ.к., аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
gauhar_8@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада қазақ әдебиет тарихының көне түркілік дәуірін зерттеуші белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Алма Қыраубаеваның XIII-XIV ғасырлардағы түркітөктес халықтар әдебиетінің хрестоматиясы, аударма-нәзира дәстүрімен жазылған, сол кезең әдебиетінің ерекшелігін аңғартатын мұра ретінде танылған «Рабғузи қиссаларын» зерттеудегі ой-қорытындылары кеңінен сөз болады.

Тірек сөздер: Қисса, жазба жәдігерліктер, нәзира дәстүрі, шығыстық дастандар, Алтын Орда әдебиеті.

Abstract: Alma Kyraubaeva, a well-known scientist and teacher of the ancient Turkic era in the history of Kazakh literature, discusses the results of the study of "Rabguz stories" written in the XIII-XIV centuries.

Key word. Stories, written artifacts, nazir traditions, oriental epics, literature of the Golden Horde.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы, даму тарихында түркі өркениеті және ислам діні мәдениеті ықпалдаса, тоғыса дамыған кезеңдер ұлттық сөз өнерінің кейінгі дамуына берік негіз болды. Көрнекті ғалым, көреген ұстаз Б.Кенжебаев қазақ әдебиетіміздің түпкі тамырларына барлау жасап, қазақ әдебиетінің тарихын Орхон-Енесей жазбаларынан бастау керек деген ғылыми концепция ұсынады. Осы концепцияны жүзеге асыру мақсатында өзінің дарынды шәкірттері Х.Сүйіншәлиевке, М.Жолдасбековке, М.Мағауинге, А.Қыраубаеваға т.б. ғылыми тақырыптар ұсынып және оған өзі жетекшілік жасады. Осылай 1960 жылдардың басында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің жаңа мектебі қалыптасты. Нәтижесінде республикамыздың бүкіл жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің тарихын құрайтын кезеңдері «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы» «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» курстары Б.Кенжебаев шәкірттерінің зерттеу еңбектері негізінде күні бүгінге дейін үздіксіз оқытылып келеді.

Проф. Б.Кенжебаевтың дарынды шәкірттерінің бірі – ғалым, ұстаз Қыраубаева Алма Мүтәліпқызының ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге қосқан үлесі мен ғылыми жаңалығы ұлттық сөз өнері мұраларын оқыту мен зерттеу саласындағы маңыздылығымен ерекшеленеді. 1970-1973 ж.ж. Алма Қыраубаева қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқып, 1974 жылы қазақ әдебиетінің ежелгі нұсқалары бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғалым зерттеу еңбегінің басты нысаны етіп – Алтын Орда мемлекеті туғызған аударма-нәзира әдебиетін, Насыреддин Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») ескерткішін, тыңтума әдебиет «Махаббатнаманы» алған болатын. Осы зерттеу еңбегі 1988 жылы «Мектеп» баспасынан «Ғасырлар мұрасы» деген атпен жарық көрді.

«Ғасырлар мұрасы» еңбегінде ғалым XIII-XIV ғ.ғ. түркі тектес халықтар әдебиеті ескерткіштерінің тууына әсер еткен тарихи-әлеуметтік жағдайларды қарастыра отырып, бұл дәуірдегі әдеби жәдігерліктерді жанрлық ерекшелігіне сәйкес екіге бөліп қарастырады. **Біріншісі**, аударма-нәзиралық шығармалар: Құтыптың «Хұсырау уа Шырыны», Сәйф Сараидың «Гүлстан»; Әлидің «Қисса Жүсібі»; Рабғузидың «Қисас-и Рабғузи» кітабы, Махмуд бин Әлидің «Неһдж ул Фарадис» («Жұмаққа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жұмжұма» кітабы т.б. **Екіншісі** – тыңтума әдебиет: «Махаббатнама». Бұл шығармалардың жанрлық, тақырыптық, көркемдік сипаттарын аша отырып, қазақ әдебиетіндегі алар орны туралы өзіндік тың қорытынды жасайды. Осы еңбектің «Аударма-нәзира әдебиет» тарауын ғалым Рабғузи қиссаларын талдуға арнаған. Бұл тараудың басты құндылығы – қиссалардың әдеби талдануы, қиссалардың мазмұнына қарай үш топқа бөлініп жүйеленуі. Олар:

1) табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер;

2) дінді таратушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер, аңыз-қиссалар;

3) ауыз әдебиеті үлгілері, өлеңдер.

Рабғузи қиссаларындағы пайғамбарлар туралы аңыздарды талдай отырып, мынандай қорытындыға келеді: «... пайғамбарлар туралы әңгімелердің негізгі өзегі, бастапқы түп-тамыры Құранда жатса да, қиссаларға халықтың фантазиясымен кеңейіп, өрбіген, ауызша таралған аңыздары, ауыз әдебиетінің үлгілері көп енген. Діни дидактика, мораль, этика мәселелері қызғылықты оқиғалармен өріліп жазылған» [1, 28].

Рабғузи қиссаларында айтылатын «Нұх», «Лұқпан Хакім», «Салых», «Аһыл Хайрун», «Зұлқарнайын», «Жүсіп-Зылиха» туралы қиссалардың шығыс әдебиетінде, азақ ауыз әдебиетінде, көп кездесетін аңыз, әңгіме-хикаялардың көбі Әсіресе, қазақ ауыз әдебиетінде кеңінен тараған Лұқман Хакім қиссасы

«Қисас-ул әнбия» ескерткішінің алғаш қазақ әдебиетінде зерттеген Б.Кенжебаев болатын. Ол «Қисса әнбияның» 1914 жылы Қазанда Каримовтар баспасынан шыққан көлемі үлкен 479 беттен тұратын нұсқасын пайдаланған. Кітапқа енген 79 қисса-хикая, ерте-аңыз, әңгіме, өлең, оқиғаларды тақырып-мазмұнына, идея-мәніне қарай үш үлкен топқа жіктейді:

1) жер, көк, адамзат, хайуанат, жын-шайтан, періште, адамзат, от, топырақ жайлы түсінік, мақала, әңгіме.

2) әулие-әнбиелер, пайғамбарлар, солардың өмірбаядары, іс-әрекеттері туралы қиссалар, ерте-аңыз, аңыздар.

3) шежіре – мұсылман жыл есебінің, һыжжыраның алғашқы он жыл ішінде болған тарихи оқиғалар, календарь – жыл, ай, күн аттары, назым өлеңдер [2].

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында ежелгі мұраларын зерттеуді тұңғыш бастаушы, қалыптастырушы ғалым Б.Кенжебаев «Қисас-ул анбийя» жинағындағы әрбір туындыға көркем шығарма ретінде баға береді. Ғалымның бұл пікірі Рабғузи қиссаларының кеңінен зерттелуіне негіз болды.

XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық, ағартушылық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-ул анбийя» атты шығармасы елеулі орын алады. Рабат оғыз атты елді мекенде өмір сүрген әділ қазы Насреддин ибн Бурханеддин Рабғузи деген ғұлама ғалымның бұл шығармасы барлық түркі халықтарына ортақ орта ғасырлық маңызды туынды болып саналады. Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмір тарихы, дін-шариғаты баяндалған кітап «Қисас-ул анбийя» деп аталады. Бұл «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген ұғымды береді. Орта ғасырда «Қисас-ул анбийяның» бір-біріне ұқсай бермейтін, әр тілдегі бірнеше нұсқалары пайда болды. Бұл нұсқалардың көптігі оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек «Қисас-ул анбийяның» араб, парсы, түркі тағы басқа тілдердегі өзгеріске түскен нұсқаларын бір жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырады. Бұл туралы Рабғузи: «Тоқбуға бек «пайғамбарлар туралы хикаялар бірі араб тілінде, бірі парсы тілінде, яғни әр түрлі дәрежеде. Бірінің басы, бірінің аяғы жоқ, ал бірі толық болса, бірі толық емес. Солардың бәрін бір ізге түсіріп, өзімізге түсінікті тілде жазып берсеңіз деді. Мен құрметті бектің өтінішін қабыл алдым, жанымды құдайға тапсырып, тәңірден медет тілеп, осы кітапты бастадым. Алдыма қойған мақсатым – пайғамбарлар тарихы. Алла мейірімділердің мейірімдісі» [3], – деп шығармасын бастаған екен.

Рабғузи Адам ата, Хауа ана, әулие-әнбиелер туралы бұрын-соңды айтылып-жазылып келген аңыздарды жинақтап, осылардың негізінде «Пайғамбарлар туралы әңгімелерді» көне түркі тілінде асқан шеберлікпен жазып шығады. Рабғузи аталған еңбегін қалыптасқан дәстүр бойынша Тоқбуға бекке сыйға тартады. Бұл хижраның 709-710 жылдары еді, ал біздің жыл санауымыз бойынша 1310 жыл. Аталған еңбек осы кезеңнен бастап бүкіл түркі халықтарының рухани қазынасына айналады. Ғұлама Рабғузи осы еңбегін жазу барысында үлкен табысқа қол жеткізетініне кәміл сенген, сондықтан болар шығармасын «Қисас-и Рабғузи» деп атаған. Ол өз еңбегінің кіріспесінде: «Бұл кітапты іздеген әрбір адам, оны жылдам табатындай болсын және ол туралы естіген әрбір адам, сол сәтте-ақ кітаптың не жайында екенін ұғына алатындай болсын» [3], - деп жазған.

Рабғузи еңбегінің әр түрлі аталуына байланысты ғалым А.Қыраубаева: «Рабғузи өз кітабына «Қисас-и Рабғузи» деп ат қойдым деп айқын жазған. Бұл сөз кейінгі баспалардың бәрінде дерлік бар. Солай бола тұрса да, біресе, «Қисас Рабғузи», біресе «Қисас-ұл анбия Рабғузи», көбіне «Қисас-ұл анбия» болып басылған. Шын аты «Рабғузи қиссалары» болса, кейін «Пайғамбарлар қиссалары» деп өзгертілген. Бұл сөз жоқ, діндарлардың кітаптың діни жағын баса айту мақсатынан туған» [1] деп өзіндік қорытынды жасайды.

Рабғузи «Қисас-ул анбийяның» бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқасын бір жүйеге түсіру мақсатында араб, парсы нұсқаларын тікелей дереккөз ретінде пайдаланған. Сондықтан өзі пайдаланған авторлардың есімдерін, кейде кітаптардың аттарын көрсетіп отырады. Мәселен, Әбу Исхақ Нишабури («Қисас-ул анбийя»), Шейх Хүсейн Басар, Абдолла бин Аббас (Мұхаммед пайғамбардың Аббас атты бабасының баласы, ғалым, 688-ж.қ.б.), Вахб ибн Мунаббих Мужаһид (араб тарихшысы, 823-ж.қ.б. және танымал хадис жинаушы болған) т.б. Рабғузи үшін қолда бар дереккөздерді таңдап, іріктеу ісі ең басты, әрі өте қиын болған. Рабғузидің өз атынан жазылған кіріспесіне сүйене отырып, бұл еңбекті сол кездегі құнды деректерге негізделіп жазылған бірегей жинақ деп санауымызға болады. Тағы бір ерекшелігі «Рабғузи

қиссалары» қай жағынан алсақ та, Құран түсіндірмелеріне негізделіп құрылған және Құран үзінділеріне тікелей жасалған сілтемелер мен діни сарында жазылған едәуір материалдар біріктірілген. «Қисас-и Рабғузи» ислам дінінің негіздерін халық ұғымына жақын, түсінікті тілмен ұғындырды. Рабғузи қиссаны өмірінің соңғы кезінде жазған. Ғалымдардың пікірінше, Рабғузидің қайтыс болған жылы өзінің «Қисас-ул анбийя» деп аталатын еңбегін аяқтаған 710/1310 жылға тура келеді.

А.Қыраубаева Рабғузи қиссаларының ішінен шығыста кең тараған сюжет «Жүсіп-Зылиха» қиссасына айрықша көңіл бөлген. «Жүсіп-Зылиха» дастаны – қазақ халқының арасына да кеңінен тараған туынды. Бұл дастан туралы Ү.Субханбердина: «Дүниежүзілік аңызға айналып кеткен «Жүсіп-Зылиханың» сюжеті біздің жыл санауымыздан бұрын ІҮ ғасырда болған екен. Сонан бері мыңдаған жылдар жасап, шығыс ақындарының көбінің шығармаларына өзек болып келе жатқан дастанда сұлулық пен махаббат оқиғаға желі болып тартылған. «Жүсіп-Зылиха» дастанының ауыз әдебиеті нұсқаларымен қатар, жазба варианттары сирия, араб, парсы әдебиетінде, түрік тілдес халықтардың әдебиетінде өте көп жайылған» [4, 15 б.], - деп жазса ғалым А.Қыраубаева Фирдоусидің «Иусуф вэ Зулайха», Әлидің «Қисса-и Иусуф», Дүрбектің «Иусуф вэ Зулайха», Жәмидің, Шайяд Хамзаның «Иусуф вэ Зулайха» туындыларын атай отырып, бұл аңыздың шығыс әдебиетінде, жалпы әлем әдебиетінде қаншалықты кең қанат жайғанын, танымал болғанын білдіреді дейді.

«Рабғузи қиссаларын» әдеби мұра ретінде зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізген А.Қыраубаева Рабғузи қиссаларынан «Жүсіп-Зылиха», «Үш түрлі топырақ», «Адам ата мен Хауа ана», «Нұх қиссасы», «Лұқпан Хакім» т.б. қиссаларды аударып, ол туындылардың маңызын анықтап, Рабғузидің еңбегін Алтын Орда дәуірінде жасалған аса құнды мұра ретінде бағалайды [1, 130-136 б.б.]. Бұл еңбектерінде ғалым Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған (ТНС-71) қолжазбаны, «Қисас-ул анбийяның» 1873 жылы Қазан қаласынан шыққан нұсқасын және 1859 жылы Қазан баспасынан шығарылған басылымдарды қатар пайдаланған. Осы нұсқалардың ішінен 1859 жылы Қазан баспасынан шығарылған нұсқасы толық, жүйелі болғандықтан үзінділерді сол нұсқадан алып, пайдаланған. Рабғузи қиссаның кейбір үзінділері 1967 жылы шыққан «Ертедегі қазақ әдебиеті» хрестоматиясында жарияланды.

Жазба әдебиет үлгілерін ана тілімізге тәржімалау, транскрипциялау, жазба мұрағатты қазақ жұртшылығына таныту мақсатында «Қисас-ул анбийя» ескерткішінен біраз қиссалар аударылып, көпшілігі баспасөз беттерінде, баспаларда жарық көруде. Мәселен, көне түркі ескерткіштері тілінің маманы профессор Б.Сағындықұлы Рабғузидің 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан «Қисас-ул анбийя» кітабынан «Адам ата мен Хауа ана» қиссасын аударып, транскрипциясымен қоса жариялады. Зерттеуші Н.Сағындықов 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан Рабғузидің «Қисас-ул анбийя» кітабынан «Лұқпан Хакім», «Нұх пайғамбар», «Сүлеймен пайғамбар», «Харут пен Марут» және тағы басқа қиссаларды аударып, транскрипциясын жасады. Жазушы Роза Мұқанова 1903 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспасынан монғол-татар тілінде жарық көрген «Қисас-ул анбийяны» қазақ тіліне аударды. Бұл еңбек 2001 жылы «Санат» баспасынан «Рабғузи. Қисса-сұл Әнбийя-и. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссаламға дейін» деген атпен жарық көрді.

Түркі халықтар әдебиетінде Рабғузи қиссаларын аударып, жариялауда қырғыз, өзбек әдебиетшілері де өз үлестерін қосуда. Т.Кунашев, К.Ботояров 1914 жылы Ташкент қаласындағы Хасан Арифжановтың баспасынан шыққан «Қисас-ул анбийя» ескерткішін көне түркі тілінен қырғыз тіліне аударып, «Пайғамбарлар баяны» деген атпен әрбір пайғамбардың мұғжиза оқиғаларын бөлек-бөлек кітап етіп жариялады. Соның ішінде «Азирети Жүсіп Алейсалам» қиссасы да аударылып, факсимилесі,

транскрипциясы, сөздігімен 1992 жылы Бішкек қаласында кітап болып жарыққа шықты. Бұл – Рабғузи қиссасының қырғыз тіліне бірінші аударылуы. Рабғузи қиссалары 1990, 1991 жылдар аралығында өзбек тілінде Ташкентте «Езувчи» баспасынан «Қисаси Рабғузий» деген атпен жарық көрді. Өзбек ғалымдары 1948 жылы Копенгагенде К.Гренберг жариялаған нұсқасын пайдаланған [5].

Баспа бетінде жарық көрген Рабғузи қиссаларының мазмұнына, көлеміне нұқсан келуімен қатар, тілі де көп өзгеріске ұшыраған кездері болды. Бұл жөнінде ғалым А.Қыраубаева «Рабғузи қиссаларының» кейде мазмұны, әсіресе, тілі өзгеріске ұшыраған. Кейбір қиссалар қысқартылып, татаршаланып кеткен. Мысалы, «Қисса Жүсіп» 1856, 1873 жылғы басылымдарында 78 беттей болса, 1899, 1910 жылдары 71, 1915 жылы тіпті – қысқартылып кеткен 58 бет болып қалған» дейді [1, 56]. Рабғузи қиссаларының бұлайша өзгеріске ұшырауының мынадай себептері бар:

• *Қиссаға тәржімашылар тарапынан жасалған арнайы түзетулер.* Яғни, бұлар қиссаға өз тарапынан арнайы түзетулер мен өзгертулер енгізген. Мәселен, 1903 жылы жарық көрген «Қисса-сүл-әнбийяи» аудармасының алғы сөзінде: «Қисас-сүл-әнбийяи» кітабы Рабғузи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне мұражағат (сүйеніп) бұл екі тәпсірде бол-мағанын Нәзһәтүлмүжәліс кітабынан алып, «Һарот уа Марут» қиссасын және «Дәуіт ғалайһи уәссәләм қиссасымен» монғол тілінен тәржімалап, мүмкіндігімізше толықтыруға еңбек еттік» [6] деп жазуы көп нәрсені аңғартады;

Ислам дінінің әсерін күшейту мақсатымен, шарифат заңдары мен әдет-ғұрыптарын баса көрсету үшін қиссаларға кітап бастырушылар тарапынан жасалған түзетулер. Бұл жөнінде ғалымның «Мұндай рухтағы кітап бастырушылар шығармалардың діни жағын баса көрсетуге, реті келсе жалпы мазмұнын да өздерінше бұра тартуға тырысты» деген пікірін еске тұтқан абзал [1, 56 б.]. Кеңестік дәуірде Рабғузи қиссаларының тілі жағынан өзгеріске ұшырап, көлемі қысқартылып, түрлі бұрмалаушылықтарды басынан кешіріп қана қоймай, жалпы мазмұнына да нұқсан келген.

Алма Қыраубаева «Рабғузи қиссаларын» бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әр түрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра ретінде бағалады. Ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымында қисса-дастан жанрының зерттелу еңбегі кеңейе келе «Шығыстық қисса-дастандар» атты монографияға ұласты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. - 163 б.
2. Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1973. – 170 б.
3. Al-Rabghuzi. Qisas al-Anbiua. – E.J.Brill. Leiden-New-York-Koln, 1995. - 27.
4. Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. - Алматы: Жазушы, 1976. - 472 б.
5. Насыр ед-дин ибн Бурхан ед-дин Рабғузий. Кысас ул-анбия. Пайгамбарлар баяны (үчүнчү китеп). Азирети Жусуп алейсалам. - Бишкек, 1992. - 176 б.
6. Рабғузи. Қисса-сүл-әнбийя-й. Адам Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. – Алматы: Санат, 2001.- 4 б.
7. Әбдір Күлзия Әмірәліқызы. Алма Қыраубаеваның әдеби зерттеушілік мұрасы: фил.ғыл.канд.дис.автореф.... – Алматы, 2010, - 28 б.

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІНІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Хамза М.Т.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ 8-сынып оқушысы;

Мұсаева М.Т.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі;

Үсенбаева С.С.,

Шымкент қаласы, «Мирас» университетінің аға оқытушы, ф.ғ.к.

Түйіндеме: Бұл жұмыста «Тынымбай Нұрмағанбетов шығармаларындағы балалар бейнесінің берілу ерекшелігі» тақырыбы зерттелді.

Балалар әдебиетінде өзіндік орны бар жазушының бірі – Тынымбай Нұрмағанбетовтің туындыларындағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және соғытан кейінгі халық басындағы ауыртпашылықтары балалар бейнесі арқылы көрініс тапқан шығармалары талданған.

Зерттеуде шығармалардағы кейіпкерлердің сөйлеу тілі ерекшеліктері арқылы образдардың ашылу шеберлігі берілген.

Сонымен қатар, тақырыпты ашуда жазушының «Көзәйнек», «Дарияның арғы беті», «Он төрт жасар жігіт», «Анасын сағынған бала», «Қарлығаштың ұясы», «Қош бол, ата!» повесттер мен әңгімелеріне шолу жасалынды.

Тірек сөздер: «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасының стратегиялары, кейіпкерге хат, сөйлеу тілі, балалар әдебиеті, шығарма тақырыбы,

Аннотация: В данной работе исследуются «Особенности передачи детского образа в произведениях Тынымбая Нурмаганбетова».

В работе анализируется творчество Тынымбая Нурмаганбетова, одного из крупнейших писателей детской литературы, который через образ детей изображает невзгоды Великой Отечественной войны и послевоенный период.

Мастерство писателя заключается в раскрытии образов персонажей через особенности их языка.

В труде также сделан обзор таких произведений писателя, как «Земля отцов», «Очки», Другой берег Дарьи», «Четырнадцатилетний подросток», «Мальчик, который скучает по маме», «Ласточкино гнездо», «До свидания, бабушка!» был проведен обзор повестей и рассказов которые способствуют более углубленному раскрытию темы образов детей.

Ключевые слова: развитие чтения и письма, критическое мышление, стратегия программы, письмо герою, речь, детская литература, тема произведения.

Abstract: This work studies "The features of the delivering the child's image in the works of Tynymbay Nurmagambetov".

This research analyzes the works of the writer Tynymbai Nurmagambetov, one of the most famous writers in children's literature, which reflect the pains of the Great Patriotic War and post-war hard times.

The mastery of the writer is in revealing the characters images by highlighting their language discussed by the authors.

At the same time, an essay of some works of the writer is given. They are: «Glasses», «The other bank of Daria», «A teenager», «The boy who misses his mother», «swallow's nest», «Goodbye, grandpa!». They provide for the better understanding of the war theme. The author discusses the ways of developing the students' abilities, by using the strategy of the program «Development of the reading and writing skills through critical thinking»

Key words: strategies for developing critical thinking and writing skills, letters to the character, language of speech, children's literature, theme of the essay.

Прозашы әрі балалар әдебиетінің белді өкілі Тынымбай Нұрмағамбетов

Халық тілінің құнарлылығын да, әдеби тіл мәдениетін де жете меңгерген жазушының кейіпкерлері өмірде прототипі бар, жанды кейіпкерлер.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың кез-келген әңгімелерін оқи отырып бейнені қалай сомдаған, сыры қайда жатыр деген ойға еріксіз ораласың. Жазушы кейіпкерінің жан дүниесі, болмыс бітімін сыртынан суреттемей-ақ сөйлетіп, ойлантип, қимыл-қозғалысы арқылы толық таныта алатын ерекшелігін байқауға болады.

Тынымбай Нұрмағамбетов балалық шағында балалармен бірге куә болған оқиға іздерімен оқырманын жалықтырмай бірге ертіп жүріп, соғыстың өз ізін салған халықтың басына түскен ауыртпашылықтар кейіпкерлердің іс әрекеттері мен қарым-қатынастарынан анық көрсетіп отырады.

«Он төрт жасар жігіт» атты әңгімесі соғыс кезіндегі ауыл өмірін көзге елестетеді. Бұл шығармада баланың соғысты қалай қабылдағаны және сол соғыстың басқа салған нәубеті арқылы қалай есейгені әсерлі бейнеленген. Әңгіме «ширақ, шымыр жазылған»[1, 247 б.] деген Б. Ыбырайымның пікіріне біз де қосыламыз. Әкесі соғысқа кеткен Қияс балалықты тастап көкесінің орнына тары суарып еңбек етеді. Осы кезеңнен бастап ол есейеді. Өзінен кіші бауыры Сауытқа өзінше қамқорлық жасап аға болады. Күн тас төбеде шақырайып тұрған ыстықта кетпенін иығынан тастамай егіс даласында жүгіріп жүріп ол інісін де ойлайды. Бір ауық ағаштың көлеңкесінде дем алып отырып: «Ары-бері жүріп, ыссылап шаршайтын шығар. Қазір не істеп жатыр екен өзі»[2,108 б.] деп өзіне ас-су әкелетін інісі Сауытты аяйды. Ауру шешесі Төржанды да бір сәт көңілін көтерсем дейді. Қандай жұмыс істесе де, ол әкесіне еліктейді. Іштей өзін-өзі әкесіне ұқсатып содан кәдімгідей күш алып: «Құдай біледі, мен қазір көкемнен айнымаймын. Топырақ тастауым да тіпті аумайтын болар. Бәлкім, сырттан қараған біреу «мынау Қайыпбек емес пе? Сол ғой, бәтір-ау» деп таңырқаған да болар еді» [2,125 б.], – деп бала көңілімен өзіне-өзі риза болып ісіне құлшына кірісуінен, қимылын үдете түсуінен де оның еңбекқорлығын көреміз. Әке орнын жоқтатпауға тырысқандығы психологиялық жағынан шынайы берілген. Құлап қалған көтермені күні бойы жалғыз өзі қайта орнына келтіріп шаршап келе жатқан бала ауыл шетіндегі ойнап жүрген құрбыларын көріп, олардың жанынан өткендегі әрекетін «Қияс иығындағы кетпенін дұрыстап ұстап, өзін аса бір салмақты күйде танытты. Бұрын осындайда балаларға қосыла кетіп, бір ауық ойнап та кететіні бар еді. Бұл жолы олардың жарыса сөйлеп біраз жерге қабаттаса жүргеніне де мән берген жоқ. Қияс өзін дәл осы сәтте әкесіне ұқсатып келе жатты» [2, 129 б.] – деп, жазушының шынайы бейнелегенін көреміз. Бұл жерде қазақтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» немесе «Әкеге қарап ұл өсер» деген даналығы еске түседі. Әкесі оның жанында болмаса да, сабырлығы мен еңбекқорлығы балаға үлгі болып тәрбие бергені байқалады, Қиястың өзін «он төрт жасар жігіт» сезінуі осылайша көз алдымызда өтеді.

Жазушы өз шығармаларында кейіпкердің жан әлемін нәзік сыршылдықпен бейнелеген кейіпкер көңіл-күйінің толқымалы құбылыстарын аса сезімталдықпен аша

білген. Солардың бірі «Анасын сағынған бала» әңгімесі. Осы әңгімені оқи отырып өмірде ана мен бала махаббатынан артық ешнәрсе жоқ екеніне тағы да көз жеткіземіз.

Кішкентай кейіпкер Сержанның анасына деген сағынышын, ыстық ықыласын сезінеміз. Сержан тек бір анасын көру үшін өмір сүретіндей. Осылайша жазушы қоғамда орын алған үлкен әлеуметтік өткір мәселеге назар аударады.

«Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді», - деп В. Г. Белинский айтып кеткендей бұл дүниеде ана махаббатына жететін ешбір дүние жоқ. Жұмақтың кілті ананың табанының астында деген керемет сөзде бос айтылмаған. Ана деген әлемдегі керемет жан болған соң ол жайлы көптеген дана сөздер бар. Кез келген адам үшін анасының орны ерекше. Әсіресе жас бала үшін. Себебі, әрбір балаға еркелететін, ақылын айтатын асыл ана керек. Т. Нұрмағамбетовтың «Анасын сағынған бала» әңгімесімен әрбір сәби бұл дүниеге анасының хош иісін иіскеп қасында болып, бақытты болуы үшін келетіндей ой қалыптастырды. Өйткені бұл жерде басты кейіпкер анасына бару үшін көп үміттенеді анасын сағынады. Әңгімені талдасақ:

«Мама-аа... мама-аа...

Сенсің ғой ең дана-аа...

Мәңгі дос сен ғана-а...

Мама-а, мама-а-а-а...

Жанына келіп:

– Әй , балақай, сенің атың кім? – дегенде барып, бала Есмағамбетке бұрылды.

Бірақ ойыншық шелекке ойыншық күрекпен құм салу ісін доғарған жоқ.

– Атың кім дедім ғой, – деп қайта сұрағанда барып бала ұяң күлімсіреп:

– Сержан, – деді ақырын ғана.

– Кімнің баласысың?

– Күміскүлдің.

– Күміскүл кімнің қызы?

– Балмағамбеттің...» [3,30 б]

Балмағамбет ағасының бір қызының кезінде оқуға түсе алмай, Алматыдағы базар маңында жұмыс істеп, тұрмыс құрып, одан тұрмыс құрған жігітімен қайта ажырасып жүргенін білетін. Сол қыз Күміскүлден осындай бала қалғанын да енді естіп отыр.

Есмағамбет бір-бірін жаңа көрсе де, сүйкімді тілі тәтті бала Сержанды сөзге тартып:

– Сен неге Күміскүлдің баласымын дейсің? Папаңның атын неге айтпайсың? – деген сұрағына баланың күмілжіп қалғанын байқап, әңгімені басқа жақа аударды.

– Футболқаң, қандай аппақ?

– Мамам әкеліп берген, – деді Сержан өз-өзіне қайта келгендей көңілденіп.

– Шортигің де тап-таза ғой.

– Таңертең кидім ғой, – деді бала Есмағамбеттің сұрағына таңырқағандай әрі: «Сол екі арада қалай бүлдіре қоямын» дегендей болып.

– Оны да мамаң әкеліп берді ме? [3,31 б]

– Сен Алматыдан келдің бе?

– Иә, Алматыдан келдім.

– Менің мамам да Алматыда, — деді бала еркінсіп, еркелегендей денесін Есмағамбеттің денесіне тигізіп тұрып.

– Білемін ғой...

– Менің мамамды танысың ба?

– Неге танымаймын... танымын. Мамаң біздің үйде әлденеше рет болды ғой.

«Е, сен менің мамамды білетін болдың ғой» дегендей, баланың көздері күлімдеп тұрып, кішкентай саусақтарымен Есмағамбеттің білегінен ұстады. Шашынан сипады.

Сержан әңгімені анасы жайлы бастады себебі, анасын қатты сағынған еді. Есмағамбетке бойы үйренген соң онымен емін еркін сөйлесті. Бір кезде әңгімені Есмағамбет бастады.

– Алматыға барасың ба? – деді.

Есмағамбет осылай деген кезде, бала «рас айтып тұрсын ба, әлде өтірік пе?» дегендей жалт бұрылып оның көздеріне ұзақ қарады. Сосын сенгендей болып ақырын ғана:

– Барамын-н, – деді де, күрсінді. Баланың күрсінгені соншалық, ауыр болды ма, әлде өзі солай қабылдады ма, Есмағамбет те қатты толқып кетіп, баланы қайта құшақтады.

Бұл жолы оның бетінен әлденеше рет сүйді. Сүйіп болып Сержанның бетіне қараса, баланың екі көзінен жас сорғалап тұр екен.

Өзінің де көмейіне өксік тығылып, толқып, тебіреніп ол жалпақ алақанымен баланың арқасынан қағып отырды да:

– Мен сені Алматыға алып кетемін, – деді сеніммен. Сержан бұл жолы атасының өзін алып кететіндігіне шүбәланған жоқ. Сондықтан ашық-жарқын күйде:

Қашан кетеміз? – деді бірден.

Ертең ауылға барып қайтамын. Арғы күнгі пойызға мінеміз.

Бала жіп-жіңішке саусақтарын кезек бүгіп тұрып:

– Бүгін-н... Сосын ертең-ң... Сосын арғы-ы күн-н... Сонда кетеміз ғой.

– Кетеміз.

Баланың қуаныштан есі шығып, екі беті ерте піскен алмадай алабұртып тұрды. Сосын:

– Мен мамам әкеп берген шалбар мен топлиімді киемін, – деді кенет қиял қанатына мініп алғандай биікке қарап, елеуреп тұрып.

Есмағамбет Сержанды Алматыға алып кетемін дегенің естіп қатты қуанды. Тіпті екі бетті алмадай қызарып кетті. Ол анасын көргісі келгені соншалықты киімін дайындап күн санады.

Есмағамбет Сержанның ата әжесінен баланы Алматыға алып кетсем қайтеді деп сұрағанда олар келіспеді. Бұны естіп Есмағамбет сасып біртүрлі болып қалды. Себебі баланың құлағын көтеріп қойып бармайсың десе ренжіп, көңілі қалып қалатындай болды. Өзін кінәлі сезінетіндей болды. Баланың қуанышын су сепкендей басқасы келмеді. Сержанның тәтті даусын естіген тап бір анасына еркелеп ән айтып жатқандай көрінді. Қасына барып еді бала қысылмады. Еркін сөйлесті. Сержан атасынан қашан кетеміз деп қайта қайта сұрауға қысылды. Атасының «бірге пойызға мініп Алматыға анаңа барамыз» деген күтті. Ол айтпаған соң қатты қынжылып, мұңайды. Жүзі алабұртулы. Өткір көздеріне ыза мен мұң ұялағандай. Бірақ жанарын аудармай, Есмағамбетке тесірейе қараған. Сол қалпында ол: «Ақыры мені ерпедің бе? Берген уәдеңде тұра алмадың ба?» деп тұрғандай еді.

Есмағамбет көлік ішінде балаға қандай сөз айту керек екенін білмей біраз әбігерге түседі. Машина жылжыған сәтте баланың соңынан жүгіріп келе жатқанын, ыза мен мұң ұялаған көздерінде ашуы ұшқындап тұрғандай өткір де, сесті еді. «Кеттің бе? Ақыры мені алдадың ба?» – деген ойы Есмағамбеттің баладан жасқанғанын өзін кінәлі сезінгенін байқауға болады.

Бала бейнесін диалог арқылы тамаша жеткізген жазушы шеберлігі. Тағы бір шығармасынан көруге болады.

Т. Нұрмағанбетовтың «Қарлығаштың ұясы» атты әңгімесіне тоқталайық. Автор «Қарлығаштың ұясы» әңгімесінде жеті жасар Шорманның әже тәрбиесінде өскенін,

ерлі-зайыптылар арасындағы баянсыз махаббаттан туындаған кереғар мәселелер сырын балаға толық ашып айтпаса да, жаны ауырып, жүрегі езілген кездерін құшағына еніп, сағынышын басар анасын аңсаған бала монологы арқылы қарлығаштың балапанымен мұңын бөлісіп, сырын шерткізеді. Шығарма желісі әдеби термин сөзбен айтқанда, психологиялық параллелизм, яғни егіздеу арқылы тамаша шығармашылық қырымен автор оқырманына бала тәрбиесіне бағыт-бағдар берген.

Адамның көңіл-күйі, ой-сезім толқындарының өзгерісін, жан жүйесінің ішкі әлемін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен астастырып, сабақтастырып, тұтас күйінде толғаудан туған көркемдік дәрежесі биік, сапасы жоғары психологиялық егіздеуді ақындардың өлеңдерінен жиі кездестіреміз. Адамның сезім дүниесіндегі өзгерісті суреттеудің бір түрі: адам баласының басында болатын бір құбылысты қатарластырып суреттеу көркемдеуіш құралдар проза жанрында еркін қолданғанын осы шығармадан анық байқауға болады.

«Қарлығаштың ұясы» повесінің басты кейіпкері – жеті жасар Шорман. Өзінің әке-шешесінің кім екенін білмейді. Тек әжесімен Айбаршаның үйіне барып, екі түнегені есінде. Сосын әркімнің аузынан естіп қалса, құлақ түріп тыңдай кетеді.

Әйтеуір өзіне бір жақындығын сезеді.

Әжесін ауру әбден меңдеген соң Шорманды әкесі жақын ағайындарының бірі Қиянбектікіне жіберуді жөн көреді. Қиянбек әйелімен екеуі ғана тұрады. Қиянбектің салып жатқан алты бөлмелі үй салуға жәрдем беруге келді деп қуанышпен қарсы алды. Шорман әлі жеткенше қолғабыс беріп жүреді.

Сағын мен Мұратбек құстың ұясынан жұмыртқа алғысы келгенде Шабаркүлдің үйінің ауызғы бөлмесінде қарлығаш ұя салған деп ескі үйдің кілтін сұрағанда Шорман қарлығаштың ұясынан жұмыртқа алуға қарсы болады. Әжесі айтқан Қарлығаш туралы ертегі арқылы адамдарға көмектескен досы ретінде қорғап қалғысы келеді.

Жаңа үйге қажет болғандықтан, Қиянбек ауыздағы бөлмедегі тіреу ағашты алмақ болды. Тіреудің белағашпен түйісер жеріндегі ұядағы қарлығаштың балапаны әлі қанаттана қойған жоқ-ты.

Соңғы күндері ғана оның шиқ-шиқ еткен әлсіз даусы естіле бастағанын білетін. Шорман тіреуге саты қойып, ұяны ажыратып, қолына алды. Шорман есік алдындағы өреге қарлығаш келіп қонбаған соң, қызылшақа балапан қанаттанғанша мал қорада өсер деп ойлады.

Шорман әжесінің өлегенін айтпағанына үлкендерге реніш білдіреді. Қанаты бекімеген қарлығаштың балапанына келіп өзін жұбатады. Қарлығаштың балапаны аспанға шарлап ұшатын болған кезде Өмір деген мекенге сапар шеге алсаң Ажал деген көлдің арғы бетінде Жүрек деген гүлді таңдайыңа басып әкелуін сұрайды. Сонда әжесі тірілер деген үміті болады.

Қарлығаштың балапаны қанаттанып ұзаққа ұша бастады. Шорман қанатын биік қаққан қарлығашқа барлық мұңын ақтарып бірге жүгіре түседі.

«Сен тіпті ұшқыш екенсің ғой. Мен саған жете алмай келем. Сен менімен бірдей ұш, жарай ма?» Бала ентіге бастады. Сонда да жүгіріп келеді. «Сен менің әжемді тірілтетін дәрі әкелуге дәл қазір барасың ба? Сөйтші. Әжем болмаса қайда барамын? Сен Қарлығаш ханның еліне де соғарсың. Онда қарлығаштардың бәрімен кездесесің. Мүмкін, сенің де шешең сонда жүрген шығар ... Сен маған ренжіген жоқсың ба? Ренжіме. Мен сені құт қардым ғой».

Бала көйлегінің етегін бір қолымен түріп әкеп, тершіген мадайын сүртіп қойды. Балапаннан көз алған жоқ.

«Айтпақшы, сен Айбаршаның үйінің үстінен өтесің. Мен оған өкпелеп жүрмін. Бұл жаққа келмей кетті. Туфлиімнің жыртылғанын айтшы. Көйлегім де тозды. Неге келмейді екен. Өкпелеп жүр деші ... Жо-жоқ, сағынып жүр де. Мен оны шынында

сағындым. Есіттің бе, қарлығашым ... Мен оны түнде түсімде көрдім. Ол да сағынып қалыпты. Ұзақ сүйді. Сонан соң құшақтасып жатыр едік ... Оянып кетсем, жалғыз өзім. Сен, мүмкін, Есенжолды да көрерсің. Оны бәрі де жамандайды. Бәлкім, жақсы адам шығар. Бірақ ол неге мені іздемейді? Мен оның баласымын ғой. Осылай деп әжемнің өзі де айтқан. Айбарша екеуі мені неге тастап кетті. Неге? Екеуіне де айтшы. Сағынып жүр деші. Ең болмаса бір күнге келіп көріп кетсінші. Бір күнге ... » [2,159]. Биіктеп алыстап кеткен қарлығашқа Шорман жүгіріп табанын қырлы тастар тілгеніне қарамаған еді. Қарлығаштың балапанын қайтып көре алған жоқ. Көзін жас жуып кетті.

Енді ол қарлығаштың ұшқан ұясына қайтып келгенін күтіп, ұяны сынып қалмасын деп мұқияттап қойды.

Соғыстан кейінгі халықтың басындағы қиыншылықтар «Ойын» әңгімесіндегі Тобаштың бейнесі арқылы да анық көрініп отырады.

«Үшінші күні Тобаш мектепке бармай қалды. Есесіне әжесі мәсісін қайта киіп, өріске сиыр айдап, қорадан отын, бұлақтан су әкеліп, ұшып-қонып жүр.

Тобаш мектепке бармай қалғанына емес, екі күн әжесінің мәсісін бекер кигеніне өкінеді. Сол мәсіні ел көзіне көрсетпей-ақ, жалаң аяқ жүрген кездерінің абырой-беделімен-ақ тоқтағанда ғой...

Ойлап-ойлап отырып, бармағын тістеді. Енді ғой, балалардың қай-қайсысымен кездесе қалса-ақ: «Ой, анада киген мәсің қайда?» – деуі даусыз. Жай айтып, қойса да жақсы ғой. «Өзіңе жарасушы еді», «Айбат беруші еді!» – деп, ділмарситындарды айтсаңшы» [1,386 б.].

Бұл жерде әсерлілік басым. Өйткені жазушының жасаған кейіпкерінің ойындағы өкінішін оқып отырған адам да көңіліне әсер етпей қоймайды. Ал, осы Тобаштың өкінішін шындыққа ұластырғанын жазушы былайша береді: «...Мектепке бармағанына бесінші күн болғанда бесінші сыныптағы Ожырай деген бала келді. Өзінше жоғары сыныпта оқитынсып, Тобашқа жоғарыдан қарайды. Әжесімен ғана сөйлеседі. Мектеп директорының: «Баласын оқуға жіберсін, болмаса пенсиясын тоқтатып тастаймыз» деген сәлемін ала келіпті. «Ойбай, менің болмашы пінсиямда несі бар екен. Барма деп неғылайын, аяғына бәтеңке кигізісін де, алып кете берсін», – деп әжесі біраз шыр-пыр болды. Ожырайға «Шай іш» деп еді, анау әлдеқандай болып, тізе де бүккен жоқ. Тобаштың әбден іші пысып жүрген кезі болғандықтан, үй сыртында ол Ожыраймен ере шықты. Әншейінде ауыл ішінде де, мектепте де бірге ойнап жүрген баласы болғандықтан, кісімсігенін де көңіліне алмай, Тобаш оған: «Ойнайық», – деп еді, Ожар: – Уақытым жоқ, тағы да бір мәсі кигеннің үйіне баруым керек, – деді.

Сөзі Тобаштың өңменінен өтіп кетті.

– Не дейсің?

– Тағы бір мәсі кигеннің деймін.

– Сосын?

Шешесімен сөйлесіп, директордың сәлемін жеткізуім керек. – Осылай деді де, аяғындағы су жаңа бәтеңкесін көрсеткісі келгендей, қалтасынан қағаз шығарып, еңкейіп, қағазбен аяқтарының шаңын сүртті.

Тобаш ызадан жарылардай. Екеуі үйден ұзап, ойға таман түсті.

– Қайтсаңшы үйіңе, аяғыңда мәсің де жоқ, – деді Ожырай өз-өзінен тиісіп. Дауысында оңбастай кекесін.

– Қайтпасам ше?

– Өзің біл-л, – деді Ожырай тағы да биіктен сөйлеп. – Кәләштің де су жаңа екен... тоздырасың ғой.

– Төбелесесің бе? – деді Тобаш алқынып.

– Нем-ме-не-е? – деді Ожырай бұған таңдана бұрылып.

– Төбелесесің бе? деймін, – деді Тобаш тағы да.

– Үшінші сыныпты бітіре алмай жүріп, бесінші сыныптың оқушысына сөйлейсің ғой өзің.

– Мә саған, бесінші сыныптың баласы, – деп Тобаш Ожырайдың мойнына жармаса кетті. [4,387 б.].

Шығармадан келтірілген үзіндіде мәтіннің оң бойында сөйлеу стилінің өрнегі кезегімен өріліп жатыр. Әсерлілік, дәлдікпен бірге сөйлеу стиліне тән ерекшеліктер жағымсыз қасиеттер: *менсінбеу, кекету* Ожарбай іс-әрекетімен берілсе, оған жауап ретінде Тобаштың *намыстануы, ызалануы* арқылы екі кейіпкерді жаға ұстатып қана қоймай, әлгі мақтаншақтың бәтеңкесінін тартып алуды ойына салады және арты қалай болатынын ойландырады. Осы мәтіндегі төл сөзбен беріліп отырған кейіпкер ойы да сөйлеу стилі.

Өткен ғасырдың 80-жылдары халықтың әлеуметтік ортасы мен қазақ халқының салт-дәстүрі, қоғамның көзқарасы, адам бойындағы қалыптасатын түрлі мінез-құлықтар арқылы көркем проза жанрында оқырманын қат-қабат араластыра алатын шынайы суреткердің еңбектеріне тоқталып көз жеткізсек. Т.Нұрмағанбетовтың «Қош бол, ата» повесі жұлдеге қол жеткізген танымал туындысы.

«Қош бол, ата» повесінде Көктембай бейнесі арқылы ересек адамдардың мінездері де сынға түседі.

Толасбай, Шәден бойындағы арсыздық пен зорлықшыл пейілдерге Көктембай ересектерше жиіркенішпен қарайды. Толасбайдың туған ата-анасына деген ізгі махаббаттың жоқтығына атасының үнемі күңкілдеп жүріп баласына талай айтқан реніші ме екен? Көктембай Толасбайды жақтырмайды. Елден қайтып бара жатқан Толасбайды шығарып салайын деп есегімен пойыз жолға жеткенде әкесіне мойнын бұрып қарауға шамасы келмеген баласына ренжіген еді.

Жазушы адам бойындағы көңіл-күйді психологиялық параллелизм арқылы жеткізіп отырған сияқты. Есегінің ақ тайқарын «жиенім берген» деп иеленіп алған зорлықшыл Шодыр енесін іздеп келіп жүрген ақ тайқарды артынан қуып келіп алып кетіп жүрді. Тайқар өз енесін іздеп жүргенде адамзат баласы туған еліне, ата-анасына қайырылмайтын қатыгезденген баласын түсіне алмай ызаланған Жөкеңнің бейнесі ашылғанда оқырманын еріксіз ойға қалдырады.

«Тыңдашы мені, ата... бұл мен ғой Көктембаймын. Саған бүгін кімдердің келгенін білдің бе? Толасбай, Шодыр, көкем... Қабылдама олардың құранын, ата қабылдама! Тыңдама-ма... Көкемнің бүгін мені қалай ұрғанын көрсең.

Ата, мен оларды жек көремін. Бәрін де. Шодыр өз тайқарымды өзіме бермейді, зорлықшыл. Мен әлі үлкейгенде оған көрсетемін.

Ата, Толасбайдың үй салу керек дегенін естідің бе? Мен естідім. Керегі жоқ. Керегі жоқ күмбездеген үйіңнің... Мына өзіңнің жұп-жұмсақ, тап-таза топырағың-ақ жетеді. Ауырып жатқанда оның атын неге атадың? Мен Толасбайды бәрінен де жек көремін. Оны ұмытшы. Біржола ұмытшы, ата...

Мен сені жақсы көремін, ата. Түсімде көріп жүремін. Сағынам сені. ... » [2,213].

Бала шалқасынан жатып жылағанын қойып, жаздағы Абыз шал болып ойнаған ұзын сары жігітті есіне алды. Көктембай өзі де әртіс болғысы келетіндігін айтып қана қоймай, атасының атасының рөлін ойнайтынын, тіпті Толасбай, Шодыр боп та ойнайтынын айтады. Сонымен қатар олардың қандай адамдар екенін жұртқа танытқысы келетінін жеткізеді.

Көктембай оқуға бара жатқан жолда Жөкеңнің зиратының жанынан өтті. Көктембай таныс төмпешіктен көз алмастан атасымен қоштасты. «Мен оқуға бара жатырмын, ата, мен әртіс боламын. Ата, сені ұмытпаймын, жиі-жиі келем ғой. Келемін... Мен сені алдамаймын. Қош бол, ата!».

Баланың көзінен жас тамшыларын жел іліп әкетіп жатты. «Мен кетіп барам. Ата, қош бол... Айтпақшы осыдан екі күн бұрын үйге ақ тайқар қашып келген-ді. Ол қораны айналып қайта-қайта ақырумен болды. Енесін іздеген шығар. Бәлкім сізді де ата...

Ата, ол әлі талай қашып келеді. Біржола келуі де мүмкін. Ал Толысбай көкем...

Оны білмеймін...».

Баланың көз ұшында бұлдырап қалып бара жатқан төмпешіктен көпке дейін көз алмаған Көктембайдың ойында табиғатында жануарлар өзінің сезімтал қасиетімен еті жақын енесін іздегенін, бірге өмір кешкен Көктембайдың өз атасын да іздейтініне сенімді. Бірақ адамзат неге өз жақынын іздемейтін қатыгез деген ой маза бермеді. Осындай ой мектепке енді бара жатқан бала көңіліне Толасбай әкесін іздеп келе ме, оны білмеймін деген нақты, сенімді түрде айта алмауы кез келген оқырманын ойсыз қалдырмайтыны анық.

«Көзәйнек» повестіндегі Бура мен Найзабек оқушы мен мұғалім арасындағы тартыстар арқылы кейіпкер бейнелері барынша ашыла түседі. Соғыстың басты ауыртпашылығы үй тірегі болған азаматтан айырылып жесір қалған Мәзігүл өз баласы Бураға аналық махаббатын аңсатып, көрші ауылға тұрмысқа шығады. Ашу мен ызыға булыққан Бура кейде анасын да жылатып, өзі анасының ауылынан қайтар жолда ешкімге көрсетпей айқайлап та жылады. Кәрі әжесі де «Найзабек Күйіктегі туысына келінімді азғырды» деп зарын айтып қала берді. Бұл зардың салдары соғыс еді. Бураны жаратпайтын Найзабек ағайдың арадағы салқын қатынастың әсері кейіпкерлердің мінезін аша түседі.

Жазушы «Дарияның арғы беті» повесінде қайықшының қызы Жаукен екі баласымен жесір қалған соң, дарияның арғы бетіндегі Сивыршы Сардарға тұрмысқа шығады. Шығармадан үзінді келтірейік:

Сарығыздың түсіне әкесі кіреді

«– Әке!..

– Ә, Сарығызбысың... Мен сендерді таба алмай жүрмін ғой.

– Біз арғы бетке көшіп кеттік қой, көке... Осы жаққа келмедіңіз бе? Мен алдыңыздан шығатын едім ғой.

– Мені аттандырған босаға... Ауыл осы бетте емес пе?.. Ал сендер кетіп қалыпсыңдар.

– Биыл дария қатты тасыды ғой!

– Дария бұдан бұрын да тасыған.

– Биылғы тасудан жұрт қатты абыржыды. Көке, сонан соң көштік біз.

– Дария әлі де тасуы мүмкін ғой.

– Білмеймін... Көке, айтпақшы, біздің арғы беттегі там құлап қалыпты.

– Иесіз там құламағанда қайтеді.

– Көке, сен болғанда ол құламайтын еді.

– Білемін қызым.

– Көке біз сені әбден сағындық. Қашан келесің?

– Мен соғыста жүрмін ғой.

– Соғыс біткеп жоқ па?

– Соғыс біткен жоқ. Ол бізбен бірге жатыр. Жер бетінен соғысты құрту үшін біз өзіміз құрыдық, қызым... Біз жұрт есінде соғыспен бірге жүреміз. Біз ұмытылған күні соғыс та ұмытылады. Соғыс ұмытылған күні біз де ұмытыламыз...

– Көке, мен сені ұмытқаным жоқ. Күн сайын күтіп жүрмін...

– Мені күткен адам мәңгілік күтуге тиіс қой.

– Күтемін, көке... Күтемін...» [5,77 б]

Мұнда да кейіпкерлердің бейнесін ашуда жазушы диалогты ұтымды қолданған.

Өгей әке, Сардар өзіне мойнын бұрып қарамаған Жәукеннің сіңілісінің күйеуі балаға берген белдігіне қызғанып, ызаланып балалардың көңілін қалдырады. Сарығыз әкесінің суретінен де айрылады, інісі Балабек жездесі әскерде таққан белдікті де таба алмай қалады. Анасының балалары алдында шарасыз көрінісі байқалады. Сарығыз үйге берілген хат жазу тапсырмасын орындағанда әкесіне хат жазғысы келді. «Көке!» деп басталған осы бір сөздің ішінде іштегі бар арман-құсасы сыйып кеткендей. Ащы жасы төгілді. Өгейліктің дәмін Сарығыз бен інісі Балабек те татты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ыбырайым, Б. Көркемдік көкжиегі / Б. Ыбырайым. - А : Жазушы, 1981. – 396 б.
2. Т.Нұрмағанбетов Қош бол, ата! –Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 240 б.
3. Нұрмағанбетов Т. Ауғандық құстар: әңгімелер. –А: Жазушы, 2008. – 288 б
4. Айқай: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Өнер, 2001. – 440 б.
5. Нұрмағанбетов Т. Дарияның арғы беті: Повесть және әңгімелер. – А: Жалын, 1981. – 216 б.

ЖАЗУШЫ ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ САРЫН

Парменова Әсем

БББ: 7М01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» 1курс магистранты

Ғылыми жетекші: Көшекбаева А.А.
университеті ф.ғ.к., қауымд.профессор

Түйіндеме: Әдебиеттегі этнографияның маңыздылығы – жоғары. Ұлттық прозамыздағы этнографиялық үрдістердің көркемдік кеңістікте ғылыми тұрғыдан сарапқа салынуда. Мақалада жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-диологиясында кездесетін этнографиялық сарындардың көркемдік қызметі сараланған. Шығарма өзегіндегі сал-дәстүрлердің орнын анықтау арқылы қаламгер шеберлігімен байланысын қарастырады. Халқымыздың дүниетанымындағы тағылымдық-тәрбиелік мәнін аша отырып, халқымызға тән обал, сауап, кие атты ұғымдардың шығармада суреттелгенін айқындайды.

Аннотация: Этнография имеет большое значение в литературе. Этнографические процессы в национальной прозе научно исследуются в художественном пространстве. В статье анализируется художественная деятельность этнографических мотивов, встречающихся в романе-диалоге писателя Шерхана Муртазы "Луна и Айша". В работе рассматривается связь писателя с его мастерством, определяется место традиций в его сердцевине. Раскрывая воспитательное и воспитательное значение мировоззрения нашего народа, он определяет, что в произведении описаны такие понятия, как обал, сауап, кие, характерные для нашего народа.

Abstract: Ethnography is of great importance in literature. Ethnographic processes in national prose are scientifically studied in the artistic space. The article analyzes the artistic activity of ethnographic motifs found in the novel-dialogue of the writer Sherkhan Murtaza "the Moon and Aisha". The work examines the relationship of the writer with his skill, determines the place of traditions in its core. Revealing the educational and educational significance of the worldview of our people, he determines that the work describes such concepts as Obal, sauap, Kie, characteristic of our people.

Тірек сөздер: Шерхан Мұртаза, этнографиялық сарын, «Ай мен Айша», ырым, обал

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін фольклор, этнография, мәдениет салалары дамып, жекелеген жазушы шығармаларынан зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Ұлттық руханиятты басты орынға қою арқылы әдебиеттану ғылымы жаңа көкжиекке шықты. Бүгінгі таңда қазақ прозасының тарихи жолы жаңа сүрлеуге түсті. Яғни, ұлттық прозамыздағы этнографиялық, фольклорлық сарындардың көркемділігін сарапқа салу осы ғасырдың басында кең зерттеле бастады. Егемендік алуымыз осы саланың дамуына үлкен мүмкіндік берді. Көркем прозадағы әрбір кезең ді шығармашылықпен игеру дәстүрі қалыптасты. Осы орайда жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-диологиясы – 2004 жылы жарық көрген кесек туындылардың қатарына кіретін шығарма. Шығарманы жазушы өз анасына арнап жазғандығы туралы шығарманың басында айтып кетеді. Мұндағы Ай, кәдімгі қара түнді жарық қылып, әлемге нұрын шашқан Ай үлкен символикалық мәнге ие. Шығарманың басынан аяғына дейін Ай Айшамен бірге қатарласып суреттеліп отырады. Айға мұңын шағып, жиырма сегіз жасында жесір қалған Айшаны бейнелей отырып, сол заманғы қасіретті, қиындықты, әділетсіздікті жазды. Әр кеш сайын Айшаның айтатын әңгімесі жазушының өмірде қалыптасуына негіз болғаныдығына куә боламыз. Шығармада қазақ даласының кең пейіл көңілі мен сараңдығы, көре алмаушылығы мен дархандығы қосыла суреттеледі. Кейіпкерлер арқылы сол заманның шындығына куә боламыз. Сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігін анасы Айшаның күнделікті тірлігі арқылы көрсеткен. Бас кейіпкеріміз Барсхан Аймен сырласып, Айшаның өмірін көз алдыңызға елестете отыра, Айша айтқан ертегі-аңыздарды және басынан өткізге оқиғаларды саралай келе, қазақ дәстүріне, тарихына, ырым-салттарын көре аламыз. Айшаның толқындай қолаң шаштарының өзі осы туындының бір тарауына азық болған. Осы жолдардың қысқаша мазмұнына назар аударсақ:

...Мұртаза қайтыс болғаннан кейінгі Айша өзгелер үшін өн бойын өрнектемейтін болды. Жарының көзі тірісінде Әйнек әжей Айшаның шашын тарасып, бұрымын өріп, шолпысын тағып беретін. Соңғы жылдары Әжей де қартайыңқырап, Айшаның шашын бес күн тарап, он күн өретін заманға сағынышпен қарайтын болды. Жалғыз басты әйелге күнделікті күйбін тіршілік айна алдында сыланып отыруға мүмкіндік бермейді. Қораздың айқайынан оянып жаңа күнге, ескі қара жұмысқа кеткеннен кеш жарымда бірақ оралатын Айша ұзын қалың қара шашына қараудан қалды. Тілерсекке түскен қос бұрымға қызылшада жүріп тікен жабысып кейде тіпті киіздей болып сіресіп қалады. Бір күні жұмыстан ерте оралған Айша қара шашын жумаққа қамданып қара қазанға су ысытты. Үш баласы үш жақтан жабылып жүріп аналарының қолаң шашын тарқатып, бірі су құйып, бірі су жылытып, бірі жер сүйреген қара шашты ұстасып Айшаның қияметті жұмысын жұмыла бітірді. Мүйіз тұмсық тарақпен қалың шашты тарау да қиын жұмыс. Бір бұрымын Айша, екінші бұрымын қызы Құрмаш екі жақтап тарап жатып, қалың шашқа шыдас бермей мүйіз тарақтың тістері де бырт-бырт сынап жатыр. «Құдай маған осынша шаш бергенше, бармақтай бақ берсеші» деп өткен өкініштерін еске алып тараққа оралған өлі шашты шүйкелеп орап жатыр. Алақанда айналдырып, жерде бір шаш қалдырмай дөңгелеткен Айша бір уақытта босағаның маңына жарты сапты пышақпен шұқыр қазып, түйенің құмалағындай көлемді өзінің өлі шашын жерге көмді. Анасының бұл қылығын түсінбеген балалар, бұның сырын білмекке сұрақ қойды.

Ал, Айшаның жауабы мынау: - Менің сендерден де басқа балаларым бар ғой. Үшеуі де нәресте кетті. Құттыбай, Елтай, Сәткүлді айтам. Әйел баласы шашын беталды тастамас болар. Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген иісін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!» деп шыр айналып шырылдайды екен.

Тозақ отына анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен [1, 45]. Қазақ әйелдерінің барлығы қастер тұтатын бұл ырым шығармада жақсы бейнеленген. Бұлай деуіме, жастайынан үш перзенті шетінеген өз әжем Ақшаның іс-әрекеті дәлел. Шашын тарағаннан кейін түсетін шаштарын жинап жүретін. Себебін сұрағанда, дәл Айшанікіндей жауап беретін. Медицина дамымаған тұста балаларынан жиі айырылып қала беретін қазақ әйелдеріне ғана тән бұл іс-әрекет.

Сол кезеңдегі қытымыр заманның ызғарын сәл де болса жылытып, адамның жабырқау тартқан жанына жылу себетін осы Ай сияқты. Тағдыр тауқыметін тартқан Айшаның да көңіліне желеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз үміт те осы – Ай» [1,15] - дейді. Мысал келтірсек, роман-эссенің алғашқы беттерінде Мұртазаның ұсталатын сәтіндегі Айша мен Айдың тілдесуіне зер салайық: «Айша аспандағы топ-толық айға қарап:

- «О, Жаратқан, басқа-басқа мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған ай бір аунап түскендей болды.

Жаңа ғана жарқырап тұрған ай бұлт ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы түні жан-жақтан қаптап келе жатты» [1,18].

Иә, автордың Айдың символикалық бейне ретінде алуы, архетиптік бейне ретінде ұлттық дүниетанымдық құндылықтардан хабар береді. Сондай-ақ, автор ай суретін автор кейіпкерлерінің ауыр тағдырына ортақтастырып, ауыр жағдайды жеткізуде ұтымды қолданған. Айдың да қараңғылыққа сүңгіп жоқ болып кетуі, әділетсіздікке табиғаттың да шарасыздығын танытқандай. Табиғат пен адамзат баласының егіздігін аңғартқандай. Халқымызға тән ұлттық ерекшеліктер, ғасырлар бойы қалыптасқан салт пен ғұрыптың, ырым мен тыйымның қастерленуі роман кейіпкерлерінің сөздері мен істерінен анық көрінеді [2,38].

Қазақ қанына сіңген қонажайлылықтың заман кесірінен қол қысқарып, келген меймандарына ас бере алмауы, алдарына қойған азын-аулақ астан балаларына «Сұғанақ болмауды» үйреткен Айшаның тәртібі балаларына берген тәрбиесі деп білемін. Анасының осы сөзін үнемі есіне алып жүретіні романның өн бойына айтылады.

Қазақ салтына сіңген тағы бір қасиет – үйіне жаңа келген баланы үйден құр қол шығармауы. Осы салт романда бірнеше мәрте айтылады. Барсханның Әдия әпкесінің үйіне барғанда құда бала ретінде келгенде, әпкесі мен жездесінің ұрысқанын естиді. Романда ол былай суреттеледі: «...Сөйтсем, менің бұл үйге бірінші рет келуім екен. «Құда бала» дәрежесінде мен бұл үйге тұңғыш рет келгеннен соң, кәстөм-шалбар, көйлек киіп, ат мініп қайтуым керек екен. Бір кездегі шалқыған бай үйдің қазір кәстөм-шалбар кигізіп, ат мінгізуге қауқары қалмапты, Соған қорланған бір кездегі байдың қызы, байдың келіні Әдия әпкем намыстанбай ма? Ойында еш дақ жоқ, ақкөңіл, аңқылдақ күйеуі Қадырға: бұл қай жындылығың, артын неге ойламайсың деп, қиғылықты салмай ма?»

Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол [1,90].

Осындай жағдай анасы Айшаның сіңілісі Зибаның үйіне барғанда да қайталанады. Әпкесі күйеуінен қалған шалбардың белін, балағын бұзып, жиеніне кигізіп жібереді. Сол шалбарды сатса, бір құшақ отын болатынын көршісі айтқанда кейіпкердің көңілі бұзылып, әпкесіне қолынан келген жәрдемін беріп кетеді.

Туған жерге деген сағыныш, құштарлық романның сюжетіне айналғандай. Тіпті кіріспе сөзінде де әлемнің түкпір-түкпіріне барса да, сол елдер мен қалалардың түсіне кірмей, түсіне тек өз туған жері, аядай ғана ауылы Мыңбұлағының, Ақсу-Жабағылысы мен туған үйінің, Айшаның кіруі – туған жерге деген Ұлы сезімі.

Қазақ даласына ғана тән қонақжайлылық пен бауырмалдылық, қазақ әйелдерінің сұм жылдарда көрген қасіреті суреттелген бұл шығарманың айтары көп. Айша мен Барсхан – заман шындығын көрсетіп тұр. Сол кезеңді басынан өткізген әр адам бұл жерден өзін көрері хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Қазақстан, 2008. – 456 бет.
2. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. / Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек т.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 216 б.
3. Таңжарықова А.В. «Қзақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар», - Алматы, 2010 ж.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН Б.МАЙЛИН ПРОЗАСЫ

Дүйсенбек Айдана Ерланқызы

XX ғасыр басындағы әдебиеттің дамуына қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілері, жыраулардың жалынды жырлары, сондай-ақ XIX ғасырдағы халық ақындары шығармалары игі әсер еткені сөзсіз. Бұл кездегі әдебиеттің жаңа бағыт, тың серпін алуына ұлы Абай дәстүрінің ықпалы ерекше болды. Абайдан кейінгі ақындардың оған өлең арнап, өз ұстазы тұтуы да сол себеп болса керек. XX ғасырдың басындағы Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәңгерей Бөкеев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақип Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, т.б ақын жазушылардың шығармалары әдебиетіміздің сол кездегі дамуын көрсете алады. Ақын жазушыларымызға тоқтала кететін болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857-1931) Павлодар облысы Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде дүниеге келген. Ол ойшыл, этнограф, тарихшы, фольклортанушы, философ, ақын қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы. Дастандары: «Гүлшат Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Фибратнама», «Баяннама». Нұржан Наушабаев (1859-1919) Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Құттық ауылында дүниеге келген. Парсы, араб, тарат, башқұрт тілдерін білген. Нұржан назира өлеңдерді көп жазған. Ақын мұраларында терме, мақал, толғау, айтыс, өлең, мысал, жұмбақ, лирикалық өлеңдер мол. Мұхамеджан Сералин (1872-1929) Қостанай облысы, Қарабалақ ауданы, Өрнек ауылында дүниеге келген. Ол қоғам қайраткері, жазушы, ақын, публицист, журналист. М. Сералиннің алғашқы поэмасы «Топжарған» (). Ол тарихи шығармаға жатқызылады. «Бай патша, һәм кедей», «Бай, қасқыр, ашы» т.б. өлеңдері бар. XX ғасырдың бас әдебиетінде өлең мәдениетіне ерекше талғаммен қарап, поэзияның алуан түрлі жанрларынан мұра қалдырған ақындардың бірі Тұрмағамбет Ізтілеуов. (1882-1939)

Қызғалдақтай ұл қызды,

Сәнім десе болады.

Көктемдегі төл даусын,

Әнім деуге болады.

Шөлдеп әшкен сусынды,

Балым десе болады.

Ойлы туған жігітті,

Ғалым десе болады, — деген сияқты қазақтың жанына жақын, тәлімді, өнегелі, жолдар ақын мұраларында көптеп кездеседі

Б. Майлин, өзімен замандас Қазақ қаламгерлерінің көбі сияқты, жазуды өлеңнен бастағанымен, көп ұзамай прозаға ден қойған, бұл жанрдағы алғашқы туындыларының өзімен-ақ (мысалы, «Шұғаның белгісі») үлкен суреткер екенін паш еткен жазушы. Ол қазақ әдебиетіне проза жанрын қалыптастыруда керемет еңбекқорлық пен үздік шеберлік танытты. Әсіресе оның қуатты талантын айғақтайтын әңгімелері сан жағынан ғана емес, идеялық-көркемдік деңгейімен де қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржандары болып табылады.

Поэзиясы сияқты, Майлин прозасы да, өзі жетік білетін, негізінен, ауыл өміріне, әсіресе Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамында адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқында, психологиясында болған жаңғыруларды бейнелеуге арналған.

Б. Майлин әңгімелерінде ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа көшуінің қиын процесі терең білгірлікпен біртіндеп, сатылап әңгімеленеді. «Қара шелек» деген әңгімесінде колхозға ұйымдасудың бір көрінісі шынайы суреттелген. Мұнда қарапайым ауыл әйелдерінің бірі Айшаның «Коллектив боламыз» деген жиналыста ойламаған жерден белсенділік көрсетіп, ауыл адамдарының атынан сөйлеуі, «майкөт» (байкөт) болған екі байдың жиналыстан шығарылуын талап етуі, ақырында өзі артель бастығы болып сайлануы баяндалады. Жиналыс кезінде өжеттік көрсеткен Айша, кенет өзін артель бастығы етіп сайлағанда, қатты толқиды. Қолдағы малын ортаға салуға іштей қимағанмен, ол жұрттың ауқымынан, заманның ағымынан сырт кете алмайды... Сөйте тұра, қара шелегін бүлдіріп қойғаны үшін Айша көрші әйелге қол жұмсайды. Автор Айшаның санасындағы жекеменшікшіл психологияның қайшылығын көрсетпек болған. Оқиғалар мен мінездерді өмірдің өз ағынынан ойып ала білген суреткер, әлгіндей бір көрініс, деталь арқылы-ақ ұжымдастыру жүзеге оңай аспағанын, бұл жолда талай-талай шырғалаң мен сарсаң, күдік пен толқу болғанын байқата алған.

Ал «Ұлбосын» атты әңгімесінде автор ауылдағы жалған белсенділердің зиянкестігін шебер көрсетеді. Жалпы, Б. Майлин шығармаларында колхоз қозғалысына орасан зардап келтірген арамза атқамінерлердің ұнамсыз қылықтары әшкереленіп отырады. «Ұлбосында» да солай. Колхоз жаңа ұйымдасып, әлі де көңілдері дүдәмал жүрген адамдарды шолақ белсенділер дүрліктіре түседі. Мәселен, Оспан дегеннің үйіне, ойламаған жерден мынадай салық түседі. Салықты хабарлаушы бала Оспанның әйеліне келіп: «Шеше, тыңдаңыз, сіздің үйге берілген жоспар: бір пұт ет, он қадақ шыртылдақ, он қадақ ескі темір, он қадақ ескі жүн, төрт мүйіз, бес тұяқ, бір ит терісі, бір мысық терісі...»—дейді Салықтың жиылып тапсырылуына жеті-ақ күн мерзім береді. Мынау сияқты сорақылықты тыяды дейтін өкілдің өзі ештеңені жарытып түсініп көрмеген адам. Осыдан-ақ ондайлардың ауыл өміріне қаншалық залал келтіргенін сезуге болады.

Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында ерекше көрінеді. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы дами түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен ерекшеленеді. Ол – көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Бүгінгі таңда бізге Б.Майлиннің он беске тарта повесті мен «Азамат Азаматыч» атты романы белгілі. Оның «Қызыл жалау», «Қоңсылар» атты романдары аяқталмай қалған. Мұның сыртында ол – ірілі-ұсақты 25 пьеса, либретто, сценарийлердің авторы. Ол-қазақ әдебиетін барлық салада дамытқан асыл қазынамыз болып есептеледі және халқымен бірге мәңгі жасайтын тұлға. Себебі ол новелла, әңгіме, повесть, роман жанрларын жазуда қарқынды қызмет етті. Кез келген оқырманға оның әңгімелері өмірден алынғандай әсер қалдырады. Б.Майлин әңгімелері өте қысқа болғанымен кішкене болса ой саларлық фактілерден тұрады және күнделікті

тұрмыс-тіршілік, өмірдегі болып жатқан әр түрлі оқиғалар сипатталады. Жазушының шығармаларының тілі оқуға жеңіл және көзге елестетуге оңай. Сол замандағы аласапыран, зорлық-зомбылық, ұжымдастыру кезіндегі олқылықтар барлығы дерлік Б. Майлин әңгімелерінде баяндалады. Б. Майлин шығармаларының сюжеті тек шындықтан тұрады десек артық айтпағанымыз. Кез келген жазушы өзі өмір сүріп жатқан заман тұсындағы әрбір оқиға мән беріп, баяндайды десек, Бейімбет те өз заманының көзі мен құлағы іспеттес. Адам баласы адам баласынан ақыл, мінез, ар, ғылым деген нәрселермен озады, - дейді Абай. Дәл осы тіркес Б. Майлинге арналып айтылғандай. Өз заманының жағымпаздарын жек көріп, халықтың көзін ашуға бар күшін салған - Б. Майлин қайталанбас тұлға. Ол өз шығармаларында ешкім елей бермейтін нәрселерді баяндап, характер тудырып отырған. Жазушы өте кішіпейіл, еңбекеқор, ізденімпаз, замана талабына сай қаламгер болған. Б. Майлин шығармаларының тағы бір ерекшелігі романтизм мен қияли фантазияға толы оқиғалар мүлдем кездеспейді, керісінше реализм мен шындыққа толы көріністерден тұрады.

Б. Майлиннің проза саласындағы тұңғыш еңбегі - Шұғаның белгісі повесі. Бұл повесте сүйгеніне қосыла алмаған жастар мәселесі көтеріледі. Шұға атты қыздың Әбдірахманға ғашық болуы, Әбдірахманға қосылуына қарсы болған әке, сағыныштан құса болып ауырып қайтыс болған қыз өлімі, оның арман-мүддесі, қайғылы трагедиялық халі барлығы осы шығармада баяндалады және автор баяндау арқылы бірнеше характерлерді суреттеген.

Ел басына күн туған аштық жайлы реализмге толы әңгімелері де жетерлік. Солардың бірі «Күлпаш», «Аштық құрбаны», «Әже» әңгімелері. Бұл үш әңгіме де үш түрлі қырымен сипатталған.

СЮЖЕТ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Абдрасилова Д. К. - студент

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. доцент Такиров С. У.

Е. А. Букетов атындағы ҚарУ

Қарағанды қаласы,

abdrasilova.diana@mail.ru

Түйіндеме: Бұл мақалада сюжеттің типологиясы туралы біршама зерттеулерге шолу жасалады. Әлемдегі бар сюжеттік құрылымдар туралы да сөз болады. Мақаланың ерекшелігі – әлемдегі бар сюжеттің түрлері сараланып қоймай, түрлі көркем шығармалардан мысал келтіріледі, шетелдік ғалымдар мен қазақ ғалымдарының зерттеулеріндегі ұқсастықтарға да тоқталып, тұщымды ой түйілген.

Тірек сөздер: сюжет, типология, зерттелу тарихы, оқиға мен уақыт, шығарма, анықтама, кейіпкер, құрылым.

Abstract: This article reviews a number of studies on the typology of the plot. We will also talk about the existing plot structures in the world. The peculiarity of the article is that not only the types of plots in the world are differentiated, but also examples from different works of art are given, similarities in the research of foreign and Kazakh scientists are emphasized.

Key words: plot, typology, history of research, event and time, work, reference, character, structure.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында кеңінен қарастырылып келе жатқан мәселелердің бірі - сюжет. Жалпы, сюжет ұғымы ХХ ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. Зерттеу барысында түрлі пікірлер негізінен туындаған ой

тұжырымдар бірін-бірі толықтырып жатты десек артық айтқандық емес. Атап айтқанда, әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде осы мәселені қарастырған. Өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде «жазу әдебиеті» бөлімінде оқиға мен уақыт, шиеленістер, төңіректің ықпалын айта келіп, ойын былай тұжырымдайды:

«...ұлы әңгімеге жан беретін ұлы, кіші адамдардың ірі – ұсақ істері болғандықтан, ол істері бір-біріне ұласып, бір-біріне оралып, байланысып жатқандықтан, осының бәрін суреттен шығару оңай емес». Әдебиеттанушы роман жанрының табиғатын ашып қана қоймай, сюжеттің дұрыс құрылып, бір-бірімен байланысып, шиеленісіп, біртұтас желі болу керектігін айтады [1, 23].

«Әдебиет теориясы» еңбегінде А.М.Горькийдің «Сюжет дегеніміз - жалпы алғанда адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр алуан әдеби мінездің өсу, жасалу тарихы» [2, 24] деген әрі қысқа, әрі дәл, тұжырымды түрде сюжетке берген осы анықтамасын, барлық әдеби теоретиктері қолданып жүрген классикалық үлгі деуге болады деп айта келе, сюжетке мынадай анықтама береді: «Сюжет дегеніміз – шығармадағы адамның бір-бірімен байланысып, қарым-қатынасы, күрес-тартысы шығармадағы оқиғаның дамуы» [2, 25]. Әдебиеттанушы өз еңбегінде сюжеттің экспозициясын, байланысын, дәлелдеуін, ситуациясын, шиеленісіп, шарықтау шегін және шешуін тыңғылықты, тұжырымды айта келе, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», А.П. Чеховтың «Чиновниктің өлімі» атты шығармаларды талдай, сюжеттің компоненттерін мысалдар арқылы дәлелдейді. Оқиғаның даму жолында кейіпкерлер өзара байланыста, қарым-қатынас үстінде болады. Талас-тартыс үстінде әркімнің мінезі, таным сенімдері, күйініш – сүйініштері айқындалады да және сол адамның қарым-қатынасына жазушының қалай қарайтынын көрсетеді. Осылардың бәрін бір сөзбен айтқанда шығарманың сюжеті деп атайды, [2, 34] - деп Қажым Жұмалиев тұжырымдайды.

Шынымен де, шығарманың бар байлығы – сюжет. Айтылатын ой, заман немесе дәуір тұлғасы, автордың идеясы, талас пен тартыс, онда көрінетін қайшылық осы сюжетте бейнеленеді. Алайда сюжетте тек жазушының пікірімен қатар, оқырман пікірі қатар тұратынын білеміз. Сюжет өрбіген сайын оқырманның да өз ойы мен көзқарасы туады. Автор оқырманды баурап алу үшін аса өткір тартыстарды бейнелейді. Оқырман зейінін әуелі кейіпкерлердің тосын әрекеттеріне аударып алып, сол әрекеттердің себептері жайында ойландыра отырып, кейіпкер әрекеттерінің негізгі себептерін ой елегінен өткізіп, қорытынды жасайды. Зерттеуші сюжетте кездесетін композицияның элементінің бірін дәлелдеуге тоқталған. Оқиғаның неге олай болуы, кейіпкерлердің іс-әрекет, амал, айла, күрес, тартыстары, күйініш-сүйініштері, қайғылы хәлдерге ұшырауы – бәрі де көркем шығармада дәлелденіп отырады. Бұл оймен келіспеуге болмас. Себебі көркем шығармада дәлелденбейтін іс-әрекет, амал, сөз де болмайды.

Зерттеуші ғалым М.Атымов: «сюжет эпикалық, драмалық, лиро-эпикалық жанрдағы оқиғалы шығармаларға тән» [3,46] - деп атап айтады. Лирикалық жанрдағы шығармаларда сюжет емес, онда ой ғана екенін айта отыра, сюжетті композицияның бір бөлігі екендігін қарастырады. С.Мұқановтың «Ботакөз», Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романдарын мысалға ала отырып, байланыс, экспозиция, жағдай (ситуация), шарықтау шегі сюжетке емес, композицияға тиесілі деп көрсетеді. Яғни, композиция сюжетке қарағанда кең ұғым деп қарастырады. Бұл оймен З.Қабдолов та келіседі. Алайда экспозиция, шарықтау шегі, дәлел бәрі сюжеттің компоненттері деп қарастырады. Әдебиеттанушылар З.Қабдолов, Қ.Жұмалиев, М.Атымов лирикада сюжет емес, ой ғана бар десе, К.Ахметов лириканы сюжетсіз деуге болмайды, мұнда адамның ішкі жан-дүниесіндегі ой-сезім арпалысы,

көңіл күй өзгерісі түрлі сипатта көрсетіледі деген тұжырым жасайды. Міне, сюжет туралы осындай әртүрлі тұжырымдар кездеседі.

Сюжет туралы біршама көзқарастарды қарастыра келе, ендігіде әңгіме сюжеттің түрлері жайында болмақ... Жалпы, әлем әдебиетінде сюжеттің нақты қанша түрі, қандай түрлері бар екені толық зерттелмеген. Сансыз нұсқалар мен сандар ұсынылды. Бірақ та, зерттеуші ғалымдардың ұсынған нұсқаларына сай әркім өз нұсқасын тауып, қалауына сай қажетін алып, әлемдік әдебиеттің барлық шығармаларында өз нұсқасын толықтырып, жасай алады.

Латын Америкасындағы танымал аргентиналық жазушы Хорхе Луис Борхес бүкіл әлем әдебиетін тек төрт ақ сюжетке сыйғызып, сәйкесінше төрт кейіпкер бар екенін өзінің «Четыре цикла» атты новелласында баяндаған болатын. Мұнда ол әдебиет мәңгі айтатын төрт қана әңгіме бар деп мәлімдейді.

Танымал автор Кристофер Букер болса өзінің «Семь основных сюжетов: почему мы рассказываем истории» кітабында жеті базалық сюжетті сипаттады. Оның ойынша әлемдегі барлық кітаптар осының негізінде жазылды.

1. «Саз балшықтан баққа» - атауы оқиға желісін білдіріп тұр, бізге балалық шақтан таныс – Күлбике. Кейіпкерлер - өздерінің күші арқылы немесе жағдайға байланысты «биікте» табылатын қарапайым адамдар.

2. «Оқиға» - қиын қол жететін мақсаттарды іздеуде ауыр саяхат. Букердің ойынша, оған Одиссей, Ясон, сонымен қоса, осы санатқа Сүлеймен патшаның кеніші», «Су асты патшалығына саяхат» жатады.

3. «Әрі қарай және кері қарай». Сюжеттің негізінде күнделікті тіршіліктен суырылып алған кейіпкердің қайтып үйіне оралу әрекеті келтірілген. Ол «Робинзон Крузо» және «Алиса таңғажайыптар әлемінде» және басқалар жатады.

4. «Комедия» - бұл жай ғана жалпы ұғым емес, ол өзіндік ережелерге сәйкес дамиды сюжеттің белгілі бір түрі. Осы санатқа Джейн Остиннің барлық романдары жатқызылады.

5. «Трагедия» - басты кейіпкердің мінезіндегі қандай да бір кемшіліктері, әдетте ол махаббат немесе билікке деген құштарлығы үшін мерт болуы шарықтау шегі болып табылады. Ол ең алдымен, «Макбет», «Лир король», «Фауст».

6. «Жексенбі» - кейіпкер қарғыс немесе қара күштердің билігінде болады, оны мұндай кейіптен ғажап күш алып шығады. Осындай сюжеттің айқын көрінісі - ұйқыдан ханзаданың сүйісімен оянған Ұйқыдағы сұлу.

7. «Құбыжықты жеңу» - атауына сәйкес, сюжетте кейіпкер құбыжықпен күреседі, оны жеңіп, сыйлық ретінде қазына немесе махаббатқа ие болады. Мысалы: Дракула, Давид және Голиаф. А.В.Луначарский болса, өзінің «Париж хаттарының» бірінде «Театр және өнер» журналында былай деп жазады: «Гете Эккерманмен сөйлесу кезінде Гоцци тек отыз алты қайғылы жағдай бар деп мәлімдеген. Фридрих Шиллер болса көп нәрсені ашу үшін ұзақ уақыт бойы еңбектенген, бірақ ол Гоцци сияқты таба алмаған» [4, 56].

Гоцци – XVIII ғасырдың ең тапқыр жазушыларының бірі. Оның қасында Гете мен Шиллер сияқты драматургтер бір қарағанда драмалық жағдайлардың шектеулі екендігіне көздері жеткен. Ал, Жорж Полти барлық отыз алтысын тауып, оларды тізімдеп, талдап, барлық дәуірлер мен халықтардың мың екі жүз драмалық туындыларынан сегіз мың актердің тағдырын қадағалап өзінің отыз алты сюжеттен тұратын тізімін құрады. Полтидің пікірінше, отыз алты сюжеттің негізінде адамның қарым-қатынасы мен тәжірибесінің типологиясы жатыр.

Біздің зерттеуімізше, Жорж Полти ұсынған отыз алты сюжеттің төмендегі үлгілері Борхес ұсынған оқиғаларға ұқсас болып келеді.

1. Кегі бар адюльтер (знакорлық, опасыздық)

2. Әділдіктің орнауы
3. Ізденіс, жетістік
4. Отбасындағы және отбасы үшін құрбандық
5. Идея үшін құрбандық [5, 39].

Ары қарай сюжеттік типология жайында сөз қозғамақшымыз... Типология мәселесіне келгенде бірқатар зерттеушілер бірнеше туындылардың азын-аулақ ұқсастығы мен үндестігіне қарап типологиялық сабақтастықта қарастырылғандығын алға тартады. Осы тұрғыда зерттеуші Б.Путилов: «Тарихи-типология зерттеулерінің басты мәні біркелкілік, ұқсастық және айырмашылық нышандарын іздеп тауып, түсіндіру емес, ол тарихи процесінің даму арнасын белгілеген ортақ заңдылықтарды іздестіру болып табылады» [6, 45] - деп, өте орынды тұжырым келтірген. Мәселен, типологиялық тұрғыда алып қарастырсақ, «Оғызнама» – түркі тілдес халықтардың көне дәуірлердегі аңыз әңгімелерін өз бойына мол сіңіре, үнемі жаңғырып отырған шығарма. Оның әр түрлі нұсқасының болуы, оларда ортақ, ұқсас сюжеттермен қатар өзгешеліктердің де жүруі соны айғақтайды. Бірқатар ғалымдардың Оғыз қағанның прототипіне біресе ғұн қағаны Мөдені, Тұран патшасы Афрасиабты, көне түрік эпикалық қаһарманы Алып-ер Тоңғаны жатқызып жүргені мәлім. Бұл негізінен эпос кейіпкерлерінің бейнесін жасаудағы типологиялық мотивтердің көп қолданылуына байланысты туындаған. Түрік фольклорисі Риза Нұр Оғыз қағанды тіпті Александр Македонскиймен де байланыста қарастырады. Бұл орайда, зерттеуші Х.Короғлы Македонский мен Оғыз қағанның бір-біріне ұқсасқан жайттарын ескерте отырып, ұйғыр альфавитімен жазылған «Оғызнамадағы» Оғыз қағанның шауып алған елдерінің Македонский шапқан елдермен сәйкес келуіне назар аудартады.

Тағы бір мысал, «Қорқыт ата кітабындағы» Бисат батырдың Төбекөзді жеңуі сынды оқиға желісінің Гөмердің «Одиссеясындағы» Полифемге байланысты сюжетпен дәлме дәл ұқсасады. Бұл ұқсастыққа қарап аталмыш сюжеттің түпкі типологиялық негізі әуел бастан түркілерде пайда болғандығын аңғарамыз. Сонымен қатар, оғыз-қыпшақ кезеңінде туған сюжеттердің сюжеттік желісі бүгінгі күнге ауыз әдебиеті арқылы жеткен қазақтың батырлық жырларының композициясын құрайтын сюжеттік желілермен ұқсас келеді. Соның ішінде «Қорқыт ата кітабындағы» «Алып-Бамсы» жыры «Алпамыс» жырымен типологиялық тұрғыда сабақтасады. Қос жырдың ұқсастығы бүкіл эпостық жырларға ортақ перзентке зәру болудан басталып, бітімі ерекше батыр тұлғалы сәбидің дүниеге келуі, оның тез арада өсіп жетілуі, жастайынан ерлік істеріне араласуы, сұлу қызға үйленіп, жорықтарға шығуы және одан қайтып оралуы сияқты сюжеттік ортақтастықтар әдебиет тарихының сатылай дамуындағы көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысында желі тартып жалғасқанын дәлелдейді.

Әдебиеттің өзі бір кино. Мұндай сюжеттік ұқсастықтар кино әлемінде де баршылық. Айталық, қазақ әдебиетінің ортасында өз мәнерімен де, өз әлемімен де тереңдей тамыр тартқан тарлан боздардың бірі де, бірегейі де жазушы Мұхтар Мағауиннің 1969 жылы жазған «Тазының өлімі» повесі мен бәрімізге белгілі америкалық фильм «Хатико», және корей елінің «Сердечко» атты фильмі. Бұл үш шығармаға да ортақ нәрсе, сюжет те, идея да бір, үндес. Неге десеңіздер? Ең біріншіден, үш шығармаға ортақ болып тұрған мәселе, ол - иттің адалдығы.

Иттің адам баласының нағыз досы, серігі екендігі барынша ашып көрсетілген. «Жақсы ит - иесінің көзі, құлағы» деп халқымыз айтып өткендей, оның иесіне деген адалдық қасиеті кімді де болмасын елжіретпей қоймайды.

«Тазының өлімі» хикаятында асыл тұқымды жануардың соңына дейін талпынғаны, берілмей аш қасқырлармен алысқаны, жаралы аяғына қарамастан барынша күрескені - тектілігінің нышаны болды. Тіпті, бұл өмірде де адамдардың өзі болмашы бір қиындыққа төзе алмай беріле салып жататындары бар ғой. Оның қасында

Лашынның бұл әрекеті ерлікпен пара-пар болғандай-ақ. Иесі Қазы өлгеннен кейін еш керексіз болып қалған, ешкім қадірін білмеген, бағаламаған Лашын тазы бір топ қасқырлардың жеміне айналып, ақыры иесінің артынан кете барады.

«Хатико» фильмінде Хатико атты иттің иесіне берілгендігі сонша тіпті ол бұл өмірден кетсе де Хатико соңғы демі қалғанша тоғыз жыл бойы иесі жол жүріп кеткен станцияның маңайын мекен етіп күтті. Оны иесі Паркердің туыстары қанша күш салып, алып кетуге тырысып бақты, бірақ ол келуін доғармады. Иесінің «Міне келдім!» - деген бір ауыз сөзін күткен-ді. Оқиға барша жапон халқын таңғалдырған адал Хатиконың өлімімен аяқталады.

Ал «Сердечко» фильмінде жалғыз қалған ағалы-қарындас балақайлардың өмірі мен күшіктің (аты-Сердечко) өмірі баяндалады. Ағасының жан қарындасының туған күніне осы күшікті сыйлауынан басталады. Оны баптап, өздерінің отбасы мүшелеріне айналады. Тіпті анасына керек болмаған балақайларға, Сердечко күшік кезінен асыраған балаларға көмектесіп, қанша қуып, ұрып-соқсаңда теріс айналмай, көзі көрмей жанары су алғанша жауыздарға қарсы тұрып, ақырында бұл оқиға да иттің өлімімен аяқталады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл үш туынды кез-келген оқырманның назарын өзіне баурап, көңіліне жол табатын туындылар. Бұдан біз иттің нағыз адамның досы бола алатынына көзіміз жетті. Әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, шығармаларды қарастырып отырсақ, бұрындары шығармаларда сюжет ашық көрінбегенін айта аламыз. Сондықтан академик Рымғали Нұрғалидың сюжет туралы айтқан тұжырымдамаларының негізі бар деуімізге болады.

Қорыта айтқанда, егер әр зерттеушінің сюжетке байланысты тұжырымдарын салыстырып қарасақ, бір-бірімен тоғысып жатқанын байқаймыз. Тек әр әдебиеттанушы ғалым өз ойларын түрліше дәлелдеген. Сюжет туралы біз айтқан жоғарыда айтылған әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлері алғашқы байламдар. Оны әрі қарай дамытып, салыстыра зерттеп, тұжырымды пікір айту әлі де болса қажет, келешектің ісі болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиет танытқыш : зерттеу мен өлеңдер / Байтұрсынов, Ахмет, - Алматы : Атамұра, 2003 . - 208 б.– (Атамұра кітапханасы. – – 9965-05-870-9 (мұқ.)
2. Әдебиет теориясы [Техт] : 8-9-10-класстарға арналған / Жұмалиев Қ., - Алма-Ата : Қазақ мемлекет баспасы, 1938 . - 167 бет - Латын графикасымен. - 7150 дана .
3. Атымов М. Идея және композиция. – Алматы: Ғылым, 1970. – 240 бет.
4. Луначарский А.В. Собрание сочинений [Текст] : В 8 т. : Литературоведение. Критика. Эстетика / [Ред. коллегия: И. И. Анисимов (глав. ред.) и др.] ; Акад. наук СССР. Ин-т мировой литературы им. А. М. Горького. - Москва : Худож. лит., 1963-1967. - 8 т.; 22 см.
5. Colin R.-P. Georges Polti, théorie et pratique du théâtre (фр.) // Impossibles Théâtres XIXe-XXe siècles / Ed. Bernadette Bost, Jean-François Louette, Bertrand Vibert. – Comp’Act, 2005. — P. 142–148.
6. Путилов Б.Н. Эпическое сказительство: Типология и этническая специфика. Научное издание. (Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. - Российская Академия наук. Музей антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера). Серия «Исследования по фольклору и мифологии Востока»).

<http://vgershov.lib.ru/ARCHIVES/P/PUTILOV Boris Nikolaevich/ Putilov B.N..html>

Ө.АЙТБАЕВ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ



БҰҚАР ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР

Н. Ершораева, 2-курс магистранты
Ғыл. жет.: ф.ғ.к., проф. М.Ә. Жүнісова
Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұқар жырау Қалқаманұлы – әйгілі жырау, Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Өзінің саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналған. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап калатын көсем тұрғысында үлкен сенім артқан. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет еткен. Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасан», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы.

Бұхар өмір сүрген дәуірдің ұлы оқиғасы - жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың қазақ жерін баса көктеп енуін білеміз. Қалмаққа қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауытпалықты Бұхар елімен бірге кешкен. Ол әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшыларымен бірге, ақылшы, үгітші болып белсендік көрсеткен.

1992 жылы Қазақстан Ғылым академиясы әдебиет және өнер институты жыраудың тұңғыш жинағын шығарды. Оны құрастырушы М. Жармұхамедұлы.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған

заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», - дейді [1]. Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау үдерісінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар жеті-сегіз буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше «Бұхарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» - деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев [2]. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті таңдамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл - болашақтың ісі. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г. Потанин, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Бұқар жырау поэзиясы тілінің лексикалық құрамы едәуір бай. Мұның өзі сол кездегі қазақ тұрмысының жырау өлеңдерінде біршама бой көрсетуіне байланысты. Сондықтан Бұқар өлеңдері мен толғауларының лексикалық құрамы, тілдік, тақырыптық ерекшелігі, философиялық ұғым берудегі тілдік-стильдік, әлеуметтік мәндегі терминдер, ел-жұрт, *жер-су атаулары*, кісі атаулары мақаламызға негіз болды. Бұқардың тілдік тұлғасын антропоэзектік тұрғыдан қарастыру бүгінгі өзекті мәселе болып табылады. Бұқар жырау өлеңдерінің бәрі бірдей тақырып жағынан сараланып келе бермейді. Айталық, «Қалдар ханмен ұрысып» деген өлең таза ерлік, жорық тақырыбына құрылса, «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң» сияқты өлеңдер халықтық философияға негізделген [3]. Ал бұл философия отбасындағы шарттылықтан ай мен күнге дейінгі аралықтағы заттардың, құбылыстардың ерекшелігін түйіндеу, пайымдау жасайды: ай да батады, бәйшешек те солады, қу тақырға қурай біткендей қу таяқты кедейге де дәулет бітеді. Яғни бұлар философиялық ұғым берудегі тілдік-стильдік тәсілдің материалдары. Егер «ай батты, көл суалды, бәйшешек қурады, қамқа тон шүберек болды, Қарымбайдың дәулеті тайды» - десек, мұндағы сөздер таза табиғат пен тұрмыстық лексика. Айналасын жер тұтқан Айды батпас деменіз, Айнала ішсе таусылып, Көл суалмас деменіз, Құрсағы құшақ байлардан Дәулет таймас деменіз... Құлпырып тұрған бәшешек Қурай болар солған соң, Хандар киген қамқа тон Шүберек болар тозған соң,- дегенде ай батуы, көл суалуы, дәулет таюы, бәйшешектің қурай болуы, қамқа тонның шүберек болуы екінші мін жаңа мағына үшін қызметке жегіліп отыр. Бірақ бұларды мәңгілік өтпелі, ауыспалы, өзгермелі, сан-сапа өзгерісі, шарттылық сияқты философиялық ұғымдағы терминдер тіпті сөздер ретінде қарауға келмейді. «Өйткені жоғарғы өлеңнің өзінде философиялық ұғым жоқ, ол ұғым заттар мен құбылыстарға тән қасиетте жатыр» [4].

Бұл жерде негізгі рөлді сөздердің мағынасы емес, сөздерді пайдалану тәсілі атқарып тұр. Міне, осындай топтағы сөздерді тақырыптық, мағыналық, стильдік қызметі жағынан жіктеу мүмкін емес. Сондықтан да Бұқар поэзиясында кездесер бірсыпыра лексиканың сөз болмай қалуы толық заңды нәрсе. Бұқар өз өлеңдерінде қазақ тіршілігінің, тұрымсың біраз жағын тікелей де, жанама да сөз етіп отырады. Осыған орай жырау өлеңдері лексикасында тұрмыстық сөздер, сөз тіркестері едәуір:

арба, доңғалақ, арыс(ы), сарай ағаш үй, жарты лашық, қыстау, көш, үлде, төсек, шекпен, бөз, шара, отын, жантақ, бұзау, тері, шөнтік, талыс; көпір, құл, күң, ұры, қарақ, кісі, қатын-бала, шеше, жігіт, бикеш, қария, шал, кәрілік, келін, пақыр, еркек, ұрғашы, алғаны, т.б. Сол сияқты: төркіндеу, мертік (болу), бұлген (соң), тіркеусіз қайту, ту сақтау, теперіш көру, шандып алу, берекесі қашу, күнелту, түйе бағу, т.б. тіркестер. Бұл тұрмыстық лексикалардың ішінде мертік, бұлу, теперіш, талыс, шөнтік, жебелеу, көбелеу, ұлшылату сияқты сирек кездесетін пассив сөздер мен бикеш, алғаны сияқты жаңа сөздер – неологизмдер бар. Егер бұрынғы дәуір әдебиет үлгілерінді қанекей (тінекей), ару сөздері жиі кездесе, Бұқарда бұлардың орнына бикеш, алғаны, аяулың сияқты сөздер қолданылады. Бұқар поэзиясында ерлік-батырлық өлеңдер көп емес. Осы себепті жырау өлеңдерінде жауынгерлік лексика мен тіркестер өте аз кездеседі. Тіпті «Қалдар ханмен ұрысып» сияқты тікелей жорық тақырыбына арналған өлеңдерінің өзінде соғысқа тән ерлік, батырлық әрекет нақты суреттелмейді, жырау бұл соғысты сырттай ғана хабарлай баяндайды. Тақырыпқа лайық айтылуға тиіс сөздер баяндау стиліне байланысты тілге оралмай қалған. Тегінде мұның өзі Бұқардың қай тақырып жыршысы болғандығын я болмағандығын меңземек. Бұқарда: бес сан (он сан) қол, ұрыс, жанжал, ерегіс, сүріс, соғыс, ақ сойыл, қылыш, найза, ту, дұшпан, жау, батыр, ер сияқты сөздер ғана, шеп шалу, жорып жүру, тоят тілеу, алмаған жау, найза тіреу, түн қату, қамалды бұзу, жаулық сағынбау, жаулық жолын сүймеу, ұрысты қыздыру, көк алу, әскер қылу сияқты екінші, үшінші қатардағы тіркестер ғана бар. Бұқарда күллі қару-жарақтан қылыш, найза, ақ сойыл ғана бар. Олар да ақ найзп, өткірқылыш түрінде сіреттемесімен жүрген жоқ. Өйткені Бұқар қаруды әңгіме етпейді, қару иесі батырдың ісін әңгіме етеді. Бұқар өлеңдерінде қазақ халқының сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік өмірінен хабардар ететін бірсыпыра әлеуметтік мәндегі терминдер, сөздер мен сөз тіркесі бар. Олар 1) патша, хан, бек, би, өре, жақсы; 2) аталы (-дан би қойсаң), атасыз (-дан би қойсаң), тексіз (-ді төрге шығарып), затсыз, жабы, сүйегінді (жоғалтпас), 3) қара, халқым (не деп айтады); азды көпке (теңгеріп), жалғыз (-ды жалғыс деменіз), момын (-ға келіп бек болдық), қараша (халқы сыйласа); 4) бай (қу таяқты) кедей, жарлы, қызметші, азаткер (де) құлыңыз, күн; 5) жол, жора, пара, олжа; 6) бөліске түсу, жарлық салу, қаһар қылу, есе тию, теңдің тию, бұйыру, сөгу, төре (-сін жаңылар) біту (Абылай алдында сен бітсең). Осы дәуірде туған есепке алу (ал), қағазға (салу), жазу, әскер қылу, солдат алу сияқты жаңа тіркестер де бұқар өлеңдерінен бой көрсетті. Әрине, Бұқар өлеңдерінде кездесетін бұл сөздердің бәрі бірдей мағына жағынан сараланып жұмсала бермейді. Жырау момынға келіп бек болдың дегенде бек болу сөзін әмірші болу, хан болу мағынасында алып отыр. Ал Абылайдың өзі жөнінде: Үйсін Төле бидің Түйесін баққан құл едің, Момынға келі бек болдың Атаңды білмес құл едің. Жалаң аяқ жар кешіп Бөз тоқыған сарт едің. Шешенді және сұрасаң Түрікпеннің төрінде Қашып жүрге күң едің,- түрінде келетін сөздер – халық поэзиясында ұшыраса беретін дәстүрлі жолдар ыңғайымен ғана туған таза поэзиялық бояудағы сөздер. «Едіге толғауында» Едіге Жамбайға: Атаң қара кісі еді, Мал бергеннің құлы еді, Шешен қара кісі еді Ас бергеннің күні еді,- десе, «Орақтың толғауында» Орақ Қарабатырға былай деді: Мен толға десен толғайын, Қара батыр, саған толғайын, Мен сенің түп-түбіңнен айтайын, Сен Мышақыр деген шаһардан Азып шыққан жалғыз үйлі сарт едің, Әкең қара кісі еді, Ас бергеннің құлы еді, Шешен қара кісі еді, Мал бергеннің күні еді.

Тіпті Бұқар өлеңінің бір вариантында «Қашып жүріп күнелткен Мәскенің қара күні еді» деген жолдар да бар. Бұлай жай кездейсоқ ұқсастық емес, бұлар халық поэзиясындағы дәстүрлі жолдар, дайын фразалар. Міне, сол үшін де Бұқарда кездесетін әлеуметтік терминдерді екі жағдайда – таза терминдік мәніне әрі жұмсау тәсіліне қарай айыра қарау керек болады [5].

Бұқар поэзиясында оның тақырыптық ерекшелігіне қарай ел-жұрт, жер-су, кісі аттары мол кездеседі. Сол кезде қазақ халқы көрші болған ел (орыс, қалмақ, қырғыз, қарақалпақ, сарт, түрікпен) атауларымен бірге қазақтың ішкі ата, рулары да айтылып отырады. Керек, Арғын, Қанжығалы, қара керей, Сіргелі, Шапырашты, Қасқарау, Жаныс. Бұқарда бұлармен бірге үш жүздің баласы, он сан алаш баласы, ел, халық, жұрт, қазақ сөздері де бар. Бұқарға дейінгі жыраулар өлеңдерінде үш жүздің, қазақтың атынан айту, бұ терминдерді осы тұрғыдан пайдалану кездесе бермейді. Ал XV ғасыр жырларынан кейінгі азаматтық поэзияда қазақ халқына қоныс болған жер-су Бұқар өлеңдеріндегідей мол аталған емес. Жырау шығармаларында **Жиделібайсын, Сырдария, Түркістан, Ұлытау, Созақ, Баянауыл, Қызылтау, Көкмұрын, Қарқаралы, Атбасар, Қалғұтан, Көкшетау, Сабантау, Жарқайың, Арқа** сияқты **топонимикалық атаулар** кездеседі. Бұлар, әрине, Бұқар поэзиясындағы тілдік материалдар ғана емес, тарих та. Жырау: «Керей қайда барасың, *Сырдың бойын көбелеп*», - дейді. Бұқар жырау өлеңдерінде кездесетін ономастикалық терминдерге де осы тұрғыдан қарау керек. Айталық, Бұқарда: Әбілмәмбет патша (хан), Абылай хан (хан Абылай), Үйсін Төле би, Төлек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Жаныс Қаратй, Есенқұл батыр, т.б. күрделі атаулар бар және бұлар сонау XV ғасыр жырларында дәстүр үлгісінде ру атымен қоса қатар алынып отырады. Бұл сөздердің Бұқар сөздерінде қолданылуы олардың сөйлеу тілінің тұрақты қорына айналып, дағдылы тіл машығына енгендігінен емес, жырау бұлардың біразын-ақ поэтикалық тілдің бояу ретінде әдейі қолданады. Жырау пиғылы пасық залымның, зайыры қатты бу көпір, сегіз қайыр шар тарап, бес уақытты бес намаз түрінде араб-парсы сөздерін тұтас сөйлемдік үлгіде алып отырады. Кейде: Уақытымыз өткен соң Мезгіліміз жеткен соң, түрінде араб-парсы сөздерін синоним жағдайында қолданса, кейде жанжал-ерегіс және затсыз-тексіз түрінде қылмаңдар жанжад, ерегіс, затсыз, тексіз (сол көпір), араб-қазақ сөздерін синоним ретінде қатар алады. Бұқар өлеңдерінде араб-парсы сөздерінің ұйытқылығы негізінде жасалған, қалыптасқан бірсыпыра тіркес кездеседі: уақыт жету, мезгіл өту, уақыт кету, уақыт ісі, уақыт толу, басынан заманы көу, төрт құбыла, сегіз қиыр шар тарап, намаз қаза болмау, аллаға жарбау, тақтан таймау, жесір қалмау, жанжал қылмау, кеңес құру, жауап айту, қайғылы хабар, қаһар қылу, қам айту, сұм дүние, дүниедей кең, дәулет біту, дәлет құсы қону, бақ үйіне қону – араб тілі (әдебиеті) негізінде туған барынша жаңа тіркестер. Бұқарда дәулет сөзі араб тіліндегі «байлық» мағынасында (дәулет біту түрінде) әрі «бақыт» мағынасында да (дәулет құсы түрінде) қатар кездеседі. «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер жұтқан» сияқты өлеңдері мен өзіне дейінгі халықтық дидактикалық поэзия дәстүрін ілгері дамытса, «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай, сені мен көргенде», «Ханға жауап айтпасам», «Керей қайда барасың» әрі «Бірінші тілек тілеңіз» сияқты өлеңдерімен арғы жерде Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардан басталған азаматтық поэзияны тақырып әрі түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады. Поэзияның өз дәуірі мәселесіне араласып, жалпы халықтық ой-пікірдің, заман тынысының көрінісі ретінде қоғамдық құбылысқа айналуына зор ықпал етті. Бұқардың және оның поэзиясының өзіне дейінгі жыраулардан, олардың өлеңдерінен ерекшелігі міне, осында жатыр.

Бұқар поэзиясының тілінің лексикалық құрамы едәуір бай. Мұның өзі сол кездегі қазақ тұрмысының жырау өлеңдерінде біршама бой көтеруіне байланысты еді. Өйткені сөзді поэзияға жетектеп әкелетін тақырып. Міне, бұлар араб тілінен калька түрінде аударылған тіркестер. Сол сияқты Бұқарда қалмақтан алсаң маһар бір зайып деген жол бар [6]. Зайып араб тілінде әйел, ал маһар сөзі мехр болса «сүйікті», қалың малды деген сөз. Бұқар араб тіліндегі осы сөз тіркесін араға жалғаулық бір сөз кірістіріп қана сол күйінде алып отыр. Бұқар өлеңдерінде араб-парсы сөздерінің ұйытқылығы негізінде

жасалған, қалыптасқан бірсыпыра тіркес кездеседі: уақыт жету, мезгіл ету, уақыт кету, уақыт ісі, уақыт толу, басынан заманы көу, төрт құбыла, сегіз қиыр шар тарап, намаз қаза болмау, аллаға жазбау, тақтан таймау, жесір қалмау, жанжал қылмау, жанжал қылмау, кеңес құру, жауап айту, қайғылы хабар, қаһар қылу, қам айту, сұм дүние, дүниедей кең, дәулет біту, дәулет құсы қону, бақ үйіне түнеу – араб тілі (әдебиеті) негізінде туған барынша жаңа тіркестер.

Жалпы халықтық сөйлеу тілі дәстүріне еніп қалған бақ, тақ, қаза, уақыт, қыбыла, залым, намаз, момын, мұсылман, кәпір, жесір, дүние, жанжал, құдай, кеңес, нан, қала, заман, халық, пара, жан, кедей, дін, әйел, патша, дұшпан, т.б. сөздрмен қатар пақыр, пиңыл, пасық, қағаз, есеп, қам, зат (сыз), әгер, ақыры, қаһар, хабар, бәден, зайып, маһар, жауап, нұр, азаткер, дәулет, арсы-күрсі, т.б. сияқты сөйлеу тілінде пассив қолданылған сөздер де кездеседі.

«Қалдар ханмен ұрысып», «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң» сияқты өлеңдерінде: ай да батады, бәйшешекте солады, қу тақырға қурай біткендей қу таяқты кедейге де дәулет бітеді деген тілдік-стильдік тәсілдің материалдары қолданылған: *Тұрмыстық сөздер, сөз тіркестері*: (1) арба, доңғалақ, орыс(ы), сарай, ағаш үй, жарты лашық, қыстау, көш, үлде, төсек, шекпен, бөз, шара, отын, жантақ, бұзау, тері, шөптік, талыс; (2) көпір, құл, күң, ұры, қарақ, кісі, қатын-бала, шеш, жігіт, бикеш, қария, шал, кәрілік, келін, пақыр, еркек, ұрғашы, алғаны, т.б. Сол сияқты: төркіндеу, мертлік (болу), бұлген (сон), тіркеусіз қайту, ту сақтау, теперіш көру, шандып алу, берекесі қашу, күнелту, түйе бағы, т.б. тіркестер. *Жауынгерлік лексика*: бес сан (он сан) қол, ұрыс, жанжал, ерегіс, сүріс, соғыс, ақ сойыл, қылыш, найза, ту, дұшпан, жау, батыр, ер сияқтысөдер ғана, шеп шалу, жортып жүру, тоят тілеу, алмаған жау, найза тіреу, түн қату, қамалды бұзу, жаулық сағынбау, жаулық жолын сүймеу, ұрысты қыздыру, көк алу, әскер қылу. *Әлеуметтік мәндегі терминдер, сөздер мен сөз тіркесі*: 1) патша, хан, бек, би, төре, жақсы, 2) аталы (-дан би қойсаң), атасыз (-дан би қойсаң), тексіз (-ді төрге шығарып), затсыз, жабы, сүйегінді (жоғалтпас), 3) қара, халқым (не деп айтады); азды көпке (теңгеріп), жалғыз (-ды жалғыз деменіз), момын (-ға келіп бек болдык), қараша (халқы сыйласа); 4) бай (қу таяқты) кедей, жарлы, қызметші, азаткер (де) құлыңыз, күң; 5) жол, жора, пара, олжа, б) бөліске түсу, жарлық салу, қаһар қылу, есе тию, теңдік тию, бұйыру, сөгу, төре (-сін жаңылар) біту (Абылай алдында сен бітсен). Осы дәуірде туған есепке алу (алу), қағазға салу (салу), жазу, әскер қылу, солдат алу сияқты жаңа тіркестер де Бұқар өлеңдерінен бой көрсетті: *Халық атаулары (этнонимдер)*: орыс, қалмақ, қырғыз, қарақалпақ, сапт, түрікпен, т.б. *Ру атаулары (этнонимдер)*: **Керей, Арғын, Қанжығалы, Қара Керей, Сіргелі, Шапырашты, Қасқарау, Жаныс.** *Жер-су атаулары (топонимдер)*: **Жиделібайсын, Сырдария, Түркістан, Ұлытау, Созақ, Баянауыл, Қызылтау, Көкмұрын, Қарқаралы, Атбасар, Қалғұтан, Көкшетау, Сабантау, Жарқайың, Арқа.** *Кісі (антропонимдер)*: **Әбілмәмбет патша (хан), Абылай хан (хан Абылай), Үйсін Төле би, Қалдар хан, Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Төлек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Жаныс Қаратай, Ақмұрза, Есенқұл батыр, т.б.**

Қорытынды: Мақаламыздың негізгі нысаны Бұқар жыраудың поэзиясы ішінде кездесетін лексикалық топтарды анықтап, екі толғаудың тілінен *ономастикалық атаулар* жинақталды. Бұқар поэзиясындағы тағы басқа атаулар мен лексикалық топтарды әлі де толықтай қарастыру – болашақтың үлесі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2258>
2. Бұл да сонда
3. Ай, заман-ай, заман-ай жинағы. Алматы, 1992. 125-б.

4. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1967. 16-б.
5. Көпеев М.Ж. қолжазбалары, №334-папка, XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 30-б.
6. Таң журналы. 1925. №4.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БЕЙРЕСМИ КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.А.Садырбаева, магистр, аға-оқытушы,
М.З.Беркутбаева, магистр, аға-оқытушы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ.

Түйіндеме: Бейтаныстық факторы қарым-қатынастың ары қарайғы ресми сипатын анықтайды. Қарым-қатынас жасаушыларды аталғандай жағдайда берілген ортада сөйлеудің жалпы нормаларын ұстануға мәжбірлейді. Ағылшын тілінде бейтаныс адресатпен қарым-қатынас жағдайында қазақ тіліне қарағанда регламенттік және этикеттік сөздер көбірек әрі жиі қолданылады. Қарым-қатынастың ресми түрінде де, бейресми түрінде де ағылшын және қазақ тілдерінде, қаратпа рөлінде белгілі болған ретте, адресаттың лауазымын, атағын немесе әлеуметтік дәрежесін көрсететін апеллативтер қолданылады. Медицинадағы адамдарға деген сыпайылық формасы әдетте олардың кәсіби атақтарын қолдану арқылы жасалады.

Тірек сөздер: бейтаныс адресат, бейресми, қаратпа, лауазым, туыстық терминдерін, этикеттік сөздер.

Аннотация: Гонорифические формы, называя адресата, позволяют непосредственно устанавливать соответствующую социальную дистанцию между коммуникантами. Их использование в английском языке является, прежде всего, традиционным, оно не связано с какими-либо конкретными социально-политическими процессами. Эти формы, в ходе длительной истории своего существования, превратились в сугубо формализованные средства выражения уважительного отношения, почтительности к адресату. При выборе обращения в этом случае ключевыми являются индивидуально-позиционный и гендерно-возрастной параметры.

Ключевые слова: незнакомым адресат, регламентные, этикетные, вокативные высказывания, традиционные формы.

Annotation: Honorific form, naming the destination can directly install the appropriate social distance between the communicants. Their use in the English language is, above all, traditional, it is not related to any specific socio-political processes. These forms, which in the long course of its history, turned into a purely formal means of expressing respect, deference to the addressee. When choosing a treatment in this case are the key individual position and gender-age settings.

Keywords: destination unknown, routine, etiquette, vokativnye statements, the traditional forms.

Адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын — антропонимді зерттейтін ономастика тармағы- антропонимика (гр. anthropos - адам, опута ат). [1,509б.]

Қазақ есімдерінің де өзіне тән тарихы, пайда болу жолы бар. Кісі есімдерінің шығу, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарының шыққан уақыты ғылымда белгілі болып отыр.

К.Маркс, Ф.Энгельс неке мен отбасы қалыптасуы туралы еңбегінде алғашқы қоғамдағы рулардың шығуын, олардың есімдерінің қойылу тарихын ғылыми түрде кеңінен сипаттайды: «Әрбір рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше ұқсас есімдері болады, ол есімдермен бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады, ендеше әрбір мүшесінің есімі де оның қай рудың адамы екенін көрсетеді» - дейді Ф.Энгельс [4, 47 б.]. Осымен бірге, ертедегі рулар аттарының хайуандар аттарымен байланысты болғанын көреміз. Ол туралы Ф.Энгельс: «Кейбір рулардың аттары хайуандар аттарымен де аталатын болған. Сенеке тайпасында қасқыр, аю, тасбақа, құндыз, бұғы, балықшы, көкқұтан, бүркіт деген сегіз ру бар екен. Халық аузындағы аңыз бойынша, басқа рулар аю мен бұғы атты рулардан тараған көрінеді» [4, 49 б.]. Бұл хайуандар аттары әрі сол ру басының есімдері ретінде жұмсалған. Кейінгі этаптарда осы ру аттары адам аттарына ауысып отырған.

Жеке адам есімдері басқа көптеген жеке атаулардай өздерінің дербестігімен ерекшеленеді: әр адамның жеке есімі бар. Жеке есімдер қайталап отыратындықтан, оларға қосымша атаулар беріледі. Дамыған қоғамда адамның ресми атауларының өзіндік жүйесі болады. Мәселен, антикалық Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі мынадай: адамның жеке есімі + ру тегі + жалған аты + ататек есімі + қосымша аты. Үнді елінде бұл жүйе 3 құрамнан тұрады: гороскоптық есімі, жыныстық немесе діни секталық есімі, касталық есімі. Мысалы, Рабиндранат Тагордың есімі: Рабиндра (Күн құдайы), Натх (еркек), Тхакур (жер иеленушілер қастасынан) құралымынан тұрған.

Адамның азан шақырып қойған есімінен басқа қосымша аттарға да сүйенеді. Қосымша аттар лақап, жанама, бүркеме лақап, балама деп аталады. [5, 86б.]. Қосымша атқа қоғам қайраткері, жазушылар, суретшілер мен артистер түрлі себептердің салдарынан иек артқан. Қосымша аттардың бір түрі ретінде бүркеншік аттардың да (псевдонимдердің) әлеуметтік мәні мен коммуникативтік қызметі ерекше. Бүркеншік ат (грек. *pseudos* — жалған, *опута* — есім) — автордың өзінің шын есімін ауыстырып қолданатын ойдан шығарылған есімі. [4, 47 б.]. Бүркеншік ат (псевдоним) деп шын аттан бөлек, ойдан шығарылған, көп реттерде фамилия мен есімдер орнына жүретін атауларды айтады. Ол гректің «псевдонимес» сөзінен «жалған аталған, жасырын» деген ұғымды білдіреді. Бүркеншік аттарды әлеуметтік саяси өмірге қатысушы қоғам қайраткерлерді, ақындар мен жазушылар, журналистер мен көркем өнер мамандары пайдаланған. Кейбір авторлар туған жердің атын, не шыққан руын, кейде өз атын бүркеншік атпен жазады. Мысалы Ә. Бөкейханов өзінің бірқатар мақалаларына «Қыр баласы», «Арысұлы», «Қалмақбай», т.б. деп қол қойса, М. Әуезов «Қоңыр», «Арғын», «Жаяусал», «Айғақ» деп қол қойған.

Лақап ат адамның екінші бейресми аты ретінде қоғамның белгілі бір ортасында адамның өз атымен қатар қолданып, жеке адамның қадір қасиетін, оның объективті шындыққа қарым қатынасын сипаттайды. «Лақап ат (*жалған ат* араб.) жеке адамның екінші, қосымша аты қызметін атқарады» [5, 86 б.].

Сонымен, тілімізде ресми шын аттармен қатар, лақап аттар да бар. Лақап аттар барлық халықтарда бар. Ағылшын тілінде лақап ат - «*nickname*» деп аталады. Кейбір тура тауып қойылған есімдер жалқы есімді ығыстырып тастап, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады. Ондай лақап аттардың тым ерте кездерде-ақ қолданылғанын байқаймыз. Ерте кезде лақап тек адамдардың ғана емес, тіпті кейбір рулардың да лақап аттарының болғаны байқалады. Бұл құбылыс түркі халықтары арасында көбірек кездеседі. Мысалы: Қаракесек, Қарақыпшақ, Ақ найман, қара қаңлы, сары қаңлы, сары үйсін, жанышқылы,

байұлы, таз, жетіру, семіз найман, жуанбұт найман, шымыр, көкірек, шуылдақ, қайшылы, алғалы, ошақты, ойықты, шимойын, момын т.б. Лақап аттар адамның дене бітім, пішін тұлғасына және психологиялық ерекшелігіне қарай, кейде істейтін кәсібіне лайықты қойылып отырады. Баланың сәби кезінде қойылған лақап аты оның есейгенде де сақталуы мүмкін. Лақап ат адамның екінші бейресми аты ретінде қоғамның белгілі бір ортасында адамның өз атымен қатар қолданып, жеке адамның қадір қасиетін, оның объективті шындыққа қарым қатынасын сипаттайды, адамның қасиеттеріне, шығу тегіне, тұрған жеріне, бет-пішіне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады.

Проф. Т.Жанұзақов лақап аттарды лексикалық мағынасына қарай мынандай топтарға бөледі:

1. Адамның бет-әлпет түріне, көзі, шашына байланысты: Қаракөз, Ақбала, Айша, Қарақыз т.б.

2. Адамның жүрісі, тұлғасы мүсіне байланысты: Жорға, Жұмабай, ұзын Ахмет, Құлагер т.б.

3. Адамның дене-мүшесінің кемдігіне байланысты: Бүкір, Сақау, Шолақ, Кекеш.

4. Мінез-құлық, бейімділік әрекетке, ерекшелік қасиеттерге байланысты: Найзағай, Асан т.б.

5. Негізгі кәсібі, қызмет бабына байланысты етікші Ахмед, мұғалім Оспан, қойшы Аман, дәрігер Нұржан т.б. [5, 59 б.].

Осыған байланысты лақап аттың қойылу себептеріне мынадай мысалдар келтіруге болады: есте тез қалып және айтуға жеңіл болу үшін өте ұзын аттарды қысқа ету. (спортшылар, саяшылар, әншілер, артистер арасында көп қолдынады). Мысалы, белгілі футболшы Эдсоно Арантеса ду Насименту, қысқа Пеле деген атпен танымал.

Өзінің шығу тегін, ұлтын жасыру мақсатында. Емельян Ив́анович Пугачёв— дон казақы, қарапайым шаруадан шыққан, шаруалар соғысының басшысы, III Пётр тірі дегенді естіп, өзін осы атпен таныстырған.

Бір салада жұмыс жасайтын бірдей есімге ие аттақты адамды шатастырмау мақсатында. Ағайындылар арасында көп кездеседі. Мысалға алсақ, атақты футболшы Роналдо өзінің атын Роналдиньо деп өзгерткен себебі, өзінің аттасы футболшы Роналдодан ерекшелену мақсатында. Осыған байланысты қазақ ауыз әдебиетінен мысал келтірсек: алдаркөсе — қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды айлакердің, зерделі қудың жиынтық бейнесі. Алдаркөсе өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты – сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ханды, т.б. әжуа ету. Мысалы, ол асқан сараңдығы үшін халық Шықбермес Шығайбай атаған байдың асын ішіп, атын мініп, қызын алады; алыпсатар саудагердің алдынан өгіздерін айдап кетеді; оның бұл әрекетін халық айыптамайды, қайта құптап, қошеметтеп отырады. Өйткені, Алдаркөсе әділетсіз билік иелерінен қиянат, қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі. Алдау арқылы кедей, қарапайым халыққа көмек көрсетеді. Өзінің аты айтып тұрғандай алдар «алдау» және «көсе» шебері дегенді білдіреді.

Осы сияқты әйгілі ағылшын халқының балладасынан алынған кейіпкер-Робин Гуд-орман қарақшыларының басшысы. Өзінің қарақшылар тобымен Шервуд орманында Ноттингем маңында байларды тонап, тапқан табысын кедейлерге беріп отырған. Осы аттың түбірін қарасақ «hood» деген сөз «қалпақ» дегенді білдіреді, кейіпкердің сырт келбетін суреттейді. Бұл сөздің тағы бір мағынасы-жасыру, қалпақпен жабу дегенді білдіреді. «Robin» деген сөз «robber, rob» сөзінің мағынасы «ұрлықшы» дегенді білдіреді. Сонымен Robin Hood деген «қалпақтағы ұрлықшы» дегенді білдіреді. [6, 5 б.]. Бұл жағдайда лақап ат кейіпкердің ісіне және келбетіне қатысты қойылғанын көрсетіп тұр.

Сонымен қатар алдын айтып кеткендей тек белгілі бір себептер болмаса да, өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай, бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында да лақап аттар қойылады.

Демек, лақап аттар ресми түрде (әке аты, фамилия болып қалыптасады). Өйткені олар ресми паспорттың есімдері емес. Баланың өңі қара болса оны *Қарабала*, *Қарақыз* немесе көзі қара болса *Қаракөз* деп атап кету болған. Лақап ат әдетте халық тарапынан қойылады. Өйткені халық өз арасындағы, өз қоғамындағы адамға сыншы, кемшілігін байқағыш сыншы болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет.
2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. "Сөздік-Словарь", 2005.
3. Жанұзақов Т.Дж. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс. кан. филол. наук. —Алма-Ата, 1960. — С. 56, 45.
4. Энгельс Ф. Семьяның, жекеменшіктің және мемлекеттің шығуы. — Алматы, 1967. 47-49 б.
5. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 1988. — С.59,86.
6. Holt J.C. Robin Hood. London, 1983. С. 5.

ҚАЗАҚ ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ҚАБАТ

Н. Ершораева, 2-курс магистранты
Ғыл. жет.: ф.ғ.к., проф. М.Ә. Жүнісова
Абай атындағы ҚазҰПУ

Еліміздегі жер-су атауларындағы түркілік қабаты бұрын-соңды мақала күйінде қарастырылғанымен, арнайы зерттеу нысаны болмаған. Жер-су атауларын тілдік тұрғыдан қарастырғанымызда, осы мәселемен айналысып жүрген қазақ ғалымдарының үлкен еңбектерінен үлгі алдық. Мақаламыздың мақсаты, ең қадірлі дүниеміз жеріміздің тарихи атауларындағы түркілік қабаттарды ашып, оларға сан мыңдаған ғасырлар бойы өзгермей, негізгі географиялық нысан болып келе жатқандығын дәлелдеу.

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына шешілмеген құпия, сыр жатады», - деп жазған еді ұлы жазушы М. Әуезов [1].

Топонимикамыздағы тілдік ерекшеліктерін шығу төркіні жағынан қарастырғанда, сөз тарихының тілдік даму кезеңдерінің қайсысына тән екенін, өзгеру күйінің қоғамдық құрылымдардың өзгеруімен тікелей байланыстылығы мен адам тұратын жеріндегі тұрмыстық мәселесі де аса маңызды болатынына көз жеткіздік. Кейбір топонимдік атаулардың өзгеруіне басты себеп, *саяси-идеологиялық себептер* болса, енді бір атаулардың құрамында *географиялық терминдер* біріккен түрде келетінін анықтадық.

Қазақ топонимдік атауларын зерделеуде ерекше еңбек етіп келе жатқан Т. Жанұзақов, Қ. Рысбергген сияқты ірі ғылыми жұмыстар жазған ғалымдарымыздан бөлек түркілік ономастикалық кеңістік мәселесін қарастырған көне, орта түркі кезеңдеріндегі қолжазба ескерткіштер тілінде

сақталған онимдерді қарастырып келе жатқан түркітанушы ғалымдарымыз да баршылық.

Жер-су атауларын адам тіршілігіне қатысты ақпарат беру мақсатында жұмсалды дейтін пікірге қосыламыз. Ата-бабамыз мекендеген, көшіп-қонған жер-су атаулары, сол жерде өсетін флора мен фаунаға да қатысты. Мәселен, Қызылорда облысының орталығы Қызылорда қаласы бір кезеңдерде Қоқан хандығының қоластына қарап, Қамысқала атанғаны белгілі [2, 53]. Бұл топонимдік атаудың түбірінде Қамыс ол жерде сырдың бойына қаптап өзінен-өзі табиғаттың кеңшілігімен өсетін шөптің, яғни *қамысты жер* болғандығынан аталып отырса, *қала* елдімекенді көрсететін географиялық термин. Сонымен қатар, тау, төбе, су, өзен, көл, қайнар, т.б. терминдердің де топонимикалық атауларда қолданылатынын аңғардық.

Қазақ халқының қандай тыныс-тіршілігі болғанына, оның «жердің аты-бабалар хаты» демекші, бабасының тұрмысында қолданылған өсімдіктер мен жан-жауарлармен тығыз байланыстылықты башқұрт халқының «Жәдігер» ғылыми журналында жарияланған мақалаларынан таптық [3, 49]. «Башқұртстанның топонимдік мұрасы жәе оны меңгеру мәселелері» деген мақалада, ең алдымен Оңтүстік Орал мен Орал алды аумағындағы Башқұртстан топонимиясы тарихи, мәдени және тілдік мұра болатынын, табиғат ананың, флора мен фаунаның көптүрлілігінің, сол арқылы өз елдерінің туристік ағымын көбейтуді ойлап, ондағы жергілікті нысандардың атауларын зерттеу арқылы сол жер-су атауларындағы бабадан келе жатқан ғылыми ақпараттарды туристерді қызықтыру үшін қолдану керектігін мәселе етіп көрсетіп отыр. Башқұрт халқы топонимдік мұраларды ең қайталанбас қадірлі дүниесі деп қарайтынын, сондықтан В.А. Никоновтың «Топонимикаға кіріспе» (Топонимикаға инеш) кітабында Швеция мемлекетінің 12 млн. Топонимдік мирасын жасапшыққанын айтады. Соны үлгі ете отырып, Башқұртстанда да топонимдік атаулардың тізімін жасау қолға алынуы қажет екенін айтады. Географиялық атауларды қайта жаңғырту арқылы белгілі кезеңдердегі Башқұртстан этнотерриториясын белгілеп, картасын салуды ұсынады. Мысалдарында *Ық*, *Ыйық*, *Эйек*, *Яйық* деген гидронимдер (ық – «ығыу», «ағыу», «ығышыу»), ежелгі түркі тілінде *iduq*, алтай тілінде *ыйык* / *йайык* «ізгі». Демек, бұл гидронимнің атауын Птолемейдің картасында *Daiks* формасында көреміз. Бұл гидронимнің жасы 1800 жылдан бұрын аталған. 921 жылы Араб миссионері Әхмәд ибн-Фазлан Ирхиз (Ырғыз) формасында гидронимді атайды. Сонымен қатар бұл мақалалда *қур* деген түбірден шыққан Қорғазак жылғасы атауындағы *қор* (кепкен, құрғак), *ғазак* (көне башқұртша) «речка» еген түсінік берілген. Бұл жай өзенше дегеннен гөрі емдік қасиетке ие жылға деу керек болады: Құрйылға, Қурлы, Қойөргізе Суксун (копать) деген атауды, Соксон (старатель) деп түсіндірген. Әр тарихи дерек, өз ізін қалдыратыны топонимикалық атаулар саналады. Әлемнің түкпір-түкпірін қамтып, күннен күнге күшейіп келе жатқан дамудың жаңа дәуірі – жаһандану дәуірінде елдер мен мемлекеттердің қарым-қатынасы өзгеше жаңа бағытта дамуды қажет етеді. Әлемдік өркениеттің дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан бауырлас түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы да осы жаһандану үрдісіндегі жаңаша дамудың үлгісі іспетті. Тарихы мен тілі ортақ, мәдениеті мен өркениеті бір-бірімен астасып жатқан түркі тілдес елдердің бірлесіп жұмыс жасауы халықаралық интеграцияда маңызды орын алатыны сөзсіз. Ғылым-білімнің қай саласы болмасын ортақ тарихи зерттеулер жүргізу бауырлас түркі елдердің ынтымақтастығының одан әрі дамуына игі әсерін тигізеді.

Әлемде қалыптасып отырған күрделі геосаяси жағдайда, жаппай жаһандану үрдісі қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларында етек жайып бара жатқан жағдайда халқымыз өзінің өздігін жоғалтпай, өзгеге өзін мойындатуда ұлт мәдениетін, тілін, тарихын, рухани құндылықтар жүйесін, адами, этикалық мұраттарын жүйелеудің, түгендеудің, зерделеудің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-территориялық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Бұл бағыт ономастикалық тарихымыздың түркілік қабатын терең зерттеуді қажет етіп отыр.

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады.

Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады. Атау жасауда халықтың рухани және материалды мәдениеті оның дереккөздерін қолдана отырып, оны өздері қалыптасқан, дамыған, әртүрлі ықпал әсерінен өзгеріске ұшыраған себеп болған ұжыммен байланыстырады.

Қазақ топонимдерінің шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары кеңінен зерттеп, ерекше зер салатын мәселелердің негізінен саналады. Бұның өзі сөз тарихымен, тілдің әр дәуірдегі даму, өзгеру күйімен, тіптен қоғамдық құрылымдардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Топонимдердің жасалу, пайда болу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыстағы әртүрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ жеріндегі топонимдердің өзгеру динамикасын анықтау арқылы жеріміздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы пайдаланып келген бізге берер ақпаратын айқындап, эндонимдерімізді түгендену арқылы мемлекет тұтастығын сақтай аламыз.

Боржақтысай – *сай*, Жез, ауд. *Бор* (зат есім) + *жақ* (зат есім) + *ты* (қосымша) + *сай* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі тұлғалы топоним. Бұл атаудың бірінші сыңарындағы *бор* монғол тілдерінде: бурятта *боори* – «биік жер, төбе», халха–монғолда *буур* – тау баурайы, етегі. Ал екінші сыңарындағы *жақты* сөзі алтай тіліндегі *жуука* – «сай, жыра», ал *жуукалу* – «сайы бар, жыралы» сөзінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген

нұсқасы болу керек. Демек, атаудың топонимдік мағынасы «қатпар тасты таулар» немесе «ұсақ шоқылы, төбелі жердегі терең сай» дегенге саяды [4, 36].

Бөген – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында өзен және елді мекен аттары. Бұл атаудың тым көне екендігін, тарихы тереңде жатқанын ескерсек, оның бірінші сыңарындағы *бө* морфемасы көне түркі, тұнғыс-манжұр, фин-угор тілдеріндегі *бо* < *би* < *бу* – «су, өзен» сөзі болуы ықтимал, оны Э.Мурзаевтың тұнғыс-манжұр тілдерінің солтүстік тобына тән негидал тіліндегі *bija* – «өзен, бастау, қайнар», *бу* – «су», «өзен», «көл» сөздерімен салыстырыла қарауы да орынды. Ғалымның осы Бөген атауы сияқты атаулардың құрамындағы «ген» гидронимдік «қан» терминінің өзгерген тұлғасы болар деген жорамалы да құптауға тұрарлық. Демек, *Бөген* атауының ескі замандағы айтылу тұлғасы *Буген*, *Биген* немесе *Беген* болуы да мүмкін. Бұған қарағанда, *Бүйен*, *Бөген* атауларының түп төркіні бір – «өзен, су» болса керек [5, 68].

Ертіс – өзен. Ұзындығы 4248 м. (Қазақстан шеңберінде 1700 км.), бас алабы 1643 мың км. Ертіс атауының бірінші сыңарындағы *ер* сөзін көне түркі тіліндегі *jer* (иер) сөзінің көршілес тұрғындардың айтуына орай қысқарып, өзгерген нұсқасы, ал *тіс* < *іс* түркі т. б. тілдерде «өзен» мәніндегі сөз деп білеміз. Демек, Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен», түркі тілдерінде жиі кездесетін *Қарасу* атауына сәйкес келеді (Жанұзақ, 2010: 356).

«Су/өзен» географиялық терминнің біздің топонимдерімізде әр тілде бірнеше нұсқада сақталғанын байқаймыз. Мәселен: *Су* – *азых*, *арал*, *баганьус*, *бо*<*би*<*бу*, *bija* т.б. Ал «биіктік» мәнді «тау/қырат/жота/төбе/асу/шың» географиялық терминдері *тағ*//*тағы*, *домба*, *хулак*, *зеңгір* // *заңғар*, *эмэл*, *арга*, *хамар*, *буур* т.б. нұсқада бізге жеткен. Жердің ой-шұқырын, тегістігін біздіретін «сай/жазық» терминдері *анга*, *тамақ*, *дал* ~ *тал* т.б. нұсқаларда көрініс тапқан.

Сонау көне түркі заманынан қазірге дейін топонимдер арқылы бізге жеткен бұл географиялық терминдер біздің тілдік байлығымыз. Бұлардың мән-мағынасы қазір көмескіленген, түсініксіз, яғни өзінің ақпараттық қызметін атқарып тұрған жоқ. Мұндай атаулардың мағынасын ашып көрсету – ұрпаққа берген құны жоғары дүние, себебі атаудың өзінде жер бедері, сулы өңір екендігі туралы ақпарат айқайлап тұр. Қазақ жерінде мұндай топонимдер жетіп артылады. Олар арқылы біз өзіміздің кім екенімізді, атау тағушы ата-бабамыз тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жерлерді анықтап, қолданғаны әрі ұрпаққа ақпарат жеткізгені, тіліміздің бай екендігі жөнінде әлемге паш ете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. 50 томдық жинағы 12 т., 38 бет.
2. Қазақстанның 70 тарихи орны (Тарихи және географиялық орындардың суретті энциклопедиясы). – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 224 бет.
3. «Жәдігер» журналы, №15, 43 б.
4. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні. -Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
5. Мурзаев Э. Словарь народных географических терминов. -М.: Мысль. 1984, -653 с.

ҚАЗАҚ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Айтқозы Айгерім

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі: Асанбаева С.А., ф.ғ.к., профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аңдатпа: Мақалада жарнама тарихы мен жарнама саласындағы зерттеулердің даму мәселелері айтылады. Қазіргі адамның өмірін жарнамасыз елестету мүмкін емес. Жарнама-бұл адам қызметінің динамикалық, тез өзгертін саласы. Ғасырлар бойы ол адамзат қоғамымен бірге дамып, бірге келеді. Жарнаманың мазмұны мен сипаты қоғам өмірінің дамуымен байланысты оның жаңа формалары мен тәсілдері пайда болуда. Жарнама қызметінің дамуы нарық өндірісінің, сауда мен қаржы қажеттіліктерінің, мемлекеттік басқару нысаны мен әртүрлі діни конфессиялардың, саясаткерлер мен қарапайым азаматтардың сұранысын қанағаттандыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, жарнама - бұл өзінің ішкі заңдарына сәйкес дамитын жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі. Бүгінгі таңда Қазақстандағы жарнама процесі қоғамның барлық салаларының дамуына әсер ететін кең ауқымды экономикалық және мәдени құбылыс болып табылады.

Түйін сөз: жарнама тарихының дереккөздері, жарнама тарихы, шетелдік жарнама тарихы, жарнаматанушылар, жарнама тілі.

Abstract: It is impossible to imagine the life of a modern person without advertising. Advertising is a dynamic, rapidly transforming sphere of human activity. For centuries, it accompanies a person. The content and nature of advertising change together and under the influence of changes in the forms and ways of organizing the way of human life. The main factors in the development of advertising activities are the needs of production, trade and Finance, the form of government, the goals of various religious denominations, politicians and ordinary citizens. Among other things, advertising is a part of the universal culture that develops according to its own internal laws. Today, the advertising process in Kazakhstan is a full-scale economic and cultural phenomenon that affects the development of all spheres of society.

Keywords: advertisement as historical source, advertising history, foreign advertising history, advertising scientists, the language of advertising.

Адамзаттың даму жолында жарнаманың қоғамдағы қызметі ерекше екені айтпаса да түсінікті. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, жарнама біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта Мысырда болған көрінеді. Ал ежелгі Шығыс елдерінде жарнама сауданың бірінші тетігі, тіпті оның кілті болған.

Батыс ақпарат құралдарындағы берілетін жарнаманы қарасақ, олардың творчестволық ізденістері, полиграфиялық деңгейінің жоғарылығы, психологиялық әсері тек қана таңдандырып қоймайды, ұқсас үлгілерді жасау үшін жаңа ізденістерге шақырады.

Жарнаманың пайда болу себептері: **Біріншіден**, адамзат қоғамында айырбастау эквиваленті ретінде ақша пайда болғаннан бері қарым-қатынас қызметінің дұрыс атқару үшін немесе пайда мөлшерін ұлғайту мақсатында саудагерлер өз тауарларының сапасы жайлы айтуға мүдделі болды. Бұл сататын орынды нақтылау, белгілеу үшін қажет болып, дүкендердің маңдайшалары, тауарлар қойылған терезе-витриналар, жайма базарлардың пайда болуы; **Екіншіден**, сөзбен мадақтау – жарнаманың ежелгі түрі, сатушының болашақ тауар тұтынушысымен өзара әңгімесі, жарнамаланып отырған тауардың сапасын, түрін, ерекшелігін анықтау және барша жұртқа әйгілеу.

Жарнаманың негізгі мақсаты - қоғам мүшелерінің идея, көзқарас, түсініктерін қалыптастыру және тікелей санаға әсер ету. Бұл журналистиканың да мақсатымен астарлас мәселелер. Сондықтан да жарнама агенттіктері қызметін журналистер атқарды. Бұл жағдайды ерекше атап отырған себебіміз - қазіргі бастан кешіп отырған экономикалық - саяси жағдайымыз дамыған елдердің жүріп өткен жолдары. Мысалы, Америка Құрама Штатарында жарнама агенттіктері ХІХ ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ал пайда болған жылы – 1840[1].

Өркениетті елдерде жарнама саласы мен жарнама тілі әлдеқашан зерттеу объектісіне айналған. Ал біздің Қазақстан тіл білімінде жарнама саласы соңғы 10-15 жылдың көлемінде ғана зерттеу нысанына айнала бастады. Кеңестік кезеңде жарнаманың дәл қазіргідей формасы мүлдем болған жоқ, зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, ол кезде тек партия мен социализмді қолдауға жар салған ұрандар жазылған тақташалар ғана болған. Сондықтан қазақ тіл білімінің социолінгвистика, экстралингвистика саласында жарнама тақырыбы қозғалған жоқ; жарнама тақырыбын тоқсаныншы жылдарға дейін қозғаусыз жатқан тың тақырып деп есептеуімізге болады. Тоқсаныншы жылдардан кейін ғана жарнамаға арнайы көңіл бөліне бастады. Қазақстанның нарықтық -экономикалық қатынаста даму үрдісі жарнамаға барлық қырынан қарауды талап етіп отыр. Демек жарнаманы сан салалы жағынан зерттеу, онан шыққан пайдалы нәтижелерді халыққа ұсыну бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Тіл жарнама саласымен өте тығыз байланысты. Өйткені қандай да болмасын жаңалық, өзгеріс халыққа тіл арқылы жеткізіледі. Қазіргі таңда жарнама үлкен қоғамдық сипатқа ие болды. Оның даму дәрежесі күннен-күнге ілгерілеп отыр. Жарнама бізге тосыннан келген жаңалық емес. Ол қоғам өмірімен тығыз байланыста дамып отырады.

Жарнама қашан пайда болды? Өткенге зер салып қарайтын болсақ, жарнаманың замандар бойы қалыптасып дамыған, қоғам, халық өмірімен біте қайнасқан өзіндік тарихы бар. Жарнаманың ең алғашқы үлгілері тауар өндірісінің дамуы кезінде пайда болды. Мысалы, көне Грекия мен Римде сауда-саттыққа байланысты алғашқы хабарлар ағаш тақталарда, сүйектерде жазылып, оқылған. Жарнаматанушылардың пайымдауынша, алғашқы жазбаша жарнамаланған жарнамаға 2500 жыл болған тәрізді. Көне Египеттің Мемфия қаласында табылған тасқа ойылып жазылған жарнама былай делінген: “Мен, Рино, Крит аралынанмын, құдайдың қолдаумен, түс жоримын» (“Я, Рино с острова Крит, по воле богов толкую сноведения»). Осы бір Риноның өзін жарнамалаған тас Каир қаласының музейінде сақталынған.

Шет елдерде, әсіресе жарнама Америкада жақсы дамыды. АҚШ-та ең алғашқы жарнама газет бетінде 1704 жылы 1 майда жарияланған. Бұл жарнама үш хабарландырудан тұрады. Ол Бостонның “Ньюслеттер» газетінде жарияланған. Ал Жапонияда жарнаманың пайда болуын 17-18 ғасырдың орта шенімен байланыстырады. Бірақ жарнама жеке кәсіп ретінде арнайы жарнама компаниялары құрылған кезде ғана пайда болды. Газет жарнаманың бірден-бір құралы болды. Жапонияда ең бірінші газет 1850 жылы шықты. Газеттегі жарнамалар негізінен дәрі-дәрмектерді, парфюмерияны, жаңа басылымдарды жарнамалады [2].

Жарнама қазақ халқына да кездейсоқ, тосыннан келген жаңалық емес. Оның алғашқы ауызша үлгерін қазақ әдебиетінен байқауымызға болады. Халық аузындағы аса құнды мәдени мұраларды жинау ісінде айрықша көрнекті еңбек еткен ғалымдар: В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.Ильминский, А.Е.Алектаров тағы басқалар. Ауыз әдебиетіндегі “Қамбар батыр», “Қобыланды батыр», “Алпамыс батыр», жырларындағы үзінділерден сол дәуірдің жарнама үлгілерін көруге болады. Себебі жазу-сызуы жоқ елде хабар таратудың ең қолайлы түрі осы болды. Мұндай жарнама үлгілерін ауыз әдебиетінен молынан кездестіруге болады.

Мысалы, Сыр бойынан табылған «Мұнлық-Зарлық», «Оғыз-Наме» жазба ескерткіштерінің «Жарлық шашу», «Жар салу» сөздерінің өзінен жарнаманың негізі барын байқауға болады. Мысалы, XII-XV ғасыр ескерткіші бойынша, Оғыз қаған әйдік той жасады, ел-жұртқа **жарлық шашып**, шақырып кеңесті ... Жарлық жазылып, елшілерге беріп жіберілді. «Мұнлық-Зарлық» ескерткішінде де «Жар салу» деген де сөз бар[3].

Қазақ жазбаша жарнамасының үшінші кезеңі – 1917 жылғы төңкеріске дейінгі уақыт. Бұл – сауда – саттықтың айырбас түрі болған кез. XIX ғасырдың екінші жарстысындағы қазақ буржуазиясының ұлттық талаптарының бірі ана тілінде газет шығару болды. Патша әкімшілігінің бұйрық-жарлығын, жаңа хабарларын, сауда-саттық мәселелерін жергілікті әкімдермен халыққа өз тілімізде жеткізу де қазақ тілінде шығатын газетті қажет етті. Осындай қажеттіліктердің нәтижесінде, ұлттық буржуазияның тілегін қанағаттандырып, жергілікті әкімдердің қазақ елін ісін жеңілдету мақсатымен патша үіметі ұлт тілінде газет шығаруға рұқсат берді.

Қазақ тіліндегі «Түркістан уәлаятының газеті» («Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы) 1870 жылдың 28 сәуірінде шыққан бірінші санында қазақ тіліндегі алғашқы газет туралы жарнама берілді. Газеттің бірінші бетінде сол кездегі жарнама хабарларының ақысы жазылды. Яғни бірінші беттегі жарнаманың құны 10 тиын, соңғы беттегі жарнаманың құны 5 тиын. жарнамалар газетте арабтың «Иғлан» сөзімен немесе орыс тіліндегі «Объявление» сөздермен берілді.

«Түркістан уәлаяты» газетінің қазақша бөлімінің 1883 жылы жабылуына байланысты қазақ тіліндегі екінші газет бұдан 5 жыл кейін 1888 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңадан құрылған Дала генерал-губернаторының органы ретінде оның администрациялық орталығы – Омбы қаласында шыға бастады. Газеті шығарушы және оның бақылаушысы «Дала» генерал-губернаторы болды. Бұл газет Қазақстанның барлық түкпір-түкпіріне таралды. Газет программа бойынша «Жоғары ұлықтардың қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтарымен қазақтарды таныстырып отыруға, сондай-ақ олардың арасында елдің табиғаты, тұрмысы, шаруашылық жайы, (мал шаруашылығы, егіншілік, айырбас сауда т.б.) және мәдени өмірі (әдет-ғұрып, өсиет, ертеқ, әңгіме, халықты сауаттандыру т.б.) хабарларды таратуға» тиісті болады[4].

Ал «Дала уәлаяты» газеті беттерінде ең көп тараған жарнама хабарларының бірі – жаңа кітаптар. Олар «Жаңа кітаптар» деген атпен жарияланып отырды. Мысалы, патшалы Ресейдің отарлау саясатының бетін аша түсетін 1884жылы басылып шыққан Ахмет Кенесарин жазған «Султаны Кенесары и Сыздық» атты кітап. «Дала уәлаяты» газетінде берілген жарнама хабарларының көпшілігі саяси-экономикалық мәселелермен қатар оқу-ағарту, әдебиет, өнер-білім, ғылым салаларындағы жаңалықтар жөнінде болды. 1895 жылғы «Дала уәлаяты» газетінде сол кезде жаңадан ашылған «Ағаш медресесі» туралы жарнама хабары – соған мысал. «... Ағаш медресесіне түсіп жыл сайын қазақ балаларына (Дала уәлаятындағы) екі орын болады һәм біреуі өз жанынан оқыған балалардан жылына 130 теңгеден алынады» т.с.с. [5].«Дала уәлаяты газетінде» жарнамалар орыс және қазақ тілдерінде берілді. Қазақ халқының артта қалуының басты себебі оның надандығынан екенін жақсы түсінген газет редакциясы қазақ даласында ашылған әрбір жаңа мектеп, школа, медресе жөнінде дер кезінде жарнама хабарларын беріп отырды.

XIX ғасырдың II жартысында қазақ жерінде шыққан алғашқы газет «Түркістан уәлаяты» газетінде жарнама хабарлары екі тілде, яғни қазақ, өзбек тілдерінде шықты. Ал негізгі ресми бөлімдегі генерал-губернатордың, әскери губернатордың бұйрық-жарлықтары мен шет ел хабарлары орыс тіліне аударылды.

Кеңес дәуіріндегі баспасөз жарнамалары 1917жылы төңкерістен кейінгі жылдары жарияланды. Кеңес дәуірінде қазақша жарнамалар сандық жағынан ғана

емес, сапалық жағынан да жаңа белеске көтерілді. Өйткені 1917ж. төңкеріске дейінгі жарнама хабарлары тек “Түркістан уәлаяты» газеті мен “Дала уәлаяты» газеттерінде ғана жарияланса, Кеңес дәуірінде “Қазақ» (1913-1918, “Алаш» (1916-1917), “Сарыарқа» (1902-1917), “Серке» газеттерінде көптеп жариялана бастады. Кеңес дәуірінде қазақ жарнамасының қоғамдық қызметінің дамуына сол кездегі қоғамдық өмірдегі болып жатқан әр түрлі өзгерістер мен жаңалықтардың, дер кезінде халыққа жеткізілуіне байланысты болды. Сонымен қатар бұл жарнамалардың сыртқы көрінісі мен көркемделуі де біршама жаңарды. Төңкерістен кейінгі жарнамалардың түрлері мынадай болып келеді:

“Түркістандық мемлекет шаруа аспаптар склады

Шевченко, Полтарацкий көшесінде телефон нөмірі 745

Көп түрден ауыл шаруашылық машиналары,

Бау-бақша саймандары, балықшылық керек-жарақтары

Майда аспаптардан балталар, кеткен және басқалары бар.

Бағалары арзан.

Түркестан мемлекетті шаруа аспаптар алады

Шаруа аспаптарды тиімді шарттармен, қарызға да береді қосшы союздарына, ауыл кооперативтеріне, майда қорық ұйымдар, машинешілік, қауымдарына және жеке шаруаларға.

Әр түрлі ауыл шаруа машиналарын түзетін береді

Көк арба, ұшырғыш, тұқым сепкіш секілді аспаптар жасап береді. Шойыннан әр түрлі аспап қоюға болады.

Бағалары өте арзан.»

Бұл кездегі жарнамаларды тақырып жағынан бірнеше топқа бөлуге болады:

Бірінші – оқуға, білімге байланысты жарнамалар.

Екінші – сауда-саттыққа байланысты жарнамалар.

Үшінші – техника мен ғылымының әр түрлі салаларына байланысты жарнамалар.

Төртінші – медицина саласына байланысты жарнамалар. Кеңес дәуірінде жарнамалардың мақсат, мазмұнына сай дамуы бір жағынан оның қоғамдық қызметінің қолданылу өрісін кеңейтіп отырса, екінші жағынан, оның икемділігін арттырып, жарнама тілінің ішкі құрылысының саралануына әсер етті. Сондықтан Кеңес дәуіріндегі қоғамдық өміріндегі болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтар жарнама тілінің өзгеріске түсуіне, дамуына әсер етіп отырды.

Жаңа қоғамның орнауына байланысты туған жаңа сөздер, терминдер, қоғамдық өмірдің алуан түрлі саласында өз орындарын тауып, қолданылып жүрді. Кеңес дәуіріндегі баспасөз беттеріндегі жарнама хабарларында да жаңа сөздер мен терминдерді кездестіруге болады. Мысалы, *театр, драма, почта, адрес телефон, номер, склад*, т.б. жаңа сөздер жарнамада қолданыла бастады.

Қазақ қауымының мәдени өміріне 1917 жылғы төңкеріс әкелген өзгерістер мен соны жаңалықтардың бірі баспасөз орындарының бір жағынан саны көбейіп, екінші жағынан сапалық қасиетінің артуы болып саналады. Қазақ жарнамасының дамуына үлкен әсер еткен фактордың бірі - қазақ тілінің ғылыми зерттеу объектісі болып, оның саналы да сапалы дамуына бағыт-бағдар белгіленіп отырылуы десек, екінші жағынан, оның жеке ғылым саласы болып қалыптасқанын естен шығаруға болмайды.

Жарнама - Қазақстан үшін тарихи таныс құбылыс екенін міне, осындай мәліметтерден көруге болады. Жарнаманы қоғамдық өмірдің нақты бір салаларында ғана қолданылады деп айту дұрыс болмас еді. Өйткені жарнама - қоғамдық өміріміздің бөлінбес бір бөлшегі. Жарнаманың қолданылмайтын саласы кемде-кем. Сонымен қатар әр саланың кәсіптік ерекшелігіне қарай, жарнаманың да қолданылуының өзіндік орны

бар. Жарнаманың ең жиі қолданылатын салалары: сауда, туризм, спорт, мәдениет, қызмет көрсету, бұқаралық ақпарат, медицина, ғылым, білім беру, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп, құрылыс, көлік, ақпарат және т.б. Бұл салаларда мемлекеттік тілдегі жарнама барлығында бірдей деңгейде қолданылмайды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл қызметін, жарнама тілі қызметін өз дәрежесінде атқаруы үшін оның өмірдің барлық салаларында еркін қолданылып, ешқандай тосқауыл, кедергілерге ұшырмауы керек. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

Соңғы жылдары мемлекеттік тіл жарнама арқылы өмірдің барлық салаларында азды-көпті қолданыла бастады. Сондықтан мұндай бастамалар мен жаңалықтардың өркен жайып дамуына жан-жақты жағдайлар жасалғаны дұрыс. Ол үшін мемлекеттік тілдегі жарнаманың өмірдің барлық салаларында қолданылу қызметінің ерекшеліктерін зерттеп, дамытудың тетігін (механизмін) жасауымыз қажет. Қазіргі қоғамымыз бастан кешіп отырған нарықтық экономика жағдайында жарнаманың қоғам өміріне тигізер әсері баршылық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Феофанов О.А. США: Реклама и общество. М., Мысль, 1974. 19-б.
2. Трубникова Н. В., Савельева О. О. 1919 «Всеобщая история рекламы» Изд. «Дашков и К°» ISBN: 978-5-394-03119-9
3. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Батырлар жыры. - Алматы, Жазушы, 1986.
4. Түркістан уалаятының газеті, 1870. 28 сәуір.
5. Дала уалаяты газеті. Құрастырушы - Ү.Сұхбанбердина. 1888-1984. А.Ғылым, 1989.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Атабаева Зухра

БВ020500-Филология мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Абдирасилова Г.Қ.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Тіл мәдениеті – тележүргізушіге тән кәсіби біліктіліктің ең маңызды факторы. Тележурналистердің аузынан шыққан сөздің түп – төркіні идеядан, яғни, ой оралымдарынан бастау алады. Тележүргізушінің сөйлеу тілінің сапасы – оның жүргізіп отырған бағдарламасының тақырыбын қаншалықты меңгергенін ғана емес, сонымен қатар білім дейгейінің қаншалықты терең екендігін де анықтайтын көрсеткіш. Тіл мәдениеті сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айтып емле, тыныс белгілері ережелерін сақтап, сауаты тіл қату сөз зергерлері ғасырлар бойы сұрыптап келген көркем көрегендігі мен өзгеше өрнегін орнымен қолдану амалдарын қамтиды.

Тірек сөздер: БАҚ, лингвистикалық аспект, тележүргізуші, тіл мәдениеті, сөз зергері

"Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады"

Ғабит Мүсірепов

Тіл мәдениетінен тіл тазалығы туындайды. "Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған мағыналы, халыққа түсінікті сөздерді алу" [1]. Әлемдік деңгейдегі ғылыми зерттеулер нәтижесіндегі деректерге сүйенсек, теледидар

ақпарат тіліне мейлінше ықшамдылық, әрі дәлдік сипат береді. Көнермендер теледидарда айтылған әңгіменің мазмұнынан гөрі кейбір айрықша айтылған сөздерге баса назар аударады. Теледидардағы тіл тетігі болып табылатын мұндай сөздерді тележурналистика зерттеушісі, профессор М.Барманқұлов "белгілі сөздер" (слова коды) деп атаған.

"Тележурналистика саясаткерлерді белгілі сөздермен сөйлеуге мәжбүр етеді. Мұның өзі сөйленетін сөзді қысқа – нұсқа, әрі мейлінше нақты етуге бейімдейді. Дәл айтылған бірауыз сөз қандай да бір құбылыстың, белгілі бір адамның, тіпті, бүтін бір елдің сипатын танытуы мүмкін" [2].

Тіл – журналистиканың қай саласының болмасын ең негізгі тегершігі. Ал ешбір кемшілікті жасырып қалу мүмкін емес теледидардағы сөйлеу тілі – аса жауапты, әрі күрделі процесс. Бас – аяғы үш – төрт сөйлемнен тұратын әрбір жаңалықты сауатты тілмен, дәл мағынасын бере алатын дауыс ырғағымен көрерменнің көкейіне жеткізу білімділікті, шеберлікті, ұқыптылықты қажет етеді. Әлбетте, эфирлік процесс кезіндегі тіл мәдениеті тұрғысынан тележүргізушінің, телерепортердің, телередактордың әрқайсысына қойылатын талаптар өзгеше. Ал тележаңалықтардың тілі мен стиліне талдау жасау үшін, жалпы, теледидардағы тіл мәдениетіне байланысты негізгі проблемалық факторларды атап өтуімізге тура келеді. Тіл мәдениетінің маңызды бір тетігі – ұлттық идеология. Егер де егемендіктің мәні, қазақ халқының тағдыры мемлекеттік тіл қызметін өтеуге тиісті қазақ тілінің тағдырымен қосақтаулы десек, ана тіліміздің тағдыры да өзінің дамыған, сындарлы, жүйелі, осы заманғы өркениетке сай ұлтты терминологиясына тәуелді. "Жетілген ұлттық терминологиясы жоқ тіл көксеген биігіне қанша талпынғанымен көтеріле алмайтын сынық қанат құс іспетті"[3]. Ендеше, теледидардағы тіл мәдениетіне байланысты проблемалық фактордың бірі – аударма мәселесі. Эстетикалық құндылық деңгейіне көтерілуге тиісті экран тілінің мәдениеті шұбарланған шалажансар тілді мойындай алмайды. Соңғы уақытта шет тілінен енген сөз бе, әлде орыс тіліндегі сөз бе, барлығын бірдей қалай болса солай жаппай аудару науқаны етек алған. "Тисе – терекке, тимесе- бұтаққа" деп аудару беру – тіл мәдениетінің сақталуына кері әсерін тигізетін құбылыс. Кезекті бір кешкі жаңалықтар кезінде "Хабар" арнасының тележүргізушісі "Кеше Іле Алатауында қар көшкіні болды, соның нәтижесінде су тасып, тау етегінде орналасқан елді мекендердің еккен егіндері мен бау-бақшаларын шайып кетті" деп, "в результате" деген орыс тіліндегі сөздің мағыналық емес, сөзбе-сөз аудармасын ұсынды. Шын мәнінде, қазақша түсінікті, әрі сауатты тілмен "Кеше Іле Алатауында қар көшкіні болды, соның салдарынан су тасып, тау етегінде орналасқан елді мекендердің еккен егіндері мен бау-бақшаларын шайып кетті" деп аударылуы тиіс. Міне, осындай, тіпті, бұдан да қисынсыз – қисапсыз мысалдарды толассыз тізбектей беруге болады. Сондықтан да, тележүргізуші мағынасы дүдәмал аудармаларға абай болғаны абзал. Теледидардағы тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін келесі бір фактор – тілдік нормадан ауытқу тұрғысындағы қателіктер. "тілдік норма дегеніміздің өзі – сөзді, сөз тіркестерін және синтаксистік конструкцияларды қабылданған заңдылықтар мен ережелерге сәйкес қолдану". /25/ Неізінде, тілдік нормадан ауытқу тіл мәдениетінің сақталмауы, сөйлеу техникасының бұзылуы болып табылады. Бұл тұрғыдағы негізгі қателіктер:

а) Лексико-стистикалық, яғни мағыналық қателіктер; мысалы, қазақ сөзі мен қазақстандық деген ұғымның мағынасын ажырата алмайтындар бар.

ә) Морфологиялық – стилистикалық қателіктер; әдетте, сөз қолданысының ережелерін бұзуда ұшырасатын қателіктер. Сөз таптарын білмейтіндер сөйлем құрағанда, сондай-ақ, оның дыбыстық мағынасын жеткізу барысында тілдік нормадан ауытқиды.

б) Фонетикалық –стистикалық қателіктер; негізінде, сөз ішіндегі буынға, қажет жерінде екпін түсірмеу, керісінше, қажет емес жерде орынсыз екпін түсіру нәтижесінде орын алады. Мысалы, ауа райы мәліметтерімен таныстыратын жүргізушілер "жаңбыр жауады" деп екпінді соңғы "ы" әрпіне түсіреді, ал фонетикалық –стистикалық заңдылық бойынша "жаңбыр жауат" деп айтылуы керек. Бұл жерде екпін "дә әрпіне түседі де ол "т" болып естіледі, ал "ы" әрпі айтылмай қалады.

в) Синтаксистік-стистикалық қателіктер; басы артық сөзді орынсыз, ретсіз, беталды қолдану кезінде ұшырасатын қателіктер болып табылады. Мысалы, Енді, былай, не, не етіп, жаңағы, т.с.с.

Әрине, көрермен қауым кез-келген тележүргізушінің суырып салма шешен болуын талап етпейді. Шешендік өнер талантқа тән қасиет. Әрдайым ойланып орнықты сөйлеу, толғанып тауып айту – тележүргізушінің кәсіби парызы. Сол үшін тележүргізуші ең алдымен, күнделікті тіршілікте тіліміздің қалай дамып бара жатқандығынан, қандай сөздермен көркею үстінде екендігінен хабардар болуы керек. Сонымен қатар, шектеулі межесі бар эфир уақытының ерекшеліктеріне сәйкес, қалыптасқан сөздік қор, терминология, орфография, орпоэзия ережелері мен грамматикалық-фонетикалық заңдылықтарды сақтап, әр сөзді айтар оймен астастырып құру керек екенін білуге міндетті.

"Мәтіндегі ақпаратты нақтылық деңгейі мен жаңашылдық сипатына қарай төрт топқа бөлуге болады:

1. Өзекті ақпарат (жаңалық хабарламасы)
2. Анықтаушы ақпарат (мәтіндегі негізгі ақпаратты қамтитын сөйлемдер). Бұл ақпарат жаңалықты хабарламайды, хабарланып қойған нәрсені анықтайды. (оқиға орны мен уақытын, дәлдігі мен дәйектілігін көрсететін деректер).
3. Қосымша ақпарат (өзекті ақпаратпен тікелей қатысы жоқ ақпарат). Қосымша ақпарат енген кезде мәтіндегі сабақтастық бұзылады.
4. Қайталама ақпараттар (бұған дейін баяндалған нәрселерді қайталайтын хабарламалық мәліметтер мен ақпараттық мазмұны нөлге тең бейтарап айтылған бос сөздер). Демек, ақпарат аясындағы басы артық сөздер ақпарат дайындаушының кәсіби деңгейінің төмендігін аңғартатын көрсеткіш" [4].

Сол басы артық сөздердің арасында арнайы келтірілген сілтемелер де ұшырасып қалуы мүмкін. Өйткені, мәтін аясында сілтемелер мен дәйексөздерді дұрыс қолданудың да өзіне тән артықшылығы, өзіндік реті, өзіндік қисыны бар. Артықшылығы сонда біріншіден, мәтінде келтірілген сілтеме немесе дәйексөз ақпаратқа деген сенімді арттыра түседі. Екіншіден, ұсынылған ақпарат пен онда айтылған пікірге қатысты жауапкершілік тележүргізушіге жүктелмейді. Үшіншіден, ұсынылған дәйексөз немесе келтірілген сілтеменің қайдан алынғаны туралы мәліметтің өзі маңызды ақпаратқа айналуы мүмкін. Әлбетте, мұның бәрі – сілтеменің артықшылықтарын айғақтайтын тұстары. Ал тек ғана сілтемелер мен дәйексөздерге байланысты кетіп жататын кемшіліктер қаншама? Тележаңалықтардың жедеғабылдық сипаты қалың бұқара, қоғам, тіпті, әріптестер өзара мойындайтын ең басты критерий болып табылады. Соған қарамастан, егер әр ақпараттағы әрбір мәліметтің, әр хабарламадағы әрбір деректің дәйектілігі қамтамасыз етілмесе, онда ол құнын жоғалтады. Келтірілген фактіге немесе айтылған пікірге деген сенім оның түп төркінің қайдан шыққанына байланысты қалыптасады. Өйткені, көрермен хабарламадағы фактінің қайдан алынғанына, ақпаратта айтылған пікірдің иесі кім екеніне көз жеткізгісі келеді. Егер журналист қандай да бір тапқыр ой-толғам айтып, оның қайдан алынғаны туралы мәліметті ұсынбаса онда көрермен бұл тапқыр ой-толғам сол журналистің өзінікі деп ойлайды. Міне, осы арадан аудитория мен БАҚ арасындағы түсініспеушілік басталады. Әлбетте, ол – журналистің кінәсі. Тележаңалықтар

топтамасында пайдаланылған дәйексөздерге сілтеме келтіру, оны анық – қанығына көз жеткізіп алып ғана эфирге беру көгілдір экран көрермендері алдындағы ең басты жауапкершілік болып табылады. Аудитория жаңалықтың құндылық деңгейін оның ақпарат көзіне қарап бағалайды. Сол арқылы телеарналардың аудитория алдындағы беделі арта түседі немесе керісінше, төмендеп кетеді. Сондықтан да, ірі телекомпаниялар айтулы оқиғаларға мүмкіндігінше, өз телерепортерлерін жіберуге ұмтылады. Сонда ғана олар өз көздерімен көріп келіп, оқиға куәгері ретінде ақпарат ұсынады. Ал өз телерепортерін жібере алмаған жағдайда, немесе оқиға орнында меншікті тілші болмаған кезде оқиғаға рай алынған мәліметтер мен деректер міндетті түрде екі бірдей ақпарат көзі арқылы тексеріледі.

Деректіліктің қатып қалған қағидасы – дәйектілік, яғни бірнеше мәрте тексеруден өткізіліп шындығына көз жеткізілген ақпарат. Өйткені, деректері дәйектелген ақпарат қана даулы мәселе туындаған жағдайда, тіпті, сот процесінде журналистің өзін-өзі ақтап алуына негіз болатын құжаттық материал ретінде қызмет атқарады.

Тележаңалықтарды ақпарат көзіне байланысты авторлық және авторлық емес деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Авторлық ақпарат. (Журналист өзі оқиғаның басы – қасында болып, барлық деректерді жинап, бейнекөріністерді түсіріп алып, өз жауапкершілігімен ұсынатын ақпарат).

2. Авторлық емес ақпарат. (Ақпарат агенттіктерінен, ресми ұйымдар мен мекемелердің баспасөз қызметтерінен және үкімет орындарынан келіп түсетін ақпараттар). Бұл ретте, мен "Хабар" арнасындағы "Хабар-жер" бағдарламасының жүргізушісі Болатбек Қожанның жүргізу тәсілінен бірнеше мысал келтіруді жөн санадым. Мысалы оған, "Агроәлем" айдарымен берілетін жаңалықтар топтамасында авторлық ақпаратпен де, авторлық емес ақпаратпен де тікелей жұмыс істеуіне тура келеді. Сондықтан, Болатбек Қожан "авторлық ақпарат әзірлеу барысында өзі көзбен көрген, анықтап білген, қолма-қол түсіріп алған деректер мен мәліметтерге сүйенетін болғандықтан мәтін жазғанда, оны эфирден оқығанда батыл, емін-еркін әрекет ете аласың, өз үніңмен, өз атыңнан тіл қатасың, тіпті, қажет деп тапқан жағдайда көрермендермен тиісті бір мәселе төңірегінде ой бөлісесің. Бірақ, мен атқаратын қызмет аясында авторлық ақпаратпен жұмыс істеу авторлық емес ақпаратпен жұмыс істеу авторлық емес ақпаратпен салыстырғанда сирек ұшырасады. Ал авторлық емес ақпараттар меніңше, журналистке екі есе жауапкершілік жүктейтін тәрізді". Болатбек Қожанның тәжірибесіне сүйенсек, авторлық емес ақпараттармен жұмыс істеу төрт кезеңнен тұрады:

1. Жаңалықтарды іріктеу;
2. Деректерді дәйектеу;
3. Мәтінді экран тілінің ерекшеліктеріне сай өңдеу;
4. Экран арқылы ақпаратты көрерменге жеткізу;

"Агроәлем" айдарымен берілетін жаңалықтар топтамасында аты айтып тұрғандай Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы мәселелерін қамтитын ақпараттар беріледі. Ақпарат агенттіктерінен келіп түскен материалдарды іріктегенде жоғарыда аталып өткендей мемлекеттік деңгейдегі маңыздылық дәрежесіне, географиялық масштабына, яғни, қамтитын аймағына, әлбетте, ең алдымен, оперативтілік сипатына мән беріледі. Келесі кезекте оны өңдемесе бұрын бірнеше дерек көзін қатар алып, бір-бірімен салыстыра отырып тексеруден өткізіледі. Содан соң мәтінде экран тілінің ерекшеліктеріне сай өңдеуге кіріседі. Кез келген журналистің хабары дұрыс және сәтті басталуының маңызы зор. Ал соның ішіндегі мейлінше, ықшамдалып ұсынылатын ақпараттың бірден ұғынықты болуы - ең басты шарт.

Бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби шеберлігінің негізгі екі тетігі бар: бірі – тіл, екіншісі – тәртіп. Тіл – тележүргізушінің лингвистикалық аспектісін айқындаса, тәртіп психологиялық аспектісін қамтиды.

Тілді адам адам санасындағы ой иірімдері мен әр алуан психо-физиологиялық құбылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрініс ретінде тенуға негіз бар. Тіл – адамның дыбыс шығарып сөйлеу қызметін атқаратын мүшесі. Тіл – уақытты / секундты, минутты, сағатты/ белгілейтін көрсеткіш.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деп дәріптейді қазақтың ірі лингвист ғалымы А.Байтұрсынов. Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский «Адам мінезін тенудың кілті – оның тілі, сөз саптаудың ойдың бедері білінеді, ол әрбір тұлға мен мінез секілді әр қашан да жеке жара» деп мәлімдеген. Ал халық даналығы «Өнер алды қызыл тіл» деп, оның барлық өнердің алдын орап өтетін өткірлігін сипаттаса, «Басқа бәле - тілден» деп тәртіптен асып кеткен тұста тәлкекке ұшырататынын ашық айтқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Матаев БАҚ төртінші билік пе? "Айқын" газеті, 25 маусым, 2005жыл
2. Құл-Мұхамед Мұхтар "мемлекет және БАҚ: бір-бірімізді қолдай отырып алға басайық". "қазақ әдебиеті" газеті, 24 мамыр, 2002 ж.
3. Біз өзімізге сенімдіміз, "Айқын" газеті, 06.10.2005 ж
4. М.К. Барманкулов Информация и язык. В книге "Телевидение: Деньги или власть"- Алматы. "Санат, 1997, с58
5. А.Құсайынов, А.Төлебаев, Ә.Асқаров."Терминология- мемлекеттік тілдің күретамыры". "Егемен Қазақстан", 1998, 11 қараша
6. О.Р. Лащук Редактирование информационных сообщений. М., 2004г.с. 57
7. Л.Браун. Имидж. Санкт-Петербург, Москва, Харьков, Минск, 2000,с.192

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ БАҚ-ҒЫ РОЛІ

Абреш Ақзия Ғалымқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

Журналистика факультетінің 2 курс магистрантты

Түйіндеме: Мәдениетаралық коммуникацияның БАҚ тағы ролі және даму сатысы қарастырылады. Қазіргі таңда БАҚ тағы мәдениетаралық коммуникация қандай жағдайда, сонымен қатар батыс елдерімен салыстыру. Жалпыға таныс сөздер «этносаралық келісім», «ұлтаралық қатынастар», «адами құндылықтар», тағы басқа сөз тіркестерін қолданамыз. Сонымен қатар мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениетаралық қарым-қатынастағы ролі туралы сөз болады.

Тірек сөздер: Мәдениетаралық коммуникация, халық, БАҚ, этносаралық келісім, қарым-қатынас, ұлтаралық байланыс.

БАҚ-тың дамуы мен таралуының қазіргі кезеңі Ресейдің ғана емес, бүкіл әлемнің дамуындағы ерекше уақытпен сәйкес келді. Ел де, әлем де трансформация, жаңа әлеуметтік тәртіп, жаһандық экономиканың жаңа жүйесі, халықаралық, ұлтаралық, конфессияаралық қатынастар жағдайында. Бұл БАҚ ролін одан да маңызды етеді, олардан жаңа қасиеттерді, жаңа функцияларды талап етеді.

Біздің еліміздің бүкіл көпғасырлық тарихы әртүрлі халықтардың мәдениеттері мен дәстүрлерінің өзара іс-қимылы мен өзара ықпалдастығын айғақтайды және осы байырғы тарихи дәстүрлер мәдениетаралық үнқатысуды одан әрі дамыту үшін негіз

болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы БАҚ-тың ұлтаралық қатынастарды жариялау саласындағы қызметі көбіне қарама-қайшы сипатқа ие.

"БАҚ және мәдениет" дихотомиясы бүгінде көбірек сұрақтар туғызады және қазіргі қоғамдағы баспасөздің рөлі мен функциялары туралы, бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы мәдени және адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы, атап айтқанда ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды жариялаудағы орны туралы ойлаудың маңызды себебі болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары теориясының зерттеушілері баспасөздің мәдениетті қалыптастыру функциясы бүгінде абберрация процесін (нормадан ауытқу) бастан өткеріп жатқанын атап өтті.

Көптеген өркениеттер мен мәдениеттердің қатар өмір сүруімен сипатталатын қазіргі өзгеріп жатқан әлемдегі этникалық толеранттылықтың дамуын талдай отырып, біз мәдениетаралық қарым-қатынаста БАҚ-тың өсіп келе жатқан рөлін атап өтеміз. "Цифрлық революцияның", жаһандық теледидардың және интернеттің қарқынды дамуы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қаншалықты зор екенін көрсетеді, сонымен қатар біз көптеген өзекті мәселелерді көре аламыз. Бұл саладағы практикалық жұмыс ең жақсы отандық және шетелдік тәжірибені қолдана отырып, жақсы дәлелденген білімге негізделуі керек. Батыс Еуропа мен Ресей зерттеушілері бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі туралы теориялық мәселелерді полифониялық тұрғыдан қарастырады. [Тишков В.А. Этническое и религиозное многообразие – основа стабильности и развития российского общества.]

Бүгінгі күні БАҚ-та талқылау орталығына бұрын қоғамдық пікірталас тақырыбы болмаған тақырыптар айналғанын назарға ала отырып, қазіргі қоғамдағы ұлтаралық қатынастар сияқты сезімтал тақырыпты жария етуде корпоративтік журналистік цехтың маңызды рөлін атап өткім келеді. Мәдениеттердің өзара әсер етуінің тарихи тәжірибесі, мәдени дәстүрді ұстану және жаңа жағдайда мәдениетаралық диалогты қалыптастыру қажеттілігін талап етеді. Қазіргі өзгеріп жатқан әлемде қоғамның толеранттылығын қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі және мәдениетаралық коммуникация процесіне қатысатын журналистерді даярлау мәселелері ерекше өзектілікке ие.

Жаңа тарих тәжірибесі көрсетіп отырғандай, этносаралық келісім-гранит монументі емес, бір рет және мәңгі салынған. Этносаралық келісім, ұлтаралық қатынастар-өте күрделі және нәзік сфера, оны үнемі бақылау мен күтімді қажет ететін бақпен салыстыру орынды. Практикалық жұмыс бұл бағыт жақсы тексерілген білім негізінде, ең жақсы отандық және шетелдік тәжірибені атасақ болады.

Мәдениетаралық коммуникациядағы БАҚ өзекті ғылыми және әлеуметтік проблема ретінде пайда болады. Оның дамуы, өз кезегінде, зерттеушіні түсіну, мағыналарды түсіндіру, коммуникативті әсер ету және т.б. мәселелеріне жетелейді. Қазіргі мәдениетаралық қарым-қатынастағы БАҚ рөлін жан-жақты зерттеу оларды эмпирикалық материалға сынай отырып, белгілі бір әдіснамалық тәсілдерді әзірлеуді қамтиды. Сонымен қатар, қоғамшілік өзара әрекеттесуден айырмашылығы, БАҚ-тың мәдениетаралық диалогтағы рөлі медиа-компаниялардың қаржылық-саяси және зияткерлік мүмкіндіктері арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік-саяси ниеттерге байланысты.

Қазіргі әлемде Халықаралық процестерде қандай да бір рөл атқаруға үміткер мемлекеттердің көпшілігінде сыртқы ақпараттық саясат бар, сол арқылы олар өз идеялары мен имиджін басқа мемлекеттердің халықтары арасында ілгерілетуді қамтамасыз етеді. Қазіргі зерттеулердегі ғылыми парадигмалардың интернационализациясына қарамастан, "мультимәдени қоғам", "мәдениетаралық коммуникация", "толеранттылық", "БАҚ пен мәдениет" бүгінгі таңда көбірек сұрақтар

туғызады және қазіргі жағдайда баспасөздің миссиясы мен функциялары туралы, бұқаралық ақпарат құралдарының өзгермелі қоғамдарда өзіндік мәдениеттер мен келісімді сақтауға қатысты ұстанымы туралы ойланудың маңызды себебі болып табылады.

Мәдениетаралық коммуникация-бұл әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің арасындағы байланыс, адамдар арасындағы тікелей байланыстарды да, коммуникацияның жанама түрлерін де қамтиды тіл, сөйлеу, бұқаралық ақпарат құралдары, Электронды байланыс.

Мультимәдениеттілік жеке-жеке сақтауға және дамытуға бағытталған саясат алынған елге және бүкіл әлемге мәдени айырмашылықтар.

Мәдениетаралық коммуникация өзара әрекеттестікте бұқаралық коммуникация құралдары бүкіл әлем бойынша бірдей мәдени үлгілерді таратудың, мәдени ықпал ету үшін шекаралардың ашықтығы, транскulturация, жаһандық мәдениеттердің қалыптасуы" стереотиптер, мәдениеттің символдық жүйелерін өзгерту, қазіргі мәдениеттің мәтіндік тәжірибесін жеңілдету құралы болып табылады.

Мәдениет дамуының қазіргі кезеңінде жаппай ықпал ету құралдары өз қызметін жандандырды, өйткені оларды басқаратын адам көбінесе қоғамдық сананы басқарады. Негізгі бұқаралық коммуникация құралдары-радио, теледидар, баспасөз, Интернет — өздерінің артықшылықтары мен кемшіліктері бар, сондықтан коммуникациялық хабарламаның тиімділігі олардың аудиторияға жан-жақты әсер етуі арқылы қол жеткізіледі. Адам БАҚ арқылы мәдениетке енеді, белгілерді қолдана отырып, оның айналасындағы әлемді қабылдау ерекшеліктерін модельдейді. Демек, бұқаралық ақпарат құралдары-бұл хабарлама жіберу механизмі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы мәдениеттің өндіріс құралы.

Мәдениетаралық коммуникация әрбір этнос, мемлекет, қоғам жалпы мәдени байланыстар мен өзара әрекеттестіктің жаһандық жүйесінен олардың дәстүрлеріне, менталитетіне, психологиялық қоймасына сәйкес келетін нәрсені қабылдауы керек. Қазіргі заманның күрделі жаһандық проблемаларын шешу үшін іс жүзінде барлық мәдениеттердің дербестігін сақтай отырып, олардың жалпы маңызы бар жетістіктері бірыңғай мәдени кеңістікте жинақталуға тиіс. Яғни, біртұтас мәдени кеңістік, бір жағынан, ғылым, технология, білім, өнер салаларындағы өркениеттің заманауи жетістіктерімен таныстыру мүмкіндігін, екінші жағынан, әр халық мәдениетінің өзіндік құндылығын түсінуді, оларды сақтау мен дамыту формаларын іздеуді білдіреді. Мүмкін, бұл қолданыстағы заңнаманы сақтауға, мәдени әртүрлілікті насихаттайтын сауатты ақпараттық және мәдени саясатқа негізделген мәдениетаралық диалог жағдайында болуы мүмкін.

Мәдениетаралық коммуникация өзіндік сипаттамалары мен ағымының шарттары бар ерекше қарым-қатынас процесі ретінде көрінеді. Мәдениетаралық коммуникация процесін мұқият талдау және БАҚ-тағы ролі, өзіндік ерекшелігі мен құрылымы мәдениетаралық коммуникацияның байланыс құралы екенін көрсетеді.

Мәдениетаралық коммуникация проблемаларының өзектілігі басқа мәдениеттерге деген танымдық қызығушылықпен және олардың мәдениетін байытуға деген ұмтылысымен ғана емес, сонымен бірге объективті әлеуметтік, саяси және экономикалық процестермен, қазіргі қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы әртүрлі халықтардың өкілдері арасындағы байланыстардың артуымен байланысты. Бүгінгі таңда Технологиялық даму мен әр түрлі салалардағы тығыз ынтымақтастық әртүрлі мәдениеттерге жататын адамдарды қарым-қатынас жасауға мәжбүр ететіні айқын бола түсуде.

Сонымен қатар, адамзаттың ақылға қонымды және бейбіт бөлігінің ғылыми-техникалық прогресі мен күш-жігері қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін, түрлері

мен формаларын ашады, олардың тиімділігінің басты шарты өзара түсіністік, мәдениеттер диалогы, толеранттылық және қарым-қатынас серіктестерінің мәдениетін құрметтеу болып табылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас процесі тек шет тілдерін білумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар қарым-қатынас серіктестерінің мінез-құлық моделін анықтайтын басқа адамдардың материалдық және рухани мәдениетін, дінін, құндылықтарын, адамгершілік көзқарастарын, дүниетанымдық идеяларын білуді талап ететін белгілі бір қызмет түрі болып табылады

Жақында батыс еуропалық және ресейлік зерттеулерде рөлдің теориялық мәселелері Мәдениетаралық коммуникациядағы БАҚ полифониялық түрде қарастырылады. Ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтап қана қоймай, оны мәдениетаралық қарым - қатынас, барлық құрылымдық деңгейлерде көрінетін мәдениеттердің өзара әрекеттесуі тіл, формат, мазмұн тұрғысынан дәйекті түрде сипаттауға мүмкіндік береді.[Vjornsen G. Investigators or integrators: broadcast journalists covering multicultural Norway. 2012. – 126 p.]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Тишков В.А. Этническое и религиозное многообразие – основа стабильности и развития российского общества.

2.ИЭАРАЮ, 1998. – 231 с. 4 Солдатова Г.В. Психодиагностика толерантности личности. – М.: Смысл, 2007. – 172 с. 5 Дзялошинский И.М.

3.Толерантность как фактор противодействия ксенофобии: управление рисками в обществе риска. – М.:Наука, 2011. – С. 365–409. 6

4.Vjornsen G. Investigators or integrators: broadcast journalists covering multicultural Norway. 2012. – 126 p.

БАҚ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖАЙЫНДА

Қалиев Б.А., ф.ғ.к., доцент, Kaliev-69@mail.ru

Кеңес З.М., 2-курс магистранты,

академик Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада БАҚ-тың түрі жалпылама сипатталып, бұқаралық ақпарат мәтіні, ең алдымен, қай жерде болса да, жылдамырақ көрініс табатын және тілдік шындықтың көптеген өзгерісін тіркейтін, қазіргі заман тілін қолдануға тән барлық үдерісі бейнелейтінімен ерекшеленетіні айтылады.

Публицистикалық стильдегі мәтін қоғамның және әрбір адамның күнделікті тұрмысына, қызметіне, болашағына тікелей қатысты тағдырлы ақпаратты білдіріп, сол арқылы саяси сананың, азаматтық жауапкершіліктің қалыптасуына және қоғам мүшелерінің гуманистік көзқарасының нығаюына ықпал ететіні де сөз болады.

Аталған стильдегі мәтінде ақпарат жанрдың табиғатына сәйкес қарапайым, түсінікті, оңай қабылданатын, мазмұн айқын және дәйекті түрде көрінетін, мәтіннің жалпы құрылымы, графикалық жағынан жабдықталуы ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік беретін де тілге тиек етеді.

Сондай-ақ бүгінгі жастардың теледидар мен ғаламторға деген көзқарасын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралы қазақ тілін грамматикалық нормаға сай ұқыпты та таза ұстауы керегін, дыбыстаудағы фонетикалық өзгеріс эфирде және экранда сөйлеу барысын айқын сипаттап көрсететіндіктен, мәтіндегі сөйлемдерді сингармонизм заңына бағындырып барып оқу тыңдарман құлағына әлдеқайда жағымды, көңіліне қонымды болатынын да нақты мысалдармен дәлелдейді.

Яғни сөйлеу мәдениетіміз барынша жоғары болсын десек, тілдесім, айтылым барысында, сөз формаларын қолдануда, сөйлем құрастыруда болсын нормадан ауытқымай, қателік жібермеуге мән беру керек.

Тірек сөздер: БАҚ тілі, мәтін тілі, стиль, мәтінтүзуші фактор, термин, кірме сөздер, сөйлеу әуезділігі, жазу сауаттылығы т.б.

Abstract: The article generalizes the type of mass media, emphasizes that the text of mass media, first of all, reflects the entire process inherent in the use of modern language, wherever it is located, wherever it is expressed, and captures many changes in the language reality.

The text in a journalistic style expresses crucial information directly related to everyday life, activities, the future of society and each person, thereby contributing to the formation of political consciousness, civic responsibility and strengthening the humanistic views of society members.

In the text of this style, information is simple, clear, easy to perceive in accordance with the nature of the genre, the content is expressed clearly and consistently, the General structure of the text, graphic equipment allow you to quickly perceive information.

Also, taking into account the attitude of today's youth to television and the Internet, the mass media use specific examples to show that the Kazakh language should be neat and clean in accordance with grammatical norms, phonetic changes in sound clearly characterize the course of speech on the air and on the screen, and reading sentences in the text subject to the law of synharmonism will be much more pleasant.

That is, if we are talking about the highest possible culture, it is important to avoid mistakes and deviations from the norm in the process of communication, pronunciation, use of word forms, and making sentences.

Key words: Media language, text language, style, text-forming factor, term, borrowed words, speech melody, writing literacy etc.

Жалпы, БАҚ-ты, яғни бұқаралық ақпарат құралын (массмедиа), «ақпаратты жаппай таратуға қатысатын техникалық құралдың, қоғамдық ұйымның және адами ресурстың жиынтығы» ретінде қарастыруға болады [1, 16-б.].

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралына, әдетте, «баспасөз (газет, журнал, кітаптар), радио, теледидар, кинематограф, дыбыстық жазу және бейнежазба, бейнемәтін, телемәтін, жарнамалық қалқан мен панель, теледидар, телефон, компьютерлік және басқа да байланыс желісін үйлестіретін үй бейнеорталығы жатады. Барлық осы құралда олардың сапасын біріктіретін – бұқаралық аудиторияға жүгінуі, көптеген адамның қол жетімдігі, ақпаратты өндіру мен таратудың корпоративтік сипаты бар» [2, 116-б.]. Бұқаралық ақпарат мәтіні, ең алдымен, оларда қай жерде болса да, жылдамырақ көрініс табатын және тілдік шындықтың көптеген өзгерісін тіркейтін, қазіргі заман тілін қолдануға тән барлық үдерісі бейнелейтінімен сипатталады.

Шынында да, егер көркем әдебиеттің мәтіні – бұл «жоғары өнер», шындықты бейнелеудің көркем тәсілі болса, онда кез келген оқиғаны, өмірдің кез келген қимыл-қозғалысын дереу бейнелейтін бұқаралық ақпарат мәтіні – бұл массмедиа қызметі арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыру және белгілі бір идеологиялық орта туғызу және құндылықтың қандайда бір жүйесін насихаттау болып табылады.

Мұнда, әсіресе зерттеушілерді бұқаралық ақпарат құралы тілінің стильдік мәртебесі де, оның функционалдық-стильдік ерекшелігі тұрғысынан сипатталуы қызықтырады.

Тілші-ғалымдардың бұқаралық ақпарат құралы тілін публицистикалық стиль тілі ретінде қарастырғанымен, қазіргі уақыттағы ақпараттық қоғамдастықтың дамуы көптеген ғалым бұқаралық ақпарат құралының тілі публицистикалық стильдің

белгілері көп дәрежеде иеленгеніне қарамастан, оны жеке функционалдық стильге бөлуді талап етеді. Бұқаралық қарым-қатынас тілінің стилдік мәртебесін анықтау туралы мәселенің екі жағы бар: 1) бұқаралық коммуникация тілі функционалды стильде қалыптасқан өзге де жүйедегі өз бетінше стильтүзуші ретінде; 2) массмедиа тілінің ішкі функционалды-стильдік саралау критерийі.

Газет-журнал тілінің ерекшелігіне қатысты мәселеге көңіл бөле отырып, ең алдымен оны жан-жақты қарастырудың критерийін анықтап алу қажет. Функционалды-стилистикалық тұрғыдан осылай қарастыру функционалды мақсатқа сай деп есептеледі.

Публицистикалық стильдегі мәтін қоғамның және әрбір адамның күнделікті тұрмысына, қызметіне, болашағына тікелей қатысты тағдырлы ақпаратты білдіреді, сол арқылы саяси сананың, азаматтық жауапкершіліктің қалыптасуына және қоғам мүшелерінің гуманистік көзқарасының нығаюына ықпал етеді. Мұндай маңызды, жауапты мақсат публицистикалық стильдегі мәтіннің көпқырлы, көпжанрлы табиғатын, оның қарапайым, түсінікті, ашық-айқын коммуникативті сипатын және логика-прагматикалық тұрғыдан ұйымдастырылуын, бірігуін анықтайды [3, 75-б.].

Жоғарыда аталған стильдегі мәтінде белгілі бір қоғамдық-экономикалық, саяси, идеологиялық, моральдық-этикалық және басқа мәселеге объективті, позитивті оң, әділ көзқарас тудырып, оны қалыптастыру мақсаты қарастырылады. Осы секілді сипатымен публицистикалық стильдегі мәтін қоғамдық ой-пікірді тудырушы, қалыптастырушы және оған бағыт-бағдар беруші ретінде қызмет атқарады.

Публицистикалық стильдегі мәтінде ақпарат осы жанрдың табиғатына сәйкес қарапайым, түсінікті, оңай қабылданатын, мазмұн айқын және дәйекті түрде көрінеді. Мәтіннің жалпы құрылымы, графикалық жағынан жабдықталуы ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, ең алдымен мақаланың қысқаша аннотациясы беріледі, ал мазмұны графикалық жағынан өзгеше жазылған түрде мәтіннің келесі бөлігінде әртараптан сөз болып ашылады.

Демек, мақала мазмұнды-логикалық құрылымға сәйкес катафоралық негізде ұйымдастырылған. Бұл жағдай мақаланың негізгі мазмұнын тез және дәл түсінуге ықпал етеді. Осылайша, газет мақалаларының графикалық жағынан жабдықталуы және олардың құрылымы (архитектурасы) тілдік емес фактор ретінде мақала мәтінінің мағыналық-логикалық ұйымдастырылуын, бірігіп тұтасуын құрайды.

Публицистикалық стильдегі мәтіннің сипатына сәйкес мәтін тілі бәріне түсінікті, қарапайым түрде және белгілі бір деңгейде бейнелі болып келеді. Мұндай мәтінде ақпарат қазақ қоғамының ұлттық болмысына, тұрмыстық сана-сезімі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ой-санасы, үміт-тілегіне сәйкес суреттеледі. Яғни ақпаратты қалыптастыруда ұлттық дүниетаным, әдет-ғұрып психологиясы мен мәдениеті мұқият ескеріледі. Қазақ қоғамында публицистикалық стильдегі мәтіннің жалпы ырғағы, интонациясынан, суреттеу мақамынан әсемдік-сұлулықты, сый-құрмет жоралғысын және адамға ізет, құрмет көрсетуді, сыпайы қарым-қатынас жасау дәстүрін (мәнерін) байқауға болады.

Бұл құбылыс ақпаратты қабылдауда жылы, жағымды, жұмсақ психологиялық ахуал тудырады. Ақпарат алмасудағы мұндай фактор қазақ әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне және мәдениетіне сәйкес келеді. Журналистік стильдегі мәтін жай логикалық, құрылымдық және композициялық түрде құрылғанына қарамастан, оның семантикалық негізі сыпайылық, адамды сыйлау, оның мүддесін құрметтеу, қоғамдық мәселені шешуге тырысу, немқұрайлылық, жағымсыз көріністі елемей уәжге толы. Бұл жағдай мәтінді журналистік стильде ұйымдастыруға, оның семантикалық-құрылымдық, логикалық-коммуникативті ұйымдастырылуына ықпал етеді. Журналистік стильдегі мәтін соңғы мазмұн стратегиясына сәйкес бастапқы кезеңде басқа стильдегі мәтіннен бөлінеді. Бұл ішкі стратегия қуатты тілдік емес фактор

ретінде публицистикалық стильдегі мәтіннің ұйымдастырылуын, яғни ақпаратты қандай құрылым-композицияда берудің шарты мен жағдайын және жөн-жобасы мүмкіндігін анықтайды.

Атап айтқанда, мазмұнды тұжырымдау стратегиясы публицистикалық стильдегі мәтіннің бүкіл табиғатын, оның ұйымдастырушылық, интеграциялық сипатын анықтайды. Журналистік стильдегі мәтіннен біз қоғамды үнемі толғандыратын негізгі мәселенің (адам, адамгершілік т.б.) дамуға, үйлесімділікке, халықтың бірлігіне, ұрпақ тәрбиелеуге деген ұмтылыстың өзекті, маңызды ішкі шиеленісін көреміз.

Демек, қазіргі публицистикалық стильдегі қазақ мәтіні ұлт философиясына бағытталған гуманистік ұлттық идеологияға толы танымға қызмет етеді. Сондай-ақ бұл фактор қоғамдық ілгерілеуді, ұлттық дүниетаным мен ұлттық сенім рухын сан тараптан ынталандырушы, жинақтаушы және жандандырушы әрі әрекет ету қызметін де жүзеге асырады.

Қазіргі қоғамда БАҚ көбінесе тілдік, әлеуметтік-психологиялық және мәдени жағдаятты анықтайды. Адамзат қоғамының өміріне мықтап енген БАҚ адамдардың ойлау жүйесі мен дүниетаным стиліне, қазіргі мәдениетінің түріне әсер ететініне күмән келтіре алмайсыз. БАҚ тілі лингвистикалық қарым-қатынас жасаудың негізгі түрінің біріне жататыны белгілі. Бұқаралық қарым-қатынас мәтіндеріне талдау жүргізу сол тілде сөйлеушілердің тілдік құзыреттілігіне қатысты және осы кезеңдегі әдеби тілдің даму үрдісі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Заманауи ақпарат тарату құралы ретінде көпшіліктің ықыласына бөленген бұқаралық ақпарат құралының тілі «ақпараттық қоғамда» ұлттық тілдің өзіндік үлгісі рөлін атқарады, ол әдеби нормаға, тілдік талғам мен артықшылыққа белсенді түрде ықпал етеді.

Бұқаралық қарым-қатынас тілі бұл, бір жағынан, әдеби тілді толықтырып байытады, оны өрнекті оралымдармен қанықтырады, бейнелі, шешен тілмен жиі айтылатын сөйлеуді де қалыптастырады. Екінші жағынан, кейбір бұқаралық ақпарат құралы тілінен әдеби нормадан тыс әртүрлі ауытқуды, яғни сөйлеуді жаргон және шет тілінен енген кірме сөздермен толтыратын жағымсыз рөлін де көруге болады.

Дәл осы бұқаралық ақпарат құралында қазақ тілінің тілдік нормасын өзгертудің белсенді үдерісі жүріп жатады. Қазіргі қоғамдағы бұқаралық қарым-қатынас тіліне тән жалпылама белгіге тілдесім қатынасының нақты саласының сандық және сапалық күрделілігі жатады (ауызша көпшілік алдында сөйлеу, газет-публицистика стилі, радио, теледидар, ғаламтор тілінің ерекшелігі); бұқаралық ақпарат құралының тілдік болмысында көрініс табатын қазіргі тілдесім қарым-қатынасына тән жекелеген әлеуметтік топтардың сөйлеу мінез-құлық нормасының әлеуметтік-мәдени әртүрлілігі; публицистикалық стильді демократияландыру және бұқаралық қарым-қатынас тілінің нормативтік шегарасын кеңейту; бұқаралық ақпарат құралының тілін «жаңалау, кірме сөзбен толтыру»; белгілі бір тілдесімді сән ретінде ұстану; әдеби-тілдік нормадан саналы түрде бас тарту. Осымен байланысты қоғамда жоғары ақпараттық-тілдік мәдениетті қалыптастыру, тілдік дәстүр мен сөйлеу мәдениетін сақтау туралы күрделі мәселе туып тұр.

БАҚ тілі қазақ тілінің кеңінен таралуында да, халықтың сауаттылығын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Қазақша бұқаралық ақпарат құралының қазақ тіліне құрметпен қарауын жоққа шығаруға болмайды, алайда, сонымен бірге газет-журнал тілінен көптеген қателікті жиі байқаймыз, теле-радио хабарынан да қазақ тілінің сөйлеу нормасына жат сөз тіркесі мен оралымдарды күнде еститін болдық.

Жастардың теледидар мен ғаламторға деген көзқарасын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралы қазақ тілін грамматикалық нормаға сай ұқыпты та таза ұстауы керек. Дыбыстаудағы фонетикалық өзгеріс эфирде және экранда сөйлеу барысын айқын

сипаттап көрсетеді. Сөз қолдануда жана лексиконды қосып сөйлеу күн сайын күшейіп келеді. Қажет емес жерде сөз тіркесі немесе сөйлем ішіндегі белгілі бір буынды жұту қою (*баратырық – бара жатырмыз, отырыққой – отырмыз ғой, келатыр – келе жатыр* т.б.), дыбыстардың сандық және сапалық өзгеріске түсуі де көбейді. Мұндай фонетикалық құбылыс бұрын тек белгілі бір диалектіде ғана қолданылып келсе, қазір бұқаралық, тіпті әдеби тілде сипат алып, электронды БАҚ-тың тілін де жаулай бастады.

Сөйлеу – адамның бір-бірімен қатынасында ойын, еркін, сезімін білдіріп жеткізу үшін тілді қолдану үдерісі. Қазақ тілінің сөйлеу ырғағын келтірудің өзіндік қиындығы бар. Ол – үндестік заңы деп аталатын дыбыстар жүйесіне байланысты тәртіпті сақтау [4, 42-б.]. Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу актісіндегі айтылуы әрдайым бірдей түсе бермейді. Сөйлеу үстінде де сөздер бір-бірімен үндесіп жатады. Сондай кездерде тіркестер кейбір дыбысты сындыруға, жұмсартуға, тіпті жоғалтуға дейін барады. Мәтінді қалай жазылса, солай эфирді тыңдардаушы жеткізуге болмайды. Қалай естілсе, солай жазу үлкен қателік болса, жазылғанды да тура солай оқу сондай жаңсақтық болр еді. Мысалы, қазақ тіліндегі қатаң **қ, к** дыбыстары айтылу барысында ұяң **ғ, г** дыбыстарына айналып кетеді, езулік дауыстылар ерін үндестігіне бағынып, еріндік дауысты дыбыспен әуезделеді. Мәтін ішінде *Абай көшесі, қазақ әдебиеті, көкөніс қымбаттады, қоңыр қаз, қаз-қатар тізіліп тұр, ұшақ әуеге көтерілді т.б.* жазылғанды, журналистеріміз (диктор) *Абайгәшәсү, қазағәдебиеті, көгөнүс қымбаттады, қоңырғаз, қазғатар тізіліп тұр, ұшақ әуөгә гәтөрүлдү дыбыстап* айтуы керек. Себебі бұл тыңдарман құлағына әлдеқайда жағымды естіледі. Дұрыс жазу мен дұрыс айтудың заңдылығы бірдей емес екенін түсініп, ескере білген жөн. Кейде біле тұра, сөйлегенде бір ырғақпен айтарын зуылдатып айтып тастайтын журналистер бар.

Сөз арқылы түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға тек айтушының сол сөздерді нақты да түсінікті, мөлшерленген күйде дыбыстауы, айтуы арқылы ғана әсер ете алады. Дауыс – адамның аса маңызды белгісінің бірі. Бірдей қалыптағы дауыстың екеу болуы мүмкін емес. Өте-мөте сирек жағдайда ғана болмаса, кез келген адам өз дауысын жұмсақ, қаттырақ және түрлі құбылмалы қалыпқа келтіре алады. Бірсарындылық, тұншыға, құмыға сөйлеушілік, міңгірлеушілік, жекелеген дыбыстарды жұтып қоюшылық және артикуляцияның анық болмауы ең жақсы сөзді бүлдіруге, сөйлеушінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Адам кез келген нәрсені өзі істеп көрмейінше, үйрене алмайды. «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген нақылдың мағынасы да сол қисынды түсіндіреді. Ал журналист тыңдарманды өз сөзіне сендіруі үшін әуелі өзіне-өзі сенімді болуы керек. Оның сенетіні – өзінің бойындағы кәсіби құндылығы.

БАҚ тілінің тағы бір ерекшелігі – шет тілінен кірме сөздерді пайдалануы. XX ғасырдың 90-жылдарында экономиканың жаңа түрінің дамуымен шетелдік көптеген сөз пайда болды, негізінен, ағылшын тілінен орыс тіліне енген сөздерді біз орысша жазылуы мен дыбысталуы тұлғасында қабылдадық. Олардың арасында:

а) экономикалық терминдер (*технопарк, маркетинг, менеджмент, биржа, брокер, дилер, бартер* т.б.);

ә) саяси терминдер (*рейтинг, импичмент, электорат, консенсус, имидж* т.б.);

б) тұрмыстық саладағы ұғым атаулары (*сникерс, марс, пепси, херши, кола, нунты, гетры, лосины* т.б.);

в) ауызекі сөйлеу тіркесі (*о'кей, ноу-проблем, фифти-фифти, вау!* т.б.).

Қазіргі уақытта көпшілік *прайс-лист* (заттың бағалары көрсетілген қағаз) секілді жаңа сөзді, сондай-ақ дүкен атауларын да ағылшын тіліндегі эксклюзивті жаңаша сөздермен атайтын болдық, мәселен, *бутик, литтл-бар, супермаркет, мини-маркет, сити молл* т.б.

Жекелеген радио, теледидар бағдарламаларының атаулары да шет тілінде немесе аралас тілде болып келеді. Мысалы, «Пенальти», «Қай-Тех», «QosLike – ҚосЛайк», «Canar Like», Спорт-арена», «Телемикс», «Ревю», «Бенефис шоу», Шоу-айтыс», «Aitystar» т.б.

Бұған жарнама тілінен де мысал келтіруге болады: «Шай Ассам шөлімді бассам», «Сен аш болсаң өзіңе ұқсамайсың, сникерстен!», «Твикс пен Кит-Кат» – таптырмайтын шоколад», «Чупачупспен бірге бол!» т.б. немесе қонақ үйлердегі жазудан да кірме сөздерді байқайсыз: «Орен өзіңе қарай», «Кілттер ресепшиінде» т.б.

Сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейі қазіргі адамдардың ажырамас ерекшелігі болып табылатындықтан, олар айтылым барысында, сөз формаларын қолдануда, сөйлем құрастыруда қателік жібермеуі керек, алайда қазіргі жағдайда БАҚ-тың қоғамның сөйлеу мәдениетіне айтарлықтай әсер ететін тілдік нормадан алыс болған кезде бұған қол жеткізу өте қиын. Журналистер, бағдарлама авторлары, жүргізушілер мен дикторлар өздері жүзбе-жүз кездеспейтін үлкен аудиториямен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, көпшілікті ерік-жігерімен немесе еріксіз-ақ тәрбиелейді, халықтың бойында белгілі бір ұстаным, көзқарас, талғамды нығайтады және көпшілік ұсынатын тілдің айтылу нормасын игеруге мәжбүрлейді.

Сондай-ақ журналистің әдеби тілде таза, сауатты, мінсіз көркем сөйлегенін де қалар едік. БАҚ-тағы қазақ тілінің мәдениеті – теледидар мен радио бағдарламаларының кәсіби деңгейін көрсететін, олардың журналистік және көркемдік құндылығын анықтайтын негізгі сипаттаманың бірі. БАҚ көбінесе тіл мен қарым-қатынас нормасын анықтайды және бұл норманың жоғары мәдени дәстүрге сәйкес келуі үшін олардың жауапкершілігі де соғұрлым жоғары болады.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиатекстов: Опыт исследования современной английской медиаречи. – М., 2010.
2. Землянова Л.М. Зарубежная коммуникативистика в преддверии информационного общества. – М., 1999.
3. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). –А: Арыс, 1999. – 224 б.
4. Өтебеков Б., Мағжан С., Данияров Т. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа сөз қолданысы мен лексикалық бірліктер. – Алматы, 2015.

IMPROVING THE STUDENTS' ABILITIES OF PROFOUND UNDERSTANDING THE TERMINOLOGICAL AND LEXICAL VOCABULARY

Odanova Sagira Amankeldievna

Candidate of Philological Science, acting Professor,

Moldabayeva Karlygash Ergazievna

the 1 st year doctoral student of

Kazakh State Woman Pedagogical University on specialty 8D02301 “Philology”

Abstract: This article discusses the ways and means of enriching the terminological vocabulary of students in non-linguistic universities. In the article, the author shares her experience in introducing terms in English classes. The author pays special attention to the importance of knowledge of terms for a future specialist and to the difficulties that students encounter when studying terms. Also, the author gives examples of exercises for introduction, assimilation, consolidation and use of terms for each stage of an English lesson.

The article also provides examples of communicative exercises in the form of business games, round tables that contribute to the consolidation of new vocabulary.

Аннотация: Данная статья рассматривает пути и способы обогащения терминологического словарного запаса студентов неязыковых вузов. В статье автор делится своим опытом внедрения терминов на уроках английского языка. Автор уделяет особое внимание на значимость владения терминами для будущего специалиста и на трудности, с которыми сталкиваются студенты при изучении терминов. Так же автор останавливается на этапах урока английского языка и приводит примеры упражнений для введений, усвоений и использований терминов. В статье также приводятся примеры коммуникативных упражнений в виде деловых игр, круглых столов, которые способствуют закреплению новой лексики.

Key words: terminology, communication, suffixes, prefixes, lexicology, professional-oriented, lexical meaning.

The work on the study of terminological vocabulary, unlike other categories of language words, has its own specifics and represents one of the difficult problems of teaching English vocabulary at non-philological faculties. The most difficult problem in this issue is, first of all, students' assimilation of terms, which are a series of interrelated and interdependent meanings, each of which has a specific lexical meaning, which determines the peculiarity of its functioning in the language system.

Analyzing the problems that arise today in front of the teacher of the English language at the non-philological faculties, I would like to consider the practical experience gained as a result of the work

It's known that professionally-oriented language training is aimed not only at ensuring a certain level of knowledge, skills and abilities of students, but also on the formation of their readiness to solve practical and theoretical problems, as well as for further self-development and self-education. In this context, students should master professionally-oriented foreign-language communicative competence, which is understood as "the ability and willingness of a specialist who is aware of himself as a linguistic personality to effectively implement foreign-language communication and interaction in professional and everyday situations in an intercultural space". The formation of such competence is primarily associated with the development of written and oral speech skills through the development of professional vocabulary.

Teaching English in a non-linguistic university actualizes this component of professional competence, since English for students of technical universities is a means of obtaining scientific information, a factor of active inclusion in the field of production and technology. A central role in this direction is assigned to the development of terminological vocabulary, which has an important professional and communicative value in the activities of a future specialist.

For example, in Almaty University of power engineering and telecommunication, a professionally oriented foreign language is introduced in the second and third years of study. During teaching the professional oriented foreign language we focus on increasing the student's terminological vocabulary stock and prepare them to their future specialty.

Since the text is taken as the basis of gaining the new terms, we mainly work with different types of texts. Every lesson contains the introduction of new terms and their usage in the context. For instance: Students listen and repeat the following words, groups of words and sentences, translate the sentences and find them in the context. Then make their own sentences: To boil — кипеть. We boil water to produce steam. Boiling point — точка кипения. The boiling point of water depends on atmospheric pressure. Degree — градус; степень. Steel melts at 1300 degrees. Data — данные. These data were used in research

work. Freezing point — точка замерзания. What is the freezing point of water? Liquid — жидкость. At what temperature does this liquid boil? Mercury — ртуть. Mercury is a metal. Pressure — давление. What is the atmospheric pressure today? To put into use — вводить в действие, запускать. A new reactor was put into use.[1, p.67]

The realities of modern society - globalization, computerization technologization - contribute to the objective occurrence of terms in the mass use of speech, which also need to be considered when teaching students of not language high schools terminology chosen specialty.[2, p.421]

Professionally oriented foreign language communicative competence, based on terminological material, is impossible without the activation of cognitive activity of students, the formation of their creative thinking and increased level of independence in the field of their chosen specialty. Thus, a holistic systemic organization of work is required to qualitatively master the terminological vocabulary of the English language and to develop professionally oriented communicative competence of future specialists. A similar approach to mastering non-linguistic university students with English terminological vocabulary in a specialty can be effectively implemented, as our own teaching practice shows, with the implementation of rational selection, semantization and wide presentation of terminological language units, using successfully tested methods and techniques for working on terminological vocabulary.

The study of English terminological vocabulary is carried out by us not fragmentarily, at one time, but in a complex of exercises that systematize and consolidate a new terminological unit. In this connection, in working with terms we observe the following sequence: introduction of terminological vocabulary (preparatory exercises) - language exercises - communicative-speech exercises.

Separation into three types of exercises involves the simultaneous selection and operation in the terms pre text, text, post text exercise because we are based on the text as the basic unit of study.

It's well known that with appropriative usage of suffixes we can enrich one's vocabulary. In the pre reading activities it's suitable to introduce an international terms at first. For instance: read and memorize following international terms: ceramic, fabricate, electromagnetic theory, critical temperature and so on, then I move to unknown terms, and introduce them with transcription. After that it is followed by main terms which will be meeting in the text. We listen, repeat them, find them in the context, translate them and make own examples using them.

Also while introducing terms I usually give the students suffixes and prefixes to learn them to make the new words: adjective + th = noun, deep - depth, wide→width, long→length

Adjective+en= verb, light→to lighten, deepen, brighten, lessen. [1, p.113]

Sub- under, submerge, submersible, subsystem. There are varieties of exercises to word formation which help the students to expand their terminological vocabulary. Students will be given terms; they should change those using suffixes. For example : make verbs from given words: complication, measurable, appearance, systematization; make noun: deep, powerful, noiseless, realise. Design new words: compress, move, manipulate.[1, p.145]

The students will be given the table to word formation. It looks like this one:

verb	Noun	adjective
...	Submergence	...
...	...	exploratory
inform
resist

Mastering such communicative competence requires the appropriate organization of work on the selection of terminological vocabulary by profession, the search for effective ways of mastering terminological units in the process of productive and reproductive speech activity in professionally significant communication situations.

To activate the introduced term it is useful to use role plays in the consolidation part of the lesson. They help to replenish the vocabulary. It is the regular use of words that leads to their good mastery. The game situation contributes to the activation of memory, so the new vocabulary is remembered even better. They can train their listening comprehension. By interacting with other participants in the game, one can learn to understand English with different accents and pronunciation features. For instance to consolidate the new terms during the lesson 'Laser and its application', I conducted the round table. Students were divided into two groups and one student was a chairman; The chairman were given the phrases for opening a meeting, introducing a speaker, interrupting a speaker, opening a discussion, ending a meeting. The participants were given phrases for introducing the report, agreement with speaker, disagreement with speaker, making remarks, making contribution to the discussion. Using these phrases and new terms they discussed the advantages and disadvantages of Lasers. Such games give an incentive to learning. Games show how the studied material can be used in real situations. This allows you to increase motivation and help them to feel themselves like real professionals.

In the post reading part we usually consider pair works, group works to make a consolidation of given terminology. In work in pairs students write out terms, determine the semantic connection between concepts, groups of words are connected by straight lines with a key concept. The result is a structure that defines the information field of this topic, graphically displays the process of reflection, the relationship between the terms. There are examples of tasks we use during the lessons:

Compilation of a cluster based on reference material. Create a concept chart by arranging the information provided in the reference materials. (The reference materials are randomly technical terms representing two species-genus group related tasks. Organize them accurately detecting their generic-specific connections).

Designing sentences. Students with the same term with which the text was associated will make up sentences. Prerequisite of the task: the term must be in different case forms. This task is not only to demonstrate the knowledge of the term the students, its values, but also the ability to create an appropriate context and grammatical material possession.

Terminological dictation. The teacher reads out the definitions of the terms used in the analyzed text, and students write down the terms. To memorize terms for the theme 'Lasers', I used following definitions: In a way that agrees with; able to be obtained, used, or reached, able to be obtained, used, or reached, to find an amount or number using mathematics and so on. These definitions were projected on the white board, by reading them the students found the terms from the text.[1, p.162]

Crossword puzzles. This technique is best used in group competitive form. Students solve crosswords in which technical terms are encrypted, taken from previously analyzed educational texts. The task is performed during the fixed time. Solved crosswords are checked by another team.

Compilation of small crosswords. This job is better done in pairs. Students need to make a crossword puzzle, consisting of the terms found in the study of the text. A crossword puzzle is read only horizontally or vertically.

Micro text designing. Students working in groups are given the task of composing a text, including the studied terms. The text can take the form of a monologue or a dialogue. It should contain the meaning of the terms.

Formulation of terms definitions. Students are divided into 2 groups. Each group receives a card with the name of the topic, combining a number of terms discussed in the analyzed educational text. After a short discussion, it is necessary to give a definition of the concepts. Groups check each other, supplement if necessary.

Work on the mental maps. This method of graphical expression of the processes of perception, processing and memorization of information, creative tasks is a tool for the development of memory and thinking.

The use of multimedia tools. When demonstrating a training film (in addition to the training text), turn off the sound and ask the student to comment on the process, stop the shot and offer to continue the description of the further course of the process, ask to explain the process.[2, p420]

Thoughtful workout. A) Students are divided into 2 groups, each of which formulates 5 questions, so that the other team guesses what is shown on the interactive whiteboard. Then the groups change roles. B) The student writes on the blackboard the term used in the analyzed educational text. Another student sits down on a chair with his back to the blackboard and guesses this term, asking any student of the group questions that require an answer “yes” or “no”.

Above mentioned types of activities are widely used during my lessons to enrich their vocabulary. Thus, the use of various communicative and speech exercises aimed at mastering terminological vocabulary in the process of teaching English in a non-linguistic university not only helps to improve the skills of expressive English speech, but also, forming terminological experience, increases the level of professional language preparedness of a future specialist.

Used Literature

1. Орловская С.В., Самсонова Л.С., Скубрияева А.И. Учебник английского языка для студентов технических университетов и вузов. -6-е изд., стереотип. (Иностранный язык в техническом университете). -М: Изд-во МГТУ им.Н.Э.Баумана, 2006. -448с.

2. Тансыкбаева Б.А., Исингалиева Ж.А., Абдирова А.Д., Сиптанова Р.И. Работа с терминами как составная часть профессионально-ориентированного языкового обучения // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 12-3. – С. 450-452;

КИНОДИСКУРС АУДАРМАСЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сембаева А.Ғ.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Мақала кино дискурс аудармасының лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Мақалада аударманың стильдік, этнолингвистикалық сипаттары айқындалып, кино аудармасының лексика-семантикалық, стилистикалық, коммуникативтік ерекшеліктері сараланды.

Тірек сөздер: кино, дискурс, аударма, лексика, семантика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика.

Аннотация: В статье рассматриваются лексика-стилистические особенности киноперевода. А так же, рассматриваются существующие классификации видов художественного перевода и проблемы озвучивания кино.

Abstract: The article discusses the vocabulary and stylistic features of film translation. We also consider the existing classifications of types of literary translation and problems of film scoring.

Кинодискурс аудармасы – мәдени-интеллектуалды әрекет, яғни үдеріс ретінде алынған әрекеттің нәтижесі. Егер кез келген кино туындысы шындық фрагментінің индивид санасы арқылы бейнеленуі болса, онда кино аудармасы бейненің бейнесі, көріністің көрінісі болып табылады. Кино аудармашы – ең аз дегенде, екі мәдениетті жетік білетін тілдік тұлға болуы шарт. Аудармашылық қызмет қоғамның бүкіл өмірімен байланысын танытып, аударманың өркениет дамуындағы рөлі мен орнын көруге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибені иемдену басқа тілдердегі әлемді басқаша тұжырымдау, көруден, басқаша дүниетаным тәжірибесінен, әлемді басқаша тану жолдары арқылы жүзеге асады.

Аударма – құндылықты қайта таныту. Егер кез келген сөз туындысы шындықтың фрагментінің индивид санасы арқылы бейнеленуі болса, онда аударма бейненің бейнесі, көріністің көрінісі болып табылады. Аударма шындықтың тікелей тура өзінің емес, басқаның санасымен сарапталған көрінісі болады, өйткені біз фактінің бейнеленуін емес, факт туралы басқа біреудің ойын аударамыз [1, 21]

Кино аудармасы арқылы аудармашы тұлғасын да жалпы түрде бейнелеу мүмкіндігін табамыз. Аудармашы – ең аз дегенде, екі мәдениетке бет бұрған, екі тілді, әлде одан да көп тілді тұлға болуы тиіс. Кино аудармасының басқа аударма түрлеріне қарағанда өзіндік ерекшеліктері басым.

Әрбір этнос өзін қоршаған ортадағы заттарды, нәрселерді, құбылыстарды, дүниені, ғаламды өзінің ментальдық таным-түсінігінше зерделейді, тілінде бекітеді. Осыған байланысты кино мәтіндерін аударғанда киноны түсірген халықтың ұлттық ерекшеліктері мен аударылып отырған тілді тұтынушы халықтың тілдік ерекшеліктері мен ұлттық болмысы ескерілуі тиіс.

Қазіргі таңда, аударма ғылымының жан жақты дамып келе жатқаны баршамызға аян. Оған қоса, қазақ кинематографиясы әлем деңгейінде қарқынды дамып келеді. Кинофильмдердің көбі қазақ тілінде түсірілгендіктен әлемдік қауымдастық қазақ кинофильмдерімен таныс болу мақсатында оларды шет тілдеріне, соның ішінде ағылшын тіліне аударуды талап етеді. Осыған байланысты сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған зерттеу жұмысы өте өзекті. Себебі орыс тіл арқылы аудару нәтижесінде түпнұсқа тілдің ұлттық нақышы, ерекшелігі жоғалады.

Кинодискурсты зерттеу және аударма ғылымының лингвомәденитанымдық аспектісін, оның басқа тілге аударылу ерекшеліктерін анықтау тіл білімі үшін де, аударма теориясы үшін де өте маңызды болып табылады. Алайда, қазіргі кезде қазақ кинодискурстарын аудару жолдары, аударма сәйкестілігіне жету және аудармашыға деген прагматикалық баламалылықтың ықпалы жөніндегі пікірлерде бірізділік жоқ. Жалпы, кинодискурс мәселесі аударма ғылымында толығымен зерттелмегендіктен қазақ кинофильмдерін аудару барысында туындайтын қиындықтар аударма үрдісінде зор орын алады [2,63]

Лингвистердің пікірінше, киномәтін – ауызша (лингвистикалық) және бейвербалды (иконикалық немесе индексалды) белгілердің көмегімен ұжымдасқан толықтай байланысқан, біртұтас және аяқталған мәтін. Ол кинематографиялық кодта тіркелген және көрерменнің аудиовизуальды қабылдауына сәйкес құрылады. Ал, кинодиалог семиотикалық таңбалар бойынша да, вербалды компоненттердің көмегі арқылы да, сонымен қатар аудиовизуалды мағынасының біртұтастығының қамтамасыз етілуі нәтижесінде пайда болады. Осы екі жиі қолданылатын ұғымдарды салыстыру арқылы кино жұмысының түрлі анықтамалары, мақсат-міндеттері айқындалады. Бұл ұғымдар құрылымдық вербалды және бейвербалды компоненттер фильмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір вербалды немесе бейвербалды компоненттің жалпы міндеті – авторлық идеяларға тәуелді болатынын білдіреді [3,104]

Бұл ұғымдар кино тілін тек зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар жұмыс істеу ерекшеліктері (белгілер және оларды ұйымдастыру) арқылы тәжірибе жинауға, лексика-грамматикалық, стилистикалық және лингвомәдени аспектілерді пайдалану арқылы сөз мағынасының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Себебі, кинофильм ұғымы үнемі динамикалық сипатта болады. Көрермендерге автордың (режиссердің) рұқсатымен ақпарат жеткізіледі. Бейвервалды және ауызша кодтар мен аудиовизуалды мәтін өзара байланысты болады. Кинофильм ұғымы киномәтін аспектісі аясында нақтылана түсері сөзсіз. Ал кинодискурстың негізгі параметрлеріне – модус, жанр және үндесім жатады. Дискурсты модус бойынша бөлу коммуникативтік тәсілге байланысты жүзеге асады. Автордың хабарды, ақпаратты жеткізуі тұрғысынан кинофильмде бір мезгілде екі бағыт коммуникацияға түседі. Олар акустикалық және визуалды коммуникациялар. Модустың ерекшелігі – бейнежазу модусының болуында. Киноны салыстыруға арналған жазбаша модус әдебиеті, ауызша модус, вербалды коммуникация, визуалды модус, кескіндеме, фотосурет және аудиалды модус – музыкалық шығармаларда және радио трансляцияларында қолданылады. Олар белгілі жағдайға сәйкес кино саласындағы түрлі арналардағы маркетингтік үрдісті жылдамдатуы көздейді. Бұл корей киноларын жасауда басшылыққа алынып келе жатқан тәсілдің бірі. Корей сериалдарындағы діріл, жаңғырық, тым көтеріңкі дауыс толқындарының берілуі осының дәлелі бола алады. Кинодискурс лингвистикалық компонент арқылы екі бағыт бойынша жүргізіледі әрі кинодискурстағы ауызша модус пен жазбаша модус арқылы байланыстырылады. Ауызша вербалды код кинофильмнің дауыс толқынында қарастырылады [4, 255]

Кинодискурс көркем жазба тілмен өте ұқсас. Кинодискурстың типтік бейнесі үш бөлімнен тұрады: - бірінші бөлімдегі оқиғалардың басталуы; - екінші бөлімдегі оқиғалардың байланысы; - үшінші бөлімдегі шарықтау шегі. Қазіргі корей тіліндегі кинодискурстың бірінші және екінші бөлімдері көрермендерді қызықтыруға және қызығушылығын арттыруға бағытталған. Мұндай қызықтырушылық тек 8 киноның соңына таман үзіледі, сондықтан киноның шарықтау шегі – жалпы кинодағы ең кіші бөлік болып табылады. Ғалымдардың пікірі бойынша, «Кинодискурс бірнеше объектіге ие болады. Мәтін шығармаларының шарықтау шегі протагонистік тип бойынша жүзеге асады». Құрылымдық және мазмұнды дискурстың да өз кемшіліктері жетерлік. [4, 257]. Кино жанры тек тілдік бейнелермен емес, суреттемелі бейнелерден-ақ көрініс табады. Кино жанрының зерттелуі лингвистика және әдебиеттану салаларынан анық байқалады.

Кинодағы лексика-грамматикалық, стилистикалық, коммуникативтік бөлшектер осы екі саланың құзыретіне жатады. М.М. Бахтин жанрды екі түрге бөледі: «біріншілік (қарапайым)» – «күнделікті ауызекі сөйлеу барысындағы сөйлесім» және «екіншілік (күрделі)» – «біріншілік жанрдың пайда болатын күрделі үрдіс» (мысалы, роман, драма) [3, 252]. Бұдан шығатын қорытынды қарапайым жанрдан диалог дискурсы, күрделі жанрдан кинодискурсы пайда болады. Кинодискурс тілі және ондағы баяндау, сипаттау, мазмұндау тұрақты морфосинтакстік және лексикалық мінездемелерге ие.

Кинодискурстағы кино тілі лингвистикалық зерттеулерден өтіп, жанрлық топтарға жіктеледі. Алайда, жеке және универсалды мінездемелер бойынша кино тілін терең зерттеу үшін үлкен тәжірибеден өту керек. Кинодискурсқа үш түрлі белгі тән: индекстер, маңдайшалар, символдар (жалпы белгілер).

Түпнұсқадағы ақпаратты «сіңіру» әдетте «мағынаны түсіну» деп аталады. Бірінші кезеңде аудармашы түпнұсқаның аударылатын үзіндісіндегі ақпаратты, сондай-ақ лингвистикалық және жағдаяттық контекстегі ақпаратты да алып, осы ақпараттың негізінде өзі келесі кезеңде «жарыққа шығаратын» мазмұн туралы қажетті ой-түйін жасауы тиіс... бірінші кезеңде аудармашы не түсінсе, соны аударды... аударма

процесінің екінші кезеңі аударма мәтінін жасауда тілдік таңбаларды таңдаудан тұрады. Бұл аудармашының кіріс тілдегі сөйлеу әрекетін көрсетеді. Аудармашының стратегиясын көрсететін бұл екінші принцип әдетте «түпнұсқаның таңбасын емес, мағынаны аудару» талабы делінеді және түпнұсқаның тұлғасын (формасын) көшіруге жол бермеу болып табылады. Аударма стратегиясының үшінші принципі аудармашы аударылған және аударған мәтініндегі қандай да бір маңызды мағыналық элементтерді анықтаудан тұрады. Аудармашының төртінші стратегиялық принципі тұтас мәтінді түсіну жекелеген бөліктердің мағынасынан маңызды болып, тұтас мәтіннің мағынасын дұрыс беруде жекелеген детальдарды «кұрбандыққа шалуға» саяды. ... тағы бір ереже – аударма кіріс тілдің нормаларына сай болуы тиіс [4, 187-199-бб].

Аударма процесінде ең алдымен аударатын тілдегі лексикалық бірліктердің аударылатын тілдегі баламасын дәл қолдану маңызды. Сонымен қатар аудару процесінде баламалықтың төрт түрін атауға болады. Аударманың бірінші түрдегі баламалылығы түпнұсқаның *коммуникацияның мақсатын* құрайтын мазмұндық бөлігін ғана сақтаудан тұрады. Баламалылықтың екінші түрінде түпнұсқа мен аударма мазмұнының жалпы бөлігі коммуникацияның бірдей мақсатын ғана көрсетіп қоймайды, бірдей *тілден тыс жағдаятты* береді. Түпнұсқа мен аударманы салғастырудың үшінші түрінің төмендегідей ерекшеліктері болады:

1) лексикалық құрам мен синтаксистік құрылымында параллелизм болмайды;
2) түпнұсқа мен аударма құрылымын синтаксистік трансформация қатынасы арқылы байланыстыру мүмкін болмайды;

3) аудармада түпнұсқадағы коммуникациялық мақсат пен жағдаят бірдей сақталады;

4) аудармада жалпы ұғым сақталып, олар арқылы түпнұсқадағы жағдаят сипатталады. Баламалылықтың төртінші түрінде, жоғарыдағыларды қоса алғанда, аудармада түпнұсқаның синтаксистік құрылымының, мағынасының айтарлықтай бөлігі көрініс табады. Түпнұсқа мәтінінің құрылымдық ұйымдасуы аударылатын мәтіннің жалпы мазмұнына енетін белгілі бір ақпаратты айқындайды... Баламалылықтың соңғы бесінші түрінде түпнұсқа мен аударма мазмұнының барынша жуықтатылуына қол жеткізіледі [5, 52-78-бб.].

Ал дәл баламасы жоқ лексикалық бірлікті берудің төмендегідей жолдары кездеседі: а) транслитерация; б) калькалау; в) сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма; г) жуықтатылған (ұқсас) аударма; д) антонимдік (қарама-қарсы) аударма [5, 104-121-бб.]. Баламасы жоқ сөзді аударуда аталған тәсілдер арқылы сәйкестік орнату болмаған жағдайда *сипаттау* тәсілі қолданылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Лотман Ю. М. Семиотика кино и проблемы киноэстетики. - Таллинн: Александра, 1973. –63 с.
2. Почепцов Г.Г. Теория коммуникация. М.: «Рефл-бук», К.: «Ваклер» - 2003. - 565 с.
3. Бахтин М. М. Проблема речевых жанров // Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества: сб. ст. / сост. С.Г. Бочаров. Изд-е 2-е. –М.: Искусство, 1986. –С. 250-296.
4. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөзі материалдары негізінде). – Алматы: 2007. – 450 б.
5. Рецкер И.Я. Теория перевода и переводческая практика.– М.: Р. Валент, 2004.– 240 с.

УПОТРЕБЛЕНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Куносбаева Ж.Б., Кекилбай А.А.

Научный руководитель: Жетписбаева О.Б., старший преподаватель
кафедры казахской филологии АРУ имени К.Жубанова
НАО «Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова»

Аннотация: В данной статье рассмотрены проблемы перевода математических терминов с русского на казахский язык, изменение их значения при переводе, проанализированы характерные особенности перевода, их использование в математике и в других сферах деятельности, выявлены некоторые проблемы перевода отдельных терминов, в результате которого эти термины утрачивают свой смысл и значение.

Ключевые слова: термины, перевод, языкознание, математика, среднее арифметическое, угол, аксиома, касательная, функция, непрерывная функция, треугольник, луч.

USE OF MATHEMATICAL TERMS IN RUSSIAN AND KAZAKH

Abstract: This article discusses the problems of translating mathematical terms from Russian to Kazakh and changing their meaning in translation. The article analyzes the characteristic features of translation and their use in mathematics and other fields of activity. Some problems have been identified in the translation of certain terms, **as a result of which these terms lose their meaning and signification.**

Keywords: terms, translation, linguistics, mathematics, arithmetic mean, angle, axiom, tangent, function, continuous function, triangle, ray.

Как известно, слово термин в переводе с латинского означает предел или граница. Термин – это слово или словосочетание, являющееся названием некоторого понятия какой-нибудь области науки, техники, искусства и так далее. В словаре В. И. Даля дается следующее определение: *Термин* м. лат. определение, слово, речение, название вещи или приёма, условное выражение [1, 411]. В каждой науке и ремесле имеются свои термины, принятые и условные названия.

По утверждению А. И. Моисеева, "языковой формой выражения терминов являются имена существительные и словосочетания на их базе, то есть термины – это слова и словосочетания строго номинативной функции, а именно, определенный тип имен существительных и словосочетаний на их основе, так как это строго номинативная часть специальной и общей лексики и фразеологии в форме имен существительных и словосочетаний на их базе" [2]. Правомерность такого взгляда на термин подтверждается, в частности, тем, что "номинативной функцией в строгом смысле обладают лишь определенные разряды имен существительных и устойчивые сочетания на их базе".

Выдающийся ученый А.А.Реформатский пишет, что: « терминология и термины, как их составные части, являются инструментом, с помощью которого формируются научные теории, законы, принципы, положения», то есть «в терминах отражается социально организованная действительность, поэтому термины имеют социально обязательный характер» [3;22-25].

При определении понятия термин лингвисты чаще всего ограничиваются указанием на ближайшее родовое понятие (т.е. слово или же словосочетание) и один из существенных отличительных признаков – наличие профессионального значения.

Б. Н. Головкин, который при определении понятия термина, подчеркивает мысль о терминологичности именно подчинительных словосочетаний, в терминологическом указателе, помещенном в учебном пособии «Введение в языкознание», среди составных терминов называют и такие словосочетания: *буква и звук, единицы языка и единицы речи, значение слова и предмет, предложение и суждение, слово и мышление* и другие подобные.

Отличительной особенностью содержания термина, его означаемого, является то, что он имеет профессиональное значение, обозначает определенное научное, производственное, техническое и т.п. понятие.

Проблема, которую хотим изложить, посвящена исследованию именно математических терминов, так как по определению Жолкова: «Математика – это не собрание мертвых символов и формул, а живая наука, которую создавали живые люди» [4;12]. **Математика** необходима в той или иной степени для любой науки. Математические знания требуются в исключительно огромных количествах, а в отдельных случаях достаточно лишь общих представлений в разных областях математики. Следует отметить, что чаще всего оказываются востребованными познания в математическом анализе, теории множеств, линейной алгебре, поэтому начинать целесообразно именно с них.

Как известно, математические понятия и термины не всегда понятны и плохо запоминаются. По этому поводу Козьма Прутков подчеркивает: «Многие вещи непонятны нам не потому, что наши понятия слабы, но потому что сии вещи не входят в круг наших понятий».

На наш взгляд этимологии математических терминов уделено мало внимания в школьных учебниках, а ведь она играет немаловажную роль в понимании того или иного термина. Происхождение того или иного математического понятия можно найти в энциклопедиях и словарях, но они, как правило большие по объёму, с большим количеством страниц, что неудобно в использовании. Как специальную литературу по этимологии математических терминов можно выделить: Картавов С.А. «Математические термины. Справочно-библиографический словарь»; Микиша А.М., Орлов В.Б. «Толковый математический словарь. Основные термины»; Мантуров О.В., Солнцев Ю.К., Соркин Ю.И., Федин Н.Г. «Математика в понятиях, определениях и терминах» Части 1,2. Также можно назвать имена некоторых ученых, которые изучали и ввели многие математические термины и понятия.

Одним из них является немецкий философ, математик, физик и лингвист Готфрид Вильгельм Лейбниц. Благодаря его заслугам в математике появились многие понятия и символы, употребляемые и сейчас, в частности, термин «функция». Функция – это определенное действие над переменной. В этом значении слово «функция» применяется и в областях науки далеких от математики. Например, можно говорить о функциях мобильного телефона, о функциях головного мозга или функциях современной науки. Во всех этих случаях речь идет именно о совершаемых действиях.

Великий прорыв в алгебре связан с именем французского ученого XVI века Франсуа Виета. Буквенные обозначения для коэффициентов уравнения и неизвестных величин именно его заслуга. Благодаря чему, стало возможным выражать свойства уравнений и их корней общими формулами, а сами алгебраические уравнения превратились для математиков в объекты, над которыми можно было производить те или иные действия.

В свою очередь, выдающийся астроном, физик и математик Иоганн Кеплер ввел понятие «среднего арифметического». Среднее значение — это то, что математики называют «средним арифметическим» — сумма всех измерений, разделенная на число измерений.

Современное определение термина «угол» дал Эйлер, как элемента принимающего различные значения - положительные и отрицательные. Знак « \angle » внедрил Эригон в 1634 году. Угол - часть плоскости между двумя прямыми линиями, исходящая из одной точки. Понятие угла было уже с древних времен введено в греческую математику. Термин «угол» переводится на казахский язык как «бұрыш». При переводе термина, термин не теряет своего смысла, но при сочетании в определенных сферах деятельности термин «угол» теряет свой математический смысл. Например: Углом называется фигура, которая состоит из двух различных полупрямых с общим началом [5.14]. – Бұрыш деп бастапқы нүктелрі ортақ болатын әртүрлі жарты түзулерден құралған фигураны айтады [6.16].

Термин «аксиома» переведенное с греческого языка и означающее основное положение, принимающее без доказательств впервые встречается в трудах Аристотеля. Этот термин не переводится, примеры: Все утверждения, принимаемые в геометрии кроме аксиом, необходимо доказывать [5.17]. – Геометрияда қабылданған аксиомадан өзге тұжырымдардың барлығы дәлелденуі қажет [6.19].

Интеграл (лат. слово *integro* – «восстанавливать» или *integer* – «целый»). Заимств. во второй половине 18 в. из франц. яз. на базе лат. *integralis* – «целый», «полный». Одно из основных понятий математического анализа, возникшее в связи потребностью измерять площади, объемы, отыскивать функции по их производным. Обычно эти концепции интеграла связывают с Ньютоном и Лейбницем. Впервые это слово употребил в печати швец. Ученый Я. Бернулли (1690 г.). Знак \int - стилизованная буква S от лат. слова *summa* – «сумма» впервые появился в трудах Г. В. Лейбница. Интеграл функции является основным понятием интегрального исчисления. Интеграл широко используется при решении целого ряда задач по математике, физике и в других науках. Например: Совокупность всех первообразных функций $F(x)+C$ для данной функции $f(x)$ называется неопределенным интегралом функции $f(x)$ [7.14]. - $f(x)$ функциясының барлық алғашқы функцияларының жиынтығы $F(x)+C$ берілген $f(x)$ функциясының анықталмаған интегралы деп аталады [8.14].

Приведем примеры употребления терминов.

Термин «касательная». Означает – прямую линию, имеющую с кривой одну общую точку, но не пересекающая ее, и переводится как «жанама». А также при переводе имеет множество значений и используется в разных сферах науки. Например: Прямая и окружность могут иметь две общие точки, одну общую точку и не иметь общих точек. «Прямую, которая имеет одну общую точку с окружностью, называют касательной к окружности. Эта точка называется точкой касания» [5.55]. – «Шеңбер мен түзудің екі ортақ нүктесі, бір ортақ нүктесі болуы немесе ортақ нүктелері мүлде болмауы мүмкін. Шеңбермен бір ғана ортақ нүктесі бар түзуді жанама деп, ал осы ортақ нүктені жанама нүктесі деп атайды.» [6.65].

Следующий термин «функция» – это определенное действие над переменной. Термин не имеет перевода, и в использовании со словами на казахском языке смысла не теряет. Например: Нахождение функции по ее производной называют интегрированием [9.11]. - Функцияның белгілі туындысы бойынша алғашқы функциясын табу интегралдау деп аталады [10.10].

Сочетание «непрерывность функции» переводится как «функцияның үздіксіздігі», полностью передает его основное значение. Например: Исследуйте функцию на непрерывность. – Функцияны үздіксіздікке зерттеңіз.

Что касается термина «треугольник» – это геометрическая фигура, образованная тремя отрезками, которые соединяют три точки, не лежащие на одной прямой. В казахском варианте звучит как «үшбұрыш», значение сохраняет. Например: $\triangle ABC = \triangle MNP$. 1) Найдите сторону BC и угол C, если $NP = 12$ см, $\angle P = 12^\circ 1'$. 2) Могут ли

быть равными стороны АВ и ВС в треугольнике ABC, если все стороны треугольника MNP имеют разные длины? [5.24]. - $\triangle ABC = \triangle MNP$. 1) Егер $NP=12$ см, ал $\angle P=12^\circ 1'$ болса, онда ВС қабырғасы мен С бұрышын табыңдар; 2) Егер MNP үшбұрышының қабырғалары әртүрлі болса, онда ABC үшбұрышының АВ және ВС қабырғалары тең болуы мүмкін бе? [6.27].

Часто используемый термин «луч». Обозначает часть прямой, которая имеет начало, но не имеет конца, переводится как «сәуле». И в казахском языке используется не только в математике, но и в разных сферах науки и жизни. Например: луч солнца – күн сәулесі, блеснул луч надежды – үміт сәулесі жарқ етті и т.д.; Лучом или полупрямой называется часть прямой, которая состоит из всех точек этой прямой, лежащих по одну сторону от данной точки [5.14] – Түзудің берілген нүктесінен оның жағында орналасқан нүктелерінің жиынын сәуле немесе жарты түзу деп атайды [6.16]. Таким образом мы можем сказать, что термин луч имеет множество значений, как и в русском, так и в казахском языках.

Анализируя труды великих ученых, можно сделать следующий вывод, что математические термины произошли от греческого и латинского языков. Буквальный перевод терминов тесно связан с житейскими представлениями, и мы считаем, что проблема перевода математических терминов с русского языка на казахский язык и изменение их значения при переводе является очень актуальной. Поэтому нужно быть осторожнее при переводе математических терминов, так как термин может потерять свой основной смысл.

Термины невозможно отнести ни к полностью переводимым единицам, ни к совершенно не переводимым единицам, сложность их перевода зависит от компетентности переводчика.

Использованная литература:

1. Термин // Толковый словарь живого великорусского языка : в 4 т. / авт.-сост. В. И. Даль. — 2-е изд. — СПб. : Типография М. О. Вольфа, 1880—1882.
2. <https://studme.org/81714/literatura/terminologiya>
3. Реформатский А. А. Термин как член лексической системы языка У/Проблемы структурной лингвистики. 1967. М., 1968.
4. Жолков С.Ю. Математика и информатика для гуманитариев. Учебник, 2006г.
5. Шыныбеков А.Н. Геометрия. 7 класс. 2017г – для русского класса.
6. Шыныбеков А.Н. Геометрия. 7 класс. 2017г – для казахского класса.
7. Абылкасымова А.Е. Алгебра и начала анализа. ЕМ. учебник для 11 класса.
8. Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары. ЕМ. учебник для 11 класса.
9. Абылкасымова А.Е. Алгебра и начала анализа. ОГ. учебник для 11 класса. 2019 год.
10. Әбілқасымова А.Е. Алгебра және анализ бастамалары. ОГ. учебник для 11 класса. 2019 жыл.

6 СЕКЦИЯ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСЫ



AZERBAIJAN PİR, OCAQ VE ZİYARƏTGAHLARINDAKI AĞACA İNAM VƏ BUNA ECDAD KULTU KONTEKSTİNDƏ BAXIŞ

Zümrüt İbrahim kızı Mensimova
Azerbaycan Milli Bilimler Akademisi
Sosial Bilimler Bölümünün bilim sekreteri
e-mail: zumrudibrahimgizi@gmail.com

Xülasə

Məqalədə Azərbaycan folklorunda yer tutan pır, ocaq, ziyarətlərdə önəmli yeri olan. ağaca insanların münasibəti araşdırılmışdır. Bu məsələyə əcdad kultu kontekstində baxılmışdır. Məqalədə yeri gəldikcə türk xalqları folklorundan da nümunələr öz əksini geniş və müqayisəli şəkildə tapmışdır. Ağacın övliyaların babaların həyatında rolu, eləcə də onların ölümlərindən sonrakı möcüzəli təsirindən bəhs edilmiş, bunun hardan qaynaqlandığı araşdırılmışdır. Qeyd olunan məsələ insanların bu gün əcdad kultuna münasibəti kontekstində tədqiqatə cəlb olunmuşdur.

Belief in trees in Azerbaijani shrines, hearths and shrines and viewing them in the context of ancestral cult

The article examines the attitude of people to the shrine, the hearth, which is an important part of Azerbaijani folklore.

This issue is considered in the context of ancestral cult

As it is mentioned in the article, examples from the folklore of the Turkic peoples are widely and comparatively reflected. The role of the tree in the lives of the saints, as well as its miraculous effects after their deaths, and the source of the tree have been discussed. This issue has been studied in the context of people's attitude to the ancestral cult today.

Key words: Ancestral cult, hearth, belief in the tree, Turkic peoples

Azərbaycan folklorunda, şifahi söz sənətində pirlər ocaqlar, övliyaların, seyidlərin adlarına olan ziyarətgahlar haqqında yetərinə nümunələrə təsadüf etmək mümkündür. Günümüzə kimi o müqəddəs yerlər insanların inam, and, güvən və təsəlli yeri olmuşdur. İnsanlar həmin pır ocaq və ziyarət yerlərində Allahdan istəklərini diləmiş, arzularının həyata keçməsi üçün övliyaların, babaların qəbri üzərində ucalmış palıd, zoğal və yemişən, dağdağan ağaclarının üzərinə qırmızıdan parça və yaxud sap bağlamışlar. Həmin yerləri pırə, ocağa, ziyarətgaha çevirmişlər. Bəzən əcdad kultu paradigması baxımından yanaşdıqda rayonlarımızda mövcud olan daş piri, ağac piri, cin piri və s. insanların bu gün də ziyarət etdikləri sakral məkanlardır. Bu arxetip model “dünya ağacı” işarəsi ilə dünya folklorunda geniş yayılmış bir modeldir, dünyagörüşdür. Bu gün insanlar həmin müqəddəs hesab olunan məkanlara əvvəlki inamla gedirlərmi? Əcdadlardan gələn ənənələri bu gün hansı şəkildə qoruyub saxlaya bilmişlər? Ziyarətlərdə müqəddəs sayılan ağaclara,

ümumiyyətlə əcdad ruhuna münasibət hansı şəkildə özünü qoruyub saxlayır? və s. bu kimi məsələləri araşdırmağa çalışacağıq.

Türk xalqları hər zaman tarixi keçmişinə, milli mənəvi dəyərlərinə, kimliyinə müqəddəs baxmış, əcdadlardan gələn ənənələrə hörmətlə yanaşmış və onları qoruyub saxlamağa çalışmışlar. Bu çox təbii ki, türklərin əcdad kultu paradiqmasına bağlılığının və sonsuz sevgisinin təzahürüdür.

Biz ocaqlarda, pirlərdə övliya qəbirləri üzərində ucalan palıd, küknar, incil və s ağaclara bağlanan dilək saplarına təsadüf edirik. Bunun əsaslı səbəbini, kökünü araşdırmağa çalışdıqda bir qolunun həyat ağacına bağlı olduğunu müşahidə etdik. Zaqatalanın Muxax kəndindən olan Hacı Əfəndi baba öz mürüdiylə həyatındakı ağaca çıxaraq əlaqə saxlayırdı. O həmişə həmin ağacın altında oturub dincələrdi. Ağacların övliyaların həyatındakı rolu və toplanan materiallardan da görünür. Övliyaların sağlığında da, ölümlərindən sonra da bu ağacların onlara bir şəkildə bağlılığı olub. Övliyaların ölümündən sonra da onların qəbri üzərində ucalan ağacların budqlarından insanlar nu gün də tütyə kimi istifadə edirlər.

Həyat ağacı və yaxud dünya ağacı anlamı türk xalqları ilə bərabər bütün dünya xalqlarının mifologiyasında təsadüf olunan amildir. Avropa xalqlarında xristianlığın ilk dövründə müqəddəs ağaclara səcdə edilmiş və bu isə İsayə sitayiş olduğu zən olunmuşdur. Yəhudilərdə, qədim yunanlarda ağaclar ilahi mahiyyət daşımışdır. Slavyan mifologiyasında dünyanın basmış ilk dənizin ortasında ucalan ilk palıd və bunların zirvəsindəki iki göyərçin haqqında sujet var.

Folklorumuza, adət ənənəmizə, milli dəyərlərimizə, etnoqrafiyamıza belə dünya ağacının böyük təsiri olmuşdur. Müxtəlif bölgələrimizdə arxeoloji qazıntı işləri zamanı çoxsaylı qablar üzərində dünya ağacının şəkli hək olunmuşdur. Y.M.Hummelin 1930-cu ildə Xanlarda arxeoloji ekspedisiya zamanı tapdığı e.ə.X əsrə aid edilən tac üzərində dünya ağacı ilə səsleşən ornamentlər vardır.

Fərhad Quliyev qeyd edir ki, Qaracəmirlilə kurqanlarından aşkar edilmiş keramika nümunələrindən birində həyat ağacı təsvir olunmuşdur. Müəllif eləcə də bu kurqanların üzərində olan ağacın və sünbül taylarının təsvir olduğunu da müşahidə edir. (1,s-118) Qollu budaqlı nəsil ağacının kurqanlarda saxsı qablarda əks olunması çox təbii ki, insanların düşüncəsində mövcud olan ölümdən sonra belə insanın dirilməsi və həmişəyaşarlığı kimi ideyaların varlığı ilə əlaqədardır.

“Qədim Şumerin arxeoloji materiallarında kifayət qədər təmsil olunmuş bu nümunələr (mərasim qəlyanları) məhsuldarlıq simvolu kimi Ur-Nammu lövhəsində III sülalənin Ur çarlarından birinin yanında üzərində ağacın əkilməsi və suyun axması təsvir olunur “ (2, s-160)

Şərqsünas alim Səbinə Nemətzadə qeyd edir ki, ağac motivlərinin türk-islam əlyazmaçılığında mühüm bir yeri vardır. Müəllif həmin ağaclar arasında ən çox istifadə olunanlar içərisində həyat ağacının da olduğunu bildirir. “Həyat ağacı qədim dövrlərdən bəri bir çox mədəniyyətlərdə ölümsüzlük ifadə edən bir motivdir” (3, s-4).

Hətta Quranda Hz. Məhəmmədin Mərac əsnasından üst qatda yer alan Sidrətül-Müntəhaya, yəni məxluqat aləminin son nöqtəsinə qədər yüksəldiyi bildirilir. Peyğəmbərin çatdığı Sidrətül-Müntəhadan sonra Cənnətül-məva yer alır, bu müqəddəs ağacda insan bilgisi sona çatır (4, s-80)

Qədim türk ənənəsində də müxtəlif ağacların altında niyyət edib qırmızı parça bağlamaqla, əcdad ruhuna dualar edib qurbanlar kəsməklə övladı dünyaya gələcəyinə inanmış və müqəddəs sandıqları yerlərdə müəyyən ayınlar icra etmişlər. Türk xalqlarında - yakutlar, tuvalar tozağacını müqəddəs bilmişlər. Yakutlarda uşağı olmayan qadınları müqəddəs ağacın dibində yerin sahibinə dua edərdilər. Manas

dastanında göstərilir ki, övladı olmayan qadınlar alma ağacının altında rəqs etməklə övladlarının olacağına inanmışlar. Avestada əbədi həyat ağacına bənzəyən “Naara” ağacında söz gedir. Bu gün şifahi nitqdə tez tez təsadüf etdiyimiz «nəsil ağacı», “soy-kök ağacı”, “soykötüyü”, “əsil nəcabət”, “şəcərrə”, “kök”, “7 arxa dönən”ini bilmək və s ifadələri bir xalqın mifik düşüncə tərzinə bağlıdır. “Oğuznamələrə diqqət etsək görərik ki, orda da hətta qədim nəsili soykökü ifadə edən nəsil şəcərəsinə toxunulur. “Uruğu bolmuş bolub turur, yəni ki, bizim xoşbəxtliyimiz sənin xoşbəxtliyindi, bizim soyumuz sənin nəsil ağacının budağıdır (5, s. 22).

Qazaxlar səhralardakı tək ağacı, altay türkləri isə tək tənha çinar ağaclarını pir hesab edərək orda qurban kəsərdilər. Azərbaycan folklorunda sakral hesab edilən bir sıra ağaclar vardır k, bəzən nağıllarımızda bu ağaclarla yanaşı, bar gətirən alma ağacı da müqəddəs hesab edilir. Məsələn alma ağacı nağıllarımızda dirilik, ölməzlik, sağlamlıq, müqəddəslik, sakrallıq, övlad və şəfəvermə kimi dəyərlərə malikdir. “Məlik Məmmədın nağılı” “Dilsiz qızın nağılı”, “Üç bacı” və s. nağıllarında almanı həyatın, yaşayışın, sağlamlığın, ölməzliyin simvolu kimi təsadüf edirik. “Çalib-çağıran ağac” nağılında padşahın kiçik oğlu Məlik Cümşüd gedərgəlməz yolla gedir, qarşısına çıxan çox saylı maniələrə baxmayaraq, bütün tilsimləri sındırır və çalib-çağıran ağacı əldə edir, qardaşlarını dardan qurtararaq hərəsinə bir padşahın qızını alır. Qardaşları Məlik Cümşüdə xəyanət etsələr də sevgilisi Gülnaz xanım çalib-çağıran ağacın izi ilə həm Məlik Cümşüdü tapır, həm də həqiqəti aşkara çıxarır (6, s. 148).

Yusif V.Çəmənzəminli qeyd edir ki, Azərbaycan folklorundakı alma ağacı qədim həyat ağacına bənzəyir. Nağıl və dastanlarımızda xalq etiqaclarında alma ağacına həyat bəxş edən və onu qoruyan qüvvə kimi tapınılır. Çox zaman nağıl və dastanlarımızda belə qəhrəmanların qorunub, sığındıqları müqəddəs məkan nəhəng ağacların gölgəsidir. Sehirlı quşlar yuvalarını həmin ağacların budaqlarında qururlar. İlk həmin ağacların budaqlarında qəhrəmanla dil açıb danışırlar. Məlik Cümşüd, Məlik Məhəmmədın nağıllarında buna rast gəlirik. “Məlik Cümşüd” nağılına diqqət edək: “Məlik Cümşüd çox işləyib yorulduğundan bir ağacın dibində uzanıb yatır. Yuxuda görür ki, ağacın başına bir quş qonub” (7).

Bəzən ağacları növündən, böyüklüyündən, möhkəmliyindən aslı olaraq müqəddəs hesab edirlər.

Azərbaycan ərazisində yaşayan hunlar daha çox palıdı müqəddəs bilmişlər. Azərbaycanın ayrı-ayrı regionlarının folklor adətlərinə etnoqrafiyasına diqqət etsək görərik ki, mövcud olan pirlər ziyarətqahlar ya hansısa övliyanın adıdır, yaxudda deyil, bir obanın elin ümumi ziyarətqahı kimi tanınır. Bəzən də ziyarətlər konkret olaraq elin obanın şifahi söz yaddaşında möcüzələri ilə sözünün kəraməti ilə iz buraxan bir övliyanın, seyidin adına bağlı olur. İnsanlar o müqəddəs şəxslər öldükdən sonra belə onların qəbirlərinin üzərini müqəddəs sanır, bütün ziyarəti övliyanın adı ilə bağlayırlar. Məsələn, Zaqatalanın Qımır kəndində 7 müqəddəs övliya yaşamışdır ki, hazırda həmin kəndə hər övliyanın adına bir ziyarət var. Hacı Mikayıl Əfəndi baba, Hacı Murad Əfəndi baba, Qudbi baba, Yel baba, Hacı Haşım baba, Hacı Yəhya Əfəndi baba və başqaları. Çox maraqlıdır ki, o ərazilərdə mövcud olan ziyarətlərdə ağaclıqdan ibarətdir. Güclü külək əsib hər hansı bir təbii fəlakət olursa, böyük ağaclar hər tərəfdən yığılıb yerə gəlsələr belə, budaqları babaların qəbri üzərinə düşmür. Qəbr üzərindəki hücrəyə, zoğal, dağdağan ağacları da bu günün özündə də insanlar tərəfindən sakral mahiyyət daşıyır, onlar babaların üzərində ucalan ağclara bağladıqları bağlarla arzularının tezliklə həyata keçməsinə çox inanırlar. Hacı Yəhya Əfəndi babanın qəbrinin yanında bitən iki nəhəng palıd ağacı güclü küləkdən yığılsa da qəbrin üzərinə heç bir zərər deyməmişdir. Bu da çox

təbii ki, ağac kultu kontekstinə palıdın mifoloji anlamda müqəddəsliyini işarə edir. Ağacın əcdad paradıqması statusunda inam tapınaq yerlərində övliyalıların qəbri üzərində bir nişanə olması, insanların düşüncəsində inam, inanc məqamına yüksəlməsi qədimlərdən ümumtürk təfəkkür tərzinə aid olan məsələlərdəndir. Digər tərəfdən Azərbaycanın bir çox bölgələrində dədə baba ruhuna hörmətin əlaməti olaraq ziyarətlərə gedənlər övliyalıların qəbri üzərinə 3 dəfə dolanır, dilək tutar, daş çevirirlər. Qəbrsanlıqdan çıxanda müqəddəslərin adına hörmətsizlik olmasın deyər arxa-arxaya çıxırlar. Müqəddəsin qəbri üzərindən torpaq, daş götürüb xəstə adamın kürəyinə, sürtür, şəfa tapacağına inanırlar.

Qədim miflərdən birində göstərilir ki, “Selenqa və Tuğla çaylarının birləşdiyi yerdə – Qumlanquda iki ağac varmış. Onların arasında bir dağ peyda oldu və göydən onun üzərinə Şüa endi, hər gecə oradan musiqi səsi eşidilirdi, həmin dağdan beş uşaq doğuldu. Ən balacası Buğunu xaqan seçdilər” (8, s-200). Bir sıra rayonlarda övladı olmayan qadınlar dağlardakı pırə gedərkən qarınlarını, dağlara ağaclara sürtər və ondan övladının olmasını arzu edirlər. Çox maraqlıdır ki, bu qadınlar övlad istədikləri dağların yanındakı ağaclardan nənni asar, onun içinə kiçik daş qoyub yırğalmışlar.

Övladı olmayan yakut qadınları müqəddəs – uduq bir ağacın dibində ağ, boz at dərisi üzərində yer sahibinə tapınırdılar. Bundan sonra doğulan Çağı yer, ağac onqonlarının, tanrısının verdiyinə inanırdılar. (9. s.167)

Ümumiyyətlə ağac qədim türk xalqlarında ən çox mifikləşdirilmiş obrazdır. Ağac əcdadlarımızın qoruyucusu hesab olunmuşdur. Hətta bəzi mənbələrdə Hətta “yeddiinci əsrdə hunlar - gözəl ağacı vətəni müdafiə edən onqon saymışlar” (8, s-200).

Hər zaman insanlar ziyarətgahları sanki arxalarındakı yenilməz bir qüvvə kimi hiss etmişlər. Elə bu gün də insanlar bu amalla, bu məqsədlə o yerlərə üz tuturlar. Pirlər və ziyarətgahlar övlad sahibi olmaq ağır xəstəliklərdən yaxa qurtarmaq üçün insanların üz tutub dua etdikləri məkana çevrilmişdir. Bu gün insanlar övliyalıların adlarına olan ziyarətlər üzərində ucalan ağacın budağından qırıb tütyə kimi istifadə edirlər. Məsələn, Tütyə suyu kimi xəstə olan şəxsə içizdirilər. Diləklərinin həyata keçib keçmədiyini müqəddəs sandıqları ağacın budağına bağladıqları ipin, parçanın müəyyən vaxtdan sonra açılıb düşməyi ilə əlaqələndirirlər. Manaf Süleymanov Lahıç əsərində qeyd edir ki, Niyaldağ kəndində ucalan “Təkağac” pirlinin kərəmətindən, cavanlı qocalı hər kəsə şəfa verməyindən, gec dil açan uşaqları, yeriyyə bilməyən uşaqları bura gətirib budağında nənnilər asıb yelləyə yelləyə sağalmasını diliyərdilər (9). Digər qisim isə ölkəmizin müxtəlif ərazilərində Öskürək ağacı (Şamaxıda) Dilək ağacı və. s tapınaq yerləri vardır ki, bunlar da bir başa insanların sakral hesab etdikləri ağaclara inamla əlaqədar yaranmışdır “Müqəddəslik statusu ilə yüklənmiş bu varlıqlar, canlı və ya cansız olmağına baxmayaraq, tapınma obyektləri deyillər. Onlar artıq nə insan, nə daş, nə də bir ağacdır. Bunlar yalnız müqəddəs varlıq statusu qazanmış obyektlərdir. Tanrı qatında mənəvi baxımdan ucalmış ruh halı bu fəvqalada hadisələrlə ifadə edilir ki, bunlar həqiqətdə Tanrı qüdrətinin göstəricisindən başqa bir şey deyildir. Tanrı qarşısında insanın acizliyi bunun əksinə müqəddəs hesab edilən ərənin və övliyanın təbiətə, kainata hökm etməsi məntiqini ortaya qoyur” (11). Hər iki halda bunlar əcdada olan etimadın hörmətin əlaməti kimi dərk edilir.

Məsələnin ikinci tərəfinə gəlincə əcdad kultu paradıqması baxımından yanaşdıqda oğuz və qıpçaq xalqlarının əsətiri mifi dünya ağacı ilə əlaqədar olmuşdur. Təpəgöz Basatdan onun kimliyini soruşduqda Basat özünü kosmik sosial kodla bağlayır: “Anam adını sorar olsan! Qaba Ağac! Mənim adıımı sorarsan Aruz

oğlu Basatdır. - dedi (12, s.132). Bəzən atalar sözlərinə xalq deyimlərinə nəzər yetirdikdə məhsuldarlığını, doğumun, artımın uzunömürlüyün, sağlam həyat modelinin əsasını təşkil edən ağaclarla bağlı çox saylı nümunələrə təsadüf etmək mümkündür. O deyimlərin hər birində kökə sadıqlıq əcdada bağlılığı əlamətləri duyulur. “Bar gətirən ağacı kəsməzlər”, “Bir ağac əkib becərməyin savabı ölçüyə gəlməz”. Azərbaycan dəfn mərasimlərinə diqqət etsək bitkinin ağacın nə qədər önəmli rol oynadığının şahidi oluruq. Y.V.Çəmənəminlinin “Qızlar bulağı” romanında şahzadənin dəfn edərək onun üçün qazılmış qəbrin dibinə söyüd yarpaqları döşəndiyi qeyd edir (13. s- 453-454). Hətta Novruz mərasimlərinin bir çoxu səmənəni geyətmək və s. dirilik, məhsuldarlıq, həməşəyaşarlıq əmin əmanlıq ideyalarının rəmzi olan sakral əcdadlarımızda hesab edilən həyat ağacı ilə bağlıdır.

Bəzən də Azərbaycanın şimal bölgəsində ölünü kəfənləyəndən sonra üzərinə bir dəstə ətirli reyhan qoyurlar ki, onu o dünyada gözləyən əzizlərinə, ata babalarına pay aparsın. Bəzən bir adam qarğış edəndə boyuna qamış ölçüm deyimi də vardır ki, bu ilkin yaradılışla, ağaclarla bağlıdır. O zaman qəbrin ölçüsünü qamışla ölçərdilər. Ağac həm dirilik həm də insanın ölümündə rol oynayır.

Toyun səhərsi günü gəlin böyüklərin qarşısına çıxartmaq üçün “Üzaçdı” “Duvaqqapma” və yaxud “Üzdüvağı” mərasimi edirlər. Bu mərasim Azərbaycan bütün bölgələrində müxtəlif formalarda həyata keçirilsə də mahiyyət eynidir. Gəlinin üzündəki xoşbəxtlik rəmzi kimi anlaşılan qırmızı rəngdən örtülmüş gülvəngini və yaxud kələğayını gün görmüş bir qadın götürüb bar gətirən ağacın üzərinə atır. Bunu gəlininayağı sayalı olsun, həmin ağacın barı kimi çoxlu sağlam övladlar versin, nəsil artırsın anlamına bağlayırlar. Bəzən də gün görmüş analarımızdan biri gəlinin niqabını bar gətirən ağacın budağına salır. Bu təzə gəlinin düşdüyü evdə baş çıxarıb evin qanunlarına dözüb otura biləcəyi anlamına gəlir. Gəlinin 3, 7, 9, bəzən də 1 ay müddətində evin ağsaqqalına görünməməyi bəzi yerlərdə üzü düz 40 gün üzü duvaqlı gəzmək hallarına da təsadüf edirik. Hər iki halda ağac dünya ağac modeli koduyla səsləşir. Burada Əcdad kultu paradigmasının izləri görünür. Özündən böyüklərə, evin başçısına, atasına ağsaqqalına hörmətin əlaməti bu gün bölgələrimizdə böyüklərimizə adətlərimizə, əcdadlarımıza olan etiqadın və hörmətin birbaşa əlamətinin göstəricisidir. Elin yaddaşında iz salan “Ata ocağını yad etməyən xeyir tapmaz” atalar sözü boşuna yaranmamışdır. Ümumiyyətlə Azərbaycan folklorunda bütövlükdə ümumtük mifoloji düşüncəsində dünya folklor ənənsindən fərqli olaraq, əsasən bir ata başlanğıcı, böyük yeri, ağsaqqal sözü əcdadlara xüsusi ehtiram göstərmək əsas yer tutur və bir çox mifoloji mətnlərdə bu ulu kökə hörmət, bağlılıq məsələsi böyük və sonsuz bir iz buraxır.

“Adları kam, baksı, aziz, ata, baba, bab, dədə və ya övliya olsun, bu adla anılan şəxsiyyətlər kimi həyatda ikən, kimi zaman da ölümlərindən sonra ətrafında təşəkkül edən anlatmalarla həyatlarını zenginləşirmişlər (14.s-71) Təkcə Azərbaycan folklorunda deyil ümumtürk folklorunda yer alan rəvayətlər onu göstərir ki onların müqəddəs şəxslərin ölümlərindən sonra da yaşamalarını inandıran, həyatları, həyatdaykən istifadə etdikləri əşya yer məqam ölümlərindən sonra da məzarları ətrafında müxtəlif inanclar və ayinlər edilmişdir. Bütün bunlar bir tək ilahi gücə, əcdad hesab etdiklərimizə olan yüksək inam və etiramlə əlaqədar yaranmışdır. Qədim əcdadlarımızın təngrinin sahib olduqları inamlar sistemi ilə övliyalər seyidlər arasında onların inam yerləri olan pirlər, ziyarətlər, türbələr arasında qırılmaz və sonsuz bir bağ vardır. Töröngey, Oğuz Xaqan, Dədə Qorqud kimi əcdad kultunun paradigmaları sayılan müqəddəslər sonralar övliya, seyid, dədə, baba və.s transformasiya edilmişdir. İstər Azərbaycan istərsə də ümumtürk xalqlarının folkloruna diqqət etsək onlarla övliyalər vardır ki, xalq arasında böyük inamla adları

çəkilən və ölümlərindən sonra belə müqəddəslik anlamını qoruyub saxlamağa bacarmışlar. Bütün türk ellərində xalqın böyük inamala xatırladıqları övliyalər və onlara bağılı türbələr ziyarət yerləri, tapınqlar mövcuddur. İsmet Çetin qeyd edir ki, “Türküstanda xüsusən, Karatav, AlataV çevrəsində yerləşən Türk boyları arasında evliya, əziz bab, baba, ata, adlarıyla bağılı türbələri vardır. Bu şəxsiyyətlər haqqında çoxlu rəvayətlər olmuş və bu rəvayətlər günümüzə qədər yaşamaqda davam edir” (14.s-72). Ukaş Ata/ Ukkəşe Ata. Arslan baba, İsmayıl Evliya Ahmed baba və s. müqəddəs şəxslərdəndir. Türküstanda bunların hər birinin adına türbələr mövcuddur və adı çəkilən övliyaların hərəsində özlərinəməxsus müxtəlif müqəddəslik məqamları vardır ki onların qeyri adı möcüzələri sözlərinin kəraməti sayəsində məkanları həmişə ziyarət edilmiş toxunduğu əşyalar sakral hesab edilmişdir. Feyzulla babanın türbəsində bir gecə dilək tutub yatanlar tilsimdən qurtarmış nə niyyət edərdilərsə həyata keçərmiş. “Uluğbeydə mövcud olan Vəli Baba Turbesi isə uşaq diləmək üçün ziyarət edilir. Övladı olmayan qadınlar türbəyə daxil olub övladlarının olması üçün bolluca dua edərlər”. (15)

Çoxları niyyətləri hasil olduqda bu türbələrin üzərində qurbanlar kəsir. Bu ayinin icrası məhs ata baba ruhuna əcdadlara olan hörmətin inamın təzahürüdür. Seyid Xeyrulla ağanın ocağı Şəmkir rayonun Seyidlər kəndində bu gün insanların böyük inam və dilək ocağı olaraq qalır Övliyaların, seyidlərin göstərdikləri möcüzələr mahiyət etibarını ilə, əski əcdadlarımıza Gök-Tanrı, Oğuz Xaqan, Dədə Qorqud və başqalarının zamanında olduğu kimi bu günümüzə transformasiya olunmuşdur.

“Türkiyədə Gazi Mansur kəndi yaxınlığında ardıc meyvəsinin yarpağı və Koca Haydarın türbəsinin yanında olan söyüd ağacının yarpaqları yeyilirsə, uşaq sahibi olmayan qadınların uşağı olacaqdır anlamına gəlir” (16. s. 57). Bu yalnız övliyalara olan inama və bir çox gələnlərimizə olan hörmət və etirama bağılı məsələdir.

Şəmkirli Seyid Xeyrulla ağanın yaşadığı ev bu gün də ocaq kimi qorunur. Camahat yaz vaxtı böyük inamla onun ocağından torpaq götürüb həyətlərinə, ağacların diblərinə səpirlə ki, məhsul bol olsun.

Bu müqəddəs şəxslər yüzlərcə möcüzəsinə görə insanların hər zaman dərin inamını və sevgisini qazanmış və onların ölümündən illər, hətta əsrlər keçsə də qəbirləri ocağa və ziyarətə çevrilmişdir.

Zaman keçəcək dədə baba ruhuna inam, and, etiqad yerləri olan ziyarətlər, pirlər hər zaman öz müqəddəsliyini qoruyub saxlayacaqdır.

Ədəbiyyat Siyahısı

- 1.Fərhad Quliyev.Azərbaycanın kurqan abidələrində at dəfni. Bakı, Elm 2008, 324 səh.
- 2.Чайлд Г. Древнейший Восток в свете новых раскопок. Москва,1956, с. 383.
- 3.Səbinə Nemətzadə. Əlyazmaların bədii tərtibat xüsusiyyətlərində dini-fəlsəfi aspektlər. Elm və təhsil. Bakı, 2017, 208 səh
- 4.Özkeçeci İlham.Özkeçeci Şule bilge, Türk sanatında Tezhip, İstanbul: Seçil Ofset,2017, 80 s
- 5.Oğuznamələr.Tərtib edənlər: K.V.Nərimanoğlu və F.Uğurlu. Bakı Universiteti, 1993,70 s.
- 6.Azərbaycan folkloru antologiyası. Naxçıvan folkloru. Bakı: Sabah, 1994, 388 s.
- 7.Məlik Cümşüdü'n nağılı. <http://muhaaz.org/azerbaycan-efsanelerinin-toplanmas--tedqiqi-ve-nesr.html?page=16>
8. Mirəli Seyidov. Azərbaycan xalqının soykökünü düşünərkən. Bakı, 2018. 444 səh.

9. Aydın Mustafayev. Ağac kultu ilə bağlı inanclar <http://www.xalqcebhesi.az/-news/culture/23008.html>

10. Abdulkadir Ğnan. Tarihte ve bugün ğamanizm, Ankara, 1954, s.167

11. Nuriyə Muxtarzadə. Atalar kultu: ocaqlar, pirlər və türbələr. <http://genderi.org/kitab-konfrans-doc.html?page=71>

12. Kitabı Dədə Qorqud. Bakı: Yazıçı, 1988, 265 c

13. Y. V. Çəmənzəminli Əsərləri. II cild, Bakı, Elm, 1976. 454 səh.

14. Doç. Dr. İsmet Çetin. Türk kültüründe bab (baba) /Ata geleneği. Səh-71, <http://www.millifolklor.com>

15. Yaşar Kalafat. Eski türk halklarında Atalar kultu. [file:///C:/Users/user-pc/Downloads/0760Eski_Turk_Inanishlarinin_Tur_kiyedeki_Xalq_Hekimlighinde_Izleri_\(Muharrem_Kaya\)%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/user-pc/Downloads/0760Eski_Turk_Inanishlarinin_Tur_kiyedeki_Xalq_Hekimlighinde_Izleri_(Muharrem_Kaya)%20(1).pdf)

16. Yaşar Kalafat, Doğu Anadolu'da Eski Türk İminçalarının İzleri, Atatürk Kültür Merkezi Yayını, Ankara, 1995

CULTURE AND LANGUAGE IN THE PROCESS OF CULTURAL COLLABORATION OF THE TURKISH WORLD

Prof. Dr. Ali ARSLAN

Abstract: With its thousands of years of history and cultural heritage, Turks are one of the most rooted and respected nations in the history of humanity. The dozens of states they have established from the depths of history to the present. Turks, who have such a respected and distinguished position in the history of civilization, today continue their existence all over the world. From the depths of Central Asia to the remotest corners of Anatolia; It is possible to find the traces of Turkish Culture and Civilization in all corners of the world from the Middle East to the Balkans, from Europe to America.

As such, it would not be misleading to call this abstract world formed by such a well-established and respected people as the Turkish World. On the other hand, all kinds of material and intangible elements produced in the Turkish World in the past are also called Turkish Culture. Culture can be defined as "the life style or lifestyle of the society" in its most essential form. Everything that is the product of human thought, emotion and labor can be regarded as a component of culture. In this context, customs, traditions, customs, moral rules, belief systems and all kinds of social values, norms and behaviours, as well as knowledge, art, language as a means of communication with all its elements, all kinds of symbols, dressing style, eating Along with intangible elements such as drinking habits and forms, material elements such as clothes, food products, techniques and all kinds of tools and equipment used in daily life are among the inseparable components of the culture. Among the literature, fine arts and fine arts, especially music can be counted among the cornerstones of the national culture. In addition to all these, folk culture constitutes the essence of national culture.

Language has an exceptional place in the process of culture and cultural integration. The phenomenon of language is one of the most important factors for the individual, culture and society. Beyond being a means of communication between individuals, language is both the most basic element and carrier of culture. For this reason, language fulfils very important and great duties in preserving, developing and transferring culture to new generations. Both the spoken language and the written language and of course a common alphabet are vitally important on the road to unity and cultural integration in the Turkic world.

Key words: Culture, Language, Turk, Turkish Language, Turkish, Turkish World, Cultural Union.

TÜRK DÜNYASININ KÜLTÜREL BİRLİKTELİĞİ SÜRECİNDE KÜLTÜR VE DİL

Özet: Türkler, Binlerce yıllık tarihi, zengin tarihi ve kültürel mirası ile İnsanlık tarihinin en köklü ve en saygın kavimlerinden biridir. Tarihini derinliklerinden bugüne kurdukları onlarca devlet, insanlığa armağan ettikleri zengin kültürel birikimle, insanlık ailesinin en önemli bileşenlerinden birini oluştururlar. Uygarlık ve medeniyet tarihinde bu denli saygın ve seçkin bir konuma sahip olan Türkler günümüzde, dünyanın dört bir yanında varlıklarını sürdürmektedirler. Orta Asya'nın derinliklerinden, Anadolu'nun en ücra köşelerine; Ortadoğu'dan Balkanlara, Avrupa'dan Amerika'ya kadar dünyanın dört bir köşesinde Türk Kültür ve Medeniyetinin izlerini bulmak mümkündür.

Hal böyle olunca böylesi köklü ve saygın bir kavmin oluşturduğu bu soyut dünyayı Türk Dünyası olarak adlandırmak yanıltıcı olmaz. Öte yandan, Türk Dünyasında geçmişte günümüze üretilen her türlü maddi ve maddi olmayan unsurlar da Türk Kültürü olarak adlandırılır. Kültür, en öz haliyle "toplumun hayat biçimi ya da yaşam tarzı" şeklinde tanımlanabilir. İnsan düşüncesinin, duygusunun ve emeğinin ürünü olan her şey kültür olgusunun bir bileşeni olarak kabul edilebilir. Bu bağlamda örf, adet, gelenek, görenek, ahlak kuralları, inanç sistemleri ve her türlü toplumsal değerler, normlar ve davranış biçimlerinin yanı sıra bilgi, sanat, bütün unsurlarıyla bir iletişim aracı olan dil, her türlü semboller, giyim-kuşam tarzı, yeme-içme alışkanlıkları ve biçimleri gibi maddi olmayan unsurlarla birlikte giysiler, besin ürünleri, teknik, günlük yaşamda kullanılan her türlü araç-gereçler gibi maddi unsurlar da kültürün ayrılmaz bileşenleri arasında yer alır. Edebiyat, güzel sanatlar ve güzel sanatlar içinde de özellikle müzik, milli kültürün köşe taşları arasında sayılabilir. Bütün bunlara ilaveten halk kültürü de milli kültürün özünü oluşturur.

Dilin kültür ve kültürel bütünleşme sürecinde müstesna bir yeri vardır. Dil olgusu hem birey, hem kültür ve hem de toplum için en önemli unsurların başında gelir. Bireyler arasında iletişim vasıtası olmanın ötesine dil, kültürün hem en temel unsuru ve hem de taşıyıcıdır. Bu sebeple dil kültürün korunması, yaşatılması, geliştirilerek yeni nesillere aktarılmasında çok önemli ve büyük görevler yerine getirir. Hem konuşma dili ve hem de yazı dili ve tabii ki de müşterek bir alfabe, Türk dünyasında birlik ve kültürel bütünleşmeye giden yolda hayati derecede önemlidir.

Anahtar Sözcükler: Kültür, Dil, Türk, Türk Dili, Türkçe, Türk Dünyası, Kültür Birliği.

CULTURE, LANGUAGE AND TÜDBA (THE ACADEMY OF SCIENCES OF THE TURKISH WORLD) IN THE PROCESS OF CULTURAL COLLABORATION OF THE TURKISH WORLD

With its thousands of years of history and cultural heritage, Turks are one of the most rooted and respected nations in the history of humanity. The dozens of states they have established from the depths of history to the present. Turks, who have such a respected and distinguished position in the history of civilization, today continue their existence all over the world. From the depths of Central Asia to the remotest corners of Anatolia; It is possible to find the traces of Turkish Culture and Civilization in all corners of the world from the Middle East to the Balkans, from Europe to America.

As such, it would not be misleading to call this abstract world formed by such a well-established and respected people as the Turkish World. On the other hand, all kinds of material and intangible elements produced in the Turkish World in the past are also called Turkish Culture. Culture can be defined as "the life style or lifestyle of the society" in its most essential form. Everything that is the product of human thought, emotion and labor can be regarded as a component of culture. In this context, customs, traditions, customs, moral

rules, belief systems and all kinds of social values, norms and behaviours, as well as knowledge, art, language as a means of communication with all its elements, all kinds of symbols, dressing style, eating Along with intangible elements such as drinking habits and forms, material elements such as clothes, food products, techniques and all kinds of tools and equipment used in daily life are among the inseparable components of the culture. Among the literature, fine arts and fine arts, especially music can be counted among the cornerstones of the national culture. In addition to all these, folk culture constitutes the essence of national culture.

In this context, the most important point that should not be forgotten is the fact that the fundamental element of society and culture is human. So much so that culture emerges from the relations of human with human, human with things and human with nature. The creator of culture is human. Human does not only create culture, but also keeps the culture alive and passes it on to new generations. The phenomenon of culture does not have a dull, rigid, static character, but has a dynamic quality. It survives by being passed down from generation to generation. This happens through a process called socialization. Ziya Gökalp defines socialization as "the process of transferring the emotions and thoughts of the adult generation to the growing generation".

This process can be defined as the process of a society transferring its ancestral heritage, that is, its own culture, to its members. This process, which is sometimes defined as socialization and sometimes as education, can be expressed as the "acculturation" process when considered on the basis of culture. This process is of vital importance not only for the existence of nations and societies, but also for the existence and continuity of the culture that underlies them. The new generation is obliged to first preserve and keep the social culture inherited from the previous generation, then develop it and pass it on to the next generations. Societies and cultures, naturally nations and states, can survive as long as the processes of learning, developing and keeping this culture alive and then transferring it to new generations continue. Otherwise, collapse and extinction will be inevitable.

Language has an exceptional place in the process of culture and cultural integration. The phenomenon of language is one of the most important factors for the individual, culture and society. Beyond being a means of communication between individuals, language is both the most basic element and carrier of culture. For this reason, language fulfils very important and great duties in preserving, developing and transferring culture to new generations. Both the spoken language and the written language and of course a common alphabet are vitally important on the road to unity and cultural integration in the Turkic world.

On the other hand, in the Turkish and Islamic geography, or in other Eastern societies, especially in Muslim societies, there is a very common and wrong opinion and opinion that knowledge and science are not given importance. However, the first verses of the Quran that were revealed begin with the order of "Read! ...". The first verses (Surah Alak, 1-5) that were revealed to the Prophet are as follows: "Read! ... Read in the name of the Creator Lord. He created man from a blood clot. Read, your Lord has infinite grace..." Even the beginning of the first verses sent to the Prophet with suggestions and advice to "read" is enough to show the importance Islam attributes to reading, knowledge and knowing.

Imagine a civilization that raised for Ibn Sina's, Farabi's, Ghazali's, Muhyiddin İbnü'l-Arabi's, Al-Biruni, Hârzmi's, Akşemseddin's, Ali Kuşçu, Uluğ Bey's, İbn-i Haldun, Ibn al-Haythams, Ibn Rushd, Mimar Sinan, Nasirüddin Tusi, Piri Reis, etc. How could such a culture and civilization turn its back on science and scientific knowledge?!... Because both our national values, our spiritual characteristics and our supreme religion attach special importance to reading, knowledge, science and scientists.

In this period when the phenomenon called globalization makes itself felt with all its weight, it is of special importance to set out to serve Turkish Culture and Civilization. The

rapid changes in social, economic, technological and other fields, which have accelerated in recent years, also pose an important pressure and threat to the material and spiritual dimensions of Turkish culture and civilization. Global cultural pressures carry these threats to higher levels due to the developing media and information technologies. If permanent and continuous measures are not taken as soon as possible, the Turkish Culture and Civilization, one of its important accumulations, will be faced with significant threats and dangers. Based on these determinations, the TURKISH WORLD SCIENCES ACADEMY established will also serve to record and protect the cultural and civilizational accumulations of the Turkic World in every aspect, and to transfer them to new generations by developing them.

To summarize the aims of such a structuring: To establish bridges of knowledge and wisdom between brother and relative communities and societies that constitute the inseparable components of the Turkic World; To serve to strengthen the feelings of friendship and brotherhood among individuals living in the Turkic World; to create environments and channels where scientists, ideas and art people can share their knowledge and experience; To serve for the development of social, economic, political and cultural cooperation between the states constituting the Turkic World; to contribute to the formation of social psychological coexistence between individuals and societies; sister geographies researching all kinds of problems and finding solutions; To support the development of the feelings of unity, solidarity and us in the field of science, culture and arts among brother and relative Turkish communities through international events and activities; Etc. to carry out all kinds of activities, events and organizations that will serve these ideals.

The activities planned to be carried out in the TURKISH WORLD SCIENCES ACADEMY (TÜDBA), which was established for the above-mentioned objectives, can be summarized as follows:

1. To do all kinds of multi-disciplinary (Sociological, Anthropological, Folkloric, Geographical, Ethnographic, Ethnological, Historical, Art History, Economic, etc. in every field) related to the social, cultural, economic and other problems of the Turkish World,

2. To produce all kinds of scientific solutions regarding the social, cultural, economic and other problems of the Turkish World,

3. To make compilations and researches in order to record, protect, develop, and keep alive all kinds of social, cultural, scientific, historical and artistic values related to the cultural and scientific accumulation of the Turkic World,

4. To promote the cultural heritage, which is the common product of the Turkic World, on international platforms, to organize periodically national and international symposiums for this purpose, to cooperate with centers, universities and institutes established for similar purposes at home and abroad, national and international scientific meetings, conferences, organizing panels, workshops, symposiums and congresses, developing and running joint projects,

5. To publish periodical academic journals in order to publish researches, cultural compilations and researches that examine all kinds of social problems in order to record, protect, develop and pass on all kinds of cultural and civilization experiences of the Turkic World,

6. To make electronic and printed publications covering compilation and research on the problems of humanity, primarily the communities that make up the Turkic World,

7. Playing an active role in the process of carrying out studies on this subject and converting them into publications by cooperating with researchers and academicians who are or want to do studies on the culture and civilization of the Turkish World in institutions, organizations and universities in Turkey or abroad,

8. To encourage new studies on the culture and civilization of the Turkic World at undergraduate and graduate levels in universities around the world, especially in universities in relatives and sister countries,

9. To provide technical, scientific and social support to local and foreign researchers who will make researches and examinations about the accumulation of the Turkish World in the field of culture and civilization,

10. To create an archive-library by collecting books, theses, articles and similar works related to Turkish society-communities and culture, in Turkey and abroad,

11. To archive photographs, films, videos and slides about Turkish society-communities and culture, to prepare them for publication in the presence of plans, sections, engravings and photographs, taking into account historical documents, to present them to the knowledge of the scientific world and the tourism sector,

12. To prepare the groundwork for the research of traditional Turkish cultural products and handicrafts, to prepare all the necessary infrastructure and facilities to protect and keep them alive,

13. To support all kinds of scientific and artistic studies related to Turkish communities and culture, such as documentaries, novels, theaters and the like,

14. To cooperate with national and international non-governmental organizations, governmental organizations and private sector organizations working for similar purposes, to participate in such formations, to carry out direct activities at home and abroad;

15. Establishing and operating working boards;

16. To carry out various fundraising activities in order to achieve the Foundation's objectives.

17. To carry out other studies in accordance with the above objectives.

With a strong team of scientists, bureaucrats and managers from sister and relative communities around the world, the goals explained above are multi-disciplinary (Sociological, Anthropological, Folkloric, Geographic, Ethnographic, Ethnological, Historical, Art History, Economic, etc.) will not be difficult at all.

AZERBAJCAN VE KAZAKİSTAN EDEBİ MÜNASİBETLERİNİN TARİHİ KAYNAKLARI

Galib Sayılov

Azerbaycan, TÜDBA Eş Başkanı

Bizim yolumuzda mayak olub, ömrünü evladi-fatihana kurban etmiş çok dahilerimiz olmuştur. Dede Korkut nurunu islamdan almış türk milletinin yol nişancısı. Yukarıda adını zikr etdiyimiz Şirvanşahlar XII-XIII y.y.larda edebi intibah dövrünü yaşayırdı. Fars dilinde yazılan edebi abidələrin esasında dayanan türk ruhu, düşüncesi XIII-XIV y.y. da imperiya dil saddlarını kırıp özünü biruze vermeğe başladı. Hasanoğlunun, Molla Qasım Şirvaninin yaratıcılığı mehz anadilli edabiyatın folklor kaynaklarından su içir, yazılı edebiyata dumduru mevzular verirdi .

Folklor üzerinde yaranan halk şiiri yazılı edebiyata öz tesirlərini göstərir və şeir nümunələrinin daha mükəmməl olması üçün qaynaq rolunu oynayır. İkinci minilliyin ilk əsrlərində türkdilli şeir inkişaf edirdi. Artık Yusif Has Hacib Balasagunlunun “Gutadku bilik”, Mahmud Kaşgarlının “Divani-luğat-it-türk”, Ahmed Yügnekinin “Atayetül-hegayig” kimi eserleri mövcud idi. Tasavvüf dünyasında Hoca Ahmed Yesevinin “Divani-Hikmət” eseri vardı. Halk şiirinin Yunis Emrə nümunəsi yaradılırdı. Bu dövrdə Şirvanda türkdilli halk şiirinin mövcudluğu hakkında melumatlar bu gerçeklikleri nazara aldıktan tamamilə tabii və real görünür. Bele bir türk-müslüman coğrafiyasını mecusi-fars kızılbaşlar 7den 70e kamunu kılıncdan gecirmiş, islamda olanları katl etmişler. Toplumu mecusi-fars inanclarına

girmelerini isterken islamdan çıkmayan müslümanları, o cümleden, AbuBekr, Osman, Ömer, Ayşe isimli kim varsa hepsini kılıcdan keçirmişler. Zalımın zülmü artıkca aziz milletimiz daha da metinleşti, daha da güçlü oldu.

Ister edebiyatda, isterse de devlet idareçiliğinde adil ve yetenekli ulularımız olmuştur ve elhemedülillah ki, yine de vardır. Bizim liderlerimiz ilimden, irfandan, sözden gelmişler iktidara. Ona göredir ki, kendi vatandaşlarıyla da, yabancılarla sözle, hikmetle davaranmışlar. Bizim dedelerimiz Mete, Akhun, Selcuk, Ertuğrul, Osman Gaziler, Mehmet Fatihler, Sultan Selimler, Şirvanşah İbrahim Haliller, Kolbatti Batırlar, Jalantös Batırlar, Edigey Batırlar, Baburlar, Davletşahlar, Baybarslar olmuştur. Önderimiz Mühemmed s.a.s. ve onun eshabı-ikramı ve 4 halife bizim için hep örnektir. Yolumuz hakk, hedefimiz kıvılcık elma.

Hakani Şirvani, Nizami Şirvani-Gencevi, Mücreddin Beylegani-Şirvani, Şeyh Galib, Alişir Novayi, Abdurrehman Cami, Kövsi ve yüzlerce Türk Bilgini gibi dahilerimiz dünya edebiyatının en parlak sahifesini yazmışlar. Bu gerçek bugün de devam etmektedir. Anadolu'da Necip Fazıl, Sebahaddin Ali, Karakoçlar, Kafkazlarda Bahtiyar Vahabzade, Halil Rza, Ramiz Kusaşaylı, Musa Yakublar Özbekistanda Erkin Aazam, Usman Azim, Ulugbek Hamdam, Kirgiastanda Aydarbek Sarmanbetov, Dalmira Tilepberganova, Jadiger Saalayev ve.b. bu ilim-irfan, söz şeceresini devam ettirmektedirler.

Bu ve diğer Türk kavimleri gibi Kazak edebiyatı da çok eski tarihi köklere maliktir. Kazak edebiyatının özelliklerinden başlıcası onun sözlü ve halk yaratıcılığı enenelerine sadık olmasındadır. Bu literatürün oluşumunda ve gelişiminde önemli bir rol halk şarkıcıları - akın, jırçı ve jırçılar tarafından oynandı. Kazakların sözlü çalışmaları halkın kalp atışını, ulusal bağımsızlık mücadelesini, gelenekleri, düşünce tarzını, şarkıları, efsaneleri, masalları, kahramanlık ve destan şiirleri, atasözlerini, bilmeceyi yansıtır. Kazak folklorunda, kelimenin tam anlamıyla nesilden nesile aktarılan inciler vardır. Kazak halkının manevi zenginliği arasında "Alpamış", "Koblandi-batır", "Yer-Turgın", "Gambar" ve diğerleri aşk, arkadaşlık, sadakat gibi anlayışlar ve yabancıları lanetleyen destanları, halk poemaları vardır. Liro-prozada "Kozi-Korpeş" ve "Bayan-Slu", "Kız-Jibek", "Ayman-Şolpan" ve diğer poemalar, "Beket Hakkında Destan", "Isatay ve Aşk", "Utegen" ve başka diğer (Tarihi poemalar) tarihi şiirler var.

Tükenmez bir kaynak olan Kazak folkloru, yüzyıllardır halkın manevi mirası oldu.

Zengin janr ve türleri, insanların yaşamlarının çeşitli yönlerini yansıtmaktadır. Kazakların atalarının yarattığı sayısız atasözleri, bilmece, deyimler ve duygular bugün türk halk edebiyatının önemli nünunelerindedir.. Kazak folklorunda atasözleri ve benzetmeler halk bilgeliğinin en önemli türlerinden biri haline gelmiştir, tören şiiri, şarkılar ve güzel sözler, masallar, bilmece vb. eski zamanların izleri butürlerde kalmaktadır. Sözlü şiirsel gelenekler, tarihte antik çağların ünlü şarkıcılarının isimlerini kazdı. Örneğin, tüm Türk halklarının harika bir eseri olan "Kitabi-Dede Korkut" da Korkud, ilk hikmetli melodilerin ve şarkıların yaratıcısı olarak sunulur. Diğer bir deyişle, Kazak topraklarının coğrafi sınırlarından kaynaklanan Korkut şarkıları, Azerbaycan topraklarında "Kitabi-Dede Korkud" oluşumuyla sona eriyor. Sözlü şiirsel yaratıcılık yaddaşında bir sıra Atalıg, Sıpar-Jırau, Nogay filozofu Hasan-Kaygi ve diğerleri gibi halk nağmekarı adını korudu.

Sonraki yüzyıllarda, özellikle XVI, XVII, XVIII yüzyıllarda, Kazak halk sanatındaki ataerki geleneklerin gücü çok büyük olmuştur. Folklor günlük yaşamda ve törenlerde düzenli bir katılımcıydı. Çeşitli türleri tüm aile ve sosyal yaşam alanlarına nüfuz etti. Folklor ve şiirsel gelenekler olmadan yaşam anlaşılmadı. Kitle folkloru, günlük durumu, gerçekle bağlantılıydı: herkes şiire sempati duyuyor, bazen şarkı ekliyor, bazen atasözleri ve aförizmalar kullanıyor. Doğaçlama metinlerin ve doğaçlamaların sayısı bilinmiyordu. Kazak çölündeki XVII-XVIII yüzyılların doğaçlayıcıları arasında özellikle akyns ve jiraus vardı. Kendilerini geniş bir repertuarla doğaçlama şarkıcılar olarak kurdular. Zamanın şairleri, folklor ile tanışmanın yanı sıra, şecere uzmanları olarak kabul edildi. 18. yüzyılda Kazakların

kökeni hakkında birçok efsane ve efsane Kazak çölünde popülerdi. On dokuzuncu ve yirminci yüzyılın başlarında Kazak sözlü şiirinde yeni bir dönemin başlangıcı oldu. Sözlü şiir, kamusal hayatta ve günlük hayatta yeni olaylara tanık oldu. Kazakistan'ın Rus İmparatorluğu (XIX yüzyılın 60'ları) tarafından sömürülmesinden sonra, folklorun içeriği, türlerin bileşimi, aralarındaki ilişkiler ve formlar da değişti. Bu nedenle, XIX yüzyılın ortası Kazak edebiyatında yeni bir gelişim döneminin başlangıcı olarak düşünülmelidir.

19. yüzyılın ikinci yarısına kadar Kazakça yazılı edebiyat yoktu. Şimdiye kadar şiirsel sanatlar sadece sözlü olarak gelişti. Okuma yazma bilmenin yaygın olduğu bir zamanda, Kazakların sözlü yaratıcılığı özel bir öneme sahipti ve insanlar için kurgunun yerini aldı. Kazak folkloru, yaratılışı ve oluşumunda sözlü ve şiirsel yaratıcılık geleneklerine ve Türk yazılı eserlerine dayanmaktadır. Böyle muhteşem bir anıt Mahmud Kashgari "Divani-lugat-it turk" nin üç ciltli eseri. Bu sözlük Kaşgar Türkçesi-Uygurların mükemmel dilbilgisini yansıtır. Buna ek olarak, bir Kıpçak (Kuman) anıtı olan Codex Kumanikus'ta eski Türk kabilelerinin folklor örnekleri ve Kazakların öncülleri yaşıyor. Bütün bunlarla birlikte Kazak edebiyatı tarihindeki en görkemli dönem XIX yüzyıldır. Bu dönemde Kazak folkloru en mükemmel seviyesine ulaşır. Bu dönemde oluşan yazılı literatür akyn şiirinin gelişimine de güçlü bir ivme kazandırmıştır. Akyns, Kazak halkının manevi yaşamında önemli bir rol oynadı. Virtüöz işçiliği, beceriklilik, bilgi ve becerilerini göstererek, söyledikleri şarkılarla örnek müzik eserleri yarattılar. 19. yüzyılda Devlet Babatayev (1802-1872), Şortanbay Kanayev (1818-1881), Birjan-sala (1834-1897), Akhan-Cere (1843-1906) ve diğer ünlü şairler yazdı ve yarattı. Eserleri Kazak toplumunda gerçekleşen süreçleri yansıtır, daha küresel sorunların kökenlerine bakar, çoğu durumda geçmişi yüceltir ve içinde yaşadıkları çocuğa kesin bir tutum ifade etmez.

Şairin işinden bahsetmişken, büyük Kazak şairi Jambul Jabayev (1846-1945) hakkında konuşmamız gerekiyor. Jambul Jabayev, Abay Kunanbayev ile aynı yaştadır. Neredeyse bir asır yaşadı. Göç sırasında Jambul Dağ'ının eteklerinde fakir bir Kazak ailesinde doğdu. Bu dağın adını almıştır. Jambul bunu "Hayatım" şiirinde anlatıyor. Erken yaşta şiir bestelemeye başladı. İlk şiirlerinde kapsamlı sosyal genellemeler yapamadı. Eserlerinde, tarihsel figürlerin faaliyetlerini perakende gerçekçiliği açısından değerlendirmeye çalıştı ve halkı ona baskı yapanlara karşı savaşıma çağırdı. Ancak Jambul'un sosyo-felsefi şiirlerini üst düzeyde yazdığını düşünmek imkansızdır. Zamanının şairleriyle şiirsel bir yarışmaya giren Jambul, kabile hayal gücünün rakibi olarak hareket etti. Rekabet ve değişim şiirlerinde, kabilesinin zenginliğini ve gücünü övüyor. Birleştiğinde Dosmuhammed gibi kişilerin sömürülmesine son verecek. Jambul, o zamanın feodal aşiret liderlerinin destekçisi olan ünlü Gulmambat ile değişiminde gerçek bir hakkaniyetli olarak da mücadele ediyor. Gulmambat'la yapılan aylarda, büyük şair onun gerçekten bir halk şarkıcısı olduğunu söylüyor. Jambul tüm yaratıcılığıyla çarlığa karşıydı. 1913 yılında Jambulu tanınmış akınsı kibi Verni'ye (şimdi Alma-Ata) 300 yıllık Romanov ailesinin onuruna şarkı söylemeye davet etmeyi reddetti. Bu şarkıda şair, çar kararının zulmünü, onun yerel elaltılarının fırsatı yakalama davranışını eleştirdi. Görünüşe göre Jambul'un çalışması insanların yaşamıyla yakından bağlantılıydı. Halk onu çok severdi. Jambul'un çalışmaları her zaman ülkenin kamusal ve ruhsal ilgisinin merkezinde olmuştur. 1938'de Jambul'un yaratıcı etkinliğinin 75. yıldönümüne adanmış yıldönümü şenlikleri düzenlendi. Dünyanın dört bir yanından tebrik telgrafları aldı. Bunların arasında Fransız yazar Roman Rolland, Belarus yazar Yanka Kupala ve diğerlerinin şairle ilgili sözleri vardı. 20. yüzyılın 30 ve 40'larında şairin yaratıcılığı gelişiyor ve olgunlaşıyordu. Bu dönemde yazılmış eserleri "Benim Vatanım", "Neşe Şarkısı", "Utegen-Batır", "Suranşı-Batır" ve diğerleri, mitolojik, efsanevi ve gerçekçi figüratif açıklamaların aksine lirik-destansı bir planla yazılmıştır. O zamanın büyük şairi Suyum bey'in Jambul'un yaratıcılığı üzerinde büyük etkisi oldu. Jambul Suyumbey akyn'in öğrencisi olduktan sonra şöhreti tüm Kazak çöllere yayıldı. Yakında büyük bir üne sahip olan Jambul Suyumbey ile tanışır ve başarısını

анлатır. Suyumbey ona şunları сөйлүюр: “Başkalarının melodisini takip ediyorsunuz. Bu kötü. Büyük akarsu kendi sesine sahip olmalı, yerini kendi tahtıyla ölçmelidir. Her kelime bir hançer gibi kesilmelidir. Asla ikiyüzlü olmayın. Kelime kuyudan çıkar çıkmaz kalbinden çıkar. ” Araştırmacılara göre Jambul, öğretmenin söylediklerinden gerekli sonuçları çıkardı ve her zaman önemli tavsiyelerine uymaya çalıştı. 30 yaşında Jambul'un kendi fikri vardı. Bu dönemdeki çalışmalarında Müslüman okullarda ("Şikayet"), yoksulluğu ("Zayıf pay") ve çöl yönetimini ("Şaltaba", "Manke") eleştirdi. Jambul, büyük hiciv gücüne sahip görüntülerdeki sert ve net sosyal konumunu ifade etmeye çalıştı. Yirminci yüzyılda Jambul bir şair olarak yeniden doğdu ve popüler sevginin yanı sıra büyük sanatsal başarıya da ulaştı. Bu bedii parçadan anlaşılın bizim bugünkü hedeflerimizin amacını hedeflemektir.

Edebiyat ve söz camiemiz birliğimize hizmet ettiği gibi iktidarlarımız ve devlet başçılarımız da birliyimize ve diriliyimize karant oluyor. Çok şükürler olsun ki, Türk-İslam Dünyasının lideri Recep Tayyip Erdoğan ve Elbaşı Nursultan Nazarbayev mırza gibi mayaklarımız vardır.

p.s.s. 1992 yılında Sovet Emperyalizmi Baküde mezalimler yaparak eliyalın, mülki insanları katletti. Karabağın işğalı için önlemler hazırladı. Azerbaycan- dünya ilişkileri tamamile kesildi. O zaman ilk hayımıza hay veren ve sesimizi dünyaya duyuran unutulmaz kardeşimiz Oljas Bey Süleymenov oldu. Allah ondan razı olsun!

Oljas bey olayı bele hatırlayır : “ Gec saatleri idi. Telefon çaldı. Gelen çağrı yurddışından idi. Yüksek ateşim var idi, ama, telefonu açdım. Hattın o başında kaherli ve kederli ses Bahtiyar Vahbzadenin sesi idi. “-Oljas, kardeşim katil sovet ordusu Azerbaycanı kan gölüne çevirdi”.

Ben müteessir oldum. Hasta ve ateşli olmağıma rağmen sabah erte Baküde ididm”.

İstifade olunmuş edebiyat

- 1.Hüseyn İsmayılov, Böyük Birliğe doğru, Ortak Türk Kecmişinden Ortak Türk Geleceğine. // Sempozyum materialı, 2005. s,6
- 2.Yaşar Qarayev, Min İlin Sonu, B, 1996.s.120.
- 3.Galib Sayılov, Şirvanşahlardan Osmanlıya:-Türkün Şanlı Tarihi, İstanbul// Türk-İslam Forumundakı Meruze 2014. .
4. Galib Sayılov “Dilimiz Varlığımız” Bakı,Dede Korkut, 1998
5. B.Ögel, Büyüyk Hun Imperiyası, Bakı-1992
- 6.Nizami Tağısoy, Qazax edebiyatına dair, Xalq Cəbhəsi.- 2013.- 10 yanvar.- S.14.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

п.ғ.к., профессор Е. Мухиддинов,

п.ғ.к. К.Абишев,

п.ғ.к. Е. Сейсенбеков

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Мақалада ұлттық ойын түрлерін зерделеу, оны оқытудың қрпак санасын жаңғыртуға тигізетін ықпалы сөз болады.

Тірек сөздер: ұлттық ойындар, ұлттық ойындардың зерттелуі, ұлттық ойындардың маңызы, рухани жаңғыру.

Abstract: The article discusses the study of national games, the impact of its teaching on the modernization of consciousness.

Key words: national games, study of national games, the importance of national games, spiritual renewal

Ұлттық ойындар – халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік-мәдени тұрмысынан хабар беретін ұлттық сипатқа ие әрекет түрі. Сондықтан да оған ұлт жанашырлары, спортшылар қауымы жеңіл-желпі қарамаған. Қазақ этнопедагогикалық ойының дамуына үлкен үлестерін қосқан А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.Диваев, С.Торайғыров, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, т.б. халқына тәрбие құндылықтарын, оның ішінде дене тәрбиесіне байланысты құнды пікірлер айтқан. Сондықтан халық тәжірибесінен туындаған ойындар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Қазақ зерттеушілері арасында ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы зерттеулер жоқ емес. Осындай ғылыми еңбектерді ғалымдар хронологиялық шегіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырады:

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топта А.Диваевтың «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындары үш топқа бөліп қарастырылады [1]. А.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі. А.А.Диваев "Қазақ балаларының ойындары" мақаласында ер балалар мен қыздардың саз балшықтан жануарлардың түрлі мүсіндерін жасау, қуыршақтарына киім тігу қабілеттері көрсетіліп, "Соқыр теке", "Көк сиыр", "Бөрік жасырмақ" т.б. ойындардың мазмұнын ашады. Сондай-ақ "Қырғыз жастарының көне ойындары" мақаласында, тойда, айттарда ауыл жастарының ат жарыстары "Қыз қуу", "Көкпар", "Аударыспақ" т.б. ойындары жайында мағлұматтар береді.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады [2]. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар

қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындар[3].

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М.Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы.

XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қалмақ, т.б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген. Орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында Ферғана және Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, топқа бөліп, нақты зерттеген.

Ізденіс барысында автор Ферғана балаларының күнделікті ойнайтын ертеден келе жатқан дәстүрлі «Гимчук тушты бошимга» ойыны Ташкенттегі сарт балаларына таныс емес екендігін айтады. Ал М.Гавриловтың авторлығымен жазылған «Перепелиный спорт у Ташкентских сартов» атты мақаласына өзбек халқының ойын түрлерінің айрықша маңыздысы жыл мезгілдерінің белгілері уақытында «Құстар ойынын» (тауық, қаз, т.б.) ойнаудың ережесі, ойын түрлері, тәртібі зерттеледі.

Кенес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына қарамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәтіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деркелеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халықтық және ақсүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни таптық тұрғыдан қарастырады.

Сонымен бірге ғалым зерттеуіне әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметінің саяси көзқарасын көрсетеді. М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады. Кейін ғалым осы жұмыстар негізінде 1998 жылы «Теория и практика взаимодействия национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане» атты диссертация қорғаса, Б. Досқараев «Историко–педагогические основы становление и развития системы физической культуры в Казахстане» атты докторлық диссертациясында осы мәселеге қатысты құнды пікірлер береді[4]. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды. Кеңестік кезеңдегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде дәстүрлі қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін дәлелдеп, ойын зерделеген [5]. Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертеңгі болашаққа керекті қасиеттілігін зерттеген басқа да қомақты ізденістер дүниеге келеді. Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады[6]. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде I-ҮІ сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады[7]. Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз.

1993 жылы К.С.Абишев Мәскеу қаласында қорғаған кандидаттық диссертациясында («Национальные традиции и обычаи в системе физкультурно-оздоровительной работы среди учащихся и молодежи») ұлттық спорт түрлерінің жастар тәрбиесіндегі рөліне мән береді [8].

Ұлттық ойындарға арналған сүбелі ғылыми еңбек Е. Алимхановтың «Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясы. Ғалым осы жұмыста Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі тарихи кезеңдердегі ұлттық ойындар мен спорттың дамуының жағдайы көрсетіліп, оның дене тәрбиесі мен спорттағы атқарған ролі анықтаумен бірге, ұлттық спорт және ойындарды топтау, жүйелеу, атау беру, жарыс өткізу, төрешілік жасау жағын зерттеліп, оны жетілдіру жолдарын көрсетеді[9]. Осы секілді Б. Досқараевтың «Историко–педагогические основы становление и развития системы физической культуры в Казахстане» атты докторлық диссертациясы да Қазақстандағы дене тәрбиесі жүйесінің қалыптасуы мен дамуы туралы мол мағлұмат береді [10].

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің

қарастырып отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

А.Құралбекұлы мен С.Әкімбайұлы жалпы білім беретін қазақ мектептерінің дене шынықтыру жүйесінде қазақ этнопедагогикасы материалдарына, оның ішінде халық шығармашылығы мен ұлттық ойындарды тиімді пайдаланудың ғылыми теориялық-әдістемелік негіздеріне сүйене отырып талдау жасаса, А.Айтпаеваның ғылыми еңбегінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы ретінде қазақ халқының ойындарын пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздері жасалып, олардың тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалған.

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен мұра сияқты өткен күн мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, өнеріміз, өйткені онда ұлттық код жатыр. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті өмірде пайдаланудың пайдасы орасан зор. Ойын сан ғасырлар өтсе де адамзат баласына ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы болып қала береді. Қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде. Ұлттық ойындар мен спортты бүгінгі күн талаптарына сай теориялық және педагогикалық зерттеу арқылы қазақ халқының тарихи қалыптасқан өзіндік дене тәрбиесі жүйесі болғандығын және оны қазіргі уақыт талабына сай қолдану тиімді екендігі айқын және ол рухани жаңғырудың бастамасы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.А.Диваев. Игры киргизских детей. Туркестанские ведомости. Ташкент, 1905.
2. А.Алекторов. О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей. Орынбор, 1891.
3. М.Гуннер. Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта. Алма-Ата, 1949.
4. М.Танекеев. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. Алматы, 1998.
5. Б.Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994.
6. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. Алматы, 1993.
7. Ә.Бүркітбаев. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. Алматы, 1985.
8. К.Абишев. Национальные традиции и обычаи в системе физкультурно-оздоровительной работы среди учащихся и молодежи. М., 1993.
9. Е.Алимханов. Ұлттық спорт пен ойындардың теориялық және педагогикалық негіздері // Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. Алматы, 2010.
10. Б.Доскараев. Историко-педагогические основы становление и развития системы физической культуры в Казахстане. Алматы, 2009.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Маратұлы Шыңғыс

Туризм мамандығының 1 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі, Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету біздің алдымызда тұрған ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Туризм әлемдік экономикада басты рольдердің бірін атқарады. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдік жалпы ұлттық өнімнің 10 бөлігін, халықаралық инвестициялардың 11 пайызынан астамын қамтамасыз етеді. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік туристік ұйымға нақты мүше болып кіруі, туристік кәсіпкерлікке үлкен жол ашылды.

Қазақстанда қазіргі заманғы инфрақұрылым салаларының дамуына, соның ішінде туризмге үлкен мән берілуде. Туризм елдің тұтас өңірлерінің экономикасына белсенді ықпал етеді. Туризм саласында шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылуы мен жұмыс істеуі жол көлігінің, халыққа сауда, мәдени, дәрігерлік қызмет көрсетудің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіздік алуы туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихи және мәдени мұрасын жаңғырту үшін негіз болып қалануда. Туризмнің тез және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық саласына және қоғамның әл ауқатына күшті ықпалын назарға ала отырып, Үкімет болашақта туризмді Қазақстан экономикасының маңызды секторы болады деп, анықтауда.

Туристік қызмет кәсіпорын шаруашылық әрекетімен ғана шектеліп қоймайды, ол әр түрлі қоғамдық және кәсіби ассоциациялар мен бірлестіктердің, аймақтық, ұлттық, халықаралық институттар, мемлекеттік және мемлекет аралық реттеу ұйымдарының қызметімен өте тығыз байланысты болады. Туристік сапардағы адамдар қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған барлық осы элементтер әрекетінің жиынтығы туризмнің әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі түсінігін қалыптастырады. Туризм құрылымдарының әр қайсысы өзінің нақты функциясын жүзеге асырғанда маркетинг концепциясын қолданады, сол арқылы ғана өз қызметінің тиімділігін арттырып, өзіне және қоғамға белгілі бір пайда алып келе алады [1].

Қазіргі кезде біздің елімізде туризмге үлкен мән беріліп отыр, соның ішінде ең табысты туризм түрі бұл- іскерлік туризмді дамыту. Себебі, Қазақстан көптеген мемлекеттермен экономикалық тығыз қарым-қатынаста. Сондықтан, жыл сайын елімізге іскерлік мақсаттағы сапармен келушілердің саны көбеюде. Соның ішінде түркия туристері мен қазақстанның түркиялық компаниялары елеулі орын алды.

Қазақстанда іскерлік туризм жақсы дамуда және басқа туризм түріне қарағанда ең табысты түрі болып табылады. Себебі Қазақстанға көптеген мемлекеттер бизнес жағынан қызығушылық танытуда.

Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылдың 12 шілдеде орнады. Екі жақтық бірлестіктегі алғашқы қадамдар 1992 жылы қарашада «Қазақстан-Түрік Сауда палатасы» құрылуымен анықталады, оның мақсаты сауданы дамытудағы көмек көрсету, семинарлар, көрмелер, жәрмеңке өткізу болып табылды. Сол кезден бастап Қазақстан мен Түркия арасында бизнес туризмнің дамуы бастау алды [2].

1990 жылы тұңғыш рет Түркиядан мәдениет министрі Намук Кемал Зейбек ресми сапармен Қазақстанға келеді. Ол Қазақстан мен Түркияның мәдени байланыстарын дамыта түсу жөнінде бірнеше келісім шарттарға қол қояды. Бұл келісім шарт бойынша Түркия мемлекеті Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссаудің кесенелерін қалпына келтіруді өз жауапкершілігіне алады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркия Республикасымен сауда-экономикалық қарым-қатынас кең қанат жайды. Екі елдің арасында сауда қатынасы 1992-жылы 30 млн. АҚШ доллары болса, 1997 жылы 360 млн. АҚШ долларын құрады, ал 2017-2018 жылдары-2.2 млрд. АҚШ долларын құрады.

Туысқан ел арасында мәдениет қатынасы дамуда. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін екі ел арасында мерекелер өткізу мен мәдени күндерін өткізу туралы келісімге қол қойылды. Атап айтқанда түрлі фестивальдер, конференциялар ұйымдастыру, кино апталықтарын өткізу тағы басқа шаралар қарастырылды.

Түркия мемлекетімен мемлекетаралық кең көлемді қатынас орнату-Қазақстанның халықаралық қатынастар саласындағы басты міндеттерінің бірегейі. Бұл екі мемлекетті жақындастыратын басты фактор-екі халықтың түбі бір туыстығы, өткен тарихының ортақтығы, этнолингвистикалық жақындығы, геосаяси және экономикалық алғышарттарының бірлікті бастаулары негізгі бағыт болып табылады.

Сондықтан Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары туралы ой қозғағанда екі ел арасындағы экономикалық рухани және мәдени туризм салалардағы байланыстарды жан-жақты саралаған жөн. Осман мемлекетінен ұзақ жылдар бойы Республикаға айналысымен Ататүрік бастаған Түркия басшылығы, сонау 1923 жылдың өзінде-ақ, барлық түрік халықтарының, олардың этностық, мәдени, тарихи ортақтықтарына байланысты бірігу идеясына негізделген өзінің сыртқы саясатының жаңа-бағытын белсене әзірлеуге кіріскен болатын.

Сол кезде-ақ, құрамына Қазақстан да кіретін Орталық Азия елдерінің дербес мемлекеттер ретінде қалыптасуына қолдау көрсетуді Түркия өзінің тарихи миссиясы деп есептеді. Бұл күндері де, Түркия түркі тілдес мемлекеттердің саяси-экономикалық одағы арқылы өзіне қолайлы деп санайтын аймақтағы жетекші рөлге ұмтылуға тырысып отыр [3].

Айталық, осы отыз жылға жуық уақыт ішінде-ақ, екі ел арасында түрлі бағыттағы қызу қарым-қатынас жанданып, заңды база қалыптасты. Оның мысалы ретінде, екі ел мемлекеттерінің бірінші басшыларының үкіметтері мен министрліктерінің ведомстволар мен туристік кәсіпорын басшыларының жоғары деңгейде қол қойған шарттары, декларациялар, келісімдер және алынған міндеттемелерді айтуға болады. Екі ел парламенттері арасында да қызу достық, ынтымақтастық әрі өзара түсініскен мықты байланыс бар. Ал, мәдениет, өнер және туризм бойынша білім беру салаларындағы байланыстар екі халықтың бір-біріне жақындасуына, қарым-қатынастардың татулықпен негізделуіне ықпал етті. Өйткені, екі елдің тарихында, тіл және мәдениетінде ортақ ұқсастықтар дамып жалғасын табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Яссауи Қ.А. ХҚТУ «профессор –оқытушылар құрамының ғылыми-теориялық және оқу-әдістемелік ҮІІ Ғылым конференциясының еңбектері, 2017ж.»
2. Нарыбаев М. «Казахстан-Турецкие экономические отношения» Саясат-2017ж. №4
3. Жағыпарұлы Ж., Қазақ-түрік кәсіпкерлері бас қосты бейсенбі, 24 мамыр 2017 «Егемен Қазақстан».

ЭТНОГРАФ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АУА РАЙЫНА ҚАТЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Амантұрдықызы Ақдидар, 1-курс магистранты
Жетекші: ф.ғ.д., проф. Т.Н. Ермекова

Түйіндеме: Көрнекті жазушы Зейнолла Сәніктің этнография саласындағы еңбектерінің маңызы зор. Мақалада ғалымның ұлттық қазына – этнографияның, оның ішінде халықтық астрономиялық танымды зерделеуі сөз болады

Тірек сөздер: этнография, халықтық астрономия, таным, наным-сенім

Abstract: The works of the outstanding writer Zeynolla Sanik in the field of ethnography are of great importance. The article describes the scientist's study of the national treasure – ethnography, including folk astronomical knowledge

Keywords: ethnography, folk astronomy, cognition, belief.

Кез келген ұлт пен ұлыстың қалыптасуының айғағы ретінде этнография саласының орны айырықша. Әр халықтың өткенінен хабар беріп, бүгінмен байланыстыратын, олардың тіршілігімен айналысып, «тарих» дейтін қарияның бір перзенті іспеттес болған бұл саланың қазаны әлі де қайнай бермек. Этнограф, тарихшы, жазушы Зейнолла Сәніктің пайымды ғылыми, әдеби-зерттеу еңбектерінің маңызы ерекше. «Қазақ этнографиясы» атты көлемді еңбегінің сегізінші томында халық астрономиясы жайлы толық мәлімет беріп, «Халық астрономиясының» бірінші тарауында жұлдызшалар, күн санақ, ай санақ, жыл санақ және жыл қайыру жөнінде көптеген мәліметтер жазып кеткен.

Түнгі жылқы күзеті кезінде немесе түнгі жорық кезінде аспандағы Ай мен жұлдыздан басқа көңілге тиянақ етер серігі болмаған ата-бабаларымыздың сонау қадым заманнан бері Ай мен жұлдыздарға, соның туылуы мен батуына, бағыт-бағдарын айқындап отырғандығы жұртқа мәлім.

Этнограф Зейнолла Сәніктің Қазақстан ғалымы Зиядан Қожалымов өзінің «Мәңгілік құпиялық шежіресі» атты кітабында былай жазады: «Абылай ханға найманның жеті Жолымбет руынан шыққан Құттықадамұлы Байыс деген ауа райын болжаушы адам сәлем беруге келеді. Сонда Абылай ханның «алдағы ауа райы қалай болады» деген сұрауына Байыс жұлдызшы: «Мен білем осы алдағы жұманың ішінде өзен-көлдің сулары кенет көтеріліп, қалың нөсер жауады, су тасқыны жүреді. Суға таяу ел жоталы жерге көшіп-қонуы керек. Малды да солай жайған жөн», - дейді. Байстың айтқанына сенген хан елін қауіпсіз жерге қондырып үлгергенде, айтқанындай-ақ, қалың нөсер құйып, тасқын жүреді. Абылай хан жұлдызшыға риза болып, мұны қалай білгендігін сұрапты. Сонда Байыс: «Тақсыр, хан ием, менде ауа райының өгерісін білдіретін хабаршылар көп. Оны суыр, борсық, қарсақтар берді. Олар інін су жағасынан алыстатып, биіктеу жерден қазып жатыр екен...», - депті [1].

Мұндай деректерді Зейнолла Сәнік те молынан келтіреді: ... Абылай ханның жұлдызшысы Байыс бір кездері Абылай еліне төніп келе жатқан қалмақ елінде көктемгі сәуір айында екі күн бойы бұрынды-соңды көрілмеген қарлы боран болатынын, содан ол елдің әбден есеңгірейтін шағын дәл басып айтыпты. Содан қалмаққа қарсы бас батыр Қаракерей Қабанбай бастаған шабуыл жеңіспен аяқталады. Бұған риза болған Абылай Байысқа ат мінгізіп, Қабанбай інген жетектетеді. Соның бір мысалы ретінде жұрт арасында: «Абылайдан атмінгені, Қабанбайдан алған інгені – Байыстың ауа райын білгені», - деген сөз қалған.

Міне, бұл – Абылай заманының жұлдызшылары.

Аспан құбылыстарына, айдың тұтылуына, бұлттардың көшуіне және жұлдыздардың қимыл-әрекетіне қарап ауа райын болау, оған зерттеу жүргізу сынды халық астрономиясы Шығыс халықтарында, солардың ішінде ханзу, үнді, моңғол, қазақ және басқа халықтарда ежелден бар әрі бұл – осы уаққа дейін жалғасып келе жатқан дәстүрлі ғылым. «Ханнаманың» 26-бумасы – «жұлдызнама» тарауында мынындай деректер жазылған: Біздің заманымыздан бұрынғы 112-жылы Шолпан жұлдызы Еридан шоқ жұлдызына сұғынады. Жұлдызшылар «жылқы үшін соғыс болады екен, соғыста аттар қырылады» десті. Содан кейін пырақтарды әкелу үшін Дадунға (Ферғанаға) жорық жасалып, соғыста аттың көбі қырылды.

Атақты «Шипагерлік баянның» авторы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы: «Көктегі жұлдыздар адам санымен тең. Әрбір жұлдызда әр адамның ғұмыры жазылған. Ол – адамзаттың қолы жетіп ала алмайтын алтын кітап. Ол жылтылдап көрініп, аспаннан өзіне жазылған адамды көріп, бақылап тұрады. Сол пенде қайғы қасіретті болса, солғын тұрады. Күнге шағылысқан гаһардай жалтылдаса, жанып тұрған бағы болмақ. Дүниеге бір нәресте туылса, көкте бір жұлдыз жарқырап тұрады. Бір адам өлсе, оның жұлдызы жаны шығысымен ағып түспек», - деп жазады. 15 ғасырда өткен қазақтың ғұлама ғалымы сонымен бірге «пенделік жұлдыздарды» сегіз түрге бөліп түсіндіреді.

Өтейбойдақ бабамызбен қатар өмір сүрген мәшһүр ғұлама ғалым, мемлекет айраткері, әрі үлкен астроном, жұлдызшы Ұлықбек – аспан денелерін зерттейтін обсерватория ашып, «жұлдыздар кестесін» жасаған адам. Оның бұл еңбегі Еуропа елдерінің назарын аударып, 1665 жылы Оксфордта, 1843 жылы Лондонда басылып шыққан. Осы еңбек оны бүкіләлемдік ірі астрономдар қатарына апарып қосқан. Әрине, бұл халықтың астрономиялық тәжірибелері мен ғылыми ізденістердің өзара тоғысуынан туындаған ірі жетістік екендігін, өзінің ортаазиялық ұстаздары әл-Фараби, Әбу Әли-ибн-Синалардың еңбектерінен бөле қарауға болмайтындығын автордың өзі де ауызға алған.

Халық арасында «жұлдыз-жорамал», «жұлдызың биік болсын», «жұлдызың өшпесін» деген сөздер жиі кездеседі. Сол сияқты «осының менімен жұлдызы қарсы» деген сөздер де естіліп қалады. Мұның мән-жайын Өтейбойдақ бабамыз егжей-тегжейлі баяндаған. Ғалым былай деп қарайды:

- Тақ жылдың тақ айының тақ күні туылғандардың жұлдызы құбылада – маңдай жұлдызды; Жұп жұлдыздың жұп айының жұп күні туылғандардың жұлдызы артта – шүйде жұлдызды; Тумақ айдың он бесіне толғанға дейінгі тақ жыл, тақ ай, тақ күні туылғандардың жұлдызы – оңдық немесе оң иық жұлдызды; Дөңгелек айдың кішірейуіне байланысты ай соңына дейін тақ жыл, тақ ай, тақ күні туылғандар жұлдызы құбыла немесе оң маңдай жұлдызды болмақ.

Оң жұлдыздылар мен сол жұлдыздылардың сырласуы, сыйласымы жарастық таппайды, керег басы пәле болумен өмірлері өтпек. Бірақ бірі-біріне қастық жасауы-жасамауы аздау болмақ...

Оң жұлдыздылар ішкі және жүрек ауруына көбірек кіріптар болмақ. Сол жұлдыздылар тоңғыш, мұздағыш, ұзын бойлы, тамақсау, сырқатқа шыдамды келеді. Бірақ өлерін жаны мұрнының ұшына келгенде бір-ақ сезеді. Оң маңдай жұлдыздылар қызыл шырайлы, етженді келмек. Біздің «сызданғыш» тәкаппар жан дейтініміз – осылар.

Шүйде жұлдыздылар ақ құбаша, қара сұр келмек. Көп сөзді сүймейді. Ал кейбіреулері төтенше суырылған сөзуар келеді.

Жұлдызына қарай тамыр соғуын барлап, науқасын табуға болады. Міне, Өтейбойдақ бабамыздың адамдардың жұлдыздық қасиеттері және жұлдызына қарай ауруын анықтау жөніндегі пайымдаулары осылай. Меніңше, бұл ғылым құпиялылығын ашуға дәрмені жетпеген адам денесінің жұмбақ сырлары болса керек. Бір құрсақтан

шыққан адамдардың біреуі ауырса, екінші біреуінде жайсыздық байқалатынын ғылым әлі тапқан жоқ. Бұл да сондай, сыры ашылмаған дүние екендігі хақ.

Жұлдыз айлар

(немесе күн жолындағы шоқ жұлдыздар)

<i>Реті</i>	<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Көне түркі тілінде</i>	<i>Арабша</i>
1	Тоқты	Қозы	Хамал
2	Торпақ	Үді	Сәуір
3	Егіздер	Ерентүз	Зауза
4	Шаян	Құшық	Саратан
5	Бикеш	Арыстан	Әсет
6	Арыстан	Бидай басы	Сүмбіле
7	Таразы өлкі	Өлкі	Мизам
8	Бүйі	Шаян	Ақырап
9	Мерген	Сұрмерген	Қауыс
10	Ешкімүйіз	Ұғылақ	Жәді
11	Суқұйғыш	Көкек	Дәлу
12	балықтар	Балық	Хұт

Халқымыздың ғасырлар бойы дамып, әсіресе Өтейбойдақ бабамыздың жұлдызнамасын зерттеу негізінде кейінгі уақытта Қазақстан елінде бір топ жұлдызнамашының пайда болғандығы мәлім. Олар жоғарыда көрсетілген жұлдыз айлар тізбегі бойынша апталық болжамдар жасап, баспа бетінде жариялап тұрады екен. Мұны жұрттың көбі дұрыс келеді деп есептелетін көрінеді.

Халқымыз ғасырлар бойы ұлы табиғатпен қоян-қолтық араласа жүріп, көптеген сыры мен құпиясына ден қойып, оның ерекшеліктері мен қасиеттерін зерттеген әрі сол жөнінде орасан мол білімдер жинап, оны халқымыздың дәстүрлі білім қазынасына айналдырған. Бұл күндері мұндайғалымдар «халық ғылымы» деп аталып жүр. Аталмыш ғылымға халық емшілігі, халық мал дәрігерлік ғылымы кіреді, жайылым, топырақ, малшаруашылық, халық астрономиясы, т.б. қамтылады. Осы ғылымдардың бір саласы – ауа райы (метеорология) ғылымы жөніндегі ғылыми анықтамалары былай болып келеді:

Мысық босағаны немесе там үйдің дінгегін тырналап, мазасызданса, ауа райы бұзылады, жел тұрады, боран болады. Мұны халық арасында: «Мысық боран шақырып тұр», - дейді. Іс жүзінде ол болатын боранды хабарлап тұр.

Мысық керіліп, ұйқыға берілсе, онда ұзақ уақыт бойы ауа райы қолайлы болады.

Тауық биікке қонақтаса жаңбыр болады. Қыста тауық ерте қонақтаса, күн суытады. Тауық жерге аунап, қанатын қағынатын болса, жаңбыр жауады. Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ жаңбыр болады, жаңбыр аяғы ұзаққа созылады.

Әтеш қыстыгүні бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады. Жаңбырлы күндері әтеш таң ата шақырса, күн ашылады.

Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса, аяз болады. Аязды күні қанатын желпінсе, аяз сынады.

Қыста қаздар қаңқылдаса, жылы болады. Аяқтарын бауырына қысып жатып алса, күн суытады немесе боран болады. Қаз бен үйректер суға шомылып, қиқулап, қанаттарын қомдап мазасызданса, ауа райы бұзылады.

Шағалалар өзен, теңіз бетінде ұшып жүрсе, күн ашық болады. Егер жиекте жүрсе – күннің бұзылатындығының белгісі.

Бозторғай ән салса – күн ашық, үнсіз жүрсе, жауын жауады.

Халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқан **наным-сенімдердің астарында** ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүние көрініс тауып жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рухани емшілік ғаламаты: Құран аяттары емдік қасиеті. - Алматы: «Шалкөде», 2006
2. З.Сәнік «Қазақ этнографиясы», Алматы, 2017. 8 том
3. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/21004/>

МРНТИ 631.95:581.526

ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ СИПАТЫ

Ғ.К. Мырзахмет

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Түйіндеме: Түркі өркениетінің ерекшелігін көсетіліп, мемуарларды жариялаудың негізгі түркі халықтарының дүниежүзілік өркениетке қосқан үлестері мен түркілердің материалдық-техникалық және ғылыми-мәдени қоғамдық прогреске ықпал ету көлемі жағынан қомықты, уақыт жағынан мыңдаған жылдарды қамтығаны баяндалады. Алтай түркілері мыңдаған жылдар бойы Қытай, Үндістан, Оңтүстік Азия және Еуропа елдеріне елеулі ықпал етіп отыратын жойқын күш ретінде көрінді. Бұл елдер түркілерден жүн өңдеу, егін егу, қала салу өнерін және тұрмыс мәдениеті шеңберіндегі толып жатқан жаңалықтарды үйренді.

Тірек сөздер: Осман, классификация, трактат, өркениет, мәдениет, мемуар.

THE NATURE OF THE TURKIC CIVILIZATION

Abstract: The article highlights the specifics of the Turkic civilization, the contribution to the publication of memoirs of the main Turkic peoples to the world civilization, and the extent of the influence of the Turks on material, technical, scientific and cultural social progress spanning millennia in time. For thousands of years, the Altai Turks have been viewed as a destructive force that has a significant impact on China, India, South Asia and Europe. These countries learned from the Turks the art of wool processing, sowing, urban planning and crowded discoveries within the framework of everyday culture.

Key words: Osman, classification, treatise, civilization, culture, memoirs.

Көшпелі өркениет – адамзат тарихында болған десек, онда оның өзіндік ерекшеліктерімен толастай түскен байтақ аймағы Ұлы Дала аталатын, жер шарының Орталық-Азиялық бөлігі саналмақ. Сол кездегі осы аймақтағы елдердің этникалық құрамын негізінен түрік тектес халықтар құрады, сондықтан да, бұл даланы мәдени-этникалық мағынада Тұран. Түркістан Түркі елі деп атаған. Қазақтың көне тарихы және дипломатиясы ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан, түркі тілді көшпелі өркениеттің белгісі.

Түркі тарихнамасында түркілердің тарихтағы орны туралы әртүрлі екі көзқарас қалыптасқан. Бірі бүкіл өркениет түркі әлемінен тараған десе, екіншісі түркілердің тарихын толығымен жоққа шығарады. Біздің ойымызша, Түркі мемлекетінің тарихта болғандығы, олардың басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар жүргізгендігі дау туғызатын мәселе емес. Тарихшылар түркі дипломатиясы, жалпы түркі тарихы жөнінде көптеген еңбектер жазып қалдырған. Түркі дипломатиясын

зерттеуде Гумилевтің, Громыконың, Поповтың, Большаковтың, Сахаровтың, Закировтың, Баласағұнның, Дулатидың т.б. тарихшылардың еңбектерінің маңызы өте зор. Түркі дипломатиясына қатысты Л.Н.Гумилевтің «көне түркілер», Громыконың «Дипломатия тарихы», Поповтың «Қазіргі дипломатия», Сахаровтың «Ежелгі Русь дипломатиясы», Закировтың «Алтын Орданың Египетпен дипломатиялық қарым-қатынастары», Жүсіп Баласағұнның «Құтты бідік», Хайдар Дилатидің «Тарих-и Рашиди» т.б. еңбектерді атауға болады [1:19-6].

Біздің заманымыздың I мыңжылдығында Еуразия далаларындағы этникалық орта бірте-бірте өзгере бастады. Биліктің әлеуметтік консолидациясының Жедел дамуы бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында Оңтүстік Сібір, Орталық және Орта Азия, төменгі Еділ және Солтүстік Сібір аумақтарында бірнеше түркі тілді тайпалардың және қағандықтардың қалыптасуына алып келді. Олар: бірінші Түркі қағандығы – Шығыс түркі қағандығы, Батыс түркі қағандығы, ұйғыр, түргеш қағандығы, Енисей қырғыздарының, Хазар, Бұлғар, Қарлұқ, Қарахан, Қимақ және Арал бойы оғыздарының Қыпшақ, Хорезм мемлекеттері немесе империясы. Дәл осы уақытта қазіргі тұры тілді тайпалардың этникалық-саяси бірігуі қалыптасқан еді. Осы дәуірде түркілердің рухани мәдениеті де жаңа сатыға көтерілген болатын. Түркі жазба мәдениеті мен сына жазуы, хатқа түскен түркі әдебиеті қалыптасты. Түркілер өздеріне алғашқы рет діни түсініктерді, нанымдары буддизм, христиан, манихей, ислам діндерінің негізінен басқа да өркениет жетістіктерін қабылдады. Көшпелі және жартылай көшпелі өмір кеше отырып, біртіндеп қалалық және отырықшы тұрмысқа көшті. Отырықшылыққа көшкен тайпалар езіндік өркениетті мәдениет түрлерін қалыптастырды, олар сол кездегі әлемдік мәдениетте өзіндік орын алды [2 б].

Осы процестердің бәрін ұлы далада өмір сүрген көптеген тайпалардың біріне ғана тән немесе қазіргі түркі тілдес тайпалардың бірінің ғана тікелей тарихы деп қарауға болмайды. Евразияның түркі тектес халықтары өздерінің алдындағы тайпалар сияқты ұзақ уақыт бойы түркі тілді халықтардың бәріне ортақ тарихты жасады. Тарих аренасында бір тайпаның орнын екіншісі ауыстыруын алдыңғы тайпаның тарихтан өшуі деп есептеуге болмайды. Олар пайда болған жаңа тайпаның саяси құрамынан, ариліктердің, сақтардың, хундардың этникалық топтарынан керініс беріп, өзгеріске ұшыраған түрде тарих сахнасына қайта шығады. Түркі тайпалары қола дәуірінде пайда болып, ари, скиф-сақ, хун дәуірлерін басынан кешірсе де, олардың бірлестігі жоғалған жоқ. Тек көне түркі дәуірінде ғана этникалық негізде тарих аренасынан көріне алды.

V ғасырдың екінші жартысынан бастап түркі деген сөз (термин) алғаш рет кездеседі де, осыдан кейін кенінен тарала бастайды.

Бұрын соғды тілі түркілер мен қытайлар арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарда пайдаланып келген болса, кейін «түркі сөзі византиялықтарда, арабтарда, сириялықтарда, санскрит тілінде, көптеген иран, табет тілдерінде кездесе бастады. Қағандық – империя құрылған 460 жылға дейін «түркі» сөзі 10 (кейінірек 12) тарпа бірлестігінің атауы ретінде жүрді. Бұл термин қағандық өмір сүрген дәуірлерде де сақталып қалды. Бұл сөз ертедегі түркі текстерінде «түрік бүдун» атауы ретінде кездеседі (бүд – тайпа), яғни жекелеген тайпалардан құралған тайпалар одағы. VIII ғасырдың ортасынан бастап тарихи жазбаларда «12 тайпа түркі елі» деген термин кездеседі. Түркі тайпаларынан құралған мемлекет те дәл осы сөзбен аталды [3:9-6]. «Түркі елі» деген атау ертедегі түркі эпиграфиялық ескерткіштерінде де, қытайдың тарихи жазбаларында да осы күйінде кездеседі. Кеңінен алып қарасақ, бұл термин түркілер құрған ұйым – көшпелі державаның атауы. Византиялықтар мен ирандықтар «түркі елі» деген сөзді жиі қолданса, кейде түркілердің өзі де осы сөзді көп қолданған. Терминнің әрі қарай өріс алуы IX–XI ғасырлардағы араб тарихшылары мен географтарының еңбектерінде молынан кездеседі, ал бұл кезде «түркі» сөзі бір

халықтың немесе мемлекеттің атауы ретінде қолданылды. Дәл осы арабтардың ғылыми әдебиеттерінде түркілер сөйлеген тілдің генетикалық байланысы және түркі халықтарының генеологиялық туыстығы жайында айтылады, ал мұсылман тілдес халықтар жазбаларынан сырт жерлерде мұндай кең көлемде жазылған мәліметтер кездесе бермейді. Орыс жылнамасында 985 жылы «торк» деген атау кездеседі [4:39-б]. Бірақ бұл Ұлы даланы мекендеген печенег, хлоабук, половец тайпаларымен қатар өмір сүрген көшпелі бірлестіктердің бірінің ғана атауы.

Өзінің тарихи орынын сақтап бұрыннан келе жатқан 4 тайпаны ерекше атауға болады, олар: түркілер, қырғыздар, қыпшақтар, телелер (оғыздар).

Кеңес өкіметі жылдарындағы түркілердің тарихы туралы жазылған құнды еңбектер: Толстовтың «Древний Хорезм» (1948) атты зерттеуі, Л. Гумилевтің «Древние тюрки» (1967), «Поиски вымышленного царства» (1970) және «Хунны в Китае» (1974) деген күрделі зерттеулері түркі тайпаларының ғасырлар бойғы даму ерекшеліктері, этнос ретінде қалыптасу кезеңдері мен мемлекеті туралы сыр шертеді. Л. Гумилев «Хунны в Китае» деген еңбегінде ерте замандарда Қазақстан, Алтай және Орта Азия жерлерін мекендеген басты тайпа хундардың түркі қағанатына қатысы туралы жазды.

Түркі дипломатиясын зерттеуде Л. Гумилевтің «көне түркілер» еңбегінің маңызы зор. Ол түркі халықтарының, славяндардың көне тарихы, этногенез мәселесі туралы, т.б. бірқатар еңбектердің авторы. Өз еңбектерінде адамзат тарихы туралы еуроцентристік көзқарасқа қарсы шықты. Ғұндрдың, көн түркілердің азамат өркениетіне елеулі үлес қосқандығын дәйектейді. Шыңғыс хан империясы орыстар үшін ұлттық апат әкелмегендігін тұжырымдады. Оның пікірінше, Русьте қираған қалалар мен құрбан болған адамдар саны орыс князьдерінің іштей, өзара қырқыстарынан артық болмаған. әрбір этностық түпкі тегі «пассионарлық» күштердің ықпалымен қалыптасады деп бағалады [5:16-б]. Сонымен бірге әрбір этностық өмір жасының ұзақтығы 1200 жылдан аспайды деген тұжырым жасалды.

Академик В.В.Бартольдтың Орта Азия өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Ол бұл еңбектерінде араб, парсы және жергілікті тарихшылардың аса құнды еңбектерін пайдаланған. Бартольдтың «Монғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы», «Жетісу тарихының очерктері», «Монғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан» т.б. еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Оның бұл еңбектері Орта Азия және Қазақстан халықтарының көне дәуірден бастап-ақ өзіндік тарихи мәдениеті болғанын дәлелдеп берді. Орыс шығыстану мектебінің негізін қалаушылардың бірі болған, ол Қазан төңкерісінен кейін Азия музейінің жанынан құрылған шығыс зерттеушілерінің «Записки коллегии Востоковедов» дейтін баспасөз ұйымын басқарды. Оның көптеген монографиялары ағылшын, неміс, түркі, араб т. б. тілдерде жазылған.

Бірақ отаршыл Ресей үкіметінің ең қауіпті, ең қасіретті қылмысының бірі – Орта Азия мен Қазақстан, жалпы түркі халықтарының ұлттық санасын құлдануға күш салу еді. 1881 жылы Түркістан әскери округінің комендантының көмекшісі, патша генералы Мацеевский Ташкентте жұмысқа кірісе бастаған Шығыстану қоғамының мүшелеріне былай деп хат жолдайды: «Шығыстану қоғамының міндеті Шығысты зерттеу емес, Шығыс халқын орыстандыру». Патшаның саясаткер-ғалымдары орыстандыруды тоқтаусыз жүргізу үшін саяси-ғылыми айналымға «панисламизм», «пантюркизм» деген терминдерді енгізсе, Кеңес үкіметі жылдарында жергілікті халықты ата тарихынан, ата дәстүрінен, ана тілінен, ұстанған дінінен безіндіру үшін неше түрлі құйтырқы теорияны жан-жақты жетілдірді.

Түркілердің шығу тегі туралы қазақтан алғашқы қалам тартқан Әлихан Бөкейханов, Мұхаммеджан Тынышбаев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Санжар Асфендияров, Әуелбек Қоңыратбаевтар, империялық зұлматтың шеңгеліне ілініп, көпшілігі опат болды. Мұстафа Шоқай еңбектері өз Отанына әлі күнге дейін жеткен жоқ.

Түріктің белгілі ғалымы Б.Аталай «Дивани лұғат-ат-түріктің» үш томдық аудармасын, осындағы сөздердің бір томдық тізімін жасап шығарды. Бұл еңбек әрқилы зерттеу жұмыстарына пайдалануға кең жол ашып берді. Белгілі ғалым, профессор Әбсаттар Дербісалиев араб, парсы тілінде X–XII ғасырларда жарияланған түркі ғұламаларының еңбектерін зерттеу мен оны көпшілікке таныстыру-жолында тынымсыз еңбек етіп келеді.

Осы аталған еңбектерден мынадай екі түрлі түсінік бар екенін аңғаруға болады: біріншісі, түркілердің дербес халық ретінде тарих сахнасына шығуы да, екіншісі, олардың дербес мемлекет ретінде қалыптасуы [5:19-6].

VI ғасырдың ортасына қарай төрт тайпа түркі этногенезінің екінші сатысына – Орталық Азияның этникалық және саяси тарихының басқа сатысына көтерілді. Ол VI–IX ғасырлар. Жаңа сатыда этногенез одан әрі дамыды. Сол көшпенді тайпалар енді өз байланыстарын одан әрі жақсартып, мемлекеттер құрды. Олар: Шығыс түркі қағандығы, Батыс Түркі қағандығы, Түргеш қағандығы, Қарлұқ қағандығы, Қырғыз-ұйғыр – Қарахан мемлекеті, Оғыздар мемлекеті. Дамудың екінші сатысына көтерілген мемлекеттер бірлігінің күшті болуына ортақ тіл, ортақ жазу мәдениеті, ұқсас саяси деңгей игі ықпал етті. Пайда болған мемлекеттердің әлеуметтік-саяси құрылымдарының беріктігі түркі этногенезінің батысқа қарай жылжуына мүмкіндік берді.

Түркі мәдениетінің дамуын біздің заманымыздың I мыңжылдығындағы әшекейлі бұйымдар, шеберлікпен жасалған оқ, садақ, сондай-ақ өлген адамның зиратына құлпытас орнату рәсімдерінен байқауға болады. Жалпы түркі мәдениетін өзіндік ерекшеліктеріне қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

1. Енисей қырғыздарының мәдениеті;
2. Кимақ-қыпшақ мәдениеті;
3. Алтай түркілерінің мәдениеті.

Сонымен, біздің заманымыздың I мыңжылдығында Орталық Азияда, оңтүстік-батыс Сібірде, Жетісуда, Тянь-Шаньда түркі, оғыз, қырғыз, қыпшақ этногенезінің дамуы жүріп жатты. Енді осы тайпалар бір-бірімен араласу негізінде жаңа этнос орталықтары пайда болды. Кимақ-қыпшақ, оғыз тайпаларының кейбіреулері Орталық Азиядан Ертіске көшті, Қырғыздар Байқалдан Шығыс Қазақстанға бет бұрды. Тоғыз-оғыз тайпалары тибеттіктермен болған соғыстың салдарынан Гансудың батысына және Шығыс Түркістанға бет алып көшті [6:33-6].

Түркілер 744 жылы саяси қасіретке ұшырады, өзінің бұрынғы орталықтарын жоғалтып, Қашқар, Жетісуға ығысты. Ол жерде X ғасырда ислам дінін қабылдағаннан кейін қарлұқ тайпаларымен қосылып, Қарахандықтар мемлекетін құрды. Ішкі, сыртқы факторлар өзгерді. Тайпалар арасында ассимиляция процесі жүрді. Сонымен жоғарыда аталған мемлекеттердің этникалық дамуы өзгере бастады.

«Түркі» сөзі біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда бірінші рет көшпелі халықтың атауы ретінде пайда болды. Осы кезде түркілер Монғолиядан және Қытайдың солтүстік шекарасынан Қаратеңізге дейін созылып жатқан ұлы көшпелі империяның негізін қалады. Ұлы далада түркі мемлекетінің, түркі тілінің қалыптасу дәуірінен дерек беретін Күлтегін ескерткішінде былай деп жазылды: «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің, арасында адам баласы жаратылды. Адамзат баласының үстінен менің бабаларым

Бумын қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, оны бекітті». Мұнда дүниенің төрт бұрышын түгел өзіне табындырған алғашқы түркі қағандарының билік құрған уақыты мен байланысты суреттеледі [7:48-6].

V ғасырда түркілер деп Ашина ордасына қараған тайпалар аталды. Ал көршілес тайпалар түркілер қатарына саналған жоқ. Түркілердің шығу тегін зерттеу ғылымда XIX ғасырдың соңына дейін көршілес қытай, парс, грек, Византия елдерінің деректері арқылы белгілі болды. 568-598 жылдары түркілерге қарай бірінші болып Еділден өткен Земарх басқарған Византия елшілері әрқандай деректер жазып қалдырды. Жекелеген түркі халықтары мен олардың тіршілік еткен мекені туралы толығырақ мәліметті біз IX–X ғасырлардағы араб географиясынан кездестіреміз. Осы географиялық әдебиетте «түркі» деген сөз халықтар тобы және олардың тілінің ортақ иесі ретінде көрсетілген.

Түркі әлемінің шаруашылық жүргізу, саяси-әлеуметтік жағдайы белгілі бір қалыптарға сыймайтын, әр жерде, тарихтың әр үзгінде әр түрлі болып отырды. Оның себебі түркілердің солтүстікке сонау аязы қақаған Сібірден оңтүстікке аптабы алаулаған Кіші Азия түбегіне дейін созылған, климаты мен рельефі әр түрлі табиғи жағдайларда өмір сүруінен болса керек. Түркілер қоғамының шаруашылық жүргізуіндегі бір ерекшелігі олардың қалалық және көшпелі мал шаруашылығын қатар алып жүруінде болды. Азия мен Еуропаның түйісер тұсындағы ұланғайыр өлкеде – қазіргі қазақ даласында табиғи географиялық бітіміне қарай шаруашылық жүргізудің үш тұрпаты қалыптасты. Оның біріншісі, Батыс және Орталық Қазақстанның қуаң және жартылай қуаң даласында экстенсивті көшпелі шаруашылық болды. Екіншісі, Шығыс және Оңтүстік Шығыс өңірлерде, Алтай мен Ерөн қабырға жүйесіне енетін таулардың баурайларында қалыптасқан көшпелі-отырықшы шаруашылық. Бұл жерлердегі жартылай отырықшылық таулы жерлердегі жоғары-төмен көшпелі шаруашылықпен араласып жатты. Үшіншісі, Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің құнарлы жағалауларындағы негізінен отырықшылық өмір салты. Бұл жерлерде егін егу, бау-бақша өсіру, қолөнер, құрылыс ісі, қала мәдениеті жақсы дамып, сонау біздің жыл санауымызға дейінгі VI – IV ғасырлардың өзінде-ақ моншақтай тізілген елді-мекендер бой көтерген болатын.

Ислам дінін қабылдаған VII – VIII ғасырлардан бастап түркі дүниесі негізінен шығыстық қасиеттерді бойына көптеп сіңіре бастады. Тек XV ғасырдан бастап Византияны күйретіп, оның иеліктерін басып алып, ұзақ мерзім бойы оңтүстік-шығыс Еуропада билік жүргізген Анадолы түріктері қайтадан Батыс құндылықтарын қабылдады. XVI ғасырдан бастап күшіне енген орыс экспансиясы Шығыс Еуропа мен Батыс және Орталық Азия түріктеріне қарсы қосып алу және түбегейлі құрту саясатын жүргізді [7:9-6]. Солай болса да, Батыс құндылықтарының кейбіреулерін қабылдағанымен, түріктер бәрібір негізінен Шығыстың дәстүрлі өркениетінің өкілі болып қала берді. XX ғасырда Анадолы түріктері батыстық құндылықтарға бағдарлы түрде, толық ден қойды. Кеңес Одағының қарамағында болған түркі халықтары батыстың материалдық мәдениетін толық қабылдағанымен, демократиясын жартылай, көбнесе формалды меңгеріп, жан дүниесімен шығыс патернализмі психологиясынан арыла алмаған күйде XXI ғасыр табалдырығын аттыды.

Түркілердің материалдық-техникалық және ғылыми-мәдени жетістіктерімен дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі мен қоғамдық прогреске ықпал ету көлемі жағынан қомықты, уақыт жағынан мыңдаған жылдарды қамтыған ұзақ мерзімге созылды. Металл өңдеу технологиясын барлық өзге халықтардан бұрын меңгеруі, дөңгелекті ойлап шығаруы және жылқыны көлік ретінде пайдалануы арқасында Алтай түркілері мыңдаған жылдар бойы Қытай, Үндістан, Оңтүстік Азия және Еуропа

елдеріне елеулі ықпал етіп отыратын жойқын күш ретінде көрінді. Бұл елдер түркілерден жүн өңдеу, егін егу, қала салу өнерін және тұрмыс мәдениеті шеңберіндегі толып жатқан жаңалықтарды үйренді.

X – XIII ғасырлардағы Орта Азиядағы түркі өркениеті гүлденудің жоғарғы шыңына жетті. Өркениет ошақтары Отырар, Түркістан, Бұхара, Самарқан, Хорезм қалалары болды. Отырардан шыққан Әбу Нәсір-әл-Фараби (870-950) арабтілді философиядағы прогресшіл бағытты дамытты. Орта Азиялық ғалымдар Абу-ль-Вефы (940-998), Әбу Райхан Бируни (973-1048), Омар Хайям, Насреддин Тусидің (1201-1280) еңбектерінде жаратылыстану ғылымдарының, арифметика мен математиканың мәселелері көтеріліп, шешім тауып жатты, натуралды көрсеткіштермен түбір табу әдістері жасалып жүйеге келтірілді. Хорезми мен Омар Хайямның алгебраның негізін салуығылымның барлық саласының дамуына усер етіп, теңдесі жоқ рөл атқарды. XIX ғасырда өмір сүрген ұлы математик және астроном Мұхамед ибн Мұса Хорезмидің XII ғасырда латын тіліне аударылған «Китаб аль-джебр вальмукабала» атты кітабы Еуропа елдерінде ұзақ уақыт бойы алгебра пәні бойынша негізгі басшылыққа алынған кітап болды. «Аль-джебр» операциясынан-математиканың негізгі бөлігі алгебра, әл-Хорезми сөзінен – алгоритм шықты.

Түркілердің Еуропаға, сол арқылы дүниежүзілік саясатқа, адамзат өркениетінің дамуына тікелей және елеулі ықпал етуі Кіші Азиядағы Осман империясының гүлденіп тұрған дәуірі XV-XVIII ғасырларға сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, түркі халықтары дамуының I және II сатылары түркі тілді халықтардың этникалық тарихында өшпес із қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті А., 2000
2. Әбілғазы Ә. Түрік шежіресі А., 1996ж
3. Алтын бесік, (Ел аралық қоғамдық – саяси, әдеби-көркем журнал) №5, А., 2005.
4. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы А., 1995, 1996, 1997ж.
5. 14. К. Тасболатова. [http:// www .turkystan.kz](http://www.turkystan.kz)
6. Т.Дәулетов, Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығының шежіресі, (20.11.1992ж. - 29.07.2002ж.) А., 2002.
7. 29.М.Тәтімов, Қазақ әлемі, Атамұра 1993.

ТІЛДІК ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ

Ермағамбетова Ләззат Нұрғалиқызы

п.ғ.к., қауымд.проф.,

Абылай хан атындағы ҚазақХҚ және ӘТУ, Алматы,

Түйіндеме: Бүгінгі таңда көптілді болуды өркениет ағысы талап етіп отыр. Біз дамыған ақпараттар әлемінде өмір сүріп отырғандықтан, кейде ақпаратты қазақша не орысша оқып отырғанымызды байқамай да қаламыз, бұл қоғамымыздың қостілді екендігін білдірсе, жас ұрпақ өкілдері осы екі тілмен қоса ағылшын тілін де меңгере бастады. Қазіргі кезде қоғамда үш немесе одан да көп тіл білетін мультилингвистер пайда болды.

Мультилингвизм немесе көптілділік түрлі ұлт өкілдері көп шоғырланған мемлекеттерде кездеседі. Ұсынылып отырған мақалада мультилингвизмнің қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналып отырғандығы туралы сөз етіледі.

Тірек сөздер: Мультилингвизм, мәдениет, ғаламтор, ақпараттық технология, феномен, менталитет, көптілділік, полилингвизм, этнос, ұлт.

Аннотация: Сегодня многоязычие востребовано с развитием цивилизации. Поскольку мы живем в развитом информационном мире, иногда мы даже не замечаем, что читаем информацию на казахском или русском языке, а это значит, что наше общество двуязычное, и молодое поколение начало говорить и на этих языках, и на английском. Сегодня в обществе появились мультилингвисты, люди говорящие на трех и более языках. Мультилингвизм наблюдается в странах с высокой концентрацией людей разных национальностей. В предлагаемой статье обсуждается тот факт, что мультилингвизм становится неотъемлемой частью современной культуры.

Ключевые слова: мультилингвизм, культура, Интернет, информационные технологии, феномен, менталитет, многоязычие, полилингвизм, этнос, нация.

Abstract: Today multilingualism is in demand with the development of civilization. Since we live in a developed information world, sometimes we do not even notice that we are reading information in Kazakh or Russian, which means that our society is bilingual, and the younger generation began to speak both in these languages and in English. Today, multilingualists have appeared in society, people speaking three or more languages. Multilingualism is observed in countries with a high concentration of people of different nationalities. This article discusses the fact that multilingualism is becoming an integral part of modern culture.

Key words: multilingualism, culture, Internet, information technology, phenomenon, mentality, multilingualism, polylinguism, ethnos, nation.

Қазіргі өркениетке өзара байланысқан, бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынас орнатқан мәдениеттің көптүрлілігі жатады. Әр мәдениеттің өзіндік тілдік жүйесі бар және сол тілдік жүйе арқылы қарым-қатынас жасайды. Ғылымда тілдік қарым-қатынас жасаудың мұндай түрі вербалды тілдік қатынас жасау деп аталады. Вербалды қарым-қатынас жасау тәсілінің ішіндегі ең танымалы адамдардың тілі. Тіл арқылы адамдар өздеріне маңызды ақпараттар алады, ойларымен бөліседі, түрлі эмоциялық жағдайын білдіреді. Сондықтан тіл – мәдениеттің құралы болып табылады, тіл арқылы өз халқының салт-дәстүрі, менталитеті қабылданып, жеке тұлға қалыптасып, әлемнің мәдени бейнесі пайда болады.

Осыған байланысты қазіргі заман талабының бірі – көптілді болу. Жас ұрпақты көп тіл білуге баулу. Өйткені, адам көп тіл білген сайын ой-өрісі кеңіюімен қатар, өзі үйреніп отырған тілді тұтынушылардың мәдениетін де қабылдайды. Яғни, адам қанша тіл білсе, сонша мәдениетті қабылдайды.

Қазіргі таңда мультилингвизм әлеуметтік мәдени феномен болып табылады, өйткені жер шарының 75%-на жуық тұрғыны екі немесе одан көп тілдерді меңгерген (мультилингвизм, полилингвизм, көптілділік). Жер шарының төрттен біріне жуығы өз территориясында ресми екі тілді заңды деп таныса, басқа бірнеше мемлекет екі немесе одан көп тілдерді заңды деп мойындаған (өйткені қосымша өмір сүретін тілдердің саны кей мемлекеттерде өте көп екен).

Әлеуметтік мәдени феномен ретіндегі мультилингвизмнің өзектілігі жаһандану дәуіріндегі адамзат өмірінің қажетті шарты болды, өйткені жаһандану өзінің элементі ретінде түрлі әлеуметтік мәдениеттердің материалды және рухани компоненттерінің өзара сіңісуіне әкеледі. Сондықтан бөтен мәдениетті игерудің маңызды шарты ең алдымен оның тілін меңгеру болып табылады.

Мультилингвизм (көптілділік, полилингвизм) – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш немесе одан да көп тілде сөйлей білушілік [1,332 б.]. Бұл тек қана бірнеше тілде сөйлеу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар бірнеше өркениеттің мәдени құндылықтарын бойына сіңірудің және ашық қарым-қатынас жасаудың ерекше түрі.

Мультилингвизмнің екі мағынасы бар:

- 1) белгілі бір әлеуметтік қоғамда бірнеше тілді меңгеруі;
- 2) жеке тұлғаның (бір топ адамдардың) нақты коммуникативтік жағдайға сәйкес өздері бірнеше тілді таңдауы.

Сонымен, мультилингвизм деп қоғамдағы әртүрлі тілдердің таралуы және жеке тұлғалардың бір-бірімен бірнеше тілдік құралдар арқылы қатынасқа түсуін айтамыз.

Мәдениеттанушы ғалым Джаред Даймондтың «Science» журналында Папуада – Жаңа Гвинеяда аборигендердің бес тілде, кейбіреулері тіпті он бес тілде еркін сөлейтіндігін жаза келе, дәстүрлі қауымдастықтарда мультилингвизм ерекшелік емес ереже екендігін айтқан. Ал, балалардың көптілді болуы когнитивті қабілеттіліктерін дамыту үшін қосымша мүмкіндік беретіндігін, қариялардың көптілді болуы ХХІ ғасыр дерті Альцгеймер синдромынан қорғайтындығын дәлелдеген.

Қазақстан да көптілді болып табылады, өйткені мұнда 130 ұлт өкілі өмір сүреді. Бүгінде республикадағы этностардың мәдениеттері, тілдері дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдайлар жасалған. Этномәдени бірлестіктердің саны тұрақты өсіп, қазір олардың саны 800-ден асады. Оның ішіндегі 28-і республикалық дәрежеге ие. Статистикаға көз жүгірсек, осы күндері 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарлама мен 7 тілде телебағдарлама тарайды. Ал білім беру саласында өзбек, тәжік, ұйғыр, және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп бар. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізілуде. Сондай-ақ, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылған. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда, елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істеп келеді. Жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған кітаптар жарық көреді [2].

Елбасының Қазақстан халқына 2007 жылғы Жолдауында үш тілдің орны мен мәртебесі анық көрсетіліп, атқарар қызметі айқын бөлінген: «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі [3,7-10] деп мемлекеттің тілдік саясатының маңыздылығын көрсеткен болатын.

Бұл жөнінде ғалым Н.Уәлиұлы: «...Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Үштұғырлы тіл формуласында ең бірінші осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен мемлекет өз мойнына алуы тиіс», - деп атап көрсетеді [4, 4 б.].

Ал, профессор Б.Қасым әлемдік білім кеңістігіне енудің жолдары ретінде мынаны атап көрсетеді: «Қазақ тілін үштілділіктің көлеңкесінде (ағылшын, орыс) қалмайтындай, еңбек нарығында мемлекеттік тілді білуді талап етуді бірінші орынға

қою, елімізде қазір керісінше, ағылшын тілін білуді талап етуде, ғаламдану үрдісінде ол да дұрыс шығар, бірақ бәсекелестікке төтеп бере алатын қоғамның мүддесі мен мақсатына қызмет ететін қазақ тілін сол деңгейге жеткізу, барлық білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытуды саннан сапаға көшіріп, оқулықтардағы олқылықтарды орнына келтіріп, білімді де білікті мамандармен қамтамасыз ету, біліктілігін арттыру» [5, 32 б.].

АҚШ-тың Сиетла университетінің Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу орталығының басшысы Уильям Фиерманға осы мәселеге байланысты сұрағанда, ол: «Менің ойымша осы саясат өте дұрыс және мемлекеттің дамуына үлкен пайдасын тигізбек. Алайда үш тілдің деңгейінің бірегейлігі туралы айту әлі ерте сияқты, себебі сіздерде әлі де болса орыс тілі басымырық. Менің ойымша біріншіден қазақ тілінің деңгейін жоғарлату маңызды, әсіресе қалалық жерлерде, өйткені ауылдық жерлерде қай уақытта болмасын қазақ тілінің деңгейі басым болған» деп өз көзқарасын білдірген.

Президентіміз Н.Назарбаевтің биылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 миллион немесе 41% болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 миллионға артты.

Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады.

Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады» дей келе, «Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін.

Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары» дегенді айтты [6].

Осы жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бүгінгі таңда ағылшын тілін пайдалану қажеттілігі туып отырғандығы, онсыз халықаралық қарым-қатынас, жаңа технологияларды меңгеру мүмкін еместігіне көз жеткіздік.

Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы зор.

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алуы үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Көптілділік адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Адамның көп тіл білген сайын соғұрлым мүмкіндіктері арта түсетіндігіне, әлем кеңістігіне жол ашатындығына, ғаламтор, ақпараттық технология саласын жетік меңгеретіндігіне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. VNews.kz «www.bnews.kz» сайты.
2. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – 2007. – № 7 (896). - 1, 7-10 Б
3. Уәлиұлы Н. Орыс тілінің тұрманы түгел // Ана тілі.- № 9. – 28 ақпан, 2008. –4-б.
4. Қасым Б. Мемлекеттік тілді кәсіби мамандыққа бағыттап оқытудың өзекті мәселелері // «Мемлекеттік тілді жетілдірудің өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары (22-23 сәуір 2004 ж). – Абай ат.ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы№4(10). – 7-9 б.
5. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы//«Егемен Қазақстан» – 15 желтоқсан, 2012.
6. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. "Сөздік-Словарь", 2005.

ҚАЗАҚ ПЕН ТҮРІК МӘДЕНИЕТІНЕ ОРТАҚ АБАЙ МҰРАСЫ

А. К. Ажуова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушы, магистр

Г.С. Ешимова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4курс студенті
Баишев университеті

Түйіндеме: Бұл мақалада қазақ пен түрік мәдениетіне ортақ Абай мұрасы, Қожа Ахмет Яссауи, Юсуб Хас Хасиб, Эдиб Ахмет Жүкнеки шығармаларымен сусындап, Абайдың ойын оятып, оны адалдық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулығандығы, Абай шығармашылығының түрік әдебиетімен байланысы туралы баяндалады. Абай – ғасырлар бойына тарихтың ауыр сындарынан өткен бүкіл түркі әлемінің тіпті бүкіл адамзаттың ортақ мұрасы. Осы себепті Абай – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түріктердің ақыны әрі ойшылы.

Тірек сөздер: Абай, ақын, түрік, шығыс, поэзия.

THE COMMON HERITAGE OF ABAI FOR THE KAZAKH AND TURKISH CULTURE

Abstract: This article tells about the heritage of Abay, common to Kazakh and Turkish culture, about the works of Khoja Ahmed Yassau, Yusub Khas Hasib, Edib Ahmet Zhukneki, about the awakening of Abay's thoughts, about introducing him to honesty and goodness, morality and goodness, the desire for beauty and tenderness, about the connection of Abay's creativity with Turkish literature. Abay is the common heritage of the entire Turkic world and all mankind, which has been heavily criticized by history for centuries. For this reason, Abay is a poet and thinker not only of the Kazakh people, but also of the entire Turkic people.

Key words: Key words: Abay, is a poet, Turkish, Eastern, poetry.

Абай Құнанбайұлы – заманауи қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде қазақ мәдениеті мен түрік мәдениетіне ортақ тұлға. Абай поэзиясы- қазақ даласының

табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп сезіледі. Ақын шығармалары осы күнгі бай, ұлттық әдебиетіміздің алтын дінгегін қадады. Ол қазақ тіліне, жалпы руханиятына, сондай-ақ бүкіл түркі әлемінің әдебиеті мен мәдениетіне жаңашылдық пен байлық әкелді, қаламның күшімен әлемді таңғалдырды. Өлеңдерінде де, қара сөздерінде де қазақ мәдениеті мен түрік мәдениетін әр қырынан танытты.

Абайды мұндай кемеңгер жолға түсуінің ең бірінші сатысы – тәрбиелі отбасынан шығып, дәстүрлі мектепте білім алуы. Жетістігінің басты кілті-ізденімпаздығы мен талмай еңбектенуі. Қазақ әдебиетінің ойшылы Шығыс және Батыс классиктерімен жете таныс болған. Шығыс ақындары Науаи, Хафиз, Низами, Фузули шығармаларынан нәр алып, орыс әдебиетінің алдыңғы қатарлы тұлғаларының еңбектерін оқып, сол арқылы батыс әдебиетін түсініп, оны еліне жеткізген ұлы тұлға. Абай араб және парсы әдебиетімен де жақсы таныс. Осман әдебиетін де біледі. Ұлтының құндылықтарын бейнелей отырып, оларды әлемнің басқа мәдениеттермен, құндылықтарымен салыстыруды мақсат еткен. Абайдың ақылы, кеңес беруі тек қазақ халқы үшін ғана емес, ол бүкіл түрік әлеміне жол көрсететін тұлға деп айтуға болады. «Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады» -дейді Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев. Яғни, ұлы ойшылдың сөздері мен мұрасы, одан қалған «аталар сөзінің» түркі мәдениетімен үйлестіре отырып, ұлт болып бірлесуімізге, дамуымызға жол ашады.

Шығыс ақындары жаңа ғана өнер жолына түскен Абайға даналық пікірлерімен, терең ойларымен, нәзік сырларымен қатты әсер еткен еді. Шәкірт Абай кезінде Рудаки, Омар һайам, Хафиз, Сағди ғазалдарын құмарта оқыды. Бұлар бала Абайдың ойын оятып, оны адалдық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулыды. Абай дамытқан нәзира дәстүрінің белгілері туралы айтқанда ең алдымен, «Ескендір» поэмасы ойға оралады. Бұл сюжетті Абай өзінше жырлап, жаңаша философиялық түйін жасады. Абай жасаған Ескендір бейнесі Фирдоси, Низами, Әмір Хосрау, Жәми, Науаи, т.б. жырлаған Ескендірге мүлдем ұқсамайды. Шығыс классиктері Ескендірді барынша мадақтап, оны халықтың қамқоршысы етіп көрсеткен, Абай оны талай елді зар жылатып басып алған тонаушы ретінде бейнелейді. Ескендір бейнесі Шығыс әдебиетінде мейлінше ең көп тараған болатын. Бірақ оның бәрі тарихтағы шын Ескендірдің бейнесі емес, халықтың «әділ патшасы» жөніндегі арманынан, қаламгердің қиялынан туған Ескендірдің бейнесі еді. Абай ақын ретінде әбден қалыптасып, реалистік дәрежеге көтерілген шағында да Шығыс поэзиясынан қол үзген жоқ. Мәселен, Абайдың «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдерінен Шығыс поэзиясына тән жанға жағымды, көңілге қонымды майда леп есіп тұрғанын аңғаруға болады. Ұлы ақын дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың Шығыстық әдісі нәзирагөйлікті жан-жақты меңгерген, оны қазақ топырағына лайықты етіп белгілі дәрежеде дамыта түскен мәңгілік өнер иесі ретінде дәріптеледі. Абай Құнанбайұлының дәстүрлі тақырыптарды, сюжеттерді, образдарды, көріктеу құралдарын бетке ұстай отырып, мазмұны мен формасы жағынан, идеясы мен сюжеті тұрғысынан мүлдем жаңа шығармалар жазуы суреткер ретінде даралығын танытып, мұхит тектес сарқылмас мұра иесі екендігін танытады [1: 35].

Абайдың алғашқы өлеңдерінің аруз өлшемінде жазылуы, аруз түрлерінің араб, парсы, түріктік болып жіктеліп, түрік поэзиясында көбіне парсы арузының ықпалы мол болғандығы жөнінде пікірлер айтылып жүр. Шығыстық өлең өрнектері мен таза түркілік төлтума түрлер, Аристотельдің кәсіби өлең түрлерін жіктейтін «Поэтика» еңбегіндегі теориялық тұжырымдарды жетілдірген Әл-Фарабидің өлең теориясы туралы зерттеуі, Ә.Науаи, З.Бабыр сынды алыптардың түркілік өлең өнері туралы жазған еңбектері мен Науаи поэзиясы арнайы зерттеулерді қажет етеді. Орта

ғасырлардағы түркі поэзиясы мазмұн және түр жағынан парсылық әдебиеттің көшірмесі деген де пікірлер айтылғаны жасырын емес. Сондай пікірлердің біріне зерттеуші Е.Э.Бертельс былай дейді: «Зависимость турецкой литературы от литературы персидской - общеизвестный факт, неоднократно отмечавшийся как восточными, так и западными филологами. Исходя из этого факта, некоторые из западных туркологов пришли к выводу, что литература входящих в круг культуры ислама турецких народов представляет нечто неполноценное. Ее характеризовали как подражание классическим творениям персидских авторов, стремились отнять у нее всякого права на оригинальность и тем самым значительно задержало нормальный ход ее изучения. Такая точка зрения едва ли может быть признана правильной. Она явилась плодом недоразумения, притом весьма понятного, поскольку востоковеды, подходя к восточной литературе, прилагали к ней мерку, принятую при оценке литературных произведений Запада». Осылай батыс шығыстануы мен түркологиясының методологиясы біржақтылыққа ұрынды, поэзияға қойылатын батыстық талаптың түркілік поэзиямен қабыса бермейтін төлтума ерекшелігі ескерілмеді. Ал Абай поэзиясы мазмұн мен түр жағынан да батыстық модельден өзгеше поэзия. Абай поэзиясынан халық ауыз үлгілеріндегі қара өлең, мақал, шешендік сөз, нақыл, жыр, термемен қатар, Орхон-Енисей жазбаларындағы жыр үлгісін де, түркі классикалық поэзиясын түрін де, жыраулардың толғау жанрын да, дидактикалық сарынды да, шығыстық өлшемдерді де, орыстық, батыстық өлең үлгілерін бойыңа сіңіріп, қорытып, жаңа дүние, кәсіби түрдегі классикалық үлгідегі туындаған қазақ өлеңін көре аласыз. Халық ауыз әдебиетіндегі поэзия үлгілерін не тасқа қашалған жазбалардағы өлең түрлерін пайдаланғанда, Абай, әрине, тікелей пайдаланған жоқ. Халықтық және көне түркілік поэзия Абайға дейін де қаншама ақындардың шығармашылығымен трансформацияға түскен [2: 21].

Абай шығармашылығының түрік әдеби әлемімен байланысы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң ғана жандана бастады. Абай ғасырлар бойына тарихтың ауыр сындарынан өткен бүкіл түркі әлемінің тіпті бүкіл адамзаттың ортақ мұрасы. Осы себепті Абай тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түріктердің ақыны әрі ойшылы. Қожа Ахмет Яссауи, Юсуб Хас Хасиб, Эдиб Ахмет Жүкнеки, Мевлана, Юнус Эмре, Хаджи Бекташ – Вели барлық түріктердің құндылығы сияқты, Абайда барлық түріктер мен түркі әлемін біріктіретін ортақ құндылығымыз. Оның қазақ халқына деген үндеуі бүкіл түркі халықтарына жасалған үндеуі.

Абай мәдениет пен өркениеттің тасымалдаушысы. Абай өз шығармаларында түріктердің ортақ құндылықтарын ортақ мұраларын сәтті көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге рулық-таймалық бақталастықты сынап түркі халықтарын бірлікке шақырды. Оның өсиетіндегі бұл өміршең ойлар болашақта түрік халықтарының бірлігін сақтауда маңызды роль атқарады.

Бір ғасырдың айнасы – Абай Құнанбаев және Қара сөздер» атты кітабын ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына тарту түрік ақыны сыйға тартты. Кітапта Абай Құнанбаевтың өмірбаяны, шығармалары мен ұлы ойшылдың қазақ мәдениетіне қосқан үлесі жазылған. Сондай-ақ қара сөздердің түрік тіліндегі аудармасы мен тұпнұсқасы бар. Абай – тек қазақ әдебиеті ғана емес, түркі әдебиетіне де елеулі үлес қосқан тұлға. Осы себепті оның шығармаларын түркі халқы терең зерттеп, жақыннан тануы тиіс.

Шығыстық өлең өрнектері мен таза түркілік төлтума түрлер, Аристотельдің кәсіби өлең түрлерін жіктейтін «Поэтика» еңбегіндегі теориялық тұжырымдарды жетілдірген Әл-Фарабидің өлең теориясы туралы зерттеуі, Ә.Науаи, З.Бабыр сынды алыптардың түркілік өлең өнері туралы жазған еңбектері мен Науаи поэзиясы арнайы зерттеулерді қажет етеді. Орта ғасырлардағы түркі поэзиясы мазмұн және түр жағынан парсылық әдебиеттің көшірмесі деген де пікірлер айтылғаны жасырын емес. Сондай

пікірлердің біріне зерттеуші Е.Э.Бертельс былай дейді: «Зависимость турецкой литературы от литературы персидской - общеизвестный факт, неоднократно отмечавшийся как восточными, так и западными филологами.

Халықтық және көне түркілік поэзияны Абайға дейінгі түркілік дара поэзияда өрбіту – сопылық поэзиямен, оның ішінде Ахмет Ясауидің поэзиясымен байланыстырылады. Түрік халықтарында дербес тұлғалық поэзияны, оның ішінде субъектизмге әдіптелген лирикалық элементтерді дамытқан Ясауи хикметтері болса, хикмет жанрының кешегі халықтық және көне түркілік, араб-парсылық поэзияны бойына сіңіргендігін ғалым А.Әбдірәсілқызы терең талдайды. Абайдың өлең өрнегі таза араб-парсылық өлшемдер арқылы емес, ол өрнектерді түркілендірген А.Ясауи, Ә.Науаи дәстүрлері, яғни түркілік дәстүр арқылы қалыптасқандығын меңзесе керек. Араб-парсылық өлшемдер: аруз, ғазал, мәт уәзіні, бәйіт, рубай, қасида, рамал, мәснәуи, мураббағ, тәрбиғ, т.б. үлгілері түркілік өрнекке лайықтанып, түрік халықтарының дыбысталу заңдылықтарына сәйкестендіріліп, ыңғайланып жаңа түрге ұласқандығы, трансформацияландырылғаны классикалық түркілік поэзия өкілдері шығармашылығы арқылы іске асты. Тіпті зерттеуші А.Әбдірәсілқызы «мураббағ» өлең өрнегін парсы поэтикалық терминімен аталғанымен, заты түркілік өлең өлшемі дей келе, орта ғасырларда түркі поэтикалық өнерінде кең тараған – кошма, шарқы, хикмет, көг түрлерін тілге тиек етеді. Ғалым М.Мырзахметұлы «а-а-а-б» ұйқасын түркі ғаруз уәзіні деп атап, М.Қашқаридің еңбегіндегі Алып Ер Тоңаны жоқтау өлеңімен салыстырса, зерттеуші Қ.Өмірәлиев түркілік «а-а-а-б» ұйқасын «көг» ұйқасы деп атағандығы белгілі [3:182].

Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің бастамасымен Абай Құнанбаев пен Мұқағали Мақатаевтың шығармалары түрік тіліне аударылып, қазақ және түрік тілінде кітап болып басылып шықты. Бірінші томы Абайдың қара сөздері, екінші томы өлеңдері, ал үшінші томы Мұқағали өлеңдері.

Әлемдік әдебиетпен бой таластырған осы сияқты алуан-асыр амалдарды Абай туған әдебиетінің бойындағы бар негізден өрбітті. Тым дәстүршіл Абай жаңалығы енді өзінше дәстүр тарататын кемелділікке көтерілді», - деген ғалым Б.Кәрібаеваның пікірі Абай поэзиясының дәстүршілдік шеңберінде қалыптасып, дами отырып, әлемдік биік деңгейге жеткендігін, ұлы ақындарға тән шеберлік мектебі қалыптасқандығын, кестелі сөз өнерінің заңғар биігіне көтеріліп, өзіне дейін қалыптасуы кемеліне келе қоймаған жанрларды шарықтау шегіне дейін жеткізгендігін дөп басып айғақтап отыр. Қазақ деп дербес халық атанған ұлттың жазба поэзиясын құнарлы тамырындағы дәстүрлермен жетілдіре отырып, қазақтық, ұлттық төлтумалықпен дамытқан, гуманизмі мен философиясы жөнінен де, тіл бейнелілігі мен өлең өрнектері жөнінен де классикалық деңгейге жеткерген Абай поэзиясының даму жолында түркілік кезең елеулі орын алатындығы анық. Абай шығармашылығының түркілік өлең өрнегі арнайы зерттеуді сұранып тұрған тақырып.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. 35 б.
2. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. 21 б.
3. Сейтжанов Қ. Алтын Орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және қазақ әдебиетімен дәстүр сабақтастығы. – Алматы: канд.диссерт. қолжазбасы, 2004. 183б.

АБАЙ МҰРАСЫ – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ БІР БӨЛІГІ

А.К. Ажуова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушы, магистр

З.Н. Ғалымжанова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті
Байшев университеті, Қазақстан Республикасы

Түйіндеме: Абай мұрасы әлем мәдениеті қазынасының ажырамас бір бөлігіне айналғандығы, және оның есімі қазіргі заманның ұлы ақындарының қатарында тұрғандығы айтылады. Түркі тілінен аударылған Абай туындыларына тоқталған.

Тірек сөздер: Абай, түркі мәдениеті, аудармалар, әдебиеттанушы, түркілік поэзия.

ABAY'S HERITAGE IS PART OF THE TURKIC CULTURE

Abstract: It is noted that Abay's legacy has become an integral part of the Treasury of world culture, and his name is among the great poets of our time. In translation from the Turkic language, he focused on the works of Abay.

Key words: Abay, Turkic culture, translations, literary critic, Turkic poetry.

Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі. Узбек ғалымы Абдулла Рустамов Абайды «адам жанының емшісі» деп атаған болатын. Ол пайымдағандай, Абай шығармалары ғасырлар сүзбесінен өткеннен кейін де өзінің өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ. «Өлең жолдарынан көптеген сұрақтарға жауаптар табуға болады, жаралы жүректі емдеуге болады, жаңа арманға беріліп, қиял жетегінде кетуге болады, жай ғана – оның тақуа сөздерінен жаңылып қалуға болады. Ақын өлеңдері – бұл жаралы жүректер қуанышы, бұл әлсіздер үшін күш, бұл түңілгендер үшін тірек пен қолдау». А.Рустамов Абай поэзиясын «өз бастауын биік те қуатты таудан алатын» ұлы сарқырамамен салыстырады, ал «адамдардың көңіл күйі үшін оның өлең жолдары өмірді жасартатын сиқырлы сусын ретінде қызмет етеді» [1:125].

Абай қазақтардың ғана емес, барлық түркі халықтарының да рухани әкесі. Абай – біздің ортақ игілігіміз, – деп нық айтқан еді Түркияның белгілі мемлекет қайраткері Намык Кемал Зейбек. Абай адамзатқа қажет! Біз Қожа Ахмет Ясауиді, Абайды, өткен ғасырлардың басқа дана адамдарын өз әкелеріміздей біліп құрметтеуіміз керек.

Абай шығармашылығы Еуропа мен АҚШ-қа да белгілі. Қазақ ақын-жазушыларының үлкен досы Леонард Кошут қаламынан Абайдың 20 өлеңі алғаш рет неміс тіліне аударылып шыққан еді. Осы аудармашы Берлиннен «өзіндік, қайталанбас, терең мағына мен маңызға толы Абай сөздерінің інжілдік-шығармашылық қуаты» өзін таңғалдырғаны туралы жазады. «Оның поэтикасы сіресіп қалған дәстүрлерді өлең құрылысына, бейнелілігіне, дауыс ырғағына дейін бұзады, аудармашы ақын алдына күрделі мәселелер қояды...» деп таңданады ол. Абай өлеңдері авторды түрлі көңіл күйде – батыл, мазасыз, ойлы, қайғылы, жалғыз етіп көрсетеді. Мұның бәрі бізге, ХХІ ғасыр оқырмандарына арналған.

Абай үнінің ғажайып күші туралы айтудан Францияда Мадлен және Альберт Фишлер еш тынған емес. Ақын, философ, ойшыл пікірінше «халықтар арасындағы қарым-қатынастар өзара баю, ұғынысу және құрметтеу негізінде қалыптасуы тиіс... Иә, Абай сөзін бізге арнайды. Абай біздің рақат күйде ұмытылып қалуымызға жол бермейді. Абайдың «Ескендір» поэмасындағы: «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!» деген сөздеріндегі философиялық ой-толғаныстарда өсиет пен ғибрат үнемі байқалады.

Ресей әдебиеттануы Абай шығармашылығына ерекше қызығушылық танытады. Шығыстанушы, түркітанушы-ғалым Владимир Гордлевскийдің 1914 жылы шығыстанушы, академик Николай Веселовскийдің 70 жылдығына арналған «Шығыс жинағына» Абай мен Міржақып Дулатов шығармаларын енгізгендігі белгілі жайт. Әдеби байланыстардың осы даңқты дәстүрлерінің жалғасындай РҒА М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институты РФ және ТМД халықтары әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Қазбек Сұлтанов «Абай Құнанбаев шығармашылығын қазіргі зерттеу тұрғысында оның қазақтар үшін маңызы орыс әдебиетіндегі Пушкин рөлімен салыстыруға келеді», - деп жазады.

Жазушы, әдебиеттанушы, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымының докторы Николай Анастасьев Абай туралы «Абай. Ұшудың ауырлығы» атты «Тамаша адамдар өмірі» сериясы бойынша шыққан кітабын (Мәскеу, 2008) Абай өмірі мен шығармашылығына арнады. Ғалым өз еңбегінде Абай «жас күнінен жыр ортасында өсті, ол ырғақ пен дыбыстың баласы еді. Бұл туралы Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясында тамаша суреттеген. Баяндау сөзі үнемі өзгеріске ұшырайды, бірде бірқалыпты жылжып, енді бірде арғымақтың жүрдек жылдамдығын алады. Абай поэзиясының ырғақты кейпі де осындай – бірде одан керуеннің қалыпты қозғалысы байқалады, бірде алыстан дала тынысын бұзған құмның, жер қыртысының үнсіз қимылы, енді бірде аң аулайтын құс самғауы, тағы бірде ат тұяқтарының тықылы естіледі», - деп тамсана жазды.

Абай шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, оның ақындық талантына шет елдердің ақындары мен жазушылары, әдебиет сыншылары кеңінен үн қатты. Оның шығармашылығы туралы мақалалар, «Қара сөздеріне» арналған зерттеулер Корея мен Қытайдан, Үндістан мен Ираннан, Еуропа елдері мен АҚШ-қа дейінгі әлемнің көптеген мемлекеттерінде жарияланды. Бұл мақалалар мен зерттеулерде ұлы ақын шығармашылығының Батыс пен Шығыс елдерінде қабылдануы кеңінен қарастырылып, оның әлем әдебиетіндегі рөлі ашып көрсетілген [2: 26].

Поэзия - өте күрделі құбылыс. Поэзиялық шығарманың жанры мен түрі де бір күнде туып, даралана салатын осал дүние емес. Іріп-шіріп бара жатқан қазақ қоғамының тіршілігімен бетпе-бет келген Абайдың халқын түзету жолында поэзияға жүгінуі де өз алдына терең толғауды қажет ететін жәйт. Ал осы сара жолда оның қазақ поэзиясының жанры мен түріне жасаған жаңалықтары мен жетістіктері әлі де болса көп зерттеуді қажет ететін нысана. Халықтық, түркілік поэзия жанрлары мен түрлерінің Абайдың поэтикалық әлемінде қолданылуы, жаңа сипат, жаңа мазмұн, жаңа түр алуы сынды тақырыптың айтары әлі алда болса керек. Абайдың алғашқы өлеңдерінің аруз өлшемінде жазылуы, аруз түрлерінің араб, парсы, түріктік болып жіктеліп, түрік поэзиясында көбіне парсы арузының ықпалы мол болғандығы жөнінде пікірлер айтылып жүр.

«Исходя из этого факта, некоторые из западных туркологов пришли к выводу, что литература входящих в круг культуры ислама турецких народов представляет нечто неполноценное. Ее характеризовали как подражание классическим творениям персидских авторов, стремились отнять у нее всякого права на оригинальность и тем самым значительно задержало нормальный ход ее изучения. Такая точка зрения едва ли может быть признана правильной. Она явилась плодом недоразумения, притом весьма понятного, поскольку востоковеды, подходя к восточной литературе, прилагали к ней мерку, принятую при оценке литературных произведений Запада». Осылай батыс шығыстануы мен түркологиясының методологиясы біржақтылыққа ұрынды, поэзияға қойылатын батыстық талаптың түркілік поэзиямен қабыса бермейтін төлума ерекшелігі ескерілмеді. Ал Абай поэзиясы мазмұн мен түр жағынан да батыстық

модельден өзгеше поэзия. Абай поэзиясынан халық ауыз үлгілеріндегі қара өлең, мақал, шешендік сөз, нақыл, жыр, термемен қатар, Орхон-Енисей жазбаларындағы жыр үлгісін де, түркі классикалық поэзиясын түрін де, жыраулардың толғау жанрын да, дидактикалық сарынды да, шығыстық өлшемдерді де, орыстық, батыстық өлең үлгілерін бойыңа сіңіріп, қорытып, жаңа дүние, кәсіби түрдегі классикалық үлгідегі туындаған қазақ өлеңін көре аласыз. Халық ауыз әдебиетіндегі поэзия үлгілерін не тасқа қашалған жазбалардағы өлең түрлерін пайдаланғанда, Абай, әрине, тікелей пайдаланған жоқ. Халықтық және көне түркілік поэзия Абайға дейін де қаншама ақындардың шығармашылығымен трансформацияға түскен.

Халықтық және көне түркілік поэзияны Абайға дейінгі түркілік дара поэзияда өрбіту - сопылық поэзиямен, оның ішінде Ахмет Ясауидің поэзиясымен байланыстырылады. Түрік халықтарында дербес тұлғалық поэзияны, оның ішінде субъективтізмге әдіптелген лирикалық элементтерді дамытқан Ясауи хикметтері болса, хикмет жанрының кешегі халықтық және көне түркілік, араб-парсылық поэзияны бойына сіңіргендігін ғалым А.Әбдірәсілқызы терең талдайды [3: 20].

«Абай қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық байлығын молынан пайдалана біліп, өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты. Ол жаңа өлшем, ұйқас түрлерін орнықтыруда қандай асқан өнерпаздық көрсетсе, бұрыннан белгілі, көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде қырғап-өңдеп, түрлендіріп қолдану жағынан да соншалық зор өнегелі іс атқарды», - деп белгілі өлеңтанушы З.Ахметов Абай өлеңдері өрнегінің тамырына көз жіберуді меңзеп, поэзиядағы негізгі институттар сабақтастық, дәстүр жалғастығы, трансформация, эволюция деген өлшемдерге көңіл аударуды қалайды. Ал өз кезегінде Абай поэзиясы өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің тарихындағы дәуірлердің, кезеңдердің заңды жалғасы, мәуелі жемісі. Зерттеуші А.Әбдірәсілқызы Абайдың алғашқы кезеңдерде жазған өлеңдерін (1855-1882 жылдар аралығындағы) үш түрлі ұйқасқа бөліп қарастырады: «*аааб* («Шығыс ақындарынша», «Фзули, Шамси, Сайхали»), *аб вб гб дб* («Абралыға», «Сап, сап көңілім»), *аа ба ва га* («Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», т.б.). Аталған барлық ұйқас түрлері Ясауи хикметтерінде де кездеседі. *Аааб* ұйқасы Абайдасегіз буынды өлеңдерде қолданылса, Ясауиде он екі және таза он төрт буынды хикметтерде кездеседі. *аб вб гб дб* ұйқасы Абайда жеті буынды, Ясауиде он төрт буынды (7+7) тармақтарға тән. *аа ба ва га* ұйқасымен Абай да, Ясауиде де он бір буынды өлеңдер жазылған. Аталмыш кезеңдегі Абай өлеңдерін көне түркілік қалыптарды тұрақты сақтау тән екендігін аңғаруға болады. Ал 1881 жылдан кейінгі ақын өлеңдерінде ұйқас пен өлшем арақатынасы барынша түрленген». Абай поэзиясын, лирикасын теориялық тұрғыда зерттеген кезде біздің ескермей жүрген бір кемшілігіміз бар. Ол кемшілік Абай өлеңдерін тұтас, жалпылай алып қарастыру болып табылады. Абай ақын ретінде классик болып бірден сап етіп астаннан түсе қалған жоқ. Ол сатылап даму, өсу, іздену, еңбектену арқылы, яғни эволюциялық даму арқылы сол биікке жетті. Ал біз бірден Абайдың шыққан биігі межесінен қараймыз. Өнердің, поэзияның заңдылығына сүйенер болсақ, сөз өнерінің шыңына жету - таукіметті жұмыстың ғана нәтижесі. Абайдың ақындық шеберлігінің өсу жолдары мен оның өлең өрнегіндегі ізденістері, тәжірибелері қатар дамып, қатар өрбіп отыруы да заңдылық. Сондықтан Абайдың поэтикалық әлемін зерттеушілер ақынның әрбір өлеңінің тууы мен оның өрнегінің ерекшелігіне, неліктен бұл таңдалды, ол түрге келу жолдары зерттелуі қажет. Сонда ғана ақын шығармашылығы жөніде тұтас картина ала аламыз, өйтпесек, бірізділікке құрылмаған, үзіліп-жұлынып алынған, стихиялы зерттеу әдістерінен ұзай алмаймыз.

Абайдың түркілік өлең өрнегімен қатысы сөз болғанда, мәселеге кешенді келу дұрыс болмақ. Ақын-жыраулар поэзиясы түркілік классикалық поэзиядан бастау

алғанын, ал түркілік классикалық поэзия - «көне түркі өлең дәстүрі мен араб-парсы поэтикасының тоғысып, тұтастануынан туған көне әдебиетіміздің тарихындағы аса күрделі көркемдік-эстетикалық құбылыс» екендігін ескерсек, ғасырларға созылған поэтикалық жүйені жалғастырып, дамытушы Абай болса, одан соңғы қазақ ақындары да сол дәстүрді жалғастырушылар болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, поэзия өте дәстүршіл деп айтсақ болады [3: 21].

Тәуелсіздік жылдары Абайдың ақындық дауысы ағылшын, белорус, болгар, корей, моңғол, неміс, поляк, түрік, француз, парсы, урду тілдерінде сөйледі. Жаңа аудармалар қазақ ақынының жарқын да қайталанбас жыр әлемін ашып берді. Абай әлемді бағындыруда. Оның өлеңдері корей тіліне Абайдың 100 туындысын аударған Ким Бён Хак үшін «жүйрік аттың шабысын бейнелейді, өмірлік күш-қуатқа толы. Оның арғымақтары гүлге толы даламен желіп келе жатқандай әсер беріп, қоршаған ортаны таңғалдырады. Мифтік тұлпарларға айналған бұл арғымақтар даланың үстінен бірде шапшаң ұшса, бірде Қазақстанның ашық аспанында байсалды қалықтайды».

Абай, ең бірінші – қазақ халқының жаны, ал оның «қара сөздері» әлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналды. Абай үні ғасырлар өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес. «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді», деген Абай үні (Отыз тоғызыншы сөз) ғасырдан артық уақыт өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтпай, тереңдігімен таңғалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995 [125 б.]
2. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994 [26 б.]
3. Егемен Қазақстан //Түркілік өлең өрнегі және Абай поэзиясы /
4. Н. Кенжеғараев, 2011 [20-21б.]

ШЫҒЫСТАҒЫ ЖАН ТАҢУ ІЛІМІ ЖӘНЕ ӘЛ-ФАРАБИ

Сұлтанова Б.М., ф.ғ.к., қауым. проф.

Сұлтанова Г.М.

Түркістан обл., Шардара ауд., М.Горький ат. ЖОМ.

Қазақ даласында осыдан он екі ғасыр бұрын «Әлемнің екінші ұстазы» атанған, әлем ғалымдары мойындаған ұлы ойшыл әл-Фараби дүниеге келді. Ғұламаның туған жері - қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар ауданы.

Ұлы ғұлама әл-Фараби адамзаттың ақыл-ойы тарихындағы білім мен даналықты игерген ерекше тұлға. Әл-Фараби – барлық ғылым салалары бойынша ең үздік білім иесі, энциклопедист ғалым ретінде даңқы шықты. Поэтика, әдебиет теориясы, жан туралы ілім, математика мен физика, философия мен логика, музыка мен грамматика әл-Фараби жетік білген және өлшеусіз биікке көтеріп дамытқан ғылым салалары. Сонымен қатар кейбір деректерде ұлы бабамызды «70-ке жуық тіл білген» – дейді. Қазіргі уақытта бізге 170-ке таяу еңбектері белгілі болып отыр. Орта ғасырда батыс пен шығысты түгел мойындатқан Әл-Фарабиге біздің дәуірімізден кім жақын, туралап айтар болсақ ілім-білімді игеруі, пайым-парасаты, қалдырған мұрасының салмақтылығы бойынша бабамызға тең түспесе де жуықтай алатын бірден бір ірі тұлға Абай екенін қазақ ғалымдары айтады. Әл-Фараби тануда зор еңбек еткен белгілі ғалым А.Машани «Егерде бізге осы XX ғасырда әл-Фарабиге ең жақын, рухани сабақтас

адам барма десе, алдымен ол Абай дер едік. Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру - біздің халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек, бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек» [1, 24 б.] - деген пікір айтады.

Абайдың шығыс мәдениеті, әдебиетіне қатысы, байланысы туралы терең зерттеу жүргізген белгілі ғалым М. Мырзахметұлы «ХІ ғасырдан бізге жеткен бірден-бір әдеби мұрамыз «Құдатғу білікпен» Абайдың таныстығы жайында нақты жазба дерек бар, ал әл-Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде әзірше нақты мәлімет қолда жоқ. Дегенмен әл-Фараби еңбектерін Абай білген деген пікірді ертеректе профессор Ғ.Сағди: «...философияға, даналыққа зор мән берген осы ғақылиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді», деп атап көрсеткен болатын.

Шындығында, әл-Фараби мен Абай дүниетанымындағы кейбір ой-пікірлер сабақтастығында салыстыра қарағанның өзінде-ақ белгі беріп, менмұндалап тұратын іліктестік баршылық» [2] – дейді де ғалым екі ғұлама арасындағы сабақтастық, рухани үндестік, пікір ортақтығы туралы пікірлеріне ақын шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, тұжырымдарын дәйектейді.

М. Мырзахметұлының Абай туралы зерттеулерінде әл-Фараби мен Абай шығармашылығындағы пікір сабақтастығын, ұды Абай шығармашылығына қуат берген, ақынның ыждахатпен ерекше назар аударған рухани мәселе, алдымен екі ұлы ойшыл айтатын «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен атасақ, оның «өзін танымақтық» туралы көзқарасына айрықша назар аудару қажет болады.

XXI ғасыр жаңа көзқарастардың, жаңа танымның, жаңа түсініктердің, жаңа дағдылардың ғасыры. Жаңа дәуірде ұлы бабамыз әл-Фарабидің әдеби мұрасын және дүниетанымын танып білу жолында жүргізілетін бүгінгі жұмыстарды жаңа көзқарастар тұрғысынан жүргізу уақыт талабы.

Қазіргі күні қазақ топырағында ұлттың өзін-өзі сақтауы идеясы / А.Шәріп/ ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда «жан қуаты» ілімін қалыптастырған әл-Фараби мұрасын зерттеу, зерделеу қазіргі қазақ қоғамы ғана үшін емес, адамзат қоғамы үшін аса маңызды.

«Жан қуаты» ілімін қазақ даласында әл-Фараби негіздеп, Қ.А.Яссауи одан әрі дамытса, ұлы ақын Абай шығармашылығында бұл толық байырқаланды деуге болады. Абайтанушы белгілі ғалым М.Мырзахметұлы дәл қазіргі уақытта «Абайдағы «толық адам» ілімінің бастау көздерін табу, оның тарихи жолдарын анықтау», қыр-сырын терең зерделеу аса қажет болып отырғанын айтады. Әрин оның бастау көзінде ұлы бабамыз әл-Фараби тұрғаны анық.

Әл-Фарабиден басталған, Абайда байырқаланған кемел адам, толық адам ілімі мен жантану ілімін тереңдете әрі жан-жақты қарастыру бүгінгі күні тек әдебиетшілер мен лингвистердің ғана міндеті емес, философиялық, этикалық, эстетикалық, саяси-әлеуметтік тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туып отыр. Толық адам ілімі тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түрік халықтарының келешекте қабылданар моральдық кодексінің іргетасына айналуы қажет. Сонымен қатар барлық әлем халықтарының кемел адам қалыптастыруында толық адам ілімі аса маңызды. Сондықтан да әл-Фараби негіздеп, Абай дамытқан «жан қуаты», толық адам ілімі қазіргі күнгі адамгершілік экологиясындағы бірден бір негізгі ілім болып табылады.

«Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтық» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі проблемаға айналып, о бастан-ақ қарама-қарсы көзқарастар өріс алды. Адамның «өзін танымақтық» жөніндегі ілімнің бастапқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған әл-Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Соңыра бұл жолды ғылым саңлақтары: Ибн-Сина, Ибн-

Бажа, Ә.Науаи, Ғұламаһи Дауани, Жүсіп Карабағилар жалғастырған» [2] – деген пікір қазіргі күні әл-Фарабитануда, Абайтану ғылымында негізгі бағдар болу керек.

Жалпы «жан қуаты» туралы аса күрделі ілімге қазақ топырағында арғы заманда әл-Фараби, соңғы дәуірде Абай ғана терең барлап барған тәрізді. Бұл ілімге еуропалық ғалымдардың өзі бара бермеген. Рационализмнің негізін қалаушы - француз философы, ғалым-математик, физик Рене Декарт көзге көрінетін, қолмен ұстайтын заттарды ғана зерттеу керек. Ал көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін, таным арқылы ғана танылатын дүниелерді зерттеудің керегі жоқ деп есептеді орта ғасырларда. Бұл пікір еуропа ғылымында негізгі ұстаным болды.

Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» деген еңбегінде жан туралы ілімі, яғни көзқарастары айтылған. «Ізгілікті (қайырымды) қала...» ғалымның мазмұны, мәні терең шығармаларының қатарына жатады. Кітап алғаш рет 1895 жылы Лейденде («Бирбил» баспасы) басылып шықты. Кітапты баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих Дитрици (Fridrich Dieterici) (1821-1903). «Ғалым бұл кітапты Британия музейінде сақтаулы тұрған 425/3 нөмірлі (жаңа каталог бойынша – №7518) қолжазба мен Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорындағы №120/3 нұсқа негізінде баспаға дайындаған» [3].

Бұл еңбекті түпнұсқадан қазақ тіліне аударушы **Айдынгүл Хаваның** жазуына қарағанда әл-Фарабидің әлем ойшылдарының ерекше назарында болып келе жатқан әйгілі «Ізгілікті (қайырымды) қала...» трактаты Әбу Усайбия арқылы жеткен жалғыз қолжазбасы 1961 жылы табылған. Трактаттың қолжазбасы туралы алғаш рет түрік ғалымы Ахмед Атеш (Ahmed Ateş) (1917-1966) «Фараби шығармаларының библиографиясы» («Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası») атты библиографиялық көрсеткішінде (1961) атап өтеді.

Трактаттың қолжазбасы Түркияның Ыстанбұл қаласындағы Сүлеймения кітапханасында жинаққа енген. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатына қойылған жаңа бөлімдерінің (фусул) қазіргі заманға сай ең алғашқы нұсқасын әзірлеген араб ғалымы Мұхсин Махди (1924-2007). Көне қолжазба толық өңдеуден өткеннен кейін 1968 жылы Ливанның Бейрут қаласында М.Махдидің басшылығымен тұңғыш рет басылып шыққандығын айтады аудармашы **А. Хава**.

Аудармашы әл-Фарабидің соңынан қосылған бөлімдерін қазақ тіліне аударғанда Трактат бөлімдерінің осы соңғы нұсқасы басшылыққа алынғандығын жазады.

Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын еңбектің төртінші бөлімінде қарастырады: «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллектіге) оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жүректі бәрінен жоғары санау, жүрек культін ұлы ақын Абай жеріне жеткізе дәйектегені ғылыми қауымға ғана емес, көпшілік оқырманға да белгілі. Жалпы, жан-қуаты жөніндегі танымға бұлай қарау мешаиюн (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс дейді ғалым М.Мырзахметұлы. Бұл туралы әл-Фараби мен Абайдағы ой сабақтастығын салыстыра қарасақ көптеген мысалдар табуға болады. Мысалы әл-Фараби: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» - дейді. Әл-Фараби жүрекке шешуші мән береді. Жүректі басты орынға қояды. Тура осындай ой Абайда да айтылады. Мысалы Абайдың 17 қара сөзінде:

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың

күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын - мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын - мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

-Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені - сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті. - Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен.

- Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті [4, 154 б.] .

Мәдениеттанушылардың пайымдауынша, адамзат тарихында мәдени типтік белгілері бойынша Батыста – рационалды ғылым, Шығыста – жантану өрістесе, қазақ сахарасында «толық адам болу» ілімі пайда болды. Оның пайда болуының түрлі себептері әл-Фарабитанушы, Абайтанушы ғалымдарға белгілі. Атап айтқанда қазақ халқының мінез құлқының бұзылуы – тікелей отаршылдықтан болып отырғанын Абай білді. Осы қасіреттің алдын алатын, ел-жұрттың мінез-құлқын бұзылудан аман алып қалатын жалғыз жол – «толық адам» ілімі деп түсінді Абай да Әл-Фараби тәрізді. Біздің ойымызша да бұл - адастырмас темір қазық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Машани А. Әл-Фараби көпірі. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2013 ж., -250 б.
2. Мырзахметұлы М. Абайдың Әл-Фарабиді тануы\\ <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1615>
3. Хаван А. әл-Фараби: Ізгілікті (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары, Егемен Қазақстан, 17.09.2020 ж.
4. Абай. - Алматы: Мектеп, 2003. - 248 б.
5. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. — Алматы: Санат, 2002. — 165-б.

АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК

А.М. Кенжеқожаева, Э.С. Муктарова
Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйіндеме: Мақалада Абай мен Мұқағали поэзиясының лирикалық үндестігі, дәстүр жалғастығының сипаты баяндалады. Зерттеуде Мұқағали жырларынан Абай лирикасына ұқсастық белгілері байқалатыны, екі ақын поэзиясындағы ерекше үйлесімділік, көркемдік пен үндестік аңғарылатыны зерделенеді. Қазақ әдебиетіндегі өзіндік өрнегі бар қос ақынның махаббат, табиғат, саяси, философиялық лирикаларында өзара мәнделес, идеялық жағынан ұқсас келетін жырлары салыстырылып талданады. Автор аталмыш мақалада талантты ақындардың кісілік қасиеттерді, сезім-эмоцияны, көңіл иірімдерін, ішкі жан дүние толғаныстарын, сонымен бірге адамзаттың қоршаған ортаға және табиғатқа деген қарым-қатынасы мен гармониялық үндесуін суреттеудегі классикалық шеберліктерін лирикалық туындылары арқылы дәлелдей алған. Сондықтан, махаббат, табиғат, саяси, философиялық лирикаларында өзара мәнделес, идеялық жағынан ұқсас келетін жырлары салыстырылып, сөз өрнектері талданады. Көркем сөз шеберлері адамға тән күллі қасиеттерді, сезімдер мен көңіл иірімдерін, ішкі жан дүние толғаныстарын, тіпті сыртқы қоршаған орта мен табиғаттағы бейнелеудегі шеберліктерін лирикалық жырлары арқылы дәлелдейді. Ұлы ақын жырларындағы көркемдікті өз поэзиясына арқау еткен Мұқағали Мақатаевтың ақындық дәстүр жалғастығын бүгінгі жыр оқырмандарына ұтымды жеткізуі мақаладағы негізгі нысан ретінде оқырман мотивациясын туғыза алған. Сонымен бірге аталмыш мақала Абай мен Мұқағали шығармашылығының үндесу сыры мен дәстүр жалғастығын зерттеуді қажет ететін өзекті мәселені қозғайтындығымен құнды саналады.

Тірек сөздер. Абай, Мұқағали, поэзия, лирика, дәстүр жалғастығы, үндестік.

SPIRITUAL HARMONY IN THE WORKS OF ABAY AND MUKAGALI

Abstract: The article describes the lyrical consonance of Abay and Mukagali poetry, the nature of the continuation of traditions. The study traces the similarities between Mukagali's poems and Abai's lyrics, and traces a special harmony, artistry, and consonance in the poetry of the two poets. Kazakh literature compares and analyzes the poems of two poets that have their expression in love, nature, political, philosophical lyrics, have mutual meaning, and ideological similarity. The author in this article was able to prove the skill of talented poets in depicting human qualities, feelings, emotions, emotions, emotional experiences, as well as the harmonious harmony and attitude of humanity to the environment and nature. Therefore, in love, natural, political, and philosophical lyrics, related, ideologically similar poems are compared, and word expressions are analyzed. Masters of the artistic word with their lyrical poems prove all the qualities, feelings and moods of a person, experiences of the inner world, and even their skill in reflecting the external environment and nature. Mukagali Makatayev's poetry, which celebrates the poetry of the great poet, was able to convey the poetic tradition to the readers of today's poem as the main object of reader motivation. At the same time, this article is an urgent problem that requires studying the mystery of dialogue and continuing the traditions of Abay and Mukagali's creativity.

Keywords. Abay, Mukagali, poetry, lyrics, continuity of traditions, consonance.

ДУХОВНАЯ ГАРМОНИЯ В ТВОРЧЕСТВЕ АБАЯ И МУКАГАЛИ

Аннотация: В статье рассказывается о лирическом созвучии поэзии Абая и Мукагали, характере продолжения традиций. В исследовании прослеживаются черты сходства стихов Мукагали с лирикой Абая, прослеживается особая гармония, художественность и созвучие в поэзии двух поэтов. В казахской литературе сравниваются и анализируются поэмы двух поэтов, имеющие свое выражение в любви, природе, политической, философской лирике, имеющие взаимное значение, идейное сходство. Автор в данной статье сумел доказать лирическими произведениями мастерство талантливых поэтов в изображении человеческих качеств, чувств, эмоций, эмоций, душевных переживаний, а также гармонического созвучия и отношения человечества к окружающей среде и природе. Поэтому в любовных, природных, политических, философских лириках сравниваются родственные, идейно сходные поэмы, анализируются выражения слов. Мастера художественного слова своими лирическими поэмами доказывают все качества, чувства и настроения человека, переживания внутреннего мира и даже свое мастерство в отражении внешней среды и природы. Поэзия Мукагали Макатаева, воспевающая поэзию великого поэта, смогла передать поэтическую традицию читателям сегодняшней поэмы как основной объект читательской мотивации. В то же время данная статья представляет собой актуальную проблему, требующую изучения тайны диалога и продолжения традиций творчества Абая и Мукагали.

Ключевые слова. Абай, Мукагали, поэзия, лирика, преемственность традиций, созвучие.

Кіріспе

Қазақ поэзиясында шығармаларының өзіндік сипатымен, стильдік ерекшелігімен, дара суретімен, ғажап үйлесімімен орын алатын қос тұлға – Абай және Мұқағали. Абай Құнанбайұлының поэзиясын және өлеңдеріндегі өзіндік дәстүрді бүгінгі күнге дейін Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен жалпы шығармашылығынан іздеп келгеніміз анық. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен Абай лирикасының жалғастығын, дәстүрлер үндестігін зерттеу- бүгінгі қазақ әдебиетінде зерттеле қоймаған өзекті мәселе. Абайдың ақындық талантының ашылып- дамуына жағымды әсер еткен халық ауыз әдебиетінің сарынын біз Мұқағали өлеңдерінен де байқаймыз. Ақын жырларының қайсыбірін оқып отырсақ та, ақынның ұлттық болмыс, ұлттық қадір-қасиет, ұлттық салт-дәстүрді ұлттық құндылықтың шырқау шыңына шығарып қоятынын байқаймыз. Нағыз ақын үшін ұлттық болмыстың бастау алар көзі – тіл. Ал ақын өлеңдеріндегі тілдік ерекшеліктер, айрықша бояу, өзгеше реңк қазақ халқына тән ұлттық рух пен мінез құлықтың көшірмесіндей, оған сіңіп қалғандай сипатта танылады. Көркем сөздің, поэзияның өзі бастауын ана тілден, таза, асыл, мінсіз сөзден алса, бұл айтылғандардың барлығы Абай поэзиясында да анық аңғарылады. Екі ғасырда өмір сүрген ақындардың өлең-өмірде көтерген тақырыптары да өзара ұқсас болып келеді. Мұқағали өлеңдерінде философияның, ғұламалар ойларының әуендері жиі ұшырасады. Ал осындай өмірлік философия ұлы Абайдың поэмаларында жиі кездеседі. Махаббат, саяси, табиғат лирикасы, ода жанры тұрғысынан алып қарасақ, қос ақын жырларында сыршылдық сарын, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын және қоғамдық құбылыс сипатын танытатын философиялық ой-тұжырымдардың берілуінен де ұқсастық байқауға болады. Екі ақынның стильдік қолтаңбасынан, өлеңдерінің құрылымдық жағы мен көркемдік тәсілдерді сәтті қолдануынан да өзара үйлескен ұқсастықты байқаймыз. Тіпті ұйқас, шумақтар арасындағы үйлесімділік жағынан ұқсастық аңғарылады.

Мұқағали философиясы өз арнасын Абай сынды ұлы бастаулардан алған. Осы ретте Т.Ахметжанның: «Мұқағали – үлкен философ ақын. Мұқағали философиясын

түсіну үшін Абай философиясын бойымызға сіңіре білуіміз керек», - деген сөзін есте ұстаған абзал[1: 102 б.].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңінде Абайдың ақындық дәстүрі мектебінен өтпеген, одан үлгі алмаған ақын-жазушы, көркемсөз шеберлері кемде-кем.

Сөз басында айтқандай, Абай – өлеңге ебі бар жастарды «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, өнеріне көңілі толғанын ақын етіп тәрбиелеп, сол талаппен ақындық мектеп қалыптастырған ұстаз. Абай жасаған керемет поэзия, тамаша өлең - картиналар – әлі көп замандарға қызмет етерлік, тәлім берерлік құрал, көркемдік үлгі.

Талдау

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі, Абай мектебі қалыптасты. Өткенімізге ой жүгіртсек, Абайдан үйренбеген, оны ұстаз санамаған ақын-жазушы жоқ екені анық.

XIX ғасыр ақыны Абай болса, Абайды ұстаз тұтқан Мұқағали XX ғасырда «Ғасыр ақыны» атағына ие болған. «Мен дағы өлең жазбаймын» деген өлеңінде ұлы Абайдың үлгісімен жазуды өзіне мақсат еткенін ашық айтады:

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,

Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

Абай болып табынсам бір кісіге,

Абай болып түңілем бір кісіден, – дейді.

Мұқағалидың қазақ лирикасының Абайдай алыбын үлгі тұтуы өте орынды. Ұлы Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік мектебі бар. Мұқағали осы мектептің бір түлегі ретінде оның Абайша ойлап, Абайша жыр бұлағын төгілдіруі, парасатты тұжырым жасауы заңды[2: 55 б.].

Абай өлеңнің «Бөтен сөзбен былғанбай, тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиюін қаласа, Мұқағали қазақтың қара өлеңін ой мен сезімге байытып, реалистік тұрғыда оның құдіреттілігін танытты. Мұқағалидың «Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, онда бір сұмдық бар естілмеген» деп, Абайша поэзия тереңіне бойлай түскісі келгенін байқаумен бірге, Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінің Мұқағалимен үндестігі барлығын таныдық. Әрқайсысы бір-бірінен бөлек екі кезеңде өмір сүрген ақындардың жүрегі бізге ортақ сыр шертіп тұрғандай сезімге бөлейді. Өзімен бірге қайғыртып, ой тұңғиығына сүңгітеді. Бұл ұлы адамдардың рухани үндестігін, жан дүниелерінің іштей бір-бірімен қабысып жатқандығын байқатады.

Ақын М.Мақатаев:

Жалғасы бар,

Жырымның жалғасы бар.

Жырларым, жылдарменен

Жалғасыңдар! – деп жырласа,

Ұлы Абай:

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деп, екеуінің арасындағы рухани үндестікті танытады.

Ал Мұқағали ақын Абай айтқан құнды тұжырымды негізге ала отырып, ойды былай жалғастырады: :

«Өлмеу үшін – құлқынды жемдеу үшін,

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,

Абай жаққан бір сәуле сәнбеу үшін».

Пейзажды, табиғаттың сұлу көрінісін танып-суреттеуде Абай:

«Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп» деп жырласа,,

Мұқағали: « Ұялып барады өтіп бұлақ болса,

Бұйығып үн қатпайды жылан ғана.

Баланың мандайынан сипалаған

Дірілдеп айдан тамған шуақ қана» деп, адам мен аспандағы айды байланыстыра суреттейді.

Абай: Адамдық міндетті тануда: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын»

десе, Мұқағали: «Хақым жоқ жаман болуға, жұрт мені, жақсыдан қалған көз дейді»

Ал рухани үндестікте ұлы Абай өз сөзін былай жалғастырады :

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» .

Бұл мәселеде Мұқағали жауабы да ұқсас :

«Жақтасаң да, өзің біл даттасаң да,

Соттасаң да, еркін бар, ақтасаң да.

Мен де жұмбақ адаммын оны да ойла,

Мыңмен жалғыз алысып жатпасам да» деген.

Имандылықты жырлауда Абай толғанысы былай өрнектеледі:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз еш уақытта жалған болмас,

Көп кітап келді Алладан оның төрті

Алланы танытуға сөзі арылмас.

Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер,

Жарлықпен ол сөздерге, сіз де оларға...»

Ал Мұқағали тұжырымы :

« Дін – ғылымның анасы,

Дін – ғылымның әкесі.

Ғылым да бар, дін де бар,

Қоқыс та бар, гүл де бар.

Адам ата өлмесін,

Қол қусырып Құдайға

Ғылым мен дін бірге бар» сипатында айтылып, адамзатқа өмір тілеп, ғылым мен діннен, алдағы күннен үміт күтіп, болашаққа жол сілтегені баяндалады.

Абайдың махаббат лирикасында қыз бейнесін көркем бейнелеу, әсерлі жеткізу орын алған. Біз үшін Абайдың ғашықтықтың, сезімнің бейнесін суреттеуі махаббат объектісін поэтикалық идеализациялаудың сопылық канондарына толық сәйкес келуі басты мәнге ие. Сонымен бірге Абай идеалды сұлудың абстрактілі бейнесін емес, ұлттық үлгіге сай келетін қазақ қызының портретін жасайтынына назар аударған жөн деп ойлаймыз.

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,

Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзді айнадайын,

Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,

Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?
Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей - ақ.
Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіне.

Бетінді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе [3: 125 б.]. Бұл нағыз қазақ тұлуының портреті мен түр-тұлғасын танытатын ұлттық бояуға толы көркем сурет деп есептейміз.

Ұлттық-поэтикалық және шығыс бейнесінің элементтерінің мұндай үйлесімі Абай шығармаларына өзіндік, қайталанбас рең береді. Ұлттық эстетика мен идеализация қағидаттарына үлкен бейімділікпен «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» поэмасында сұлу бейнесі жасалып, көркем бейненің элементтері, кейіпкер портретінің бейнесі сөз бояуы арқылы сәтті жасалған.

Абай жырларындағы осындай дәстүрді Мұқағали ақын да өз кезеңінде жалғастырды. «Дариға жүрек» атты поэмасындағы қыз бейнесін сипаттау тәсілі, көркемдік шеберлік әдістерін қолдануында Абай қолтаңбасы аңғарылады:

Жолбарыс бақай білегі,
Құлан жон жанның бірі еді.

...Қос уыс бұрым арқада,
Қос жылан болып жүреді.

Егіз шың тұрған кеудеде,
Еңістің жатыр сілемі.

Қос жанар бірден жалт етсе,

Жарқ ете шыққан күн еді, — деп, ару қызды өзгеше қазақы болмыспен суреттеуі ұлы Абайға еліктеуден туған өлең жолдары.

Қарасаздың ақиық ақыны Мұқағалидың көктем мезгілін суреттегенде Абайдың үлгісін қолданғаны аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсастығымен таңғалдырады. Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өзіндік суреткерлік шеберлігі анық байқалып тұрады. Әрине, қос ақынның тақырыптық идеясы ортақ, дегенмен бейнелеу, суреттеу әдістерінің екі түрлі екені көзге анық байқалады. Ақындықтың классикалық үлгісін таныта білген қос ақын көктемді өмір мен тіршіліктің басы деп философиялық тұжырымын танытумен қатар, жыл басы-көктемді бірі күйеу мен қалыңдыққа, екіншісі қыз бен жігітке теңеп, метафоралық қолданысты сәтті пайдалана білгенін байқаймыз.

Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңімен Мұқағалидың «Қырқада, ойда, бөктерде» деп басталатын өлеңдерінің шумақтармен салыстырып көрер болсақ, екі ақынның көктемгі табиғатты көркем образды сипаттамамен бере білген өзара үндестігіне куә боламыз.

Ақын Абай:

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,

Көбелек пен құстар да сайда ду – ду.

Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,

Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.

Жыршы құстар әуеде өлең айтып,

Қику салар көлдегі қаз бен қулар,- [3: 120-121 бб.], деп жырласа, Мұқағали:

Бұлақтың көзі ашылып,

Бұлдырап келді жылғаға.
Құнанның жалына асылып,
Қуанып, күліп тұр бала.
Жапанды естен тандырған,
Көктем бе, мынау – той ма бұл?!
Аймақтың бәрі жаңғырған,
Оркестр тартып қойлы ауыл.
Естілмей үні бар маңға,
Құстар да естен танған-ды.
Ұқсайды жаулап алғанға,
Жас төлдер мына жалғанды.
Жан – жақтың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл – [4: 10-11 бб.] деп суреттейді.

Қазақтың осындай екі мықты ақынының көктемді жырлауында малдың төлдеуі, әнші құстардың сайрауы, гүл мен ағаштың майысып гүлденгені, ой мен қырдың ерекше құлшыруы, жылғалардан сылдыр қаққан бұлақ суы – бәрі бір-бірімен толық үндесе отырып, табиғаттың тамаша сөз-картинасын көз алдымызға әкеледі. Зерделей түсер болсақ, көктем мезгілінің көрінісін Мұқағалидың Абайдың үлгісімен суреттегені көзге бірден аңғарылады. Абай мен Мұқағалидың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Қанша десек те, Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өз шеберлік, өз суреткерлігімен жырлағаны байқалады. Мұнда Абай мен Мұқағалидың тақырыптық идеясы бір екенін көреміз. Бірақ бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі.

Абайдың «Жазғытұрғы» деген өлеңі мен Мұқағалидың «Жайлауға барар жолда» деген өлең жолдарының ұқсастығын, жайлау суретінің бейнелеу тәсілдеріндегі үндестік жақтарын өлеңдерді салыстыра зерттеу барысында анық аңғарамыз.

Хан тәңірінің ақиығы Мұқағали өз өлеңінде :

Иір – қиыр сайларда,
Ирек – ирек із қалған.
Аққан бұлақ жайлаудан,
Атқылайды құз – жардан.
Самал сүңгіп шалғынға,
Қыр өртеніп, гүл жанған.
Кәрі таудың алдында,
Кәрі жартас сұрланған.
Ойдым – ойдым қырларда,
Орман шашын тараған.
Белде сағым ойнауда,
Лақтырып орамал.
Құлай жаздап құсадан,
Құз – жартастар шаққа тұр.
Таздың басына ұқсаған,
Шыңның басы тап – тақыр.
Айналаңның бәрі өлең,
Бәрі де гүл ашылған.
Тұнжырайды кәрі емен,

Жапырағы шашылған, - [4: 25 б.] деп, табиғаттың әсем картинасын ұсынған. Осы жолдарда жоғарыдағы Абай айтқан ұзарып өсіп толған көкорай шалғын мен бәйшешек, күркіреп жатқан өзенді тағы да көреміз, ақынның суреттеу шеберлігіне

еріксіз таңдй қағамыз. Ал Мұқағалидың ой дүниесімен, жүйрік қиялымен берілген ойдым – ойдым қырлар, жапырағын айқара жайған тал – қарағайлар, самал жел, таудың өткір шың-құзы- айнала төңірек жайлауда жүрген жаны сергек, сезімтал жанның көре алатын табиғат тамашалары екенін аңғаруға болады. Бір қызығы- Абайдың өлеңінен Мұқағалидағы табиғат көрінісін көре алмаймыз. Бұл арада екі ақынның өзіндік суреттеу шеберлігінің бөлектігін сезіп-білеміз. Абайдың пейзаждық лирикасында сөзсуреті ашық, жанды, бояуы қанық және алуан түрлі болып келеді. Ал Мұқағали ақынның табиғат лирикасын суреттеуде айналадағы әр құбылыс пен пейзаждық ерекшеліктерге мән беріп, олардың өзіндік келбет-бейнесіне сай жырлағаны байқалады. Мұқағалидың сезімтал жүрегімен суреттелген жаратылыс келбеті оның жүрдек ой-толғанысымен, көркем образды сөздерімен қабысып, гармониялық бірлікте сабақтаса берілгенін байқаймыз.

Оқып көрелікші:

Ас артынан, алдыға шұбат келді,

Біреу татып, біреулер сынап көрді.

«Қызылқұмның» қиылып қыз – келіні,

Шұбат емес, бір шара шуақ берді.

Ақбоз үйдің есігі айқара ашық,

Гулесуде жігіттер тайталасып, - деген өлең жолдары ұлы Абай айтқан жайлаудың төсінде, қазақ үйдің ішіндегі жарасымды жиынның көңілді сәттерін, сұлудың ұсынған шұбатын тамсана жұтқан әсерлі кезді көз алдыға әкеледі. Жаздың жанға жайлы сәттерін өте әсерлі етіп бере білгені байқалады.

Табиғат лирикасына жазылған Мұқағалидың өлеңдері көп. Ақын туып – өскен қазақтың табиғаты әсем жерлері-Шөлкөде, Айқайтас жайлауы мен Қарасаз- әр адамға шабыт беріп, көкірегіндегі өлең-өмірді оятатын тамаша жайлау, берекелі қоныс қой. Бұндай керемет табиғатты жырламау, оған сыршыл өлең арнамау күнә іспетті. Осындай керемет таңғажайып табиғат баурайында өскен Мұқағалидың сыршыл, жаны нәзік, рухы биік, сезімтал, талантты болмауы неғайбыл еді, себебі «тау баласы тауға қарап өседі».

Мұқағали поэзиясында табиғат пен адамның көңіл-күйі, сезім-толғанысы біртұтас түрде гармониялық бірлікте жырланады. Мұқағали адамдар тіршілігін табиғаттан бөліп алып жырламайды, табиғатпен бірге сабақтастыра сипаттайды.

Мұқағали лирикада жан дүниесін, сезім-толғанысын, ой-тұжырымын танытта білді. Оның лирикасы өз бояуымен, ерекше реңк түсініктерімен қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған көркем құбылыстың кірпішін қалап, өзіндік келбетін танытты. айналады. Оның әрбір жырынан ұлы Абайдың жыр жазу үлгісін байқай отырып, өз әлемін де жасап кеткенін сезіп-таныдық. Абай мен Мұқағали поэзиясының сабақтастық дәстүрін ақындардың келесі өлеңдерін салыстыру арқылы дәйектейік.

Мұқағалидың «Сәуірде» деп аталатын өлеңін кешігіп жеткен көктемнің көрінісін Абайдың «Қыс» өлеңі үлгісімен керемет бере білген. Егер Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды [3: 71 б.], - деп, қысты адам бейнесінде әрі кәрі құдаға ұқсатып суреттесе, Мұқағали қысты қырсық кәрі шалмен байланыстырып, қыс-кәрі шал мен көктем-жас жігіт бейнесінде алып сипаттайды.

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,

Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.

Төрінен көрі жуық кәрі шалдың,

Қолына су құяды, қиылады [4: 47 б.], - деп жыл мезгілдерін адам келбетінде алып жырлайды.

Абайдың қыс мезгілін суреттеуі, Мұқағалидың қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра жырлауы екі ақынның дәстүр жалғастығы мен суреттеу шеберліктерінің үндесуін де анық аңғартады. Олай болса, Абай мен Мұқағали лирикасында үндестік пен дәстүр жалғастығы бар.

Қорытынды.

Абай мен Мұқағали шығармашылығына үңіліп, жырларының мазмұндық және поэтикалық сипатына мән берсек, олардың ақындық талантының, суреттеу шеберліктерінің, поэтикалық сезім күйлерінің берілу сипатының ұқсастықтарын әдеби тұрғыда салыстыруға мүмкіндік туады. Қос ақынның туындыларын оқып, сөз қоданыстарын, жүректің қылын шертер лирикалық өлеңдерін зерттесек, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақынымыз Абайдың поэтикалық және лирикалық дәстүрі нәзік сезімді жырлаған, ақиық ақынымыз Мұқағали поэзиясынан да орын алғанын бақаймыз. Бұл сан жылдар тарапында ескірмей, өз жігін сетінетпей, берік сақталып келе жатқан дәстүрді тудырушының да қазақ өлеңі үшін орны тым ерекше екендігін дәлелдейді.

Мұқағали – ұлы Абайдың ойшыл, оптимистік және гуманистік көзқарасын жалғастырушы ақиық ақын. «Жасырмай ойымды айттым талай-талай, Қайтейін кетті бәрі қарайламай. Айтарын ашып айтқан абайламай, Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!»-деп жырлап өтіп, өзінен кейінгі күллі қазақ баласы мен өлең даласына ұлы қаламгердің өлең-үнін қалдырған Мұқағалидай ақынның Абайдың өлең-өрнегінде орны бар екенін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймұратова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. - Астана ЕҰУ, 2008. -412 б.
2. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. Алматы. Қазақ университеті, 2001.-187 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалар.–Алматы: Жазушы, 1968, т.1, -240 б.
4. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы: Төрт томдық. –Алматы: Жалын, 2001. -448 б.

ТҮРКІ ТАРИХЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ТАҢУ

Нуртазина Фариза Жуматаевна

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Имамбаева Ғ.Е
Павлодар қаласының Инновациялық Еуразия университеті

Аңдатпа. Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағытбағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны 17 баршаға аян. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екендігі анық.

Түйін сөздер: түркі халық, түркі рухани құндылықтары, түркі құндылықтары, түркі әлемі.

RECOGNITION OF SPIRITUAL VALUES OF TURKIC HISTORY

Abstract. After the country gained sovereignty, contacts were established in various spheres with the world's leading countries, the independence of the Kazakh people was recognized, and the directions of our country were determined. Favorable results were achieved for the rapprochement of related peoples. In this regard, science and art should contribute to the establishment of relations between Turkic-Speaking Peoples, Friendship and cooperation. It is clear to everyone that various historical events and the dominance of turbulent times have alienated the Turks from each other and made "original" changes in the lives of peoples whose traditions and customs are rooted in them. However, it is obvious that there are two main features that indicate that their ethnic formation is one.

Keywords: Turkic people, Turkic spiritual values, Turkic values, Turkic world.

Түркі халықтарының тарихына қатысты ғылымда қыруар еңбектер жазылды. Кеңес дәуірінің өзінде де түркология ғылымына қызығып, өмірінің барлық күш-қуатын сарқа жұмсаған ғалымдар есімі жұлдыздай жарқырап тұрғаны мәлім. Бұл мәселеде түркі тектес халықтардың асыл қазыналарына қатысты айтарлықтай істер тындырған Е.Э.Бертельс, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, И.В.Стеблева, Ә.Н.Нәжіп есімдері ғылымда өз бағасын алған. Қазақ халқының дарынды таланттары Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Бісмайлов, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Ғ.Айдаров, Ш.Сатбаева, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, А.Егеубаев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, Ә.Кекілбаевтар және т.б. ғалымдар мен сөз зергерлері түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына әр қырынан үлес қоса білді. Данышпан Л.Н.Толстойдың «Білім ұлы адамды жуасытады, орташа адамды таңырқатады, күйкі адамды ісіріп кептіреді» дейтін ділмәрлықпен айтқан қанатты сөзі бар. Бұл сөздің дәлелін түркі тану ілімі бере алғандай. Себебі, түркі дүниесінің сырын ашып, құндылықтарын танытуда сандаған таланттардың ғылымдағы сара жолдары сайрап жатыр. Бір белгілісі «Түрік қағанатының ұланғайыр өлкесін мекендеген сан алуан тайпалардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тілі болғандығы» [1].

Соның дәлелі ретінде көне ескерткіштер мен сандаған естеліктер қалдырғаны. Шетсізшексіз кең жазира даласы соншалықты кең болса, түркі әлемін тануда тым тереңдікті, мейлінше кемелдікті қажет ететін. Табиғат берген зерделіктің нәтижесінде жаратылысы айрықша ғұламалар қалыптастырған ілімнің бірі – түркология. Бұл ілімнің басында әлемді дүр сілкіндірген В.Томсен, В.В.Радлов, Ю.Немет, Х.Н.Орхун, С.Е.Малов және т.б. жаңалықтары еске түседі. Бұл орайда «Түркология ілімінің негізін қалауға лайықты үлес болып қосылған Радловтың алғашқы іргелі зерттеулер сериясы» [2] болып табылатын «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» [СПб, 1866-1907] атты он томдық әлемге әйгілі еңбегінің орыны айтарлықтай екендігі ғылымда лайықты бағасын алған. Сөзіміздің дәлелі ретінде А.Н. Самойловичтің «Ақиқатты ту етіп, әділін айтсақ, түркологияның пайда болған сәтінен біздің заманымызға дейін В.В.Радловтай үлкен қайраткер болған емес» деуін айтсақ та жеткілікті. Дарынды ғалым ең алдымен түркі халықтарының ел аузында сақталып қалған асыл мұраларын мұхият жинақтап, бірнеше томдарға айналдырып, жарыққа шығарды. Европа халықтарының тілдеріне аударып, әлемге таныстырғанының өзі де ерекше тебіреніс тудырады. Осыншалық жинақтаған мұраларға байланысты В.В.Радлов: «1869 жылдан, Алтайдағы түркі тілдерін зерттеуге кіріскен алғашқы күннен бастап-ақ тек халық шығармашылығын жинауға көңіл бөліп қойғам жоқ, мүмкіндігіне қарай мол сөз қорын жинауға да күш салдым» [3], – деп жазады. Анығында жинақтаған қыруар мұраларымызды ғалым

ғылыми тұрғыдан тексеріп, жан-жақты зерттеудің кейінгі толқынға кілтін ұстатып кетті. Түркі әлемінің құндылықтарын дәл осылай біртұтас алып, ғылыми-салыстырмалы әдістермен саралау алғашқыда дұрыс жолға түссе де, кейін күркіреген Кеңестік дәуір идеологиясына байланысты бөлшектеніп кетті. Тек қана лингвистикалық зерттеулерде болмаса, тарих, әдебиет, этнография, археология ғылымдарындағы ізденістер түбі бір түркі дүниесінен алыстап кетті. Ендігі уақытта көбінесе ежелгі түркі тайпаларының негізін құраған, кейіннен тағдыр талайынан бөлінген ұлыстар мен ұлттардың шеңберінде ғана зерттеле бастады. Бұл қасаң және қатаң қағиданың пайда болуына Кеңес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың рухани құндылықтарының зерттелуі ұшырап, ғылыми саралаудың методологиясын «ұлы халықтың» мұраларымен ғана салыстыра тексеру керек делінетін қисынсыз теорияны қалыптастырды. Солай десек те «Ғылым мен өнер жүрек және өкпе сияқты өзара тығыз байланысты, сондықтан бірі бұзылса, екіншісі дұрыс қызмет атқара алмайды» [4] дейтін данышпанның сөзінің айғағындай, көне түркі тас жазбаларының табылуы мен ғылыми тұрғыдан зерттелуі түркі тектес халықтардың қайта құрылуына, халық музыкасы, сәулет өнері саласындағы ізденістер арқылы түркі халықтарының табысуына өмірдің өзі қолайлы сәттер туғызды. Қатқан тоңдар мен сірескен сеңдер солай бұзылған еді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемдегі сандаған елдермен түрлі саладағы байланыстар жасалып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан халықтардың жақындасуына қолайлы нәтижелерге қол жеткізілді. Бұл мәселеде түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы, достық пен ынтымақтастық қарымқатынастардың орнығуына ғылым мен өнер барынша ықпал етуі тиіс. Түрлі тарихи оқиғалар мен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір түріктерді бір-бірінен алыстатып, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері тамырлас халықтардың өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны баршаға аян. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екендігі анық:

Бірінші, ең басты көрсеткіштің негізі түркі тілінде екендігі ғылымда нақтыланып, түркі тілдес халықтар тілдерінің классификациясы лингвистер тарапынан түсіндірілген. Ғылымда бұған байланысты әлі де терең тексеріліп, толық тұжырымдар жасауға тиісті мәселелер бар екендігі айтылып келеді. «Мәселен, Орхон аңғарынан табылған ескерткіш-жырлардың тілін бірқатар лингвистер қазақ тіліне жақын десе, енді біреулері қырғыз немесе хакас тілдерімен туыстас деген пікір айтады. Бұл тіл – бірнеше түркі тілдерінің тарихи ортақ мұрасы деп қараушы ғалымдар да бар» [5].

Екінші, түркі халықтарының этникалық негізін бұлтартпай дәлелдейтін деректік мағлұматтарды фольклорлық мұралардан табамыз. Кеңес кезеңі бұл мәселеге аса сақтықпен қарап, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі тексеруге кедергілер келтіріп бақты. Түркі тектес халықтардың тұңғыш рет фольклорлық мұраларын тұтастай саралауға арналған еңбек жарық көріп, сол іске осы мақала авторы да араласты [6]. Туысқан халықтардың фольклорына арналған еңбекті шығарудағы басты мақсат: тұтастай белгілі бір аймақта емес, бірі шалғай, енді бірі жақын жатқан түркі халықтарының тілімен қатар, олардың рухани қазыналарының ұқсас, сарындас келуінің сырын аңарту болған. Кешегі ғылым тар шеңберде ғана жасалса, бүгінгі таңда неғұрлым кеңейтуді керек етеді.

Дәл осы маңызды мәселеде түркі әлемін тануға фольклортану ғылымына жаңаша бағыт пен бағдар ұстау қажет. Ата-бабаларымыздың қалдырған аманатын асыл сөзден танып, бір-бірімен түсінісу, дүниені танып, білудегі сана-сезімі халық мұрасынан танылатыны біз ашқан жаңалық емес. Сонымен қатар фольклордың сан-салалы, салт-дәстүр, ырым-кәделер, ойын-сауық т.б. қатқабат тамырласып жатқанын ескерсек, онда түркі тілдес халықтар фольклорын біліп-игеру, тұтастай саралай зерттеу

халық пен халықты, ел мен елді жақындастырады. Түркітану ілімінің негізі ерте қаланса да, туысқан халықтардың бір-бірімен жақындығы, рухани құндылықтарының ортақтастығы жайлы сөз арасындағы айтылған пікірлер болмаса, салыстырмалы түсініктер кең көлемде жүзеге асырылмады. Әрбір түркі халықтары бұл тұрғыдан ойлану керектігі бүгінгі уақыт талабы, ғасырлар тоғысының үкімі мен үзілген тарихтың алға бастар үкілі үміті екендігі анық. Олай болмаса, жаһандану кезеңінің жемсауына оп-оңай тұтыласың. Фольклортану ғылымында типологиялық, поэтикалық зерттеудің арнасын келер уақытта түркі әлеміне бұрып, тұтастай талдауларды қалыпты контексті-реконструктивтік әдістер мен семиотикалық тәсілдеріне жүгінсек, ғылымда ілгерілеушілік болары біз айтпасақ та түсінікті.

Түрлі қоғамдық оқиғалар кезеңінде «өзін-өзі зор тұтқан, басқаларды қор тұтқан» өктемшіл, ұлтшыл, ақылсыз надандар да өз үстемдігін үстемелей жүргізді. Айталық күні кешегі империялық саясаттың қазақ ұлтына өз атауын қимай, «киргиз», «бұратана халық» деп келгені мәлім. Саясаттың салқынынан зардап шегіп, ғұрып-салттарынан алыстап, тілі мен дініне секемдік түскен, бабалар аманаты жолындағы күресте амалы таусылып, қажыған халықтың сұлдерін көресің. Түркі халықтарының кейбіреулері өз дінінен басқа дінге ауысқан, рухани мұраларының кейіпкерлерінің өзі басқа халықтың өкіліне айналғанын фольклорлық мұраларды ұшыратып қаламыз.

Жалпы фольклордың тектеріне сараласак, онда халық прозасы, халық поэзиясы, халық драмасы бойынша қарау қисынды. Түркі тілдес халықтардың фольклорында, халық прозасының түрлері: миф, эпсана, хикаят, ертегілері бәрінде де бар. Көпшілігінің сюжеттері бір-бірімен сәйкестік танытады. Аспан мен жер, табиғат пен жаратылыс, адам мен қоғам, махаббат пен достық туралы таным-түсініктері ортақ екендігі көзге бірден шалынады. Керек болса, белгілі бір сюжеттер қаз-қалпында, жолма-жол қайталанылады. Оның басты себебі ерте дәуірдегі тыныстіршілігіміз, салт-дәстүріміз бір екендігін білдіретін түркі бірлестігі, түркілік дүниетанымымызда жатыр. Араға ғасырлар мен жылдар салған айырмашылықтар Адам аттары мен Кеңістік 19 атауларында тұр. Қиыр Шығыс, Сібірдегі және Орал, Волга, Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтарының ертегі, аңыздарында кейіпкерлер орыс есімдері мен жер атаулары соншалықты өзгеріске түсіп үлгерген. Ертегі мен аңыздардағы Иван, Владимир, Павел, Белое озеро, Красная поляна т.б. бұған дәлел. Ертегі есте жоқ, өткен ескі өмірдің ескерткіші екені талас тудырмайды. Ендеше ондағы есімдер өзгерісі тағы да өктем саясаттың салқыны, бодандықтың күшті қарқыны жүзеге асқандығы дегеннен басқа жауап таппайсың. Ендігі бір мәселе ауызша сөз өнеріндегі ертегілердің өзінен-ақ, әр халықтың мекендеп отырған жерінің қадір-қасиетін, ондағы өсетін өсімдіктер, мекендейтін аңдар мен құстар жөнінде мол мағлұматтар алуға болады. Мәселен, Алтай, Тува, Долган, Хакас, Якут, Башқұрт, Чуваш халықтарының хайуанаттар жайындағы ертегілерінде – аю, арыстан, жолбарыс, бұғы, т.б. жөнінде көп айтылып, ертегілерде аю тотемі қалыптасқан. Осындай ерекшелік құстар, балықтар және өсімдіктерге де байланысты айтылады. Ал, Орталық Азиядағы түркі халықтары фольклорындағы хайуанаттар ертегілерінде қасқыр тотемі ерекшеленеді екен. Аңдардан көбіне түлкі, қоян, қасқыр, жолбарыс, арқар, киік, барыс ертегі кейіпкерлеріне айналған. Киелі құстар ішінде қарлығаш, аққу, сарыала қаз, ұлар ерекшеленеді.

Түркі халықтарының көпшілігінде Қожанасыр (Насредин) аңыз, анекдотқа айналған. Орталық Азиядағы түркі халықтарында Қорқыт, Алдар Көсе, Жиренше шешен, Асан Қайғы бейнелері аңыздың прозаның ортақ кейіпкері ретінде көрінеді. Бұның себеп-салдарын бүгінгі тарих, философия ғылымдары түсіндіруге көмекке келді.

Халық поэзиясындағы отбасы – ғұрып фольклоры поэзиялары барлық түркі тектес халықтарда бар және идеялық жағынан ортақтаса алатындығын аңғартады. Мәселен, жар-жар, тойбастар, сыңсу, жұбату өлеңдері пішіні жағынан басқаша болса да, мазмұны жағынан үндестік танытады. Көлемді халық поэзиясының шырқау биігі эпостық мұралар. Түркі тектес халықтар мұрасында «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лиро-эпосы, «Алпамыс батыр», «Қобланды батыр», «Көрұғлы», «Едіге батыр», «Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Шора батыр» жырлары жиі ұшырасады. Бұның мән-мағынасы қоғамдық бірлестіктер мен тарихи оқиғаларға қатысты екендігін көпшілік қауым жақсы түйсінеді. Түрік қағанаты дәуіріндегі ерлікке тұрғызылған ғажап ескерткіштердің бірі «Қорқыт ата кітабы» екендігі ғылымда бағасын алған. Қазақ эпосын зерттеуші ғалымдар ондағы бірнеше жырлармен «Алпамыс», «Қобланды», «Орақ-Мамай» т.б. жырлармен үндестігіне байланысты байыпты пікірлер айтқан. Батырлықты дәріптейтін жырлардың сюжеттік ұқсастығынан басқа, назар аударарлық жағдайдың бірі – көне таным түсінікте тұр. Эпостың ең көне варианттарында Көк Тәңірге және Жер анаға сыйыну қалыс қалмаған, «Шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – Жер-Ана болып қабылданады» [7]. Сондайақ, Қорқыт жырларындағы айтылатын Яншкент, Жент, Үзкент, Баршыкент, Сүткент, Отырар т.б. болса, осындағы қыпшақ тайпаларының басты қалалары делінетін Сығанақ, Түркістан, Созақ т.б. қалалар тарихи жырлары (Есім хан, Абылай хан, «Шақшақ ер Жәнібек», «Қара Керей Қабанбай батыр», «Кенесары-Наурызбай») жырларында да айрықша аталып отырады. Керек десеңіз қазақ халқының түп негізі түркі екендігін анық түсіндіретін – тарихи жырлар [8].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991. – 264 б.
2. Смайлович А.Н. Радлов как тюрколог / Новый Восток. 1992. №2
3. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб, 1988. Вып. 1. (Предисловие)
4. Даналардан шыққан сөз. – Алматы, 1987. – 383 б.
5. Келімбетов Н. Аталған еңбегі.
6. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.

ЖАЙЫҚ АЛҚАБЫ АҚЫНДАРЫНЫҢ ЛИНГВО-МӘДЕНИ СИПАТЫ

Ази Е.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты

Миров М.О.

Ф.ғ.к., доцент.

Баишев университеті. Ақтөбе қаласы

Түйіндеме: XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасырдың басында ғұмыр кешкен Жайық алқабы ақын-жыраулары мұраларының ерекшелігі, ақындық-жыршылық мектебінің қалыптасауы туралы зерделеу мақсат. Ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан жыршылық дәстүрдің, жыраулар мен ақындар мұраларының бүгінгі таңдағы мәні мен мағынасы терең.

Біз қалам тартқалы отырған Жайық өзенінің бойын жайлаған ел ақындарының түп-тамыры көне түркі дәуірінен бастау алып жатқан көшпелі жұрттың дәстүрлі өнерінің бір пұшпағы. Тарих тереңін сүзсек солай екеніне шүбә келтірмейміз. Ұрпақтан ұрпаққа көшіп, екшеліп жеткен эпикалық, лирикалық дастандардың көбінің тамыры әріден тартады. Және солардың біршамасы түркі халықтарының көбіне ортақ.

Бұдан бірнеше ғасыр бұрын Сыр бойында өткен жырау Қорқыттың толғаулары мен күйлерінің біздің ғасырға дін аман жетуінің сыры неде? «Қазақ атаулы күні бүгінге дейін Қорқыт күйлерін тыңдаса болды, езуіндегі күлкісін тыйып, өмірдің баянсыздығы туралы, пенде шіркіннің ғұмырының қысқалығы туралы философиялық ойға шомып, іштей терең толғанысқа түседі. Бұл күмән келтіруге болмайтын, басымыздан өткеріп отырған ақиқат»[1.38]. Оның жырлары қазіргінің бастау-қайнары саналады. Қорқыттан бері өзегі үзілмеген жыраулық дәстүр Сыпыра, Қазтуған, Асан қайғыларға жетсе, олардан, XX ғасырдың басында дәурендеген Ақтан, Қашағандарға ұласты.

Тірек сөздер. Ақын, жырау, өнер, Жайық, Маңғыстау, жыршы

LINGUISTIC AND CULTURAL CHARACTERISTICS OF THE POETS OF THE ZHAIK VALLEY

Abstract: The study of the peculiarities of the heritage of poets and poetesses of the Ural Valley, who lived in the second half of the XIX century and the beginning of the XX century, the formation of the school of poetry.

The poetic tradition passed down from generation to generation, the heritage of zhyraus and akyns has a deep meaning and significance today.

The roots of the country's poets, who live along the Ural River, where we are going to write, are part of the traditional art of nomadic people, which dates back to the ancient Turkic era. If we dig deeper into history, we can be sure that this is the case. Many epic and lyrical epics, passed down from generation to generation, have their roots. And some of them are common to most Turkic peoples. What is the secret of the survival of religion in our century

«On this day, the Kazakhs can only listen to Korkyt's kuis, stop laughing, think deeply about the meaninglessness of life, the shortness of life, and think deeply. This is an indisputable fact that we are experiencing»[1.38]. His songs are considered to be the source of modernity. The Zhyrau tradition, which has not been broken since Korkyt, reached Sypyra, Kaztugan, Asankaygy, and from them to Aktan and Kashagan, which flourished in the early XX century.

Key words: Poet, zhyrau, art, Ural, Mangistau,

Маңғыстау, Жайық бойындағы қалың елдің көбі, бұрын көшіп-қонмен жүріп Ақтөбе даласына табан тіреген. Халық арасын жарып шыққан талантты өнерпаздар осынау көшпенді қауымды сәнімен аралай ән самғата жүріп, Ойылдағы (Ақтөбе облысы) атақты «Көкжар» жәрмеңкесі, «Қарақамыс» (бұлда Ақтөбе облысында), Орынбор базарлары сынды берекелі жерлерді бас қосар жайлы орынға айналдырса керек. Себебі жәрмеңке ойдан-қырдан, яғни, аяқ жетер жерлердің бәрінен ағыла жиылып, небір байлар мың-мыңдап мал тоғытар, сал-серілер бар өнерін ортаға салар, палуандар айқасар дегендей, дүйім жұрттың арқа-жарқа көңіл жазар мерекесі-тұғын. Зерттеу жұмысында мұраларын зерделегелі отырған дүлдүлдер талай осынау жиындардың көркі болғаны рас-ты.

Бастауын Орал тауынан алып, Каспий теңізіне құятын асау Жайық осы алқапта дәурендеген дүлдүлдердің біразының толғауларында аталады да. Қайнарын Асан Қайғы, Қазтуған заманынан тартып, Махамбет, Абыл сынды аузы дуалы айтқыштарға ұласқан ақындық, жыршылық мектебінің белді мүшелері саналатын Нұрым, Ақтан, Қашаған, Жаскілең, Шернияз, Мұрат, Закария, Қоспақ, Жаңаберген, Құлманбеттердің поэтикасы турасында тереңдете түсуге бел будық. Осынау сөз зергерлерінің термелерін жатқа соғатын құйма құлақтар әлі де табылады. Мысалы, әйгілі Ақтан Керейұлының немересі Әмина кейуана (1927 жылы туылған) Ресейдің Орынбор облысында тұрып, кеше ғана бақиға жол тартты.

Ал, «жеті қайқының» бірі Әділ Өтеғұлұлынан қалған жалғыз тұяқ Кемал қария Сағыз (Атырау обл) станциясында тұрып, ол да жақында мәңгілік мекеніне кетті. Осындай тірі құндылықтарымызды бағалап, есінде мол дүние сақталмаса да ардақтыларымыздың көздері ретінде қадірлесек керек-ті. Индеткенде қолға іліккен деректерді қажетімізге жаратып, аталмыш ақындардың бұрын да сараланған шығармаларынан олардың парасат биігін, сана-сезімін, дүниетанымын, таным-түсінігін пайымдасақ дедік.

Жалпы Еділ, Жайық өңірі, Каспий теңізі, Үстірт маңайы, Сыр аймағында мекен еткен ескі тайпалардың бірігулері, монғол, қалмақтармен соғыс, Алтын Орданың бөлінуі, Ақтабан-шұбырынды заманы, Сырым, Иса-Досан, Исатай-Махамбет көтерілістері ақындар ауызымен көркем дүние – толғауларға айналып, атадан балаға ұласып, аңызға айналып, Жайық алқабына, батыс өңіріне мол тараған. Қазақстанның басқа жерлеріне қарағанда бұл далада батырлық дастандардың көптігі, оларды насихаттайтын ақын-жыршылардың мектебі ерекше екендігін С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Е. Исмайылов сынды белгілі ғалымдар да айтқан.

Қазақстанның батыс өңіріндегі ақындық мектептерді ғалымдар жеті топқа бөледі. Олар мынадай:

Бірінші – Маңғыстау, Қарақалпақ, Хорезм аймағындағы Абыл бастаған Нұрым, Қашаған, Қалнияз, Қарасай, Қалым, Мәулімберді, Өгізбай, Бегім сияқты ақын, жыраулар ортасы.

Екінші – Әлім Үкі жыраудан басталып, Бекберген – Жаскілең – Бақы – Терлікбай – Бітеген – Ділмағамбет – Мақуеттер арқылы Нұрпейіске ұласқан ақындық ортасы.

Үшінші – Марабай бастаған Жетірудың жеті ақыны. Қазақай, Көшелек жыраулар және Бала Оразбен айтысатын атақты ақын Жібек қыз, Сабыр жырау, Ізім шайыр т.б.

Төртінші – Орал өңіріндегі Жиёмбет жыраудан тараған ақындық ортасы: Сүгір жырау, Қубала, Табия, Нұрыммен айтысатын төрт ақын т.б.

Бесінші – Алаша Байтоқ, Қайырлы жырау айналасындағы Қожантай, Жұмырбай, Қарабура Досжан, Сартай ақын т.б.

Алтыншы – Исатай-Махамбет көтерілісі оқиғасы мен Махамбет өлеңдерін жатқа білген Қуан жырау, оның шәкірттері, Мұрат, Кішкене Қобыланды, олардың мұрагері Ығылман.

Жетінші – Есенбақ дәстүріндегі Құлманбет, Қоспақ, Бала Ораз, Қашқынбай ақындар ортасы[2].

Бұлардың қазақ әдебиеті қорына елеулі үлес қосқаны хақ. Ескі жыраулар дәстүрімен реті келген жерде төгіп-төгіп айтып тастап жүре бергендіктен көптеген айтыстары, шығармалары бүгінге жетпеген. Тірлігінде қызыл тілді жасындай жарқылдатқан жанпоздарымыздың ашусыз қырлары да баршылық. Мысалы, осылардың көпшілігі жұртқа әйдік жыршылығымен танылған. Әрқайсысының өз саздары, жырлау мәнері болған. «Қырымның қырық батыры», «Қобыланды», «Алпамыс» т.б. дастандар осылар арқылы жеткен. Жалпы Ойыл, Жем, Сағыз алқабында, XIX ғасыр белесінде өткен жүйріктердің сөздеріне, шығармашылық кезеңдеріне баса көңіл бөлген орынды. Олардың қазақ әдебиетіндегі орындарын айқындап, келешек ұрпаққа есімдерін кең насихаттап, айтыс-толғауларының тәрбиелік мәнін аша түскен лазым.

Айта кету керек, тәуелсіздік алғалы ісімізге де, сөзімізге де қан жүгірді. Қыспақ көрген кейбір түркілік халықтар әдебиетінің жолы ашылды. Отарлық езгі тұсында «қоғамдық санаға жат» саналған қайсыбір ақындардың шығармалары шаңға көмілгенді. Енді соларды тәуелсіз көзқараспен қайта қарап, еркін санамен сараптай түсу керектігі ескерілді.

Сөз өнерін биік бағалаған қазақ халқы жырауларын, ақындарын, би - шешендерін ерекше қастерледі. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген ұстаныммен хан алдында тартынбаған көк түркінің тұяқтары қылышқа қыңбаса да, екі ауыз сөзге тоқтаған. Таңдайынан бал тамызған небір шешен ақындар нақылға толы толғаулары арқылы ел еркесіне айналған. Дүниенің боқтығын, қу тірліктің бес күндігін бүкіл болмысымен сезініп, тағдыр талайын бір Аллаға тасырып, «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп дархан даласында сайран салып жүрсе де жаратылыстың түп мәнін терең ұғынған. Малың бағып, көшіп – қонып, табиғат ананың тылсымын көкірек көзімен түйсініп, бүкіл жан дүниесімен қабылдаған көшпенділер қоршаған ортаның небір құбылыстарынан жалғаншының мәнін бағамдай білді. Олардың салт -дәстүрі, әдет -ғұрпы, ырым – тыйымдары, жалпы, мәдениеті ерекше еді. Мысалы: үлкенді сыйлауы (ата - ананы, інінің ағаны, т.т.), бір рулы елдің бір ақсақалға бағынуы, бала тәрбиесінің бесіктен басталуы, т. т.

Ол кездің ауыл басы ақсақалдарының өзін абызға бергісіз, ақылман, ойшыл, түйіп айтсақ философ дер едік. Ал ақындарын кең даладан оқып түйген көреген, дана ретінде тани аламыз.

Ақын - жыраулардың қоғамда да, мемлекеттік саяси тірлікте де атқарар рөлі ерекше болды. Кейбіреулері билікке араласып, билеушіге де жөн сілтеп отырды. Әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді, жалпы қарашаның тыныс-тіршілігін бағамдап, ой қорытты. XV ғасыр мен XVIII ғасыр арасында өткен дәуірдегі қазақ тіршілігін сараласақ жыраулардың беделі жоғары тұрғандығын аңғарамыз. Абыз Асан қайғы, Қарға бойлы Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбеттердің қай - қайсысы да терең ой, текті сой, жүйелі сөз иелері. Осынау жыраулардың дәстүрін, беріде, XVIII мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ақындар дамыта түскен. Солардың ізбасарлары десе де болғандай. Кейінгі ақындар ескі жырауларша толғанбағанымен қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді қозғап жұрт көңілінен шыға білді. Таққа, билікке таласып қалың қарашаның берекесін кетірген сұлтандардың ісіне қарсылығын ашық танытқандары да жоқ емес. Және мұсылманшылықты мейлінше ұстанып, шариғаттан қозғауды үрдіске айналдырған.

Ресейге жақындай түскен жұртының халінің оңды болмайтындығын сезді. Орысқа амалсыз үйірлегенін және түсінді. Жан-жағынан анталаған жауларынан қорғанудың жолы, алып империяға айналған Ресей мемлекетінің қол астына кіру деп ойлаған қазақтар, Әбілхайыр хан тұсында орыстарға жалын сипатты. Ресейге де керегі осы еді, қуана құшақ ашты.

«Әбілқайыр ханнан кейін Кіші жүз екі хандыққа бөлінді. Нұралы ханға қараған қауым Жайық – Жем бойына қоныс тепті», – деп жазады атырау энциклопедиясы.

«Ресей, Үндістан, Қытай, Сібір, Орта Азия және тағы басқа да Шығыс елдерімен сауданы жолға қоюды басты міндет етіп қояды. Ал сауда жолдарының бәрі қазақ даласы арқылы өтетін еді. Сауда керуендерінің қауіпсіздігін сақтау үшін қамалдар мен бекіністер салуды қажет етті» [3.46], – дейді тағы.

Сөйтіп, XIX ғасырда, сахара төрінде орыс бекіністері қаптады. Орыс мұжықтары қазақ арасында алшаң басты. Олар шошқасын, самогонын ала келді. Бұл жергілікті тұрғындарға ұнамады. Татар, ноғай саудагерлері көбейді. Бекіністерде орнығып саудасын қыздырды. Жәрменкелерді орыс, татар көпестері жайлады. Енді өз байларынан зәбір көрген жақыбайлар татарларға жалданып нәпақа айырды. Бұл аз болғандай бір жағынан Хиуа хандығы да қоқаңдауын үдете берді. Хиуа басқыншылары қарапайым жұртты «қысқа күнде қырық шауып» діңкелетті.

«Хиуа әскері оқтын-оқтын Үстірт пен Маңғыстаудағы қазақ ауылдарына тиісуді көбейтті. 1847 ж. түгелінен Қаратау бойында отырған елдің іргесінен Хиуа әскерінің дүбірі кеткен жоқ, 1848 ж. 25 мамырда талтүсте 400 атты Хиуа әскері жаңа орыс

камалының түбінде отырған би Баймәмбет Маяевтың ауылын шапты»[3.61]. Міне осындай көршілердің басқыншылық әрекеттері жұрт қытығына тиді.

XIX ғасырда қазақ елі ресейге бағынышты болғанымен, кей жерлерде ара кідік қарсылықтар, көтерілістер белең алып тұрды.

Көтерілісшілер қозғалысының басталуы мен күшеюі, дала феодалдары қора – жайының талқандалуы, жазалаушы орыс отрядтарымен күрес, хандық аумағында көтерілісшілердің жеңіліске ұшырауы, көтерілісшілер ұйытқысының Жайықтың сол жағалауына өтуі және көтеріліс басшыларының жаңа қол жинап, соңғы рет бас көтеруі, міне, осындай оқиғалар тізбегі қарапайым қазақ халқының үлкен ерлік-жігерін көрсетті[2.52].

Бұл тұста жалпы ұлысты ақсүйек саналатын төре тұқымы – сұлтандар, болыстар билесе, ауылдарды ақсақалдар, беделі жоғары батырлар басқарды. Биліктен дәулетті байлар да құр қалғысы келмеді. Олар да өзіне қараған жұртты бөліп алып, дегенімен жүргенін қалады. Өздерін сахабалардың ұрпағы санайтын, ислам дінін таратушы қожалардың да мерейі үстем тұрды. Қайда да қожалар құрметке иеленетін. Ел ішінің бақсы-балгері де, хат таныр сауаттысы да, ағартушы ұстазы да осы қожа-молдалар болды. Орыс төріне барып оқып келген азаматтардың қарасы көрінбей тұрғанда қырдағы қауымға қожалар менен олардан мұсылманша хат танып, діни сауатын ашқан кейбір қазақ ұлдары ықпалын жүргізді. Ел тізгінін ұстар сұлтандар мен төрелерге жекжаттығы бар кейбір байлар, дәулеті асқан көпестер болыстыққа құмартып орыстың биліктегі мырзаларымен ауыз жаласты. Қарашаның жайын көрмей, баса шаншып болыстыққа ұмтылды. Салық жинауды көбейтті. Байлар өздерінің қол астында жүріп малын баққан жалшыларының еңбек ақысын толық төлемеді. Дұрысы төлегісі келмеді. Орыс елінің ықпалы артып, заң-законы молая түсті. Ресей билеушілері қазақтың мансапқор, таққұмар, боскеуделерін шен-шекпенімен алдаусыратып, өздеріне жағынған бай, сұлтандарды (төрелер) болыс қып сайлап, сахара тарпаңдарын өз бөрісіне талатты. Сары орыстың шекпенін киіп, солардың сойылын соғып елін тоздырған хан, болыс, билердің қылығына намысты ерлер төзбеді.

Осы жағдайдың бәрі ақындардың қырағы көзінен қалыс қалмады. Өткір сынап, қатты мысқылмен әжуалай бастады. Маңайын нақыл сөздермен үгіттеп адамгершілік, имандылыққа шақырды. Келер күннің қара түнегін баса жырлады.

Осы өңірде өткен кейінгі ақындардың бәрі дерлік Махамбетті өнеге тұтты. Ойлы жыр төгіп, ортаны береке, бірлікке шақырып отырды. Шернияз, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Мұрат, Ығылман, Зәкәрия, Жаскілендердің толғауларындағы астарлы, мағыналы ойлар соның айғағы.

Бағзы жыраулардың толғаулары, істері XIX ғасыр мен XX ғасыр басында ғұмыр кешкен ақындардың парасатты сөз иесі болып қалыптасуына көп әсер етті. XIX ғасыр шайырларының біразы осы көне жыраулардың толғауларын жатқа соққан. Тамырын ноғайлы заманынан алатын «қырымның қырық батыры» деген ерлік дастандарын дамыта жырлаған олар өз тұсындағы белең алған қасіретті оқиғалар мен етектегі тойымсыз басқыншыларға қарсы қайрат қылған, ерлікпен қаза тапқан батырлар есімін дәріптеп жандарынан толғаулар да шығарды. Мысалы: «Ер Қармыс», «Балуанияз» (Қалнияз), «Тоғыз ауыл» (Нұрым жырау), «Төлеп, Қармыс» (Ақтан), «Топан», «Атамекен» (Қашаған) сынды дастандар соның айғағы. Бүгінге бүтін жеткен құнды дүниелер.

Ертеден құт дарыған бұл өңірдің суын ішіп өскен дүлдүлдер даналықпен қатар болмыс бітімін де биік ұстаған. Атадан балаға жалғасқан киелі өнердің қадірін кетірмей әлпештей білген. Қазтуғанның заманы мен Қашағанның дәуірінде туған толғауларда ұқсастықтар көп. Тек қоғамының болмысына қарай өзгеріп қана отырған. Санасы ояна келе құбылта түскен.

Сыпыра, Қазтуған, Жиёмбет, Шалкиіз жыраулардың өнегесі XIX ғасыр ақындарына таза жеткен. Себебі кейінгі ақындардың толғауларының өзегінен солардың үлгілерін анық көре аламыз.

Бір ғажабы, осы Жем, Ойыл өңірі ақындарының көбі батырлар эпосы мен «қырық батыр» дастанының нобайын жатқа соққан. Аталмыш жырлардың біразын айтатын жыршылар XX ғасырдың ортасына шейін тірлік кешкен.

«Қырық батыр жыры» осы Алтын Орда дәуіріндегі ірі оқиғалардан басталған. Бұл эпостарда тізбектеле жырланған басты кейіпкерлерінің бірқыдыруы Алтын Орда тұсында, Ноғайлы заманында өмір сүрген тарихи тұлғалар. Мысалы: «Орақ-Мамай» дастанындағы басты кейіпкерлер Орақ пен Мамай Алтын Орданың әйгілі қолбасшылары. Мамай – 1361- жылдан соң осы орданы билеген хан, 1380-жылы Куликов даласындағы орыс княздарымен болған зор шайқасқа қатысқан даңқты қолбасшы. «Едіге» жырындағы басты кейіпкер Едіге – 1352-1419-жылдары жасаған тарихи адам. Алтын Ордадан бөлінген Ақ Орданың әмірі, азулы Тоқтамысқа қарсы күрескен баһадүр. Мысалы: Орақтың қос ұлы Қарасай мен Қазі да жырда ноғайлының батыры делінеді. Қобыланды да солай. Дастандардағы басты кейіпкерлердің дені ноғайлының батыры болып келу себебі: ол замандағы қазақ пен ноғай жұртының тату тұрып, араласып жатуынан. Оған Ш. Уалихановтың мына сөздері кепіл болар.

«Жәнібек билік құрғанда, туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп-қонған, ол кез қазақ жырларында алтын ғасыр аталады. Қазақтардың көптеген аңыз-дастандары да сол алтын ғасырға дөп келеді. Сондай-ақ, Жиренше шешеннің бірлік, тәлім-тәрбиелік нақылдары, әділ хан Әз-Жәнібек те, Ноғайлардың философ-данасы Асан Қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді»[4.46]. Асан Қайғыны да ноғайлы атандырады.

XIX ғасырдағы Жем, Сағыз, Ойыл бойының ақындары осы абыз Асан Қайғының дәстүрін сабақтаған сахибтар десек жөнсіз емес.

Әлқисса, Асан Қайғының арғы жақ, бергі жағында өткен тарих төріндегі жыраулардың көбісінің өкшесі тиген, бұл Ойыл, Жем, Сағыз даласына. Бұл өңірге – «Бұлыт болған айды ашқан, мұнар болған күнді ашқан» Сүйіншіұлы Қарғабойлы Қазтуғанның жыры тұнған, Қазтуған нәр алған – көшпенділер көне поэзиясының қайнары сынды Сұрғылтайұлы Сыпыраның сүбелі сөздерінің сыры жұққан дедік. Осындай киелі қоныстан дарынды ақындар түлемеуі мүмкін емес - ті.

Жем мен Жайық бойын қалмақтардан босатқан Байбақты батырдың немере ағасы Алшын Жиёмбет Бортоғашұлының жауынгер жырларынан[5.69], Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туған Алшын Тіленшіұлы Шалкиіз жыраудың терең философиялық толғауларынан мейір қандырған Махамбеттің өзі бір төбе. Сондай батыл рух, асқақ өрлік Жиёмбеттерден жетпесе:

Хан емессің қасқырсың,

Қас албасты басқарсың.

Хан емессің ылаңсың,

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің аярсың,

Айыр құйрық шаянсың[6.17], – демес еді ғой ол, Хан Жәңгірге!

Абыл, Шернияздар Махамбетті үлгі тұтты. Махамбетше зор таным, терең болмыспен толғады. Бұлардың өнегесін көрген Нұрым, Ақтан, Бекберген, Жаскілен, Жаңаберген, Тәңірберлі Молдабай, Зәкәрия, Мұраттар да осы өңірде тыныстаған жүйріктер. Өз қоғамының өзекті мәселелерін қозғап, қоғамдық болмыс пен тұрмыстық сана, әлеуметтік дүниелерді тілге тиек етіп, жалпы тіршілік атаулының жаратылысын терең ұғуға талпынды.

Жем, Сағыз, Ойыл өңірі ақындарының көнеден нәр алған ұлы өнер керуенінің көшін түзеп, қадірін арттырудағы үлесі мол. Олар ескі жыраулар дәстүрімен кесек - кесек төгіп, философиялық - мағыналы ойлар қозғап тереңнен сөйлеуді үрдіс еткен. Қаны қызу, қатал сыншы қалың қарашаның қазанында қайнап шығып, сөз мәйегін шыңыраудан тартып, шыңнан терді. Бұл ақындарға бағзы жыраулардың, атап айтсақ Сыпыра, Қазтуған, Асан қайғы, Жиёмбет, Доспамбет, Шалкиіздердің ықпалы көп. Абыз Асанша толғанып, Қазтуғанша төгуді көздеген XIX ғасыр бедеріндегі ақындар жырлағанда бордай езіліп, мұздай қатты.

Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің,
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан,

Сүйінішұлы Қазтуған!![7.54] – деп кестелеген бағзылардың толғауларын сүйегіне дарытып, солардай асқақ та мәнді жырлады. Тыңдарман да соны қалады. Қалап қана қойған жоқ, оларды солай, құнды сөйлеуге мәжбүрледі. Сондықтан ақындар көп үйреніп, көп тоқыды. Даңқты шешендерді іздеп барып, қасына еріп дәріс алды. Тарихқа, ел шежіресіне әбден қанықты. Қырымның қырық батыры аталатын циклдік жырларды жатқа соқты. Көңіліне түйген мол дүниені қорыта келіп ақыл – нақыл тұнған өлең айтып жұрт ықыласына бөленді.

Жазу-сызу мардымсыз көшпенді жұрттың көңілін аулап, сауығын көтермелеп, тереңнен сыр тартып, тарихты жырлап, қаһармандық дастандар арқылы рухын көтеріп, әлеуметті бірлікке, ынтымаққа һәм адамгершілікке жетелеп, бір өздері бір театр – сол заманғы сөз зергерлерінің атқарға қызметін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Өнерді өз баласындай ардақтап өткен сол бір аяулы ақын-жыраулардың болмысына қайран қалмасқа шараң жоқ.

Олардың әр сөзі нақыл, ақыл, дария. Әр сөзі тәлім-тәрбие.

Бүгінгі өскелең ұрпақты солардың асыл толғауларымен-ақ түзу жолға салуға боларына шүбәміз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақселеу Т. «Күй шежіре». Алматы. 1992.– 346 б.
2. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы. 1998. – 660 б.
3. Атырау энциклопедиясы. Алматы. 2000.– 710 б.
4. Уалиханов Ш. Алтышаһарға сапар. Алматы. «Атамұра. 2006ж.
5. Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы: «Атамұра», 2006ж.
6. Махамбет. Жырлары мен күйлері. – Алматы: Асем-Систем, 2003ж.
7. Мағауин М. «Алдаспан». Алматы: «Атамұра», 2006ж.

ЖАЗУШЫ Д.АМАНТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СТИЛИСТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕР

А. Е. Қуандықова

Түйіндеме: Жазылған мақалада қазіргі заман жазушысы Д. Амантай шығармаларына мазмұндық, тілдік стиліне лингвистикалық талдау жасалып, филологиялық тұрғыдан анализ жүргізілді. Сонымен қатар, шығармада қазіргі қоғамның негізгі түйткілді мәселелері көрсетіліп, қала халқының тұрмыс-тіршілігін, адамдар бейнесін, орбаздар мен суреттеулерді қысқа тілдік баяндаулармен жазылған автор еркешеліктеріне мән берілді. Осы бойынша жаңа қазақ прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен жазушы Д. Амантайдың көркем прозадағы негізгі бағыты қарастырылды. Жазушының негізгі мақсаты ықшамдылық пен дәлдікке жету.

Жазылған шығармаларының өн бойынан соны байқаймыз. Жазушының өзіндік стилизациясы, өзіндік бағыты бар. Сонымен қатар өзі тудырған жеке сөз қолданыстары кездеседі. Автор артық бейнелеулер мен артық сөздерден қашады. Шығарма кейіпкерлері арқылы, оларды орынды сөйлете алуы арқылы қазіргі қоғамның бейнесін ашып береді және осының барлығын өзінің ерекше тілдік бірліктері, стилі арқылы жеткізеді. Мақалада жеке тілдік қолданыстарына шығармаларынан мысалдар келтіре отырып талданып көрсетілді.

Тірек сөздер: жалпы стилистика, стиль, стиль тезі, постмодернизм, көркемдік образ.

Abstract: In this article, a linguistic analysis of the content and language style of the works of the modern writer D.Amantay was done, and he also philologically did an analysis. In addition, the work reflects the main problematic issues of modern society, emphasizes the author's personality, written in short language narratives about the life of the city's population, images of people, orbits and descriptions. Moreover, the stylistic features of the new Kazakh prose and the main direction of the writer D.Amantay in artistic prose were considered. The main purpose of the writer is to achieve compactness and accuracy and we can easily see this in this work. The writer has his own stylization, his own direction. There are also different uses of words by him. The author tries to avoid unnecessary staff and words. The work reveals the image of modern society through its characters, their ability to speak intelligently, and conveys all this through its unique language units and style. The article analyzed and demonstrated the use of individual languages with examples from his works.

Key words: general stylistics, style, stylization, postmodernism, artistic image.

Жаңа бағытты дамытуда ХХІ ғасырдың көшін бастап, жаңа леп әкеле жатқан жаңа заман жазушыларының алдыңғы шебінің бірі жазушы, проза шебері және кинодраматург, постмодернизм бағытын ұстанушы – Дидар Амантай. Бұлай деуіміздегі басты себеп, әдебиет өзгермесе де, әдебиетті құрайтын сөз қашан да өзгеріске ұшырап отырады. Тілді құрайтын – сөз. Сөздер бірігіп үлкен әдебиет ғимаратын құрайды десек болады. Ал, сол сөзді таңдап, талғап қолдану әдеби шеберлік, стилистикалық сауаттылықты көрсетеді.

Жазушы Д. Амантай шығармаларының жалпы мазмұндық сипатына, көркемдік бейнелеулері мен стилистикалық ерекшеліктеріне тоқталамыз. «Жалпы стилистика – шеберлік туралы ғылым саласы, оған тілдің көріктеуші құралдары, солардың көркем әдебиетте қолданылуы жайындағы зерттеулер жаттады. Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралады, ол да өнер, демек шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет.»[1,] Яғни, көркем әңгіме жазудағы автордың тілдік, стилистикалық шеберлігі сөз болады. Осы тұста жазушы тілі әлем әдебиетінің ізімен жазылған бұл шығармаларда автор қазіргі қоғамдағы жастар образын, жастар тілін, өмір сүру дағдысын көрсетеді. Көне қазақ прозаларынан негізгі тілдік, стильдік айырмашылығы да осында. Осы тұста жазушы Д. Амантай өз сұхбатында: «Менің арманым – заманауи қазақ жастарының образын сомдау еді. Әсіресе, қалаша киінген, қазақша сөйлейтін жас қыз-жігіттер бейнесін сахнаға шығарсам деп ойлаймын».[2,]Осыған сәйкес жазушы Д. Амантай шығармаларында басты кейіпкердің сыр-сипаты, мінез-құлқы сөз болмайды. Жоғарыда айтқандай, олардың іс-әрекеті арқылы ғана танылады. Одан бөлек шығармада кездесетін қосымша, яғни қосалқы кейіпкерлердің сыртқы бейнесін ғана көрсеткен.

Мысалы:

«Жеңіл сандал ілді. Үстінде ақ түсті селдір тоқыма, омырауы ашық. Ішінен сары реңді жидеше, бұтына жасыл спорт шалбарын киіпті».

«Оның кигені балағы тар, қара түсті жұқа шалбар, сыртына жіберген ақ торғын жібек көйлегі, мықынын мұқият, бүтіндей толық жауыпты. Аяғында нәшті, өкиесі аласа қара төңілі».

«Үстінде денесіне жабысқан қара түсті тар көйлек, қысқа етегі тым шолақ, омырау қиығы далиып жатыр. Әдемі басып, жүріп келді де, қасымнан өтіп, әрі ұзап бара жатты».

«Ол қара түсті leggings киіп алыпты. Көк торғын жұқа көйлектің етегін белдемшесінің ішіне салмай, leggings-тің сыртына жібере салған. Белін жез топсалы қынама күдері белбеумен тартып қойыпты. Ұштары шорт қиылған шашы иығынан асып, арқасынан молынан төгіліп, жалаңаш жауырынын тұтас жапқан».[3,] Бұл образдық бейнелер тек бір адамға ғана жасалмаған. «Тоты құс түсті көбелек» романында кездесетін бірнеше әйелдің сыртқы бейнесі. Автор өзі айтқандай заманауи қазақ қыздарының бейнесін көрсеткен. Бұл қарапайым, қарабайыр тілмен емес, сөз әрлеуі шебер, сөзді дұрыс таңдай білген десек болады. Сары түсті немесе сары жейдеше деудің орнына реңді тіркесінің қолданылуы әсерлі, мықынын мұқият, бүтіндей толық жауыпты сөздері тиянақты, ықшамдылықты бейнелеуде, көркем образ жасаған. «Ұштары шорт қиылған шашы иығынан асып, арқасынан молынан төгіліп, жалаңаш жауырынын тұтас жапқан» деп суреттеуі әрі әсерлі, әрі образды.

Қандай да бір көркем мәтінде стилистика мен сөз мәдениеті мүдделері тоғысып жатады, өйткені тіл элементтерінің көркем тілде дұрыс не бұрыс қолданылуын, яғни сөз мәдениетінің бұзылып не сақталып тұрғандығын анықтау үшін, әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғандығын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Кез-келген көркем мәтіндегі сөздің стильдік бояуы ол сөздің негізгі мағынасына үстелген қабат болғандықтан, сол қабаттың сыр-сынын тауып алу қажет болады. Зерттеушілер стилистика мен сөз мәдениеті проблемаларын бір-бірімен байланыстыра қарастыру – бүгінгі күннің көкейкесті шаруасына айналып отырғанын көрсетеді. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты тіл элементтерінің жұмсалыуын бағалау болғандықтан, олардың орынсыз, қате қолданылуын тауып-талдау тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады. Бұл ретте жазушы Д. Амантай шығармаларының жазу формасындағы стилі ол – ықшамдылық. Қысқа әрі нығыз жазу. Қимыл-қозғалысты бір сөзбен бейнелеу. Айтар ойды суреттемей, кейіпкердің іс-әрекеті арқылы жеткізу. Бірақ сөйлем көркемдік қасиетінен айырылып қалмау үшін көркемдік тәсілдерді де қолдана білен. Себебі, көркемдік тәсіл шығарманың негізгі арқауы болып саналады. Әдебиетті құрайтын – қоғам. Жазушының көлемі қысқа әрі шағын әңгімелеріндегі негізгі бейне қазіргі қоғамдағы дуалы биік, тас көшелерге қамалған тұрғындардың бір ізбен көшіп жатқан, бір күні екінші күнінен еш айырмасы жоқ қала өмірі, тас қоршаумен қоршалған көше бойында адамдардың тынымсыз тіршілігі, сапырсыған автобустар, адамдардың қайда кетіп, қайдан келетіні беймәлім қым-қуыт сабырсыз бейнесі көрсетіліп, дәл бүгінгі қоғамдағы адамдар образын жасаған. Мысалға алар болсақ «Шаһардағы жаз» әңгімесі: *«Шілде сыймай тұр қала ішіне - ықшам аудан, шағын аула, тар көше, жүйткіп бара жатқан автомобильдер салоны. Қоғамдық көліктер маршрут аялдамаларынан тиіп алған көп кісіден, жанышқан ауыр салмақтан баяу қозғалады... Жұпары аңқыған капуччини, иісі бұрқыраған жапон шайы, төбеден салбыраған гүлдестелер, аспанға асылған күлзарлар, аяқжолдан асып, көше қаптаған шағын үстелдер, қалқа шатырлар, көп орындықты жазғы террасалар, көңілдің гажап хошы, ойдың жұмбақ қуанышы, күлкінің ұзақ мерекесі, жалған өмірде қаза бар ма, жарық дүниеде қасірет бола ма, алматылықтар бульвар жағалап пейіш, жұмақ,*

бақыт кешеді...» [3,]-, деп суреттейді Ал, егер біз XIX бен XX ғасыр әдебиетімен салыстырмалы түрде алар болсақ онда; ауыл адамдарының аңғал көңілін, оқуға ұмтылған жас балалар бейнесін, болашаққа арман-үмітпен қарайтын халық сенімін, жаз жайлауда, қыс қыстауда күнелткен қазақ болмысын айқын көз алдымызға елестетуші едік. Осыдан біз қоғам қандай болса, әдебиетімізде сол бағытта ескегін есетінін көреміз. Бұдан түйетініміз кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңнің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік ортасына сай сөйлеуі қажет. Ал, XV-XVII ғасырдың билері мен ақсақалдағы бас қосқан жерде «мынадай мәселе қараймын», «күн тәртібінде тұрған мәселелер» деп жатса, немесе бүгінгі жай кеңсе қызметкері, есепші-бухгалтер, студент бала күнделікті тұрмыста бұрынғы билерше мақалдап-мәтелдетіп, ұйқастырып, ырғаққа салып сөйлеп жатса, ол шындық болмас еді, шындыққа жанаспайтын көркемдік-идеялық құны да болмас еді. Сондықтан мұндай теорияны оқып білсін, білмесін, нағыз жазушы кейіпкерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдердің бірі болып саналады.

Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек обаздарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің мәні зор. Сол «қалай» - ды көрсету – стилистиканың міндеті. Мұны жоғарыда мысалға келтірген әңгімеден де көре аламыз. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады.

Жалпы қазақтың көркем прозасының жоғары сападағы жазба түрін тудырушылар Ыбырай Алтынсариннен бастап, алғашқы роман авторлары Б. Майлин, М. Әуезов, Ж. Аймауытов сияқты жазушылардың өткен ғасырлардағы қаламынан туған еңбектер барлығы да орыс тілінде сусындағандар. Демек, олардың жазушы ретінде қалыптасуына, ізденістеріне орыс көркем әдебиетінің, әсіресе, прозалық дүниелердің ықпалы күшті болған. Бұл ықпал тек әңгіме, повесть, романдардың структуралық бітімдерін дұрыс құрау, фабуласы, яғни шығарманың кейіпкерлері мен оқиғасын таңдайтын сюжеттік негізі, баяндау мәнері, үні деген сияқты таза әдеби талаптарда ғана емес, тілінің шығарма түріне сай, оқырманға түсінікті және әсерлі болуы, жергілікті немесе ауызекі сөйлеу тілі элементтерінен жоғары тұруы тәрізді талаптарға келгенде де мықтап ізденіс салған. Сол секілді, өткен дәуірдің ұлы жазушылар жолының қалыптасуына орыс әдебиеті негіз болса, ал Д. Амантайтың жазушылық жолындағы кітаби ұстазы ретінде Уильям Фолкнер, Герман Мелвилл, Эрнест Хемингуэй, Габриэль Гарсиа Маркес, Жан-Поль Сартр, Ясунари Кавабата сынды әлем әдебиеті майталмандарының әсері мол екедігін көреміз. Себебі, автордың негізгі мақсаты қысқа әрі тың, нақты, артық бейнелеу, көркемдеусіз қазақ әдебиетінің проза жанрын әлем әдебиетінің шыңына шығаруды көздейді.

Жазушы Д. Амантай шығармалары көркемдік бейнелеуден гөрі қысқа баяндаулар көбірек кезігеді. Әңгімелерді нақты шындықты суреттейтін жалпы стилі диалогтерді беруде де көзге түседі. Әрбір ұсақ детальды көрсетеді. Автордық тағы бір ерекшелігі әрбір нәрсені нақты атауымен, оқиғаның қай жерде болғандығын көрсетуі. Мысалға «Тоты құс түсті көбелек» романындағы мейрамханалар атуы; «Есік» мейрамханасына ертіп кетейін деп едім (12), «Жұлдыз» кафесінің маңынан түсіп қалдық (23), «Меруерт» кафесінде біреулер тиісе беріпті (24), «Қаламгер» кафесіне көтеріле бердім (35) т.б., автокөлік атаулары; «Жигули» маркалы автомобиль (13), кездесе, «Нива» маркалы машина қапталдау тоқтап... (95), «ЛАЗ» машинасы шайқалып кетті (99), «BMW» маркалы автомобиль көрінді (159), осы сияқты

«Целинный» кино театры, «Динамо» спорт орталығы, «Спартак» кешені, «Holsten» шарабы, «Skol» сырасы, көше атаулары нақты жазылып берілген. Онымен қоса, тағы бір ерекшелік роман, әңгімелердің суреттелген кезеңін көрсетуі үшін жазылған сол уақыттағы ағылшын әшілері мен ән атауларының жиі кездесуі. «Кафе іші Chris De Burg әуеніне бөленіп тұрды»(55), «Act Of Base тобының әуені тарады» (52) осы сынды атаулар «Тоты құс түсті көбелек» романында 20 рет кездесе, «Топ шеңгел» романында 10 рет кезігеді. Бұл автордың өзіндік стилизациясы.

«Стиль тезі (стилизация деген термин осылайша қазақшаға аударылған, дәлірек айтсақ «белгілі бір стиль тезіне түсіру) көркем шығарманың тілдік материалын белгілі бір әлеуметтік ортаға немесе белгілі бір тарихи кезеңге, әдебиеттің белгілі бір бағытына, жанрына т.б. қарай үйлестіріп, таңдап қолдану. Стильдік тезге түсу дегеніміз-шығарманың тақырыбына, жанрына, эстетикалық мақсатына және «автор образы» дегенге, яғни автордың айтпақ идеясына, көзқарасына, композициясына – тілінің үндес келуі.» [4,] Осындай стилизациялық тезге түсе білуі жазушы Д. Амантай шығармаларының негізгі ерекше көрінісі деп айтуымыз. Мысалы, тарихи шығарма авторы жеке атауларды таңдауда болсын, кейіпкерлерді сөйлетуде болсын, т.т. суреттеп отырған дәуір шындығына мейлінше жақын, сәйкес келуді көздесе, ол тарихи стилизация. Ал, Д. Амантай шығармасын заманау қоғам стилизациясы десек болды.

Мұнан кейін жазушы туындысындағы көркемдік өрнегіне назар салған жөн. Ондағы поэтикалық тіл кестесі. Көркем шығарма бойындағы эпитет, теңеулер; «тыныштықтың бояуы – тіршіліктің түсі – көк жасыл», «рюмкадағы шарапты жұтып салғанда, брэнди тілімді ашытып, өңешіме жетіп, жыртып өткендей болды да, кеудемді қыздыра бастады» (43), «махаббат пісіріп жатқан ас сияқты, кейде дәмсіз шығады» (45), «қара көзілдірігі тықыр шашына асылып қалыпты» (39), «екі ғаріп-қасердің жан сарайында не болып жатқанын түсіндім» (39), «желіккен төбет желге үреді» (28) «тыныштықтың бояуы – тіршіліктің түсі – көк жасыл», секілді бұдан да бөлек анықтауыш бейнелеулер кезігеді.

Қорытындылайтын болсақ, жазушы Д. Амантай шығармаларының ерекше стилистикалық реңі бар. Себебі, жазушы шығармалары қазақ әдебиетінен гөрі, шетел әдебиеті үлгісіне көбірек ұқсас. Шығармаларының басым бөлігі диалогтан құрылуы, автор өз санасында, басқа ұлы кейіпкерлермен көп тілдесуі негізінде жасалғандай. Сонымен қатар, әдеби тілмен қатар философиялық ойлар да қатар келіп отырады. Осы ретте жазушының өзі «Шығармашылықпен айналысамын деген адам не үшін кітапты көп оқуы керек? Себебі, жас қаламгер кітап арқылы стильдерді таниды. Өзін табады. Меніңше, өзіңізді табу үшін өзгені оқуыңыз керек. Оқудан жазу пайда болады» деген екен. Бұдан шығатын қорытынды, автордың жастайынан кітаби ұстазы шетел әдебиеті екендігін көреміз. Осыдан барып жазушының тілдік қолданысына, сөз таңдау, сөз әрлеу, кейіпкер бейнесін жасауында ерекшеліктер әкеледі. Сонымен қатар автор шығармаларында қазіргі қоғамның келте тұстары мен адамның осал қасиеттерін аша біген.

Д. Амантай шығармаларының соңғы онжылдықтарда дүниеге келген роман, әңгімелерінің тілін, стильдік тезге түсуі тұрғысынан да талдау жүргіздіп қарастырдық. Бұл ізденісте негізгі әңгіме стильдік тезге салудағы амал-тәсілдердің және бір амалдарын көріп-тануға мүмкіндік берді. Ол – жазушының белгілі бір кезеңнің материалдық реалийлерін дұрыс, біршама толық көрсету шеберлігі мен табыстары. Бұл да – әлем әдебиетінің қай-қайсысымен де қазіргі қазақ көркем әдебиетінің терезесі тең шоқтығы биік екендігін танытатын белгінің бірі.

Жазушы шығармалары европалық жоғарғы деңгейге жететін көркем прозалық туынды деп сеніммен айтсақ болады. Қазіргі уақыттың өзінде шағын, қысқа тілді шығармалар бірнеше тілде аударылып, жарық көрді. Оқырман ықыласына бөленді. Алдағы жылдарды Д. Амантай шығармаларын әлем әдебиеті беттерінде еркін жүзе аларына сенім білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М, Томанов М, Жанпейісов Е, Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқулық, 3-ші басылым. – Алматы: 2005ж.-256 бет.
2. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19640>
3. Дидар А. Махамбет философиясы: проза, философия, эсселер, өлеңдер, рецензиялар, сұхбаттар / Бес томдық шығармалар жинағы/. Екінші том . – Алматы , 2014 – 604 бет.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296 бет.

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Сыздықова Р. Тіл және ұлттық мәдениет. 14-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 344 бет.
- 2.Фромикин В., Родман Р., Хайамс Н. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. Тіл біліміне кіріспе, 10-басылым, Халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 608 бет.
- 3.Тер-Минасова С.Г. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 320 бет.

ҚҰСҚА ҚАТЫСТЫ КҮН РАЙЫ ЖАЙЫНДА ХАЛЫҚ БОЛЖАМДАРЫ

Қасымханова Алтынай Бақтиярқызы

2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ
E-mail: Altynai_18.02.98@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада дәстүрлі мәдениетте халық есепшілері (халық астрономдары) табиғаттың саналуан құбылыстарын жіті көзбен бақылай отырып, күн райы туралы ұзақ мерзімді болжаулар айта білгендігі туралы сөз болады. Ондай болжамдардың шаруа адамына тигізетін көмегі аз болмаған. Қыстың қатты не жұмсақ болатындығын, көктем мен жаздың қалай өтетіндігін, жауын-шашын мөлшерін халық құстың қимыл-әрекетіне қарай болжап отырғандығы туралы айтылады. Адам қоғамы мен табиғи орта (экожүйе) арасындағы қарым-қатынасты үйлестіріп отыруда құстардың қимыл-әрекетінің атқарар рөлі айрықша екендігі көрсетіледі.

Ұлт тарихы мен ділін, өзіндік болмысын, рухани құндылықтарын өз бойында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізер тілдің қызметін танытар құстың қимыл-әрекетіне байланысты күн райын болжауға қатысты халықтық атауларға мақалада назар аударылды. Халықтық лексика, яғни этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстары мен күн райы туралы халықтық болжамдар астарына талай сыр бүккен тілдік бірліктер болып табылады. Сондай-ақ, күн райы туралы құсқа қатысты халық болжамдары этнос болмысының өткенін, ұлттың өзін-өзі тануға сүбелі үлес қосатын құндылықтар қатарынан табылып отыр.

Тірек сөздер: дәстүрлі мәдениет, халық есепшілері, күн райы, табиғат құбылыстары, құстың қимыл-әрекеті, халықтық лексика, табиғи орта, экожүйе.

НАРОДНЫЕ ПРЕДСКАЗАНИЯ ПРОГНОЗЫ ПОГОДЫ КАСАТЕЛЬНО ПТИЦ

Аннотация: В статье речь пойдет о том, что в традиционной культуре народные считальщики (народные астрономы) умели делать долгосрочные прогнозы о погоде, внимательно наблюдая за многообразными явлениями природы. Такие прогнозы не могли не помочь крестьянской общине. Рассказывается о том, что зима будет суровой или мягкой, как пройдут весна и лето, количество осадков прогнозируется населением в зависимости от действий птицы. Будет доказано, что в гармонизации отношений между социумом и природной средой (экосистемой) особую роль играют действия птиц.

В статье было уделено внимание народным названиям, касающимся предсказания погоды в связи с действиями птиц, которые из поколения в поколение демонстрируют деятельность языка, хранящего в себе национальную историю и менталитет, самобытность, духовные ценности. Народная лексика, т. е. народные предположения о природных явлениях и прогнозе погоды, присущие конкретному региону, населенной этносом, являются тайные языковые единицы. Кроме того, народные предсказания о погоде касательно птиц находят свое отражение в прошлом этноса, в числе ценностей, которые вносят значительный вклад в самосознание нации.

Ключевые слова: традиционная культура, народные считальщики, прогноз погоды, природные явления, действия птиц, народная лексика, природная среда, экосистема.

FOLK PREDICTIONS WEATHER FORECASTS FOR BIRDS

Abstract: The article will focus on the fact that in traditional culture, folk readers (folk astronomers) were able to make long-term weather forecasts, carefully observing the diverse phenomena of nature. Such forecasts could not but help the peasant community. It is told that the winter will be harsh or mild, how spring and summer will pass, the amount of precipitation is predicted by the population depending on the actions of the bird. It will be proved that the actions of birds play a special role in the harmonization of relations between society and the natural environment (ecosystem).

The article paid attention to folk names related to weather forecasting in connection with the actions of birds, which from generation to generation demonstrate the activity of the language that preserves the national history and mentality, identity, and spiritual values. Folk vocabulary, i.e. folk assumptions about natural phenomena and weather forecasts that are specific to a particular region inhabited by an ethnic group, are secret language units. In addition, folk weather predictions about birds are reflected in the past of the ethnic group, among the values that make a significant contribution to the self-consciousness of the nation.

Key words: traditional culture, folk readers, weather forecast, natural phenomena, bird actions, folk vocabulary, natural environment, ecosystem.

Кіріспе

Қазақ халқы ұлан-байтақ жерінің әрбір шоқысының, тауының, белінің, белесінің, өзенінің, көлінің және онда мекендейтін жан-жануарлар мен құстардың тіршілігін, тіпті жер жамылғысы өсімдіктердің т.б. ерекшеліктерін жақсы білген, біліп қана қоймай, оны тілге түйіп сақтаған. Сол жерінің бүкіл байлығын түсінумен, сол байлықты білімімен өмір-тіршілігінің көзіне, құндылығына айналдырумен сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Құстар әлемі қоғам мен табиғаттың, қоғам мүшелерінің тыныс тіршілігімен тығыз байланысты. Мал баққан шаруа мен ит жүгіртіп, құс салған саятшылықта қазақ халқы құстың бар мінез-құлқына әбден қанық болған.

Қазақ есепшілері күз және көктем айларындағы күн райын болжауда жыл құстарының келуі мен қайтуын есепке алып, ескеріп отырған.

Жыл құсының келуі. Жыл құсына халық *көкқұтан, аққұтан, дегелек, тырна, қаз, үйрек, дуадақ, ұзақ, шағала* тәрізді ірі құстарды жатқызады. Өзгелерден гөрі күндіз-түні мал соңында жүрген малшы қауым, әсіресе жылқышылар құс тіршілігін жіті бақылайды. Олардың айтуынша *қоңыр қаз, аққу, қараша қаз, үйрек* түн қатып келеді екен; *көк шымшық пен сары шымшық тырнаның, қарлығаш дуадақтың* арқасына мініп қайтады екен. Бұлдырлықтың ұшқанына көз ілеспейді, ал *оқпақтың* шақырған даусынан бие құлын тастайтын көрінеді.

Көктемде жауған ең соңғы қарды жыл құсымен байланыстырып, *құс қанаты* деп атайды. Олай дейтіні жыл құсының ең соңын ала келетін құс өзінің қанатына ілестіріп қар ала келеді деп түсінген. Яғни жыл құсының хабаршысы - құс қанаты - жауа салысымен еріп кететін, жерде жатпайтын қар.

Ел ішінде *наурызкөк, наурыз торғай, жылқышы құс* немесе *көкқұс* аталатын жұдырықтай ғана жыл құсы өкпек есіп, қар ери бастағанда өзгелердің алды болып ұшып келеді. Қарасы шағын ғана, жеп-жеңіл, ұшқалақтап тұрған аяғы жіңішке, құйрығы ұзын, көк ала кішкентай құс. Оны жаздың келген белгісі ретінде күтіп жүреді. Наурыз торғай келген соң күннің суығы сына бастайды, өте бір суық, боранды күндер болмайды. Оны алғаш көргендер *«Наурызкөгім келдің бе?»* деп шақырады, жем шашады. *«Наурызек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?»* деп сұрайды екен. Наурызекті ешкім қумайды, үркітпейді, оны бақыт құсы қатарына қосады. Оның анасы – Жер-Ана дейді аңызда. Наурызек ұясын көбінесе шөп арасына салады. Жұмыртқа ашар кезде еркегі ұясы мен жұбын қатты қорғауға алады, өзі шамалас құстардың біреуін де жолатпайды.

Қыр адамдары жыл құсының келуін жер-көктің түлеуі, жаңғырып, жаңаруы деп түсінген. Жер-су мен жыл құсы бір-бірімен қуана қауышып, сағынысып табысқандай көрінеді. Ағаш арасында *көкектің* шақырғаны, шілікті жерлерде *қара құрдың* құрылы, көл маңайында *сарала қаздың* қаңқылы, *көкала үйректің* барылы, *аққудың* сұңқылы, *бозторғайдың* діріл қаққан шырылы жер-көкті әсем әуенмен тербетіп, қыр адамын ерекше сезім-күйге бөлейді. Тау мен дала, сай-сала айрықша түрге енеді. Сондықтан қыр адамдары жыл құсын жаңарудан, қуанышты жаңалықтың нышанындай көреді.

Батқанда Сары жұлдыз қар келеді,

Ілесіп қазбен бірге жаз келеді, -

деп жаздың келуін қанаттылармен байланыстырады. Бұдан халықтың эстетикалық танымында жыл құсының айрықша орын алатынын байқауға болады. Байырғы қазақ тұрмысында қыстан шыққан осы кезді *«қыстан аман-есен, күйлі шықтыңдар ма, қыс қалай өтті?»* деп арнайы қал сұрасады. Сондай-ақ күн жылынып, көк көтерілген шақты *«өлмеген құлға шықты жаз»* дейді. Мысал ретінде «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің жантәсілім етер сәтінде жазға салым қайтып келген қаздарға қарап айтқан сөздерін келтіруге болады:

Әуелеп ұшқан алты қаз,

Етің шекер, сорпаң бал.

Өлмеген құлға құдая,

Келіп қапты-ау мынау жаз (Қыз Жібек. Лиро-эпостық поэма. Алматы:

Мектеп, 2003).

Байырғы кезде балалар өзен бойлап, қопалы көлді жағалап үйрек, қаз тәрізді адал құстың жұмыртқасына тақияларын толтырып алады. Жаз ортасына таман *адал құстар* әбден семіріп, мамырлай бастайды. Бұл кезді *үйрек –қаздың мамырға жығылуы* деп атайды. Семірген құс қанат-қауырсыннан түлеп, жөнді ұша алмайды да, мамырға жығылған құсты аулау аса қиын шаруа болмайды. Ауыл-аймақ құс-етіне

қарық болып, әйелдер құс мамығын жастық, төсек жабдығын жасауға жинастыра бастайды. Алайда ауыл үлкендері адал құсты беталды мөлшерден артық аулауға қатаң тыйым салған.

Жыл құсының қайтуы. Әдетте халық құс жолын жыл құсыны соқпағы деп, жылы жаққа қайтқан құстар осы жолды, яғни оңтүстікті бағдарға алады деп түсінеді. Топтасып ұшатын жыл құстары өздерінің ұясын, қанат қағып, ұшқан жерімен «қоштасқандай» болып, бір айналып өтеді. Қайтқан құстың үнімен қимастық сезім, әлдеқандай нәзік мұң сезілгендей болады. Қыр адамының эстетикалық танымындағы осы күйді Мұқағали Мақатаев өлең тілімен, әдемі өрнектеген:

*Әлде көктем өткізген жас шағым ба?
Күз болды ма көңілімнің асқарында?
Жылап келген көктемде жыл құстары
Жылап бара жатыр ма аспанымда?*

Қиу салған тырналар тізбегі кешқұрым қайтып, түн қатыш ұшады. Қараша қаз тобы да ұшқан ұясын бір айналып өтеді. Қараша тым биіктеп ұшса, суық түсіп, қыс қатаңдау болады деп жорамалдайды. Есепшілер қарашаның қайтуын *жеті амалдың* біріне жатқызып, күн райын болжаған. [1,151].

Ғалым Р.Сыздық «Қазақ халқының ұлттық болмысын шынайы көрсететін халықтық атаулардың, әсіресе «Халық медицинасы терминдері», «Халықтың метрология терминдері», «Халықтың метеорология терминдері» көбінесе жеке сөз емес, сөз тіркесі болып келетін атаулардың (мүмкін, барлығы «термин» деуге де болмас) мән-мағынасын, түп-төркінін, жұмсалатын орнын, қызметін көрсету – білім-таным үшін де қажет харекет болмақ»[2,26]

Құстың жайы – жыл құстары жылы жаққа қайтатын кезде байқалатын күн райындағы тосын құбылысқа байланысты қалыптасқан амал. Амал – әр жылдың он екі айындағы табиғат құбылыстарына байланысты халықтық тәжірибеде қалыптасқан болжамдардың атаулары мен реттері. Осы есепке сүйене отырып, есепшілер күн райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын ұдайы қадағалап, болжап, шамалап отырады және алдағы айға болжам жасалады. Амалдар наурыз айынан басталады. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды, аралас қарлы жаңбыр, суық жел тұрады. Мұны ел *құс қанаты* деп атап амалға жатқызған.

Қараша айындағы құс оңтүстікке қайта бастайтын уақыт *қараша қаздың қайтуы* деген амалдың атауы.

Құс айырған құбидың желі – қара күзде соғатын желдің саятшылар тіліндегі атауы, қазанның қара дауылы. Құс айырған құбидың желі қазан айында болады. Бүркіт текті қырандардың балапандары қанат қатайып, өз бетімен жемін алып жеуге машықтанып, азықтана алады. Сол күзгі жел соққанда жыл құстары терістіктің суығынан түстіктің жылылау жағына қарай қоныс аудара бастайды. Қоңыр аң, су құстары да жылы жаққа ойысады. Солардың соңынан аушы құстар да жылыстап жол тартады.

Ерте көктемде жауатын қарды өзге жауын-шашыннан ажыратып, *құс қанаты*, *нәурізек қары*, *көк қарғаның суығы* деп атап, бұдан кейін күн жылынаатынын болжайды. *Көк қарғаның суығы* өтпей қой қырқылмайды. Мұндайдан бейхабар шаруа көк қарғаның суығы өтпей, қой-ешкісін қырықса, суыққа ұрындырып, малын қырып алуы мүмкін. Жыл құстары жылы жаққа кеш қайтса, күз ұзақ, әрі жайлы болады. Керісінше торғайлар ұясына мамық тасыса, күн кенеттен суыйды.

Қара күзде қаз-үйрек тәрізді құстардың еті таралып, жазғы балапан құстың қанат-қауырсындары қатайып, бүтінделеді. Осы кезде саятшылар лашын, қаршыға

тәрізді қырандарын баптап, қайырып құсқа салуға әзірлейді. Көл жағалаған саятшы алдымен желдің бағытын аңдап, желді ұйтқи соққан сәтінде дауылпазын даңырлатып, көлден қазды үркітеді. Ат бауырлата шауып келе жатып, көлден көтеріле ұшқан қазға қарай қолындағы қаршығасын атып кеп жібереді. Қазға тұяғымен эп-сәтте жабыса түскен қаршыға қазды желдің ығына қарай тарта жөнеледі ал қаршығамен арпалысқан қаз желге қарсы ұша алмай, қаршығаның ырқында кете барады. Этнограф жазушы С.Бегалиннің айтуынша саятшылықта қолданылатын қаршыға салудың бұл әдісін құс салушылар «*түйе тіркеу*» деп атайтын көрінеді.

*Сағыныштай сарғайып сары қайың,
Жапырқтар шертеді сары уайым.
Кернейлетіп, сыңсытып, жет, тырналар.
Ұзатқалы барады сәуір айын.*

*Енесінен құлындар жеріген бе?!
Арылтыпты бал сусын желіден де.
Қиқулаған тырнаның қанатында,
Жаз ілесіп барады керуенге.*

(М.Мақатаев)

Тырнаның қанатына жаздың ілесіп бара жатқаны, даланы тырна әнінің әлдилеуі – осылардың бәрі поэзия тіліне тән жарасымды поэтикалық қолданыстар. [3]

«Кез келген халықтың алыс замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары – сол халықтың ғұмыр жолының айнасы» [4, 220], - деген пікірдің ақиқатын күн райын болжауда құстар әрекеті мен қылық-қимылына қарап болжауға болатынын растайды.

«Тіл – өз халқының тұрмыс-салтының көрсеткіші ғана емес, мәдени талғамы мен дүниетаным ерекшелігін де танытатын дүние бейнесі. Тіл – қоғамдық сана көрінісі. Дүниенің тілдік бейнесінен әр ұлттың өз болмысы, өз әлемі, мәдени танымдық ерекшелігі айқын көрінеді» [5,149]. Соның бір көрінісі күн райын болжаудағы құстардың қимыл-әрекеттерінен байқалады.

Қарлығаш - Қарлығаштың ұшуына қарап қазақ күн райын болжайды: қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр жауады; қарлығаш қалықтап ұшса, күн ашық болады; қарлығаш ұясына жем тасуын жиілетсе, күн райы бұзылады.

Бұл болжамдар халықтық тәжірибеге негізделгендіктен көбінесе дұрыс болып келеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, жаңбыр жауардың алдында атмосфералық қысым төмендеп, ұсақ шыбын шіркейлер жер бетіне жақын ұшады, оларды аулаған қарлығаштар да жер бауырлап ұшатындығын бақылаған халық, қарлығаштың жер бауырлап ұшуымен – күн райының бұзылуының байланысын байқап болжам жасаған. Күн ашықта қарлығаш шыбын-шіркейді жоғарыдан қалықтап ұшып жүріп ұстайды. Демек, қарлығаш қалықтап ұшса, күн ашық болады деген ертеден орныққан тұжырым атмосфералық қысымның жоғарылап тұрғанын, яғни, күн райы тұрақты болатынын болжауға негіз болған. Ұзақ ақжауынның алдында қарлығаш балапандарын жиі қоректендіріп, жауын кезінде екі-үш күн қорексіз ұстайды. Оны байқаған халық қарлығаш ұясына жиі тамақ тасыса, күн суып, ақжауын болады деп болжаған.

Қарға – қазақы ортада қарғаның іс-әрекетіне қарап, күн райын болжаған. Қарғалар ағашқа, қора-қопсының төбесіне қонып қарқылдаса, күн райы бұзылады, қыс болса, қар жауады, жаз болса қатты нөсер немесе ақжауын болады деп топшылаған. Шау қарғалар шуылдап, қарқылдап, топтасып ұшса, күшті қарлы боран болады. Сондай-ақ қарғалар топтасып бір бағытқа қарап отырса, сол жақтан күшті жел соғады. Қара қарға ұясынан ұзап ұшса, күн ашық жайлы болады. Сонымен қатар, жыл

құстарының ішінен көк мойын ұзақ қарға бірінші келсе, қыс ұзаққа созылмайды, көктем ерте шығады деп жорыған.

Қазақ дәстүрінде қырғауылға байланысты күн райына жорамал жасайтын көптеген ұстанымдар бар.

Қырғауыл – Қазақстанның барлық аумағында дерлік мекендейтін құс. Қырғауылға байланысты күн райына жорамал жасайтын көптеген ұстанымдар бар. Мысалы, қырғауыл құрқылдаса, жаңбыр жауады. Қырғауылдың ұясында жұмыртқасы көп болса, қыс жайлы болады, керісінше жұмыртқа аз болса қыс қатты, жұт болуы мүмкін. Қырғауыл қарға аунаса, күн жылынады деген сияқты. Күн райын болжауда басқа құстарға қарағанда көбірек аталуы, қырғауылдың күнделікті тұрмыста ауыл маңында кездесетіндігімен және көп таралғандығымен байланысты болса керек.

Қараторғай келді дегенше, көктем келді дей бер. Мезгілінен ерте келсе, көктем шуақты, кеш қайтса, күз қолайлы, қыс жұмсақ болмақ. Аспанда ұшып жүріп, түрлі қимыл жасай берсе, топтанып ұшса, күз ұзаққа созылар. Жүнін үрпитіп мазасызданса, күн райының бұзыларын, топтанып ұшып, тез қоны аударса, кешікпей жел тұрарын, топтанып алып шырылдаса күн көзінің ашылар нышанын білдіргені.

Торғай – күн ашық күндері торғайлар таң-сәріде топтанып ұшып, тамға немесе ағаш бұтақтарына қонып сайраса, күннің үздіксіз ашық болатындығынан, егер торғайлар бүрісіп, қанат-жүндерін үрпитіп, дамылсыз шырылдай беретін болса, ұзақ өтпей-ақ күн бұлттап жаңбыр жауатындығынан дерек береді. Жаздың жаңбырлы болып, судың көтерілерін қамыс торғайдың ұясының орналасқан жеріне қарап анықтаса болады

Сондай-ақ жаздың құрғақ боларын ойпаңға салынған бозторғай ұясы жаршылайды. Ал ұя қырға салынса жауын-шашынның мол болары анық.

Шымшық біткен таңертеңнен шиқылдаса, түнде аяз болады. Ал бәрі қосыла жиі - жиі шиқылдағаны, күн жылынарын күткендері.

Ұзақ-қарға көктем құсы. Олар ерте оралса, көктем қолайлы. Теректің ұшар басына қонып отырса, күн жылынып, орта тұсына қонып, бұтақ арасына тығылатын болса, аяз күшейерінің белгісі болмақ. Жазда көкке жайылғанын көрсен, кешікпей-ақ жаңбырды күте бер, ал қыста тұмсығын қанатының астына тығып тұрғанын көрсен, аяз боларын біл.

Қарға ерте көктемде қарға шомылса, күн жылынады. Олар ағаш бұтақтарына жайғасып, не шуылдай топтасып ұшса, күн суытып, боран соғарын, жаз кезінде аузын ашып қарқылдай берсе, найзағай ойнарын, қыста ағаш басына қонақтап, қарқылдаса, аяз боларын, жиналып алып, шуласса, қар жауарын, бастарын әр жаққа қаратып, бейғам отырса, күннің желсіз ашық боларын, ағаш діңгектеріне жақын қонақтап отырса, күннің желді боларын білдіргені деп түсіну керек. Қарға ұдайы жоғары дауыспен қарқылдаса, 1-2 күннен кейін, қатты жаңбыр жауатындығынан, егер даусы қарлыққанша қарқылдаса, ұзақ өтпей-ақ жаңбыр жауатындығынан дерек береді. Қара қарға топтасып алып қарқылдап ұшса, күн бұзылады.

Кәдімгі тауық та өз әрекеттерімен, күн райының өзгерістерін білдіреді. Мысалы, жаңбырлы күні қораз таң ата шақырса, күн ашылады. Кешке шақырса, күн райы өзгереді. Күндіз жиі-жиі шақырса, күннің жылынарын біл. Тауықтар үстіне топырақ шашып жатса, күн шуақты болмақ. Ал құмға аунап, қанаттарын қаққылап, сілкініп, қауырсындарын тарағыштаса, жаңбыр жаумақ. Жүнін үрпитіп қыт-қыттаса, күн райы бұзылмақ. Бір аяғын бауырына жиырып, бір аяқпен қаздиып тұрса, күн суытады. Құйрығын бұлаңдатса, бұрқасын соғар. Сіркіреген жауында далада жүрсе, жаңбыр ұзаққа созылмас. Тауықтар қыста ұясына ерте қонақтаса, аяз болар. Ал жазда солай етсе, жаңбыр жауар. Сондай - ақ, тауықтар мезгілінен бұрын күзде түлесе, қыс жылы болады деген сөз. Күн суытарда тауық қоразданып, жерді қопсыта бастайды.

Тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үрпий, айдары қызарса күн суытып, жауын жауады. Әтеш бір аяғын жиі көтерсе, аяз келеді деп жорамалдаған.

Жалпы құс біткен сайраса, келер күннің ашық боларын, тыныш болып қалса, күн күркірерін, жыл құстары топтанып қайтса, қыстың қатты боларын, көктемде тобымен бір мезгілде оралса, көктемнің ерте келерін, жер бауырлап ұшса, күн райының бұзыларын, қыста үй төңіректен қиқуласса, қарды қазса, күннің суытарын білген дұрыс.

Сондай - ақ, құстар күзгі ұясын күнгей жаққа салып алса, қыс суық, теріскей, яғни көлеңке жағына салған болса, қыс жылы болмақ. Құс біткен төмендеп ұшса, ықтаса, суға түссе, үрейленіп шуласа, жем іздеуге ерте шығып кетсе, жауын жауарының белгісі деп түсінген дұрыс болады.

Шулап жатқан құс біткен қиқуын тез тия қойған болса, аспанда найзағай ойнарын күткені болады.

Метеорологтар атмосферадағы күн райы өзгерістері мен ауа райы құбылыстарын метеорология құрал-жабдықтарымен тексеріп, ауа-райынан алдын ала мәлімет берумен бірге, табиғат дүниесіндегі құс, жәндік қатарлылардың тіршілік қимылын бақылау арқылы олардың атмосферадағы өзгерістерді алдын ала сезе алатын биологиялық қабілетке ие екендігін байқаған.

Көкек – көкектің сайрауы күннің ашық, ауа температурасының біршама жоғары болатындығынан дерек береді.

Сарғалдақ – мысықтың мияулағанындай дауыс шығарса, күннің бұлыңғыр болатындығынан, егер сыбызғының дауысындай үн шығарса, күннің ашылатындығынан дерек береді.

Үкі – жаз, күз маусымында, күн шыққан кезде немесе ақшам уағында арт-артынан 2-3 рет жылағандай дауыс шығарса әрі бұтақтан-бұтаққа қонып тыным таппаса, күн бұлыңғырланып, жаңбыр жауатындығынан дерек береді.

Сақау кептер – ағаш бұтақтарына бүгініп алып, мойнын ерекше созып сайраған кезде дауысы булығып шықса, күн бұлтты болып, жаңбыр жауатындығынан, егер ол мойнын табиғи созып, ақырын сайраса, даусы салмақты шықса, ауа райының ашық болатындығынан дерек береді.

Сауысқан – таңертең қора маңындағы ағаштарға қонып алып шықылықтаса немесе жерге түсіп шықылықтай секектеп жүрсе, күн ашық болатындығынан, егер ағаш басында бір ұшып, бір қонып тынымсыз шықылықтаса, күн бұлттап, жауын-шашын болатынынан дерек береді.

Күн райын құстардың әрекетіне қарай болжау шаруашылықты ұйымдастыруда ерекше мәнге ие. Халық болжамы бойынша күздің алғашқы күнінен бастап сауысқан ескі үйлер мен шатырды торуылдап жиі шықылықтаса, ол қыстың қатты болатыны туралы хабары. Өйткені, оны алдын-ала сезген сауысқан өзіне күзден бастап жылы ұя әзірлеуге кіріседі.

Дуадақ жылы жаққа ұшып кетпесе, қыстың жайлы боларынан хабар бергені.

Шіл мен құр қардың астына қорғалайтын болса, көп кешікпей боран соғады.

Сонымен бірге жаз жаңбырлы болатынын іргесін биіктеткен, саздан соғылған *қызыл қаздың* ұясынан да білсе болады.

Саңырау құр тал басында қонақтайтын болса, қалың тұман түседі. .

Жарқабақтағы, талдағы, жердегі ұя атаулы биіктетіліп салынса, су тасқыны болады.

Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстар топ-тобымен ұшуы күздің жылымық кезеңі тағы біразға созыларынан белгі береді.

Құстардың жылы жаққа төмендеу ұшқаны – қыстық қатал боларынан хабар бергені.

Қорыта айтқанда, қазақ даласында ешқандай құрылғыларсыз-ақ ғасырлар бойы ғұмыр кешіп келген қазақ халқы күн райын өзінше болжай білген. Үй жануарларының қылықтарына қарай, құстың ерте не кеш ұя салуына, ұяның қалай орналасқанына да мән беріп күннің қалай құбыларын анықтаған. Сәйкесінше амал да жасаған. Астрономияны меңгермеген, биологияны білмейтін, синоптикадан сынақ тапсырмаған халықтың осыншама білігі расымен таңқалдырады. Біз талдауымызда құстардың қылық-қимылы арқылы күн райын болжауды ұлттық таныммен бірлікте қарастыруды мақсат еттік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі *Нұрсан Әлімбаев*. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, 1-5тт.-Алматы, 2017.
2. Сыздықова Рәбиға Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Ел-шежіре», 6-т.-2014.
3. *Раушанов Е.* Құстар – біздің досымыз. Алматы: Жазушы, 2007.
4. *Гачев Г.* Национальные образы.-Москва.:1988-448б.
5. *Мұратова Г.* Абай тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейі. Астана, 2009.-356.

ҰЛТ БОЛМЫСЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҚАЛАМҒЕР

А.Ж. Нуржанова

Түйіндеме: Тәрбиенің түп тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызда десек, Ә.Кекілбаевтың ұлттың ұлылығын танытуда қоғамдық қызметімен ғана емес, қалам қуатымен жасаған қымбат қазынасы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние екендігін белгілі.

Осы орайда, зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеті: қаламгер шығармаларында кездесетін нағыз адамдық, шынайы сыйласымдық, адал достық, қимастық сезім сияқты толып жатқан қазақ халқының бойынан табылатын ізгі қасиеттерді ашып көрсету. Жазушы ұлт рухын аша түсуде қолданған этнографиялық өрнектерді сараптай отырып, топтастыру.

Жалпы ұлттық рух пен мінез дегенде, мынадай басты құндылықтарымызды алға тартар едік. Олар – туған жер, ана тіліміз, тарихымыз, дініміз бен салт-дәстүріміз. Міне, осы құндылықтардың қай-қайсысы болса да жазушы шығармашылығының алтын арқауы екендігін дәлелдеу. Тақырыпқа сай өрнектерді тауып, оған талдау жасау, жүйелі баяндау, нақты мысалдармен тұжырымдау.

Әбіш Кекілбайұлының қаламынан шыққан шығармалары қазақ баласын ойланып толғануға, қайраттануға, айбаттануға, болашаққа үмітпен қарауға шақырады. Сонымен бірге, жас ұрпақты тарих қойнауына үңіле білуге, білім алуға, зерделі ой, салиқалы сөз айтуға жетелейтіндігін дәлелдеу.

Тірек сөздер: Ә.Кекілбаев, ұлттық болмыс, салт-дәстүр, жазушы шеберлігі.

A PENMAN WHO GLORIFIED THE ESSENCE OF THE NATION

Abstract: If we say that the roots of education are in our national traditions and customs, it is known that A. Kekilbayev's precious treasure, created not only by public service, but also by the power of the pen, is a significant part of the Kazakh literature.

In this regard, the purpose and objectives of our research: to reveal the virtues of the Kazakh people, which are found in the works of the writer, such as true humanity, true

respect, sincere friendship, a sense of innocence. Grouping by analyzing the ethnographic expressions used by the writer to reveal the spirit of the nation.

In general, the national spirit and character would promote the following core values. They are our homeland, our native language, history, religion and traditions. Here is to prove that any of these values is the golden pillar of the writer's work. Find and analyze expressions relevant to the topic, describe them systematically, formulate them with specific examples.

The works of Abish Kekilbayevich encourage the Kazakh child to think, to be strong, to be proud, to look to the future with hope. At the same time, to prove that it leads the younger generation to look into the depths of history, to learn, to think intelligently, to speak thoughtfully.

Key words: A. Kekilbayev, national identity, traditions, writing skills.

Тәрбиенің түп тамыры, қайнар көзі ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызда десек, Ә.Кекілбаевтың ұлттың ұлылығын танытуда қоғамдық қызметімен ғана емес, қалам қуатымен жасаған қымбат қазынасы қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние. Әсіет-өнегені ой жүгіртіп, толғанып, тұщынып барып қабылдаған қаламгер шығармаларына қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын дәйекті материал ретінде алған.

Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені, оның терең ойлы шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы толғап жеткізеді.

Қаламгер шығармаларында нағыз адамдық белгісі – кісілік. Ізгілік – ізгілікпен қайтады, адамгершілік – адамгершілікпен қайтады. «**Бір шоқ жиде**» повесінде осы қағиданы ұстана отырып жазушы Тілеу мен Күдері арасындағы бір-біріне деген шынайы сыйласымдық, адал достық, қимастық сезім сияқты толып жатқан қазақ халқының бойынан табылатын ізгі қасиеттерді ашып көрсетеді. Суреткер әсіресе, жастарды өркөкірек, тәкаппар, қуыс кеуде болудан көбірек сақтандырады. Кішіпейілділік үлкенге де, кішіге де бірдей жарасатын қымбат қасиет екенін ескертеді. Жазушы ұлт рухын аша түсуде этнографиялық өрнектерді қолданады [1.23.].

Ә.Кекілбаев әңгімелерінде, повестерінде адамдар арасындағы адамгершілік, моральдық мәселелерді жан-жақты бейнелейді. Жазушы тосын орта, тосын оқиға іздеп әуре болмайды, күнделікті өмірде болып жатқан жайттарға терең үңілу нәтижесінде заман, адам, оның тіршілігі жайлы философиялық түйін жасайды. Қаламгер кейіпкерлері, негізінен, ұлттық дәстүр, ұлттық әдет-ғұрып заңына сүйенген, қазақы мінезді, кішіпейіл, ата-ананы сыйлаған әдепті жандар. Әдептен озбау – ұлттық болмысымызға сай қазақ халқына тән қасиет.

Бүгінгі ұрпақ ұлтымыздың өзіне тән шаруашылығы, ұлттық аймақтардың ұлтымызға тән өзгешелігін, ұлттық өнер, ұлттық кәсіп, ұлттық мәдениет, отбасындағы сыйласым, берік орныққан адамгершілік нормалары, салт-сана, дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық психологиясының негізінде ұлтымыздың ірілігі, мәрттігі, бар болмысымыз

жатқанын сезіне бермейді. Енді тәуелсіз ел ретінде сол өткендегі жоғалтқанымызды орнына келтіріп, барымызды баршаның игілігіне айналдырудың қамын жеудеміз.

Аса талантты, ғұлама суреткер Әбіш Кекілбайұлы кеңестік империя, тоталитарлық жүйе ұлтшылдықпен айқасып жатқан шақта «бастарын жаңғырыққа төсеп», ұлтсыздана бастаған халқын «емдеп», оятуға күшін салды. Ұлтын жоймайтын асыл қасиеттерін насихаттап әңгіме, повесть, романдар жазды. Тұлғасы көз тартатын, жаны қатпарлы, іс-әрекеттері ірі, пендешіліктен ада, жаны сұлу, жүрегі нұрлы, досқа адал, дұшпанға әділ, отбасына қамқор, ақыл-парасаты кемел, Отаны үшін от пен суға түсуге әзір қаһарман, ізетті, инабатты, имандылықты пір тұтқан, бір күндігін емес, кемел келешекті ойлаған ұлттық менталитет бойында тұнып тұрған кейіпкерлер галереясын сомдады. Ұлтжанды жазушының ұлттық болмысты насихаттайтын туындыларындағы тамыры «қазағым» деп соққан кейіпкерлері бойындағы халқымызды өзгеге қастерлетер қайталанбас қасиеттері ұрпаққа үлгі болсын десек, жазушы шығармаларын кеңінен насихаттай түсу қажет шығар[2.85.].

Әбіш Кекілбаев – жалпыхалықтық, ұлттық тұлға. Әрбір шығармасын оқығанда, оның қазақ екенін жазбай танысың, ұлт қаламгері екенін айқын аңғарасың. Жалпы ұлттық рух дегенде, мынадай басты құндылықтарымызды алға тартар едік. Олар – туған жер, өскен өлкеміз, ана тіліміз, тарихымыз, дініміз. Міне, осы құндылықтардың қай-қайсысы болса да Әбіш Кекілбаев шығармаларының алтын арқауы.

Әбіш Кекілбаев түрікмен даласымен шектес жатқан Маңғыстау түбегінен болғандықтан, осы түбектегі өмір, тірлік, салт-сана туралы, ежелгі аңыз-әңгімелер, ата-бабалар тағдыры жайында қызықты әңгімелер жазған. Оның шығармаларында **«қазақ иісі»** бар екендігіне көзім жетті. Жазушының **«Бір шоқ жиде»** повесін оқи отырып тағдырдың тауқыметін тартып, жалғыздықтан жаны жапа шегіп отырған қарттың өміріне жаның ашыса, кейде өмірдің өзі қуаныш пен қайғыдан тұратынын түсінгендей боласың. Шығарманың басынан аяғына дейін қазақи салт-дәстүрлерге өте бай екендігін, қазіргі кезде көп айтыла бермейтін әдет-ғұрыптардың бірнеше түрлерін, ырымдарын көптеп кездестіре отырып, өмірдің өзінен алынған шындық, яғни, шығарманың құндылығы осында екенін байқауға болады. Жазушы шығармаларының басы ауыр қиналыстардан тұрғанмен, ақиқаттың, шындықтың іздерін іздеп тапқан кейіпкерлерді көріп, риза боласың.

Жазушы ұлттық дәстүрдің көкжиегін кеңейтіп, тірі, әдеби тілді байыта түсіп, қазақтың арғы-бергісінен хабар беретін, тек қана кейіпкер мінезін ашып қана қоймай, дүние тіршілігінен тартып пәлсапалық ой түйетін тұжырымға табан тіреген. Қай әңгімедегі кейіпкердің басынан өткен оқиғаны баяндай отырып арғы-бергі тарихтан, шежіреден мәлімет ұсынады; айтқыштығымен қоса кейіпкер өмір сүрген орта, ұлттық дәстүр, ұлттың ойлауы, ой қорытуы жөнінде толықтай мағлұмат береді. Ұлттық салт-дәстүр туралы көзқарасың одан әрі кеңейе түседі.

Ә.Кекілбаев **«Бір шоқ жиде»** шығармасында дала төсіндегі қиыншылыққа толы, ешкімнің ала жібін аттамай, өзінің маңдай терімен адал өмір кешкен момын кәрі кісі Тілеудің өмірі туралы баяндаған. Ол туған жер алдындағы парыз бен қарызды, адам өмірі тым келте болғанмен, жер бетіндегі тіршіліктің мәңгі үзілмейтінін жақсы түсініп, адал өмір сүріп, ата-бабадан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді сақтап, тыныш өмір сүруді армандап, өмірдің құндылығы осы деп білетін тілеуқор кісінің өмірі айқын көрінеді. Повесте оқиға бірден басталмайды, қолынан бал таматын шебер, зергер Тілеу қарттың жетпістің сегізіне қараған шағында өмірден өтіп, жерленгенінен басталады. Тұяқтың арғы аталары өте ділмар кісі болған, ел аралап жүріп бір бақсыға тілі тиіп, қарғысқа ұшырап, баласы тұрмайды. Аталары біршама ауқатты болғанымен, тірі ауылының саны төрт-бестен аспаған.

Жас кезінде үлкендердің қолына су құйып жүргендегі ақсақалдардан «*Үбірлі-шүбірлі бол*», «*Бағың жансын*», «*Дегеніңе жет*» дегеннен алғысын естігеннен басқа адам баласының алдынан кесе көлденең өтпеп еді. Дана халықтың «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» дегені есіне түсіп, өзін жұбатқандай болады. Алған алғысының қарымтасы осы болғаны ма? Бұл Тілеу қарттың ішкі ойы еді.

«**Бір шоқ жиде**» хикаятында ата-бабаларымыз ұстанған салт - дәстүр, әдет – ғұрыптарды өмір шындығымен нақты байланыстыра отырып нанымды да әдемі суреттелген екен.

«**Бір шоқ жиде**» повесіндегі Тілеу зергер, күлте сақал қорықшы Күдері, жоқ іздеген қауға сақал албан шал қарапайым еңбек адамдары, саусағынан өнері, көкірегінен күй саулаған, жүзінен иманы төгілген, қолы ашық, тірі жанға қиянат жасамаған, адамдық, ар, адамгершілік тағылымымен де есінде қалары сөзсіз. Адам өмірі ақ пен қарадан тұрады. Төрт құбыласы тең, қайғы-қасіретті білмей, шалқып өткен пенде жоқ та шығар. Қай жағынан алып қарасаң да дұшпаны да мін таға алмайтын Тілеу зергер оның жеті атасы байлық та, билік те, ағайын тумасы да жеткілікті болғанымен, құдай ең негізгісінен, кіндігінен құтайтпай, жегенін желім, ішкенін ірің қылған.

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмірден» Тілеу: «*Өлсең де қадіріңді біліп, артыңды ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат*», [3.12.] - деп ол өмірден де, өлімнен де шошынып, үрікпейді. Өйткені, ол мына жалғанда қолынан келген өнерін, қажыр-қайратын жұртына сарқып берді, ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен күн туып еді, «Көппен көрген ұлы той», **мойнына бұршақ салып тілеп алған Тілепалдысын** қан майданға салып жіберді, кейбіреудің кебін тігерге тұяғын қалдырмай жалмап қойған жебір соғыс, бұның жалғызын аясын ба, жалмап алды. Әйтеуір құдайдың көзі әлі оң екен, жұбайы Зейнеп те, бұл да шаранадан күдер үзіп, тозған астаудай қаңсып, шашылып қалайын деп жүргенде сонау Жем бойынан іздеп келген жеңгелері кезерген еріндерін жібітіп, суып, қаны сұйыла бастаған тамырларын тулатып, қырқынан әлі аспаған Тұяқты бауырларына салып кетеді... Бір перзентке шөлдеп, өліп-өшкен Зейнеп байғұстың ботасы тірілген інгендей семген шандыры дертіп, сүт саулап берсін...

Ар мен ізгілік, тазалықтан жаралғандай «Ерке қыз» Зейнеп пен «күйеу жігіт» Тілеудің отбасын азынатып кеткен күйді ағайындық, аналық болмысы мен сезінген Жемнен келген жеңгесі: «*Күйеу жігіт пен ерке қыз мынау қырқынан аспаған жаман немені екеуіңе қара болсын деп алып келдім. Мырза құдайдың рахымы түсіп, ерке қыз құрсақ көтеріп жатса, бұл бесігін тербетер. Төріңе ұстаймын десең де, есігіңе ұстаймын десең де, біздің көңіліміз баяғыдай*», - дейді [3.29.]. Бұл жерде **жеңгенің қайын сіңлісі, қайнысына ат қою** дәстүрі байқалса, мына жолдарда ырымдардың бірін байқап, тоқтала кеттім. «Отыз күн бауырымды сорғызып ем, ол бұған да, сендерге де салық емес. Сендердің шаңырақтарыңның ендігі амандығынан садаға, мә, желінімді ошақтарыңа саудым, — деп демдеулі шай тұрған отқа қарай омыраулай отырды».

Жеңгесінің тілі дала гүлдерінің иісін желпіген қоңыр самал дерлік, пейілі теңіздей толқып, шарасынан асып төгіліп жатыр. Ділі қандай! Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін иітіп, дүниеге келген сәбиін бұлдап бермей, жырғап, артын сұраусыз етіп беріп отыр. Қимасының көңілі жолында жанын қиып ерлік жасап отырған қимасының тірлігі қазақтың қанына ғана сіңісті мәрттік емес пе?

Қазақтар ырымдап ат қойған. Мысалы, ертеректе бала туысымен ең алғаш кездескен кісінің атын қою дәстүрі болған. Мұны жақсы ырымға балаған. Сәбиге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен мағынасы ерсі немесе сиқысыз есімдерді

қойған. Бұл шығармадағы жас нәрестенің атын ырымдап, артынан ерген тұяғы көп болсын деп, Тұяқ қою керемет дәстүрдің бірі емес пе?

Бұл шығармада Тұяқтың **шашын алу, тұсауын кесу, ит көйлек тастау, сүндет тойы, мектепке баруы, жол ашары сияқты жөн-жорағыларының барлығын** жасайды..

Қазақ отбасында нәресте шыр етіп дүниеге келгеннен бастап оның бойына ұлттық тәрбиені сіңіріп өседі. Бала өмірге келгенде шілдехана той жасалып, 40 күн өткеннен кейін бір түлеуден өтті деп қырқынан шығаруы, бір жас шамасындағы қаз-қаз тұра бастаған сәбидің тұсауы кесілуі, бала үш жасқа келгенде, өз бойын ат үстінде ұстар кезге ілінгенде: «Құйымшағы өсіп кетсе, сарт-сауанға ұқсап, атқа мінсе, ұзақ жүре алмайтын болып қалады» – деп, өзін жеке атқа мінгізе бастауы - ұлттық құндылықтың бір бөлшегі іспеттес. Сондай қастерленген ер баланы бес жасқа қараған шамада сүндет тойға әзірлейді. Бұл әрбір мұсылман халықтың дәстүрі болып табылады. Баланың тойлығына түрлі-түсті сыйлық ұсынады. Мұндай қошеметке бөленген сәбидің көңілі әсемдікке, талғамға толып өседі. Қаламгер бесік көрген баладан ертеңгі күні үміт күттірер азамат өсіп шығатындығын көрегендікпен білген жазушы сөзі асыл дәстүр-салтымыздың ұмытылмайтынын еске салады. *«Халық салтына келмей – қалпына келмейді»*, – дейді халық даналығы[4.56.]. Жас ұрпақ тәрбиесінің түп қазығы ата дәстүріміз. Әрбір адамның ұлттық рухы, ұлттық мінезі әдет- ғұрпын білу арқылы қалыптасады. Сонымен қатар, шығармадан «бата беру», «тілек айту» дәстүрін де жиі кездестіреміз. Жазушының қазақы салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, ырым-тиымдарды, мақал-мәтелдерді өз шығармасында кеңінен пайдалануы оқырман қауымға берер тәрбиелік мәні өте зор.

Кекілбаев шығармаларында ұшырасатын этнографиялық өрнектер арқылы ұлттың нағыз табиғи бітім-болмысы, ішкі рухани жан-дүниесі, әдеби-мәдени құндылықтары айқын көрінеді. Шығарма арқылы тек Жазушы ғана емес, халықтың жаны сезіледі, өйткені туа біткен дарындылық ұлт перзентінің бойына асыл анасының бесік жырынан, абзал әкесінің өнегесінен басталып, туған топырағының киесімен дариды, дамиды. Осылайша жүрегі елім деп дүрсілдейтін жазушы өрнекті сөз, уытты тілімен иісі қазақтың қанына сіңген киелі де қастерлі ұғымдарды, наным-сенімдерді, түсінік-түйсіктерді, салт-сананы, ұлттық тәлім-тәрбиені, жан-дүниесіндегі қасиетті саналатын әдет-ғұрыптарды жеткізуге ұмтылады. Қаламгер ұлт рухын аша түсуде этнографиялық өрнектерді қолданады. Этнография – халықтың, ұлттың бітім-болмысын, рухани жан-дүниесін, әдебиеті мен мәдениетін, өзіне тән салт-санасын, әдет-ғұрпын, тілін зерттейтін ғылым. Этнография шеңберіне енетін мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттың менталитеті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани- материалдық байлықтардың бәрін-бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Повесте нақтылық та бар, бірақ көркемдік дәлелінің табиғилығы, заттылығы, дәлелдігі көкірегіңе нұр себеді. Азғана қаһармандарының әрекеті, болмыс-бітімінен көрініс беретін өмір шындығы тағдыр логикасымен барынша үйлесімді шыққан. Сұлулық дүниесінің жұпар иісіне, бояуына, үніне, діріліне тәнті болмау мүмкін емес. «Бір шоқ жиде» повесінде, әсіресе, дала төсінде тереңнен қайнап шыққан кәусәр бұлақтай әрі ақылгөй, әрі батагөй, дарқан Тілеу образы өз шегіне жеткен дер едік.

Қазақтың қазақ иісін шығарып жүрген Тілеу, албан шал, Зейнептің жеңгесі, Күдерілер кие тұтып, күндей алаулатқан ықылас аптабы олардың көзін көрген, үлгісін, ісін көрген, сөзін тыңдаған тұрсын, рухына жанап өткендерді де шалмақ. Өйткені, олардың ықылас деген сөзінің астарында адамдық, азаматтық, адамгершілік, ерлік, дарқандық деген биік ұғымдар жамырай тоғысып, сәуле шашып жатады. Оны еміп өскеннің қанында жат мінездің жұқанасы да болмайды. Айтса айтқандай, тамырынан

өрбімесе де, «ықыласынан өрбіген» Тілеудің Тұяғы «құмды аймақты күңіренге шыққан таныс гүрілді» жетелеп «әкесінің» жамбасы жерге тигеніне бір жыл толар қарсаңында басын қарайту үшін түнделетіп, құм - шағылдарды шырт ұйқысынан оятатын жолбарыстай жортып келеді... Өзі өлсе де, артынан ықыласынан өнген мәуелі жемісі, ізгілігі, ізі қалған адам өлмейді. «Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады. Өлгенге бақыт керек емес. өлгеннің бақыты тірінің тірлігінде» деген екен қаһарман батырымыз Б.Момышұлы. Тұяқ «өзінің тірлігі», «өлгенді ардақтау» арқылы ата дәстүрін жалғастырып, мәңгіліктің дәнін бұл да «әкесіндей» ықыласымен егіп жүр. Жұлын-жүйкені иітетін, ұлттық болмысымыздың өміршендігі, «Қызым – үйде, қылығы – түзде» деген мақалдың көркем көрінісі осындай. Қазақ барда қазақилықтың мұртын балта шаппайды. Шығармадағы әр жолдың айтпақ ойы айқын: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят-намысшылдық, ел қамын ойлау... Өмірлік мәні зор қасиеттер. Автордың айтпағы, жұртшылық санасына сіңіркек басты идеясы осылар. Жазушының кемелдену идеялары гуманистік – ізгілікті іздеу, оны насихаттаудан тұрады. «Бір шоқ жиде» повесінде адамның мінез-құлқы, адамгершілігі, әдептілігі, бір сөзбен айтқанда өмірге қойылатын адам бойындағы иманшылық қасиеттердің барлығы дерлік суреттеледі. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер оның бүкіл ғұмырындағы істеріне себепші болады. Осы орайда жазушы маған туған жерімнің шежірешісі секілді көрінді.

Кекілбаев – жалпыхалықтық, ұлттық тұлға. Әрбір шығармасын оқығанда, оның қазақ екенін жазбай танысың, ұлтын ұлықтаған қаламгер екенін айқын аңғарасың. Жалпы ұлттық рух дегенде, мынадай басты құндылықтарымызды алға тартар едік. Олар – туған жер, өскен өлкеміз, ана тіліміз, тарихымыз, дініміз. Міне, осы құндылықтардың қай-қайсысы болса да жазушы шығармашылығының алтын арқауы.

Әбіш Кекілбаев – ұлтын шексіз сүйген қаламгер. Әбіш сөз шебері, сөз зергері екені даусыз. Аз сөзге көп мағына сыйғызудан алдына жан салмайды. Шығармалары сан алуан, тақырып аясы өте кең. Бәрінен бұрын қарапайым. Не жазса да шын жүректен көргені мен сезгенін жазады, жалғандыққа жаны қас. Қазағын жанымен сүйеді, даласын жырлайды. Қай тақырыпқа қалам тербесе де, ұлттық рухпен жырлайды, ұлттық пайым, түсінікпен астастырды. Сол арқылы да Әбіш ағамыз Отаншыл, ұлтшыл ақын бола білді. Көп қырлы талант иесінің өлеңдерін оқи отырып, аттап кете алмайтын сөз тіркестеріне көзің түседі. Ол тіркестерге айналсоқтағанда оның бедері мен мағынасын жанып, жарқырата түседі. Әбіш шығармаларымен сусындаған әрбір жан өз ұлтын еріксіз сүйіп, болмысымыз бен мәдениетімізді қастерлейтіні айдын анық. Әр пенде өзінің ана тілін білмесе ұлтын, тарихын сыйламағаны емес пе?!

Әлемдік прозаның сырлы бояуын барынша қабылдап, оны дамыта түскен ірі дарын иесі Әбіш Кекілбаев өзіндік қолтаңбасымен қазақ прозасының алтын қорынан өз орнын алатыны даусыз. Рухани асыл қазынаға өлшеусіз мол прозалық өрнек әкелген Әбіш қазақ әдебиетін жаңа сапаға көтеріп, қазақ әдеби тілін жұмсақ та, нәзік, көркем етіп қалыптастыруға мол үлес қоссты. «Ақынның ақындығы – атақта емес, ақынның ақындығы – арда ғана» – деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандайын, әдебиеттің көкжиегін «сөз қадірін – өз қадірім» деп білетіндер ғана кеңейте алады. Әрине, «Дәстүрдің озығы мен тозығы бар десек те, жоғарыдағы аталған салт-дәстүрлеріміздің біз үшін орны ерекше екені даусыз[5.43].

Айшықты тіл иесі Әбіш Кекілбаевтың осындай жас ұрпаққа тәлім берер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды дәріптеген тамаша шығармаларын жас ұрпақтың санасына біздер сіңіре білсек, қандай ғанибет! Абай ағамыз айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүйуге, өз елінің тұрмыс – тіршілігін, салт – санасын, әдет – ғұрпын білуге

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция, 4 желтоқсан, 2020

тәрбиелеу – нарықтық кезеңде маңызы жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймын. Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
2. Халық тағылымы. Ә.Табылдиев. 1992ж
3. Ә.Кекілбаев «Бір шоқ жиде » повесі.
4. Ә.Кекілбаев. //Егемен Қазақстан. 1993, 16 қазан.
5. Әбіш Кекілбаев туралы сөз / Е. Дүйсенбайұлы // Ана тілі. - 2009. - 9 сәуір. - 7 бет.

7 СЕКЦИЯ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ІСІНДЕГІ ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕР



МРНТИ 16.31.51

МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СЕМАНТИЧЕСКИХ И ДЕРИВАЦИОННЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ТАТАРСКОГО ГЛАГОЛА (НА ПРИМЕРЕ ГЛАГОЛОВ ЗВУЧАНИЯ)

Р.Р. Салахова

Аннотация: В статье рассматриваются глаголы звучания, произведенные от звукоподражательных слов, которые являются активной частью системы языка, обогащая её словообразовательные ресурсы, фразеологический фонд, эмоционально-экспрессивные возможности. Выбор глаголов звучания объясняется тем, что данные глаголы представляют педагогический интерес для развития речи учащихся на уровне практического владения словом, для осознания совокупности дифференцированных составляющих семантики представленных глаголов, а также для осмысления глаголов звучания как языковых знаков, отражающих звуковой фрагмент языковой картины мира.

Исследование семантических и словообразовательных особенностей глаголов звучания способствует наиболее полному и всестороннему анализу лексического состава татарского языка. При анализе были применены дифференциально-семантический метод и метод валентного анализа.

Фактический материал для научного анализа извлечен из произведений татарских писателей, толковых словарей, словаря синонимов, а также в отдельных случаях в качестве примера были использованы афористические жанры, в частности загадки, устного народного творчества татарского народа.

Результаты данного исследования могут быть полезным при разработке специальных курсов по семантике и стилистике глагола.

Ключевые слова: Татарский язык, глаголы звучания, звукоподражательные слова, семантика, словообразование.

Abstract: The article discusses sound verbs produced from onomatopoeic words, which are an active part of the language system, enriching its word-formation resources, phraseological fund, emotional and expressive possibilities. The choice of sound verbs is explained by the fact that these verbs are of pedagogical interest for the development of students' speech at the level of practical knowledge of the word, for understanding the totality of differentiated components of the semantics of the presented verbs, as well as for understanding sound verbs as linguistic signs reflecting the sound fragment of the linguistic picture of the world.

The study of the semantic and derivational features of sound verbs contributes to the most complete and comprehensive analysis of the lexical composition of the Tatar language. The analysis used the differential-semantic method and the method of valence analysis.

Factual material for scientific analysis was extracted from the works of Tatar writers, explanatory dictionaries, a dictionary of synonyms, and in some cases aphoristic genres, in particular riddles, of the oral folk art of the Tatar people were used as an example.

The results of this research can be useful in the development of special courses on the semantics and stylistics of the verb.

Key words: *Tatar language, sound verbs, onomatopoeic words, semantics, word formation.*

Глагол – одна из самых многочисленных лексико-семантических групп слов, характеризующаяся многообразием функций. Основной функцией глагола является формирование предикативного центра предложения. В двусоставном предложении глагол-сказуемое обозначает предикативный признак подлежащего, выступает компонентом сообщения: *укучы айтә (ученик говорит), сандугач сайрый (соловей поет), скрипка яңгырый (звучит скрипка), бал корты безелди (пчела жужжит), кыңгырау чыңлый (звонок звенит)*. Большой интерес представляют глаголы звучания, которые характеризуют сам процесс звучания и в основном они носят звукоподражательный характер. Например, *безелдәү – жужжать, челтерәү – журчать* и другие. В. Ю. Норман относит подобные глаголы к иконическим знакам, поскольку принципиальная особенность иконических знаков состоит в том, что «форма их выражения берёт на себя функцию значения – она сама по себе есть информация о денотате» [1: с. 122]. Глаголы звучания – это лексико-семантическая категория глаголов, которые или образованы от звукоподражаний при помощи словообразовательных ресурсов языка (например: *мыр-мыр – мырылдау «мурлыкать», чыр-чыр – чырылдау визжать»*), или форма которых связана со звуками, звуковая семантика обуславливает их материальное буквенное выражение (например: *дыңгырдау «громыхать», чылтырау «звенеть»*) [3: с. 73].

В татарском языке глаголы звучания образуются двумя способами: синтетическим, при помощи суффиксации, и аналитическим. Глаголообразующие суффиксы *-ылда/-елдә, -да/-дә, -гыр/-гер, -кыр/-кер, -а/-ә*, присоединяясь к звукоподражательным словам, выражают значение “производить звуки или совершать действия, издавая звуки, сходные с обозначенными в производящей основе” [3: с. 102]. Например, *мыркылда – хрюкать, хырылда – храпеть, мырылда – мурлыкать, гүелдә – гудеть, кетердә – хрустеть, мыгырда – бормотать, текелдә – тикать, шышылда – шепелявить, шыркылда – хихикать, шыңгырда – звенеть, кетердә – хрустеть, ыжгыр – завывать, бакыр – кричать, акыр – вопить, үкер – реветь, пошкыр – фыркарь, төчкер – чихать, сызгыр – свистеть, какыр – харать, ажгыр – сильно гудеть, чажгыр – пыхтеть, гәлдерә - ворковать, кхкерә – загреметь, шалтыра – зазвенеть, чалтыра – дребезжать, челтерә – журчать, чәпә – шлепать, келтерә – слегка дрожать, издавать глухие звуки и т.д.*

Аналитические формы, в основном состоят из звукоподражательных слов и вспомогательных глаголов *итү, килү*. Сложные глаголы, образованные от однокомпонентных звукоподражательных слов обозначают однократное издание звуков, если однокомпонентное звукоподражание само не выражает многократное издание звуков: *гәмберт итү – грохнуть, чылт итү – брякнуть, дөңк итү – бахнуть, шак итү – стукнуть, гәж килү – жужжать, чер итү – пицать, чыш итү – шипеть, чең итү – звякать, чый килү – пицать, гәж килү – жужжать (о насекомых)* [2: с.148].

Сложные глаголы, образованные от двухкомпонентных звукоподражательных слов, обозначают многократное или длинное издание звуков: *керт-керт итү – румкать, кетер-кетер итү – хрустеть, тек-тек итү – тикать, голт-голт итү –*

глотать с шумом, торыйк-торыйк итү – курлыкать, шарт-шорт итү – трещать, пычтыр-пычтыр итү – шумно топать, чымыр-чымыр килү – шипеть, без-без килү – жужжать, чупыр-чупыр килү – плескаться.

Как видно из примеров, звукоподражательные слова имеют широкие словообразовательные связи, активно участвуют в словообразовании. Они обогащают производящую базу глаголов звучания.

В общеобразовательных школах элементарные знания о словообразовании даются в начальной школе, в 5-7 классах – ученики знакомятся с основными понятиями структуры слова и словопроизводства татарского языка. Изучение словообразовательных особенностей глаголов звучания в общеобразовательной школе дает возможность формировать у учащихся представление о языке как развивающейся системе, постоянно пополняющейся новыми словами.

В методике преподавания татарского языка все упражнения по словообразованию делят на 4 группы:

1) Морфемные упражнения, которые развивают у обучающихся умение видеть структуру слова;

2) Словообразовательные упражнения, которые развивают умение устанавливать структурно-семантические связи и определять способ образования искомого слова;

3) Упражнения, сочетающиеся с лексической работой, когда слово анализируется в составе предложения.

4) Упражнения, связанные с упражнением следующего характера: по орфографии: словарный диктант с выборочным или полным морфемным анализом слов;

При изучении структурно-словообразовательных особенностей глаголов звучания можно предложить следующее упражнение, которое относится к первому типу:

Распределите глаголы звучания по нижеследующим схемам: *зыңгылдау – звенеть, шыгырда – скрепеть, гүелдә – гудеть, чулт-чулт итү – булькать, дәмбердәу – грохотать, челтерәү – журчат, дыңгырдау – греметь, шыбырдау – барабанить (о дожде), тып-тып итү – капать (о каплях дождя), быгырдау – бурлить).*

а) корень (звукоподражательное слово) + суффикс -ылда/-елдә;

б) корень (звукоподражательное слово) + суффикс -да/-дә;

в) корень (звукоподражательное слово) + суффикс -а/-ә;

г) корень(звукоподражательное слово) + вспомогательный глагол ит;

д) корень(звукоподражательное слово) + корень(звукоподражательное слово)+ вспомогательный глагол кил.

Вторая группа упражнений предлагается после изучения словообразующих особенностей (словообразующая основа, способы словообразования, словообразовательные типы и модели) глаголов. Например:

Найдите глаголы, означающие звуки, издаваемые живыми существами, определите способ образования данных глаголов: *мырылдау – мурлыкать, быгырдау – бурлить, бакылдау – квакать, мөгрәү – мычать; чутылдау, чут-чут итү, зыңгылдау – звенеть, кыткылдау – кудахтать, шыгырда – скрепеть, тыпырдау – топать, хырылдау – храпеть, челтерәү – журчат, каңгылдау – гоготать, дыңгырдау – греметь, чыелдау – визжать, күкелдәу – куковать, гүелдә – гудеть, чыркылдау – чирикать, дәмбердәу – грохотать, гәҗс килү, шыркылдау – хихикать, бызылдау – жужжать, шыбырдау – барабанить, тып-тып итү – капать.*

Глаголы звучания в татарском языке представляют собой сложную систему значений, что объясняется, во-первых, многообразием звуковых и световых явлений,

воспроизводимых подражательными словами, во-вторых, многозначностью этих слов, когда одно и то же подражание употребляется для обозначения различных явлений, иногда имеющих между собой лишь отдельное сходство [4: с.169]. Третий тип упражнений, сочетающиеся с лексической работой, позволяют обучающимся грамотно находить семантические особенности глаголов звучания в составе предложения. Например: *Куркудан йөрәгем купты, жан ачуым белән кычкырып әшибәрдем; уянып китсәм, морәса калагын ике кулым белән кысып тотканмын, йөрәгем дөп-дөп килә. От испуга сердце стало биться сильнее, я с ненавистью крикнул; а когда проснулся, увидел, что схватился за засов печи двумя руками, сердце стучит тук-тук. Эре-эре яңгыр тамчылары дөп-дөп итеп ява башладылар. С шумом стали падать крупные капли дождя.*

Как видно из примеров, при помощи звукоподражательного слова *дөп-дөп* в первом предложении представлен глагол *дөп-дөп килә* (подражание сильному сердцебиению), а во втором аналитический глагол в форме деепричастия *дөп-дөп итеп*, производящей основой которого так же является онома топ *дөп-дөп* (подражание шуму падающих капель). Таким образом, смысловые оттенки глаголов звучания полностью определяются только в составе предложения. В этих целях можно использовать фольклорный материал, например, загадки, в которых глаголы звучания наиболее функциональны.

Чик-чик итә, читкә сикерә (Чикерткә).

Жилт-жилт итәр, әжилпеп китар, гөлгә кунар,

Чәчкә үбәр, бик куп төрле алтын-сырлы (Күбәләк).

Зелф-зелф итәр, зелфәргә кунар, Дул-дул итә, дугага куна.

Әфәфи әсонлы, алтын канатлы (Төклетура) [6: с. 58-59].

Пятая группа упражнений, нацелена на правописание глаголов звучания. Как известно, звуковой состав, структура звукоподражательных слов отличаются от обычных лексических единиц. Звукоподражания – это эхо естественных звучаний, и именно этим обстоятельством обусловлено своеобразие их структуры: типичность повторов, отсутствие ограничений в распределении согласных, наличие необычных для татарского языка консонантных сочетаний, типа, *дөңк, пырх, мырк, төчк* и т. д. Все это вызывает определенные трудности при написании звукоподражательных слов, а также производных от них единиц. Для словарного диктанта с выборочным или полным морфемным анализом слов можно предложить следующие глаголы звучания: *пырхылдау, гөрселдәү, чыркылдау, шаркылдау, төчкерү, пошкыру, мөгрәү* и т. д.

Таким образом, подражательные слова в непосредственной, экспрессивно-образительной форме передают звуки, издаваемые живыми существами и различными предметами, или выражают представления о световых явлениях и о различных движениях. Глаголы звучания, образованные от звукоподражательных слов при помощи различных суффиксов (*-а/-ә, ылда/-елдә, -да/-дә*) либо сохраняют большую близость к образной лексике, либо оказываются на грани перехода в обычные слова с лексическим значением. Иначе обстоит дело с аналитическими формами, состоящими из звукоподражательных слов и вспомогательных глаголов. В них звукоподражательные слова выступают в их первоначальной функции, несколько не утрачивая черты присущей им образности, хотя эта образность приобретает специфическую окраску действия и состояния.

Таким образом, на примере группы глаголов звучания мы попытались доказать важность изучения семантики и функциональных возможностей глагола. Определили объем и содержание понятийного аппарата лингвистики применительно к анализу семантической структуры глагола в курсе татарского языка в образовательных учреждениях, рассмотрели структурно-словообразовательный принцип описания

глаголов звучания как необходимый компонент в формировании языковой и речевой компетенции учащихся.

Литература:

1. Норман Б.Ю. Игра на гранях языка. – М.: Флинт: Наука, 2006. – 344 с.
2. Салахова Р.Р. Гиниятуллина Л.М. Глаголы звучания в татарском языке: словообразовательный и семантический аспекты// Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2017. № 3. Ч. 2. – С. 147-149.
3. Татарская грамматика: в 3-х т. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1993. Т. I. – 584 с
4. Татарская грамматика: в 3-х т. – Казань: Татарское кн. изд-во, 1993. Т. II. Морфология. – 397 с.
5. Татарско-русский словарь/ Под ред. Ф.А. Ганиева. – Казань: Тат. книжн. изд-во, 1988. – 462 с.
6. Татар халык ижаты: Табышмаклар. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1977. – 272 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кожекеева Бекзада Шакиздаевна,

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а

Искакова Жадра Афмуханбетовна

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты,

Алматы, Қазақстан.

Түйіндеме: Мақалада әдебиетті оқытуда жаңа инновациялық технологиялардың қаншалықты маңызды екендігі сонымен қоса, педагогтың тұлғалық және кәсіби құзіреттілігі жайында сөз болады. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты - оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогресстен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңестігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістеге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша білім беруде тың талпыныстар пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Бүгінгі заман талабы педагогтың жаңа инновациялық педагогикалық технологиямен қарулануын талап етуде. Нәтижесінде білім алушы білім мен білігіне сай келетін бағдарды айқындай алатындай дәрежеге қол жеткізеді және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, болашақта жаңа технология әдістерімен және сандық сауттылығы бар бәсекеге қабілетті еліміздің азамат ретінде қалыптасады.

Тірек сөздер: инновация, жаһандану, кәсіби құзіреттілік, ғаламтор, ұлттық құндылық, рухани әлем, ұлттық таным.

FEATURES OF TEACHING KAZAKH LITERATURE

Abstract: The article discusses how important new innovative technologies are in teaching literature, as well as the personal and professional competence of a teacher. It is clear that the only condition for obtaining a conscious and high-quality education for the modern younger generation is the introduction of new innovative technologies in the

educational process in educational institutions. Therefore, the main task of every teacher is to be able to receive, process and effectively use new pedagogical innovations in a timely manner, not lagging behind scientific and technological progress.

Currently, a new education system has been developed in the sovereign country and is aimed at joining the World Educational Council. This is due to a significant change in the educational process. After all, the paradigm of Education has changed, the content of Education has been updated, new approaches and new attempts are being made to provide new knowledge. One of the most important issues is the acquisition of scientific and pedagogical foundations of innovative activity of teachers in the education and upbringing of the next generation in accordance with the requirements of society

Modern requirements require the teacher to be armed with new innovative pedagogical technologies. As a result, the student will be able to determine the orientation that corresponds to his knowledge and skills, develop skills of independent work, and in the future become a citizen of a competitive country with new technological methods and digital literacy.

Key words: innovation, globalization, professional competence, internet, national value, spiritual world, national knowledge.

Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Сапалы білім- ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінгі мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету - мұғалімнің басты міндеті. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критералды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен топта жұмыс жасай білу функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегияларын қолдана білу). Жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында деп айтқандай қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті білімді тұлға тәрбиелеу. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты тақырыптық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады.

Бұл технологияның тіл үйретудегі мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәлелденген, тек практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мамандардың дайындығы арта түсуі қажет. Алдағы уақытта жоғары талаптарға жауап беретін

ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлері арта беретіні сөзсіз. Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін үнемі дамытып отыруы талап етіледі.

Талғам мен таным биігін бағындыру сатысы тереңдетіп оқыту мәселесі төңірегінде былай дейді: "Тереңдете оқыту шығарманың саны немесе сол сыныпта оқылатын авторлардың көптігімен жүзеге аспайды. Тереңдетіп оқытуда оқушылардың икем-дағдысы, яғни, әдеби шығармаларды талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айту, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, сұлу жазба тілінің дамуына, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл беру керек" десе, жалпы әдебиеттің тереңіне бойлауда, оқушылардың бейімділігіне қарай отырып, әр қазақ менің жалғызым дей жүріп, шәкірттерінің жүрегіне қан тамырына ұлттының тілі мен ділін сіңіруде қажымай талмай еңбектенсе, біржағы тілдің нарқының артуы ауызекі тілдің кемелденуіне ықпалын тигізер ұтымды жақтарымен жұмыс жасайды [3, 129-б].

Әдебиетті оқыту мәселесі әдебиет тарихында түрен салған тың бастама десек артық айтқандық емес. Осының дәлелі әр жылдары жарық көрген еңбектерінің барлығында да әдебиетті тереңдетіп оқытуды назардан тыс қалмауда.

Қазақ әдебиетін оқытуда шығарма бітімін тұтастай қарастыру керек десе, сонымен қатар әдеби туындының түп тамырына бойлау үшін әдебиеттанудың да маңызы зор екенін баса айтады. Көркем туындыны әдебиеттану ғылымымен бірлікте тұтас бір дүние ретінде ескеріп терең талдау орынды екендігін көрсетеді. Талдауда көркем туындының негізінде жатқан ой, авторлық көзқарасты, сөз айшықтарын түр мен мазмұнды бірлікте талдау, автор стиліне баса назар аудару қажет. Оқытудың негізгі көрсеткіштері көркем сөздегі автор идеясын айтайын деген ойын, көтерген проблемасына үңілуді, ұғындыруды көздеу тереңдетіп оқытудың бір қыры. Тақырыптың ұтымды болуы үшін оны жан-жақты түсіндіру жолында қосымша материалдардың да маңызы зор. Ғылыми әдебиеттерді де назардан тыс қалдыруға болмайтынын, міне бұл оқушыға берілер білімнің мазмұнына ауқымдылығына, тиянақты түрде тереңіне бойлауына жол ашатын баспалдақтар деп санайды.

Оқу тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады: дербес оқыту технологиясы оқу тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік - психологиялық жауапкершілігін арттырады. Қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет саралап, деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс ісәрекет жасау негізінде, адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

Әдебиетті оқыту барысында жаңаша оқыту технологиясын пайдалану оқытушы мен оқушы арасында ұтымды нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Жаңаша оқыту технологиясы дегеніміз – жоспарланған мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың жаңа формасы, белсенді оқыту стратегиялары мен әдістерін ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [1,-256.]. Білім беру жүйесінің басты көрсеткіші – білім сапасы. Бүгінгі таңда білім беру үрдісінде жаңа

технологиялар көптеп саналады. Солардың ішіндегі жаңаша оқыту технологияларындағы ерекшелігі жоғары, құнды технологияның бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Бағдарлама жаңартылған білім мазмұны бойынша оқылатын оқулықтардың талаптарын жүзеге асыруда, оқушының білім деңгейін көтеруде, шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешімдер шығаруда бірден-бір тиімді бағдарлама. Бұл технологияда жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдердің ішінен қажеттісін, тиімдісін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін жоғары деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді [2,-41б.]. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз пікірін сыни тұрғыдан айта білуімен қоса өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.[3,12б.] Сабақ қызықты болған жерде оқушының белсенділігі де артады. Нәтижеге бағытталған қазақ әдебиеті сабақтарында стратегияларды (ассоциация, кластер құру, инсерт әдісі, Венн диаграммасы, «Галереяда ой шарлау», пікірталас, «Авторға сұрақ қою», «Араласып кеткен оқиға», «Елес, жекелеу», ЖИГСО, эссе жазу т.б.) әр сыныпта қолданған орынды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты сынауға емес, шындалған ойлауға үйретуіне көз жеткізеді. Шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың логикалық ой өрісін, тіл байлығын, білімге деген қызығушылығын ояту, дәлеледеу, ой тұжырымдау, салыстыру, сыни ойлауларын шындау көзделеді. Осы технологияның білім сапасын көтеруге, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға тигізген әсері туралы нақты мысалдар келтіруге болады. Мысалы, 6-сыныптың қазақ тілі сабағында оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту мақсатында төмендегідей тапсырмалар беруге болады.

1.Абай атамыз айтқан «надандық», еріншектік, залымдық» дегенді қалай түсінесің? Жауабыңды өмірлік жағдаяттармен байланыстыр.

...Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білерсің...

(Отыз сегізінші қара сөз)

2.Мәтіндегі ойды антоним, синоним сөздерді қатыстырып, кітаптың атынан жалғастырып жаз. Қазіргі таңда кітаптың құндылығы қандай? Дәлел келтір.

Төменде берілген үзінді – ерлік жасаған бала туралы көркем шығарманың соңы. Осыған дейін болуы мүмкін оқиғаны өз қиялыңмен болжап, шағын әңгіме жаз.

Қазақ әдебиетін жүйелі оқыту барысында Б.Блумның мақсат қою таксономиясын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін шындауға болады. Әдебиет пәнінің ерекшелігі – өзіндік ойлау мен өзіндік пікірді айта білуде жатыр. Сезім, эмоция, әсер, шабытттану, қиялдау, армандау, еліктеу сияқты әр түрлі психологиялық реңнің көрінуі. Шығармашылық ізденіс арқылы жеке тұлғаның танымдық болмысы қалыптасады. [4,17-б.]. Мысалы, Блум таксономиясының талдау, жинақтау, бағалау, деңгейлерінде 8-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында берілген Д.Исабековтің «Әпке» драмасы бойынша оқушыларға төмендегідей сұрақтар қою арқылы шығармашылыққа баулуға болады.

1.Драмадағы Қамажай бойында қазақ қызына тән қандай ұлттық мінезді байқадыңдар?

2.Шығарманың асыл арқауы неде?

3.Қамажайдың іс-әрекетін қалай бағалайсың? Өзіндік ойыңды айт.

Заман талабына сай техникалық құралдарды сабақтарында қолдану – мұғалімді жетістікке жеткізетін тиімді жол. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқушылардың сөздік қорын байыту, сонымен қатар сауатты жаза білуге баулу болып табылады. Әр сабақта жаңартылған білім мазмұнына сай бағыттың төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қолданылатын басты ақпараттық технологиялар компьютер, интерактивті тақта, теледидар, аудио-диск, электронды оқулықтар арқылы жүзеге асады. Сабақ барысында компьютерді қолданудың тиімді жақтары: түрлі-түсті иллюстрациялар, анимациялар оқушының есте сақтау процесі үшін өте тиімді және нашар оқитын оқушының өзі қабілетіне қарай жұмыс істей алатын дәрежеге жетеді, уақыт үнемделеді.

Қазақ әдебиеті сабағын оқыту барысында оқытушының ақпараттық құзыреттілігінің жоғары болуы да пәннің жақсы нәтижеге қол жеткізуінің бірден-бір кілті болып табылады. Мәселен, интернет, мультимедиялар, электронды сөздіктер, электрондық оқулықтарды интерактивті тақта арқылы көрсетудің тиімділігі өте жоғары. Мысалы, интерактивті тақтадан мәтін, сурет, бейнебаян, көрініс, заманауи үлгіде жасалған анимациялық мультфильмдерді көрсету арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілетін дамытуға болады. Мысалы, 5-сынып оқушыларына интерактивті тақтадан кітап, теледидар, компьютер үшеуінің балаларға лайықталған суретін көрсетіп төмендегідей тапсырма беруге болады.

1. Сурет бойынша «Дүниедегі ең мықты кім?» тақырыбында диалог түрінде үш мықтының айтысын жазыңдар.

Интерактивті тақтадан жыл мезгілдері туралы деректі фильм немесе бейнебаян көрсетіп, әр мезгілдің өзіндік ерекшелігін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыруға тапсырмалар (мәтін, ертегі, өлең, эссе, ой толғау, шығарма жазу т.б.) беруге болады.

Компьютерде мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушыларға төмендегідей тапсырмалар беруге болады.

Берілген мәтіннің тақырыбы мен идеясын ашу.

Мәтіндегі кейіпкерге кластер құру.

Мәтіндегі кейіпкердің образын ашу.

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою.

Мәтіннің әрбір бөліктеріне тақырып қою.

Мәтін мазмұны бойынша қысқаша өз ойын жазу, т.б.

Жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық технологияларды меңгеруі – бүгінгі таңның басты талабы. Ал қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған, мәліметтер ағыны күшейген заманда жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру – мектептің басты міндеті. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі жаңаша оқыту мұғалімдердің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да ұстаздар қауымына әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай білім беруде, оны белсенділікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуде жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеру ауадай қажет.

Белгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызы «Өзекті мәселені іздеудің ең оңтайлы жолы – бір нәрсені әр түрлі жағынан көре білу, дайын тұжырымдардың, өзіне де сыни көзқараспен қарау, басқа шешімін іздеу», - дейді [5, 124-б]. Ішкі жан сезімі жүрек үніне құлақ түріп, қиял қанатына да ерік беріп, ой легінен өткізу, өзгеше ойлау формасы арқылы қабылдауға тұжырым жасау, «тұлғалық» пікірдің құндылығын ұғынуға икемдеу, өзіндік «менді» қалыптастыру ең негізгі мақсат етіледі. Яғни, шығармашылық ойлауға баулу жатыр. Әдебиет әлеміне еніп, ішкі жан сезімімен

түйсінгені соншалық, оқушы санасына сөз өнерінің құдіретін тереңнен бойлауына жол іздейді.

XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшыл мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. 2011. -№ 4.-25б.
- 2.Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей – 41б.
- 3.Мирсеитова С. «Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері» 2011.- 12б.
- 4.Қылышбаева К.Ә.Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту – Блум таксономиясының ұтымдылығы. – Астана-2012. – 17б.
5. Қанипа Бітібаева «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту», Семей-2007;

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

Шегебай Назерке Болатбекқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты

Түйіндеме: Мақалада эмоционалды интеллект пен лингвистика туралы түсінік пен олардың ара-қатынасы сөз етілген. Сондай-ақ, тіл ғылымы саласында зерттеу жүргізген ғалымдардың эмоциялық лингвистикаға қатысты тұжырымдары келтірілген.

Тірек сөздер: Эмоция, эмоционалды интеллект, лингвистика, лингвистикалық әдістер, эмотиология.

Қазіргі таңда адамның жеке қасиеттерін, психологиялық және эмоциялық көңіл-күйін зерттеудің маңыздылығы күннен-күнге артып келе жатыр. Басқа ғылым салаларын айтпағанда, лингвистика саласында "адам мен тілді" және "тіл мен мәдениетті" ұштастыра отырып қыруар зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Көптеген психолог зерттеушілердің еңбектерінде адам - "өзінің ішкі сезімі мен рухани әлемін және ақыл-есін тасымалдаушы" ретінде қарастырылады [1].

Лингвистика ғылымын зерттеп жүрген ғалымдар да бұл мәселеден шет қалмады. Тіл ғылымын зерттеуші ғалымдардың алдына қойған мақсаты - лингвистика мен эмоцияның байланысын анықтау.

Эмоционалды интеллект пен лингвистиканың ара-қатынасын ажыратпастан бұрын, эмоция мен эмоционалды интеллекттің және лингвистика мен оның әдістеріне түсініктеме бере кетейік. «Эмоция» ұғымының төркіні – «емовера» деген латын сезінен, «эмоцион» дейтін француз сөзінен шыққан. Қазақша мәні – тітіркендіру, толқу. Бұл – адам жан - дүниесінің сыртқы және ішкі әсерлер салдарынан ызалану, қаһарлану, қорқу мен шаттану сияқты жағдайларының көрініс беруі. Адам өміріндегі эмоциялардың орны аса маңызды. Адамның эмоционалды өмірінің мәні әр алуан түрлі. Эмоциялар әр түрлі жағдайларда, іс-әрекет үрдісінде, ондағы нақты жетістіктерге жетуде маңызды рөл атқарады. Өнер туындыларын қабылдауда, басқа адамдармен қарым-қатынаста пайда болатын ойлардың нәтижесінде тұлғаның даму үрдісінде адамның эмоционалды тәжірибесі өзгеріп, толықтырылып отырады.

Эмоционалды интеллект - адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне бейімделу икемділігі.

Бұл жердегі интеллект (лат.intellectus — таным, ұғыну, аңдау) - жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, казіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді.

Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттілікті қалыптастырады. Ал, эмоционалды интеллект өз кезегінде адамның өз сезімдері мен өзге адамдардың сезімдерін түсінуге, өзіне мотивация туғызып, өз эмоцияларын да, басқа адамдарға қатысты эмоцияларды да басқара білуге қабілеттілікті білдіреді.

Эмоционалды интеллект түсінігіне қоршаған ортадағы адамдардың эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне икемделу арқылы тұлғаның тиімді қарым-қатынас құра білу қабілеттері жатады. Өзін-өзі ұстай білу және өзара әрекеттесудің сауатты үлгісін құру адамдармен тікелей қатынасуға байланысты қызмет салаларында аса маңызды болып жатады. Тұлғаның кәсіби жетістіктері, сөзсіз, оның білімімен, қабілеттерімен, дағдыларымен, жан-жақтылығымен және кеңінен ойлау білу қасиеттерімен, яғни оның жалпы интеллект деңгейімен байланысты болып келеді.

Ғылымға «эмоционалды интеллект» терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары енгізген болатын. Олар алғашқы болып эмоционалды интеллектінің бірінші үлгісін ұсынды. Аталған авторлар эмоционалды интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндірді . Осы ұйғарым негізінде Д. Гоулманның аса танымал үлгісі жасап шығарылды. Оның 1995 жылы шыққан «Эмоционалды интеллект» атты еңбегі кітап сатылымында бірінші орындарға шығып, аталған мәселенің ғылыми және көпшілікке арналған әдебиеттерде осы күнге дейін қызу талқылануына түрткі берді.

Г. Гарднер мен П. Сэловей ұсынған эмоциялық интеллект ұғымы мыналарды қамтыды:

- 1) өзіндік эмоцияларды тану;
- 2) эмоцияларды басқара алу;
- 3) өзіндік мотивация;
- 4) өзге адамдардың эмоциясын тани білу.

Эмоцияларды тану - эмоциялардың бар екендігін байқай білу қабілеті, оларды білдіру, шынайы эмоциялар мен олардың жасандылығын ажырата білу сияқты өзара байланысты бірқатар қабілеттерден тұрады.

Эмоцияларды басқару - эмоцияларды қадағалау, жағымсыз эмоциялардың қарқындылығын төмендету, өз эмоцияларын, оның ішінде жағымсыздарын да ұғыну қабілеті. Жағымсыз эмоцияларды басып-жаншымай шешуге қабілеттілік.

Өзіндік мотивация - зейінді маңызды оқиғаларға бағыттау үшін қолдану, міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызатын эмоциялар туғызу (мысалы, жақсы көңіл-күйді шығармашылық идеялар туғызу үшін қолдану), көңіл-күйдің толқуын талдау құралы ретінде қолдану қабілетінен тұрады.

Өзгелердің эмоциясын тану - адамдардың эмоциялар кешенін, эмоциялар арасындағы байланыстарды, бір эмоциядан екіншісіне өтуін, эмоциялардың себептерін, эмоциялар туралы ақпаратты түсіну қабілеті [2].

Ендігі кезекте, эмоционалды интеллект қалыптастырудағы тіл білімінің атқаратын қызметіне тоқталсақ, лингвистика мен лингвистикалық әдістердің эмоционалды интеллектті тану мен қолданудағы рөлі маңызды болып табылады. Жалпы, лингвистикалық әдістер - тіл білімі қолданылымын зерттеу амал-тәсілдерінің

жүйесі. Қазіргі таңда тіл білімі дербес өрбіген ғылым ретінде өз тәсіл-әдістеріне кең өріс ашып отыр. Лингвистикалық әдістер жалпы және жеке түрлерге ажыратылады. Жалпы лингвистикалық әдістер тілдің теориялық зерттеу тәсілі мен әдістерінің жиынтығын құрайды. Оларға салыстырмалы-тарихи әдіс пен сипаттамалы әдісті жатқызамыз. Жеке лингвистикалық әдістер болса, олар көмекші техникалық құрал, аспап ретінде қолданылады (мәселен, компонентті талдау, статистикалық талдау, эксперимент т. б.).

Эмоционалды интеллектке эмоционалды қалып-күйді білдіретін сезім, көңіл және ой жатса, осыларды сыртқы ортаға эмоционалды сөздер арқылы білдіретініміз кәміл. Тіл мамандарының тілдің эмоционалды жағына деген үлкен қызығушылығы тіл құрылымының сөйлеу механизмдері мен адамның психикалық механизмдерінің өзара тығыз байланысты болуынан туындап отыр. Себебі, адамның мінез-құлқы мен психикалық - эмоционалды жай-күйі ми қыртысы функцияларына тікелей байланысты. Эмоциялар, ойлау және сөйлеу адам санасындағы ақыл-ой әрекетінің өнімдері. Тіл мен сөйлеу шындықты бейнелеудің саналы формасы болып табылады. Ойлау мен сөйлеу арқылы адам эмоционалды қалып-күйін ұйымдастырады және оны басқара алады. Олар адамның өзін-өзі тануының негізін құрайды, оның өзіне деген қатынасын, әлеуметтік әрекеттерді бағалауын, адамның табиғи және әлеуметтік ортадағы орнын қалыптастырады [4].

Эмоционалды интеллектіні білдірудің лингвистикалық тәсілі тілдік құралдар арқылы және тіл білімімен зерттелген. Лингвистикалық және паралингвистикалық екі түрлі тіл құралдары экспрессивті құралдарға сілтеме жасап, «эмоциялар тілі» немесе "эмоционалды көрініс" деген атау беріп, эмоционалды интеллект пен лингвистиканы бір арнаға тоғыстырады.

Эмоционалды сөздердің тіл білімінде зерттелуін ХХ ғасырдың басында жазылған еңбектерден кездестіруге болады. Бұл еңбектерде эмоция мен экспрессияны бөлмей, бірге қарау орын алған. К.Эрдман: "Эмоция мен эмоционалды сөздердің бір-бірімен тікелей қатысы бар, сөзді әр айтылған сайын басқаша көмкеріп тұратын барлық қосалқы түсініктер, белгілі бір сезімдер мен олардың реңктері, дауыстың қатты бәсеңдігі - осының бәрі логикалық мағынадан кем түспейді" дейді. Эмоционалды интеллект пен лингвистиканың ара-қатынасын зерттеуде алғашқылардың бірі болып саналатын Ш.Балли тілдегі экспрессивтілікті эмоционалдылықпен тығыз байланысты деп санайды. Ал, Ж.Вандриес "сөйлеуде қолданылатын айшықты элементтер ойға логикалық әсерлі реңктер мен бояу береді" деген шешімге келді. Бұл жердегі, эмоция тілі немесе экспрессия тілі деп отырғанымыз адамның эмоционалды күйін беретін ең көне және әмбебап коммуникативті тәсіл болып табылады. Сондықтан да, эмоциялар тілі әр түрлі ұлт пен нәсілге жататын адамдарға және ана мен нәрестенің алғашқы күндерінен-қ бір-бірімен байланыс жасауына мүмкіндік береді [5].

Эмоциялық лингвистика ғылымда - эмотиология деген атауға ие болды. Эмотиология термині кең мағынада, адам өміріндегі эмоцияның рөлін зерттейтін ғылымның бір саласы. Ал, тар мағынасында лингвистикалық эмоция ретінде түсіндіріледі. Демек, бұл жерде эмотиология психология мен тіл білімінің тоғысуы негізінде адамның эмоциясы мен тіл арасындағы байланысты зерттейтін ғылым. Бұл ғылым саласында зерттеу жүргізген бірқатар ғалымдар эмоциялық лингвистика психологиялық лингвистиканың логикалық дамуына байланысты туындаған деген ұйғарымға келді. Демек, адамзат баласының жан-дүниесінде болып жатқан барлық күй, оның ішінде тән тілі (язык тела) де эмоция тудырған процесс дегенге саяды. Ғалымдар эмоциялық лингвистикада эмоционалды интеллект пен тіл білімінің бір-бірімен тікелей байланыстылығы бұрынғыдай тезистер мен болжамдарға емес, дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға құрылғанына баса назар аудартады.

Алғаш рет бұл салаға қызығушылықтар XX ғасырдан бастап америкалық лингвист ғалым әрі этнолог Эдуард Сапир, XX ғасырдың жетекші лингвист ғалымдарының бірі швецариялық Шарль Балли және француз лингвисті, тарихшы әрі қоғам қайраткері Мишель Бреаль есімді тілші зерттеушілердің еңбектерінде көрініс таба бастады.

Эмотиолог ғалымдардың зерттеу нысаны - әлемнің лингвоэмоционалды бейнесі мен тілдік құрылымын зерттеу болды. Осы сала бойынша В.И.Шаховский, А.Н.Баранов, А.Вежбицкая, Л.Ю.Буянова, С.В.Ионова және т.б. ғалымдар ғылыми зерттеулер жүргізді. Қазіргі таңда тілші ғалымдардың алдында тұрған келелі мәселелердің бірі - эмоционалды интеллект пен лингвистикалық байланысты тіл ғылымының сипаттау және салыстыру әдістері арқылы тоғыстыру [3].

Эмотиология ғылымымен бірге лингвистика мен эмоцияның ара-қатынасын жоққа шығарған ғалымдардың тұжырымына қарсы тұжырымдар пайда болды. Мәселен, 1957 жылы В.А.Звегинцев: "Эмоциялар тіл құрылымына кірмейді" десе, 1958 жылы Е.М.Галкина-Федорук: "Тілде эмоционалды лексика жоқ" деген болатын. Алайда, бұл тұжырымдарға қарсы 1961 жылы Ш. Балли: "Тілдегінің бәрі эмоционалды" десе, 1974 жылы Н.Ф.Клименко: "Тілдегі барлық лексика, барлық сөздер эмоционалды" деген пікірін ұсынды. Н.Ф.Клименконың пікірін 2001 жылы Е.Ю.Мягкова да қолдады. 1998 жылы В.Г.Гак: "Тілде көрініс табатын барлық сөздік құрылымдар эмоционалды" деген тұжырымға келді [3]. Ғалымдардың зерттеулеріне қарап, лингвистика мен лингвистикалық әдістердің эмоция мен эмоционалды интеллект қалыптастыруда атқаратын қызметін аңғарамыз. Демек, ойдағы эмоцияның өзі тіл арқылы танылады. Ал, тіл өз кезегінде, іштегі эмоцияның айшықты сөздер арқылы сыртқа шығуына мүмкіндік туғызады. Эмоционалды интеллектіні бейнелейтін эмоционалды тіл де тіл ғылымының зерттеу объектілерінің бірі болып табылады.

Ең тәтті де тіл, ең ащы да тіл деген ата-бабаларымыз тілдің қасиеті мен сөз құдіретін бағзыдан білген. Шынымен де, бір ауыз сөзбен адам жанына жара салуға да болады, бүлінген көңілді қайта қалпына келтіруге де болады. Жаман сөздің сыйластықты өлтіретіні, жақсы сөздің емдейтіні белгілі. Сол үшін де, адамның эмоциялары тіл арқылы ауызша айтылатындықтан, эмоцияны басқара білу адам үшін өмірлік маңыздылыққа ие болады. Мысалы, адамның жан-дүниесіндегі жағымсыз эмоциялар арқылы сыртқа шыққан сөздің ауыр энергиясы өзге адамның санасы мен еркіне, физиологиялық жай-күйіне әсер етеді. Көбінесе бұл қателік адамдардың коммуникативті сауатсыздығынан, жағдайдың салдарын ескермеуі мен немқұрайлылықтан туындайды. Ал, кейбір жағдайларда эмоционалды ойлардың тілдегі көрінісі әдейі жоспарлы түрде, жанама эмоционалды әсер ретінде орын алады. Эмоционалды интеллектіні құрайтын өз эмоциянды білу мен оны басқара білу сынды факторларды игеру адамның түрлі көңіл-күйін бейнелейтін айшықты сөздердің жинақылығы мен орынды қолданылуына жағдай жасайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, эмоционалды интеллект қалыптастыру мен лингвистика ғылымы бір-біріне етене жақын және эмоционалды тіл де тіл ғылымының зерттеу объектілерінің бірі болып табылады деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маслова В.А. "Лингвокультурология". М.: Academia, 2004. -189 с.
2. Учение об эмоциях / Л. С. Выготский. – М. : Педагогика, 2006. – 132 с.
3. Шаховский В. И. Лингвистическая теория эмоций: Монография. М.: Гнозис, 2008. 416 с.
4. Психологический словарь. М.: Педагогика, 1963. - 156 с.
5. Теория речевой деятельности. М.: Наука, 1968. -268 с.

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖАҢА БАҒДАР

Туребекова Улбазар Бекболатовна

Алматы қаласы, Жетісу ауданы

№118 мектеп-гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: «Әрбір ұстаз – білікті маман, ал әрбір оқушы – ойшыл тұлға» дегендей (мұғалім және оқушы) әркім өз қажеттіліктеріне икемдеп, бейімдеп, өз мақсаттарына сәйкес өзгертеді, тереңдетеді, дамытатындығын сөз ете келіп, қарастырады.

Тірек сөздер: Мұғалім, оқушы, білім, дағды, жаңашылдық, бағдарлама, интербелсенді әдістер.

Еңбек тәжірибесі әртүрлі мұғалімдерді әсіресе, жас мамандарды тарту арқылы мектеп жүйесін жан-жақты дамыту үшін қажетті білімдер мен дағдыларды, оқытудағы жаңаша тәсілдерді тиімді пайдалана білуге болатынына көз жеткіздік. Бұл мақсат шынында да көп еңбек етуді талап етеді, алайда дұрыс тәсілдер қолданылған жағдайда бүкіл мектеп шеңберінде өзгеріс жүргізілуіне ықпал ете алады. (Мұғалімге арналған нұсқаулық 4-бет).

Бұл бағдарлама мектепке жаңа леп, жақсы өзгерістер әкелді.

Әрине, жаңалыққа жандары құмар, өздерін де өзгерткісі келетін мұғалімдерді қатары әрине көп. Мектеп мұғалімдерінен құралған мектепшілік кәсіби қоғамдастық құрылды. Мұндағы мақсат мектептің даму жоспарын іске асыру, өзгеріс енгізу, нәтижеге жету болатын. Желілік қоғамдастық аясында коучинг және тәлімгерлік үдерістері арқылы Кембридж білім беру бағдарламасының негізгі идеясы мен мазмұнын түсіндіріп тарату. Мақсат: мектеп мұғалімдері арасында ынтымақтастық орнатуға, кәсіби жетілдіруге, оқыту мен оқу үдерісін дамытуға ықпал жасау. Яғни, кәсіби желілік қоғамдастық арқылы мектептің даму жоспарын іске асыру.

Коучинг – сессиялардың тақырыптарын мектептің даму басымдығына сәйкес белгілеп, өткізіледі. Маған бұл үдерісті іске асыруда тәлім алушыларымыздың еңбегі орасан. Себебі коучинг-сессияларды жоспарлауда және өткізуде біз тәлім алушыларға және шығармашылық тобымызға сенім арттылады.

Коучинг - сессияның тақырыбын «Оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлаудың маңызы» деп алынды. Мақсаты - іске асып, әріптестер оқыту мен оқудағы сын тұрғысынан ойлаудың маңызын, мәнін, әдістемесін белсенді оқу әрекеті барысында меңгеріп, тәжірибеге енгізу жолдары жөнінде бағыт-бағдар алды, оқушылардың оқу белсенділігін, пәнге қызығушылығын арттыру.

Әрине, бұл атқарылған істің бір ғана көрінісі. Осындай істер әр мектептен орын тепсе, біз алмайтын шың болмас еді. Ұрпағымыз білімді, қоғамымыз дамыған, алдыңғы қатарлы алып елдер қатарынан табыларымыз сөзсіз.

Әлем елдерінің біразы бұдан 40-50 жыл бұрын игерген әдіс-тәсілдер мен озық технологиялар бұл күнде әрбір оқытушының басты құралы болып отыр.

«...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» - деген Елбасы сөзі үнемі жадымызда.

Жас ұрпақ тағдырын өз қолына алған ұстаздармен қатар, ұрпақ тәрбиелеу жолында ата-ана еңбегі де ерен. Мектеп басымдылығын айқындауда «ата-ана даусы» ерекше ескерілді. Мектептің даму жоспарын жасауда олардан алынған сауалнама,

пікірлесу нәтижесін сараптай келе, жоспарды түбегейлі өзгертуге тура келгенін жасыруға болмас.

Басқаны үйреткен кісі қайталау арқылы меңгерген білімдерін нығайтумен ғана емес, пәнге үңілуге мүмкіндік алумен де өзін-өзі үйретеді. Сондықтан да асқан дарынды Иохим Форций өзі жайында «Не естіп, не оқысам да, соның бәрі тіпті бір айдың ішінде-ақ ойымнан шығып кетеді, ал басқаларға үйреткенімді өзімнің бес саусағымдай соншалық айқын білемін» десе, «Зор табыстарға жету үшін өздеріне шәкірттер тауып, оларға күн сайын өздері үйреніп жатқан нәрселерін үйретіп отыруды кеңес қылады» деп Ян Амос Коменский айтқан екен.

Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде диалог сабақ оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны жеке жеті модуль түрінде берілген, жетеуінің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, мен жаңа әдіс ретінде «Диалог арқылы оқытуды» көбірек қолданамын.

Диалог арқылы оқыту оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруымен қатар өз ойын еркін айтуға, құрбысымен түсінісу қарым-қатынасқа түсуге, сөйлеу дағдысын жақсарту, мұғалімге оқушының білім деңгейінің қандай дәрежеде екенін білуге, өзін және өзгелерді тыңдай білуге, өзгені тыңдау арқылы білім деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретінін білдім.

Мен өз тәжірибемде диалог арқылы оқытуды бұрыннан бері қолданамын, бірақ диалог арқылы оқыту білім беруде соншалықты маңызды екенін бірінші бет-бет кезеңде ғана білген сияқтымын. Қашықтықтан оқыту кезіндегі қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жоспарлау кезінде диалогтік оқыту менің әр сабағымда кездесе берді. Диалог арқылы оқыту оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырғанымен қатар өз ойын еркін айтуға, құрбысымен жеңіл қарым-қатынасқа түсуіне, сөйлеу дағдысын дамытуына, мұғалімге оқушының білім деңгейінің қандай дәрежеде екенін түсінуге, өзін және өзгелерді тыңдай алуына, өзгені тыңдау арқылы білім деңгейін жақсаруға мүмкіндік беретінін көрсетіп кетті.

Барнс сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушының оқуына соншалықты әсер ететіндігін айтады. Барнс оқытудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальді құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжкинсон зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделіп құрылып, оқыту барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді. Сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретінін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар.

Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінуіне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқулары қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі.

Білу кезеңінде «Миға шабуыл» стратегиясын қолдандым. АКТ-дан өткен сабақ бойынша әр топ өзіне арналған сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар «Қарлы кесек» ойны арқылы үй тапсырмасын бекітті. Яғни, бірінші топ екінші топқа сұрақ қояды. Толық және көп жауап берген топ алға шығады. Әр кезең сайын топ қызыл, жасыл, сары жұлдызшаларымен бағаланып отырды.

Жаңа тақырыптың мағынасын ашу мақсатында жаңа тақырыптың аты жасырынған ребус және мысалды жазған автордың аты-жөні жасырылған сөзжұмбақ түріндегі тапсырма орындалды. Сұрақтар өтіп кеткен тапсырма бойынша қойылғандықтан бұл тапсырманы барлық бала қызыға отырып орындады. Тәкаппар мысалын жазған автор Шона Смаханұлы туралы мағлұматты оқушылар өздері үйден ізденіп келгендіктен бірін-бірі толықтырып отырды. Мысалды мұғалім мәнерлеп оқып бергеннен соң, оқушылар ролге бөліп оқыды.

Қолдану кезеңінде оқушылар топтық жұмыс жасады. 1-топ Венн диаграммасы бойынша жағымды және жағымсыз қасиеттерді салыстырды. 2-топ Тәкаппар мысалына қатысты сурет салды. 3-топ 5 жол өлең құрады. Осы тапсырмалар бойынша әр топ өз жұмысына талдау жасады. Талдау кезеңінде дәптермен жеке жұмыс орындалды. Кесте сызып кітаптан балықтың 1-ші сөзі мен балықтың 2-ші сөзін тауып жазды.

Жинақтау кезеңін «Таза тақта» ойны арқылы өткіздім. Интербелсенді тақтаға сұрақтар жазылады, егер оқушы дұрыс жауап берсе, өз сұрағын өшіріп отырады. Соңында тақта таза күйінде қалуы керек. Бұл тапсырма оқушылардың қызығушылығын одан сайын арттыра түскендей болды.

Әр кезең сайын топ бағаланып отырды. Балаларға «Бағдаршам» арқылы бағалау қатты ұнады. Әр топ басшысы өз тобындағы оқшыларды бағалау парақшасы арқылы бағалады. Сонымен қатар смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады.

Оқушылардың бар назарын алдын-ала белгілі жауапты табуға аударған мұғалімдер, әдетте, олардың ақпаратты игеру үдерісін бақылаудан шығарып алады. Оқушыларға жауап беруге уақыт беру қажет және де мүмкін болса, бұдан кейінгі сұрақтар мен жауаптарды олардың сөздеріне орайластырып құрған дұрыс. Сұрақ қойылғаннан кейінгі кідіріспен қатар, зерттеуде мұғалім оқушының жауабын алғаннан кейін де кідіріс жасау қажет. Харгривс пен Гэлтон жалпы алғанда мұғалім сұрақ қойған соң оны қайталап немесе сол сұрақты өзге оқушыға басқаша қоймас бұрын шамамен екі секундтай кідіретінін анықтаған. Ойлануға берілетін уақыттың ұлғаюы (әсіресе күрделі жауаптар үшін) оқушыларға өз жауаптарын түзетуге, нақты-лауға және дұрыстауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, мақсатқа қатысты жылдамдық туралы ұмытпау керек-жабық сұрақтар тобы орынды болуы мүмкін, бірақ кей жағдайда сұрақтарға оқушылардың барынша ойластырылған әрі терең жауап бергендері керек.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша балаларды ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылар мен қасиеттермен қаруландыру-мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Балалар күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек.

Оқушының дұрыс білім алуы үшін сұрақ қоюдың үш түрлі техникасын қолдануға болады. Түрткі болуға арналған сұрақтар оқушыдан жауап алу үшін және оқушының жауабын түзету үшін, беретін сұрақты қарапайым етіп қою қажет. Сынақтан өткізуге арналған сұрақтар өз ойларын анық және толық жеткізе білуге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет. Бағдар беру үшін «Мысал келтіре аласың ба?» деген сұрақтар қоюға болады. Қайта бағыттау сұрақты басқа оқушыға бағыттау, «Көмектесе алатындар бар ма?» деп қоюға болады. Осындай сұрақтар қою арқылы мұғалім мынандай жетістіктерге жетеді:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

•білімге деген құштарлығын дамытуға ықпал етеді және зерттеуге ынталандырады;

- оқушылардың білімін қалыптастыруға және вербальдандыруға көмектеседі;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- оқушылардың бір-біріне үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды

«Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», -деп Ахмет Байтұрсынов айтпақшы білімімізді толықтырып, осы жеті модульдің бәрін бір сабаққа кіргізіп, болашақта озат оқушы мен екпінді оқушылар саны артады деген сенім ұялайтыны рас.

Оқушының диалогті жүргізу арқылы білімі дамиды екен, сол білімдері арқылы сыни тұрғыда ойлары қалыптасатынын байқадым.

Қорытынды: баланы бірлесе тәрбиелеу - жетістікке жеткізеді. Қазіргі қоғамда баламен кеңесіп, «оқушының үніне» құлақ түрген жағдайда ғана біз мақсатымызға жете аларымыз айқын. Осындай қорытынды жасай келе, жаңаша оқыту дегеніміз – бірлесе жұмыс істеу, ынтымақта болу, бір-біріміздің пікірімізді бағалай білу. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, әріптестеріме де бірлесе еңбек етуді ұсынар едім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. "НЗМ" ДББҰ, 2014
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. Бірінші (ілгері) деңгей. "НЗМ" ДББҰ, 2014
3. Б.Тұрғынбаева «Ұстаздық шығармашылық 14-б. Алматы, 2007 ж.

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Оразахынова А.Е. -

Алматы облысы, Панфилов ауданы

А. Розыбакиев ОМ КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: Мақала қазақ әдебиеті пәнінен эпикалық шығармаларды оқыту әдістемесін зерттеуге арналған. Мақалада эпикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушыларға көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық-құрылымдық сипаттарын ажырата білуге және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құдіретін дәйектей алу дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері қарастырылған.

Тірек сөздер: эпикалық шығарма, дамыту, әдіс-тәсіл, дағды, талдау, көркем әдебиет.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқуда оқушылар көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық-құрылымдық сипаттарын ажырата білу және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құдіретін дәйектей алу дағдыларын игереді, сөйтіп мектепте әдебиетті оқыту қазақ әдебиеті бойынша біртұтас жүйелі білім негіздерін меңгеруге құрылады. Ал бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістерді талдап-тану, оның мәдени рухани,

технократиялық дамуының дәрежесін айқындау, болашақ көкжиегін белгілеу өткеннің тәжірибесін зерттеп-білу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Әрбір адамзат баласы халықтың дәстүрлі мәдени мұраларынан нәр алып, оның озық та өміршең қағидаларынан үйренеді. Соның нәтижесінде ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның даму үдерісінееркін араласады. Олай болса, әдеби мұраларға деген рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әрбір жеке адамның оған қызығушылығын туғызу керек, оның көркемдік қабылдау қабілетін тәрбиелеу қажет. Басқа да педагогикалық-психологиялық құбылыстар сияқты әдеби шығарманы, ондағы авторлық идеяны көркемдік қабылдау қабілеті мәселесінің де ондаған жылдар бойғы қалыптасып даму, өзіндік өркендеу тарихы бар [1, 55].

Жоғары сынып оқушыларының көркемдік қабылдау қабілетінің ішіндегі ең күрделілерінің бірі – оқырмандық қабілеттің дамуы. Қазақ руханиятында да бұл мәселеге ежелден назар аударылған. Айталық, қазақ халқының ұлы ойшылақыны Абай «Он бесінші қара сөзінде»: «Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адаморынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өмірдің өкініші де жоқ болады екен...» – деп, «орынды іске қызығу», «құмарланып іздеу» адамның өмірдегі өзінің мақсатына жетуіне себепші болатындығына ерекше назар аударады [2, 87]. Ал халқымыздың тұңғыш ағартушы педагог-ғалымы Ы.Алтынсарин Н.И.Ильминскийге жазған хатында өзі құрастырған оқулықтарының ең алдымен жас шәкірттердің оқырмандық қабілетін дамытатындай, қызығушылығына жауап бере алатындай, кітапқа, көркем туындыға құмартатындай деңгейде болуынаайрықша мән беретіндігін атайды: «Қазақ балаларына менің де мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе оларды қызықтыратын мысалы, жібек құртының көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады. Өлең жағын мен, мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарихи және теориялық ғылыми әңгімелер келтірмекпін», - дейді ол сол хатында [3, 43].

Мектеп жасындағы жас жеткіншектердің оқу-білімге деген талабы олардың қызығушылығын оятып, оқырмандық қабілетін тиісті дәрежеде тәрбиелеген жағдайда ғана белгілі бір нәтиже беретіндігіне халқымыздың ағартушылары кезіндебаса көңіл бөліп, ағартушылық бағыт-бағдар берген еді. Кітап оқуға құмарлық, оқырмандық қабілет пен оған қызығушылықтың оқубілімді меңгеруде маңызды рөл атқаратындығы әсіресе, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектерінде арнайы қарастырылады. Эпикалық шығармаларды оқыту арқылы жоғары сынып оқушыларының оқырмандық қабілетін дамытудың әдістемесі қарастырылатындықтан мұғалім мен оқушының өзара субъектілік іс-әрекеттері басшылыққа алынады. Оқырмандық қабілетті шындай түсу және шәкірттердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қазіргі қазақ әдебиеті бағдарламаларындағы туған әдебиетіміздің дәуір тынысын бейнелеген ең таңдаулы шығармаларды оқу бағдарламасында сұрыптап енгізген дұрыс деп есептеймін. Ол сұрыптауда оқып-үйренуге қажетті шығармалардың екі түрі ұсынылуы тиіс. Біріншісі – хрестоматиялық /эталондық/ мәнге ие болған шығармалар. Екінші түрі – сыныптан тыс оқу тізімі ретінде берілетін шығармалар.

Орта мектептегі оқу үдерісінде оқушыларға әдеби білім беру арқылы олардың оқырмандық қызығушылығын дамыту ісінде қабілеттілік мәселесінің қандай орын алатындығы жеткілікті дәрежеде зерттелмесе де, бұл тараптағы алғашқы ізденістер

баршылық. Орта мектептегі физика, химия, география тағы басқа пәндерді жаратылыстанудың шешімін тапқан заңдылықтарына, дайын теорияларға, ережелерге сүйене отырып, оқып-үйренудің қалыптасқан ұстанымдары жасалған. Ал әдебиет пәнін оқып-үйренуге бұл ұстанымдарды пайдалануға болмайды. Өйткені, сабақ үстінде оқушы қатардағы шығармамен емес, өзі үшін тың, жаңа құбылыспен, жаңа әлеммен алғаш рет бетпе-бет кездеседі. Сондықтан әрбір көркем шығарма қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінің үні болуымен қатар, сол кезеңдегі кейіпкерлер дүниесінің тағдыр-талайымен, табиғат көріністерінің ғажайып сырларымен, тағы басқа да сапалық қасиеттерімен таныстыратын қайталанбас құбылыс болып табылады.

Әдеби туындының көркемдік болмыс-бітімін барынша кеңінен қамти отырып талдаудың түрлері аз емес. Соған қарамай талдау түрлерінің барлығын бірдей оқырмандардың қызығушылығын, әдеби-эстетикалық даму деңгейін, жеке психологиялық ерекшеліктерін жетік білмей тұрып, түпкі нәтижені көздейтін белгілі бір мақсатқа бағындырмай, талғаусыз пайдалану мүмкін емес. Айталық, жоғарғы сыныптардағы әдебиет курсы тарихи-әдебиеттік ұстанымға құрылғандықтан, көркем туындыны суреттеліп отырған кезеңнің тарихымен тығыз байланыста алып қарастыру керек. Онсыз жазушының тарихқа көзқарасын, өзі суреттеп отырған қоғамнан түйген әлеуметтік философиялық ой-пікірлерін, қоғам жөніндегі қаламгерлік тұжырымын айқын ажырата алмайды, сонымен бірге, жазушы стиліне терең бойлай алмайды. Сол үшін жазушының адамтанушылық тұжырымдамасын, қоғамдық көзқарасын, шығарма идеясын, тарихи сипатын анықтауда талдаудың өзге түрлеріне қарағанда образды-тұжырымдамалық, не проблемалық талдаудың ұтымдылығын пайдаланған орынды. Мектепте әдеби шығарманы талдаудағы басты мақсат – оқырмандыққа тәрбиелеу болғандықтан, бұл үдеріс те талданатын шығарманы алуан түрлі әдістер аясында қарастыруды қажет етеді. Талдау түрлерінің көптігі де осыдан туындайды. Әйтсе де, әдебиеттанушылардың, педагог-психологтардың, әдіскер ғалымдардың, мектеп мұғалімдерінің эпикалық шығарманы талдау барысында жиірек жүгінетін бірнеше талдау әдістері бар. Бұған образдар бойынша талдау, проблемалы талдау, тұтастай талдау, тақырыптық талдау және т.б. дәстүрлі әдістер мысал бола алады. Бұл әдістер оқырмандық қабілеті дамыған тұлға моделін құрауға да негіз бола алады.

Пән мұғалімі таңдап алған мақсатына орай осы әдістер ішінен өзі қолайлы деп тапқанын оқушылардың көркемдік қабылдауын тереңдету, оқырмандық қабілетін дамыту үшін кәдеге жаратады. Жоғарыда аталған әдістердің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, артықшылықтары мен ұтымды жақтары бар.

Әдіскер-ғалым Т.Ақшолақов: «...оқыту үдерісінде көбіне рационализм бар да, эмоционалдык көлеңкеде қалады. Осы екеуі оқыту үдерісінде қатар жүрмесе, әдебиет өзіндік ерекшелігінен, дүниетанымдық қасиетінен айырылады. Өнерлік сипатынан жұрдай болады», – дей келіп, көркем мәтінмен жұмыс жүргізуде оқушы бойындағы психикалық әрекеттерді де қоса дамытып отырмайынша әдеби білім беру мүмкін еместігін ерекше атайды [5, 67]. Ұстаздың тиімді талдау әдісін таңдап алуы сабақта жүзеге асырсам деген мақсатына және соған лайықталып, нақтыланып берілетін білім көлеміне тікелей байланысты болады.

Эпикалық шығарманы талдау үшін қандай әдіс таңдап алынса да, оқушы бойында сол әдісті жұмыс үстінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру ісі қатар жүргізіліп отырады. Мәселен, сабақтың мақсаты оқушылардың жазушы суреттеген өмірден алған әсерін байыту болған жағдайда, мұғалім оқушы бойында шығармадағы сөзбен салынған суретті, көркем картинканы елестете, көре білу сияқты аса күрделі қабілетті қалыптастыру үшін жұмыстанады. Сонымен қатар, шығарманың жекелеген немесе тұтас көріністерін, болмаса есінде қалған кез келген бір белгілі бөлшектерін

елестету арқылы көру қабілетін дамыту бағытында жүйелі түрде тапсырмалар орындатады.

Жазушы шығармашылық үдеріс үстінде суреттеп отырған объектісін соншалықты айқын көріп, өз кейіпкерлерінің тартыс үстіндегі қуанышы мен қайғысын өз басынан өткізіп отырғандай толғанысты жағдайда болды. Мұғалім міндеті – нақты ойластырылған тапсырмалар жүйесі арқылы оқушы-оқырмандарды да шығарма авторы бастан кешкен психологиялық көңіл күйге ортақтастыра білу, сол күйді олардың да бастарынан қайталап өтетіндей болуы қажет.

Көркем шығарма туралы ойланып, ой қорытуға дағдылану оқушы-оқырман үшін олардың бойындағы шығармашылық ойлану қабілетін дамыта түсуге ықпал етеді. «Ақбілек» романының көркемдік бітіміне тән негізгі ерекшелік-психологизм. Сондықтан да Ақбілектің жан әлемін ашу үшін жазушының кейіпкердің өзін сөйлете отырып мінез-құлқын ішкі монолог арқылы танытуы көркем шығармадағы аналитикалық психологизмге тән белгілер болғандықтан басты кейіпкер бейнесінің жарқырай ашылуына мүмкіндік берген. Романның сюжеттік желісі жиырмасыншы ғасырдың бастапқы тұсындағы қызылдардан қашқан ақтардың жолда кездескен қазақ ауылдарына салған алаңы, көрсеткен қорлық-зорлық оқиғасына құрылған. Шығарма сюжетін ширектіру, оқырманға қызықты ету үшін жазушы бірқатар пішіндік ізденістерге барады. Шығарманы бөлімдерге бөліп, бөлімдерді тараушаларға жіктейді сонымен бірге шығармадағы негізгі кейіпкерлердің бейнесін кеңінен ашып көрсету үшін әр тараушаның атауын «Ақбілек», «Бекболат», «Офицер», «Мұқаш» т.б. деп кейіпкерлер бейнесіне теліп отырады. Әр кейіпкердің бейнесін ашу үшін олардың әрқайсысының әлеуметтік салмағына сай әрекеттер жүктеп отырады.

Мұғалім сабақ барысында бұларды өзгертіп беруі де мүмкін. Бастысы – оқушылардың көркемдік қабылдауы. 1. Жазушының "Ақбілек" романынан алынған үзіндіні оқыңыздар. Үзінділер Ж.Аймауытовтың қандай шығармасының қай тарауларынан алынғанын анықтандар. Ж.Аймауытовтың өзіндік тіл ерекшелігіне назар аударыңыздар.

2. Жоғарыда берілген үзінді, қара сөзбен жазылғанына қарамастан қандай жанрға жақын деп ойлайсыздар?

3. Романды оқу барысында төмендегі сұрақтар төңірегінде пікір алысыңыздар, өзара талдау жасаңыздар: - Роман оқиғасы қандай тіршілікті суреттеуден басталады? Оқиға жылдың қай мезгілінде өтеді?

- Ақбілек тұлғасы қалай сипатталып, таныстырылады?

Көзінің тартуы Ақбілекте қандай ой туғызады?

- Терең шаттан көз байлана шыққан төрт аттының мақсаты не деп ойлайсыздар? Мамырбай үйіне келуі неліктен?

- Мамырбайдың бәйбішесінің қамшыға шыдау себебі неде?

Ол кімді қорғамақ болды? –

Ақбілек кімнің алдауымен орыстардың қолына түседі? А

насының әрекетінен нені байқадыңыздар? - «Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсақ, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр

Осындай тапсырмалар оқушының эпикалық шығармаларға деген оқырмандық әрекетін қалыптастыруға септігін тигізеді деп санаймыз. Жалпы білім беретін мектептің жоғарғы сыныптарында әдебиетті оқытуға арналған бағдарламаларда көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне сай меңгертуге қатысты берілетін әдеби білімнің көлемі, сабақ үстінде көркем мәтінмен атқарылатын жұмыс түрлері толық берілген. Көркем шығарманы меңгертуге арналған мәтін талдау жұмыстары белгілі дәрежеде жоғарғы сынып оқушыларының әдеби шығармаға тереңдей енуіне мүмкіндік беретіні рас, солай бола тұра бұл жұмыстар әрбір оқушының оқырмандық қабілетін

қалыптастыруға толық жеткілікті болады деп айта алмаймыз. Осы орайда оқушының әдеби білімін тереңдетудің, оның оқырмандық қабылдау траекториясын кеңейте түсетін қосымша шығармашылық тапсырмалар қажеттілігі пайда болады. Оқушыға берілетін шығармашылық тапсырмалар әр қаламгердің көркемдік әдісі арқылы айқындалатын тақырып пен идеяны аша білудегі, сюжет құрудағы, образ жасаудағы, шығарманың көркемдік бөлшектеріндегі, тілдік бейнелеулеріндегі өзіне ғана тән болып келетін суреткерлік, стильдік ерекшеліктерін танытуға тікелей бағытталуы маңызды. Шығармашылық тапсырмаларды орындаушы оқушы болғандықтан мұғалім үнемі өзі қажет деп тапқан тапсырмаларымен ғана жұмыс жүргізе бермей, оқушының да қандай да бір тапсырма тақырыбын таңдап алуында еркін таңдау жасауымен санасуы керек. Шығармашылық тапсырмаларға қатысты жұмыстардың нәтижелі болуы мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық ынтымағындағы үйлесімге байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ланин Б.А. Литературное образование в XIX начале XXI века.- М., 2005. - 118 с.
2. Никифорова О. И. Психология восприятия художественной литературы. – М., 1972. - 92 с.
3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері.– Алматы, 1992. - 64 б.
4. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
5. Ақшолақов Т.Қ. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1998. – 192 б.

ORCID: 0000-0002-7048-2047.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН

Ж.А. Рустемова

Ф.ғ.к., доцент,

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан. Rustemova.66@mail.ru

Түйіндеме: Бұл мақалада «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы мақсаттарындағы көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің көрінісі мәселелері қарастырылған. Автор көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің оқу мақсаттарында ескерілмей жатқан тұстарына қатысты ойларымен бөліседі. Көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдері, жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты түсіндіріліп, дәстүрлі сабақ мазмұны мен жаңартылған сабақ мазмұны сипатталады. Автор көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің оқу бағдарламасында көрініс табу маңызына тоқталады және оқушылардың көркем мәтін талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында бағдарламадағы оқу мақсаттарына өзгеріс енгізу қажеттілігі жөнінде ой қозғайды, жалпы білім беретін орта мектепте оқытылатын «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған оқу бағдарламасын талапқа сай дайындауға қатысты ұсынысын білдіреді. Автор көркем мәтінмен жұмыс кезеңдерін қалыптастырушы бағалау тапсырмаларындағы оқу мақсаттарымен өзара салыстыру негізінде нақты қорытындылар жасайды.

Тірек сөздер: Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу мақсаттары, көркем мәтінмен жұмыс, мәтін талдау ерекшеліктері, қысқа мерзімді жоспар, критериялды бағалау түрлері.

Abstract: This article discusses the issues of reflecting the stages of working with a literary text in order to update the curriculum for the discipline "Kazakh literature". The author shares his thoughts on what stages of working with a literary text are not taken into account for educational purposes. It describes the stages of working with a literary text, the purpose of the updated curriculum, describes the traditional content of the lesson and the updated content of the lesson. The author dwells on the importance of the stages of working with a literary text for reflection in the curriculum and reflects on the need to make changes to the learning goals in the program in order to develop students' skills in analyzing a literary text, makes suggestions on the adequate preparation of the updated curriculum on the subject "Kazakh adebieti", taught in secondary schools. The author draws concrete conclusions based on the mutual comparison of the stages of the literary text with the learning goals in the tasks of formative assessment.

Keywords: Updated curriculum, learning goals, working with artistic text, features of text analysis, short-term plan, types of criteria assessment.

Елімізде жаңартылған білім беру бағдарламасы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізілді. Бірақ жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бұл күнде айқындалып отыр. Демек, жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру – қоғамымыз үшін ең өзекті тақырыптың бірі. Мақаламыздың басты мақсаты – орта мектепте оқытылатын «Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасына қатысты негізгі кемшіліктің көркем мәтінмен жұмыс кезеңдеріне байланысты болып отырғандығын дәлелдеу. Мақала көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерін түсіндіру, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының негізгі мақсатын еске салу, дәстүрлі сабақ мазмұны мен жаңартылған сабақ мазмұнын салыстыра отырып, соңғы оқу бағдарламасындағы олқылықтарды анықтау, жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына қатысты ұсыныс жасау міндеттерін көздейді.

Әдебиет сабағының күре тамыры – көркем мәтінмен жұмыс. Көркем мәтінмен жұмыстың белгілі бір жүйесі бар. Дәстүрлі оқытуда пән мұғалімінің кіріспе әңгімесінен кейін мәтінді оқып мазмұнымен танысу, оған жоспар құру, құрылған жоспар бойынша оны мазмұндау және талдау жүзеге асырылатын. Талдаудан кейін қорытынды жасалатын. Бұл жүйе көркем мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерін танытады. Аталмыш жүйені жинақтап көрсететін болсақ, әдебиеттік оқу материалының өтілу тәртібі кіріспеден, мәтін бойынша жұмыстан және қорытындыдан тұрады. Дәстүрлі оқу бағдарламасының 2010 жылғы нұсқасында [1;21-б.] 7-сынып бойынша М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіне 5 сағат берілген болатын. Осы бес сағат бес сабаққа бөлінетін. Бес сабақ төмендегідей үлгіде өткізіліп жүрді:

1-кесте

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі мәтінімен жұмыс жүйесі(5 сағат)

Сабақтың реті	Сабақ түрі	Сабақ кезеңдерінің түрлері
1-сабақ	Дәстүрлі кіріспе сабағы	Кіріспе сабағы өтілгелі отырған тақырыпқа оқушыларды қызықтыру, эмоциясына әсер ету, оларға бағыт беріп, істелетін істің мазмұны мен тәсіліне қанықтыру мақсатын көздейді.
2-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем мәтінмен жұмыс	1) Мәтінді оқу 2) Мәтінді мазмұндау 3) Мәтінді талдау(Тақырыптық-мазмұндық, сюжеттік-композициялық талдау)

3-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем мәтінмен жұмыс	1) Мәтінді оқу 2) Мәтінді мазмұндау 3) Мәтінді талдау(Образдық талдау)
4-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем мәтінмен жұмыс	1) Мәтінді оқу 2) Мәтінді мазмұндау 3) Мәтінді талдау(Туындыны тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдау)
5-сабақ	Қорытынды сабақ Дәстүрлі(мазмұндама, шығарма, эссе жазу) немесе дәстүрден тыс сабақ(дебат сабағы, сот сабағы т.б.)	Оқушылар көркем туындының тақырыбы, мазмұны, идеясы, көркем тілі, маңызы туралы бір қорытындыға келеді

Кестеде сабақ кезеңдерінің түрлері бойынша мәтінді оқуға да, мазмұндауға да және талдауға да орын беріледі. Бұл кезеңдердегі жұмыстың жүргізілу үлесіне сынып оқушыларының білім деңгейі, қабілеті, қабылдау ерекшелігі, білік-дағдылары ықпал етеді. Жұмыс 7-сынып оқушыларының мәтінді үйден толық немесе жартылай оқып келуіне байланысты жүргізіледі. Сол себепті пән мұғалімі сабақтың көп бөлігін мәтінді талдауға арнай алады. Мәтінді талдау барысында мәтін бөлігін оқыту, мәтін эпизодын мазмұндату тұрғысында кезеңдердің элементтік сипаттары байқалуы мүмкін. Дәстүрлі қорытынды сабақта М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі бойынша көбінесе мазмұндама, шығарма жазылатын.

Дәстүрлі оқу бағдарламасының 2013 жылғы нұсқасында[2;33-б.] 7-сынып бойынша М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіне 3 сағат берілді. Осы 3 сағатты 3 сабаққа бөлсек, төмендегідей кесте түзіледі:

2-кесте

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі мәтінімен жұмыс жүйесі(3 сағат)

Сабақтың реті	Сабақ түрі	Сабақ кезеңдерінің түрлері
1-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем мәтінмен жұмыс	1) Кіріспе жұмысы 2) Мәтінді оқу 3) Мәтінді мазмұндау 4) Мәтінді талдау(Тақырыптық-мазмұндық, сюжеттік-композициялық талдау) 5) Қорытынды(Оқушылар туындының сюжеттік-композициялық құрылымына қатысты бір қорытындыға келеді)
2-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем мәтінмен жұмыс	1) Кіріспе жұмысы 2) Мәтінді оқу 3) Мәтінді мазмұндау 4) Мәтінді талдау(Образдық талдау) 5) Қорытынды(Оқушылар туындының образдар жүйесіне қатысты бір қорытындыға келеді)
3-сабақ	Дәстүрлі практикалық сабақ: Көркем	1) Кіріспе жұмысы 2) Мәтінді оқу 3) Мәтінді мазмұндау 4) Мәтінді талдау(Туындыны тілдік-көркемдік)

	мәтінмен жұмыс	ерекшеліктеріне қарай талдау) 5)Қорытынды(Оқушылар туындыны тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне қатысты бір қорытындыға келеді)
--	----------------	--

Сағат саны азайғаннан кейін мәтінмен жұмыс жүйесі де өзгерді. Кіріспенің кіріспе сабақ, кіріспе жұмыс, қорытындының қорытынды сабақ, қорытынды жұмыс түрлерінің айырмашылығын жоғарыдағы кестелер анық байқатады. Кіріспе – бір тақырыпты өтерде, бірнеше тақырыптас шығармаларды, үлкен мәтіндерді оқу, мазмұндау, талдау алдында қолданылатын жұмыс формасы. Кіріспе – оқу, мазмұндау және талдау кезеңдеріне жәрдемші форма. Қорытынды – бір тақырыпты өткенде, бірнеше тақырыптас шығармаларды, үлкен мәтіндерді оқып, мазмұндап, талдап болған соң қолданылатын жұмыс формасы. Қорытынды да – оқу, мазмұндау және талдау кезеңдеріне жәрдемші форма.

Шығарманы оқытудың қорытынды кезеңінде салыстырмалы сипаттағы тапсырмалардың берілуі кең таралған тәсіл болып табылады. Ол тәсіл оқушыларға әдеби туындыны қайтадан тұтас қабылдауға көмектеседі, оны басқа қырынан бағалауға мүмкіндік береді.

Кіріспе жұмыстарды Ә.Қоңыратбаев үш салаға бөледі:

- 1)заман, қоғам тірлігі жайындағы тарихи түсінік;
- 2)жазушының өмірбаяны мен творчестволық жолы(көзқарасы) жайындағы түсінік;
- 3)мәтін тұсында берілетін тақырыптық-текстологиялық(сөздік) түсінік[3;52-б.].

Демек, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің кіріспе сабағын автор өмір сүрген заман, жазушы өмірі мен шығармашылығы, әңгіменің жазылу тарихы, түсірілген кинофильм жайындағы шолу сабағы ретінде де өткізуге болады. Ал 5-6 минуттық кіріспе жұмысы осы мәселелердің кейбіріне арналады.

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының негізі мақсаты – критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі[4;4-б.].

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны «Түсіну және жауап беру», «Анализ және итерпретация», «Бағалау және салыстыру» бөлімдеріне бөлінген. Бұл бөлімдер бөлімшелерден тұрады.

3-кесте

Бөлім және бөлімшелері

Түсіну және жауап беру
Т/Ж1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні
Т/Ж2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы
Т/Ж3.Көркем шығармадағы образ
Т/Ж4.Шығарма үзінділерімен жұмыс
2) Анализ және интерпретация
А/И1. Әдеби шығарманың композициясы
А/И2. Автор бейнесі
А/И3. Көркем шығарманың тілі
А/И4. Шығармашылық жұмыс
3) Бағалау және салыстыру
Б/С1.Тарихи және көркемдік құндылығы
Б/С2. Заманауилығы мен жаңашылдығы
Б/С3. Әдеби эссе

Б/С4. Әдеби сын

Бағдарламада «оқыту мақсаттары» сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі дағдыны(түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді[5;4-б.]. Демек, жаңартылған мазмұндағы үлгілік бағдарламаға жүгінсек, бөлім атауының өзі дағдыны білдіреді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-сынып бойынша үлгілік қалыптастырушы бағалау тапсырмаларынан мысал:

Оқылатын шығарма тақырыбы: «Керқұла атты Кендебай»

Оқу мақсаты: 5.Т/Ж4. Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

Бағалау критерийі

Білім алушы

- шығармадан өзіне ұнаған эпизодты анықтайды
- эпизодты мәнерлеп жатқа айтады

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Тапсырма: Ертегіден өңізге ерекше әсер қалдырған эпизодты таңдап, жұбыңызға мәнерлеп жатқа оқыңыз

Дескриптор

Білім алушы

- шығармадан әсер еткен эпизодты анықтайды;
- эпизодты жаттайды;
- жұбына үзіндіні мәнерлеп жатқа оқиды[6;7-б.].

«Түсіну және жауап беру» бөлімі(дағдысы) бойынша «Көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту» атты оқу мақсаты «Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау», «Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау», «Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу» мақсаттарынан кейін беріліп отыр.

Дәстүрлі оқытуда көркем мәтінмен жұмыс кезеңдерінің бірі – мәтінді оқу кезеңінде мұғалімнің оқуына да, оқушының оқуына да кезек берілетін. Жалпы көркем мәтін үйде де, сыныпта да оқылады. Сыныпта оқу мұғалім оқуы, оқушы оқуы болып бөлінеді. Мұғалімнің оқуы түсіндірмелі оқу, мәнерлеп оқу, жатқа оқу, оқушының оқуы дауыстап оқу, іштен оқу, дауыстап оқу түсіндірмелі оқу, мәнерлеп оқу, жатқа оқу, хормен оқу, рөлмен оқу, таңдап оқу, жұппен оқу, ұжымдық оқу түрлеріне бөлінеді. Жаңартылған оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспары мақсаттарында көркем мәтінді оқудың осы түрлерінің арасынан «мәнерлеп оқу» мен «жатқа оқу» түрлері ғана алынған.

Көркем мәтінмен жұмыс кезеңдерінің мәтінді мазмұндау мен мәтінді талдау түрлері бойынша жұмысты «Түсіну және жауап беру» бөлімінде(дағдысында) ғана жүргізуге болады.

Оқылатын шығарма тақырыбы: «Керқұла атта Кендебай» ертегісі

Оқу мақсаты: Т/Ж1.Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Әдеби шығарманың сюжеттік дамуын жанрына қарай баяндайды

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну

1-тапсырма: Ертегінің сюжеттік желісі бойынша қарапайым жоспар құрыңыз.

2-тапсырма: Жұбыңызды жоспарыңызбен таныстырыңыз. Жоспар негізінде ертегінің сюжеттік дамуын әңгімелеңіз.

Дескриптор

Білім алушы

- ертегінің мазмұны бойынша сөз тіркестерімен жоспар құрады;
- жоспар негізінде жұбына ертегіні әңгімелейді[6;4-б.].

Көркем мәтінді терең түсініп талдауда мазмұндаудың және әңгімелеу әдісінің маңызы ерекше. Мәтінді мазмұндаудың толық және қысқаша мазмұндау, жоспар бойынша мазмұндау, әңгіме формасы мен жағын өзгертіп мазмұндау, шығармашылық мазмұндау түрлері, әңгімелеу әдісінің мәтінге жуық әңгімелеу, көркем мәтін ізімен әңгімелеу, тұжырымды әңгімелеу, оқушының өзіне ұнаған эпизодын әңгімелеу, әсерін әңгімелеу, шығармашылық жолмен әңгімелеу деген жолдары бар.

Көркем мәтінді бірінші не екінші жақта, немесе үшінші жақта әңгімелеуде автор баяндауы ғана өзгертіліп, мәтін мазмұны, негізгі айтар ойы өзгертілмейді. Тек бірінші жақта жазылса, оны үшінші жақта әңгімелеу талап етіледі. Әңгімелеудің бұл түрінің маңыздылығы сол, ол оқушының тілін дамытады, кейіпкерлер іс-әрекетін түсінуге, талдауға баулиды. Әсіресе, бас кейіпкер атынан сөйлеу қызықты да, күрделі де болып келеді. Бұл жұмыста оқушылар кейіпкер іс-әрекетін тереңірек түсінеді, өз сезімін, толғанысын да арқау етеді. Мазмұндау, әңгімелеу кезінде оқушыларды мәтінге жиі үңілдіріп, олардан кейбір негізгі мәселелерді мәтінге жуық айтуды талап ету – көркемдеп сөйлеуге баулудың басты жолы.

Жоғарыдағы қалыптастырушы бағалау тапсырмасында мәтінді жоспар бойынша мазмұндау ұсынылған. Бірақ бұл жұмыстың түрі сабақтың «Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» мақсатын орындауға бағытталған.

Көркем мәтінмен жұмыс істеудің мәтінді талдау кезеңінде автор ізімен талдау(тұтастай толық талдау), образдық талдау және тақырыптық-проблемалық талдау жүзеге асуы тиіс. Бірақ бұл талдаулардың автор ізімен талдау(тұтастай толық талдау), тақырыптық-проблемалық талдау түрлері 5-сынып оқу мақсаттарында да, жоғарыда қарастырылған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларында да көрініс таппаған. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары – қысқа мерзімді жоспардың негізі. Ол тапсырмалар(кемінде екі тапсырма) сабақтың ортасында тұрады. Тапсырмалар көбінесе интербелсенді әдістер формасында беріледі. «Бағалау және салыстыру» бөлімі(дағдысы) бойынша ұсынылатын «шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау», «кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау», «шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу», «оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу» оқу мақсаттары негізінде мәтін негізінде қорытынды жасалатынына болжам жасаймыз.

Сонымен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында көркем мәтінмен жұмыс кезеңдері, атап айтсақ, көркем мәтінді оқу түрлері, көркем мәтінді мазмұндаудың түрлері толықтай көрініс таппаған. Ұзақ мерзімді жоспарда көркем мәтінмен жұмыстың мәтінге кіріспе, мәтінді мазмұндау және қорытынды кезеңдеріне байланысты оқу мақсаттары ұсынылмаған. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларынан оқу, мазмұндау, талдау кезеңдерінің сипаты ашатын тапсырмалар кездесті. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою ерекшелігі бар. Енді сол ерекшелік «Қазақ әдебиеті» пәні жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша әдеби-педагогикалық мақсат ерекшелігіне айналуы керек. Бұл ретте Т.Ақшолоқов пен Ә.Дайырова дайындаған,

«Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұнын ғылыми жүйелеп айқындап берген «Әдеби білім тұжырымдамасы» қағидалары басшылыққа алынуы керек. Ол – мемлекеттік білім стандарттарын, бағдарламалар мен оқулықтар жасауда бағдар бола алатын ғылыми-әдістемелік құжат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы.– Астана, 2010. – 41 б.
2. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 62 б.
3. Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. - Алматы:Мектеп, 1987. - 176 б.
4. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал./О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана:«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.
5. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайты.
6. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы. Қазақ әдебиеті(оқыту қазақ тілінде). 5-сынып. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайты

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Акимбекова А.Т.

Алматы облысы, Панфилов ауданы

А. Розыбакиев ОМ КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мәселелері қозғалған. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері талданып, функционалды сауаттылықты қалыптастырудың қоғамдық маңызы айқындалған

Тірек сөздер: функционалды сауаттылық, әдістеме, теория, психологиялық алғышарттар, сөйлеу, коммуникация.

Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [1]. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі барысында маңызды қадам болып табылады. Мұндай стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділігі жоғары, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын тандай алу қабілеттілігін, өмір бойы білім алуға дайын тұратын тұлғаның ең басты функциялық сапаларын қалыптастыру орта білім беру жүйесіне жүктеліп отыр.

Функционалды сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани

тұрғысынан дамыған ел азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру деп айқын көрсетілген [2].

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық үдерістегі қызметі ерекше қажет.

Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады [3,23].

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі – баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі – баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені, қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін. Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып, қалыптасады. Бірақ, оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе-теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек. Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін. Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу-тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді [4,81]

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5-7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады. Интернеттік коммуникацияның көптеген түрі қазіргі кезде еркін және үйреншікті түрде қолданысқа еніп кетті. Олар: - электрондық пошта; - чат; - форум; - веб-конференция т.б. Интернеттен тікелей алынатын мәліметтер немесе интернет ресурстар – қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды

мәліметтер бере алады-дағы, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Интернет-технология негізінде қазақ тілін үйрету/үйренуге арналған ақпараттық-визуалды орта қалыптастырып, оны қазақ тілін үйренушінің, қазақ тілін теориялық дәрежеде меңгеріп отырған оқушының тұрақты оқу серігіне айналдыру мүмкіндігі зор. Мұндай виртуалды орта оқушыға қазақ тілін оқып-меңгеруге мұғалімнің жетекшілігімен және өз бетімен үйренуіне ерекше жағдай жасайтын орта болып табылады. Ондай виртуалды орта оқушылардың жеке танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін «қазақы кәсіби виртуалды ортасын» жасайтын ерекше «әлемге» айналады.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – күн өткен сайын адамдардың өзара қарым-қатынас жасайтын қажетті де қолжетімді құралына айналып келеді. Сондықтан да осындай ғаламат күшке, керемет мүмкіндікке айналып отырған заманымыздың ең күшті байланыс және ақпарат беру құралына айналған Интернет-технологияны қазақ тілін дамытудағы, қазақ тілін жан-жақты оқытудың ерекше де сенімді ортасына айналдыруға бар қолдан келген қайранды дер кезінде салу керек. Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог; уики; покаст; твиттер; ютюб; қыстырма (закладки) т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек.

Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша тілдік тұлға қалыптастыру – қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады [5, 42].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгерілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары – меңгерілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс 9 орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан - тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады.

Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі - өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы – тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш – дыбыс делініп, одан буын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз [5, 44].

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз – коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де - коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» леп

аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. - 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981. – 111-113 бет.
4. А.Қ.Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. - Алматы, 2010
5. Құрман Н.Ж., Тұрлыбекова Ж. Қазақ тілінің коммуникативтік грамматикасы. – Астана, 2013.

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

А.Е. Дүйсембекова¹

Түйіндеме: Бұл мақалада көркем мәтінді талдаудың психологиялық-педагогикалық шарттары оқушылардың әдебиет пәнін оқу барысында көркем шығармаға деген белсенді ақыл-ой, танымдық әрекеттері тұрғысында қарастырылған. Автор зерттеушілердің орта мектепте көркем шығармаларды зерттеудегі ойлау мен сөйлеудің психофизиологиялық процестерінің жұмыс істеу мәселесі тұстарына қатысты ойларымен және философиялық, психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі белсенділік пен қарым-қатынастың органикалық бірлігіне, жеке дамудағы қарым-қатынастың үлкен рөліне қатысты пікір-тұжырымдармен бөліседі. Көркем шығармаларды талдау қызметін ұйымдастыруда мектеп оқушысының кітапқа жүгінуге деген ынтасын тудыруы мүмкін мотивтер сипатталады. Автор баланың мәдени дамуындағы әлеуметтік және психологиялық қызмет ерекшеліктеріне тоқталады және мәдени сенімдер мен қатынастардың оқу және тәрбие үдерістеріне ықпалы жөнінде ой қозғайды. Автор көркем мәтінді талдаудың психологиялық-педагогикалық шарттары ретінде қарым-қатынас мақсаты мен мотивінің міндетті болуын, қарым-қатынастың нәтижелі болуын, оның нәтижелерінің оқу мақсатына сәйкес келуін, байланыстың белгілі бір нормативтік шеңберде жүруін, бақылануын атап көрсетеді және мектеп оқушыларының іс-әрекетке және бір-біріне қарым-қатынасын мақсатты түрде қалыптастыру жөнінде қорытындыға келеді.

Тірек сөздер: Көркем мәтінді талдау, психологиялық-педагогикалық шарттар, танымдық әрекеттер, психофизиологиялық процестер, қарым-қатынас мақсаты мен мотиві

Abstract: This article discusses the psychological and pedagogical conditions for analyzing a literary text in the context of active mental and cognitive activity of students in relation to a work of art in the process of studying a literary subject. The author shares the

¹ ORCID: 0000-0002-7048-2047. 2 курс магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан. d.a.e_95@mail.ru

views of researchers on the problems of functioning of psychophysiological processes of thinking and speech in the study of works of art in high school and views on the organic unity of activity and communication in philosophical, psychological and pedagogical research, the great role of communication in personal development. The organization of activities for the analysis of works of art describes the motives that may cause the student to turn to the book. The author focuses on the features of social and psychological activities in the cultural development of the child and touches on the influence of cultural beliefs and attitudes on the educational and educational processes. As psycho-pedagogical conditions of analysis of a literary text the author singles out the obligatory presence of the object and motive of communication, productive communication, according to the results, educational goals, adherence to communication in certain regulatory framework, traceability and come to the conclusion about the formation of a purposeful attitude to school activities and to each other.

Keywords: Analysis of a literary text, psychological and pedagogical conditions, cognitive activity, psychophysiological processes, purpose and motive of communication

Шығармадағы басты нәрсе – шығарманың тақырыбы мен идеясы. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Олардың бірлігі шығарманың негізін құрайды. Шығарманың тақырыбын дұрыс ашу мен идеялық арқауын табу шығарманың бүкіл мазмұнын белгілейді. Сондықтан да шығарманың тақырыбы мен идеясын нақты түсіну, оны дұрыс меңгеру – оқушының көркем шығарма қызметін қалтқысыз білуіне, әрі ой өрісінің кеңеюіне мол әсер етеді. Сайып келгенде, мұның өзі оқушының ішкі рухани дүниесінің өсуі болмақ. Көркем шығарманы талдау мәселесі әдеби білім берудің мазмұны мен оның құрылымына қарай күрделеніп отырады. Көркем шығармамен танысу, талдау кезінде оқушыларда әдеби туындыны тұтастай қабылдау мәдениеті, оқиғалардың өмірлік мәнін, шығарманың тілін, көркемдік бейнелеу құралдарының ерекшеліктері мен ролін, атқарып тұрған қызметін ұғыну дағдылары қалыптасады.

Оқушылар әдебиет пәнін оқу барысында көркем шығармаға деген белсенді ақыл-ой, танымдық әрекеті туындайды. Танымдық әрекет дегеніміз – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой қызметі[1;75-б.]. Танымдық әрекет құрылымына танымдық қызығушылық, белсенділік, шығармашылық әрекеттер кіреді. Осының нәтижесі оқушының ізденісіне әкеледі. Орта мектепте көркем шығармаларды зерттеудегі ойлау мен сөйлеудің психофизиологиялық процестерінің жұмыс істеу мәселесі әдістемелік әдебиеттерде байыпты қарастырылды: О.Ю.Богданованың еңбектерінде[2;55-б.] – ойлау процестерін актуализациялау мәселелері, С.А.Леонов еңбектерінде[3;234-б.] – оқушылардың сөйлеу әрекеті. Осыған байланысты, көркем шығармаларды талдау қызметін ұйымдастыруда жоғары сынып оқушысының кітапқа жүгінуге деген ынтасын тудыруы мүмкін мотивтерді ескеру ерекше рөл атқарады:

- өмірлік тәжірибені түсіну мотивтері;
- танымдық; өзін-өзі тәрбиелеу мотивтері;
- эмоционалды және эстетикалық мотивтері;
- ойын-сауық мотивтері.

Талдаудың әртүрлі түрлері бар жоғары сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тұрғысынан ерекше маңызды нәрсе – танымдық іс-әрекеттің ерекше класын білдіретін жад процестерінің табиғаты туралы мәселе. Есте сақтау процесінде (ең алдымен материалдың үлкен көлемі) – жадтың жұмыс істеуінің маңызды шарттарының бірі әрекеттерді ұйымдастыру болып табылады. Ол әрекеттер – символдық функцияны орындайтын және тезистер, тақырыптар, сұрақтар түрінде болатын тірек нүктелерін анықтау, есте сақталатын материалдың бұрын белгілі болған

нәрсемен байланысы, материал бөліктерінің бір-бірімен байланысы және т.б. Сонымен қатар, көбеюдің жеңілдігі, дұрыстығы және жеделдігі корреляция процесінде тек ұқсастықты ғана емес, сонымен бірге объект пен есте сақтау құралы арасындағы айырмашылықты, оған жататын жалпы категорияны да түсіну керек.

Оқу үдерісі туралы біздің жалпы түсінігімізге қарамастан, біз қалай білім алатынымызды толық түсінеміз деп айта алмаймыз. Бірақ психология саласындағы арнайы әдебиетте осы нысанды зерттеушілердің негізгі үш тобы анықталған: элеуметтік психологтер, ынтыландырушы, аффектілік теориктер және когнитивті психологтер[4;25-б.]. Адамдардың қалай оқитынын түсінуге бағытталған психологиялық «экспедициялардың» негізгі бағыттары ішіндегі когнитивті психологияға тоқталсақ. Бұл теорияның өкілдері – когнитивті психологтер белгілі бір материалды қабылдауға қатысты адамдардың санасында болып жатқан үдеріс мәселелерін зерттейді. Танымдық үдерістердің (есте сақтау, қабылдау) даму кезеңдерін анықтауға арналған қазіргі заманғы және ертеде жарияланған зерттеу әдебиеттері жеткілікті. Оқушы көркем шығарманы талдау барысында сыни көзқарасы пайда болады. Мұның барлығы әдеби тапсырмалар негізінде жүзеге асады. Талдауға қатысты әр түрлі тапсырмаларды орындау арқылы оқушы ойлауға, пікір айтуға, дәлелдеуге, өзінше тұжырым жасауға үйренеді.

Л.Выготскийдің айтуына қарағанда, «Баланың мәдени дамуындағы кез келген қызмет екі түрлі келбетте сахнаға екі мәрте шығады: біріншісі – элеуметтік, содан соң – психологиялық, әуелі интерпсихикалық санат ретінде адамдар арасында, содан кейін интрапсихикалық санат ретінде баланың жан-дүниесінде көрініс табады»[4,36]. Бұны осы дәрежеде ерікті зейінге, логикалық жадыға және түсініктердің қалыптасуына қолдануға болады. Элеуметтік-мәдени теория үлкендердің және мен баланың құрдастарының индивидтің оқуына ықпал етуіне ғана емес, сондай-ақ, мәдени сенімдер мен қатынастардың оқу және тәрбие үдерістеріне қалай ықпал ететіне көңіл аударады. Ата-ана, тәрбиешілер, баланың құрдастары және мәдениет жоғары сатылы функциялардың дамуы үшін жауапты болады. Лев Выготскийдің айтуы бойынша, жақын арадағы даму аймағы (ЖАДА) – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық. Оқушылар нақты мақсатты көздеген, көбірек білетін жандармен элеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытады.

Оқушының ширақ және білімпаз адаммен интербелсенді вербалды алмасу нәтижесінде біртіндеп сыртқы, элеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы элеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңеді. Ол өз бетінше қажетті тілдік және танымдық құралдарды қолданады. Яғни, ЖАДА баланың тапсырмаларды өз бетінше орындай алатын «өзі реттейтін әрекеттер» аумағына қарама-қарсы қойылады. ЖАДА-да ересек адам өзара қарым-қатынас барысында баланың тапсырманы алдыңғы білімдер және тәжірибесімен байланыстыра арқылы оны орындауға мақсатты түрде қатысуына мүмкіндік бере отырып басшылық жасайды.

«Қалай оқу керектігін үйренудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. Метатануға танымдық үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе танымдық үдерістерді қарастыру үшін танымдық үдерістерді қолдану, соның ішінде қатесін танып-білу және ойлауды бақылау деген анықтама беруге болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерді және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;

- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі[4;69-б.].

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардан қалай оқу керектігін үйрену талап етіледі. Мұғалімдер осы орайда оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру қажет, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Педагогикалық стратегия ретінде метатануды дамытуға болатындығы ғылыми дәлелденген және ол мектептер, жоғары оқу орындары, сонымен қатар ғылым салаларындағы көптеген жүйелерде қолданылады. Сондықтан көркем шығарманы оқу болсын, қалай оқу керектігін үйренуде болсын алға қойылған мақсаттарға жетудегі табыстылықты осы метатанудың ықпалы деп түсіндіруге болады.

Оқушылардың жеке мүмкіндіктері, олардың пәнге деген қызығушылығы белгілі бір типтегі талдауды ұйымдастыруда міндетті түрде есепке алынады, оның міндеттері мен шарттарына сәйкес белгілі бір оқушының бүкіл сыныбының қызметіне қатысу нысаны анықталады, жұмыс түрлері топтар мен жеке оқушылар арасында бөлінеді.

Оқу процесін оңтайландыру мәселесін зерттеген дидактишілер мен психологтар жеке және фронтальды, топтық жұмыстармен қатар ұйымның маңыздылығын атап өтті.

Педагогикада бірлескен оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, ал ұжымдық оқудың негізгі сипаттамалары мыналар:

- оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады;
- оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталауды емес, балалардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді;
- қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады;
- оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдардың негізін құрып, мәнін ұғады;
- бірлескен оқу ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінен ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды.

Осылайша бірлескен оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Философиялық және психологиялық-педагогикалық зерттеулерде белсенділік пен қарым-қатынастың органикалық бірлігі, жеке дамудағы қарым-қатынастың үлкен рөлі атап өтіледі.

Танымдық қарым-қатынас шарттары:

- мақсатқа қол жеткізуге бағынатын қарым-қатынас мақсаты мен мотивінің міндетті болуы;
- қарым-қатынас нәтижелі болуы керек, оның нәтижелері оқу мақсатына сәйкес келуі керек;
- байланыс белгілі бір нормативтік шеңберде жүруі керек, бақылануы керек.

Осылайша, мектеп оқушыларының іс-әрекетке және бір-бірімен қарым-қатынасын мақсатты түрде қалыптастыру талдаудың барлық түрлерінде, атап айтсақ, мәтіндік талдау, шолу талдауы, танысу талдауы түрлерінде жүреді.

Сонымен оқушылар тарапынан оқуға танымдық және шығармашылық қызмет ретінде оң көзқарас қалыптасады және қарым-қатынас әрқашан объективті, тиімді болғандықтан, ол белсенділікті оятады, жоғары сынып оқушысы тұлғасының дамуы мен өзін-өзі дамытуын ынталандырады. Сондай-ақ, әдебиет сабағында көркем шығарманы талдау арқылы туындайтын оқушының танымдық және ғылыми ізденістерінің нәтижесі мынадай болуы мүмкін:

- берілген ақпаратты жүйелейді, белгісізді іздейді;
- мәтінді бөліктерге бөліп, қайтадан тұтасқа айналдырады;
- шығармашылық қабілеттерін шыңдайды, өмірмен байланысын күшейтеді;
- өзіндік көзқараспен қарап, әртүрлі шешімдерді шығарады.

Бұл мәселені жүзеге асыруда пән мұғалімі тарапынан сан түрлі әдіс-амалдар қажеттігі пайда болады. Бүгінгі әдістеме іліміндегі оқытудың жаңа технологиялық ізденістері – соның айғағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау әдістемесі: Монография.- Алматы:Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы, 2011. – 344 бет.
2. Богданова О.Ю. Формирование понятия критического реализма в процессе изучения литературы в 8 классе: Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1980. - 96 с.
3. Леонов С.А. Развитие устной речи учащихся старших классов на уроках литературы: Учебное пособие к спецкурсу. - М.: МПГИ, 1988. - 82 с.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016. smk.edu.kz ресми сайты.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОРЫНДАЛАТЫН ЖАТТЫҒУЛАР ЖҰМЫСЫ

Есенова Гулшат Сериковна

Түйіндеме: Мақалада қазақ тілін өзге тілді дәрісханаларда үйретудегі жаттығулардың лингвистикалық аспектілері қарастырылған.

Тірек сөздер: қазақ тілі, лингвистика, жаттығулар жұмысы.

Abstract: This article devotes to linguistic aspects of exercises in learning Kazakh in Russian language audience.

Key words: kazakh language, linguistic, exercise work

Тілді үйренушінің дүниетанымын кеңейтіп, рухани дамытып, жан-жақты білім беруде жаттығулардың өзіндік алатын орны бар. Жаттығулар тілді үйренушілердің дұрыс оқып, қатесіз жаза білуге, өз ойын еркін жеткізуге сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді көп оқып, көп жазып, көбірек тыңдап, есте сақтауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда тілді үйренушіде нақты білік пен дағды қалыптасқанша жаттығу жұмыстарын үздіксіз жүргізудің қажеттігі туындайды. Алған білімдері бойынша нақты білік пен дағды қалыптасқан кезде тіл үйренуші айналасында болып жатқан түрлі жағдайларға араласып және одан еркін шыға алады.

Қазақ тілі – бай сөздік қоры, өзіндік дыбыс құрамы бар, сөзжасам мен сөздерді түрлендіру жүйесі бар, сөз тіркестері мен сөйлем жүйесі бар, солар арқылы сөйлетуді қамтамасыз ететін құбылыс - деп қарасақ, оны екінші тіл ретінде басқа ұлт өкілдеріне оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері де бары анық. Бұндай әдіс-

тәсілдерді қарастыратын, ретке келтіретін қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл білімі оқытатын тіл салаларын, тілдік материалдарды негізге ала отырып, өзара тығыз байланыста оқытуды белгілейді.

Тілдік материалдың байланысын сабақта жақсы, дұрыс ұйымдастыру тілді сапалы да тиімді үйретуге әкеледі. Жалпы тілді, оның ішінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру жайының лингвистикалық негізі қазақ тілі біліміне байланысты екені белгілі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерінің бірі – тіл білімдік немесе лингвистикалық негіз. Олай болса, оның негізгі нысаны да қазақ тілінің жалпы заңдылықтарымен таныстыру. Лингвистика тіл туралы ғылым, ал қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру әдістемесі қазақ тілінің заңдылықтарын оқыту мен үйретудің жаңа тиімді жолдарын қарастыратыны белгілі [1.6].

Профессор Н.Оралбаева жоғары оқу орнына арнап жазған оқулығында «Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінің мақсаты - мұғалімдерді қазақ тілін орыс мектебінде оқытудың ғылыми негізімен қаруландыру, қазақ тілін екінші тіл ретінде өзіндік ерекшелігін меңгерту, қазақ тілін орыс мектебінде оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері, тиімді жолдарымен таныстыру, оқушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда оларды пайдалана білуге бейімдеу, бағыттау» деген болатын.

Сөйтіп, қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл білімі оқытатын тіл салаларын, тілдік материалдарды негізге ала отырып, өзара тығыз байланыста оқытуды белгілейді. Тілдік материалдардың байланысын сабақта жақсы ұйымдастыру – тілді сапалы үйретуге негіз болады.

Қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтары мен грамматикалық ережелерін үйренбей, студент немесе тіл үйренуші өз ойын басқаларға жеткізе алмайды. Сондай-ақ қазақ тілінде сөйлесе де алмайды. Осы орайда Қ.Жақсылықова қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру әдістемесінің лингвистикалық негізін анықтауда алдымен мынадай екі мәселеге көңіл бөлген жөн дейді:

1. Қазақ тілінің жүйесіне, қазақ тіл білімінің негізгі заңдылықтарына сүйену;
2. Қазақ және орыс тілдері жүйесін салыстыра талдау мәліметін ескеру» [2.33].

Бұл жерде яғни қазақ тілінің негізгі заңдылықтарын үйретуде жаттығу орындалады. Айта кететін жайт:

Профессор Н.Оралбаева мен К.Жақсылықовалардың оқулықтарында тілдік жаттығулар мен сөйлеу жаттығулары деп топтастырылуын көптеген зерттеушілер құптайды.

Ж.Ноғайбаеваның «Дыбыс үндестігі арқылы орыс бөлім студенттерін қазақша сөйлеуге үйрету әдістемесі» атты диссертациялық жұмысында «Дыбыс үндестігін сөйлеуде дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыратын жаттығулар жүйесі» атты тақырып берілген. Осы бөлімде зерттеуші әдіскерлердің еңбектеріндегі (В.П.Успенский, Н.И.Гез, И.В.Рахманов, И.А.Грузинская, В.С.Цетлин, А.Күзембаева, Б.Мешінбаевалардың) жаттығу жұмыстарын жүйелеп талдаған. Олардың әрқайсысының жаттығулар топтастыруда ерекшеліктері де барлығы айтылады.

Зерттеуші өз тақырыбы бойынша ғылыми деректерге, тәжірибелі оқытушылар пікірлеріне сүйене отырып, тілді үйрету жаттығуларына қойылатын талаптарды былайша анықтайды:

1. Жаттығуларда сөйлеу мақсатының көзделуі;
2. Жаттығуда сөйлеу түрлерінің толық қамтылуы;
3. Жаттығуларды орындатудағы қиындықтың ерекшеліктері;
4. Жаттығуда дыбыс үндестігінің заңдылығын қайталау толық қамтылуы, онымен байланысты болуы;
5. Жаттығу мазмұнының қазақ халқының мәдениеті, өнері дәстүрімен байланысты болуы;

6. Жаттығулардың мазмұны дұрыс, қызықты, түсінікті болуы;
7. Жаттығулардың мазмұны тіл үйренушілердің өміріне, мамандығына байланысты болуы көзделеді [3. 59-60].

Қазақ тілі материалдарына дағдыландыруда тіл материалдарының өзіне тән белгілерін қамтитын дағды түрлері жүзеге асырылады. Бұндай жұмыс процесінде оқушыларда толық түсінік қалыптасады.

Ә.Исабаев тіл үйренушілердің дағдысын қалыптастыруда жұмыстың мынадай түрлері орындалады дейді:

- 1) мұғалімнің дайындаған карточкалары іске асырылады;
- 2) оқулықтағы жаттығулардың шарттары орындалады;
- 3) схемалар мен кестелер жасалады;
- 4) ауызша мысалдар келтіріледі;
- 5) ауызша сөйлемдер құрастырылады;
- 6) мәтінге лайықты шағын шығармалар жазылады;
- 7) картина мен сурет бойынша сөйлемдер құрастырылады;
- 8) орфографиялық сөздіктер бойынша жұмыс жүргізіледі;
- 9) жергілікті материалдар пайдаланылады.

Зерттеуші жаттығу жұмыстарын орындау барысында мына төмендегідей дағдылар жетіледі дейді:

- 1) алған білім еске түсіріледі;
- 2) теориядан алған білімі бекітіледі;
- 3) көру қабілеті нығаяды;
- 4) есте сақтау қабілеті артады;
- 5) байымдау қабілеті артады;
- 7) сенімділік қабілеті күшейеді;
- 8) байқау қабілеті дамиды [4.32].

Яғни, білім беру әдістері жаттығу орындату кезінде студенттердің қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық функциялары негізінде меңгеруіне, оны студенттердің ойында қалыптастыруды және практикалық жағынан шебер қолдана алуына мүмкіндік туғызады.

А. Күзембаева жаттығулар жалпы мынадай талаптарға сай жүргізілуі тиіс дейді:

1. Жаттығуларды орындайтындай білім болу керек;
2. Жаттығуды не үшін орындайтынына көзін жеткізу арқылы сапалы орындату;
3. Жаттығу оқушылардың қызығуын, ынтасын арттыруға тиіс;
4. Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отыруы шарт;
5. Таяуда өтілген материалдарға ғана негізделмей, бұрын өтілген кейбір материалдарды да қамтуы қажет;
6. Бір жаттығу ұзақ уақытқа созылмауға тиіс;
7. Шығармашылық жаттығулар көбірек болуы шарт;
8. Әр жаттығу оқушы еңбегінің нәтижесін көрсететіндей болу керек;
9. Жаттығулар оқушы ойына әсер етуі жағынан аналитикалық-синтетикалық болғаны жөн;
10. Жаттығу жұмысының барысында білімі бекіп, өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

Қ. Қадашева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты кітабында (еңбегінде) «Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту (ЕТО)» деген тарауында жаңаша жаңғыртып оқытудың әдістемелік түрлерін, ұстанымдарын жетілдіруге, тәсілдерін барынша өзгертуге тырысады, оның мақсаты мен мағынасы арасындағы сәйкессіздікті жоюды

басшылыққа алады. Сондай-ақ лингвистикалық ұстаным туралы былайша түйін жасайды: «Лингвистикалық ұстанымдар: мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту. Тілді оқытқанда сол үйренетін тілді тұтынушы халықтың мәдениетін, тарихын, әдебиетін, дәстүр-салтын және тілін байланыстыра үйрету табысты болады» [4.42].

Ал енді «ЖОО-дағы қарым-қатынасқа түсу ұстанымы» деген тақырыпта жаңаша жаңғыртып оқыту үйренушінің дербес белсенділігін арттыруға негізделсе, ондай белсенділік, жаңаша жаңғырту жаттығуларымен орындалады дей келе, мұндай жаттығулар үйренушінің дербес белсенділігіне бағыттанып, үнемі есінде сақталуы және активтендірілуге арналуы, сонымен қатар жетілдірілген түрде берілуі қажет, - дейді. Жаттығуларды орындау кезінде нақты талдау тәртібі мен жолы, оны орныдау жылдамдығы ескерілетінін, сонымен бірге сөйлеудің жалпы мазмұны мен тілдік байлығын да назар аудару керектігін қадап айтады.

Ғалым- әдіскер мұндай жаттығуларды орындау үшін үйренушілерге өз бетімен іздеу өрнектері арқылы жұмыс істеуге дайындық жұмыстары ұсынылуы керек деген. Оған мынадай тапсырма түрлерін көрсетеді (нұсқайды):

- көзбен байқау арқылы қабылданған лингвистикалық мазмұнын өз сөзімен айтуға арналған жаттығулар;
- жадында қалған модельдер арқылы лингвистикалық мазмұнын айтуға арналған жаттығулар;
- жадында суреттеу арқылы айтуға арналған жаттығулар /4.84/.

Ғалым аталған еңбегінде жаттығуларды былайша топтаған:

1. Жаттығу - бақылау;
2. Кешенді жаттығу;
3. Өнімді - рецептивті жаттығулар

Сонымен қатар, жаттығуларды материалдың сипатына, орындалу түріне қарай да сипаттайды [4. 22-23].

Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге, тіл үйренуші жеке тұлғаларға) жеделдете деңгейлік оқыту стандартына (2007 ж.) жазылым әрекеті барысында орындалатын жұмыс түрлерінің бірі ретінде арнаулы коммуникативтік жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілген [5.23].

Бұдан шығатын қорытынды: кез-келген зерттеуші тіл үйретуде жаттығу жұмыстарынсыз өз жұмысын ілгері жүргізе алмайды. Бұл жөнінде Қарлығаш Сарбасованың сөзін келтіре кетелік: «Тақырып түсіндірілгеннен кейін, жаттығу жұмыстары орындалады. Дұрыс ұйымдастырылған бұл жұмыстың нәтижесі біріншіден, оқушының не тіл үйренушінің білімін нақтылайды, әрі нығайтады. Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Үшіншіден, қажетті кезінде алған білімін тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен, сабақтағы жаттығу жұмыстарының басты мақсаты-білімнің берік те, тиянақты болуын қамтамасыз ету» [Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994,6. №5-6. 19 б.].

Тіл үйретуде жаттығудың ерекше маңызды орны алатындығы ғалым Н.Құрманованың мына пікірмен қорытындылауды жөн көрдік: «Қазіргі кезде де, бұрын да қазақ тілін оқытуда көп ретте жаттығулар орындату басты орын алып жүр. Бір жағынан қарағанда, бұл өте маңызды, өйткені қажетті білік- дағдыларды қалыптастыруда жаттығудың алатын орнын алмастыра алмаймыз». Демек, тіл үйретуде, меңгертуде жаттығу жұмыстарының орны ерекше екенін бәріміз білеміз, түсінеміз. Тілдің лингвистикалық аспектілері туралы сөз еткенде тіл салаларын меңгерту мәселелері туралы айтылмай тұрмайды. Сондықтан жаттығулардың мынадай түрлері де орындалады:

Жаттығу жұмыстарының бір түрі фонетикалық жаттығулар. Өзге ұлт балалары қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуда қиналады, осы сияқты кемшіліктерді жою мақсатында, қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциясы, олардың қолданысы, орны, емлесі жөнінде мәліметтер беріледі, жаттығу жұмыстары орындалады. Грамматикалық жаттығулардың ішінде морфологиялық жаттығулар ерекше маңызды орын алады. Өйткені ана тіліміздің морфологиялық құрылысын саналы түрде меңгертуге бірден-бір ыңғайлы жол-морфологиялық жаттығулар сөз тұлғасы мен сөз таптарын талдауға байланысты жүргізіледі. Оларды жеке-жеке көрсетсек, шамамен мына талаптар деуге болады.

Сөз тұлғасына байланысты:

1. әуелі негізгі түбірлерді, одан әрі туынды түбірлерді, соңында түбірлес сөздерді талдайтындай жағдай жасау;

2. белгілі бір сөздің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірлерден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысын жүргізу;

3. туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударту талаптарын ескеру.

Сөз таптарына байланысты:

1. әр сөз табының өзіне тән ерекшелігін таныту;

2. жалғау түрлерін меңгерту, әрі олардың белгілі бір сөз табына телініп жалғанатынын саналы түрде ұғындыру;

3. жалғауларды ауызша және жазбаша қолдана білу талаптары.

Жалпы алғанда, морфологиялық жаттығуларды, оның ішінде сөз таптары бйынша жүргізілетін жаттығулар мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

1) Мәтіннен керекті сөздерді тапқызу;

2) Керекті сөздерді қосып, өздерінше сөйлемдер немесе әңгіме құрастырту;

3) Сөздің мағынасын түсіндіртіп, сөйлемдегі қызыметін көрсету;

4) Сөздердің лексикалық немесе грамматикалық мағыналарының қалай не арқылы өзгергенін айтқызу;

5) Мағына мен тұлға жағынан қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары барын салыстыру арқылы анықтау;

6) Ұқсас сөздерді топтау;

7) Байқаған құбылыстары жөнінде қорытынды шығарту т.с.с. жұмыс түрлері.

Грамматикалық жаттығулардың бір түрі – синтаксистік жаттығулар. Оған сөйлем мүшелері, сөйлем түрлері, сөз тіркесі, сөздердің байланысу жолдары мен тәсілдерін таптыру сияқты жұмыс түрлері және оған қоса пунктуацияға қатысты жаттығу түрлерін жатқызуға болады.

Қазақ тілін оқытуда жаттығу жұмысының маңызы ерекше. Жаттығу үнемі тұрақты жүргізілетін болса, алған білім де тиянақты, сапалы болмақ. Яғни жаттығу нәтижесінде студенттер алған тілдік (теориялық) білімдерін практикада дұрыс қолдана алуға дағдыланады. Сөйтіп, жаттығулар орындау арқылы студенттердің алған білімдері, берік әрі нақты болады. Сонымен бірге өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді, ойлау қабілетін ұштайды, дамыта алады. Себебі студенттер жаттығу орындау кезінде үнемі талдау- жинақтау жұмысын жасай алады. Демек, жаттығу кешенді, жүйелі жұмыс дағдысын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы. Ана тілі, 1996.- 6б.

2. Жақсылықова К. Қазақ тілін сапалы оқытудың кейбір лингвистикалық аспектілері // жинақта. Алматы, 1997.

3. Ноғайбаева Ж. Дыбыс үндестігі арқылы орыс бөлім студенттерін қазақша сөйлеуге үйрету әдістемесі. ҚД. Алматы, 2001.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мұрагер, 2005.- 176 б.
5. Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге (ересектерге, тіл үйренуші жеке тұлғаларға) жеделдете оқыту стандарты. Астана, 2007.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті // 1994, №5-6.
7. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері (Көмекші оқу құралы).- Алматы: Қазақ университеті, 1993.- 60 б.
8. Қасабек Қ., Күзембаева А., Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің практикалық және зертханалық жұмыстары (Оқу құралы).- Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999.- 190 б.
9. Құрманова Н. Қазақ тілін сапалы оқытудың кейбір лингвистикалық аспектілері // жинақта. Алматы, 1997.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ МӘТІНДЕРДІ ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ерхожина Ш. Л.

Педагогика ғылымдарының кандидаты
Сулейман Демирел атындағы университет

Түйіндеме: Мақалада жаңартылған білім мазмұны туралы сөз болады. Оқулықтардағы лексика-грамматикалық мәтіндердің рөлі және тәуелсіздік тақырыбындағы мәтіндердің қазақ тілі сабағындағы маңызы талданды. Қазіргі оқулықта Қазақстанның өткені мен бүгіні, этномәдениет, елдің экономикасы, экологиясы, т.б мәтіндер арқылы ұрпақ санасына өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғау қажеттігін сезіндіру, елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық рух беру мәселесіне басымдық берілетіні жан-жақты талқыланды. Жаңартылған білім мазмұны жас ұрпақтың оқу танымдық және дүниетанымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыру қызметін атқаратыны дәлелденді. Мұғалімдер үшін де педагогикалық процессте жауапты үдерістердің болуы және орындалуындағы кейбір іс-әрекеттерді дидактикалық ойындар арқылы, негізгі ақпараттар төңірегінде мәселелер туындата отырып, проблемалық сұрақтар, ойтүрткілер арқылы, талқылау, талдау, жинақтау үдерістерін ұйымдастырудың маңызы ашылды.

Тірек сөздер: жаңартылған білім мазмұны, оқу таным, дидактика, дағды, мәтіндер, педагогикалық үдеріс.

OPPORTUNITIES FOR TEACHING TEXTS ON THE THEME OF INDEPENDENCE OF THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION

Abstract. The article will talk about the updated content of Education. The role of lexical and grammatical texts in textbooks and the importance of texts on the topic of independence in the lesson of the Kazakh language were analyzed. It was discussed in detail that the current textbook focuses on the past and present of Kazakhstan, ethno-culture, economy of the country, ecology, etc. through the texts, the consciousness of the generation should feel the need to protect the nature in which it lives, foster love for the country, the land, and give a patriotic spirit. It is proved that the updated content of Education serves to increase the educational, cognitive, ideological and creative activity of the younger generation. It is also important for teachers to organize the processes of Discussion, Analysis, generalization, through didactic games, through problematic issues, thoughts that create

problems around basic information, the presence and implementation of responsible processes in the pedagogical process.

Key words: updated content of education, educational knowledge, didactics, skills, texts, pedagogical process.

Білім беру үрдісінде жаңа бағдарламаның тәжірибеге енуі, қолданысқа түсуі, «Жаңартылған білім мазмұны» деген атауға ие болып, білім мазмұнын түбегейлі өзгертіп, өзіндік жаңалығын ала келді. Осы бағдарламаны басшылыққа алған жаңа тұрпаттағы оқулықтар құрастырылды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып отыр. Ал маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерін (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегияларын) қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатқа негізделуі.

Оқытуды қазіргі заман тұрғысынан талдайтын болсақ, білім мазмұны - қазіргі қоғамның аса маңызды қажеттіліктеріне жауап беретін, өсіп келе жатқан ұрпақтың дамуы мен тәрбиесіне, білімі мен құндылықтарды қабылдау идеясын біріктіре қарастырған білім бағдарламасы. Жаңа бағдарламаға сүйенген білім оқушыны танымдық іс-әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі ретінде қалыптастыра алады деген сенімде. Өзінің ынтасымен, қажеттіліктері мен мақсат-мүдделерімен, жан-жақты негізді білімдарлыққа деген талпынысы мен мүмкіндіктерімен қалыптасып келе жатқан жеке тұлға қазіргі дидактиканың орталығына айналады. Баланы заман ағымы талаптарына сай, бәсекеге білімімен төтеп бере алатын, айтарлықтай шығармашылық потенциалы бар жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін бар мүмкіндіктер оқыту үрдісінде қарастырылуда. Ондай жеке тұлға ғылым, білім, эрудиция қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған болмысты түрлендіріп, өмір мен басқа ортаны жақсартудың құралы болып табылады. Жақсы білім, білік, дағдыны игерген тұлғаның іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы дүние мен адамдарға деген өзінің өнегелілік қатынасын білдіру, дағдыларын қажетті ортада жағымды үрдісте қолдану, қоғам өмірінің өзін қажетсінген тұстарында креативті ойлармен алға шығуы – оның тұлғалық болмысының білім мен тәрбие арқылы қабылданған үдерістері болып саналады. Сондай-ақ – оқушыға білім беру, дамыту және тәрбиелеу бір арнаға бағытталып беріліп жатқан қазіргі заманғы оқыту процесінің жаңартылып ұсынылуының мәні осында. Оқытудың әлеуметтік мақсаттары ағартушылық, дамытушылық және тәрбие іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Ең басты мәселе, қазіргі қоғамға өз пікіріне берік, жаңа қоғамдық қатынасты дамытушы тұлға керек. Жаңарған оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуына оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына, олардың өмірлік жоспарларының жүзеге асырылуына бағытталған, көпвариантты және икемді болуы қажет деген талап бар. Қазақ халқы үшін де қоғамның да, жеке тұлғаның да мәдениетінің өлшемі болып саналатын, әрі рухани дамудың бірден-бір тетігі, бүкіл құндылықтың бастау көзі – тіл. Сондықтан тілді сақтау – ұлтты сақтау деп түсіну маңызды. Олай болса, еліміздің жаһанданудың дендеп жатқан үдерістерінен сүрінбей өтуінің, ғаламдандудың ғаламат қарқынына төтеп беруінің де жолын білім беру жүйесіндегі тілді оқыту мәселелерімен тығыз сабақтастықта қарастыру қажет. Бұл міндетті жүзеге асырудың басты шарты – отандық білім беру жүйесінде бүгінгі оқушылардың, болашақ ел иелерінің елжандылық рухын шыңдау, ата-

бабаларымыздың ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан құндылықтарын бағалау, бәсекелестікке түсуден тайсалмау, интеллектуалдық әлеуетті арттыру.

Қазіргі жаңа оқулықта Қазақстанның өткені мен бүгін туралы маңызды ақпарат беретін және ел тарихын, этномәдениетін, экономикасын қазақ тілі сабақтарымен интеграциялай оқытудың таптырмас мүмкіндіктері берілген. Осыған дейінгі білім беруде көбіне оқушыларға адамгершілік тәрбиесі мен эстетикалық, еңбек тәрбиесін көбірек беру мақсаты көзделген болса, қазіргі оқулықтардың мазмұндық, құрылымдық, білімдік бағытында да мол жаңалықтар бар. Әсіресе, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру бағытында педагогиканың ғылыми негіздемесіне сүйенген тәрбиенің басқа аспектілеріне сай мақсаттар үстемеленуде. Мәселен, оқулықтардағы экономикалық, экологиялық, құқықтық бағыттағы мәтіндердің әртүрлі стильде берілуі осының дәлелі деп айтуға болады. Қазақстанның тәуелсіздігін айғақтайтын, еліміздің өсіп-өркендеуінің басым бағыттарын, жетістіктерін насихаттайтын, қазіргі қоғам, қоғамдық қатынастар, миграция, зияткерлік миграциясы туралы және қоғамдағы түрлі үдерістерді танытатын тақырыптардың оқытылуы – жас ұрпақтың оқу танымдық және дүниетанымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыру міндетіне қызмет етеді. Осы міндеттердің орындалуындағы кейбір іс-әрекеттерді дидактикалық ойындар арқылы, негізгі ақпараттар төңірегінде мәселелер туындата отырып, проблемалық сұрақтар, ойтүрткі сұрақтар арқылы, талқылау, талдау, жинақтау үдерістері негізінде жүзеге асыру қарастырылады. Эмоционалдық өріске бағытталған олар оқушылардың танымдық ынта-ықыласына, қиялына дем беріп, оқу үдерісінде аз қамтылатын жеке тұлғалық компоненттердің қызметін арттырады.

Осындай танымдық мәтіндерді оқытуда оқушының мәтінді тануы, яғни негізгі ақпараттарды екшей білуі және оны қабылдауы арқылы өзінің анализі, ойды жинақтауы, тұжырымдай білуі мен білік, дағдылары қалыптасады. Мұғалімнің бұл педагогикалық үдерістерді оқушы әрекеттері арқылы толық нәтижеге жеткізуі маңызды. Ол үшін мұғалімнің ескеріп, ұстанатын бағыттары бар. Олар:

- ақпараттық бағыт
- коммуникативтік бағыт
- сөйлеу жағдаяттық
- ауызекі сөйлеу
- ойды жинақтау
- мәтінмен жұмыс
- лингвистикалық материалдарды іріктей беру
- сабақтағы оқу материалдарын өлшеммен беру
- бекіту.

Сонымен қатар қазіргі оқулықта осы кезге дейін оқушының алдына әкелінбеген еліміздегі экологиялық қауіптер, Семей ядролық полигоны, мұнай өндірісінің қоршаған ортаға әсері, Каспий теңізінің экологиясы туралы, т.б. шынайы ақпараттық мәтіндерді беру арқылы ұрпақ санасына өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғау қажеттігін сезіндіру, елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық рух беру мәселесіне басымдық беріледі. Шынайы өмірдегі құбылыстардың әртүрлі қырларының барын бала осы мәтіндер арқылы танып, біліп, яғни әр құбылыстың жақсы жағын, сонымен қатар жаман жағының да барын, артықшылығы мен кемшілігін, пайдасы мен зиянының барын біліп, соның ішінен өз өміріне қажеттісін алып, қауіпті жақтардан сақтануға, қандай да бір зиян шекпес үшін әрекет етуге үйрететін жүйе жасалды деуге болады.

Жастардың болашақ мамандық таңдау бағытын дұрыс ұстануына, белгілі мамандыққа, кәсіпке қызығушылықпен таңдауына мотивациялық тақырыптар да берілді. 11-сынып оқушысы – ертеңгі студент зияткерлік миграцияның маңызын

ұғынуына, «Болашақ» бағдарламасы туралы білуіне, оқу орындарындағы «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасының мақсатын түсінуге мүмкіндік беретін танымдық-ақпараттық мәтіндер тыңдалым және оқылым мақсатында берілді. Мәтінді тыңдай отырып мазмұндық құрылымдық талдау, оқып негізгі мәселелерді анықтай алу, оны грамматикалық талдаулармен байланыстырыла берілген тапсырмаларды орындау – оқыту мақсатының негізгі қызметі. Тәуелсіз мемлекетімізді және оның мәдениетін, әдебиетін, ғылымын, байлығын, экономикасын. т.б. қырларын ұрпаққа жіті танытып, тәрбиелеуде осы мәтіндеріміз көп қызметті көтеріп тұр. Білім мен тәрбиенің қатар өрілуін берік ұстану – білім берудің басты саясаты. Ал қазақ тілі сабағында тәрбиені қалай береміз деген сұрақ туындағанда, оның осы мәтіндер арқылы берілетінін әдіснамалық ғылыми негіздемелерде және педагогикалық тәжірибеде де нақтыланып қойғанын айтамыз. Оқулықта берілетін лексикалық мәтіндердің барлығы да оқушының грамматикалық білімін дамытуға, іскерлік дағды қалыптастыруға қызмет атқарады. Мұғалімнің бұл білім, білік, дағдыны қалыптастыруда түрлі интербелсенді әдістерді қолдануына оқулықтың өзі итермелейді. Жаңа мазмұнды оқулықтар оқу тапсырмалары түрленген, жаңа технологиялардың әдістеріне негізделген, оқушының ойына түрткі жасайтын, ойландыратын, сыни ойлауға апаратын, өзіндік шешім жасауға итермелейтін, қиындыққа ұрындырмай ойната орындататын, өз бетінше интерпретациялайтын, толықтыратын, түзететін, редакциялайтын, жалпы, қызығып орындайтын жұмыстардың көптеп берілуімен ерекшеленеді. Ал мұндай оқулықты орынды қолданып, сабақта оқушыларды сабақ мақсатын шешуге бағыттап отыратын мұғалім болса, оның белсенді орындаушылары – оқушылар. Олар қарапайым оқушылық деңгейден алгоритмдік деңгейге көтерілуі, одан сатылай отырып, ізденімдік деңгейге, шығармашылық деңгейге жетіп жатса, ол ұстазының жемісті еңбегі болар еді.

Шығармашылық жұмыстар оқушылардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты да осы болмақ. Әдеби тілдік нормаға сай сөйлей алатын, нормаға сай жаза алатын ұрпақ тәрбиелеу. Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай оқушының да әрекетіне мән беруі тиіс. Сабақ үдерісінде жүргізілетін өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру мен ұйымдастыру – мұғалімнің тәжірибесін қажет етеді. Сондықтан оқушылардың өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек. Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, оқушыларының білік, дағдыларына қарай, даму дәрежесіне сәйкес ұйымдастыруға болады. Оның негізгі жиі кездесетін түрі — сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыс түрлері.

Қазіргі оқулықтардағы лексикалық тақырыптар негізінде, мәтінді алға шығару арқылы қазақ тілін оқытатын болсақ та, грамматикамен байланыстыра оқытамыз. Егер бұрынғы дәстүрлі оқытудағыдай грамматиканы алға шығарар болсақ та – мақсат осы. Сондықтан қазақ тілінің мамандарына қойылар талап жоғары – шәкірттерінің қазақ тілінен білім сапасының деңгейі оның жауапкершілігінде.

Қорыта келе, Жаңа мазмұнда оқыту - оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек Жаңа бағыттағы бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұстанымын негізге алады. . Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында білім мазмұнын меңгерудің мақсат- міндеттерін шешудегі іс-әрекеттердің кешенді тұрғыда құрылғаны

оқушыларды танымдық тұрғыдан белсендірудің практикалық шешімі мен нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Жаңа мазмұн – оқушыны құндылықтардан алшақтатпайтын, тұлға болып қалыптасуына, болашақта өз мамандығын таңдауына бағыт алатын және білім қорын жан-жақтан қалыптастыратын бірден бір оқыту құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер/Әдістемелік құрал. Атырау қаласы, 2018 жыл.
2. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. Астана. 2013.
3. Алимов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Астана: «НЗМ» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188б
4. Мұғалімге Арналған Нұсқаулық Бірінші (Ілгері) Деңгей /Екінші Басылым/ 2014 ж.
5. Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі БІ. Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Беру Академиясы «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Дербес Білім Беру Ұйымы Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. Астана, 2016

САБАҚ БАРЫСЫНДА ДИАЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Тлеулес Қаракөз Жомартқызы

2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

E-mail:karakoz.tleules@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқытудың жеті модулін басшылыққа алып, білім алып жатқан оқушыларды диалогтық сөйлеу арқылы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, өзіне деген сенімі мықты тұлға болып қалыптасуына ықпал етудің жолдары жайлы айтылады.

Аннотация: Руководствуясь семью модулями обновленной учебной программы, в статье обсуждаются способы помочь учащимся стать более уверенными в себе, способными общаться с людьми, играть роль в обществе посредством диалога.

Abstract: Guided by the seven modules of the updated curriculum, the article discusses ways to help students become more self-confident, able to communicate with people, and play a role in society through dialogue.

Тірек сөздер: Жаңартылған білім бағдарламасы, оқытудың жеті модулі, диалогтық оқыту, сөйлеу түрлері, диалогтық сөйлеу, коммуникативтік қарым-қатынас.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептің білім үлгісінің негізгі бағыты, басты ұстанымы – адамды қоғамның ең басты құндылығы ретінде тани отырып, оның қоғамдағы рөлі мен орнына, әлеуметтік жағдайына, психологиялық дамуына баса назар аудару, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің дамып, жітілуіне, қоғам өміріндегі саяси көзқарасының, өмірдегі белсенділігі мен шығармашылығына мүмкіндік беріп, жағдай жасау. Яғни, қайталанбайтын дара тұлға қалыптастыру. Ал, бұл дара тұлғаны қалыптастыратын, әрине, мектеп, ондағы ұстаз-мамандар. XXI

ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби біліктілігі жоғары, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі қалыптасқан, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, өзіне деген сенімі мықты тұлға болуы тиіс. Оқушы мен оқытушының талабы да, ізденушілігіде тең түсіп жатса, оқудың нәтижесі болмақ. Ол үшін әрине, қарым-қатынас, коммуникация жоғары дәрежеде болуы керек. Оқушының өзіндік ойын, пікірін білдіре алуы, батыл ойлап, шапшаң шешім қабылдай алуы мұғалімнің сабақ жүргізу әдіс-тәсіліне, қалыптастырған дағдысына тікелей қатысты. Баланың өзіндік пікірін айта білуі, оның рухани ой-өрісінің кендігімен өлшенеді. Пікірлесудің қандай түрі болса да, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Пікіралысу барысындағы алға қойған мақсат сөйлеу түрлерімен жүзеге асады. Бұл сөйлеудің өзі бірнеше түрге бөлінетіндігін көрсетеді. Біріншіден сыртқы сөйлеу және ішкі сөйлеу болып үлкен екі түрге бөлінеді.

Сыртқы сөйлеу ауызша, жазбаша болып өз ішінен бөлінсе, ауызша сөйлеудің диалог және монолог түрлері бар. Біздің зерттеуімізге негіз болып отырған осы ауызша сөйлеудің диалогтық сөйлеу түрі. Диалогтық сөйлеу ауызша сөйлеудің негізгі түрі болып табылады. Диалогтық сөйлеу дегеніміз екі немесе бірнеше адамның бір мезгілде тілдесуі. Диалог сөздің ерекшелігіне тоқталар болсақ, біріншіден, диалог сөз еркін айтылады, екіншіден, диалогқа түсушілер үнемі кезектесіп сөйлейтіндіктен айтылған сөз ықшам, қысқа айтылады. Мысалы, «біздікі келді» десе, емделуге дәрігердің кезегінде тұрғандар келе жатқан өздерінің бөлімше дәрігерлері екендігін бірден түсінеді. Үшіншіден, диалогқа түскенде айтылған сөздердің жоспары, дәлелі нақты болмайды, яғни логикалық тұрғыдан төмен болады. Төртіншіден, диалог сөз ым-ишарамен, мимикамен, бет пен көздің қозғалыстарымен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалыстары т.б.) толықтырылады.

Ал, монологтық сөйлеу бір ғана адамның, баяндамашының немесе лектордың сөздері. Ондағы басты ерекшеліктер:

- Монолог алдын-ала даярлықты қажет етеді, нақты жоспарға құрылады;
- Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады, себебі баяндамашы немесе лектордың сөйлеген сөзінің мағыналылығы мен тақырыпқа сай болуына, түсініктілігіне ерекше көңіл бөлінеді.
- Монолог сөз әсерлі, мәнерлі, көркем болуы, тыңдаушыға әсер етуі, сөйлегендегі дауыс мәнерлігі, орфоэпиялық нормалардың сақталуы міндетті түрде назарда болуы тиіс.

Адамдар диалогке түскенде, монолог сөйлегенде беттің мимикасының өзгеруімен, ымдаумен т.б. түрлі қозғалыстармен айтатын ойын толықтырып отырады. Егер сөйлеу кезіндегі ым-ишара орынды қолданылса, ол айтар ойымыздың түсінікті болып, тыңдаушыға өз дәрежесінде жетуіне мүмкіндік туғызса, ал жеке, дербес күйінде жасалған ым-ишара орынсыз болады. Ым-ишара, мимика адамға сөйлеу кезіндегі көмекші құрал ретінде ғана қызмет атқарады.

Диалогтық сөйлеу кезінде адамдардың тілінде, лексиконында актив, пассив сөздер қолданылады. Актив сөздер тұрмыстың кез-келген саласында қолданылса, пассив сөздер мамандық ерекшелігіне қарай қолданылады.

Жоғарыда айтқанымыздай жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруда коммуникативтік таным, яғни оқушылардың тілдік қатынасы негізгі рөл атқарады. Тілдік қатынастың негізгі формаларының бірі, өзіміз талдап отырған – диалог сөздер. Сабақ барысында диалогты көп қолдану оқушылардың бір-бірімен коммуникативтік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Бұл диалогқа түсушілердің бір-бірін тыңдай білу мәдениетін, пікір алмасу дағдысын, оны өмірде қолдана алу мүмкіндігін

калыптастыруға белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Диалог кезінде оқушылар арасында қарым-қатынастың жүзеге асуымен қатар, сол сөйлеушілердің қарым-қатынас жасау қажеттіліктері туындайды. Бұл өз кезегінде оқушы психологиясына жағымды әсер етеді. Диалогтық сөйлеу сабақ барысында жаңа материалды өткенде, оны бекіту кезеңінде, оқылым, тыңдалым, айтылым бойынша жаттығу жұмыстарын, тапсырмалар орындау кезінде актив түрде қолданылып, сабақтың алға қойған мақсатына жету жолында өз нәтижесін береді. Бұл мұғалімнің сабақ барысында диалогтық әдісті шебер қолдана алуына байланысты. Яғни оқушыларды қарым-қатынасқа түсіру үшін диалог мақсатты түрде қолданылу керек. Мақсатты түрде құрылған диалог оқушылардың өтіліп жатқан тақырып бойынша өз ойларын еркін жеткізуіне, әр түрлі идеялардың туындауына, шығармашылық ойлау дәрежесіне көтерілуіне көп мүмкіндік береді. Оқушының өз ойын толық, терең жеткізе алу қабілетін ашады. Оқушымен мұғалімнің еркін қарым-қатынаста болуы мұғалімнің оқушыны жан-жақты зерттеуіне, оның білім деңгейінің қай шамада екендігін анықтауына мүмкіндік береді. Диалогтық сөйлеу оқыту мен оқуда оқушылардың өзара пікір алмасуына және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жүйеленуіне, ой-пікірін дамытуына көмегін тигізеді. Диалогтық оқыту әсіресе, оқушылар топтық жұмыс жасағанда жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Себебі оқушылар, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе отырып, ізденеді, бір-бірімен пікір алмасады, білгендерін ортаға салып, білмеген мәліметтерімен білімдерін толықтырады. Балалардың оқуға деген, білуге деген ынтасын, қызығушылығын оятады. Ол өз кезегінде оқушылардың арасында достық, жолдастық қарым-қатынас орнатады. Топтық жұмыс барысында оқушылар диалогтық қарым-қатынасқа түсе отырып, өз ойын еркін айтуға жаттығады, сол арқылы өзін-өзі басқару қабілеті жетіліп, өзіне деген сенімі күшейеді. Топта жұмыс істеген бала өз тобын басқаруға, топтағы оқушылардың пікірін тыңдауға, қатесі болса түзетуге, басқа топтан қалмауға тырысып, жұмыстанады. Топтық жұмыста оқушылар нашар оқитын, жақсы оқитын деп бөлінбейді, тең дәрежелі қарым-қатынас орнайды. Себебі топтық жұмыс кезінде әр оқушы өз пікірін аз сөзбен болса да білдіріп, ортада жұмыс жасайды. Яғни әр баланың өзіндік үлесі болады. Бұл қазіргі заман ұғымымен түсіндергенде, оқушының коммуникативтілік құзырлығын қалыптастырады. Қоғамда өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны дайындауға өз нәтижесін береді.

Бүгінгі білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім бағдарламасымен оқытуда оқытудың жеті модулін қолдану, біз талдап отырған диалогтық оқытуды сабақта қолданудың бірден-бір кепілі.

Оқытуда бағдарламаның жеті модулін сабақтаықпалдастыра отырып қолдану, жаңа тілдік құралдарды меңгеруге, оқушылардың өз ойларын толық жеткізуге, өзін - өзі реттеуге, орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ,бір- бірлерін мұқият тыңдап топ ішіндегі ұйымшылдыққа, диалогтік оқу арқылы бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға , тапсырмаларды сыни тұрғыдан ойлай отырып орындауға, өзін-өзі және сыныптастарын бағалауға, көшбасшылық таныту сияқты нәтижелерге жеткізеді.

Бағдарламадағы оқытудың жеті модуліне тоқталар болсақ, бірінші модуль бойынша оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерде әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан оқытудың жаңа әдістері қарастырылады. Сындарлы оқытудың негізгі сұрағы «Неліктен?». Осы сұрақтың төңірегінде оқушының ойына қозғау салып, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзіндік зерттеу жүргізулеріне түрткі болады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқытуды» қарастырсақ, бұл әдіс сындарлы оқытудағы көзқарастармен тығыз байланысты. Шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін мұғалім мен оқушылардың арасындағы

диалогқа байланысты. «Қалай оқыту керектігін үйрену» әдісі оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

Екінші модуль, сын тұрғысынан ойлау жаңартылған білім бағдарламасының өң бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Оқушының сын тұрғысынан ойлауы мен мұғалімнің сын тұрғысынан ойлауы өзара байланысты. Оқушыларға қатысты сын тұрғысынан ойлау ақпарат пен идеяларды талдау қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайлығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау және басқалардың көзқарастарына сыни қабілетпен қарау ретінде түсіндіріледі. Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды.

Үшінші модуль, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау жаңартылған білім мазмұнының жеті модулінің негізі. Мұғалімдер мен балалар үшін олардың қай мақсаттарға жеткісі келетінін білу маңызды, ал ол мақсатқа жету үшін өлшемдерін түсінуді талап етеді. Сондықтан бағдарлама сыни бағалау тәсілдерін де қарастырады.

Төртінші модуль, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу оқытудың нәтижелілігі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытумен байланысты. Ал оқушылардың қажеттілігі олардың даму физиологиясымен, психикасымен ұштасып қалыптасады. Сондықтан да оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу жеті модульдің барлық модулімен тығыз байланыста қарастырылады. Оқу үрдісінде берілетін білім оқушылардың жас және сана ерекшелігіне қарай сараланып, дараланып беріледі.

Бесінші модуль, талантты және дарынды балаларды оқыту «әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына демеу бер» демекші, еліміздің көркеюі мен дамуы үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды.

Алтыншы модуль, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Осы күнгі білім беру саласы мұғалімдердің және оқушылардың оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалана алуын басты критерий ретінде санайды. АКТ-ны оқу мен оқыту үшін сауатты меңгеру тиімді, сапалы, шынайы білімнің болуын қамтамасыз ететін бірден бір көрсеткіш екені даусыз.

Жетінші модуль, оқытуды басқару және көшбасшылық білім беру жүйесіндегі кез келген тұрақты даму мен өзгерістер мұғалімдердің нақты сыныптардағы тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алу керек. Оқытуды басқару және көшбасшылық мұғалімнің сын тұрғысынан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқытудың жеті модулін қажетіне қарай сабақта қолдану тиімді, әрі табысты. Әрбір мұғалім сабақта жеті модульдің бірнешеуіне басымдық бере отырып қолдана алады. Өйткені, сабақтың басынан аяғына дейінгі жоспарлануы осы модульмен сәйкеседі. Егерде осы бағдарламаның жеті модулін бүгінгі мұғалім сауатты қолдана білсе, оқу үрдісінің жетістікке жеткендігі.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушы білімді қажеттілігіне сай ала алатын, функционалдық тұрғыдан сауатты тұлға ретінде белгіленген. Мұғалім үйлестіруші, бағыттаушы, дұрыстаушы ролінде. Мұғалім мен оқушының ұйымдасқан ынтымақтастық бірлігі және сараланған әдіс-тәсілдер мен білім беру бағдарламаларының сапалылығы – бүкіл оқу кешенінің алға жылжып, нақты нәтиже беруінің кілті. Білім мазмұнының жеті модулі құзыретті

мұғалім мен сауатты оқушының сын тұрғысынан даму қабілетін көрсететін көрсеткіш.

Жалпы Блум таксаномиясына негізделіп құрылған сабақтың білу деңгейінде миға шабуыл жасай отырып, оқушыларға сұрақ қойып, жауап алу арқылы өздерін бір – бірімен диалогке түсіру оң нәтижесін беретін әдіс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған бағдарлама. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

2. Stronge, J., Ward, T. & Grant, L. (2011). Үздік мұғалімдердің жақсы болуы неден? Мұғалімнің тиімділігі мен оқушының жетістігі арасындағы байланыстың көлденең талдауы. *Journal of Teacher Education*, 62:339. DOI:10.1177/0022487111404241.

3. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқа.

4. «Мұғалімге арналған нұсқаулық, (2017). «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. Қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ӨНІМДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Сембаева А.Ғ.

Алматы облысы, Панфилов ауданы
Ақжазық ауылы Жамбыл атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндемесі: Мақалада орта мектепте қазақ тілін оқытуда өнімді, креативті әдістерді қолдану, олардың маңыздылығы мен тиімділігі туралы мәселелер қозғалған.

Тірек сөздер: өнімді әдістер, когнитивті әдіс, эмпатия әдісі, Мағыналық көріну әдісі, символдық әдіс, зерттеу әдісі.

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы обучения казахскому языку по мультимедийной программе, а также эффективность и особенности мультимедийных технологий.

Abstract: The article discusses the problems of teaching the Kazakh language in a multimedia program, as well as the effectiveness and features of multimedia technologies

Өнімді оқыту – объективті және субъективті білімдік өнімді жасаудың нәтижесі болатын, білімдік қызмет кезінде болып жатқан адамның жеке өзін-өзі ұйымдастырушының нәтижесі және процесі. Оқушының сыртқы өнімдері, оның сапалы ішкі жетілдіруі және өзіндік жүзеге асыруын бір уақытты қамтамасыз етіп және анықтай отырып, оның жағдайының шегінде болмыстың әлеуметтік және мәдени түрлерін құрады [1,36]

Өнімді тұлғалы бағытталған білімді қамтамасыз ету көзқарасында *А.В.Хуторской* өнімді оқытудың бір топ әдістерін қарастырады. Білімнің өнімді бағытына негізделген оқыту, білімдік қызметтің мынадай түрлеріне сүйенеді және оқушыларға мүмкіндік береді:

1. Қоршаған ортаны тануға;
2. Білімдік өнімді онымен бірге құруға;
3. Білімдік процесті ұйымдастыруға.

Қызметтің бұл түрлерін когнитивке, креативке және ұйымдастырушылық қызметке сай деп атайды [2,91]

Оқытудың *когнитивті әдістері* немесе оқу танымының әдістері, ғылыми әдістеріне, метапәндік және оқу пәндік әдістеріне бөлінеді. Ғылыми әдістері – бұл

физикадағы, математикадағы, географиядағы және басқа ғылымдағы зерттеу әдістері. Бұларға салыстыру, ұқсастық, жинақтау, топтастыру және басқа әдістер жатады.

Оқу пәнінің әдістері, бір жағынан ғылыми теориясынан алынған, екінші жағынан нақты білімдік салаларды және заттарды тікелей меңгеруге жатады. Бұл негізгі білімдік объектілердің зерттеулік әдістері, мәдени-тарихи ұқсастықпен оқушылардың білімдік өнімінің салыстыру әдістері, негізгі мәселелер мен оқу курстарының тақырыбын зерттеуінің дәстүрлі әдістері.

Оқытудың когнитивті әдістерінің ерекше түрі – білімнің метамазмұнына сәйкес метатәсілдер болып саналатын метапәнділер.

Танымдық әдістердің ерекшелігі – оны қолдану білімдік өнімді құруға, яғни креативті нәтижеге әкеледі. Сондықтан танымдық әдістер, сондай-ақ креативті болып саналады. Бірақ берілген әдістерді қолданудың бастапқы мақсаты объектіні тану болып табылады, сондықтан оның негізгі ерекшелігі креативті процестермен емес, когнитивтімен байланысқан.

А.В.Хуторской келесі әдістерді бөледі:

1. *Эмпатия әдістері* басқа объектінің жағдайында адамның «сезінуін» көрсетеді. Эмпатия әдісін табысты қолданудың шарты оқушылардың белгілі бір жағдайы, мұғалімнің құрған көңіл-күйі. Бастапқыда бұл қандай да бір қуанышпен балалар көңіл бөлетін ойын түрінде болуы мүмкін. Сонан соң білімдік нәтижелер алынғаннан және түсіндірілгеннен кейін, оқушылар берілген әдіске күрделі қарамай, оны шын оқу әдісінің деңгейіне алады.

Ағаштың, тастың, мысықтың, бұлттың, майшамның және басқа да білімдік объектілердің мәнісіне төселуге мынандай сөздік жазуларды қолдануға көмектеседі: «сіздің алдыңызда тұрған гүлді өзіңіз деп есептеңіз, сіздің басыңыз – гүл, денеңіз – сабақ, қолыңыз – жапырақ, аяғыңыз – тамырлар...» дегенді ойлап көріңіз. Оқушы жақсы «төселу» кезінде объектіге - өзіне сұрақтар қояды, сезімдік деңгейде қабылдауға, түсінуге, жауабын көруге ұмтылады. Мұнда туылған ойлар, сезімдер, сезінуі оқушының білімдік өнімі болады, содан кейін олармен ауызша, жазбаша, белгімен, двигательді, музыкалы немесе суреттемелі түрде көрінуі мүмкін. Берілген жағдайда объектіні бақылау өзін-өзі бақылауына ауысады.

Мұндай жаттығулар ойлау қабілетін және әр түрлі көзқарастағы жағдайды түсінуді дамытады, танымға санасын ғана емес, сезімін де кірістіруге үйретеді.

Берілген әдіс әдеттен тыс тиімді болып шықты, өйткені балалардың әдетте қолданылмаған мүмкіндіктерін кірістіреді. Төменгі мектеп жасындағы бақылайтынды ойлау қабілеті тән, олардың «адамдандыру» әдісін қолданып, қоршаған дүниені сезіммен тану керек.

2. *Мағыналық көріну әдісі*. Бұл өткен әдісті тереңдету және жалғастыру. Мұнда белсенді сезімді – ойлы танымдық қызметтен тұратын оқушының белгілі бір күйін құру талап етіледі. Мұғалім оқушыларға мағыналық, сұрау үшін келесі сұрақтарды ұсынуына болады: Бұл объектінің себебі қандай, оның шығу тегі не? Оның ішінде не болып жатыр, ол неден тұрады? Басқа емес, неге ол осындай? Берілген әдісті мақсатты қолдану жөніндегі жаттығулар оқушылардағы интуиция, ояну тәрізді танымдық сапаларды дамытуға әкеледі.

3. *Бейнелеп көріну әдісі* – объектіні эмоционалды –бейнелі зерттеу. Мысалы, санға, пішінге, сөзге, белгіге немесе шынайы объектіге қарап, ондағы көрген бейнелердің суретін салып, неге ұқсайтынын бейнелеу ұсынылады. Білімдік өнім оқушылардың бақылау нәтижесі тәрізді, сөздік және графикалық бейнелі түрде көрінеді, яғни оқушылар өздерінің зерттеулерінің нәтижелерін жазады және суреттейді.

4. *Символдық көріну әдісі*. Бұл әдіс объектінің және оның символының арасындағы байланысты оқушының ізденуінен және салуынан тұрады. Символ мен оның объектісінің

қатынасының жағдайын анықтағаннан кейін, мұғалім оқушыларға қандай да бір объектіні көру мақсатымен бақылауды, оның символын графикалық, белгілік, сөздік немесе басқа түрде бейнелеуді ұсынады. Жасаған «символдарды» балалардың түсіндіруі және талқылауы басты орын алады.

5. *Эвристикалық сұрақтар әдісі.* Ежелгі римдік педагог және шешен Квинтилиан талдап жасаған. Қандай да бір оқиға немесе объекті жөнінде мәлімет ізденуі үшін келесі 7 сұрақ қойылады: Кім? Не? Не үшін? Қайда? Қалай? Қашан? Берілген сұрақтарға жауаптар және олардың барлық мүмкін болатын байланыстары маңызды идеялар мен зерттелетін объектіге сәйкес шешімдер тудырады.

6. *Салыстыру әдісі.* Әр түрлі оқушылардың мәліметтерін атақты ғалымдар, философтар, әр түрлі аналогтарды өзара салыстырған кезде қалыптасқан мәдени-тарихи аналогтармен салыстыру үшін қолданылады. Берілген әдіске оқыту үшін оқушыларға сұрақтар ұсынылады: Салыстыру деген не? Ылғи және барлығын салыстыруға бола ма? Сендердің ойларыңша не салыстыруға келмейді және салыстырылмайтынды салыстырып көріңдер.

7. *Эвристикалық бақылау әдісі.* Бақылау – оқушының білім бұлағы, яғни оны оқытудың эвристикалық әдісіне жатқызуға болады. Берілген әдістің мақсаты – балаларды бақылаудың көмегімен білімді алуға және құруға үйрету.

8. *Фактілер әдісі.* Оқушылардың физикалық сезім мүшелерін саналы меңгеруі танымдық қызметінің жүйелі дамуын талап етеді. Бәрінен бұрын, бұл фактіні іздеу, факт еместерден олардың айырмашылығы тәрізді таным кезеңіне жатады. Не көріп отырғанын, естігенін, сезгенін, олардың не ойлағанын айыру оқушыларға оңай емес екендігін тәжірибе көрсетеді.

Білімдік объектілердің физикалық сезім мүшелерінің көмегімен нақты қабылдануының қажеттілігі оқытудың берілген әдісін қолдануды және білімнің әдеттегі мазмұнының өзгеруі мен қайта қарауын талап етеді.

9. *Зерттеу әдісі.* Оқушыларға тапсырылған объектіні келесі жоспармен өзіндік зерттеу ұсынылады: зерттеу мақсат – жұмыс жоспары – объект туралы факт – тәжірибелер, тәжірибенің суреттері, жаңа фактілер – пайда болған сұрақтар мен проблемалар – жауаптардың мәліметі, гипотезалар – рефлексті пікірлер, қызметтің саналы тәсілдері және нәтижелері – қорытындылар. Барлық айтылған қадамдарды жүйелі орындап, әр оқушы өзінің практикалы жеке білімдік нәтижесін алады.

10. *Ұғымдарды құрастыру әдісі.* Оқушыларға жасалынған жұмыстарын теориялық қорытындылау мынандай жүйеде ұсынылады: фактілер – олар туралы сұрақтар – жауаптар гипотезі – теориялық модельді салу – модельдің салдары – модельдің дәлелдемелері – модельді қолдану – мәдени аналогтардың модельді салыстыру. Теориялық модельді оқушылардың құрастыру тәсілдері оқып жатқан білім саласынан немесе тақырыбынан тәуелді педагогпен қойылады.

11. *Гипотеза әдісі.* Оқушыларға тапсырма ұсынылады – мұғалімнің қойған сұрағына немесе проблемасына жауаптардың мәліметтерін құрастыру. Бастапқы мақсаты мәліметті құрастыру үшін негізгі таңдау болып табылады. Оқушылар негізі ұстанымдарын немесе проблемаға көзқарасын ұсынады, гипотезаны құруға әр түрлі ғылыми, әр түрлі жоспарлы әдісті меңгереді. Сонан соң едәуір толық немесе нақты сұраққа өз жауаптарының нұсқаларын логикаға және интуицияға сүйеніп тұжырымдайды. Гипотеза әдісі «егер... не болады» түріндегі болжамдық тапсырмаларды шешу кезінде дамиды. Болашаққа саяхат әдісі алдын ала дағдыны, болжауды, гипотетикалықты дамыту тәсілі ретінде қандай да бір білім саласында тиімді.

12. *Қателер әдісі.* Берілген әдіс процестерді тереңдету үшін қателерге төтеп берген негативтік қарым-қатынасын өзгертуді, қатені және псевдоқатені конструктивті қолдануына оны ауыстыруды ұйғарады. Қате жалпы алынған қарсыластықта туатын

қайшылықтардың, құбылыстардың, ерекшеліктердің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Қатеге көңіл аудару оны түзету мақсатымен ғана емес, себебін, оны табу тәсілін білу үшін де маңызды болуы мүмкін. Қатенің «дұрыспен» өзара байланысын табу оқушылардың эвристикалық қызметіне жағдай жасайды, оларды қандай да бір білімнің вариативтілігі мен қатыстылығына әкеледі [3,71]

Сонымен бірге мұғалім балаларға әр түрлі оқулықтың немесе басқа кітаптың авторлары келтірілген ұғымдардың басқа тұжырымдамаларымен танысуды ұсынады. Әр түрлі тұжырымдамалар оқып жатқан ұғымдар жөніндегі олардың тұлғалық өзін-өзі тану ретінде оқушылардың дәптерлерінде қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: оқулық / Е. Ы.Бидайбеков, В.В. Гриншкун. - Алматы : Дәуір, 2014. -352 б.

2. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Дидактическая характеристика инновационного обучения и перспективы развития образования //Теоретические основы развития школьного образования в Казахстане: сб.науч.-пед.ст. – Алматы, 1999. –С. 127-150.

3. Джадрина М.Ж. Образование, ориентированное на результат как новая модель школьного образования //Открытая школа.- 2003, №12. - С. 3-6.

4. Таубаева Ш. Зерттеуші педагогтің инновациялық құзіреттілігі: педагогика //Қазақ тілі: әдістеме.- 2014, №5. – Б.2-12; – №9. – Б. 4-15.

ORCID: 0000-0002-7048-2047

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ БІРЕР СӨЗ

Аметхан Жанат

PhD докторант,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан. jianati_888@mail.ru

Түйіндеме: Мақалада жаңартылған білім беру жүйесінде жалпы білім беретін мектепте «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту мәселесі жөнінде және «Зар заман» ақындары шығармаларының берілуі туралы сөз болады.

Қазіргі таңда бүкіл адамзатты өзінің шығу тегіне, өткеніне, мәдениетінің тарихына деген қызығушылық толғандырады. Бұл ізденістің ең маңыздыларының бірі болып мына сұрақтардың жауабын алуға құлшыныс болып табылады: «біз кіміз?», «біз қайдан келдік?», «біз қандаймыз?». Ұлттық сананың, ұлттық қайта өркендеудің жаңа деңгейге көтерілуі, ұлттық өзгешелікті іздеу-біздің заманымыздың сипаттамалық белгісі.

Зар заман ақындары шығармаларындағы ұлттық болмысты, қазақы қадыр-қасиетті сақтап қалуға үндеген ой-пікірлер жанайқаймен, шарасыздықпен, соңғы төзімді сарқа айтылғандығымен ерекшеленеді. Зар заман ақындарының көпшілігіне тән ерекшелік - келешекті көрегендікпен болжап, алдағы уақыттағы ел сипатының өзгерісін қолмен ұстап, көзбен көргендей бейнелеп айтуы. Зар заман ақындарының шығармашылығы-жаңалығы мол, өзгеше дәстүрі бар күрделі құбылыс ретінде әдебиеттану ғылымының тұрақты зерттеу нысанасы болып қала бермек. Мақалада бағдарламаға енгізілген шығармалар кезеңінен, жанрынан тыс әр жерде шашырап жүргендігі туралы, сонымен қатар әдебиеттің тарихын дәуірлеп оқыту қажет екендігі жөнінде ой қозғалды.

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, оқулық сапасы, зар заман ақындары, көркем шығарма, қазақ әдебиеті бағдарламасы

A SPEECH ON THE ISSUE OF TEACHING THE DISCIPLINE "KAZAKH LITERATURE" IN THE UPDATED EDUCATION SYSTEM

Abstract: The article will talk about the problem of teaching the subject "Kazakh literature" in general education schools in the updated education system and the presentation of the works of poets "Zar Zaman". Today, all mankind is interested in their origins, past and history of culture. One of the most important aspects of this search is the desire to answer the following questions: "Who are we?", "Where did we come from?", "What are we?"

The rise of national consciousness, national revival to a new level, the search for national identity is a characteristic feature of our time.

Thoughts in the works of modern poets, which call for the preservation of the national identity, the Kazakh dignity, are distinguished by their eloquence, desperation, and the last endurance. The peculiarity of most modern poets is that they foresaw the future, portrayed the changes in the future of the country as if they saw it with their own hands. The work of modern poets will remain the subject of constant research in the field of literary criticism as a complex phenomenon with a rich tradition and unique traditions. The article discusses the fact that the works included in the program are scattered throughout the period, beyond the genre, as well as the need to study the history of literature in chronological order.

Key words: Kazakh literature, textbook quality, poets of the time, work of art, the program of Kazakh literature

Ел болашағы – өскелең ұрпаққа біліммен қоса тәлім-тәрбиені де қатар беріп, ұлттық құндылықтарды танытудың бірден-бір жолы – «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту екендігі белгілі. Мемлекеттік идеологияның да бастау алар қайнар бұлағының бірі – төл әдебиетіміз екені сөзсіз. Сондықтан, аталған пәннің маңыздылығы мен өзектілігі туралы мәселе қоғамда да жиі көтеріліп тұрады.

«Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс», - дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева.[1].

Негізгі білім беру деңгейінің 5–9 - сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында (оқыту қазақ тілінде) былай делінген:

«Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының басты бағыты – оқушылардың ақыл - ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік - эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Сонымен қатар, оқушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби - теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – оқушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой - өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы оқушылар:

қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым - қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама - қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады» делінген [2].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сапасыз оқулық дайындайтындарды жауапкершілікке тарту тетігін заңды түрде бекітуді тапсырған болатын.

"Білім сапасы оқулықтың сапасына байланысты. Бұл – аксиома. Сондықтан ғылыми-тәжірибелік сараптама мен оқулықтардың апробациясына қатысты талаптарды түбегелі күшейту керек", - деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының мазмұнына талдау жүргізілген болатын.

Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев мектептердегі «Қазақ әдебиеті» оқулығының сапасына жүргізілген тексерудің нәтижесін жария етті. Осы орайда, сол жұмыстар нәтижесінде анықталған бірқатар түйткілді тұстарды көпшіліктің назарына ұсынған еді.

«Бірінші. Қазақ әдебиетінің кейбір көрнекті өкілдері – классик ақын-жазушылардың шығармалары оқу бағдарламасына енгізілмеген. Атап айтқанда, Ғабиден Мұстафин, Жұбан Молдағалиев, Жүмекен Нәжімеденов және басқа да белгілі қаламгерлердің еңбектері тыс қалған. Оның орнына оқулықтарда қалың жұртшылық біле бермейтін, әдеби ортада әлі толық мойындала қоймаған ақын-жазушылар кездеседі. Сонымен бірге кейбір сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығына Д. Лондон, Р. Ғамзатов, Э. Хемингуэй, А.С. Пушкин сияқты шетел ақын-жазушыларының еңбектері енгізілген.

Екінші. Оқулықтар, негізінен, күрделіден қарапайымға өту тәсілін қолдана отырып әзірленген. Атап айтқанда, 7-9 сынып оқушылары М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы немесе І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы сияқты күрделі шығармаларды оқиды. Ал 10-11 сынып оқушыларына, керісінше, С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі немесе Ш. Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі сияқты жеңілдеу шығармалар берілген.

Үшінші. Жекелеген қаламгерлердің өмірбаяны мен шығармасы бірнеше сыныпта оқытылады. Оған қоса, кейбір ақын-жазушылардың шығармалары бір оқулықтың ішінде бірнеше мәрте оқытылатын жәйттер де кездеседі.

Төртінші. Орта және жоғары сыныптарға (5-11) арналған оқулықтардың мазмұнында бірізділік жоқ. Мысалы, біресе хронологиялық қағидат басшылыққа алынса, біресе тақырыптық қағидат басшылыққа алынған. Осы ретте, қазақ әдебиеті оқулығы 5-11 сыныптарда өзара байланысқан, бір-біріне жалғасқан тақырыптарды

қамтуға немесе төл әдебиетіміздің хронологиялық дамуына негізделуге тиіс деп ойлаймыз.

Бұл – талдау жұмысының барысында анықталған кемшіліктердің бір бөлігі ғана. Осыған ұқсас мысалдар әлі де жетерлік. Сондықтан, алдағы уақытта мұндай олқылықтарды болдырмау үшін оқулықтарды дайындаудың қазіргі жүйесі мен тәртібін біршама жетілдіру қажет», - дейді [4].

Зар заман ақындары-қазақ әдебиеттану ғылымына 1927 жылы алғаш рет М.Әуезов енгізген термин, зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры.

Зар Заман – қазақ әдебиетіндегі кезең атауы.

Зар заман ақындары шоғырының белгілі өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әубәкір Керделі, Албан Асан, т.б.

М.Әуезов зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. Зар заман ақындары тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі зар заман ақындарын тарих сахнасына шығарған.

Зар заман деген XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңнің аты.

Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді.[5].

А.Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқышы» еңбегінде Шортанбай, Дулат, Мұрат, Шернияз, Әубәкір Молда Мұсалардың өлең мен толғаулары мысал ретінде де алынған. Мұнда олардың қазақ поэзиясына қосқан үлесі ғана емес, әдебиет тарихындағы орнына баға беруге деген ұмтылыс та жатқаны сөзсіз.

Ал енді оқытылатын көркем шығармалар тізіміне назар аударайық:

5 – сынып: Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

7 - сынып: Шортанбай Қанайұлы «Зар заман»;

8- сынып : Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Бауыржан Омарұлы жазғандай: «...Міне, кеңес дәуіріндегі мектеп жасындағы ұрпақтың аталған ақындар шығармаларын жетік білмей өскені сондықтан. Абайды танып, Дулатты білмеу, Махамбетті жаттап, Мұратты даттау, Бұқарды дәріштеп, Шортанбайдан шошыну, Ыбырайды ұғып, Әубәкірді түсінбеу, Жамбылға жақындап, Албан Асаннан алыстау – әдебиеттегі ақтаңдақтарды қолдан жасаудың көрінісі болды»[6].

Зар заман ақындарының шығармалары арқылы біз өткенімізді қапысыз танып, бүгінімізді бүкпесіз айқындап, тіпті, болашақ тәрбие көздерін бағамдай аламыз.

Осы орайда Дәурен Абаев пікірін былай жалғастырады: «Мысалы, бүгінде оқулық авторын таңдау құқығы баспаларға берілген. Теңдер ұтып алған баспа оқулықты кімге жаздырамын десе өз еркі. Сондықтан, бір сыныпқа арналып әр баспадан шыққан «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының авторлары әртүрлі. Яғни, қазір әр мектеп осындай әртүрлі авторлар тобы дайындаған оқулықпен оқуда. Авторлар тобы оқулыққа кіретін қаламгерлер шығармасынан берілетін үзіндіні де өзі анықтайды. Оларды іріктеудің нақты критерийлері жоқ.

Жалпы, оқулыққа енгізілетін қаламгерлер тізімін әзірлеу барысында Қазақстан Жазушылар одағының ой-пікірі ескерілгені де артық болмайды. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, бұл қадам жоғарыда айтылған бірқатар түйткілдің алдын-

алуға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы осы талдау қорытындысымен танысып, Білім және ғылым министрлігіне мәселені мұқият зерделеуді және кемшіліктерді жоюды тапсырды. Министрлік айтылған ұсыныстарды қарастырып, тиісті ұстанымдарын да беретін болады. Осындай келелі жұмыстар нәтижесінде оқулық сапасы одан әрі арта түседі деп сенеміз» [4].

Кез келген елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті елдер қатарынан орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің бағыт-бағдарына, даму деңгейіне байланысты екендігі белгілі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген болатын. [7]. Сондықтан, бағытымыз айқын болу үшін бабаларымыздың асыл мұраларын естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., 1997.
2. Негізгі білім беру деңгейінің 5 - 9 - сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 193 – қосымша.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. 27 мамыр 2020.
4. Дәурен Абаев "Қазақ әдебиеті" оқулығының кемшілігіне тоқталды // «Егемен Қазақстан» Жалпыұлттық республикалық газет. 27 тамыз, 2020 жыл.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия.-Алматы, 2002.-720 бет.
6. Зар заман әдебиеті. Астана: «Елорда», 2005. — 372 бет.
7. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Мақала // «Егемен Қазақстан» Жалпыұлттық республикалық газеті. - № 70 (29051), 12 сәуір, сәрсенбі, 2017 жыл.

МРНТИ 16.01.45

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садақбаев Т.Т., ф.ғ.к., доцент
Мұқтарова Ә.С., п.ғ.к., профессор
Саметова Ф.Т., ф.ғ.к., профессор
Қайнар Академиясы, Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Критериалды бағалау негізінде білім алушылардың жұмысы алдынала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен бағаланады. Критериалды бағалаудың 10 балдық жүйесі оқушының бағаға бағыныштылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Барлығымызға мәлім, оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі әдіспен бағаланады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушылар мен мұғалімдер арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін ұпайсыз немесе бағасыз реттеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша өткізіледі. Осы мақалада авторлар өзінің мұғалім ретінде тәжірибелерімен бөлісіп, қазақ тілі сабақтарында қолданатын жұмыс түрлерін көрсетеді.

Тірек сөздер: қазақ тілі пәні, критериалды бағалау, орта мектеп.

PROBLEMS OF CRITERIAL EVALUATION IN THE KAZAKH LANGUAGE LESSONS ON THE UPDATED PROGRAM

Abstract: Based on criteria-based assessment, students' work is assessed according to predetermined criteria. The 10-point system of criteria-based assessment allows solving the problem of student assessment. As we all know, student performance in a subject is assessed by two types of assessment: formative and summative. Formative assessment is an integral part of daily learning and is carried out regularly during the quarter. Formative assessment provides continuous feedback between students and teachers and allows you to adjust the educational process without points and grades. Formative and summative assessment is carried out in all disciplines. In this article, the authors share their experiences of teaching in school and show the types of work they use in Kazakh language lessons.

Key words: Kazakh language, criteria-based assessment, secondary school.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында. Олар үшін қазіргі кезде терең және сапалы білім берудің жаңа әдістерін дамыту өзекті мәселе болып табылады. Еліміздегі орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде. Ал дамудың негізі - білім мен ғылым. Сондықтан, дамыған елдердегі сияқты тәуелсіз елімізде де білім беру жүйесінің сапасын арттыру өзекті мәселелердің бірі екені белгілі. Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрсеткіштерінің бірі - жастарға сапалы білім беру, олардың үйлесімді дамуын және тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесіндегі жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені игеру. Жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін арттыру, белсенді болу, білімге деген құштарлығын ояту, оны өмірде қолдана білу және патриотизмді одан әрі дамытуға бағыттау мұғалімнің басты міндеті деп санаймыз.

Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктер мен салыстыру үрдісі. Критериалды бағалау жүйесі оқушының бағаға бағыныштылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Критериалды бағалау негізінде білім алушылардың жұмысы алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен бағаланады. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі әдіспен бағаланады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Баланы егжей-тегжейлі іздеуге шақырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы - баланың ойлау қабілетін дамытады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болып табылады және семестр бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау оқушылар мен мұғалімдер арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін ұпайсыз немесе бағасыз реттеуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер оны оқушылардың үлгерімін өлшеу және болашақ сабақтарын жоспарлау үшін пайдаланады. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша өткізіледі. Бағалау критерийлері мәтіндермен, диктантпен, конспекттермен, мәнерлеп оқумен, тесттермен, қазақ тілі сабағында шығармашылық жұмыстарды бағалау кезінде өте пайдалы. Мысалы: Жаңа сөздермен танысқан уақытта екі минут оқып, естеріне сақтап қалған сөздерді бір-біріне жатқа айтып, содан соң сөздік дәптерге жатқа жазу,

- барлық сөз түгел, қатесіз, әдемі, таза жазылса - 10 ұпай
- Бір сөз жетіспесе, 1-түзету енгізілсе, әдемі, таза жазылса - 8 ұпай
- Екі сөз жетіспесе, 3-4 түзету енгізілсе - 6 ұпай
- 3 сөз, қатесіз таза жазылса - 4 ұпай

• Ештеңе жазбаса – 0 деген ұпайлар қойылып бағалау критерийі бойынша бір бірінің дәптерлерін тексеріп, баға қойып, қойған бағасын не үшін қойғанын айтып беріп отырады. Бұл жұмыста оқушылар есте сақтау қабілетін дамытуға, сауатты жазуға, тексерген уақытта мұқият болуға, бір –бірін адал бағалауға үйренеді.

Жазба жұмыстарды орындаудағы бағалау критерийі. Мысалы:

• Еш қатесі жоқ, жазуы анық, таза жазылған, азат жол сақталған, түзету жоқ-10 ұпай

• Тазалығы талапқа сай, оқушының екі түзетуі бар, тыныс белгіден 2 қате жіберілсе-5 ұпай

• Тазалығы талапқа сай емес, каллиграфиялық қателер кездеседі, оқушының 3 түзетуі бар. Емледен 7, тыныс белгіден 5 қате жіберген - 3 ұпай

• Қойылған талаптарды орындай алмады - 0

Грамматикалық тапсырманы орындаудағы бағалау критерийі

• Оқушы жұмысты орындады. Талдау жүйесін сақтады, қатесіз орындады және жазуды дұрыс рәсімдеді - 10 ұпай

• Оқушы жұмысты орындады, Жүйелі талдау жасады, бірақ сөз табының белгілерін анықтауда қателер жіберді – 6-5 ұпай

• Оқушы жұмысты орындады, бірақ , талдау ретін бұзды. Сөз табының белгілерін анықтауда қателер жіберген жоқ – 3-4 ұпай

• Қойылған талапты орындай алмады – 0

Осы критерийлерге сүйене отырып, оқушылар сауатты жазуға үйренеді. Кей кезде осы берілген критерийлерге қарап отырып, дәптерлерін тапсырмас бұрын өздерінің қателерін байқап «а, менің бағам «4»немесе «3» болады» - деп, кейбір балалар өздеріне алдын ала баға беріп жатады. Ол дегеніміз, яғни, оқушылар өздерінің жіберген қателерін, түзетулерін байқап үйренгендерін байқауға болады. Дәстүрлі бағалау кезіне «Маған неге «3», менің қатем аз ғой» - деген келіспеушіліктер болатын.

Жалпы, оқу үшін бағалаудың немесе қалыптастырушы бағалаудың құрылымы ретінде мына элементтерді атап өтуге болады: оқушыларды бағалау үдерісіне белсенді қатыстыру, оқушылардың қабілеттеріне қарай оқытуды бейімдеу, сапалы және сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру.

Осыларды қарастыра келгенде, қалыптастырушы бағалау – өзара байланыстағы көптеген элементтер арқылы оқу мен бағалауды кіріктіруге мүмкіндік беретін мұғалімнің тәжірибесінен туындайтын әрекет болып саналады.

Оқу бағдарламасындағы әр бөлімдегі оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды.

Қазақ тілінен әр бөлімдегі тапсырмаларды оқыту барысында қалыптастырушы бағалауды қолданып, оқушыны оқу үшін бағалауда мұғалім мынадай нәрселермен қарулануы қажет:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;

- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру шеберлігін жетілдіру.

Яғни, мұғалім қалыптастырушы бағалауды қолдануда мына нәрсені басшылыққа алуы керек. «Оқу үшін бағалап» оқушыны өз-өзіне сын көзбен қарап, кемшін тұстарын

өз еркімен толықтыру үшін іздендіре алатындай дәрежеге жеткізу. Яғни қалыптастырушы бағалаудың мақсатының өзі осы.

Мұғалім қазақ тілі сабағында оқушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін анықтап, соған қарай әрекет етуді жоспарлау үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануына болады. Мысалы: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б.

Оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде: тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолданады. Қалыптастырушы бағалауда үнемі қолданылатын әдіс мұғалім тарапынан және оқушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып саналады. Сондықтан мұғалімнің сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі сыныпта оқушылардың бір-бірімен диалогті қолдану мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сыныпта сабақ барысында көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар. Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, оқушыны қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады. Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, ережені түсінгенін анықтау және т.б. Сұрақ дұрыс қойылғанда оқушыға өз ойын ашық, нақты, жеткізе айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге мән бере, назар аудартуға, көшбасшылықты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар баланың ізденуге деген қызығушылығын тудырады. Осылайша, сұрақ оқушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай нақты, анық, қысқа берілуі қажет. Мұғалім сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды мынадай түрде жүргізе алады. Олар. Жұптық жұмысты бағалау, топтық жұмысты бағалау, өзара бағалау, өзін-өзі бағалау.

Сыныпта жұптық жұмыс жасауда қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде мұғалім оқушылардың тапсырманы жұп болып орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екендігіне көздерін жеткізіп, өз күштерімен түсінетіндей етіп құруы керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды. Мұғалім топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалауда белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы оқушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір оқушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес шапшаң орындауы мүмкін.

Мұндай жағдайда мұғалім оқушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- Бұл туралы сіз не ойлайсыз?

- Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?

Егер оқушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап жатқан болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылуы керек, мысалы:

- Сіз қазір не істеп жатырсыз?

- Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?

- Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?

Топтық жұмыс кезінде мұғалім бүкіл топтың жұмысын сонымен қатар әр жеке оқушының қалай қатысып отырғандығын, белсенділігін бақылауы қажет. Мұғалім топтарды бақылауда тапсырма орындау кезінде өзі де қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға жаңа идеяны тұжырымдауды, екі (одан да

көп) идеяларды салыстыруды, идеяларды бағалауды, топтық талқылау негізінде пікір білдіруді, сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады. Ал, жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау оқушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар, жоспарлаушы» ретінде жұмыс жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады. Оқушылардың жеке жұмыс жүргізуі кезінде олардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді белгілеп отыруы қажет. Бұл мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін қажет материал болып саналады. Мұғалім оқушы әрекетінің нәтижелерін тіркеу кезінде олардың жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырғаны дұрыс. Бұл оқушыны «оқу үшін бағалауды» жүзеге асыру кезінде қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс деген сұраққа жауап іздеуге көмектесетін тәсіл болып саналады. Қалыптастырушы бағалаудың негізінде жүргізілетін жұмыстың бір түрі - жиынтық бағалау.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасындағы жүргізілген білім мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға құрылады. Сонымен қатар алдағы уақытта жасалатын жұмысты жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жүргізу үшін қажетті ақпарат алу үшін жүргізіледі. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Оқушыларға тоқсандық баға қою кезінде осы жиынтық бағалаудың аталған түрінің нәтижесінде жинаған балдары ескеріледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, оқу бағдарламасы мазмұнын білуі, дағдысы, түсінуі туралы дәлелдерді ұсына отырып, тоқсандағы оқуға қатысты жетістіктері саналады. Алынған нәтиже тоқсандық баға қою кезінде ескеріледі. Жиынтық бағалау ойлау дағдыларының әртүрлі деңгейін, соның ішінде жоғары ойлау деңгей дағдыларын: талдау, жинақтау, бағалауды тексеретін түрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұрады.

Жиынтық бағалаудан күтілетін нәтиже:

1. Білім алушылар оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтайды.

2. Пәнге деген қызығушылықтары мен оқу мотивациясы артады, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттері дамиды.

3. Өздерінің қаншалықты алға жылжығандарын ұғынады.

4. Алдағы қадамдарын жоспарлауға мүмкіндік алады.

5. Өзін – өзі, топты бағалау, күш – жігер, сенімділік сияқты құндылықтары қалыптасады.

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін тіркеу, анықтау үшін жүргізіледі. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес білім алушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі орта, жалпы орта) жүргізіледі. Қазақ тілі пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанда екі рет өткізіледі. Әр бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу әрекеттерінің (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) түрлері тексеріледі. Сонымен бірге айтылым дағдысын бірінші бөлім бойынша жиынтық бағалау уақытында өткізу ұсынылады. Айтылым дағдысын бағалауды жиынтық бағалау өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ үстінде өткізуге болады. Әр білім алушының жауабы шамамен 1-ден 5 минутқа дейінгі уақыт аралығын

қамтуы мүмкін. Бөлім бойынша соңғы жиынтық бағалауды тоқсан соңына дейінгі қалған 1 аптаның ішінде өткізеді. Жиынтық бағалауда жасалатын жұмыстардың мазмұнын оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарынан шығарамыз. Әрбір бөлім бойынша білім мен дағдылар деңгейін қалыптастыруға жоспарланған оқу мақсаттары жиынтық жұмыстың мазмұнында қамтылуы тиіс. Негізінен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқушының оқудағы кем тұстарын уақытында анықтау және оның алдын алу үшін өткізіледі. Мұндай кемшіліктер байқалған жағдайда кері байланыс жасау арқылы мұғалім тарапынан оқыту үдерісіне түзетулер енгізуі қажет. Ал, оқушы тарапынан білім мен дағдыны толықтыруға бағытталған әрекеттер (қосымша оқу немесе өз бетінше оқу) жасалуы қажет.

Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша критериалды бағалауды ұйымдастырудың психологиялық, педагогикалық негіздерін қарастыру барысында оқушының жеке тұлғасын дамыту міндеті алға қойылады. Қазақ тілі пәні оқушының психологиялық дамуында, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасуында, өмірдің мәнін түсінуге ұмтылуында үлкен рөл атқарады. Сондықтан қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры арқылы мұндай үлкен мақсаттарға жету жолын анықтауда психология, педагогика ғылымдарының жетістіктері басшылыққа алынатынын да тілге тиек етеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау.
2. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау».

THE EFFECTIVE WAYS OF USING ICT IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Rysbekkyzy Nazerke

Al-Farabi Kazakh National University

Berkutbaeva Makhabbat Zakanovna

Kazakh National Women`s Teacher Training University

Almaty, Kazakhstan

e-mails:nazerkei@inbox.ru, mako_7705@mail.ru

Abstract: The use of new information technology tools in various spheres of human activity, including in education, is becoming increasingly important. In domestic and foreign publications computerization of the educational process is considered as one of the actual factors of the organization of education. To improve students` English by Information Communication Technology is one of the effective ways on teaching. This paper focuses on the increase of using ICT in English classes.

Key words: ICT, improvement, FLT, new technologies

I. Introduction

We live in the computer age. Currently, there is an active process of informatization in the field of education, which involves the intensive introduction and application of new information technologies, the use of all means of communication that may be useful in the formation of an intellectually developed person who is well oriented in the information space. The rapid introduction of information processes in various areas of life requires the development of a new model of the education system based on modern information technologies. It is about creating conditions for the disclosure of the creative potential of the student, the development of his abilities, education needs self-improvement and

responsibility. Knowledge and qualification are become priority values for a person. Accordingly, the education system should be aimed not so much at mastering the amount of ready-made knowledge, but rather at the formation of intellectual skills, skills of independent cognitive activity. This is a different system of education compared to the one that was previously claimed by society.

The purpose of innovative technologies is the formation of the personality of a future specialist who is able to independently build his educational and cognitive activity. In turn, the use of ICT contributes to the achievement of the main goal of the modernization of education, that is, improving the quality of education, as well as increasing the availability of education and ensuring personal development.

K.D. Ushinsky said: "If you enter a class from which it is difficult to attain a word, start showing pictures, and the class will speak, and most importantly, will speak freely ...". Despite the fact that times have changed, these words are relevant to this day, only the pictures have clearly changed. The teacher had the opportunity, not with the help of imagination, to push the walls of the school room to dive into the colorful world of knowledge, but with the help of ICT resources. Thus, students have a sense of the reality of events, as well as interest and desire to learn more. Creating an effect of presence: "I saw it myself!" Is one of the most important advantages of interactive lessons. After such bright and lively lessons, students, when they come to school, often ask, "What will be new today? What's interesting?". This means that children have learning motivation. And one of the most important tasks of a teacher is to develop and support this motivation [1].

Language is one of the significant elements that affects international communication activities. Students utilize different parts of English language skills such as listening, speaking, reading, and writing for their proficiency and communication (Grabe & Stoller, 2002). In addition, Ahmadi (2017) stated that one of the important elements for learning is the method that instructors use in their classes to facilitate language learning process. According to Becker (2000), computers are regarded as an important instructional instrument in language classes in which teachers have convenient access, are sufficiently prepared, and have some freedom in the curriculum. Computer technology is regarded by a lot of teachers to be a significant part of providing a high-quality education [2].

The main part

Modern education requires profound changes, the transition to new educational standards. As a result, an innovative generation will be formed that will be able to master the knowledge system faster and more efficiently, as well as expand, update and fully utilize it in practice.

For the teacher it is necessary to be able to obtain information from various sources, to use or create it yourself. The use of ICT can open up new opportunities for a teacher in foreign language teaching. And precisely because of this, the use of information and communication technologies in the educational process is one of the main means of increasing the motivation of students in modern education. The use of computer technology allows you to more productively solve all the tasks of the lesson. In the English language lessons, students develop the ability and willingness to communicate in foreign languages and to achieve mutual understanding with native speakers, that is, communicative competence is formed.

A modern teacher is required to own technical equipment, such as creating multimedia presentations, using a computer or an interactive whiteboard. All this allows us to expand the scope of the lesson and make the learning process more productive and effective [3].

The use of ICT in foreign language lessons provides an opportunity to present the material clearly, helps to improve the quality of education and reduce student fatigue. Technical training tools help the teacher to increase the rate of presentation of the material and to meet the needs and curiosity of students. It is no secret that students like to study in computer classes, perhaps because the lessons there are held in an informal setting. Students have the opportunity to apply their knowledge and skills in other conditions, and show their knowledge in the field of ICT. In this case, the assimilation of new material is much faster and easier. The elements of the game in foreign language lessons in various tasks cause only positive emotions among students, which contributes to the practical consolidation of the material studied. It can be concluded that ICT solves many problems of various aspects of the language [4].

We, teachers of the English language, use ICT for various purposes: improving professional skills, improving language and speech skills, searching for information, correspondence with friends and colleagues, creating didactic material for lessons, checking homework, working on projects of different levels.

Only a textbook and a teacher are not enough for the formation of independent thinking, the ability to reflect (thinking, self-observation, self-assessment). A wide range of information is needed, reflecting different points of view on the same problem, providing students with food for thought, critical analysis, generalizations, independent conclusions and solutions [5].

Let us consider the main types of linguodidactic tasks that can be solved with the help of ICT, that is, the linguistic and methodical possibilities of using computer learning tools in mastering aspects of the language, forming skills and abilities in various types of speech activity.

In teaching any foreign language there paid more attention to the development of four skills and abilities of students as listening, reading, writing and speaking. In my practice are always used too many Internet resources to improve my students the given abilities. Further, I would like to describe these Internet resources in detail.

When developing listening skills:

Formation of phonetic listening skills; control of the understanding of the text heard; ability to understand authentic speech.

In our work, we also use ICT capabilities to solve complex problems, so multimedia lessons and tasks are used to train skills and listening skills. Sources of such tasks are multimedia lessons and the Internet. The Internet is a rich source of audio recordings. For example, there is a site as www.lyricstraining.com where popular English songs with texts while listening to music you will fill in the graphs with words what you hear. It is sometimes used at the end of the lesson in order to inspire students` mood. Singing a song is also one of the teaching methods of the language.

ICT is often used pronunciation visualization techniques. Multimedia features allow you to listen to the speech in the target language, adapting it in accordance with your level of perception, and the regulation of the speed of sound allows you to split the phrases into separate words, simultaneously matching the pronunciation and spelling of words. Using a microphone and automatic pronunciation control allows you to adjust phonetic skills.

One of the resources is www.vocaroo.ru www.vocaroo.ru is a very simple tool that allows students to record their voice for up to five minutes and then send the resulting recording as an email. It is perhaps one of the easiest audio recording tools on the internet and works literally at the click of just one button. The students don't even need to open an email client to send the recordings. They simply record, play back the recording and then write in the email address of the person they want to send

the recording to. The receiver can then click on the link and listen to the recording. The recordings can also be downloaded onto the students' computer.

In the classroom teacher can make a competition about how has the best recording and may work with the students' incorrect pronunciation.

The second an important website for learners and teachers of English language is www.englishbreakingnew.com. This website includes authentic texts about world's latest news in the type of lesson. There are given various exercises for developing students' all four skills The full information about this website is in following:

- The lessons are free.
- There are 7 levels, from elementary to advanced.
- Lessons have up to 26 pages of printable activities / handouts.
- There is a new lesson every two days.
- All lessons are based on stories currently in the news - as the world's news breaks, teach it.
- All lessons are also downloadable PDF format.
- There are 30+ online quizzes for each lesson.
- Listening files in British and North American English can be downloaded in mp3 format or subscribed to via a [podcast](#).
- Classroom handouts are readily reproducible.
- There is graded listening with each lesson.
- Thousands of teachers and students say they love using the news lessons.

In improving students' lexics and vocabulary I rarely try to use the third website www.learningchocolate.com and www.languageguide.com. The goal of this website is to help students and children to memorize English vocabulary in an easy and efficient way, by using image, pronunciation and game. It is free and fun. Here are given group of words from A to Z. In order to memorize them you will do five different exercises. The next websites is recommended are www.ello.org and www.engvid.com. Just opening this www.ello.org the students can listen to various and authentic dialogues with texts and can watch videos with quiz [6].

One of the modern tools for teaching speaking to students can be the use of podcasting in the learning process. Podcasts began to be used in 2004 for the transmission of audio or video broadcasts on the Internet. The word "podcast" "comes from English iPod and broadcast and means an audio or video file that "is distributed free of charge via the Internet for mass listening or viewing". Educational podcasts devoted to the study of foreign languages, allow to solve a number of methodological tasks, including the formation of auditory skills and understanding of speaking foreign languages, the formation and improvement of listening skills, the expansion and enrichment of lexical vocabulary, the formation and improvement of grammatical skills, development skills of speaking and writing [7].

In conclusion, I would like to note that the modern teacher just needs to be able to work with modern teaching aids in order to ensure one of the most important rights, namely, the right to quality education. Today, a teacher who acts within the framework of a familiar traditional technology of teaching a foreign language, using only chalk and a textbook, is significantly inferior to his colleagues who teach using ICT. Finally, I would like to once again note that ICT in English lessons is an excellent teacher's assistant, which should not be underestimated, but ICT should not be used just for the sake of novelty.

References

1. A.K. Jager, A.H. Lokman Impacts of ICT in education. The role of the teacher and teacher training. Paper Presented at the European Conference on Educational Research, Lahti, Finland 22 - 25 September 1999
2. Innovations in learning technologies for English language teaching Edited by

- Gary Motteram, British council 2013
3. Kostina E.V. Using e-book at the English lesson at the practice period of students of foreign department. MordSPI. Humanitarian science and education. 2014, № 2. – p. 34–36
 4. Minasyan N.A. ICT as a tool of rising motivation of students at the English lesson //Scientific-methodical electronic journal “Concept”, 2017. – № S8. URL: <http://e-koncept.ru/2017/470104.htm>.
 5. Lebedeva M.V. Application of modern educational technologies in teaching foreign language. Bulletin of Moscow state university. Series: Education 2016/№2
 6. Russel Stanard www.teachertraining.com
 7. Mark Warschauer, Carla Meskill. Technology and Second Language Teaching. URL: http://www.education.uci.edu/person/warschauer_m/tslt.html

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚИТУДЫҢ КӨРІНІСІ

Э.С. Муктарова., Д.А. Бактыбаева

Түйіндеме: Мақалада Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінің мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыруға берілген оқу мақсаттарын жүзеге асыратын тапсырмалар талданады. Мақалада оқыту мақсаты мен автор идеясын негізгі нысанаға ала отырып, оқушылардың оқу тапсырмаларын орындау кезіндегі тиімді әдіс-тәсілді қолдана отырып білім, біліктерін қалыптастыру сәтті көрсетілген.

Тірек сөздер: мазмұн, көркем бейне, шығарма идеясы, ұстаным, дағдыны қалыптастыру, оқу мақсаты.

DESCRIPTION OF TEACHING NATIONAL VALUES IN THE NOVEL OF BAURZHAN MOMYSHULY “USHKAN UYA”

Abstract: This article analyzes the tasks of Baurzhan Momyshuly's novel "Ushkan uya" ("The flying nest") in the content and form of the unit, which implements the learning objectives set for the formation of skills of analysis of artistic integrity and artistic image, the ability to summarize, evaluate the idea of the work. The article successfully demonstrates the formation of knowledge and skills of students using effective methods in the performance of educational tasks, focusing on the purpose of teaching and idea of the author.

Key words: Content, art image, main idea, principles, skills development, learning objectives

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабында аңыз-ертегі естіп өскенін айта келіп, осындай асыл дүниені құлағына құйған әжесін өмір жолында кездескен ұстаздарының бәрінен де жоғары қойғаны бар. Осы себепті ғылыми жұмысымызда Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі шығармашылық маңызды факторлардың бірі – автордың жазушылық лабораториясының ашылуын әсіресе ұлттық құндылықтардың суреттелуін талдауды мақсат тұттық. Автор аталмыш кітаптың қалай өмірге келгенін әңгімелеп берумен шектеліп қалмай, айтып келе жатқан әңгімесін шығарманың кез келген тұсынан өзінің отбасында алған тәлім-тәрбиесіне, содан кейін ғана жазушылық лабораториясына қарай икемдеп бұрып алуға бейімділігін танытады.

«Ұшқан ұя» кітабының бойынан автордың өзінің күнделік сипатындағы жазбаларына оралып соға беретіні бала күніндегі әжесінен, отбасы мүшелерінен алған тәрбиесін өмір бойы қадірлегісі келген ниетінен болар деп жорамалдадық.

Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесінде өзінің шығармашылық өмірінің әсерлі тұстарын суреттеп, айтылатын әңгімелердің бағытын өзіне икемдеп суреттейді. Романның оқылуы қызық, автор тарапынан жасалатын тұжырымдар да автордың өзіндік ойын ғана бергенмен, негізі оқырманға ой салып, пікір түйетіндей деңгейде сипатталған. Әрине, өткен оқиғаларды дәлдікпен тірілте білуде мұндай қолжазбалардың атқаратын міндеті ерекше. «Ұшқан ұя»- жазушының шығармаларының ішіндегі ерекше мән бере қарайтын, оқырманды өзіне ерекше жақын тартып тұратын шығарма деп есептеуге болатын дүние. Мұның себебі өзі қанат қағып ұшқан ұяға деген әсер, жас баланың санасынан өмір бойы өшпестей болып жатталып қалатын жақтары- әр оқырманның басынан кешер өзіндік ғұмыры сипатты дүниелер. Бұндай сезімдерді әрбір адам басынан кешпей тұра алмайды. «Ұшқан ұяны» оқыған әр адам адамдық, әдеп пен әдет, отаншылдық сезімдердің автор бойында қалай қанаттанып, жанданып ұшталғанын танып-біледі. Бұл кітаптың Бауыржан атамыз өмір сүрген және қазіргі кезеңде де бала тәрбиесіне, жанұяға, ұрпақ тәрбиесіне арналған құнды кітап болғанын және солай жалғаса беретінін де сездік.

Сараи ақынның «Тәрбиесі жаманға жақсы ұстаздан пайда жоқ» дегеніндей, бала үшін әлеуметтік ортадағы ең әсерлі фактордың бірі- тәрбиелік мақсаты айқын қойылған кітап болар. Ал екінші жағын алар болсақ, шындығында тәрбиеге әсер ететін ата - ана, достары, ұстазы, ортасы. Мұны Бауыржанның өзі: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген дәріс оқыған ұстаздарымды есіме түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата - аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...» – деп ағынан жарылатындығы, әжесі мен әкесінің үй ішілік тағылымы басымырақ болғандығын аңғартады [1,18].

Академик З. Қабдоловтың: «Бір жазушы, айталық, өз отбасындағы тәрбиетағылымын нәзік суреттеуге бейім болса, кейбірі адам мінезін қимыл-әрекет үстінде танытуға қабілетті болып келеді, енді бір жазушы оның көңіл-күйін, сезім-сырын, ой-арманын, әр алуан психологиялық иірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер», – деген жазушы шеберлігі туралы ойлары Бауыржан табиғатына дәл келеді деп ойлауға болады. [2,17].

Зерттеуші Уразбаев «Ұшқан ұя» шығармасын зерттеу туралы еңбегінде: «...Елдегі осындай ахуал, биліктің жалған идеологиясы, орыстық үстем, нәсілшіл, шовинистік пиғылдың күннен күнге өршуі Бауыржанның суреткерлік ұстанымының қалыптасуына да қатты әсер етті. Ол қайткенде де қазақ ұлтын кеңестік идеологияның құрбандығынан сақтап қалуға тырысты. Сондықтан, Бауыржанның «Ұшқан ұя» шығармасындағы бүкіл ұлттық болмыс мәселесіне, ұлт тағдырына қатысты салт-дәстүрлерді суреттеуі осындай ұстанымнан туған» [3,9],-деп көрсетеді. Ұлы тұлғаның бойындағы отаншылдық, туысқандық, әділеттік, шыншылдық сезімнің негізгі өзегі де ата-ананың, әжесі мен әкесінің тәрбиесінде жатқанын аңғартады. Әкеден үйренген «жеті ата», жыл қайыру, әже айтқан Қазығұрт, қарлығаш, жарқанат, жылбасы жайлы ертегілер бала Бауыржанның қиялын тербеп, ұғымын кеңейтіп, таным шеңберін аша түсіп, тіпті өткір сөйлеп, ойын ашық, еркін айтуға да көмектескені аңғарылады.

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі арқылы бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік болмысын, салт-сана, әдет-ғұрпын өз аулы, отбасы арқылы ұрпақ алдына шындықты жайып салғандығы аңғарылады. Қаламгер жариялылық заманның желі еспей тұрған - ақ жоғалып, құрып бара жатқан салт-дәстүр сияқты ата-мұрамыздың шын жанашыры бола білді. Бауыржан бір әңгімесінде: «Тарихты білу керек. Дәстүр,

әдет-ғұрып, аспаннан түскен жоқ. Біз олар жөнінде үлкен қате істедік. Сол қатені осы күйге дейін түзей алмай келе жатырмыз» - деп қоғамға ащы сын айтқан [1, 233].

Жауынгер батыр шығармасын талдау кезінде суреткердің санасына жастай сіңген өнеге, тәрбие әсері теңдесіз терең із екендігін өз тәжірибесінен жақсы сезінгенін аңғардық. Сол себепті оның «Ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам... Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмасын деп қорқамын... Балаларымның мен сияқты ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қатты өкінем, қабырғам қайысады», – деп тебіренуі адам санасында тәрбие берілудің алғашқы сатылары өмір бойы сақталатындығын ескеруінде болса керек деп түсіндік [1,23].

Автордың нақты өмірде де, өз туындысында да осы секілді үлкен әлеуметтік мәселедегі тәлім-тәрбиелік мәні зор өзекті ойларға жұрттың назарын аударғысы келетіні аңғарылады. Салт- дәстүр- халықтар кәсібіне, сеніміне, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, рухани мұра. Уақыт озған сайын оған жаңалық еніп, өзгеріп, кейде қоғамдық қатынастарға қайшы келетін тұстары да болып қалады. Жойылып, өмірге қажеттілері жаңа жағдайда ілгері дамиды. Сондықтан да халық «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп дұрыс айтқан. Бұл тұрғыда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу керек»-деген сөзі еске түседі [4,2].

Жас ұрпақтың өкілі ретінде айтар сөзіміздің түйіні табылғандай, ол-ұлттық дәстүрлі тәлім-тәрбиенің санамыздан сызылып, жанымызға жақын қасиеттердің құлдырап, жойылуы ең алдымен ұлттық сана мен танымның күйреуіне, ұлттың түбегейлі құрып кетуіне, ұлттың менталитетінен жат нәрселердің қалыптасуына әсер ететін қатерлі құбылыс түрінде қалыптасып кететіндей сипатының болатындығы. Осы сәттерде ұлттық мұрамыздың қайта жанданып, өз иесіне-өскелең ұрпақ қолына жетуін өз жұмысымызға әдейі тақырып етіп алуымыздың бір себебі- Момышұлының «Ұшқан ұясындағы» баяндалған дүние ұлттық негіздің түп тамыры болып табылатын қазақи тәлім-тәрбиенің озық үлгісі екендігін таныту болды. Сондықтан да автордың шығармасындағы мақал-мәтелдерге, ертегілерге, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің әрқайсысына жеке-жеке түсінік беруге ұмтылды, ондағы ойымыз- сол мұрадан жастардың ғибрат алу жолдарын түсініп, өмірде қолданудың қажеттілігін сезінсе деген тілек. Батыр кітабында тәрбиенің аса қажетті үлгілері көп. «Ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен, ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларда таныстырғанда ең алдымен ата-ана, ағайын-туыс еді» деуі отбасындағы ұлттық тәлім-тәрбиенің бала санасына тез қонатындығын аңғартса керек.

Автордың өскелең ұрпаққа айтар өсиеті мен бұдан шығатын нәтижесі автор сөзімен былай беріледі: «Қолдан келгенше балаға от басындағы ісіңмен, ақыл-кеңесіңмен, қарым-қатынасыңмен, сыйластықпен үлгі-өнеге көрсет. Бала қабылдаса, шын қабылдайды. Жас бала жас шыбық сияқты. Қалай егілсе солай өркен жаяды. Сол себептен қазақ бала тәрбиесіне өте сақтықпен қарап, оған ерекше мән беріп, баланың көзінше жаман сөз, орынсыз не болса соны айтпаған»-деп сөз төркінін осылай түйіндейді[1,41]. Кітапта Момышұлының өзі әдеби кейіпкерге айналған, ауыздан-ауызға тарап, өлең-жырға да өзек болған, тіпті өз басынан да асып, аңызға айналған адам жөнінде әңгімелеу өзіне де жеңіл болмаған сияқты. Бауыржан Момышұлы-өмірде көзсіз батырлығымен қоса шешен, дана, ол тәлім-тәрбиенің көзі болып табылатын қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бойына дарытқан жан. Оның атаулы шығармасын оқысаңыз да ең бірінші қазақтың қандай ұлт екендігі, немен айналысатындығы, рухани байлығы, не ырымы, салт-дәстүрі, яғни бүкіл бір ұлтқа тән ерекшелігін байқай аласыз. Қазаққа тән бар асылды осы кітап ішінен кездестіру

барысында өз ұлтыңызға деген жылуды, ерекше жақсы көріп сезінудің біртіндеп өзіңізге жағымды әсер еткенін аңғарасыз.

Ел қамқоры, ұлт жанашыры **Б.Момышұлының** ұлағатты сөздерін жадында жаңғыртқан елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халқына арнау сөзін «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» толғаныспен бастағаны тегін емес еді. «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды... Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын».[4]

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында да ұрпақтарына рухани қазына, эстетикалық тағылым ретінде қызмет етеді. «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, оқу мақсаты мен тақырыптарының басым көпшілігі білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қарастырылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты- оқушыларды шығармашылық ойлауға бағыттау, олардың өз ойларын ауызша еркін жеткізуе және және жаза білуіне қолдау көрсету.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру.

1.Түсіну және жауап беру: шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпиллог, прологтар; әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді, көркем шығармалардан алған үзінділерді орынды қолдану.

2.Анализ және интерпретация:композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтастыққа қарай талдау; автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі; шығармадағы көркемдегіш құралдары: психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысы, автор стилі; шығармадан алған үзінділерді өңдеп креативті жазу.

3.Бағалау және салыстыру: шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы; шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, жаңашылдығы; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығының гуманистік тұрғысы, әдеби эссе; шығармада жазылған әдеби сын – пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытуда қазақ әдебиетінің мазмұнын, стилін, идеяларын және жанрын бағалай білуге, талдау жасауға, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға баса назар аударылады.

Әр сынып бойынша дағдыларды қалыптастырып, дамыту үшін оқу мақсаттарының жүйесі берілген.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.[5]

М.Бомышұлының «Ұшқан ұя» повесін оқытудағы оқу мақсаттарына қандай тапсырмаларды орындатуға болатынын зерделей келе, келесі мәселелерді шешуге ұмтылды.

Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы өзінен -өзі пайда болмайтыны анық. Жазушының да бір кездегі өскен ортасы, әлеуметтік жағдайы мен өмірде басынан кешкен оқиғалары суреткер санасында қайтадан жаңғырып, көркем ойға, терең мазмұнға жетелеп, әдеби дүниенің өмірге келуіне себепкер болған. «Ұшқан ұя» поесінде жазушы өмірден түйген тәжірибелерін, балалық балғын шағы мен жастық кезін електен өткізіп, өз туындысында өмір шындығын суреттеген.

Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу оқу мақсатына қол жеткізіп, шығарманың идеясын ашу үшін асқақ рухқа толы терең шабытпен суреттелген оқиғалардан үзінді келтіріп, ұлттық мүдде тұрғысынан талдауды қажет етеді.

Идея - өнер туындыларындағы көркем образдар арқылы бейнелеген оқиғалар мен характерлердің сипаты жайындағы ой пікірлердің көрінісі.

Пафос (гр. *pathos* — сезім, құмарлық), құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. [6]

Тапсырма: Шығарманың идеясы мен пафосын анықтап, шығармадан дәлел келтіріңіз.

Шығарманың идеясы мен пафосы	1. Бата беру дәстүрінің рухани мәні
Ұлттық мүдде тұрғысынан талдау	Атаның бата-тілегін Алла қабыл еткен екен. Кейін Бауыржан атасы армандағандай, елінің шырағы, батырлардың жалғасы болды.
Шығармадан дәлел	Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен. -Төл немерең -бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі,- десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен: Алатаудың қыраны мол еді – Қырағы болсын, құлыным. Қойнауы суға мол еді – Бұлағы болсын, құлыным. Елінің тілегі зор еді – Шырағы болсын, құлыным. Ата тілегі оң еді – Құмары болсын құлыным. Бұл жер батырлар төрі еді Сыңары болсын, құлыным! – деп бата беріпті.

Шығарманың идеясы мен пафосы	2. Эпостық жырлардың тәрбиелілік мәні
Ұлттық мүдде тұрғысынан талдау	Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған тәлімнің тектілігінің негізі ертегі мен көне әңгімелерден қаланғанын жас ұрпаққа өнеге етеді. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертегі айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанында құлағына анасының әлди әні сіңбеген

	баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын» - деп қамығуында терең психологиялық астар бар.
Шығармадан дәлел	<p>Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:</p> <p>-Балам менің қайда екен? -Қыздарменен тауда екен. Тауда неғып жүр екен? Алма теріп жүр екен. Алмасынан кәнеки? Жаңа теріп жүр екен.</p> <p>Қызыл алма қолында Қыз-бозбала соңында, - деуші еді-ау. Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем, алдына алып отырып: Жылама бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Жілігінің майы жоқ Жіпке тағып берейін. Көк сиырдың сүтінен Көже жасап берейін. Оның тұзын кім татар Жыламайтын ұл татар, - деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім.Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бұрқыратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені даңғыратып сол балалығым шыға келетіндей, айналаңа жалтақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін.</p>

Шығарманың идеясы мен пафосы	3.Сөз анасы -сәлем.
Ұлттық мүдде тұрғысынан талдау	Қазақ "Сәлем – сөздің анасы" деп, баласына алдымен сәлемдесу әдебін үйреткен. Өйткені амандасуына қарап, баланың тәрбиесіне баға берген
Шығармадан дәлел	<p>Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағымға: «Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!» - деп сыбырлады. Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: «Ассялам алейкүм, аталар» деп әр сөзді қадай-қадап айттым. Бұған, әрине, бәрі күлісіп жатыр. Өткенмен мені араз етіп алмау үшін бәрі де бір ауыздан «алейкүм салам!» десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді», - дейтін.</p>
Шығарманың идеясы мен пафосы	4. Жеті атасын білу -тектіліктің кепілі

<p>Ұлттық мүдде тұрғысынан талдау</p>	<p>Ұрпағына жеті атасын үйрету- – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Қазақ халқы жастайынан балаға әкеден бастап ағайын-туысты, нағашы жұртын, алыс-жақынды таныстыру, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. «Жеті атасын білмеген жетесіз» дегендей, әрбір азамат сөзге қалмас үшін өзінің жеті атасын білуге тиісті.</p> <p>«Жеті атасын білген ұл жеті жұртқа жөн айтар» деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатып, ел-жұрт тарихын білу – ер-азаматты ерлікке, елдікке баулиды деп ұққан. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі-жұрты үшін еткен ерлігі, өнегелі істері жайында әңгімелеп берген. Осы арқылы бала ата-баба дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көзделген.</p>
<p>Шығармадан дәлел</p>	<p>Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. - Кімнің баласысың? - деп сұрайтын ол. - Мен Момыштың ұлымын. - Момыш кімнің баласы? - Момыш - Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.</p>

Оқу мақсаты: автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісіне талдау жасау.

<p>Шығармадағы қазақы болмыс пен қарапайым отбасы тірлігінен заман шындығының көрініс беруі. Бұл жерден жазушының қаламгерлік шеберлігін көре алдың ба?</p>	<p>Жазушы мен шығармадағы кемеңгер, текті әженің ішкі жан дүниелерінің сабақтастығын аңғара алдың ба?</p>	<p>Ертегі, аңыз өміршең бе? Ауыз әдебиеті үлгілерінің өміршеңдігі, ұрпақтар сабақтастығы шығармада қалай көрініс тапқан?</p>
---	---	--

Оқу мақсаты: кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеуді жіктеу.

Мінездеу – әдеби кейіпкерді таным-түсінігі мен мінез құлқын таныта отырып даралай суреттеу. Мінездеу түрлі тәсілдер арқылы жасалады. Тура мінездеу кейіпкердің мінез-құлқын айнытпай, сол қалпында баяндаса, жанама мінездеу оған қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетеді. Адамның сезімдік көңіл –күйін, күйініш-сүйінішін, қимыл-әрекеті мен кескін –кейпін бейнелеу үшін оның өз сөзі мен өзгемен арадағы әңгімесін диалогын келтіру, сондай-ақ түрлі табиғат құбылыстарын суреттеу – осының бәрі әдебиеттегі адамның ішкі әлемін тануға, сырт пішінін анықтауға аса қажетті тәсілдер. Бұл әдістер бірін-бірі толықтырып, айқындай түседі, мінездеу үшін маңызды рөл атқарады. Шығармадан үзінділер беру арқылы тура және жанама мінездеулерді анықтатуға төмендегідей тапсырмалар беруге болады.[7]

Тапсырма . Үзіндіден тура және жанама мінездеулерді талдаңыз.

<p>Шығармадан үзінді</p> <p>Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті - менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.</p>
--

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық.

«Шығармашылық жұмыс» шығармадан алынған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу оқу мақсаттарын іске асыруға «Фанфик» шығармашылық жұмыс түрін пайдалануға болады. Орта буын оқушыларымен осы мақсатты жүзеге асыру үшін сипаттап жаз, дамытып жаз, шығармашылық жұмыс жаса деген іс-әрекеттерді қызықтырып қалай жүзеге асыруға болады? Осындай ізденістің нәтижесінің бірі – фанфик жазу.

Фанфик (Фанфикшн, Фанаттың әңгімесі) — шығармашылық жанрдың бір түрі, оқыған шығарма немесе көрген кино желісі бойынша әсерін өзіндік эмоциямен дамытып жазу. Фанфик оқырманның оқып отырған сәттегі алған әсерін сипаттайды. Бұл шығармашылық жұмыс түрі 70-жылдардың бас кезінде фанаттардың шығаратын әуесқой журналында жазыла бастады. Оның кеңінен таралуы-ғаламтор желісінде автор бірден өз мәтінін сайтта жариялайды, сөйтіп, бірден өз оқырманын табады.

Тапсырма: «Ерткісіз өскен бала - рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам, менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта бермейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі керең болып қалмаса деп қорқамын». Жазушы қорқынышын болдырмауға сен қандай әрекет жасар едің? **Ойыңды өзгеше – креативтік көзқараспен жаз.**

Тапсырма. Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып, алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды. Мен болсам зәре құтым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей қаздырып тұра беріппін. Көкем «Қаз! қаз!», - деп өзімен-өзі. Атамның ескі түлкі тұмағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да сол көкем ғой. Өзі киізге жайғасып алып ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. «Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?...» деп қояды. **Оқиғаны өз ойыңмен дамытып жалғастырып жаз.**

Оқу мақсатына сәйкес орындалған тасырмалар оқушының туындының көркемдік-идеясы – қазақ халқы ұрпақтарының ата мен әженің тәрбиесімен, бата тілегімен өсіп-өркендейтінін түсініп, қазақ халқының ұлттық дүниетанымының дәстүрлі тағылымын, өз шығармасында әр алуан кейіпкерлер бойына нақты дарыта алғанын сын тұрғысынан бағалап, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері ата мен әже, әке мен шеше, аға мен әпке, іні мен қарындас өнегелері арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тарихи тағылымды бойына сіңіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя.- Алматы, «Қазақстан», 1968.-179б., 41б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б., 17б.
3. Уразбаев Қ. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Түркістан, 2007. – 26 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.-3б.
5. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрлігінің «25 » қазандағы № 545 бұйрығы) [Электрон. ресурс]-2017- <https://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>

6. Көркем шығарманың идеялық мазмұны. Пафос және оның түрлері. [Электрон. ресурс]-2017 <https://emirsaba.org/lekciya-korkem-shifarmani-ideyali-mazmni-pafos-jene-oni-trleri.html>

7. Мінездеу. [Электрон. ресурс]-<https://kk.wikipedia.org/wiki/Мінездеу>

ЭССЕ ЖАЗУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

К.Е. Реймова

7М17017-«қазақ тілі мен әдебиеті» БББ I курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме: Мультимедиалық технология бүгінде кең қолданып жүрген термин. Ақпарат ғасырында озық технологиялар арқылы білім алушылардың эссе жазу мүмкіншіліктерін арттыру мақалаға арқау болып отыр. Мультимедиалық технологиялардың ішіндегі ең тиімділері мен ыңғайлылары сараланып, талданды. Әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, ақпарат беріліп, мысалдармен дәлелденді. Әсіресе мультимедиалық оқулықтың көмегімен эссе жазудың қыр-сырын үйренуге болатыны нәтижелер арқылы баяндалады.

Тірек сөздер: *Технология, мультимедиалық технология, эссе, мультимедиалық оқулық, ACTIVstudio.*

Әлем халқы білімдерімен, технологиясымен, ғылымымен бәсекеге түсіп, жан жақты қаруланып, озық өркениет үлгілерін көрсетіп жатыр. Еліміздің де дамуындағы ең басты мақсаты – барлық саланы ақпараттандыру. Ақпараттандыру арқылы дамыған елу елдің қатарына қосылу. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28-ақпандағы Қазақстан халқына жолдауында республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің болашақ мамандарын дайындау үдерісінде кәсіптік білім берудің көкейкесті мәселелерін атап көрсетті. Ол үшін қоғам дамуында шешуші рөл атқаратын барлық салаларды ақпараттандырып қана қоймай, болашақ мамандарды озық ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіп, оны жан жақты игеруіне жағдай туғызу. Ең алдымен білім беру ісін ақпараттандыру – ең өзекті мәселе. Ал білім беру ісін ақпараттандырудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабілеттерін дамыту, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың теориясы мен практикасын тереңірек меңгеру.

Кез келген әлеуметтік саланы ақпараттандыру арқылы білім саласына да қойылатын талаптар күшейді. Осы орайда ақпараттық технологияны білім алушыларға, мұғалімдерге орынды, ұтымды, қолдануға оңтайлы түрлеріне шолу жасап, зерттеу жүргізу – мақаланың басты мақсаты.

Технология көпшілікке таныс болғанымен, осы тұрғыда сұрақтар қойылса, кібіртіктеп, көңілге қонымды жауап алынбасы рас. Олай дейтін себебіміз технология дегенде техникаға қатысы бар көлік, әр түрлі машиналар, мәселен кір жуғыш машина, шаңсорғыш, тамақ жылытатын пеш т.с.с елестейді. Ал шын мәнінде технологияның

қарастыратын аумағы өте кең әрі күрделі. Технология ғылым дамуымен тығыз байланыста болатын, ғылыммен қатар өрбитін үдеріс. «Технология ол – «өнім шығару процесінде жүзеге асырылатын шикізат формасын, материалды немесе жартылай фабрикатты өңдеу, олардың қалып – күйін, қасиеттерін өзгерту тәсілдерінің жиынтығы» [1]. Технологиямен қатар бүгінде мультимедиялық технология деген термин де жиі кездесіп қалып жатады. Мультимедиялық технология деген не, қандай артықшылығы бар, кімдер ойлап тапқан термин т.б. сұрақтарға жауап беріп көрсек. «Мультимедиа – бұл әртүрлі формада берілген ақпаратты біріктіруге мүмкіндік беретін және онымен интерактивті режимде жұмыс істеуге болатын компьютердің ақпараттық және программалық құралдар кешені. Мультимедиа технологиясы – мәтін, графика және видеомультимедиа-пликацияны пайдалануға мүмкіндік береді, оқу процесіндегі компьютердің қолданылу саласын кеңейтеді [1]. Ал жас ғалым Абдраманова Г.Б. осы жайлы былай дейді: «Мультимедиа технологиялары оқу үрдісін байытады, оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялардың ішінде оқу үрдісінің қолайлысы — мультимедиялық технологиялар. Мультимедиа — жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатпен түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дыбыстардың дыбысталуы және синтезделген әуеннің дыбыстары, «мультишкарлар», толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді»[2]. Демек мультимедиялық технология компьютердің барлық мүмкіншіліктерін пайдалану деген сөз. Сол мүмкіншіліктер арқылы білім ордаларында білім сапасын арттырып қана қоймай, білім алушыларға сапалы біліммен қатар, естен кетпес ерекше әсер сыйлауға да болатынын түсіндік. Мультимедиа сөзі қайдан, қалай және қашан пайда болғандығы да қызығушылық тудырады. Оның 1990 жылы Америкада «компьютерлік жүйе ретінде» алғаш пайда болғандығын өз еңбегінде жас ғалым Абдраманова Г.Б. атап өтеді. Осы жылы CD-де барлығы 10 мультимедиялық бағдарлама шығарылғаны айтылады. Ал бүгінде оның саны мыңнан асатынын да атап көрсетеді.

«Мультимедиа (multimedia — көп орталы) — бұл әр түрлі физикалық көрсетілімі бар (мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео) және әр түрлі тасушыларда орналасқан (магниттік және оптикалық дискілер, аудио және видеоленталар) ақпаратты өңдеумен байланысқан компьютерлік технологиялар ауданы»[2].

Енді зерттегілі отырған тақырыбымызға көшсек. Мультимедиялық технологияның мүмкіншіліктерін пайдалана отырып кез келген ортада эссе жазуға қойылатын талаптарды, құрылымын сақтай отырып эссе жазуды, т.б. эссе жазуда кездесетін мәселелерді шешу, ең тиімді, ұтымды әдістерін ұсыну жұмысымыздың негізгі мақсаты. Бүгінгі күннің басты талабы эссені дұрыс жаза білу болғандықтан, эссе жазуды үйрететін мультимедиялық технологиялардың бірнеше әдісіне тоқталсақ. Олардың қатарына мультимедиялық оқулық, коммуникациялық құралдардың әр түрлі мүмкіншіліктерін жатқызуға болады. Бұлардың көмегімен білім беру сапасын арттырып, білім алушылардың ынтасын оята білуге мүмкіндік туады. Мәселен электронды оқулыққа тоқталсақ. Электронды оқулық арқылы білім алушы тек оқып қана қоймай, мәтінді тыңдай да, әр түрлі графикалық кескіндер мен кестелерді, суреттерді, бейнероликтерді көруіне де мүмкіндік бар. Түсінбеген тұстарын қайта айналдырып көріп түсініп, бірнеше функцияны қатар пайдалану арқылы (көру, есту) сабаққа қызығушылығы артып қана қоймай, білім алу белсенділігі нығая түседі. Мұндай оқулық теориялық білімді әр түрлі кескіндемелер (бейнеролик, сурет, кесте, графика) арқылы демонстрацияланған гармоникалық түрде нақты әрі жылдам қабылдауына мүмкіндік туғызады. Мұндай оқулықтар аудио және бейне материалдарымен, тест сұрақтарымен, тапсырмалармен, глоссариймен

толықтырылған көрнекі оқыту курсы болып табылады. Білім алушылар үшін көз алдында берілген әр түрлі сюжетті тамашалау арқылы эссе жазу өте ыңғайлы әдіс. Неге десеңіз, көзбен көріп, қолмен ұстағанда не өз бойынан өткізгенде ғана адамнан тамаша туынды шығары сөзсіз. Ал енді осы мультимедиалық оқулықтың мүмкіншілігі қаншалықты жоғары екеніне тоқталайық. Мультимедиалық оқулықтардың көмегімен дайын материалдарды ғаламтор желісінің көмегімен (суреттерді, мәтіндерді, графикаларды т.б.) білім алушының назарына ұсынуға болады. Мәселен бейнероликтердегі тамашалау арқылы ондағы сюжеттерді көз алдына елестете отырып эссе жазу жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, сюжетті дәлме-дәл суреттеуге де себін тигізеді. Бұдан басқа да мұндай оқулықтың тағы бір артықшылығы – әр білім алушының жеке қасиеттеріне байланысты қабылдау деңгейін де ескеретіні. Бұл дегенің әрбір тұлға ақпаратты әр түрлі қабылдайды, яғни кейбіреулер көру арқылы ақпаратты қабылдаса, енді біреуі есту, тағы басқасы сылап-сипау барысында қабылдай алады екен. Мұны ғылыми терминмен визуал, аудиал, кинестетик деп атайды. Мұны орыстың психологы Мухортова Д.Д. өзінің «Психология» деген еңбегінде былайша сипаттайды: «Визуальный тип восприятия Эти люди воспринимают мир чаще всего через глаза. Аудиальный тип восприятия Придают большое значение словам, музыке и вообще любым звукам, которые несут для них положительное или отрицательное. Кинестетический тип восприятия люди с таким типом восприятия познают мир на ощупь, например им не важно, как выглядит, какая-либо вещь, им важно, чтобы она была удобной и приятной на ощупь»[3]. Осындай әр білім алушының жеке қасиеттерін ескеретін мультимедиалық оқулықтардың да біршама функциясы бар. Мысалы бейнероликті көру арқылы дыбысты естиді, сюжетті көреді, жазуды оқиды. Әр адамның қабілеттерін ескере отырып осы орайда біз мультимедиалық оқулықтың мүмкіншіліктерін көрсету мақсатында біршама жұмыстар жасадық. Олардың қатарына мультимедиалық оқулықтың бастамасы ретінде төмендегі жұмысты назарларыңызға ұсынбақпыз. «Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогіндегі автор сөздері арқылы батыр бейнесін талдап жазыңыз» деген тақырыпта эссе жазу мақсатында Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі негізінде жасалған аудионы білім алушыларға тыңдатып, соның нәтижесінде олар шығарманың мазмұнына негіздеп эссе жазуға мүмкіндігі көбейеді. Эссенің түрлеріне байланысты да, мультимедиалық оқулықтардағы материалдарды түрлендіре отырып көрсетуге болады.

Қорытындылай келе айтарымыз, мультимедиалық технологиялардың ішінен эссе жазуда айтарлықтай септігін тигізер әдістерінің бірі – мультимедиалық оқулық. Мақаламыздың негізінде алған қойған мақсатымыз аталған технология арқылы білім алушыларға эссені жазуды жеңілдетіп, оған арқау болған оқиғалардың аудиосы, бейнеролигі не суреттері арқылы сюжеттің мазмұнын меңгеретіндей көмек көрсету. Мақаланың алдағы уақытта жалғасы ретінде эссе жазуға үйретуде қолдануға болатын тиімді мультимедиалық технологиялардың қатарын әлі де толықтырамыз деген жоспарымыз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сырнай Ж.С. «Мультимедиялық технология туралы түсінік» <https://multiurok.ru/files/mul-timiediialyk-tiekhnologhiia-turaly-tusinik.html>
2. Абдраманова, Г. Б. Оқу үрдісінде мультимедиа технологияларын қолдану / Г. Б. Абдраманова, С. К. Таженова. —// Молодой ученый. — 2015. — № 7.1 (87.1). — С. 8-9. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/16654/> (дата обращения: 30.11.2020).
3. Мухортова, Д. Д. Визуалы, аудиалы, кинестетики / Д. Д. Мухортова. — // Молодой ученый. — 2016. — № 12 (116). — С. 787-789. — URL: <https://moluch.ru/archive/116/31787>.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Алдамбергенова Г.Т.	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры	4
Қыдырәлі Д.	Халықаралық түркі академиясының академикасының Президенті	5
		6

ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫНЫҢ КІТАПТАРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

1. **Құрышжанов А.** Формы и значения падежей в языке Codex Cumanicus – Астана: «Ғылым» баспасы, 2020. – 176 с.

2. **Йүсүп Ұлық Хас-хажиб Баласағұн.** Құт әкелетін білім Құтадғу Білік // Аударған Ә.Құрышжанұлы. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 б.

Бекежан Ахан	Баишев университеті мен Түркі дүниесі білімдер академиясының құрылтайшысы	7
--------------	---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Фейзи Эрсой	«Ә.Құрышжанов – түркологияда орны бөлек заңғар тұлға» (профессор, Түрік тіл қоғамының төрағасы орынбасары)	8
Болат Көмеков	«Қыпшақтануды жаңа белеске көтерген әйгілі ғалым» (ҚР ҰҒА академигі, қыпшақтанушы)	8
Кадырали Конкобаев	«Профессор Абжан Құрышжановдун кыпчак таануу илимине кошкон салымы» (Бишкек. Кыргызстан)	9
Шамилоглу Юлай	«Әлемдік түркологияда атақ-даңқы белгілі абыз еді» (Висконсин-Мэдисон (АҚШ) және Назарбаев университеттерінің профессоры)	9
Шомфай Кара Давид	«Қыпшақтардың «Кодекс Куманикус» мұрасының білгірі, мажарлардың қамқоршысы еді» (Венгрия ғылым академиясы, Этнология институты, түрколог)	10
Әлия Құрышжан	Ханкук университетінің профессоры, Корея	10

Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ОТЫРЫСЫ

ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕСІ: ТІЛ, ТАРИХ, РУХАНИЯТ

Модератор : ф.ғ.д., профессор Қасым Балқия

Хатшы: ф.ғ.к., профессор м.а. Асанбаева Сауле

Ермекова Т.Н.	Профессор Ә.Құрышжанұлы зерттеулеріндегі түркілік мұра құндылықтары	11
Салқынбай А.Б.	Даналықты тірілтен дана ғалым	16
Сатбекова А.А.	Ғалым білімімен көтеріледі	22
Алтаева А.К.	Әбжан мінген ақ боз ат	27

Сарыбай М.Ш.	Содружество казахских филологов: Абжан Курышжанов и Шора Сарыбаев	30
Картова З.К.	Классификация и систематизация старотюркских письменных источников в трудах А. Курышжанулы	37

М.ТОМАНОВ ОТЫРЫСЫ

РУНА ЖАЗУЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫ

Модератор: ф.ғ.к. Исина Жаннұр Амангелдіқызы

Хатшы : Ермекбаева Гүлмира Ғабитқызы

Ahmet Būyūkkakça	Birleşik fiillerin tasnifi üzerine	41
Алтаев Б.А.	Қараханидтер тарихының кейбір қырлары	46
Алтаев Б.А., Мусаева К.А.	Қарахан дәуірі және Оғуз Қаған жыры	54
Қортабаева Г.Қ., Смагулова Б.	Танзимат кезеңіндегі «Жаңа османдықтар»	62
Сарбашева С.Б. Ғабитханұлы Қ.	Змий/Змея в героическом эпосе алтайцев Ғұн жазуы туралы деректер және ескі түркі жазуларындағы таңбалардың мағынасы	66 69
Саржаев О.Т., Балғабайқызы П.	Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Н.Макиавеллидің «Тақсыр» трактатындағы билеуші образы	76
Дүйсенбаев А.Қ., Миров М.О.	Жүсіп Баласағұнның тәрбиелік мұралары	82
Исина Ж.А., Аетова Г.Ж.	Ортағасырдағы қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің лингвомәдени тұрғыда зерттелу тарихы	88
Галиуллин Р.Р.	Татар телен рус һәм башка милләт вәкилләренә өйрәтү тарихыннан	93
Исина Ж.А., Бахиева Н.А. Абуова А.Т.	Ортағасыр жазба ескерткіштері тілі мен қазақ тілі арасындағы лексика-семантикалық бірізділік Түрік ғалымдары тарапынан қазақ эпостарының зерттелуі	96 101
Темурбаева С.С. Талғат А., Сарбасов Б.	Ноғайлы жырларының зерттелуі тарихы Ежелгі түркі әдеби мұралардағы бөрі символикасы	112 119
Кдыралиева Ж., Сарбасов Б. Жүнісова М.Ә., Рүстем.Ә.	Көне эпостардағы ғажайып туу мотиві Түркі тілдеріндегі колоративті лексика	124 128

С.М. ИСАЕВ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІТАНУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Модератор : ф.ғ.к., профессор м.а. Отарбекова Жамила

Хатшы : PhD Нұржанова Б.Н.

Nikmet Koraş	Türk milli alfabesinin kökeni hakkında bir deneme	133
---------------------	---	-----

Қасым Б.	yahut sir gerard clauson'a reddiye Қазақ мақал-мәтелдеріндегі іс-әрекет аталымдарының семантикасы	138
Қасым Б., Әлібай Ш. Отарбекова Ж.К.	Етістікті синонимдік қатар: мағынасы мен қызметі Түркі тілдеріндегі сөз тудырушы қосымшалардың семантикасы мен функциясы жайында	143 149
Саменова С.Н.	Қазақ тіліндегі бағалауыштық мәнді тудыратын сөзжасамдық жұрнақтар	154
Абдирасилова Г.Қ Шойбекова Ғ.Б.	Қазақ тіліндегі ұрысу-жекіру тілдік бірліктері Қазақ тіліндегі ұрысу, жекіру тілдік бірліктерінің семантикасы, вербалдануы	159 165
Мұхтарова Ф.С.	«Әйел адамға» қатысты фразеологизмдердің ұлттық сипаты	170
Дүнгенбай Э.Н. Айтбенбетова А.Қ.	Қазақ дәстүріндегі аманат концептісі Қазақ, башқұрт, түрік тілдеріндегі еңбек құралдар атауларының сөзжасамы	175 180
Ақымбек С.Ш.	Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі мен алмасуының жасалым негізі	185
Кайдарова Г.К.	Үндесім (сингармонизм) құбылысының зерттелу жайы	193
Қоңырбай Н. Шері Н. Қазанбаева А.З	Сөз мағынасы кеңеюінің негізгі себептер Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі Этнофразеологизм – ұлттық мәдениеттің көрсеткіші	197 201 204
Сатыбалдина Л.С. Ибраймова Л.Ә.	Кийім-кешектің алғашқы аталымдары Прагмалингвистиканың ұғымдық аппаратының ғылыми еңбектердегі талдануы	210 214

АБАЙ ОТЫРЫСЫ

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Модератор : ф.ғ.к., профессор м.а, Абдирасилова Гүлмира

Хатшы : ф.ғ.к., профессор м.а. Сембаева Айгүл

Құрышжанова Әлия : Корея студенттерінің Абай өлеңдерін оқу (көрініс)

Н.Базарбаева	Абай шығармаларындағы паремиялар	222
Бақберген Ж.	Абайдың қара сөздері – ғақлиялық даналық сөздер	225
Сманова Е.	М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы пейзаж және оның қызметі	229
Сұлтанова Б.М., Орынбаева С.И.	Абай – ізгі қасиеттердің жақтаушысы	233
Шойбекова Г.Қ. Шойбеков С.Б.	Абай афоризмдерінің бейнелілік әлемі Абай афоризмдерінің әлем афоризмдерімен үндестігі	237 243
Сарбасов Б.С., Ералиева Т.Е.	Абай поэзиясындағы қанатты сөздер	248
Сұлтанова Б.М., Сұлтанова Г.М.,	Қазақ драматургиясындағы тарихи дәстүр	252

Қанатбекова Н.		
Дәулеткелді Н.	М.Райымбекұлы лирикасының стильдік ерекшелігі	256
Ермахан А.	Жүсіпбек прозасының өзіне тән қырлары	260
Күзембаева А.Б.	Ұлттық мұратты мақсат еткен қаламгер – Мұхтар Мағауин	263
Серікбек Н.	Мақпал Мыса жырларының ұлттық нақышы	267
Юсуп П.Қ., Юсуп А.Н.	А.Алтайдың шағын прозасындағы ауыл тақырыбы	272
Асқарова Г.	А.Қыраубаева және ежелгі дәуір әдебиеті	279
Хамза М.Т., Мұсаева М.Т., Үсенбаева С.С.	Тынымбай Нұрмағанбетов шығармаларындағы балалар бейнесінің берілу ерекшелігі	284
Парменова Ә.	Жазушы Шерхан Мұртазаның прозасындағы этнографиялық сарын	292
Дүйсенбек А.Е.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен Б.Майлин прозасы	295
Абдрасилова Д.К.	Сюжет типологиясының зерттелуі	297

Ө.АЙТБАЕВ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Модератор: ф.ғ.д., профессор Еркекова Т.Н.

Хатшы: ф.ғ.к., профессор м.а. Оданова С.А.

Ершораева Н.	Бұқар жырау поэзиясындағы ономастикалық атаулар	302
Садырбаева Б.А., Беркутбаева М.З.	Ономастикалық кеңістіктегі бейресми кісі есімдерінің ерекшеліктері	307
Ершораева Н.	Қазақ топонимиясындағы түркілік қабат	310
Айтқозы А.	Қазақ жарнамасының тарихы мен зерттелуі	314
Атабаева З.	Бұқаралық ақпарат құралдарының лингвистикалық аспектілері	318
Абдреш А.Ғ.	Мәдениетаралық коммуникацияның БАҚ-ғы ролі	322
Қалиев Б.А., Кеңес З.М.	БАҚ тілінің ерекшелігі жайында	325
Odanova S.A. Moldabayeva K.E.	Improving the students' abilities of profound understanding the terminological and lexical vocabulary	330
Сембаева А.Ғ.	Кинокурс аудармасының лексика-семантикалық ерекшеліктері	334
Куносбаева Ж.Б., Кекилбай А.А.	Употребление математических терминов в русском и казахском языках	338

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСЫ

Модератор: ф.ғ.к., Мирон Мұхтар Орынбасарұлы

Хатшы: Ажуова Анар

Zümrüt İbrahim kızı	Azerbaycan pir, ocaq ve ziyarətgahlarındakı	342
----------------------------	---	-----

Mensimova	ağaca inam və buna ecdad kultu kontekstində baxış	
Ali Arslan	Culture and language in the process of cultural collaboration of the turkish world	348
Galib Sayilov	Azərbaycan və Kazakistan edebi münasibetlərinin tarixi kaynakları	352
Мухиддинов Е., Абишев К., Сейсенбеков Е. Маратұлы Ш.	Қазақ халқының ұлттық ойындарын зерделеу – рухани жаңғыру негізі	355
Амантұрдықызы А.	Қазақстан мен Түркияның іскерлік туризм саласындағы байланыстары	360
Мырзахмет Ғ.К.	Этнограф Зейнолла Сәнік зерттеулеріндегі ауа райына қатысты наным-сенімдер	362
Түркі өркениетінің сипаты		365
Ермағамбетова Л.Н.	Тілдік жүйе арқылы қарым-қатынас жасау	370
Ажуова А.К., Ешимова Ғ.С. Ажуова А.К., Ғалымжанова З.Н.	Қазақ пен түрік мәдениетіне ортақ Абай мұрасы	374
Сұлтанова Б.М., Сұлтанова Г.М., Кенжеқожаева А.М., Муктарова Э.С.	Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі	378
Нуртазина Ф.Ж.	Шығыстағы жан тану ілімі және әл-Фараби	381
Ази Е.А., Миров М.О.	Абай мен Мұқағали шығармашылығындағы рухани үндестік	385
Қуандықова А.Е.	Түркі тарихының рухани құндылықтарын тану	392
Қасымханова А.Б.	Жайық алқабы ақындарының лингво-мәдени сипаты	396
Нуржанова А.Ж.	Жазушы Д. Амантай шығармаларындағы стилистикалық бірліктер	402
	Құсқа қатысты күн райы жайында халық болжамдары	407
	Ұлт болмысын ұлықтаған қаламгер	414

Ы.АЛТЫНСАРИН ОТЫРЫСЫ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ІСІНДЕГІ ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Модератор: п.ғ.д., профессор Сүлейменова Ж.Н.

Хатшы: Байтимбетова П.

Салахова Р.Р.	Методические аспекты преподавания семантических и деривационных особенностей татарского глагола (на примере глаголов звучания)	421
Кожекеева Б.Ш., Искакова Ж.А. Шегебай Н.Б.	Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың ерекшеліктері	425
Түребекова У.Б.	Эмоционалды интеллект қалыптастырудағы лингвистикалық әдістер	430
Оразахынова А.Е.	Жаңашылдыққа жаңа бағдар	434
	Жоғары сыныптарда эпикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың оқырмандық	437

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция, 4 желтоқсан, 2020

	қабілетін дамыту	
Рустемова Ж.А.	Жаңартылған оқу бағдарламасы және көркем мәтін	441
Акимбекова А.Т.	Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру	447
Дүйсембекова А.Е.	Көркем мәтінді талдаудың психологиялық-педагогикалық шарттары	450
Есенова Г.С.	Қазақ тілін оқытуда орындалатын жаттығулар жұмысы	454
Ерхожина Ш. Л.	Жаңартылған білім мазмұнының тәуелсіздік тақырыбындағы мәтіндерді оқыту мүмкіндіктері	459
Тлеулес Қ.Ж.	Сабақ барысында диалогтық сөйлеуді қолданудың маңызы	463
Сембаева А.Ғ.	Қазақ тілін оқытуда өнімді әдістерді пайдалану	467
Аметхан Ж.	Жаңартылған білім беру жүйесінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту мәселесі жөнінде бірер сөз	470
Садақбаев Т.Т.	Қазақ тілін жаңартылған бағдарлама бойынша	474
Мұқтарова Ә.С.	оқытудағы критериалды бағалау мәселелері	
Саметова Ф.Т.		
Rysbekkyzy N.,	The effective ways of using ict in foreign language	479
Berkutbaeva M.Z.	teaching	
Муктарова Э.С.	Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі ұлттық	483
Бактыбаева Д.А.	құндылықтарды оқытудың көрінісі	
Реймова К.Е.	Эссе жазуда қолданылатын мультимедиалық	491
	технологиялар	



«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция, 4 желтоқсан, 2020



Белгілі түрколог ғалым, профессор **Әбжан Құрышжанұлының** 90 жылдығына арналған «Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық»: халықаралық ғылыми-практикалық on-line конференция ұйымдастырушылары:



Т.Н. Ермекова - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті



Ақеділ Тойшанұлы - Халықаралық түркі академиясы



Ж.К. Отарбекова - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті



Г.Қ. Абдирасилова - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті



М.О. Мирон - Баишев университеті

«Түркологиялық кеңістіктегі гуманитарлық ғылымдар: тарихи сабақтастық пен өзара ықпалдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция, 4 желтоқсан, 2020